

Әбдуәли ҚАЙДАР

Л 2008

11582к



ҚАЗАҚ
ҚАНДАЙ ХАЛЫҚ?

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

Әбдуәли ҚАЙДАР



ҚАЗАҚ ҚАНДАЙ ХАЛЫҚ?

Алматы 2008



“Дайк-Пресс”

ББК 63. 5
Қ 17

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
Ғылыми кеңесі мақұлдаған

Қайдар Әбдуәли
Қ 17 Қазақ қандай халық? – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 652 б.

ISBN 9965–798–81–8

Академик Ә. Т. Қайдардың бұл зерттеуі “Қазақ қандай халық?” деп аталып, ғалымдар мен көпшілік қауым болып, осы сауалға толық болмаса да, жауап беруді талап етеді. Ол үшін автор осы күнге дейін зиялылар, ғалымдар, мамандар және көпшілік тарапынан айтылып, жазылып келген “Қазақ қандай халық?” деген сауалға өз еркімен, тосыннан берген 500-ден астам жауабын оң, терісіне қарамай жариялап отыр. Олардан шығатын қорытынды жоғарыдағы сауалға жауап береді деп ойлаймыз.

Кітап барша оқырман қауымға арналады.

ББК 63. 5

ISBN 9965–798–81–8

© Қайдар Ә. Т., 2008
© “Дайк-Пресс” баспасы, 2008

Әлқисса

Құрметті оқырман!

Қолдарыңыздағы кітап – қалың көпшілікке арналған “Қазақ қандай халық?” деген бір ғана заңды сауалға жауап іздеп, өзін-өзі сыйлаушы да қинаушы қазақ азаматтарының бірі ретіндегі көп жылдар беделіндегі ой-толғаныстарымыздың дүниеге келген алғашқы нәтижесі.

Бұл еңбек “Қазақ қандай халық?” деген бір сауалға бұрын-соңды әркімнің өз тарапынан берілген мыңға жуық жауапты жинақтаса да, олардың бәрі жиналып келіп, саналы азаматты қанағаттандырмағандықтан, біз оған әрі қысқа, әрі нұсқа, тағылымды жауап іздеп отырмыз.

Кітапта біздің келтірген жауабымыз ғылыми негіздегі тиянақты жауап емес, бірақ сол сауалдың өзіне ел болып, жұрт болып, ерте ме, кеш пе әйтеуір бір берілуге тиісті, тиянақты да ғылыми негізді бір жауапты дайындауға қажет бағыт-бағдарлама іспетті талпыныстың бастамасы.

Шынында да, біз кімбіз, қазақ қандай халық? Бұл сауал бүгінде өзгеден гөрі өзімізді, қазақ азаматтарын, көбірек ойландыратын, толғандыратын мәселеге айналып отыр. Өйткені өз тарихында алғаш бүгінгідей егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болып отырған қазақ халқы үшін, әсіресе оның өзін-өзі құрметтей білетін әрбір азаматы үшін “Қазақ қандай халық?” деген сауалға дұрыс жауап бере білудің тарихи-әлеуметтік мәні зор, рухани, моральдық жауапкершілігі мол мәселе екені сөзсіз. “Дұрыс жауап” дегеніміз – жан-жақты ойланған, ғылыми негізді, білікті де білгір қауымның зердесінде сараланған, шындықтың шынайы өзі саналатын жауап деген сөз.

Бұл сауалға жауап жоқ емес. Ғылым әлемінде айтылған, зиялы қауым еңбектерінде жазылған, халық ауыз әдебиеті бұлақтарында жинақталған жауаптар өте көп. Бірақ бізге сан саққа жүгіртер жоружорамалдар емес, “Қазақ қандай халық?” деген сауалдың мәні мен мағынасын толық ашатын, бүгінгі танымдық талаптарға сай, өрке-

ниет деңгейіне сәйкес, сараланған салмақты да жан-жақты жауап қажет. Шынайы да объективті шындық бұл дүниеде біреу-ақ. Бұл — екі шындық қатар тұруы мүмкін емес деген сөз. Олай болса, “Қазақ қандай халық?” деген сауалға байланысты біздің көп жылдар бойы әр саладан жинақтап жүрген жүздеген, тіпті мыңдаған деректеріміздің бәрі емес, тек біреуі ғана, не бірнешеуі жиналып шындықты ашуы мүмкін.

Ұсынып отырған еңбегіміздің алдына қойған бір мақсаты — жобажорамал түріндегі көп ұсыныстар мен тұжырымдардың ішінен сауалға қатысты жауаптың ең дұрысын тандап алу. Демек, бұл біз келтіріп отырған “қазақ” атауына байланысты жүзден астам “долбардың” арасында шындыққа сай бір ғана анықтама, бір ғана ғылыми этимология болуы мүмкін деген сөз. Біз келтіріп отырған (этнос, тайпа, ұлыс, халық ретінде дамып, қалыптасқан) феноменнің сан саладан келіп, бір арнада тоғысқан күрделі болса да (этностық, азаматтық, мәдени, діни, этнолингвистикалық, демографиялық, антропологиялық, географиялық, т. б.) бір-ақ тарихы болуға тиіс.

“Дұрыс жауап” іздегенде біз мәселеге, міне, осы тұрғыдан қараймыз. Қараймыз да, бір ғана “қазақ” ұғымына қатысты сапырылысқан сан алуан деректерге таңғаламыз. Олардың қайсысына сенуге болады, қайсысы рас, қайсысы жалған?

Қойылып отырған сауалға берілер “дұрыс жауап” — қазақтарды саяхатшы-туристер деңгейіндегі анықтама емес, терең де жан-жақты, тамыры тереңде жатқан көне тарихы бар, ұлы Тұран аумағы қара шаңырағының бірегей иегері, әрі мұрагері саналатын, өзінің ұлан-ғайыр басы ашық атамекені бар, қалыптасқан өзіндік салт-дәстүрі, әлемдегі көптеген өркениетті елдермен терезесі тең халықтардың бірі ретінде танытатын анықтама-жауап болуы тиіс. Ол ғана емес, “Қазақ қандай халық?” деген сауалға берілер дұрыс жауап, сайып келгенде, қазақ халқының кім болғанын емес, сонымен қатар оның бүгінгі таңда кім екенін және оның ертеңгі жарқын болашағын білгісі келетін, біле тұрып, түсінгісі келетін, өркениетті ел ретінде онымен мәдени, экономикалық, достық қарым-қатынаста болғысы келетін жержүзілік қауымдастықтарға да қажет.

Алайда, біз, қазақ зиялылары, жалпы қазақ қауымы осы бір орынды да қарапайым сауалға дәл бүгінгі таңда дұрыс жауап беруге дайынбыз ба? Жоқ, дайын емеспіз! Себебі: *біріншіден*, шашыраңқы, шым-шытырық болып шатасқан, шындығынан жорамалы басым, дұрысынан бұрысы көбірек, екіұдай, кереғар, қарама-қайшы ой-пікірлер мен дерек-тұжырымдардан малтығып, арылып шығып, дұрыс арнаға түсу қазақ зиялыларына оңай болмаса керек. *Екіншіден*, бұл мақсаттың үдесінен шығудың дұрыс бағыт-бағдары мен айқын үрдісі, тура жолы әлі көрініп тұрған жоқ сияқты.

Қазақтың барша зиялы қауымына арнайы бағыштап, “Қазақ қандай халық?” деген сауалды тотесінен қойып, қанымызда бар ұлттық намысқа тие сөз қозғап, қамшылап отыруымыздың тағы бір себебі де, міне, осында. Қолдарыңыздағы кітапта біз өз пікірімізді алға тартудан гөрі, сан сала бұлақтардан жинақталып, топтастырылған “қазақ” туралы мол мағлұматтардың өздерін сөйлетуге тырыстық, олардың дұрыс-бұрыстығын оқырман қауымының өздеріне сынатуды, таразы басына салып, салыстыра-салғастыра отырып төрелігін айту еркін өздеріне қалдыруды жөн көрдік. “Әр кәлләда бір қиял” дегендей, әркім өз ой-пікірін айтуға қақылы, бұрын да солай болып келді ғой. Бірақ бұрынғыдай “айттым – тынды, кестім – бітті” деген көзқарас енді жарамайды. Қанша білгір-білікті маман ғалым болса да, ендігі жерде “қазақ” туралы жауапты да мәнді пікір айтып, ой таластырып, сөз жарыстыру үшін алдымен жан-жағына қарауына тура келеді, “із-деп әуре болмасын” деп, қолына ұстатып отырған сан алуан дерек, мағлұматтармен алдымен танысып шығуға, оларды бір-бірімен салыстыра-салғастыра қарап, зерделей түсуге тура келеді. Сонда ғана қойылған сауалға үстірт, жеңіл-желпі емес, ойланып-толғанып барып, сыңаржақтылыққа салынбай, шынайы сындарлылықпен, ғылыми дәлелді, шындыққа сай, объективті жауап берілуі мүмкін.

Бірақ бұл мәселенің үдесінен шығу, қазақтың ментальдық қасиетін, кім екенін көрсету кез келген қазақтың қолынан келе бермейтін іс екенін де ескерткіміз келеді.

Оның көптеген объективті де субъективті себептері бар. *Біріншіден*, қазақ табиғаты – бірауыз сөзбен келте қайырып, тұжырым айта салуға көне бермейтін өте күрделі, қыры мен сыры, өзіндік ерекшеліктері мол табиғат. *Екіншіден*, “Қазақ қандай халық?” деген сауал қазақ қауымына сырттан да, іштен де бұрын-соңды дәл бүгінгі тұрғыдан қойылған емес. Кешеге дейін оны білудің қажеттілігі де, өзектілігі де болған емес. Сондықтан да қазақтың зиялы қауымы қазақтың ұлттық қасиеттерін іштей саралап, зерделеп, өз тұжырымын толық айтқан емес. Егер ондай тұжырым бірлі-жарымды айтылса да, олар, әдетте, замана ағымына сәйкестендіріліп, идеология талабына ыңғайландырылып келеді. *Үшіншіден*, қазақтардың шын мәнісіндегі азаматтық, этностық, мәдени, әлеуметтік, этнолингвистикалық, т. б. тарихтары әлі толық жазыла қойған жоқ. Қазақ туралы айтылып, жазылып жататын сан алуан тұжырымдар мен шым-шытырық пікір, көзқарастардың болуының бір себебі, міне, осында.

Қорыта келгенде айтатынымыз: “Қазақ қандай халық?” деген занды сауалға біз “тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні” етіп жан-жақты ойланған, тәптіштей зерттелген, объективті де тиянақты, нақтылы да дәйекті тұжырым-жауап бере алмай отырмыз. Том-том

энциклопедиялар мен қазақ атына қатысты сан алуан топтамалар мен жинақтардан да біз бұл сауалға толық жауап таба алмай келеміз.

Қолдарыңыздағы еңбектің **“Қазақ қандай халық? (Бір сауалға – мың жауап)”** деп аталуының мәнісіне тоқтала кетелік. **“Қазақ қандай халық?”** деген сауал біреу-ақ және оған берілер жауаптың да біреу болғаны жеткілікті сияқты. Солай болса да, біз жұртшылықтан мың жауап талап етіп отырған сияқтымыз. Мұның мәнін тура мағынасында емес, шарттылық пен символизм тұрғысынан түсінген жөн. Шынында да солай: кітаптың тұла бойында шамамен мың шақты сауал бар. Сауал да – сауал, кейбір жауап та – сауал. Сол мың шақты сауалға, іске мән беріп, шынымен кіріссек, мың шақты жауап алуымыз ықтимал. Бірақ іс жүзінде сол мың шақты әр алуан жауаптың логикалық жүйе бойынша тек біреуі ғана немесе бір түйінге байлаулы бір тобы ғана (бұл да бір жауап есебінде) дұрыс жауап болып, қалғандары “бұрыс” жауап болуы ықтимал. Сол ғана **“Қазақ қандай халық?”** деген сауалға дұрыс жауап бола алмақшы.

Ескерте кететін бір жағдай: біздің *“дұрыс жауап”* деп отырғанымыз бірауыз сөзбен баяндалған, не бір дерекпен ғана шектелген сыңаржақ, үстір те жеңіл-желпі жауап емес, қазақ менталитетін, барша ұлттық болмысын жан-жақты түгел ашатын күрделі де кесенелі жауап, ғылымға, тарихи, т. б. нақтылы деректерге негізделген салмақты жауап.

Басқаша айтсақ, біздің күтетін жауабымыз кітаптың тарауларындағы сауалдарға берілген, берілуге тиісті 6 саладан тарамданып келіп, бір сауал аумағында тоғысатын, кітаптың қорытындысы болып саналады. Бірақ ол қорытындының түйіні мен мазмұны, **“Қазақ қандай халық?”** дегенге жауап осы кітаптың жалғасы – Алладан нәсіп қылса, екінші кітапта жариялануға тиіс. Енді кітаптағы 7 тараудың тақырыбы мен мазмұнына, оның мән-мағынасына жеке-жеке тоқталып өтейік.

1-тарау. Бір сауалға — мың жауап (қазақ қауымының өз пікірі)

Бұл тарау жинақталған материалдардың тақырыбы мен мазмұнына байланысты “Қазақ қандай халық?” деген сауалға жауап ретінде барша қауымның (бұрынғы, бүгінгі зиялы азаматтардың, ұстаз, ақын, жазушы, мемлекет, мәдениет, қоғам қайраткерлерінің, басқа да жұртшылықтың) өз тұсынан берген, не өз тарапынан әртүрлі контексте және жағдайға байланысты айтқан, не жазған (жалпы саны 500-дей) ой-пікірі, тұжырымдары. Олардың біразы бізге ел аузында, халық жадында сақталған дерек ретінде (авторсыз), өсиетті сөз, тағылым түрінде жетсе, енді бір тобы кітап беттерінде хатталған жеке адамдардың пікірі ретінде жетіп отыр.

Бұл пікірлер мен тұжырымдар қазақ халқына ғана байланысты болса да, тақырыбы жағынан сан алуан, мазмұн-мағынасы қилы-қилы. Олардың көбісі қазақ туралы алғаш айтылып отырған жаңа, соны (оригиналды) пікірлер және бұрын айтылып келген ескі көзқарастан тұратындары да, бірін-бірі қайталайтын толықтырулар мен жаңғыртулар да, бір-бірін қостайтын да, жоққа шығаратын да пікірлер баршылық. Қалай болғанда да, осының бәрі бір қазақ туралы әңгімелер, оның бойындағы барша қасиетін: жақсы жақтары мен кемшілігін, жағымды, жағымсыз әдетін, ақыл-парасаты мен пендешілік, надандығын да, салт-дәстүр, наным-сенім, т. б. осы сияқты ерекшеліктері мен ұлттық менталитетін жан-жақты, сегіз саққа жүгіртіп, сан қырынан суреттеп сөз етуден тұрады.

Біз осы тәрізді фактілердің бәрін (негізінен қолға түскендерін) жинақтап, “қазақ” атауынан кейін келетін екінші сөздің әліпбилік реті бойынша жүйеге келтіріп (барларының авторын көрсетіп), өз тарапымыздан сол мәтінге байланысты қысқаша түсіндірме беріп отыруымыздың мақсаты — осы бір еркін айтылған, көбісі халықтың

құлағына сіңіп, жаттанды болған, біразы құлаққа әлі тосын естілетін дерек, пікірлердің баршасы бірдей “қазақ” феноменінің ұлттық сипаты, этностық мінездемесі, халықтық болмысы екендігін көрсету. Бір ғажабы, осы деректерден толық болмаса да, қазақ халқының жалпы ұлттық болмысын көруге, халықтық бейнесін тануға болады.

Бұл деректердің жалпы қорытындысын осы тараудың аяғында беруге тырыстық.

2-тараудың 2-тобында біз “Қазақ халқы” туралы қысқа да нұсқа айтылған жоғарыдағы тәлімді, өнегелі сөздерден өзгешелеу етіп кеңірек тоқталып, пікірін толығырақ етіп арнайы жазып кеткен қазақтардың және олардан басқа ұлт өкілдерінің (мыс., П. М. Мелиоранский, В. В. Радлов, А. Янушкевич, т. б.) ой-пікірлерін келтіреміз. Бұлар, әрине, онша көп емес, оларда “Қазақ қандай халық?” деген сауалға байланысты айтылған ой-пікірлер көп болмағандықтан кітапта бұл мәтіндерді біз толығымен келтіруге тырыстық.

Қазақ қандай халық?

* * *

* “Америка құрлығына түркілер де (солардың бірі – *үйсін, қаңлы, т. б. қазақ тайпалары*) көне замандарда барып жеткен екен” (*Әділ Ахметов*). Автордың бұл пікірі көптеген басқа (көбісі америкалық) авторлардың зерттеулеріне сүйеніп, тілдік факторларды келтіре отырып айтылыпты. Бұл пікір бұрын да айтылып жүрген. Бірақ нақтылы дереккөздерге сүйеніп айтылуы түркітану саласында алғашқы рет. Осы күнге дейін өзінің толық шешімін таба алмай келе жатқан бұл проблеманың қазақ тайпаларына байланысты айтылуы – ерекше жағдай. Бұл пікір зерттеушілердің назарын аударар деген сенімдеміз (*Ахметов Ә. Азия-Берингия-Америка немесе америкалық “үндістердің” азиялық тегі. Алматы: Шартаран*).

* * *

* “Әр қазақ – менің жалғызым” (*Сабыр Адай*) < ақынның отаншылдық, өршіл сезім, асқақ рухтарға жетелейтін өлеңдерінің өзекті мәселесі етіп ұсынып отырған бұл пікірі барша қазақты бір-бірінен бөлмей, бір қазақ деп, әркімнің өзіндік ерекшелігі бола тұрса да, авторға бәрі де бір атаның баласындай болып көрінетінін аңғартады.

Демек, бұл – осылайша аталған жыр жинағының астарынан байқалатын терең философиялық мәні бар пікір. Ол – бірді көпке балау, көптен біртұтастықты көре білу дегенді аңғартады (*Адай С. Әр қазақ – менің жалғызым. Алматы: Үш қиян, 2001. 1-б.*).

* * *

* “Біздің қазақ өзіне тән ұтқыр ойды, көрегендікті, білуге деген құштарлықты өзін қоршаған табиғи және әлеуметтік ортадан алғанын қазір біреу білсе де, біреу бұл “ұсақ-түйек” деп көңіл аударма бермейді” (Өзбекәлі Жәнібеков) < автор бұл сипаттаманың мәнісін қазақтардың бұрынғы тұрмыс-салтының аса қарапайымдылығынан деп түсіндіреді. Оған тағы бір себеп — қазақтың жаратылысынан қанағатшылдығы, пайымдылығы. “Біздің қоғам байлық жағынан жіктеліп бітті десек те болғандай. Бір жағынан әбден байыған азгантай ғана топ, екінші жағында қайткен күнде де, “шықпа жаным, шықпа” — деп отырған қалың көпшілік. Көпшілікті “неге егін салмайсың, неге мал ұстамайсың” деп ұрсуыңа да, сөгуіңе де болады. Ол үнсіз, оның пікірін естіп-білгісі келетіндер шамалы. — “Егін егейін десе, су жоқ, мал ұстайын десе, қаражаты жоқ дегендей...” — деп, бұл әрекеттің неше алуан қиыншылықтарға байланыстылығын ол: “Мұндай қиыншылықтар Қазақстанның барлық аймақтарында кездесе беретін болып алған” деп көрсетеді. О баста жеке-шелендіруге кіріспестен бұрын алдын ала орайластырылмаған шаруа қазір бой көрсете бастады. “Соңғы кезде халық үкіметті, үкімет халықты бас сап “сөге” беретін болып жүр...” деп автор 1990-жылдардағы халықтың қиын-қыстау ахуалының себептерін талдап көрсетеді (Жәнібеков Ә. Тағдыр тағылымы. 2-кітап. Алматы: Рауан, 1997. 123–125-бб.) >

* * *

* “Бір қазақ — біреу, екі қазақ — жарты, үш қазақ — нөл” (Ф. Оңғарсынова) < бұл сөздің мәнін әртүрлі түсінуге болады. Оны біз былайша түсіндік: егер бір қазақ өзі ғана болса, ол толыққанды қазақ болып көрінеді, өзін “осы әлемнің кіндігімін”, “осы дүниенің тұтқасымын” деп сезінеді; егер екі қазақтың басы қосылса, онда олар бірін-бірі сынап-мінеп, кемшілігін айтып, әрқайсысы өзінің (өз абыройының) жартысын ғана сақтай алады; ал енді үш қазақтың басы қосылса, онда олардың бірін-бірі мүлдем жоққа шығарып тастайтын әдеті бар дегенге саяды. Бұл сөздің терең мәнін, кейде қазақтың үш жүзге бөлініп, бірін-бірі жоққа шығарып жүретін, жер бетінде бар қазақтың бірде жартыланып, бірде нөлге айналып кететін әдетіне қатысты ма деп қаласың >

* * *

* “Қазақ” — Абай тербеткен “алтын бесік” (Ел аузынан). < Бұл сөздің мәні: жас Абайды туган халқы өз анасындай құрметтеп, мөпелеп өсірсе, ол да өсе келе өз халқының ыстығына күйіп, суығына тоңды, санасын оятып, сезімін тербетуге талпынды, жан дүниесіне оның ізгі қасиетін сіңіруге

* Бұл материалдар әліпби ретімен берілді (Ә. Қ.).

тырысты. Ол баладай аңғал халқын сүйді де, өмірді дұрыс түсінуге тәрбиелеу үшін күйді дегенді аңғартады >

* * *

* “Қазақ — Абай, Жамбыл, Абылай, Махамбет, Шоқандай даналарды дүниеге келтірген дана халық” (Ел аузынан) <“Ердің атын ел шығарар, елдің атын ер шығарар” дегендей, бұл пікір Қазақ елі аталған осы ұлы тұлғаларды дүниеге келтірсе, олар да өз ұлтының ұлылығын әлемге паш ете білді дегенді аңғартып тұр>

* * *

* “Қазақ — ағайынын өкпеге қиса да, өлімге қимайтын халық” (Мақал) <қазақ көңілі қалған туыс-жақынына қайтып көрмейтіндей болып, ауыр сөз айтса да, көңілі қара қазандай болып өкпелесе де, бірақ оның өзін өлімге, не өлердей қатал жазалауға қимайтынын, ондай қатыгездікке бара қоймайтынын меззейді; бұл мақал “Қазақ — көңілі жұмсақ халық” дегенді аңғартады >

* * *

* “Қазақ — адам тұрғай (түгіл), мал екеш малды да бұдандастыруды ақылмен істеген халық” (Зақай Төлеуұлы) <бұл ұлттың ұлттық қасиетін, қанын, тегін таза сақтауға байланысты айтылған пікір. Кейбір елдердің (мәс., Куба) отарлану, отарландыру саясатына байланысты халқының қаны мен тегінің мидай араласуынан пайда болған ой-өрісінің де, мінез-құлқының да өзгеріп, терісі жұқа, не ыстыққа, не суыққа төзімсіз, тіпті қозысының шаранасын жалап мейірленуді, емізуді білмей, тұра қашатын итқұйрық (мәліш) қойлар сияқты дүбәра, шата, мулат, аралас тектілер туралы айта келіп, қазақ халқының ертеден-ақ қанын таза сақтап келе жатқанын ескертеді. “Қанды таза сақтауды, оны аздырмай, асылдандыруды, экологиялық теңдікті бұзбауды біздің халқымызға өмірдің өзі үйреткен” дейді автор (Өзімдікі тұрғанда өзгенікін қайтейін // Ана тілі. 14 шілде 1994)>

* * *

* “Қазақ — Азия даласындағы үш түрлі толқыннан — 1) орал-алтайлар, 2) сақ, скифтер, 3) ғұндардан (гүндар // хуннулар) кейін пайда болған халық” (Ә. Марғұлан) <бұл ойын ғалым: орал-алтайлықтар мен сақ, скифтерден — сақтардың өздері және қаңлы, үйсіндер тарап, олар Ұлы жүздің негізін құраса, ал гүндардан Орта жүз және Кіші жүз құрамындағы тайпалар пайда болған ...” — деп таратады >

* * *

* **“Қазақ – “Азияның кілті мен құлпы” саналған сахарасының шетінен XVI ғасырдың аяғында бір-ақ шыққан ел”** (Манаш Қозыбаев) <автор: “қос бүйірден екіге бөлінген жоңғар-қалмақ қазақ даласына 1599–1750 жылдар арасында үзбей ойран салып келді. Көктемде, жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер кезінде, құмалақтай шашылып, сайын далада көшіп жүрген Қазақ елін қалмақтар қынадай қыра берді. 40 жылға созылған оқтын-оқтын (1623, 1643, 1720–1740 жж.) үздіксіз шабуылынан азып-тозған Қазақ еліне жоңғарлар үстемдігін оздырады. Халықтың үштен екідейі қырылады. Бұл жағдайдың соңы қазақ жеріне орыс патшасы отаршыл саясатын жүргізуімен аяқталады (Қозыбаев М. Қ. Жауды шаптым ту байлап. Алматы: Қазақстан, 1994. 72–76-бб.)>

* * *

* **“Қазақ – айтқыштығымен, шешендігімен елді аузына қаратқан, сөз ұстаған халық”** (Әнапия Қадырбекова) <ежелден-ақ қазақ халқының шешендік-ділмарлығы, сөз тапқыштығы және айтқыштығы – бәрі де, көпшілікке мәлім, оның ұлттық менталитетіне айналған, бойына сіңген асыл да абзал қасиеттеріне жатады. Бұл туралы қазақтың өзі ғана емес, басқа ұлт өкілдері де көп айтқан. Жалпы қазақ тілі бүгінде белгілі себептерге байланысты өзінің сол биік деңгейдегі қызметін толық атқара алмай келе жатса да, тілге жүйріктік, ойға тапқырлық, сөзге шешендік айта білуге деген бұл қасиеті қазақ халқының бойында сақтаулы, дамытса қайта жаңғырып, жаңалана түсуге дайын дегені (Егемен Қазақстан. 27 сәуір 2001)>

* * *

* **“Қазақ – айтысқұмар халық”** (Ел аузынан) <екі түрлі мағынада айтылып тұр: 1) қазақ – табиғатынан “айтыс” деген сөз сайысына жаны құмар, сондықтан да ол басқа түркі халықтарынан өнерімен өзгешелеу, ақынжанды халық; 2) “бір-бірімен болар-болмас нәрсеге айтысып-тартысып жүретін, дау-дамайшыл халық” дегенді де аңғартады>

* * *

* **“Қазақ – ақжарқын халық”** (көбінесе басқа ұлт өкілдерінің айтатын пікірі) <табиғатында жат адамды тосырқау, жатсыну әдеті жоқ, бірден онымен тез тіл табысып кететін қасиеті айтылып тұр. Қазақтың “Жақсыда жаттық жоқ” деген логикасы да осы әдетіне саяды>

* * *

* **“Қазақ – ақкөңіл, аңғал халық”** (Ел аузында кездесетін пікір) <ақкөңілділік пен аңғалдық кейде бір-біріне жақын, астарлас қасиеттер.

Сондықтан да болар, көңілінде жамандық ойы жоқ, айтқан сөздің бәрін шын көретін, тіпті өтірік айтып тұрса да сене беретін адамның мінезінен аңғалдық та байқалады. Жалпы қазақ табиғатынан байқалатын осы қасиеттер оны **ақкөңіл де аңғал** халық етіп көрсетеді>

* **“Қазақ – ақылды сөзі көп, ақылсыз ісі көп халық”** (Ел аузынан) <қазақтардың бұл да бір қасиеті: адамға небір тамаша ақыл-кеңес бере тұрып, сол айтқан ақылына сай өз ісінің үлгісін көрсете алмайтын, тіпті, керісінше, кейде **“ақылды”** деген жанның ақымақтыққа да баратын әдетін айыптау>

* * *

* **“Қазақ – ақыл мен қайратқа жүгініп, аруды аялап, ананы ардақтап өскен халық”** (О. Сәпиев) <бұл елдік пен ерлік салтына сай, отбасына адал, ана алдындағы перзенттік парызын ардақтап, әйел затын қастерлеп, жарға деген адалдықты сақтап өскен халық болмысын аңғартады (Егемен Қазақстан. 25 қыркүйек 1999)>

* * *

* **“Қазақ – ақын, айтыскер халық”** (Ел аузынан) <“бір ауыз өлең шығармайтын қазақ жоқ” деген сөз осы пікірдің бір айғағы. Шынында да, дүйім жұрттың алдында сөз сайысына түсіп, қарсыласына қолма-қол өлең ұйқасымен жасауға тауып айту, айтқанда да өткір де бейнелі сөзбен ұтымды да уәжді ой-пікірлерін айшықты сөз өрнегімен көмкере айту сияқты суырыпсалма өнерінің халықтың қанына сіңген қасиеті, ұлттық менталитеті екенін аңғартып тұр>

* * *

* **“Қазақ – ақынжанды халық”** <**ақынжандылық** – сөз өнерін ту етіп тігіп, бұл дүниеде одан артық өнер жоқ (**“Өнер алды – қызыл тіл”**) деп санайтын, табиғатынан ақынды пір тұтып, ақындық өнердің алдында бас иіп, “Мен өзім ақын емес, ақынжандымын, Ақынға дәл өзіңдей жақын жанмын” деп, ақын көрсе еліктеп, арқасы қозып, бір ауыз өлең шығармайтын қазақ ертеректе қазақ даласында болмаған. “Әу” деп өлең айтпаған қазақ қазақ емес” деген сөздің төркіні де осыған барып саяды. Қазақ қауымында ақыннан құрметті жан болмаған, әлі де солай. Жақсы ақынды төбесіне көтеру, ақынның дуалы аузынан шыққан әрбір өткір сөзін, өлең ұйқасын естігендердің қолма-қол қағып алып, қалың елге таратуы да ақынжандылықтың бір белгісі. Ертеректе ақынның құны ердің құнынан екі есе артық болған. Ақын сүйгіш елдің **“Болар елдің ақыны көп, Тозар елдің әкімі көп”** деп мақалдауы да бекер емес>

* * *

* **“Қазақ – “Алаш” ұранды халық”** (Ел аузында көп айтылатын сөз) <Өтебойдақтың жазуына қарағанда (Шипагерлік баяны, 21-б.), ол бұл сөзді (“Алаш ұранды күллі қазақ” дегенді) кезінде Әз Жәнібектің өз аузынан естіген екен. Қазақ шежіресінде **“Қазақ халқы – алты Алаштың бір баласы”**, сондықтан алтауына ортақ Алаш ұраны қазақтың да ортақ ұраны саналады деген әңгіме бар>

* * *

* **“Қазақ – алғыр, қабілетті, содан да сырт көзге еліктегіштеу болып көрінетін халық”** (С. Шүкірұлы) <автор осы пікірді айта келе, “Алайда, осы қалпын ұстап қала алса, қазақ аладағы ғасырда сырбаз, жоғары мәдениетті жұрттардың кеуде тұсында бола алады” деп қорытады (Ана тілі. 30 желтоқсан 1999)>

* * *

“Қазақ – Алладан мейір, адамнан пейіл тілеген, ата-анаға табынып, бала өсіруді тәрбиенің көусар бұлағы” деп танытын халық” (О. Сәпиев) <бұл қазақ халқының ең бір абзал қасиеттерін даралап көрсету ниетінен туган пікір. Бұл қасиеттердің бәрін де қазақ болмысынан табуға болады. Бірақ сонымен қатар оның бойында басқа, бұларға жатпайтын қасиеттер де бар екенін жұрттың өзі де біледі ... (Егемен Қазақстан. 25 қыркүйек 1999)>

* * *

“Қазақ – Алланы Көк Тәңірден айыра алмай, күпірліктен құтыла алмай жүрген “күнәһар” халық” (Ұлықбек Есдәулет) <**“Құтылмаған күнәһар, күпірліктен, Айыра алмай Алланы Көк Тәңірден”** (Ана тілі, 23 қыркүйек 1999): автор қазақтар Аллаға да, Көк Тәңіріне де қатар сиынып, Құдайды “жалғыз” деп танымай, күпірлік жасап, ислам дініне толық бойсұна алмай жүрген халық дегенді аңғартып тұр>

* * *

* **“Қазақ – алтыбақан алауыз халық”** (Абай) <бұл – өзара ынтымағы аз, ауызбірлігі жоқ, ымыраға бірден келе қоймайтын, іштей жіктеліп, бірімен-бірі айтысып, тартысып жүретін халық деген сөз. **Абай: “Сабырсыз, арсыз, еріншек, Көрсө қызар жалмауыз, Сорлы қазақ сол үшін Алтыбақан алауыз”** деп түсіндіреді бұл сөздің мәнін (Абай, I, 58-б.). **“Алтыбақан алауыз, қазағым-ай!”** деген өкінішпен көз жұмады (Қазақ әдебиеті. 4 қараша 1998)>

* * *

* “Қазақ — алты қырдың ар жағындағы “аттанды” жеті қараңғы түнде естісе де басы біріге қалатын халық” (Ел аузынан) <жай уақытта бейқам, басы бірікпей жүретін енжар халықтың құлағына “ел шетіне жау келді!” деген жағымсыз хабар шалынса болды, немен тынарын күтіп, төсегінде тыныш жата алмайтын дегдар мінезін сипаттап тұрған сөз>

* * *

* “Қазақ — алтынның үстінде отырып, қайыр тілеген, ет пен майдың үстінде отырып аштан өлген халық” (Жағда Бабалық) <бұл табиғи байлыққа кенеліп отырса да, кедейлік көріп, ішіп-жейтіні жеткілікті болса да, аштан өлетін халық дегенді аңғартады (Ана тілі, 12 шілде 2002)>

* * *

* “Қазақ — алыс-жақын көршілеріне бауырмалдығымен, кеңдігімен танылған халық” (С. Әсіпұлы) <бұл жерде қазақтардың басқа (көрші, келімсек, сіңбе, ауып келген, т. б.) халықтарға, ұлт өкілдеріне ұнайтын ақжарқын, қарапайым мінез-құлқы, құшағын жая қарсы алатын қонақжай әдеті, қолынан келген жәрдемді мен көмегін аямайтын бауырмалдығы сөз болып тұр. Шынында да, әртүрлі саяси, тарихи себептерге байланысты қазақ жеріне келіп уақытша қоныстанып, көбісі тұрақтап қалған басқа ұлт (неміс, корей, еврей, шешен, ингуш, қарашай-балқар, орыс, т. б.) өкілдерінің жағдайы жұрттың бәріне белгілі және қазақтың бұл “бауырмалдығы мен кеңдігі” туралы көбінесе сол халықтардың өздері айтатыны да мәлім>

* * *

* “Қазақ — аман-саулық сұрасқанда “мал-жан аман ба?” деп бастайтын әдеті бар халық” (Манаш Қозыбаев) <қазақтың алдымен малды, сосын жанды сұрайтын бұл әдетін, қалыптасқан дәстүрін автор былайша түсіндіреді: “Тұтқиылдан тиген жау әуелі малды талапайға салады. Жаулап алған елдің ер балаларын от басына жинап, арбаның кіндігінен басы қылтиса болды, шауып өлтірді. Сөйтіп, егескен жау бір ұрпақ бойы елдің өсуін күшпен тоқтатып отырған. Әйелін күң, ұлын құл қылып айдап әкеткен” (Жауды шаптым ту байлап. Алматы: Қазақстан, 1994. 59-б.). Қалай болғанда да өмір-тіршілік, күнкөріс көзі көшпелі қазақ қауымы үшін негізінен мал болып саналған. Малды жаннан бұрын атауының себебі содан>

* * *

“Қазақ — анасын ардақтайтын, әйелін әспеттейтін, қызын қас-терлейтін халық” (Ел аузынан) <бұл — шынында да, қазақ бойынан

табылатын абзал қасиеттердің бірі. Оны әсіресе басқа халықтардың салт-дәстүрімен салыстыра қарағанда айқынырақ байқауға болады. “Анаңды Меккеге үш рет көтеріп барып, көтеріп әкелсең де, ақ сүгін өгей алмайсың” деген, “Жақсы әйел – жаннатың”, “Қыз – қастерлі қонағың”, “Қыз – өрісің”, “Қыз – ұлт болашағы” деген тағылымды сөздер қазақтың осы қасиеттерін айғақтайды >

* * *

* “Қазақ – ант пен сертке құрыш болаттай берік ел” (К. Шаңғытбаев) <өлең жолдары: “Өнерге де, өлеңге де кененбіз, Ант пен сертке – құрыш болат беренбіз ...” (Дала. 1999. №1. 11-б.). Сөз тәркіні: “халқымыздың бойында жақсы қасиеттер баршылық: оның қолынан өнер де келеді, ол ақындыққа да кенен; берген серті мен антына да берік халық” дегенді аңғартады >

* * *

* “Қазақ – аңғалдығы баладай, ақылдылығы – данадай (халық)” (Ел аузынан) <өтірік пен шынның, адалдық пен арамдықтың парқын көпті көрген қарттай пайымдап жатпай, кім не айтса соған оңай сене қалатын жас бала секілді, бірақ ақыл-парасаты сол мінезіне қарай тым қарадүрсін, қарапайым, жұпыны емес, терең де тегеурінді, даналық нышанын танытатын абзал қасиеттері бар дегенді білдіреді.

Бұл жауаптан қазақ халқының бойында екіұдай қасиеттің бар екенін аңғаруға болады: біреуі – бала мінезіне тән аңғалдық, әр істі пайымдап, оның дұрыс-бұрыстығына көзі жетпей жатып, жас баладай оңай сене қалуы да, екіншісі – ойлау қабілеті, ақыл-парасаты сол баладай жұпыны да қарапайым емес, терең де тегеурінді даналық нышанын танытатындығы >

* * *

* “Қазақ – аңқау өскен халық” (Ахмет Байтұрсынұлы) <“Жұрт едік аңқау өскен қазақ болып, Далада – кең сахара көшіп-қонып. Алдаған залымдардың тіліне еріп, Жүрмесек жарар еді мазақ болып”. А. Байтұрсынұлы осы пікірді С. Доспанов, т. б. да қолдайды деп жазды. Шынында да, қазақтарға тән қасиеттің бірі – аңқаулық, оның алды-артын байқамай іс қылатын, қулық-сұмдықтың неден басталып, немен бітетінін біле бермейтін, біреу не десе, соған сене қалатын әдеті >

* * *

* “Қазақ – арасына мәңгүрттік кең, әрі тамыры терең тараған халық” (Әзімбай Ғалиев) <автор қазақ халқының кеңдігін айта келіп, бірақ оның бойында мәңгүрттіктің де бар екенін ескертеді. Ол: “пәленше жылы пәлен қайраткеріміз “байқаусызда” өз ұлтына топырақ шапты, өз

ұлысын кері тартып, ілгерілеген керуенін шегіндіріпті” деген сөздер мен мақалаларды естіп те, оқып та жүрміз. Ал, өз атамекенінде өз ұрпағына, өз отанында өз тарихына қарсы шыққан, өз топырағында өз ана тілінің мемлекеттігін төмендеткен қаны қазақ азаматтарымыз өткен сайлауда жарыса депутаттыққа таласты. Әділдігін айту керек, орыс тілді жұртышылық ондай ренегаттарға пәлендей сенім білдірген жоқ. Орыс халқы – тамыры терең халық, басқа ұлттың өздеріне жағымпаздануына тек сырт сүйсініс білдірсе де дауысын өз ұлтының өкілдеріне берді” деп көрсетеді (Ана тілі. 12 мамыр 1995)>

* * *

* “Қазақ – арасында наданы көп халық” (Абай) <Абай қазақ халқының надандығын бұдан басқа тұста да айтқан. Мұнда да өз халқының өкілдерін “надан” деп айыптауы олардың өз бауыр-туыстарының мүддесін, өркениетке талпынысын өз деңгейінде бәрі бірдей түсіне алмауына ашынуынан, күйінуінен туындап отыр. Абайдың: “өзің жалғыз, надан көп, ұқтырарсың сен не деп?” деуі осы бір ашынуының айғағы>

* * *

*“Қазақ – ар-намысы күшті халық” (Ел аузынан) <“Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы” деген сөз осынау бір ерен қасиеттің ұраны іспеттес. Қазақ – намысқой халық, ол арын бәрінен де жоғары қояды>

* * *

* “Қазақ – аруақшыл халық” (Ел аузынан) <қазақтың діндарлығы жайында әртүрлі пікір айтылып жүрсе де, оның ата-бабалар аруағына деген сенімі берік, оны қастерлеп, қасиетін пір тұтуы елден ерекше. “Өлі риза болмай, тірі байымайды” деген тағлымының ұрпақтан-ұрпаққа гибрат болып ауысып келе жатқаны да осы сенімге байланысты болса керек>

* * *

* “Қазақ – аса малжанды халық” (Ел аузынан) <көшпелі ел өмір-тіршілігінің ең басты көзі: ішсе – тамағы, кисе – киімі, мінсе – көлігі, бар болса – байлық-дәулеті болып саналатын мал болғандықтан, қазақтар малға ерекше мән берген, оны тым жоғары бағалап, құрметтеген халық. Қазақтың бір-бірімен амандық-саулықты “мал-жан аман ба?” деп бастауының өзі осының бір дәлелі. Малды жақсы көрудің тағы бір айқын айғағы – қазақ тіліндегі жүздеген мақал-мәтел мен тұрақты тіркестер ... “Мал иесі – мәлике”, “Мал тапқанның айыбы жоқ”, “Мал құлағы саңырау”, т. б.>

* * *

* **“Қазақ – асыл сөзді ардақтап, бағалай білген, кестесі келіскен әдемі сөзді қастерлеп, өнер тұтқан халық”** (Ел аузынан) <қазақтардың сөздің қасиет-қадірін бағалай білетіндігі, сөз өнерін жетік меңгеруі, “ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретіндігі”, аталы сөз алдында хан да атынан түсіп сәлем беретіндігі, ділмар да шешен сөйлейтіндерді ерекше құрметтейтін қасиеті сөз болып тұр>

* * *

* **“Қазақ – асылын ардақтап, қадірлісін қастерлейтін халық”** (А. Әубәкіров, С. Қапасұлы) <“Жауды көп қашырады, жақсаты Бараққа қалады” деген мақалға айналып кеткен қанатты сөзге байланысты қазақ тарихында – Ұлы жүз Шапырашты Көкбарақ батыр (1723–1725 жылдары атағы шыққан), Көкжарлы Көкжал, Барақ (1701–1765 жж.), найман елін билеген Барақ сұлтан және Кіші жүз Табыннан шыққан Асау Барақ батыр – бірнеше Барақ болғанын айта келіп, авторлар осы соңғы батырға халық дәстүрі бойынша Ақтөбе облысында басына күмбез көтеріп, ескерткіш орнатқанын баяндайды (Батырлар елі // Қазақ батырлары. Мамыр, 2003)>

* * *

* **“Қазақ (қазекең) асыра сілтемей жүре алмайды, бір жағына ауып жүреді”** (Қабдеш Жұмаділов) <“Жас Алаш” тілшілерінің: “Қазіргі (2004) көппартиялы қоғамға көзқарасыңыз қандай?” деген сауалына байланысты берген жауабында жазушы: “Қазір көппартиялықтан қорқа бастадым... Қазір 50 мың мүше жинау сөз болмай қалды. Тірі адамдар ма, өлі адамдар ма, әйтеуір тізімін өткізіп тіркетеді де, партия болып шыға келеді... ересек қазақтардың сайлауға қатысатын тең жартысының партияға бөлінуі деген сөз. Осыныша партия кімге керек? “Бөліп ал да билей бердің” сарыны сезілмей ме? Меніңше, қазақ секілді халыққа мықты екі-үш партия жетіп тұрғай. Абай да: “Болды да партия, ел іші бүлінді” демей ме? Меніңше, партияның көптігі бақ емес, сор ғой деймін” деп тұжырады (“Жағымпаздардың жарысы” немесе “Қаламнан қуатты қару жоқ” // Жас Алаш. 22 маусым 2004)>

* * *

* **“Қазақ – ата-бабаларын сыйлап өткен халық”** (Ел аузынан) <“Өлі риза болмай, тірі байымайды” деген мақал қазақтар жадында тым ертеден сақталған тағлым. Бұл дәстүрді әртүрлі саяси-әлеуметтік, тарихи жағдайларға байланысты ұмыта бастаған қазақтар әсіресе егемендікке қолы жеткен жылдардан (1991 ж.) кейін қайтадан жаңғырта бастады. Ел қорғаған хандар мен билерге, батырлар мен ақын-жырауларға бүкіл

Қазақстан бойынша ас беріп, тарихи тұлғалардың аруағына бас иіп, күмбез, кесене орнатып, той-мейрамдар өткізуі осының айғағы >

* * *

* **“Қазақ – атаққұмар, шенқұмар, мансапқұмар халық”** (Ел ішінде қалыптасқан пікір) <қазақтарға таңылып жүрген бұл пікірдің әртүрлі себебі болса керек. Соның бірі – Ресейдің отаршылдық саясатынан, яғни шен-шекпен алып, мансапқа ие болу үшін ұлықтар алдында құрдай жорғалап, құл болып бағыну әдетіне байланысты қалыптасқан мінез. Оған бір мысал: патшайым Анна Иоановна қазақ даласына арнайы жіберген сенімді адамы – Тевкелевке “Нені ұнататын халық екен, соны біліп кел” деп тапсырма береді. Ол қазақтардың атаққұмарлыққа, шенқұмарлыққа бейім екенін білгеннен кейін бас көтеріп, атқа мініп жүрген еті тірі, пысықтарының кеуделеріне алақандай-алақандай медаль тағып, арқаларынан өтірік қағып қойып, бір-біріне айдап салып жаман үйреткен; сөйтіп, “бөлшектеп ал да, билеп, төстей бер” саясатын жүргізе берген (К. Әзбергенов // Ана тілі. 23 тамыз 1992). Сол әдет біртіндеп қазақтың бойына сіңіп, бір жаман қасиетіне айналып алғаны белгілі. Бұл кешегі Абай заманында да (“Бас-басына би болған өңкей қиқым ...”, “Болыс болдым, мінекей, бар малымды шығындап ...” т. т.), кеңес дәуірінде де, бүгін де (2000 ж.) бар әдет. Ол әрекеттің бір түрі – қазақтардың ресми атақ-лауазымы болмаса, істейтін кәсібінің атын – “үздік қойшы”, “белгілі жылқышы”, “озат звеновой”, “соғыс ардагері” т. б. осы сияқты міндеттерін – келсе де, келмесе де есімі алдына жазуды әдетке айналдырып алу. Қазір кез келген адам “академик”, “президент” деп жазатын болып алды >

* * *

* **“Қазақ” – аталы жұртымыздың, ауылды ұлтымыздың (өз) аты** <бұл – Ахмет Байтұрсынұлының 1913–1918 жж. өзі шығарған **“Қазақ”** газетіне ат қоюға байланысты айтқан пікірі. Бұл сөздің астарында ұлан-байтақ қазақ жерінде қиыр жайлап, қыр асып кеткен қазақтардың **“қазақтан”** басқа қосымша аты жоқ, оның аталы ел болып қалыптасуы да, ауылды ұлт болып ұйысып, ұйымдасуы да, тұтас ел болып отыруы да, сайып келгенде, осы бір ортақ та төл атауға байланысты деген пікір жатқан сияқты >

* * *

* **“Қазақ – атамекеніне деген сүйіспеншілігі көнеден жеткен ұлы қасиетке ие халық”** (О. Сәпиев) <атамекенге деген сүйіспеншілікті ертеден-ақ қанына сіңген, санасына ұялаған, бүгінгі ұрпақтың да бойына дарыған қасиет деп білетін халық деген сөз (Егемен Қазақстан. 25 қыркүйек 1999) >

* * *

* **“Қазақ — атамекені тамұқ болып кетсе де, оны тастап, басқа жаққа жаннат іздеп кетпейтін халық”** (Ел аузынан) <бұл пікір қазақ халқының өз жеріне, атамекеніне деген ерекше сүйіспеншілігіне, атажұртына деген ыстық перзенттік сезіміне байланысты айтылған. Ол сүйіспеншілік пен сезімді ұлан-байтақ жерін сақтап қалу үшін гасырлар бойы қан төгіп, қарсыласып келген қайсар ата-бабаларымыздың болмысында қалыптасқан ерекше қасиет деп қараған жөн. Ауыз әдебиеті үлгілерінде қалыптасқан деректерде, мақал-мәтелдерде “туған жер, өскен ел” тақырыбының ерекше көп жырлануы да, міне, осының айқын айғағы болса керек. Қазақтар ең тұрақты көшпелі елдердің санатына жатса да, мал жағдайына байланысты қазан төңкерісіне дейінгі қазақ қауымы әрі-бері жылына 1000 шақырымдай жсайылым жерді шарлағаны белгілі. Қазаққа қатысты айтылатын көшпелілік салты, міне, осыған ғана байланысты. Демек, ол өз жерінің шеңберінде ғана болатын көші-қон. Бірақ, қазақтар бұрын да пұл табудың, жеңіл де жақсы тұрмыстың жолына түсіп, қоныс ауыстыра беретіндерден емес, оның өз жерін жаннаттан да артық көретіні содан >

* * *

* **“Қазақ — аттың жалында, түйенің қомында өскен халық”** (Ел аузынан) <қазақ қазақ болып жасай бастағаннан бері жаугершілікті басынан кешірген; осыған байланысты оның тіршілік-тұрмысы да, салт-дәстүрі де ыңғайлана қалыптасқан. “Ел шетіне жау келді!” десе бір сәтте-ақ үйін жығып, буынып-түйініп көше жөнелетін, тосыннан келген қонағы табалдырығынан аттаса-ақ болды, барын дастарқанына жайып салып, қазан көтеріп, дастарқан батасын алып, риза етіп шығарып салатын болған, т. т. Осы әдет-ғұрыптың бәрі ерекше бір жылдамдықпен, бір демде орындалуы да қазақ табиғатына ғана тән қасиет ...>

* * *

* **“Қазақ — аты бар, өзі жоқ халық”** (Шәкерім) <“қазақ” деген аты болса да, атына лайықты іс-әрекетімен, өнеге-үлгісімен адамзат қауымында өзін таныта білмеген, бар-жоғы біліне бермейтін халық демекші. Бұл пікір мына ыңғайда қолданылып тұр:

“Көретін көзі жоқ,
Ұғатын сөзі жоқ,
Қазақтың бұл күнде
Аты бар, өзі жоқ ...” >

* * *

* **“Қазақ — “атың жаман” дегенге намыстанатын халық”** (Ел аузынан) <бұл сөздің мәнісі қазақтың намысқойлығына, оның атжандылығына байланысты болса керек. Өйткені кей жағдайда қазақтар өзін мақтаудан гөрі, жүйрік атын, қыран құсын, құмай тазысын мақтағанды ұнатады. Өйткені көбінесе аңшылық, саятшылықпен күн кешкен кешегі қазақ үшін бұлардың бәрі (ат, құс, тазы) ер-азамат атағын шығарып, мәртебесін өсіретін қазыналардың бірегейлері. Сондықтан да болар, қазаққа **“атың жаман”** деу **“өзің жаман”** дуден ауырлау, оның намысына тиеді >

* * *

* **“Қазақ — ауызбірлігі аз халық”** (Қара Бәйтік) <бұл сөз қырғыз ақыны Қатаған мен Сүйінбайдың айтысына төрелік айтушы Қара Бәйтік (қырғыз елінің атақты адамы) өзінің бір сөзінде: “Сүйінбай, сен жеңдің, Қатаған, сен жеңілдің” дей келе: “Қатаған көппін деп мақтанды, аттың түгіндей қазақтан қырғыз қашан көп болып еді?! Бірақ, қазақта ауызбірлік аз болады, әттең сен соны айтпадың” дейді (Қазақ әдебиеті. 1 қыркүйек 2000)>

* * *

* **“Қазақ — ауызбірлігі жоқ, ынтымағы аз халық”** (Абай) <бұл қазақ халқының бойынан әр жерде-ақ, әртүрлі жағдайларға байланысты көрініп қалып отыратын, бойына сіңіп, көптен бері қалыптасып қалған жағымсыз қасиеттерінің бірі. Мұны өмірден көптеген нақтылы мысалдар келтіріп дәлелдеуге де болады. Ұлы Абайдың бұл пікірінің өзі-ақ соның бір дәлелі бола алады >

* * *

* **“Қазақ — ауызша уәдесі анттан да берік ел”** (Рахманқұл Бердібаев) <ұлттық табиғатына тән қазақтардың бұл қасиеті оның “уәде берме, уәде берген екенсің оны орында” деп өмір бойы шыңдап-шынықтырып келген моральдық-этикалық принциптеріне, кейде морт сынатын бірбеткей мінез-құлқына сәйкес құбылыс. “Уәде — Құдай сөзі” деп, ауызша берген уәдесін антқа балап, оны қайткен күнде де орындауды жегіттік ар-намысқа жүктеу осының белгісі ... >

* * *

* **“Қазақ — ауыл-үйдің итгеріндей араз болса да, бөрі көргенде бірігіп кететін халық”** <өзара жай кезде ата-атаға, ру-тайпаға бөлініп, ырың-жырың болып жататын қазақтардың ел шетіне жау келгенде, ел басына қауіп-қатер туганда бірігіп, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаратын ынтымағы мол елге айналатын әдеті айтылып тұр; алты қырдың

астындағы айқайды жеті түнде естісе болғаны, күндізгі көңіл кірбіңін ұмытып аттарына қонып, “жау қайдалап” шабатын әдеті бар халық>

* * *

* “Қазақ – әбден қайтаруы жетілген ұлт” (Әкім Тарази) <автор бұл ойын былайша дәлелдейді: “Фридрих Энгельс айтқан жоқ па еді, “Ұлт боп қалыптасу үшін адамдар бір территорияда тұру керек және бір кәсіппен айналысу керек”. Қазақтың территориясы атам заманнан бері біреу-ақ. Қазіргі Қазақстан деп аталатын жерде біз бұдан мыңдаған жылдар бұрын тұрғанбыз. Және бір ғажабы, қазақ қана емес, әртүрлі тайпалар, рулар осы жерде тұрған. Екінші, қазақ мыңдаған жылдар бойы бір кәсіппен айналысып келе жатқан ел” (Менде сапердің тағдыры бар // Парасат. 2003. №9. 22-б.)>

* * *

* “Қазақ – әзілкеш, әсірелеп айтқанда, дарақылау келетін сәби халық” (Дүкен Мәсімхан) <бұл ойын автор қазақтарды әзіл-қалжыңды түсіне бермейтін, тарихы ұзақ, болмысы әбден қалыптасқан, өмірде кездесетін күлкілі құбылыстар олар үшін қызық болып көрінбейтін қытайлықтармен салыстыра қарастыру арқылы түсіндіреді. Ол сөзін кішкене балаға сұқ саусағыңды көрсетсең де, қытықтасаң да күле беретін, бір сөз дұрыс айтылмаса да, біреу абайсызда сүрініп кетсе де күле беретін бала мінезді халықпыз деп дәлелдейді. Автор халықтың күлкі боларлықтай еш реті жоқ нәрселерге күле салатын бұл мінезін сынайды. Біз күлген нәрсеге қытайлықтар тіпті езу тартып та қоймайды. Олар айтылған жеңіл-желпі әзіл-қалжың түбінен бір ақиқат іздеп, талдап отырады. Қалжың сөздің астарынан шындық тапса ғана күледі, оған өзінше түсінбесе күлмейді, көп ойланып ауырып та қалады, мазақтадың деп ашуланады (Біз, қазақтар... ал, қытайлар... // Заман-Қазақстан. 31 тамыз 2001).

Шынында да, қазақ мінезінде ойын-күлкіге, жеңіл әзіл-қалжыңға деген бейімділіктің бар екені рас. Оны ұлттық балаң мінез деп те, табиғи болмысына тән қасиет деп те қарауға болатын сияқты. Ұлы Абайдың “Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат!” деп ескертуі де осыған байланысты болса керек>

* * *

* “Қазақ – әзіл-оспақшыл, қалжыңбас халық” (Ел аузынан) <бұл да қазақтың табиғатына тән бір ерекшелігі: “әзілің жарасса, атаңмен ойна”, “батыр болсаң, бопсама шыда” дейтін қазақ үлкен-кіші демей, ретіне қарай, орынды айтылған әзіл-қалжыңға ерекше мән береді. Халқымыз қалжыңды айта білуді де, қалжыңға түсіне білуді де – адамның игі қасиетіне, ақыл-ойының жүйріктігіне, табан астынан сөз тапқыштық

қабілетке жатқызады. Жұрт үлкен мен кіші, әйел мен еркек, құрдастардың арасында айтылуға тиісті зілсіз қалжыңды қолдап, қопал, бейпіл, былапыт қалжыңға тыйым салып отырады. Бұл қасиетті ұлттық руханияттың бір қыры деп қараған жөн >

* * *

* “Қазақ – әйел сыйлаған, әйелдің ар-намысын қылыштасып қорғаған халық” (Ел аузынан) <ата-бабалар салт-дәстүріне жүгінсек: басқа Азия халықтарына қарағанда қазақтар атамзаманнан бері-ақ қыз баланы, әйел затын ерекше құрметпен, әспетпен, мәпелеп ұстағанын көруге болады. Олар әйел затын ең алдымен ана деп сыйлаған. Сыйлаудың салтын бұрынғы бабаларымыз: әйелдің өзін еркін ұстап, қолын бос жіберу, әрекетін шектеп, қауымда томаға-тұйық ұстамау, жаугершілік кезінде қатар тұрып қарсыласатын серік деп, бейбіт өмірде ақылшы, үйдің, елдің көркі деп есептеген. Әйелдің ар-намысын қорғауда еркектер жанпида болуға дейін барған. Бұл да қазақ табиғатына тән ұлттық қасиет болса керек >

* * *

* “Қазақ – әлсіз, қарсыласуға қабілетсіз, әрекеттен ада халық” (Л. Байсейітова) <ол өзінің парламент сайлауы (1999 ж. қыркүйек) аралығындағы бұл сөзінде: “Шежіре дегенді қазақтар өз бағасын көтеру мақсатымен ойлап тапқан, тарихи құны шамалы нәрсе. Соншама көл-көсір дерек-мәліметтердің ұрпақтан-ұрпаққа ауызша ауысып отыруы еш мүмкін емес. Мейлі, олар тіпті қазақтар-ақ бола қойсын. Қазақ халқы – әлсіз, қарсыласуға қабілетсіз, әрекеттен ада. Осылай екені 1932 жылы орыс отаршылдары аштық пен жұтты қасақана әдейі ұйымдастырып, коллективтендіру науқанын жүргізгенде анық көрінген. 3,8–4 млн қазақтың 1,7 миллионы текке қырылды. 300 рет қана бас көтерген болып, оған небәрі 30 000 адам қатысты. Қазақтар тіпті әсеке өмірін сақтап қалу үшін де белін бекем буып күресе алған жоқ, қазіргі кезге дейін де солай, дәрменсіз ...” дейді (Парасат. 1999. № 9. 3-б.) >

* * *

* “Қазақ – өлі жас, әрі өсетін халық” (М. Тәтімов) <демограф ғалымның “қазақтар өспейтін, өшетін, құрып бара жатқан халық” деген елдің сөзіне берген жауабы (Ана тілі. 12 желтоқсан 2000) >

* * *

* “Қазақ – әңгімешіл халық” (А. Сейдімбек) <бұл қасиет қазақтардың тілге деген ерекше құмарлығына, сөз шеберлігіне, әңгіме-дүкен құруға, сөз арқылы сайысқа түсуге, сөз арқылы барлық даудамайды шешуге, ақыл-өсиет айтуға, әзіл-қалжыңмен көңіл көтеруге

деген құштарлығына, мінезінің де ашық-жарқындығына байланысты қалыптасқан ұлттық қасиеттерінің бірі (Бейпіл сөздер. Алматы: Темірқазық, 2000. 12-б.)>

* * *

* **“Қазақ – әңгімешіл халық”** (Ел аузынан) <қазақтар өзара кездесіп, қалт етіп қолы тие қалса болды, бір-бірін (көбінесе жастар қарттарды) әңгімеге тартатын әдеті. Әңгіме-дүкен құру салты ертеден келе жатқан әдет және ондай әңгіменің тақырыбы еркін, қалаған нәрсені сөз етуге болады. Әңгіме тақырыбы, оның өтуі әңгімелесушілердің жас, қызмет, еркек-әйел, т. б. ерекшеліктеріне байланысты: күнделікті көз көрген, құлақ естіген нақтылы жағдайлардан тартып, қоғамдық-әлеуметтік әңгімелер де, базына-қалжың, әртүрлі күйкі әңгімелер де айтылуы ықтимал, қалай болғанда да қазақтар әңгімешіл халық екені рас ...>

* * *

* **“Қазақ – әр заманға ілескіш, әр заманның зобалаңына иығын төсеп, төтеп бергіш халық”** (Дүкенбай Досжан) <“Қазақ қандай халық?” деп қойылған сұраққа жазушы: “Екі жағдайдың да желкеніне жармасып, бірде сүрініп, бірде жығылып, жер бетінен жойылып кетпей ілдебайлап келе жатқанына қайраным бар” деп жауап береді (Егемен Қазақстан. 30 желтоқсан 1999)>

* * *

* **“Қазақ – әр нәрсеге бейімтал, әр нәрсеге еліктегіш халық”** <бір-бірімен байланысты бейімталдық пен еліктегіштік – қазақтың қанына сіңген қасиеттердің бірі. Бұл қасиеттің жағымды да, жағымсыз да жақтары бар. **Жағымды жақтары:** жақсы әдет пен жағымды дәстүрге кейбір халықтардай енжарлық танытпай, томаға-тұйық қалмай, елең етіп, еліктеп шыға келу, ойымен қабылдап, бойына сіңіруге бейім тұру, т. т. елгезектік қасиеттер. **Жағымсыз жақтары:** шектен шыққан жаңашылдық, әуегейлік, модашылдық, дінбұзарлық, т.т. қасиеттерге еліктеу. Бұлардың бәрі әр нәрсеге сын көзімен қарап, санаға салып сараламаудан туады. Мысалдар: өз діні бола тұрса да, басқа дінге, діни ағымдарға (христиан, бахан, кришнаит, уахабизм, иудаизм, буддизм, т. б.), басқа ел дәстүріне (мәдениетіне, руханиятына, тіліне, некелігіне, әдет-ғұрпына, мінез-құлқына, дүниетанымына) еліктеу, оны қабылдау. Осының бәрі бейімталдық пен еліктегіштіктің жағымсыз әсерінің салдары >

* * *

* **“Қазақ – әртүрлі себептермен ілгері дамуға тұғыр болатын ұлттық сананың ұстанымдық ерекшеліктерін қаперден қалдырып жүрген халық”** (Нұрсұлтан Назарбаев) <автор ұлттық санадағы ондай орынсыздық пен

тұрақсыздыққа төбе көрсетіп отырған үш проблеманы жатқызады. Олар: біріншіден, ұлттың стратегиялық мүддесі үшін ахуалдарды өрбітудің қандай сценарийге сай келуін, екіншіден, нақтылы тарихи үрдістің өзегінде ілгері даму үшін тағы да қандай жолдар бар екендігін, үшіншіден, қаланатын жолдың жүзеге асырылуының нақтылы мүмкіндігі қандай екендігін анықтау деп көрсетеді (Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 1999. 11-б.)>

* * *

* **“Қазақ – аруақ сыйлап өскен халық”** (Ел аузынан) <бұл қазақтардың жадында ертеден қалыптасқан “Өлі риза болмай, тірі байымайды” деген сөзден айқын көрінеді. Ата-бабаның бұл дәстүрін белгілі себептерге байланысты ұмыта бастаған жұрт кейінгі кезде (1991 ж.) тәуелсіздік алуына, егеменді ел болуына байланысты қайта жаңғыртып, кешегі өткен ата-бабаларына, хандары мен билеріне, батырлары мен ақын-жырауларына ас беріп, аруағын жаңғыртуы, аса абзал қасиеттің халық бойында, ұрпақ болмысында әлі сақталып келе жатқандығы аруақ сыйлаудың айқын айғағы болса керек >

* * *

* **“Қазақ – әсіре белсенді халық”** (Дүкенбай Досжан) <автор: “Қазақ десе, өзімізге тиеді. Әсіре белсенді халықпыз. Аңғарына, астарына үңілмейміз. Желтоқсан қасіретін көбіне империядан көреміз ... Империяның пәрмені өз алдына! Ал, алаңға шыққан жастардың соңына сүргін салып қана қоймай, кеудесінде шамалы ұлттық намысы бар жасөспірімдерді қойша тізіп жауаптауға жанын салғандардың – партия органдарында үстелі үшін әкесін де аямай сатып жіберетін шенеуніктердің жан әлемін, шен-шекпен десе, дүниені ұмытатын даңғой қызыл жағалының мінезін ашуға құлшындым!” дей келіп, “Дала гладиаторлары” атты жаңа романында қазақ болмысына тән осы бір әсіре белсенділікті көрсетуге тырысады жазушы >

* * *

* **“Қазақ – әсіре қызыл сөзге құмар, ақыл айтуға бейім халық”** (Ел аузынан) <әсіре қызыл сөзге, яғни өз ойын, көрген-білгенін, көңілге түйгенін нақтылап, тиянақты түрде аз сөзбен-ақ айтып жеткізудің орнына шұбалаң да шұбыртпа түрде баяндауға, әсем де әсерлі етіп, көпіртіп, әсерлеп-әспеттеп жеткізуге бейім, реті келсе, көсем сөздерді көбірек қолданып ақыл айтуға, тақпақтап сөйлеп, тағылым айтуға құмар халық. Бұл да қазақтың табиғатына, ана тілін пір тұтып, соның құдіретті күшін таныта сөйлеуге, сөз үстемдігін паш етуге тырысуынан пайда болған ментальдық ерекшелігіне жатады >

* * *

* **“Қазақ – әсіре қызыққыштығы, еліктегіштігі басым халық”** (Ел аузынан) <Америкалық үндістер сияқты жылтыраған моншақ пен темірге бір аралын бере салатын қызыққыштық болмаса да, қазақ табиғатына тән басқаша бір қызыққыштық пен еліктегіштік мінезді байқауға болатындығы сөз болып отыр. Ол қызығудың, мыс., саяткердің – қыран құсқа, атбегінің – жүйрік атқа, шебердің – шебер істелген бұйымға, жігіттің – сұлу қызға, т. с. с. қызығуларға байланысты болса керек. Ал еліктегіштікке келсек, бұл да жаман қасиет емес: өнерге, өнегелі адамға, т. с. с. еліктеу табиғи нәрсе. Бірақ бұл сөз қазақ әдетінде жақсы мен жаманның парқын айырып алмай, асыл мен жасықты танып алмай, жаппай еліктеу (соқыр сезіммен еліктеу) де байқалады дегенді аңғартады >

* * *

* **“Қазақ – өу бастан-ақ философ халық”** (Досмұхамбет Кішібеков) <автор осы пікірін әртүрлі деректермен дәлелдеуге тырысады. Халқымыз әр нәрсені уәждеп отырады, ал уәждеу – ол логика, яғни ойлау; қазақтарда да ойшылдар аз болмаған: Қорқыт, Асан Қайғы, зар заман өкілдері, беріректе – Абай, Шәкерім, Ыбырай, Ахмет, Мағжан. Бұлардың шығармалары – тұнып тұрған философия. Шәкәрімнің “Үш анығынан” біз ғылымды да, дінді де, адамгершілікті де аңғарамыз. “Ұлы философ ғалымдарды дүниеге келтірген халық та – философ” дегенге саяды...>

* * *

* **“Қазақ – әуейі, бірақ танып-білуге жоқ халық”** (П. П. Семенов Тянь-Шанский) <“Әуейіні” “әумесер, дәлдүңгір, әулекі” мағынасында түсінсек, онда бұл пікірдің мәні – “қазақ әр нәрсені білуге ұрымтал мінезі бар, бірақ бір нәрсені аяғына дейін тиянақты түрде танып-білуге келгенде шорқақ, шыдамсыз” дегенді аңғартады. Бұл, әрине, жеке адамның (қазақтың) басына тән кемістік болуы да мүмкін, бірақ тұтас бір халыққа жатпайтын қасиет. Айтылу себептері белгілі, жаңсақ пікір екені анық >.

* * *

* **“Қазақ – бағынан соры қалың, мәңгі өлмес халық”** (С. Оразалинов) <Әбіш Кекілбаевтың мерейтойына байланысты: “Бағынан соры қалың қазақ деген мәңгі өлмес халықтың рухани көгіне өрмелеп шыққан жарық жұлдыздарының бірі де өзіңізсіз, Әбеке!” деп келтірген бұл сөздің мәні: “Қазақ көрген рақатынан тартқан қасіреті басым болса да, мәңгібақи жасай беретін халық” дегенді аңғартады. Бұл пікір де “қазақ мың өліп, мың тірілген халық” дегенге барып саятындығын көреміз (Қазақтың аңғалдығы баладай, ақылдылығы данадай // Заң. 8 желтоқсан 1999)>

* * *

* **“Қазақ – байғұс, оңған халық емес ...”** <Ахмет Байтұрсынұлы: “Бұрын да қазақ байғұс, оңған халық емес едік, енді жұтқа ұрынып, жұқанағың қалғанда оңай оңала қоймассың. Бір күн ашыққанның ақылы қырық күнге дейін орнына түспейтін болса, күнде ашығып отырған сенде не ақыл қалсын?” (Байтұрсынұлы А. Тәні сұлудың – жаны сұлу // Социалистік Қазақстан. 7 ақпан 1989)>

* * *

* **“Қазақ – байлары елге қорған бола алмаған халық”** (Манаш Қозыбаев) <“Бай бір жұттық, батыр бір оқтық” заманда бай елге қалқан бола алмады. Елін қасқая қарсы шығып қорғаған жаужүрек батырлар алғы иепке шықты.

“Дала демократиясының негізгі киелі иелері – еліне елеулі, топ ішінен суырылып сөйлейтін шешен, көпті бастар көсем, айбынды елдің айдынды ту ұстар перзенттері – батырлар болды”, – деген кезде халықтың да қаһарлы күші, өктемді үні есепке алынды (Жауды шаптым ту байлап. Алматы: Қазақстан, 1994. 74-б.)>

* * *

* **“Қазақ – бақыт іздеп, ғасырлар бойы сахараны шарлап, шарқ ұрған мұндар жолаушы іспетті халық”** (Мұхтар Әуезов) <Жазушы өзінің бұл ойын халықтың ең асыл жыр мұрасын жинап, болашақ ұрпаққа мирас етуге байланысты айтыпты. Ол: “...қазақ халқы бізге архитектура мен скульптураның, сурет өнерінің ескерткіштерін қалдыра алмады. Бірақ ол бізге ең асыл мұра – жыр мұрасын мирас етті. Жыршы халық, ақын халық есте жоқ ескі замандардан бастап дарыған ақындық даналығын қапысыз жұмсап, өзінің рухын ұмытылмас эпостық дастандарында, сан-сан, әр алуан түрлі жырларында белгіледі” – деп, өз бақытын жолаушыдай шарқ ұрып іздеп, жыр құдіретінен тауып, сол арқылы паш еткен халық дегенді аңғартып отыр (Шығармалары. II т.)>

* * *

* **“Қазақ – баладай аңғал халық”** <бұл сөз халқымызға тән, баланың аңғалдығына ұқсас қасиетін, ұрыншақтығы мен сенгіштігін, оның кейде көрінгенге алданып қалатын, қитұрқы әрекеттің астарын байқамай, санын соғып қалатын ақкөңілдігін, қарапайымдылығын аңғартып тұр. Мәселен, басқа халықтар ядролық сынақтар жүргізуден өздеріне тәніп отырған қауіп-қатерді бірден сезініп, жанайқайын жар салып, жержүзілік сот ұйымдастырып жатқанда, атамекені – Семей жерінде 40 жыл бойы жантүршігерлік қылмыс жасалып жатқанда, қаптаған ядролық жарылыстардың от-жалын шарын, құлақ тундырар гүрсілін, зілзаласын

көріп-біліп отырып, “ой, мынау не деген гажап құбылыс!” деп тамашалап отыра беруі аңқаулық пен аңғалдықтың ең сорақысы болса керек >

* * *

* “Қазақ – балажан халық” (Жалпы пікір) <баланы жек көретін халық жоқтығы мәлім. Алайда бұл қазақ халқының табиғатына тән балажандық қасиетінің басқашалау байқалатындығын аңғартатын сияқты. Атам қазақ қанша бала көрсе де, “балам көп” деп айтып көрген емес. Тіл-көзден сақтанып, баласының санын айтқан емес. “Бар зой!” дей салатыны содан. “Ұлт – ұрпақ жалғасы”, “Қыз – өрісім” деп шектеген емес. Ұлы жоқты “қу бас” деп, алғаш қыз көрсе, “ырыс алды – қыз” деп дәріптейтін қазақ дүниеге келген перзентін алақанына салып мәпелеп өсіруге тырысқан. Осылардың бәрі балажандықтың бір нышаны болса керек >

* * *

* “Қазақ – “балапан қыран болу үшін оны самғатып ұшыратын ата да қыран болуы керек” дейтін халық” (Собит Меңдіғалиұлы) <бүгінгі заманның талабына сай бала тәрбиесін сөз ете келе, автор жасөспірімнің ел азаматы болып ержетуі, еліне өнімді қызмет етуі тек оны тәрбиелеп өсірген ата-анасының өзіндік тамаша қасиетіне байланысты екенін көрсетеді. Бұл жас ұрпақтың өз елінің қыраны болып самғап ұшуы қыран құстай қайсар азаматтың тәрбиесіне байланысты деген сөз. Ұрпақ тәрбиесіне осылай қарау – қазақ халқының өзіндік бір қасиеті (Әбірахманұлы Ғ. Ой-толғанысты туындылар мен естеліктер. Алматы: Асем-Систем, 2004. 52–55–66.) >

* * *

* “Қазақ баласының шыр етіп жерге түскеннен бастап, кәмелетке толғанға дейінгі тыныс-тіршілігі ән-жырдың құшағында өтеді. Қазақ баласын тәрбиелеуде дыбыстық ырғақтардың басты орынға шығуына, сірә, халық әдебиеті мен халық әндерінің кең тарап, дамуы және оның тәрбие туралы болуы себеп болса керек” (Халел Досмұхамедұлы) <Мемлекет қайраткері, халқымыздың азаттығы мен тәуелсіздігі жолында көп қызмет еткен, жастарға дәріс берген ұстаз, біртуар азамат Халел Досмұхамедұлының психологиялық пікірлері хақында оқыған лекциясынан Қ. Жарықбаев, Айгүл Боранғалиқызының келтірген үзінділерінен. Ғалымның ойы бойынша қазақ баласының тәрбиесінде гашықтық жырларының шығу тарихы, “Жар-жар”, “Тойбастар”, “Беташар” секілді дәстүрлі салт жырларының орны ерекше, ұлт психологиясына үлкен әсері болғандығы көрсетіледі... (Ағартушы Халел. Алматы, 2004. 202-б.) >

* * *

* **“Қазақ — бар байлығын бір тойда шашу үшін жинайтын халық”** (Ел аузынан) <халықтың ерекше бір қасиетін аңғартатын бұл әдеті, бір жағынан, оның той өткізу дәстүріне тән ел-жұрттың алдында бір көрініп қалу мақсатына, абыройын асырып, беделін көтеруге байланысты болса, екінші жағынан, туыс-жақын, қатарлас, замандастарынан кейін қалмау, артық болмаса да олардан кем түспеу бәсекелестік ниетіне де байланысты. Бұл әдеттің салдарынан бар жиган-терген байлығын бір тойда шашып, “ертеңгі көрер күнін ойламау” деген де жоқ емес. Ерте-ректе мұндай үлкен ас-тойларды бай адамдар малын шашып жасаса, кедейлердің қолынан ол келмеген. Бірақ бұрын да, қазір де байлардай тойды ұлан-асыр жасамаса да, байларға еліктеп, тыраштанып қалу әр жерде байқалады >

* * *

* **“Қазақ — барын жоғалтып алып, жоқтауға үйренген халық”** (Ғалым Жайлыбай) <автордың бұл пікірінің философиялық мәні бар. “Барын жоғалту” деген сөз — қазақ халқының табиғи болмысына біткен барша жақсы қасиеттері мен игіліктерінен, рухани және материалдық байлық, керемет жақсы салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарынан әртүрлі объективті де субъективті себептерге байланысты айырыла бастауы, біразын жоғалтуы, біразынан қашықтай түсуі.

Бірақ халық санасы осы тәрізді барынан, тамаша құндылықтарынан арыла, айырыла бастағанын әр уақытта сезіп отырған. Сезгендіктен де, кеш те болса, соларды іздеуге, табуға жалықпаған, қалпына келтіруді де ұмытпаған. Мысалы, сол құндылықтарының бірегейі — қазақтың ана тілі. Енді, міне, соны жоғалтып алуға аз қалғанда оны іздеп, қалпына келтіру үшін қоғам болып даурығып, қауырт науқанға айналдырып отыр. Бұл нәубетпен ертерек күресу керек еді, оны халық істей алмады >

* * *

* **“Қазақ — барып тұрған қалжыңшыл халық”** (Ел аузынан) <екі ауыз сөзін әзілге айналдырып, астарлап сөйлеуді, құрбы-құрдастарды айтпағанның өзінде, әзілі жарасып, атасымен де қалжыңдаса беретін жастардың өздері де мұны “қазақ халқының қанына сіңген, мінез-құлқына тән қасиет” деп санайды. Халықтың сол қалжыңбас, қалжыңшыл, қалжыңқой мінезі қалған емес >

* * *

* **“Қазақ — бас бостандығын, атамекенін, жері мен малын өмір бақи қорғаған халық”** (Манаш Қозыбаев) <автор қазақты “Малым — жанымның садағасы, жаным — арымның садағасы” деп арын, адамгер-

шілік қасиетін бәрінен де жоғары ұстаған ол. Халықтың жоғалып кету қаупі бір сәт толастамаған сол бір кездерде күнделікті қаракеті де, тұрмыс салты да, өмірге көзқарасы да отанын, елін, жерін, арын қорғауға бағындырылған. Тіпті сол бірнеше ғасырға ұласқан жсаугершілік заманында хандық құру, ел билеу, қол бастау мәселелері де халқымыздың бірлігі мен тірлігіне келіп тірелген”, — дей келіп, бұл ойын “Ел намысы — ер намысы” деп түйіндейді (Жауды шаптым ту байлап. Алматы: Қазақстан, 1994. 58-б.)>

* * *

* “Қазақ — басқа жұртты жатсынбайтын бауырмал халық” (Ел аузынан) <бұл — қазақтардың өздерінен гөрі басқа жұрт өкілдерінің көбірек айтатын пікірі. Қазақ тарихы талай басқа халық өкілдерінің қазақ жеріне келіп, екінші отанын тауып, мәңгі бақи тұрақтап қалғанының куәгері. Әсіресе Ұлы Отан соғысы жылдарында және одан кейінгі дәуірде елімізге жер аударылып келген халықтар (неміс, корей, шешен, ингуш, қарашай, балқар, қырым татарлары, т. б.) өкілдерінің лебіздерінен де, көңіл-күйінен де бұл пікірді айқын көреміз. “Тілі басқа болса да, тілегі бір” бұл халықтардың қазақтармен жылап айырылысқаны да осының айғағы>

* * *

* “Қазақ — басқа Орта Азия халықтарына қарағанда әйелдерін еркін ұстайтын, қоғамдық өмірден шеттетпейтін, той-жиын, ойын-сауық, тамашадан қақпайтын халық” (Досмұхамбет Кішібеков) <қазақ әйелдерінің өмір-тіршілігі мен қоғамдағы еркіндігі, ел басқару, билік айту істеріне араласу мүмкіндігі болғанына мысал ретінде Ұлы Отан соғысында бүкіл Шығыс әйелдерінің ішінен екі қазақ қызының — Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметованың — Кеңес Одағының Батыры атануын атап көрсетеді (Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. Алматы: Ғылым, 1999. 85-б.)>

* * *

* “Қазақ — басқа ұлттармен қаны көп араласқан, тұқымы күшті халық” (Ел аузынан) <қазақтар, бір қарағанда, басқа халықтармен тұқымы көп араласпаған, томаға-тұйық өсіп-өнген халық сияқты көрінуі мүмкін. Алайда, қазақ — генеалогиясы (шығу тегі) бір текті емес, “қырық ру” этнос құрамынан қалыптасқан, қаны көп халықтармен араласу нәтижесінде пайда болған этнос. Оның бір саласында қалмақ-моңғол тайпаларының, бір тамырында қытай, бір тамырында араб, иран, басқа түркі халықтарының қаны бар екені даусыз. Кешегі өткен бабаларымыздың заманында үш қазақтың бірі тоқалдың баласы, ал үш тоқалдың бірі — қалмақ, моңғол тектес тайпалардан болғаны белгілі. Біздің ұлы бабаларымыздың, тіпті кешегі, бүгінгі замандастарымыздың біразының

бойында түп-тұқиянында Жоңғар тайпаларының, мұсылман дінін таратып, уағыздау үшін келген қожалар әулетінің, көп уақыттан тығыз араласқан орыс халқының да қаны бар. Бір мысал: есімі әлемге әйгілі ғұлама ғалым Әлкей Марғұланның ұлы анасы Жоңғар ханы Халдан Сереннің қызы ... екен. Яғни Олжабай батырдың тоқалы Халданның қызы > одан Дулат > Марғұлан > Хақан > Әлкей. Белгілі ақын, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов те – осы Олжабай батыр әулетінен. “Түбіміз – арабтан, қожамыз”, “Атамыз – түрікпен” дейтіндер қаншама?!” деп жазады зерттеушілер (Қожабекұлы Албани Б. Қазақия. Алматы: Атамек, 1998. 73-б.) Қазақ халқының тұқымы күшті болуының бір себебі осы болса керек >

* * *

* “Қазақ – басы бірігіп көрмеген, бет-бетімен көшіп жүрген халық” (Ғалым Ахмедов) <бұл – Кіші жүз Есет батырдың Хиуаның ханына айтқан сөзі. Соны айтып, ол: “Біз ешбір халықпен жауласқанымыз жоқ, ешкімнің еліне, не жеріне басып кіріп, зорлық істегеніміз жоқ; тек мал бағып, сол малдың ғана жайын ойлап, көшіп-қонып жүрген елміз” дейді (Жем бойында. 90-б.)>

* * *

* “Қазақ – басым көпшілігі ата тарихынан қол үзіп қалған, ал ана тілін білмейтін, білсе де, шала білетін халық” (Манаш Қозыбаев) <автор: “Міне сондықтан да үлкеніміз бар, кішіміз бар рухани өмір саласында жүрген зиялы қауымның бүкілхалықтық, жалпыұлттық идея проблемасының аясын кеңейтіп, өміріміздің негізгі бір үрдісіне айналдыруға атсалысу қасиетті парыз деп білемін” деп тұжырымдайды өз ойын (Тарих зердесі. 82-б.)>

* * *

* “Қазақ – басын ұлттық мүдде қосқан халық” (Манаш Қозыбаев) <автор осылай дей келе, “ол мүдде көшпелі халықтың ата қонысы – жерін сақтау, малын, жанын сақтау, олардың өсіп-өнуіне қолайлы жағдай тудыру; көктем тұа өзен бойын жағалап, ормандарды саялап, ұлан-байтақ жерді аралап, асыр салып еркін өскен сайын даланың сайыпқырандары әрқайсысы өзіне сенген жеке батырлар еді. Басына кун түскенде ру, тайпа аясынан аспаған олар тілі бір, діні бір тұма бауырластарымен ұлттық мүдде жолында ғана табысты” деп дәлелдейді бұл мүдделестікті (Тарих зердесі. 89-б.)>

* * *

* “Қазақ – батыр, кеңпейіл, тәкаппар, баладай сенгіш, қарапайым халық” (Ж. Молдағалиев) <бұл анықтамалар – қазақ халқының ерекше-

лігі ретінде көп аталып келе жатқан қасиеттері. Шынында да, жалпы халық тұрғысынан алып қарағанда, айтылған ойдың шындыққа сай келетін жері көп >

* * *

* “Қазақ – батырлықты әрқашанда өзінің жан жалауындай ұстанған халық” (Батырлар. 1999. №10. 16-б.) < бұл пікірдің дұрыстығын ұлан-ғайыр қазақ жерін жан-жағынан анталаған жауларынан қорғап, болашақ ұрпақ үшін қан майдандарда жағаласып, жерімізді сақтап қалған жауынгер, шетінен батыр, ержүрек бабаларымыздың ерен ерліктерінен де көруге болады. “Қазақстан – тұлпар мініп, ту ұстаған батырлардың елі” деген сөздің растығына тарихымыз өзі куәгер >

* * *

* “Қазақ – батагөй халық” < қазақ дәстүрінде: “Алланың пендесі үшін жасы үлкендерден бата алып, ел-жұрттың алғысы мен құрметіне бөленуден артық нәрсе жоқ” деп түсінетін наным-сенім қалыптасқан. Адамға істелген әрбір игілікті іс-әрекет үлкендер тарапынан құпталып, алғыс айтумен, бата берумен аяқталса, әрбір басталуға тиісті жаңа қаракетті де батамен, жақсы тілекпен бастағанды жөн көреді. “Жаңбырмен жер көгерер, батамен ел көгерер” деген ұғым – батагөйлік салттың бір белгісі ... >

* * *

* “Қазақ – батыр халық” < ата-бабаларымыз батыр, ержүрек болмаса, осыншама ұлан-ғайыр жерді оған көз тігіп, жан-жақтан анталаған жауларынан қалай сақтап қалар еді? Шынында да бұл сөздің жөні бар: “жастайынан Қобыланды, Алпамысты жаттап өссе, Махамбет, Бауыржандардың суретін жастанып өссе, солай болары сөзсіз” деп дәлелдейді (Қаржаубай Сартқожаұлы // Қазақ. 1991. №3. 1, 5-бб.) >

* * *

* “Қазақ – бейбіт халық” < бейбіт, мамыражай өмір сүру, көршілермен тату-тәтті тұру – қазақ табиғатына тән қасиет. Ертеректегі ауыл мен ауыл, ру мен ру, ата мен ата арасындағы ұдайы болып тұрған ұсақ-түйек қақтығыстар мен дау-дамайларды (жер дауы, жесір дауы, барымта, қарымта, сырымта, жырымта, т. б.) есептемегенде, қазақтардың іштей бөлініп соғысқанын немесе көршілерге өз тұсынан тиісіп, соғыс ашқанын тарих білмесе керек. Бірақ ол ешқашанда қорлауға, зорлауға көнбеген, арын аяққа таптатпаған, намысын қолдан бермеген, мың өліп, мың тірілсе де, бейбіт өмірді қалайтын халық >

* * *

* **“Қазақ – берекешіл халық”** <қандай қиын-қыстау күндерді басынан кешіріп, жадап-жүдеп отырса да, елге ортақ қуаныш пен қайғыда бір жерден табылып, қолындағы барын ортаға салып, жоқшылықты білдірмей, азды көптей, көпті көлдей қылып, береке-бірлікпен өткізетін халық >

Іргесіне көшіп келген ауылдың алдынан ақ алып шығу салты – қазақтың табиғатына тән сол берекелілік.

* * *

* **“Қазақ – бесінші түлік”** (төрелер пікірі) (Қалмұқан Исабай) <“Шоң би” атты роман-трилогиясында Қазақ елін басқарған төре тұқымдарының кезінде қарапайым қара қазақты адам санатына жатқызбай, төрт түлік малдан кейінгі бір түлігі – “бесінші түлік” деп санағандығын нақтылы деректермен дәлелдеп көрсетуге тырысады. “Қазақты “бесінші түлік” атайтын бұл төрелер өздері әлдеқашан малға айналғандарын сезбейді емес, сезеді. Бірақ тыйымсыздықты заңға айналдырып алған. Тьяды дейтін Бөкей хан хайуандықты Құдай атымен дәлелдегенде шіркіннің жүзі жанбайды”. “...Қыранға – нәсіп жерден, төреге – елден” деген емес пе? Төбелеріне Құдай берген төрелерінің бетін қақса, қара болып неге жаратылды. Су көзден шығады. Оған жан-жануар түгел ауыз салады. Сол сияқты төре атаулының ауыз салар көзі – қара халық қой. Құдай тағала қара халықты төре ырыздығы үшін жаратып қойса, ханның не лажы бар?” (Елеуқенов Ш. Қолдан Құдай жасау ұлттық идеяға сыя ма? // Қазақстан-Заман. 1 маусым 2001) >

* * *

* **“Қазақ – боз қойдан жуас, ақ қойдан аңқау халық”** (Ел аузынан) <бұл ел арасында кең тараған пікір: қазақтардың жуас, момын, аңқау екендігін басқа көршілес халықтармен салыстырып қарайтындар оны көбірек байқайтынын көреміз. Алайда, қазақтардың өздері өздерін олай деп есептемейтін сияқты. Қазақ психологиясына тән мінездерді ескерсек, момындығы жуастық, ынжықтық емес, ол көбінесе бейқамдық, жайбарақаттық, жайбасарлық қасиеттерге жақын мінезге ұқсайтын сияқты ... >

* * *

* **Қазақ – бойжеткен қызын ұядан ұшқанша оң жаққа сақғайтын халық** (Мөлдір Сапарбаева. ХҚТУ, ТКФ – 612 тән) <бұл әдет – ұзатылатын қызына жақсы өнеге үйретудің бір жолы болған; оған ата-ана жат қылық пен жаман сөздерден аулақ болуды үйреткен, оның көзінше тосын, тұрпайы

әңгіме айтып, жаман әдет көрсетпеген; оны инабаттылық пен адамгершілікке, халықтық салт-дәстүрге баулыған деп түйеді өз ойын ...>

* * *

* **“Қазақ — бойына аламандық қасиет тән халық”** (Х. Досмұхамедұлы) <автор: “аламан деп, тәртіпке, жолға, низамға көнбейтін, өз дегені болмаса, басқаны елемейтін топты айтамыз”, дей келіп, оған қазақты балайды. Ол осы пікірін жан-жақты дәлелдей түсіп: “бастықтан рұқсатсыз біреуді шабуға, олжалауға аттанған тәртіпсіз топ, аламандық қылық бүкіл қазаққа, әрбір руга, әрбір адамға тән қасиет...” деп көрсетеді (Досмұхамедұлы Х. Аламан. Алматы: Ана тілі, 1991. 147-б.)>

* * *

* **“Қазақ — бойына құлдық мінез қалыптасқан халық”** (Ел аузынан) <бұл — басқа халықтарға қарағанда қазақтың бойында көбірек сақталған мінез. Оны, әдетте, орыс өкіметі қазақтарға қатысты ғасырлар бойы жүргізген отаршыл саясаттың салдары деп қарау бар. Шынында да, бұл патшалық Ресейдің “бөліп ал да, билей бер” деген саясатына байланысты ұзақ жылдар бойы жүргізіп келген билеп-төстеуінің салдарынан қалыптасқан “бағынбаудың”, “тәуелді болмаудың”, “бодандыққа” бойсұнбаудың бір тәсілі болса керек. “Құлдық мінездің” қалыптасуын халық бойында, оның барша жан дүниесінде “қазір жоқ болса да, бірақ өткен замандарда тізесі батып қалған билеп-төстеудің әсерін құлақкесті құлша сезініп, құлдарша қабылдауын ұмытпау деп қарауға болады” (Досмұхамедұлы Х. Аламан. Алматы: Ана тілі, 1991. 147-б.)>

* * *

* **“Қазақ — бойында желігі басым халық”** (Ел аузынан) <қазақ төрт түлік малдың ішінде көбінесе жылқы етіне құштар, оның жал-жаясын, қазы-қартасын жеңсік ас, құнарлы тағам, шипалы дәм деп санайтын халық. Сондықтан да оның бойында желіктің болуы осыдан>

* * *

* **“Қазақ — бойына мұсылмандық сіңбеген халық”** (Шоқан Уәлиханов) <бұл және басқа да айтылып жүрген пікірлерге қарағанда: қазақ топырағына басқа халықтардағы сияқты ислам діні тым ерте (VIII ғ.) келсе де, олар мұсылмандықты кейбір көршілес Орта Азия халықтары сияқты беріле қабылдап, фанатизм деңгейіне жетпеген көрінеді. Оның негізгі себебі: ұлттық, не нәсілдік ерекшелікте емес, тіршілік, күнкөріс тәсіліне, көшпелі, жартылай көшпелі тұрмыс-салтына байланысты болса керек. Мұсылмандықтың кең таралуына қажетті діни орталықтардың, мешіт-медреселердің қазақ жерінде кезінде аз болуы, мал өсіру жағдайына

байланысты жылына радиусы 1000 шақырымдай жер шеңберін шарлап, көшіп-қонып жүруі, т. б. себептерді “қазақ бойына мұсылмандықтың терең сіңіп, қалыптаспауының бір себебі” деп айтуға негіз бар>

* * *

* “Қазақ – болашағы жоқ халық” <“Соңғы кезде “қазақта болашақ жоқ” деген сөздер жиі естіледі. Әдебиетті “жоқтау” сарыны басып барады. Теледидар мен радиодан да осы әуенді жиі естиміз” дей келіп академик Манаш Қозыбаев: “Шындығында да біз өмір сүріп жатқан заман – біз күтпеген, біз ойластырмаған қилы заман. Біреуіміз май ішіп, біреуіміз қан құсып жатқанымыз рас. Біреуге “бақ” қонып, байып, екіншіміз тегіс жерден тайып, мерт болып жатқанымыз да рас ...” деп, жоғарыдағы пікірді осылай талдаса да, өз ойын “Қазақ – өр халық, болашағы мол халық” деп қорытады>

* * *

* “Қазақ – болашақта қатты өркендейтін ел” (Масуджима Шигенобу) <Алматыдағы Әлем тілдері университетінде жапон тілінен сабақ беріп жүрген жапон азаматының сұхбатында айтылған пікір. Ол жапон халқы мен қазақтардың арасындағы көптеген (тіл, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, т. б.) ұқсастықтарын айта келіп, қазақшалап: “Қазақтың тағдыры тәуелсіздігі мен тіліне тіреліп тұр” – дейді. Жапондықтардың өсіп-өніп, өркениетке қол жеткізудегі үлгілерін ұсына келіп, автор өз ойын: “Қазақ болашақта қатты өркендейді. Ол үшін отанышылдық сезімін, тәуелсіздігі мен тілін сақтағаны жөн” – деп түйеді (Ана тілі. 15 мамыр 1997)>

* * *

* “Қазақ – “болсаң Болай бол, Болай болмасаң – қалай болсаң солай бол” (Ел аузынан) <қазақтар арасында: “бұл сөзді Болайлармен (көне рулардың бірі) көршілес отырған қырғыздар айтқан екен” деген сөз бар>

* * *

* “Қазақ болу тек қана қазақтың қолынан келе алады” (Ақселеу Сейдімбек) <автор қазақтың салт-дәстүрі белгілі дәрежеде қазақты этнос ретінде даралап көрсететін мәнге ие болған құбылыс екендігін айта келе, “таза ислам” идеясын жалаулатып жүргендер ісі қазақтың болмыс-бітіміне қандай зиянды таңдауды көлденең тартатынын пайымдай білгені абзал” деп ескертеді. Ол өз ойын: “Әрі-беріден соң, наным-сенімді өзгертуге болар, алайда ұлтыңды өзгерте алмассаң? Ниет етсе, мұсылман болу әркімнің қолынан келер, ал, қазақ болу тек қана

қазақтың қолынан келетініне шек келтіруге болар ма?!” – деп түйеді
(Жас Алаш. 29 маусым 2004)>

* * *

* “Қазақ – болыстыққа мал төгіп, партияға белшесінен батып жатқан халық” (Міржақып Дулатов) <кешегі Ресей Думасына қазақтардан адам сайлану, сайланбауына байланысты М. Дулатовтың қазақтардың өз кемшілігін бетіне басып, басқа елмен салыстыра келіп айтқан пікірі. Ол: “Дәл осы күні үстіне тау құлап барады десе, қазақта елең етер жазан көрінбейді. Сарт қорқорға елітіп, наша тартудан қолы босамай, қазақ болыстыққа мал төгіп, партияға белшесінен батып жатқанын Петербургтегі депутаттар қайдан білсін?” деп жазады (Шығармалары. Алматы, 1991. 244-б.)>

* * *

* Қазақ: “Бұл – қазақ, тәңірге зар еткен қазақ!
Қиналып, қанды азап шеккен қазақ!
Әйтеуір қанды азаптан құтқарар деп,
Оқыған азаматын күткен қазақ.
Азамат! Анау қазақ қаным десең,
Жұмақтың суын апар, жаным десең.
Болмаса, ібіліс бол да, у алып бар,
Тоқтатам тұншықтырып зарын десең! (Мағжан Жұмабаев) <ақынның қазақ халқының қайғы-қасіретін, жақсылық күткен тәңіріне, оқыған азаматына деген сенімі мен үмітсіздік сезімін баяндаған философиялық толғанысының бір түйіні>

* * *

* “Қазақ – бұрынғы уақытта елі – ұйымшыл, ері – жауынгер, биі – әділ, азаматы – намыскер, адамы – әрі бітімді, әрі қайратты, сауықшыл болған халық” (Жүсіпбек Аймауытов) <қазақ халқы туралы жазушының бұл сипаттамалары оның өткен дәуірлердегі қасиеттеріне көбірек қатысы бар сияқты. Өйткені өмір-тіршіліктің замана агымына қарап өзгеруі этностың да мінез-құлқына, болмысына әртүрлі әсер ететіні белгілі. Дегенмен, автор: “бұрынғы кездегі қазаққа тән бұл қасиеттер біра-тола жоғалып кетті” деуге де болмайды, – деп түйеді>

* * *

* “Қазақ – бүгінгі дүние дидарынан өзінің ұлттық орнын таза эклектикалық (әртүрлі тандаудың шоғырлануы) көзқарас түрінде сезінетін халық” (Нұрсұлтан Назарбаев) <ол бұл құбылысты: “Бірден мейлінше ауқымды теорияға құлаш ұрып, әлемдік үрдіс аясынан қазақи бірлестікті іздестіру мүддесінен байқалады” деп көрсетеді.

Автор: “Қазір постиндустриялық қоғам, өркениеттердің тоғысуы, либерализмнің жетістіктері, неоконсерватизм сияқты мейлінше ауқымды өзгерістер не тарихи, не географиялық тосқауыл көрместен қазақ ұлтына телінуде. Тап бір, бүгінгі таңда біз үшін неоконсерватизмнен мәндірек проблема қалмаған сияқты! Былайша айтқанда, қазақ ұлтына қатысты проблемалардың аясы талғамсыз кеңейіп бара жатқаны байқалады” деп ой түйеді (Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 1999. 12–13-бб.)>

* * *

* “Қазақ – бүгінгі таңда Алланың әмірімен бүкіл дүниежүзі танитын ұлт болып келеді” (Жақсыбай Самрат) <автор “Ерді намыс өлтіреді” деген мақаласында Жүсіпбек Аймауытовтың “Ақбілек” шығармасы бойынша кино шығаруға қарсылығын білдіре отырып, ол шығарманың қазақ халқының арнамысына тиетін конъюнктуралық шығарма екенін аңғартады және “бүгінгі таңда қазақты (руды емес) көтеру принципін ұстану керек. Қазақ ешкімнен артық емес, бірақ ешкімнен кем де емес. Ұлттың намысын жасайтпай, үнемі жанып отыру керек. Ұлттың намысы болмаса, біз ел бола алмаймыз” деген тұжырым айтады (Азат. 15 қараша 2003)>

* * *

* “Қазақ – бүгінде өршілдіктің емес, көнбістік пен төзімділіктің баламасына айналып бара жатқан халық” (Ғабит Мүсіреп) <автор: “Қазақ “Мен қазақпын!” деп мақтанып, басқа жұрт “қазақ осы” деп таңырқайтындай биікке көтеріле ала ма?” деген риторикалық сауал қойып, оған “Басты гәп осында. Бүгінгі тірліктің болмысынан бұған оң жауап беру қиын” деп, оның себептерін санамалап түсіндіреді: 1) бүгінгі топтық мүдделер ұлттық мүдделерден басым тұрған сияқты; 2) билік белесіне шыққан саяси тұлғалар өзара оппозицияға көшкен тәрізді; 3) ұлт арасындағы пендешілік пиғылды кейбір партиялар мен сыртқы күштердің пайдалануы байқалады; 4) аузы дуалы деген қазақтың мықтылары “ұлтшыл” деген сөзден қорқып, ұлт мүддесін биік мінберден жұмыла айтуға тәуекелі жетпейді; 5) Қазақстанның солтүстігіндегі көршілеріміз оны өз дегеніне көндіруге ұмтылуы бар, т. т. (Қазақ рухы қалғып кеткен секілді // Егемен Қазақстан. 13 тамыз 2002)>

* * *

* “Қазақ – бүкіл Шығыс елдерінде жапондармен бірден-бір түрсіпаты ұқсас халық. Олар – жапондар сияқты ұйымшыл, бауырмал халық” (Досмұхамбет Кішібеков) <автор қазақтардың жапондықтармен тек сырт көрінісі бойынша ғана емес, сонымен қатар туыс-жақындығын сақтауда да ұқсастығы бар екенін атап айтады. “Жапондықтар туыстық қарым-қатынасты өндіріс саласында да пайдаланады және одан

олар ұтты” деп көрсетеді. Автор: “жапондықтар Мэйдзи төңкерісінен кейін көп ұзамай Еуропа мәдениетін тез игеріп алды да, шарықтап дамып кетті... ..Қазақтарда кезінде мұндай мүмкіншілік болмады. Ондай мүмкіндік енді ғана, егемен ел болғаннан кейін ғана (Президент Н. Ә. Назарбаевтың “Қазақстан—2030” деген стратегиялық бағдарламасындағы 7 басым бағыт бойынша) туып отыр” деп көрсетеді (Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. Алматы: Ғылым, 1999. 22—23-бб.)>

* * *

* “Қазақ – бүгінін бөліп жейтін, жартысын жарып жейтін халық” (Ел аузынан) <қазақтың бұл қасиеті көптеген пікірлерде айтылады. Ол қасиет, көпшіліктің бірауыздан айтуына қарағанда, шынында да, қазақтың төл, әрі байырғы (ментальді) қасиеттеріне жатады дегуге болады. Қазақ ауыз әдебиетінде кездесетін: “Өле жегенше, бөле же”, “Етіне емес, ниетіне риза болу”, “Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі аузыңнан кетпейді”, т. б. осы сияқты өмірден алынған аталы сөздердің мәні, сайып келгенде, қазақтың кеңпейілділігін көрсетеді>

* * *

* “Қазақ – “біз қазақпыз!” деп өзінің кім екендігін жауына таныта білген ел” (Манаш Қозыбаев) <қазақ пен қалмақ арасындағы келіссөздердің бірінде Қазыбек би қонтайшыға:

“Біз қазақ деген мал баққан елміз,
Бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.
Елімізден құт-береке қашпасын деп,
Жеріміздің шетін жау баспасын деп,
Найзаға үкі таққан елміз.
Ешбір дұшпан басынбаған елміз,
Басымыздан сөзді асырмаған елміз.
Досымызды сақтай білген елміз,
Дәм-тұзын ақтай білген елміз.
Атадан ұл туса,
Кұл боламын деп тумайды,
Анадан қыз туса,
Күң боламын деп тумайды.
Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз.
Сен қалмақ болсаң,
Біз – қазақ – қарпысқалы келгенбіз.
Сен темір болсаң,
Біз көмір, еріткелі келгенбіз.
Қазақ, қалмақ баласы табысқалы келгенбіз,
Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз,
Танысуға келмесең, шабысқалы келгенбіз.

*Сен қабылан болсаң, мен арыстан — алысқалы келгенбіз,
Жаңа үйреткен жас тұлпар, сары желіммін,
Жабысқалы келгенбіз.
Берсең жөндеп бітіміңді айт,
Бермесең, дірілдемей жөніңді айт, не тұрысатын жеріңді айт! — деген екен.*

Сонда қонтайшы не дерін білмей сасып қалыпты:

— Өзің сөзге келген бала болсаң, отырған орның қандай төмен еді, жоғары шықшы, жоғары! — деп қолтығын аша беріпті (Жауды шаптым ту байлап. Алматы: Қазақстан, 1994. 70—71-бб.)>

* * *

** Қазақ — бір атадан отау-отау — әулет болып, әулет-әулет — ру болып, ру-ру — жүз болып, жүз, жүз, жүз, екі шылбыр, бір тізгінін Ұлы ханға ұстатқан көшпелі Тәуелсіз Қазақ елі едік” (Тоқтасын Міштайұлы, Нұралы Құдайбергенұлы, Аманбек Ақайұлы) <авторлар қазақ халқының, “қазақ” деген елдің бұдан (2000 ж.) 300 жыл бұрын қандай ел болғанын бабамыз Қазыбек бидің мына сөзімен:*

*“Біз қазақ деген мал баққан елміз,
Бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.*

*Елімізден құт-береке қашпасын деп,
Жеріміздің шетін жау баспасын деп,
Найзаға үкі таққан елміз.*

*Ешбір дұшпан басынбаған елміз,
Басымыздан сөз асырмаған елміз,
Досымызды сақтай білген елміз,
Дәм-тұзды ақтай білген елміз,*

Асқақтаған хан болса,

Хан ордасын таптай білген елміз! ...” — деп баяндай келіп, қазақтардың 300 жыл бұрын да “Тәуелсіз Қазақ елі” болғанын, оның ішкі құрылымы мен басқару жүйесінің болғанын аңғартады (Міштайұлы Т., Құдайбергенұлы Н., Ақайұлы А. Қасиетті Қазығұрт — арылған адамзаттың бесігі немесе Ақиқатқа барар жол. Алматы: “Қазығұрт” қоғамдық қоры, 1996. 16-б.)>

* * *

** “Қазақ — бір байлап қойған сүтті сиырдай, “сауа берсең, сүт шыға беретін” халық” (Смағұл Садуақасов) <бұл — қазақ халқының әркімге жем болып келген, кім болса соның — ебін тапқан, алдап-арбаған, қоқан-лоқы көрсетіп, билік, үстемдігін жүргізген, т. б. — “сауып ішер сүтті сиырына айналған”, өз жерінің асты-үсті байлығының талан-таражға салынуына шыдап келген көнбіс халық екендігі айтылып тұр. Шынында да қазақ жерінің байлығына көз салып, қолынан келсе қамтып қалуға тырысқан*

бұрынғы кейбір елдер мен халықтарды былай қойғанда, кешегі кеңес дәуірінде Қазақстанның ұлттық табысының 93 пайызы кен болып балқып, мұнай болып шалқып, көмір болып тасып Ресейдің ортақ қазанына тоқтаусыз, толастамай құйылып келгенін баршылыққа аңғартып тұр>

* * *

** “Қазақ — бір кебісті бір кебіске сұқпай қарап отыра алмайтын халық” (Қызық газеті. 2002. №2) <бұл “қазақ” екі қолын алдына салып, бір нәрсені істемей қарап отыра алмайды, сондықтан да ермек үшін болса да, бір кебісті бір кебіске сұғып, оның иесіне қиындық келтіргенді жөн көреді. Ол әр нәрсені еріккеннің ермегіне айналдыруды қалайтын, әйтеуір бір нәрсені бүлдіруді ұнататын әдетінен істейді демекші>*

* * *

** “Қазақ — бір күнде екі адамға ақыл айтпаса отыра алмайтын халық” (Ғабит Мүсірепов) <бұл да қазақ халқының мінезіне тән қасиет. Өйткені қазақтар — болмысынан сөзге құмар, даналықты уағыздауға әуес халық. Сондықтан да болар қазақтардың даналық сөздерінің бәрі (бәрі болмаса да басым көпшілігі) ақыл үйретуге, кеңес беруге, “өйтпелі-бүйтпелі” деп тыйым салуға икем. Бұлардың бәрі ата салты бойынша айтатын өнеге-үлгісі, беретін тәлім-тәрбиесі болып есептеледі. Ұлы жазушы мұны халықтың бойына сіңген бір әдеті деп бейнелейді>*

* * *

** “Қазақ — бір мемлекетке бағынбаған халық” (Әлихан Бөкейханов) <бұл тарихи шындыққа жанасатын пікір. Бұл арада автордың сөзін тура мағынада емес, ауыс мағынасында қабылдаған жөн. Одан “қазақ бұрынсоңды мемлекет болып басы бір жерге қосылмаған” деген пікір тумаса керек. “Бір мемлекетке бағынбаған” деген сөздің мәні өзінен күшті көрші мемлекеттердің бағындырығысы келген әрекеттеріне (соғыс, шабуыл, басып алу, т. б.) көнбегендігін, гасырлар бойы бодан (отары) болғанның өзінде де ол бодандықты толық мойындап, тәуелді болған халық емес дегенді аңғартады. Қазақ халқының өз жері үшін, еркіндігі үшін жатпай-тұрмай күресіп келгендігіне тарихтың өзі куәгер (Егемен Қазақстан. 16 наурыз 2001)>*

* * *

** “Қазақ — біраз құндылықтарынан көз жазып қалса да, шүкір, парасат-пайымын жоғалта қойған жоқ” (Ақселеу Сейдімбек) <автор бүгінгі таңда халық мүддесін, қоғамның парасаттылық ахуалын да экономика өзі қалыптастырады, өзі шешеді деп қол қусырып, қарап отыруға болмайды, тек қана нарықтық фундаментализмге табан тіреу жеткіліксіз. Көп жағдайда, қоғамда қалыптасқан моральдық-парасаттылық нормалары экономика-*

ның өзін парасаттандырып, керек десеңіз, патриоттандырып отыратынына күмән болмауы тиіс” деп, парасаттылықтан күдер үзбеуге шақырады. Ол халықтың бойында бар демекші (Жас Алаш. 29 маусым 2004)>

* * *

* “Қазақ — біреуді мақтаса, алты қабат аспанның ар жағына асырып жіберетін, біреуді даттаса, жеті қабат жердің астына батырып жіберетін әдеті бар халық” (Әбдуәли Қайдар) <бұл қасиет, әрине барша халыққа емес, кейбір әлеуметтік топ өкілдеріне, кейбір адамдардың жеке басына тән әдет. Алайда, ондай мінезді өз атынан ғана емес, ел атынан, көпшілік, ұжым атынан, не солардың алдында көрсеткендіктен ол кейде жалпы халыққа тән әдет, соның бойындағы ортақ қасиет болып көрінетіні бар>

* * *

* “Қазақ — бірлігі жоқ, тірлігі жоқ халық” (С. Досанов) <халықтың бойында бар осы бір кемшілікті автордың дабырайтып, баса көрсетуі, саналы қауымның ұлттық намысына тиюі, сайып келгенде, өз халқын жек көруінен емес, қайта оған жаны ашуына, соны жөндеудің бір “тәсілі” деп қарауына байланысты болса керек>

* * *

* “Қазақ — бірнеше рет күлден жаралған халық” (Тұрар Рысқұлов) <бұл пікір қазақтың “мың өліп, мың тірілген халық” екенін, ауыр тағдырына мойымай, басына түскен неше түрлі нәубеттен аман қалғандығын астарлап жеткізеді. “Күлден жаралу” деген сөздің мәні: “алапат өрт шалған алқапта қалған шөп-қурайлармен бірге жайқалып өсіп тұрған қалың қамыс пен құрақтың қоса өртеніп, күлге айналса да, сол өрттің орнына бүршік жарып, қайта өсіп шығатыны тәрізді халықтың өміршеңдігін аңғартатын сияқты>

* * *

* “Қазақ — бір адамның құнын бір ауыз сөзбен шеше алатын халық” (Ел аузынан) <бұл қазақ халқының бойындағы екі түрлі қасиетке байланысты: біреуі — сөздің нарқы мен парқын айыра білетін, аталы сөзді пір тұтатын, оның құдіретті күші алдында тақ тұрып, нәрменді шешімін бұлжытпай орындайтын имандылық болса, екіншісі — қисынды сөзден тосылып, бұлтартпас уәжге тоқтайтын мәрттік пен парасаттылық. Қылышын қынабынан суырып, бас алуға, қан төуге тас түйін болып қаһарланған батырды да аталы сөз ғана тоқтата алған. “Саптаяққа ас құйып, сабынан қарауыл қарағандай” бір-бірімен арбасып отырған қазақ билерінің бітпес дауын да шешетін бір ауыз сөз болған... Бұл да қазақ халқының менталитеттік бір қасиеті болса керек>

* * *

* **“Қазақ – бір атым насыбайдан көңілі қалатын өкпешіл халық”** (Ел аузынан) <1) насыбай ату құмарлықтың бір түрі, қазақ арасында насыбай атушылар насыбайды бір-бірінен сұрап ату салты бар; насыбай атқысы келіп, біреудің насыбайынан бір атым сұрай қалғанда бола тұрса да іштарлық, сараңдық жасап, “жоқ!” дей салса, ол адам қатты ренжіп, өкпелеп қалуы мүмкін; 2) ауыс. бұл “болар-болмас нәрсеге өкпелеп, тіпті көңілінде дақ қалатын өкпешіл халық” дегенді аңғартып тұр>

* * *

* **“Қазақ – біреуге бағынуға қырсыз халық”** (Әбіш Кекілбаев) <жазушының пікірі бойынша: “қазақ бағынса, тек күнде көзіңе көрініп: “өйт”, “бүйт” деп мазаңды ала бермейтін Хақ тағалаға ғана бағынғысы келеді. Егер құлақ асса, тек өзі шіреніп алдыңда тұрмаған, айтарының бәрін түсініксіз тілде сары ала қағазға жазып кеткен, онысын қалай ұғып, қалай орындау өз еркіндегі Пайғамбарының айтқандарына ғана құлақ асқысы келеді. Ал, бір жерді жайлап, бір кәсіппен шұғылданып, бір тілде сөйлейтін дәл өзіндей екі аяқты пендеге бағынуға да, құлақ асуға да құлқы жоқ. Оның айтып тұрганы бұрыс болса да, дұрыс болса да миына кірмейді”. Басқаша айтқанда: қазақ бағынса, тек Алла тағаланың айтқанына, патша өкіметінің шығарған өкіміне ғана бағынып, өз ішінен шыққан елбасыларына бағынуға ықыласы жоқ халық дегенді аңғартады... (Үркер. Алматы: Жазушы, 1981. 273-б.)>

* * *

* **“Қазақ – біреуге еліктегіш, дарашыл халық”** (Ел аузынан) <қазақ өзінің жақсы дәстүрі, өзінше ойланып, жол табатын қабілеті бола тұрса да, біреудің іс-әрекетіне, біреуден көргеніне көбірек еліктейтін, “өзінікін” қалыптастырудың орнына өзгенікін ала салуды, не соған еліктеп, ұқсас нәрсені ойлап табуға бейім тұратын халық. Мәселен, Мәскеу теледидарында балаларға арнап шошқаның торайын “орысша” сөйлетсе, қазақ теледидарында да көп ұзамай қозыны “қазақша” сөйлетіп қоятын әдетіміз бар. Мұндай құбылыстар өте көп. Үйрену де, еліктеу де қажет; бірақ “дорамшылыққа салынып, ұлттық қасиетімізден айырылып қалмайық” деген ниет бар бұл сөзде>

* * *

* **“Қазақ – бір жерде тізе қосып, қалың отырған халық”** (Әлкей Марғұлан) <заты түркі халықтардың ішінде біздің қазақтай бір жерде, тізе қосып, қалың отырған іргелі ел жоқ... “Анық түрік заты, халық тілі біздің қазақта. Түбінде біздің қазақ тілі бізбен тіл тұқымы бір өзге

мұсылманды байытпаса, біз біреуге қоңсы қонбаймыз. Ғұмыр жүзінде біздің қазақ тілі өз бәйгесін алар” (Мұсылман сьезі. ... 118–119-бб.)>

* * *

* “Қазақ – бір өліде, бір тіріде табысатын халық” (Ел аузынан) <күнделікті күйкі тірлікте көп басы бірігіп, ынтымақтаса білмесе де, қазақ қауымындағы ағайын-туыс, жегжат-жұраттар өлім-жітім бола қалғанда, бастарына қиындық түсе қалғанда барлық кикілжіңді, қырғиқабақ қырсығуды ұмытып, бір-біріне жәрдемге келетін, көпшілік болып өзара көмектесетін жақсы әдеті бар демекші. Бұл – қазақ ұлтына ежелден-ақ әдет болып қалыптасқан өзіндік менталитеттің бірі. “Тіріде сыйласпаған, ағайын, өлгенімде жылама!” дейтін ескерту де, міне, осы әдетті орындамағандарға айтылады>

* * *

* “Қазақ – “1991 жылдың желтоқсанында Тәуелсіздік алған, сонау әлмисақтан бастап саралап, сын көзбен қарап шындықты айтуға мүмкіндік туғызған елміз” (Миштайұлы Т., Құдайбергенұлы Н., Ақайұлы А.) <ежелден-ақ еркіндікке, бостандыққа талпынып келе жатқан халқымыздың өз ойын еркін де ашық жеткізу мүмкіншілігі, барлық өткен-кеткен өміріне сын көзбен қарап, саралап барып, шынайы шындықты айту мүмкіншілігі тек 1991 ж. халқымыздың шынайы Тәуелсіздікке қолы жеткенде ғана туып отырғаны айтылған (қар. Қасиетті Қазығұрт... Алматы, 1996. 14-б.)>

* * *

* “Қазақ – ғасырлар бойы жердегі жүрісінен жаңылмаған халықтың бірі” (Сұлтанғали Садырбеков) <олай деудің себебін автор қазақ халқының табиғатқа және өмірге деген сергек көзқарасына байланысты деп біледі. Сондықтан да болу керек, бұл ойын: “Жасасын Күн, жасасын Ай, жасасын Қазақ халқы!” деп ұрандатып бітіріп, Күн, Ай, Қазақ үшеуін өзара тең, балама ұғым ретінде қарайды (Жаман қарға жыл құсы бола алмайды // Қазақ әдебиеті. 17 қыркүйек 2003)>

* * *

* “Қазақ – ғылым менен өнерді онша керек қылмайтын халық” (Ахмет Байтұрсынұлы) <“Дунияда теңге теңдік, кемге кемдік, азды көпке теңгеретін ғылым менен өнерді, елсізді елдіге теңгеретін, жоқты барға теңгеретін ғылым менен өнерді керек қылатын қазақ аз. Теңдікке қолы қалай жетсін? Қатерлі жерде қаперсіз отырдық. Өзімізге өкпелемесек, өзгеге өкпелер бет жоқ...” (Айқап. 1911. №2)>

* * *

* **“Қазақ – дана, шешен, философ халық”** (І. Ергалиев) < “...Қазақ халқы, қалыптасқан пікірлерге сүйенер болсақ, – дана халық, шешен халық, дүниенің, болмыстың, өмірдің қыр-сырын терең түсінген философ халық” – дейді автор (Ергалиев І. Е., Рысқалиев Т. Х. Қазақ философиясы: дегеніміз не? // Адам әлемі. 1999. №1)>

* * *

* **“Қазақ – даналықты сүйетін халық”** (Мұхтар Құл-Мұхаммед) <көшпелі қазақтардың табиғатына тән бір ерекшелігі – дүниетанымдық қабілеті мен зерделілігі. Сондықтан да болу керек дала философиясы қарапайым зат пен құбылыс туралы ой-пікірін көбіне-көп қарапайым түрінде емес, қайткен күнде де астарлап, бедерлеп, бейнелеп, нақыштап білдіруге тырысады. Ақыл-парасатқа жүгінеді, аталы сөзге тоқтайды, сөз құдіретіне бас иеді. Көшпелі халықтардың бірі – қазақтарға да, міне, осы қасиеттер тән. Қазақ ханды да, батырды да өзі бағалайтын халық. Бірақ тұлпар мініп, ту толғаған, ел-жұртын қорғаған батырдан да сөз бастаған ділмар-шешендер мен ел билеген дана билерді жоғары қойған. “Барақ жүнді батырды екі долы қатынның бірі табады, ел билеген дана биді мыңның бірі ғана табады” деп даналықты мадақтайды. Аталардан қалған гибратты сөзді рухани мирас етіп тапсыру салты да даналықты сүюдің бір айғағы болса керек>

* * *

* **“Қазақ – дарақы халық”** (Ел аузынан) <дарақылықтың бір түрі – парықсыздық, мақтаншақтық; дарақылық – өзін көрсету үшін, ел алдында атақ-даңқын қайткен күнде де бір шығарып қалуға тырысу. “Ой, пәленшенің тойын-ай, дүние ағыл-тегіл, неше жүз адам шақырыпты, бәріне сый-сыяпат беріп риза қылыпты” деген сөздер – сол дарақылықты мадақтау. Біреу өзінің суретші досына: “осы қазақ деген қандай халық?” деген сұрағына ол “жүген-құрық тимеген шу асаудың үстінде, жалаңаяқ, жалаңбас, қолында домбырасы бар, ес-ақылсыз беталды шауып бара жатқан адамның суретін көрсетіп тұрып, “қазағым, міне, осы!” деп жауап беріпті-мыс (Қазақ. 1991. №3). Бұл әңгіме де қазақтың дарақылығын көрсетіп тұр>

* * *

* **“Қазақ – дарақылық, даңғойлық, шенқұмарлық, мақтаншақтық, әуейілік, бойкүйездік сияқты күйдіргі дерттері бар халық”** (О. Сәпиев) <бұл тәртізді келеңсіз қылықтарды кез келген туыстас халықтардың бойынан да табуға болады. Ал, автордың барлығын жинақтап бар қазақтың басына үйіп-төгуіндегі мақсаты – осы кемістіктерді баса

көрсету арқылы осындай дерттен арылудың жолын іздестіру, ел-жұрттың оларға назарын аудару (Егемен Қазақстан. 25 қазан 1999)>

* * *

* **“Қазақ – дарқандығы даладай, аңғалдығы баладай халық”** (Мақал) <бұл қасиеттер де қазақтар бойынан табылатын және оларды өздерінен гөрі басқа халықтардың өкілдері көбірек айтатын, мойындайтын игі қасиеттер. Алайда, бұл пікірден қазақ болмысына тек осы қасиеттер ғана тән, оның бойында кемшілік-кемістік деген жоқ, жаман мінез, жағымсыз қылық байқалмайды деген ұғым тумаса керек. Демек, “дарқандық пен аңғалдық” қазақтардың аса күрделі табиғатының тек бір қыры ғана деген сөз>

* * *

* **“Қазақ – дарқандығы даладай, ән-күйге тербелген сері-сылқым, паң-кезбе халық еді”** (Айгүл Қанапияқызы) <автор 1932–1933 жылдардағы қазақ халқының қолдан жасалған ашаршылыққа ұшырап, тағдырдың тәлкегін, қу тірліктің тауқыметін көрген күйзелісін сөз ете келіп, оның өткен өмірін осылай суреттепті (Шер толғау // Егемен Қазақстан. 31 мамыр 1996)>

* * *

* **“Қазақ – “дау!” десе ұмтылатын, “дін” десе шалқаятын халық”** (Мағжан Жұмабаев) <ақын өзінің “Мәсжід-медіресе хақында” атты өлеңінде қазақ халқының дінге көзқарасын, оның дінге ден қойып, гибратын, парызын, уәжібін түсіне бермейтінін, көп жерінде мешітінің жоқтығын, дінге оның ықылассыздығын, ата-бабам мұсылман деп, дүрмекпен жүргендігін сын көзімен бағалай келіп айтқан пікірі бұл (Жұмабаев М. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1991. 31–32-бб.)>

* * *

* **“Қазақ – даукес халық”** (Ел аузынан) <бұл қазақтардың болмашы нәрседен ши шығарып, өзімен-өзі дауласып, айтысып-тартысып жүретін бір мінезін аңғартып тұрған сөз>

* * *

* **“Қазақ – даурықпа халық”** <қазақтардың кейде құр бекерге күйінетін, болмашы нәрсеге қызыл кеңірдек болып таласып, ұзақ даурығатын, біреудің бетіне айтып, айыптаудан гөрі, сыртынан сыбап, “үйтем де бүйтем!” деп лепіріп мақтанатын әдеті бар деген сөз>

* * *

* **“Қазақ дәстүрі тек ата-ананы ғана емес, жалпы адамды сыйлауға баулиды”** (Ғабиден Мұстафин) <қазақтың мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан ұлттық дәстүрі шын мәнінде нағыз тәрбие мектебінің алтын бесікті анасындай болып, әуелде әдет-ғұрып, ырым, тыйым сияқты әдеп үлгілері салт-сана ережелерін құрап, уақыты озған сайын ұлттық ұлағатты ғұмыр мен рухани мәдениеттің ауызбен айтып жеткізе алмайтын ғажайып бай қазынасын жасады. Сөйтіп, ұлттық мұрамыздың ұмытылмас әрі ұшан-теңіз тәрбиелік, тәжірибелік, тәртіптік жән-жосығы жасалып, қалпына түсті. Бұл сөзді жалпы халық өмірінің заңына айналдырды деп түсіндіреді автор С. Кенжеахметұлы (Егемен Қазақстан. 16 шілде 2003)>

* * *

* **“Қазақ” деген қандай халық екенімізді, тілімізді білмесеқ, салтымызды ұстамасақ басқа ел біздің қай қырымыздан танып біледі?** (Сейіт Кенжеахметұлы) <автор бүгінгі қазақ халқының жағдайын жан-жақты баяндай келе: “Азаттық алдық, Көк туымыз көтерілді, Ұлт мәселесіне бөгеу, бөгет жоқ. Жолымыз ашық. Тіліміз орысша, киіміміз еуропаша, құдамыз кәріс болса, “қазақпыз” деп қалай айта аламыз?” – деп – “осының басты бір себебі – қазақтардың өз тілінен жеріп, өз ата салт-дәстүрін ұмыта бастауында... “Досқа – күлкі, дұшпанға – таба болу” деген тап осы шығар!” – деп күйінеді (Егемен Қазақстан. 16 шілде 2003)>

* * *

* **“Қазақ деген қашаннан өз алдына ұлт болып, Еділден Ертіске, Оралдан Ауғанға дейін тұтас тұрған халық ...”** (“Қазақ” газеті) <шынында да, бұл қазақтар ұлан-ғайыр жерді мекендеп, басқа түркі халықтары сияқты бас-аяғы жинақы отырмаса да, әр кезде тұтас мемлекет (қағанат, хандық, империя) болып келмесе де, этностық, халықтық, демек саяси-географиялық, экономикалық, салт-дәстүр, мәдени, рухани, тіл тұтастығын сақтап келе жатқан және оны әрқашан да танытып келе жатқан халық дегенді аңғартады >

* * *

* **“Қазақ – Демосфен мен Цицерон туралы естімесе де, жаратқан ием соншама дарынды еткен, өркениеттен тысқары қалуы мүмкін емес халық”** (А. Янушкевич) <поляк халқының перзенті, кезінде Қазақстанға жер аударылып келген саяси қайраткер, жазушы-журналист, қазақ халқының ішкі-сыртқы жағдайын, тілін, салт-дәстүрін терең түсінген Янушкевичтің өзара дауласқан екі топтың айтыс-тартысына куә болып, шешендіктің шынайы шеберлерін тыңдап, жазу-сызуы болмаған

қарапайым халықтың мұншама гажайып талантына таңғалып жазған естелігінде осындай пікір бар (Дневники и письма из путешествия по казахским степям. Алматы, 1996. С.71)>

* * *

* “Қазақ — досымен достасып, жауымен жауласуға табанды, табысына да қуана білетін халық” (Жүсіпбек Аймауытов) <бұл мінез де қазақ халқының болмысына тән абзал қасиеттерінің бірі. Оларды қазақтардың өткендегі барша азаматтық тарихы арқылы, оның басынан кешірген жақсы сәттері мен қиын-қыстау кезеңдері арқылы толық дәлелдеуге болады. Бұл дос болғысы келген елге достық қолын ұсына қоятын, жау болу, жауласу ниетін білдірген елге “тұрысар жеріңді айт!” дей алатын мінезі бар, өз қуанышына ғана емес, өзгенің қуанышы мен табысына да қуана білетін абзал қасиетке ие мінезі де бар халық деген сөз>

* * *

* “Қазақ — досқа достай ағынан жарылатын, жауымен жауша алысып жауығуға жарайтын халық” (Қ. Шаңғытбаев) <Біз келеміз, күндей күлген Абаймыз, Азаттықты бар бақытқа балаймыз. Досқа достай ағымыздан жарылсақ, Жауға жауша қарап, жауығуға жараймыз” (Дала. 1999. №1)>

* * *

* “Қазақ — дүниені қасықтап жинап, шөміштеп шашатын ысырапшыл халық” (Ел аузынан) <“қазақ байлықты шашу үшін жинайды” деген сөздің мәні шынында да, дүниені тірнектеп жинаса да, реті келгенде (өлім-жітімде, той-томалақта, қуанышқа байланысты) алды-артына қарамай шашып, бір тыраштанып қалуға тырысатын әдеті бар демекші. Оның себебі бірнешеу: біреуі — қайткен күнде де өзі сияқты ағайын-туыс, ел-жұрт қатарынан кейін қалмау, мүмкін болса, мәрттігін асырып жіберу, әйтеуір кем түспеу. Бұл — бәсекелестік пен намысқа тырысу әрекеті; екінші себеп — халықтың табиғатына тән жомарттық қасиетіне байланысты. Бірақ жылдар бойы жинаған дүниені бір күнде шашуды қазақтардың өздері онша айыптамайды. Өйткені мұны олар етек-жеңін кең ұстап үйренген әдетінің бір жалғасы деп қарайды>

* * *

* “Қазақ — дінге самарқау халық” <бұл көптен бері зиялы қауым арасында қалыптасып қалған пікір. Ш. Уәлиханов та осы пікірді мақұлдайды. Оның себебі: 1) көшпелі халықтың өзіндік өмір салтына сай қалыптасқан дәстүріне байланысты; 2) ислам діні қазақ арасына табиғи түрде емес (Өзбек хан тарапынан) күштеп енгізілді; 3) халық санасында гасырлар

бойы қалыптасып, дәстүрге айналған Тәңірлік діннің игі әсері күшті болды; 4) патшалық Ресей ислам дінінің қазақ арасына кең тарауын қолдамады, қолдаса да өзінің отаршылық саясатын іске асыруды көздеді, оны да халық жақсы сезінді ...>

* * *

* **“Қазақ — діндар халық емес”** (Ғабит Мүсірепов) <“Қырықтан аспай қазақ ерней намаз дегенді білген емес, әйелдері көбінесе ері қайтыс болғаннан кейін өзінің де, өлген ерінің де күнәларын жеңілдету үшін намаз оқуды үйренеді. Онда да “айлығы” біржолата тоқтаған болса”... “Дуниежүзілік ғалымдар “ислам дінінің күш-қуаты Құранда” дейді. Тегінде дұрыс көзқарас. Бірақ қазақ Құранға, Құран қазаққа жақындаса алған емес. Бір болыс елде Құранның қарасын танитын жүз қазақ болар. Ал, Орынбор-Сібірге қарайтын екі жүз елу үш болыс Қазақ елінде Құранның мағынасын түсініп оқитын, әсіресе түсіндіре алатын бір қазақ жоқ ...” (Жат қолында. 1984. 208-б.)>

* * *

* **“Қазақ — ебелектей көшерін жел, қонарын сай біліп, қу медиен далада қаңғырып жүрген панасыз, күйсіз халық”** (Илияс Жансүгіров) <бұл жерде жазушының қазақты “ебелекке” теңеуі оның әлі күнге (20–30-жылдарға) дейін бір жерге тұрақтар жасай алмай, мал соңында көшіп-қонып, жөнді тұрмыс құра алмай келе жатқанын айыптап отырған сияқты. Машаруашылығымен шұғылданушы жұрт бұрын түгелдей көшпелі өмір кеше, күні кешеге дейін жартылай көшпелі болып келген және оның жай-күйі болмағаны рас (Туған әдебиет туралы ойлар. 266-б.)>

* * *

* **“Қазақ (оның бәрі емес, кейбіреулері) — “егемндік алдық — өштік” дейтін халық”** (Меруерт Әубәкірқызы. ХҚТУ, ТҚФ-612) <“егемндік алып, гасырлар бойы аңсаған арманымыз орындалды!..” деп даурыққан қазақтардың арасында “егемндік алдық — өштік!” деп айтатындары да табылады. Бұлар — гасырлар бойы ойыншыққа алданған сәби тәрізді, бүгінгімізді түсінбей кешегімізді аңсаған, ата-баба дәстүрінен қол үзіп, халықтық салт-санасын ұмытқан, мәңгүрттен бастаған, көзқамандыққа айналған ұрпақ өкілдері ...” — деп студент қызымыз өз көзқарасын білдіреді. Шынында да, өмірсүйгіш ел-жұрт алдына қарап, үміт-сеніммен гұмыр кешеді. Өткеннің жақсы өнегесін өркениетке алып барғанда гана адамзат қоғамында даму болады >

* * *

* “Қазақ — ежелгі түркілердің тек киелі мекені мен археологиялық ескерткіштерін ғана мұраға алып қалған жоқ, сонымен қатар ежелгі түркілерге тән тіл мен ділдің, дәстүрлі дүниетаным мен әдет-ғұрыптың, сөз өнері мен саз өнерінің, парасаттылық пен сабырлықтың көне үрдістерін сақтай білген халық...” (Ә. Нысанбаев) <бұл пікір қазақтың белгілі философ ғалымы, Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойына арнап шығарылған “Түркістан” атты энциклопедияның бас редакторы профессор Ә. Нысанбаевтың жариялаған мақаласында қазақ этносы туралы әлем түркітанушыларының бірауыздан түйіндеген ортақ тұжырымы ретінде ұсынылып отыр (Түркістан. 20—26 қыркүйек 2000)>

* * *

* “Қазақ — ежелден азаттыққа ұмтылып, ұлттық тәуелсіздік үшін ерлікпен күрескен халық” (Нұрсұлтан Назарбаев) <бұл тарихи шындық; оның айқын көрінісі ұлан-байтақ қазақ даласына жан-жағынан анта-лап, көз тіккен, басып алғысы келген алыс-жақын жауларымен гасыр-лар бойы алысып, өзінің тәуелсіздігі үшін күресіп, қан төгіп, ерен ерлік көрсетіп келген батыр бабаларымыздың арқасында ғана бүгін егемен ел, тәуелсіз мемлекет болып отырғанымыз (Есенберлин І. Көшпенділер. Алғы сөз. Алматы, 1-кітап. 5-б.)>

* * *

* “Қазақ — ежелден бостандыққа, азаттыққа құштар халық” (Қаб-деш Жұмаділов) <автор өзінің бұл пікірін тілшілердің “Біз қазір көппар-тиялы қоғамға айналып бара жатырмыз... демократия жөніндегі пікі-ріңіз қандай?” деген сауалына жауап ретінде келтіріп отыр.

Ол: “Қазаққа демократия жат емес. Демократия дегеннің өзі — азат-тық, бостандық дегенге жақын сөз ғой. Ал, қазақ — ежелден бостандыққа, азаттыққа құштар халық. Бізде дала демократиясы болды. Хан кеңесі, би-лер кеңесі дегендер қандай еді? Бұл қазіргі екі палата сияқты. Хан кеңесі — жоғарғы палата да, билер кеңесі — төменгі палата. Адамды өлім жазасына бұйыруды хан жеке өзі емес, хан кеңесіне жүгіне отырып шешкен.

Ал, Қасым хан тұсында өлім жазасын алып тастап, оның орнына құн төлеуді енгізген. Осының бәрі — дала демократиясы, қазақ демо-кратиясы. Сондықтан да біз демократияны жатсынған жоқпыз. Оның азды-көпті игілігін көріп те жатырмыз” дей келіп, жазушы: “Бірақ, ме-ні ойландыратын бір жағдай бар. Қазір көппартиялылықтан қорқа бас-тадым” — деп, оны қолдамайтынын ескертеді (Жас Алаш. 22 маусым 2004)>

* * *

* **“Қазақ – ежелден ойшыл, сезімтал, сыршыл халық”** (Ж. Молдабеков) <бұл қазақ болмысын терең түсінуден туындаған пікір. Шынында да, біз оның дұрыстығын ана тілімізде көркем де бейнелі сөз нақышымен өріліп, халықтың жадында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа рухани мұра болып ауысып келе жатқан ата-бабалар даналығынан, сыршыл да тұңғыш терең гибратты ойларынан айқын көреміз. Бұлардың бәрі – халықтың дүниетанымына тән ерекше қасиетті, өзін қоршаған табиғи, қоғамдық құбылыстардың сырына терең бойлап, сергек қабылдайтын сезімталдығын байқауға болады деген сөз>

* * *

* **“Қазақ – ежелден еркіндік аңсаған халық”** <Қазақстан егемендік алғанға дейінгі Қазақ Республикасының эңұранының алғашқы жолдары осылай басталатын. Бұл жолдарда қазақ халқы әлмисақтан бері аңсап келген еркіндіктің барша жақсылықтан қымбатты екені наш етіліп тұр. **“Еркіндік”** деген ұғым – халықтың маңдайына біткен ұлан-байтақ Жері, қасиетті Ана тілі, өзіндік салт-дәстүрі, мәдениеті бар **“Қазақ”** деген қалың жұрттың мәңгі бақи осы топырақта гұмыр кешуін тілейтін асыл арманы екенін аңғаруға болады ...>

* * *

* **“Қазақ – ежелден момын ұлт санатына жататын, оның үстіне басқыншылардың қол астында жасқаншақ болып қалған халық”** (Балташ Тұрсынбаев) <Ресейдің, одан соң ССРО империясының езгісінен есеңгіреп шыққан ұлттардан (соның бірі қазақтардан) айтарлықтай белсенділік күту де қиын. Мұны билік басындағы нысықайлар тез ұғып, Елбасына өтірік ақпар беріп, өз мүдделеріне пайдалана білді. Әрине, қазақтар демократиялық ел болса, биліктегілерге қиын соғар еді. Мұны түзейтін – оппозиция, ең алдымен зиялы қауым. Алайда олар қаңылтыр орден-медаль, “Халық жазушысы”, “Халық артисі”, т. б. атақ қуып, сыйлық үлесін берген көрінген шенеуніктің сойылын соғып, солардың қалтасында кетті” деп топышылайды автор және қазақтың бүгінде жасқаншақ болып өскенін айыптайды (Жас қазақ. 26 қаңтар – 1 ақпан 2001)>

* * *

* **“Қазақ – ежелден езілген ел”** (Ел аузынан) <Қазақ КСР-ның эңұраны: “Біз қазақ – ежелден еркіндік аңсаған” деп басталатын. Шынында да, Қазақ еліне қатысты “мың өліп, мың тірілген” деген сипаттама әбден орынды. Қазақ қазақ болғаннан бергі тарихына көз жіберетін болсақ, жеке мемлекет ретінде, дербес ел ретінде салтанат құрып, өркендеп тұрған кезеңдерінен гөрі шапқышылықпен, отаршылдыққа қарсы,

дербестік, азаттық үшін күреспен өткізген уақыттары әлдеқайда көп болғаны белгілі ...>

* * *

* “Қазақ – “егемендік”, “тәуелсіздік” деп ұрандатып жүрсе де, шын мәнінде оны сезіне алмай жүрген халық” (Жанар Қ., ХҚТУ, ТХФ-612 т.) <Олай дейтін себебін: “шешімін таппаған, көңілге кірбің ұялататын жайттар, ішкі де, сыртқы да жағдайлар баршылық. Қазақтың енжарлығы, жалқаулығы; сауатты бола тұрса да, көп нәрсенің байыбына бара бермеуі; “обломовщинаның” саны көбейіп, енжарлыққа, “вещизмге” салынуы, замана ағымынан қалып қоюы, т. т. – осының бәрі, бір жағынан, қол жеткен егемендік пен тәуелсіздіктің мәнін терең түсінбеуден, екінші жағынан, бойымызда сақталған көне әдеттердің тұрақтап, өзгермей қалуынан туындап отырған қасіреттер” ... деп түсіндіреді >

* * *

* “Қазақ – ез халық” (Шәкерім Құдайбердіұлы) <бұл пікірді ақынның “қазақтың бойындағы кем-кетігін түзетем” деген әрекетінен, ақыры түзете алмай, ашыну үстінде айтылған сөзі деп түсінген жөн. Қазақты автор осылайша “қайрат-жігерің аз, ілгері ұмтылу жоқ” деп айыптайды. Оның:

“Түзелер кезі жоқ,
Түзетер тезі жоқ,
Жер жүзі халқының

Қазақтан езі жоқ ...” деген пікірі де – Абай философиясымен астарласып жатқан, өз халқының тағдыры, болашағы үшін толғанысы, жанайқайы ...>

* * *

* “Қазақ – “екі қолға бір жұмыс” дегенді де, “есектің артын жуып, мал тап” дегенді де босқа айтпаған халық” (Сәнді Ақжігіт) <бұл қазақ халқының бұрынғы өткен замандардағы да, бүгінгі (XX–XXI ғғ. аралығында да) нарықтық экономика заманындағы әлеуметтік жағдайларына байланысты еңбек етіп, күн көрудің тетігін білудің қажеттігін аңғартып тұр. Демек, бұл кешегі қазақ та, бүгінгі қазақ та қандай жұмыс болмасын бәрін істей білу керек, соны істеуге ниет керек, ынта керек, ұлы Абайдың “Байлық та, кедейлік те – Құдайдан, бай болу, кедей болу – өзіңнен” деген сөзіне барып саятын ұғым >

* * *

* “Қазақ – ел болудың жолын көп іздеген дана халық” (Манаш Козыбаев) <автор: қазақтарды топты жарған шешен, көпті бастаған

көсем, қамал бұзар батыр, қайрат, қасиет жинаған халық болуды аңсаған қауым деп бағалайды. Ел болудың қамын ойлаған қазақ даналарының бірі ретінде Мұхтар Әуезов аталады. Ол: “Халқымыздың ұлы перзенті Мұхтар Омарханұлы – шалқайса тарих шыңы бар, еңкейсе иен елі бар қазақ халқының тағдыры туралы көп толғанған даналардың бірі”, – деп көрсетеді. “Мұхаң “ер – ел тарихының белі” деп бағалай келіп: “ол тірісінде бір танылады, өзі өткен соң кейінгі ұрпақ қадірін біліп, қасиетін таныған сайын тағы танылады. Әсіресе молайып, ұлғайып, барған сайын бар жаңалығы бадырая түсіп танылады. Бір кезде бел көрінсе келер ұрпақ тарихына: өз тұсында көрсетіп кеткен көмегімен, орнатып кеткен туымен, тастап кеткен үлгісімен, нұсқап кеткен бетімен енді бел ғана емес, биік тұрғы боп, асқар тау болып көрінеді”, деп Әуезовтің сөзін жандандырады.

Ел болудың жолындағы ерлердің мәнін айта келе, автор тағы Мұқаң айтқан: “Ер” дегенде ең алдымен бізге Отанын қорғаған сәтте жау шебін бұзып, қамал алған қайрат-жігер иесінің бейнесі оралады. “Арыстандай жүректі еді, жолбарыстай білекті еді”, – дейді халық. Ал шын мәнінде халық “ер”, “батыр” деген ұғымға көп мағына артқан. Халық жырларында батырлар туралы:

“Әділдікпен құрдас еді,
Ақиқатпен сырлас еді,
Жауыздықпен жаны қас,
Жәбірлімен мұңдас еді.
Өзі деген бір сөзін

Орындамай тынбас еді”, – деп айтылуы тегін болмаса керек” – деген деректерге сүйенеді (Жауды шаптым ту байлап. Алматы: Қазақстан, 1994. 59–60-бб.)>

* * *

* “Қазақ – елдік пен бірлік салтын сақтап, отбасына адал, аналық ұлы міндетіне сай, буындар арасында дәнекер болған әйел затының ұлылығын қастерлейтін халық” (О. Сәпиев) <“Қазақ қандай халық?” деген сауалға байланысты айтылған, айтылып жатқан және айтыла бермекші сан алуан жауапты бір-біріне қайшы екі топқа бөліп қарайтын болсақ, соның халыққа жағымды баға беретін тобына жататын бұл пікір, шынында да, оның бойындағы бар қасиеттерді атап тұрған сияқты. Әсіресе жалпы әйел затын, соның ішінде ана мен сүйген жарды ерекше қастерлейтін абзал қасиет қазақ салтына тән демекші (Егемен Қазақстан. 25 қыркүйек 1999)>

* * *

* “Қазақ – еліктегіш халық” (Досмұхамбет Кішібеков) <еліктегіштік – әрі жақсы, әрі жаман қасиет. Жақсыға, игі іске, өнегелі әрекетке

еліктеу — жақсы, өйткені бұл — білмегеніңді білуге талпыну, елдің жақсы өнегесін үйрену. Ал, жақсы-жаманды айыра білмей, бәріне бірдей еліктеу — бұл жаман әдет. “Қазақты еліктегіш халық” деп айыптағанда оның осы соңғы әдетінің басымдылығына байланысты айыптайды. “Көзсіз, санасыз еліктеудің әсерінен өзімдігін” жоғалтып, өзгенікін “өзімдікі” деп тануын айтады. Мәселен, Мәскеу теледидары шошқаның торайын телекейіпкер етіп сөйлетсе, қазақтар оған қозыны сөйлетіп еліктейді. Бұл да еліктеуден туындаған, басқаша жол табуға барғысы келмегендіктің салдарынан пайда болған жаңалық. Бірақ жаңа дүние емес.

Бұл пікірдің дәлелі ретінде автор бірер деректер келтіреді: “орыс халқымен тығыз байланысу нәтижесінде қазақтар орыстардың есімін қабылдай бастады. Мәселен, аты Балтабай болса, “Бориспін”, Сұлтан болса, “Сергеймін” деп атады. Қазақ қыздары арасында жаздыгүні етегі жуан санынан төмен түспейтін, омырауы екі алмасына дейін ашық, тіпті қолтығы да жалаңаш ішкөйлек сияқты көйлекпен көшеде, автобустарда жүру, мекемелерге бару, темекі тарту, т. т. күнделікті өмір салтына айналды. Қыздар ішінде өз тәнін ғана емес, болашағын да сататындарға ешкім таңғалмайды. Мұндайларды Батыста “сексуалды төңкеріс” деп атаған-ды. Міне, бұлардың бәрі — қазақ менталитетіне жат, бірақ бүгінгі қауым дәстүріне еліктеуден туған құбылыстар (Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. Алматы: Ғылым, 1994. 98-б.)>

* * *

* “Қазақ — елін де, жұртын да, өткенін де ұмытқан халық” (Байұзақ Қожабекұлы) < автор: “қазақ халқы жалғыз адасып жүрген жоқ, ол өзге халықтармен бірге адасып, өткенін бірге ұмытып жүр” дей келе, қазақтардың ұлы перзенті — Мұхаммед Хайдар Дулатимен, оның артында қалдырған мұрасы “Тарих-и-Рашидимен” бес ғасыр араға салып, қайта қауышуын сөз етеді. Бұл — осындай ұлағатты ұлын, оның ұлы мұрасын осы уақытқа дейін білсе де, бірақ іздеп таппай келген, тапса да “өз дүнием” деп танымай келген ұрпағына айтқан базына-өкпесіне ұқсас сөз (Мұхаммед Хайдар Дулати. Алматы: Атамек, 2000. 5-б.)>

* * *

* “Қазақ — елдік деген қасиеттің бір мысқалы бұйырмаған халық” (Әбділда Тәжсібаев) < “Қазақ десек, тиеді бәрімізге, Қызарамыз жасасымыз, кәріміз де. Елдік деген қасиеттің бір мысқалы, Бұйырмалты-ау ағайын, әлі бізге” деп жырлайды ақын (Таңдамалы өсиет термелер. Шымкент, 1995. 92-б.)>

* * *

* “Қазақ — еліктеу мен солықтаудан алдына жан салмайтын халық” (Өмірзақ Айтбаев) < “Бұл да құдай берген қасиет шығар ... Алайда

екеуінің де жөнді-жөнсізі бар емес пе? Неге ұмтылса, соны игеріп алатын қазақтың қабілеті көбінесе дұрыс, бірақ жөнді арнаға түспей адасады да жатады. Таңдауда да талғам керектігі, жаңаны қабылдаумен бірге, гасырлар өлемінде тәжірибемен шыңдалған өз мұраңның қажеттігі ұмыт бола беретініне қайран қаласың? ...” (Егемен Қазақстан. 29 мамыр 1999) >

* * *

* “Қазақ — елдің елдігіне, кемеңгерлік кеңдігіне сөз арқылы жеткен халық” (К. Еламанов) <бұл ойын ол былайша таратады: “Ойға қонымды сұлу да көркем, нақышты да нұсқалы сөздердің иелері — шешен билер болған. Билер айтатын сөз бен шешімдердің барлығы да халық мүддесін іске асыруға бағытталған. Би болу әлеуметтік күй-жайына, дәулетіне байланысты болмаған. Би атану өзінен-өзі келмеген. Би атағына үздік шыға шапқан шешен, қара қылды қақ жарып, әділдік атаулыны алға тартқан адамдар ғана көтерілген. Бір сөзбен айтқанда, алдын болжай алатын, сөз құдіретінің қадірін түсірмейтін, ақыл-парасаты жоғары, ұшқыр ойлы, сөйлеген сайын толып отыратын білімдар шешен, дарын иелері ғана билер дәрежесіне көтерілген” (Шаңырақ пен пырақ. Алматы, 1999. 23—24-бб.). Басқаша айтқанда бұл: “Қазақ — елдің елдігін сөз арқылы танып, сөз арқылы таныта білген халық” дегенге саяды >

* * *

* “Қазақ — енжар халық” <бұл ел арасында айтыла беретін сөз және шынында да, халық бойында бар мінездің бірі — енжарлық екені рас сияқты. Ал, “енжар” сөзінің мәні мен мағынасы сөздікте — “селсоқ, көңілсіз, немқұрайды, ықылассыз, сүлесоқ” (ҚТС. Алматы, 1999. 174-б.) Енжарлықтың мәнін ширатып, толығырақ айтсақ, ол — қоғамдық-әлеуметтік өміріміздегі бетіне қаны шығып, айғайлап тұратын жанды да жауапты мәселелерге “күл болмасаң, бұл бол” деп немқұрайды қарайтын, дүниені өрт шалып, күйіп жатса да, “өз үйім аман!” деп, шетте тұрып қызықтайтын, өз мүддесін қоғам, халық мүддесінен жоғары санайтын, көшеде біреуді тапа-тал түсте біреулер шешіндіріп сабап жатса, “арашаға түсуді” былай қойғанда, тіпті “оу, бұл бейбақтың не жазығы бар әді?” деп сұрауға жарамай, “ой, пәледен аулақ!” деп, көрсе де көрмегенге ұқсап, теріс айналып кете баратын тоғышар жандар; бүгінгі қарнының тоғына риза болып, ертең не болатынын ойламайтын, елдің дертіне, жердің өртіне мән бермей, өзімен-өзі ғана болып, томаға-тұйық жүретін тірі жүрген жансыздар, басқа үшін соқпайтын жүрегі бар, басқаны көрмейтін көзі бар, айта берсеңіз, адамға тән мүшесінің бәрі түгел, бірақ азаматтық биік тұғыры мен парасаттылығы жоқ малғұндар.

Сондықтан да болар, халық даналығында:

Жауыңнан қорықпа — азар болса, өлтірер,

Досыңнан қорықпа — азар болса, сатып кетер,

Қорықсаң, енжардан қорық... (Бұл — өте ауыр сөз, қауіпті адамды меңзеп тұр. Ол сенің жаныңда жүр...).

* * *

* **“Қазақ — енжар халық”** (Қожабеков Б.) *<айтқан жерде сөзі, атқан жерде оғы қалатын әдет — ата-бабамызға тән енжарлық. Енжарлықтың бір көрінісі — ұйқысы қанбаушылық, бейқам өмір сүру, “қарынның тоқтығы мен көйлектің көктігіне” манаурап, тыныш өмір кешуді негізгі мақсаты деп санау. Енжарлықтың бұл түрін біреулер қазақтардың қой етін көп жейтіндігінен деп түсіндіреді (Ақиқат. 1990. №2)>*

* * *

* **“Қазақ — еншісі бөлінбеген халық”** *<ел аузында жиі қолданылатын бұл сөздің мәні өте терең. Кешегі қазақтардың шығу тегі әр алуан, этностық құрамы қырық ру болса да, өздерін біртұтас ел, бір қауым, бір халық деп сезінген және солай деп сенген. “Қазақты еншісі бөлінбеген халық” деп санау — оның тұтастығын, іштей бөлініп, өзара дербес ел, жат жұрт бола қоймағандығын айтады. Қазақ салт-дәстүрінде ер-азаматтың ержетіп, атадан қалған еншісін (дүние-мүліктің өзіне тиесілі үлесін) алып, өз алдына отау тігіп, қара шаңырақтан бөлініп шығуы дербес (өз бетінше) тіршілік етуі деген сөз. Оның мал-жаны, қазан-ошағы, күтіп алар қонағы, ойын-тамашасы да ата құзырынан тыс болған. “Енші бөлісу”, “енші алып шығу” — жалпы қазақ тұрғысынан алып қарағанда мүлдем басқа қырынан көрінетін байырғы дәстүр. Қазақ қазақ болғаннан бері бірінен-бірі енші алып, бөлінген, іргесін алыс ұстаған халық емес. Қара шаңырақ иесі, сүйек жалғасы — кенже ұлына берілген. Оның бір айқын айғағы — қазақтың қонақжайлылық салты. Өмірінің көбісін ат үстінде өткізетін біздің бұрынғы ата-бабаларымыз үйден шыққанда жүрек жалғау үшін алты малта құрттан басқа тамақ алып жүрмеген. Ел аралаған саяхатшы, сапарға шыққан жолаушы, мал іздеген жоқшы, сауық-сайран құрған сері-сал, ақын-жыраулар, аңшы саяткерлер, т. б. — ертеде қонар үй, жатар төсек, ішер ас деп қам жемеген. Өйткені “еншісі бөлінбеген қазақ” салтында бұлардың бәрі кез келген қазақтың үйіне айтқызбай орындайтын міндеті болып саналған. Бұл салтты олар “құдайы қонақ” деп өйтіп-бүйтіп емес, қонақты қалай болса солай емес, аса бір үлкен ілтипатпен, ашық-жарқын мінезбен, сақи-жомарттық пиғылмен, міндетті түрде мал сойып, зор құрметпен күтіп алып орындауға бейім болған. Оны істемегендер ел алдында айыпталып отыран. Бұл салт-дәстүр жазылмаған заң ретінде тек қазақ сахарасында ғана сақталған ұлттық ерекшеліктерге (менталитетке) жатады.*

Бұл әдетті, ел аузындағы аңыз-әңгімелерде былай түсіндіреді: “Қартайған шағында Алаша хан үш ұлын шақырып алып, бар мүлкін еншілеп

беруді ұйғарады. Бірақ бөлінген енші үшеу емес, төртеу болады. Сонда Алаша хан: “мынау төртінші енші – бөлінбейтін, сендерге ортақ енші. Бір-біріңе қонақ болып бара қалғанда, не үйлеріңе біреу қонақ болып келе қалғанда жарататын ортақ меншіктерің” депті-міс... “Еншісі бөлінбеген қазақ” деген сөз содан қалған болса керек >

* * *

* “Қазақ – ең алдымен Россияға тәуелді халық” (Міржақып Дулатов) <М. Дулатов өз дәуіріндегі қазақтардың Ресей құрамында ешқандай правосының жоқтығын, халықтан жиналатын салық қаражатының сол халықтың өз мүддесіне жаратылмайтынын, қазақтың суы мен шұрайлы жерлерін үкіметтің мұжықтарға таратып әпергендігін, т. б. осы тәртізді фактілерді ыза-кекпен баяндап, тәуелділіктің қазақ халқының басына келген қасірет екенін сипаттайды >

* * *

* “Қазақ – еңбекшіл де ер халық” (Асылы Османова) <ол қазақ халқының бір ерекшелігіне еңбекқорлығын жатқызады. Еңбекқорлығы ерлігімен парпар дегенді аңғартады >

* * *

* “Қазақ – ер мінезді, бірбеткей халық” (Мөлдір Сапарбаева. ХҚТУ, ТҚФ-12) <студент қазақтың бұл мінезін оның ұлттық қасиеттерінің бірі деп қарайды >

* * *

* “Қазақ – ерен тамырлы, сан тармақты ел” (Қ. Назарбаев) <“қазақтың ежелгі тарихи сілемдері бар: аталар, жұрттары, рулары, елдері, жүздері, ұлыстары бір-бірімен терең тамырласып, мәуелі бір ағаштың бұтақтарына айналып, “Қазақ” ұлтын құрайды...” деп көрсетеді (Бәйдібек баба – Алып Бәйтерек ұрпақтар шежіресі. Алматы: Өнер, 2000. 7-б.) >

* * *

* “Қазақ – еріншек, кержалқау, жерде алтын жатса да еңкейіп алуға ерінетін халық” (Ег аузынан) <қазақты мақтап-мадақтайтын, ел аузында, жұрт көңілінде жүрген сөздер аз емес. Солай бола тұрса да, оның бойына тән еріншектік, жалқаулығын, керенау-кердең мінезін жоққа шығаруға болмайтын сияқты. Қазақтар шектен шыққан еріншек, жалқау болмаса да, көп тіршілікке оның бойкүйездігі, кертартпалығы, жайбасарлығы байқалып тұратынын айыптап тұрған пікір бұ. >

* * *

* “Қазақ – (кезінде) есігін ілмеген, ұрлықты білмеген халық” <бұл шындыққа жанасатын пікір. Көшпелі өмір салты бойынша қазіргідей үйін қос-қос есік, не темір есікпен жауып, сыртынан темір қоршау салдырып, құлыппен бекітіп көрмеген халықтардың бірі – қазақтар. Өмір бойы киіз үйде тұрып келген кешегі біздің ата-бабаларымыз киіз есігін түсіріп, егер болса, ағаш есігіне құлып салмай жауып, болмаса, ішінен “иткірмес”, не “ергенек” деп аталатын ағаш (биіктігі 0,5, ұзындығы 1 м) шарбақты кіре беріске бос қоя салып, алаңсыз жүре беретін болған. Мұның себебі: қазақ жұрты ертеде ірі қара мал ұрлығы, не барымта, қарымта, сырымта сияқты әдеттері болмаса, ұсақ-түйек ұрлық-қарлыққа бара қоймаған. Бүгінде жағдай мүлдем басқаша және оның себептері де, әрине, әр алуан...>

* * *

* “Қазақ – ескіден қалмай келе жатқан жершілдік, рушылдық ауруына шалдыққан халық” (Дүкенбай Досжан) <жазушы бұл пікірін Дешті Қыпшақтың соңғы тұғыры саналатын Тоқтамыс хан мен Әмір Темірдің шайқасына, атап айтқанда, кезінде қан-жоса болып шайқасқан маң даланың осы қос шерісінің бірі жеңіп, бірінің қалуына қазақ, т. б. Жошы ұрпақтарының іштей бөлініп, алтыбақан алауыз болуы себебіне байланысты айтты отыр (Екі дүние есігі. Алматы, 1998)>

* * *

* “Қазақ – етек-жеңі кең халық” (Ел аузынан) <табиғатына тән қасиеттер: көңілі түссе, қолдан келген жақсылығын аямайтын, “жақсылық қылсаң, түгел қыл” деген дәстүрге берік, “өзім” деген өзге адамның өзегінен теппейтін, пенде болып келген адамға өктемдігін көрсетуді қаламайтын, қиын-қыстау күн туған адаммен бір жапырақ нанын бөліп жеуге дайын тұратын, жаны жайсаң, көңілі дарқан халық демекші>

* * *

* “Қазақ – етті қолмен жеп, сорпаны кесемен ішіп отырса да, қасық сұрайды” <бұл сөзде “қазақ қарапайым болмысына қарамай, кейде керігетін, кесірленетін әдеті” деп кемсіту, кекету бар...>

* * *

* “Қазақ – Еуропамен Азияға қосатын қақпа мен кілт іспетті ел болса, Ресей қазаққа Батыс Еуропамен байланыстырған көпір болды” (Манаш Қозыбаев) <автордың пікірі бойынша, соның арқасында “Халқымыз Еуропаның мәдениетімен сусындауға мүмкіншілік алды. Қазақ даласына ағартушылар ұрпағы, одан қалды еуропалық сарындағы реформаторлар ұрпағының келуі осының бірден-бір дәлелі. Орыс шаруалары, қолөнершілері жерімізді шаруашылық жағынан меңгере бастады: егіс екті, балық

аулады, рудниктер ашты, зиялы қауым оның қойнын тіміскілеп, зерттей бастады. Қазақ халқы мен орыс халқының, көшпенді мен отырықшының тәжірибе алмасуы күшейді... Отаршыл әкімшілік отар елінің өкілдерінен кадр даярлауға мәжбүр болды..." (Жауды шаптым ту байлап. Алматы: Қазақстан, 1994. 19-б.)>

* * *

* **“Қазақ — ешбір болашағы жоқ, алға басушылығы көрінбейтін, сөйтіп бара-бара өзінен-өзі жоқ болатын халық”** (Ғазымбек Ахмет) <бұл — автордың ескі патша өкіметі кезіндегі қазақ халқының болашағының жоқтығын көрсету үшін айтқан кері пікірі, осыны айта келе ол: “Құрып кететін емес, өсетін, өркендейтін халық екенімізді дәлелдеуіміз керек” дейтін қарсы пікір айтқан (Қожакеев Т. Сара сөздің сардарлары. Алматы, 1995. 13-б.)>

* * *

* **“Қазақ — ешбір бөтен жанды жатырқамайтын мінезі бар халық”** (Досмұхамбет Кішібеков) <автор бұл пікірін қазақтың қонақжайлылық қасиетімен, үйіне келген құдайы қонағын бай-кедейлігіне, таныс, не таныс еместігіне, келуінің ерте-кештігіне қарамай, жылы жүзбен қабылдайтын, қонақ қылып, алдына барын тосып (ертөректе міндетті түрде мал сойып), сый-сыяпатын көрсететін салт-дәстүрі арқылы түсіндіреді. Бұл әдет ауылды жерлерде әлі де кездеседі (Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. Алматы: Ғылым, 1999. 85-б.)>

* * *

* **“Қазақ — ешбір елден кем емес халық”** (Әкім Тарази) <“Қазақтай адам сыйлай білетін, қазақтай ата-ана сыйлай білетін, қазақтай бала сүйе білетін, қазақтай көнбіс, қазақтай асау халық жер бетінде кем-де-кем. Қазақтың жүрегін айтсаңшы. Аңқаулығын айтсаңшы...” — дейді жазушы (Парасат. 2003. №9)>

* * *

* **“Қазақ — ешкімнен артық емес, бірақ ешкімнен кем де емес халық”** (Жақсыбай Самрат) <автор өзінің “Ерді намыс өлтіреді” деген мақаласында: “халқымыздың ар-намысын сақтауды, туын жықпауды, барлық жерде, әсіресе бүгінде егеменді болып отырған еліміздің беделін биік ұстауды талап етеді. Осыған орай ол: “қазақты (руды емес) көтеру принципін ұстану керек. Қазақ ешкімнен артық емес, бірақ ешкімнен кем де емес. Ұлттық намысты жасытпай, үнемі жанып отыру қажет. Ұлттық намыс болмаса, біз ел бола алмаймыз. Намысымыз болмаса, ит те, құс та иығымызға шығып кетеді. Ерлік пен елдікке, өнер мен білімге, іскерлік пен ісмерлікке адамның жанын тек қана намыс қайрайды. Бауыржанды

“Бауыржан” еткен тек қана намыс екенін ұмытпайық...” деп түйеді сөзін (Азат. 15 қазан 2003) >

* * *

* “Қазақ – еш уақытта да, ешкімге де өзі соқтықпаған, ол басқа елге бас имеген халық” (Асылы Османова) <шынында да, қазақ халқының ұзақ тарихы осыны көрсетеді: қазақ қазақ болғалы өзін қоршаған Ресей, Қытай сияқты ұлы державаларға да, қырғыз, өзбек, ұйғыр, башқұрт, түркімен, тәжік, қалмақ сияқты кіші-гірім көршілес мемлекеттерге де өз тұсынан көз алартып, өктемдік жасап, соғыс жариялап көрмеген екен. Ол сондай-ақ сол Қытайға да, Ресейге де басы бүтін тәуелді, бағынышты болып көрмеген. Ресейдің отары болса да “құлақкесті құлына” айнала қоймай, өмір бақи өз теңдігі, еркіндігі үшін күресіп келеді. Мәселе осы туралы болып отыр >

* * *

* “Қазақ – жабайы жылқыдай тарпаң халық” (Шерхан Мұртаза) <бұл сөзде де шындық бар. Ғасырлар бойы сайын даланы мекендеп, көшпелі өмір кешірген, соған қарай тарпаң, жабайы жылқының мінезіндей мінез қалыптастырып, ерке-бұлан ел болып өсіп-өнген қазақтың бойында бүгінде осы мінездің бірер көрінісі әлі де сақталып келе жатыр. Тарпаңдықты жалына қол, мойнына құрық тимеген даланың жабайы жылқысына тән асаулық десек, кейде, кейбір қазақ мінезінде де осыған ұқсас мінезді, анау-мынау сөзге, уәжге көнбей, ту асаудай, ер-тоқымын бауырына алып мөңкіп, тулайтын әдетін кездестіреміз >

* * *

* “Қазақ – жады мықты халық” (Газет беттерінен) <шынында да, қазақ айтылған сөзді, әсіресе өлең-жыр сөздерін естіген сәтте қағып алып, қайталап айта беретін, бір жаттап алған өлең-жырларын қанша ұзақ болса да, көпке дейін ұмытпай айтып жүретін, келесі ұрпаққа айтып жеткізіп отыратын ерекшелігі бар халық. Бұл оның сана-сезімінің сергек, жадының мықтылығын көрсетсе керек. Бұл халықтың өркеніеті мен өмір-тіршілігіне (сар дала, салқын ауа, ат үсті, қымыз, қазы-қарта, ойын-тамаша, т. т.), сөзқұмар, ақынжанды, құймақұлақ, т. б. қасиеттеріне байланысты қалыптасқан ерекшелік болса керек. Атадан ұрпаққа ауысып отырған ақындық қасиет, жалпы қазақ жадының басқа елден ерекше болып қалыптасуына игілікті әсерін тигізген салт-дәстүр, оның рухани ұйымтқысы болып саналады. Еуропа елдері бұл жөніндегі алып тұлға ретінде Гомерді атайды. Қазақ халқы жадында 1 миллион өлең жолын сақтап, жатқа айта білген жыр алыбы Жамбылды атап келеді. Демек, ақындық өнері ақындық жадына байланысты болса, халық жады-

ның мықты болуы оның ақынжанды, шетінен ақын болуына байланысты деуге болады >

* * *

* **“Қазақ – жазба тарихы жоқ ел”** (Құдайберген Жұбанов) <бұл арада автор қазақта жазу-сызудың кенжелеп дамуының салдарынан хатқа басылып, қағазға түскен көне де төл тарихының сақталмағандығын аңғартып тұр. Дәл бүгінгі талапқа сай болмаса да, қазақтардың этностық, мәдени, қоғамдық тарихына қатысты жазба деректердің, қағазға (араб жазуымен) түскен шежірелердің болғанын жоққа шығаруға болмайды. Қазақ халқының ресми жазба тарихы (қытай, т. б. тілдерде сақталған құнды жазба деректерді айтпағанда) негізінен ХХ ғасырдан әлдеқайда бұрын дүниеге келе бастағаны мәлім (Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1999. 274-б.)>

* * *

* **“Қазақ – жазба тарихы жоқ ел. Қазақтың мәдениет тарихы да жазылмаған”** (Құдайберген Жұбанов) <автор өзінің бұл пікірін қазақ күйлерінің шығу тарихына бағышталған зерттеуінде айтқан. Қазақтардың жазба тарихы, мәдени тарихы болмағандықтан, “күйлердің қалай шығуы, қалай пайда болуы, қалай дамуы жайында тарихтың жазып қалдырған деректері жоқ. Бұл жағдай күйдің тарихын зерттеуді қиындатады...” деп, осы олқылықтарды толықтырудың жолдарын, нақтылы ұсыныстарын атап көрсетеді (Шығармалар мен естеліктер. Алматы: Өнер, 1990. 10-б.)>

* * *

* **“Қазақ – жайшылықта тәубешіл, жаугершілікте тәуекелшіл, зерделі де ойшыл, сабырлы да төзімді, шыдамды да жомарт, елгезек те еліктегіш, кеңпейіл де кішіпейіл, ерегескенмен ерегесетін, доспен дос бола алатын, өділдікті бағалай білетін халық”** (Бизақов С.) <бұл сөздердің мән-мағынасы әр жерде қарастырылды >

* * *

* **“Қазақ – “жақсылық та, жамандық та – бір Алладан деп” Құдайға сенген халық”** (Бергелдиева Индира, ХҚТУ, ТҚФ-612) <студенттің пікірі бойынша: “басқа түркі халықтарымен салыстырғанда діншілдігіміз онша емес. Солай бола тұрса да, олардың Құдайға сенуі күшті. Өз тағдырының тікелей Құдайға байланысты екеніне бәрі бірдей барша көңілмен сенбесе де, жатса да, тұрса да Құдайды аузынан тастамай, оған сиынушылар ел арасында баршылық, әсіресе бұл пиғыл еліміз егемендік алғаннан кейін күшейе түсуде. Алайда, бүгінге дейін тәрбиесі басқаша болған, әсіресе қалада өскен жастар бірден ислам дінінің мәніне терең түсіне ал-

май, бастары қаңғырып, елімізде әртүрлі дінді уағыздап, үгіттеп, насихаттап жүргендердің ықпалына түсе бастады. Бұл — өте қауіпті құбылыс. Өйткені дін арқылы ұлтты көтеріп, өркендетуге де, не дін арқылы ұлтты жоқ етуге де болады”>

* * *

* “Қазақ — жақсы-жаман қасиеті аралас халық” (Сартқожа Қаржаубай) <“Жақсылығымыз бен жамандығымыз, ерлігіміз бен есерлігіміз, еңбекқорлығымыз бен парықсыздығымыз, сезімталдығымыз бен мәрттігіміз, бірлігіміз бен алауыздығымыз бір басымыздан асып төгілетіндей...” деп білдіреді өз ойын автор (Қазақ. 1991. №3)>

* * *

* “Қазақ — жалаңаяқ, жалаңбас, жеңдері киюсіз, етектері жиюсіз, ашылып-шашылып қамсыз жатқан халық” (Ахмет Байтұрсынұлы) <қазақ халқының бейқамдығын, көп жағдайда қамсыз-қарекетсіз, дүние-мүлкін ашық-шашық тастап, қалай болса солай киініп жүре беретін бұл әдетін жоққа шығаруға болмайтын сияқты. Оның түп-тамырын, себеп-салдарын қызықтап өткен өміріндегі тірлік-тіршілігіне, өмір салтына, табиғи жағдайына және жайбарақат, жаймашуақ табиғи болмысына байланысты деп қараған жөн. Кешегі қазақтар уақыт (жыл, ай, апта, тәулік) мезгілін, табиғат құбылыстарын, мал жағдайын, дос-дұшпан әдетін ешбір құрал-жабдықысыз-ақ өз түйсігі, өз тәжірибесі арқылы-ақ жақсы білген, алдын ала болжай алған. Бірақ бейқамдық қасиетін, асықпау-саспау, жайбасарлық қасиетін күні бүгінге дейін бойында сақтауда (Егемен Қазақстан. 16 наурыз 2000)>

* * *

* “Қазақ — жалқау, еріншек халық” (Ғабит Мүсірепов) <жалқау халыққа діннің, әсіресе, намаздың берер пайдасы аз болған жоқ. Күнінде бес рет иіліп-бүгіліп, еңкейіп-шалқайып жығылып-құлау, бес рет жуыну, әйелімен жақындасқаннан кейін бір қасық сумен болса да жуыну, тамақтың алдында, одан соң қолды, ауызды шаю, бір адым болса да жүру — осының бәрі жалқау қазекеңе дін арқылы сіңіп, әдетке айналған (Жат қолында. 209-б.)>

* * *

* “Қазақ — жалқау”, “қазақ жастары азғындап барады” деп төбеге ұрғандай етіп, (қазақты) тұқырта берудің қисыны жоқ” (Дүкенбай Досжан) <автор қазаққа таңылып жүрген бұл кемістіктердің себептерінің де бар екенін дәлелдегісі келеді. Ол, мысалы, “жастарымыздың жаманшылыққа үйір бола беретіні — жұмысының жоқтығы, қолының

қысқалығы, ақылышының жоқтығы”... “Ал, жаманшылыққа бір ілігіп кеткен соң, бойын жиып кетерлік қайрат қазақта кем болады” деп түсіндіреді (Жас Алаш. 16 желтоқсан 2000)>

* * *

* “Қазақ – жалқау халық” (М. Жолдасбеков) <қазақты оңдырмай жүрген – жалқаулық. Кең дала, тұяғынан жайылған мал қазақты самарқау қылған. Қолы бірдеңеге тиіп кетсе, “Айды аспанға шығардым” деп күпсінеді. Бұл пікір тағы бір бұлақта қайталанып, қазақтың жалқаулығы оның “даяр асқа – тік қасық” болуға бейім табиғи психологиясына, мал бағудан басқа кәсіп қолынан келмейтініне байланысты деп түсіндіріледі (Ана тілі. 18 қыркүйек 1997)>

* * *

* “Қазақ – жалпақшешей халық” (Ел аузынан) <бұл – ұлттық намысын ойламай, кез келген нәрсеге көніп, келісе беру, өзгеріске, ықпалға бейімді, көнбістік қасиет. “Жалпақшешейлік” – “ел айтса болды, жұрт айтса көнді”, “сенікі де дұрыс, оныкі де дұрыс”, “Мақұл-мақұл!”, “Жарайды, жарайды!”, “Құп болады!” деумен өмір сүру. Бұл халық үшін жақсы мінез емес. Жалтақтық, жағымпаздық, жарамсақтық, т. б. осы сияқты әдеттердің бәрі “жалпақшешейлікке” жататын жаман қасиет. Өзін құрметтеге білу де қажет деп санайды халық >

* * *

* “Қазақ – жалтақ халық” <қазақтың жалтақтығы екі түрлі себепке байланысты: оның біреуі – жалпы халықтың момындығынан емес, оның табиғатына тән ізеттілік қасиетінен, үлкенді, атақ-лауазымды, мансап иесін сыйлап өскен тәрбиесінен, үлкендердің алдында именіп, қымсынып, әдептілік, инабаттылық көрсетіп тұруға жастайынан үйренуінен (Түркістан. 26 қаңтар 1996) болса, екіншісі – қазақ халқының өзін-өзі билегеннен гөрі бодандықта өткізген тарихи өмірі көбірек болуына байланысты. Бірде жеңіп, бірде жеңіліп, бірде жоңғар, қалмақ шапқыншылығына, бірде Ресей отаршылдығына, бірде Қоқан, Хиуа тепкісіне, енді бірде өзара ішкі ру-тайпалық кикілжіңге тап болып, өмір бойы аумалы-төкпелі заманды басынан кешіріп келе жатқан халықтың мінез-құлқында қалыптасқан ерекшелікке де байланысты болса керек >

* * *

* “Қазақ – жалт етіп жанып, елең етіп оянып, тез сөнетін, тез суитын, тез қайтатын халық” (Ел аузынан) <бұл – қазақтардың жан дүниесіне (психикасына) тән ұлттық қасиеттерінің бірі. Бұл қасиетті таратып-тарқатып айту қажет болса қазақ қауымының басынан кешірген көпте-

ген іс-әрекеті мен тіршілік-тірлігін зерделей түсіп, баға беруге тура келеді. “Жалт етіп жану, елең етіп оянуына ...” байланысты көптеген игілікті бастамаларды, аяқталмай қалған істерді, халық санасының бірден оянып, құлшына кіріскен, бірақ бірден сиырқұйымшақтана бастаған игілікті істердің қатарына, мәселен, ана тіліміздің тағдыры туралы әрекеттерді жатқызуға болады. Ана тіліміздің мүшкіл халін айтып, зиялы қауым жар салғанда, санасы селт етіп оянған халық аз уақыттың ішінде-ақ біраз дүниені тындырып та тастаған еді. Бірақ қазақ мінезіне тән сол сезім тез суынды. Мұндай мысалдар көп-ақ ... >

* * *

* “Қазақ — жаны жайсаң, көңілі дарқан халық” (Ел аузынан) <қазақты “жаны дарқан халық” деп сипаттағанда, оның жандүниесін, әдетте, қазақтың ұшы-қиыры жоқ, кең де сайын даласымен салыстыру бар. Шынында да, “жаны дарқандық” әдетте айтылатын “ақкөңіл”, “ақжарқын”, “ақпейіл” деген сипаттаулардан мәні әлдеқайда кең, мазмұны терең ұғым. Бұл — қазақ табиғатында бар өмір салтына жататын игі-жақсы қасиеттерінің бірі. Бұл ұғымның ауқымына жомарттық, кеңпейілділік, бауырмалдық, қамқоршылдық, т. б. түсініктер де енеді >

* * *

* “Қазақ — жарты әлемді жалпағынан жайлап жатқан халық” (К. Шаңғытбаев) <қазақ — саны аз болса да, ұлан-ғайыр мол жерге ие, ол басқаның емес, көз тіккен көп жаудан ата-бабаларының сақтап қалған өз жерінде еркін жасап келе жатқан халық деген сөз ... (Дала. 1999. №1) >

* * *

* “Қазақ — жартылай жабайы, көшпелі, жыртқыш, қаруланған ұры, қарақшы халық ...” (Левшин А. И.) <қазақ тарихын зерттеп жүрген кейбір қазақ зиялылары “Қазақ Геродоты” деп төбесіне көтеріп, дәріптеп жүрген тарихшының бұл пікіріне түсіндірме берудің өзі қиын. Ол жағын қалың жұртшылықтың, қазақ халқының кім екенін жақсы білетін мамандардың үлесіне қалдырып, ескерте кететін бір жайт: Қазақстанды, оның байырғы халқы (аборигендері) — қазақтардың тарихын, тұрмыс-салтын ертеде зерттеген кейбір миссионер ғалымдардың жеке басының ұлы орыстық шовинистік көзқарасына байланысты айтқан, жазып қалдырған бұл тәрізді “пікірлеріне” сын көзбен қараған жөн >

* * *

* “Қазақ — жастары өздерін “адасқан ұрпақпыз” деп санайтын халық” (Меруерт Әубәкірқызы, ХҚТУ, ТҚФ-612 т.) <осылайша ойлайтын жастар бұл пікірін қайтіп сара жолға түсу амалын таба алмай, етегі мен

жеңін жия алмай, өмірінің біресе құлдырап түсіп, бірде қайтадан өрлеп, халқының қымбаттылығы өз бағасымен өлиенбей жүргендігін, құлдыққа үйреніп қалған мінез-құлқының өзгермей, асыл да асқақ мұратына жете алмай келе жатқандығын айтып баяндайды. “Ел боламын десең, бесігіңді түзе” деген тағылымға сүйеніп, олар көненің бәрін емес, бүгінгі өміріне қажетті қаймағын алып, дамытуды қалайды, оған — ұлтын сүю, ана тілін қастерлеу, намыс отын жағу, рухты ояту, батырлыққа тәрбиелеу, өз халқын көтеру, мақтан ету, т. б. қасиеттер жатады деп қарайды. Олар өздерін: “Бәйтеректің тереңіндегі тамыры — қазақ халқының өзі, ал оның қисық-қыңыр өскен бұтақтары — кешегі ұрпақтары, оның сарғайған жапырағы — бізбіз” деп тұжырымдайды бұл пікірін >

* * *

* “Қазақ — жатып ішер жалқау халық” (Ұлықбек Есдәулет) <“Қазақ деген бір ел бар жатып ішер, “Біреу атқа мінді” деп тақымы ісер ...” (Ана тілі. 23 қыркүйек 1999). Сөз мәні: жатып ішер жалқаулық қанында бар қасиет; өйткені ол көбінесе өз басына (еңбегіне, күшіне) емес, беделіне сеніп, жеңіл-желпі, жүрдім-бардым тіршілік етуге бейім халық демекші >

* * *

* “Қазақ — жаугершілік заманында легион батырларды дүниеге әкеліп, ұлан-байтақ жерін жан-жақтан анталаған жаудан қорғап қалған халық” (Манаш Қозыбаев) <қазақ даласын жауларынан қорғап қалған қалың батырлардың атын атай келе автор: “Осы батырлардың басын қосып, барша көрші ұлы империялардың уысына іліктірмеген, елдің егемендігін сақтаған қас батыр алып тұлға ең алдымен Абылай болса керек”, — деп санайды. “Абылайға дейін болсын, Абылайдың тұсында болсын қазақ халқының арман еткені: “Бірден өз алдына ерікті ел болып, өзін-өзі меңгеру, екіншіден, атақонысына жайғасып, бейбіт еңбек етіп шаруашылығын шалқыту, үшіншіден, бірауызды, ынтымақты болып, Отанын, елдігін қорғау еді”.

“Абылай өзінің ақылдылығы арқасында халықтың осы арманын, мұң-тілегін жақсы ұқты” деген Б. Кенжебаевтың сөзін келтіреді (Жауды шаптым ту байлап. Алматы: Қазақстан, 1994. 64-б.) >

* * *

* “Қазақ — жаяу жүргенді кемістік деп санаған халық” (Досмұхамбет Кішібеков) <автор бұл пікірін былайша дәлелдейді: баратын ауыл арасы бір сағаттық жақын болса да, өрісте жүрген атына кісі жіберіп алдырып, ерттеп мініп баруды жөн көрген. Алыс жерге ертемен кетпек болса, атын жайылысқа жібермей, тұсап, не арқандап, үй маңында ұстайтын болған. Қазақтың жылықы малын ерекше жақсы көретін, оны баптап мінітін, мыңдап бағып, тұқымын жақсартып отыратын себебі де осы. “Ат — ер

қанаты” мақалы да қазақтың осы қасиетін дәлелдейтін сияқты (Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. Алматы: Ғылым, 1999. 84-б.)>

* * *

* “Қазақ — жай кезде араз, бөрі келсе бірігіп кететін ауыл-үйдің иттеріне ұқсас мінезі бар халық” (Әбдуәли Қайдар) <күнделікті күйкі тірлікте бір-бірінен кінә тауып, болар-болмас нәрсеге ренжісіп, айтысып-тартысып жүретін, ру-руға, ауыл-ауылға бөлініп, дай-дай болып жүретін қазақ ел шетіне жау келсе не ел басына қауіп-қатер төнсе болды, бәрін ұмытып, бір жагадан бас, бір жеңнен қол шығаратын, кеңпейіл татулығы мен намысқой батырлығын таныта білетін халық>

* * *

* “Қазақ — желігі мол қызба халық” (Ел аузынан) <қазақта желігу — адамның бір нәрсеге қатты әуестеніп, қызығып, құмарлықтың соңына түсіп, соны орындағанда тоқтамай, өзін-өзі тежей алмай кететін әдеті. Оны біреулер қазақтардың жылқы малының құлағында ойнап, жылқы етін жеп, қымызын ішуінен деп жобалайды, өйткені ат мінгенде, әсіресе жорға мен жүйрік ат мінгенде адамның көңілі көтеріліп, бойы сергіп, қайдағы бір желік пайда болады, өзін-өзі ұстай алмай, артық әрекеттер істейді, ал жылқының қазы-қартасына тойып, қымызына қызара бөртіп алғанда адамның көңіл күйі көтеріңкі, сергек те сезімтал жүретіні де белгілі. Қазақты “желігі мол” деудің басты себебі осы болса керек>

* * *

* “Қазақ — жер дауы, жесір дауы бітпейтін даугер (даушыл) халық” (Ел аузынан) <шынында да, ертедегі қазақтың дау-дамайы негізінен әмеңгерлік пен жайлау-жайылымға байланысты болып, оның аяғы көбінесе барымта, қарымта, сырымтаға ұласып, қазақ даласында билердің ісі көбейіп, беделі арта түскені белгілі. Жесір әйел, жетім бала тағдыры бір жағынан, екінші жағынан, халықтың гасырлар бойы қалыптасқан “Аға өлсе, іні мұра”, “Ерден кетсе де, елден кетпек жоқ” деген салт-дәстүрі, “Жесірді қаңғыртпау” дәстүрі бойынша қазақ арасында дау-дамай болып келгені белгілі>

* * *

* “Қазақ — “жетім жұрт, жетекшіл жұрт” (Әлихан Бөкейханов) <өз билігі, өз ырқы қолында болмағандықтан “жетім” аталса, жетекшілігі оның аңғалдығына, сенгіштігіне, өз бетінше жол іздеп, жол табудан гөрі, басқа біреудің артынан еруге бейімділігіне байланысты айтылған пікір>

* * *

* **“Қазақ – жетімін жылатпаған, жесірін қаңғыртпаған жұрт”** (*Газет бетінен*) <бұл да – қазақ менталитетінің атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалыптасқан әдеттеріне жатады. Бірақ бұл салттың ХХ ғ. 30-жылдарынан кейінгі дәуірде солғындай бастағаны да белгілі. Ертедегі “Аға өлсе – іні мұра”, “Ерден кетсе де елден кету жоқ”, т. б. осы сияқты дәстүр, салт бойынша: күйеуі өлген жесір әйелді әмеңгерлік жолымен жақын-туыстары алып, елден кетірген, оның балаларына жетімдігін білдірмейтіндей қамқорлық жасаған (*Жас Алаш. 6 желтоқсан 2002*)>

* * *

* **“Қазақ – жетімін жүдетпеген, жесірін қаңғыртпаған халық”** <бұл қазақта ескі салт-дәстүрі бойынша сақталған, отағасынан айырылып, жесір қалған әйел, жетім қалған балаға туган-туыс, ел-жұрт болып жәрдемдесу, қамқорлық жасау әдетін, әмеңгерлік салтын ескертіп тұр>

* * *

* **“Қазақ – 25 ғасырлық тарихы бар халық”** (*Газет бетінен*) <бұл пікірдің негізінде де шындық бар сияқты. Егер тарихшы қауым Қазақ халқының төл тарихын Қазақ хандығы құрылып, қазақ деген халық қалыптаса бастаған XV ғасырдан емес, сол халықтың халық болып қалыптасуына этностық негіз, іргетас болып қаланған осы өлкеде бұрыннан жасап келе жатқан, тарих сахнасына б.з.д. III–II ғасырларда шыққан Ғұн, Сақ, Үйсін, Қаңлы, Қыпшақ, Аргын, Алиын, т. б. көне тайпалардың тарихынан бастаса, шынында да, қазақ 25 ғасырлық тарихқа ие болған болар еді. Пікір айтушының уәжі осы>

* * *

* **“Қазақ – жоқ жерден жік шығарып аяқтан шалатын, ұрпақтан ұры, рудан дұшпан іздеп іштей арбасып, жүзге бөлініп, бауырынан іритін әдеті бар, бойына сіңген қасіреті бар халық”** (*О. Сәпиев*) <бұл арада қазақ баласының бойында бар қасиеттер айтылған. Олар жеке адамдар мен кейбір әлеуметтік топтар арасында әртүрлі кезеңдегі елдің ішкі-сыртқы жағдайына, қоғам өмірінде қалыптасқан салт-дәстүрге, ұлттық идеологияның үрдісіне, адамдардың өзара қарым-қатынасына байланысты бірде бөсеңдеп, бірде өршіп отыратыны белгілі. Бірақ бұлардың бәрін жалпы халыққа тән төл қасиет, ұлттық менталитет деп санауға болмайтын сияқты (*Егемен Қазақстан. 25 қыркүйек 1999*)>

* * *

* **“Қазақ – жоқшы, жоғын іздеген қуғыншы халық”** (*Ахмет Байтұрсынұлы*) <автор айтып отырған бұл пікірдің мәні тым тереңде

жатқан сияқты: “жогын іздеген жоқшы мен қуғыншының” символдық мәні — қолда бар байлығынан (айдап баққан алдындағы малынан, жинаған мүлкінен, рухани қазына-байлығынан, құтты мекенінен) айырылып, жүрдай болған адамның жогын іздеп аласұруы, ізін кесіп, індетіп барып, ұрланған малын дол тапса да, оны ала алмауы, т. т. Бұлар көбінесе қазақ халқының басынан кешкен бір замандардағы қиын-қыстау тіршілік-тірлігінің көрінісіне жатады >

* * *

* “Қазақ — жоқшы, жоғын іздеген қуғыншы халық” (Ахмет Байтұрсынұлы) <қазақ ешқашанда төрт құбыласы тең, мамыражай, тұрақты өмір сүріп көрмеген халық; оның өмірінде тапқан табысынан гөрі жоғалтқаны көбірек; сондықтан да ол бар табысын баянды етуінен гөрі жоғалтқанын іздеумен, ұттырғанының орнын толтырумен әлек, әр істің, қаракеттің мерзімін өткізіп алып, ізін суытып, алыстап кеткен нәрсені артынан қуып, жогын іздеп жүрген жоқшыға, қуғыншыға ұқсайтын халық дегенді аңғартып тұр бұл сөз >

* * *

* “Қазақ — жоңғардың түмендеріне тойтарыс бере білген халық” (Қадыр Мырза Әли)

<“Түгелдей түрендеріне

Турала жаздап қалыппыз.

Жоңғардың түмендеріне

Тойтарыс берген халықпыз”. Бұл өлең жолдарында: қазақтың жер бетінен біржола құрып кетпей, аман қалуы қас жауына қарсы тұра алған ерен ерлігінен деген ой жатыр (Дала. 1999. №1) >

* * *

* “Қазақ — жуас, момын, төзімді, көнбіс халық” (Ел аузынан) <қазақтың кейбір халықтарға қарағанда жуас, момын, төзімді, көнбіс мінезі бар екені рас. Бірақ жуастықты — ұнжырғасы түскен, ынжық деп қарауға, момынды — мойнына мініп алуға болатын, төзімділікті — төбеге шығару, көнбістікті — көрінгенге көзтүрткі болу деп санауға болмайтынын ескерткен жөн, өйткені, жуас, момын, төзімді, көнбіс адамдардан да (демек, халықтан да) күтпеген талай қылықтар шығуы мүмкін. Мәселен, “Жуастан жуан шығады”, “Жуас сиырдың мүйізі ішінде”, “Мұсылманның бір аты — момын”, т. б. осы сияқты аталы сөздер соның бір айғағы. Қазақ халқы өзінің өткен тарихында жуастығын білдірсе де, ынжықтығын танытқан жоқ, момындығын аңғартса да, тым “момақан” еместігін талай ісімен көрсеткен халық, төзімділігі мен көнбістігін көрсеткенімен көнтері бодан болып көрген емес. Сондықтан

да, қазаққа таңылып отырған бұл сипаттамада шарттылық бар, оның өткендегі барша тіршілік-тірлігі осыны дәлелдейтін сияқты ... >

* * *

* “Қазақ – жұлдыздар мен жел тілін жатқа білген халық” (Ұлықбек Есдәулет) <“Қазақ деген бір ел бар атқа мінген, Жұлдыздар мен жел тілін жатқа білген ...”. Бұл сөздің мәні: қазақ мал жағдайын ғана білетін, ғылым-білімнен мақұрым қалған халық емес, малын баға жүріп, аспан әлемін бақылап, табиғат құбылысын пайымдап, солардың өзгеру, ауысу, құбылу заңдылықтарын да біле білген халық дегенді аңғартады (Ана тілі. 23 қыркүйек 1999)>

* * *

* “Қазақ – жұмыстан қолы бос болса, қарақарға секілді, тұс-тұстан шуылдасып, бастарын қосып алыстан күпілдесіп, түйіні жоқ сөз айтып тарқасар халық” (Мағжан Жұмабаев) <ақын қазақ халқының осы бір бос сөзге әуес мінезін ұнатпайды, одан қорқатынын айтып, жөнделсін деп сынайды (Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1991. 38–39-бб.)>

* * *

* “Қазақ – жылап алып, қылжақтайтын әдеті бар халық” (Ұлықбек Есдәулет) <“Қазақ деген қай ел?” деп сұрамалық, Қылжақтайтын әдеті жылап алып. Сол қазақтың ішінде мен де бармын, Ал, түсе бер соңыма шырақ алып!..”. Сөз төркіні: жан дүниесі тез өзгергіш, қасіретке де, қуанышқа да жеңіл-желпі қарайтын, күліп отырып, жылай салатын, не жылап отырып күле салатын мінезге ие халық дегенге саяды (Ана тілі. 23 қыркүйек 1999)>

* * *

* “Қазақ – жылқыжанды халық” (Ж. Жұмақанов) <бұл – қазақтың ертеден мал бағып, мыңдаған жылқы айдап өскендіктен ғана емес, “жылқы” десе, оның бар дүниесін шашатын, жылқы малын өмір-тіршілігінің сәні, салтанаты деп санайтын, жылқы табиғатын жанындай жақсы көретіндігіне байланысты болса керек. Қазақтардың ұлан-ғайыр жерін жаудан қорғап қалуда жылқының атқарған рөлі орасан зор болғандығын ескерсек, қазақ үшін ол тек тіршілік көзі ғана (мінсе – көлік, жесе – тамақ, кесе – киім, т. т.) емес, сонымен қатар ол қазақ рухын, елдігін, салт-дәстүрін сақтап қалуда да басқа малдан орны бөлек болды деген сөз (Жылқыжанды халық едік // Егемен Қазақстан. 22 қазан 1993)>

* * *

* “Қазақ – жылқы малын пір тұтқан халық” (Қуандық Тұрдалы) <автордың пікірі бойынша, қазақ пен жылқыны бөліп қарауға болмайды. Себе-

бі, ұлан-ғайыр жерімізді бабаларымыз білектің күшімен, найзаның ұшымен ұстап қалды десек, сонда астында аты болмаса, олар қанша жерге бармақ?! “Жаяу қазақ – мүсәпір қазақ, атты қазақ – адуынды, айбынды қазақ” деп дәлелдейді. Сондай-ақ, “Қап тауын мекендеген шағын-шағын ғана ұлт, ұлыс өкілдері әр тілде сөйлеп, әртүрлі дінді ұстанады. Өзара араласуы шабан. Ал бір қиырында жаз шығып жатса, екінші шетінде қыс түсіп жататын ұлан-ғайыр жерде жасайтын қазақтарда бір-ақ дін, бір-ақ тіл. Оның себебі айшылық жерге көзді ашып-жұмғаныша барып-келіп тұратын астында арғымақтары мен тұлпарларының болуына байланысты. Жылқының жал-жая, қазы-қарта, қымызы өз алдына. Қазақтың жылқыны пір тұтатын себебі де осыдан” (Егемен Қазақстан. 5 сәуір 2002)>

* * *

* “Қазақ – жылқы мінезді, рухы биік, ер халық” (Сәдібек Түгел) <автор қазақтың жоғалып кеткен қазанатын жоқтап, оның небір гажайып қасиетін (“Қазанат – қазақтың сахарасы”, “Қазанат – ұлы даланың есімі”, т. т.) паш ете келе, “дәл біздің қазақ жылқыдан, тұлпардан туған” дейді. “Осыншама кең даланы меңгеру үшін, осыншама шалғайлықты қауыстыру үшін тек қазанаттың ғана жалы мен белі, тұяғының желі керек болды. Бұл сөзіме тарих куә” деп, қазақ халқының мінезін – жылқы мінез, рухын – биік, өзін – ер халық деп бағалайды (Қазақ әдебиеті. 25 ақпан 2005)>

* * *

* “Қазақ – жылқы мінезді халық” (Ел аузынан) <қазақтардың өз болмысын жылқы малының табиғатына балап, өзінің мінез-құлқын жылқы мінезіне ұқсатуы оның таза (шөпті талғап жейтін, судың тұнығын ішетін, кез келген жерге жатпайтын, күлге, топыраққа аунамайтын, т. т.) кірпияз, тәкаппар да пәк екендігіне, оның өте төзімді, қанша шаршаса да, сәл тынықса болды тез қалпына келетін қасиетіне, өзін күткен, баптаған иесіне үйірсек, сырмінез болуына, т. б. осындай ерекшеліктерін өз бойынан табуына байланысты деп қараған жөн ...>

* * *

* “Қазақ – жыныстық күш-қуаты мықты халық” (Ел аузынан) <олай деудің көптеген себептеріне қазақтардың өздері: 1) қазақтың еркектері күні кешеге дейін ылғи ат мініп, екі бұтының арасын (ұма, шат бездерін) ат арқасымен уқалатып, массаж жасаумен өткізіп, жыныс ауруларына көп ұшырамағанын; 2) жеген тамағы бойға сіңімді, құнарлы да қуатты болғанын; 3) өмірінің көбін таза ауада, даланың салқын самалында өткізгенін; 4) көп әйел алып, жас әйел тәнін көбірек қызықтағанын т. т. жатқызады>

* * *

* **“Қазақ — жікшіл халық”** (*Газет бетінен*) <жікшілдік әдетті былайша түсіндіру бар: “Ит мінез, өзімшілдік, жалған намысқойлық, болмашыға түлданып, сәл нәрсеге бұлданып, зуре болатыны, бір атым насыбайға бола көрмей кетуге дейін баратын шырт етпе мінезі, кіділіктен көнбеске көніп, төзбеске төнетін ездiгі, рушылдығы, жершілдігі, топ құрағыштығы т.т. Осының бәрі — жікке бөлінуге бағыттайтын әрекет-мінездер, қазақ бойынан арылтуға, міндетті түрде құтылуға тиісті жаман қылық, теріс құлықтар” (*Ана тілі. 30 желтоқсан 1999*)>

* * *

* **“Қазақ — ислам дініне терең бойламаған көшпелі халық”** (*Дос-мұхамбет Кішібеков*) <автор қазақтардың ортодокс мұсылмандар қатарына жатпағандығын былайша дәлелдейді: олар мұсылман дінінің хадистерін бұлжытпай ұстап, орындап отырмаған, ертеде өзбектер, татарлар сияқты жаппай мешіт тұрғызбаған. Мұсылмандық парызы — бес рет оқылатын намазды да бұлжытпай орындамаған. Бір жерде тұрақтаған (діни) мектептері де болмаған. Қазақтардың көбі жылына бір рет келетін ораны да жаппай, біркелкі ұстай алмаған. Құранды тек жаттап алғаны болмаса, оның сөзін молдалардың көбісі түсінбеген... Бірақ қазақтар өздерін мұсылманбыз деп есептейді: “Құдайдың құлы, Мұхаммедтің үмбетіміз” деп санаған, басқа да мұсылмандық парыздарды орындап келген (*Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. Алматы: Ғылым, 1994. 100–101-бб.*)>

* * *

* **“Қазақ — ит жыны бірікпеген халық”** (*Ел аузынан*) <1. “ит жыны” — иттің ызаланғанда қатты қозатын жыны; “ит жыны бірікпеу” — ауыл үйлеріндегі иттердің бір сәтте, бір мезгілде ит жыны келіп, арқасы қозып, біреуді құлшына талауы; 2. ауыс. адамдардың да ашуы қайнап, ыза кернеп, бір мезгілде біреуге бірден жабылуы>

* * *

* **“Қазақ — ит мініп, ирек қамшылаған түздіктің момын халық”** (*Тәкен Әлімқұлов*) <қазақтардың кең сахарада мал соңында жүріп өткізген өміріне сәйкес, мимырт тіршілігіне сай ұстаған қамшылардың сан алуан түрін (жез қамшы, бұзау тіс қамшы, ыргай сапты қамшы, т. т.) айта келе, олардың арасында (мал бағуда) шыныртқы тектестерінің көп болғанын ескертеді. Оны автор момын қазақтың түздік өмірінің бір символы деп көрсетеді (*Шежірелі сахара. Алматы: Жазушы, 1976. 110-б.*)>

* * *

* **“Қазақ — ит үрсе, елең еткенімен, тек қасқыр келгенде болмаса, қимылдай қоймайтын халық”** (Ел аузынан) <қазақ саққұлақ, сергек болса да, шынайы жауы келгеніне көз жетпесе, орнынан қозғалып, қимыл-әрекет көрсете қоймайтын салмақты халық дегенді аңғартады бұл пікір>

* * *

* **“Қазақ — кезінде орыстан басқа барар жері, басар тауы қалмаған халық”** (Манаш Қозыбаев) <автор бұл пікірін былайша таратады: “Бұқар жырау сол бір тұста қазаққа Жиделібайсын еліне (Бұхара жаққа) көшуді ұйғаруы да осыдан. Міне осындай қысылтаяң шақта қазақ басын біріктіретін қайраткер кім еді? Төре тұқымынан қазақ туңілді. Олардың ішінен төрені де, қараны да біріктіре алатын Абылай болса Сабалақ атағынан жаңа құтылып еді...”. Осы тұста елден ерекше ерлік көрсеткен Жәнібек аталады. Ол қазақ жерін Жоңғар басқыншыларынан азат етуге аттанып бара жатқан Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, т. б. бір топ батырлардың жорығына қосылып, жекпе-жекте ересен ерлік көрсетеді. Сөйтіп ол ел аузына ілігеді. Одан соң ол Тәуке хан заманында болған жорықтардың барлығына қатысты. Жәнібек Орта жүздің ту ұстар көсемдерінің бірегейіне айналады. Дәл осы кезде Жәнібектің есімі Абылаймен қоса айтылады.

Міне осындай саяси ахуал қалыптасқан кезде Жәнібек орыс елімен қарым-қатынас жасап, одақтасады, Әбілқайырға пана болады. Патша өкіметі Жәнібекке “тархан” атағын береді... Сөйтіп, әлеуметтік жағдай қазақ халқын орыс патшалығымен жақындасуға мәжбүр етті (Жауды шаптым ту байлап. Алматы: Қазақстан, 1994. 79–83-бб.)>

* * *

* **“Қазақ — кексіз, зілсіз, момын халық”** <бұл сипаттамалардың бәрі бірін-бірі толықтырып тұратын ұғымға барып саяды. Ол — “момын, момақай, момақан, монтаны, жуас...” деген ұғым. “Момын” деген сөздің төркіні Құранда жатыр: мүмин — “ислам дінінің талабын толық орындайтын мұсылман” деген сөз. Демек, жаман сөз емес. “Мұсылманның біраты — момын” деген сөз де, міне, осыған байланысты. Алайда момын мінездің, яғни момындықтың екінші жағы тағы бар. Ол — жігерсіздік, енжарлық, ынжықтық, аңқаулық, бәріне “мейлі”, “қойшы” деп қарайтын тоғышарлық қасиеттер. Бұл тәрізді кеңқолтық, салбөксе мінездің қазақ үшін пайдасынан гөрі соры көбірек. Қазақтың момындығы мен аңқаулығын жақсы білетін кейбір басқа ұлттардың пысықай өкілдерінің есіктен кіріп, “төр менікі” деп басынатыны бар; біздің жалқаулығымызды пайдаланып аузымыздан жырып әкететіні бар. Аңқаулығымызды пайдаланып, өтірік мақтап алдап кетуге бейімді, асымызды ішіп отырып, аяғымызды

тепкісі, күліп отырып, күлімізді шашқысы, киізімізді тілгісі келеді. Момындықтың ынжықтыққа айналған осы түрі, міне, халық үшін зияны мол дегенді аңғартады>

* * *

* “Қазақ – кеңпейіл, кеңқолтық халық” (Шерхан Мұртаза) <автор уәжі: “Қазақ – кеңпейіл, кеңқолтық халық. Бірақ соған қарап оны мәнжубас, момын, жуас екен” деп ойламасын. Қазақ қойдан жуас көрінер. Бірақ ол жабайы жылқыдай тарпаң. Тарпаңдығына тап болма!” (Егемен Қазақстан. 19 қараша 1999)>

* * *

* “Қазақ – кең дала, байтақ өрісте, жомарт ортада өскендіктен, кеңшілік мінезі өрістеген, өз серті, өз дерті бар халық” (Газет бетінен) <өзін-өзі анықтап тұрған пікір>

* * *

* “Қазақ – Кеңес өкіметі бұрын-соңды азамат тарихы білмеген зұлмат сұмдықты бір басына жинап-төккен, тағдыры тірі тозаққа түскен ел” <1991 жылдың желтоқсанында алған Тәуелсіздік Қазақ елін кейінгі 70 жыл ішіндегі сталиндік зұлматтан, голощекиндік жасанды аштықтан, “коммунизмді орнату” жылдарының кесапаттарынан, 490 рет жарылған атом бомбасынан, жөнсіз жыртылған тың жер мен сұраусыз бұрылған су зардаптарынан (Арал тағдыры), мұрағаттардың тұңғығында жасырынған ақтаңдақтардан, т. б. құтқарды.

– Көрмеген қорлығы жоқ қазақтардың бір басынан өткерген мына қасіреттерді: **1916 ж.** ұлттық көтерілісте қайтыс болған 150 мың жазықсыз қазақ, **1917 ж.** құрылған тұңғыш Қазақ Алашорда ұлттық мемлекетінің жойылуы, **1918–1922 жылдары** азамат соғысында 800 мың ер-азаматтың шейіт болуы; **1928–1933 жылдары** күшпен коллективтендіруде 2 млн 300 мың адамнан айырылуы; **1931–1933 жылдарда** жасанды аштықтан 615 мың адамның қырылуы; **1937–1938 жылдары** 25 мың қазақ зиялысының атылып, жер жастануы; **1917–1940 жылдары** қазақ әліпбиінің үш рет өзгертілуі; **1941–1945 жылдары** Ұлы Отан соғысында 350 мың қазақтың опат болуы; **1949–1990 жылдар** арасында Қазақстанда жарылған атом бомбасынан (26 рет жер бетінде, 87 рет атмосферада, 354 рет жер астында) күні бүгінге дейін (1996 ж.) азап шегіп келе жатқан халық; **1955 жылдан** бастап Арал мен Балқаштың суала бастауы, **1956–1980 жылдар** арасында мыңнан астам қазақ мектептерінің жабылуы, т. т. фактілерді авторлардың санамалап келіп, ащы шындықты ашына айтқан бұл пікірлері “мың өліп, мың тіріліп” жер бетінде аман келе жатқан қазақ халқының көңілі шерлі, өмірі қасіретті

халық екенін сипаттайды (Міштайұлы Т., Құдайбергенұлы Н., Ақайұлы А. Қасиетті Қазығұрт... Алматы, 1996. 14-б.)>

* * *

* **“Қазақ — кеңпейілді халық”** (Газеттен) <қазақ — барлық ұлттар мен ұлыстарға құшағын ашып, дәмін тосып, көңілін аулаған кеңпейіл халық, бұл жасанды “сарт мезірет” емес, ғасырлар бойы қалыптасып, қанына сіңген мінез-құлық, шынайы қасиет, салт-дәстүр. Бірақ осыған орай қазақтар да өзін сыйлағанды ұнатады: “Әркім — сыйлағанның құлы”, “Сыйға — сый, сыраға — бал” деген даналық та осының кепілі. Бірақ сыйластыққа сырт мінез көрсеткен, адал ақ көңіліне арамдық танытқан, намысына тиіп, арын аяққа басқан жандарға қазақ көңілі тез суиды. Тіпті кірпияз, өкпешіл, кінәшіл, өзімшіл, астамшыл мінез танытады.

“Адамның көңілі бір атым насыбайдан қалады” дейтін сөз, міне, сол қазақ көңілінің, жүрек сазының нәзік екенін танытып тұрған жоқ па?>

* * *

* **“Қазақ — кең даланы ен жайлап, еркін көшіп, дәурен сүрген ерке-бұлан халық”** (Ел аузынан) <шынында да, қазақтың ерке-бұлан мінез-құлқы оның өмір-салтына, кең даланың төсінде ойнап, еркін өсуіне байланысты болса керек. Заман өзгеруіне қарай мінез де ауыса бастаған сияқты>

* * *

* **“Қазақ — “Керуенбасы білікті болса, көлік азбайды. Қолбасшы білікті болса, сарбаз азбайды” дейтін халық”** (Манаш Қозыбаев) <автор бұл пікірін Қазақстанды кешегі 20–30 жж. билеген Сталиннің қаныпезер жендеті Голощекиннің қазақ халқын билегенде де қамырша илеп, елді аздырып, жерді тоздырып жіберген саясатына байланысты келтіріп, оның қазақ азаматтарын мынадай үш топқа бөліп жіктегенін келтіреді: “Одни — это националисты уклонисты, с которыми нечего разговаривать, которых не удаётся перевоспитывать, взять под свое влияние, использовать. Вторая категория — это хамелеоны, то есть такие люди, которые в зависимости от обстановки меняют свою шкуру. Третьи — это те, которые хотят свалить всю ответственность за ошибки на одного Голощекина” (Архив Президента, ф. 141, оп. 7, д. 5749, с. 69)>

* * *

* **“Қазақ — кешірімді, кеңпейілді халық”** (Досмұхамбет Кішібеков) <автор уәжі: қазақ ешқашан тарығып, таусылып сөйлемеген, әр нәрсе-нің ақырын күткен. Қылмыскерге қолданылатын жаза әртүрлі болған. Өлім жазасы да болған, бірақ жазаның көпшілігі малмен төленетін айып болған. Мәселен, ердің құны 100 түйе, не 1000 қой, әйелдің құны — соның

жартысы. Жазым болған бас бармақ үшін — 100 қой, шынашақ үшін — 20 қой, бір көздің құны — одан қылбат, т. т.

Бұл заңдар да өзгеріп отырған. Қазақтың кешірімділік, кеңпейілдік қасиеттері басқа да салт-дәстүрлерінен байқалады (Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. Алматы: Ғылым, 1999. 85-б.)>

* * *

* “Қазақ — кешірімшіл халық” (Ел аузынан) <кешірімділік те ұлттық қасиеттің бір түрі. Бірақ кейбір халықтарда бұл қасиет бола бермейді. “Қадалған жерінен қан алу”, “Айтқанынан қайтпау” деген ұғымдарды “қатыгездік”, “қараниеттік”, “мейірімсіздік” деңгейіне жеткізу бар да, адамгершілік жолмен шешу де бар. Қазақтарды “кешірімді халық” дегенде, олардың өмірдегі шиеленісіп жатқан көп мәселені кешірімділік принципі тұрғысынан шешуге бейімділігі айтылады. “Үйіңе келген кісінің үйдей күнәсін кеш”, “Алдыға келсе атаңның құнын да кешір”, “Адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапса, Ашылғанның айыбы жоқ, өзі біліп жапса” — бұлар да кешірімділіктің нышаны... Бұл қасиетті де ұлттық ерекшелік деп қарауға болады>

* * *

* “Қазақ — киіз түбекті, мүйіз шүмекті, тал бесікті, ағаш есікті халықтардың бірі” (Ел аузынан) <бұл қазақтың тұрмыс-салт, өмір-тіршілігіне байланысты сипаты: сайын даланы мекендеп, киіз үйде өмір сүріп, баласын бесікке бөлеп, бесік жырымен тербетіп, ержетіп, өркендеп-өскен ел екендігін көрсетіп тұр. Бұл жерде келтіріп тұрған көшпелі өмірдің атрибуттары (киіз түбек, мүйіз шүмек, тал бесік, ағаш есік) қазақтың өзіндік әлемін, ұлттық қасиетін, бала тәрбиесін, тұрмыс жағдайын суреттейтін этнографизмдер>

* * *

* “Қазақ — көзсіз батыр халық” (Ел аузынан) <бұл қазақ бойында көзсіз батырларға тән қылық, алдында тұрған жаудың күш-қуатына қарамай, өлдім-тірілдім дегенімен санаспай, тап беретін қайсарлық мінезі бар халық деген сөз>

* * *

* “Қазақ — көзі ұйқыда, көңілі иманда жатқан халық” (Ел аузынан) <бұл пікір қазақтың замана талабына сай талпынбай, көзін ұйқыдан әлі аша алмай жүргенін, көп елден артта қалып келе жатқандығын бір көрсетсе, бірақ көңілі баршаға адал, имандылық қасиетін жоймай келе жатқандығын тағы көрсетіп тұр. Бұл қазақ болмысына тән, көпшілік айтып жүрген қасиеттердің бірі>

* * *

* **“Қазақ – көнбіс халық”** (Ел аузынан) <“көп айтты, болды” деп бас шұлғи беретін, “ел билеуші атақ-лауазымды адамдар (би, болыстар) айтты ғой” деп, соған көне беретін, қарсылық айтып, таласып жатпайтын, ерекше мінез таныта бермейтін, мінезі жұмсақ халық демекші. “Көнбіс” деген ұғымға кешегі өткен кезеңде құнарлы да құйқалы жерінен қу медиен далаға, құрақты көлінен шөлейтке айдап салса да, соған көніп, ыстық күн астында күнсіп, мал бағуға әбден көнген халық демекші>

* * *

* **“Қазақ – көне жазу дәстүрі болған халық”** (Олжас Сүлейменов) <2001 ж. 18–19 мамырда Астанада өткен көне түрік өркениетіне бағышталған конференцияда түрік жазуына байланысты жариялаған мақаласында автор: “Пока не пересмотрена концепция и содержание историко-культурных соображений, специалисты будут продолжать игнорировать результаты этнографии. Когда весь мир помнит о зверствах янычар, невозможно доказать, что алфавит древних тюрков родился в Ассирии в VII в. до н. э. – раньше, чем латынское письмо и классический греческий алфавит. Раньше, чем записаны Библия и Тора. Кто же с этим может согласиться?”>

Но теперь мы не согласны с дальнейшим укрывательством фактов, свидетельствующих о том, что предки наши (тюрков, казахов – Ә. Қ.) были древнеписьменным народом, сотворившим свой алфавит на базе иероглифической традиции в Ассирии-Вавилоне середины I тысячелетия до н. э.” деп жазды (Сүлейменов О. Ассирийский период // Казахстанская правда. 18 мая 2001).

Бұл пікір атақты “Күлтегін” жазба ескерткіші көшірмесінің Жапониядан Астанаға әкелініп қойылуына байланысты қазақ суперэтносына қатысты айтылып тұр...>

* * *

* **“Қазақ – көңілжықпас мінезі бар халық”** (А. Райымбекқызы) <Алматыға келген ауыл баласы “орысшалау” қалалықпен біраз бірге жүре келе (2 айдан кейін) мүлдем өзгеріп шыға келгенін байқаған автор “ол, тіпті, орыс тілінің жолында нышиққа түсуге бар. Қарап отырсаңыз, қазақ қазақты мемлекеттік тілден бас тартқызып отыр” дей келе, ол бұл арада мәселе қазақтың қанына тән көңілжықпас мінезіне байланысты дегенді аңғартады. “Сондықтан да мен мемлекеттік тілді міндеттеу дегенді осы тұрғыдан қолдаймын” дейді (Ана тілі. 8 ақпан 2001)>

* * *

* **“Қазақ – көңілі бір атым насыбайдан қалатын өкпешіл халық”** (Халық мақалы) <насыбай атқысы келіп, құмартып, насыбайшы көршісінен, не та-

нысынан насыбай сұрай қалғанда, ол іштарлық жасап, “жоқ еді” деп қалса болды, ол қазақ қатты өкпелеуі, тіпті көрмей кетуі де мүмкін. Бұл — қазақ бойына тән “өкпешіл” деп аталатын өзіндік ұлттық мінез болып қалуда>

* * *

* “Қазақ — көп сөзді халық” (Ел аузынан) <қазақтар әйтеуір “сөз болсын” деп не болса соны айтып сөйлей беретіндіктен “көп сөзді” аталып тұрған жоқ, олар білдіретін пікірін, айтайын деген ойын қысқа қайыра салмай тәптіштеп, дәлелдеп, мақал-мәтелдермен, бейнелі сөздермен өрнектеп, нақыштап беруге табиғатынан бейім халық болғандықтан осылай аталып тұр... Шебер де бейнелеп сөйлеуге, ойын шегелеп, не астарлап, тұспалдап айтуға тырысу қазақ менталитетінің бір қасиеті болса керек>

* * *

* “Қазақ — көре алмаушылығы, қитарлығы басым халық” (Ел аузынан) <қатарынан оза шауып, ілгері шыққан азаматты көре алмаушылық жалпы қазақ халқына тән бір әрекет екендігін, оны сүріндіруге істелетін айла-шарғылардың бар екендігін аңғартып тұр>

* * *

* “Қазақ — көрінгенге жем болған аңқау ел” (Садықбек Адамбеков) <қазақтың белгілі сатирик жазушысы өзінің “Атылған қыз туралы аңыз” атты романын осы сөздермен аяқтайды. Романның мазмұны мен бас кейіпкерлердің іс-әрекеті бұл сөздің мән-мағынасына сай келеді. Автор пікірінде өз халқының аңқаулығына деген өкініші те, реніші те бар. (Елеукенов Ш. Қазақ әпендісі // Парасат. 2000. № 6)>

* * *

* “Қазақ — көшейін деп көшіп жүрген жоқ, жерінің жағдайына, ауасының қолайлығына (климатические условия) қарап, көшіп жүрген халық” (Міржақып Дулатов) <қазақтың көшіп-қонып, “көшпелі халық” аталуының бір себебін автор осылай түсіндіреді. Ол “Адам — тұрған жерінің ауасының құлы. Қазақ отырған жер егіншілікке жарамсыз. 12–15 жыл егін салған жер тозып, шаңы шығады, тағы да жаңа жерге салу керек болады, ол тынығуы керек... “Қазіргі қазақ жеріндегі хохолдар неге байып кетті” десеңіздер, бұл қазақ жерінің ең тәуірін таңдап алған, алған жері тозса, қазақтан жерді арендаға алып өз жерлерін тың сақтап отыр...” деп көрсетеді (Шығармалары. Алматы, 1991. 217–218-бб.)>

* * *

* “Қазақ — көшпелі халық” (Асқар Жұмаділов) <бұл — математика ғылымының білікті маманы, шетел технократтарының арасында көп

болатын азаматтың қазақтар туралы түсінігі шамалы қаламдастарының “Қазақ кім?” деп жиі қоятын сауалына әрқашанда дайын тұратын қысқа жауабы. Ол қай жерде, қай елде жүрмесін өзін әлі күнге дейін “көшпелі қазақтың” деп сезінетін көрінеді. Алайда ғалымның бұл пікірінің астарында әртүрлі ой жатқан сияқты. Ол сол “көшпелі ел” деп кейбіреулердің мансұқ ететін елі мен оның мәдениеті “Әлемнің екінші ұстазы” атанған Әбу Насыр әл-Фарабиді дүниеге әкелді” – дейді. Бүгін де жалпы ұлттың (демек – қазақтың) атын жержүзіне паш ету үшін ғалымдарға “қазақстандық ауқымда қалуға болмайды” деп, ғалым өзінің жержүзін аралап, математикадан дәріс беріп жүруінің себебін осылай түсіндіреді.

Шынында да, “көшпелі халық”, “көшпелі ел мәдениеті” деген ұғымдарды дұрыс түсінетін және сол феноменнің бір тұлғасы, Тұран жеріндегі Қара шаңырақтың иесі – қазақ екенін ол жақсы біледі. Жас ғалымның өзін шетелде жүріп, “көшпелі ел перзентімін” деп мақтан етуінің мәні осында болса керек (Алтын Орда. 1 қыркүйек 2000) >

* * *

* “Қазақ – көшпенділікті өзі тастамаса, хүкімет оны еріксіз тастаттыра алмайтын халық” (Міржақып Дулатов) <бұл арада автор қазақ халқының егіншілікке айнала алмай, бұрынғыдай мал өсіру кәсібімен болғанын үкімет қалайтынын, өйткені бұл алдымен қазақтың өзіне, одан соң мемлекетке пайдалы екенін, Ресейдің базарына жүн, жабағы, қыл, ет, тері, май жеткізіп тұрған қазақ малы, т. т. екенін түсіндіреді... (Шығармалары. Алматы, 1991. 218-б.) >

* * *

* “Қазақ – күлмесе, қалжыңдаспаса отыра алмайтын, ішкен асы бойына тарамайтын халық” (Ж. Дәуренбеков) <“Қазақ – ойын-күлкі, әзіл-қалжыңды сүйетін халық” дегенді аңғартып тұр >

* * *

* “Қазақ – күншіл халық” <қазақтардың бірінің-бірі иығынан тартып, етегінен басып, бастан қағып, аяғын аттатпай қоятын әдеті – ол болғаныңды көре алмайтын іштарлық, күншілдігіне байланысты. Бұған қазақ өмірінде мысал көп. Соның бірі мынау: Бауыржандай баһадүрді күндеген пенделердің пейілдері тар ма еді? (Ақын Ғаббас Өкеев // Ана тілі. 28 қаңтар 1993). Кезінде ұлтымыздың ар-намысы санап, аспанға көтерген ұлы ақын Жамбылды кейінгі кезде күстаналағандар кім? Аты әлемге әйгілі ғұлама ғалым, есімі ғарыштағы жұлдызға (планетаға) берілген Қаныш Сәтбаевтың есімімен Павлодар қаласының бір көшесін атауға таршылық жасағандарды көре алмаған көп күншіл демей не деуге болады? Күншілдікте тек жоқ, шек жоқ, пенде бойындағы ең жаман қасиет, кең дүниені тарытатын қасірет осы болса керек >

* * *

* **“Қазақ – кімнің кім екенін бір ауыз айтқан сөзінен-ақ, сөз саптауынан-ақ байқайтын, сөзіне қарай, өзіне құрмет көрсететін халық”** (Досмұхамбет Кішібеков) *“кісінің ақылын бірден байқау қиын, өйткені шынайы ақыл – көзі тереңде жатқан абзал дүние. Оны байқаудың бірден-бір жолы – сәл адамның айтқан сөзі. Бірақ сөз білген адамға өз ойын көп сөзбен айтып жеткізу міндетті емес. Ол оның қандай адам екендігін бір ауыз сөзінен-ақ байқай алады. Бұл да – қазақ менталитетінің бір қыры дегенді аңғартып тұр автор (Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. Алматы: Ғылым, 1994. 87-б.)>*

* * *

* **“Қазақ – кінәмшіл халық”** (Ел аузынан) *«қазақ бойына тән қасиеттің бірі – біреуге кінә таққыш, көңіліне сәл ұнамай қалған нәрсе үшін адамды айыптағыш. Жер-жебіріне жеткізе жәбірлеу, өкпелеу, ренжу түгел халықтың бойынан болмаса да, көп қазақтың болмысынан айқын көрінеді»>*

* * *

* **“Қазақ – кісілігін жоғалтпаған, жауының да озбырлығын кешіре салатын халық”** (О. Сапиев) *«бұл қазақ болмысына тән: әрқашан да бойындағы кісілік қасиетін сақтап қалуын, оның етек-жеңінің кеңдігін көрсететін кешірімділікке тез баратын әдетін көрсетеді (Егемен Қазақстан. 25 қыркүйек 1999)>*

* * *

* **“Қазақ – кітап көрмей, оқып, жазбай-ақ, тек ауыздан-ауызға айттылып келген, естілген сөздерді ұмытпай келе жатқан халық”** (Құрбанғали Халид. Тауарих Хамса (бес ғасыр тарихы). Алматы: Қазақстан, 1992. 90-б.) *«осылай дей келе, автор “... ол үшін бұлардың (кәріқұлақ қазақ қарттарының) көнені хабарлауына қашан да құлақ асу керек. Тарихын, нәсілін білмек болғандар қашан да олардың хикаяларына, аңыз-әңгімелеріне сүйену керек ...” дейді ...>*

* * *

* **“Қазақ – қажеттік, қанағаттық, үндестік-үйлестік, тепе-теңдік заңдылықтарына сәйкес екі дүниені (о дүние мен бұ дүниені) сабақтастырған, “септесіп-селбесіп” күні бүгінге дейін жеткен көшпелілердің бір ұлағатты өкілі”** *«Қаншама қиын-қыстау жағдайларды басынан кешірсе де, табиғи болмысымен екі дүниені бірдей жалғастырып келе жатқан көшпелілер әулетінің бірегейі – Қазақ елі, ол өлмей-өшпей*

бүгінге жетті” дегенді аңғартып тұр (Миштайұлы Т., Құдайбергенұлы Н., Ақайұлы А. Қасиетті Қазығұрт... Алматы, 1996. 5-б.)>

* * *

* “Қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ домбыра” (Қадыр Мырза Әли) <“Домбыраның қос ішегін бірін қатты, бірін сәл-сәл кем бұра. Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра...” деп жырлаған ақынның бұл сөзінің астарында философиялық терең ой, өзіндік символика жатқан сияқты. Ақынның домбыраны сол домбыраны дүниеге келтірген, оның табиғатына өз рухын сыйлап, ғасырлар бойы мұңы мен сырын бірге бөлісіп келе жатқан қазақ халқының баламасы (яғни “екеуі тағдырлас, бір бүтін дүние”) деп тануында ерекше мән бар деп білеміз...>

* * *

* “Қазақ – қазан ұрмай, қар жаумай, шілденің ыстығында тоңып жүретін қырсыз халық” (Ел аузынан) <қырсыздық – айта қаларлықтай себебі болмаса да, істеген ісінің, қылған тірлігінің берекесі жоқ, нәтижелі болмауы, ілгері дамымау. Қазаққа да осы қасиет тән, ол – үлкен де игілікті іске орашолақ, басқа жұрттай тосыннан жол тауып кетуге икемсіз демекші>

* * *

* “Қазақ – қайғысыз қара суға семірмеген, құрбандыққа қайыл халық” (Ұлықбек Есдәулет) <“Қыр бар ма қазақ тәні көмілмеген, ой бар ма қазақ қаны төгілмеген? Қашаннан құрбандыққа қайыл халық, қайғысыз қара суға семірмеген...” (Ана тілі. 23 қыркүйек 1999). Сөз мәні: қазақ көрмеген қайғы-қасірет жоқ, құрбандыққа шалынуға да, аштыққа, жалаңаштыққа да шыдамды, көнтері, төзімді халық дегенді білдіреді>

* * *

* “Қазақ – қай дәуірде де заманға күйлеп, еркінсіген халық емес” (Дүкенбай Досжан) <жазушы бұл ойын: “Әркімді заман сүйремек, Заманды қай жан билемек? Заманға жаман күйлемек, Замана оны илемек” деген ұстаз (Абай) сөзіне байланысты жауап беріп тұр. Қандай “құбыжық” дәуір бойында ыстық қаны бар нағыз ұлтжандыны қамырдай илеп, иге салған терідей етсе дағы, болмыс-бейнесінен айырылта алмапты. Тарихтың өткелі, ылдиды мен өрі кезек алмасқан кешегі кезеңінде ұлтымыз жат жұрттықтардың аузымен: “номад” болып та көрді, “түземдік”, “жабайы” да саналды, “мәңгүрт”, “көзқаман” деп те сыналды” дейді жазушы (Егемен Қазақстан. 30 желтоқсан 1999)>

* * *

* **“Қазақ — қай заманда да әншіге кенде болып көрмеген халық”** (Б. Ғұбайдуллин) <“бір ауыз өлең шығарып, ән салмайтын қазақ жоқ” деген әңгіменің дәлелі бар іспетті сөз. Шынында да, бұрын да, бүгін де Қазақ даласы күміс көмей, жезтаңдай әншілерге бай дала; атағы әлемге әйгілі Әміре Қашаубаев, Мұхит, Біржан, Ғарифолла Құрманғалиев, Күләш, Бибігүл, Роза Бағланова, Роза Рымбаева, т. б. әншілеріміз осы сөздің айғағы демекші...>

* * *

* **“Қазақ — қаймана қандаладай біреулерге жемтік болған халық”** (Ұлықбек Есдәулет) <“Қазақ деген бір ел бар маң далада, Жемтік болған қаймана, қандалаға...” (Ана тілі. 23 қыркүйек 1999). Сөз төркіні: әркімге бір жем болған, дүние-мүлкі, қазына-байлығы “тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кете баратын”, сөйтіп өз қадірін өзі бағаламайтын аңқау, ақкөңіл, алаңғасарлау, арсы-күрсі, қарапайым, босбелбеу халық дегенге саяды бұл сөз>

* * *

* **“Қазақ — қайсар халық”** (Ел аузынан) <бұл сөз қазақтың шыдамдылығы, қанша қиыншылық болса да, бәріне көніп, бәрін жеңіп келе жатуын айтып тұр>

* * *

* **“Қазақ — қайтпас қайсар халық”** (Ел аузынан) <қазақтың өз жері мен өз елін гасырлар бойы сыртқы жауынан қайсарлық көрсетіп қорған қалуы, қаншама қиын-қыстау, қанды соғыстарда қырылып, жермен-жермен болса да, қайта тіріліп, елдігін сақтап қалуы оның осы ерлігін көрсетеді>

* * *

* **“Қазақ — қалмақпен ежелден-ақ атыс-шабыстан бір тынбаған халық”** (Құрбанғали Халид) <автор қазақ пен қалмақ арасындағы ежелден келе жатқан атыс-шабыстарды айта келе, “Жалпы қалмақтың билігі басым болған. Шығыстан қытай әскері келіп, Жоңғар хандығын жойып, жерін басып алды, олардың көпшілігі қытайдың қол астында қалып қойды да, халқы азапқа түсті. Қалған қалмақ қазаққа қарсылық етер шамасы болмай, келісім жасаумен болды”. Үш жүзден жасақ жинап, орыс өкіметімен ақылдаса отырып, Абылай хан өзіне қолайлы кезең туганын аңғарады; өз жағдайының мүшкілдігін қалмақ-торғауыттар да сезіне бастайды. Қазақпен ең соңғы рет Үржар-Емел және Ласты-Шорға бойындағы екі бірдей соғыста (1740—1750 жж.) қалмақ ханы — Қандыжап

өлтіріліп, 3 мыңнан астам қалмақ қырылып, (500 қол қазақтан 1 төре, 9 адамы өліп), қазақтар оларға күйрете (қазіргі – Қасабай бейіті дейтін жерде) соққы береді. Жеңілген қалмақтардың елшісін Абылай хан Аязғаз суының етек жағындағы – Су батпақта (Батпақсуда) өзінің мыңнан астам қолымен қарсы алып, бітім жасасады. Көк қасқа айғыр мен қара бас қошқар сойылып, екі жақ өкілдері қолдарын қанға батырып, бұдан кейін, мөңгі-бақи бейбіт өмір кешуге серттесіп тарасады. Міне, сол “Қанды-жап бітімі” деп аталатын бітімнен бері 250 жыл өтіпті (Құрбанғали Халид. Тауарих Хамса (бес ғасыр тарихы). Алматы, 1992. 108-б.)>

* * *

* “Қазақ – қалмақтармен қанды жаугершілік соғысы әбден шиеленіскенде Ресейге бодан болған халық” (Манап Қозыбаев) <автордың пайымдауы бойынша, тарихтан белгілі бұл процесс қазақтардың Ресейге бодан болу процесін тездетіп түседі. Ресей өкіметі Әбілқайыр хан бастаған қазақтың орыс еліне бодан болуына кеңінен ықпал жасады. 1733 ж. Төле би бастаған Ұлы жүз бодандықты сұрап өтінсе, 1736 ж. Ресейге бодан болу туралы Орта жүздің бір топ рубасылары мен Жәнібек батыр, Барақ сұлтан, 1740 ж. Әбілмәмбет, Абылай бастаған Орта жүз рубасылары ант береді. Бұл жағдайлар қазақ халқының Орыс империясының ұзақ жылдар бойы жүргізген отаршылдық саясатымен жалғасады... (Жауды шаптым ту байлап. Алматы: Қазақстан, 1994. 77–78-бб.)>

* * *

* “Қазақ – қанағатшыл халық” <қазақтардың: “қанағат қарын тойғызар, қанағатсыздық (жарлының) жалғыз атын сойғызар”, “барымен – базар”, “Барға – береке, жоққа салауат”, “Бар мәзір, жоқ нәзір” деген ұғымдары осының айқын айғағы. Қанағат қылу үшін қазақтар барлық қиыншылыққа төзуге бар, өмірдің бейбіт, көңілді, тыныш болуы да қанағат тұтуға байланысты деп қарайды. “Қара су іш, көңілің тыныш”, Қанағатшылық та – қасиет; ол – “Түннен кейін күн қайта туады, қиыншылыққа шыдаған адам түбінде бір рақатқа да кенеледі” деген логикаға сүйенеді>

* * *

* “Қазақ – “қап!” деп санын соғып жүретін халық” (Сарыарқа. 1994. № 2) <дер кезінде істеуді ұмытып, не істейін деген қарекеті дер кезінде ойына келмей, “той тарқаған соң” “әттең-ай!” деп өкінетін, “қойға қасқыр шапқаннан кейін қорасын бекітетін” ұмытшақ, бейқам, өкініп жүретін халық. Бұл да қазақ халқының бір мінезі болса керек>

* * *

* “Қазақ – қара көз шоқынған бауырларына қыр көрсетпейтін, ұлттық қатынаста кеңпейіл, бойын ұсақ ұлтшылдықтан аулақ ұстайтын халық” (Әзімбай Ғалиев) <автор өзінің бұл пікірін “Қолтығы кең қазақ жұрты” деген мақаласында қазақ халқының табиғатына тән үш мәселеге: 1) “Көші-қон сыры”; 2) “Қазақтың мықтылығы”; 3) “Қазақтың кеңдігіне” байланысты келтіріп отыр. XVIII–XIX ғасырларда Ресей отаршылдары тарапынан қазақтардың шоқындырыла бастауын, бірақ бұл істің үлкен нәтиже бермеуін, олардың тек 1–2% ғана шоқынып, ал кейін орысқа шоқынып, сіңбегендерінің қайтадан мұсылманшылыққа оралғанын, Қазақстанда діни қозғалыстардың өршімегендігін, фундаментализм көріністерінің байқалмағандығын, т. б. сол тәрізді қазаққа тән ерекшеліктерді көрсетеді (Ана тілі. 12 мамыр 1995)>

* * *

* “Қазақ – қара қойдың ішегін ызып, домбыра қылған, қара айғырдың жалын кесіп, қобыз қылған халық” (Ел аузынан) <ертедегі қазақтардың дәл бүгінгідей өндірісі өрбін, мәдениеті дами қоймаған кезінде айтылған бұл сөз қойдың ішегінен ызып, домбыра, айғырдың жалын кесіп, қобыз қылған қазақ бүгін де сол домбыра мен қобызын тартып, ұлттық дәстүрін сақтап келеді дегенді аңғартады>

* * *

* “Қазақ – қара қылды қақ жаратын әділ де әділетті, риза болғанда ерекше жомарт халық” (Дөңес би мен Бақа би) <өткен замандарда Әлім-Шөмен еліндегі берілген бір үлкен аста бәйге аттары қарақшыға біртіндеп келмей, шоғырланып бір-ақ келіп, оза шапқан жеке-дара ат болмай шығады. Жұлделі жүйрікті анықтаудан гәрі бәйгені дұрыс бермеудің арты үлкен дау-дамайға айналып, осы сәтте той төбенің басында отырып, әділ билік айтқан Дөңес биге ас беруші елдің сыйлы адамы Бақа би:

– Бәрекелде! Бәрекелде! Мінеки әділдік... Төрелік әділ болды, халық дән риза болып жатыр. Сіздің қара қылды қақ жарғандай әділ төрелік еткеніңіз үшін сыйлық... – деп, ол Дөңес биге қамшысы мен ерттеулі тұрған жорғасын мінгізіп, үстіне Хиуаның сырмалы шапанын жауып, бір буаз інгеніне қалы кілем жауып, бұйдасын қолына ұстатыпты... Бұл жұмбақтың мәні не? Бәйгеден жүйрік озып келмесе де, сыйлықтың бәйгеге келіп отырған Дөңес биге берілуі – әділдік болып саналыпты (Ана тілі. 1993. №47)>

* * *

* “Қазақ – қарап отырмайтын, ең болмаса, бір кебісті бір кебіске сұғып отыратын халық” (Ел аузынан) <бұл сөз қазақтың қанына біткен

сөзуарлығын, әңгіме-дүкен құрып отыруға деген әуестік ұлттық қасиетін астарлап айтып тұр. “Бір кебісті бір кебіске сұғу” деп бұл арада беделді де ұлағатты, гибратты сөздер таусылғанда, “әйтеуір, сөз болсын” деп, оның ұсақ-түйекті де әңгіме қылатынын, өсек-ғайбат айтатынын аңғартып тұр>

* * *

* “Қазақ – қара суға семіретін қайғысыз халық” (Міржақып Дулатов) <бұл қазақтың: қара су ішсең де, бөле-жаладан аман, қайғысыз, тыныштықта ғұмыр кешу әлдеқайда артық, “Қара су іш – көңілің тыныш” дегеніне жақын сөзі. Қатықсыз қара су ішіп отырса да ауру-сырқаудан, қайғы-қасіреттен аман болғанын қалайтын, тіпті ондай бейбіт өмірден семіретінін аңғартып тұр>

* * *

* “Қазақ – қарға тамырлы халық” <ел аузында кең тараған бұл сөздің мәні: топ-топ болып ұшып жүретін қарғалар тәрізді, біріне-бірі өте ұқсастығы, түр-түсі, бет-пішінінен бірден айыруға болмайтындығы; оның басты себебі: қазақтардың алыстан, жеті атаның ар жағынан қыз беріп, қыз алысуына байланысты болса керек. Қазақтардың ілік-шатыстығы, “Сұраса келе, қойнындағы қатыны қарын бөле шығыпты” дейтіні, “Қарға тамырлы ел едік қашаннан-ақ, Жегжатымен ел өсіп, жасаңдаған ...” (Жамбыл, I, 143) дейтіні содан болса керек ...>

* * *

* “Қазақ – қасиеттен айырылып, азған халық” (Ахмет Байтұрсынұлы) <ақынның өз халқына іштей күйініп, оның (халықтық) қасиеттен айырылып, азғындаған кейбір оқығандарын көріп айтқан сөзі:

“Бұл бір сөз қасірет айтып, хатқа жазған,

Қалмаған түк қасиет, қазақ азған;

Байға мал, оқығанға шен мақсат боп,

Ойлайтын жұрттың қамын адам азған...” (Жан сөзімді кім түсінер. Алматы, 1994. 6-б.)>

* * *

* “Қазақ – қасықтап жинап, шөміштеп шашатын халық” (Ел аузынан) <қазақтардың мал-байлықты жинауға келгенде, ұқыптылығын білдірсе де, алды-артына қарамай, оңды-солды шашатын, ысырап қылуға бейім халық екенін аңғартып тұр. Осы арада “Қазақ мал-мүлікті шашу үшін жинайды” деген нақыл сөздің растығын да дәлелдейді. Бір қарағанда, бұл әдет – намысына тырысса да, байлығы мен барлығын паш етуге тырысу болса, екінші жағынан бәсекеlestік, өзін көрсету, мақтану сезіміне де байланысты болса керек >

* * *

* **“Қазақ – қатын билеген халық”** <бұл пікір бүгінгі “жаңа қазақтар” туралы айтылып отырған сияқты. Өйткені жалпы түркі әлемінде әйел қауымына құрметпен қарау, қастерлеу, ата-баба салтын, әдет-ғұрыпты сақтауды қатаң талап ете отыра, бала тәрбиесінде, үй тіршілігінде ғана емес, қоғамдық-әлеуметтік өмірде де, тіпті ел қорғау ісінде де әйелдерді ерлермен тең әрі еркін ұстау – қазақ менталитетіне тән қасиеттерге жатқан. Алайда, замана ағымына байланысты ерлі-зайыпты арасындағы бұл қарым-қатынастарда кейбір өзгерістердің де барлығы байқалады. Сол өзгерістердің біріне, мөселен, кейбір әйелдердің тұрмыс жағдайында еркектерді билеп-төстеуі, еркін жүріп-тұру, ұрпақ жалғастығын (демографиялық мәселені) өзінше шешуі, т. б. жатады. Демек, бұл – бүгінгі қазақ менталитеті де өзгешелене бастаған әдет...>

* * *

* **“Қазақ – қаудан шыққан өртке, жар астынан шыққан жауға кез болған, ашытықтан ат бауырынан қан кешіп отырған халық”** (Ғазымбек Ахмет) <қазақ халқының өткен ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы ауыр жағдайын, ашығуын, жау қыспағына түсуін, аш-жалаңаш өткізген ауыр күндерін ескерту>

* * *

* **“Қазақ – қашан да айта алған халық”** (Қасым Аманжолов) <автор қазақ журналистерінің әртүрлі адамдармен теледидар алдында сұхбат өткізу барысында өмірдің көлеңкелі жақтарын қазбалап, сұрай беретін әдетіне тоқталып, “Журналистер ыға беретін болса, қазақ журналист-касының тұралағаны тұралаған. Қазақ қашан да айта алған. “Өткір жігіт дегенге өршеленіп, аузы-басы қан болып шыға келер” дейді Шәкерім. Оны да есте ұстау керек” – деп түсіндіреді. Бұл сөз қазақ халқының табиғатына тән сөз тапқыштығын, айтқыштығын, сөз құдіретіне ерекше мән беретін әдетін паш етіп тұр>

* * *

* **“Қазақ – қашанда білгіштік, соңынан ергіштік қасиеті бар халық”** (Жүсіпбек Аймауытов) <олай деудің себебін жазушы біраз деректермен дәлелдейді: “Оқыған зиялыларымызда Абайды үлгі қылмайтыны жоқ... Абайды құрметтеуге бүтін қазақ, оның ішінде көңілі тіп-тік оқығандар борышты...” деп көрсетеді (Шығармалар жинағы. 5-т. 119-б.)>

* * *

* **“Қазақ – қашса, қамшысы шапшаң, құса, құрығы жеңіл ел”** (Әбіш Кекілбаев) <көшіп-қонуға ыңғайлы, етек-жеңі түзулі, ел шетіне

жау келсе, бір сәтте-ақ тау асып, шөл басып, малын айдап кете беретін жүріс-тұрысы жеңіл ел демекші (Үркер. Алматы: Жазушы, 1981. 272-б.)>

* * *

* “Қазақ – қит етсе бөлінуге бейім тұратын, азаматтығы мен пенде-шілігі шуда жіптей шатасып жататын ұлт...” (Мұхтар Шаханов) <ақын жаңа жыл, ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы алдындағы жұртшылықты имандылыққа, бірлікке, татулыққа шақырған тілегінде жергілікті ағайындар арасында “Тегін білмеген – тексіз” деген аталы сөзге арқа сүйеп, ру-руға жіктеле бастаған әрекеттеріне наразылық білдіреді (Наурыз мейрамы // Жас қазақ. 19 наурыз 1993)>

* * *

* “Қазақ – қоғамдық ой-санасы, дүниетанымы ХХ ғ. ішінде үлкен өзгеріске ұшыраған халық” (Мекемтас Мырзахметұлы) <автор бұл өзгерістің үш кезеңін атап көрсетеді: бірінші кезеңі – патша үкіметінің жаулап алғаннан кейін басталатын патша ағзам қазақ халқын қалайда шоқындыруға, салт-дәстүрін орыстандыруға бағытталған үлкен саяси мақсат қойған және оны мемлекет деңгейінде құпия ұстанған кезең. Екінші кезең – Кеңес дәуірі. Ол “ұлттар достығы” деген ұранмен өзінің орыстандыру саясатын бүркемелеп, оны судың астыңғы ағысындай астыртын жүргізді, қазақ орыстана бастады. Үшінші кезең – сан ғасыр бойы аңсаған Тәуелсіздігімізге қол жеткен дәуір. Алғашқы жылдар қиынға соқты. Ақыры нарықтың жолына түстік. Осыған дейін сансыраған дүниетанымымыз, мінез-құлқымыз сеңге соғылған балықтай есеңгіреп, тағы да бұзыла түсті. Алдымыздан ақшаның культіне бас ию шықты. Бар мақсат – тек баю, т. т. Автор бұл ой-тұжырымын көптеген нақтылы деректермен дәлелдеуге тырысады (Қазірден қамданбасақ... // Түркістан. 1 сәуір 2004)>

* * *

* “Қазақ қоғамы желтоқсан оқиғасына (1986 ж.) жылдар бойы дайындалды. Ақыры ол бомба болып жарылды” (Әкім Тарази) <жазушы Олжас Сүлейменов туралы пікірінде Семей полигонндағы ажал ошағы, қасірет ошағының жабылуына атом бомбасынан да күшті ақынның ерлігін айта келіп, оның негізінде “Кеңес үкіметінің империялық саясатына деген наразылық бар еді. “Қашанғы бодан боламыз, ел болып, еңсе көтеретін заман туа ма?” деген ой баршамыздың көңілімізде жүретін болатын. 1986 жылдың Желтоқсан оқиғасы ойламаған жерден бастала салмаған. Ол көп жылдар бойы дайындалған жағдай еді” деп көрсетеді (Парасат. 2006. № 6)>

* * *

“Қазақ қоғамының дәстүрлі, қанға сіңген бір кемістігі – қашан да біткен іске басшының көп болуы. Ойткені мәртебе де, атақ-данқ та со-

лардікі. Ал сол іске еңбегі сіңгендер екінші планда, кино тілімен айтқанда, “кадр сыртына” ығысып жататын кездері де болады” (Өмірбек Мұқай) <“революциясыз, қантөгіссіз келген Тәуелсіздікті Құдайдың аспанынан бере салған сыйы десе де болады. Алайда, екібастан, себепсіз салдар болмақ емес. Игі істің артында, яғни “кадрдың” көзге көрінбес сыртында, бәрібір әлдекімдер тұрса керек қой. Әлбетте, олар мәртебелі орындарда отырған құзырлы шенеуніктер емес, Советқазы Ақатаев сынды еліне еңбегі сіңген азаматтар, “қазақ қоғамының ұлт тағдыры жолындағы күрестердің Алғайы – Ақатаев”, – деп көрсетеді автор (“Кадр сыртындағы...” Ақатаев // Алматы ақшамы. 30 наурыз 2006)>

* * *

* “Қазақ – қой баққан, қоймен бірге ой баққан халық” (Ел аузынан) <ыстық күннің бетінде, суық желдің өтінде тұрып, ертеден кешке дейін қой бағатын қазақ тек қойдың жайын ғана емес, терең ойға да шомып, болмысты барлап, бар дүниеге көзқарасын кеңейтіп, тілін ұстартып, ойын ұшқырлаумен болған. Сондықтан да қазаққа тән даналық, шешендік осының нәтижесі болса керек>

* * *

* “Қазақ – қой бақпаған, ой баққан” (Ел аузынан) <“Қазақ қой бағудан басқаны білмейді” деген жалған түсінікке қарсы айтылған пікір: қазақ кешке дейін қой баққанда алдындағы қойды ғана ойламаған, ол барша табиғатты, аспан әлемін барлап, әр алуан табиғи, қоғамдық құбылыс туралы ойлап, ойын ұшқырлаумен болған, ойдан ой туындатып, даналық әлеміне терең бойлауға, сөзден түйін түйіп, сөз шеберлігін арттыра түсуге тырысқан деп көрсетіледі>

* * *

* “Қазақ – қойды да баққан, ойды да баққан халық” (Ел аузынан) <малшаруашылығымен шұғылданып келгендіктен қазақтар қой баққаны рас, бірақ ол қой бағып қана қоймай, ойды да баққан. Сайын далада ертеден кешке дейін қой артында жүру қойшының сана-сезімін оятып, ақыл-ойын дамытуға қолайлы жағдай болған. Ол қойшылар сол тұрғанында, не түнде жатып мал күзеткенде аспанға бекер қарап жатпаған: күн бойы, айлар бойы, жылдар бойы аспан әлеміндегі денелердің ауысуын, қозғалысын бақылап, ауа райының өзгеруін, мал жейтін шөптердің түр-түрін танып білумен, тағы басқа сол сияқты табиғаттың тылсым сырын айқындаумен де шұғылданғаны белгілі. Табиғаттың, адам қоғамының небір тұңғыш терең сырын өз зердесімен танып, өз көңіліне түйіп, өз ойымен саралап өскен дала данышпандарын “дала академиктері” деп бекер айтып жүрген жоқ. Қой бағудың ой бағуға ыңғайлы жағды болса болар.

бірақ оған кедергісі болмағанын қазақ этносының рухани болмысынан, зиялы қасиеттерінен көруге болады >

* * *

* “Қазақ — қойын құрттап, айранын ұрттап, өмір кешкен малшы халық” (Ел аузынан) <бұл сөз қазақтың жаратылысынан бері малшы халық екенін, оның барша өмір-тіршілігінің мал бағумен, малшаруашылығын кәсіп қылумен өткізгендігін аңғартып тұр. Әрине, бүгінгі қазақ өмірі қоғамның, заманның ілгері озып, дамуына сәйкес өзгеріп, егемен ел ретінде адамзат өркениетіне талпынып отырса да, атакәсібім малшаруашылығы деп санайтыны белгілі >

* * *

* “Қазақ — қолдағысын жоғалтып, жоғалтқанын іздеген халық” (Қаныбек Сарыбаев) <ақын:

Аңыратып өз Ақанын,
Өз Құрманын қамаған;
Өлтіріп өз Маханын,
Өз Абайын сабаған,
Қазақпыз гой біз деген.
Қолдағысын жоғалтып,
Жоғалтқанын іздеген,
Өзді-өзі көз алартып,
Жаттан күдер үзбеген!
Қазақпыз гой біз деген!..” деп жырлайды бұл ойын >

* * *

* “Қазақ — қолы билікке жетсе, ең алдымен қара басының қамын ойлайтын, ал ол мүддесіне сай келмесе, руын да, отанын да, ар-ұятын да сатып жүре беретін халық...” (Алдан Айымбетов) <белгілі қоғам қайраткері ғалым-философ, журналист А. Айымбетовтің бұл сөзінен өз халқының бойынан осы бір жат мінезді байқап, оны ашына да арлана сынауынан туган пікірді аңғаруға болады (Казахская правда. 1998. №9 (35)) >

* * *

* “Қазақ — қонақ шақырмаса, қонаққа бармаса басы ауыратын халық” (Ел аузынан) <бұл — қазақтың ұлттық қасиетіне жататын, қазақ халқының атамзаманнан бергі көшпелі ел болып келген дәстүріне, аралас-құралас отыратын тұрмыс-салтына байланысты дамып, қалыптасқан көне әдеті. Қазақ өмірінде адамның дүниеге келген алғашқы қуанышы — өркен тойынан бастап, о дүниелік болып, жетісінде, қырқында, жылында берілетін ас-жиынына дейін жүзге тарта ресми той-томалақтың болуының өзі-ақ көп нәрсені аңғартады. Қонаққа

шақыру, қонаққа бару да, міне, осы салт-дәстүрдің тұрақты бір көрінісі>

* * *

* “Қазақ – қонақжай, меймандос халық” (С. Шүкірұлы) <ел ішіне кең тараған, ел санасында әбден қалыптасқан пікір. Бұл салт ең алдымен қазақтың өзара еншісі бөлінбей, бір-бірінен алыстамай, тұтастығы мен береке-бірлігін, ынтымақтығын сақтап қалуына байланысты болса керек. Қазақтар үйге келген (құдайы қонақ, сыйлы қонақ, құрметті қонақ, т. б.) қонақты “Қонақ келді – құт келді”, “Қырықтың бірі – Қыдыр // Қызыр” деп ата дәстүрмен құшақ жайып қарсы алған, тұрып – төсек, жайылып – жастық болған, үй иесі өзі жемей сақтап отырған бар мәзірін, жылы-жұмсағын қонақ алдына қойып, аузына тосқан, малын сойып, жатар орнын жайлы салып, сый-сыяпатын көрсетіп шығарып салған. Бұл дәстүр дәл бұрынғыдай болмаса да, ел арасында, әсіресе ауылды жерлерде әлі сақталуда. Қонақ сыйлау қазақтардың бойына сіңген менталитеттік қасиеттеріне жатады. Ертеде жазылмаған заң түріндегі бұл салтты бұзған, қонағын дұрыстап күте алмаған байлардың сараңдығын әшкерелеп, ауыл ақсақалдарына, елдің игі жақсылары мен ел ішіндегі билерге арыз айтып барушылар да болған. Мұндайда от тілді, орақ ауызды шешен билер ондай сараңдарды мінеп-сынап, қан шығармай бауыздап, ат-шапан айыбын тартқызып, кешірім сұратып тындырған. Ол туралы сөздер ел ішіне тез тарап, қалың жұрт алдында келеке-мазаққа ұшырап отырған. Сондықтан да, қазақтың қонақжай, меймандос дәстүрі оның болмысына тән ұлттық қасиет ретінде қалыптасып, ел-жұртқа мәлім болған. Қазақтың қонақжай, меймандос қасиетін С. Шүкірұлы былайша сипаттайды: “Қазақтың бүкіл тәуір қасиетінің негізі осы пейілінен бастау алады. Бұған бауырмалдығы, ағайынгершілігі, жиен, құда-жегжат, қонақ сыйлағыштығы, біреуге қол ұшын беріп, қайыр жасауға, көмектесе кетуге бейім тұратын кеңпейілдігі сынды жан сүйсіндіретін мінездері жатады. Осыдан да қазақтың досы көп болады, кез келген ортадан орын тиеді, қандай жағдайда да жалғыз қала қоймайды. Қазақтың жомарттық, мәрттігіне талай ғасырдан бері шет жұрттықтар тәнті болып келеді. “Қазақ арасында айлап, жылдап жолақысыз жүре беруге болады” дейтіндері де соған көздері жеткендіктен. “Аты барда желіп жүріп жер таныған, Асы барда беріп жүріп, ел таныған” қазақтың берекесі – дастарқаны, дастарқан үстіндегі пейілі. Досын бекіткен, қасын дос еткен, өзі сыйлы еткен отбасына ат басын тіреген кісіні қол құсырып қарсы алып, құрметтеп шығарып салатын меймандостығы. Қазақ алғыр, қабілетті, содан да сырткөзге еліктегіштеу болып көрінеді. Алайда, осы қалтын ұстап қала алса, қазақ алдағы ғасырда сырбаз, жоғары мәдениеттің кеуде тұсында бола алады” (Ана тілі. 30 желтоқсан 1999)>

* * *

* **“Қазақ – қоңыр түсті, қоңыр әуенді жақсы көретін халық”** (Қали Сәрсенбай) <автор: “Домбыраның үні қоңыр, қобыздың үні де пейіштің төрінен шалқып шыққандай қандай қоңыр, анамның әлді де қоңыр, атамның аталы сөзі де қоңыр естіледі. Бәлкім, содан да шығар, қазақтың тұрмыс-тірлігі де қоңыр, қоңырқай. Сол қасиет қалмаған... Неге “алтын күз” демей, “қоңыр күз” дейді қазақ?>

Жылды қоңыр әңгімемен жсауып отырмыз. Қоңыр сөз – ішкі мәдениет, жан сұлулығы деген мағына береді әсілі... Қоңыр сөйлесек, адаспаймыз. Қоңыр сөйлеп, қоңыр мінез таныта алсақ, серігіміз – тектілік табиғатын танытқанымыз деп ұғыңыз. Сірә, біздің өрісімізді осы қоңыр әңгіме кеңейтеді. Біз осындай тоқтадық. Біз осындай өріспен өсеміз деген ойға пейілдіміз”, – деп түйеді ойын.

Автордың “қоңыр” сөзіне балап отырған қазақтың барша болмысы оның артық сөйлемей, табысына асып-таспайтын, бірқалыпты, парасатты да байсалды, салиқалы ерекшелігі деп түсінген жөн (Алматы ақшамы. 31 желтоқсан 2005)>

* * *

* **“Қазақ – қорыққанын ғана сыйлайтын халық”** (Ел аузынан) <“Сыйға – сый, сыраға – бал” дейтін қазақтың бойында бұл мінездің де бар екенін аңғартып тұрған бұл пікірмен таласуға да, таласпауға да болатын сияқты. Қазақ халқы қорыққанының құлы болмаса да, күші басым “Аю” мен “Айдаһар” деп аталатын қос көршісін сыйлауының бір себебі осы болса керек...>

* * *

* **“Қазақ – қоссыз болса да, доссыз болмаған халық”** (Ел аузынан) <бұл сөздің мәні: қазақ соғыс, мал, егіншілік жағдайына байланысты уақытша үй тігіп отырған көрші-қолаң, малыш-жалшылары болмаса да, алыста отырып сыйласатын жақын-туыс, дос-жарандары мол болатын халық дегенді аңғартып тұр>

* * *

* **“Қазақ – қуғын-сүргінді көп көрген халық”** (Манаш Қозыбаев) <бұл пікірдің дәлелі ретінде автор қайғылы “Ақтабан шұбырындының” қазақ жеріне бір ғана келмегенін, оның сан рет оралғандығын, тек ХХ ғасырдың 1916 жылындағы ойранда 60 мыңнан астам қазақ патша жендеттерінен қаза тапқандығын, дүркіреп көшкен елдің тозығы ғана отанына зорға оралғандығын, 1921–1922 жылғы аштықтан 2 млн 250 мың адамның қырылғандығын, т. б. осы сияқты тізбектеле беретін халық басынан кешірген топалаңдарды көрсетеді (Жауды шаптым ту байлап. Алматы: Қазақстан, 1994. 12-б.)>

* * *

* **“Қазақ – “Құдай атқан” ел”** (Ұлықбек Есдәулет) <“Қазақтар” атты өлеңінде ақын: “Қазақ деген бір ел бар “Құдай атқан”, Күн оятпай, жүрегін түн оятқан. Саптыаяқтың сабына зар болғанда, Қарауылдан қарайтын шыныаяқтан...” (Ана тілі, 23 қыркүйек 1999). Бұл сөздің мәні: қазақ – жүрегі қара, көңілі арам, біреуге бәле іздеп, аяғынан шалып, мұқату үшін аңысын аңдып отыратын бәлеқор халық дегенді аңғартады >

* * *

* **“Қазақ – Құдайы бар халық”** (Д. Ботпаев) <қазақ халқы қаншама тағдырдың теперішін көріп келе жатса да, құдіретті күштің оған деген шапағаты мол, жақсылығы көп; оның егемендікке қолы жетуі, тәуелсіз ел болып, сәулет құруы да Алланың қолдап, қуаттауынан, желеп-жебеуінен деп түсіндіреді >

* * *

* **“Қазақ – құдайы қонағына астындағы жалғыз атын сойып тастайтын жомарт халық”** (Ел аузынан) <қазақтың жомарттығын бұлайша сипаттау – әсірелеу емес, ертедегі қазақтар салтында болған басқа туыстас түркі халықтарда кездеспейтін, жақсы дәстүр, жомарттықтың шыңырау шыңы. “Жоқтық жомарт ердің қолын байлайды” дегендей, дәл қазіргі кезеңде “келген қонағына жалғыз атын жайратып тастау” болмаса да, жомарттық дәстүрі қазақ болмысында әлі де сақталған деп айтуға болады... >

* * *

* **“Қазақ – құл халық”** (Сафуан Шаймерденов) <“Құл болатынымыз, ғасырлар бойы алысып жүріп, қолымыз әрең жеткен Тәуелсіздігімізге жүрегіміз жарыла қуана білмедік” деп айыптайды жазушы өз халқын. Шынында да, қазақ халқының бойында құлдық мінездің, ойында құлдық сананың қалыптасып қалғанын жасыруға болмайды. Көп ісіміздің ілгері жылжымай жатуының басты бір себебі осында. Бұл қазақтың ана тіліне деген көзқарасынан да айқын көрінеді (Жұлдыз. 1999. № 2) >

* * *

* **“Қазақ – құлшылық мінезі болса да, құл болмаған халық”** (Т. Әбдірахманов) <“Тәуелсіз елдің өмірі, Тәуелсіз болар әрдайым, Құл емес қазақ, Құм асап қалғандай жақ ашпас...” дейді ақын. Қазақтың бойынан құл мінездің арылмағанын мойындау да жеткілікті, бірақ қанша уақыт отаршыл елдің боданы болып келсе де, кейбір туыс елдердей құлы болып, шоқынып, аты-жөнін өзгертіп, тілін ұмытып кеткені жоқ дегенді ескертіп тұрғандай бұл пікір >

* * *

* “Қазақ – құмды, сорлы кең далада өсіп-өнген, көшпелі күйі, ру салты аламандық туғызған халық” (Халел Досмұхамедұлы) <автор “аламан” сөзінің мәнін “тәртіпке, жолға, нұсқаға көнбейтін, өз дегені болмаса, басқаны елемейтін топты айтады” дей келіп, қазақты аламан салтына қосқан да осы өмір-тіршілік себептері деп түюеді. “Аламандық жалғыз адайдың мінезі ғана емес, басқа қазақта да сондай...”, “Әбілқайырдан бері қазақтың мінезінде аламандық бары анық...”, “Қазақ тарихынан құлаққа келетін ызыңға қарағанда аламандықты ескіден келе жатқан ауру деп те ойлауға болады. “Сананы салт туғызады. Құмды, сорлы кең далада өсіп-өнген қазақтың көшпелі күйі, ру салты аламандық туғызады...” деп жазады ол (Аламан. Алматы: Ана тілі, 1991. 147-б.)>

* * *

* “Қазақ – қызғаныштан қызыл итке жем болып, құрбандыққа дайын тұрар халық” (Ұлықбек Есдәулет) <...“Қызғаныштан жем болып қызыл итке, Дайын тұрар болуға тегіс құрбан...” (Ана тілі. 23 қыркүйек 1999); Сөз мәні: қазақтар қолындағы бар дәулетті, қазына-байлықты, мансап-билікті бір-бірінен қызғанып, көрінген көк аттыға жем болып, қор болып жүретін, ал, қажет болса, ортақ мүдде-мақсат үшін өзін-өзі құрбандыққа беруге дайын тұратын, әрі мәрт, әрі іші тар халық дегенді аңғартады>

* * *

* “Қазақ – қызыл сөзге келгенде – көсем, қара жұмысқа келгенде – көсеу болып қалатын халық” (Ел аузынан) <бұл анықтама қазақтардың сөзге келгенде алдына жан салмайтын шешен де шебер екендігін аңғартады. Қазақтың бұл қасиетін бұрын да, бүгін де мойындаушылар көп. Бұл – біле білсек, ұлттық менталитет ретінде қалыптасып, атадан балаға дарып келе жатқан қасиет...>

* * *

* “Қазақ – қызыл шоқтай қарыған, бойына сөз дарыған халық” (Қадыр Мырза Әли) <бұл – қазақ туралы көп айтылатын, оның шешенділмарлығын дәріптейтін, ұлтымыздың бойына біткен дарыны мен қабілетін бейнелі де айшықты түрде паш ету. Бұл шынында да, қазақ атаулының ұлттық менталитеті саналатын, этнос бойына тура біткен ментальді (сирек) қасиет екені рас. Бірақ бүгінгі ұрпақтан алыстап бара жатқан, негізінен сол кешегі өткен дәуірдегі ата-бабаларымыздың болмысына тән, жалтмылықтан жалқылыққа айналып бара жатқан қасиет>

* * *

* **“Қазақ – қызу халық”** (Ұлықбек Есдәулет) <“Қазақ деген бір ел бар – қызу халық, Қисық жолмен қайтады түзу барып. Сойыл беріп қолына “Аттан!” десең, Ұжмаққа да кіреді бұзыт-жарып” (Қазақтар // Ана тілі. 23 қыркүйек 1999)>

* * *

* **“Қазақ – қылышынан қан тамғандардың алдында: “бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ!”** деп, қасқайып тұрып, шындықты шырылдатып айтып **“өлетін” елдің тұқымы**” (Секен Дорженов) <автор қазақ халқының гасырлар бойы қырылып келе жатқан қасіретті тағдырын ашық айтып, газет бетінде жариялаған журналистің (Сейілбек Қышқашұлының) жанайғайын тізгіндеуге тырысқандарға қарсы жауабында, “Мың өліп, мың тірілген” қазақ трагедиясын аша түседі, “Кемшіліктерді айтқанды – “диссидент”, жапқанды – кім дейміз?” деген тақырып аясында көптеген деректер келтіріп, таратып айтады (Біз кімбіз? Алматы: Экономика, 2000. 153–160-бб.)>

* * *

* **“Қазақ – “қыпшақ атауымен халық болып танылған барша түрік әулетінің қара шаңырағы болған, Еуразияның қос құрлығында тарихтың құдіретті төріне бір-ақ шыққан халық”** (Манаш Қозыбаев) <бұл арада автор ерте ортағасырларда Еуразиялық құрлықтың төскейінде қазіргі қазақтардың негізін құрған, түркілердің ең көне этногенетикалық тамыры, қайнар бұлағы саналатын оңтүстік иеліктеріне ықпалын жасай отырып, олардың ортақ **“қыпшақ”** атауымен топтасқан процесін айтып тұр (Ата тарихы туралы сыр // Егемен Қазақстан. 30 сәуір 1999)>

* * *

* **Қазақ – қырдың қызыл түлкісі мен ойдың оғлан көкжалын жанынан бездірген бекзат құстың бабы мен бағын ашып, тілін тауып тұғырға қондыруға келгенде өзінен басқа жанды асырмаған халық** (Жанарбек Әшімжан) <қазақ аңшыларының, әсіресе саяткер, бапкерлердің асқан кәсіби шеберлігі, дала қыранын қолға үйретіп, алтайы қызыл түлкіні олжа етуде алдына жан салмайтын өнерін паш етіп тұр автор. Шынында да, түркі халықтары ішінде қыран құсты тұғырынан қайырып, зар күйіне келтіріп, саяткерлік қылуда қазақ аңшыларының бұл өнерін ұлттық менталитетке де балау байқалады>

* * *

* **“Қазақ – қырғызбен ежелден еншісі бөлінбеген ел”** (Мырзатай Жолдасбеков) <автор: “Бүгінгі туыстықтың, бауырмаластықтың бас-

тар бұлағында Жамбыл мен Тоқтағұл сынды талай ақындардың екі елге бірдей ортақ жыры, ортақ сыры жатқаны даусыз” деп дәлелдейді бұл пікірін (Асыл сөздің атасы. Алматы: Білім, 1996. 33-б.)>

* * *

* “Қазақ – қырық жылғы шоқпытын тастап, қала өміріне бейімделіп келе жатқан, үйрену үстіндегі, ішкі мүмкіншілігімізді дамытуға ынғайлана бастаған ұлт” (Нұрболат Әбжаппар) <бұл пікір бүгінгі таңдағы (2000 жылдардағы) қазақ өміріндегі барша саяси-экономикалық, рухани, мәдени өзгерістерге, әсіресе етек алып отырған урбанизация (ауыл тұрғындарының жаппай жұмыс іздеп қалаға ауысуы) процесіне байланысты қазақ жастарының қайта құру, нарықтық экономика жағдайында жаңа тіршіліктің тетігін меңгеріп, қала өміріне бейімделіп, мамандық алуға талаптануына, болашағына үмітпен қарауына байланысты айтылып тұр (Алтын Орда. 1 қыркүйек 2000)>

* * *

* “Қазақ – мақтай білетін де, мақтана білетін де халық” (Ел аузынан) <“мақтан ету” мен “мақтану” – бір емес. Академик Зейнолла Қабдолов өзінің бір сөзінде академик-жазушы Ғабит Мүсіреповті “мақтаудан гөрі, мақтан етуге лайықты қазақтың ұлы” дегені бар. Осыған қарағанда қазақ – мақтауды да, мақтан етуді де жақсы білген халық. Қазақтың мақтауы да әр алуан, кейде мақтай бастаса, өзіңді-өзің танымай қалатындай етіп, асқақтатып, алты қабат аспанның ар жағына асырып жіберетіндері болады; қазақ өзін-өзі мақтаудан да бір танбайды: “Алатау мен Қаратауды қостым” деп күнінуі де – мақтанудың бір түрі...>

* * *

* “Қазақ – мақтаншақ халық” (Мұзафар Әлімбаев) <қазақ мақтанғанда көбіне-көп ататегін, өткен бабаларының қасиетін айтып мақтанады: “ақ бурадай аталарым болған”, “арыстандай бабаларым болған”, “көк бөрідей қайсар ағаларым болған” деп мақтанады. Мұнысы шындыққа жанасады. Бірақ қазақтың бұл мақтанышынан басқа да мақтан ете беретін, оны “мақтаншақ халық” деп атауға, жаманатқа бұйыруға болатын мақтаншақтық мінезі де жоқ емес...>

* * *

* “Қазақ – мақтауды, мақтанғанды жақсы көретін халық” (Ел аузынан) <мақтану мен мақтауды жақсы көру халықтың бойына сіңген көне де байырғы қасиет. “Өтірік мақтау”, “әлшеп мақтау”, “мақтағанды ақымақ сүйеді” деген ұғымдар жұртқа көптен таныс болса да, “жақсы

сөз – жарым ырыс”, “жақсының жақсылығын көзіне айт – нұры тасын...” деген уәждерді сылтау етіп, алды-артын өрт шалғандай етіп, мақтап-мадақтап жатқанда былқ етпей, рақаттана, жымыя күліп отыра беретін әдетімізді айтып отыр>

* * *

* **“Қазақ – мал баққан ел, Ешкімге соқтықпай жай жатқан ел”** (Қазыбек би) <Қалмақ ханы – қонтайшыға айтқан уәжі ретінде ел жадында сақталған: “Қазақ мал баққан ел, Ешкімге соқтықпай жай жатқан ел, Елден құт-береке қашпасын деп, Жерінің шетін жау басын деп, Найзаға үкі таққан ел, Досын сақтай білген, Дәм-тұзын ақтай білген ел...” деп басталатын толғауы. Бұл толғау сол кездегі (XVIII ғ.) Қазақ хандығының (елінің) бүкіл сыртқы әлеуметтік-саяси болмысын, қазақтың биік, өзімшіл қайсар рухын сипаттап тұрған сияқты>

* * *

* **“Қазақ – малы мен жеріне қоса сөз емін өскен халық”** (Ғабит Мүсірепов) <автор қай заманда, қай қоғамның, қай ұлттың тарихында болмасын, өзін елі мен жерінің қан перзентіне санаған, айбарына, айдарына балаған суреткерлердің арқалар жүгінің жеңіл болмағанын айта келіп, олардың қадір-қасиетін осылайша сөз арқылы бағалайтынын ескертеді (Сөзстан. 1-кітап. Алматы, 1980. 151-б.)>

* * *

* **“Қазақ – моңғолдан шыққан халық”** (Абай) <“...Монғұлдан шыққан халықтың бірі – біздің қазақ. Біздің қазақтың монғұлдан шыққандығы бізге ұят емес, бірақ біздің білімсіз, ғылымсыз қалмақтығымыз ұят...” деп жазады Абай (Абай. Шығармалары. Алматы, 1977. 226-б.)>

* * *

* **“Қазақ – маңдайының соры бес елі халық”** (Ел аузынан) <қазақтың ұзақ тарихында аштық, жалаңаштық, қырғын-сүргін, шапқыншылық пен табиғат апатының тауқыметін көп көргендігін аңғартып тұр>

* * *

* **“Қазақ – мансапқор халық”** (Ел аузынан) <қазақтар табиғи жаратылысынан-ақ билеп-төстеуді, біреудің үстінен өктемдік жүргізуді, бастық болып, билік айтуды, атақ-лауазымға ие болуды жақсы көретін, ол үшін мал-мүлкін аямайтын мінезі бар халық. Бұрын да, Абай заманында да (сал. “Болыс болдым, мінеки, Бар малымды шығындап...”), бүгін де (2000 жылдары да) қазақтың бұл мінезі өзгере қойған жоқ. Мансапқұмарлықтың замана “райына қарай” жаңаланған көріністері

бүгінгі таңда “сайлау” деген науқанның елге береке-бірлік әкелмейтін, “демократия” деген дақпыртпен өтіп, елдің делебесін қоздырып, арқасын құрыстататын, онсыз да алтыбақан алауыз елдің арасын ажыратып, алысқататын, дүрдараз етіп қоятын қоғамдық-әлеуметтік құбылысқа айналып алды. Адам табиғатына тән бәсекелестік, күндестік, текетірестік әрекеттің астарында әрқашанда мансапқорлық пиғыл, жаман әдет қалыптасады >

* * *

* “Қазақ — мәдениет жүзінде ерте туып, кеш қалған халық” (Жүсіпбек Аймауытов) <оның себептерін жазушы былай түсіндіреді: “Кенже қалғандығымыздан, әрине; жер, тұрмыс, ғұрып, әдет, надандық, жалқаулық, діни адасқандық (фанатизм), саяси біліктілік болмағаны. Теккі көргендік, жасқаншақтық, өтірік, мақтан — міне, бізді ілгері бастырмаған осы сияқты себептер. Ал, халықтың өнерлі болып, жетіліп кетуіне де әлгіндей көп себеп, көп шарттар бар. Көп шарттың бірі — баспасөз...” (Бес томдық шығармалар жинағы. 5-том. Алматы: Ғылым, 1999. 120-б.)>

* * *

* “Қазақ — мәрт халық” <“өзім” дегенге өзегін суырып беретін, сыйлы қонағына астындағы мініп жүрген жалғыз атын жайратып сойып тастайтын, не тамырына сыйға тартатын; жылы-жұмсақ тамағын өзі жемей сақтап, қонағының алдына тосатын, “ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын” дейтін көңілі дарқан, кеңпейіл халық. Бұл әдеттері де қазақтың өзіне ғана тән қасиеттерін сипаттайды, жаны жомарт, өзі мәрт халық екенін көрсетеді >

* * *

* “Қазақ мәселесі көтерілген жерлерден ешқашан бой жасырған емеспін. Бұл — мен үшін табиғи дүние. Мен қазақпын, Қазақстан азаматымын. Еліме білімді, тәжірибемді, жігерімді беруім керек деп санаймын” (Болатхан Тайжан) <газет тілшісіне берген сұхбатында осылай дей келіп, азамат қазақ халқының бүгінгі қауымы мен ұлттық мемлекетіне тікелей қатысты көптеген өзекті мәселелер бойынша өз пікірін, өзінің патриоттық сезімін баян етеді. Сол жауабының бір жерінде ол: “...Өз ұлтын сую, отанын сую, табиғатын сую, тарихын сую, міне, ұлтшылық осы. Бірақ біз ұлтшылықты құбыжық етіп көрсетеміз... Ал француздар, ағылшындар, немістер — нағыз ұлтшылар. Егер сіз Германияда жүріп, сол елдің азаматтығын алсаңыз, ұлтыңыз түрік болсын, курд болсын, араб болсын, сіздің атағыңыз неміс болады. Францияда француз болады...” деп көрсетеді (Алматы ақшамы. 18 ақпан 2006)>

* * *

* **“Қазақ – мәуелі бәйтеректей халық”** (Кеңес Нұрпейісұлы) <қазақ халқының тарихи болмысы туралы ғалымның тілшімен (Сүлеймен Мәметпен) өткізген сұхбатында ол: “Тарихтың жаманы жоқ. Жаманы болса – сабақ алу үшін, жақсысы – үлгі алу үшін қажет. Қазақ – мәуелі бәйтеректей халық. Бәйтерек – үлкенді-кішілі бұтағымен, жүрекіше жапырағымен, тереңге тартқан тамырымен мәуелі. Тамыры құраса, бұтақ пен жапырақ та өспейді. Күндердің күнінде құлайды. Бұл – тағылым болсын деген сөз. Осы күндері батыр көбейді, жақсы көбейді. Бұл орнымен болса, қолдауға болады. Бірақ кейде қызды-қыздымен оларды Абылай хан мен Абайдан асырып жіберетін тұстарымыз бар... Кім болсаң да, кім болсақ та, “Қазақ” деген алып бәйтеректің біріміз – бұтағы, біріміз – жапырағы, тарих тағылымы – тамыры екенін естен шығармасақ екен” – деп, түйеді ойын (Төл тарихымыз елдікті еселентсін // Егемен Қазақстан. 16 наурыз 2005)>

* * *

* **“Қазақ – мейірімді халық”** (Ел аузынан) <қазақ халқының мейірімділік қасиеті (гуманизмі) – көп айтылатын ерекшеліктерінің бірі болып саналады. Жалпы халық бойына тән бұл қасиетті әрбір қазақтың өз бала-шағасына, туган-туыс, ауыл-аймағына, ел-жұртына ғана емес, сонымен қатар барша адамзатқа, басқа ұлттардың өкілдеріне деген игі жақсы көзқарастары мен нақтылы іс-әрекеттерінен де айқын көруге болады. Жиі айтылатын бір мысал: бұл қазақ жеріне жер аударылған, өздері көшіп келген сан алуан басқа халықтарға жергілікті қазақ халқының көп жылдар бойы көрсеткен және әлі көрсете бермекші мейірбандық көзқарасынан айқын көрінеді...>

* * *

* **“Қазақ – мемлекеттің тірегі болсын десек, ол қала халқына айналуы керек”** (Алтынбек Сәрсенбайұлы) <автор бұл ойын: “сонда ғана қазақ тілі мемлекеттік тіл болады. Ауылда отырған қазақ халқы ешқашан қазақ тілін мемлекеттік тіл жасай алмайды. Саясат қалада жасалады. Ауыл халқы қалаға келсе, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде қалаға алып келеді. Тіл мәселесі де, ұрпақ мәселесі де шешіледі. Қалада азаматтардың дамуына мүмкіндік мол. Жаңа технологияларға, жаңа кәсіптерге үйренеді. Қаланың жаңа тұрғындары үшін арзанға болса да үйлер салу керек...” деп дәлелдейді (Тәуелсіз елде тәуелді тұлғалар болмау керек // Жас Алаш. 13 сәуір 2004)>

* * *

* **“Қазақ – момын, дарқан, аңқау, бауырмал, кексіз, зілсіз, еліктегіш халық”** (Газет бетінен) <бұл қасиеттің барлығын “мейлі” мен “қойшы”

деген кеңқолтық, салбөксе, өліара мінезге сыйдырып алғанбыз. Сондықтан да бұл мінез бізге — кейде бақ, кейде сор. **Бағымыз** — болмашыға текетіресіп, жүз шайысып жатпаймыз... Бұл мінезімізге дос та риза, қас та риза. Қалағанын алып, қалғанын қалтасына салып, кете барады. “Кең болсаң, кем болмайсың” дейміз. **Сорымыз** — “мейлі” мен “қойшының” жетегінде кететін аңқаулығымыз бен бойкүйез жалқаулығымызда >

* * *

* **“Қазақ — момын халық”** <шынында да: қазақтар көрінгеннің бетінен алып, төсіне шабатын әдепсіз, “мен тұрғанда сен тұра тұр” дейтін менмен, астамшыл, өркөкірек, пәтуасыз халық емес. Сөзге тоқтайтын, үлкенді сыйлайтын, инабатты, иманды халық. Алайда қазаққа тән бұл момындық ынжықтық, “аузың қайсы?” десе, мұрнын көрсететін аңқаулық емес. Жақсы мағынасындағы “момындық” Ұлы жүз қазақтарына ғана тән деген пікір бар, Төле би осыны кезінде мойындаған. Ол: “Қудың берекесі таудай, арты — қылдай, момынның берекесінің басы тарыдай, арты таудай. Момын болайық, ата-бабамызға момындық жарасқан” депті (Төле би. Алматы, 1991. 37-б.)>

* * *

* **“Қазақ — момын да бауырмал ел”** (Баубек Бұлқышев) <бұл — қазақ менталитетіне байланысты көп айтылатын сипаттама. Қазақ момын халық екені шындыққа жанасады. Бірақ ол ынжық, жуас емес. Бұл арадағы “момындықты” мұсылмандық тұрғысынан “имандылық, инабаттылық” деген мағынада қабылдаған жөн. “Бауырмалдық” та осы қасиетке жақын мінез. Қатыгез, қатал, қанқұйлы халық бауырмал бола алмаса керек. Бауырмалдықты бұл арада “өз бауырына ғана, өзінің туыс-жақындарына ғана бауыры бұру” деп түсінбеу керек. Қазақы бауырмалдық басқа туыс, көрші халықтарға да ашық көңіл, дарқан жүрекпен, өз бауырына тарта қарайтын табиғи қасиетіне байланысты айтылып, солай қабылданады...>

* * *

* **“Қазақ — мұсылман болғанымен де, мұсылманшылықты онша біле бермейтін халық”** (Ғ. Ахмедов) <бұл қазақ зиялыларының арасында жиі айтылып жүрген пікір және шындыққа жанасатын жері де жоқ емес. Оның толып жатқан объективті себептері де бар. Солардың ең бастылары: 1) Қазақ даласына ислам діні өте кеш (VIII ғ. кейін) және үлкен қантөгіспен келген дін; 2) көшпелі қазақ қауымына оны кеңінен тарату өте қиын болды; 3) ұлан-ғайыр сайын далада бір жерге толастамай көшіп-қонып өмір кешкен көшпелі қазақ қауымының дінді кең таратуға жағдайы көтермеді; 4) мешіт және дінтану оқу орны аз бол-

ды, олар жоқтың қасында болды; 5) молдалар негізінен сауатсыз болды, қарапайым халықтың санасына діни түсінік ұялату оларға оңай болған жоқ, т. б.

Міне, осы бір объективті себептермен қазақтар басқа Орта Азия, т. б. жерлердегі отырықшы мұсылмандармен салыстырғанда діншілдігі өркендеп кете алмағандығы рас (Жем бойында. 164-б.)>

* * *

* “Қазақ – мықты халық” (Газет бетінен) <қазақтың мықтылығы – оның тек ХХ ғасырда мынандай алапаттардан: “Орыс отаршылдығынан, – 1916 жылғы “айналайын” ақ патша жарлығынан; – 1917 жылғы төңкерістен; – 1928 жылғы кәмпескеден, – “асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын” дейтін қолдан жасалған колхоздастырудан; – 30-жылдардағы аштық пен репрессиядан; – 40-жылдардағы қырғын соғыстан; – 50-жылдардағы сталиндік темір құрсаудан, – “келімсектерге көрсетілген қонақжайлық” резервациядан; – 70 жылға созылған коммунистік мәңгүрттендіруден; – 1986 жылдың ызғарлы Желтоқсанынан – аман қалуы” деп көрсетіледі (Ана тілі. 30 желтоқсан 1999)>

* * *

* “Қазақ – мыңдаған жылдар бойы қалыптасып қалған өмір салтына ХХ ғасырдың 30-жылдарынан бастап үлкен өзгерістер енген халық” (Досмұхамбет Кішібеков) <ол өзгерістер, автор пікірі бойынша: көшпелі тұрмыс құрып, еркін жүріп, малшаруашылығымен шұғылданып келген қазақтардың қала, селоларда тұрып, отырықшы елге айналуына байланысты. Нарықтық қатынаста да бұл жөнінен үлкен бетбұрыс, ешкімнің де сырттай нұсқауынсыз іштей, өздігінен өз жан дүниесін өзгертуге мәжбүр бола бастауынан” – деп есептейді автор (Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. Алматы: Ғылым. 1999, 86–87-бб.)>

* * *

* “Қазақ – “мың өліп, мың тірілген халық” (Жұбан Молдағалиев) <басынан талай қиын-қыстау күндерді, талай тауқымет пен зұлматты кешірсе де, жоғалып кетпеген, жсаудың ылаңына ұшырап, талайы табанынан тозып, тентіреп кетсе де, жерінен тәрк етілсе де, одан безіп кетпеген, елдігін сақтап, ұрпағын аздырмай келе жатқан өміршең халық демекші... Бұл пікірді ақын Қадыр Мырза Әли: “Ұл болып, содан құл болып, Біраз жыл естен таныппыз. Құл болып, одан гүл болып, Қайтадан өнген халықпыз...” деп жырлап, түсіндіреді (Дала. 1999. № 1. 18-б.)>

* * *

* “Қазақ – мінген тақтан да атты артық көрген атжанды халық” (Ел аузынан) <қазақ халқының өткен бариша гұмыры, тіршілік тауқыметі

де, жсаугершілік замандары да, бейбіт өмірі де, той-жиын қуанышы мен ойын-тамашасы да — бәрі-бәрі ат үстінде өткендігі белгілі. “Ат — ер қанаты ғана емес, ел санаты” болып саналатындықтан, қазақтың “ат-жанды”, “атқұмар”, “жылқымінез”, “атбегі” болуына таңғалуға болмай-тыны сияқты. Қазақ қанында, жүрегінде, барша болмысында жылқы малына деген ерекше сезімі әлі де сақталған. Бұл да бір ұлттық қасиет...>

* * *

* “Қазақ — мінезі қатігез халық” (Ел аузынан) <Қалқаманның ғашық жары Мамыр сұлуды қақ жүректен атып салған өз әкесі — Көкенай емес пе? Бірақ бұл қатыгездікті істеп отырған қазақ халқы емес, Тобықты руының бір мықтысы ғой. Қазақ салтындағы жалқыны жалпыға бағалау дәстүрі бойынша, осындай жеке адамның басында болған деректерді, белгілі бір әлеуметтік топ ортасында болған жағдайды халық мінез-құлқы деп қараудан туған пікір. Қатыгездік қазақ халқының ұлттық қасиеті ретінде қалыптаспаған қасиет болса керек >

* * *

* “Қазақ мінезінің бадырайып көрініп тұрған ерекше бітісі — аламандық” (Халел Досмұхамедұлы) <автор пікірін зерттеушілер Қ. Жарықбаев, т. б. мұны қазіргі психология ғылымында мінездің акцентуациясы (екпіндемесі) дейді дей келіп, Халел Досмұхамедұлының “Аламан” деген мақаласында қазақ халқының мінез-құлқын аламандық іс-әрекеттерге балап көрсету бар. Олар аламандықты қазақта отандық, ұлттық сезімнен кем, рулық менмендік сезімнің күшті болуынан туындайды деп түйіндейді. “Аламан барымташылыққа ұқсас, тәртіпке, нizamға көнбейді, ол өз дегені болмаса, басқаны елемейтін, кез келген басшыға бағына бермейтін бөсекшіл мінез”. Қазіргі “Әлеуметтік психология” ғылымында мұның табиғаты “Ұжым мен топ психологиясы” тарауында қарастырылып жүр. Халел ру менмендігінің аламандыққа қатысы бар екендігін айтады. Бұл мәселе жақында баспадан шыққан Қ. Жүкештің “Ұлттық психологияның сипаты” (Алматы, 1993) монографиясында да жақсы айтылған. Халекең аламандықтың түркі халықтарының біразында кездесетіндігін, мұның ұлт бірлігі, ынтымақтығы жоқ елдерде ерекше байқалатынын, біздің қазақта Отан бірлігі, ұлт намысы сезімдерінің аздығы себебінен туындайтынын нақты мысалдармен көрсете келіп, аламандық мінезді сүйекке сіңген топтық мінез, мұны қазақ кемшілігі деп санамайды, қайта өзінше мақтан тұтады, бұл рулық психология, жсаугершілік белгісі дей отыра, оның қазаққа қай кезде, қалай келгеніне өзінше жорамал жасайды. Автордың ойынша, мұның басты себептеріне көшпелі салт, рулық психология, жсаугершілік өмір, жетіле қоймаған мемлекеттік құрылыс, т. б. жатады екен. Осы мақала соңында “Сананы салт тұғызады” дейтін дұрыс ғылыми тұжырым да бар. Аламандық

қоғам ілгерілеп, дамыған сайын біртіндеп өзгеріп, яғни жеке адамның да, әлеуметтік топтардың да мінез-құлқы өзгеріске түсіп, жаңа мазмұнға ие болып отыратыны, яғни аламандық бар жерде топтың бірлігі, тұтастығы бола алмайды, әсіресе әлеуметшіліксіз қазақта ұлт бірлігі болмаса, ұлт мемлекеті болуы да мүмкін емес” деп, өте мағыналы, ғылыми салиқалы пікір түйіп, соны көрсетеді авторлар (Қ. Жарықбаев, А. Боранғалиқызы. Халел Досмұхамедұлының психологиялық пікірлері хақында // Ағартушы Халел. Алматы: Арыс, 2004. 202-б.)>

* * *

* **“Қазақ – надан, оқымаған халық”** (Ел аузынан) <қазақтар өздерін-өздері “біз наданбыз” деп көп айтпайды. “Қазақ – надан” деген сөз, әдетте, оның ертеректе оқу-білімге көп ұмтыла алмуына, сондай-ақ басқа елдермен салыстыруға, үстем тап идеологиясының саяси мақсат-мүдделеріне байланысты айтылған пікірлерде кездеседі. Мәселен, кешегі партократия заманында жүргізілген қазақтарды кемсітуші үгіт-насихаттарда: “қазақтара барлық жақсылық (оқу, білім, өнер, мәдениет, т. б.) тек кеңес дәуірінде ғана жасалды, одан бұрын олар (2-ақ пайызы оқыған) сауатсыз, надан болды” деген пікірді ел санасына сіңіруге тырысты. Бұл, әрине, шындыққа жатпайтын пікір еді. Кейінгі деректерге қарағанда: тек 1914 жылы ғана Қазақстанның қазіргі аумағындағы 2011 мектепте оқыған 105 200 баланың арасында қазақтар да аз болмаған. Оның сыртында көптеген қазақтар арабша оқып сауатын ашқандығы белгілі.

Надандықтың себептері көп. Халықты надандыққа түсірген – бодандық.

Надандық – қазақ ұғымында тек “оқымағандық”, “сауаты жоқтық” дегеннің ғана синонимі емес. Надандық деп ең алдымен ғасырлар бойы қалыптасқан халықтық салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты, ырым-кәделерді, ататегін, аталы сөздің нарқы мен парқын айыра білмеуді, өмір салты мен замана үрдісін, т. б. осы сияқты өз этносының болмысы мен тіршілік-тынысын жетік білмейтіндікті айтады. Сондықтан кейде жат ортада өсіп-өніп, өз ортасын біле бермейтін, білгісі де келмейтін жат мінезді адамдарды да, не, керісінше, бір жерде ғана өсіп-өніп, өз ауылынан басқа жұртты, оның өмір-тіршілігін, жалпы этностық қауымды біле бермейтін томаға-тұйық адамдарға тән қасиетті де “надан”, “надандық” деп айта береді. Ортаға жат қылық пен мінез-құлық та, біржақты білім де, табиғатынан ұяң, саяз, топас, шектен асқан керенау-кердең, маңғаз, тоғышар, сасық қулығы мол арамза, т. б. осы сияқты толып жатқан жағымсыз әдеттермен де көзге түсетін адамдардың бұл – жалпылама сипаты...>

* * *

* **“Қазақ – надан, өнерден аман, мың салса, бір баспас, жігері жоқ шабан халық”** (Мағжан Жұмабаев) <ақынның “Қазақтың рубасы-

ларына” арнап жазған бұл өлеңінде билеуші топ өкілдеріне тән тоғышарлық, енжарлық, надандық, шабандық мінез-құлықтарды сынай отырып, жөндеу мақсатында білдірген ағартушылық ой-пікірі осылайша баяндалған (Шығармалар. Алматы: Жазушы, 1991. 38-б.)>

* * *

* **“Қазақ – надан халық”** (Ахмет Байтұрсынұлы) <“Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты. “Аллаңнан” “ойбайым” тыныш дейтін қазақ, ғылымыңнан надандығын тыныш көреді. Не шара бар?” (Айқап. 1911. № 2)>

* * *

* **“Қазақ – надандығы мен жалқаулығы естектен (башқұрттан) кем емес халық”** (Ахмет Байтұрсынұлы) <“қазақтың естектен (башқұрттан) надандығы да, жалқаулығы да кем емес”. “Қазақтың әлі күнге дейін жерден қол үзбей отырғаны – жер қазыналық болғандықтан. Бүгінгі тойғанына мөз болып, ертеңісін ұмытатын қазақ бүгін жерін сатып тойып, ертең тентіреп кетер еді” (Айқап. 1911. № 2)>

* * *

* **“Қазақ – намыстан жаралған қаһарман халық”** (ҚР-ның әнұранынан) <бұл Қазақстан егемендігін алып, тәуелсіз мемлекет аталғанда қабылданған әнұранның (М. Әлімбаев, К. Мырза Әли, Т. Молдағалиев, Ж. Дәрібаева жазған мәтінде) “Қазақ қандай халық?” деген сауалға берілетін алғашқы жолдары. Оның айғақты мәні мен мағынасы – қазақтардың “қазақ” болып қалыптасқаннан бері өзінің ұлттық намысын қолдан бермей келе жатқанын, яғни “Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы!” деп, бәрінен де ар-намысын биік ұстап келген халық екендігін танытуында... ҚР әнұраны қазір өзгерді>

* * *

* **“Қазақ – намысшыл халық”** (Ел аузынан) <қазақ жеке басының да, ата-баба, ру-тайпа және жалпы ұлттық намысын да жоғары санайтын, оны қорғап қалуға жанын салатын халық; бірақ оның кейде намысшылдығы шамшылдыққа соғатыны, тіпті “итің ұры екен” десе де намыстанатыны бар. Қазақтарда ата-баба, ру-тайпа намысын қорғау ұлттық, халықтық намысты қорғау деңгейінен төмен тұрған сияқты...>

* * *

* **“Қазақ – намысын қолдан бермейтін халық”** (Ел аузынан) <қазақ халқы ежелден-ақ басқаны қолдан берсе де, намысын қолдан бермеген халық. Бұл адам баласына тән ең абзал қасиеттердің бірі – ар-намысты

сақтай білу деген сөз. Ар және намыс екеуі егіз қасиет. “Арын сақтау” мен “нямысын қолдан бермеу” – бірін-бірі толықтырып тұрады: намыс жоқ адамда ар болмайды, ал арсыз адам намыстанбайды. Сондықтан да “Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы” дейтін қазақ – намысқой халық санатына жатса керек...>

* * *

* “Қазақ – небір жексұрын отаршылықтың түрін көрген ел” (Манаш Қозыбаев) <автор бұл пікірін дәлелдеу үшін көптеген деректер келтіреді. “...отар елдің пайдасын Петр I Қазақ еліндегі алтын кендерін талау үшін ғана емес, Азияның “құллы мен қақпасы” деп стратегиялық маңызын баса айтуы... ..осы стратегиялық маңызы бар елді табанына басып, халқын “бұратана” атап, қамырша илегенінің бағасын, құнын қандай ақшамен есептеуге болады?! Кейбір тарихшылар орыс отаршылары құл саудасын жасамады, жергілікті халықты қырмады, тек қана шикізатын пайдаланды, Қазақ елі Ресейдің ішкі рыногына айналды деген пікірді кесе-көлденең тартады...” “...Егер біз проф. Фурсовтың “Сибирские чтения” деген еңбегінде (1915 ж.) айтқанына сенсек, Қазақ елі небір жексұрын отаршылықтың түрін көрген-ді. Қазақ қыздарын, әйелдерін күң емес, жезөкше үйлерінде ұстау үшін арнайы қосын жіберіп, базарларда жап-жас қыздарды матап сатқаны сияқты отаршылықтың небір сорақы қылмыстары көрсетілген...” – дейді автор (Жауды шаптым, ту байлап. Алматы: Қазақстан, 1994. 17–18-бб.)>

* * *

* “Қазақ – неге көнбеген, нені көрмеген, кімге жалынбаған халық” (Таубай Ықыласұлы) <автор Алматы қаласын қайтадан Алма-Ата деп атауды қалайтын бір топ қазақстандық зиялылардың Алматы қаласының әкімі В. В. Храпунов мырзаның атына ашық хатына байланысты қарсылық білдіріп, ашынып жазған мақаласында ел құрметтеп жүрген қазақ азаматтарының осы бір жағымсыз қылығын паш ете отырып, қазақ табиғатына тән көнбістік, жағымпаздық мінезін әшкерелеп, осы пікірді айтып отыр (Алматының атын өзгертуге кім құштар? // Азат. 20 қазан 2003)>

* * *

* “Қазақ – негізгі планеталарды жақсы білген қауым” (Досмұхамбет Кішібеков) <автор пікірі бойынша: қазақтар аспан картасын Темірқазықтан бастайды. Жұлдыздарға қойылған аттары малышылық өмірінен алынған. Темірқазық – жолаушының беталысын бағдарлайтын астрономиялық компас (құбыланама), әрі сағат. Қыста малышы қауым малын қораға Шолпан жұлдызына қарап енгізген. Таңсәріде көрінетін жарық жұлдызды Таңшолпан деген. Марсты – Қызыл жұлдыз. Си-

риусты – Сүмбіле жұлдызы деген. Сол сияқты, Үркер, Таразы, т. б. аспан денелерінің табиғатын да көшпелі ел танып-білген және олардың құбылыстарына сәйкес тіршілік еткен (Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. Алматы: Ғылым, 1994. 117-б.)>

* * *

* *“Қазақ – негізінен, республиканың қазіргі жерін мекендеген автохтонды (байырғы) тайпалардан қалыптасқан және олардың этногенетикалық құбылыстарының тұптамырлары сонау қола дәуіріне, андронов мәдениеті деп аталатын кезеңге (б.з.б. XVIII–VIII ғғ.) саятын халық” (Марат Мұқанов) <бұл – қазақ халқының шығу тарихына тікелей қатысты және қазақ халқының этностық негізін құрушы жеке тайпалардың (қаңлы, үйсін, қыпшақ, арғын, найман, қоңырат, т. б.) осы өлкеде тым ерте замандардан бері жасап келе жатқан көне де байырғы этностар екендігін аңғартатын келелі пікір (Қазақ жерінің тарихы. Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994. 3-б.)>*

* * *

* *“Қазақ – о бастан-ақ “туабіттіні” көре алмайтын халық” (К. Жанар, ХҚТУ, ТХФ-612 т.) <бұл пікірін ол қазақтардың өздері біртуар, елден ерекше болып туған ұл мен қыздарын, тарихи тұлғаларды көре алмай, қудалағанын, жазықсыз жазалағанын айта келе, Ахмет Байтұрсынұлын да кезінде арасына сыйдыра алмағанын оның мына бір ауыз өлеңімен:*

Қинамайды абақтыға жапқаны,

Қиын емес дарға асқаны, атқаны;

Маған ауыр осылардың бәрінен

Өз ауылымның “иттері” үріп, қапқаны... – деп сипаттайды. Бұл “оза шапқандарды аяғынан шалып, іштен шымышу” болып саналатын, ұлттың ұлт болып қалыптасуына кері әсерін тигізетін, бір өкініштісі, бүгін де бар жаман әдет. “Ұлтымыздың бетке ұстар зиялыларының өздері ру-жүз идеологиясынан аса алмай, осы тәсілді қолдануы, бұл аурудың өмірге жаңа келген жастарымызға да жұғуы мүмкін деп қорқамын” деп түйіндейді студент-шәкірт өз пікірін >

* * *

* *“Қазақ – о бастан-ақ шежіреші, шежіреқұмар халық” (Әбдуәли Қайдар) <Шежірешілдік, шежіреқұмарлық – қазақ халқының бойына сіңген ежелгі әдеті. Олай дейтін себебіміз: кезінде “қырық рудан” құралып, біртұтас халық болып қалыптасқан қазақтардың о бастағы ауызша да, жазбаша да кең тараған бірден-бір өзіндік тарихы – шежіре болған. Елдің елдігі де, ру-тайпалардың мемлекет жүйесіне үйлесіп, қауымдаса өмір сүруі де, оның генеалогиялық, саяси-әлеуметтік, табиғи-географиялық негіздерінің қалыптасуы да, сайып келгенде, шежірелік*

танымға байланысты болғаны мәлім. Сондықтан да болар, әрбір өзін сыйлай білген қазақ қолынан келсе, әл-ауқаты көтерсе, ең болмаса өз рутайпасының, не ата-бабаларының шежіресін сауатты адамдарға жаздырып, қағазға хаттатып, сандығының түбіне салып, орап сақтатып, қастерлі де қасиетті мұра етіп, атадан балаға қалдырып отырған. Перзентіне 7 жасқа келгенше жеті атасының есімін жазтатып, оны **“Жетесіз ғана жеті атасын білмейді”** деп қайрап, **“Жеті атасын білген ұл жеті жұрттың қамын жер”** деп қанаттандырып өсіретін қазақ салты мен тәлім-тәрбиесі оның о бастан-ақ шежіреші, шежіреқұмар халық екенін танытады. Сондықтан да болар, кез келген көнекөз, көріқұлақ қазақ қариясының бейтаныс адаммен әңгімелесе қалса, сөзінің бисмилласын **“қай туған боласың?”, “Қай атаның ұланысың?”** деп бастайтын әдеті бар. Қазақтың қызық та дәмді әңгімесінің тақырыбы әдетте шежіре төңірегінде болады, білгірлік пен білімділіктің бір сыны, қазыналы қария атанудың бір шарты да шежірені жетік білуіне байланысты >

* * *

* **“Қазақ – о заман да бұ заман бірлігі болмаған, “алтыбақан, алауыз” халық”** (Зейнолла Қабдолов) <автор Ғ. Мүсіреповтің жазушылығын, шығармасына тақырып таңдауының талас-тартыстардан туындайтынын айта келіп, “қайран қазағым таласпай, тақаспай жүре ме?” деп, осы пікірін келтіреді. Және ол оны: “Мынау егемендік алған, Ақ Орданың төбесіне аспанмен түстес азаттық Туымызды желбірете тігіп, бүкіл халық болып, тұңғыш Президентімізді сайлаған бүгінгі тәуелсіз мемлекет кезіміздің өзінде бірлік бар ма бізде?” деп риторикалық сұрақ қойып, оған да сол сөз жауап болады дегенді аңғартады (Ғ. Мүсірепов туралы сөз // Ғ. Мүсіреповтің көркемдік әлемі. Алматы: Қазақ университеті, 2002. 32–33-бб.)>

* * *

* **“Қазақ – ойға тұшынған, сөз сыйлайтын сұңғыла ел”** (Сайлаубек Жұбатырұлы) <бұл пікірдің себебін ойластыратын болсақ, оның негізі көшпелі қазақ қауымының өткендегі өмір-тіршілігіне байланысты болса керек. Салқын самал, таза ауада күндіз-түні жүріп мал бағудың өзіндік қиыншылықтарымен қатар романтикасы да, адамның ойлану қабілетіне оң ықпал ететін әсері де, таяқ ұстап қой жайып, жылқы үстінде жүріп жылқы баққан қойшы-қолаңның аспанға қарап, ай мен жұлдыздардың, т. б. аспан денелерінің қимыл-қозғалысын, жерге қарап сан алуан өсімдік дүниесін, табиғаттың сан сала құбылыстарын танып-біліп, өзінің танымдық қабілетін дамытуының нәтижесінде ойға тұшынып, сөз байлығына кенеліп, сұңғыла болып өсуіне және ол қасиеттің халық менталитетіне айналуына байланысты заңды құбылыс болса керек (Қазақ әдебиеті. 20 желтоқсан 2002)>

* * *

* **“Қазақ — ойланбай айтатын “ойбайы!” көп, байбаламшыл халық”** (Әбдуәли Қайдар) <қазақтың бойына сіңген бұл мінезі оның әр ісінде, әрбір жаңалықты қабылдауында, болашаққа деген көзқарасында байқалып отырады. Ол “ойбайды” олардың бәрін санаға салып салмақтап, жан-жақты пайымдап барып айтудың орнына, қалыптасқан әдет бойынша, алғашқы бір сәттік сезім-түйсікке берілу арқылы білдіру қазақтардың аттың жалы, түйенің қомында өткізген көші-қон тірлігі мен көп кешірген жаугершіліктің бір әдеті ретінде (“ойбай, келіп қалды!” сияқты) қалыптасқан болуы керек. Бұл әдетті біз кешегі егемендік алған, тілімізге мемлекеттік мәртебе әперу қарбаласында айқын көрдік, оған уақыт куәгер: “Ойбай, олай болса, бұлай боламыз!” деп байбалам салған қазақтар кезінде көп болды:

— “Ойбай, Мәскеуден айырылып, күн көре алмаймыз!” деп жыладық. Құдайға шүкір, өлгеміз жоқ, Мәскеу де орнында!

— “Ойбай, орыс тілі болмаса, нан тауып жеуден қаламыз!” деп, қайғырып едік, Құдайға шүкір, бармыз, нан тауып жеп жүрміз.

— Ойбай, орыс тілі болмаса, қазақ тілі мемлекеттік тіл болып жарытпайды, ол — сөз тоқтамайтын “тесік қоржын ғой” деп те қауіптеніп едік.

— “Ойбай, Қазақстан орыстарсыз дербес мемлекет бола алмайды. Орыстар Қазақстаннан кеткен күні-ақ қазақтар бір-бірімен қырқысып, ел болмай кетеді” деп жорып едік. Құдайға шүкір, бармыз>

* * *

* **“Қазақ — ойын-тамашаға, ырду-дырдуға құмар халық”** (Ел аузынан) <шынында да: қазақта не көп — ойын-тамаша, той-томалақ көп. Бұл — оның көшпелі өмір салтына байланысты ғасырлар бойы қалыптасып, ұлттық дәстүрге айналған әдеті. Қазақ салтында шыр етіп дүниеге келген нәрестенің алғашқы қуанышы — “Өркен тойынан” басталып, қартайып қайтыс болғаннан кейінгі — оның асымен аяқталады. Осы екі аралықтағы өмірінде адам (қазақ) жүздеген тойға өзі қатысып, өзі атқарады. Үлкені бар, жасы бар ондай тойларды өзінің дәстүрлі салтымен (көкпар, бәйге, қыз қуу, теңге ілу, палуан күрес, өлең-жыр, ақындар айтысы, т. б.) қызықты да көңілді өткізуге тырысқан. Той-думанды жақсы көретін жастарды (жігіт-желең, қыз-келіншектерді) былай қойғанда, “Той!” десе — қу бас домалайды!” деп, тойдан қарттар ды сырт қалмаған. Қазақтың бұл әдеті оның тағы бір ментальдық сипатына жататын ерекшелігін аңғартады>

* * *

* **“Қазақ — оқыста ойнақ салатын оқырасы бар халық”** (Қадыр Мырза Әли) <“Алдаспапымызды соғыста Алмастай қайрап, жаныптыз. Ойнақ сала-

тын оқыста Оқырасы бар халықпыз” (Дала. 1999. № 1). Сөз мәні: қазақ – бес аспабы сай жауынгер халық; кейде жақына батса, қытығына тисе, оқыра тиген сиырдай ойнақтап, ойран салатын да мінезі бар халық дегенге саяды>

* * *

* “Қазақ – олжалы жерде үлесінен, ордалы жерде орнынан, жоралы жерде жолынан қалып көрмеген халық” (Ел аузынан) <еш уақытта аштан өліп, көштен қалмайтын, өз несібесін біреуге жегізіп қоймайтын, намысын қолдан бермейтін, өз орнын өзгеге бере қоймайтын, өзіне-өзі сенімді де мығым халық. Қазақтың жақсы-жаман көп мінез-құлқының ішіндегі ең ірі, әрі іргелі қасиеттері осы болса керек...>

* * *

* “Қазақ – он бірінші ғасырдың ішінде қалыптаса бастаған, өз атауына ие болу мерзімі де сонымен байланысты халық” (Әбілбек Нұрмағамбетұлы) <автор бұл пікірін XI ғасырда (1020 ж.) жасаған Әбілқасым Фердоусидің “Шаһнама” шығармасында (3-саласында) баяндаған иран, тұран халықтарының басынан кешірген 4 мың жылдық тарихи оқиғаларына байланысты қазақ халқы мен Қазақ хандықтары туралы берілген дерегіне сүйеніп және тарихшы А. Левшиннің көрсетуі бойынша айтып отыр (Қазақ ру, тайпалары атауларының төркіні // Ана тілі. 13 мамыр 1993)>

* * *

* “Қазақ – атаққұмар, мансапқұмар, шен-шекпен құмар халық” (Қ. Әзбергенов) <қазақтың бұл қасиетін өзіміз де, басқалар да жақсы біледі. Кезінде кең-байтақ қазақ жері қолқ етіп қолына тигенде отаршыл Ресей патшалары ең алдымен қазақтардың (ол кездегі “қайсақ-киргиздардың”) қандай халық екенін (осал және мықты жақтарын) білгісі келгендігі мәлім. Осындай мақсатпен патшайым Анна Иоанновнаның Қазақ даласына арнайы жіберген сенімді адамы Тевкелевке “нені ұнататын халық екен?” соны біліп кел деп тапсырма береді. Бұған патша өкілі “қырғыз-қайсақтар шенді, атақты жақсы көреді екен” деген мәлімет береді. “Осы мәліметтерге сүйене отырып, деп жазады Қ. Әзбергенов деген азамат, “патша қазақтың атқамінерлерінің кеудесіне алақандай-алақандай медаль тағып, арқасын қағып, бір-біріне айдап салып, үстінен әмірін жүргізіп отырмады ма?” (Ана тілі. 23 сәуір 1992). Бұл, әрине, кешегі өмір бейнесі. Ал бүгінгі қазақ бұл қасиеттен арылды ма? Жоқ, арылу тұрмақ арындай түсті>

* * *

* “Қазақ – отаршылдықтың тепкісі мен азабын әбден-ақ көрген халық” (Манаш Қозыбаев) <автор Қазақстан парламентінде Мемлекет-

тік тіл туралы болған талас-тартысқа байланысты сөйлеген сөзінде осылай дей келе: “Сондықтан да мен айтар едім, қымбатты славян әріптестер, рақымды болыңдар, тым болмаса бір рет империялық ойлаудан, империялық кеудемсоқтықтан арылыңдар, қасіреті көп қазақ халқының дамуы мен өркендеуіне бөгет жасамаңдар!” деген өтініш айтқан болатын (Тарих зердесі. 65-б.)>

* * *

* “Қазақ – Отырардай ұлы қаласы да болған халық” (Қадыр Мырза Әли) <“Тыртық толы денесі Тарихқа, шүкір, қанықпыз. Не десе, мейлі, о десін, Отырары болған халықпыз” (Дала. 1999. № 1). Ақын қазақ **Отырардай** қаласы бар, мәдениеті дамыған өркениетті ел болған, Шыңғыс ханның қаптаған қалың қолына дес бермей, алты айдай қарсылық көрсеткен Отырардай қорғаны болған халық мәдениеттен ада емес дегенді аңғартып тұр>

* * *

* “Қазақ – Отырардан ұл болып туып, одан құл болып, қайтадан гүл болып өнген халық” (Қадыр Мырза Әли) <“Ұл болып, содан құл болып Біраз жыл естен таныппыз. Құл болып, одан гүл болып, Қайтадан өнген халықпыз...” (Ойдың түбі – Отырар // Дала. 1999. № 1. 18-б.)>

* * *

* “Қазақ – өз асылын бағаламайтын, өз қасиетін құрметтемейтін халық” (Газетте айтылған пікірдің бірі) <бұл пікір кейбір қазақтардың орыс тілін орыстардың өздерінен де артық үйреніп алып (бұл, әрине, жаман емес), бірақ өз тілін менсінбей, оған мұрнын шүйіре қарайтын, тіпті оның байлығы мен орасан зор мүмкіншілігін білмей, меңгермей жатып, бұл “отбасындағы кемпір-шалдың, бала-шағаның, отарда жүрген қойшы-қолаңның тілі” деп жамандайтын бүгінгі (2000) нигилистік қылығына қарсы айтылған>

* * *

* “Қазақ – өз асылын өзі ұқпай жүрген халық” (Қадыр Мырза Әли) <“Даланың шыдам-төзімін Дарытқан бойға алыптыз, Асылын, әттең, өзінің Әлі ұқпай жүрген халықпыз” – деп жазады ақын Қадыр Мырза Әли қазақ қасиеті туралы. Бұл – шындыққа жанасымды, қазақтар – дақпыртқа, дауға, даңғыраға көп иланатын халық дегенге көбірек саятын пікір. Дарқан даланың аптабындай халық даналығын дарытып өскен дарындарын, асылы мен алыптарын тап басып, дәл тани алмай жүрген сыңайымызды сынайды... (Дала. 1999. № 1)>

* * *

* **“Қазақ – өз бойына дінді оп-оңай сіңірген халық емес, бірақ ол сіңген соң оны табанды түрде іске асырғыш халық”** (Жүсіпбек Аймауытов) <бұл пікір, бір жағынан, қазақтың дінге көзқарасына байланысты Шоқан Уәлихановтың айтқан пікіріне жанасса, екінші жағынан, қазақтың да кейде дінге құныға кірісіп, құлшылық ететін әдетін аңғартып тұр. Бұл екеуі де қазақ бойында бар қасиеттер. Екінші әдеті бойынша ертеректе көбірек байқалған “шала молда”, “дүмше молда” деген айып тағылып келгені де белгілі>

* * *

* **“Қазақ – өз дегені болмаса, өзгенің айтқанына көнбейтін өзімшіл де өркөкірек халық”** (Ел аузынан) <бұл да қазақтар бойынан кездесетін қасиеттердің бірі. Дау-дамай, айтыс-тартыстарда “өзімдікі дұрыс, өзгенікі бұрыс!” деп өрекіп кететін әдеті бар, кейде алған бетінен оңайлықпен қайта қоймайтын тоңмойын, бұра тартатын өзімшіл де өркөкіректігі бар халық...>

* * *

* **“Қазақ – өз дүниесін өзі бүтіндеп, қандай қиын-қыстау кезеңдерде де бар асылын, ділін, дінін, тілін, дәстүрін жоғалтпай, адамзат тарихында өзіндік айшықты орны бар мәдениетін қалыптастыра білген ел”** (Авторлар ой-тұжырымы) <бұл – бүгінгі қазақ халқына байланысты айтылып жүрген бір шындық. Оны **“мың өліп, мың тірілген”** деген тұжырым ауқымында түсінуге болады. Бұл “Халық болып қалыптасқан, ұлт болып ұйыса алған елдің баршасына тән қастерлі қасиеттерін (атрибуттарын) толық толастаған күйінде сақтамаса да, баршасын тұтас қамтымаса да, бірегей белгілерін жоғалтпай келе жатқан өміршең халық та осы қазақтар” деген ой толғамын аңғартып тұр (Түркістан қаласына – 1500 жыл. Түркістан, 2000)>

* * *

* **“Қазақ – өз жақсысын өзінен қызғанатын халық”** (Мырзатай Жолдасбеков) <бұл да өмір шындығына сәйкес пікір: қазақ арасынан шыққан игі жақсыларды кейде қазақтардың өздері беделін көтеріп, мәртебесін арттырып, марапаттап, мадақтаудың орнына, өзінен-өзі қызғанандай әрекет танытуы, яғни, “бұл қазақтың ұлы, бұл қазақтың перзенті” деп ұлттың атағын шығарып ұлағаттауға бара бермейтін әдеті де баршылық (Егемен Қазақстан. 17 наурыз 2000)>

* * *

* **“Қазақ – өз жарасына қарамай қонағының қотырын қаситын халық”** (Ұлықбек Есдәулет) <“Қонағының қотырын қаситұғын, өзіндегі

қарамай сан жараға...”. Сөз төркіні: **“Қазақ – қонақжай халық”**, ол өзі аш отырса да үйіне келген құдайы қонағының алдына барын жайып салатын, досы келе қалса, мініп жүрген жалғыз атын да жайратып тастайтын мәрттік қасиеті бар халық дегенге саяды (Ана тілі. 23 қыркүйек 1999)>

* * *

* **“Қазақ – өз жерінде ғана қазақ”** (Ел аузынан) <екі түрлі түсіндіруге болады: 1) қазақ халқының қазақы қасиеттері мен салт-дәстүрі, тілі, діні, тіршілік ерекшеліктері – бәрі-бәрі өзінің тарихи атамекенінде ғана толық танылады демекші; 2) қазақ қазақ болып, басы қосылып, біртұтас халық болып қалыптасқанға дейін әр жерде түркі тектес ру-тайпалардың құрамында жүрсе де халық болып танылуы Қазақ хандығының қол астына жиналуына байланысты болды. Сондықтан да басқа жердегі қазақ тектес этностар қазақ болып саналмайды дегенді аңғартады>

* * *

* **“Қазақ – өз жерінде азшылыққа айналған, өз ұлтынан гөрі, көпшілікке айналған орыс ұлтының жоғын жоққауға бейім тұратын халық”** (Газет бетінен) <еліміз егемендікке ие болғанға дейін қазақтардың Қазақстанда жасайтын басқа жұрттан саны аз болғандары рас. 1990-жылдардың аяғында ғана ол саны 50 пайыздан аса бастады. Бұл пікірдің екінші жағы да шындыққа сәйкес; шынында да, қазақтар осы өлкені өз мекеніне айналдырып алған, көп кезеңнен бері билеп-төстеп үйреніп қалған орыс халқы өкілдерінің жоғын жоқтап, солардың айтқанына көніп, айдағанына жүріп қалған әдетінен әлі де құтыла алмай келуін аңғартып тұр>

* * *

* **“Қазақ – өз жетім-жесірлерін тентіретпеген, ел аралатып, қайыр сұратпаған халық”** (Досмұхамбет Кішібеков) <қазақ арасында да жетім-жесірлер болған, болып та келеді. Бірақ ертеректе қазақтар жетім балалары мен жесір әйелдеріне өз қамқорлығын жасап отырған. Өйткені қайырымдылық қазақ менталитетінің бір қыры деп көрсетеді автор. Шынында да, ертедегі қазақ қауымында қалыптасқан дәстүр бойынша күйеуінен айырылып, жесір қалған әйелді “Ерден кетсе де, елден кету жоқ” деп, басқа жаққа жібермеген, жетім қалған баласына жақын ағайын-туғандары қамқорлық жасап, өсіп, ержетуіне жәрдем беріп отырған; жақын адамының ел кезіп, тентіреп, қайыр сұрап жүруі туыс-жақындарының бетіне салық болып, намысына тиетіндей ұят болған (Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. Алматы: Ғылым, 1999. 86-б.)>

* * *

* **“Қазақ – өз көлеңкесінен қорқатын қорқақ халық”** (Ел аузынан) <дәл солай болмаса да, қазақтың кейде бейбіт өмірдің шырқын бұзбау үшін, ел ішіндегі тыныштықты сақтау үшін жөнсіз мінез көрсетуден, орынсыз әрекеттен аулақ болуды қалайтын әдеті бар екені де рас>

* * *

* **“Қазақ – өз құнанын үкілеп, өзгенің тұлпарынан артық санайтын халық”** (Ел аузынан) <қазақ болмысында мұндай әдет те кездесіп тұрады. “Шыққан төбем биік болсын” деген мақалға сай, көп жағдайда өз күйін күйттеп, басқаның жақсысына мән бермейтін әдетіне байланысты айтылып тұрған пікір>

* * *

* **“Қазақ – өз қызметін істеуге ерінетін ауруы бар халық”** (Міржақып Дулатов) <қазақ халқының бойына тән еріншек, жалқау, жатыпішер, малтаппас сияқты жаман әдеттерінің бірі деп мойындаған жөн бұл ескертпені>

* * *

* **“Қазақ – өз мінез-құлқын өзі ұнатпайтын халық”** <қазақтың өзін-өзі өлгенше мақтап-мадақтайтын да, өзін-өзі өлгенше жамандап, даттайтын да әдеті бар. Бірақ мақтап-мадақтаудан даттауы басымырақ. “Өз идеалын таба алмау” деген сөз этнопсихикасы бірыңғай болып қалыптаса алмаудан болса керек...>

* * *

* **“Қазақ – өз тарихы бар, өзіндік мәдениетін жасаған, ақыл-ой, талант жағынан еуропалық алдыңғы қатарлы жұрттардың қайсысымен болмасын парапар, алайда бар болашағы алда тұрған халық”** (Газет бетінен) <мұны Шоқан Уәлихановтың артында қалған елеулі мұрасы, көп еңбегіне ортақ өзекті мәселе, ой-толғанысынан туындайтын идея деп ұсынады газетте (Алматы ақшамы. 5 тамыз 2002)>

* * *

* **“Қазақ – өз тарихын білмей келген халық”** (Рахманқұл Бердібаев) <шындыққа жақын пікір. Өйткені біртұтас қазақ халқының дүниеге келіп, қалыптасқан (көне) дәуірінен бастап, бүгінге дейін ұзын-сонар тарихы дәйекті түрде жазылған жоқ. Оның жазылуына кедергі болған көптеген объективті себептердің бірі – қазақтың өзіндік тарихы бар, ерте замандардан бері желісі үзілмей келе жатқан өзіндік мәдениеті бар дербес халық екендігін мойындамайтын қозқарастарға байланысты>

* * *

* **“Қазақ — өз тарихын өзгелер тұрмақ, өзіне де толық таныта алмай келе жатқан халық”** (Нұрсұлтан Назарбаев) <бұл да орынды ескертпе: шынында да қазақ халқы (оның тарихиы ғалымдары мен жалпы зиялы қауымы) күні бүгінге дейін өзінің ұлттық, азаматтық тарихын таратып, талдап бере алмай келе жатқанын аңғартып тұр. “Қазақ қандай халық?” деген әрбір қазаққа, егеменді ел болған жалпы Қазақстанға қойылатын, қойылып та жүрген ең бір елеулі де емеурінді бұл сауалға нақтылы да толық жауап бере алатын тарихымыз әлі жасалған жоқ деген пікірге саятын сияқты. Жазылып отырған бұл кітап та соның бір айғағы болса керек...>

* * *

* **“Қазақ — өз үйінде өз төрі бұйырмаған халық”** (Т. Жұмағалиев) <“өз елінде, өз жерінде жасап келе жатса да, аяғын емін-еркін көсіле алмай, еркін өмір сүре алмай келе жатқан сорлы халықпыз” дегенді аңғартады (Атырау. 6 наурыз 1992)>

* * *

* **“Қазақ — өзара туыстық-жақындығын ажыратып отырған халық”** (Досмұхамбет Кішібеков) <қазақтар кең сахараны жайлап, мал бағып, көшпелі тұрмыс құрып, өмір сүруіне байланысты қауымдаса отырған жұрттың алыс-жақындығын, қайсы атаға, ру-тайпаға, жүзге жататындығын біліп отыруды және бұл дәстүрдің атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа ауысу дәстүрін қатаң сақтап келген. Сондықтан да болар, жеті жасар бала жеті атасын жатқа білсе, жетпістегі қарт жетпіс нұстысына дейін тарататын шежіреші саналған. Ерте-ректе ақсақалдардың кез келген жастан “Қай атаның баласысың?”, “Қай туган боласың?”, “Қай ұлыстың ұланысың?” деп сұрайтын салты болған. Сөйтіп, оның шыққан тегін, өскен өлкесін, алыс-жақындығын біліп отырған. “Сұраса келе, қойнындағы қатыны қарын бөле шығыпты” деген сөз содан қалған көрінеді (Қазақ менталитеті, кеше, бүгін, ертең. Алматы: Ғылым, 1999. 86-б.)>

* * *

* **“Қазақ — өзге десе жөнсіз құрақ ұшып, жығылып жастық, иіліп төсек болатын халық”** (Бекен Жапаров) <зейнеткер журналист өз пікірін: “Қазақтар ұлттық намысын ұмытқан, өз қазағын өзгеге жығып беруден арланбайтын халық” дей келіп, оның дәлелі ретінде екі фактіні келтіреді: 1) Қазақстанның (Шығыс Қазақстан обл.) Зайсан ауданында кезінде (1959 ж.) шығып тұрған “Красное знамя” атты орыс газетін оқитын тұрғылықты орыс болмағандықтан (99%-ы — қазақтар) Мәскеудің өзі

араласып жаптырып тастаған болса, енді Қазақстан егемендік алғаннан кейін (1991 ж.) қазақтардың өздері (аудан бастығы — Жанақов), қажет болмаса да, сол жерде “**Веха**” деген орыс газетін ашып алып, соны шығарып отыр. Сол басшылар Аягөзде орыстар жоқтың қасы бола тұрса да, орыс шіркеуін салдыруға және христиан дінін уағыздаушы кітапты қазақшаға аударып, қазақ мектептеріне оқулық ретінде таратуға әрекеттеніп жүргені айтылады. Бұл фактілерді автор бірыңғай отырған қазақтардың өздері — аягөздіктердің (басшыларының) — басқа ұлтты қолпаштап, жағымпаздық көрсетіп отыруын “орысжандылық” деп танып, оны жалпы қазақ бойына тән қасиет дегенді аңартады (Жапаров Б. Бір өзі он орысқа бергісіз қазақтар немесе орынсыз жерден “орысшылы” бола қалу кімге тиімді? // Жас алаш. 14 маусым 2001) >

* * *

* “**Қазақ — өзге десе өзегін үзіп беруге дайын да, өз асылдарын өзегіне тебетін мінезі бар халық**” (Ел аузынан) < бұл да — ұлттық мінез-құлық, менталитет ретінде қалыптасқан керенаулық қасиет. “Өз еліңде пайғамбар бола алмайсың”, ол міндетті түрде басқа жақтан келуі тиіс; немесе, “Ауылдастың аузы сасық” сияқты сөздер қазақтың осы қасиетін айқындай түсетіні рас. Бұл құбылыс сан бұлақтан құралған көне салт-дәстүріміз бен этностық (ру-тайпалық), әлеуметтік және қоғамдық күрделі қарым-қатынастарға байланысты болса керек... Мұндайда “Жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілісін!”, “Жақсы адам жаныңда жүр!” деп ескертіп отыру да артық емес >

* * *

* “**Қазақ — өзге емес, өзіне ғана әлі жететін халық**” (Ел аузынан) < бұл да қазақ халқының бір қасиеті. Ол қазақтың өзін-өзі күндеп, жамандауына, өзін-өзі көре алмай, өсек-әңгіме айтып, күстаналайтын әдетіне байланысты, сыртқы жауға ашық қарсы күресуге келгенде кібіртіктеп, кірбеңдеп қалатын, ал ішкі “жауға” келгенде еркін қимылдауға тырысатын, аянбай-ақ тырбанатын әдетінен туындайды... >

* * *

* “**Қазақ — өзге жұрттан сөзі ұзын халық**” (Абай) < “Қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын, Бірінен-бірі шапшаң ұқнас сөзін. Көздің жасы, жүректің қаныменен Ерітуге болмайды іште мұзын” деген Абайдың бұл пікірі “сөзі көп, ісі аз”, аз сөзбен тоқетерін айтудың орнына алыстан орағытып, мақалдатып, мәтелдетіп, шұбалаңқы уәж айтып, ұзақ сөйлегенді ұнататын халық дегенді аңартады. Бұл да қазақ халқының өзіндік бір ерекшелігі, сөзінен байқалар ұлттық менталитеті >

* * *

* **“Қазақ — өзге елдермен мәдениеті көп қарым-қатынасқа түсе қоймаған томаға-тұйық ел”** (Еділ Рүстем) <“ұлттық болмысымызды айғақтайтын да осы әлем. Көшпелілердің бүгінгі ұрпағы өзін қоршаған ортада ашық-жарқын емес, қораш сезінетіні, кейде ессіз еліктеп-солықтайтыны содан, бірақ ол оның бойына жараспайды, біздің мәдениет басқа мәдениетті толық қабылдап, бәрін өзіне сіңіре алмайды. Сондықтан көне мәдениетімізді заманға, уақытқа бейімдеуіміз керек. Бірақ бұл ойыма үлкендер тағы қарсы, олар ештеңенің де өзгермегенін қалайды. Ал, бұл бетімізбен қарсы тұра берсек, әлемдік деңгейдегі тенденция (үрдіс) ықпалы бізді жұтып қояды” дейді автор. “Қазақ болайық!” деген даурықпа ұран, өзімізге дейінгі ата-бабаларымыздың шежіресін білу — бізді қазақ ете алмайды. Біздің ұлт әлем елдерімен тең дәрежеде қарым-қатынас жасай алғанда ғана болашағын сақтай алады” деп тұжырымдайды автор (Алтын Орда. 1 қыркүйек 2000)>

* * *

* **“Қазақ — өзге жұрттың тіліне тәтті, тісіне жұмсақ халық”** (Мұхтар Әуезов) <өзгенің айтқанына тез көңіші, “айдаған” жағына қарсылықсыз жүре беретін иі де, ділі де жұмсақ момын халық демекші>

* * *

* **“Қазақ — өзгеге емес, өзіне қауіпті алаңғасарлау халық”** (Қадыр Мырза Әли) <“Өзгеге емес, сірә, біз өздерімізге қауіптіміз. Ағыл да тегіл мұрамыз, Алаңғасарлау халықпыз” (Дала. 1999. № 1). Бұл пікір де Абайдың “Қазақтың қазақтан басқа жауы жоқ” деген ойымен орайлас>

* * *

* **“Қазақ — өзгеге мырза, өзіне сараң халық”** (проф. Уильям Фирман) <“Өзгеге — мырза, өзіне — сараң” болуға қазақ ұлты әбден көндігіп кеткен сияқты” — деп жазады автор. Сондағы шетел ғалымының келтіретін дәлелі (уәжі): қазақтардың “өз діліңді ұмытып, өзгенің дінін қабылда, өз үрдісіңді ұмытып, өзгенің салтын қабылда” деуі (Ана тілі. 21 шілде 1994)>

* * *

* **“Қазақ — өзгеге өзегін үзіп беретін халық”** <бұл — қазақ болмысына тән аса мейірімділік қасиет: өзінде барын, тіпті өзіне де қимайтынын өзгемен бөлісу, қолдан келген жақсылығын аямау, біреудің мүшкіл тағдырына немқұрайды қарай алмау, жаны ашу, жақсылық істеу, т. б. Қазақтардың бұл қасиетін әр кезде қазақ жеріне ауып келген басқа халықтардың (қарашай-балқар, шешен, ингуш, неміс, кәріс, т. б.) өкілдері күні бүгінге дейін ерекше бір ризалық сезіммен есіне алады...>

* * *

* **“Қазақ – өздерін “бір қазаннан шыққан, еншіміз бөлінбеген халықпыз” дейтін халық”** (*Ел аузынан*) <қазақ арасында қалыптасқан көне ұғымдардың бірі – өздерін “еншіміз бөлінбеген қазақпыз” деп, өмірінде жинап-терген дүние-мүлікті басқалармен бөлісе пайдалануға (“Өле жегенше, бөле же”), “қонақтың еншісі бөлінбеген” деп қонағын құдайдай күтіп алуға, кенже ұлдың, нағашының, т. б. туыстардың атадан алынбаған еншісі бар деп, оны мойындатуы осы салт-дәстүрдің бір айғағы. Бүгінде бұл да ұмытыла бастаған әдет-ғұрыптың бірі>

* * *

* **“Қазақ – “өзім шыққан тауым биік болсын!” дейтін халық”** (*Ел аузынан*) <бұл – қазақ халқының табиғатына тән өзіндік талпынысы болып саналатын қасиеті. “Өзге ішінде өзім басқадан биік болсам екен, ал өз ішімде өзгелерден беделім биік болса екен!” деп тілейтін әдет – қазаққа тән әдет>

* * *

* **“Қазақ – өзін бардың құлы емес, ардың құлы санайтын намысшыл халық”** <бұл ел арасында “малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы” деп, өз өмірінің барша қасиеттісі етіп ар-намысын алға тартатын мақалмен мағыналас сөз. Бұл “бай екен” деп, байдың алдына бас иіп, тәуелді болудан, құл болып, жалынудан гөрі, ар-намысының алдында кішірейіп өтуді армандайтын, намысын ту етіп ұстайтын халық екендігін аңғартатын пікір...>

* * *

* **“Қазақ – өзіне келгенде тарылып, өзгеге келгенде кеңпейіл бола қалатын халық”** (*Газет бетінен*) <бұл – қазақ бойында екіұдай сезімнің текетіресінен туган әдет. Бір жағынан қазақ бойында қалыптасқан бір-бірін көреалмаушылық, күншілдік әдет те, екінші жағынан табиғатына тән кеңпейілділік, жомарттық қасиет. Бір ұлт бойында тайталасқан осы екі қасиеттің “таршылық көрсетуі” тек өз ұлтының өкіліне “қарсылық көрсетуі” – басқа ұлт өкілін тыңдауға бейім тұратыны – қазақтың ұлттық менталитетіне ғана тән ерекше қасиет деп түсінген жөн>

* * *

* **“Қазақ – өзін-өзі жамандауға құмар халық”** (*Меруерт Әубәкірқызы, ХҚТУ, ТХФ-162 т.*) <“Қазақ туралы сөз қозғағанда, көп жағдайда, бас салып өзімізді-өзіміз жамандауға даяр тұратын, жақсылық жақтарымызды көрмей, ығи жамандықтарымызды тізбектей жөнелетін, сахнада қазақтарды мүләйімсітіп қоятын әдетіміз бар. Бұдан халық рухы

көтерілмейді. Өзеге тағылым боларлық, халқымыздың ұлттығынан үлгі аларлық қасиеттерімізді неге айтпаймыз? Өзіңді-өзің тұқырта берсең, басқалар желкеңнен басып, кеудеңді көтерте ме?” – деп бір түйеді өз пікірін студент информатор. “Баба бүркіт парлап ұшады, Баба бүркіт барлап ұшады” дегендей, бұл мәселе жөнінде ол өз ойын былай жалғастырады: “Біз бабаларымызды қараңғы, ұйқы басқан, көшпелі, на-дан деп келдік. Ал, Шыңғыс хан қиратқан Отырардағы бай кітапхананы, ол кімге қызмет етті, сол кездегі сәулетті ғимараттарды кім тұрғызды? Көшпелі ел ме сонда олар? Ал біздің мәдениеттің шыңына жеткен, білімнің нәрін алған, сұлулықты сүйген, тазалықтың үлгісін көрсеткен бабаларымыз сол халықтың ұрпақтары емес пе еді? Тіпті, “сол біздің көзімізді ашты” деп, жержүзіне жар салып жүрген халықтар сол кездерде қалай еді? – дей келіп, студент қазақ атаулының өзін-өзі жамандайтын әдетіне сын көзбен қарайды >

* * *

* “Қазақ – өзін-өзі көре алмайтын күншіл халық” (Ел аузынан) <қалың жұрт арасында кең тараған: “Туысқан бар болсаң көре алмайды, жоқ болсаң бере алмайды” деген нақыл сөзде айтылғандай, шынында да, қазақтар “барды көреалмаушылық”, “күндеушілік” қасиетке ие халық. Бұл қазақтың қасиеті – оның бойындағы қасіреті. Оның көп жағдайда өз үлесінен құр қалып, шығар биігіне жете алмай, аларын ала алмай қалып жүруінің басты себептерінің бірі де, міне, содан туындаған бірін-бірі көреалмаушылық, іштарлық, күндеушілік. Бұл қасіретке жататын небір жағымсыз қылық-әрекеттерді біз өмірден жиі кездестіреміз >

* * *

* “Қазақ – өзіне келгенде батыр да, ал басқаға келгенде мәймөңкелегіш халық” (Досмұхамбет Кішібеков) <қазақ бойындағы батырлығын да, батылдығын да, өжеттігі мен өшпенділігін де ең алдымен өз халқына, өз тумаларына көрсетуге бейім, ал басқа ұлт өкілдерінің алдында ондай мінез-қылық көрсетуден тартынатын, тіпті кей жағдайда қазакеңнің кейбір ұл мен қыздары басқалардың алдында мәймөңкеленіп, жалпақшешей болып кететін де әдеті бар дегенді аңғартып тұр бұл пікір. Оның тарихи себептері де жоқ емес сияқты (Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. Алматы: Ғылым, 1999. 150-б.) >

* * *

* “Қазақ – өзіне қарсы іс-әрекет жасап, өздері жонған оқпен қандас ағайындарын атқылаған “мырзалар” мен “ханымдар” (Газет бетінен) <“олар бүгін қаннен-қаперсіз өзімізбен қауқылдасып, бір ұжымға кіріп, ештеңе болмағандай ешбір кінәсін мойнына алмай, сән-салтанат құрып

жүр”, деп сынайды автор қазақ “мәңгүрттерін” және мәңгүрттікке бойы үйреніп кеткен жүртшылықты (Ана тілі. 12 мамыр 1995)>

* * *

* “Қазақ — өзіне-өзі жау халық” (Қаныбек Сарыбаев) “қазақтың өзінен басқа жауы жоқ” деген Абай сөзімен мағыналас: сырттан жау келе қалса, бір намысты ту етіп біртұтас болып біріге қалатын қазақтың бейбіт кезде іштей жіктеліп, өзара жауығып, айтысып-тартысып жататын әдеті де бар демекші. Бұл қасиет пен бұл әдетті сан алуан саққа жүргізіп, сан түрлі деректермен дәлелдеуге болады. Бірақ айыпты жалпы халыққа арта салуға болмайды. Бұл, сайып келгенде, халыққа көлеңкесін түсіретін әлеуметтік топтар мен жеке адамдардың жаман іс-әрекетінен, бұзық пиғыл, тоғышарлық қылығынан туындап, ел жадында сақталған пікір, барша қазақты өзім деп, бір атадан тараған туыс деп қараудан туындаған, ащы болса да, әділ пікір. Әдебиет үлгілеріндегі: “Аңыратып өз Ақанын, Өз Құрманын қамаған, Өлтіріп өз Маханын, өз Абайын сабаған — қазақпыз ғой біз деген ...”, “Қолдағысын жоғалтып, Жоғалтқанын іздеген, Өзді-өзі көз алартып, Жаттан күдер үзбеген ... — Қазақпыз ғой біз деген” деген сөздер де осы пікірдің бір айғағы болса керек>

* * *

* “Қазақ — өзіне-өзі қастық ойлайтын халық” <бұл — “қазақтың өзінен басқа жауы жоқ” деген Абайдың пікірімен астарлас сөз; қастық істесе басқадан гөрі өзіне істейтін, өйткені атысуға да, шабысуға да, айтысуға да, тартысуға да оңай, бірінің сырын бірі, артықшылығы мен кемшілігін жақсы білетін туыс — қаракөздер. “Ауру — астан, дау — қарындастан”, “Жат — сыйласуға, ағайын — атысуға жақсы” деген халық даналығы да осы пікірді мойындайтын сияқты>

* * *

* “Қазақ — өзіне-өзі тасбауыр, безбүйрек халық” (Ел аузынан) <шынында да, “жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін” дей отырып, қазағым кейде өзіне келгенде қатыгездік білдіретіні рас. “Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын” деп көлгірситін қазекем енді бір айналып, “Ауру — астан, дау — қарындастан” деп, бәленің бәрі жақын туыс, қатар жүрген адамдардан болатынын да жасырмайды. Солай дей тұра, “Ағайынның азары болса да, безері жоқ”, “Ағайынның бар болса, көре алмайды, жоқ болса, бере алмайды”, немесе “Ағайын өсекке қиса да, өлімге қимайды” деген бірде олай, бірде былай, солқылдақ, қарама-қарсы пәлсапамен бірдей келісіп, өмір сүріп келеді.

Алайда, өмір шындығына жүгінсек, қазақтың өз туганына, өз перзентіне өзі істеген тасбауыр, безбүйрек қылықтарынан аяқ алып жүруге болмайды. Ахмет, Сәкен, Шәкерім, Міржақып ... басынан кешірген қасіреттер осының айғағы ...>

* * *

* “Қазақ – өзіне-өзі төрелік жүргізе алмай отырған ұлт” (Ғабит Мүсіреп) <автор бұл пікірін: “Қазіргі Қазақстан қоғамында қазақ ұлтының қағаз жүзінде ғана өкілетті орны бар ма? деп те күйінесің кейкейде, түптеп келгенде тамырынан түңілгендей бұл қазақтың жағдайы” деп тұжырады. “Шүкіршілік ететін, меншікті мемлекеті, төл туы, еншісінде елтаңбасы бар. Мемлекеттік деп айдар тағатын, ұлтқа тән рәміздердің бәрін еншілеген. Шекарасы да, карта бетінде қолтаңбасы да қалыптасқан. Билік тізгінін ұстағандардың да көпшілігі жергілікті ұлт өкілдері. Бірақ ұлттық мүддеден ылғи ұтылыс тауып келеміз. Бар мәселе “қазақ” деген халықтың атын алған мемлекет тұрғысынан қозғалып келеді, бірақ онда қазақ жұртының мүддесі ескеріле ме? Осыны айту ұлтшылдық па? Қазақ ана тілінде сөйлесе ұлтшылдық болғаны ма? Ал, ұлт мүддесін тек ұлттық тілде ғана қорғау жарасқан. Бірақ басшылар одан жасқанады. Қазақ халқының мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын қоғамдық ұйымдардың ауызбірлігі жоқ. Бұларға орыстілділер құрған партиялар келіп қосылып жатыр. Бұлар көтерем болып қалған қазақ рухын жаңа белеске шығара алмайды, қалғып кеткен қазақ рухын ұйқысынан оята да алмайды. Қазақстандағы байлықтың қаншасы қазақтың өз иелігінде? Ал, шетелдік инвесторлар мен қалтасы қалыңдар арасында қазақ мүддесіне, ұлт мәселесіне жанашырлар аз. Ұлттық мүддеде ұтылыс тауып отырғанымыздың бір ұшы осында” дейді автор. Қоғамда лоббизм қалыптаса бастады (“байлық кімде болса – билік сонда”), т. б.

Міне, осы құбылыстардың барлығы бүгінгі қазақтардың өзіне-өзі төрелік жүргізе алмай, ұлттық мүддесін қорғай алмай отыруына себеп болмақ деген уәж айтады автор (Мүсіреп Ғ. Қазақ рухы қалғып кеткен секілді // Егемен Қазақстан. 13 тамыз 2002)>

* * *

* “Қазақ – өзінен гөрі өзгенің қамын көбірек жейтін халық” <бұл да қазақтың болмысына тән қасиеттердің бірі. Қазақ тіліндегі: “Жартыны жарып жеу, бүтінді бөліп жеу”, “Өле жегенше, бөле же”, т. б. осы сияқты сөздер халықтың кеңпейіл, кең дастарқан, көңілі дарқан екендігін көрсететін деректер. “Өзінен гөрі өзгенің қамын көбірек жеу” дегенді халқымыздың бойына сіңген, әдеті мен салт-дәстүріне мықтап еніп, қалыптасқан тұрақты қасиет десе болады>

* * *

* **“Қазақ – өзінен өзге досы жоқ халық”** (Ел аузынан) <жақын дос саналатын басқа жұрт бола тұрса да, шынтуайтқа келгенде, өз ұлтыңнан артық, одан жақын, одан сенімді халық жоқ дегенді аңғартып тұр>

* * *

* **“Қазақ – өзін-өзі жамандайтын халық”** (Абай) <ақынның “қазақтың өзінен басқа жауы жоқ” деген сөзінің бір мәнісі – олардың өзін-өзі, әсіресе тірісінде жиі жамандауында, мақтаудан да бірін-бірі даттауының көбірек болуында. Рас, қазақтар да бірін-бірі мақтайды. Мадақтайды. Бірақ ол әдетінде көбінесе пендешілік есеп болады. Қазақтың бірін-бірі өлгенше мақтауы, әдетте, тіршілікте емес, өлгеннен кейін болады. Бұл жөнінде ұлы Абайдың “Қазақта өлгенінің жаманы жоқ, тірісінде жамандаудан аманы жоқ” деген сөзі дәл айтылған >

* * *

* **“Қазақ – өзін-өзі қорлайтын халық”** <қазақтар “Жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін” дей тұра, “Ағайын өкпеге қиса да, өлімге қимайды”, “Ағайынның азары болса да, безері жоқ” дей тұра, кейде өздерін-өздері аямайтынына, атақты адамдарын ел алдында аяққа басып, масқара ететініне нақтылы мысалдар келтіруге болады: – Дүйім жұрттың алдында халқының аса талантты ерке ұлы – Біржан салды сабаған поштабай кім? – қазақ. – Алаштың біртуар ұлы, заманының данышпан ақыны Абайды таяққа жыққан кім? – сол қазақтардың өзі; – Қазақтың маңдайалды дарынды ұлы – Шәкерімді атып өлтірген кім? – қызыл жендет қазақтардың өздері; – Халқының намысын қорғап кеткен батыр ұлы, арқалы ақыны – Махамбеттің басын алған кім? – қазақтардың өздері (Ықылас Төлеев); – Қазақтың ұлттық санасын ояту үшін, жарқын болашағы үшін қанишама қажырлылық көрсеткен кешегі біртуар азамат, ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз Ахмет Байтұрсынұлының “етегінен алып, балтырын қанатқан иттер” кімдер еді? – басқа емес, сол баяғы қазақтардың өздері болатын; – Көп жылдар бойы ел билеген, Қазақстанның мәртебесін көтеріп, қазақ халқының мерейін үстем етуге зор еңбек сіңірген мемлекет қайраткері, адал жан, асыл азамат Дінмұхамед Қонаевтың басына қиын-қыстау іс түскенде, “Жау жағадан алғанда, бөрі – етектен” дегендей, аяққа басып, таптай бастағандар кім еді? – әрине, сол қазақемнің өзі болатын. Бұл тәрізді мысалдардың тізімін соза беруге болар еді. Бірақ мәселенің түйіні фактіде емес, басқада – “өз азаматын өздері айдай әлем алдында қорлау, абыройын төгіп, масқара ету, сол арқылы өз халқының беделін түсіріп, намысын аяқпен таптау” қазақ халқының бойына тән кінәраттың бірі, этностық менталитеттің бірегей сыры болуында. “Күнәсіз азаматын

қорлау, масқаралау, абыройын төгу, беделін түсіру, тіпті күнәсіз өлімге де қию” бір басқа да, “айыпкерді жазалау” екінші мәселе; екеуінің арасында жер мен көктей айырмашылық бар. “Өсер елдің баласы бірін-бірі “батыр” дейді, өшер елдің баласы бірін-бірі “қатын” дейді” деген нақыл сөзді аузымен айтса да, аласапыран заман туа қалғанда, тіпті тілегі бір замандастар мен жүрегі, сезімі бір туыстардың өздері де іс жүзінде мінезі өзгеріп шыға келетін әдеті – жалпы қазаққа тән қасиеттің бірі болса керек >

* * *

* “Қазақ – өзінің бейнелілігі мен суреттілігі жағынан бөлекшеленіп тұратын көркем тілімен, айшықты да әсем фольклорымен бұрын да, қазір де даңқы шығып жүрген халық” (С. Е. Малов) <барша жұрт мойындайтын қазақтың шешендік, ділмарлық қасиетіне байланысты айтылып тұрған бұл пікір оның ұлттық менталитетін сипаттайтыны да белгілі. Түркі әлеміне әйгілі бұл галымның (С. Е. Маловтың) қазақ тілінің көркемділігі мен бейнелілігі туралы айтып отырған бұл пікірі қазақтардың барлық түркі тілдес туыстарының ішінде сөзге шешен екенін танытып тұр >

* * *

* “Қазақ – өзінің бүтінгі барымен ғана емес, өткен өмірімен де, өз жерінде қалыптасқан рухани-мәдени байлығымен де бүкіл әлем алдында мақтана алатын халық” (Әбдуәли Қайдар) <Есік қорғанынан табылған “Алтын адам” ескерткішіне байланысты ойларын өкіметке жолдауында айтқан пікірі >

* * *

* “Қазақ – өзінің бірлігі арқасында ғана соншама ұлан-ғайыр жерді сақтап қалған халық” (Қалтай Мұхамеджанов) <қазақ халқының соншама ұлан-ғайыр даланы иеленіп, сыртқы жаудан ғасырлар бойы аман сақтап қалуының бір себебін автор оның “жау жағадан алғанда, бөрі – етекпен” дегендей жағдайда ауызбірлігін сақтап қалуынан деп көрсетіп отыр >

* * *

* “Қазақ – өзінің де тарихта салып кеткен жолы, қалдырған мұрасы аз емес халық” (Зақай Төлешұлы) <автордың бұл пікірі кейбіреулердің “қазақ өзінің байырғы мәдениеті жоқ, көшіп-қонумен күн кешіп келе жатқан халық” деп кемсітіп, құстаналауына қарсы айтылған, тарихи шындыққа жанасатын өзіндік уәж. Бұл пікірді қазақ халқының көшпелілер мәдениетіне қосқан өз үлесі де бар деп түсінген жөн (Төлешұлы З. Өзімдікі тұрғанда өзгенікін қайтейін // Ана тілі. 14 шілде 1994) >

* * *

* **“Қазақ – өзінің көшпелі өмірінде сұлулық пен сәнділікті тек жылқыдан таныған халық”** (Әбдуәли Қайдар) <жылқы малының болмысынан барша сұлулықтың белгілерін тани білген қазақ халқы оны ең алдымен асқан сұлу арулармен салыстырады. “Сұлу әйел сұлу жылқы сияқты – көздің құрты, жүректің дерті” деп мақалдауының мәнісі де осында. Барша сұлулық пен көрікті-көркемдіктің сәнін өз бойынан таба білетін аруды да қазақ атам сұлу жылқымен, құлынның тұлғасымен ғана салыстырып тұрған жоқ па?>

* * *

* **“Қазақ (қырғыз) – өзінің моральдық қасиеті, ақыл-ой қабілеті жөнінен отырықшы татар немесе түркі шаруаларына қарағанда әлдеқайда жоғары тұрған халық...”** (Шоқан Уәлиханов) <автор өзінің осы ойын былайша дәлелдей түседі: “Осынау дала көшпелілерінің ақынжанды болып келетіні, ой-қиялының жүйрік болып келетіні мұңсыз-қамсыз көшпелі тіршіліктің арқасы болу керек немесе ашық аспан астында, шет-шегі жоқ шүйгін дала аясында ғұмыр кешкен соң табиғат шіркінді тәңірі тұтқандықтан да болар... Татар атаулы халықтар арасында өзіндік ақындық қабілет-дарыны жөнінен қырғыздар (қазақтар) бірінші орында болса керек...” деп көрсетеді. Бұл дерек Ш. Уәлихановтың “Тағылым” атты мақаласында келтірілген (Білім және еңбек. 1985. № 11. 36-б.)>

* * *

* **“Қазақ – өзінің өткен тарихы үшін ешкімнен де ұялмайтын халық”** (Досмұхамбет Кішібеков) <бұл пікір ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың “Қазақ тарихында ұялатын ештеңе жоқ”, “Біз бірде-бір елдің жерін жаулап, даламызға қосып алған емеспіз” (Қазақ әдебиеті. 27 наурыз 1998) деген ойының жалғасы іспетті. Шынында да, қазақ халқы өз тарихында мал жағдайымен көшіп-қонып, бытыраңқы өмір сүрді: бір жағы Орталық Азия, шығыста Саха жеріне дейін, терістікте Төмен, Өренгой, Сорқұт, батыста Терістік Кавказ, Қаратеңіз терістігіне дейін, оңтүстікте Сейхун (Сыр) мен Окс (Әму) дариялары – Тұран жеріне дейін жайылып, өрістеді. Көшпелілер мен отырықшылардың арасында жер үшін қақтығыстар да болып тұрды. Мәселен, Қоншақ хан мен Новгород князы – Игорь арасындағы қақтығыс. Бірақ бұл жер үшін соғыс емес. “Ал енді Шыңғыс хан, Бату хан жорықтарына қазақ халқы айыпты емес. Көшпелілер жөніндегі кері ұғым, оларды тағы, жаушы етіп көрсету дұрыс емес, олай көрсетудің себебі де белгілі. Үстем тап әдетте өз саясатын халық қолымен жүргізеді, т. т. (Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. Алматы: Ғылым, 1999. 150–151-бб.)>

* * *

* “Қазақ -- өзінің таңсығын менсінбей, біреудің қаңсығын дәріптейтін халық” (Ел аузынан) <бұл қазақтың “Біреудің қаңсығы – біреуге таңсық” деген мақалына байланысты айтылып тұрса да, бұған өмірдегі көптеген көріністерден дәлел келтіруге болады. Мәселен, қазақтың тамаша салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары да аз емес: үлкенді құрметтеу, қонажайлылық, мейірбандық, туысқанды сыйлау, т. т. Көрші орыс халқының салт-дәстүріне көбірек ден қойып, соған үйрене бастаған қазақтар өзінің бұл қасиеттеріне мұрнын тыжырайта қарап, оларды жақсына бастады; сондағы тапқаны, үйренгені балаларының ата-аналарына қарамайтын, қарттар үйіне тапсыратын, үйіне қонақ қондырмайтын, көршімен араласпайтын, араққұмарлық, т. б. осы сияқты жаман әдеттері >

* * *

* “Қазақ – өлген адамның рухына табынатын халық” (Ел аузынан) <бұл тым ертеден келе жатқан дәстүр. Әлемде белгілі болған Давидтің Саулды жоқтауы, Гомердегі Ахиллестің Патрокл моласының басында тұрып оны жоқтауы, ежелгі Шумер эпосындағы Гильгамештің досы – Энкидудың өлігінің басында тұрып жылауы – осылардың бір көрінісі қазақ дәстүрінде де көптеген өзіндік ерекшеліктерімен сақталған. “Өлі риза болмай, тірі байымайды” деген, халық Құран сөзіндегі табынатын тағылымның күні бүгінге дейін сақталып келуі – осы пікірдің бір айғағы >

* * *

* “Қазақ – өліге бас игенмен, өлімге бас имейтін халық” (Әбіш Кекілбаев) <қазақ халқының бір қасиеті – өлгендерді аруақ тұтып сыйласа да, өлімнің өзінен қорықпайтыны >

* * *

* “Қазақ – өмір тарихы, тұрмыс салты, әдет-ғұрпы, мінез-құлқы айна қатесіз бірдей халық” (Собит Мұқанов) <“Киіз туырлықты қазақ” деп аталатын бұл халықтың барлық жағынан ала-құла болмай, “Октябрь революциясына дейін тұтас мемлекеті болмаса да, осыншама тұтастыққа, тұрақтылыққа, бірқалыптылыққа ие болуы таңғаларлық құбылыс” деп қарайтын автор оның әр алуан себептерін талдап-таратып көрсетуге тырысады. Тұтастықтың бір көрінісі – диалектілерге бөлініп, жіктеліп тұрмайтын біртекті (монологты) тіл. Екінші бір көрінісі – о баста қырық рудан құрылып, біртұтас халық болған қазақтардың тұтастығы мен ортақ негізін сезінуі, т. т. (Мұқанов С. Таңдамалы шығармалары. 15-том. Алматы, 1979. 37-б.) >

* * *

* “Қазақ – өнерсіз бола тұра, көпке шейін бөтен жұрттарға бағынбай келген халық...” (Ахмет Байтұрсынұлы) <оның себебін Ахметтің өзі “түрліше жоруга болады” дей келіп: “не қазақ бұрынғы заманнан-ақ мықты халық болған, не көшпелі болуына байланысты сынаптай сырып, ешкімнің қолына тұрмауынан, не ауданы үлкен кең даланың сол замандағы оны қоршаған көрші жұрттардың уысына сыймағандығынан” деп түсіндіреді (Байтұрсынұлы А. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1989. 186-б.)>

* * *

* “Қазақ – өркениеттің тар жол, тайғақ кешуін сан мәрте басынан өткеріп келе жатқан халық” (Балтабек Төлебергенов) <қоғамдық-әлеуметтік дамудың небір ұзақ та қиын-қыстау жолдарынан өтіп, бүгінгі дәуірге аман жетіп, еркіндігін, тәуелсіз ел екендігін әлемге таныта бастаған қазақ халқының (Қазақстан Республикасының) өзіндік қасиетін паш етіп тұрған пікір>

* * *

* “Қазақ – өте ертеден-ақ тамырланған мәдениетті халық” (Зақай Төлешұлы) <автор өзінің бұл пікірін “қазақтың көне өз мәдениеті тұрғанда, басқалардың мәдениетіне бас иіп, жалбарына берудің қажеті жоқ” деген идеясы мен патриоттық сезіміне байланысты айтып тұр. Ол осы ойын “Қазақтың да өзінің тарихта салып кеткен жолы, қалдырған мұрасы аз емес. Қазір Ресей жарасын жалап жаза алмаған жаралы жолбарыстай ұрынарға қара таба алмай тұрғанда, аяғына жығылып, етегіне жабысып, сүйретіліп табына берудің мәні жоқ” деген пікір айтады (Ана тілі. 14 шілде 1994)>

* * *

* “Қазақ – өткенге салауат айтып, бүгінге береке-бірлік тілейтін халық” (Ел аузынан) <небір қайғы-қасірет, зұлмат, нәубеттердің бәрін басынан кешірсе де, оның бәріне “өткен іс”, “болары болған, бояуы сіңген оқиға, сондықтан оны жөндеу кеш, қалпына келтіру қиын” деп қарайтын, бар жақсылықты ендігі жерде алдан, болашақтан күтіп, ертеңнен үміттенген жөн деп қарайтын, болғанынан гөрі болатынына көбірек мән беретін халық>

* * *

* “Қазақ – өткен-кеткенде ешқандай тарихы болмаған халық” (Газет беттерінен) <кешегі тоталитарлық жүйенің, советтік идеологияның ұстанған бір принципі бойынша патшалық Ресей заманынан бастап

бұратана саналған (орыстармен салыстырғанда) қазақ, қырғыз, татар, башқұрт, т. б. ұсақ халықтардың хатталып, қағазға жазылған өзінің төл тарихы болмаған деген қауесеттің кең етек жайып келгендігі белгілі. Ал, шын мәнісінде, басқа өркениетті елдер сияқты, қазақ халқының рутайпа, ұлыс, халық болып қалыптасқан, хандық құрып, дәурендеген өзінің азаматтық, мәдени, әлеуметтік, этностық тарихы болғандығы қазақ халқының егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болғаннан кейін ғана ашық айтылып, деректі түрде жазыла бастады >

* * *

* **“Қазақ – өтірікші халық”** (Ел аузынан) <мұндай да пікір бар, ол “уәдесінде тұрмау, айтқанын сиырқұйымшақтатып, созбұйдаға салып, “көрейік” деп орындай қоймайтын әдетке байланысты қалыптасқан пікір. Бір мысалы: Қазақ – қалмақ шапқынышылығы жылдарында қалмақ қонтайшысы “Қазақ халқы өтірікші халықсың, күшің келсе, қастық қылудан тайынбайсың, күшің келмесе, көшіп-қонудан аянбайсың. Достық етіп тұру үшін бір жақын, жанашыр адамыңды жібер, не (жақын көрген) балаңды жібер” деп жарлық жазып, Төле биге жіберіпті. Ол елдің тыныштығын сақтау үшін малымен бірге қолға түскен баласы Қожабекті қиып, қалмақ қолына жібереді (Төле би. Алматы, 1991. 56-б.). Сонда бұл қазақтың өтірікші емес, сөзінде тұратын халық екендігін жауына дәлелдеу үшін істелген әрекет болды ғой >

* * *

* **“Қазақ – парықсыздығы мен жалпақшешейлігі бар халық”** (О. Сәпиев) <бұл қасиеттердің де қазақ болмысынан табылатындығы шындық. “Парықсыздықты – адам баласының (сондай-ақ, әлеуметтік топтың, тіпті біртұтас қауымның да) кейде қалың ортада қалыптасқан өлшем-меже мен дәстүрінен шығып, асып-тасып кететін, дарақыланып, асыра мақтанып кететін әдеті” десек, сол әдетті біз қазақ халқының бойынан да жиі көреміз” дегенді, оның елдің бәріне бірдей “жайылып жастық, тұрып төсек болу” әдетін – “жалпақшешейлік” десек, ол да қазақ табиғатына тән әдет дегенді аңғартып тұр бұл пікір (Егемен Қазақстан. 25 қыркүйек 1999) >

* * *

* **“Қазақ – пешенесіне сайын далада өмір сүруге жазған халық”** (Манаш Қозыбаев) <автор: “Сол ғажайып шексіз даладай пейілі де дарқан болды, оның жүзі жарқын, әні асқақ, сөз мақамы өктемді, қимылы, қарекеті батыл, шапшаң келді. Сайын далада өзі ерікті, киімі көрікті, ән айтып, құс салып, мал бағып, емін-еркін көшіп-қону оның ғасырлар бойы қанына сіңді. Қазақ шын мәнінде дала перзені еді”, – деп қорытады

пікірін. “Бірақ, – дейді ол, – қазақтың ата-қонысы – сайын дала Еуразияны қосып жатқан геостратегиялық маңызы бар ел, қойны толы қазына жер ежелден парсы, мұңғыл, қытай, орыс сияқты көрші елдерді ғасырлар бойы мазасыздандырды. “Қазақтың сахарасы жүз құлтырған, қытай мен орыстарды қызықтырған!” деп айту содан қалған. Ол аздай-ақ жау жағадан алғанда Қоқанд, Бұхар, Хиуа хандықтары, төменгі қалмақтар мен башқұрттар, қырғыздар етектен тартты. Қалай болғанда да, даланы ғасырлар бойы сыртқы жаулардан қорғау дала перзенттерін жаугершілік өмірге үйретті”, – деп көрсетеді автор. Демек, бұл сайын даланың рақаты мен азабы тең болды дегенді аңғартады (Жауды шаптым ту байлап. Алматы: Қазақстан, 1994. 71–72-бб.)>

* * *

* “Қазақ – психолог халық” (Ел аузынан) <халық даналығы әрбір азаматтың, әсіресе оның елін қорғайтын жауынгерлік қасиетін, сарбаз-сардарлардың жан дүниесін, көзсіз ерлігі мен көрегендіктің парқын, естілік пен ессіздіктің байыбын дәл басып анықтай білген халық екенін аңғартып тұр. Мәс., “батыр – аңғал, балуан – аптық” деген бір сөзден көп нәрсені аңғаруға болады. Бұл да – қазақ болмысында аса жоғары бағаланатын абзал қасиет >

* * *

* “Қазақ – рулық байланыстары берік сақталған халық, қазақтар көзсіз берілген (фанатик) діншіл халық емес” (Хален Краг) <Данияның Копенгаген университетінің профессоры Хален Краг өзінің “Ана тілі” газеті оқырмандарына берген сұхбатында өзінен басқалардың аузынан естіген пікірі мен өзі аңғарған жағдайды айтып, діншілдік туралы ойын осылай аңғартып отыр (Ана тілі. 18 қазан 2002)>

* * *

* “Қазақ – рухани өмірі аса бай, әсіресе ауыз әдебиеті кең тараған халық” (Досмұхамбет Кішібеков) <оның себебін автор: “Табанда жанынан бір-екі шумақ өлең шығара алмайтын қазақ кемде-кем... Қазақ кез келген құбылысты өлеңге айналдыра білген. Бірінші кісі өлең ұйқасын бастаса, екінші кісі оның жалғасын табанда тауып, іліп әкететін болған, немесе табанда бірінші кісіге жауап қайтарған. Сондықтан да болса керек, қазақ суырыпсалма, айтыс, шешендік сөзі кең тараған, өлеңжанды қасиетін рухани өмірінің бір бұлағы деп қарайды. Қазақтың бай салт-дәстүрі, наным-сенімі, әдет-ғұрыптары, танымдық ерекшеліктері, сайып келгенде, рухани өмірінің толассыз бұлақтары болып саналады (Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. Алматы: Ғылым, 1994. 97–98-бб.)>

* * *

* **“Қазақ — рухы төмендеп кеткен халық”** (Алдан Айымбетов) <автор: “рухымыз жоғары болмай тұр. Рухты көтеретін тағы да сол идеология. Ұлттық рухты көтеруде көп күш мәдени мекемелерге түседі... Ал, бізде өнерде де, спортта да, ғылымда да ұлттық нышан жоқ, “қазақстандық” нышан бар. “Ашық қоғам”, “Азаматтық қоғам” деген сөз — қазақтың көзін жою, қазақтың жүретін жолына ор қазу деген сөз. Мен солай есептеймін” деп түйеді бұл ойын галым (Қиын кезде қатардан шығып қалғым келмейді // Жас Алаш. 6 шілде 2004)>

* * *

* **“Қазақ — сабырлы, салиқалы халық”** (Әзілхан Нұршайықов) <оның себебін автор: “қазақ әр сөзін айқын етіп, саралап сөйлеген. Былдырлатып жыждам сөйлеу — ұлттық өнеге емес” деп санайды (Жас Алаш. 15 ақпан 2003)>

* * *

* **“Қазақ — сабырсыз, арсыз, еріншек, көрсеқызар жалмауыз, сорлы халық”** (Абай) <ұлы ақынның өз халқының бойынан соншама жағымсыз, сұрқия мінездерді тауып, айыптауы оны жеккөргендігінен емес, қайта шынайы жанашырлық сезімінен, ашындан, патриоттық, перзенттік пиғылынан туындағаны мәлім. Осы қасиеттерін ашына айтып, Абай кезінде “сорлы қазақ сол үшін алтыбақан, алауыз” деген болатын. Өзі жасаған әлеуметтік топ арасында байқалатын осындай жағымсыз мінез, қылық-әрекеттердің тек сол адамдардың өздерінде ғана емес, барша халықтың бойына сіңіп, болмысына айналуынан сақтандырып отырғаны деп түсінген жөн бұл айыптарды>

* * *

* **“Қазақ — сақтанғыш, сақ халық”** <қазақтардың бір-біріне **“жатқан жыланның құйрығын баспа”, “жау жоқ деме — жар астында, бөрі жоқ деме — бөрік астында”** деп ескертетін себебі оның сақтығынан болса керек. **“Құдай сақтанғанды ғана сақтайды”** деп, өзіңе ғана сен дегенді де ескертеді...>

* * *

* **“Қазақ — салт-дәстүрлік санасы мол болғанымен, тарихи санасы аз халық”** (Ақас Тәжіуітов) <қазақ халқының өз тарихын білуіне байланысты айтылып отырған бұл пікірінде автор өз ойын әртүрлі сана деңгейін сөз ете келе, оның (сол халықтың) салт-дәстүрге қатысты санасының жоғары екенін мойындап, бірақ тарихи санасының тым төмен екенін дәлелдеуге тырысады. Ол үшін ол қазақ пен армяннің өткен тарихын

өздерінің білу деңгейіне тоқталып, кейінгісінің екі мың жыл бойғы тарихының негізгі оқиғалары мен атақты тұлғаларын жақсы білетіндігін үлгі етіп көрсетеді (қар. Қазақ тарихын қай ғасырдан өрбіткен жөн? // Түркістан. 20 шілде 2001). Шынында да, қазақтың тарихи санасы тым төмен екеніне таласуға болмайтын сияқты. Ол өз тарихын жөнді білмейді. Бірақ бұл халықтың айыбы емес, негізгі айып – азаматтық тарихының жүйеленіп жазылмай келе жатуында, ал оның көптеген өз себептері тағы бар...>

* * *

* **“Қазақ – салтшыл, ырымшыл халық”** (Ел аузынан) <ертедегі қазақтар ресми заң-законнан гөрі көбіне-көп халық арасында қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-кәделерге арқа сүйеп өмір сүргендігін аңғартып тұр. Қазақ дәстүрінде аяқ аттаған сайын бір ырым, жол-жоралғы, әдет-ғұрып кездесіп отыратындығы, оның орындалуы талап етілуі – оны ырымшыл халық санатына қосып тұр>

* * *

* **“Қазақ – салтынан-ақ сынап-білуге болатын халық”** (Айнұр Орынбаева, ХҚТУ, ТҚФ-612 топ) <қазақ – ежелден-ақ өз дінімен, салт-дәстүрімен ерекшеленетін түркі халықтарының бірі деген пікір. Олардың бәрін біз халық болмысының айнасы – қазақ мақал-мәтелдерінен айқын көреміз. Қазақтың болмысына тән салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенімнің баршасы оның даналық сөздерінен орын тауып, атадан балаға рухани мұра болып ауысып келеді деген сөз. “Қазақ осы “құда бол!” деп қинайтын, Құдаларын Құдайдай-ақ сыйлайтын...” (Қ. Мырза Әли) дей келіп, Айнұр “қазақ халқын оның ғасырлар бойы қалыптасқан осы тәрізді салт-дәстүрін танып-білу арқылы да бағалауға болатынын” дәлелдей түседі...>

* * *

* **“Қазақ – санадан гөрі сезімге берілгіш халық”** (Ғ. Ахмедов) <оның мәнісі: “кейде істің байыбына бармай, жоқ нәрсеге мәз болып жатады. (Кезінде) орысша киінгенге, шаш қойғанға (арағы мен темекісі тағы бар), мансапқа ие болғанға мәз болдық, ал іскерлік жағы олқы, жігерсіздік, басқалардың аузына қарау, тіпті жасасықтық, жасқаншақтық танытамыз> (Қазақ әдебиеті. 24 мамыр – 4 маусым 1999)

* * *

* **“Қазақ – саналы ғұмыр кешкен дана әжелеріне бас иіп, жүзінен иманы төгілген, көкірегі қазына, ауызы уәлі ата-бабаларды пір тұтқан халық”** (О. Сәпиев) <бұл сөз қазақтың “үлкенді сыйлау” деген көнеден

қалыптасқан ата дәстүріне бас июді, соны сақтауды, ұрпақтан-ұрпаққа ауыстырып, өмірлік, моральдық қағида етіп ұстауды баяндап тұр (Егемен Қазақстан, 25 қыркүйек 1999)>

* * *

* “Қазақ – саспайтын, ілгері баспайтын, арамнан сейіліп, сескеніп қашпайтын халық” (Мағжан Жұмабаев) <ақын “Қазақтың ру басшыларына” бағыштап жазған бұл өлеңінде қарапайым жұртты билеген билыс, рубасыларының тоғышар, енжар мінез-құлқын, әдеттерін осылай сынайды; бұл қазақты жамандау, даттау емес, кемшілігін түзету, санасын ояту мақсатында айтылған ағартушылық ой-пікірі (Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1991. 38-б.)>

* * *

* “Қазақ – сауықжанды сері ел” (К. Шаңғытбаев) <“Той мен думан, астан-кестен күй, дастан, Сауық десе, сауықжанды сері елміз” (Дала. 1999. № 1. 11-б.). Сөз мәні: қазақ – той-думанға, сауық-сайран құруға жаны құмар, сері халық деген сөз>

* * *

* “Қазақ – сәбидей үміткер халық” (Қадыр Мырза Әли)

<“Кездеріңде орман өртеген

Көмірден бетер жаныппыз.

Дегенмен, досым, ертеңнен

Үміткер сәби халықпыз” (Дала. 1999. № 1. 18-б.).

Сөз мәнісі: кезінде от боп жанған, отанын қорғап, тағдыр тәлкегінен аман қалған, бүгінде сол бір өткір де өжет қасиетін армандайтын, болашағынан зор үміт күтіп, соған балаша сенетін халықпыз дегенді аңғартып тұр>

* * *

* “Қазақ – сенгіш халық” (М. Мұхамедиұлы) <қазақ – біреудің “сен жақсы, сенен артық жан жоқ, кереметсің” дегеніне сеніп, алдағанына көне салатын, қолындағысын аямай бере салатын, “мен сондай екенмін” деп, бөркі қазандай болып мақтанатын сенгіш аңғал халық. Автор бұл пікірін:

“Біреу кеп “сен жақсы” деп алдап қойса,

Мойын сап даяр тұрсың көнер жаққа ...” – деп түсіндіреді (Үш анық. 22 (27) қараша 1992) >

* * *

* “Қазақ – содыр, сотқар халық” <“Кешегі бүкіл қазақты аузына қаратқан біртума ақын Абайды сойылға жыққан содыр қазақ, бүгін

сол қазақтың ұрпақтары Алла тағаламыздың жұмыр жердегі бір елшісі — бас муфтиіміз Ратбек қажы Нысанбайұлының Құдайдың құттыхана — мешітінде намысын қорлап, қолын сындырды...” деп жазды “Иман” газеті 1992 жылғы 6 қаңтарда күнгі санында. Қазақ халқы туралы, міне, осы сияқты әр алуан пікірлер айтылып келеді. Әрине, бұл пікірлерге біржақты қарауға болмайды. Халық туралы шынайы шындық, әділ баға осындайлардың бәрін таразы басына салғанда ғана берілмекші. **Халық арасында:** “Адамның жаманы болады, бірақ халықтың жаманы болмайды” деген де сөз бар. Бір халықтың атына жаман сөз айту, әрине, әбестік. Өйткені халықтың жаман атын шығаратын — жеке адамдар, белгілі топтар. Ондай адамдар өздерін көсем санайтындардың да, шешен санайтындардың да, лауазымды, лауазымсыз, үлкендердің де, жастардың да арасында бола береді >

* * *

* **“Қазақ — сорлы халық”** <“бағы бір ашылмай, рақат көрмеген, өмір бақи қасіреттен, нәубеттен құтыла алмай келе жатқан, маңдайының соры бес елі, қор боп жүрген халық. Моңғол қазағы Ақыт қажының: “Кейбіреу көкте жүр, Ұшқан құстан пысық жүр, Жер бетімен зырылдап, Су астына түсіп жүр, Қайда жүрсең, қор қазақ, Көш артында күшік жүр...” деген сөздері осының бір сипаты (Қазақ. 1991. № 3, 5, 8)>

* * *

* **“Қазақ — сөз баққан, сөз күйттеген халық”** (Ахмет Байтұрсынұлы) <“мұны қазақ сөз қадірін білгендіктен айтады”... “Өнер алды — қызыл тіл” деген мақалға барып саяды. Бірде-бір сөздің мән-мәнісін қалт жібермей, қадағалап отыратын халыққа тән ерекше қасиет. “Айтылмаған сөздің атасы өледі” деген де қазақтар >

* * *

* **“Қазақ — сөз қадірін өз қадірім деп білген халық”** (Ж. Ошақбаева) <бұл пікірдің авторы: “өзінің елдігін де, кеңдігін де, кемеңгерлігін де осы сөзге сыйғызған. Бітпес даудың да, бәтуасыз шудың да кесімі — сөз деп таниды. “Шешендік сөз — тек ауыз әдебиет жанры ғана емес, ол дүние туралы ел байламы, дүниенің тегі жәніндегі белгілі бір тиянақты көзқарастық позицияны арқау еткен тұжырымы, әлемді игерудің формасы, ол — табиғат, адам мен қоғам заңдылықтары туралы болжаулар, пайымдар мен ақыл-ой жиынтығы” (С. Ақатай. Инжу-маржан... Алматы, 1995. 45–46-бб.)>

* * *

* **“Қазақ — сөз өнерін ту етіп көтерген шешен де ділмәр халық”** (Ел аузынан) <“Сөз өнері — дертпен тең” дейтін қазақ барша өнердің

ішінде тіл шеберлігін ерекше әспеттейді, марапаттайды, тіл шеберлігіне ерекше мән беріп, оны өнер ретінде дамытумен келеді. Қазақтардың осы бір қасиетін кезінде В. Радлов, П. Мелиоранский, А. Янушкевич, т. б. ғалымдар аса жоғары бағалаған. Қазақ тілінде сақталған: “Қазақ – сөз қадірін білген халық”, “Қазақ – сөзге тоқтаған халық”, “Қазақ – сөз өнерін қастерлейтін халық”, “Қазақ – сөз десе, алдына жан салмайтын халық”, “Қазақ – тілі мірдің оғындай халық”, т. б. осы тәрізді пікірлердің баршасы осы тұжырымға саяды...>

* * *

* “Қазақ – сөзге сенгіш халық” (М. Ерімбетов) <бұл қазақтардың аңқау, қарапайым, аққөңілдігіне байланысты қасиет болса керек. Әжелеріміз бен аталарымызды жас кезімізде талай “өтірікті шындай, ақсақты тыңдай” қылып айтып келіп, айтқанымызға сендіргеніміз есімізде. “Неге олай болды, рас па, өтірік пе?” деп жарықтықтар тәптіштеп сұрап жатпаушы еді, аузын ашып, көзін жұмып, айтқанның бәрін шындық деп қабылдаушы еді. Бұл жалпы халқымызға тән қасиет екен. Қазақтың сөзге сенгіштік қасиетінде, бір жағынан, ақ көңілділік, арамдық ойламау ерекшелігі болса, екінші жағынан, қарапайымдық себебі де жоқ емес. “Айтты болды” деген сенгіштіктің артында көнбістік қасиет жатыр. Абайдың: “Көп айтса – көнді, Жұрт айтса – болды...” деген пікірі де осыған орай айтылған...>

* * *

* “Қазақ – сөзге тоқтаған, сөзбен жұбанған, сөзден нәр алып, қуаттанған, сөздің нарқы мен парқын жақсы білетін халық” (Ел аузынан) <бұл пікірлердің бәрі “сөз өнері дертпен тең” деп санайтын қазақтың сөйлер сөзге деген ерекше көзқарасын, сөздің күш-құдіреті, сөзбен адамның жан дүниесін жадыратуға да, әлегін аспанға шығаруға да болатындығын, әр сөздің өз салмағы, атқаратын қызметі болатындығын біле білгенін көрсетіп тұр>

* * *

* “Қазақ – сөзге тұрған халық” (К. Қайырғалиева) <бұл пікірде қазақтың сөз құдіретіне табыну, бойсұну қасиеті марапатталып тұр. Шынында да, аяқ астынан тауып айтылған аталы сөз алдында тоқтамаған қазақты бабаларымыз арсызға, ақымаққа балаған (“Аталы сөзге арсыз ғана тоқтамайды”, “Аталы сөзге арсыз жауап қайырап, Ақ пен қараны шындық қана айырап”). Қасарысқан қас жаудың қыннан суырған қылышын да, “Өліспей бітіспеймін” деп тұрған даукестерді де екі ауыз сөзбен тоқтататын сұңғыла билер, ділмар шешендер болған. “Сөз мәнісіне түсіну, сөзге тоқтау” ұлттық қасиеттің бір белгісі болған.

Қазақ қауымында айтылып, қалыптасқан даналық сөздердің біразы осындай жағдаяттарда туындап, халық жадында сақталып қалған...>

* * *

* **“Қазақ – сөзшең халық”** (Досмұхамбет Кішібеков) <автор бұл пікірін былайша дәлелдейді: “қазақ әңгімелескенде асықпай, әр нәрсенің мән-жайына жетіп, түсінуді қажет еткен. Сөйлегенде ол қашан да әңгіменің түйінін іздеген. Мәселе көп немесе аз сөйлеуде емес. Сол көп сөздің тобықтай түйінінде. Қазақ елін әр дәуірде аралап, оның мінез-құлқы жөнінде пікір түйген жолаушылар қазақ халқын “көп сөзді” (“краснобай”) деп түйіндеген. Мәселен, дәл осындай пікірді, басқа емес В. И. Даль айтқан болатын. Әрине, қазақ халқы сөзшең екені белгілі. Бірақ бұл оның мылжыңдығы емес. Қазақ сөйлегенде әр сөзге мән беріп, ойлап сөйлеген. “Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні болу керек” деп түсінген, әйтпесе сөз мылжыңға айналады. Олай болса, мақсат – көп, не аз сөйлеуде емес, мәнді сөйлеуде деп түйеді өз пікірін автор (Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. Алматы: Ғылым, 1999. 82–83-бб.).>

* * *

* **“Қазақ – суды теріс ағызған атаның баласы...”** (Ахмет Байтұрсынұлы) <бұл пікір қазақтардың өз ата-бабаларының “суды теріс ағыздады” деген сиқырлы да құдіретті күш, аңыз-әңгімеге сеніп өскен қарапайым халық екендігін аңғартады...>

* * *

* **“Қазақ – “сыйға – сый, сыраға – бал” деп жақсылыққа жақсылықпен ғана жауап беріп үйренген халық”** (Ел аузынан) <бұл қазақтың болмысына тән ұлттық ұстанымдарының (принциптерінің) бірі. Қазақ – өзгенің жақсылығын, игі істерін көрген адам міндетті түрде жақсылық істеуге, мүмкін болса, өз жақсылығын одан да асырып жіберуге тырысатын халық. Істелген жақсылыққа жақсылықпен жауап беруді әркімнің міндетті парызына, ал жамандыққа жақсылық істеу арқылы жауап беруді батырлыққа балайтын қазақтар: “Жақсылыққа – жақсылық әр кісінің ісі, жамандыққа – жақсылық ер кісінің ісі” деген мақалды тудырған. “Таспен атқанды аспен ат!” деген де осы ұлттық қасиетті аңғартады >

* * *

* **“Қазақ – сыйлықтан сыйластықты жоғары қоятын халық”** (Ел аузынан) <қазақ салтында құрметтеген қонағын, қадірлі дос-жаран, туыс-жақынды қолдан келсе, астына ат мінгізіп, иығына шапан жауып шығарып салу – сыйлаудың бір түрі саналған. Сыйластықтың сый-

сауқат бермей-ақ, алыс-беріс жасамай-ақ, көңілімен табысып, бір-біріне деген қадір-құрметін “сіз-біз” дескен шынайы сезіммен де білдіре алатын тағы бір түрі бар. Ел аузында сақталған бір даналық сөзде: “дүниеде не жақсы, не қымбат” деген сауалға: “байлық – қолға ұстаған мұз, ериді де жоқ болады”, “мансап – ұзатылар қыз – ертең-ақ ұзатылып кетеді, бұл тіршілікте бәрінен де қымбат ”сіз бенен біз” деген сыйластық” деп жауап берген екен. Халық тағылымы осылай сыйластықты бәрінен де жоғары қояды >

* * *

** “Қазақ – сыншыл халық” (Ел аузынан) <өздері өмір сүретін табиғи ортадағы сан алуан зат пен құбылыстарға, қоғамдағы адамдарға әрқашанда сын көзімен қарап, олардың өз бағасын беру қазақтар үшін ұлттық ерекшеліктердің біріне жатады. “Әке балаға – сыншы”, “Жігіт сыны”, “Қыз сыны”, “Бүркіт сыны”, “Ат сыны”, “Ел сыны”, “Жер сыны” т. б. осы сияқты деректердің бәрі қазақ халқының сыншылдық қасиетін көрсетеді. Ол қасиет, сайып келгенде, өзіндік өткір көзқарасына, зерек зердесіне, өмірлік тәжірибесіне, т. б. өзіндік ерекшеліктеріне байланысты. Көшпелі өмір тіршілігінде ондай сыншылар көзі ашық, көкірегі ояу, зерек те зейінді азаматтардың, ел басқарған көсем, ділмар шешен билердің, ақын-жырау, бақсы-балгер, саяткер, банкер, атбегі секілді кісілердің арасында көп болған...>*

* * *

** “Қазақ – сырлы сөздің парқын, өлең-жырдың нарқын жақсы білетін халық” (Мұхтар Әуезов) <“Өлеңмен айтқан билік, жырмен айтқан дау бір кезде татуларды араз, жақынды жат қылуға жараса, бір кезде іріген елді біріктіріп, ірікшінің шіріген сөзін саф қылуға жараған. Хан, қара, би, төре, аламанышыл батыр, жетекшіл қарашы – бәрі де айырмасыз сырлы сөздің қадірін білімге ұстарып, зейіні ашылған еуропалықтан кем білмеген” (Әуезов М. Әлем. Альманах, 1991. 289-б.)>*

* * *

** “Қазақ – табиғаты бұзылмаған таза халық” (Ыбырай Алтынсарин) <халықтың табиғи болмысы бұзылмаған, таза халық екендігін ағартушы еркін ойлайтын, еркін сөйлейтін қасиеттеріне байланысты деп қарайды >*

* * *

** “Қазақ – табиғатынан аңғарымпаз халық” (Ділдо Матайқызы) <автор қазақ күйіне байланысты толғанысында: “Қазақтардың қоршаған орта, жан-жануар, мезгіл болмысы да назарынан бір сәт тыс қалған*

емес. Осылардың қай-қайсысымен де біте қайнасып, психологиялық байланыста болған. Өз сезімін, көзқарасын, ішкі ұмтылыс, түйсігін арнап отырған”, – дей келіп, автор: “Бар өнерін бармақтың басына, тілдің ұшына қондырған халықты осыдан кейін қалай құрмет тұтпассың!” деп қорытады пікірін (Айналайындарым, менің. Алматы: Дайк-Пресс, 2002. 87–88-бб.)>

* * *

* “Қазақ – табиғатынан қарапайым халық” (Досмұхамбет Кішібеков) <оның белгілеріне автор: қазақтардың киген киімі мол, етек-жеңі кең болып келуін, бұл оның көшпелі тұрмысына, атқа мініп-түсуіне, малдас құрып отыруына ыңғайлы, шапанының, тонының етегі отырған орнына төсек, атқа мінсе, ердің үстіндегі көпшігі – жастық, шапаны – көрпе, кез келген жерге төсек етіп жата кетуге болатындығы жатады деп қарайды. Қазақтардың мінезі де даладай кең, әрі жазық, ашық та жайдары. Қазақ ешқашан қысылып, қымтырылып көрмеген, не айтса да қисынын тауып айтуға тырысады, сөзге мән берген, сөзіне қарай кісіге құрмет көрсеткен, уәжге тұрған. Міне, осының бәрін автор қазақтың қарапайымдылығына жатқызады (Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. Алматы: Ғылым, 1994. 87-б.)>

* * *

* “Қазақ – табиғатынан намысшыл, шамшыл, өркөкірек, өзімшіл, қызбақанды халық” (Әбдуәли Қайдар) <қазақ халқының бұл мінездері көпшілікке танымал, бірден көзге түсетін, басқа халықтармен салыстырғанда оның намысын жібермейтіні, болар-болмас нәрсеге өкпелеп қалатын, өзгенің айтқанына көне қоймайтын өркөкіректігі, қызбалығы ерекшеленіп тұратын мінез-құлықтарына жатады >

* * *

* “Қазақ – тағдыр мен Тәңірдің құзырында алуан түрлі ықпалға құшағын аша отырып, өзіндік ұлттық қасиетті сақтай білген, ол қасиетті әсте көшпенділікпен, болмаса дәстүршілдікпен шектемеген халық” (Нұрсұлтан Назарбаев) <автор: “дәстүршілікті күйттеушілер тарихтың құйтырқылығын ескере бермейді, дәстүрге балап жүрген қасиеттеріміздің талайы бір кездері жағымсыз жаңалықтар болған” деп ескертеді (Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 1999. 13-б.)>

* * *

* “Қазақ – тағдыры қиын халық, бірақ өмірден түйгені көп” (Әбдіжәмил Нұрпейісов) <жазушы қазақ халқының басынан кешкен небір қиын-қыстау күндерін, қайғы-қасіретке ұшыратқан нәубетті жыл-

дарын ескерте отырып, содан алған тарихи сабағының, көңілге түйген ой-толғанысының мол екендігін аңғартады. Осыған орай ол: “Ал, көркем сөзден түйін түйіп, тұжырым жасауға келгенде, сол қазекемнің ана замандағы кір сақал жаман шалдарының аузынан шыққан әр сөзінде қандай салмақты ой, ғаламат терең сыр жатқанына қайран қаласың. Солар ғой бір сөзінде: “Тауда жүріп, таста өскен, ағайыннан басқа өскен, Қасқырбай күлмей, кім күлсін” — деп жүрген” деп, өз ойының астарын аңғартады (Қалай ойлайсыңдар, жазушы адамға жалған сөйлеу лайық па? // Жас Алаш. 8 шілде 2004)>

* * *

* “Қазақ — талантты халық” (Нұрғиса Тілендиев) <“Қазақ — талантты халық. Әр кезеңде халық өзінің біртуар таланттарын туғызған. Әл-Фарабиден бастасақ, сонау Қорқыт ата, бертіндегі Құрманғазы, Дулеткерей, Дина, Тәттімбет, Балуан Шолақ, Біржан сал секілді үлкен дарындар — қазақ халқының бітетуа өнерпаз, дарынды халық екенін көрсетеді. Кешегі Сүйінбай, Байсерке мен Түктібай қобызшылар, Абай, Жамбыл ақындар, Иса, Әміре секілді домбырашылар мен композиторлар кез келген халықтан туа бермейді...” (Қаһарман Нұрғиса. Алматы: Санат, 1999. 174-б.)>

* * *

* “Қазақ — талпынған талабы жоқ, ертеңгісінен үміті жоқ халық” (Газет беттерінен) <бұл, әрине, өз халқының болмысы мен болашағына сенімсіздікпен қарап, бағалау...>

* * *

* “Қазақ — танып, тағылым алар тасқа басылған тарихы болмаған сауатсыз ел” (Қ. Салғараұлы) <“тасқа басылған, қайыңның тозына жазылған өз тарихы болмаған халық” деген пікір көптен бері-ақ айтылып келеді. Бұл да соны қайталайтын пікір. Алайда, халықтың өзі өткен дәуірлерде жаппай сауатты болмаса да, хат танитын, оқыған, зерделі зиялылары болған халық. Қазақ қауымы да, көшпелілердің бірі ретінде, тарихын шежіре деп санаған, өзі туралы барша деректі ауызша аңыз-әңгіме ретінде айтып, жадында сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп қалдырып отырған халық. Қалай болғанда да жазба тарихтың жөні басқа, әрине (Қазақтың қилы тарихы. 9-б.)>

* * *

* “Қазақ тарихы мен Қазақстан тарихы — екі бөлек нәрсе” (Бейімбет Ермұханов) <бұл пікіріне орай айтқан автордың уәжі: “онда... тарихымызды питекантроптан бастауымыз керек, өйткені ол 500 мың

жыл бұрын осы жерде пайда болған. Ал енді “қазақ тарихы” дегенде, кешіріңіздер, мен “питекантроп туысым еді” деп айта алмаймын. Немесе үйсін, ия қаңлы туысым еді деп айта алмаймын...” деген сияқты топшылаулар. Ол: “Сондықтан тарихы дегенде оны екіге бөліп қарау керек. “Қазақстан тарихы” десек, ол ең ежелгі дәуірден бермен қарай, ал “қазақ тарихы” десек, XV ғасырдан асыру дұрыс болмайды” деп түйеді өз ойын (Қазақ мемлекетіне қанша жыл? // Жалын. 2004. № 3)>

* * *

* “Қазақ тарихында оны ұялтатындай еш нәрсе де жоқ” (Нұрсұлтан Назарбаев) <автор өзінің бұл сөзі арқылы қазақ халқы өзінің ұзақ тарихында (ертеде де, ру-тайпа шағында да, ұлыс, халық болып қалыптасқан кезінде де) басқа бір елге өз тұсынан тиісіп, шапқыншылық жасап, ұрыс-жанжал, ашық зулымдық, не қиянат жасап көрген емес. Тарихта болып тұратын мұндай әрекет қазақ тарихында хатталып, келешек ұрпақтың жадында сақталарлықтай, қазақ қауымының бетіне басып, бүгінгі ұрпағын ұялтарлықтай әбестік әрекеттің болмағандығын ескертіп тұр. Осы арқылы автор қазақ халқының өзіндік табиғи жаратылысының бейбіт, басалқы, тыныштықты сүйгіш халық екендігін аңғартады>

* * *

* “Қазақ – тарпаң мінезді халық” (Шерхан Мұртаза) <қазақтың жуастығы да бар халық екені рас. Бірақ ол ар-намысына тигенде бұлардың бәрін бірден ысырып, аяқ астынан тулап, тарпаң аттай мінез танытатын әдеті бар. “Жуастан жуан шығады”, “Үндемегеннен үйдей бәле шығады” дейтін ескертулер қазақтың осы мінезін сипаттап тұр. Жанын жаралап, арын аяққа басып, шектен шыққан жауына ерекше қайсарлықпен қарсы шығып, алды-артына қарамай қырып-жойып кететін әдетіне тарих талай куәгер болған. Бірақ ол қазақтың шыдамы таусылғанда ғана болатын сирек құбылыс. Өйткені қазақтар қызба халық емес, төзімді, шыдамды, кешірімді, тіпті көнбіс халық санатына жатады>

* * *

* “Қазақ – таспен атқанды аспен ататын халық” (К. Сәттібайұлы) <бұл пікір кезінде Қазақстанға жақсылық істегісі келмеген, елбасы етіп Г. Колбинді жіберіп жастардың қозғалысын тудырған бұрынғы Одақтың Генсегі М. Горбачев мырзаның 15 жылдан кейін Алматыға келгенінде оның қазақтарға қылған жамандығын, 1986 ж. 16–17 желтоқсанда жазықсыз қазақ жастарын қынадай қырып, қатал жазалатқанын – бәрін ұмытып, оған құрмет көрсетіп, нан-тузын алдынан алып шығуына байланысты айтылыпты.

Онымен ғана шектелмей, СССР-дің ең соңғы бас хатшысы М. С. Горбачев осы жолы Алматыда өткізген пресс-конференцияда: “Д. А. Қонаевты орнынан аларда, ол Қазақстанға орысты жіберіңдер, мұнда ол орынға лайықты адам жоқ”... деп айтып еді... Қазақстанға Г. Колбиннің келуіне себеп болған да сол... — деп, тағы да халық сыйлаған Д. А. Қонаевтың атына қара күйе жағып, бүгінде марқұм, алдияр ақсақалымыздың аруағына тіл тигізді деп көрсетеді. Автор М. С. Горбачевтың бұл сөзінің усойқылы екендігін дәлелдеу үшін Д. А. Қонаевтың “Ақиқаттан аттауға болмайды” атты еңбегінен дәйектеме келтіреді. Қазақ халқы кімге сенерін өздері де жақсы біледі. Тек, қазақтың “таспен атқанды аспен ататын” осы бір әдетіне ғана таңғалатын сияқты автор (Жас алаш. 24 мамыр 2001)>

* * *

** “Қазақ — тәрбиені бойына сіңірген халық” (Досмұхамбет Кішібеков) <қазақ менталитетінің ең басты ерекшеліктерінің бірі — ұлттық тәрбие. “Қазақ халқының бүкіл салт-санасы, әдет-ғұрпы, мақал-мәтелдері, ертегі, жыр-термелері, ойын-сауығы, жұмбақтары мен жаңылтпаштары, айналып келгенде, тірелетіні — тәрбиелік мәселе. Олар адамгершілікке, көпшілікке, азаматтыққа баулыған” — дей келіп, автор осының бәрін тәрбиеге байланысты талдап-таратып айтып отыр. Әрбір сөзге мән беріп өскен қазақ ұрпағы жасынан-ақ соншама мол ақыл-кеңестің баршасын бойына сіңіріп ержеткен, халық болып қалыптасқан. От басында, бесігінен көрген тәрбиесін бойына сіңіріп, өскенде, ержеткенде адамгершілік парасатына айналдыратыны сөз болады... (Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. Алматы: Ғылым, 1994. 160–162-бб.)>*

* * *

** “Қазақ — тәубешіл халық” (Ел аузынан) <қазақ бүгінгі барына риза болып, ертеңіне үміт артып өскен, сол үшін Алла тағалаға бар көңілімен құлай сеніп, оған құлшына тағзым етіп келе жатқан халық демекші>*

* * *

** “Қазақ — тәуелсіздікке талпынам деп таяқ жеген, салы суға кеткен тұсы да аз емес халық” (Адам Мекебайұлы) <қазақ халқына қатысты бұл пікір де шындыққа жатады. Қазақ халқының бостандық, еркіндік, тәуелсіздік, егемендік үшін әлмисақтан бері қол үзбей күресіп, қан төгіп, қасарыса қарсы тұрып келе жатқандарын былай қойғанда, бірде жеңіске қолы жетіп, бірде жеңіліп, салы суға кеткен кезеңдерін былай қойғанда, күні кешегі (16–18 желтоқсан 1986 ж.) Желтоқсан оқиғасының өзі-ақ осы сөздің айқын айғағы. Автор да осыны айтып тұр>*

* * *

* **“Қазақ – тек қана бірыңғай бақташылықпен айналысу үшін ғана жаратылмаған халық, мұны олардың ешқандай басқа біреулердің қыспағын көрмей-ақ өз беттерімен қолдарына соқа алып, көптеген аймақтарда жер өңдеуге жаттыға бастағанынан-ақ көруге болады”** (Потанин Г. Н. *Заметки о хлебопашестве в киргизской степи // Газета для сельских хозяев. 1861. № 18*) <қазақтар Ресейдің бодандығын қабылдағаннан кейін патша өкіметі қазақ жерінде шептер, қорғандар құрып, қазақтардың жайылым жерін тартып алып, өрісін тарылта бастайды. Жергілікті қазақтар отырықшылыққа, егін шаруашылығымен шұғылдануға мәжбүр болады. Осыған байланысты сол кезде өз пікірін айтқандардың бірі Г. Н. Потанин болса, екіншісі – Батыс сібір Бас Басқармасының генерал-губернаторы >

* * *

* **“Қазақ – терең тамырлы, сан тармақты ел”** (Қ. Назарбаев) <қазақ халқының түп-тұқиянына, қалыптасуына тереңнен қарап, тәптіштей зерттегенде оның тек-тамырының тым тереңде жатқандығын, оның сан салалы тармақтан тұратын кең-мол дүние екендігін аңғартып тұр бұл пікір >

* * *

* **“Қазақ – теріс туған, керіс қуған халық”** (Ұлықбек Есдәулет) <автор “Қазақтар” деген өлеңінде: “Қазақ деген бір ел бар теріс туған, Өнер қуып болған соң, керіс қуған...” (Ана тілі. 23 қыркүйек 1999) дейді. Бұл сөздердің мәні: қазақ бойында қиқарлық пен қисықтық мінез де бар, ол өнердің де барлық түрін меңгере алады, сөйте тұра, айтыс-тартысқа, ұрыс-керіске бейім тұратын халық дегенді аңғартады >

* * *

* **“Қазақ – тойшыл халық”** (Е. Кәпқызы) <бұл пікір екі түрлі ой-толғамды: қазақтардың, әсіресе егемендік алып, тәуелсіз мемлекет болғаннан кейінгі жылдары (1991–2000) есін жинап, еңсесін көтеруіне байланысты қазақ жерін аман алып қалған батыр да дана ата-бабаларының, хандар мен билерінің рухын жаңғыртып, көне қалалары мен тарихи оқиғаларды еске алып, өткізіліп жатқан көптеген үлкенді-кішілі тойларды, біреу оларды мақұл көрсе, енді біреулер онша қаламайтынын аңғартатын сияқты. “Идет кезіндегі той” (“Пир во время чумы”) деп қарайтындар да жоқ емес. Қалай болғанда да, қазақ болмысынан-ақ тойшы, қызық-тамашаны жақсы көретін халық екені белгілі (Түркістан. 20–26 қазан 2000) >

* * *

* **“Қазақ – тоқмейіл халық”** <тоқмейілдіктің мәні: “бар ғой, Құдайға шүкір!”, “осы да болады, осыны бергеніне де Аллаға ризамыз!” деп барын қанағат тұтып, жоғына салауат деп жүре беретін қазақтың әдемі” >

* * *

* **“Қазақ – тоталитарлық қоғамның құрсағында жүріп те өзінің әлеуетін әлемге танытқан халық”** (Баққожа Мұқай) <кешегі өткен (1991 ж. дейінгі) тоталитарлық жүйе, партократиялық дәуірді бас салып жамандаушыларға қарсы пікірін автор өте тиімді деректермен дәлелдей отыра, өз ойын осылайша толғайды. “Өткен ғасыр қазақ ұлтына ештеңе берген емес, қайғы-қасіреттен көз ашқан жоқпыз” десек, тарихқа қиянат, ақиқаттың бетіне күл шашқан болып шығамыз... деп, көптеген мысалдар келтіреді... (Ел мүддесі // Парасат. 2001. № 4)>

* * *

* **“Қазақ – төзімділігі, көнбістігі, аңқаулығы бар халық”** (О. Сәпиев) <бұл да шындыққа жанасатын пікір. “Мың өліп, мың тірілген қазақты” төзімді, шыдамды, көнбіс демей, бірінен кейін бірі ауысып қайғы-қасіретке ұшыратқан нәубеттердің бәріне шыдап отыра беруін аңқаулық демей не деуге болады (Егемен Қазақстан. 25 қыркүйек 1999)>

* * *

* **“Қазақ – төрт құбыласы тең, іргелі ел”** (Ел аузынан) <қазақ – кең-байтақ жері бар, сол жерінің асты-үсті толған байлығы бар, өзіне тән өнері бар, бай да біртұтас тілі бар, діні бар, өз билігі өзінде тәуелсіз ел, ғылым-білімі бар, төрт құбыласы тең ел екені рас>

* * *

* **“Қазақ – төтеден өткел тапқыш халық”** (Қабан жырау) <небір аласапыран, алай-түлей замандарды басынан кешіріп келе жатқан қазақтардың біратола құрып кетпей, жер бетінен ада болмай, қайтадан жөнделіп, қайта жаңғырып, жаңаланып келе жатуының бір сыры – оның төтеден жол тауып, өмір өрісін өзгерте білуіне, өміршең қасиетін сақтауына байланысты дегенді аңғартып тұр бұл пікір...>

* * *

* **“Қазақ – туған елін жүрегінің құндағында бөлеп жүретін халық”** (Баққожа Мұқай) <автор “Сағындым туған елімді...” (Парасат. 2003. № 9) атты мақаласында Қазақстаннан тыс жерлерде жасайтын (солың ішінде Мәскеуде тұратын) қазақтардың жай-күйін, Атажұрт, Атамекеніне деген жүрегің кернеген сағынышын кең түрде баяндай

келе, бұл жағдайдың мән-жайына көз жеткізе, терең түсіне келе осы қорытындыға келеді>

* * *

* **“Қазақ – туысқаншыл, бауырмал халық”** (Ел аузынан) <қазақтың бұл ерекше көзге түсетін ежелгі қасиеті. Бұл қасиеттің төркіні жеті атаға толмай қыз алыспайтын салтында жатыр. Жеті атаға дейінгі ұрпақ ертеде бөлінбей бірге өмір сүрген, туысқандық сезім, өзара сый-құрмет, бауырмалдықтың дәстүрге айналуына себеп болған. Туыстық қатынас пен жақындықтың, сүйек шатыстықтың иерархиясы жүйелі түрде таратылып, олардың әрбір түріне мән беріліп, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, дәстүрге айналуы халықтың бұл қасиетін осы күнге дейін шыңдай түсуде. Ер-азаматтың өз елін, туыстарын, нағашыларын, жас келіннің төркінін сыйлауы, т. т. – керемет дәстүр>

* * *

* **“Қазақ – түбі қырық рудан (қазақша бұны жаман атайды) құрылған халық, “қазақ” деген ұғымның аясына біріккен хандық”** (Дулат Исабеков) <автордың бұл ойы қазақ мәдениетіне байланысты, “Діннің өзгеруі мүмкін, мәдениет өзгермесін” деген мақаласында айтылып отыр. Ол: “Біз Шыңғыс ханның жорығынан кейін құрылған мемлекеттерміз ғой. Кешегі сақтар, үйсіндер, оғыздар, ғұндар, найман, ойрат, қалмақ, түріктер бірігіп, осы жерде қалып, құранды мемлекеттерден құрылған қазақ. Мысалы, үйсін өз алдына мемлекет болды, найман өз алдына хандық болды, осылай келіп, бұлардың басы “қазақ” деген ұғымның астына біріккен. Әр жаққа тарту дәстүріміз содан қалды ма екен деп ойлаймын” – деп көрсетеді (Қазақ әдебиеті. 18 сәуір 2003)>

* * *

* **“Қазақ – түгел сөзді тыңдауға жоқ халық”** (Абай) <қазақ қауымында кең тараған “Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би” деген сөз бар. Осындағы “түгел сөз” – қазақтың барша болмысын, дүниетанымын, өмір-тіршілігін, салт-дәстүрін, ой-санасын өз қауызына сыйғызып, сипаттап, көңілімізге қондырып отырған сөз байлығы, оның терең мән-мағынасы. Ұлы Абай “Түгел сөзді тыңдауға жоқ қой қазақ” деп, жырға қосуындағы мақсаты – сөз арқылы айтылмайтын даналық, өнеге, өсиет жоқ, өкініштісі – қазағымның соның бәрін түгел тыңдап, құлағына құйып алу әдеті жоқ дегенді аңғартып тұр>

* * *

* **“Қазақ – түрлі нышандарға мән беретін халық”** (Досмұхамбет Кішібеков) <ол нышандарға автор: “Айың тұсын оңыңнан, Жұдызын

тусын солыңнан!"; "Жол иесі – Қамбар-ау, Шөл иесі – Қамбар-ау, Қарағыма жар бол-ау!". Иттің ұлығанынан, жапалақ құстың үй төбесіне қонғанынан, Күннің тұтылғанынан, Айдың қоралануынан, жер қозғалғанынан, т. б. қорқып, жамандықтың нышаны деп танып, садақа беру әдетін, жауын тілеп, тасаттыққа мал шалуын, малшы халықтың "Көктен тамдыр, Жерден өндір!" деп тілек тілеуін, т. б. осы сияқты салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым мен тыйым, наным-сенімдерді, т. б. нышандық белгілерді жатқызады (Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. Алматы: Ғылым, 1994. 105-б.)>

* * *

* **“Қазақ – түсі жылы, жайдары, бет-әлпеті ашық халық”** (Досмұхамбет Кішібеков) <автордың бұл пікірі, шынында да, кейбір басқа халықтармен салыстырғанда айқын байқалатын қазақтың барша-сына тән иманжүзділігін, жылышырайлығын сипаттап тұр. Оны автор қазақтың жан дүниесінің кеңдігінен, ақылдылығынан, парасаттылығынан деп санайды. Кейбір халықтардың сырт тұлғасынан, бетпердесінен, қас-қабағынан, сөйлеу мәнері мен қимыл-өрекетінен байқалатын керенау-кереңдік, кеудемсоқтық, сызданып тұратын өзімшілдік, өктемшілік, т. б. қасиеттер қазақ халқында көзге көп түспейді. Бұл тәрізді психикалық фактор қазақ этносының табиғатына тән, менталитетіне сіңген төл құбылыс емес (Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. Алма-ты: Ғылым, 1994. 88-б.)>

* * *

* **“Қазақ (менің қазағым) – тым намысшыл халық”** (Қасым Қайсенов) <Халық қаһарманы, атақты партизан, белгілі жазушы Қасым Қайсенов өзінің 85-ке келген мерейтойында (Алматы, 21 мамыр 2003 ж.) сөйлеген сөзінде бұл пікірін қазақ халқының өзіндік бір қанға сіңген қасиетін көрсету үшін, өз басының намысшыл күйін аңғарту үшін осылай деген еді. Шынында да, қазақ бір қарағанда көнбіс, момын, көп нәрсеге мән бере бермейтін қарапайым болып көрінгенімен, еш уақытта ар-ұятын біреуге таптатып, намысын қорлатқан халық емес. Шыдамдықтың шегіне жеткенде оның шарт кетіп, оқыс мінез көрсететін әдеті де бар. Намысына тырысқан ер-азамат небір қиындыққа, азапқа, жамандыққа шыдаса да, ар-намысын аяққа бастырмаған. “Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы” дейтін мақал қазақтың осы қасиетіне байланысты туындаған >

* * *

* **“Қазақ – тышқан мұрнын қанатпайтын, татулықты қалайтын бейбіт халық”** <бұл пікір қазақтардың қантөгіске бара қоймайтын, татулық пен бейбіт ғұмырды ғана қалайтын халық екендігін көрсетеді >

* * *

* **“Қазақ — тіл тақыстығы жоқ халық”** (Ел аузынан) <қазақтар кейбір көрші халықтардай бөтен тілді біліп тұрып, “білмеймін” деп тақыстанбайтын халық. Бұрын да, қазір де (тәуелсіз мемлекет болғаннан кейін де) олар орыс тілін көп халықтан жетік білетіндігін мақтан етіп, көлденең тарта беретіндігін қойған жоқ. Қайта орыстармен сөйлессе, үлкендері де, жастары да жаны кіріп, жаныға түседі, алдына түсіп жорғалай береді, тілдік тосқауыл жасауға жаны құмар емес. Қоғамдық орындарда қазақша сөйлемейтіндермен сөйлеспей қою, жөнді қызмет көрсетпеу (Балтық жағалауындағы, чех, словак, грузин, өзбек, т. б. халықтардай әдеті жоқ. Бұл жақсы әдет пе, жаман әдет пе — болашақта, ұлттық сана толық оянганда белгілі болады >

* * *

* **“Қазақ — тілге, сөзге өте құрметпен қараған халық”** (Бақытбек Бөлішұлы) <қазақ халқының өкілдері қашан да таза, шебер сөйлеуімен елді таңғалдырып келгендігі мәлім. Тілді, сөзді баптап, мәнін талдап, қажетті орнын таңдап, мәнерлі де әсерлі етіп, сөздің майын тамызып, екі сөзінің бірін мақал-мәтелмен қайырып, шешен сөйлеуі қазақтың қанына сіңген, сүйегіне біткен қасиеті. Тілге, сөзге деген құрмет жұртты сөздің мәніне терең түсініп, оның құдіретті күшіне бас иіп, “сөзге тоқтау” әдеби мен әдетіне үйреткен >

* * *

* **“Қазақ — тілі айтқанды қолы қылмайтын, өзіншілдігі басынан асайтын халық”** <бұл пікір қазақтың аузымен орақ орып, әр алуан жоспар жасаса да, олардың бәрін іс жүзіне асыра алмайтын мінезіне байланысты айтылып тұр (Психология. № 4. 118–119-бб.) >

* * *

* **“Қазақ — тіліп түсер тілмар, сойып түсер сөзшең”** (Ғабит Мүсірепов) <бұл пікір де қазақ халқының табиғатына тән ділмарлықты, тілінің мірдің оғындай өткірлігін дәріптеп тұр >

* * *

* **“Қазақ — тірмізік халық”** <қандай алапатты, небір нәубетті, жойқын қыреғнды, ашаршылық пен жұтты басынан кешіріп келе жатса да жер бетінен тып-тыпыл жойылып кете қоймаған, Жұбан Молдағалиев айтқандай, “мың өліп, мың тірілген” халық дегенді аңғартады >

* * *

* **“Қазақ – ұзынқұлаққа сеніп, тек соны тыңдап өскен халық”** (Балдырған. 1999. № 10. 16-б.) <әрине, айтылған нәрсені қолмен ұстап, көзбен көргенге не жетсін. Бірақ қазақтар оны біле тұрса да, құлағымен естігеніне де сене білген. Бұл халықтың сенгіштік, арам ойдан аулақ жүретін ақкөңіл қасиетіне байланысты қалыптасқан әдет>

* * *

* **“Қазақ – ұйқысы қанған ел емес, ұйқысы қалған ел”** (Ғабит Мүсірепов) <бұл сөздің мәнін М. Тілеужанов: “неден ұйқысы қалды?” деп сұрап, оған: “Бұл мәселе Абайды да, Сұлтанмахмұтты да мазалаған ой еді. Сонымен оның жалғасын Ахмет, Міржақып, Әлихандардан кейін Мұхтар, Ғабит жалғастырды. Оның 1984 жылы жарық көрген “Жат қолында” романы сол сауалға жауап” деп, оқырманын сол кітапқа сілтейді... (Таным мен тәлім // Егемен Қазақстан. 2 наурыз 1993)>

* * *

* **“Қазақ ұлтының және бүкіл адамзаттық мәдениеттің үш түрлі мол арнасы данышпан Абай ақынның творчестволық ісіне рухани азық болды”** (Мұхтар Әуезов) <жазушының пікірі бойынша, Абайдың бүкіл ой-қиялына, әлеуметтік, ақындық ісіне дем беріп, оны шапағатты нәрмен сусындатқан үш арнаның бірі – халықтың өзі жасаған, ауыздан-ауызға тараған, баспа жүзінде сақталып келген қазақтың бағзы замандағы халық мәдениетінің бай мұрасы... Ақындығына рухани дем беріп, азық болған екінші арна – Шығыс мәдениетінің тамаша мұрасы, араб-иран және түрік халықтарының классикалық поэзиясы, ал үшінші арнаға – орыс және Еуропа мәдениеті жатады (Әуезов М. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. Алматы, 1967. 171-б.).

Абай қаламынан туындаған барша рухани мұраны (лирикасын, поэмаларын, қарасөздерін) түгел зерттеп таныған ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің бұл пікірін келтіріп отырған философ-ғалым М. С. Орынбеков ақынның философиялық ой-тұжырымдарын талдап-таратып, кейінгі жылдары жарияланған 4 мың мақала, зерттеулердің дүниеге келгенін ескерте келе, қазақ қауымында Абай мұрасына деген зор іңкәрлікті атап көрсетеді. Олар еңбекте тақырыптарға жіктеліп, жеке-жеке сөз болады (қар. Абайдың дүниетанымы мен философиясы. Алматы: Ғылым, 1995. 7–8-бб.)>

* * *

* **“Қазақ – ұлтшыл халық” деген – бекер сөз** (Ел аузынан) <“ұлтшыл” дегенді – өз ұлтының мүддесін қорғау, оның барына сүйініп, жогына күйнетін адам бойындағы абзал қасиет десек, ол қасиет барша қазақ бойынан бірдей табыла бермейді: біреуде бар болса, біреуде жоқ,

біреуде көп болса, біреуде аз. Сондықтан қазақты ұлт ретінде “ұлтшылысың, ұлтжандысың” деуден гөрі, бұл қасиет оған толық қонбаған, не онда мүлде жоқ деп айыптаған орынды >

* * *

* “Қазақ – ұлттық идеологияның ең қымбат құндылығын мемлекеттік тіл, дәстүрлі дін және ұлттық мемлекет деп санайтын халық” (Әзімбай Ғали) <“Ұлттық идеология және саясаттың нысандары” атты мақаласында автор “Высшими ценностями национальной идеологии являются: а) государственный язык; б) традиционная религия; в) национальное государство” деп көрсетіп, олардың орындалу тәсілдерін былайша атайды: 1) “переход от этноцентрализма к лингвоцентрализму; 2) “демократизация не только государственных, но и негосударственных институтов, в первую очередь исламского конфессионального института...” 3) “завершение деколонизационных мероприятий”, 4) “импортозамещение и стимулирование национального производителя...” (Контурсы национальной идеологии // Эпоха. 26 сентября. 2003)>

* * *

* “Қазақ – ұлттық мінезі ұсақталып бара жатқан халық” (Алмат Исәділ) <ата-бабаларымыздың табиғи болмысына тән ұлттық мінез – ұлан-байтақ жерін қорғау, елінің бейбіт өмірін қорғау, әлеуметтік жағдайын жақсарту сияқты ірі де зор мақсатты көздемей, әрбір азаматтың өз басының қамын көбірек ойлауы басымырақ дегенді аңғартып тұр>

* * *

* “Қазақ – ұлын нарға, қызын – арға балаған халық” <қазақ – ұл болып туған перзентін, әсіресе, ел қамын жеген ер-азаматын ерекше жоғары бағалаған, қыз баласын қастерлей түсіп, ерекше аялаған халық; “ұлын нарға балау” деген сөз – оның ел-жұртының ауыр жүгін арқалайтын нардай қайсар да батыр тұлғасын марапаттау болса, “қызын – арға балау” деген сөз – қыз баланы халықтың ар-ұятына, ең абзал қасиетіне теңеу деген сөз ...>

* * *

* “Қазақ – Ұлы Отан соғысына қатысуының мақсатын өз Отанын қорғау деп санайды” (Досмұхамбет Кішібеков) <ерте замандардан бері қазақ халқы талай қанды соғыстарға қатысып келеді. Оның ең соңғысы – (1941–1945 жж.) Ұлы Отан соғысына қатысуын кейбіреулер: жасау қазақ жеріне басып кірмесе де, неге қазақтар орыс, украин, белорус, молдаван, т. б. халықтармен бірлесіп, майданда табан тіресіп жасаумен

күресті, қан төкті, ерлік көрсетті, мұнысы бекер болды деген пікір айтады. Автор бұған: Отан бәрімізге ортақ болатын, сондықтан да ол өз отанын қорғады, бұл ұялатын нәрсе емес, мақтанатын жағдай деп жауап береді (Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. Алматы: Ғылым, 1999. 152-б.)>

* * *

* “Қазақ – ұлы этностық саралану барысында ел болып іргесін айырып, ұлт болып шаңырақ көтерген халық” (Ақселеу Сейдімбек) <қазақ халқының ұлт болып қалыптасуына байланысты автор: “Біздің жыл санауымыздың екінші мың жылдығы бұған дейінгі иісі түркілік тұтастықтың енді түркілік бөлшектенуге ұласып, Еуразия қос құрлығында түркі тектес ұлттардың өзіндік этностық тұлғасын даралай бастаған кезі еді. ...Бұл процесс тек түркі тектес халықтарға ғана емес, әлемнің басқа халықтары үшін де ортақ болды. Осынау тарихи ұлы саралану барысында өзінің атажұртында қазақ халқы да ел болып, іргесін айырып, ұлт болып шаңырақ көтерді” деп көрсетеді (Қазақ әлемі. Алматы: Санат, 1997. 44-б.)>

* * *

* “Қазақ – ұраншыл халық” <қоғамдық құбылыста бір жаңа бастама болса болды, ұрандатып алды-артына қарамай, елден бұрын шабатын, елдің алдында болатын қазақтың әдеті. “Басқа елдей болар істің байыбына, мәніне түсініп барып кірісетін байсалдылық, парасаттылық жетпей жатады” дегенді аңғартып тұр. Мысалдар:

Ұлы төңкерісте де қазақтар елдің алдында болды, аяқ серіппей жаңа “заманның” құрбаны болды, бодаулықты басқа Орта Азия халықтарының ішінде бірден мойындады; өзбек, түркімен, қырғыз, тәжік, т. б. халықтар билеп-төстеуші қызылдармен қасық қаны қалғанша қарсыласып көрді, ұлттық дәстүрін, қасиетін сақтап қалуға тырысты. Қазақстаннан басмашылар шыға қойған жоқ. Дінді құртамыз дегенде де қазақтар елден ерекше ұрандатып оны алдымен құртты. Орыс тіліне көшу керек деген ұран құлағына шалынар-шалынбастан-ақ өз ұрпағын өздері орыстандыруда да қазақтар алда болды, орыс тіліне тәңірдей табынатындар да алдымен сол қазақтар.

Достастық лабораториясындағы алғашқы эксперимент Қазақстанда басталды; “Жүз тіл планетасы” болған да – Қазақстан; өмір бойы мал бағы жүрген шұрайлы жайылымын айдап тастап, тың көтердік деп кеудесін қаққандар да – өзіміздің қазағымыз.

Интернационализм туы астында алдымен коммунизмге “тартқандар” да – қазақтар. Аралас некеден рекорд жасағандар да қазақтар т.т. Міне, осының бәрі қазақ халқының ұраншылдығын сипаттайды. Оның қай “жаңалық” болса да, соны елден бұрын бастауға дайын тұратын қасиеті бұл...>

* * *

* **“Қазақ – ұшарын жел, қонарын сай біліп, дауыл айдаған қаңбақтай болып келген халық”** <бұл пікірдің де шындыққа сәйкес кейбір жерлері бар. Бірақ қазақтың көші-қон дәстүрі негізінен мал жағдайына байланысты Қазақстанның өз жерінде болды, ал көрші елдер (ҚХР, МХР, Түркия, РФ, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан) жеріне қоныс аудару тарихи ылаңдармен байланысты болғаны рас. Алайда, пайда, жеңіл өмір іздеп көшіп-қонып жүру қазақта көп болған емес...>

* * *

* **“Қазақ – “үмітсіз – шайтан ғана” деп, үмітпен ғұмыр кешетін халық”** (Әбдуәли Қайдар) <басына қаншама қиындық төнсе де, қазақ болашақтан үміт үзбей, алдағы өмірден жақсылық, асыл арманының орындалуын күтетін халық (Ғылымдағы ғұмыр. Алматы: Атамұра, 2000. 258-б.)>

* * *

* **“Қазақ – үміті мол, талабы жоқ халық”** (Абай) <“Беті жаманның айнаға өкпелегені жән бе? Ниеті жаманның Аллаға өкпелегені жән бе? Талабы жоқ, үміті мол халықпыз...” (Айқап. 1911. № 2). Қазақтар ертеңгі күнге тек үмітпен ғана қарап өмір сүретін, алдынан жақсылық күтіп, болашағына сеніммен қарайтын оптимист халық. “Үмітсіз шайтан” деп, адам баласының шайтаннан бір айырмашылығы үмітке сенім артуында деп ойлайды. Алайда, бұл сенім болашаққа өзінше талаптануын тежеп, жатыпішер жалқаулыққа, енжарлыққа апаратынын ол байқамайды деген сөз>

* * *

* **“Қазақ – үш ғасырға жуық отаршыл империяның құрсауында болған халық”** (Қ. Ахметжанов) <бұл – тарихи шындық; отаршыл саясаттың зардабын ең ұзақ көрген түркі халықтарының бірегейі қазақтардың өмір-салтында, болмысы мен мінез-құлқында құлдық психология қалыптаса бастағандығы туралы елдің көп айтатыны да содан болса керек (Ана тілі. 2 маусым 1994)>

* * *

* **“Қазақ үшін, тарихқа есесі кетіп, есеңгіреп, өзіндік “менін” көмескілеп алған халық үшін, дәл қазір ашық-шашық болудан гөрі етек-жеңін қымтаңқырап ұстаған абзал”** (Ақселеу Сейдімбек) <ғалым өзінің бұл пікірін тілшінің: “Сіз Батыстың өмір жасақтау үлгісінің дүниежүзінде, соның ішінде Қазақстанда да бел алып бара жатқанын мойындап отырсыз. Осы үрдіс жалпы азаматтық, яғни жербетіндік дамудың бір үлгіге

түсуінің объективті нышаны емес пе?; “...Қазақстанда қандай саяси-идеологиялық ұстанымның жолы болады деп ойлайсыз?” деген сауалына жауабы ретінде айтып отыр. Автор бұл ойын жалғастыра “менің пайымдауымша, егер қазақ халқының мұң-мұқтажымен санасу тұрғысынан келсе, Қазақстандағы саяси-идеологиялық ұстанымдар ішінде консервативті көзқарастардың жолы болады деп ойлаймын. Нақтылаңқырап айтқанда, ұлттық консервативті күштердің қазір де, болашақта да жолы болуға тиіс” – деп түйеді (Униформациялану, Еуроформациялану, русоформациялану... // Жас Алаш. 29 маусым 2004)>

* * *

* “Қазақ – фітнәні көбейтуге себеп болатын әдеті бар халық” (Міржақып Дулатов) <бұл пікір автордың “Жесір даулары хақында” деген өлеңінде:

“Біздің қазақ халқының бір гадеті:

Шаригат нызамда жоқ бұл гадеті.

Фітнәні көбейтуге себеп болып,

Рәсім боп бұзылмай тұр гадеті...” –

деп берілген. Бұл арадағы: шаригат нызамы – “шаригат заңы”, фітнә – “өсек-аяң”, “жала”. Бұл – “қазақ қауымының өз арасында шаригат заңында жоқ өсек-аяңға жол беретін әдеті де бар” деген сөз>

* * *

* “Қазақ халқы, негізінен, республиканың қазіргі жерін мекендеген автохтонды (байырғы) тайпалардан қалыптасты және олардың этногенетикалық құбылыстарының түп-тамырлары сонау қола дәуіріне, андронов мәдениеті деп аталатын кезеңге (б.з.д. XVIII–VIII ғғ.) саяды” (Мұқанов М. С. Қазақ жерінің тарихы. Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1994. 3-б.)>

* * *

* “Қазақ халқы республикадағы өзге ұлт өкілдерін ешқашан да сыртқа тепкен емес. Оларға өгейлік көрсеткеніміз жоқ. Бұл дәстүрімізден әлі де жаңылмақ емеспіз” (Қасым Қайсенов) <автор бұл пікірін сайлау қарсаңындағы (2004 ж.) ел ішіндегі әңгімеге, үміткерлер арасындағы талас-тартысқа, сайланатын үміткерлердің шын мәнісінде халық пен мемлекеттің қамын ойлауларын талап етуге байланысты айтқан. Халықтар достығын сақтауға байланысты айтылған бұл пікірін ол: Қазақстанда жасайтын басқа ұлттар мен ұлыстар да “қазақ халқына тиісті құрметін көрсетуі заңды” деп түйеді (Алауыздық жақсылыққа апармайды // Қазақ әдебиеті. 10 қыркүйек 2004)>

* * *

* **Қазақ халқын...** “қанша қиындық көрсе де абзалдығы мен сабырлылығын, басқа халықтарға деген сыйласушылығын сақтай білген халықты, қазіргідей қиыр-шиыр тарихи сын кезеңде өзім ажырамас бөлшегіне айналып отырған асыл жұртымды, ХХІ ғасыр табалдырығынан аттап, өз талайын тағы бір сынап көргелі отырған тәуекелшіл ұлтымды қалай мақтаныш етпеспін. Қалайша бас имеспін!” (Нұрсұлтан Назарбаев) <Елбасы өзі басқарып отырған халықтың жарқын болашағын бағдарлай келе, ХХІ ғасырдан кейінгі тағдырын айқындаудың жол-жорасын көрсетіп, сол халықтың қиындыққа төзімшіл, абзал да сабырлы қасиеттерін, басқа халықтармен сыйластығын, тәуекелшілдігін зор мақтанышпен атап өтеді, оған нерзенттік басын иеді (Елбасы. Зиялы қауымның көкірек көзі, ой-зердесімен сомдалған Қазақстан Республикасының тұңғыш Президентінің бейнесі. Алматы: Ана тілі, 1996)>

* * *

* **“Қазақ халқының “итке ұқсап кететін бір мінезі бар”** (Ел аузынан) <бейбіт өмірде, жай кезде өзара араздасып, жамандасып, ырың-жырың болып жүретін қазекең ел шетіне жау келсе, халықтың басына қатер төнсе, тосыннан апатқа ұшыраса, өлім-жітімге душар болса, бәрін бір сәтте ұмытып, біртұтас болып шыға келетін әдеті бар. “Ит мінезіне ұқсас” дейтін себебім — халық арасында “Ауыл иті ала болса да, бөрі келгенде бірігіп кетеді” деген сөз бар. Итшілік өмірде сүйек-саяққа таласып, ырылдасып, араздасып жүретін ауыл иттері ауыл шетіне мал торыған қасқырдың келгенін біреуі сезсе болды, бәрі бірігіп, соған қарсы шығатын әдеті бар>

* * *

* **“Қазақ — халқының қамынан гөрі жалқының қамын көбірек ойлайтын халық”** <жалпы қазақ атаулының кейбір мінез-құлқында, іс-әрекетінде байқалып қалатын — ел-жұрттың, жалпы қауымның, халқының ертеңгі болашағын ойлаудан гөрі жеке басының, жеке топтың, ру-тайпаның, ауыл-аймақтың, ағайын-туған, таныс-жақынның қамын ойлап, сол туралы көбірек бас ауыртатын жаман әдетін паш етіп тұрған сөз>

* * *

* **“Қазақ халқының негізін қалаған тайпалардың бірі — моңғол жалайырлар”** (З. Бабыр) <осыған байланысты автор Б. Қожабеков: “Үндістанда құрылған Моңғол мемлекеті және Жетісу мен Қашқарыда құрылған Моғолстан, Моңғол мемлекетінің атауы бір тамырылы, бір мағыналы атау...” деп көрсетеді (Қожабеков Б. “Бабырнама” — ортақ туынды // Бабырнама. Алматы, 1993. 7-б.)>

* * *

* **“Қазақ халқының тарихы өзінің бастау көзін санау Ғұн, Үйсін, Қаңлы бірлестігі мен Түрік қағанаты, Қарахан қағанаты және Оғыз-қыпшақ бірлестігі тарихынан алады”** (Зайыр Сәдібеков) <автор қазақ халқының қалыптасуына негіз болған көне тайпа, тайпа бірлестіктерін айта келіп, олардың Мұхаммед пайғамбардың дүниеге келуінен әлдеқайда бұрын жасағанын ескертеді. Ол: “дереккөздерінің өте күңгірт болғанына қарамай, осы ежелгі Ғұн, Үйсін, Қаңлы бірлестіктерінің тарихы адамзат тарихының сол дәуірдегі күллі Орта Азияға, Таяу Шығысқа, Шығыс Еуропаға қатысты тарихымен берік сабақтасып жатыр” деп көрсетеді (Қазақ шежіресі. Ташкент, 1994. 30-б.)>

* * *

* **“Қазақ – “шалатән”, “шалажан”, “шашыранды рухты” елге айналған халық”** (Міштайұлы Т., Құдайбергенұлы Н., Ақайұлы А.) <о баста қырық рудан құралып, халық болған қазақтың этностық тілі, діні біртұтас болып біріксе де, ділі, рухы әлі монолит (біртұтас) болып біріге қоймаған, “шалалығы, шашырандылығы, бөлінуге деген “ыңғайы” бар халық” демекші (Қасиетті Қазығұрт... Алматы, 1996. 18-б.)>

* * *

* **“Қазақ – шешен, ділмар халық”** <ердің құнын екі ауыз сөзбен тындыратын, қынынан қылышын суырысып, қан төзуге қатуланған қас батырларды да аталы сөзін айтып тоқтататын шешен де ділмәр билердің дәстүрін сыйлап өскен халық. Ол ертеден-ақ шешендік өнерін “өнер алды – қызыл тіл” деп сыйлап келе жатқан және, қолдан келсе, шебер де шешен, бейнелі де ұтымды сөйлеуге тырысатын қасиетке ие халық демекші. Шешендіктің халық қасиетіне айналуына себептер де жоқ емес: жер дауы, жесір дауы, құн дауы, барымта, қарымта, сырымта әдеттері, т. б. осы сияқты көшпелі ел өміріндегі әлеуметтік қиын мәселелерді салт-дәстүр, шарият, әділет тұрғысынан дұрыс шешуде айыр көмей, жезтаңдай билер ұрымтал тұстан сөз тауып, бітімін шығарып отырған. Саналы сөзді сары алтыннан да артық бағалаған қазақ қауымы шешендік өнерін атадан балаға, ұрпақтан нәсілге ең қымбат рухани мұра етіп қалдыра білген. Жалпы қазақты “шешен, ділмәр халық” деп танудың бір айғағы осы >

* * *

* **“Қазақ – шүкіршілікке бейім халық”** (Ел аузынан) <шынында да, “барымен базар”, Алланың бұйырғанына риза, бергеніне ынсап-тауфиқ қылатын, өткен іске салауат деп, болашағына үмітпен қарайтын, “шүкіршілігі” (Аллаға деген ризашылығы) аузынан түспеген иманды

халық. Кез келген қазақтан халін сұрасаң (ол ауырып жатса да, қайғы-қасіретке душар болса да, байлығы асып-тасып, мәртебесі өссе де), — бәрібір “шүкір!” деп жауап береді. Бұл қазақтың ұлттық менталитетіне тән қасиет болса керек >

* * *

* “Қазақ — шыдамды да төзімді халық” <ол рас, бірақ қазақ шыдамдылықтың да, төзімділіктің де шегі барын жақсы білетін халық. Шегіне жеткенде адырнадан атылған көбе бұзар жебеге ұқсайтын әдеті тағы бар. Тарихқа жүгінсек: 3 ғасырда бодандыққа қарсы 300-дей халық-азаттық көтеріліс жасағаны осының айғағы. Қазақстанда 1979 ж. (Целиноградта) неміс автономиясын құру әрекетіне қарсы көтеріліс, 1986 ж. Желтоқсандағы (Алматы) жастар көтерілісі, т. т. осының бір айғағы >

* * *

* “Қазақ — ылғи алда жүргенді жақсы көретін халық” (Мереке Құлкенов) <автор “қазақтарды ылғи алда жүретін халық” деп мысқылдап отыруының себебін: “Кеңестер Одағында бірінші болып орыс тілін толық меңгерген біз деп жыртылып-айырылып отыратын еді (кешегі Кеңес үкіметі тұсындағы белсенді партократ ағаларымыз). Кеңес үкіметі кезіндегі белсенділігіміздің жемісін әлі жеп келе жатқанымыз өтірік пе? Бүгіннің өзінде біздің көбіміздің бойымыздан орысшылдық мінез әлі арыла қойған жоқ. Дәл қазір Мемлекеттік тіліміз — қазақ тілінің еңсесін көтеруіне де осы орыс құлқымыз зиянын тигізіп келеді...” деп түсіндіреді. Бұл тек орыс тілін меңгеруде ғана емес, дербес ұлт ретінде ілгері дамуына кедергі болатын басқа іс-әрекеттердің бәрінде де өзіміз сияқты ұлттармен салыстырғанда қазақтардың ерекше белсенділігін, оза шауып, алдыңғы қатардан көрінуге тырысатын құлдық мінез-құлқын мысқылдап сынап тұр.

Қазақтың осы “қасиетіне” байланысты ел аузында жүрген бір анекдот ойға оралады. Екі қазақ өзара сырласып отырады. Біреуі екіншісіне:

— Ау, Жорабай, естідің бе? Қазақтар арақ ішуден екінші орынға шығыпты... Жорабай:

— Ал бірінші орында кім екен?

Жолдасбай:

— Кім болушы еді, орыстар...!!

Жолдасбай:

— Ал, ет жеуден де қазақтар екінші орынды иеленіпті.

— Сонда, бірінші орында кім болғаны? — деп таңғалады Жорабай.

Жолдасбай:

— Бірінші орында қасекеңнің (қасқырдың) өзі екен.

Сонда бұған іштей күйінген Жорабай:

– Әй, сорлы қазақ, өмір бойы осылай артта жүресің. Сенің де “біріншілікке” жетер күнің болар ма екен?! – деп қынжылады.

Сонда, қазакемнің қашан және неден бірінші болып, алда жүру керек екенін білмегені-ау!??>

* * *

* “Қазақ – ырымшыл халық” (Ел аузынан) <ырым-жоралар қай халықта болса да баршылық; бірақ қазақтардың “ырымшыл халық” аталуының бір себебі – діни-мифтік дүниетанымнан гөрі себеп-салдары нақтылы өмір тәжірибесінен туындаған дәстүрлі өмір салтында мейлінше мол, аяқ басқан сайын бір ырымды еске салып, қолдануына байланысты болса керек...>

* * *

* “Қазақ – іздегені – мазақ, жүрген жері – азап халық” (Ел аузынан) <қазақ халқының елден ерекше көп қасірет кешуіне, өмірдің небір қиын-қыстау күндеріне душар бола беретіндігіне байланысты ашынып айтылып қалған сөз>

* * *

* “Қазақ – экономикалық дағдарыстан тез есін жинап алған халық” (Әкім Тарази) <автордың тілшінің сауалына орай берген жауабында: “қазақ (егеменді ел болу дәуіріне қатысты) экономикалық дағдарыста болды, ол оның рухына әсер етті. Бірақ қазақ біржолата азып-тозып кетті деуге келіспеймін. Қазақ тез-ақ есін жинап алды... қазақтың рухы елде берік сақталған” дейді (Парасат. 2003. № 9)>

* * *

* “Қазақ, яғни қазіргі қазақ қоғамы – тарихи тамырынан айырылған, өмір сүру дағдысын өзгерткен, “Оралу” өркениетіндегі заман ағымына тек сырттай ғана ілесіп келе жатқан, ал ішкі дүниесі ғасырлар бойы жинала берген ашу-кекке толы, “сыры мен сымбаты” екі бөлек, өліара кезеңнің құр сұлба кейіпкері” (Әуезхан Қодар) <автор ойын пікірінің өзі-ақ ашып тұр>

* * *

* “Қазаққа ақыл айтар ақсақал қалмады” (Қабдеш Жұмаділов) жазушы бұл ойын әдебиет саласына байланысты айтып отыр. Ол: “Әуезовтен кейін біздің әдебиетімізде басы ашық лидер болған жоқ. Мүсіреповтің өзі жеке лидер бола алмады. Біресе Мүсірепов, біресе Мұстафин... Қазір сөзіне тоқтататын кісі қалмады. Қазір жұрт бір ауылдың ақсақалы, бір аймақтың ақсақалы болып қалды. “Жайық бойының ақсақалы”. “Сыр

бойының ақсақалы”, “Ертіс бойының ақсақалы” деген сияқты... Исі қазаққа ортақ ақсақал жоқ” — деп қорытады ол бұл ойын. Шындыққа үйлесетін де жері бар (“Жағымпаздардың жарысы” немесе “Қаламнан қуатты қару жоқ” // Жас Алаш. 22 маусым 2004)>

* * *

* “Қазаққа достың — бәрі дос, қазаққа қастың — бәрі қас” (С. Шүкірұлы) <ауыс. дос саналатын адамның бәрін алаламай, бірдей көру; қастығымен танылған адамдардың бәрін өзіне қас санау; “досымның досы (достары) маған да дос, қасымның қасы (қастары) маған да қас” деп санау. Бұл досты да, қасты да алаламайтын, іштей сараламайтын қазақ менталитетіне тән қасиет болса керек>

* * *

* “Қазаққа қазақпыз деп айтуға ауыз бармайды” (Сейіт Кенже-ахметұлы) <“ғасырлар бойы қалыптасқан тамаша ұлттық дәстүрі, салт-санасы, алтын бесікті анасы, тәрбиелік мәні зор әдет-ғұрпы бола тұрса да, бүгінгі қазақ жастары осының барлығын ұмытып, қағынан жеріген құландай, осының бәрінен алыстай бастады. Тіпті қазақ менталитетіне жат қылықтар көрсетуі, мысалы, шет елде оқып жүрген кейбір қазақ жастарының “егер Қазақстанда қазақ тілі үстемдік алатын болса, біз елге қайтпаймыз” деген жаман пиғыл танытуы, осындай рухани дүниесі бұзылған жастарды қазақ деп ауызға алудың өзі қиын” деп көрсетеді автор (Егемен Қазақстан. 16 шілде 2003)>

* * *

* “Қазақстанның болашағы — қазақ тілінде” (Нұрсұлтан Назарбаев) <Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті өзінің бұл пікірін Астана қаласындағы қазақ мектебінің ашылу салтанатында сөйлеген сөзінде айтқан болатын. Өз тарихында алғаш рет егемен ел, тәуелсіз мемлекет болып отырған Қазақстан Республикасында қазақ тілі, өзінің өткендегі мүшкіл жағдайына қарамай, Мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болып, әлі де өз деңгейіне көтеріле алмай, әр алуан тосқауылдарға ұшырап отырған жағдайда жаңа астананың төрінен қазақ мектебін ашып, сол мектепке берген нәтижесінде “Қазақстанның болашағы — қазақ тілінде” деуі бұл тілдің қазақ және Қазақстан халықтары өміріндегі зор болашағын айқындап отыр. Ол халықтың ілгері дамуына, жарқын болашағына қажетті тарихи, экономикалық, рухани-мәдени, т. б. проблемалардың ішінде тіл проблемасы ең бастысы екендігін көрсетіп отыр>

* * *

* “Қазақтай аңқау халық әлемде жоқ шығар...” (Б. Ермұханов) <оның себебін автор былайша түсіндіреді: “Өзімізді жамандаймыз, ке-

ремет тұлғаларымызды қадір тұтпаймыз, өзге елдерге бас ұрамыз. Орыс әдебиетінде мұндай құбылысқа кезінде “чужобесия” деп ат қойған... Бізде керісінше, тамақтың жақсысын қонаққа, төсектің, бөлменің жақсысын қонаққа (береміз)...” т. т. (Қазақ мемлекетіне қанша жыл? // Жұлдыз. 2004. №3)>

* * *

* “Қазақтан бастық қойылса, тек ақылды, есті адамдарынан ғана қойылғанын қалаймын” (Ғалым Дүйсен) <автор өзінің бұл пікірін (2006 ж. сәуірдің 16 күні) тілші Қасым Аманжоловпен теледидарда өткізген сұхбатында білдірген еді. Өйткені бастық болып тағайындалған есерсоқ, ессіз адамдар өзінің ақымақтығын ғана емес, жалпы ұлттың атына сөз келтіретін әдеттерді көрсетіп, халықтың ар-намысына тиетін жағымсыз істерімен көзге түсуі жиі байқалады... (Телесұхбат. 16 сәуір 2006)>

* * *

* “Қазақтар – “Абылай заманынан бері қазақ емес, отаршылдықтың кебін киген, жан дүниесі жарақаттанған, үміт оты өшкен, арыз жазбаса жүре алмайтын пәндәуи тіршілік иелері” (Мұхтар Мағауин) <бұл – жазушының қазақ өмірін зерттеуден, оның өткені мен бүгінгісін салыстырудан туған пікірі. Қазақ халқының басынан кешіріп келе жатқан ауыр халін, жарақаттанған жан дүниесін, бойына біткен мінез-құлқын суреттеуден туған пікір>

* * *

* “Қазақтар – адалы мен аяры, таланттысы мен талантсызы, әдептісі мен дөкірі ... мидай араласқан ұлттың өкілдері” (Абай Қабақпайұлы) <“енді осы мінез-құлықтардың қайсысы қазір бойымыздан мен мұңдалап көрінеді?” деген сауалға автор: “Мен Абылай ханның түсін Бұқар жыраудың қалай жорығанын еске түсірер едім” дей келе: “Бабаларымыз батыр болыпты, сөзге ділмар ақын мен билер де көп өтіпті. Соларды бүгін өзара кеу-кеулесіп мақтан тұтқанымызбен, өзімізде ештеңе қалмапты. Ұрпақ ұсақтала түсуде. Қатігездікке де бой алдырып барамыз... Мұндай кезде ұлтқа жақсыны, жақсылықты үлгі ететін тұлға керек-ақ. Мен тап қазір ондай адамды көре алмай тұрмын” – деп түйеді өз ойын (Алтын Орда. 1 қыркүйек 2000). Бұл пікір “Қазақ ұлты бойынан адамға тән жақсы-жаман қасиеттердің бәрі табылады” деген тұжырымға барып сайды>

* * *

* “Қазақтар – ақындық қабілеті жағынан бірінші орын алатын халық...” (Шоқан Уәлиханов) <қазақ халқының өзіндік ұлттық

менталитетімен өзі қатарлы өзге түркі елдерінен (қыргыздардан басқа) оза шауып, табиғат сыйлаған ақындық (суырыпсалма) дарынымен ерекше көзге түсетін, сөз сайысында алдына жан салмайтын қасиетке ие екенін аңғартып тұр...>

* * *

* **“Қазақтар – аңқылдаған ақкөңілділігі болмаса, ашкөздігі жоқ халық”** (Газеттен) <қазақтың ақкөңілділігі ертеден айтылып, өмірде сан рет, әр жағдайда дәлелденіп келе жатқан, оның табиғи, рухани болмысына тән ұлттық менталитеті іспетті асыл қасиеті екені даусыз (Батырлар. 1999. № 10)>

* * *

* **“Қазақтар – атамекеннің оққағары”** (Уфуқ Тұзнан, ХКТУ, ТҚФ – 612-т.) <бұл – “қазақ халқы – өз атамекенін жауынан қорғайтын сақшы” деген сөз. Ол сақшысы – оққағары болмаса, бүгінгі ұлан-ғайыр жерін жан-жақтан көз салған қомағай көршілерінен аман сақтап қалмаған болар еді. Бұл – көне түркі бабалардан қалған дәстүр. Қазақтардың бүгінде егеменді ел болып, марқайып отыруы да, міне, сол өткен замандағы “оққағар” бабаларының арқасы, “елдің бүтіндігі – халықтың ерлігі” деп тұжырымдайды студент жас өзінің бұл пікірін ...>

* * *

* **“Қазақтар – аяғынан тік тұрып кетуге үлгермеген халық”** (Алдан Айымбетов) <“Мыңмен жалғыз алыстым...” дейтін Абайдай, “Казахская правда” газетін жалғыз шығарып, қоғамдағы кемшіліктермен жалғыз күресіп, халық мүддесін қорғап жүрген қайраткер А. Айымбетов тілшіге берген жауабында: “қазақтар егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болса да, осы күнге дейін аяғынан тік тұрып кете алмай жүрген халық, сондықтан да мен осы бір қиын кезде қатардан шығып қалғым келмейді” дейді. Ол бұл қиындықты: мемлекеттік тілдің, ұлттық мемлекет орнатудың мәселесі толық шешілмей жатуына байланысты деп қарайды (“Қиын кезде қатардан шығып қалғым келмейді” // Жас Алаш. 6 маусым 2004)>

* * *

* **“Қазақтар – әлемдегі ең дарынды, ең жетілген ұлттардың қай-қайсысымен де иық тірестіре алатын, интеллектуалдық күш-қуаты аса мол халық”** (К. Жарықбаев) <бұл қазақ халқының бүгінгі, жержүзі тани бастаған жағдайына байланысты берілген игі пікірлердің бірі (Қазақ әдебиеті. 1 қыркүйек 2000)>

* * *

* **“Қазақтар Балқан тауында да болған”** (Б. Аспандияров) <бұл пікірдің дәлелі ретінде автор қазақ тіліндегі:

“Барар жерің Балқан тау,

Ол да біздің көрген (болған) тау” деген белгілі мақалды келтіріп, “Комментарии излишни, поговорка сама по себе свидетельствует о познаниях древних казахов” деп жазады (Некоторые сведения о местах обитания казахов в древности // Простор. 2000. № 11)>

* * *

* **“Қазақтар – бүгінімен ғана емес, өткен өмірімен де бүкіл әлем алдында мақтана алатын халық”** (Әбдуәли Қайдар) <бұл пікір автордың Қазақстан елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың атына жазылған Есік қорғанынан табылған “Алтын Адам” тарихи ескерткіші туралы хатында айтылған болатын. Онда автор бұл ескерткіш табылған жерде түркі халықтарының жержүзілік “Түркі әлемі” деп аталатын тарихи-мәдени, этнографиялық-археологиялық орталығын ашу керек деген ұсынысын айтады>

* * *

* **“Қазақтар – ез, мақау халық”** (Н. Масанов) <белгілі журналист Сұлушаи Ысмайылованың куәландыруына: бұдан бірнеше жыл бұрын “зиялы” профессор Масанов Қазақ университетінде оқитын болашақ журналистер алдында “Қазақтар – ез, мақау” деп алып, “Қарсыласуға орыстар ғана епті, сондықтан орыстар өкімет басындағыларға ұнамайды, Назарбаев оларды сондықтан аластап жатыр” деген екен (Парасат. 24 қыркүйек 1999)>

* * *

* **“Қазақтар – есіктен сығалаған адамды төрге шығарып, өзі есіктің аузында қалатын әдеті бар халық”** (Дулат Исабеков) <автор өзінің бұл пікірін “Қазақстанда Ресей жылын” өткізу шараларына байланысты айтқан. Қазақстанның Ресейде бытыр (2003 ж.) өткізген жылында біздің (қазақтардың) бірді-екілі концертіміз болмаса, шығармашылық ұжымдарымызды Ресей онша көп қабылдай қойған жоқ, қайта сол жылы Ресейдің бұл тәрізді ұйымдарының Қазақстанға келуі жиілеп кетті, біз, қазақтар, “қонағымызды аспанға көтеріп, өзімізді төмен ұстауға дағдыланған халықпыз” дегенді аңғартады (Қазақ әдебиеті. 9 қаңтар 2004)>

* * *

* **“Қазақтар – жиырмасыншы (XX) ғасырдың басында жерден таршылық, діннен торығу, әкімдерден қысым, оқудан шек, миссионерлерден**

зорлық көрген халық” (Қалмұқан Исабай) <автор бұл пікірін 1905 жылдың 4 маусымында қабылданған “Керей” атты, сдан 13 мыңдай адам қол қойған Қарқаралы қазақтарының Санкт-Петербурғ қаласындағы патша атына жөнелткен (қазақ тілінде) құзырхатында (Петициясында) көрсетілген талап-тілектерін (оны жазуға Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Жақып Ақбаев, Барлыбек Сыртанов, т. б. қазақ зиялылары қатысқан болу керек деп жобаланады) “Жүз жыл бұрын жазылған құзырхат” әлі де маңызын жойған жоқ” деген тақырыппен жариялап, соның негізінде айтып отыр. Бұл қазақ халқының басып өткен тарихын, сол негіздегі саяси ахуалды білуде мәні зор құжат болып саналады (Ана тілі. 18 желтоқсан 2003)>

* * *

* “Қазақтар – имандылықты бетке ұстаған халық” (Досым Омаров) <“Қазақтарда “сыртқы” философия болған жоқ, олар өмір сүру тіршілігін рухани білімге негіздеді ... оның алғы көздерін үнділік “Ведалардан” іздеу қажет ... Иmandылық – рухани білім, ал қазақтар имандылықты бетке ұстаған халық ...” (Адам әлемі. 1999. № 1. 109-б.)>

* * *

* “Қазақтар (бүгінгі қазақтар) – кешегі Абай жырлаған қазақтардан айырмашылығы жоқ қазақтар” (Жарылқасын Боранбаев) <қазақтардың бойына тән қасиеттері Абайдан кейінгі дәуірде де өзгере қоймағаны айтылып тұр (Ана тілі. 4 тамыз 1994)>

* * *

* “Қазақтар – киіз туырлықты, ағаш уықты түркі-моңғол халықтарының бірі” (Ел аузынан) <қазақтардың өмір бақи киіз үйде тұрып, көшіп-қонып келуін аңғартып тұрған пікір. Бұл пікір тек қазақтардың өздері ғана емес, жалпы мал жағдайына байланысты көшіп-қонып өмір сүріп келген түркі-моңғол халықтарымен мәдениеті (“ағаш уықты, киіз туырлықты”) ортақтығын да аңғартып тұр>

* * *

* “Қазақтар – көбінесе отаршылдық өмірге мәжбүр болған кедейлері егін егумен айналыса бастаған халық” (Г. Н. Потанин) <“олар тіршілік етудің сол егіншіліктен басқа құралын көре алмай отыр” деп жазды Сібір қазақтары облысының соғыс губернаторы өзінің 1866 ж. жылдық есебінде. Бұл пікір бойынша қазақтардың егіншілікпен шұғылдана бастауының себебі олардың бұрыннан пайдаланып келген жайылым жерлерінің тарылып, өмір сүрудің жаңа көздерін (құралдарын) іздеуіне байланысты дегенді аңғартады>

* * *

* **“Қазақтар – Қазақстанды жайлайтын ондаған ұлттық диаспоралардың жарастықты өмірлеріне ұйытқы болатын, ұйытқы болуға тиіс бірден-бір тірек ұлт”** (Ақселеу Сейдімбек) <бұл пікір қазақ қоғамы үшін ұзақ мерзімді идеал бола алатындай идеология қалыптастырудың қажеттігін дәлелдеуге байланысты айтылып отыр. Өйткені, автор пікірі бойынша, **“Қазақстанда қазақтан басқа бірде-бір ұлттық диаспора ұлттық идеяға ұйытқы да, тірек те бола алмайды. Мұны Қазақстан үкіметі мен парламенті ғана емес, бүкіл қазақстандықтар өмірлік ақиқат ретінде сезінулері керек, мойындаулары қажет және сезініп-мойындай отырып, өміршең қарекетке көшкен абзал”**. Қазақтар үшін және жалпы Қазақстан халқы үшін ұлттық идеяның қажеттігін автор басқа да себептермен дәлелдейді (Ұлттық идея // Қазақ әдебиеті. 15 тамыз 2003)>

* * *

* **“Қазақтар – Қазақстаннан басқа екінші бір отаны жоқ халық”** (Ақселеу Сейдімбек) <бұл пікірді автор қазаққа ұлттық идея, идеал, идеология қажет екендігін дәлелдеуге байланысты бір уәж ретінде келтіріп отыр. Ол: **“Ал, Қазақстандағы ұлттық диаспоралардың бәрінің де тарихи отандары бөлек. Яғни қазақстандықтардың бастарын біріктіріп, жарастықты өмір жолындағы мақсат-мұраттарын бір арнаға тоғыстыра алатын бірден-бір ұлттық-мемлекеттік идея – қазақ идеясы екенін өмірдің өзі ұсынып отырғаны ақиқат. Бұл өзімізді ұлтшылдықтан ада объективті таңдау екенін әрбір қазақстандық ықылас-ілтимаппен мойындауға тиіс қажеттілік”** дейді автор (Ұлттық идея // Қазақ әдебиеті. 15 тамыз 2003)>

* * *

* **“...Қазақтар – қала болып, малдың санын кемітіп, бағасын көтеріп, егін салып, сауда қылып, оқу оқып, өнер тауып, өзі де алдағы жұрттың істегенін істеп, солардың жолына түссе, сол уақытта ғана қатардағы халықтың бірі бола алады...”** (Міржақып Дулатов) <бұл арада автор қазақ халқының болашағына байланысты – барша өмірін малдың соңында ғана өткізбей, қала тұрмысымен де шұғылданау, оқу-білімге талпыну, сауда-саттықпен айналысу, егін егіп, қала мәдениетін дамыту т. б. өркениеттілікке талпынудың да қажет екендігін аңғартып, соған шақырып тұр (Айқап. 1991. 84-б.)>

* * *

* **“Қазақтар – қайта құру заманында өздерін дұрыс жағынан көрсете білген халық”** (Сейдахмет Құттықадам) <әңгіме қазақтардың нарықтық

экономика жағдайындағы өзгерістерге ұшырап, өмірдің жаңа талаптарына сәйкестену қабілеті туралы болып отыр. Саясаткер бұл мәселеде қазақтар өзін жоғалтып алмай, жақсы жағынан көрсете алғандығын дәлелдеуге тырысады (Казахская правда. Июнь 2004) >

* * *

* “Қазақтар – қамал тұрғызып, бекініс орнатпаған халық” <ел арасында осындай сөздің бар екені рас. Бірақ бұл – әсіреқызыл сөздің бірі. Өйткені қазақ жерінде де әртүрлі тарихи жағдайларға байланысты қорғандар тұрғызылып, бекіністердің орнатылғандығы мәлім. Мәселен, ертедегі қазақ жерінде салынған көне қалалардың міндетті түрде төңірегін қалың да биік етіп жасалған, әр жағында қақпа-дарбазалары бар, сырт жағынан айнала ор қазып, су толтырып қойған дуал түріндегі қорғандардан тұрған. Бұлардың бәрі жаудан қорғану үшін жасалған берік бекіністер болатын. Қазақ жерінде бекіністердің, мәселен, отаршылдық саясатына байланысты басқа да түрлері (“линия”, “форпост”, “порт”, “станция”, т. б.) болған >

* * *

* “Қазақтар – Орта Азия халықтарының ішінде білімдісі, сауаттысы” (Қажыбай Қабылфазыл) <автор: “Құдайтанушылар көбейіп бара жатыр, бұл жақсылықтың нышаны емес...” деген мәселе көтеріп, “...қазақтардың әлі күнге дейін, тіпті бүгінгі күннің өзінде-ақ ислам қағидаларын тасталқан етіп бұзып жүргені ақиқат” деп көрсетеді. “Құран қағидаларына сәйкес адамдар тек Аллаға ғана табынуға міндетті”, “ата-баба аруағына бата жасау” деген ислам дінінде жоқ”, “Біз үшін, жалпы қазақ үшін ислам діні дұрыс, өте қажет”, “Тәңіршілікке (тенгрианство) оралайық деген әумесерлік”, “Қазақ мұсылман дінін енді дұрыс қабылдауға тиісті” дей келе, жоғарыдағыдай тұжырым жасайды (Азат. 7–14 шілде 2004) >

* * *

* “Қазақтар – өз елінде өгей бала болған халық” (Құдайберген Жұбанов) <қазақ табиғатынан андағайлап көріне беретін қасиеттің бірі – осы өз елінде жүріп, өзін-өзі өгей баладай көріп, жасқаншақ, жалтақ, мүсәпір хал кешуі екенін аңғартады. Шынында да, қазақтың ашық айқаста өз үлесін басқаға жібермейтін батыр, ашық тартыста дес бермейтін ойшыл да шешен халық бола тұра, күйкі өмір-тіршілікте өзін-өзі еркін ұстап, ерлерше әрекет етуде өз деңгейінен көріне алмай, ылғи өгей, жетім баладай қымсынып, қымтырылып, басқаларға жол беріп, орын босатып отыратын мінезі айыпталып тұр >

* * *

* **“Қазақтар — өз жерінде өзімен-өзі соғысып көрмеген халық”** (Қалтай Мұхамеджанов) <ел болған соң анда-санда ағайын арасында болып тұрған азды-көпті қырғиқабақты қақтығыстарды, жер дауы, жесір дауы, барымта, қарымта, сырымта, т. б. жағдайларды есептемегенде, қазақ жүздерінің, хандарының өзара соғысып, қырғынға ұшырауын тарих білген емес. Қазақ зиялылары мұның бірнеше себептерін көрсетеді. Соның бірі: қазақтың нәсіліне тән қасиеті (генофоны) — жеті атаға дейін қыз алыспау, яғни 175 жыл бойы өзінің қатынасын үзбей араласу салты. Соның нәтижесінде ұлан-байтақ Қазақ даласында қазақтың ұзатылған қызы арқылы оның туыстық, тілдік, әдет-ғұрып, т. б. салт-дәстүрде тұтастық (монолиттік) сақталып келген. Екінші бір себеп: “судың іргесін шым бекітеді, сөздің іргесін дін бекітеді, даудың іргесін қыз бекітеді” деген дана сөздің мәніне қазақтың ден қоюына байланысты. Қазақ даласында өмірде дін соғысы болған емес, өйткені екі үлкен дін — Тәңір мен Ислам — бір-біріне қарсы уағыздалған емес, қайта бірімен-бірі астасып жатқан діндер. Ал, екі ел, мемлекет арасындағы дау-жанжалды тоқтатып, бейбітшілік орнатудың бір жолы — қыз беру, қыз алу, құда-андалық салтын ұстанып келгені де белгілі. Қазақ халқының осы сияқты қасиеттеріне байланысты қазақтың өз жерінде бұрын-соңды қазақ пен қазақ арасында бірін-бірі жаулап алу үшін қанды соғыс болған емес (Түркістан. 8 мамыр 1995)>

* * *

* **“Қазақтар — “өздерін үш бөлікке немесе Үлкен, Орта, Кіші ордаға бөлінетін бір халықтың өкіліміз” деп есептейтін ... жандар”** (Абель Яновский) <бұл шетел ғалымының бірден көзіне түскені — қазақтардың кешегі де бүгінгі болмысы. Үй ішінен үй тіккендей, қазақтың өз ішінен жіктеліп, өзара бөлшектенуі — бұрыннан келе жатқан ата-бабалар дәстүрі болғаны рас, бірақ халқымыздың біртұтас егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болып қалыптасқан бүгінгі тарихи даму кезеңінде, өркениетке қолы жетіп, ұлт болу дәуірінде зияны болмаса, пайдасы жоқ құбылыс деп қарайды (Мұхтар Құл-Мұхаммед. Орыс энциклопедиясындағы қазақ шежіресі. Алматы: Атамұра, 1994. 68-б.)>

* * *

* **“Қазақтар — өзінің ана тілін ұмыта бастаған халық”** (Түркістан. 28 маусым 1995) <бұл сөздің шындыққа жанасатын жері де жоқ емес. Шынында да, бізге белгілі тарихи, саяси, әлеуметтік жағдайларға байланысты қазақтар өз елінде, өз жерінде тұрып-ақ (әсіресе ХХ ғ. соңғы жылдарында) өз тілінен жери бастағаны белгілі. Ол отбасында ғана қалып, қоғамдық өмір-тіршілігінен алыстап, тәрк етіле бастағаны мәлім. Қазақ

халқы егемендік алғанына, тіліне мемлекеттік мәртебе әпергеніне 15 жылдай уақыт өтсе де, әлі күнге дейін оны қалтына келтіріп, өз деңгейіне көтере алмай келуі “батпандап кіріп, мысқалдап шығатын кәрі ауру, ескі дерт” тәрізді қасіреттен құтыла алмай отыруын көрсетеді>

* * *

* “Қазақтар өзінің демократияшылдығымен, ұлттық мемлекеттің саяси ашықтылығымен сипатталады” (Әзімбай Ғали) <автор өзінің бұл пікірін былайша түсіндіреді: Қазақ елінде соттың шешімі тез орындалады, сотталушы жақтар соттың шешіміне риза болып шығады; қазақтың билері билеуші топтың үкіміне бағынышты болмаған... Әскери жорықтар жеңіспен, олжамен аяқталса, онда жорық шығыны сонымен жабылған... Қазақтар өзбектер сияқты өз хандарына шабуыл жасамаған, т. т. (Контуры национальной идеологии и политики // Эпоха. 26 сентября 2003)>

* * *

* “Қазақтар – тәуелсіз қазақ мемлекетін құруын құрса да, бірақ сол мемлекеттің өзіне лайықты ұлты бола алмай отыр” (Алдан Айымбетов) <автор өзінің бұл пікірін дәлелдеу үшін көптеген факторларды санамалап өтеді>

* * *

* “Қазақтар – тірісінде өзара қаншама айтысып-тартысып, жамандасып жүрсе де, өлгеннен соң оның бәрін ұмытып, тек мақтау-мадақтаумен болатын халық” (Ел арасындағы пікір) <қазақтардың бұл қасиеті: “Қазақтың өлгенінде жаманы жоқ, Тірісінде жамандаудан иманы жоқ”, деп Абай айтқандай, ел бойына сіңіп, қалыптасып қалған әдет сияқты. Оның басты себебі: өлген адамды, марқұмның аруағын (рухын) сыйлау – тірі пенденің міндеті, ұрпақ парызы деген ізгі қасиет қазақ салтында ежелден қалыптасқан; ол имандылыққа, сондай-ақ жамандаған адамның аруағының қаһарынан қорқуға да байланысты болса керек. Сондықтан да, өз өмірінде елге жақсылық істемеген адамды жамандағысы келген адамның “Қара жер хабар айтпасын!” дейтіні, ал күйіп кеткенде, “ей, айтса айтсын!” деп, ащы да болса марқұм туралы шындықты ақтара салатыны осыдан>

* * *

* “Қазақтар – ұлттық мемлекетін құруға өздері кедергі болып отырған халық” (Алдан Айымбетов) <автор өзінің бұл пікірін мынандай мысалдармен дәлелдеуге тырысады: жұртышылық өткен сайлау кезінде Мәжіліспен Сенатқа жүгіріп жүріп, өзі қалайтын адамдарын сайлады, олар

халықтың сөзін сөйлеп, ел мүддесін ойлайтын шығар деп сенді. Ал, сол депутаттардың көпшілігі қазақ тіліне қарсы шықты (сәуір 2004). “Мен оларды шіріген жұмыртқа” деп атаған болар едім!” “Біздің ұлттық мемлекет құруымызға ең бірінші кедергі – осындай қазақтар” – деп ашынады автор. “Содан кейінгі кедергі – Қазақстанның көпұлттылығы. Біз одан әлі құтыла алмай келе жатырмыз”, қазақ басым көпшілік болу керек, қазақтың саны көбейіп, үлес салмағы 80 пайызға жету керек, ұлттық идеология болу керек, т. т. деп пайымдағаны (Қиын кезде қатардан шығып қалғым келмейді // Жас Алаш. 6 шілде 2004)>

* * *

* “Қазақтар – үстіміздегі ғасырдың басында пайда болған. Оларды большевиктер жасанды жолмен жаратқан” (Н. Масанов) <тарихи шындыққа жатпайтын пікір. Қазақтарды “Қазақ” деп тану XV ғ. басталып, ол өзінің тарихи даму процесінде қалыптасқан, халық болып танылуы большевиктер дәуіріне байланысты емес (Парасат. 1999. № 9, 4-6)>

* * *

* “Қазақтар – шыдамды халық” (Алдан Айымбетов) <А. Айымбетов өзінің Сорос мырзаға бағышталған сөзінде: “Сіз кімдерді қолдап отырсыз, Сорос мырза? Жергілікті халық мүддесін жар сала қорғаушылар неліктен назарларыңыздан тыс қалуда? – дей отырып, “қалғанын уақыт өзі елеп-екшеп, орны-орнына қоя жатар деген үмітпен шектеле тұрамыз. Өйткені, біз қашанда шыдамды халықпыз” депті (Парасат. 1999. 5-6)>

* * *

* “Қазақтар – Шыңғыс ұрпағының арқасында тұтас ұлт болып қалыптасқан халық” (Мақаш Тәтімов) <автор: “осыншама ұлан-ғайыр далада (территорияда) жасаған көшпелі қазақтар Шыңғыс әулеті болмаса, біртұтас ел болып қалыптаспаған да болар еді” – дей келіп, қазақ хандары мен сұлтандарының (“барша ақсүйектердің”) тегі (генеалогиялық тамыры) туралы былай деп жазады: “Кстати, если посмотреть на основание генеалогического корня (казахов – Ә. Қ.) можно увидеть что там есть небольшие ветви, которые не относятся ни к одному из трех жузов. Это самые почетные сословия – торе (чингизиды) и кожа (исламиды), а также толенгиты (сословие военных). От них берет начало весь генеалогический корень ханов и султанов, так называемая “белая кость” (ақсүйек)” // Таймс. 1999. № 2)>

* * *

* “Қазақтар, яғни “Киіз туырлықты қазақ” аталатын бұл елдің өмір тарихы, тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, мінез-құлқы айна қатесіз бірдей... Осыншама тұрақтылық пен тұтастықтың Октябрь революциясына

дейін тұтас мемлекет болмаған елде сақталуы таңғаларлық құбылыс” (Собит Мұқанов) <автор сайын далада ру-тайпа болып жасап келген қазақ халқының бытырап кетпей күні кешеге дейін біртұтас ел болып, этностық бірлігін, салт-дәстүріндегі, т. б. жақтарындағы ұқсастықты, тіліндегі, дініндегі біркелілікті сақтап келуін — оның бұрын да бір бүтін мемлекет болғанының объективті белгісі екенін дәлелдегісі келеді... (Мұқанов С. Таңдамалы шығармалары. 15-т. Алматы, 1979. 37-б.)>

* * *

* “Қазақтардың тілі өзінің бастапқы таза түркілік табиғатын сақтап қалған. Қазақ даласының бүкіл ұлан-байтақ өңірінде қазақ тілі диалектілерге бөлінбейді” — деп жазылған “Брокгауз-Ефронда” (1897).

* * *

* “Қазақты етектен тартып тұрған, жағымпаздыққа апаратын нәрсе — құлдық мінез, құлдық таңбасы. Бұл біздің туа бітті қасиетіміз” (Қабдеш Жұмаділов) <жазушы қазақ халқының табиғатына тән құлдық мінез, жағымпаздық әдетін паш ету арқылы оны дербес ұлт ретінде еркін дамуымызға тосалғы болып келе жатқан кінәрат деп санайды. “Абылай заманында, Қабанбай заманында жағдай басқаша болған; оны Ақтамбердінің: “Мұртымыз көкке шанышылып, Бұрын да сөйлер ме екенбіз? — деген шалқайып отырып сөйлейтін еркін, азат адамның айтатын сөзі” дегенімен дәлелдейді (“Жағымпаздардың жарысы” немесе “Қаламнан қуатты қару жоқ” // Жас Алаш. 22 маусым 2004)>

* * *

* “Қазақты құртқың келсе, үстіне атом бомбасын тастаудың түкке керегі жоқ. Қазақ үш жіпке ілінулі тұр: ана тілі, әдебиеті, өнері. Осы үш жіпті қиып жіберсең, қазақ жоқ болады да шығады” (Қабдеш Жұмаділов) <жазушы бұл пікірі арқылы қазақтың қазақ болып қалуына ұйытқы болып отырған осы үш тірек екендігін бейнелеп дәлелдеуге тырысады (“Жағымпаздардың жарысы” немесе “Қаламнан қуатты қару жоқ” // Жас Алаш. 22 маусым 2004)>

* * *

* “Қазақты тану үшін алдымен Шәмшінің өнін, Әбілханның суретін зерттеу керек” (Ғабит Мүсірепов) <ұлы жазушының бұл пікірі қазақтың дарынды екі перзенті — музыка саласында Шәмші мен сурет саласында Әбілханның шынайы ұлттық қасиетін, қазақ табиғатын таныта білуіне, осы екі өнер саласындағы өзіндік ерекшеліктерін әлемге паш ете білуіне байланысты айтылып тұр. Жазушы Шәмші Қалдаяқов пен Әбілхан Қастеевтің артында қалдырған асыл мұрасы жалпы музыка мен сурет өнерінің биік мәртебесін ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының өзіндік

табиғат-болмысына тән ерекше қасиетін, қайталанбас өзгешеліктерін көрсетуін айтып отыр. Бұл бай мәдени мұра қазақ халқының өзімен бірге мәңгі жасай бермек, оны терең зерттеп, танып-білу парызымыз дегенді аңғартады >

* * *

* **“Қазақтың арғы атасы – Ер Түрік”** (Міржақып Дулатов) <бұл пікір ел жадында осылай сақталып, қалыптасқан, Мағжан ақынның пікірімен де үндес сөз: “Түркістан – екі дүние есігі ғой, Түркістан – Ер Түріктің бесігі ғой”. Оның мәні: қазақ халқы да, басқа түркі халықтары сияқты, барша өмірін түркі тайпаларының басын қосып, мемлекет құрумен шұғылданып, аттың жалы, түйенің қомында, ғұмырын ерлікпен өткізген түркі текті бабаларынан тараған ұрпақтардың бірі дегенді аңғартып тұр; “Қазақтың арғы тегі – батыр түрік, “Арабсың” деген сөздің түбі шірік” (Шәкерім) деген пікір де осы айтылған оймен сабақтас >

* * *

* **“Қазақтың басты қасиеттері – “көзсіз еліктеушілік пен бейімделушілік, ымыраға көнгіш келісімпаздық пен басшұлғушылық”** (Аманхан Әлім) <автор “түбінде бір орға жығар бұл қасіреттерден қазақ арылмаса, ұлт ретінде одан өзгермесе, басқа ұлттармен тең тұрып, иық тірестіре алмайды” дей келіп, оның көзсіз батысшылдығына қарсылығын білдіреді, өз халқын “қолыңнан келсе, өз салт-дәстүріңді, әдет-ғұрып, әлеуметтік-тұрмыстық, мәдени өркениетіңді жаңаша, жасампаздықпен жаңғырт” деп үгіттейді >

* * *

“Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану, қалыптасу тарихы. Оның бастауы сонау есте жоқ ескі замандардың белгісіз қойнауында жатыр. Алайда, өкінішке қарай, тарихқа моноцентристік тұрғыдан қарау, кешегі КСРО құрамына кірген саны аз ұлттардың тарихына жете мән бермеу, оны әдейі бұрмалау салдарынан Қазақ елінің тарихын соңғы бірнеше жүзжылдықтардың аясына ғана сыйғызып келгеніміз қазір ешкімге де жасырын сыр емес” (Нұрсұлтан Назарбаев) <бұл пікір Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 1998 жылды Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы деп жариялауға байланысты жарлығында, жасаған баяндамасында айтылып, ол төл тарихымызды танып-білуде халқымыздың өткеніне қатысты әр деректі, көне жазба мұраларды тұлнұсқасынан оқып-білудің маңызының ерекшелігіне байланысты Қытайдың байырғы әулеттік шежірелерінің негізінде Қ. Салғарин тарапынан жинақталған “Хан кітабында” халқымыздың негізін құрауға қатысқан ежелгі көне тайпалар тарихының белгілі бір

кезеңінен мол дерек беретін сиуңну (хунну) халқының тарихына қатысты материалдардың түпнұсқасын тұңғыш рет ана тілімізге аударып, оқырманға ұсынылып отырған еңбегінде келтіріп отыр (Сиуңну “Хан кітабынан”. Аударып, алғы сөзін түзеген және құрастырған Қойшығара Салғараұлы. Алматы: Санат, 1998. 4-б.)>

* * *

* **“Қазақтың билетіні аз емес, істей билетіні аз”** (Ғабит Мүсірепов) <бұл қасиет те қазақ қауымына тән: қазақ қоғамда болып жатқан құбылыстардың баришасын бақылап, пайымдап, оған өзінше баға беріп, сынап-мінеп отыруға келгенде алдына жан салмайды. Айта берсең, қазақтың өз өмірінде білмеген, көзімен көріп, көңіліне түймеген бірде-бір елеулі құбылыс, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, жөн-жоралғы, оқиға жоқ десе де болады. Бірақ өзі білген, көңіліне түйген нәрсенің бәрін ұқсатып, өмірден алған тағылым-тәлімді іс жүзінде жүзеге асыруға келгенде іс-әрекеті кемшін, бәрін ойдағыдай етіп орындай алмайды дегенді аңғартып тұр>

* * *

* **“Қазақтың жанын қазақ қана түсінеді”** (Мұрат Әмірезов) <теледидардан “Бармысың, бауырым!” атты телехабарды жапон жігітінің жүргізуіне қарсы пікірін автор: “...өз ойын әсемдеп жеткізе алмаған жүргізуші әңгімелесіп отырған адамның жан сарайын, ішкі дүниесін аша алмайды, т. т.” деген уәждермен дәлелдеп береді. Ол “Қысқасы, шала-пұла тіл үйренген шетелдік азамат “Бармысың, бауырымның” жүгін көтеріп тұрған жоқ. Қайта, “әжептәуір ән еді, пұшық шіркін қор қылдының” керін келтіріп тұр” деп, “қазақ жанын қазақ қана түсінеді” деп тұжырымдайды ойын (Жас Алаш. 27 сәуір 2004)>

* * *

* **“Қазақтың жері — қазақ ұлтының біртұтастығы мен патриотизмнің тарихи кепілі”** (Ақселеу Сейдімбек) <автор кең-байтақ қазақтың жері ертеден-ақ қазақтардың басы қосылып, бір-бірінен бөлініп-бөлшектеніп емес, біртұтас халық болып және сол жерді сыртқы жауларынан тізе қосып, бірлесе қорғағандығын айта келіп, бүгінгі жүргізіліп отырған жер саясатын сынап өтеді. Ол: “қазір Терещенконың жері, Машкевичтің жері, Кулагиннің жері дейтін сұмдық шықты. Өкше басар ұрпақ менің Алатауым, менің Сарыарқам, менің Атырауым, менің Алтайым деп мақтанышпен айта алмайтын күйге жетті...” деп түйеді ойын (Жас Алаш. 29 маусым 2004)>

* * *

* **“Қазақтың кең даласының қай түкпіріндегі де төбешікті қақ**

жарсаңыз – асты толған тарих – халық тарихы...” (Нұрсұлтан Назарбаев) <ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаев өзінің бұл пікірін Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығына арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзінде (14 қыркүйек, 2003 ж. Атырау қаласы) айтқан еді. Бұл пікірін ол: “Махамбетті Махамбет қылған да, Исатай мен Махамбет бастаған қозғалысты саяси мәні зор тарихи оқиғаға айналдырған да – халық. Ел тарихы мен ер тарихын бөле-жара алмайтынымыз сондықтан” деп ойын таратып, Махамбет болмысына тән ерен ерлік – қазақ халқының да болмысына тән ерен ерлік” деген идеяны аңғартады (Қазақ әдебиеті. 23 сәуір 2004)>

* * *

* “Қазақтың қазіргі этномәдени болмысын дертке шалдыққан адамға теңеуге болады” (Ақселеу Сейдімбек) <бұл пікірін автор былай-ша дәлелдейді: “Ол дерттің атауы – отаршылдық зардабы. Бұл – ұлт рухына батпандап кіріп, мысқалдап шығатын дерт. Отаршылдықтан есеңгіреп шыққан қазақ ұлты өзінің рухани дертте екенін толық сезіне алмай, нарық заманы лақ еткізген койыртпақты талғамсыз сіміруде. “Ит жоқта қораңда шошқа үріп, би жоқта жораңда құл жүріп” дегендей, ұлттың рухани әлемі жынойнаққа айналуда... Бұл үрдіс тұтас ұрпақ санасын арбап, оларды тексіз етіп қалыптастыруда...” (Жас Алаш. 29 маусым 2004)>

* * *

* “Қазақтың өз ішінде де шовинистер бар” (Алдан Айымбетов) <автор: “Жас Алаш” – нағыз ұлттық-патриоттық басылым – қазақтың санасын да көтеріп жатқан, қазақтың рухын да көтеріп отырған газет... Әрине, мұндай газет шовинистерге ұнамайды. Шовинист деген тек басқаларға ғана қатысты емес. Қазақтың өз ішінде де шовинистер бар” – дей келе, автор олардың қатарына баяғы заманның қайта орнауын көксейтіндерді, жезөкшелер сияқты мың құбылып тұратын кейбір саясаткерлерді жатқызады (Қиын кезде қатардан шығып қалғым келмейді // Жас Алаш. 6 шілде 2004)>

* * *

* “Қазақтың патриоты – қазақтың өзі” (Әкім Тарази) <бұл – тілшінің (Өмірзақ Мұқай): “Ұлттың патриоты кім, сатқыны кім?” деген сауалына берген жазушының жауабы. Ол: “12–14 миллион қазақ бар дейміз ғой. Соның 99 пайызы патриот. Бірлі-жарымды сатқыны бар. Олар – шіріген жұмыртқа. Оларға менің жаным ашиды. Сатқын адамға неге жаны ашиды деп күмілжіп отырсың ғой. Сатқын да Алланың пендесі болып келген бұл дүниеге. Арқалаған күнәсі ауыр. Жазадан ол құтыла

алмайды. Өзі құтылып кеткен күнде де ұрпақтарына обал. Арам ата азабын адал ұрпақ тартады...” (Парасят. 2003. № 9. 23-б.)>

* * *

* “Қазақтың рухы Бетховеннің әуенінен емес, бесік жырынан басталады” (Төлеген Қожамқұлов) <автор тілішімен өткізген сұхбатында: “Ең үлкен қуаныш – ұрпақ жалғастығы... Баланың қамы – болашақтың қамы... Өмір мектебі, өмір университеті әдеттегі жоғары оқу орындарынан әлдеқайда маңыздырақ. Қазақтың әрбір тағылымы – бір-бір университет. Студент кезіңде түгел өміріңе жететін білімді бірден жинап ала алмайсың. “Білімің – өзіңнің тергенің, ақылың – Алланың бергені” – деп қазақ бекер айта ма?” дей келе, “адамның барша абзал қасиеттері, рухани болмысы ананың ақ сүтімен жастайынан бойына сіңгенде ғана, бесік жырымен тербеліп өскенде ғана тұрақтанып, ұлттық бейнесі қалыптасады” деп түйіндейді (Жас Алаш. 19 маусым 2004)>

* * *

* “Қазақтың тегі мен атауы сәйкес болмауы мүмкін” (Мұхтар Құл-Мұхаммед) <“Қазақ” атауының төркінін “қашақ” мағынасынан шығаруды мақұлдайтын автор: “атаудың әртүрлі болуына қарамай, әр алуан тайпалардың өзара тектес болуы мүмкін” деп қарайды. Ол “...Қазақтың түп атасы Геродоттың (б.з.д. V ғасыр) жазбаларындағы “алазондар”, Плинийдің (I ғасыр) “азоктары”, Святослав пен Мстиславтың (968 ж.) “косогтері”, Никонов жылнамасындағы (1203) “касахтар”, орыс ғалымдары еңбектеріндегі “Сібір қырғыздары” деп аталатын осы күнгі хасақтар (кейбір әріптерінің орнын ауыстыра айтқанда – хасақтар) да қазақ халқының шығу тегіне қатысы болғанымен, “қазақ” этнонимінің шығу төркінін Ш. Уәлиханов пікірі тәңірегінен іздегеніміз жөн” – деп түйеді өз ойын (Орыс энциклопедиясындағы қазақ шежіресі. Алматы: Атамұра, 1994. 54-б.).>

Автордың Ш. Уәлиханов пікірі деп отырғаны оның қазақ этносының төркінін атауынан емес, тегінен іздегенді мақұл көретінін ескертіп тұр>

* * *

* “Қазақ тілі” – ең “сорлы” тіл” (Әбдеш Дайырбаев) <автордың уәжі: “Көп ағайындар қазақ тілі түркі тектес тілдердің ішіндегі ең бай тіл деп иектерін көтеріседі. Тойда отырған мақтанишақ қарындастай болмайық! Көне, тексеріп көрейікші!”>

Құдай – парсы сөзі. Алла – араб сөзі, тәңір – қытай сөзі, астана – парсы сөзі, орда – мұңғыл сөзі, хан – мұңғыл сөзі.

Ал енді мықты болсаңдар, алдымен осы сөздерді қазақшаға аударып немесе қайта жасап көріңдерші!” – дей келіп, автор қазақ тіліне енген,

дұрыс аударылмай жүрген сөздерді санамалап шығады. Сондағы айтары: қазақ тілі “сорлы” болмаса, соншама сөзді сырттан қабылдар ма еді?” дегенге саяды... (Лингвистикалық сауатсыздықтың салдары // Азат. 14 сәуір 2004) >

* * *

***“Қазақтың қандай халық екенін білгің келсе, мамыр өте Мәртөбеге кел!”** (Әбіш Кекілбаев) <автор бұл сөздің мәнін былайша түсіндіреді:

“Мамыр өте Мәртөбеге келсең, – сөйлеген сөз сай-сүйегіңді сырқырататын қазақтан өткен ділмар халық жоқ па деп қаласың.

Мамыр өте Мәртөбеге келсең, – жетім қозының жұмырындай ғана қара шанақ, екі шек, он алты пернеге жер-жаһандағы үн біткенді түгел сыйғызған қазақтан өткен күйші халық жоқ па деп қаласың.

Мамыр өте Мәртөбеге келсең, – даусы төрт кереге, тал шаңырақты ғана емес, аспан астын түгел әлдилеп, ұшқан құсты, жортқан аңды талмауратқан қазақтан өткен әнші халық жоқ па деп қаласың.

Мамыр өте Мәртөбеге келсең, – биі сөйлесе, дүние жаратылғаннан бергі ықылым заманның жай-жапсарын түгел жадында сақтап, келешегінің бәрін көрмей біліп отырған қазақтан асқан сұңғыла халық жоқ деп қаласың.

Мамыр өте Мәртөбеге келсең, – көпті көрген көнесінің иегіндегі көк шұлан сақалдың тұқылына, көпті білген кемел ақыл айтқан сөздің ұтырына бас шүлге тоқтайтын қазақтан асқан пәтуалы халық жоқ па деп қаласың.

Мамыр өте Мәртөбеге келсең, – алқалы жиындағы азаматы түгілі кермедегі атына дейін бірінің жалына бірі басын тығып, шұрқырасып жатқан қазақтан өткен бауырмал халық жоқ па деп қаласың.

Мамыр өте Мәртөбеге келсең, – дастарқаны жиылмас, сабасы сарқылмас қазақтың жомарттығын көресің.

Мамыр өте Мәртөбеге келсең, – қазақтың кәрісінің ақылына, жасының қайратына қайран қаласың.

Мамыр өте Мәртөбеге келсең, – жігітінің астындағы атына қарап, қызының иініндегі киіміне қарап, қазақ жұртының ризығы мен дәулетін, сәні мен салтанатын көресің...” – деп түсіндіреді.

Қазақ халқының өткендегі болмысын, жыл сайын мамыр өте қазіргі Сайрам ауданындағы Мәртөбенің басына жиылып, кеңес құратын Үш жүз ұрпағының ынтымақ-бірлігін, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын, барша болмысын жазушы осылай баяндайды (Үркер. Алматы: Жазушы, 1981. 58–59-66.) >

Қазақ қандай халық? деген сауалға ешкім де нақтылы жауап берген жоқ. Бұл сауалға ертеден бері бүгінге дейін жалпы түрде аңыз ретінде берілген жобалардың, жауаптың жалпы саны – 150-дей. Осыншама көп жауаптың берілуі этнонимдік атаудың дәл айқындалмағанын да көрсетеді. Кейбір атауларды 3–4 автордың қатар қолдануы да байқалады. Біз солардың да біреуін көрсетуді мақұл көрдік. Мәселен, төркіні ғылыми анықтамадан гөрі, халықтық аңызға ұқсап кететін (Абай, Шоқан Уәлиханов, Олжас Сүлейменов, Шынғыс Айтматов, Мұхтар Шаханов айтқан) пікірлер бар екенін ескерткіміз келеді.

Ш. Айтматов. Абайдың қос томдық жинағын қолыма алып қарап отырсам, осы қазақ деген атаудың және қырғыз бен қазақ халқының қайдан шыққандығы жайлы құлаққа қонар құнды пікір білдіріпті.

Заманында Орта Азияны жаулаған араб халифаты ізінше қалың қолмен қазіргі қазақ даласына келіп кірген. Жалпы, арабтар көшпелі елді “*хибай*”, “*хузағу*” деп атайтын. Түйелі қазақтарды көрген олар: “Әй, бұлар да өзіміздегі көшпелі тайпа – хузағу сынды халық екен. Кең даласында емін-еркін көшкені әуелеп ұшқан ақ қазға ұқсайды” деп таңырқаса керек. Сонымен *қаз-ақ* атауы қалыптасқан. Осы еңбегінде ол хакас халқы, қытай тарихы, қазақтар мен қырғыздардың шығу тегі, атақонысы жайлы кең мағлұмат береді. Мысал келтіре кетейік:

“Дін исламға кіре алмай қалған, осы күнде Күншығыс Сібірде қазақтың ағайындары бар. Тілінен, әдетінен, түсінен туыстығы анық көрініп тұр. Әсіресе, Енисейскі губернеде Минусинскі уезде “ясашынай татар” атында бір халық бар. Қазақты өздеріне ағайын тұтады дейді және тұқымдас екендігіне көрген кісі таласпайды...”.

Абайдың бұл жерде Енисей бойын жайлаған діні басқа да түбі бір хакас бауырларымыз жайлы сөз қозғап отырғаны белгілі. Одан әрмен ол былайша ой сабақтайды:

“Тағы еш қазақ қырғыз бен қазақтың бір тұқымдас екендігіне таласпайды. Сол қырғыздарды қытайлар “брут” деп атайды, өз тауарихларында оның себебін неліктен қытайлар “брут” дегенін еш білдім дегенді көрмедім”, – дей келе, қазақ пен қырғыздың Алтау баурайына қалай қоныс аударғанын баяндайды.

Ұлы ақынның қытай тарихымен таныстығы және “Манас” эпосын тыңдағандығы, одан өзінше өділ пайым жасағандығы көрінеді. Өйткені “Манас” эпосында қытайлар мен қалмақтардың қырғыз жұртын ылғи да “бруттар” деп кемсіте атайтыны айтылады.

Абай сонымен қатар қазақ пен қырғыздардың есте жоқ ерте заманнан бері енші бөліспеген бір халық екендігін тайға таңба басқандай етіп жазды да, екеуінің Минусин ойпаты маңында бауырлары қалды дегенді алаң көңілмен құлаққағыс ете кетеді.

М. Шаханов. Ел ішінде тарихи шындыққа біртабан жақын келетін тағы бір аңыз бар. Мұнда “қазақ”, “алаш” және “үш жүз” деген ұғымдардың шығу төркіні баяндалады. Ертеде Сыр бойында қалың елді Қызыл Арыстан деген хан билейді. Хан айналасындағы көрші жұртпен бірде тату, бірде кату күн кешеді. Бірде кегі кеткен түстіктегі елді жасағын қаптатып барып шауып алып, көп олжаға кенеледі. Қолға айдай сұлу көркі бар бір ару қыз түскен екен, оны Қызыл Арыстанның өзі әйелдікке алады. Күндердің бір күнінде әлгі қыз толғатып, үсті-басы ала ұл табады. Хан мен қалың елі қатты шошынып, мұны жамандыққа балап, баладан тез арада құтылуды ойлайды. Ханның бөйбішесі нәрестені құндақтап, дарияның суына тастап жіберіндер деп жасауылдарға бұйырады. Тумай жатып елді шошытқан бала толқыннан толқын қуалап, ағып келе жатып, дария бойынан балық аулап отырған кедей шалға жолығады. Бір перзентке зар болып жүрген шал баланы Құдай берді деп қуанып, құрым үйіне алып келеді. Ала бала шал мен кемпірдің бауырында “Алаш” деген атпен өсіп, келе-келе ақылдылығы мен батырлығының арқасында ел-жұртты аузына қаратады.

Алаштың даңқын естіген әкесі Қызыл Арыстан өзінің кезінде жасаған қатыгездігіне бармақ шайнап өкінеді. Ордасына әкелмекші болғанмен, жанындағы Майқы бидің ақылын тындап, Алаштың жанына ауылының үш жүз жігітін қосып беріп, бөлек шығарады. Өңшең ержүрек жігіттер түрлі жорықтарға қатысып, жерін кеңейтеді, ел қатарына қосылады. Алашты ақ киізге салып хан көтереді. Жігіттердің бірлігі мен ерлігіне алыстан көз тігіп, қызыққандар: бұлар еркін адамдар, яғни “қазақтар” деп атаған елден халқымыздың үш жүзі тараған екен дейді. Көнекөз қариялар әлі күнге дейін “атамыз – Алаш, атымыз – қазақ” деп отырады.

Алаш ханның аты қазақ тарихшысы Қадырғали Жалайыридің, Рашид әд-дин мен Әбілғазы Баһадүрдің еңбектерінде де жиі кездеседі. Кейінгі екі автордың деректеріне сүйенсек, Алаш ханның жазғы жайлауы Ұлытау мен Кішітауда, ал қыстауы Қарақұм мен Борсық құмдарында екен. Ұлытау жерінде “Алаш ханның ордасы” деген ауқымды сарайдың орны, Қаракенгір өзенінің бойында “Алаш ханның күмбезі” деген кешен бар.

Ш. Айтматов. Қисынды дерек екен. Ал Кавказды жайлаған ноғай ағайындар “қазақ” деген сөзді қазірге дейін “еркін”, “ержүрек” деген мағынада қолданып келеді. Тіпті алысқа бармай-ақ, кейінгі ғасырларда Ресей империясының құзырына мойынсұнғысы келмеген орыс мұжықтары бөлек кетіп, Сібір, Дон, Орал бойында еркін жүріп-тұрып, “казак” деген атты иемденген жоқ па? Яғни олардың ұғымында “қазақ” деген сөз “ерікті”, “бас имейтін” дегенді білдіреді. Көптеген көрші елдердің мақал-мәтелдерінің ұқсастығы секілді, осы “қазақ”

пен “казак” атауында сыртқы түрі жағынан ғана емес, ішкі мазмұн ұйқастығы да жатқан шығар.

Өйткені Ш. Уәлиханов “қазақ” деген сөзді әскери терминге жатқызып, “ержүрек”, “батыл” деген мәнде пайдаланса, атақты ғалым В. В. Радлов “*тәуелсіз*”, “*ержүрек*”, ал А. Н. Самойлович “*батыл*”, “*еркін адам*” баламасында қолданған.

М. Шаханов. Жуңгоньң II ғасырдағы тарихи деректемелерінде “Арал мен Каспий теңізінің маңында “хаса”, “қаса” деген тайпалар көшіп жүрді” десе, Орта Азия тарихшысы Рузбехан: “Қазақтар өзінің жойқын ерлігімен, алып күшімен барлық елге мәлім болды. Олардың қайтпайтын ержүрек мінезі араб тіліндегі еңбектерде көп жазылған”, – деп мәлімдейді.

Демек, қазақ сөзінің шығу төркіні сол атауды иеленген ұлттың сыртқы ерекшелігіне, еркіндік сүйгіш мінезіне тікелей байланысты деген байлам айтуға негіз бар.

[*Шыңғыс Айтматов, Мұхтар Шаханов. Құз басындағы аңшының зары (Ғасыр айрығындағы сырласу). Алматы: Рауан, 1997*].

Сонша ғалым жобаласа да, “қазақ” халқының шынайы атауы осы күнге дейін толық та тиянақты анықталмаған сияқты. Кітаптың қосымша материал жинақталып, “жақсы”, “жаман” жақтары толығырақ қамтылып жарық көруінің де себебі содан болар. Этимологиялық талдауларды әлі болса да жалғастыра түсу қажет сияқты. Есте болатын бір шындық: халық өзінің атауы ретінде ешқашанда жаман, жағымсыз мағынадағы сөзді алған емес. Келешекте осы бір заңдылықты ескергеніміз жөн!

1. 1. “Қазақ қандай халық?” деген сауалға студент-жастардың да берер жауабы бар

“Қазақ қандай халық?” деген сауалдың жастарға да қатысы бар. Қайта өмір есігін енді ғана ашып, ғылым-білімге ұмтылып отырған жастардың бұл сауалға ойланып-толғанып жауап бергені абзал. Өйткені қазақтың болашағы да – сол жастардың өздері. Ал, олардың өздерін өзі танып-білуі жалпы қоғам үшін қажет. Жастардың еркін ойланып жазып келген пікір-тұжырымдарынан да көп нәрсені аңғаруға болатын сияқты.

1. **Саянова А.:** Қазақ халқының бұдан ертеректе Хиуа, Қоқан хандығы, патша өкіметі жағынан жан-жақты (жер, билік, экономика, мәдениет, т. б.) қысым көріп келгені бізге тарихтан белгілі. Біз отаршылдық (орыстандыру) саясатын да, Голощекин қырғынынан да білеміз. Оған халқымыз, зиялы қауым қайсарлықпен қарсылық көрсетті, шейіт болып кетті. Сондықтан да біз үшін егемендіктің мәні зор.

Бауырмал, қонақжай, кішіпейіл халқымыздың ақпейіл, ыстық жүрегі ешқашан суымаса екен деймін. Әрбір азамат туған жерін, халқын, тілін, мәдениетін, әдебиетін құрметтей білсе ғана өз мақсатына жете алады...

2. **Елеусізова Г.:** Қазақ халқы соншама аңғал, сенгіш, еліктегіш, қонақжай, кішіпейіл, бауырмал халық. Сондықтан бұл халық та өзіне дұрыс көзқарастың болғанын қалайды...

3. **Стамқұлова Н.:** Қазақ халқы XV ғасырдан бастап, әсіресе соңғы үш жүз жыл бойы тәуелсіздігінен айырылған ел еді. Сондықтан оның өткен тарихы – бостандық үшін ұзақ күресінің тарихы.

Қазақ халқы – өзінің әдет-ғұрып, салт-дәстүріне берік халық. Қазақ жастары үлкенді сыйлау, кішіні, туысқандарды құрметтеу сияқты адамгершілікке бейім.

Қазақ халқы 1991 ж. өз тарихында егемендік алып, тәуелсіз мемлекет болды, тұңғыш рет өзінің президенті етіп Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты сайлады.

Қазақтар негізінен момын, әрі жалқау халық. Басты өзгеріс – мемлекеттік меншікті жекешелендіру. Осы өзгеріс енсе, халық арасында сауда-саттыққа қызығу басталады. Ал, бұл оқушылардың оқуға деген ынтасын төмендетеді, олардың мінез-құлқы өзгереді, олардың бірі ашуланшақ, бірі қызба, бірі қып-қызыл өтірікші болады...

* Бұлар кезінде (“Түркітануға кіріспе” деген пән бойынша) менің алдымнан дөріс алған Қ. А. Иасауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті филология факультетінің (ТКФ-611, 612) 3-курс студенттерінің “Қазақ қандай халық?” деген сауалға еркін ойланып жазып келген пікірлері. Біз олардың сол ойларын қысқартып, қорытып беріп отырмыз.

Біз өзімізді-өзіміз сыйлай білуіміз, бағалай білуіміз керек. Қазақстан шикізаттарды көбірек шығарса, 5–7 жылда дүниежүзіндегі ауыр өнеркәсібі ең күшті дамыған ел қатарына қосыламыз...

4. Шамаева З.: Қазақтар қуғын-сүргінді көп көрген халық. Сондықтан да, ол тәуелсіздіктің мәлдір бұлағына күмп етіп түсіп кеткенде есінен айырылып қала жаздады. Бұл – заңды құбылыс. Тәуелсіздік жолы – қасиетті жол, оған түсу үшін адам арын да, жанын да тазартуы керек, рухани сілкініс қажет. Сапарға шығарда ата-бабаларымыз мойнына тұмар таққандай, біздің бойтұмарымыз, имандай сенетін Құранымыз – еліміздің Негізгі заңы болу керек.

Қазақ халқының мінез-құлқы өзге халықтарға қарағанда ерекше: бір-біріне деген мейірбандығы, адамгершілігі таусылмайтын кендей. Өзін-өзі ұстау, бағалау, өз ойын ашық айту, т. т. Ол – салт-дәстүрін берік ұстайтын халық. Бұл, әсіресе, қыз ұзату, келін түсіру салтында қатаң сақталады.

Біздің болашағымыз – ХХІ ғасыр. Бейбіт өмірде, экономикалық, мәдени, рухани жарыста ғана, өнегелі, өнерлі елдің болмысын таныту арқылы ғана біз мақсатымызға жете аламыз. Қазақ жастары өте қиын, аумалы-төкпелі кезенді басынан кешіріп отыр. Бірақ оны олар жеңіп шығады деп сенемін!

5. Үсенова Д.: “Біз – қазақтар қандай халықпыз? Бұл туралы терең ойланып көрмеппін. Бірақ газет-журналдар бетінен “Қазақ – қонақжай халық” дегенді көбірек ұшыратамын. “Қазақ өзінің кең даласындай дарқан, жомарт, қой аузынан шөп алмайтын момын халық” деп жатады. “Қазақтарды шетелдіктерге таныстыру” деген өлеңде, тындап отырсақ, момын, аңғал, сенгіш, жомарт, түкпен ісі жоқ ақжүрек, арам пиғылдан ада, аузын ашса жүрегі көрініп тұратын, “құдай” деген қоңыр халық екенбіз... Кім біледі, бұл біздің бір жағымыз шығар. Бірақ мұнымен қазақ халқын түгелімен тануға болады деу қате. Қандай халық екенін білу үшін бір қырынан ғана қарамау керек.

Мен өзімнің әкемнен естіген әңгімелерімді айтқым келіп отыр. Ол ғалым адам емес, шаруа кісі. Оның айтқандары ғылыми пікірге жатпайтыны белгілі.

Түркістан маңындағы қатар екі ауылдың біреуі – *Абайда* қоңыраттар, ал екіншісі – *Бабайда* сунақтар (оларды “сарт” деп те атайды) тұрады. Қазақтарға қарағанда сунақтар өте пысық, бәрі бірдей қарсақтың балаларындай болып келеді. Біздің қазақтың жігіттері еккен егінінің дәнін жинап алады да, сабанына қарамайды; ал, сунақтың жігіттері түгін қалдырмай жинап алады. Сабан жинаудың орнына көкпар шауып, жаз айларын қызықпен өткізген қазақ жігіттері аттарына бидай беріп, уақ малдары шөпсіз қыстай қиналып, қырылып шығады. Кейбіреулер сунақтардың бір қап сабанына бір лақтан беріп, сатып алуға мәжбүр болады...

Қазақтың бір жаман әдеті, міне, осы ұқыпсыздық, бейқамдық. Жақында “Оңтүстік Қазақстан” газетінде “Қазақтар карта ойнайды, өзбектер егіс басында” деген мақала жарияланды. Онда да осы мәселе сөз болады.

Тағы бір естігенім: сунақ жігіттері ешқашан өз қалтасынан бекер-босқа жұмсауға (арақ-шарап, т. б. заттарды алуға) ақша шығармайды екен, олар өтірік күліп, басқаларды пайдалануға тырысады екен. Бірақ олар араларынан біреулері үйлене қалса, өзара ұйымдасып, ортадан ақша шығарып, той иесіне үлкен көмек көрсетуге бейім тұрады екен. Ал, қазақ жігіттері мұндайда тойға баруын барып, мұндай жәрдем көрсетуді ойламайды, мас болып, төбелесіп кетуі мүмкін (Әрине, олардың барлығы бірдей емес).

“Қазақ” деген атаудың шығуын қалай түсінеміз? Қазақтар ертеде түйелеріне жүк артып, қаз-қатар болып тізіліп көшіп жүруіне байланысты “қаздай>қаз>қазақ” болып аталып кетіпті. Өзбектер болса, өз алдына үй салып, оның төңірегін қоршап алып, ешкіммен қатынаспай, өзін би, өзін қожа, өзін бек санап өскендіктен “өзбек” аталып кетіпті.

“Қазақ” атауы туралы екінші бір пікір: Қазақтарды бұрын “сақ” деген. Олар ержүрек халық болған. Сондықтан оларды “нағыз сақ”, яғни “хас сақ” деп атап, “қазақ” содан шыққан.

Қазақ халқы екі ғасырдай уақыт Ресейдің отары, яғни “қара халық” болып есептелді. Олардың тек екі-ақ пайызы сауатты деп жазды. Құлдық психология да сол кезде қалыптасты.

Жоғары билікке ұмтылу қасиетіміз өте күшті. Бақталастық одан да зор. Қазақтың жауы өз ішінде. Біреу жоғарыласа, арыз жазып, сирақтан тарту, күншілдік бар. Руға, төреге бөлу, руластарын қанатының астына алу, қамқорлық жасау – көкелеріміздің әдеті.

Біздің жастарға болсын, аға буынға болсын, ұлтшылдық, ұлтжандылық жетіспейді. Қазақтың намысын жыртатын ұрпақ өсіп келеді деуге болмайды.

Қазақтар жақсы өмір сүруді білмейді. Шұрайлы жерлерде басқа халықтардың өкілдері отыр. Бұл арада қазақтарға еті тірілік жетіспейді. Осы қасиетті студенттер арасынан да байқауға болады. Мысалы, орыс гоптары университетте бір нәрсе көңіліне жақпаса, мұғалімдердің жаман қылықтарын байқаса, дереу дау шығарып, ұйымдасып, дәлелдеп шығады. Ал, біз біле тұрсақ та, оған көз жұмып қараймыз. Орыс қыздары шындықты бетіне айтып салып, қарап отырады. Ал, біз болсақ, көңіліне келер деп қорқып, не сыйлап, үндемейміз.

Бірақ мен өзімізді қанша жамандасам да, өзімнің қазақ болып туғаныма ризамын. “Ондай-ондай хан қызында да болады” деп қараймын.

6. Жанар К.: 1. Көп уақытқа дейін қазақтар Ресей империясының шырмауында шырмалып келді. Өткен тарихымыз бұрмаланды...

2. Егемендіктен қазақтар дүр сілкінді. Бірақ сол тәуелсіздіктің шешімін таба алдық па? Сауаты, мәдениеті бар адамдардың көбі енжарлыққа, жалқаулыққа салынып кеткен, көп нәрсенің байыбына бара бермейді. Яғни, “обломовтар” көбейді. Бұлай жалғаса берсе, заман ағымынан қалып қояуымыз мүмкін.

3. Қазаққа қанға сіңген мінезді өзгерту керек. Мәселен, неге біз кезінде өз арамыздан шыққан тарихи тұлғаларды маңдайымызға сыйдыра алмадық?

Ахаңның: “Қинамайды абақтыға жапқаны,
Қиын емес дарға асқаны, атқаны;
Маған ауыр осылардың бәрінен
Өз ауылымның иттері үріп, қапқаны!” деген айыптау сөздері нені көрсетеді?

4. Баспасөз беттерін аша қалсаңыз, жастар жайында қынжыла жазған мақалаларды оқып, “шынымен-ақ қазақ жастары осындай халде ме?” деп ойлаймын. Ауыл жастары қалаға ағылып келіп жатыр, өйткені ауылда істейтін іс жоқ, оқуға ақша жоқ... Қолынан балта шабу, күрек ұстау келмейді; оның есесіне біреудің мүлкіне көзін алартып, ұрлап, тапқанын араққа жұмсайды...

5. Жастарымыздың саяси сауаты таяз. Үлкенді сыйлау, кішіге құрмет дегеннен жүрдай болып барады. Бірақ жастардың бәрі сондай деуден аулақпын. Бәріне бірдей күйе жағуға болмайды, әрине...

7. Сапарбаева Мөлдiр: 1. “Қазақ қандай халық?” деген сұраққа менің берер жауабым: “Қазақ – дана халық!” Олай дейтiн себебiм:

бiрiншiден, қазақ халқының ауызбiрлiгiн, намысшылдығын, өжеттiлiгiн, жаугершiлiк заманда бiр жағадан бас шығарып, бiр женнен қол шығарып, елiн, жерiн қорғаған батыр халық екенiн айтуға болады;

екiншiден, қазақ – ұлы халық, өйткенi ол ел iшiндегi шешен, билердiң, көптi көрген үлкендердiң ақыл-кеңесiне сүйенiп өмiр сүрген, сөзге тоқтаған; сөз қадiрiн ерекше бағалаған, дау-дамайды сөз арқылы шешуге тырысқан. Көп ойын аз сөзбен көмкерiп айта бiлетiн шешендiгi, ойшылдығы, тапқырлығы, т. б. қасиеттерi – оның даналығының белгiсi;

үшiншiден, кеңпейiлдi, қонақжайлылығы; барын қонағының алдына қойып құрметтеу де халықтың бiр қасиетi;

төртiншiден, қазақ – өжет, қайсар халық; өйткенi қазақ ойын ашық айтып, тiк сөйлейдi; “Бас кеспек болса да, тiл кеспек жоқ” деп санайтын халқымыз – жауының алдында да ойын бүкпей, ашық айтатын, батыл, бiрмiнездi халық;

бесiншiден, адамгершiлiк, инабаттылық, ұяндық – қазақтың қанына сiңген, бойына бiткен ұлттық қасиеттер;

алтыншыдан, қазақтар балаларын ата-баба дәстүрiне бесiктен тәрбиелеген, олар әсiресе қыздарын ерекше құрметтеген, ұядан

ұшқанша оларды үйдің оң жағында сақтап, барлық өнерді үйретіп, жат қылық, қаңқу сөзден аулақ ұстаған; қыз баланың көзінше тұрпайы әңгіме айтпаған;

жетіншіден, халқымыздың қалыптасқан салт-дәстүрлері көп; дүниеге келген нәресте туған күнінен бастап, ержетіп, о дүниеге кеткенше сол салт-дәстүрлер бойынша тәрбиеленеді, өмір сүреді; тек той-томалақтың өзі (шілдехана, бесік той, тұсау кесер, сүндет той, т. т.) қанша? Ал, адам дүниеден өткеннен кейінгі рәсімдері (ас беру, аза тұту, басын қарайту, т. т.). Өйткені халқымыз ата-баба аруағына сенген, оны пір тұтқан имандылығымен, мұсылмандығымен ерекшеленеді.

8. Исаева Жазира:

“Жеті атасын білген ұл –

Жеті жұрттың қамын жер;

Өзін ғана білген ұл

Құлағы мен жағын жер” – демекші, ата-бабамызды білмесек, біз қандай халықпыз?

Алдымен “қазақ” деген атауға тоқталған жөн. Көптеген дерек, аңыздар “қазақ” атауы “ақ қаз” деген сөздерден туған деседі. Оның себебі: ертеде жауға аттанған қазақтар ақ киім киген. Оларды арабтар “ақ киімділер” деп атаған. Тағы бір деректе: “қазақты” “қас” және “сақ” деген (“нағыз сақ” мағынасында) екі сөзден тұрады деп қарайды.

“Қазақ қандай халық?” дегенге мен: “Қазақ – аңғал, ақкөңіл, дарынды (мыс. Мағжан) халық” – деп жауап берер едім.

9. Орынтаева Айгүл: Қазақта “Халқың қандай десең, салтымнан сынап біл” деген сөз бар. Өйткені халқымыздың басқа халықтардың салт-санасына, әдет-ғұрпына, тәрбиесіне ұқсамайтын ерекшеліктері көп. Оны қазақтың: “шілдехана”, “бесік тойы”, “сүндет тойы”, “үйлену тойы”, “қыз ұзату”, т. б. салт тойларынан да көруге болады.

10. Кенжеғұлова А.: Қазақ халқы – халық болып қалыптасқаннан бері жан-жақтан қиындық көріп, жаугершілікпен өмір сүріп келе жатқан халық. Бірақ осының бәріне мойымаған, аталы сөзге тоқтаған халық, қазақ арасында ертеде әртүрлі даулар (жер дауы, жесір дауы, т. б.) көп болған. Ол дауларды қазақтың билері-ақ шешіп отырған. Қазақтар билерін сайламаған, олардың әділ билігіне қарай таңдаған.

Қазақтың елін, жерін сыртқы жаудан қорғаған батырлары болған, олар ел намысын қолдан бермеген. Қазақ халқы үш жүз жылдай патша отаршылдығында, жетпіс жылдай Кеңес өкіметінің қол астында өмір кешірді. Осы уақыт ішінде біз өзіміздің ұлт екенімізді ұмыта бастадық. Алайда, Құдай жар болып, біз егемендігімізді алдық.

11. Уфуқ Тұннан: “Атамекеннің оққағары – қазақтар. Біздер (мұны жазып отырған студент – Түркия елінің азаматы, ұлты – қарашай)

Түркия елінде туып-өсек те Қазақстанды атамекен, оққағар ел деп санаймыз. Бір көруді армандап жүрдік. Өйткені қазақтар өз салт-дәстүрін сақтап қалған халық. Қазақ халқының тарихы трагедиялы, әрі маңызды. Қазақтардың соншама мол, кең-байтақ жерді иелеп отырғаны өткен бабаларының арқасы, ерлігінің нәтижесі. Егемен ел болып отырған қазақтың ендігі міндеті осы мұраны дамытып, жержүзілік мемлекеттер қатарына қосу.

Бүгінгі қазақтар кей жағынан өзгере бастаған. Бұрынғы көшпенділік отырықшылыққа айналған. Бұл – заңдылық. Осыған байланысты бала тәрбиесінде де өзгеріс бар...

Елдің елдігін сақтап, басын біріктіретін – оның тілі десек, осы тілдің өлмей, өз қалпында дамуы – сол халықтың болашағының кепілі, мәдениетін өркендетудің шарты. Біз – қазақ халқының болашағына сеніммен қарайтын ұрпақ уәкіліміз.

12. Әубәкірқызы Меруерт: Әрбір адам – өзі туған халқымен бақытты. “Қазақ халқы, біз кеше қандай едік, бүгін қандаймыз, ертең кім боламыз?” деген сауалға қалай жауап бере аламыз?

Өзіміз жайлы сөз қозғасақ болды, көп жағдайда, бас салып, өзімізді жамандай жөнелеміз; сахнада қазақты мүләйімісітіп, аңқау, ашықауыз етіп қоямыз, кемшілігін термелейміз... Осыдан халық рухы көтеріле ме? Өзгеге үлгі боларлық, халқымыздың өзіндік ұлттық қасиетін дәріптейтіндей қасиетіміз жоқ па? Өзінді-өзің тұқырта берсең, өзгелер желкеңе мініп алмай ма, кеуденді таптамай ма?

“Бала бүркіт парлап ұшады, баба бүркіт барлап ұшады” дегендей, балаң ойымның тізгінін босатып, қазақ туралы біраз ойымды ортаға салайын...

1. Біз бабаларымызды қараңғы, көшпелі, надан деп келдік. Ал, шынында қалай еді. Кешегі Шыңғыс ханның шапқыншылығына дейін гүлденіп, қанатын кең жайған Отырар қаласын алайық. Ондағы бай кітапхана кімге қызмет етті? Сәулетті ғимараттарға жұмсалған күш, шеберлік, білім қайдан алынды? Ол өнер кімдердің қолынан өрілді? Қазақтың бәрі көшіп жүрсе, Қазақ даласындағы ұлы қалаларды кім салды, олар кімдерге мекен болды? Сонда, біздің бабаларымыз мәдениеттің шыңына шығып, білімнің нәрін алған жоқ па екен? Ал, біздің “көзімізді ашты” деп жар салып жүрген халықтардың өздері сол кезде қалай еді?

2. Қазақ – сөзге ұста халық. Талай жылғы дауды бір ауыз сөзбен қантөгіссіз тоқтатқан халық. Ержүрек, рухы мықты, дұшпанға өліспей, беріспейтін қайсарлығы мен намысшылдығы жоғары халық. Абылайдай әділ хан, Абайдай дана ақын, Қабанбайдай ержүрек батырымыз, Қазыбектей билеріміз, Қажымұқандай алыптарымыз болған. Олар халықтың айнасы іспеттес. Ал, осындай ұлы халық құлдыққа қалай түскен?

Алыстан орағытып келіп, асаудың мойнына құрықты салды да, жайлап тарта түсті. Бойы үйренген асау, күннен күн озған сайын еті үйреніп, момындыққа бет бұрды.

3. Өз топырағынан тамырымен жұлып алып, өзге жаққа еккен өсімдік өсе ме? Біз тек өз халқымызбен ғана халықпыз, өзгенің арасында ешкім емеспіз. Халық өз табиғатымен ғана сұлу көрінеді...

Халық жалтақ мінез, құлдыққа үйренген. Кеше Бұқар жырау Абылайдың алдына шығып, өз пікірін ашық айта алса, бүгін ондай “ерлікті” ешкім де көрсете алмайды.

4. Ойыншыққа алданған сәбидей, бүгінгі таңда кешегі күнімізді аңсаймыз. “Егемендік алып өштік” дегенді көп айтамыз. Халықтығымыздан айырылып, өзге халыққа тәуелді “мәңгірт” болғанымызды артық санаймыз. Қайран қазақы мінез, ұлттық дәстүр, ана тіліміздің жетімдігі елді селт еткізбейді. Бай тіліміз қолданушыға зору.

Енді бізге өзгеден қауіп жоқ шығар, бірақ “іштен шыққан жау жаман” дегендей, өзімізді-өзіміз түншықтырмасақ болғаны. Яғни, **Рахманқұл Бердібаев** айтқандай, “көзқамандар” қашан жолға түседі екен?

5. Қазақ – қонақжай халық. Өзге десе өзегін үзеді. Осы қонақжайлылықтың жақсылығы мен жамандығы тең түсетін сияқты. Қазіргі елімізде қай халық жоқ? Биліктің басында кім, анамыздың жасы, бабамыздың қаны тамған туған жер кімнің қолында?

6. “Мен қазақпын” деп қазақтардың біреуі шынайы түрде айтса, біреуі ұялғаннан айтады, иә, кейбіреуі зорлықпен, өкінішпен айтады. Бірақ, айтса да, сол қазақтығын дәлелдейтін ішкі-сыртқы көрінісінде белгі жоқ.

7. Қазақ – батыр, намысшыл, шешен, сұлулықты сүйген, газалықты менгерген, сара білімді, төкаппар халық. Ал, біз, бүгінгі жастар, сол қазақтың адасқан ұрпағымыз. Сол сара жолға түсе алмай, етек-жеңімізді жия алмай жүрген жайымыз бар.

8. Өзге халықтар сатылап дамыса, біз құлдырап төмен түсіп кетіп, содан қайтадан өрлеуге тырысамыз. Бүгінгі ұрпақпен халық бағасы олшенбейді. Ол үшін өз дәрежемізді көтеруіміз керек, құлдық психологиядан құтылуымыз керек, бесігімізді түзеуіміз керек; ұлттық салт-дәстүрдің негізгі қаймағын ғана – ұлтты сүю, ана тілді қастерлеу, намыс отын жағу, рухты ояту, батырлыққа тәрбиелеу, халқының беделін көтеру, т. б. – сақтап қалып, дамытуымыз керек.

Жалпы халық надан емес, нағыз қазақтардың арасында да өз дәстүрінен адасқан қазақтар бар. Әрбір қазақ өз халқымен ғана бақытты. Қазақты надандыққа ұшыратқан бодандық.

13. Төрегелдиева Индира: Қазақ – ұлы халық, өз тәуелсіздігі үшін аянбай күресіп келе жатқан, бостандықты, еркіндікті сүйетін халық.

Қазақ халқының өзіне тән мынандай қасиеттері бар: ол – кеңпейілді, қонағын құдайдай сыйлайтын, сөзге шешен, ата кәсібі – малшаруашылығына икемді.

Қазақтар сыртқы көрінісі, бет-әлпеті жағынан моңғол типтес халық. Олардың қаны басқа халықтармен араласып кеткен деген пікір де рас сияқты (өзі сары, көзі көктер де бар). Ол қаншама жаугершілік заманын басынан өткергенінің бір нәтижесі.

Қазақ – бағзы заманнан-ақ өз салт-дәстүрін мықтап ұстаған халық. Ол ата салтын “асыл мұра” деп қарайды. Оған әркімнің өз тегін, жеті атасын білу жатады. Қазақ әсіресе қыз баланы ерекше қастерлеген, үлкенді сыйлау міндетті деп санаған. Басқа түркі халықтарына қарағанда діншілдігіміз онша емес. Соған байланысты мұсылман дінінен басқа дінді уағыздауға жол беру – өте қауіпті жағдай. Ел мықты болу үшін дін қатаң сақталуы қажет...

14. Омарбаева Жұлдыз: Қазақстанда 8 миллиондай қазақ жасайды. Басқа көрші елдермен тереземіз тең елміз. “Қазақ” деген сөздің мағынасы “ақпейіл”, “ақкөңіл”, “қонақжай” деген ұғымды білдіреді. Тарихымыз да бар. “Тарих” десек, Үш жүздің басын қосқан Абылай ханды айтамыз. Кенесарының көтерілісін айтамыз.

Әдебиетіміз де бай. Тек жырауларымыздың өзі қаншама: Асан Қайғы, Бұқар жырау, Қазтуған, Шалкиіз, Доспанбет, т. т. Орда басында халықтың қамын ойлап, жиын өткізген Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің өзі бір дастан...

15. Әбдіжаппар Фарид: “Өз ұлтым деген әрбір қазақ ең алдымен өзінің тарихын, шыққан тегін білуі керек, біз қандай халықпыз?” деген сауалға жауап беретіндей болу керек.

“Қазақ” деген атау “қас сақ” (“таза, нағыз сақ” деген), “қай сақ” (“сонау ежелгі сақ” деген) мағына білдіретін сөздерден тұрады.

Сондықтан да, “қазақ” – тарихы терең, мәдениеті көне халықтардың санатына жатады. Демек, бұл дерек “қазақтар” өз тарихы жоқ, бұратана тобыр деген жаңсақ пікірге соққы береді.

Қазақ халқының мінез-құлқына келсек, олар – меймандос, мейірімді, елпілдек, қарапайым, бауырмал, басқаларға еліктегіш халық.

Қазақтар ешкімнің тірлік-тіршілігіне кедергі жасамайды, пейілі кең, ниеті түзу халық. Мысалы, Түркістанға Ираннан көшіп келген 5–6 жанұя біраз уақыт бір үйде тұрды. Ал, қазір әрқайсысының жеке үй-жайы, бір-бірден машинасы бар. Бұл, әрине, олардың еңбекқорлығына, өмірге икемділігіне де байланысты шығар. Бірақ жергілікті халықтың кеңпейілділігіне де байланысты.

Басқа бір халықтың өкілінен қазақ жайын сұрай қалсаң, ол “Қазақ – жас сәби сияқты көңілі кіршіксіз таза, аңқылдақ, жауына да дос ретінде қарайтын халық” деп жауап береді.

Қазақ қалай танылды? Өткен дәуірлердегі сан шайқастардағы өзінің батырлығымен, отансүйгіштігімен танылды. Кезінде Қасым хан, одан соң Петербург ғалымдарын таңдандырған Шоқан, ұлы Абай, т. б. осы сияқты даналары болған қазақ халқын қалайша жамандауға болады?

16. Темірбекқызы Мунира: “Қазақ о баста өзінің “қазақ” деген атауына қандай ерекшеліктерімен ие болды екен? деген сауал туады. Қазақтың тамаша салт-дәстүріне қоса өзіне лайықты етіп бетбейнесін де келістіріп берген екен жаратушы. Мысалы, қазақтың қыздары қой көзді, қою қара шашы екі бұрым болып өріліп, төгіліп тұратын кейпімен әсем. Ал, жігіттері басында түлкі тымақ, қазақша шапан, астында ер-тұрманды мықты ат, қолында томағалы бүркіт, тұз тағысын қуып, сонау қыратта жүрген бейнесімен көз алдыңа елестейді.

Ертедегі қазақтар негізінен малмен айналысқан: асау үйретіп, бие байлап, қымыз ішіп, көкпар тартып, әңгіме-дүкен құрып, уақытын көңілді өткізген. Тіршілікке қажетті үй-тұрмыс бұйымдары, киім-кешек, ас-тамақтың неше түрін осы мал өнімдерінен өздері істеп алуға үйренген.

Ал, қазір бұлардың көбісі жоқ, әр заман өмірге өз талабын қоятыны заңды. Сондықтан жастарды бұрынғыдай болмадың деп айыптауға да болмайтын сияқты. “Асаудың құлағында ойнамадыңдар” деп біздерді қалай кінәлауға болады. Біз оның орнына техниканың тетігін меңгердік.

Бірақ, қалай болғанда да, қазақ тегінен тарап, қазақ болып жаралған екенбіз, біз, жастар, ұлтымыздың өзіндік бейнесін, салт-дәстүрін, тілін, дінін, рухани байлығын бойына сіңіріп, терең меңгеруге тиіспіз. Оныс “қазақпын” деп айтуға қақымыз жоқ.

17. Мәрзия Толысбай: “Мына дүниеде ұрыс-соғыс, жаулап алу, адамзаттың қанын төгіп, әлсіз елді бодан ету атаулы болмасын дейтін бірден-бір ел болса, ол – Қазақ елі деп білемін” дейді автор.

1455–1456 жылдары Жәнібек пен Керей сұлтандар қазақтың басын біріктіріп, шаңырағын көтеріп, босағасын бекітіп, **Қазақ хандығын** құрғалы “қазақ” деген ел қаншама қиындықты басынан кешіріп келеді. Екі алып империяның – Қытай мен Ресейдің – ортасында бір жағынан жоңғарлардың, екінші жағынан, **Қоқан хандығының** езгісінде болып келді. Соған қарамай осы күнге дейін елдігін сақтап, қиыншылықтарды қасқайып қарсы алып келген де – осы **қазақ** халқы.

Біздің қазіргі кең-байтақ жерімізді батыр бабаларымыз “найзаның ұшымен, білектің күшімен” сақтап қалып, бізге мирас етіп қалдырды. Бұл – ұлтымыздың жауынгер екендігінің бір дәлелі.

Халықтың мінез-құлқына келсек, ерлері – өр мінезді, бір сөзді, сертке берік, ұлт үшін қасық қанын қиюға дайын. Қазақ әйелдері –

инабатты, кішіпейіл, адал, ақкөңіл. Жалпы қазақтың бір ерекшелігі – сөз қадірін білу, сөзге тоқтау, дау-дамай бір ауыз сөзбен шешілетін болған, қонағын құдайдай күткен қонақжайлылығы т. т.

Бірақ қазақ бойында жаман қасиеттер де жоқ емес. Соның бірі – жалқаулық. Кері қарай кетуіміздің бір себебі де сол. Қазаққа тән тағы бір жаман әдет – арызқойлық, көреалмаушылық, арандатушылық (бұл басқа елден үйренген әдет). Өзге ұлттардың өкілдеріне “биіктен қарау” – бізге тән әдет емес. Кез келгенімен араласып кетеміз. Басқа ұлттардың жақсы-жаман жақтарын қабылдауға дайын тұрамыз.

Қазақтардың салт-дәстүрлері жақсы сақталып, мықты дамыған. Қазақтардың ғылым-білімге деген талпынысы басқалармен салыстырғанда биік дәрежеде емес. Қазақтан шыққан білімділер, ғалымдар, дүниежүзіне танымал болған есімдер жоқтың қасы.

18. Ахметова Қалбиби: Өзінің туған жерін, өскен елін ойламайтын адам жоқ шығар. Осы тұрғыдан қарағанда “Қазақ қандай халық?” деген сауалға жауап беру бәріміздің міндетіміз. Қазақтың бір қасиетін “Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы ақсақал алдынан шығады” деген мақал да аңғартып тұр. Бұл – қонақжайлылық, әдептілік, мейірбандық.

Қазақ менталитетінің басты элементі – сөз. Кешегі қазақ қауымында дау-дамай аталы сөз арқылы шешілген. Оның екінші бір элементі – *домбыра* және соның төңірегінен өрбитін – ән-күй. Қазақ даласында бір ауыз өлең шығармайтын, “әу” деп өлең айтпайтын адам жоқ деп есептейді. Бұл, қазақ – ақын халық, әнші халық деген сөз.

Қазақ өмірінің бір саласы – ұлттық ойындары. Осы бір тәрбиелік, дүниетанымдық мәні зор құбылыс қазіргі қазақ жастары арасында сиреп бара жатқан сияқты.

Ертедегі қазақ жастарының шұғылданған өнерінің бірі – *аңшылық*. Бұл өнер де қазір бейберекет. Сонымен көздері қара, өздері моңғол типтес *қазақ* деген халықтың осы күнге дейін ұмытпай келе жатқан салтының бірі – үлкендерге деген құрмет. Бұл қасиетінен жастар айырылса, “қазақтық” та кетеді деген сөз.

19. Бабишева Нұрия: Қазақ халқының өткен тарихы – ата-баларымыздың бостандық пен болашақ үшін ауыр күресінің тарихы. Солай бола тұрса да қазақ халқы өзінің салт-дәстүріне берік халық.

Қазақ елі 1991 ж. егемендік алып, Қазақстан Республикасы болып танылды. Оның тұңғыш президенті болып Нұрсұлтан Назарбаев сайланды.

Сауда-саттық, нарықтық экономика халықтың мінез-құлқын өзгерте бастады: бірі ашуланшақ болса, енді бірі қып-қызыл өтірікші болып шықты. Халық әр нәрседен өзін-өзі сынай бастады.

20. Ақынбаева Г.: Біз, қазақтар, Еуропаға еліктегіш халықпыз. Қазіргі қазақ қыздарын алсақ, олардың көбісінің жүріс-тұрысы

салтымызға сай келмейді. Басқасын былай қойғанда, тіпті ана тілінің қадір-қасиетін елден ерекше сезінетін қыз балалардың өздері сол тілде сөйлегісі келмейді, олардан қалмайтын жігіттер де бар арамызда.

Осы тұрғыдан мен ауыл тұрғындары мен қала тұрғындарына екі түрлі көзқарастамын. Біріншілері – өте қарапайым, халықтың салт-дәстүрін жақсы біледі. Ал, қала тұрғындары басқа ұлт өкілдеріне еліктегіш, тіпті түрік, дағыстан, өзбек, орыс жігіттеріне тұрмысқа шығып жатқан қазақ қыздары да баршылық. Олардан туған балалар кім болмақ? Ал, басқа ел жігіттерінің қазақ қыздарына құмар болатын себебі, менің ойымша, қазақтың кең-байтақ жеріне, бейбіт еліне, қазақы ақжарқын мінезге қызығу бар.

Қазақ жері бай, біз шикізатты мол шығарамыз да, оны шетел іскерлері өндіріп, өндіріс тауарларын өзімізге қымбатқа сатып, пайда табады.

Қазақ жастары діннен хабарсыз. Мектеп оқушылары темекі тартып, арақ ішуге бейім, қызды сыйлау дегенді білмейді. Бұл неге байланысты? Оны мен білмеймін.

Ал, өкімет басылары туралы айтатын болсам, олар сонау “Манас” батыр жырындағы “көзқамандарға” ұқсайды...

Бұрынғы бабаларымыз өз халқына өзінің ерлігімен, батырлығымен танылып, ел жадында сақталса, сол секілді біздің де келешек ұрпаққа белгілі бір өнегемізді қалдыру арқылы есінде қалуымыз керек сияқты.

21. Бердіқожаева Б.: “Қазақ” деген атау XV ғасырда пайда болды. Ал, қазақ шежірелерінде: “Қазақтың арғы атасы – Алаш” деген сөз бар. Қазақтың этностық негізін қалыптастырған – әртүрлі тайпалар, солардың бірі – Үйсін тайпа бірлестігі. Олардың ішінде сақ тайпалары да бар. Кавказда да “Қазақия” деген ел болған.

Қалай болса да “Қазақ” атауы мен оның тарихы көп бұрмалауларға ұшырап келе жатқан құбылыстар.

22. Ерімбетова Гүлсім:

“Қазақ” деген кім дерсің,
Отырарды көрмесең?
Отқа өртенген кітаптың
Күл болғанын білмесең.
“Қазақ” деген кім дерсің?
Фарабиді білмесең.
Ғұламаның ілімін
Құлағыңа ілмесең?
“Қазақ” деген кім дерсің?
Полигонды білмесең.
Сан мыңдаған жандардың
Жан азабын сезбесең!
“Қазақ” деген кім дерсің?

Ұлы Абайды білмесең!
Данышпанның әр сөзін
Ата заңдай көрмесең!

Тарихта “қазақ” атауының шығуы туралы ғалым ағаларымыздың бірнеше пікірі бар. Соның бірі Жәнібек пен Керей бастаған топтың Ұлытау, Шу, Талас өңіріне келіп аяқ тірегендері. Екінші пікір: “қазақ” деген атау Шыңғыс ханның арғы аталарының бірі – Хайду ханның тұсында пайда болған. Ол – “әр жұрттан жиналған көшпелі ержүрек ел” делінеді Қытай деректерінде. “Қазақ” атауымен моңғолдар (X ғ.) ертеде көшіп-қонып жүргендерді атаған екен. “Қазақ” атауының XIII ғасырдан бері қолданылып келе жатқанын ғалымдар дәлелдейді.

Қазақтың тілі қыпшақ тілі болды.

Қазақтар – еркіндікті, тәуелсіздікті көксеген халық.

“Қазақ қандай халық?” деген сауал – өте орынды. Мен өзім “қазақты” өте биік, асқақ ұстаймын; қазақ халқының қалай болғандығын айтып, мен басқалардың алдында мақтана аламын. Қазақ халқының көптеген қасиеттері бар. Соның бірі “Жасқа қатал, досқа адал” деген мақалға байланысты.

Студент “қазақ” туралы өз ойын бұдан әрі өлең шумақтарымен баяндайды:

“Қазақ” деген біз ежелден халықпыз,
Мәңгүрттікке бір-ақ қадам қалыппыз.
Әдет-ғұрып, салт-дәстүрді жоғалтып,
Тілімізді өгейсітіп алыпмыз.

“Қазақ” деген біз қонақжай халықпыз,
Қонақ төрде, біз төменде жатыппыз.
Жинап беріп бар тәттіні соларға,
Ал, өзіміз қалған дәмді татыппыз.

“Қазақ” деген дарқан көңіл халықпыз,
Даналарды көрге тірі қағыппыз.
Есесіне мындап-мындап жасанды,
Қуыршақты құрақ ұшып алыпмыз.

“Қазақ” деген ақынжанды халықпыз,
Бұлақ барда лай суға қаныппыз.
Дүрбелеңді, нәубетті де жасырып,
“Ұлыларды” мақтан етіп жағыппыз.

“Қазақ” деген біз ежелден халықпыз,
Өткен күнге кетпес дақтар салыппыз,

Өше жаздап, өше жаздап жаныппыз,
Осыларды байқадық па анық біз?

“Қазақ” деген мың шежіре халықпыз,
Кеңістікте судай асып-тасыппыз.
Алтын беріп, бертін келе ұлыққа,
“Отар” деген қамытты да тағыппыз.

“Қазақ” деген еркін жүрген халықпыз,
Еркіндікті сүйіп келген халықпыз.
Демократия, тәуелсіздік, бостандық,
Бостандықты енді ғана алыпмыз!

Ескерту: Міне, студент жастардың “Қазақ қандай халық?” деген сауалға берген жауаптары осылар. Бұл жауаптар жалпы қазақ зиялыларының қазақ туралы ой-пікірлерінің көбісін қайталаса да, оларға қосқан кейбір жаңа көзқарастары да жоқ емес.

Пікір айтушы студент жастардың көбісі – қыз балалар. Сондықтан да болар, салт-дәстүр, ұлттық патриотизм, тәлім-тәрбие мәселелері көбірек сөз болады. Бұл пікірлерден ұрпақ арасында болатын дүрдараз, ауытқу, әсіреқызыл әдеттер көп байқалмайды.

1. 2. Сырткөз – сыншы

Бұл тармақша – 1-тараудың табиғи жалғасы. Егер 1-тарауда “Қазақ қандай халық?” деген жалпы сауалға қазақ қауымының өзі берген әртүрлі жауаптары жинақталып берілсе, бұл тармақшада қазақ халқының болмысына ерекше назар аударып келген басқа халықтардың зиялы қауымы ортасында қалыптасып, әр кезде жазылып қалған пікірлерінің біразы топтастырылып беріліп отыр.

Қазақта “сырткөз – сыншы” деген аталы сөз бар. Шынында да, өзіңнің кім екеніңді анық білгің келсе, тек өз туыстарыңның пікірлерімен ғана емес, сонымен қатар “пайымдағыш, бақылағыш” келетін шетел азаматтарының көзқарастарын да біліп отырғанның еш артықтығы жоқ.

Міне, осыған байланысты, қазақ туралы пікір алысу тарауын жалғастырып, қазақ қауымының әрқилы жауаптарын тыңдай отыра, Қазақстанмен көптен таныс, қазақтар туралы естігені, көргені, көңіліне түйгені бар шетел қауымдастықтары өкілдерінің де бірер пікірлерін жұмысымызда келтіре кетуді жөн көрдік.

Шетел ғалымдарының қазақ болмысынан байқағаны да, пайымдағаны да өзімізге қарағанда әлдеқайда мол екендігін аңғаруға болады. Олардың пікірлері көбінесе өздері өмірден көрген нақты шындыққа сүйеніп айтылады. Артық мақтау-мадақтау аз болса да, нақтылы сипаттауы басымырақ болып келеді. Сондықтан да, орыс тілінде бізге жеткен кейбір пікірлерді дәлірек түсіну үшін, біз жұмысымызда оларды сол қалпында келтіруге тырыстық. Деректердің орысша, қазақша араласып жүруінің себебі сол.

Жалпы алғанда, қазақ болмысын толық түсіну үшін бұл пікірлерді де ескерудің мәнісі зор деп білеміз.

Марко Поло (1254–1324)

Марко Поло – итальян саяхатшысы. Ол әкесі Николло Поло және ағасы Меттео Поломен (бұлар Венеция саудагерлері) бірге Қытайға аттанып, Палестина, Кіші Азия, Иран, Таулы Памир және Оңтүстік Азияны басып өтіп, 3 жылдан аса уақытта Пекинге жетеді. Марко Поло моңғол ханы Құбылайдың қарамағында 17 жыл жұмыс істеп, отанына 1295 ж. теңіз жолымен қайта оралады.

Марко Поло – осы уақыттарда Қазақстан қалаларын аралап, ондағы халықтың тұрмыс-салтын өз көзімен көріп, зерттеп, жазып кеткен алғашқы еуропалық ғалым. Ол онда жалпы “татар” атымен аталатын қазақтар туралы қызғылықты деректер қалдырған.

Марко Полоның қазақтар туралы кейбір мағлұматтары оның мына кітабы бойынша “**Книга Марко Поло о разнообразии мира, записанная пизанцем Рустикано в 1298 о р.х.**” – Алматы: Наука, 1991 (XX тарау, 81–83-бб., орыс тілінен қазақшаға Әлия Аюбаева аударған) беріліп отыр:

“...Мен сізге айтайын, олар (қазақтар – Ә. Қ.) бие сүтін ақ шарап тәрізді ішеді; *кемиус* (қымыз. – Ә. Қ.) деп айтады және өте дәмді.

Қарулары садақ, семсер және шоқпар; садақ тартудың шебері болғандықтан оны жиі қолданады...

Өзгелерге қарағанда кезбе келеді: қажет болса, айлық жолға ешбір азықсыз шыға береді; өзі бие сүтімен, аң етімен қоректенсе, аты жолдағы шөппен отығады, оған бола жолға арпа, сабан алып жүрудің қажеті жоқ. Өз билеушісіне тақ тұрады; қажет болса қару-жарағымен түнді ат үстінде өткізуге бар. Қиындық пен мұқтаждыққа кімнен де болса төзімді.

Алыс жолға, соғысқа аттанғанда артынып-тартынбай, екі тері ыдыс (торсық. – Ә. Қ.) пен ет асатын қыш ыдыс, жауын-шашыннан бассауғалайтын шағын шатыр алады. Олардың өзімен алып жүретін

қою, қамыр сияқты құрғақ сүті де бар, оны суға езіп ішеді (қатықты айтып отырса керек. – Ә. Қ.).

Сот билігі былай: болымсыз болса да ұрлық үшін заттың құнына қарай 7, 17, 27, т. с. с. ретпен 300-ге дейін дүре соғады. Бұдан өліп кететіндер де аз емес. Ал сондай денгейдегі ұрлыққа – өлім жазасы белгіленеді, егер ұрланған нәрсені он есе құнымен өтесе – ол адам өлтірілмейді.

Дәулетті адам айғыр, бие, сиыр барлық ірі қарасына белгі (ен, таңба. – Ә. Қ.) салып, өрісте бақташысыз ұстайды, мал қосылып кетсе, белгісіне қарай иесіне қайтарады; қой, ешкіні қойшы бағады.

Соғыста қашуға арланбайды және сол қалпында артына қайырылып атады; сөйтіп, дұшпаннан үстем болып шығады. Қашып бара жатып қуғыншы дұшпанның өзін де, атын да нысанаға дәл алып, бетпе-бет тұрғандай соғады; сөйтіп, бассауғалады деп жаңсақ ұққан жаудың қатары сирегенде қайта оралып, батырлық, ерлікпен жаудың тас-талқанын шығарады”.

П. С. Паллас (1741–1811)

Петр Симон Паллас – жаратылыс зерттеуші, этнограф, географ, саяхатшы неміс ғалымы. Ол Петербург Ғылым академиясының мүшесі (1757), 1768–1774 жылдары Орталық Ресей, Төменгі Еділ бойын, Каспий ойпаты мен Орталық, Оңтүстік Орал, Оңтүстік Сібір (Алтай, Байқал) аймақтарына ұйымдастырылған Академия экспедициясын басқарды. Соның нәтижесінде жарыққа шыққан оның “Ресей мемлекетінің әртүрлі провинцияларына саяхат” атты еңбегінде қазақтар туралы да мағлұматтар бар. Содан бір үзінді келтіреміз:

“...Қырғыздар (қазақтар) арасында дін қызметкерлері неғұрлым аз болса, түрлі сиқыршылар соғұрлым көп. Маған айтуынша, олар алты дәрежеге жіктеледі. Алғашқысын *балшы* деп атайды, олар жұлдызға қарап және кітап ашу арқылы болжайды, бұл өнер де ғылым болып саналады. Одан кейінгісін *жауырыншы* деп атайды, алдағы істі қойдың жауырынына қарап болжап және кез келген сұраққа жауап бере біледі. Ондай жауырынды пышақпен қырып не оған тіс тигізуге болмайды екен, өйте қалса, қасиетінен айырылып қалмақ...

Сиқыршылардың үшінші түрі *бақсы* деп аталады, қазақтар өзгерлерден гөрі бұған көбірек сенеді...

Ырымшы атты сиқыршы тағы бар, ол сары май не тоң май құйып, жалынның түсі арқылы болжам жасайды. Сонымен бірге мұнда да құрбандық шалының, дұға оқылады. Бірақ бұлар аса қастерленбейді.

Олардан өзге *жадыгер* (жадылаушы) атты сиқыршылардың көбі тұтқындар мен құлдарды жадылап, олар қаша қалған күнде адасып, өз қожаларына оралатындай етіп, тіпті құтылып кеткен күнде ұзамай қазақтың қолына қайта кіріптар етерліктей дұғамен дуалайды.

Қазақ қан төгуге аса құштар емес, біреуді өлтіргеннен гөрі тұтқынға алғанды тәуір көреді. Адал қызмет еткен құлға қайырымды...” (Орыс тілінен тәржімелеген Аюбаева Әлия).

{*Паллас П. С.* Путешествие по разным провинциям Российского государства (Ч. 1–3, 1773–1778)}

А. И. Левшин (1799–1879)

Алексей Иванович Левшин – Орыс географиялық қоғамының негізін қалаған және қазақтар жөнінде алғаш монографиялық еңбек жазған ғалымдардың бірі. Оның “*Описание киргиз-казаких, или киргиз-кайсацких, орд и степей*” (СПб., 1832) атты еңбегінде қазақтар туралы мағлұматтар беріледі. Ол мағлұматтарда, мәселен, “*қазақ*” деген атаудың анықтамасына, қазақ халқының Ресейге қосылған күннен бастап XIX ғасырдың басына дейінгі Орынбор әкімшілігі және орыс үкіметімен арадағы сауда, ресми және саяси қарым-қатынастарына байланысты деректер мен байқаулар келтіріледі.

Төменде сол деректердің кейбіреулерінен үзінді келтіріледі (оларды орыс тілінен тәржімелеген М. Кеңпейілов).

* * *

VI тарау қазақтардың дене бітіміне қатысты:

“...Табиғатпен етене болып, қарапайым тамақ ішіп, залалсыз климат жағдайында таза ауамен тыныстап жайбарақат өскен қазақтардың денсаулығы мықты боп келеді, көп жасайды, олар күшті де қуатты, ыстық-суыққа шыдамды. Күннің ыстығы қаперіне де кірмейді. Көзінің өткірлігі – таңдануға тұрарлық: жазықта тұрып он шақырымдай жердегі шағын заттарды көреді. Еуропалықтар өзер байқайтын жерден олар заттың сұлбасы мен түсін ажыратады.

Бала күннен ат құлағында ойнау – қазақтың тұңғыш гимнастикасы... Әйелдер бұл жағынан кейде еркектерден асып түседі. Олар садақты да қолдана біледі”.

XI тарау қазақтардың өдет-ғұрпына қатысты:

“Қазақ даласында шыққан сөздің желдей жылдам тарайтынына ешбір пошта ілесе алмайды. Ауылға қонақ келсе, бәрі жиналып соны тындайды. Қазақтардың көбі – тұйық, көңілді шудан гөрі көпшіліктен

бөлініп бірнеше сағат ойланып отырғанды жақсы көреді. Деспотизмді көп көрмеген қазақтар басқа Азия халықтарына қарағанда аңғал да ақкөңіл, сенгіш. Қайырымдылық, адамды аяу, қарттарға, ақсақалдарға құрмет көрсету – оның асыл қасиеті. Қазақ үшін меймандостық – қастерлі дәстүр. Халықтың даңқын шығарған ұлдарын *батыр* деп үлгі тұтады. Туған жерін, атамекенін қастерлейді. Ақыл иелері өзара айтыс-тартыстың халыққа зиянды екенін біледі де, оны болдырмауға тырысады. Кір жуып, кіндік кескен жерін ешкім тастап кетпейді, бәріне де көнеді. Әйелдері ерлерден гөрі бейнетқор, малын қарайды, киім тігеді. Қазақ әйелдері жанашыр, ақжүрек келеді”.

XII тарау қазақ дәстүріне байланысты:

“Тәрбиелеу: аналар сәбиін аяғының үстіне жастық қойып, соған жатқызып тербейді, кейде ат үстінде де оңтайлы орналастырып тербетеді. Қазақта балаға өкеден гөрі ана көп қарайды, қыздарын үй-іші өнерінің бәріне үйретеді.

Үйлену салты: ...Жігіттерге әке-шешесі бірінші әйелін тандап опереді, тіпті, кейбіріне бесіктен құда болып қояды. Екі жақ келіскен соң жастардың некесін ыдыстан үш рет су ішкізіп, молда қияды. Болашақ жұбайлардың келісімін алады, құда жақ қалыңмал төлеген соң, қыз әкесі жасау береді.

Жерлеу мен еске алу: Қазақтың өлімі халық дәстүрі бойынша туысқандарының қайғысы, ең алдымен, әйелдердің жоқтауына ұласады. Ерінің ерлігі мен жақсы қасиеттерін айтып, жырлап жылайды, бет жыртады, шашын жұлады, зарлап күңіренеді...

Әлеуметтік өміріне қатысты:

“Недалеко от моря Каспийского, на севере живут в степях татары-казахи... (они) грабят купцов московских на пути в Китай и обратно. Сих казахов не надобно смешивать с казаками донскими и днепровскими” – деп жазады А. И. Левшин.

[Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. СПб., 1832]

“Осыған қарағанда, – деп көрсетеді қазақ тарихшысы С. Аспандияров, – көшпелі қазақтардың (Орда қазақтарының) бүгінгі қазақ даласына қоныс аударуы осы кезден басталған болу керек”. Ол кезде қазақтарды “*татар-қазақтар*” деп те атаған...”

Г. Ю. Клапрот (1783–1835)

Генрих Юлий Клапрот – Галл университетін тамамдағаннан кейін Ресей Ғылым академиясының арнайы шақыруымен Петербургке келіп, 1805 ж. Қытайға баратын елшілік құрамына енген сино-

лог (қытайтанушы ғылым). Осы сапарында ол *башқұрт, саха, қазақ* халықтарында болып, олар туралы аса құнды материалдар жинап, оны Ресейде Шығыстануға арналған жинағында (1810) жариялайды. Оның біз ұсынып отырған мақаласы 1825 ж. Париждегі “Азия” журналында француз тілінде жарияланады. Мақала қазақ тілінде М. Малбақовтың тәржімелеуімен “Арай” журналында (1990. № 3. 83-86.) жарияланған нұсқа бойынша беріліп отыр.

Қазақ тілі туралы:

“...Қырғыз (қазақ) халқы... ұлан-байтақ кең далада тұщы суы мен малға жайлы жайылымы бар жерлерге үй тігіп, көшпенді ғұмыр кешеді... 1806 жылдың жазы мен күзінде Ертістің жоғарғы ағысын бойлап, төменгі Зайсан нұр көліне дейін барған саяхат кезінде мен күн сайын қазақтарды кездестіріп отырдым. Аздап түркі тілін білетіндігімнің Орта жүз қазақтарымен сөйлесуіме көп пайдасы тиді. Бұл жерде Осман түріктерінің сөйлесу дағдысындағы араб, парсы сөздерін қолданбай, таза түрікше сөйлеудің қажеті болды.

Кейінірек басқа екі жүздің қазақтарымен кездескенімде олардың диалектісіз, бір тілде сөйлейтіндеріне көзім жетті. Дәл осы құбылысты ғалым М. Жобер де Астраханға барғанда шарқат тоқу үшін қажетті бағалы түбіт сатып ала жүріп көптеген қазақтармен бірнеше рет кездесіп, сөйлескен кезде байқағанын айтқан болатын. Бүгінге дейін қазақтардың түркі халқы екеніне, қазақ тілінің түркі тілі екеніне ешкім шүбә келтірмейді. Санкт-Петербургтегі М. Шмидт – шүбә келтіріп отырған бірінші адам.

Оның айтуы бойынша: “қазақтар – моңғол тектес буряттардың бір бұтағы. Бір кезде бөлініп кетіп, татар көршілерінің әсерімен жаңа жергілікті тіл (говор) пайда болған. Ол тілдің өзі бірнеше диалектілерге бөлінеді. Өздерінің солтүстіктегі, батыстағы және оңтүстіктегі түркі тектес көршілерінің тілінен өзгеше моңғол сөздері басым тілде сөйлесетін халық”...

Қазақтың тілі оның түркі халқы екенін дәлелдейді. Төменде келтірілген фактілер олардың моңғол сөздері араласпаған, таза түркі тілінде сөйлесетіндігін көрсетеді... (Түркі тіліндегі қосымшалардың өзіне тән ерекшеліктерін ашатын мысалдар келтірілген – Ә. Қ.) Барлық грамматикалық қағидалар басқа түркі диалектілеріндей, моңғол тілінен айрықша ерекшеленеді.

Сондықтан мен төменде 400-ден астам қазақ сөздерінен тұратын Константинопольдегі түріктер тілімен және шығыс түркі тілімен салыстырмалы түрде жасалған сөздік келтіремін. Моңғол сөздерінің қазақшаға тіпті ұқсамайтындығын, ұқсайтын сөздердің (жұлдызшамен

белгіленгендері) түркі-моңғол тілдеріне ортақ көне лексикаға жататынын көресіздер. Демек, ол сөздер қазақтарды моңғолдарға қосып, моңғол тектес деуге негіз бола алмайды. Мен салыстыру үшін құрамында басқа тілдің, өсіресе түркі тілдерінің элементтері көп қалмақ тілін қолданбай, таза моңғол тілін пайдаландым”.

И. Шильтбергер (1380–1438)

Иоган (Ханс) Шильтбергер – Болғария жеріндегі ұрыста түріктердің қолына түскен бавар жауынгері. Тұтқында жүрген кездерінде өзі көрген жаңа аймақтар (Кіші Азия, Орта Азия, Египет, Сібір және Кавказ өлкелері) туралы “Саяхат кітабын” жазған. Шильтбергердің бұл кітабы Сібір мен Солтүстік Азияға байланысты алғашқы жазылған Еуропа әдебиеттерінің қатарына жатады.

Бұл еңбекті 1867 жылы неміс тілінен Ф. Брун орыс тіліне аударып, “О великой Татарии” деп жариялайды. Оны қазақ тіліне аударып, жариялаушылар (Әлия Аюбаева) “Татар ордасы” деп атағанды жөн көреді.

Ұлы Татария туралы (үзінді):

“...Сондай-ақ дәнді дақылдан тек тары себетін Ұлы Татарияда да болдым. Жалпы олар нан жеп, шарап ішпейді, оның ессіне бие мен түйе сүтін ішіп, солардың етімен қоректенеді. Бұлардың билеушісі мен ақсүйектері осынау жазық далада өздерінің бар байлығын артып алып, қатын-бала, мал-жанымен бір жайылымнан екінші жайылымға қысы-жазы көшіп-қонып жүретінін айта кеткен орынды. Және бір көңіл аударар жайт: олар өз корольдарын (хандарын. – Ә. Қ.) сайлағанда ақ киізге отырғызып, үш рет жоғары көтереді. Содан соң киіз үйді айнала көтеріп өгіп, өздерінің қалып-дәстүрі бойынша ант береді. Жалпы дала халқының әдетімен олар да тамақ жеп, сусын ішкенде жерге отыра береді. Көші-қон, жорық кездеріндегі азапты тауқыметтерге сондай көнбіс. Ұлы Татария бүкіл дала халықтарының ішіндегі ең ержүрек ел екенін айрықша атап айту қажет... Таңертен хан оянған соң оған алтын тостағанмен биенің сүтін береді...”.

А. Г. Вамбери (1832–1913)

Вамбери Арминий (Герман) – венгр ғалымы, тілші-түрколог әрі этнограф, венгр Ғылым академиясының мүшесі (1861), ХІХ ғ. 60-шы жылдарында Орта Азия мен Иранға жасаған саяхатымен белгілі болса, 1863 ж. Түркіменстан, Хиуа, Бұхара, Самарқандта болып, “Орта Азияға

саяхат” (1874), “Орта Азия очерктері” (1868) атты еңбектерін жазып, жергілікті халықтардың (қазақ, шағатай, ұйғыр, түрік-татар, угро-фин, т. б.) тілі, әдет-ғұрпы жөнінде құнды мағлұматтар қалдырады.

Қазақтар туралы жазғанынан үзінді (қазақшаға аударған Әлия Аюбаева):

“...Олардың түрлі ататек, үрім-бұтаққа бөлінуіне қарамастан өмір салты, әдет-ғұрпы, дәстүрі арқылы біртұтас бүтін болып табылады. Олар Жем не Арал теңізі жағалауларын немесе Балқаш не Алтай төңірегін мекендесе де сөйлеу тілдерінде айырмашылығы аз. Ертегі, олең, сондай-ақ тамақ түрлері ұлттық ойындармен қатар барлық жерде өзгеріссіз кездеседі және бір ғажабы саяхатқа құштарлық пен әскери дабылдар тіпті өте алыс тайпалардың өзін жиі біріктіріп отырады.

...Көшпенділердің бұрынғы дінімен байланысты олардың ежелгі қоғамдық тұрмыс жағдайынан кейбір түсініктер беретін қазақтың наным-сенімдері бізге бәрінен де қызықтырақ.

Қазірге дейін сақталып келген жауырынға және ішек-қарынға қарап бал ашу қазақта бұрын құрбандық шалудың болғанын дәлелдейді. Алғашқы тәсіл бойынша жаңа сойылған қойдың еттен арылтқан жауырынын әбден күйіп, көмірге айналғанша отқа ұстайды. Содан соң оны оттан шығарып, еппен жерге қояды; енді данышпан саналатын жасамыс бақсы салмақты да маңызды кейіппен көмірге айналған сүйектің сызықтарына үңіледі. Егер басты үш сызық қатарласа жауырынның жалпақ басына қарай тартылса – жақсылықтың нышаны, олай болмаған жағдайда жамандық белгісін көрсетеді. Соңғысы, әрине, сирек кездеседі. Бұған таңданудың орайы жоқ, мәдениеті гүлденген гректердің басын Дельфада шыр айналдырған жай қазақ даласында неге болмасын? Ішектің орналасуы мен өрлеуіне қарап бал ашу өлдеқайда қиын ғылым, оған қалмақтар жетік. Және бір қызығы, бұл тәсілді тек іште жатқан нәрестенің жынысын білгісі келгенде ғана қолданады.

От та зор ілтипатқа ие болса керек, өйткені біріншіден, оған түкіруге болмайды, екіншіден, от басындағы мереке мен би Азия, Африка, Еуропаның көп жерінде, Хиуа мен Қоқан даласында өте кең таралып, дәстүрге айналған. Отты үрлеуді қазақтар ортаазиялықтар тәрізді әдепсіздікке санайды...

Әсіресе, әйелдер арасында қалыптасқан ырымшылдық айрықша зерттеуге тұрады. Ол төрт жасар қыздан бастап, бүкіл ғұмырын дала өңірінде өткізіп, бар рухани қабілетін осы бағытта дамытуға бағыштаған қария әйелдерге дейін қамтиды... Үй тіккенде, мал сауып, тамақ әзірлегенде, тоқу, тігін істерінде де ырымшылдық дәстүрі қатаң сақталып, үйдің әр бөлігі мен үй аспаптары да ырыммен байланыстырылады”.

[Вамбери Г. Очерки Средней Азии. М., 1868. С. 182–183]

В. В. Радлов
(1837–1918)

Василий Васильевич Радлов – Ресей академиясының академигі, аса көрнекті тілші, ғалым, атақты түрколог, түркі тілдес халықтардың, соның ішінде қазақ халқының тарихы мен этнографиясын, ауыз әдебиеті мен әдет-ғұрпы, ауызекі тілі жөнінде бай материал жинап, жариялаған аса білгір ғалым.

Ол 1854 жылы Берлин университетінің шығыстану факультетін бітіргеннен кейін Ресейге келіп, Барнаул қаласында жұмыс істейді. Осы жылдары ол Батыс және Шығыс Сібір өлкелерін аралап, жергілікті халықтардың, соның ішінде қазақтар мен қырғыздардың арасында болып, тілін үйреніп, әдебиеті, тарихы, салт-дәстүрі жайында бай материал жинақтап, көптеген еңбектер жариялайды. Солардың қатарында қазақтарға қатысты екі еңбекті ерекше атауға болады. Олар “Сибирские древности. Из путевых записок по Сибири”. Санкт-Петербург, 1896 (орыс тілінен қазақшаға аударған Е. Жұбанов) және “Образцы народной литературы тюркских племен”. Т. III. СПб., 1870.

Біз төменде осы екі еңбектен қазақтар туралы екі үзінді келтіреміз:

Қазақ тілі туралы “Образцы...” атты еңбекте мынадай пікір айтылыпты:

“Понятно, что народ, который до такой степени наслаждается красноречием, смотрит на ритмическую речь как на высшее искусство в мире. Поэтому народная поэзия у киргизов (казахов – Ә. Қ.) достигла высокой степени развития. Пословицы и старинные изречения с искусственно смешанными рифмами, исторические, составительные, свадебные песни, плачевые стихи в честь умерших и т. д. поются и цитируются во всех собраниях и всюду принимаются с наслаждением. При этом сильно распространено искусство импровизации, и каждый мало-мальски опытный певец в состоянии тут же на месте воспеть присутствующих гостей в складно составленных стихах”.

“Сибирские древности...” еңбегінен үзінді:

У тарау. Түрік көшпенділері – қазақтар:

“...Мен өзім қазақ арасында тұрып, мынаған көзім әбден жетті: оларда анархия емес, қайта тек өзіндік, біздегі мәдени қатынастар үстем болып отыр...”

Қазақтардың өткен жүз жылдығы тарихынан бізге мәлім болып отырғандай, егер де ол шетсіз-шексіз далада соншалықты тентіреп көше берген, соншалықты ұрыстар мен шапқыншылықты басынан өткерген болса, онда кез келген отырықшы тайпа баяғыда-ақ қырылып-жойылып кеткен болар еді; ал, керісінше, көшпенділер үшін бұл бақытты кезең болды, өйткені нақ осы жағдайларда қазақтардың байлығы тасып, ықпалы артқан еді.

Кең-байтақ далада өмір сүрген қазақтардың тілі жағынан тұтас бірлікте болып, Каспий теңізі мен Жоғарғы Ертіс қазақтары тіліндегі диалектілік айырмашылық онша-мұнша аңғарылмайтынына қарамастан, барлық жерде де олардың салт-дәстүрлерінің, әдет-ғұрыптарының, тұрмысының, мінез-құлқының бірдей болуының аңғарылуына қарамастан, барлық уақытта да олардың басқа түркі халықтарынан елеулі айырмашылығы бар...

Қазақтардың көру қабілеті мейлінше дамыған, ал бұған таңырқауға болмайды. Қазақ әдетте кең-байтақ жазирада өмір сүреді, сондықтан жас шағынан зер салып шола қарауға дағдыланған. Сонымен бірге қазақ жас шағынан айналадағы табиғатты үзбей қадағалауға әдеттенген, сондықтан да өзі үшін қандай да бір мәнді болатын нәрсеңіз бәрін байқап, көре біледі. Ол жоғалған малдың ізіне күні бойы түсіп, тіпті, таптаурын болған жайылым арқылы өтсе де, әлгі ізден көз жазбайды. Малдың ізі арқылы көбіне оның ерекшеліктерін ақаусыз анықтай алады.

Қазақтар – жыл бойы даланы шарлай кезетін және өзінің табыны үшін мал азығы бар жерге қоныс тебетін нағыз көшпенді халық. Қазақтың мінез-құлқы, әдет-ғұрпы, ойлау жүйесі, бір сөзбен айтқанда, бүкіл өмірі мен іс-қарекеті осы көшіп-қонумен тығыз байланысты...

...Қазақтардың көшіп-қонуының осы қысқаша шолуынан көрініп отырғандай, дала тұрғыны үшін мал – өмір негізі, күнкөрісінің бірден-бір қайнар бұлағы болып табылады. Сондықтан малдан ада болу аштықтан қырылу қатерін төндіреді. Қазақта төрт түліктің ортақ атауы – мал (арабтың “мүлік” деген мағынаны білдіретін сөзі). Оның малды соншалықты қастерлейтінін қазақтардың әдеттегі: “малжаның аман ба” деп сәлемдесуі де дәлелдейді. Қазақтар ең алдымен малдың амандығын, ал содан соң барып адамдардың саулығын сұрап-біліп, жік-жапар болып жатады.

...Қазақ үшін жылқы – өсемдіктің биік шыңы, мал ішіндегі дүлдүлі. Сондықтан жылқы көбіне адал адамдардың өзін барымташыға айналдырады. Барымтаны ерлік деп санаса, ал басқа малды ұрлау жек көрушілік пиғыл туғызады. Қазақ өзінің сөйгүлігін бағзы біреуге уақытша мініске беруге ықыласты бола бермейді. Атқа деген ынта-ықыласын қазақ оған қойған атынан да аңғартады.

Қазақтар бала шағынан ат құлағында ойнайды, оларды сол кезде-ақ ашамайға (ерге) байлап дағдыландырады. Сондықтан да әрбір жігіт тамаша шабандоз болып табылады...

Қазақтың ең қымбат ерлері күміспен апталады.

Әйелдердің ат-тұрман әбзелдері, әдетте, ерлердің әбзелдеріне қарағанда молынан безендіріледі. Ең кедей деген әйелдердің ер-тоқым, жүгендері күміспен көмкеріледі.

2–4 жасар бала арнайы ашамайға байланады. Төрт жастан асқан бала әдеттегі ерге отырады. *Қазақ* – нағыз шабандоз халық. Олар бала кезінен құлынмен бірге өсіп-жетіліп, өле-өлгенше ат құлағында ойнайды. Олардың тұрмыс-тіршілігінде жылқының маңызды рөл атқаруына еш тандануға болмайды.

Сәйгүлік ат – қыз-жігіттің мақтанышы. Атын мақтай отырып, салт аттыны да мадақтайды және оның атын дағтай отырып, салт аттыны да дағтайды. Бөгде атты қамшылау иесін де қамшылау болып табылады...

Бай қазақ қаза болса оның жетісіне ас беріледі. Атқа оның ер-тоқымын теріс ерттейді. Оның үстіне қаза тапқан адамның көйлегін жауып, ал оның үстіне малақайын қояды, сөйтіп осы қалпында атты қаза тапқан адамның киіз үйіне ноқталап байлап қояды. Жоқтау айтылып, аттың құйрығы кесіледі. Егер қазақ жат жұртта қаза тапса, онда теріс ерттелген атты үйге жеткізіліп, тек үйге келген соң ғана құйрық-жалы күзеледі.

Сондай-ақ жылқы – адамның қадір-қасиетін анықтайтын бірден-бір жануар. Жылқымен қалыңдыққа берілетін қалыңмал мөлшері белгіленеді, жылқымен адам құны немесе оның зақым алған дене мүшесі үшін төленетін айып-пұл өтеледі.

Қазақтар малшаруашылығымен қатар егіншілікпен де айналысады...

Аңшылық еш жерде де кәсіпшілік саналған емес, онымен тек саят үшін айналысады. Аңға бүркіт пен тазы салу аң атуға қарағанда кеңінен тараған.

Аңға бүркіт салу күні бүгінге дейін ауқатты жастардың басты саятшылығы болып табылады, алғыр қыран құс аса жоғары бағаланады және қымбатқа түседі. Сондықтан аңшы құс – құсбегінің сүйіктісі, оны сүйікті атындай қастерлейді.

Барлық осы кәсіптерден басқа қазақтар өмірінен өндіріс пен қолөнер кәсіпшіліктерінің басқа да салаларының нышандарын айқын аңғарамыз... Қолөнер кәсіпшіліктерінен бірінші кезекте ағаш пен металлдан жасалған заттарды айту керек болады. Әлбетте, қазақтар өздері тұтынатын бұйымдарды әзірлеумен шектеледі. Олар ағаштан киіз үйдің керегесін, уық, шаңырақ, есік, сандық; ас үйдің саймандарын: құмыра, шелек жасайды; сондай-ақ піспек пен ер-тоқым жасауды айта кеткен жөн. Қажет болған жағдайда әр қазақ осы бұйымдардың кез келгенін жасай алады... Қазақтардың теріге, шұға мен киізге кесте төгу сияқты шеберлігі байқалады. Бұл кесте төгу өнерімен бос уақыты бар барлық қазақ әйелдері айналысады. Бай қазақтардың киіз үйінің іші кестелі өрнекпен безендендіріледі.

...Балаға ат қойып, сүндетке отырғызған кезде той жасап, қожаны шақырып, батасын алып, балаға бақыт тілейді. Егер жаңа туған нәресте ұл бала болса, үй-іші үлкен қуанышқа кенеледі, ал қыз бала туса,

оған немқұрайды қарайды. Ер бала мен қызды бірдей мәпелеп өсіреді, дегенмен әкесі, егер жалғыз ұл болса, ер баланы артық санайды...

Жас келіншек жаңа әулеттің табалдырығын аттағанда ол барлық уақытта да бәйек болуы тиіс, өйткені оның күйеуінің жолдастары келіп, оны сынамақ болып қалжындаса бастайды. Дәстүр бойынша, ол келген жолдастарымен әңімелесуі және сұрақтарына сақтықпен жауап беруі тиіс. Жас келін қайын атасы мен қайын енесінің қадағалауымен адамдарды меймандостықпен қарсы алып, қабақ шытпауы керек. Оның үй-ішіндегі міндеті — шашылған заттарды жинастыру, бейне жалшыдай күтіп-бағып, үй қызметшісінің жұмысын атқару, атасы мен енесінің көңілінен шығу. Сонда ғана олар келіндерін қызымыз деп атап, әманда мақтаумен болады, сөйтіп барлығының сый-құрметіне ие болады.

Әлбетте, қыста жастар киіз үйде өз ойындарын өткізеді. Жігіттер мен қыздар алқа-қотан отырады. Қыздар етектеріне асық салып алады, ал әрбір жас жігіт жаңағы қыздың алдына келіп жүрелеп отырады, қолын екі жағына жайып, қыздың тізесіндегі сүйекті тістеп алғанша еңкейеді. Егер бұл әрекеттің сәті түссе, бәрі қуана даурығады, ал сәті түспесе, онда қыз ебедейсіз жігітті шыбыртқымен соққылайды. Барлық жігіттер өз бақыттарын сынағаннан кейін, олардың бірі сүйекті тістейді, сөйтіп қыздар оған таянып келіп жігіт сүйекті ернімен жапқанға дейін сүйекті тістеуге тырысып бағады. Егер қызға мұның сәті түспесе, ол жігітті сүйі тиіс.

Алма-кезек барлық осы ойындармен бірге хормен ән айтады, ақындар айтысы, екі жігіттің немесе қыз бен жігіт арасында ән айту мен суырыпсалма ақындық өнері бойынша сайыс өткізіп, олардың ерқайсысы қарсыласының үнін өшіруге тырысады.

Дүйім халық жиналған барлық көпшілік той-думандарда әдетте ақындар қатысушыларды тарихи жырлармен, сондай-ақ ақындар сайыстарында және мадақтау өлеңдерін орындау кезінде өздерінің суырыпсалма өнерімен еліктіреді. Ақындар мейлінше көп. Оларды барлық жерлерде қуана қарсы алады. Қазақтар тамаша шешен сөйлеп, әңгіме айтуды ұнатады, күлдіргі әзілді жиі айтады. Олардың әңгімелері әзілге, сықаққа толы келеді. Сондықтан да қазақтарда аса бай халық поэзиясының болуына еш таңдануға болмайды.

Қазақтар өздерінің халықтық поэзия шығармаларын халықтық немесе қарасөз және кітап сөзі деп екі түрге бөледі. Алғашқысына жазылмаған, бірақ ауыз әдебиетінде бар шығармалар жатады.

...Өз көршілестеріне қарағанда қазақтардың арасында шешендік өнер дамыған... Қазақтың әр сөзді ойнақы ететіні соншалық, ол өлең сөзде ұзын сонар суырыпсалма шешендік өнерін танытып қана қоймайды, сонымен бірге оның әдеттегі тілі сөздер мен тіркестер құрылымында белгілі бір әуен-ырғақпен ерекшеленеді. демек сол

тілдің өзі бейне өлең өрнегі іспеттес келеді. Тілі бейнелі, сөз төркіні айқын да дәлме-дәл мағына береді, демек қазақтарды Батыс Азияның француздары деп атауға толық негіз бар. Менің жазғанымдай, нақ осы халықтың өте-мөте бай халық әдебиеті пайда болғанына еш тандауға болмайды...”.

Сонда “Образцыда” В. В. Радлов XVIII ғасырдың соңғы ширегінде жариялаған “Образцы народной литературы тюркских племен...” (1870) атты еңбегінде қазақтардың тұрмысы, салт-дәстүрі, тілі, болмысы жөнінде тағы біраз пікір келтірген.

[Радлов В. В. Сибирские древности. Из путевых записок по Сибири. СПб., 1896. С. III]

А. Янушкевич (1803–1857)

Адольф Янушкевич – 1832–1849 жылдары Қазақ даласында (Тобыл, Есіл бойында, Омбыда) айдауда жүріп, қазақтардың өмір-тіршілігі, салт-дәстүрі туралы естелік жазған поляк халқының зиялы азаматы. Ол 1846 жылы Семей, Аягөз, Лепсіде, Жетісу губерниясында мал, жан санағын өткізуге Омбыдан шыққан шекаралық экспедицияның құрамында болып, сол жердегі қазақтардың өмірімен еркін танысады. Осы сапарында ол “Дневник и письма из путешествия по казахским степям” деген еңбегін жазып (алдымен 1861 ж. Парижде, поляк тілінде, одан соң орыс тілінде, Петербургте) жариялаған болатын. Оның қазақша аудармасы (М. Кеңпейілов) 1966 ж. және (М. Сәрсекеев) 1979 ж. жарық көрген еді.

Біз төменде А. Янушкевичтің қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, шаруашылық кәсібі, т. б. ерекшеліктері туралы жазған естеліктерінің сол қазақша жарияланымдарынан бірер үзінді келтіреміз.

“Қақ жайлауы. Януарийге хат”

“Бұл округте қазақтардың қыстаудан көшкеніне айдан асты. Бірнеше ай бойы бір жерге қоныстанған соң, олар киіз үйлерін жығып, барлы-жоқты дүниесімен қоса түйеге артып, үйір-үйір жылқысы мен отар-отар қой-ешкісін айдап ұзақ жолға шығады... Қазақ үшін осыдан артық қастерлі ештеңе жоқ.

Бұл – олардың мөз-мейрам болып, шат-шадыман қуанышқа бөленетін күні.

Бұрын еңсесі түсіп, күнделікті күйкі тірлікпен күн кешетін қазақ, бұндайда өзінің ең жүйрік атына мінеді де, жайрандап, бір сергіп қалады.

Оты сөнбес ошақ басынан ұзамайтын қазақ әйелі ең әдемі бешпенті мен ең асыл сәукелесін киеді. Ол қазақтың көшпелі үйін, дүние-мүлкін түйеге артып, көш бастап келе жатады...

Бір сөзбен айтқанда, көктемде қыстаудан көшу қазақ үшін өлгені тіріліп, өшкені жанғанға тең”.

Аягөз, 12 маусым. Г. З.-ге хат

“Арғы аталарының әдет-ғұрпын аса қастерлейтін қазақтар болыстың жаңа президентінің жұпыны шапанының парша-паршасын шығарып, жыртыс қылып алып кетті. Бір кезде мұндай ырым хан сайлағанда жасалатын. Қазақ *бәйге* деп атайтын бұл мерекені үкімет өз есебінен өткізеді. Жергілікті өкімет сайлаушыларға да, олардың сеніміне ие болған сенаторға да құрмет көрсетіп, дәм татқызады. Татыратын дәмі аристократия үшін – шай мен палау, қара халық үшін – қой мен жылқы еті және қымыз.

Осы мереке кезінде өлең айтушыларды алғаш рет тыңдадым. Бұлар – қазақ ақындары. Олардың өлең шығаруы мен қазақтардың көбіне тән орындау дарыны осы халықтың ақыл-ой қабілетін айқындай түседі.

Айтыс басталды. Тылсым тыныштық қайтадан орнады. Ақындар бір-бірімен сайысқа түсті... Біріншісі батыл шабуылдаса, екіншісі шебер қорғанады... Бұл – аса бір қызық көрініс.

Ойға шомып кеттім. Осының бәрін дүниежүзі жабайы санайтын халықтың ортасында өз құлағыммен естідім ғой! Бұдан бірнеше күн бұрын өзара дауласқан екі партияның арасындағы қақтығыстың куәсі болдым. Сонда Демосфен мен Цицерон туралы ғұмыры есітпеген шешендерге таң қалып, қол соққанмын. Ал бүгін оқи да, жаза да білмейтін ақындар менің алдымда өнерін жайып салды. Олардың жыры жаныма жылы тиіп, жүрегімнің қылын қозғады, сонысымен өзімді тәнті етті. Сонда бұлар тағы, жабайылар болғаны ма? Бүкіл болашақтан мақұрым қалған, маңдайына түкке тұрғысыз бақташы болудан басқа ештеңе жазылмаған халық осы болғаны ма! Жо-жоқ! Имандай сырым! Тәңірім бойына осыншама қабілет дарытқан халық өркениетке жат болып қалуы мүмкін емес, оның рухы Қазақ даласына аспандай көтеріліп, жарқырап сәуле шашатын болады. Сормандай құл-құтандарды менсінбейтін Үндістан жоғары касталары секілді өзіне жоғарыдан қарайтын халықтар арасынан бұл көшпенділердің де құрметті орын алатын кезі келеді...”

Саяхат күнделігінен үзінділер

“Далада жолбасшысыз саяхатшының күні қараң. Әдетте, жолбасшы – көпті көрген, тәжірибелі, біраз жасқа келген, жастық шағында Орданы бір шетінен екінші шетіне дейін шарлап, өскен өңірін бес саусағындай білетін адам. Оның топографиялық, минералогиялық, астрономиялық, әсіресе гидрографиялық біліктері табысқа жету кепілі, бақытымызға қарай біз осындай сегіз қырлы, бір сырлы Бейбіт биге кездестік. Кезінде ол батыр, аңшы, елші, дипломат, би болған, бірақ қазір ол басқаның босағасында күн көреді, мұның өзі оның бұрынғы атақ-абыройына титімдей де дақ түсірмейді..

Қымыздың қасиеті ғажап-ақ: оған қанып ішсең, тұяқ серіппестен ұйықтайсың. Өзің ұйқыдан әрең оянасың. Бүгін түскі астан кейінгі біржарым сағаттық ұйқыдан әрең дегенде ояндым; Омбыда мұндай болып көрмеген еді. Бірнеше күн бойы қара жұмыспен айналыспасам да, күн сайын халім осылай..

Қазақтың құда болуы туралы. Құдалар келер кезде киіз үйдің алдына ор қазып, бетін шөппен жабады. Құдалар босағадан аттай бергенде-ақ, киіз үйдегі бойжеткендер мен жастар тас жаудыртқандай, оларды гүлмен атқылайды. Бұл кезде құдалар орға құлап жатады. Күліп у-шу болады. Бойжеткендер оларды шешіндіріп, шымшып, қытықтап, сиырға не өгізге мінгізіп, көрсетпейтін оспақтары болмайды. Кейде, тіпті, оларды жалаңаш бойжеткендермен қоса байлап, далаға жібереді. Бірақ олардың әлденеге ұрынбауын сырттай бақылайды. Мұндай оспадарлық қылықтар көбіне түнде болады. Ертеңгісін құдаларға қонақасы беріліп, сыйлықтар алып-беріседі..

Қазақтар аштыққа өте шыдамды, олар суыққа да төзімді келеді. Желтоқсан айында отыз барымташы қатты қарсылыққа душар болып, сойылға жығылып, өздері тоналып қалады. Қарсыластары оларды жалаңаяқ қалдырып, жолға шақпақтас берген. Ал ауылға дейін әлі де 150 шақырым. Олар қар астынан қылтиған жусанды жинап жағып, бәрі соған жылынып, бүрсендеп, жандарын аман сақтап қалған. Бір жердегі от сөне бергенде, бірнеше адам ілгері жүгіріп, басқа жерден от жағады, олар осылайша сақылдаған сары аязда ұзақ жолдан өткен. Тек бір адам өледі, қалғандарының аяқ-қолдарын жеңіл-желпі үсік шалып, көп ұзамай жазылып кеткен.

...Тілмаш Хохлов Жусанбай-Шақшақты болысындағы бір бақсы туралы айтып, қызықтырғаны бар. Бақсы қып-қызыл болып тұрған қазанның үстінде отырып, қобыз тартатын көрінеді, ауыздығын шайнаған асау атқа мініп, киіз үйге кіріп келіп, оған дегенін істеткізеді екен. Өттең, біз атақты сиқыршыны жолықтыра алмадық, ол Аягөз округіне жол жүрін кетінті. Сойтіп, көрем деген үмітім үзілді.

Левшиннің жазуынша, қазақ ата-аналары өз балаларына ержеткенше шексіз билік жүргізеді. Ал олар ержеткен соң балаларына айтпастан, келіспестен дүние-мүлкін сатуға немесе олардың еншісіне бөлінгенді қайтарып алуына құқы жоқ. Балалардың кенжесі еншіні үлкендерінен екі есе көп алады. Бала үшеу болса, дүние-мүлік төртке бөлінеді: бір бөлігі әкеге, қалған үш бөлік – балаларға. Әке мұрасына тек кенже баласы ғана ие болады. Үкіметтің наградалары мен медальдары сияқты құрметті белгілер шаңырақта мәңгі бақи сақталу үшін үлкен баласына беріледі.

...Қазақтың ойлау қабілетінің кереметтігіне барған сайын көзім жетті. Әр қазақ өз шаруасын жете түсіндіреді, ал қарсы жақтың сылтауын бет қаратпай, табан астында жоққа шығарады. Тіпті, балалардың ақылы да ерте толысады.

Қазақ үшін өз болысын тастап, басқа жаққа көшкеннен үлкен ұят іс жоқ.

...Киіз үйде сыйлы адам болса, әйел қолын маңдайына тигізіп, шынтағын сәл көтерілген тізесіне қойып отыруы керек. Түйе жетелеп, атқа мініп келе жатса да, әйел қолын маңдайына тигізіп, жолы үлкенге де, жасы үлкенге де ізет білдіруге тиісті.

Бұл болыста суырыпсалма соқыр ақын қыздың бар екенін естігенмін. Есімі Жазық, туа зағип екен.

Біздің қонақкәдемізге көңілі өсіп, өлеңмен қоштасты. Оның талантына таңғалдық. Толғауларын табан астында шығарып, ұйқас, ырғағы қатаң сақталады. Тілді еркін меңгергендігі көрініп тұр. Дауысынан әйелге ғана тән бір ғажайып сезімталдық байқалады. Өзім оны тебірене тыңдадым. Ен атақты мадонналардың орындаған өнін тыңдағанда да, мұндай әсер алмас едім”.

[*Янушкевич А.* Дневник и письма из путешествия по казахским степям. Алматы, 1966 (орыс тілінен тәржімелеген М. Кеңпейілов)]

Н. И. Ильминский (1822–1891)

Николай Иванович Ильминский – Қазандағы Діни академияда қызмет істеген ғалым. Ол 1851–1854 жж. Шығыс мұсылман елдеріне (Константинополь, Дамаск, Каир, т. б.) саяхат жасайды, ал 1858 жылдың соңынан бастап, Орынбор шекара комиссиясының аудармашысы болып қызмет істейді. Міне, сол кездерде ол қазақтың ұлы педагог-ағартушысы Ы. Алтынсаринмен танысып, достасады.

Н. И. Ильминский түркітану тарихында қазақ тілін арнайы зерттеуші ретінде танылады және оның бұл тіл туралы бірнеше еңбегі белгілі.

Біз төменде солардың біреуінен ғалымның қазақ тілі туралы пікірін келтіріп отырмыз.

“...Красноречие и поэзия, всегда процветавшие в кочевых племенах, значительно развиты и у киргизов (казахов – Ә. Қ.) ...”

“Приятно слушать киргизских (казахских – Ә. Қ.) говорунов (шешен): они говорят хорошо-связно, стройно, отчетливо, созвучно” – деп көрсетеді ол қазақтарды.

[*Ильминский Н. И.* Материалы к изучению киргизского наречия

// Ученые записки Казанского университета.

Т. III. Казань, 1861. С. 108]

Н. И. Ильминскийдің 1859 жылы Ақмешіттегі оқытушы Самыреке деген қазаққа жазған хаты*

Айналайын, чырағым сүйүкті Самыреке!

Сіздің хатыңыз келіп қолыңыздың жазған харіфдерін көзүм көрүб сау-саламат тұрған хабарыңыз құлағым қанұб болған соң бекірек қуанұб тұрмын. Сіз мен міскінді үмүтпаған екенсіз хұдай тағала өзүңізді үмүтүб хайырынан қалдырмасұн, амин. Сізден хат жолүкпас бүрүн да мен әр кім туры келсе хабар жиуға тырысыб едүм енді өзіңіз тіліңізден естіб білдүм қалды қазақчылық көкірекіме тамырын салүб тұрғандығын өзүңіз білесіз ғой. Енді сізден қазақ балаларынан қанча йас бала оқиды екен ағайындары орус оқуынан өздеріне пайда болұрын сезе ме екен сізден оқүй тұғын қазақ балалары жазуға жақсы көңілдерін салүб тұрама екен екерде даланың сыртындағы чын қазақ – әкімдердің бүйрганына көнүб сізке балаларын бергүсі келмесе арасынан жарлы жақұбай бар чығар солардың балаларынан жиыб алүб оқүтүб қарасаңыз екен. Бір байғұстың баласын қайғұрмасын білемін. Соңында бұлар оқыб жазу білүб ақыл жиыб жеткенін көрүб жұрттың өздері оқуға көңіл салмас пекен. Сонан соң балаларды оқутуға не түрлі кітабдарыңыз бар акар орус балаларына тиүсті азбукалар бар болсада, қазақтың көңүліне үқсамаса сіз ауел баста тасқа бастүрған кітабдардың харіфдерін білдүркүнче қолменен жазатүн харіфдерді көрсетүб жазу жазуға үйретүңіз. Қазақ балаларының қолында тас тақтасы болсұн, олар тақталарына сіз айтқан орус сөздерін жаза-жаза оның соңында орус жазуын да білүр. Көб орус сөзүн де кеңүлүне алүр, білемін. Тағы да сізке білдүремін жанарал менім сапарымнан қайтқаннан соң биүрды дала ішіндекі мектебдерде оқүйтүгүн қазақ балаларына орус тілін білдүруке тиісті бір кітаб жасаб қара деді. Онан соң көб уақыт өтді де жақсы нәрсе қолүмнан келкен жоқ. Нечүн десеңіз сөз де білдүрсем керек правилооарамыз-

* Автор жазған түшүсқа бойынша беріліп отыр.

ды да жазсам керек. Тағы да қазақтың өздерінің тілінің түзүкіне теңдестүрүб ақылдарына жақын қылыб бекірек білүмді болсүн деб нече тырссам д болмайды. Имді бұлай жасағүм келеді әуел бастаб орус түзүкін һәм сөздерінің өзкерудерін пример менен білдүремін оны жазүб бітүркен соң нече қысқа ғана расказ орусша жүзүб қазақша көчүрүб қойамын онан не болүр әлі алды болса да түрлүче жазүб қарасам көңілүме жақсы көрүмбейді. Жа сөздердің пайдалысын қойүб креспесін жаздүм деб болмаса бір түрлі правила үчін аз маз бір екі көна сөз жазүб правиланың мәнісін білүб жеткүзүрдей жоқ көрүб кекрекім тынүш болған жоқ. Өзүм камисияның мектебінің орусша білмекен қазақ балаларына кірүб оқүтүб ол уақиғадан алыб ісімді бітүрейін деб ойлаб едүм оны да қойдүм. Ондағы учителдер менім араларына кіркендікімді жақсы көрүрме деб және тағы сізден лүқсат болса айтайын қазақ балаларына түрліче оқүтқаныңда қазақ тілі арасына ноғай сөздерін тығыб бұзбаңыз, оларғада сондай үйретіңіз. Қазақ тіліндекіче ноғай тілінде чечендік жоқ төркін жұртын ба-сынан айағына шейін чығыб келдүк оларды тапқаным жоқ. Қазақ тілінде не тілесем көкірекімдекісін білдүруге жетердік сөздер бар ғой. Олай болса нечүк ноғайшаға аударүб бұзайын жақсыдан жаманды жасаудың көб мәнісі болмас білемін өзүңіз менен де артүк білсеңіз керек бүкінке чейін Плотникоф Криженски менімен бірке тұрады деб сізді естіб жақсы деді өзүңіз білмесеңіз Кечербаеф менен сіздің орныңызға Алтүнсарин менен Саматоф мұнда тұрады түрткічілік күрүлүб бұрүлмайды имді сіздікіндей бір мектепті торғайда жасайын деб тұрады. Кубірнатор Петербурғқа кетді жанарал мұнда ды бір күн сау болүб бір күн сырқат жатады. Ақ месжідке бір поп қызы мен барүб еді оныңменен жолүқсүб білісдүңіз ме қалай барғандарын жазүңыз. Кочербаеф тақырыбты көб жақсы сөз маған айтды сізден тілеймін жазүңыз имді сізке сәлем жүрүтүб бітүрмек керек жоғса поштаның сағаты озар. Хызметкеріңіз Ноколай Ильмински декабрдің жетісінде жаздүм жаңа жылың хайрлы болсүн.

(Мәскеу, Ленин атындағы Көпшілік кітапханасының қолжазба қоры, Н. Ильминский папкасында сақталады. Бұл материалды бізге проф. Б. Әбілқасымов тапсырды. Ол үшін ризашылығымызды білдіреміз).

Н. И. Ильминский:

Возвращаясь после трехлетней работы среди казахов он писал: “Я был изумлен, что этот народ, кочевой, чуждый, на наш взгляд, цивилизации, и по-татарски почти вовсе неграмотный, обладает однако же замечательным искусством говорить; я полюбил киргизский язык, характерный, сохранивший в себе много следов древнего тюркского быта... Киргизская степь окончательно воспитала во мне уважение вообще к народному языку. на который я стал смотреть как подлин-

ный документ для лингвистических исследований, тогда как книжный язык представляет более или менее искусственную, случайную и произвольную смесь разных языков и наречий. С таким радикально изменившимся взглядом вернулся я в Казань”.

[На память о Н. И. Ильминском. Казань, 1892. С. 149]

Н. Л. Зеланд (1833–1902)

Николай Львович Зеланд – 1859 жылдан бастап Қазақстанның түрлі аймақтарында қызмет атқарған ресейлік дәрігер. Ол 1882–1888 жылдары Жетісуда облыстық дәрігер, ал 1888–1896 жылдары Түркістан өлкелік әскери-медицина инспекторының көмекшісі болып істейді. Ол бірнеше (медицина, антропология саласындағы) еңбектің авторы. Оның **“Киргизы”** (қазахи. – Ә. Қ.) атты 1885 ж. Омбыда жариялаған еңбегі қазақтардың табиғи қасиеттеріне, ойлау қабілеті мен ақыл-парасатына бағышталған.

Біз сол еңбектің этнографиялық очеркінен үзінді беріп отырмыз (орысшадан қазақшаға тәржіме М. Кеңпейіловтікі):

“...Ресей мен Батыс Еуропада күллі қырғыз халқын осылайша атайтыны белгілі, солай бола тұрса да бұл орайда қырғыз-қайсақ пен жабайы тау қырғызының айырмасы бар. Сонымен бірге қырғыз атауы тура мағынасында тек соңғыларына қатысты; барлық басқа қырғыздар өздерін қазақпыз деп атайды...

Жаңа туған сәбиді шомылдырып, жаялыққа орап құндақтайды, бесікке бөлейді. Бесіктің тұрқы сопақша, төрт аяқты келеді. Бүйір шабақтары арасындағы кеңістік тақтайшалармен қиюластырып жіпке керіледі, оған киіз төселеді, түбекке арнап ойық жасалады. Нәрестені бесікке жатқызған соң, құйымшағын түбекке келтіре, бесік баумен байлап, үстін көрпешемемен жабады. Көшіп-қону кезінде оңтайлы болу үшін бесіктің арқалығы мен табанына құрсау салынады да, сәбидің кеудесі мен аяғы қатты байланып, ол қимылдамай жатады, тіпті емізу үшін де бесіктен алынбайды... Жаңа туған балаға бесінші күні азан шақырылып ат қойылады, бұл жол-жора кезінде босанған әйел жұбайының қошеметіне бөленеді, дастарқан жайылып, табақ тартылады, бұл – кәдуілгі христиандық шоқындыру ырымы іспеттес дәстүр. Сәби үш жасқа дейін, кейде тіпті бұдан да ұзақ кезеңде емшек баласы аталады. Оны 5 жасқа толғанда сүндетке отырғызады. ...Қазақ балажан келеді. Баланы олар жылышырай танытып, еркелетіп өсіреді. Бала жазда көбіне жалаңаш жүреді, жастайынан ат жалын тартып мініп, оның құлағымен ойынап өседі.

...Қазақ – қызуқанды жан. Оның рухына жайсаңдық, ізгілік тән, ол ылғи жа жайдары жүреді, жалпы сергек әрі еліктегіш келеді, алайда “жүйкесі” көнбісті, ашушандыққа бара бермейді. Оның қызуқанды болуының себебі, бәлкім, көшпелілердің өмір салтынан да болса керек. Қозғалысы шапшаң, үнемі ат үстінде жүруі қан айналымы мен зат алмасуына қолайлы болуы тиіс; бұған қоса дала тұрғындары дене қызуының жиі алмасуы, олар жұтатын таза ауа да, шөлейтте жол шеккенде сусынды көп ішпеуі, діни жоралғыларға байланысты тағамдар таңдауы асқазан және ішек жолы қызметін жақсартуға жәрдемдеседі, бұлардың оның рух күшін сақтауға маңызды ықпалы бар; ақыр соңында, арақпен, апиынмен және темекімен жүйкесін жұқартуға әдеттенбеудің де біраз пайдасы бар.

Жүйке салауаттылығы адамның иманды, өнегелілік бейнесінен де жақсы көрінеді. Жаны жайсаң адам өзгелерге де іш тартады. Қазақ ниетімен ақкөңіл; ол сондай-ақ қастерлі қасиеттерге адал, басқаның қайғы-қасіретіне ортақтас, қонақжай, күйзелген-күйінген кезде салауатты және төзімді. Қатыгездік пен кекшілдік қазақтар арасында кездеспейді десе де болады... Басқа да көшпенді халықтар сияқты олар меймандостықты ерекше қасиет тұтады, мұның өзі риясыз көмек көрсетуден, көл-көсір қошемет көрсетуден байқалады... Ажалмен бетпе-бет келген қазақ ешқашан абыржып-абдырамайды. Ұрыста және шабуыл кезіндегі көнгіштігі де қайран қаларлықтай. Ол мейлінше тату-тәтті өмір сүруді қалайды, қыңырлығы аз, кек сақтамайды, тіпті, өздігінен қиян-кескі ұрыс салуға да әдеттенбеген...

Қорытындысында қазақ ерлері мен әйелдерінің зиялылық және адамгершілік жағынан даму ерекшеліктерін тағы да тілге тиек етіп, естіп-білгендерімнің бәрінен мынадай қорытындыға келемін: әйелдерінің иманжүзділері жиі ұшырасады, ақылдылығымен көзге түседі...”

[Зеланд Н. Л. Киргизы. Омск, 1885]

М. В. Готовицкий

М. В. Готовицкий – (өмірбаянын толық анықтай алмадық) қазақ халқының тілін, фольклорын, салт-дәстүрін зерттеген орыс ғалымдарының бірі.

Оның төмендегі пікірі қазақ халқының өлең өнеріне бағышталған.

“...Киргизы (казахи. – Ә. Қ.) на своих певцов смотрят с таким уважением, как смотрели арабы на своих певцов – наездников, и относятся к ним почти так же, как в средние века относились к миннезингерам и менестрелям.

Подобно певцам – наездникам арабским, певцы предпринимают иногда путешествия и, переезжая с домброй в руках из аула в аул, передают в своих песнях предания киргизской (казахской. – Ә. Қ.) ста-

рины и любовные похождения, или уже ранее сложенные песни, или свои собственные, в которых у ловкого олянчи не бывает недостатка. Некоторые из олянчи достигают такой славы, что с прибытием их в аул, на сборище народное, одно из лучших мест уступается им, и все присутствующие ухаживают за ними, как за почетными гостями”.

[Готовицкий М. В. О киргизских (казахских. – Ә. К.) и сартских песнях // Этнографическое обозрение. Кн. 3. 1889. С. 77]

Н. М. Ядринцев (1842–1894)

Николай Михайлович Ядринцев – патшалық Ресейдің айналасында жасаған аз халықтардың салт-тұрмысын, ауыз әдебиеті үлгілері мен көне Орхон-Енисей таңбалы жазу ескерткіштерін зерттеп, артында елеулі еңбектер қалдырған орыс ғалымы. Оның қазақтарға қатысты мағлұматтар келтірген зерттеулері де бар.

Біз төменде солардың екеуінен (М. Кеңпейіловтің қазақшаға аударған) екі үзіндісін келтіріп отырмыз.

Ұлт аймақтарының алғашқы жарық жұлдыздары және халықтарды ағарту ісі

“...Бұратана халықтарға білім беру мәселесі алғашқы сәтте-ақ халықтардың жағдайына іждағатты қарау және онымен санасуды қажет етегін бірнеше практикалық мәселелерді алға қояды. Бұл мәселелер, біріншіден, мектептерге жұмсалуда тиісті қаржыдан, екіншіден, білім алуға күштеуден, міндеттеуден немесе бұратана халық тілінде таратудың тиімділігі туралы мәселе де туады. Мектептерді ашуға жұмсалатын қаржыға келетін болсақ, онда бұл тұрғысында 1859 жылғы жаппай хат жазысу мынадай бір ғана қорытындыға келтіреді: бұратана халықтардың есебінен мектептер ашу олардың көпшілігінің күйзелген күйкі тұрмысы мен кедейлігінен мүмкін емес және жүзеге аспақ емес...”

Бұратана халықты оқытуға міндеттеу мен күштеу туралы мәселе осыған да байланысты. Әдетте, бұратана халықтардан балаларды зорлықпен еріксіз тартып алатын болды. Ал мұның өзі бұратана халықтардың білім беруге қарсылық білдіруін туғызатынын айтпасақ лажың жоқ. Ешбір халыққа қолданылмайтын білім беру ісіне міндеттеушілік, әсіресе күштеушілік туралы ой тек жергілікті мәдениет жаршысымақтарының жабайы көзқарастарынан туатын еді. Ол білім беру мағынасында пайдасыз екені былай тұрсын, сонымен бірге адамгершілікке жатпайды және заңдылық атаулыны бұзады. Сондай-ақ жергілікті земство әкімшілігі бұдан басқа жүйені түсініп көрген емес; ағарту ісін жамылған толып жатқан қиянаттар осыдан келіп шықты: “Ақша берілдер; өз правосынан бас тартқан адам

ретінде немесе сенен балаларынды алып, орыс етеміз, басқа дінге шоқындырамыз, солдаттыққа береміз” дейтін. Мұндай ағарту ісінің бұратана халыққа қандай үрей туғызатыны осыдан да түсінікті... Ұлттардың жанына бататын, әнтек және өрескел дәрекі түрде қолданылатын мәселе ретінде орыстандыру мәселесі тым жиі ретте тек зорлық-зомбылықты туғызып, жиіркеніш сезімін қоздырады.

Өкінішке қарай, бұл орыстандыру бұратана халықтардың мектептеріне қатысты, оның салдарлары туралы ойланып-толғанбастан ұсынылады. Егер халық орыстармен қоян-қолтық жақындасып, тіпті орыс тілін үйренген кезде де, әлбетте, орыс тілінде оқып-үйренуге ешқандай да кедергі болмайды, сөйтіп оқып-үйрену мәселесі бұл арада әдеттегі селодағы білім беру ісімен ұштасады. Өзінің ұлтын, өзінің тілін, өзінің діни нанымын сақтауға тым бейім, оларды кез келген зорлық-зомбылық арқылы бұзудан үрейленетін халықтар мен тайпаларға қатысты мәселе басқаша. Мұндай өзгерістер үшін білімді туған тілінде беру және ең қасиетті жазу ретінде оқулықтарды бұратана халық тіліне аудару тиімдірек болады; бұл орайда ұлыстардың сенімі мен мінез-құлқына қарай сауаттылыққа жету алдында не болуы тиіс екенін талқылау керек; бұл ретте ақыл-ойдың дамуы бұдан былайғы білім берудің және ғылыммен танысудың кезінде өздігінен пайда болатын жоғарғы дүниеге көзқараспен таныстықтың бастауы ретінде көрінеді.

Бұратана халық тілінде жүргізілетін ағарту ісі және ғылыммен таныстық, атап айту керек, білімді бұратана халық өкілін орыс тілі мен ұлтынан зәредей де бөгделемейді, қайта оны етене жақындата түседі, өйткені мейлінше ынтызарлық оны тек орыс әлемі өмірімен танысуға мәжбүр етеді.

...Сөйтіп, бұратана халықтар мектебі туралы мәселе Сібірдегі аса маңызды және кезектегі мәселе болып табылады, яғни бұратана халықтарға орыс тілін күштеп таңу және бір ғана сол тілде міндетті түрде оқыту көптеген сәтсіздіктерге ұрындырады. Мұндай мектептер мен оқу орындары қазір тек шағымдар ғана туғызады, ал ағарту ісін жақтаушы орыстар тарапынан толық айыптау туғызады.

...Бұратана халықтарды ағарту ісінен ерікті түрде безіндірмей, оларды мектеп пен білімге күштеусіз тарту бұратана халық тілінде бастапқы оқытумен, бұратана халықтар үшін арнайы мектептер ашумен және өзінің халқын, оның мінез-құлқын білетін әрі оған игілік тілейтін бұратана халықтардың өз ішінен мұғалімдер даярлаумен байланысты екені де түсінікті...

...Бұратана халықтың шынайы білім алуы оны өз халқымен байланысынан қол үздірмеуге тиіс. Білім берудің мақсаты мыналар болуға тиіс: оны бұрынғы әулетінен алшақтауға, оны негізінен айыруға, бұқара пешенесіне сол бір кедейлікті, бақытсыздықты және

ғайып болуды жазуға ұмтылуда емес, қайта өзінің тайпасына, оның тағдырына деген сүйіспеншілікті зердесіне құю...

Бінтызарлық түйсігін, рухани өмірін оятуда, өзінің бүгінгісі мен ертеңгі болашағына саналы түрде қарау негізінде тайпалардың өшуі мен опат болуынан сақтану кепілі жатыр..."

Шоқан Уәлиханов және халықтардың мәдени байланыстары

"... Қазақ халқы – мейлінше акынжанды халық. Бақташы халық, поэзияны ерекше ұнатады және ол ертегілерде, аңыздарда, өлең-жырларда, дастандар мен балладаларда молынан көрінеді. Қазақтар өздерін ең әуенді халық санайды. Олар батырлар жыры бір замандарда жер үстінде әуендеген деседі, сол жыр төменде шалқыған жердегі халық та мейлінше әуенді халық дейді; олар өздерін басқа халықтардан гөрі жыр-өлеңге жақынырақ тұрған халықтар санатына қосады.

Қазақтардың жырлары мен өмірінде сатира мен мысқылға бейімділігі мейлінше аңғарылады; олар тапжылмай жауап береді, өткір қалжындайды, ұшқыр теңеулермен тіл безейді... әйгілі жиһанкез марқұм Шоқан Уәлиханов, әрине қазақтардың ең білімді адамы болды. Оның сапарнамалары кейде жан жадыратар әзіл-сықағымен тамаша; көз көргендердің әңгімесіне қарағанда, ол өз өмірінде аса тапқыр адамдардың бірі болған. Еуропалық білім мен көзқарасты игерген ол ащы гейнелік мысқылмен дәрекілік атаулыны өлтіре әжуалауды ұнататын... Шоқан Уәлиханов бұратана халықтар ақылгөйлік мәдениеті тарихында несімен көріне алатынын дәлелдеп берді..."

[Первые светила из национальных окраин и просвещение отсталых народов // *Ядринцев Н. М.* Сибирские инородцы, их быт и современное состояние. СПб., 1891. С. 237–242].

Г. Н. Потанин (1835–1920)

Григорий Николаевич Потанин – аса көрнекті географ, этнограф, фольклор зерттеушісі, қоғам қайраткері. Оның орасан зор ғылыми мұрасының ішінде түркі тілдес халықтардың, соның ішінде қазақ халқының географиясы, этнографиясы, фольклоры жөніндегі еңбектері бар. Орыс халқының алдыңғы қатарындағы прогресшіл ғалымдардың ішінде Г. Н. Потанин Шоқан Уәлихановпен дос-жар, пікірлес адам болды.

Біз төменде Г. Н. Потаниннің екі еңбегінен үзінді келтіреміз (қазақшаға аударған М. Кеңпейілов).

Қазақтың соңғы ханзадасының киіз үйі

“...Орыс ғылымы, орыс тарихы, орыс әдебиеті мен жалпы орыс ақыл-парасат қозғалысы қазақ жүрегін онша тебіренге қоймайды. Мұсылман кертартпалығына қарсы күресте қазақтың өзінің дүнияуи бағыты ғана қуатты құрал бола алады; ол пайда болу үшін қазақ халқының жоғары жіктерінде өз халқына, тіліне, тарихына, әдет-ғұрпына өздерінің көне заманғы ауыз әдебиеті ескерткіштеріне ын-тасын ояту керек.

Жоғары оқу орны курстарын тамамдаған білімді қазақтардың саны жыл асқан сайын өсуде: екіншіке қарай, курсты аяқтаған жастар бір жерде қауымдасып тұрмай, қайта ұлан-ғайыр қазақ өңіріне бытырап кетеді немесе қазақ халқы үшін пайдасыз Ресей, Кавказ, Одесса және т. с. с. өңірлерде қызмет атқарып қалып қояды. Әзірге қазақ зиялыларының рухани өмірінің ұйытқысы болатын, өнеге көрсетіп, ақыл айта отырып, оның әрбір мүшесі қоян-қолтық қызмет атқара алатын, қазақтың заң қызметкері, дәрігері, өз ұлтының суретшісі, әдебиетшісі немесе ғалымымен бірлесе жұмыс істейтін, ақыл-кеңесімен және ісімен бір-бірін демейтін ақыл-ой орталығы жоқ...

Бұл ағартушылық міндеттің бір бөлігі әкімшілік тарапынан атқарылды-мыс, алайда егер ол бұл тұрғысында әлдебір іс-қарекет жасайтын болса, онысы мыналар іспетті: мектептер ашып, қазақ тілінде газет шығарса, онда осының бәрі іске атүсті қараумен шектеледі, ал мұндай қызметтің негізінде халықтың рухани өмірін ояту емес, тар өрісті пайдакүнемдік мақсаттар жатады. Әлбетте, әкімшіліктің бұл іспен айналысуға еш мүршасы жоқ және оның тікелей міндеттерін ойдағыдай атқару үшін оны осындай міндеттен бүтіндей босату жақсы болар еді.

Біз сөз етіп отырған қамқоршылық білім, әлбетте, жергілікті орыс қоғамы арасында ұйымдастырылуға тиіс. Бүкіл дала халықтық мектептер жүйесімен қамтылса ғана берік те ұзақ бола алатын орыс ағарту ықпалынан тұтас өлкені тыс қалдыру орыс қоғамы үшін қолайсыз. Осы мектептермен бірге далада еуропалық өмірдің формаларына достық ниетпен және еуропалық ғылымның қорытындыларына сенімді түрде қарайтын адамдар тобы пайда болады... Батыс Сібірдің көптеген қалаларында халыққа білім беру жөнінде қамқорлық жасау қоғамдарының негізі құрылды; мұндай қоғамды Қазақ даласында да құру қажет-ақ, оның міндеті халықтық мектептер құру, халықтық оқуларды ұйымдастыру, халықтық кітапшалар шығару, сондай-ақ қазақ зиялылары үшін орыс және Еуропа әдебиеті мен беллетристикасы аудармаларын бастыру соның міндеті болар еді.

Жуық арада “жас қазақтың” пайда болатынын болжауға болады. Ол өз халқын несімен байытпақ, ойы қай бағытта жұмыс істемек,

ақыл-сезімі не туғызбақ, ғылым мен өнер саласында орыс қоғамымен несі ортақтас болмақ? Кіші орыс және поляк халықтары сияқты қазақ халқы қазақ тілінде де, орыс тілінде де жаза алатын қос тілді жазушыларды береді деп пайымдауға болады...

Қазақтар еті тірі, дені салауатты, өмірге інкөр халық; олар сауық-сайранды жаны сүйеді, ашық түсті киім-кешекті, өмірде мереке той-думандарды ұнатады. Өлгендерді еске алу бұл халықта ойындармен, ат бәйгесімен, өлең-жырмен, жарыстармен, ән айтумен және лирикалық шығармамен ұласатын ұзаққа созылатын әрі ұлан-асыр салтанатқа айналады. Артистік өнер мен сәнді жасану жарыстары қазақтардың бойына атаққұмарлық нышанын дарытуы да ықтимал, мұның өзі оларды француздарға да ұқсататын секілді. Афиндықтар тәрізді қазақтар жаңалықты әдеттен тыс ұнатады; бұл құмарлық жас ұрпақтың бойында әуестікпен алмасады...

Өлең-жырдан жарқын болашақты көре білген халықтың өмір сүруіне, жасампаздыққа құқы бар. Оның адамды жерлеу мен үйлену салт-дәстүрлерінде және төрелік айту әдет-ғұрыптарында қазақ халқы басынан кешкен ауыр өмірін көрсететін ерекшелігінің көптігі соншалықты, аңыздарында, халық эпосында, халықтың мінез-құлық белгілерінде бірегейліктің көптігі соншалықты, ғалымдар зерттеу үшін мол материал бере алатын осы тарихи мұрадан қазақ өмірі кейінде неғұрлым салауатты бағытта даму үшін элементтерді таба алады. Мейлі дала құнарының аңқасы кеуіп қалса да, мейлі табиғат шөлейтке төнген қатерге қарсы күресте дәрменсіз болса да, қазақ өмірі үшін халықтың рухани жан-тамырында күш-жігер мен құралдардың көл-көсір қайнар көзі бар, тек қазақтардың өздері осы қайнардан теріс айналмаса болғаны...”

[*Потанин Г. Н.* В юрте последнего киргизского царевича // Русское богатство. СПб., 1896. № 8. С. 61–88]

Шығыстың тұңғыш таңжұлдыздары (Шоқан Уәлиханов пен Доржи Банзаров туралы)

“...Сібірдің көптеген бұратана тайпаларынан екеуі ғана – буряттар мен қазақтар орыстың зиялы қоғамы қатарына өздерінің өкілдерін алғатартты: буряттардың ортасынан Доржи Банзаров, қазақтардың ортасынан Шоқан Уәлиханов шықты. Олардың бірінің қайтыс болғанынан бері 35 жылдай, ал екіншісінің қайтыс болғанына 25 жыл өте тұрса да, бұл екі оқиға содан бері Сібір өміріндегі ерекше оқиғалар болып қалды. Қазіргі уақытта орта (тіпті жоғары да) оқу орындарында ендігі жерде курс бітірген қазақтардың саны ондап саналуы мүмкін: бәлкім, көп ұзамай-ақ мұндай шәкірттер буряттардың ортасында да пайда бо-

лар. Бұратана халықтар өміріндегі бұл жаңа фактілердің қоғамдық зор маңызы бар, алайда бұл фактілер Банзаров пен Уәлиханов тәрізді құбылыс сияқты орыс қоғамына соншалықты жақын әсер етпейді, бұл адамдар ерекше оқиғалар болып табылады, сондай-ақ өздерінің таланттары арқасында айрықша мәнге ие болады.

Осы соңғы құбылыстар орыс қоғамына бұл адамдар шыққан тайпаларға егіншілік үшін жарамсыз және басқа нәсілдер үшін мейлінше қызығарлық емес жерлерге қоныстандырған, әрі бұл жерлерде осы шөлейттер арқылы жүргізілетін халықаралық қарым-қатынастар үшін тиімді бірқатар өмірлік жағдайлар жасалған сәтте-ақ бұл тайпалардың басқа тарихи міндеті болмайды-мыс деген пікірдің қателігін көрсетіп берді. Бұл құбылыстар мынадай үміттерді туғызды: бұл тайпалардың рөлі мұндай қарапайым ауқыммен шектелмейді, осы тайпалар кейіннен орыстың ақыл-ой қозғалысы көшіне қатынасып, онда өзіндік ағыс арнасын салатын және орыс ғылымы мен орыс әдебиетін бірегей көзқарастармен байытатын бірқатар адамдарды алға тарта алады. Егер де Банзаров пен Уәлиханов тым ерте дүние салмаған болса, олар кейін келе өздерінің тайпалары мен орыстың зиялы қоғамы арасындағы жалғастырушы ағайындарына айналған болар еді. Осы ара ағайындыққа қажеттілік сонау алыс заманның өзінде-ақ сезілген болатын; мұны орыс қоғамының өз ортасында осы екі тұлғаның пайда болуын құба-құп құттықтаған ыстық ықыласты қуанышы да көрсетеді. Олардың пайда болуын бұл адамдардың рөлін ұзақ уақыт бойы ешкім де аңғарған емес деген негізде асығыстық деп есептеу әділетті бола қояр ма екен; бұл аңғармауды бұратана халықтың езгіге түскен жағдайымен түсіндіру дұрысырақ болуы ықтимал.

Біздің осы бұратана екі халықтың өкілдері, Банзаров пен Уәлиханов орыс мектептерінде білім алды, олар заманында орыс қоғамы өмір кешкен идеялармен, ой-мақсат мүдделерімен сусындады, сондықтан да, егер жан жүйесі, табиғаты жағынан олар өздерінің тайпалық үлгісі ерекшеліктерін сақтаған болса, ал өздерінің ақыл-ой дамуы жағынан бұлардың екеуі де бүтіндей орыстың білімді адамдары болды; орыс қоғамын толғандырған сол бір әдеби және ғұламалық мәселелер оларды да толғандырады, орыс қоғамының ынтызары, үміті мен даңқы олардың да ынтызары, үміті мен даңқы болды; шүбәсіз сүйген туған жұртының әл-ахуалы мен жағдайын жақсарту Ресейдің ағарту ісіне байланысты екені олардың көкейіне ұялады. Егер де осындай Банзаровтар мен Уәлихановтар көптеп саналатын болса, тағы да қайталап айтамыз, онда бұратана халық пен орыс қоғамы арасында терең рухани бауырластық орнаған болар еді. Орыс патриоты үшін және бұратана халықтар тағдырына ізгі жүреппен ынта қоятын адам үшін мына бір жайт реніш болып көрінер еді: рухани мүдделердің ортақтығына негізделген осындай іштей туыскандық орнына бұратана халықтарды

орыс халқымен біріктіретін бірден-бір байланыс қызметін тек жалпы әкімшілік жағынан тәуелділік сезімі ғана атқаратыны...”

[*Потанин Г. Н.* Первые лучи Востока (Чокан Валиханов и Доржи Банзаров). СПб., 1891. С. 27–32]

П. М. Мелиоранский (1868–1906)

Платон Михайлович Мелиоранский – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Санкт-Петербург университетінде сабақ берген атакты түркітанушы ғалымдардың бірі, профессор.

Ол түркі халықтарының ішінде әсіресе қазақ тілін үйреніп, қазақ тілі, қазақ халқы, оның этнографиясы мен археологиясы туралы еңбектер қалдырған.

Солардың бірі оның қазақ тілі туралы айтқан пікірлері. Біз төменде солардың біреуінен үзінді келтіреміз.

Қазақ тілі туралы

“По единоголосному свидетельству всех исследователей киргизско-го (казахского. – *Ә. Қ.*) языка, он принадлежит к числу самых чистых и самых богатых тюркских наречий. Киргизы (казахи – *Ә. Қ.*) большие мастера и охотники говорить складно и красиво. Люди, отличающиеся особым даром слова, импровизаторы, рассказчики и певцы пользуются у них немалым почетом и уважением. Народная литература киргизов весьма богата и разнообразна”.

[*Мелиоранский П. М.* Краткая грамматика казак-киргизского языка. Ч. I. Фонетика и этимология. СПб., 1894. С. 3]

Элизе Реклю (1830–1905)

Реклю Жан Жак Элизе – француз географы, әлеуметтанушы, саяси қайраткері. Ол Брюссельде география профессоры болып істеген, өз жұмысын елтануға бағыштап, оған елдердің сипаттамасын, жалпы адамзат дамуын негіз етіп алады. Осы орайда жариялаған Э. Реклюдің “Адам және жер” атты еңбегі (1876–1894) бүкіл әлемге мәшһүр болады.

Э. Реклю қазақтарға қатысты мағлұматтар келтірген екі кітап: *Реклю Э.* Россия Европейская и Азиатская. Азиатские ханства. Т. II. СПб., 1884. С. 63; *Реклю Э.* Земля и люди. Азиатская Россия. В 4-х кн., Т. 6. СПб., 1900 (Орыс тілінен тәржімелген Әлия Аюбаева).

Арал-Каспий өңірін мекендеуші халықтар

“...Бүкіл еуропалық Ресейдің көлеміндей жерді Еділ жағалауынан Тарым алабына дейін, Әмударияның аяғынан Ертіске дейінгі өңірді алып жатқан екі миллиондай адамы бар қазақ ұлты (Левшин 2 40 0000 деп, Красовский 3000000 деп көрсетеді) Азияның көшпенді нәсілінің ішіндегі ең өсіп-өнген ел, бірақ этностық байланыстарға қарай бөлшектенуі де шексіз: қазақтар өздерін жел қанша ұшырса да мұрты сынбайтын теңіз құмына теңейді; бұл халықтың өкілдерін тіпті Тибет пен Үндістан шекараларынан да кездестіруге болады.

Кейбір тайпалардағы елеусіз өзгешеліктерді ескермесе, қазақ тілі барлық жерде бірдей. Бұл халықты мұсылман діні арқылы енген аздаған араб, парсы сөздері мен моңғол тілінің әлсіз әсері байқалғаны болмаса, бөгде әсерлерге ұшырамаған ең таза түркі халқына жатқызуға болады. Мәскеуліктердің моңғол шапқыншылығы кезінде татар сөздерін алғаны сияқты, орыстар өздері бағындырған елдердегі көшпенді тіршілікке қатысты сөздерді қабылдап отыр. Вамберидің көрсетуінше Орта орданың қыпшақтары өздерінің тегін, көне ғұрып-дәстүрлерін, тілін ең таза сақтаған тайпаға жатады. Бұл ұлттың тегіне байланысты этнологтардың қызу айтысы әлі де жалғасуда, тіпті кейбіреулері қазақтарды Понта Эвсинский жағалауының ежелгі тұрғындары тәрізді скифтердің асыл тегіне жатқызады.

Қазақтарда өздерінің оңтүстіктегі көршісі түрікпендердегідей жаугерлік темперамент жоқ. Алайда олар славян жаулаушыларына ұзақ уақыт қарсылық көрсетті. Олар орыстардың қол астына кіргенімен, өз тәуелсіздігінен айырылғанын сезген бойда соғыс бастады. Оның өзі жүз жылдан аса уақытқа созылды.

Қазақ өзін сүннит ағымындағы мұсылман деп есептегенімен, фанатизмнен аулақ, тіпті, оларды шаман дініне де жатқызуға болар еді... Жас қыздарды әскери олжа ретінде әкелетін қазақтар да көп. Өз тайпасы не өз ұлтынан өзге елден қалыңдық әкелетін көне дәстүрі бойынша олар көбінесе қалмақтан қыз алуға аттанады. Қазақтар моңғол көршілері мен түркі тайпалары тәрізді өз дәстүрлері бойынша жақыннан қыз алыспайтын экзогамистерге жатады...”

Э. С. Вульфсон

Э. С. Вульфсон — (өмірі туралы мағлұмат жоқ) қазақ халқының ұлттық ойын-сауығын, салт-дәстүр, тәлім-тәрбиесін аса зейін қойып зерттеп, өз пікірін қалдырған ғалым. Автордың қазақтар туралы пікірлерінен Әлия Аюбаеваның аудармасында үзінді беріліп отыр.

Қазақтар

“...Қырғыздар (қазақтар) мейрамда тойына тамақтанып алады. Оларда біреу дәмді тағам жеп, екіншісі тамақсыз қалатын жаман дәстүр жоқ; мереке кезінде байлар кедейлерді жарылқайды: осы дәстүрді біз де үйренсек теріс болмас еді. Олар ертеңгі тамағының тоғын басып, демалған соң бәрі киіз үйден сыртқа шығады. Қыздар мен жігіттер барын киіп жайнап-жасанып, ат жарысын бастайды. Әуелі кең далада қолында қамшысы бар қыздар оқтай зымыраса, олардың соңынан жігіттер өзіне ұнаған қызды қуып жетуге тырысып, құйғыта жөнеледі. Егер ол қалаған қызын қуып жетсе, жігіт қызды сүйеді, ал жете алмаса – соры қайнағаны! Жігіттің жете алмасына көзі жеткен қыз, дереу атының басын кері бұрып, жолы болмаған жігіттің өзін қуып береді. Оған жеткен бойда қамшымен тартып-тартып жіберіп, өз жөніне тартады. Ал жігіт мұндайда қорғанбайды және лайықты сыбағасын алғанға ренжімейді.

Қазақта бұдан өзге бізге таңсық боларлық басқа да ойын түрлері бар. Мысалы, кедейлер мен байлардың атқосшылары жүгіріп жарысып, жүлдеге ие болады: бас жүлдеге үш қой, екіншісіне – екі қой, үшіншісіне – бір қой беріледі. Бұл алты қой көмбеге байланып, жүз сажындай жердегі сөреде үміткерлер тізіледі. Онда олардың әрқайсысы қапқа түсіп, тек бастары ғана қылтиып байланады... Белгі берілісімен бәрі алға лап қояды. Міне, қызықтың көкесі! Бәрі қаппен жүгіре алмай, оныр-топыр құлап, қайта тұрып, қайта құлап әбден әуре-сарсаңға түсіп жатқаны. Көрермендердің күлкіден ішексілесі қатып, байғұс үміткерлердің әл-дәрмені құрыса да көмбедегі қойлар көкейлерін тесіп тұрады... Естуімше, осындай жарыста діңкесі құрыған бір қазақ ақыры құлаған жерінен тұрмастан домалаған беті көмбеге жетіп, бас жүлдені қағып кетіпті.

Тап қазақтай бүкіл өмірінде әнді қастерлеп өтетін халықты табудың өзі неғайбыл. Олар, тіпті, оқуды да әуенмен үйренеді: әуелі жеке-леген әріптерді, одан әрі тұтас сөзді белгілі мақаммен әуездете оқиды. Кең жазирада жүйрігімен жүйткітіп келе жатқан қазақ бір ауылға таяғанда өзінің келгенін ән арқылы білдіреді. Қазақтың қуаныш, қайғысының бәрі әнмен өріледі. Қыз айттырып, құда түсу, беташар, үйлену, шілдехана соның бәрі өлеңсіз өтпейді; тіпті науқастың көңілін сұрау, естірту, жоқтау, ас беру – бәрінде де өлеңнің орны айрықша және де әр жағдайдың өзіне лайық өлеңі бар немесе қолмақол табан астында шығарылады. Қазақ өлеңге шебер болумен бірге әншілерін де өте жоғары бағалайды. Ерлерден әйелдер де қалыспайды. Жақсы ән салып, өріпті өлең шығара білетін қыздың жолында “аһ

ұрып” табынушылар толып жатса, өз кезегінде жақсы әнші ер адам да, әрине, сұрықсыз не кәрі болмаса, ең бай, ақсүйектердің қолы жете бермейтін қыздарға да қадірлі болады.

Қазақ өленді домбыраның сүйемелдеуімен айтады. Өнді көбінесе біреу, өте сирек жағдайларда бірнеше — әрі кеткенде 4—5 адам ғана қосылып айтады. Қазақ әннің әуенімен қатар сөзіне де терең мән бере тыңдайды; олардың сөз мағынасын ұғуға қиындық келтіретін хормен өлең айтуды ұната бермеуі де сол себептен. Қазақ әннің ортасын үзіп жіберіп, домбырасын оқта-текте бір ойнап қойып, күр сөзбен ғана төгілте айтатын кездері де жиі кездеседі және содан кейін бұрынғы әуенді қайта жалғастырады немесе тың сазға ауысып кетеді. Жақсы әншінің үні әдемі болумен бірге ән сөзін ұйқасымен қолма-қол шығаратын суырыпсалма болуы да шарт.

Қазақ балалары кең-байтақ дала төсінде емін-еркін өседі. Атқа мінуге жас күнінен үйренеді. Емшектегі бала көш кезінде түйе үстінде тербелсе, аяғымен нық тұруға жараған соң-ақ атқа мінеді. Қазақтарда жас бала құламайтындай етіп жасалған арнайы ер-тоқым болады. Олар қалған өмірінің көбін ат үстінде өткізеді.

Қыз-жігіттерінің ойын-сауықтарында емін-еркін араласуы жөнінен қазақтар басқа мұсылман халықтарынан өзгеше: әйелдері жүздерін жасырмайды, ерлерден тығылмайды және, мәселен, татар әйелдері сияқты көзден таса өмір сүрмейді. Біздің бұрын байқағанымыздай, қазақ әйелдері еркектермен бірге атқа шауып, ән салып, көңіл көтеріп жүре береді және өз адамдарын да, жат жерліктерді де жатырқамайды.

Қазақ баласын үлкенді сыйлауға кішкентайынан үйретеді. Қарттардың үлкен құрметке ие болатыны сонша — үй-ішінде бір мәселе төңірегінде кеңес өтсе, бәрі де қарттың сөзіне тоқтауға мәжбүр. Қазақ балаға “Егер қарттарды сыйласаң, құдай сені сыйлайды” деген нақылды титтейінен миына құйып өсіреді. Егер үйге ақсақал кіріп келсе, барлық жас түрегеліп бас иеді және өзіл-қалжың да кілт тыйылады...”

[Вульфсон Э. С. Киргизы. М., 1901. С. 70—80]

Ф. А. Щербина (1849—1936)

XIX ғасырдың басында патша өкіметінің қазақ даласының құнарлылығын, халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрін зерттеу мақсатында ұйымдастырған экспедициясын басқарушы Федор Андреевич Щербина өзінің “Киргизская народность в местах крестьянских поселений” атты еңбегінде қазақ халқының бойынан 13 түрлі кемістік және 12 түрлі оң сипатын атап көрсетеді.

Қалың көпшілікке белгісіз болып келе жатқан осы бір деректі зерттеуші Ғани Абайұлы бір ғасырдан кейін жариялаған екен. Қазақтың абыз ақыны Мұзафар Әлімбаев өзінің содан көшіріп алған қолжазбасын маған ұсынған еді. Бұл деректерді біз алынған бұлағын көрсетіп жариялап отырмыз:

Онда *қазақ* (түпнұсқада — *киргиз*, орысша жазылған) туралы былай делінген:

“13 качеств, характеризующих киргиз с отрицательной стороны, а именно:

1. Отсутствие истинного самолюбия;
2. Условную храбрость;
3. Условную честность;
4. Лживость;
5. Болтливость;
6. Корусть;
7. Беспечность;
8. Кляузничество;
9. Сутяжничество;
10. Тщеславие;
11. Хитрость;
12. Сладострастие;
13. Хвастливость...”

“... Но наряду со всеми этими отрицательными сторонами киргизам свойственны и положительные качества, а именно:

1. В религиозном отношении киргиз не фанатик и веротерпим;
2. В области торговых и экономических отношений он честен и тверд в своем слове;
3. В умственном отношении пытливы и любознательны;
4. Особенно резко киргизы выделяются своею трезвостью;
5. Отсутствием пьянства и пристрастия к спиртным напиткам;
6. Любовью к детям;
7. Простотой в обращении;
8. Уважением к старшим — к аксакалам, как и лучшим представителям народности;
9. Поразительное миролюбие, боязнь войны — рисуют с самой привлекательной стороны киргизскую народность;
10. Киргиз, благодаря, быть может, своему постоянному общению с природой, поэт по натуре;
11. Он любит петь и слушать поэтические рассказы и сказания;
12. В физическом отношении киргизы и здоровы и крепко сложены.

Короче, это – народность, которая по крайней мере, при настоящих условиях не вымирает, как, например, калмыки, башкиры и др. инородцы, и разрастается и совершенствуется...” – деп көрсетеді.

Бұл деректерді жариялаған Ғ. Абылайұлы оны былайша топшылап: “Бұл үстіміздегі (XX ғ.) ғасырда айтылған сөз. Міне, содан бері бір ғасыр уақыт болды. Осы уақыт аралығында жақсы қасиеттеріміздің көпшілігінен тікелей айырылып қалып, енді болмағанда түгелдей жоғалту алдында болғанымызды енді ғана байқап отырмыз” – деп қорытады.

[*Абылайұлы Ғани. Қазақ қандай халық? // Азамат, қой (1991) жылы*]

Каруц Рихард

Каруц Рихард (т.-ө.ж.б.) неміс этнографы 1903, 1909 жылдары Маңғыстауға келіп, ондағы қазақтардың тұрмыс-салтымен кеңінен танысып, бала тәрбиесі, музыкалық дәстүр, ойындар мен ойыншықтар, т. б. туралы құнды деректер мен суреттер қалдырған.

Автор бұл зерттеулерін жинақтап, алғаш Лейпцигте (1911) неміс тілінде жарияласа, одан соң оны Е. Петри орысшаға аударып бастырады. Кейбір үзінділерді біз (Әлия Аюбаеваның аударуында) қазақшалап беріп отырмыз.

Қазақтың бала тәрбиесі

“...Маңғышлақ – балалардың нағыз жұмағы. Бұл ұлан далада шүпірлеген... қырғыз (бұдан әрі қазақ деп береміз – Ә. Қ.) баласы құрбы-құрдас, ойнайтын жер, ата-ана мейірімінен кенде емес. Мұнда “*бала дәуірі*” үшін әлек болудың қажеті жоқ, мұнда мыңдаған жылдардан бері баланың өзі би, өзі қожа.

Әсіресе, алғашқы жылдары сәби үлкен-кішінің ерке-тотайы, оны күнұзақ ойнатып, тазалап, сылап-сипап, сүйіп, еркелететін бейне тірі қуыршақ тәрізді. Осы орайда күндізгі уақытының көбін балаға бөлетін әкенің орны ерекше. Шешесі күні бойы жұмыстан босамаса да, әкесінің бүкіл уақыты баламен өтеді, әрі әкенің де, шешенің де сәбиге деген мейірімі қанбақ емес.

Бала есейе келе көшпелі тұрмыстың қатаң шындығы оған өз талабын қоя бастайды. Ол ертеңгісін тезек теріп, кішкентай баланы көтеріп, ойнату, құдықтан су тасып, мал суғару, қой сауу, т. б. жұмыстарға көмектеседі. Ол атқа мінуге де ерте үйренеді, оның кішкентай, салт аттан құламайтын, алдыңғы, артқы қасы биік, көбінесе оюлы өрнегі бар арнайы ері (ашамай. – Ә. Қ.) болады. Молдадан Құран оқуды үйрену үшін біраз уақыт мектепке барады. Бала күні бойы ақыл-

ой сабағы және шаруашылықтағы дене тәрбиесімен ғана айналысып қалмайды: оның ерігу, ұйықтау, ойнауға да уақыты жеткілікті, осы үштіктің ішінде ол ересек қазақтың рөліне лайық өзірліктен өтеді. Бұл ойында да ол алдағы өмірі нені талап етсе, соған үйренеді: қыздар қуыршағын киіндіріп, ұлдар ат жасап ойнайды. Қуыршақ жасау оп-оңай — кішкене шыбыққа шүберектен киім кигізсе болғаны. Бұрыштап не орап қойған шүберек қуыршақтың басын бейнелейді...

Қыздар одан өзге шүберектен не сүйектен аң бейнесін жасайды... Әсіресе соңғысы күлкілі: шүберекпен жабулаған жақ сүйек түйені бейнелейді, тіпті, қомдап, бұйда тағып, жүк артып, түсіріп т. б. с. с. “*көші-қон*” ойнайды. Атты жергілікті ақ тастан... көбінесе қозғалмалы аяғымен жасайды. Ат үстіндегі қиық ер-тоқымды бейнелейді.

Бұдан өзге ұлдардың құс ататын сайманы, садақ, жебелері болады. Садақ жарты шеңберге жуық мөлшерде иілген ағаштан жасалады, оның мүйізден жасалатыны да болады екен, әйтсе де мен ондайды қолға түсіре алмадым, тіпті, көре алмадым да, жебенің ұшына түйе құмалағы арқылы да көдімгі инені бекітіп жасайды. Кішкентай казактар жарысып, бірін-бірі қуып, күресіп, зырылдауық айналдырып, арқаласып, т. б. сондай ойындармен мәре-сәре болып жатқаны. Бізде ат ойнаған сияқты, олар түйе ойнайды, әуелі бірі жіптің ұшын тістесе, екіншісі оны жетелейді. Олардың ақсүйегі біздің футболға ұқсас: ол айлы түні далада айналады; ойынға қатысушылар екі топқа бөлініп, әрқайсысы сүйекті алысқа лақтыруға тырысады.

Топай ойнауға балалармен қоса ақсақалдар да қызу кіріседі, үйде де, далада да, ойынның бірнеше жолдары бар. Кейбіреулерін атайын: *қақпақы, жармақы, сасыр, бес тас, хан*.

Топай... көрсетілгендей ызылдауыққа да пайдаланады: жіпті ширатып алып, тез тартып, босатып тұрса ызындаған дыбыс шығады. Мұндай бейне Парапити өзені бойындағы *чан* тайпасы мен орталық *эскимостарда* бар.

Қазақтың бала тәрбиелеуі мен оқытуы

Қазақ баласының сауатын ашу 7–8 жастан басталады. Оқушылардың саны біршама көп. Мәселен, 1907 жылғы санақ зерттеулерінің деректері бойынша Ақмола облысы Көкшетау уезіндегі қазақ мектептері оқушыларының саны 4569 ер бала және 1244 қыз бала болды, бұл мектеп жасындағы 7–13 жасар ер балалардың 56,8, қыз балалардың 15,35 пайызы, ал жалпы алғанда — 36 пайызы. Қазақ халқының баласын оқыту ісіне байыпты қарағанына таңғалуға тура келеді.

...Қазақтардың сауатын ашу семестрлік сипатта емес, қайта жыл бойы үзіксіз жүргізіледі. Біздің училищесіндегі жағдайды елестететіндей

оқу жабдықтары атымен жоқ. Бала сабақ кезінде, сондай-ақ үйде жерге төселген киізге отырады. Олардың әрқайсысының алдында кітап жатады. Мұғалімнің тыныштық пен тәртіп орнату үшін шыбық ұстауы жиі кездеседі. Бұл шыбықтың қашан, қандай жағдайда қолданылатынын анықтай алғаным жоқ. Тәртіп сақтаудың сөгіс, ата-аналардың ақылы, т. б. сондай тәрбиелік тәсілдері жүргізіледі.

Мектептегі сабақ таңертеңгі сағат 7–8-де басталып, кешкі сағат 5–6-ға дейін созылады, түсте бір сағат үзіліс болады. Шәкірт сабақтан мұғалімнің рұқсатымен ғана шығады.

Әрбір мұғалімге көбінесе 10–15 адамнан, кейде 20 адамнан келеді. Сабақ беру кластық емес, жеке сипатта жүргізіледі. Әрбір шәкіртке сабақ ерекше түсіндіріледі, оны бала зердесіне тоқып, мұғалімге айтып беруге тиіс. Сабақты оқыған кезде оқушылар мұғалімнен тағы да түсінік сұрауға құқылы, ал ұстазы басқа шәкірттермен жұмыс жасап жататын болса, онда осы сабақтан мұғалімге жауап берген ересек балалардың бірінен сұрауға хұқылы.

Сабақтарды бөлудің жалпы бағдарламасы жоқ. Әрбір шәкірт, мәселен, жыл бойы өзінің күші мен қабілетіне қарай сабақ өте алады. Әрбір шәкірт үшін сабақтарды бөлу тәртібі оқу кітабы бойынша жүргізіледі. Ал көптеген мектептерде кітап арқылы сабақ өтудің тәртібі мынадай: алдымен әліппе жатталады, соның өзінде әліппені өткен кезде әріптердің аты ғана есте сақталады. Оқуға арналған алғашқы кітап – Иманшарт діни қағидалар мен уағыздар жинағы болып табылады. Иманшартты оқыған кезде тиісті әріптерге тән дыбыстар айтылып, еске сақталады. Сөзді құрайтын әрбір дыбыс жеке айтылып, содан соң оларды қоса отырып, сөз тұтас айтылады. Әліппе мен Иманшартты көптеген оқушылар алғашқы оқу жылында өтеді. Ендігі бір кітап Әптиек (Құранның бір бөлігі) болып табылады. Ол да Иманшарт іспеттес. Екінші кітапты өтумен қатар балаларды жазуға үйрету қоса жүргізіледі.

Дұға жаттау басталып, Әптиекті оқыған кезде оқушылар сөздерді жаңаша айтуға, бұған дейінгі ауызекі айту орнына мақаммен оқуға үйренеді. Әптиектің көптеген дұғасы жатқа айтылады. Дұғаларды үйрену алдында мұғалім әдетте олардың мән-мағынасын түсіндіреді.

Одан әрі Құран оқу оқудың 4-жылында басталады және мұғалімнің мәтінді түсіндіре отырып, дұға оқу мақамымен оқытылады, Құранның кейбір бөлігі жатталады. Құранды біреулері жыл бойы, екіншілері екі жыл, үшіншілері үш жыл оқиды. Құранды оқумен ендігі жерде дәріс алу аяқталды деп есептеледі. Неғұрлым оқуға құныққан шәкірттер дәріс алудың соңғы кезінде Құран-Тәбейірмен* және діни-имандылық мазмұндағы басқа да кітаптармен танысады.

* Татар тіліне тәржімеленген Құран.

Сонымен, қазақ балаларын оқытудың бүкіл курсы 4–7 жылға созылады. Арифметика жаттығулары қазірге дейін қазақ мектебінде орын алмай келеді. Жазу пәніне уақыт пен көңіл тым аз бөлінеді.

Жас ұрпақтың ой-өрісін кеңейтуге және өмірлік тәжірибесін молайтуға оқудың тәрбиелік ықпалы тым аз.

Соңғы уақытта жеке адамдар ашып, ұстайтын бірыңғай қазақ мектептерінен басқа қазақ балаларының орысша сауатын ашатын қазыналық мектептер ашыла бастады. Алайда олар өте аз және де оларға қазақ жұрты онша іш тартып отырған жоқ. Мәселен, Омбы инспекциясының Батыс Сібірдің тұңғыш өнеркәсіп және ауылшаруашылық көрмесіне 1911 жылы берген деректері бойынша орыс мектептерінде оқитын қазақ балалары 319, мектеп жасындағы оқушы немесе бала 4136, яғни оқушылардың жалпы санының 7,1 пайызы болды.

Бәлкім, Қазақстанда орыс мектебі өзірше айтарлықтай ағартушылық рөл атқармайтын да шығар. Сондықтан қазақ қайраткерлері мен тілектестерінің назары орыс мектебіне емес, қайта біз жаңа ғана айттып өткен, қазақтардың ғасырлар бойғы тума мәдениетінде терең тамыр жайған ұлттық мектепті қайта түлету мен жаңғыртуға аударылуы тиіс...”

[*Каруц Рихард*. Среди киргизов и туркмен на Мангышлаке. Перевод Е. Петри. СПб., 1910]

Мәмбет Тевкелев

Ресей өкіметі мен Қазақ хандығы арасындағы мемлекеттік қызметте тілмаш болып істеген, христиан дінін қабылдап, орысқа айнала бастаған башқұрт. Оның қазақтар туралы пікірін біз Ә. Кекілбаевтың “Үркер” романы бойынша келтіріп отырмыз.

Бұл Ресей патшасы мен Алексей Иванович Тевкелевтің 1722 жылы кеме үстінде кездесуінде болған әңгіме көрінеді:

– ...Бері кел! – деді патша кемеге көтеріле берген тілмашты көзі шалып қалып.

– Мәртебеңізге құлдық, алдияр тақсыр!

Патша аяғын төмен түсіріп, жалт бұрылды. Тевкелевтің желқақты қоңырқай жүзіне қарап сәл ойланып тұрды да, тұнжыраған қалпы:

– Анау арғы жаға жайында не білесің? – деп сұрады, иегімен күншығыс жақты сілтеп.

Тевкелев қалмақтар, қазақтар, түркімендер, хиуалықтар жайында бар білгенін саудыратып айта жөнелді.

Патша қабағын түйіп:

– Қырғыз-қайсақтар жайында айтшы, – деді.

– Алдияр тақсыр, олар да жапан түздегі көп көшпелілердің бірі ғой. Оздерін былайғы көшпелілерден де гөрі жабайы, пәтуасыз жұрт

деседі. Малдан басқаны байлық, тойғаннан басқаны мұрат деп ойламайтын болса керек.

Қырғыз-қайсақтарды ма, жоқ әлде тілмаштың өзін бе — кімді мұқатып тұрғаны белгісіз, патшаның едірең мұрты қыбыр ете қалды.

— Ал, жері ше? Жері қандай?

— Құдай оларға басқаны бермесе де, жерді берген. Құм, шөлейт, сортаң боп келгеніммен мал жаюға қолайлы. Өздері егін салмайды, астықты Хиуа, Бұхара, Ташкент, Самарқанд жағындағы отырықшылардан жүн-жұрқаға айырбастап алатын көрінеді, — деді жуықта кездейсоқ оқыған мәліметін сөзбе-сөз қайталап.

— Сонда әлгі елдермен шектес болғандары ғой?

— Дәл айтасыз, алдияр тақсыр!

— Ал, Жаркентке ше?

— Оған да тиіп тұр.

Патша тағы да мұртынан күлді.

— Ендеше, ол көшпелілерің қанша пәтуасыз болса да, Азияға шығатын алтын қақпаның кілтін өз қолдарыңда ұстап отыр десеңші...” — деді ол.

Міне, тілмаш Тевкелев Мәмбет мырзаның сол кездегі қазақ халқын жақсы білетін “маман” ретінде патшаға сипаттап таныстыру түрі осы...

[Кекілбаев Ә. Үркер. Алматы: Жазушы, 1981. 200–201-бб.]

А. Тевкелев

Қазақтарды (басқа да аз санды халықтар секілді) Ресей империясының отарына айналдырып, бодан ету мақсатымен құрылған Сыртқы істер коллегиясына сол коллегияның мүшесі ретінде **А. Тевкелевтің** қазақтар туралы жазған хабарламасында:

“А оные, киргиз-кайсаки, так же калмыки и башкиры, признаются одного состояния — народ дикий, легкомысленный, ежели паче чаяния...” — деп көрсетеді.

[Казахско-русские отношения в XVI–XVIII вв. Алма-Ата. С. 100]

Адмирал Колчак

Ол: “Қазақтарды басқару — оңайдың оңайы: қалың көпшілік сенім артқан, сөзіне құлақ қоятын 500 интеллигенцияның көзін жойсақ болды, қазақтарды бағындырғаның” — деп, қазақ сияқты бейбіт халықты табанына салып бағындырудың, бодан етудің тәсілін осылайша түсіндіреді.

[қар. Михайлов В. Ұлы жуттың жазбалары. Алматы, 1992. 118-б.].

Н. П. Рычков

Патша үкіметі отаршылдық заманында қазақ халқын жерден қысып, әлеуметтік-экономикалық қамауда ұстаған жағдайда әртүрлі себептермен Қазақ жерінде болған орыс шенеуніктері халықтың ауыр тұрмысы, салт-дәстүрі, мінез-құлқы, өдет-ғұрпы туралы жазып, пікірлерін білдіріп кетуді дәстүрге айналдырған. Солардың бірі – 1771 жылы Ресей бодандығынан ауа көшіп, қазақ даласын баса көктей қашқан Еділ қалмақтарының соңына түскен орыс армиясының корпусымен бірге аттанған капитан Н. П. Рычков. Оның осы сапардағы жолжазбаларынан “Қазақ қандай халық?” деген сауалға жауап боларлық тұстарын жинаққа қысқартып енгізуді жөн көрдік.

Капитан Николай Рычковтың 1771 жылы Қазақ даласына жорығының күнделік жазбалары

Еділ қалмақтары көбіне өз басшыларының наразылығынан Ресей бодандығынан ауа көшіп қашуы себепті, Орынбор губерниясында тұрған әскер жиналып, қазақ даласына аттандырылатын болды. Өйткені өздерінің ежелгі отандарына қашқан бүлікшілердің жолын кесетіндей оңтайлы жер осы қазақ даласы еді. Бұл хабар біздің экспедицияға жеткен бойда, онша таныс емес осы елді сипаттап жазып келу үшін қолайлы деп, мені сол корпуспен бірге аттандыру ұйғарылды. Сапарымның басты міндеті қазақ халқының иелігіндегі жақсы жерлерді зерттеу, осы елден табылатын өнімдердің үлгілерін жинап әкелу болды. Әскер жолға шыққанша жетпек ниетпен, хабар алынған күні-ақ Челябин қаласынан жүріп кеттім де, көкестің 11-і күні аталмыш жорыққа аттанатын әскер жиналып жатқан Ор қамалына келдім.

Жолға қамдануыма бірнеше сағат қана мұршам болды, өйткені генерал-майор және кавалер фон Траубенберг мырза басқарған кол жорыққа 12-сі таң сәріден аттанды.

Ор қамалынан шығып, біз қалмақтардың Ор өзені бастауынан өтер жолын тосу үшін өзенді бойлай өрледік. Бұл күні өзіміздің ішкі жерлерден айырмасы жоқ өңірмен шекарадан 25 шақырым қашықтадық. Өткен жолымызда тас пен топырақ үйілген орасан зор обалар мен қамыс басқан көлдерден басқа көзге ілігетіндей ештеңе кездескен жоқ.

Осы арадан әрі шығысқа қарай бет түзеп алдық, сол жағымызда – Ор өзені, оң қолда батысқа қарай, білетіндердің айтуынша, Мүғалжар жоталарына жалғасады дейтін қаптар-қаптар әртүрлі таулар қалып отырады *(Бұл жерлерде тұз шошқасы керемет көп екен. Біздің*

лда келе жатқан казак-орыстарымыз бір үлкен қабанды атып алды. Шошқаны сойғанда тазқарынынан көлемі де, бітімі де кептер жұмыртқасындай, кәдімгі тастан жұмсақ әрі жеңіл бір тас шықты. Тазқарында жатқан орнына қарап, шошқаның ішінде қатып, түзілген тас болар деп түйдім, тегінде, жеген қорегімен бірге жұтқан болуы керек. Жайық казак-орыстарының түз шошқасының ішінен шығатын мұндай тастармен әртүрлі ауруларды емдейтіні және әйелдің толғағын жеңілдетеді деп ырымдайтыны белгілі). Ор өзенінің жағасында аялдаған орнымыздан 15 шақырым жерде Тарақты деген шағын өзен Ор өзеніне шығыстан келіп құяды екен. Бұл өзеннің ағысы атап айтуға лайық: судың ағысы бойында орасан зор күм жоталары бар (бұлардың сол маңдағы таулардың беткейінен ағып келгені күмәнсіз). Жоталардан өткен су жер бетіне шығып, шағын-шағын көл болып жатыр. Бұдан әрі осы өзен келіп құятын Қамысты өзені сегіз шақырым жерде. Осы өзеннің жағасына әскер шатырларын тігіп жайғасып, бұл күннің қалған уақытында сонда болдым (Қамысты өзеніндегі лагеріміз шекарадан 48 шақырым қашықтықта болды).

Қазақ ханы Нұралыдан сол күні біздің әскердің бас қолбасшысына арнайы жіберілген адам әкелген хабар жолымызды өзгертуге мәжбүр етті. Хабар мынадай еді: қалмақтар Ор өзенінің бастауына соқпай, Мұғалжар таулары арқылы бірден Ырғыз өзеніне кетіп, өте-мөте шапшаң алыстап барады екен. Хан өз ордасындағылардың бір бөлігімен оларды өкшелеп, ізінен қалмай, үзіп-жұлқа тиісіп бара жатыр. Ақыр соңында хан Ресей әскерінің Орды жағалаған жолынан бұрылып, тіке Ырғыз өзенін бетке алуын талап еткен. “Осы арада өздеріңмен қосылып, күш біріктіріп алып, қашқын бүлікшілерді бөгейміз”, – деген. Келген адам бұл хабарға қоса мынадай жағдайды айтты: Ханы мен бірнеше сұлтаны бастаған қазақтар бірі – Мұғалжар тауында, енді бірі – Жем өзенінде қалмақтармен екі рет соғысқан. Екеуінде де жау бассауғалап қашқан, Табуйлу және Арселен деген білікті екі зайсанынан айырылған, еркек-әйелі бар бірсыпыра адамы жеңушілердің қолына түскен. Қалмақтарда мініс аты мүлдем жетпейтінін айтып, жаушы бұрынғы хабарды растады. Осы себепті, қалмақтардың бейшара күйге түскені сондай, ұзақ қысқы жолда аттарынан айырылған бірталайы жас балалары мен дүние-мүлкін арқалап, жаяу шұбырып бара жатқан көрінеді. Осы хабардан кейін біз Ордың бойымен оның бастауына беттеген жолдан бұрылып, Ырғызға қарай бет алдық. Жоғарыда аталған өзенді оң жаққа қалдырып, енді Қамысты өзенінің батыс жағалауын бойлап, бастауына қарай ілгеріледік. Жолымыздың бірталайы жазық, арагидік сол тұстағы таудың аласа жоталарынан астық.

Таңертеңгі аялдамамыздан 20 шақырым жерде оңтүстік жақтан Қамысты өзеніне құятын аты белгісіз бір өзен кездесті. Өзеннің шы-

ғыс жағасындағы тік жартас сағасына дейін жалғасқан. Жартастың жасыл тастары бірде жалпағынан, бірде тігінен қабаттасып, төңкеріліп жатқан тауға ұқсайды. Жартастың үстіне шыққанымда алтын рудасының белгілері бар кесек тастарды көрдім. Бұл металл ол жерде ақ кварцте және сары жолақтары бар қызыл таста көбірек көрінеді. Түрі жағынан олар Екатеринбург қаласы маңындағы Березов руднигінің алтын рудасына өте ұқсас. Мұндай тастар жартастың үстінде ғана емес, осы өзеннен оңтүстік пен шығысқа қарайғы өңірде де бар. Осыған қарағанда, бұл жерде мына металдың кенін ашуға әрекет жасап көру пайдасыз емес деп үміттенуге болады.

Осы арадан Қамысты өзенін *(Қамысты өзені шығыстан Ор өзеніне қарай көбіне ені әртүрлі болып шығады: кей тұста 7, кей тұста 15 сажын. Өзен жағасында анда-санда шоқ-шоқ терек өседі. Балығы Ор өзеніндегі сияқты)* өрлеп біраз жүргеннен кейін, таңертеңгі аялдамамыздан 23 шақырым жерде қос тіктік *(Қамысты өзені жағасындағы шекарадан 61 шақырым қашықтықтағы лагерь)*. Бұл күні кешке дейін Қамысты өзенінің екі жағасындағы өзге тауларды араладым. Бұл таулардың тасы да әлгі аты беймәлім өзеннің сағасындағы тастарға ұқсайды. Осы арадан біздің жолымыз оңтүстік-шығысқа бұрылып, кіші Қамыстының бастауына беттедік. Жүрген жолымыз үнемі құм мен қызыл балшық болды. Ашы, сортаң тұстар көп. Өзіміз жүріп келе жатқан өзеннің батыс жағасы шалғын. Тегінде, құмдақ жер әрі қара суық (бұл жерден өткенімізде үнемі қара суық болып тұрды), шөп өсуіне қолайлы болмаса керек. Қамысты өзенінің жақын жағасы жал-жал сұрғылт құм, ұсақ тас аралас, олардың ішінде перелифт кесектері және слюда жолақтары бар сұр тастар кездесті, бұл жолақтар таза сом күміс секілді жарқырап көрінеді.

Қамысты өзенінің шығыс жағасы — жал-жал құм емес, шатқал тас. Одан әрі кең жазықта алдымыздан шағындау тұшы көл кездесті. Көлдің жағасында түйір кесек тұз болып қатқан жұқа қабат бар. Бір ғажабы, бұл төңіректе жердің бетінде бірде-бір тұзды көл көрінбейді. Тұшы көлдің жағасында тұз болғанына қайран қалып:

“Ол жердің астынан шығып жатқан жоқ па екен?” — деп қазып көрдім. Жердің ең үстіңгі қабаты тұнба, тұз дәмі бар. Одан арғы сары балшық та тұзды болып көрінді. Енді жасыл жұмсақ тас кесектері шыға бастады. Ол тұзды болуымен қоса, қышқыл дәмі байқалды, ал мұның өзі ашудас рудасының нышандары, меніңше, ол неғұрлым тереңде болар. Бұдан әрі зерттеуге мұрша болмады, өйткені әскерден қалып қою қауіпті. Және қалмақтардан гөрі тұрақтылығына өсте сенуге болмайтын қазақтардың өздері қауіпті. Бүкіл қырда тарап жүрген олар қарсыласуға шамасы келмегендерді қолға түсіріп алудан танысалмайды.

Бұл арадан Қамысты өзенінің бастауына өрлеген бойда тас жоталар мен жазық аралас. Осынау тағы түзді пайдасыз зерттеумен бұл күнді де батырдық (*Қамысты өзенінің жағасындағы шекарадан 85 шақырым қашықтықтағы лагерь*). Көктемгі шөп те жоқ, суықтан жағып жылынатындай бұта да жоқ. Отын орнына тезек жағуды үйрендік. Қазақтар күзде осы арада жайған малдан қалған тезек көп көрінді. Оның өзі жанғанда қызуы құрғақ отыныңыздан әсте кем түспейді. Сондықтан да ағашсыз жерде көшіп-қонып жүретін қазақтар тезекті көп қылып жинап алып, ең қатал қыстың өзінде отыннан еш таршылық көрмейді.

Осы жерден шығысқа қарай Ырғыз өзеніне баратын жол бар. Қазақ ханы біздің әскердің келуін осы жерде күтпек еді. Жолымызда тау да, көл де, бұлақ та кездескен жоқ, оң жағымызда бірі – жатаған, аласа, енді біреулері – биік тас жоталар қалып отырды. Олардың ең ірісі біздің таңертеңгі аялдамамыздан алыс емес еді. Қамысты өзенінің шығыс жағасын бойлаған бұл жота ежелгі заманда төңкеріліп құлаған ғимаратқа ұқсас, жотадан бөлініп құлаған тастар үлкен-үлкен төбе болып жатыр. Онда шөкпе тастардың арасында күңгірт хрусталь кесектері, сары мөлдір топаздың алып кесектері мол. Осы тастардың бәрінен қазақ зираттарында орнатылған құлпытастар көп.

Бұл таудан әрі қарай мәрмәрі көп жерлер басталады, өйткені осы арадан Қамысты өзенінің бастауына дейінгі жазық пен жотаның бәрінде жарқыраған ақ мәрмәр мол. Алуан түрлі минералды тұнып тұрған Сібірдің өзінде мұндай көп мәрмәр табыла қоймас. Оның ең басты артықшылығы аппақ болуы ғана емес, күннің сәулесі түскен кезде оның жарқырайтыны соншалық, мұндай мәрмәр жер жүзінде өте сирек кездесетін болар (*Бұл мәрмәр Италия елінің тауларында бар ақ мәрмәрдан асып түспеген күннің өзінде, одан кем емес екені анық*). Оны мүсіндер жасаған кезде, зәулім ғимараттарды безендіргенде пайдалануға болады; бірақ бұл жердің Ресей шекарасынан алыстығы тасып жеткізуді біраз қиындататын болса керек, бірақ қырмен тасып әуре болмас үшін сол тұстан ағатын Қамысты өзенін пайдалану керек, ол Ор өзеніне қосылып, одан әрі Жайыққа да жалғасады. Бұл елде ағаштың жоқтығы су жолын пайдалануға бөгет емес. Өйткені кемелерді Ор қамалы түбінде жасап алуға болады, одан әрі Ордың бастауына қарай әлгі аталған өзенге жетіп, осы арадан мәрмәр тиел, кері жөнелтуге келеді.

Мәрмәрі көп жер 25 шақырымға созылып жатыр, бұдан әрі Қамысты өзенінің бастауында ағыс тастақ жазық жерде. Өзен жағындағы шайма, жырылған жарқабақтың жағдайын оқырманға хабарлай кетейік. Үстіңгі қабаты – кей тұста сұр, көбіне құмды топырақ. Одан төмен қара шым, оның асты жұмсақ сары тұнба келеді. Бұдан те-

реңдетіп қазуға жердің қаттылығы кедергі болды (*Бұл төңіректе дала қашқындарының қазақтар жылқышы тышқан деп атайтын түрі көп. Тұрқы әдеттегі үй тышқандарымен шамалас: оларды тышқан деп отырғаным содан. Жүні Кама ормандарындағы бурундуктарға ұқсас. Жоталарында қара жолақтары бар. Шөп қоректі, інде тіршілік етеді: індерінен шықса, жыртқыш құстарға жем болып жатады*).

17-сі күні жол жүрмей демалдық, айтарлықтай еш нәрсе болған жоқ (*Қамысты өзенінің бастауына таяу жердегі лагерь, шекарадан қашықтығы 110 шақырым*).

18-і күні жолға шығып, шығысы мен оңтүстігі жазық, тұзды, ашы көлдері көп өңірмен жүрдік. Жердің бетінде шағын төмпешіктер көп, топырағының түсі сары, кей тұста қызғылт, қышқылтым дәміне қоса, бір хош иісі байқалады, тегінде төмпешіктің төңірегіндегі тұз өсімдіктерінен болар. Осындай төмпешіктері көп жазықтан кейін тұщы су көздері мол қырат басталды. Таңертеңгі аялдамамыздан оңтүстікке қарай 26 шақырым жер жүріп өткеннен кейін Кесті Қышан дейтін өзенге жеттік, ол шығыс жақтан Ырғыз өзеніне құяды екен. Осы өзеннің жағасында қос тігіп (*Кесті Қышан өзеніндегі лагерь, шекарадан қашықтығы 136 шақырым*), келесі күнге дейін болдық.

Бұл арадан Кесті Қышан өзенін өрлеп, Ырғыз өзеніне қосылатын тұсқа бет алдық. Осы жерде қазақ ханымен түйісеміз не ең болмағанда бүлікшілердің алдыңғы легіне қарсы шығармыз деп ойлаған болатынбыз, бірақ бұл өзенге жетпес бұрын, ол жердің жағдайын, дұшпанның беталысын және бізге көмектесетін қазақ қолының келіп жеткен-жетпегенін барлап, біліп алу керек болды. Осы себепті біздің әскердің қолбасшысы Саңмар казак-орыстарынан 10 адам және бізбен бірге келе жатқан башқұрттардан сонша адам сайлап, оларға жағдайды түгел барлауды тапсырып аттандырды. Біз болсақ, одан әрі ілгерілеп, Кесті Қышанның жағасындағы қосымыздан 23 шақырымдай жерге келіп тоқтадық (*Сидар Қышан өзені жағасындағы лагерь, шекарадан қашықтығы 119 шақырым*). Бұл жерге келгенімізде көктем шыққанына көзіміз анық жетті. Күздің сұрқай, құрғақ көрінісінен жалыққан бізге көктемгі гүл-бөйішешек қаптаған қырат пен жазық көзге ыстық көрінді.

Кешке қарай Ырғыз өзеніне барлауға жіберген казак-орыстар оралды, олар: “Бұл өзеннің жағасына жеткенімізбен, ол жерден қазақтарды да таппадық, қалмақтардың да ізін көрмедік”, – деп келді. Неғұрлым көз жеткізейік деп Ырғыз өзенін бойлап, төмен қарай бірталай жер жүрсе де, тапсырманы орындарлықтай ештеңе көре алмағандарын айтты. Біз үшін ең қажеттісі – қазақтардың бірге болуы еді. Олар әскерлеріміздің санын көбейткеннен де гөрі, қалмақтардың жеткен жеріне тотален тартатын жолды көрсетсе дедік. Осындай оймен

біздің бастығымыз сол күні казак-орыс жүзбасы Мельниковқа бас-татып, 50 казак-орыстан тұратын басқа бір топ аттандыруға мәжбүр болды. Бұлар да алғашқы топқа жүктелгендей тапсырма алды: “Қа-зақ ханын тауып барып, оған біздің әскердің жақындағанын хабарлау, одан жолбасшы беруді сұрап, қосқа оралу керек”, – делінді. Бұған қоса, жүзбасына қалмақтардың Ырғыз өзенінен қай тұстан өткенін білу, бүлікшілердің азын-шағын тобы ұшырасқандай жағдайда, ама-лын тауып, олардан бір-екі адам қолға түсіріп әкелу жүктелді.

Сәриден жолға шығып, біздер таңғы қосымыздан 17 шақырым жүргеннен кейін, Ырғыз өзеніне келдік. Бұл өзеннің ағысы туралы арнайы айту керек: ол да Қамысты өзені сияқты, көп тұста бөлек-бө-лек көл болып ағады. Кей жерлерде жер астында, көзден таса ағыс-тары бар, ағысы жер бетіндегі тұстарында қатарласқан көлдер секілді болып ағады. Қырдың бұл өңіріндегі өзендердің бәрінің дерлік осын-дай қасиеті бар. Бұл өзеннің жағасында көптеген тұзды көлдер мен ащы жерлер бар, жаңа болып қатқан тұз түнбалары кездеседі. Әйтсе де бұл өзеннің басқа өзендерден айтарлықтай айырмашылығы жоқ.

Ырғыз өзенінің шығыс жағасына өткеннен кейін толып жатқан биік жоталары бар қыратты тастақ жер басталады. Бұл өңірде орасан зор тастан үйілген, мәрмөрдан, ақықтан қаланған қазақ зираттары көрінеді, бұлардың бәрі сол мандағы жоталар мен тауларда көп. Мо-лалардың қайсыбірінің ерекшелігі – тастың үсті киізбен не қамыстан тоқылған шимен жабылған, кейбіреулеріне найза шаншылып, жебе-лері бар қорамсақтар қойылған – бұл өлген адамның батыр екендігі-нің белгісі болса керек.

Ырғыздан өткен тұсымыздан 7 шақырым жүргеннен кейін тоқтап, бұл күннің қалғанын осы өзен жағасында өткіздік (*Ырғыз өзені бойын-дағы лагерь, шекарадан қашықтығы 183 шақырым*). Бұл тұстағы жазық-та өсіп тұрған өсімдіктер маған біздің ішкі жерлердегі өсімдіктерден басқаша болып көрінді. Сондықтан бұл күні осындай өсімдіктерді жинадым: қайтып барғаннан кейін ботаникаға білгір кісілерден бұл елдегі өсімдіктердің ерекшеліктерін біліп алмақ ойым бар.

Келесі күні соңғы аялдаған жерімізден 23 шақырым өтіп барып орналасқан қосымызға (*Ырғыз өзені бойындағы лагерь, шекарадан қа-шықтығы 206 шақырым*) кеше жіберген тобымыздан екі башқұрт қайт-ып оралды, олармен бірге Айшуақ сұлтанның иелігіндегі елдің бір қазағы келген екен. Оның бізге хабарлағаны мынадай: сұлтан қол астындағы қазақтан ерткен 1000 адам қолмен бұл жерден екі жүз ша-қырымдай жерде қалған. Мұны жібергенде сұлтан: “Ресей әскері ту-ралы біліп кел”, – деп жіберіпті, ал ханның өзі орданың бірталай қолымен сұлтанның тұрған жерінен біздің әскер қанша жерде болса,

сонша қашық жерде. Келген қазақ қалмақтар туралы ештеңе білмегенімен: “Біздің хан оларға жақындап қалды”, – деп сендірді. Демек, біз бүлікшілерге қатысты егжей-тегжейлі анық хабарды ханның өзінен күтуге тиіс болдық.

22-сі күні болған елеулі оқиға мынадай: Ырғыз өзені бойындағы біздің таңертеңгі тұрағымыздан 27 шақырым жерде өзінің ханынан біздің әскердің бас қолбасшысына хат алып келе жатқан қазақ ұшырасты. Ханның бұл адамнан айтқан хабары: қалмақтар Ырғыз өзенінен өтіп алғаннан кейін, суыт жүріспен ілгерілеп, Торғай өзеніне жақындап қалған. Бүлікшілер тобыры тым көп болғандықтан, ханның азын-шағын жортуылдарымен бүлікшілерді ойсыратып жеңу де, қашқан бетінен тоқтату да мүмкін емес. Сондықтан қалмақтарды жеңуге де, зұлым ниеттерінен қайтаруға да оңтайлы осы төңіректен өткізіп алмау үшін асығу керек. Осыдан да хан әскер басшысынан өзімен мүмкіндігінше тезірек келіп қосылу үшін жедел қимылдауды талап етеді. Ал Ресей әскері өзіне төте жолмен жетуі үшін хан осы хатты апарған кісіні жолбасшы етіп алуды ұсынған, ол осы төңіректе туып-өсіп, бар өмірін осы өңірде өткізген адам екен (*Бұл жолбасшымыздың аты – Мәтея, ханның өзімен аталас, бүкіл Ордаға ақыл-парасатымен сыйлы кісі екен: “Қамыстыға келген бойларыңызда мен жолбасшы болғанда, төте жолмен бастап ендігі қалмақтың алдынан шығарар едім”, – деп сендірді ол*). Ханның осы хабарынан кейін біз жылдамдығымызды екі есе үдегіп, соңғы аялдаған жерімізден 42 шақырым өтіп барып тоқтадық (*Аты беймәлім көлдің жағасындағы лагерь, шекарадан қашықтығы 248 шақырым*), бұл екі аласа таудың арасындағы жазықтағы аты белгісіз көл жағасы еді.

Ханның жіберген кісісі бізге ауызша мынадай хабар айтты:

1) Бұлардың ең атақты тархандарының бірі (*Қырдағы халықтардың бәрінде тархан деген атақ – княздықтың бір дәрежесі. Халық ішінде олардың күші ханнан асып түспеген күннің өзінде, кем түспейді*) Дәуітбай өз руының кісілерімен және былайғы ерген адамдарымен Торғай өзенінің арғы жағасында тұрған көрінеді, қашқан қалмақтардың жолын мүмкін қадарынша тоспақ ниетте.

2) Қытай мемлекетінің шекарасына жақын жерде көшіп-қонып жүрген Ұлы жүздің ханы Әбілмәмбет Орта жүз Абылай сұлтаннан қалмақтардың Ресей бодандығынан қашып келе жатқанын, Жоңғарияға қайта өтіп, өздерінің ежелгі иеліктерінің қалдықтарын жаңғыртпақ ниетте екенін естігеннен кейін, қалмақтың ежелгі мекендеріне өтуіне жол бермеу үшін оларға қарсы өз ұлына бастатып қол жіберген көрінеді.

Ауыздан айтылған мұндай сөздерді теріске шығаруға да, растауға да болмайды, өйткені қазақтардың арасында қиыстырылған мақтаның

өзі де көбіне өнер деп саналады. Олардан бізге келген барлық хабардың шындыққа қаншалық жанаспағанына кейін анық көз жеткіздік.

Осындай сенімді жолбасшымыз болғаннан кейін, ол таңертең бізді оңтүстік-шығыс бағытқа түзеп, Торғай өзеніне қарай бастап жүрді. Жолдың екі жағы көбіне жазық, қайсыбір тұстарда көктемнің көгімен құлпырған жоталар көз тартып көрінеді. Төңіректің бәрінде темір рудасының белгілері байқалады, қайсыбір тұстарда тұтас бір өңірді алып жатқан ақ мәрмәрдан көз тұнады.

Біздің таңертеңгі аялдаған жерімізден 10 шақырым ұзағанымызда 1000-ға тарта қазақ қолы кезікті. Бізге көмекке шыққан бұларды Құдайберген деген тархан бастап келеді екен. Өздерін ресейліктердің одақтасымыз деп білген қуаныш сезімі, бұлармен жауларына қарсы бірге аттандық деп, өзге халықтардың алдында абыройларын асырмақ ниет жүздерінен анық сезіледі. Біріне-бірі алуан түрлі қастандық қарекет жасап келген башқұрттар мен қазақтардың арасындағы атам заманнан бергі бітіспес неғұрлым зұлым және кекшіл башқұрттар бұл жолы кек сақтаған қалып көрсетпей, қонақжайлылық жасап, өз қостарында қазақтарға Мұхаммед дінінің салтымен ас-тамақтарын берді.

Бізге қосылған қазақтар таңертеңгі тұрағымыздан 12 шақырым жердегі қосымызға дейін бірге келді. Бұл жер Сасықкөл деп аталатын көлдің жағасы еді (Көлдің аты затына өсте үйлеспейді. *Айналасы төрт шақырымдай бұл көлдің суы өте дәмді көрінді*). “Осы көлден әрі қарай сусыз жерлер басталады”, – дегеннен кейін, бұл күні азғана жол жүргенімізге қарамастан, осы араға түнеуді ұйғардық (*Сасықкөл көлінің жағасындағы лагерь, шекарадан қашықтығы 260 шақырым*). Ондағы ойымыз: “Ұзақ жолдан қажыған аттарымызды аз да болса әлдендіріп алып, ертеңіне жолды неғұрлым көбірек ұтармыз”, – дедік.

Бізге көмекке келген қазақтардың қарулары – найза, қылыш, садақ және мылтық екен. Мылтықтарын олар шегіршіннің қабығынан жасаған бітелерімен тұтатады. Мұның әдісі былай екен: атуға ыңғайланған жағдайда шегіршін білтенің бір ұшына оқ-дәрі жағып, оған шақпақ шағып, от қояды, оқ-дәрі жаққан білте қас қаққанша лап ете түседі. Олардың мылтығында құндақ та, шүріппе де жоқ (*Қазақтардың қару-жарағы туралы*). Мұның орнына мылтықтың ұңғысында шағын тесік қуыс бар, жанған білте оған тиген бойда оқ атылады. Қазақтардың мылтық асынғандары шеттерінен мерген, бұған мылтықтың ортасынан орнатылған екі тіремесі де ыңғайлы, мұндай мылтықтар Ресей казак-орыстарында да бар. Ат үстінде келе жатып мұндай мылтықпен ату қиын, сондықтан да олар бұл мылтықпен ату үшін аттарынан түсіп, мылтығын тіреуіштеріне жайғастырып алып барып атады, сол уақытта бұлардың атқаны қауіпті деседі. Ат үстінде атыл-

майтыны сияқты, жауын-шашынды кезде де мұндай мылтық атыла қоймайды, оның себебі су болған білтенің тұтанбайтындығында ғана емес, ұңғының алдындағы қуысқа ылғал келетіндіктен, оқ-дәрінің өзі де жанбай қалады. Қазақтардың өз жауларына қарсы қолданатын қаруы осындай. Мылтықты олар көбіне Ташкенттен сатып алады, ондағы халық қай жағынан алғанда да төңіректің басқа халықтарынан өнерлі. Ал оқ-дәріні бірсыпыра қазақ өз ұлыстарында өздері жасап алады. Менің аңғаруымша, олар оқ-дәрінің қара және ақ түрін біледі, алайда ол өнерін жұрттан жасырып, ешкімге айтпайды. Бұл қазақтарға сый-сияпат жасап, іш тартып көргеніммен, олар менің білмекке құмарлығымды тынштыппақ ниет сездірген жоқ. Олардан естігенім: “Сіздің жақтағыдай әдіспен жасаймыз, асып түсіп жатқан ештеңе жоқ, ал бұған қажет керекті өз жерімізден аламыз”, – деген сырғытпа ғана болды.

Жауларына қарсы жорыққа шыққан әрбір қазақ үш-төрт атпен аттанады. Соғыс күні мініп шығатын ең тәуіріне тоқым салмай, күр ұстайды да, басқаларына кезек мінеді, жол азығын да соларға артады. Осынша атпен шығатын олар күніне 60 шақырымнан 80 шақырымға дейінгі аралыққа жетуде еш қиыншылық көрмейді.

Білікті кісілерінің де, сондай-ақ қарапайым адамдардың көпшілігінің де жорықтағы киім-кешегінің әдеттегіден айырмасы – олар сырт киімнің желкелігіне шұғадан не былғарыдан тігілген тұмар іліп жүреді. Бұлардың біреуінде оларды ауру-сырқаудан, жаудың қару-жарағынан сақтайтын аят жазылған қағаз тігіледі, екіншісінде шайқас күнінде тайсалмас жаужүректік дарытатын дұға-аят болады. Халықтың замандар бойына келе жатқан сенім-нанымы осы...

Олардың басшымыз деп жүргендерінің ғана емес, билеуші әміршілерінің өздерінде ең зұлым қылмыскерді жазалай алатындай билік жоқ деуге болады. Бір тұқымнан тараған әулеті негүрлым көп болса, халықтың ішінде ең күштісі сол, өйткені ол қажет болған жағдайда әділдік орнына да, қорғануға да өз әулетінің күшін жұмсай алады. Сондықтан қазақтарды бір іске итермелеу керек болса, мұндайда, ханның келісімінен гөрі өскен-өнген әулеттердің басшы адамдарының айтқаны өтімді.

Қазақта халықтың дау-дамайын қазылайтын сот та, құқық та жоқ, алайда кісі өлімі мен ұрлыққа қатысты олардың арғы бабалары қолданып, құптан кеткен танданарлықтай жөн-жоба бар. Осындай екі түрлі зұлымдық қазақта былай жазаланады:

Оларда кісі өлтірген адам сол әрекеті үшін өлтірілмейді, мұның орнына ол өлген адамның ең жақын туысына 100 жылқы, бір тұтқын (*жесір мағынасында – редактор*), екі түйе, шапан, қара түлкі терісі, қаршыға не бүркіт (*Қазақ бүркітті баулып, қарсақ, түлкі, қас-*

қырға салуға шебер келеді. Құстың бұл түрі біздің бүркіттей деуге болады), сауыт-сайман күн төлейді. Кісі өлтірушінің мұны өтерліктей өз дәулеті болмаса, онда жақын-жуықтары төлейді, олардың халықтық жөн-жобаға қарсы тұруға қақысы жоқ. Осынау қажетті құқықты кім-кім де сақтауға тиісті. Бұл жарғыны қазақ күн деп атайды.

Адамды жарақаттап, кемтар етушілік оларда жарты өлім деп саналады, сондықтан бұл үшін кісі өлтіргенде төленетін құнның жартысы өтеледі. Қазір ел басқарып отырған Нұралы ханның өзі бұдан бірнеше жыл бұрын осындай жөн-жобаға бойсұнып, бір қазақтың майып болғаны үшін күн төлеуге тура келген. Оқиға былай болған: Хан ордасының маңында тұратын бір қазақтың қалмақ күңі қожасының қорлығы мен таяғына шыдамай, қашып шығып, ханның нақсүйер әйелінің отауына барып тығылады. Оны қуған қожасы ыза үстінде күн бассауғалаған үйге жүгіріп кіреді. Ханның әйелі бұл уақытта үйде екен. Қазақтар қашанда ханның әйелдеріне ізет білдіре қоймайды, ал ашу-ыза қысқан кезде тіпті де елемейтін болу керек. Ол ханымның көзінше күнді сөгіп, сабай бастайды, бұған бүкіл Ордасы әлек-шәлек болып қалады. Ханның қызметшілері у-шуға жүгірісіп келіп, әлгі оспадар жосықсызды сүйреп шығарады. Сүйреп шығарамыз деп жүріп, оны майып қылғаны соншалық – жиналған қазақтар қараған кезде бұдан әрі ұрпақ қалдыра алмастай соққыға жығылғанын көреді. Ханның: “Әйелімнің көзінше оспадар қылыққа барған ғой”, – деп уәж айтқанынан ештеңе өнбейді. Халық оны кісі өлімі үшін төленетін құнның жартысын өтеуге көндіреді.

Ұрлыққа қарсы қолданылатын жарғыны қазақ айбана деп атайды. Оның күші мынадай: ұрлық қылған адам жылқы не қой ұрлап қолға түсіп, ұлыс басшысының алдына әкелінсе, ұрланған бір жылқы үшін үш тоғыз есебімен 27 жылқы, бір қой үшін 27 қой төлейді.

Мұндай жазаға бұйырылатындар оларда онша көп емес. Мал ұрлауға төселгендерінің бейім-қабілеті өздерінің ортасында ілуде бір ғана қолданылып, көбінесе көршілес жерлерде молырақ көрінуі мүмкін. Ондайлар баукеспелікке барып, бүкіл жұрттың көзінше ұрлық малын алып қайтады және мұның өзін жамандық санамайтыны былай тұрсын, еті тірілік, өжеттік деп бағалайды. Олардың ең атақты деген адамдары өздеріне серіктер ертіп алып, көршілес жерлерді шауып, тонауға шығады. Қарақалпақтар, аралдықтар мен ташкенттіктер баяғыдан бергі әлгіндей зорлық-зомбылықтың жемі болып келеді.

Қазақтар Мұхаммед дініне ден қойғандарымен, бұл діннің құдайға құлшылық ету заңдарын білмеуіне қоса, ең бергі діни ғұрыптарын да сақтай бермейді. Бұлардың өз дінбасылары жоқ. Бірақ, мұның есесіне, күзгі уақытта оларға Ташкенттен, Түркістан мен Хиуалан қо-

жалар, ахундар мен молдалар келеді. Құдай атын айтып, бұл әккі көлгірсушілер діннен хабары аз әрі ырымшыл халықты аузына қаратып алады. Жұрт олардан малын аямайды. Мүләйімсіп, әулиемсінген әккілер елдеріне байып қайтады.

Қазақтың үйлену кезіндегі барлық салт-дәстүрінде Азияның байтақ жерін мекендеп, ақырында Мұхаммед дінін қабылдаған халықтардың бір кездегі мәжусилік ежелгі әдет-ғұрыптарының сақталып қалғандары да бар. Көне замандардың табиғатына тән қарапайымдылығын сипаттау үшін әлгіндей салт-дәстүрлерді баяндай кетейік.

Қазақ зираттарын сипаттаған тұстан біз олардың өлген адаммен бірге оның қару-жарағын да көметінін көрдік, қабірлердің үстіне тас не топырақ үйеді, кейде ағаштан не тастан мазар тұрғызады. Өлген адамды кілемге салып алып келеді. Осы жерде марқұмның туған-туысқандары мен жақындары айнала қоршап, өздерінің қайғы-қасіретін білдіреді, молданың оқыған аят-дұғасын ұйып тыңдайды. Аят-дұғамен қоса, марқұмның бұл дүниеде жасаған жақсылықтары, дәулет-байлығы, соғыс-жорықтардағы ерлігі мадақталады. Жерленгеніне бірнеше күн өткен соң өлген адамның мұрагерлері жұртты жинап ас береді, бұл орайда мынадай әдет-ғұрыптар жоралғысы атқарылады: осы ас батада марқұмның дүние-мүлкінің біразы жұртқа үлестіріледі, яғни бір не екі тұтқыны (*Жалпы алғанда, тұтқындарды барлық қазақ жесір деп атайды. Жайық казак-орыстары да тұтқындарды осылай деп атайды*), бір-екі түйесі, сауыт-сайманы, бір не екі тоғыз жылқысы, бірсыпыра уақ малы және басқалары таратылады. Бұл мал-мүлкіктің бәрі халықтың басы қосылған осы үлкен жиында аттары бәйгеден келген адамдарға үлестіріледі. Мұндай астарға әркім өзінің атын жаратып, баптайды, оның ішінде марқұмның мұрагері де қатысуы мүмкін. Бәйге кезінде қиянат болмауы үшін өздерінің басшыларынан білікті екі адамды сайлап қояды, олар осы түз серілерінің өнер сынасуы әділ өтуін қадағалайды. Бұл екі адамның біреуі сөреде қалады, екіншісі күліктер келетін жерге барады. Бәйге аттарының қанша шақырымға жіберілетінін білмегенімен, бұл аралық олардың айтуына қарағанда, 40 шақырымнан кем болмауы керек, өйткені бәйгеге қосылатын жүйріктер өздерінің атсейістерімен кешке шыққан калпында баяу жүріп отырып, ертеңіне түске таман жетеді. Сол күні, ыстықтың беті қайтқаннан кейін, жұрт ас не тойға жиналған бәйге үлестірілетін жерге жеткенше асығады. Аттардың келуі олардың жерінде әдетке айналған қызық-думан.

Тұтқынды да, бәйгеге тігілген мал-дүниенің жақсысын да осынау дүйім топта мерейі үстем болып, аты бірінші келген адам алады, аты екінші болып келгенге сауыт-сайман сыйланады, үшінші жүлдеге түйе беріледі, төртіншісі әдемі шапан мен жақсы басқым, бесін-

шісі ер-тұрманымен ат алады, одан кейінгілеріне жылқы, қой тиеді. Мұның бәріне қосымша, әулеттің мұрагері өлген адамның ең жақсы деген қазына-мүлкін бүкіл халық көре алатындай етіп қоюға тиіс. Оның ең таңдаулы аты ең жақсы ер-тұрманымен қара шұға жабылып тұруға тиіс. Өзге аттарына оның ең тәуір киімдері, қару-жарағы, қалы кілемдері теңделеді. Бұл аттардың бәрі кермеге байланып, оның түбінде жылап-сықтап әйелдері, сондай-ақ барлық құлдары мен күндері тұрады. Бұл ғұрыптың мәнісі – халыққа оның кемдік көрмей өткенін, қанша дәулет жинағанын көрсету, мұны көзімен көргендердің есінде оның жақсы атын қалдыру. Өлген адамның үйіне артында қалған әулетінің қаралы екенін білдіріп тұратын қара белгі қадалады.

Қазақтардың үйлендіру, қыз ұзату тойларындағы ғұрып-салттар олардың ерекшеліктерін көрсетеді. Азия халықтарының бәрі әйелді қалың беріп алатыны белгілі. Қазақтар қалыңмалды дәулетіне қарай және қалыңдықтың көркі мен қасиетіне қарай береді. Қалыңдық үшін берілетін ең орташа деген шама – бір тұтқын, 30 не 40 жылқы және жорық қару-жарағы. Тойдан бір күн бұрын қалыңдықтың әкесі өз үйінен біршама қашықтау жерге ақ отау тіктіреді, күйеу мен қалыңдық арасындағы неке ғұрыптары осы отауда өтуге тиіс. Отаудың алдына әсем ер-тұрманымен күйеудің аты байланады, оның ең жақсы киімі де сол жерге қойылады.

Егер қалыңдық бұған дейін өз абыройын сақтаған болса, той ұлан-асыр қызық-думанмен өтеді; бұлай болмаған жағдайда құдалар жағы күйеудің ер-тұрманы ерттелген атты бауыздап, пәтуаның бұзылғанын білдіріп, киімдерін паршалап тастайды. Мұндайда қалыңдықтың әкесі жиналған жұрттың сөгісіне қалып, қызы үшін алған қалыңнан айырылады. Қазақта мұндай оғаштық ілуде бір ғана кездеседі, өйткені қыз балаға тіпті жастайынан құда түсіп, атастырып қояды. Некелесетін күні таңертең қалыңдықты төрт қыз қалы кілемге отырғызып көтеріп, барлық құрбыларымен қоштастырады. Бұл қоштасу – оны қыз санатынан шығарудың белгісі; бұған дейін қайын атасының алдын көрмеген күйеудің осы күннен былай оның көзіне көрінуіне болады деп есептеледі...

Өздері секілді басқа халықтарға қарағанда қазақтардың жаратылысынан ақыл-парасаты артық, бірақ нақ осы себептен олардың арасында жаман қасиет басқа қараңғы жұрттан көбірек секілді. Табиғи қарапайымдылық пен мейірімділік қазақ әйелдерінде еркектерінен анағұрлым артық. Олар көп жағдайда тұтқындарды күйеулерінің қаталдығынан арашалап қалып жүреді, адамға деген рақымның бұл нышандары үшін тұтқындар да оларды қадір тұтады...

Қазақтың бәрі жұмысқа қаншалық жалқау болса, бұл халықта олардың әйелдері соғұрлым еңбекқор келеді. Малды қарап күту,

үйдің бүкіл шаруасы, өздерінің жерлеріндегі барша қолөнер істері қашанда әйелдің міндетінде; күйеулері, бұған керісінше, өз өмірлерін қызық іздеумен, көрші елдердің малын айдап алу соңында өткізеді.

Қазақ халқының малшаруашылығына, үй шаруасының басқа да кәсіптері мен ғұрып-салттарына қатысты мен ештеңе жазбаймын, мұның бәрі академик Паллас мырзаның сипаттамаларынан мәлім (*Қазақтардың арасында мыңғырған байлар көп, қайсыбір әулеттердің жиырма мыңнан астам жылқысы және сонша мың қойы бар. Сонша малды күтіп, бағуға көп еңбек жұмсалмайды, өйткені жылқы да, қой да жаздың күні ғана емес, қыста қар астында да өз қорегін тауып жеп, аяғынан жайылып өсіп-өнеді*). Мен оқушыға бұл халықтың ата-бабаларынан қалған аңыздарды тыңдап, олардың ежелгі жай-күйі туралы біле алғандарымды ғана хабарлаймын.

Қазақтар ең арғы заманда, бүгінде осы Азияның өздері мекендеп отырған жерлерінде: “Ежелгі қырымдықтармен бір халық болып тұрған едік”, – дейді. Өздерінің осылай аталып, қырымдықтардан бөліну себептерін былайша баяндайды: Қырымның Құндыгер деген бір ханы осы халықты талай жыл билеп-төстеп, дүниеден өткен. Өзінен кейін екі әйелі және тоқалынан туған жеті ұлы қалған. Бәйбішесінен де сонша ұлы болған, бірақ нақты нешеу екені беймәлім. Хан өлгеннен кейін енші бөліскен уақытта бәйбішеден туғандары кіші шешелерінен туғандарды сыбағадан қаққан. Бұған өкпелеген жетеуі тиесілі еншілерін алмастан, ата-аналарының жұртынан қырға кетіп қалған. Сол жерде көшіп-қонып, тіршілік еткен. Бұл арада оларға өз аталастарынан жәбір-жапа көрген тағы да бір отыз үш жігіт қосылған. Сөйтіп, әртүрлі уақытта осылай келіп қосылғандармен бұлардың қосыны қырық адам болған. Ағайындарынан көрген жәбірін ұмытпаған олар талай рет сол маңда малдарын айдап алып жүрген, сол себептен төніректегі халық “қырық бойдақ” дегенге орайластырып, Қырық Қашақ деп атап кеткен. Әрине, олар бойдақ болып ұзақ жүрмеген. Уақыт өте келе, Құндыгердің балалары билеп тұрған жерлерден қыздарды алып қашып өсіп-өнген. Сол көші-қон тіршілік салттарына бағып, топтары көбейе берген. Бірақ, халық оларды бір кездегі қосынның санына қарай Қырық Қашақ атап кеткен. Әйтсе де, олар қазір өздерін жалпы алғанда қазақ дейді және бұл есім олардың арасында ежелгі аттарынан гөрі анағұрлым кең тараған.

Қазақ – өте-мөте күшті және саны көп халық, бірақ қазақ дегенде әрқайсысын әр бөлек хандар мен сұлтандар билейтін үш халық айтылады. Кіші және Орта жүздер Ресей империясының бодандары қатарында саналады, ал Алтай тауларында мекендейтін қазақтар ешкімге тәуелді емес, олар Ұлы жүз деп аталады. Бұл жүздің халқы өзге жүздерден күшті, бай және неғұрлым көп. Оз жерінің аумағынан шы-

ғуы сирек, тыныш тіршілікте мал өсіріп, аң аулап қоректенеді. Бұл жүз барша қазақта ең ежелгі деп құрметтеледі. Барлық үш жүз қазақтың жері Алтай тауларынан батысқа қарай Каспий теңізіне дейін, оңтүстікке қарай Жайық пен Ертістен Әмудария өзеніне дейін жалғасады. Бұл жердің сыртында, қазақтардың айтуынша, хиуалықтардың, ташкендіктердің және сол жақты мекендейтін басқа да халықтардың иеліктері басталады.

Қазақ халқының жай-күйін маған мәлім шамада әңгімелегеннен кейін, енді біздің жорығымызды сипаттауға көшетін уақыт болған шығар.

24-і күні таңертең келіп қосылған қазақтармен бірге шығысқа қарай одан әрі ілгеріледік. Төңіректе биік тау түгіл, көзге ілінетіндей төбе, жота да көрінбейді. 36 шақырым жүрген жолымызда бірде-бір сулы жер кездеспейді. Осыншама жер жүріп өткеннен кейін ғана Қарасай деп аталатын көлге келіп жетіп, осы арада түнеп, тынығуға тоқтадық (*Қарасай көлінің жағасында, шекарадан 296 шақырым қашықтықтағы лагерь*).

Сасықкөл мен Қарасай көлдерінің арасындағы өңірде қазақтар көкірек деп атайтын бұта өседі екен. Ол біздің жерлерімізде өсетін өсімдіктердің ешқайсысына ұқсамайтындықтан, ерекше сипаттап жазу керек болар.

Менің байқауымша, бұл бұта басқадай өсімдіктер өнетін жерлерде өспейтін тәрізді. Құм аралас сары балшықты топырақ осы өсімдікке ғана қолайлы болса керек. Оның тамыры жердің бетіне өте жақын және тегінде, бәрінен де гөрі кәдімгі сәбізге барынша ұқсас. Одан сала-сала болып бірнеше сабақ тарайды, одан биігіректе тармақталып қалың бұтақша бітеді. Жапырақтары жұқа әрі жіңішке, самырсын жапырақтарына ұқсас. Ең биік деген бұталардың өздері бір кезден аспайды, тамырының жуандығы бір тұтамдай. Діңінің өзі өте қатты, қабығы теректің қабығы секілді. Бір ғажабы, осы бұта өскен маңайдың бөрінде басқа шөп өте аз, тіпті, жоқтың қасы деуге болар.

Қарасай көлінен 23 шақырым жерде, аласа екі таудың арасындағы кең жазықта бетінде жұқа ғана тұз қабаты бар бір тұзды көл кездесті. Көлдің жағасынан қырық сажындай жерге созылып жатқан көпше құм басталады. Бұдан әрі қорыс тұнбасы тұрған. Осы жерден әрі қарай қалыңдығы бір қарыстан екі қарысқа дейін нағыз тұз қабаты басталады. Оның асты көлдің бүкіл өн бойында сұр және қара тұнба. Мұндағы қоймалжыңның тұздылығы соншалық, тегінде, Жайық казак-орыстарының қоныстары маңындағы Индер тұзынан өсте кем түспесе керек. Бірақ бұл жерден дәл ондағыдай мөлшерде тұз алынбас, өйткені бұл көлдің ұзындығы үш шақырымнан аспайды, ені 700-800 сажындай. Бұл жерде алуан түрлі шыбын-шіркей, ителік-

шегіртке көп, жазда олар ұшып жүріп құм үстінде көлкілдеп жатқан қоймалжындарға түсіп кетеді де, сол күйінде тұз түгел жабысып, бұзылмаған қалпында қатып қалады. Мен олардың бірсыпырасын жинап алып, азғана уақыт таза суға салып қойғанымда, тұз еріп, олар обден тазарды.

Айтылмыш көлдің қарсы бетінде өте биік таулар басталады, олардың табанынан бірнеше кішкентай тұзды бұлақтар ағып шығып, көлдің жағасында жатқан құмға барып сіңеді. Осы таулардың сыртында төрт шақырым жерде, шағын бір тұщы көлдің жағасында әскер қос тігіп жайғасып (*Аты беймәлім көлдің жағасында, шекарадан 323 шақырым қашықтықтағы лагерь*), ертеңіне дейін сонда болдық...

Осы жерден шығысқа қарай ілгерілегенде, қазақтар Қарасай деп атайтын тағы бір тұзды көл бар, ол – аты беймәлім көлдің жағасында, біздің түнеген тұрағымыздан 5 шақырым жерде. Мұның алдындағы сияқты, бұл көл де айнала төбелер мен жоталардың ортасында. Олардан үстінде тұрып көлге қарағанда су мәңгі мұздың астында жатқандай көрінеді, шынында көлдің бетін қатты тұз қабаты басып жатыр. Жағалауы әуелі жұмсақ құм болып басталады. Онымен біраз жүргеннен кейін қатты әрі әжептәуір мөлдір тұнбадан қатқан тұз қабаты жалғасады. Бұл қабат жаяу адам түгіл, аттылы кісіні көтеретіндей қалың әрі берік. Бұл қатып қалған тұнба тұз қабаты көбіне төрт бұрышты кесектерден тұрады, бұл кесектер бір-бірімен жабысып, таудың тұтас тасындай болып қатады. Көлдің оңтүстік жағалауы түгелдей күн ашықта күншілік жерден жарқырап шағылысып жататын тұз қабатынан тұрады. Бірақ бір ғажабы сол, көлдің солтүстік-шығыс жағында лай тұнбаның бетінде көлкіп жатқан бір ғана ащы тұздық бар; алайда оның тереңдігі кей тұстарда үш кезден асады. Тегінде, осы қоймалжын сұйықтың өзі де ыстық күндері тұнба тұз қабаты болып қататын болса керек, көлдің маңайында тұратын қазақтар осылай дейді. Бірақ көлдің бір бөлігін қатты мұз қабаты үнемі басып жататын себебі, оңтүстікке таманғы беткейде, күннің сәулесі мен ыстығы ол тұсқа қашан да көбірек түседі, осыдан да тұздық үнемі қатты қабатқа айналып, қата береді. Көлдің солтүстік бөлігіне жоталар мен таулар күннің ыстығы мен сәулесін азырақ түсіреді. Қатып қалған тұз қабатының қалыңдығы үш қарыстан аспайды. Ал одан әрі тереңде сұйық тұздық және жасыл қорыс шығады. Қатты тұз қабаты кеміп жұқарғанда, көктемде су жиналуынан және бұл жерде жиі жауатын жаңбырдан еріп жұқаратын болса керек. Биік таулардың үстінен келіп құйылған су қатқан тұз қабатын сұйық тұздық етіп ерітеді. Ал құм мен қорыстың бетінде көлкіп тұрған осындай тұздықтар көп. Шығыстан батысқа қарай созылып жатқан бұл көлдің ұзындығы – төрт шақырым, айналасы 8–10 шақырым шамасы. Көлдің орта тұстарында неше түрлі

болып қатқан құйма тұздар бар. Қайсыбір өсімдіктің айналасына қатқан тұздарда олардың бұталары қаз-қалпында сақталған, қосымша қатқан мұздар бұтақтарда ілініп тұрған мәуелері тәрізді, қамыстың не малта тастың айналасына қатқан тұз кесектері ұшырасады. Ал таза ақтығы, дәмі, түрі жөнінен бұл көлдің тұзы атақты Индердің тұзынан асып түспесе, әсте кем түспейді. Бір қынжылатыны сол, табиғаттың осы байлығы соншалық шайлғай әрі жұрт мекендемейтін жерлерде жатыр. Әйтсе де, бұл жерлердегі өзендердің бастауларында Соликамск жеріндегі өзендердегі сияқты ағаш көп өссе және бұл өңірдің тұзы Орынбор шебінің бойында тұратын халықтың қажетіне жаратылса, онда Қамысты өзенін әлгіндей тұз тасу үшін пайдалануға болар еді, мұның әдіс-амалы жоғарыда жазылды.

Бұл көлде атап айтуға лайық бір жағдай сол, көлдің шығыс шетінен ағатын бір тұзды бұлақ өзінің ағысымен өрге қарсы көтеріледі. Осылай жарты шақырымнан астам аққаннан кейін, бір иірімінде жер астына кетеді. Судың не себепті өрге қарай ағатынын мен білмеймін, оның себебін анықтай алмаймын, бірақ мұның ақиқат екеніне өз көзім анық жетті.

Осы көлден тастақ төбелері аралас қыратпен біраз жүргеннен кейін, бұл арадан өткен қалмақтар қазғаны анық құдықтар кездесті. Бұл маңдағы жер бетіндегі сулардың бәрі ащы және тұзды болғандықтан, ішуге келмей, сондай қарекет қылған шығар. Құдық қазылған жерлерден менің ондағы жер қыртысын зерттеуіме мүмкіндік болды. Жердің үстінгі қабаты екі қарыстан үш қарысқа дейін сұр құм, одан төмен жұмсақ қара топырақ келеді, оның бір заманда жердің беті болғаны анық. Уақыт өте келе құм жоталардан, өзен-көлдерден жел айдап әкелген құмның астында қалған. Қара топырақтан кейін сары топырақ жолақтары бар тағы да бір құм қабаты кезігеді, одан төмен жасыл тартқан балшық, осыдан асқаннан кейін барып жердің қойнауынан шығатын су келеді. Сөйтіп, жердің бетінен жер астындағы суға дейінгі тереңдік екі сажыннан аспайды. Кейбір жерде тұщы су бұдан да жақыннан шыққан.

Жоғарыда айтылған құдықтардан асып біраз жер жүргеннен кейін, біздің таңертеңгі тұрағымыздан 31 шақырым қашықтықта жатқан, аты беймәлім бір көлдің жағасына қос тігіп жайғастық (*Аты беймәлім көлдің жағасындағы лагерь, шекарадан қашықтығы 354 шақырым*).

Бұл төңіректе қазақтар тілекүс деп атайтын құстың бір тұқымы болады екен. Тұрық-бітімі құрға барынша ұқсайды. Алайда құрдан бөлек бір ерекшелігі – аяғы, құстың аяғынан гөрі аңның аяғына көбірек ұқсайды. Біздің казак-орыстар осындай бір құсты ұясында отырған жерінен тірідей ұстап әкелді. Өзіммен бірге екі күн алып жүрдім, бірақ жейтін тамағын біле алмай, ақыры бітеулей сойып, тұлып жаса-

туға тура келді. Ол уақытта күн жиі жауып, кеппегендіктен, күн ысыған кезде иістеніп, бұзылып кетті. Қазақтар бұл құстың еті құтырған адамға шипа болып, жазады деп есептейді. Олар бұл құстың етін кептіріп, үгітіп, осындай науқасқа душар болғандарға ұсақ ұнтағын суға езіп ішкізіп емдейді.

Осы арадан әрі біздің жолымызда бұл өңірдің оңтүстігі мен шығысын алып жатқан Жиделі Мамыт деп аталатын құм басталды. Бұдан әрі жолымыз мүлдем қиындады. Үнемі бір құм төбеден кейін одан да биік екіншісіне өрмелеумен болдық. Нақ жолымыздан шыққан ащы әрі тұзды үш көлден басқа көзге ілінетіндей ештеңе кездескен жоқ. Жоғарыда айтылған көлдердегі сияқты, бұлардың беттеріне де жұқа қабат болып тұз қатады екен. Бұл өңірдің жері қандай болса, төңіретегі сулардың көпшілігі де сондай. Таңертенгі тұрағымыздан 30 шақырым бүріп өткеннен кейін шағын бір тұщы көлге келіп жеттік. Осы арада шөлімізді қандырып, титықтаған аттарымызды азықтандырып, келесі күнге дейін аялдадық (*Жиделі Мамыт құмындағы лагерь, шекарадан қашықтығы 384 шақырым*).

Келесі күні де кешегідей құмды өңірді кешумен болдық. Құмға бойлай кірген сайын жолдың қиыншылығы ауырлай түсті. Бұл өңірде қыр рауғашы сондай көп өседі екен және мұның өзі осынау түл жерде өсетін бірден-бір өсімдік десе болғандай. Бұл тұстағы тұзды, ащы көлдердің жағалауында әжептәуір көп тал өсіп тұрғанын көрдік. Шекарадан 400 шақырым ұзаған уақыт ішінде талды өңірді кездестірмеген едік. Торғай өзеніне шығысынан келіп құятын бір тұзды суға жақындағанда, одан да көп тал көрдік. Құйылыста өзен енді тұщы болып шығады екен. Бұл арада көшіп-қонып жүретін қазақтар осылай десті. Бұл судың арғы бетіне өттік те, ағысын өрлеп біраз жүргеннен кейін, мұның алдындағы аялдамамыздан 29 шақырым жерде жатқан бір шағын тұщы көлге тіреліп, қос тігіп жайғастық (*Жиделі Мамыт құмындағы лагерь, шекарадан қашықтығы 413 шақырым*).

Бұл күні кешке осы корпустың бас қолбасшысына әскер атаманы подполковник Могутов жіберген тілмаш келді. Ол өз қарауындағы барлық адамымен: “Ырғыз өзеніне жақындап келеміз және көп ұзамай алдымызда бара жатқан әскерге қосылуға үміттенеміз”, – деген хабар айтып жіберіпті. Бізде адам санының аздығы себепті бұл хабарға қуанып қалдық.

Әрі қарайғы жолымыз Өлкейек өзеніне дейін сусыз, құмды жер екен және аттарымызға қорек қылардай да ештеңе таптырмасын білдік. Сондықтан ертеңіне таннан тұрып, сусыз жерден кідірмей өту үшін, аттарымызды біраз тойындырып, тыңайтып алмақ болдық. Сөйтіп, таңертенгі аялдамамыздан 7 шақырымнан әрі ұзамадық: үлкен бір тұщы көлдің жағасында аттарымызға оты мол тұста қос тіктік (*Көл*

жағасындағы лагерь, шекарадан қашықтығы 420 шақырым). Бұл күні кешке дейін қазақ ханына, сондай-ақ Орынбор губернаторына азық-түлік жіберуді сұрап адам жібердік. Азық-түлік келмегендей жағдайда бүкіл әскердің халі қиындайтыны айтылды.

Таңнан аттанып, шығысқа беттеген жолымызда осынау шөл далада толып жатқан тұзды көлдерден басқа ештеңе кездескен жоқ. Қазақ зираттары, құм жоталар мен қыраттар ғана көлденеңдейді. Бұл күні 30 шақырым ілгеріледік. Одан суы болмаса да, аттарымызға оты мол жерге жетіп шатыр құрдық (*Шекарадан 450 шақырым қашықтықтағы лагерь*).

Осы арадан біз Өлкейек өзеніне қарай жүрдік. Таңертең аттанған жерден 20 шақырым ілгерілеген тұста айтулы бір үлкен қазақ зиратына жеттік. Онда қазіргі билеп тұрған ханның әкесі — қазақтың өте-мөте атақты ханы Әбілқайыр жерленген екен. Осы жерде оны қазақтың Орта жүзінің бір сұлтаны, халық арасындағы күш-қуаттылығын көре алмай, өз төңірегінде тұратын қазақтарды ханды өлтірмек ниетіне қаратып алып, қапыда тап беріп өлтірген. Ханның зираты — күйдірілмеген кірпіштен қаланып, ақ балшықпен сыланған, төрт бұрышты кесене. Бұл ғимараттың батыс қабырғасында кең ашық кірме қалдырылған, мұның өзі салынған жайдың қақпасы іспетті. Ішіне кіргенде балшықтан соғылған табыттың іргесі көрінеді, одан әріде шұңқырда қылыш, найза және жебелер секілді қайсыбір қару-жарағымен, әдеттегі киімімен марқұмның мәйіті қойылған.

Қазақтар бұл өлген ханды әулие деп біледі, оның мәнісі мынадай: марқұмның аяқ жағында ғимараттың бүкіл шығыс жағына сая болып тұрған үлкен боз ағаш өсіп шыққан. Осы өсіп тұрған ағаштың өзі-ақ оның әулиелігі туралы қорытынды жасауға жетіп жатыр еді. Қазақтың бәрі оның зиратын қасиетті санап, оның алуан түрлі киесі бар деп біледі. Жыл толған күндері қазақтар бұл жерге топ-топ болып жиналып мал сойып, бата жасайды, өздерінің киімдерінен суыртпақ қиып алып, әлгі өсіп тұрған ағаштың бұтақтарына іледі, халықтың оны есте сақтап, жоқтауының белгісі ретінде бір тал шашын қалдыратын да әдет бар. Хан зиратына қарсы бетте төрт бұрышты тас дуал тұрғызылған, ұзындығы мен көлденеңі 12 кезден. Бата жасаған күндері мал осы жерге әкелініп шалынады. Қоршаудың оңтүстік жағынан кең қақпа жасалған, сойылатын мал осы қақпадан енгізіледі.

Хан зиратының айналасында басына тұрғызылған ғимараттары ханның мазарынан кем түспейтін, тіпті, одан да еңселі басқа мазарлар көп. Олардың бірқатары төрт бұрышты, тік бітімді, енді біреулері дөңгелек болып күмбездеп өрілген. Басқа зираттар қызыл, көк баумен тоқылған шимен жабылған. Ши үстінде қазақ әдетте өздерінің

батырларының зиратына қоятын оқ-дәрі мен қорғасын оқтар жатыр. Біз келгеннен екі күн бұрын бұл жерге қазақ ханы Нұралы өзінің қолымен келіп, әкесіне бата жасаған екен, батаға семіз бие сойылған.

Осы зираттан солтүстік бетте бір күншілік жерде қазақтар Арақарағай деп атайтын қалың тоғай бар. Қазақтардың айтуынша, ол ұзындығы 80 шақырымдай, ені кей тұста 10, кей тұсында 20 шақырым жерді алып жатыр. Онда аю, түлкі өте көп деседі. Осы орманның төңірегі қазақтың Кіші жүзінің ең жақсы деген көшпінші-қон жері екен.

Хан зиратынан екі шақырым жерде Өлкейек өзені ағып жатыр, одан біз көпір салып алып өттік (*Өлкейек өзені Ырғыздың оңтүстігінен ағып келеді. Таяз тұстары өте сиректігінен, одан көпір салып өтуге мәжбүр болдық. Оның ені 4 сажыннан 8 сажынға дейін, жағасы тік, құлама*). Одан әрі біраз жер жүргеннен кейін, кіші Өлкейектің бір бұлағының маңында, таңертеңгі аттанған жерімізден 27 шақырым жүріп өтіп, қос тігіп жайғастық (*Өлкейек өзені маңындағы лагерь, шекарадан қашықтығы 477 шақырым*).

Осы араға жақындағанымызда әскер басшысына қазақ ханы Нұралыдан тілмаш Матвей Арапов келді, ол Орынбор губернаторы Рейнсдорп мырзадан ханға қайсыбір шаруамен барған екен. Арапов арқылы хан біздің жорығымыздың сылбырлығына кейіс білдіріпті және барынша жылдамырақ ілгерілеуді талап еткен; бұлай болмаған күнде, ол біздің әскерді үш күннен артық тоса алмайтынын айтқан: “Өз қолыммен қалмақтың соңынан қырға өзім барып, бағымды сынап көремін де, қайтып кетемін”, – деген. Әйтсе де, жүрісіміздің баяулығына кейігенімен, оның оңтайлы, еш ауыр жүгі жоқ қолындай емес, біздің олардай шапшаң жүре алмайтын жағдайымыздан ханның мүлдем бейхабар екені көрінді. Сондықтан бас қолбасшымыз оны бізді күтуге көндіру үшін және қазынаның аттарын майып қылмайынша, “тез жету керек” деген тілегін орындай алмайтынымызды білдіру үшін оған штаб офицерлерінің бірін аттандырмақшы болды. Бұл міндет ханның ұлысында талай рет болған, ханның өзіне ғана емес, орданың басқа да басшы адамдарына жүзтаныс подполковник Рычков мырзаға жүктелді. Қазақ халқының әдет-ғұрпын біле түсуге бұл жағдайды қолайлы көріп, ертеңіне таңсәріде мен де жоғарыда айтылған подполковникпен бірге аттандым. Жиделі Мамыт құмынан 27 шақырым жерде Шоқалақ құм деп аталатын құм басталады екен. Шығыстан батысқа қарай созылып жатқан бұл құмның ені 80 шақырымнан астам; көл не басқадай бұлақ өзені де жоқ осы аралықтан қазақтар қазған құдықтардың суын ғана қанағат етіп жүріп өту керек еді. Ал бұл құдықтардың суы ішуге келмейтіндей тұзды болатын жағдай жиі ұшырасады. Бұл өңірдің құмдары ғалымдардың назарын аударады демесек, мініс атына қажет оты бар жері жоқ аралықтар көп. Басқа маңға қарағанда біршама оты бар бір

өзекшеге кездесіп, сонда түнедік (*Шоқалақ құмындағы лагерь, шекарадан қашықтығы 537 шақырым*). Бұл жерге жеткенше қуаң жазықпен бір күнде 60 шақырымнан астам жол жүрдік.

Аялдайтын тұсымызға келе бергенде, көз ұшынан бір түтін көрінді. Қазақтар түтін шығып жатқан тұсты Сарықопа, яғни Сарықұм аталатын жер дегенді айтты. Ол алдымызда Торғай өзенінің арғы бетінде болуы керек. От жағылып жатқаны – хан қолы жайғасқан жерден оған жақындап келе жатқан Ресей әскеріне берілген белгі екен.

Ертеңіне біз жоғарыда айтылған құм арқылы шығысқа қарай, Торғай өзеніне бет алған бағытымызбен ілгеріледік. Бұл құмдағы атап айтатындай өсімдік қазақтар түйесінір дейтін бұталар еді. Бұтақтарының ұшы инеден бетер жіңішке әрі істіктей, арасында ұсақ жасыл жапырақтары болады екен. Оның жұқа, тіпті, көзге шалына да қоймайтын ақ қабығы бар, қазақтар оны түйенің сіңіріне ұқсастығынан солай деп атаған болса керек. Бұл өсімдіктің келтіретін пайдасы сол, қазақтар түйе мен жылқы осы шөпті жесе, ол басқа шөптердің қайсысынан да жұғымды, мал тез қоңданады деп есептейді. Ал бұл түйесінір бұталарының ең биігі бес қарыстай, жуандығы шиден аспайды.

Шоқалақ құмы 80 шақырымдай жерге созылып жатыр, одан әрі шығысқа қарай Сарықопа деп аталатын қамыс басталады. Бұл қамыс солтүстіктен оңтүстікке қарай Ақсақал Барбы деп аталатын көлге дейін жетеді. Оның көлденеңі 12 шақырымнан аспайтын болар, ал ұзындығы, қазақтардың айтуынша, 200 шақырымнан асады. Бұл қамыстың ортасында қазақ Бесқопа деп атайтын әртүрлі көлдер бар. Аталмыш көлдерде қара бұрқан секілді теңіз құстары, алуан түрлі қаз, үйрек, балшықшы, сондай-ақ аққу, көкқұтан және басқа осындай құстар жыртылып айырылады. Қамыстың арасында тұз шошқалары бар екен, олар да өте көп деседі.

Қорысы мен батпағы аралас бұл қамыстан көп қиыншылықпен зорға өттік, бірақ қамыстан өткеннен соң құрғақ, қыратты жер басталды. Осы арада біз ханның жорық үйлерін және қостарын тіккен қазақ қолын көрдік. Хан қосынына жақындағанда оның бізді қарсы алуға жиналған елбасыларының ортасында отырғанын байқадық. Олар бізге осы жерде аттарымыздан түсіп, хан отырған тұсқа жаяу баруымыз керек екенін ескертті. Біз бұл рәсімді орындап, ханды қоршалаған адамдардың арасына кірдік, біз келгенде олардың бәрі орындарынан тұрып, бізге жол берді. Хан қалы кілем үстінде, екі ұлы Есім және Пірәлі сұлтандардың ортасында отыр екен. Есім сұлтан үлкен болғандықтан, оң жағында отырды, екіншісі, түрікмен ханы болғанына қарамастан, сол жағына отырыпты (*Қазақ хандарының көп тараған әулеті туралы айтқанда, хиуалықтардың, түрікмендердің, ташкендіктердің және аралдықтардың әдетте осы хан балаларын ел билеуге өзде-*

ріне шақырып алатынын айту керек. Баруға ризалық білдірсе, олар осы халықтардың басты мекендеріне барып жайғасып, ежелден келе жатқан жән-жоба бойынша ол елді билейді. Жоғарыда айтылған халықтардың бір кезде өз тектерінен хандары болған, бірақ әр алуан бүліктер кезінде қазір өз хандарының тұқымын құртқан; сол себептен олар елдерін билеуге басқа халықтардың хандарын шақыруға мәжбүр болыпты).

Хан бізді көріп, Ресей әскері жақындап келе жатқаны туралы хабарды естігеннен кейін, өзінің ризалығы мен қуанышын білдірді. Бұл әскерді ол асыға тосып отыр екен. Оның айтқан сөздерінің бәрінен ұлы мәртебелі патшайымның дегенін орындамақ жігері мен құлшынысы анық көрінді, қалмақтардың ауа қашуы туралы айтқан сөздері баршамыздың ден қоюымызға лайық болды. Хан өзі Ресей бодандығына кірген уақыттан бері мейірімі мол әміршіге өзінің шын ниетімен берілгендігі мен адалдығын дәлелдеудің орайы келмегенін әрдайым қынжыла ойлап жүреді екен; мына қалмақтардың ауа қашуы осының орайы болып, енді хан өзінің әлгіндей құлшынысын көрсетуге шамасы жеткенінше күш салатынын айтты. Бұған оның тағы да қоса айтқаны: өзі Ресей державасының қамқорлығына кіргеннен бері ресейліктер өз мемлекетінен сырт жерде екі рет соғысты, бірінші соғыс – пруссармен, екінші соғыс – қазір түріктермен болып жатыр. Алайда ол осының екеуіне де өзінің қатыса алмағанын айтты. Ресейдің жауларына қарсы қай уақытта да бірлесіп күресуге дайын, өзінің де, қарауындағы барша халықтың да ниеті әрдайым осы екенін білдірді. Ол сөзін аяқтағаннан кейін подполковник мырза ханға бұл уақытқа дейін келіп қосылуға бөгет болған қиыншылықтардың бәрін түсіндірді; сөзінің соңында оны біздің әскердің келіп жетуін осы арада тоса тұруға ден қойғызды; бұл орайда ауа қашқан бүлікшілерді тезірек қуып жету үшін, осы араға жеткеннен кейін әскеріміздің бүкіл ауыр жүгін қалдыра тұру ойластырылды. Ал бұл маңдағы қыр халқына қолды боп кетпес үшін, қазақтың білікті руларының бәрінен бір-бір кісіден бас-көз қып, олар мұнда қалатын жүкті қандай да қауіп-қатерден сақтайтын болды. Хан бұған өзінің барша қолының алдында ризашылығын білдірді. Ақырында ол сөзін былай деп тамамдады: “Егер біз барынша жеделдете жүрмей, уақытты оздырып алсақ, бұл жерден өткеніне ендігі 13 күн болған қалмақтар Алтай тауларына табан тіреп, ондағы жердің ыңғайында оларға күшіміз жетпес еді. Екіншіден, біз ол тауларға жақындағанша, олар жонғар жеріне кіріп үлгереді, ал онда жайғасып алса, қазір қыстағы жолдан титықтап, табан тірер жері болмай тұрғандағыдай емес, әл бермей, бізге қарсы өздеріне қолайлы жағдайда соғыс жүргізе алады”.

Ханның бұл парасатты пайымдауы бұған дейін жүзеге асқанда мол пайдасын тигізер еді. Елдің бар үміт – алдымызда әлдеқайда ұзап

кетіп, суыт қашып бара жатқан қалмақты ізімен қуу ғана болатын. Журналды жүргізу ретін сақтап, әр күннің оқиғаларын сипаттаудан ауытқымайын. Сондықтан бұл істі тындырмақ болған бүкіл қарекетіміздің ешқандай нәтижесіз аяқталғанын кезі келгенде жазармын.

Ханның қабылдауында екі сағаттан артық уақыт өткен соң біз ол жерден онша қашық емес тұрағымызға қайтып оралдық. Бұл екі арада сол күні кешке дейін қалмақ ханы Абушиден қазақ ханына хат әкелген бір қалмақпен сөйлестік. Бұл хатта бар айтылғаны: “Жуық арада тұтқындар алмасайық, екі халықтың да тыныш тіршілік етуі үшін, қазақ халқы қалмақтармен мәмілелесіп, келісейік”, – делініпті. Бұл хатты табыс етуге үш қалмақ жіберілген, олардың екеуі қазақ ханының жауабын жеткізуге босатылыпты. Қазақ ханы өзінің жауабында қалмақ ханын: “Ресейге қарсы жаман ниет көрсетіп, опасыздық жасадың, – деп кінәлаған. – Өзіңнің жөн-жосықсыз қарекетінді қойып, Ресейге қайта орал, – деп көндірмек болған, – бұлай еткен күнде біздің мейірімді әмірімізден кешірім әперіп, қамқорлық етуді сұраймын”, – деп үміттендірген. Хат әкелушілерден қалған қалмақтан біз: “Ресейдің бодандығынан ауа қашқандағы ниеттерің не және бұған не себепті мәжбүр болдыңдар?” – деп сұрадық. Ол: “Бізге адалдықтан айныған деп тағылып отырған айыпқа қалмақ халқының ешқандай қатысы жоқ, – деп азар да безер болды. – Олардың бәрі әміршілерінің бұйрығына көнгеннен ғана, өз еріктерінен тыс кетіп барады. Әміршілері болса, ешқандай аяушылық жасамай, бұларды айдап әкетіп барады, өздерінің дегендеріне көнбегендерді бүкіл халықтың жанын түршіктіретіндей етіп азаптап, қинайды”, – деді. Халықтың қорлық көріп бара жатқанын қалмақ тұтқынынан қашып шыққан қазақтар да расталы, олар қалмақтардың жаппай жапа шеккен әртүрлі жағдайын ант-су ішкендей айтып берді. Олардың айтуынша, қалмақтар аз-маз аялдаған кезде не тоқтаған жерлерінен аттанарда өздерінің *Еділде (Қалмақтар Еділді Ижель дейді, олар бұл өзеннің атын дауыс қылғанда әр кезде атайды екен. Бұған қалмақтарда тұтқын болған қазақтардың көздері жеткен)* жайбарақат тіршілік еткен кездерін дауыс қылып естеріне алады екен. Ресей бодандығынан ауа көшу себептері көп көрінеді. Әйтсе: де, ең басты себебі, олардың басшыларынан гөрі, бірінші дінбасы саналатын бір лама дегендерінің үгіттеуі болыпты. Халық мәңгі өлмейтін адам деп иланған осы Лаузын Ланшын деген лама халықты: “Мен құдайларымыздың айтқанын сөйлеймін, бәріміз Жоңғарияға барып, ежелгі дәулетімізді қалпына келтіруіміз керек”, – деп азғырыпты. Халықтың алдағы тағдыр-талайын егжей-тегжейлі білетін осы бір білікті адамның сөзіне қараңғы жүртің бәрі ден қоюы ғаны соншалық, тыныш тіршілігінен безініп, ауа көшуді парызымыз деп білген (*Лаузын Ланшын Лама осыған орай Далай Лама, яғни мәңгі*

жасайтын дін иесі атанған. Ол Еділ бойында тұрған кезде әдейі жорта өлген көрінеді. Бірақ үш жыл өткеннен кейін: “Мен Тибетте — біздің ең басты Далай ламамыздың астанасында тірілдім, — деп жариялаған, — осы мәңгі жасайтын басты дін иесінен қолмен жазылған куәлік әкелдім, — депті. Қалмақтың білікті нояндары немесе княздары оның бұл әккі қулығына ортақтасқан болу керек. Өйткені қалмақтар мұның бәрі Құдайдың құдіреті деп санап, әбден иланып, оған мәңгі жасаушыға лайық сый-құрмет көрсеткен. Одан да зорын айтайын, менің ойымша, бұдан мынадай қорытынды жасауға болады: қалмақтардың басшыларында өздерінің ежелгі иеліктеріне оралсақ деген ниет ертеден-ақ болған, бірақ алаңсыз тіршілік етіп жатқан сан мыңдаған халықты өз ниеттеріне қалай көндірудің амалын таба алмай жүрген. Содан өз халқының қараңғылығын әрі құдайшылығын білетін қулар мына оқиганы киелі деп жариялап, мақсаттарына пайдалана қойған. Менің бұлай деп қорытынды жасап отырғаным — осы жас Далай ламаның мәңгі жасаушы деп жариялануы нақ қалмақтардың Ресей бодандығынан ауа көшіп қашқан жылы болған оқиға).

“Ауа қашқан қалмақтардың ұзын ырғасы 30 мың үй шамасында, — деді ол. — Әр үйде төрт адамнан бар дегенде, бұл 120 мыңдай халық болар. Бұлардың қатарында 30 мыңға тарта әскери адам бар, — деп болжамдады қалмақ. — Бұл қолдың бір бөлігін халықтың алдында Банбур мен Шырық бастап барады, ал енді бір бөлігін ханның өзі бастап, ол бүкіл орданың соңынан келеді. Қасірет шегіп, ұзақ жолдан титықтаған халықты малша айдап өкетіп барады”. — Қалмақ халқының жай-күйі туралы одан естіп-біле алғанымыз осы болды.

Келесі күні түске таман біздің әскерлеріміз келді. Әскердің бас қолбасшысы ханмен келісімге сәйкес бірсыпыра драгундар мен қазақ-орыстарды және ханның атынан аманатқа қалған бірнеше адамды қосып, бүкіл ауыр жүкті осы арадан қозғамауды ұйғарды.

Қазақ ханының қолына қосылған біз ергеніне таң сәріден жолға шықтық. Жолымыз шығысқа қарай созылып жатқан Алға таулары жоталарының баурайларымен өтті. Жолда батыс жағамызда бір биік тас тау қалып отырды. Қазақтар оны Тектұрмас дейді екен. Бұл таудың жоталары батыстан солтүстікке қарай шамамен 80 шақырым созылып жатыр. Бұл тауда сол өңірдегі басқа таулардан айрықша ештеңе көрінбеді. Тұз тасы мен әдеттегі мәрмөрдан түзілген бұл таудың қойнауларында арагидік шоқ-шоқ қарағай мен қайың тоғайлар өскен, оларда аю, бөкен және басқа осы секілді аңдар үркүді білмейді деуге болар.

Біздің таңертең аттанған жерімізден 24 шақырым өткен соң Кіші Торғай деп аталатын өзен кездесті. Бұл өзен солтүстік жақтан бұралаңдай ағып келіп, Торғай өзеніне құяды екен. Осындай үлкенді-кішілі көптеген өзендер келіп қосылатын Торғай Ақсақал Барбы деп

аталатын үлкен көлге барып құяды. Бұл өзеннің жағасы қалың бұта көрінді. Осынау ұлан-ғайыр шөл далада, құм мен тастан басқа еш нәрсе көрмей келе жатқан қалпымызда бұл сулы-нулы жер көзімізге ыстық көрінді. Күннің қалғанын сонда жайғасып (Кіші Торғай өзені жағасындағы лагерь, шекарадан 561 шақырым) өткіздік, тау-тасты шарлап келе жатқан бүкіл жолымызда күнде дінкелеткен қара суықтан тоғайдан ағаш қиып әжеліп жағып, бойымызды бір жылытып, кенеліп қалдық. Жұрт барлық жерде отты қыздыра жағып, қара суықтан қалжыраған қалыптарынан бір жасап қалғандай болды.

Осы арадан біз Қара Торғай деп аталатын өзеннің бойымен өрледік, бұл өңірде көзге ілінерліктей ештеме кездескен жоқ. Ханның айтқанына орай, яғни тұрақты әскердің жорықтағы рет тәртібін былай қойып, хан қолының қағидасымен, көшпелі халықтардың жөн-жосығымен ілгері жүрдік; осы себепті түс кезінде аттардың белін аз-мүз суытып, шалдырып алдық та, таңертеңнен күн батып, қас қарайғанша жолда болдық. Ханның ұйғарымы бойынша, бастаған ісімізді тындырудың амалы осы ғана еді. Сөйтіп, 25 шақырым жол жүргеннен кейін Қара Торғай өзені жағасында түсте бір аялдадық, түстен кейін тағы да 21 шақырым ілгеріледік; осы себепті түнде ілгеріде айтылған өзеннен бөлінген бір сайдың жағасында түнедік.

Бұл күні түсте келіп тоқтаған жеріміз (*Шекарадан қашықтығы 607 шақырым жердегі лагерь*) қалмақтардың Қара Торғай өзенінің қарсы бетіне өтіп шыққан тұсы екен. Бұл өзен қай кезде де терең болып жататындықтан, қалмақтар одан көпір салып өтіпті. Біз олардың көпірлерінің қалдығын таңдана тамашаладық (*Қамыс көпірлер туралы*). Көпір салғанда бірде-бір ағаш, не тақтай қолданылмапты; бірақ өзеннің қамысы олар үшін ең мықты ағаштан бетер қолайлы болып шыққан. Олар қамысты, шамасы мен бітімі ағаш кеспектің жуандығындай етіп, бау-бау қылып түйіп байлапты. Өзеннің ені қандай ұзақ болса, соған жетерліктей бау буган. Одан соң бұларды арқанмен бір-біріне тақастырып байлаған. Мықтап байлағаны соншалық өзеннің көктемгі ағысы да, үстінен жүріп өткен мыңдаған мал да қамыс көпірге нұқсан келтірмеген. Қырдағы халықтардың бәрі ең жалпақ енді деген өзендерден осылай өте береді екен.

Келесі күні біздің жорық жолымыз Қара Торғай өзенінің шығыс жағымен жалғасты. Жатаған таулардың баурайлары, төңіректегі жазық қырат жердің бәрі көктемнің көгімен құлпыра көз тартады. Біз жүріп өткен өңірлерде жердің беті кілең тас пен құм болса, бұл жер майы шыққандай қара топырақ екен. Жердің қойнауынан нәр, қорек алған өсімдік біткен молынан жайқалып өскен. Осынау дарқан далада ежелден егінжай болған тұстардың сілемдері анық байқалады, тегінде, олар Қара Торғай өзенінен арық-арна тартылып суарылған

болса керек. Мұның өзі бұл өңірдің байырғы тұрғындарының тұрмыс-тіршілігі, қарекеті бұл жерді қазіргі мекендеушілерден бөлек, басқаша болғанын көрсетеді. Жаңадан келгендердің күші басым түсіп, байырғы тұрғындар ығысып не басқа елдерге көшкен, не өздерін жеңгендердің тіршілік қарекетін қабылдап, сіңісіп кеткен болар. Жанымызда келе жатқан қазақтардан: “Қазақ келіп қоныстанғаннан бұрын бұл жерлерді кімдер мекендеген екен, хабарларыңыз жоқ па?” — деп сұраумен болдым. Олардың берген жауабы: “Бұл жерді ежелден ноғайлар мекендеген, олар ақырында бұл өңірден кетіп, біз білмейтін басқа елдерде өмір сүріп жатқан болар”, — десті.

Осы төңіректе, әсіресе Қара Торғай өзенінің бойындағы құмдардың маңында аласа ғана болып қайсыбір бұталар өседі екен. Қазақтар оны көкпек деп атайды. Мұның өзі малдың қай түлігіне де өте жұғымды азық, оның жасыл жапырағы ең қатты деген қыста да солмаған қалпында сақталады. Иісі дәрі шөптікіндей, өзі сол өңірдегі өзендердің жағасындағы ашы, сортаң жерлерде өседі, биіктігі кәдімгі тұз жусанымен шамалас.

Айналып алдымыздан шыға берген Қара Торғайдың бастауына қарай жақындағанда көпір салынып, онымен өзеннің шығыс беткейіне өттік, түсте сол жерде демалып (*Қара Торғай өзенінің жағасындағы лагерь, шекарадан қашықтығы 641 шақырым*), ат шалдырдық. Бұл жер таңертеңгі аттанған тұрағымыздан 27 шақырым болатын. Түстен кейін тағы бір 7 шақырым жүрген соң тоқтауға мәжбүр болдық, өйткені бізді бастап келе жатқан қазақтар: “Бұл тұстан әрі қарай сусыз жермен ұзақ уақыт жүруге тура келеді”, — десті.

Осы арадан оңтүстікке қарай 4 шақырым жерде ежелгі халықтардың өте үлкен бір зираты көрініп тұрды, қырда неше күн жүрген жолымызда мұндай үлкен зират көрген жоқ едік. Ол жерден 15 сажыннан астам биіктетіліп топырақ үйілген, айналасы 135 сажын. Осының өзінен-ақ мұншама зор құрылысты нешеме мың адам еңбектеніп салғанын және олардың бұл зиратты басқаларынан ерекшелендіріп жасаған деген ынта-жігері қаншалық зор болғанын пайымдайсыз. Қазақтар ата-бабалары мекендеген бұл жерде “әбден ұзақ жасап барып қайтқан кісі жерленген” десті. Олардың бұл болжамы моланың орасан үлкендігіне қарай айтылса керек. Анығында, бұл мола сақтың бір патшасына не батырына салынған шығар. Халыққа жағып, қалаулысы саналған кісілердің басына ежелгі замандарда осындай обалар тұрғызылатын. Бітім шамасының бәрі бұл моланың өте ертедегі замандардан қалғанын білдіріп тұр; бірақ сондай зор болғандықтан, “Ішінде қазына бар-ау”, — деп сұқтанған суық қолдарды көп ұшыратса керек: өйткені олар моланы ұшар басынан ең табан жеріне дейін жарып, қазып кеткен; қазақтардың айтуынша, олар өте-мөте олжа-

лы болып, көп қазына тапқан. Бірақ мұндай сұмдыққа барған ашкөз адам қазақ деп ойлауға әсте болмайды. Анығын айту керек, мұндай мола қопарып, қазына іздеушілер – Сібірден келетін орыс адамдары. Олар үлкен тобырымен ежелгі халықтардың молаларында көмілген байлықты ашып алу үшін қырға аттанады. Қазақтар бұған керісінше, өлген адамдардың молаларын ашып, байлық іздеуді шектен шыққан сұмдық деп есептейді. Қара Торғай өзенінен шығысқа қарайғы өңір түгелдей дерлік жазық, бір ғажабы, бұл жердің топырағы алуан түрлі зат-бұйымдарды бояп алуға қолайлы қызғылт түсті келеді. Бұл жазықтарда өсімдік өте сирек және некен-саяқ өсіп тұрғандарының бәрі дерлік топырақтың түсіне ұқсас.

Бұл жерден шығысқа қарайғы өңірдің түгелдей жазық екені сондай, көз жетер жердің бәрін еш кедергісіз көруге болады. Алыстан жарқырап көрінген бір нәрсе еріксіз назарымызды аударды. Жарқырап жатқанның не екенін біле алмай, қайран қалдық. Бірақ әркім де жарқыраған тастардың арасында бір қазына бар деп үміттенгені анық және ол тұстың бұл жерден алыстығы әлгіндей үмітті күшейте түскен еді. Жүрісімізді жеделдетіңкіреп, жақындаған сайын ол тұс одан бетер жарқырағандай болып көрінді. Ақыры жарқырап жатқан жерге де жеттік. Бірақ жетіп барып қараған кезде қайран қалғанымыз тіпті басқаша еді: асыл тас шығар дегеніміз әр алуан қызғылт гипс кесектері екен, бұлардың мөлдірлігі соншалық, жаратылыста мұнша мөлдір тас тіпті сирек болар. Оның жарқырап жататын себебі – күн тас төбеге көтеріліп, жер бетінде жатқан осы тастарға сәулесін тік түсірген уақытта олар жарқырап, жан-жаққа сәуле шағылыстырады екен. Шын мәнінде егер бұл тастар осындай мөлдір тазалығына қоса тұз тасындай қатты болса және әдеттегі гипс жолақтары ұшыраспаса, соншалық сирек кездесетін асыл тастар деп аталағындардың қатарына қосылар еді. Бұл жерде ақ гипстің мөлдірлігі мен жарқылы жоғарыдағыдан кем түспейтін тағы бір сорты бар екен. Бұл тастардың бәрі кең қойнаудың тік жарына біткендей еді, ал біз алыстан көрген жарқыл жер бетінде жатқан ұсақ тастардан шағылысып тарайды екен. Қойнаудың ішкі бетінде осы тектес, соншалық мөлдір тастар қабат-қабат болып жатыр. Бұл өңірде жердің бетінде жатқан және одан төмен қыртыстардағы қызғылт топырақтың молдығына қарағанда, бұл түсті тастар да сол қызғылт топырақтан түзіліп жатқан болуы керек. Бұған жартылай әлгіндей тасқа айналған кесектерді, тағы бір тұстарда енді бірігіп қата бастаған қызғылт топырақ кесектерін көргенімізде көзіміз жетті.

Бұл жер – Үлкен Торғай өзенінің шығыс жақ бетінде, біздің таңертеңгі аттанған тұрағымыздан 25 шақырым қашықтықта. Осы арада біз аялдап, ат шалдырып демалдық. Бірақ түс ауа тағы да он жеті

шақырым ілгерілеп, інірде аты беймәлім бір көлдің жағасына жетіп түнедік (*Шекарадан 683 шақырым қашықтықтағы тұрақ*). Оның суы біршама кермек болғанымен, маңынан құдық қазып едік, бізге жетерліктей тұщы су шықты.

Бұл жерге келіп жеткенге дейін біз азық-түліктен онша таршылық көрмеген едік, бірақ ендігі жерде аштықтың зардабына ұшырайтынымыз біліне бастады. Мұның себебі, осы жорыққа аттанған әскер бір айлық азық-түлікпен ғана шыққан еді, біздің соңымыздан мол азық-түлік кейін жіберілетін болып ұйғарылған-ды. Бірақ тапсырылған міндетті орындау үшін өте-мөте суыт жүріп ілгерілеуге тура келген жорығымыздың жағдайы себепті жіберілген азық-түлікті аламыз деген үміттің бәрі жоққа сайды. Ол жіберілді ме, жіберілсе, бізге азық-түлік әкеле жатқандар қай жерде жүр, – мұның бәрінен хабарымыз болмады. Әскер бастықтары бұған қатты абыржып жүрді. Өйткені казак-орыстар мен башқұрттардың көпшілігі аштықтан қиналып, қажығандықтан, әбден түнілгені соншалық, топтасып жиналып бас қолбасшының алдына барып: “Не бізге қандай да тамақ тауып беріңіздер, не мына кісі аярлық халімізге қарай шекараға қайта оралатындай амал табыңыздар, аштан қырылудан жан сақтаудың амалы осы ғана”, – деп талап қойды. Бірақ азық-түлік болмағандықтан, олардың бірінші талабын орындау мүмкін еместігі сияқты, жорығымыздың жағдайына қарай екінші талабы да орындалмайтын талап еді; олардың мұндай жабығыңқы көңіл күйін көтеріп, сергітудің екі-ақ амалы болды: біріншісі – осындай сан алуан жортуыл, жорық кезінде ата-бабаларымыздың қандай қиыншылыққа да төзген мысалдарын үлгі-өнеге етіп: “Сендер де шыдап бағындар”, – деп үгіттеу және: “Азық-түлік көп ұзамай келуге тиіс”, – деп үміттендіру ғана қалған еді. Топтасып жиналған адамдар қанша арып-талса да, одан әрі сөз таластырмай, өз бастықтарының уәждеріне ден қойып, “шыдап бағындар” дегенге құлақ асты.

Таңертең жолға шыққан бетімізде алдымыздан айнала ор қазылып, дуал тұрғызылып жасалған бекініс сілемдері бар бір ескі қала жұртына таяп келдік. Бұл қала төрт бұрышты қорған бітімінде салынған екен, төрт жағында да бір кезде дуал болған үйінді шамасы бірдей көрінді. Шығыс жағынан дуал-қорғанның ішке кіретін кең қақпасы болғанын үйіндінің ашық тұсы көрсетіп тұр. Жермен-жексен болуға айналған үйінді мен орлардың сілемдері бұрынғы тереңдігін білдіре алмай, қала жұртының тым көнелігін ғана аңғартады. Қала ішінде назар аударарлықтай ештеңе көрінбейді, тек ортада жатқан қырлы тас сынықтары ғана бұл жерде бір кезде ғимараттар тұрғызылғанын айғақтайды.

Бұл өңірден оңтүстікке таман, екі шақырымдай жерде Қарағай не Торғай өзенінің шығыс жағында кірпіштен, қалақ тастан тұрғызылған діни мінәжат орнына ұқсас ежелгі ғимараттың қалдықтары тұр. Қанша заман өтсе де, оның бұрынғы сыны түгел кете қоймаған. Өйткені қабырғалары әлі күнге дейін мызғымаған қалпында тұр және бүгіннің өзінде биіктігі 9 сажыннан асып тұрғанына қарағанда, ғимараттың өз заманында қаншалық орасан зор болғанын пайымдайсыз. Оның шығыс жағында кең ашық орын қалған, кезінде бұл тұста ғимараттың қақпасы болғанға ұқсайды, одан ішке кіргенде қабырғаларының қалақ тастан соншалық шеберлікпен қиюын тауып қаланғаны көрінеді. Ғимараттың ұзындығы да, көлденеңі де жеті сажыннан, ішке жарық онша үлкен емес екі терезеден түсетін болған. Ғимараттың айналасында зират басына орнатылған құлпытастар көп, олардың арасынан үшеуі ерекше көзге түседі екен. Олар кірпіштен кертпеше болып өріліп қаланып, әкпен сыланған; мұның бәрі ежелгі құрылысшылардың талғамы биік, өнерлі адамдар болғанын білдіріп тұр. Жоғарыда сипатталған қала жұртының және мына қираған ғимараттың негізін қалаған кімдер екендігін анықтайтындай еш дерек табылмады, қазақтардың өздері: “Аңыздарға қарағанда, бұлардың барлығы бір заманда осы жерді мекендеген ноғайлықтардан қалған болар, — десті.

Зираттың тұсынан тастақ жерлер басталды. Ырғыз өзенінен өтіп осы тұсқа жеткенге дейінгі екі арада мұндай тастақ жер ұшыраспаған еді. Айналадағы төбешік, жота, жазықтың бәрінде қат-қабат қалақ тастардан басқа еш нәрсе көрінбеді. Ақыры төңірегінде балықты көлдері бар, жағасында көз қуантатындай бұта-тоғай өскен Торғай өзеніне жақындадық. Осы балығы көп жерді пайдаланып, әбден ашыққан адамдарымызға әлденіп алуға жағдай жасамақ ниетпен демалып, ат шалдырып алуға ұйғардық. Тоқтаған жеріміз — таңертеңгі аттанған тұрағымыздан 24 шақырым-ды. Бүкіл әскер жапа-тармағай балық аулауға ұмтылды. Бағымызға қарай, балық ересен көп екен. Ау құралдарынсыз-ақ жеткілікті мөлшерде алуға болатын көрінді. Суға келіп түсе қалған көп адамнан су лайланбай тұрғанда, жұрт аумен, сүзгімен, енді біреулер найзаларымен, жебелерімен және басқа да қолдарына түскен құралдармен бірталай балық алды. Бұл көлдердегі әдеттегі балық — еті өте дәмді аққайраң, ал өзеннің өзінде шортан, жайын, ақсұла және алабұға екен. Өзеннің жағасында өсіп тұрған бұталарда ұзындығы құлаштан артық ақ жыланбар кездесті. Менің өзім күн қыздырған тұстан суға қарай ирелендеп бара жатқан екеуін көрдім. Мұншама ұзын жыланнан сескеніп шошыған біздер олар айбат шегіп, ысылдаған кезде қолымызда қорғанатындай ешқандай құралымыз жоқтықтан жүгіре қашып, бұталарға барып жасырынуға мәжбүр болдық. Біздің қашқанымызды олар елең де қылмай,

суға беттеген жолдарынан бұрылмады, сол беттерімен өзенге түсіп, арғы жағаға қарай жүзіп кетті. Қазақтардың айтуынша, бұл жыландар соншама ұзын, қорқынышты болғанымен, адамға ешқандай зияны жоқ, тимейді екен. Қарапайым адамдардың бәрі бірдей түсі ақ анды болсын, жылан-шаянды болсын өз тегінен ерекше деп, сол тектес анның, күстың төресі, патшасы деп есептейтіні белгілі. Осы себепті ақ жыландарды да олар жыланның патшасы демегенмен, төресі деп біледі. Сондықтан оларда бұл жыландардың басқа жыландардай емес, тектілігі туралы әртүрлі ғажайып әңгімелер айтылатыны көрінді.

Суы тұщы әрі балыққа тойындырған осы көлдердің жағасында бірнеше сағат тыныққаннан кейін, біздер түс ауа өткелдер арқылы Торғайдың арғы бетіне өттік те, осы өзеннің тастақты, саялы бұталы жағасымен ілгері жүрдік.

Бір жағынан бұта-тоғайдың саясымен жүріп жолымыз едәуір жеңілдегенімен, екінші жағынан алаңдап та келе жаттық. Өйткені оңтүстіктегі осы өңірдің өне бойында ат шалдырып алатындай аты жоқ, кілең тастақты жер болып шықты. Тынымсыз жүрістен титықтаған аттарымыз күннен-күнге ари берді. Торғайдан өткен тұсымыздан 13 шақырым жүргеннен кейін, осы өзеннің жағасында қос тігіп жайғастық (*Торғай өзені жағасындағы лагерь, шекарадан қашықтығы 720 шақырым*).

Біздің әскерге қатерін төндірген аштыққа ендігі жерде ісік ауруы қосылды. Әскерлердің көбінің тұла бойлары әр жерінен ісіне бастады. Мұның өзі қатты қорқытып, есімізді кетірді. Бұл қауіпті кеселдің себебі азық-түліктің жетіспеушілігі ғана емес еді: Торғай өзеніне келіп жеткенше бірнеше күн бойы ішуге мәжбүр болған ашы және тұзды судан болатын. Сол уақыттан бері біздің бар тамағымыз арықтаған немесе қайсыбір кеселге ұшыраған аттардың еті ғана болды. Аштықтан, ауру-сырқаудан қажыған адамдарды аман сақтап, шекараға қайтатындай жолға жеткізу үшін күйлі, мықты аттарды сақтап, әлгіндей аттар ғана сойып жеуге беріліп отырған еді. Күнделік жазбалардың соңына қарай көретініміз секілді оқиғалар бұл сақтығымыздың әбден орынды екенін көрсетті.

Қалмақтар туралы бізбен келе жатқан қазақтардан күнделікті алынып жүрген хабарлар бірден-бірге күмәнді бола берді. Олар кейде: “Қалмақтар алдымызда таяу қашықтықта кетіп барады”, — деп сендірді; кейде халық арасында айтылатын сөздерден бұған мүлдем кереғар хабарлар естілді (*Қазақтардың бізге қалмақтар туралы хабарлап жүрген деректерінің дұрыс еместігін бұл күні де білуге болатын еді. Біз өзіміздің тұрағымызға жетуге әлі бірталай жер қалғанда, бізге қарай асығыс келе жатқан бірнеше қазақты көрдік. Бұлар ханның өзі жіберген кісілері екен және солардың әкелген хабары ханның алдында өз қолымен*

келе жатқан Ералы сұлтанның арнайы жіберген адамы айтқан дерек болды, бұл дерек-хабар мынадай екен: 1) Ол Алтай тауларының жоталарынан асқан кезінде сол биіктен кетіп бара жатқан қалмақ ордасының абыр-сабыр болып жатқанын көріпті және олар бір соғысқа дайындалып жатқандай көрініпті. Бұл бос сөзділердің айтуынша: “Қалмақтардың онысы — Ресей әскерлерінің жақындағанын білген, абыр-сабыр болғаны — алдағы күнгі қауіптен қорғануға дайындалып жатқаны”, — десті. Бірақ мұның бәрі олардың өз ойларынан шығарып алғандарынан басқа түк те емес еді. Ондағы ниеттері — осылай амалдап, бізді қалмақтардың соңынан одан әрі қуа беруге ынталандыру болатын; бұлардың осы ниетін білгеннен кейін анық хабар-дерек алу үшін өз адамдарымызды жіберуге ұйғарылды. Мұндай бос әңгімелерге ханның өзінің де қатысы бар деп ойлауға болмайды. Қазақтар бізді қанша рет алдаса, ханның өзін де соншалық алдай береді. Оның Ресейге шын берілгендігі өзінің таяз ойлы адамдарының мұндай алдаушылығына ешқандай қатыспайтынының айқын айғағы болатын). Ханның өзі үнемі бізден кейін жүріп отырғанымен, біз қазақтардың өзімізден қалып, өз ұлыстарына кетіп жатқанын күнде көріп жүрдік. Мұның өзі қалмақтардың алда көп ұзап кеткенін қазақтар білсе де бізден жасырып жүргенінің бір айғағындай еді. Қанша суыт жүріп қуғанмен, қалмақтарды қуып жетуге болмайтынын білгеннен соң, олар кері қайтып кетіп жатты.

Сөйтіп, бізді құр босқа алға ілгерілете беруге тырысқан қазақтарға бұдан әрі иланбай, анық-қанығына өзіміз көз жеткізу үшін және бізге қатері төнген аштыққа қарсы амал жасау үшін бас қолбасшымыз аттары мықты 100 пысық казак-орысты іріктеп алып, ілгері жіберуге ұйғарды. Олар аттарын аямай, барынша суыт жүріп отырып, Алтай тауларына жетіп қана қоймай (қазақтардың сендіруі бойынша, қалмақтар сол жерде болуға тиіс еді), бұл таулардың ортасына еніп, жота-жоталарын қарап қайтуға тапсырма алды. Бүлікшілердің ауа қашқандағы сайрап жатқан із-сілемінен ешқайда бұрылмай, сол ізбен ғана жүру бұйырылды. Егер олар, қалмақтардың сол тауларға жетіп қалғанын не одан асып кеткенін көрсе немесе аттарының шамасы жетіп, өздері Алтай тауларына жетіп, одан асқандай жағдайда қалмақтардың жаққан оттарының орны немесе жолдағы басқадай қалдырған белгілеріне қарап, ол жерден бірнеше күн бұрын өткенін білген бойда ешбір бөгелместен, суыт жүріп кері қайтып, әйтеуір, бір хабарын жеткізу тапсырылды. Алға осындай шолғыншы топ жіберудің пайдасы мол еді: егер қалмақтар біздің алдымызда бес не алты күншілік жерде болса, онда олардың күші көп деп сескенбей, қалайда жетіп, шамадан келгенше, мүмкіндігіне қарай, ниет қылған қарекеттерінен қайтаруға тиіс-тін. Ал егер бұл аттандырылған топ қалмақтардың қашып бара жатқан ізде-

рімен алға қарай 200 шақырымнан артық жолдан асып, оларды қуып жетудің өсте мүмкін емес екеніне көз жеткізсек, мұндай жағдайда өзіміздің аштан қырылу қатерінен аман қалуымыздың бірден-бір амалын жасап, шекараға қайта оралу қамына кірісу керек болды.

Қалмақтардың жай-жапсарын барлап қайту үшін Алтай тауларына аттанатын казак-орыстар бүгін Елек казак-орыстарының атамаы Савастьяновтың басқаруымен таң сәріден жүріп кетті. Көп ұзамай сол бағытпен біз де аттанып, тастақты, жазық, жоталы төбешікті жерлермен жүрдік. Шығысқа қарай ілгерілеген сайын бір тастақты таудың сілемі басталғаны байқала түсті, бұл таулар шығысқа қарай созылып, өзінің жоталарымен Ұлытау деп аталатын таудың шығыс бөлігіне жалғасатыны көрінді.

Бұл таулардан әрі қарай Қарағанды-Торғай өзенінің бастауына жақындағанда сары қына мен орасан зор қызыл қалақ тастардан тұратын, тіп-тік көтерілген бір биік тау кездесті. Тастарға жабысқан ұсақ слюда түйірлері болуы себепті, жоғарыда айтылғандай, жарқырап көрінеді екен. Осы таудың баурайында біз таңертеңгі аттанған тұстан 34 шақырым жерде қос тігіп жайғастық (*Торғай жоталары маңындағы лагерь, шекарадан қашықтығы 754 шақырым*).

Бұл күні түс ауа бізге Қайып хан келіп қосылды. Ұзақ уақыт Хиуа ханы болған оны бұл таққа отырғызған Парсы шахы Нәдір еді. Парсының осы патшасы Хиуа иелігіне дейінгі елдерді жеңіп келіп, бұл жердің астанасы Хиуа қаласын да алған. Осы кезде батырды қамқорына алуды сұрап, қазақ ханы Әбілқайыр Қайыпты Нәдір шахқа елші қылып жіберген. Қайып мінез-құлқымен шахқа ұнаған соң, жақсы көргенінің белгісі ретінде шах жаулап алған осы қаласын Қайыпқа билеуге берген. Ол жерді ұзақ уақыт билеп-төстеп, қарауындағы халықтардан қазына жинап, байығаннан кейін, Қайып хан ақырында олардан кетіп қалған. Өйткені өздерінің әмірлеріне бойсұнуында опасыздығы жиі болып тұратын хиуалықтардың өшпенділігінен қауіптенген еді. Оларға әмірін жүргізген хандардың арасында өз ажалынан өлгендері некен-саяқ; көпшілігі өздері билеген зұлым да ызақор халықтың қолынан өлетін. Осындай себеппен Қайып хан қарауындағы халықтың өздеріне үйреншікті зұлымдығын қамдап үлгерместен бұрын қазақтың Кіші жүзіне қайтып келді. Мұнда оның әкесі Батыр хан бар, Қайып сол жерде қазір де бірсыпыра білікті руларды билеп, Нұралы ханнан тәуелсіз иелік етіп жүр. Оның қанша қолмен келіп қосылғанын айту мүмкін емес; өйткені қазақтар өздерінің аттарына отты-сулы жер кездесуінің ыңғайына қарай сан тарамдала ілгерілеп, өз басшыларынан бөлек жүріп ілеседі.

Кешкілік Нұралы ханның ордасында бір атакты көріпкел жауырыншының бал ашуы болды. Қалмақтарды қуып жетіп, жолымыз бо-

лып оралар ма екенбіз, қазір қалмақтар не күй кешіп жүр, – бал ашуда білмек мәселе осы еді. Болжаушы көріпкелдің мұндайдағы құралы қойдың жауырыны екен. Ол әлсін-әлсін қарап қойып, жауырынды тұқылы қалғанша күйдірді. Көріпкелдің айтуынша, алдағы болашақтың бәрі осы күйген жауырында қайсыбір нышандарымен көрінуге тиіс; осы себепті оның қолындағы сүйекке шүйіле қарап, ойға шомған қалпымен айналасында отырғандарға баян еткені мынадай болды: өткен күні қалмақтарға көзге көрінбейтін бір рух – Аруақ келген. Ол Ресей әскерінің келе жатқанын білдіріп, халықтың зәре-құтын алып, есін кетірген; бірақ бүгін түс ауа оларға басқа бір Аруақ барып, оларды одан сайын шошытып: “Халдерің жан түршігерлік сұмдық болады”, – деп, болашақтан әбден түнілдірген. Ақырында енді олардың тағдыр-талайы үшінші бір Аруаққа қарап тұр; егер ол соңғы Аруақ келген күннен бір күн өткен соң келетін болса, онда бүкіл халықтың зәре-құтын қашырған кесапат пәледен құтқаратын сол болмақ. Қазақтардың бәрі, соның ішінде ханның өзі де ақиқат көріпкелдің өзі деп ден қойған жауырыншының болжамы осындай болды. Анығында болжаушының сөзі екіұшты болып, астарын аңғару қиын емес еді; халықтың сенімінен айырылып қалмай, сөзіне иландырудың мұндай екіұдай айтатын амалы белгілі: егер қалмақтар шындығында да бір қайғылы жағдайға тап келгендей болса, болжамның алдыңғы бөлігі дұрыс боп шығар еді, ал егер бұған қарама-қарсы жағдайда, онда жауырыншының сөзіне иланатындар: “Айтылған үшінші Аруақ келіп, апаттан құтқарған екен ғой”, -- деп сенер еді. Қазақтар алдағы болашақ тағдырды осылай болжайды. Ал олардың қу балгерлерінің халықты көрінеу көзге алдайтынының айқын мысалын мен анық көрдім.

Осы арадан жоталары бірден-бірге биіктей берген тас таулардың арасымен жүріп отырдық. Бұл жоталар біртіндеп келіп Ұлытау деп аталатын тау жоталарына жалғасты. Бұл ұлы таулардың алыстан көрінген ең шалғай жоталары алуан түрлі болып, көз тартады. Таулар асу бермес биік болмағанымен, олардың беткі қабатында жатқан тастар жолды мүлдем қиындатады екен. Ақыры біздер жол азабынан әбден қажып, осы Ұлытаудан (*Ұлытау мен Алатау – қазақ даласындағы екеуі екі басқа таулар. Біріншісі – ұлы тау, екіншісі – ала тау деген мағынаны білдіреді; бірақ, қазақтардың айтуынша, оларды Алға жоталары жалғастырып жатыр. Алатау Жоңғария мен Қазақ жерінің арасындағы шекара деп есептеледі. Бұл таудың атап айтылатын ерекшелігі – табанынан ағып шығатын суы, ыстық бұлақтары көп. Қазақтардың айтуынша, оның биіктігі басқа таулардың бәрінен асып түседі; өйткені бірталай тұстарда оның шыңдары бұлттан да асып тұрады және олардың үстінде жаздың ми қайнатқан ыстығында да ерімейтін қар жата-*

ды. Бұл таулардың баурайы мен белдеуінде қарағай, қайың, тал өскен тоғайлар көп. Бұл тауларды байырғы қазақтар мекендейді). Бастау алатын Терісаққан деген өзенге жеттік. Бұл уақытта іңір қаранғылығы қоюлана бастаған еді, біздер таңертеңгі аттанған жерімізден 43 шақырым жүріп өтіп, қос тігіп жайғастық (Терісаққан өзені жағасындағы лагерь, шекарадан қашықтығы 797 шақырым).

Ұлытаудың осы тұсында аса биік жоталары жоқ, сондықтан бұл аралық оның басталар тұсы деп есептеледі. Ұлытаудың ең биік жоталары шығысқа қарай, Алға жоталарымен жалғасатын тұста. Ұлытау жоталарының өзі қанша жерге жалғасып жатқаны белгісіз; бірақ белгілі бір дерек мынадай: Ұлытаудың сілемін қосып алатын атақты Сырт Алға оңтүстікте Түркістан жеріне дейін жалғасады, шығыста Жонғариядан асып барып Тибетке, Далай ламаның астанасына жетеді, одан оңтүстікке қарай қайта оралып, өзінің жоталарымен Ұлы Моғолдың иелігіне келіп қосылады. Білетін қазақтардың айтуынша, Сырт Алғаның алып жатқан жері осындай. Алайда біз бұл ұлы тау туралы естіп-білгенімізді жазғаннан кейін, мұны осы өзіміз келіп тоқтаған тауларды ғана сипаттаумен тамамдаймыз. Ұлытаудан бастау алатын үлкен-үлкен өзендер мыналар: Ұлы Қарағай, Жыланшық, Кеңгір, Сарыкеңгір, Жездікеңгір, мұнда осы елдің ежелгі тұрғындары қазып алып пайдаланған мыс кен орындары өте көп; бұған қоса, алтын мен күміс рудаларының белгілері де бар. Кеңгірлер әр тұстан ағып шыққанымен, бара-бара барлығы бір арнаға тоғысып, Сарысу өзеніне қосылады. Осы тоғысқан өзендердің сағасында адам таңданғандай қираған қала жұрты бар, бұл жер Жан-Ана деп аталады. Мұнда тастан қаланған ежелгі ғимараттың қирап біткен сұлбалары және басқа да көптеген қалдықтары күні бүгінге дейін толып жатыр. Ежелден келе жатқан аңыздарға қарағанда, бұл жерде Шыңғыс хан ұрпақтарының астана қаласы болған деседі, ал олардың бұл елді түгел билеп тұрғаны белгілі.

Әскерлер аштықтан, ауру-сырқаудан әбден титықтаған себепті және бір жағынан, Алтай тауларына қалмақтардың жағдайын барлап қайтуға жіберілген казак-орыстарды да тосамыз ба деген оймен, бұл күні халық демалып, тынықсын деп жолға шықпауға ұйғардық. Әскер арасында пайда болған ауру азаймағаны былай тұрсын, күннен-күнге көбейе берді. Мұны мынадан көруге болатын еді: үстіміздегі айдың 6-сынан 12-сіне дейін алты эскадрон драгундардан науқастары дендеп, жүруге жарамай қалғаны – 110 адам болды; ал бұларға алып жүру ауыр соққандықтан тастап кеткен жүктің қасында қалғандарды және басқадай тапсырма алып бөлінгендерді қосса, олардың бәрінің саны алты күн ішінде ауру-сырқауға ұшыраған әлгі адамдар санынан төрт еседен асып түспесе, аз болмас. Жұрттың осындай қысталан

жағдайда қалуы бәрін күнде көріп жүрген адамдардың еңсесін езіп, жанышқандай еді. Өзіндей адамдардың қор болып жатқанын көріп жүрген олар осындай қасіретті тағдырға мойынсұнып: “Қай күні біз де жатып қалар екенбіз”, – десті; алайда алда күткен көрешегімізбен салыстырғанда, мұның бәрін әлі ештеңе емес деуге болатындай екен, оны біз осы жазбалардың соңына қарай айтатын боламыз.

Қалмақтардың сонынан тағы бірнеше күн қуғандай болсаң, біздің бәріміздің түгел қырылатынымыз айдан анық екен. Бірақ, бағымызға қарай, бұл ажалдың аузынан қалып, асыға күткен хабарымыз келіп жетті. Ертеңіне кешке қарай қалмақтарды барлап қайтуға жіберілген топ қайтып оралды, олардың айтып келген хабары мынадай: бізден бөлініп, алға кеткеннен кейін, олар шығысқа қарай жол тартып, 10-ынан 13-іне дейін қалмақтардың қашқан жолымен Алатау жоталарын бойлай 200 шақырымнан астам жүрген. Бұл жолдарында олар қалмақтарды көрмегені былай тұрсын, ол жерлерден қалмақтардың жүріп өткенінен бері ендігі талай уақыт өткенін білдіретіндей бірталай айғақтар тапқан. Қалмақтардың жүріп өткен жолынан бір қалмақтың өлігін, бірнеше түйе, жылқы, қой өлімтіктерін көрген, “бұлардың бәрі де мүлдем шіруге айналған екен, – десті. – Көктемнің салқын күндерінің өзінде бұлардың шіруге айналғанына қарағанда, қандай да болсын өліктің бұлай шіруі үшін кемінде 10 күн уақыт өтуі керек қой”, – деп ұйғарған; сонда қалмақтар бұл жерлерден ең бері дегенде он күн бұрын өткеніне көздері жеткен. Осының өзі-ақ қашқан бүлікшілерді қуып жетеміз деген үмітімізді біржола үзгендей болды. Оның үстіне, олар Ресей әскерлерінің қуып келе жатқанын естігеннен кейін бұрынғыларынан да суыт жүріспен қашып бара жатқан кезінде жету мүмкін емес еді. Біздің адамдар суыт жүріп бір күншілік жолда болған кезінде қалмақтардың бір ғана жерде аялдап, от жаққан орындарын көрген. Қалмақтар жүруге жарамай қалған малдарын тастап кетіп отырғанымен қоймай, аурулығынан не басқадай себептермен өздеріне ілесе алмаған адамдарын да тастай-мастай кетіп бара жатқандары белгілі болған. Бұл ілесе алмай қалғандардың бәрі, әрине, қазақтардың қолына түскен. Осындай хабар алынғаннан кейін ендігі жерде қалмақтардың сонынан бостан-бос қуа беруде еш мән қалмаған еді. Енді шекараға қайта оралуға бет бұрып, алдымызда тұрған апаттан аман қалу қамын жасау керек болды. “Өзімізге жүктелген міндетті тыңғылықтап орындай алмайтын болдық”, – деп жорықтас әскери шенділердің барлығы қаншалық опынғанымен, олар да райларынан тез қайтты. Ендігі жерде, бір жағынан, ауа қашып, алдымызда тым ұзап кеткен опасыздарды қуа бергеннен ештеңе шықпайтыны анық көрінді, екінші жағынан, азап шектіретін ауруға әкеліп соққан ашаршылықтың қатері себепті шекараға қайта оралатын жолға бұры-

лып, өлім қаупінің ортасында қалған қолды құтқару амалын жасама-са болмайтын еді. Орынбор губерниясының бас картасы бойынша да, ол жаққа таман көшіп-қонып жүрген қазақтардың сендіруінше де Үй қамалы шекарадағы барлық елді мекендердің ішіндегі ең жақыны болып шықты. Сондықтан артта қалған керуенді тосып алғаннан кейін, барлық әскери адамдарды біраз тынықтырып алып, сол қамалға қарай төтелеп тарту ұйғарылды.

13-інен 15-іне дейін осы керуеннің келуін күттік; 16-сы күні ол келіп қосылғаннан кейінгі жерде бұл тұлдырсыз өңірде бізді одан әрі қала беруге бөгейтіндей себеп қалған жоқ. Сол күні-ақ қайтар жолға аттанып кеттік. Кері бұрылған жерімізден 42 шақырым жүргеннен кейін Қарасу деп аталатын судың жағасында түнеуге ұйғарып, күннің қалғанын сонда өткіздік.

Осы арадан солтүстікке қарай сусыз өңірлер басталады. 41 шақырым жүргеннен кейін анда-санда жайылма жалтыры бар өзен болып барып, Қайрақты өзеніне құятын бір тұзды су көзін зорға таптық. Суы болмаса да, аттарымызға оты мол құйқалы қауы бар жер болған соң, қос тігіп жайғастық.

Таңертең біз Қайрақты өзенінің бойымен құйылыс сағасына қарай жүрдік. Бұл өңірде енді, Ор қамалынан Ұлытау тауларына жеткенге дейінгі аралықтағыдай тастақ және құмды емес, мүлдем басқаша жер басталды. Бұл жер құнарлы қара топырақ, алуан түрлі шөбі қалың астық өсіруге қолайлы екен. Мұндағы сан жеткісіз көп жыралар мен өзекшелерде түкті өрмекшінің қырда болатын бір тегі көп көрінді. Бітімі грек жанғағынан аспайтын бұл өрмекшілердің кішкене-кішкене сегіз көзі бар екен. Қазақтар: “Бұл өрмекшінің шаққанынан адам да, жылқы да өліп кетеді”, – десті, бірақ бізге олардың ешқандай зияны болмады; демек, “шаққанда өлімші етіп шағады” деген сөздің анықтығына көзіміз жететіндей жағдайға тап келген жоқпыз. Қазақтар: “Бұл жәндіктің жауы – қой, – дегенді де айтты, – шөптің арасында кезіксе, қой оны жеп қояды”, – десті. Сонда оның уының қойға шамасы келмегені немесе, тіпті, талайын жеп кете беретін қойлар үшін у болмай да шыққаны болар.

Бұл өңірде келе жатқан жолымызда барлық жерде қаптаған бөкендерді көрдік, казак-орыстар олардың бірнешеуін атып алып, аштық азабынан өзектерін жалғады. Өйтсе де, атып алып та жарытпады, өйткені сақ әрі көз ілеспес жүйрік бөкенді ұстап не атып алу үшін не жүйрік ат болуы керек, не атқаны құр кетпейтін мерген болу керек екен. Біздің адамдардың қолдарына түскені тым жас лақтары ғана болды. Олар үлкендеріндей емес, қаша да алмайтын, атпен қуғанда да ұзаққа бара алмайтын әлжуаздары болып шықты. Бұл күні біз 47

шақырым жол жүріп барып, кешкілік Қайрақты өзенінің сағасына жақын маңда қос тігіп жайғастық.

Шығыстан батысқа қарай неғұрлым ілгерілеген сайын, жолымызда бұл өңірдің көз тойдырар табиғи құнарлылығын анық аңғара бастадық, бұл елдің молшылықта екені де бірден байқалатындай еді. Ендігі жолымызда тұщы су көздерінің де тапшылығын көрмедік, аттарымызды азықтандыратындай шүйгін жайылымды жермен ілгеріледік. Жүрген жолымызда аттарымызға жайылым да, тұщы су да мол болды. Түске таман Есіл өзеніне таяу бір үлкен көлге жетіп, осы жерде аттарымызды шалдырып, демалдық. Бірнеше сағат тынығып алған соң жолға шығып, Есіл өзеніне таяп келдік. Шығыстан батысқа қарай ағып жатқан бұл өзеннің ағысы қаттылығы сондай, Қазақ елінің шығыс жағынан ағып шығатын толып жатқан өзендерінің ішінде ағысы ең қатты өзен осы болар. Өзеннің шығыс жақ жарқабағы биік тастақ таулар екен. Бұған керісінше, батыс жақ жағасы көз тойдырар көкөрай шалғын, қамысты көлдері көп, бұл көлдерде үйрек, қаз, аққу секілді түз құстары жыртылып айырылғандай. Ең бастауының өзінде Есіл өзенінің енділігі де, тереңдігі де кеме жөнелтуге әбден келетін көрінді. Бұл елде қайсыбір пайдалы өнім табыла қалса, оны тасуға әбден болады екен.

Бұл күні біздер 46 шақырым жол жүрдік, інірде бір өзекшенін Есіл өзеніне құятын тұсында тоқтап, сол жерде түнедік.

Осы арадан әрі қарай, Есіл өзенінің бойымен төмен жүрген жолда ежелгі заманнан қалған дуалдың үйіндісі кездесті. Тегінде, олар қайсыбір тұрғын жайдың бекінісі болмаса керек, өйткені ұзыннан-ұзақ созылған тау секілді, ал кейбір тұстарында бір кезде бекініс болды дейтіндей ешқандай сілеміз байқалмайды. Ғажапқа сенгіш қазақтардың пікірінше: “Бұлардың бәрі ежелгі замандарда осы өңірді мекендеген бір алыптардан қалған, бұл алыптар керемет мықты, көп жасайтын адамдар екен. Қазақтың осы алып адамдары өлгеннен кейін, – десті олар, – бұл жоталар олардың бірін-бірі жерлейтін молалары болған”.

Осы арадан әрі қарай Есіл өзенін бойлай жүргенде көз қуантатын тоғайлар басталады, олар бұл өзеннің шығыс жағында жатқан тауларда өседі. Танертенгі аттанған жерімізден 51 шақырым жүріп келіп, біз осы бір көрікті тұсқа жетіп түнедік.

Бұл жерден онша алыс емес тұстан Бұхара мен Хиуадан Троицк қамалына баратын керуен жолы өтеді екен. Осы араға келгенімде атап айта кетуге лайық бір зиратты аралап көрдім. Оның осы өңірдегі өзге қазақ зираттарынан бір ерекшелігі – өлген кісінің басына тұрғызылған ағаш тамның үстіне адамның беті мен иығы мүсінделген құлпытас қойылыпты. Оның жанына шаншылған найзаның сабы жерленген

адамның батыр кісі екенін білдіріп тұрған әдеттегі белгі болу керек. Бізбен бірге келе жатқан қазақтар осындай ерекше белгі қойылған бұл зиратта кім жерленгенін білмейтін болып шықты. Бұл күні біз 49 шақырым жол жүрдік. Осы аралықта темір рудасының көптеген айқын белгілерінен басқа атап айтарлықтай ештеңе кездескен жоқ. Осынау өңірдегі таулардың жарма қуыстарында және жоталардың беткейлерінде темір рудасының сапасы жақсы кесектері көрінеді. Бәрінен ғажабы сол, өзіміз жүріп өткен даланың бірде-бір тұсында мыс рудаларының белгі-нышандары мүлдем кездеспеді. Мұндағы таулардың бүкіл бітім-түрқы, басқадай табиғи туындылары болмауының есесіне, кілең бір металдардан түзілуі керек сияқты көрінгенмен, олардың сілемдері байқалмады. Бірақ, бір жағынан, осынау асығыс, суыт жүріп келе жатқан жолымызда бұл елдің әлгіндей байлықтарын ашуға қарекет жасайтындай мұршамыз бола қоймады, оның үстіне, біздің іздестіру, зерттеу қарекетіміз де өзіміз жүріп өткен өңірлерде жердің үстіндегіні қарап, көруден аса алмады. Сондықтан да: “Бұл жерлерде асыл тас металдардан еш нәрсе жоқ”, – деп қорытынды жасауға әсте болмайды.

22-сі күні біз, жоғарыда сипаттаған атыраптардың барлығы сияқты, табиғат жаратылысын зерттеуге соншалық шамамыз жетпеген жерлермен жүріп өттік. 23-і күні батыстан ағып келіп Есіл өзеніне құятын Кеңкөл деп аталатын шағын өзенге жеттік. Мұның жағасында терек, қайың шоқтары, тал, шілік көп өседі екен, қысқасын айтқанда, бұл өңірде жерде өсіп-өнетін ағаш, шөп дегеннен енді ешқандай тапшылық байқалмайды. Бұл жерде атап айтатын бір жағдай, Есіл осы тұста енді батысқа қарай ақпайды. Шығыс жақ беті әжептәуір кең өңірді алып жатқан орман-тоғай, халықтың мекендеуіне жайлы болып келеді де, осы тұста өзен кілт бұрылып, тура солтүстіктегі елдің жеріне қарай ағады. Өзеннің осы бұрылысына жеткенде біз де бағытымыздан басқа жаққа бет түзеуге мәжбүр болдық: шығысқа қарай жүріп келе жатқан бетімізден Ресей шекараларына жетудің қамымен батысқа қарай бұрылдык. Іңірде бір шағын ғана тұщы көлшікке кездесіп, түнеп шықтық, ол Кеңкөл өзенінен 21 шақырым жерде екен.

Бұған дейін аштықтан біздің әскерден біраз адам ғана арып, ауруға шалдыққан еді; ендігі жерде аштықтан бұралып, әлсіреп, әлгіндей тағдырға мойынсұнбаған адам арамызда қалмады деуге болғандай халге түстік. Бастықтар қандай ауыртпалықты да басқалармен бірге көруге бейіл танытып, жұрттың бәріне төнген аштан өлу қатеріне аз да болса бөгет жасамақ ниетпен өздерінің азын-аулақ қорларын ортаға салды. Әйтсе де, мадаққа лайық бұл көмектен де біздің жағдайымыз жеңілдеген жоқ: өйткені адам көп болғандықтан, бұл үлестірілген азғана қорек аштықтан бұралып, аурудан титықтаған

адамдарға әл беріп жарытпады. Біздің ол уақыттағы жағдайымыздың қаншалық сұмдық болғанын айтып жеткізу мүмкін емес. Аштықтан құр тарамысына ғана ілініп тұрған кісі аярлық қалыптағы адамдардың қайсыбірі көз алдымызда кетіп жатқанын көру кімнің де болсын еңсесін езіп, жүйкесін жұқарта берді. Бәріміз де тіршіліктен түніліп, жанымыз түршігіп жүрді, қай-қайсымыз да мына көз алдымызда көс-теңдеген азапты өлімнің тезірек түпке жетіп, ажалдың жылдамырақ алуын ойладық. Бұл апаттан құтылудың басқадай амалы таусылғаннан соң, алдымыздан азық-түлік дайындатқызып, оны тезірек жіберу үшін Үй қамалына бір топ адам жіберу ұйғарылды. Бұған тез қам жасалып, адамдар сол күні-ақ аттандырылды. Бұл жағдайды мен өз пайдама асырып, осы топқа қосылып, жолға шықтық. Топтың тезірек жетуі үшін бұларға бүкіл әскердегі ең таңдаулы деген аттар мінгізілген еді. Сондықтан жұрттың бәрі ешқандай ауыр жүгіміз жоқ біздердің қалған корпустан бірнеше күн бұрын Үй қамалына жететінімізге, одан корпус алдынан азық-түлік жібертіп, аштықтың қатерлі қаупінен баршаны арашалап, аман алып қалатынымызға қалтқысыз сенді. Осы жолға суыт аттанған біздер Ресей елді мекендерін табамыз деп үміттенген өңірге қарай барынша шапшаң жүріп кеттік. Сол бетімізбен 25-і күні Қаратон өзеніне жеттік. Бұдан әрі батысқа қарай Қарақұндыз деп аталатын тағы бір өзен бар екен. Осы жерде аштықтан титықтасақ та, әскерлеріміздің құтқарылуы не қырылуы осыған қарап қалған біздің жорығымыздың маңыздылығына, біздің өзіміздің де алға ұмтылған ниетімізге қарамастан, тұтас бір күн бойы бөгелуге мәжбүр болдық. Оған сол күні қар аралас жанбыр жауып, алай-түлей түтек дауыл, өнменнен өткен суық себеп болды. Аязға да, жанбыр мен қарға да қарамай, ілгері жылжи берер едік, бірақ біздің сорымызға қарай, батыстан (біздің беттеп келе жатқан бағытымыздың қарсы алдынан) соққан сұмдық дауыл аттап бастырмады. Біз бар күшімізді жинап, аттарымызды да аямай айдап, бірнеше дүркін жолға шығуға әрекеттендік. Алайда дауылдың қаттылығы соншалық, оған қарсы он сажын жер жүрудің өзіне ешбір мүмкіншілік болмады; өйткені біздің ең күйлі, мықты деген аттарымыздың өзі де минуттан артық дауылға қарсы жүре алмай, ыға берді. Егер, сорымызға қарай, бұл боранды дауылға ашық мидай далада ұшырасқанда, сол күні түгел қырыларымыз күмәнсіз болатын, бірақ, әйтеуір, бұл жерде Қарақұндыз өзенінің жағасында өзен қалың тал-бұта пана болып, жан сақтадық. Оны қиып әкеліп от жағып, қара суықтан бой жылытсақ, қалың бұтаның ығы дүлей боранның түтегінен пана болды. Егер ауа райының мұндай күрт құбылуы солтүстіктегі елдерде тап келгендей болса, мұның өзі күні суық елдердегі үйреншікті жағдай деуге саяр еді, оңтүстіктегі елдерде, оның үстіне, жазы сұмдық ыстық өңірде мұндай үскірік

боранның соғуы адам таңданарлық. Мұның басқадай себебі болмас (бәлкім, мен таба алмаған шығармын); себеп деуге келетін бір ғана жағдай сол, бұл өңірден батысқа және солтүстікке қарай ұшар бастары мәңгі қыс болып тұратын ұлы таулардың жоталары созылып жатыр; айтылып отырған Орал және Алтай таулары өзінің жоталарымен елдің батыс және солтүстік бөлігін қоршап тұр. Сондықтан ықтимал деуге келетін жағдай – бұл батыстан соққан дауыл, оның жоғарыдағы айтылған таулардың суық ауасын жолай қосып алып келгенінен деуге болар, дауыл осы суықты үлкен-байтақ кең өңірдің ту даласына әкеліп жаятын секілді. Табиғи жаратылыстың себептерін түсіндірерліктей қарым-қауқарым болмағандықтан, әлгіндей әлсіз дәлелдер келтіргенімді оқушым кешірет деп ойлаймын.

Ертеңіне дауыл тынып, күн шайдай ашылды да, біз қайта жолға шықтық. Бірнеше сағаттан соң Тобыл өзеніне шығыстан келіп құятын Обаған өзеніне жеттік. Біз келіп жеткен тұсында бұл өзеннің суы, көптеген сортаң, ащы жерлерде ағып өтетіндіктен, тұзды екен. Бірақ жоғарыда айтылған Тобыл өзеніне құяр сағасында оның суы тұшы *(Обаған өзенінің төңірегіндегі көлдердің қамыстарында қаз бен аққу жыртылып айырылады. Тобыл өзені бойындағы қамалдардың тұрғындары жазда осы маңға келіп, одан қайықпен Обағанның бастауына дейін барып құс атады. Атқан құстарының мамығын көп етіп жинап алып, құстың жүнін сатып алушыларға әкеліп өткізеді. Сирек кездесетін құстардан мұнда құс төресті дерліктей ақ тырналар бар. Мен олардың біреуін тірідей қалпында көрдім, ұшып кете алмай, қаумалаған адамдардың қолына түсіп қалған екен. Оның биіктігі, басқадай дене мүшелері әдеттегі тырнадан айырмасы жоқ, әйтсе де, кәдімгі тырналардан ерекшелігі – бір де мең-қалы жоқ ақтығы еді).*

Обағанның жағасы сұмдық микорыс екен, одан өтеміз деп, талай қиыншылыққа тап болдық, өйткені бұл батпаққа батпай аттың аты ғана өте алар. Осы себепті батпақтан өтіп алғандарымыз да, кейін қалғандардың өтуіне көмектесу үшін, кейін қайтуға мәжбүр болдық. Бұл батпақ өзеннің батыс жақ жағасында ғана және жалпақтығы да бір шақырымнан аса қоймайды, бірақ бір ғажабы, сол тұстағы қырат дөңнің ең беткейіне дейін жалғасып жатыр; ал бұл дөңнің беті майы шыққан қара топырақ, оған сирек болса да қау шөп өскен.

Біз Ресей шекарасына жақындаған сайын бұл өңірдің көз тартар көркі ашыла түсті. Екі жағымыз да шоқ-шоқ ағаш, көл, шалғын, жер бетіндегі тіршілік иесіне не қажетті бәрі молынан бар. Бұл тұста ұшы-қиырсыз ормандар көп екен, олардың ең көріктісі – Теңізкөл мен Құндызкөлдің арасындағы орман болар. Бұл орманның ені төрт шақырымнан аспағанымен, батысқа қарай созылған бетінде бірталай алысқа дейін жалғасып жатыр.

Біздің жолға шыққанымызға бесінші күн де болды (жолда қалған әскерден бөлініп шыққан сәттен бастап есептегенде), бірақ Үй қамалынан қанша жерде келе жатқанымызды, оған қашан барып жететінімізді ешқайсымыз да білмедік. Аузымызға ас-су тимеді деуге болатындай тірлікпен бес күн өтті, бізбен бірге келе жатқан драгундар мен казак-орыстар екі аптаға жуық уақыт ішінде екі рет қана арық жылқының етін асып жеді, одан басқа қорек қылғандары Обаған өзенінің бойындағы бұта, талдарда қаптап жүрген ұзақ, қарғаның балапандары еді. Біз әліміз мүлдем кетіп, әбден титықтадық, осы халімізбен ажалдың аузына да барып қалған едік (*Ұзақ, қарғаның еті оны жеген адамдардың халін одан да қиындатып, ауруға шалдықтырды: бұлар ісініп кеткеннің үстіне, іштерінен қан кетуге айналды. Мен мұны ұзақ етін жегендердің халін өз көзіммен көргендіктен айтып отырмын; тегінде, бұл қыр құстарының еті ащы болғандықтан, әскерлердің ішіне жақпаған болу керек. Аштықтан бұралған адамдар осы бір тамақты ашқарақтана жей бастағаннан былай ауру адамдар саны бұрынғыдан да көбейіп кетті*). Бірақ көрінеу анық ажалдан Құдай сақтап, кенет құтқарды. Енді ажал азабы басталатын сағатты тосып: “өлігіміз осы далада қалатын болды”, — деп жүрген уақытымызда, кенет алыстағы бір қыраттан бір салт атты казак-орысты көзіміз шалып қалды. Ол биік бір жотаның басына көтерілді де, бізге қарай құйындата шауып келе жатты. Мұның бәрін көріп тұрған біздер не деп жорырымызды біле алмадық. Біреулер: “Таудың арғы бетінен бізге жау біреулерді көрген болар”, — деп ойлады. Енді біреулер: “Ол шекарадан бізге қарай келе жатқан адамдарды көріп, бізге қандай да бір хабар жеткізуге шауып келе жатқан шығар”, — десті. Ойымызға біресе қорқыныш, біресе қуаныш оралып, үміт пен қатердің арасында алма-кезек толқып, не де болса, оның келіп жетуін күттік. Ол келіп: “Осы таудың төбесіне шықсаңыздар, алыстан Ресейдің елді мекендерін көресіздер”, — дегенін естігенде қаншалық таң қалып, қуанғанымызды көрсеніздер! Үмітіміз үзілуге таянған біздер оның айтқанына бірден сене алмай, күмәндандық: өз көзімізбен көріп білу үшін әркім аттарын тебінісіп, қамшы басып, “ел көрінеді” деп айтқан төбенің басына ұмтылды. Жан дәрмен таудың төбесіне көтерілгенімізде, оның сөзі шын болып шығып, елдің төбесін біз де көрдік. Бастан кешкен сұмдық аштық кезінде елге жетсек деп аңсаған біздердің жүрегімізді мына күтпеген қуаныштың қалай кернегенін мен сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Арып-талып түңілген қалпымыздан енді құтылғанымызды білгеннен кейінгі қуаныш сезімін айтуға жан толғанысын тап басып, дәл баяндай алатындай өнерім де, тілім де дәрменсіз. Әлгі көріністі, тіпті, сағым шығар деп, сенбестей де халде болдық. Бұған қамалдың қотанына кіріп, өзімізге арнап босатылған үй-жайға кіргеннен кейін ғана

барып көзіміз жетті. Бұл үйдің иесінің бізге берген бір кесек наны (меймандостық көрсету гүрпы бойынша) дүниедегі ең асыл қазынадай көрінді. Ұзақ жемей жүріп, тоя нан жеудің азабы да аштықтан келгендер үшін аштықтың өзінен кем түспес еді. Осы себептен де әскери адамдардың ешқайсысы бірінші күні жарты қадақтан артық нан жеп қоймауы қатты қадағаланды. Ергеніне нан сонша мөлшерге ғана көбейтіліп берілді. Жұрт тамақтанудың әдеттегі мөлшер-шамасына қайта оралып, алдарына келген нанды аптығып қомағайланбай жейтін болғанға дейін әлгіндей сақтық шаралары қолданылды. Аштықтың азабын шегіп келгеннен кейін нанды артық жеп қойғанның зардабы қандай болатынын өз басымнан өткеріп, көзім жетті. Өйткені қамалға келген күні қожайынымыз әкеліп берген наннан бір қадаққа жақынын жеп алғаннан кейін-ақ мен асқазаным түйнеп ауырғаннан бірсыпыра азап шектім. Асқазаныма тас кептелгендей болып, тынысым тарылып, көзім қарауытқаны әлі есімде. Алайда бұдан әрі сақтық жасап, нәпсімді тыйғаннан соң, бірер сағаттан кейін қалпыма түстім.

Үй қамалына келген бетімізде сол сағатта едәуір мөлшерде азық-түлік жинап алып, жолда қалған әскерге алдынан алып шығуға бос аттар қосылған көлікпен жөнелттік. Оларға Тобыл өзенінің бойымен күндіз-түні ілгерілей беру бұйырылған болатын. Біздің жолда жүрген күніміз шамасында бас корпус сол тұсқа жақындауға тиіс еді. Біздің өзіміз жол азабынан құтылғаннан соң, олардың келіп жетуін осында тосатын болып, тынығуға ұйғардық.

Үй қамалы тұрғындарының меймандостығы мен жанашырлығы арқасында біз жолдың бар азабын бір-екі күннен соң-ақ ұмыта бастадық. Мен олардың ақжарқын, қонақжай пейіліне сүйсіне таңдандым, мұның өзі олардың табиғи жаратылысы ма, әлде аштық пен аурудан титықтап келген жерлестерін аяп, жандары ашығаннан ба, білмедім, олар әлі құрып бұралған адамдарды екі туып, бір қалғанындай бәйек болып күтті, ақы-пұл сұрамай-ақ, еш риясыз бар тамақтарын алдымызға тосып, ондағы тұрғындардың үйді-үйіне бөлінген адамдарды аяғынан бастырды. Осыншалық мейірімді адамдардың ортасына келіп жеткенімізге, бағымыз бар екен деп, дән риза болдық.

Үй қамалы осы елді мекеннен асып барып Тобыл өзеніне құятын Үй өзенінің сағасында орналасқандықтан солай деп аталған. Мұнда ағаштан қиып салынған бір шіркеу, қамал тұрғындарының 400-ге жақын үйі, әскери адамдар мен олардың үстінен қарайтын бастықтарына арналып салынған бірнеше қазыналық ғимарат бар екен. Бұл қамалдың гарнизонында бір рота драгун, біраз солдат бар, олардан тысқары жазғы алғы шептер мен орама жолдарды ұстауға 200-ден 300-ге тарта казак-орыстар, башқұрттар мен татарлар жіберіледі. Қызмет мерзімін бітіргеннен кейін сол маңға қоныстанып қалған

солдаттар астық өте жақсы шығатын жер алып, тоқшылық-молшылықта тіршілік ететін көрінеді, бұлардың жағдайы Жайықтың төменгі бойындағы қамалдарда тұратындардың жағдайынан көп ілгері. Кең жазық, орман-тоғай, көкорай шалғын, түйіскен екі өзеннің бойындағы балықты көлдер – бәрі-бәрі бұл село тұрғындарының молшылық тіршілігіне өте-мөте қолайлы көрінді. Онда, тіпті, майы шыққандай құнарлы қара топырақтан басқа топырақ жоқ, жерге егіс ексе, өнімі он есе молайып шығады. Қара бидай нанының молшылығы сондай, тіпті арзан, сондықтан астық өсірушілер жұмсаған шығындары мен еңбектерінің есесін қайтаратындай қаржы түсіре алмайды, өйткені ондағы селолардың бәрінде өз астықтары жетіп артылады; ал егіншілер өз еңбегінің өнімдерін әдетте сатуға апаратын қалалар мен сауда орындары ол жерлерден шалғай. Алайда бидай ол жерде қашанда өз бағасын жоғалтпайды, өйткені егін салуды кәсіп еткендер бидайын өз селоларында жақсы бағамен сата алмайтындай болған күнде, көбіне Троицк қамалына апарды, сол жерде көшіп-қонып жүретін қазақтар әр жазда осында келіп, мал, киіз-текемет және басқа да заттарын астыққа айырбастайды.

Бұл жердің тұрғындары осы шептің бойына келіп қоныстанған бастапқы уақытта өздерінің өнімдерін өз селоларында қазақтармен айырбастауына ерікті болған екен. Астық тағамдарына үйрене бастаған қазақтар топ-топ болып келіп, табын-табын сиыры мен қойын, үйірімен жылқысын қаптатып айдап, астыққа айырбастайтын болған, бұдан село тұрғындары пайдаға молығып, байыған екен. Астықтың мұншалық пайдалы екенін ұғынғаннан кейін, олар неғұрлым көп егін салуға тырысқан. Алайда мұның алдында біраз жыл бұрын жағдай өзгерген: сол маңда көшіп-қонып жүретін қазақтардан айырбастап алынатын мал-мүліктен алым жинаумен шұғылданатын мекемелер мен қызметкерлер жоқ қамалдарда астық саудасын жасау құқығы алынып қойыпты. Менің ойымша, бұл қазақтарды, басқа да сауда адамдарының бәрін Орынборға және Троицк қамалына барып айырбас жасауға итермелеу, сөйтіп, сол жерлерде баж салығын алып тұру үшін істелген.

Үй қамалының төңірегінде мекендейтін диқан халық арасында егін өсіруде де, үй шаруашылығы жұмыстарында да атап айтуға лайық еш ерекшелік жоқ. Жалпы алғанда, қара бидай мен жаздық бидай өсіруде олардың басқа егіншілерден асып түсетіндей ешқандай әдіс-амалдары жоқ, елді мекендерінің айналасындағы жерлердің құнарлылығы өте мол болғандықтан, еккен дән атаулының бәрі мол өнім береді; бұл жердің ауасы осы тұрғыда өте жақсы болу керек: өйткені Үй өзенінің ағысы бойында орналасқан Үй қамалы бұл өзеннің сағасына қарай орналасқан басқа қамалдардың бәрінен неғұрлым оң-

түстікке таман жайғасқан. Үй қамалы маңындағы жерлердің құнарлылығы басқаша болғандықтан, қарақұмық онда өспейді; осы себепті бұл жердің тұрғындары, бұл еңбектерінен ештеңе өнбегендіктен, қарақұмық сеппейтін болған. Қарақұмықтың есесі сұлы, бұршақ, тары, арпа өсірумен толтырылады.

Бақша көкөністерінен Үй шебі бойындағы тұрғындар сәбіз, капуста, қияр және қызылша секілді белгілі жемістерді өсіреді, бірақ олардың арасында қарбыз, қауын және басқа осы тектес бақша көкөністерін өсіретін әдет жоқ. Бұл өңірдегі жерде осының бәрі мол өнім береді, ал Тобыл және Үй өзендерінің жағасындағы құнарлы жерлерде өсірілетін көкөніс дақылдарының өнімділігі ерекше болатыны атап айтуға лайық.

Үй қамалынан солтүстік батысқа қарай жүргенде, онша алыс емес тұста бор және әк таулары бар. Оларда сапасы жақсы бор және әк тастарынан басқа атап айтарлықтай еш нәрсе жоқ. Бірақ осы заттардың өздерін де ол жердегі елді мекендердің тұрғындары пайдаға асырмайды; өйткені бұл заттардың қай-қайсысы да өздерінің тұрған жерлерінде тастан қалап үй-жай салатын әдеттері бар адамдар үшін ғана пайдалы. Жұрттың айтуынша, бұл таулардың арғы бетінде, Қазақ даласы жағында қына таулары бар деседі. Сол өңірдегі қамалдарда тұратын драгундар оны әскери керек-жарақтарын, әбзел, белбеу секілді және басқа да заттарын бояуға пайдаланады екен.

Маусым айының басында бас корпус келіп, бірі күні түске таман Үй қамалына кірді. Корпустағы адамдардың жартысынан астамының адам сиқы қалмаған деуге болатындай еді. Барлығының аштықтан ісінгені өз алдына, әбден әлдері қалмағаны соншалық, драгундардың ер-тоқымдарын көтеріп алуға шамалары келмей жатты. Қан-сөл жоқ, аппақ құдай болғандығының үстіне, жолда киімдерінен де сау-тамтық қалмаған, борша-боршасы шыққан қалыптары кісі аярлық. Осынау азапты жорықтан оралған адамдарды көзбен іздеп те әуреленбеуге болатын еді: жорықта қыр жолының барлық бейнетін тартып келген адамдар өз мекендерінде отырған мұндағы халықтан мүлдем окшау қалпымен бірден мен мұңдалап тұратын.

Олар Үй қамалына келіп жеткен күннің ертеңіне біздің әскердің шекараға оралғаны туралы және қайтып келуге мәжбүр еткен себептер туралы егжей-тегжейлі хабарлау үшін Орынбор бастықтарына арнайы шабарман аттандырылды. Бұл екі ортадағы он күнде азапты сапардан оралғандар естерін жиып, әлденіп тынықты, ауру адамдар емделді, жоғарыда айтылғандай, мұндай науқастар жорықтан қайтқандардың тең жартысынан астамы болып шықты. Жорықтық бүкіл қиын-қыстау жағдайында көрген азабымыздан болған кісі шығыны тым көп деуге келмейді: өйткені осы Үй қамалына келгеннен кейін

қаза тапқан адамдарды түгел қосып есептегенде бұл жорықта өлген әскер саны қырықтан асқан жоқ.

Арада он күн өткеннен кейін Орынбор бастықтарынан генерал-майор фон Траубенберг мырзаға бұйрық келіп жетті: Қазақ даласынан оралған корпустан жарамды адамдарды іріктеп алып, оларды ауа қашқан бүлікшілердің алдынан Алтай тауларына Сібір шебінен аттанатын полктарға қосу жөнінде әмір берілген екен. Осыған орай қажетті даярлық жасалып, бұл жаңа жорыққа жарамды адамдар іріктеліп алынды. Әскердің бұл бөлігінің бастығы болып подполковник Рычков мырза тағайындалды, ал генерал-майор фон Траубенберг мырза Орынбор шебіндегі қамалдарда тұратын әскери команданың бастығы қызметінде қалды.

Сібір шебінің барлық бөлімдері академик Паллас мырзаның арнайы суреттеп жазуына қалдырылғандықтан, менің ол жаққа жол тартуымның қажеті болмады: жоғарыдағы жорықтың маған бұйырылған жоспары бойынша, Қазақ даласына сапар аяқталғаннан кейін, маған бірден Орынборға келіп, сол жерде өзге табиғат зерттеушілер сипаттап жазбаған жерлерді аралап кіргеннен соң, Санкт-Петербургке оралудың қамына кірісу тапсырылған еді. Осы себептен мен жолға шығуға даярлық жасап, 14-і күні аттанып кеттім, бұл жол Орынбор шебін бойлап, Орынбор қаласына баратын еді.

Үй қамалынан шыққан жол Үй өзенінің бойымен өрлеп, бірде жазық жермен, бірде жатаған жоталардың ара-арасымен өтеді; жоталардың баурайлары мен беткейлерінде шоқ-шоқ орман-тоғай жазғы келбет-көркімен көз тартады. Қамалдан 23 шақырым жерде Луговой далалық бекінісі тұр. Оның бұлай деп атануы Үй өзенінің шалғынды бетінде салынғандықтан болуы керек. Бекіністен өткеннен әрі Крутоярск қамалы келеді, ол да осы өзеннің тік жарқабағына жалғас салынған. Бұл елді мекеннің маңайынан мен елең еткізерліктей ерекшелік байқамадым. Ол төртбұрышты ағаш дуалмен қоршалған, мұнаралары мен кертпеш ойықтарынан оқпаны үңрейген бірталай зеңбіректер тұрғаны көрінді. Мұндағы үй-жай, құрылыстар Үй қамалындағыдай көп емес, тұрғындарының тұрмысы да ондағыдан біршама жұпынылау екен.

Үй өзенін бойлай өрлеген жолда бұл қамалдан әрі 20 шақырым жерде Березов бекінісі бар, оның аты да осы төңіректе біріне-бірі жалғасып жатқан шоқ-шоқ қайынның көптігіне орай қойылғаны күмәнсіз. Осы шоқтардың арасынан өтер кезеңдерде жорғалаған, ұшып жүрген ұсақ жәндіктер көп екен, мұны айтып отырғаным, олардың арасында ғалымдар румин деп ат берген көбелектер көп көрінді.

Березов бекінісінен әрі Қаракөл қамалы келеді, ол осы қамалға жақын жердегі Қаракөл көлінің атымен аталған. Мұнда ағаштан

бой көтерген бір шіркеу, 150-ге тарта үй бар, оларда басқа да қамалдардағы сияқты қызметтерін өтеген солдаттар және бір рота далалық команда тұрады. Үй өзенінің құнарлы жағалауында балықты көлдері көп болуы себепті, мұнда қыр шағалалары және осы елдің табиғатына бейімделген басқа да құстар көп, олардың арасында көлдерге ұя салатын қызыл үйректер бар екен.

Қаракөл қамалынан шыққан жол қыратты жермен өрлеп, бұл қыраттың жоталары осы қамалдан 53 шақырым аралықтағы Троицк қамалына дейін жалғасады. Троицк қамалы Үй өзеніне келіп құятын Увелки өзенінің сағасына жақын салынған. Ол — Орынбор губерниясының бүкіл жеріндегі барлық елді мекендердің ішіндегі ең атақтысы. Өйткені Ресей көпестері мен Оңтүстік Азияның іргелес жерін мекендейтін көптеген қыр халықтарының арасындағы сауда осында өтеді. Бұл арадағы саудаға түсетін дүние-мүліктен ең бастылары — көрші қазақтар айдап әкелетін мал, бұхаралықтар, қашқарлықтар, түрікмендер, хиуалықтар әкелетін мақта-мата және басқа да көптеген азиялық тауарлар. Троицкідегі сауданың жай-жапсарын түгендеп айтып жату бұл арада артық деп ойлаймын; бұл туралы анық дерек-хабар білгісі келгендер Орынбор типографиясын оқи алады, онда бұл мәселеге қатысты егжей-тегжейлі баяндалып жазылады. Орайы келгенде айта кетейін, Еділ қалмақтарының ауа қашуы саудаға орасан зор зиянын тигізді, сол себептен мемлекеттің және халықтың мүддесіне көп нұқсан келтірді. Өйткені бұл бүлікшілердің ойламаған жерден, тұтқиылдан басып кіруі ол төңіректегі халықтарды абыржытып, түршіктіргені соншалық, осы бір нөпір тасқын түгел өтіп кеткенше ешкім де өз елінен асып жолға шыға алмады. Жерін ұзына бойынан кесіп өткен бүлікшілерден қауіптенген қазақтардың өз Ұлыстарын олар жете алмайтындай маңға алып кетуге тырысқанымен, осындай сақтық амалдарын жасағанына қарамастан, жан-жаққа жайыла ілгерілеген сан мың тобырдың қолына түсіп қалып, жем болған жағдайлар аз ұшырасқан жоқ. Қалмақтар қазақ жерінен кеткеннен кейін, саудаға келіп жүрген адамдар өздерінің әдеттегі кәсіптеріне кірісуге әзірлене бастағанымен, мұның өзі бұрынғы жылдардағымен салыстырғанда болмашы ғана іс болды. Қысқасын айтқанда, қалмақтардың ауа қашуы Орынбор губерниясын мекендеген халықтардың тыныштық-берекесін алып, талай зиян келтірді. Осы бір оқиғадан шеккен бүкіл зиянның есебіне жетемін деудің өзі шамадан тыс әрекет болар. Оның мән-жайына ден қойған адам осы бүлікшілерге қарсы қыруар адамы бар екі корпустың аттандырылуынан қазынаның талай шығын тартқанын жобаласа керек. Сол жылы коммерцияның бүлінгені және осы себепті Орынбор губерниясында түсіп тұрған мол кіріс-пайда-

ның тоқтап қалғаны да – соның қырсығы. Ақырында, мал өсірумен шұғылданатын осы халықтың келтіріп отырған пайдасынан айырылғанымызды айтсақ, мұның бәрі қаншалық көп шығын екенін ашық ұғынуға болар.

Троицк қамалынан асқаннан кейін менің зерттеу жұмыстарым тамамдалды. Өйткені Орынбор шебінің бойындағы ұлан-ғайыр губернияның ең бас қаласына дейінгі аралықта жатқан елді мекендердің барлығы академиктер Паллас пен Лепехин мырзалар зерттеп жазған жайттар еді. Олар өткен жазда осы жерлердің бәрін зерттей жүріп аралап өткен-ді. Енді менің тіке Орынбор қаласына жетуім ғана қалған. Мен башқұрт жұрты арқылы жүргеннен гөрі, осы шекаралық шептің бойымен барғанды дұрыс деп білдім, өйткені башқұрт жерінің жолы киын болғандықтан, басы артық бірнеше күн босқа бөгелетін едім.

Мен ендігі Губерлин тауларына жетіп қалған болатынмын. Қазақ еліне барған жорық жолындағы көрген азаптарымыздан кейін “ауырып қалармын” деген қатер ойыма да келмеген; алайда бұл пікірім алдамшы екен. Осы таулардың орта тұсынан енді ғана асқан сәттен бастап тұла бойым қалтырап, денем қызып, қатты ауырғаным сондай, сырқат азабынан Орынбор қаласына құр сұлдерім ғана жетті. Сол жығылғаннан маусым, шілде бойы, одан тамыздың ортасына дейін жаттым. Ондағы дәрігерлердің күш салуымен екі жарым ай дегенде айғып, тәуір болып шықтым.

Маған тапсырылған жұмыстардың тамамдалуы Уфа өлкесінің қалған бөлігін аралап көруге байланысты еді, оған мен тамыз айының ортасында Орынбордан жүріп кеттім. Орынбор мен Уфа қалаларының арасындағы өңірді сипаттаудың бұл жерде керегі жоқ. Ол жерлердің біразын академик Паллас мырза, енді біразын академик Лепехин мырза аралап, зерттеген болатын. Орынбордан шыққаннан кейін үшінші күні Уфа қаласына келдім, ол арада ертеңіне қаладан 4 шақырым жердегі Дюма өзенінің сағасына қарай жүріп кеттім...

[Капитан Николай Рычковтың 1771 жылы Қазақ даласына жорығының күнделік жазбалары // *П. И. Рычков, Н. П. Рычков. Капитан жазбалары / Тәржімелеген Р. Қ. Шәймерденов. Астана: Аударма, 2002. 71–141-бб.*].

В. К. фон-Герн

Қазақ халқын ақ патша билеген отаршылдық заманындағы салт-тұрмыс жағдайын, әдет-ғұрпы менен ырым-сырымдарын, халықтың кәсіп-шаруаларын, мінез-құлқын, т. б. этнографиялық ерекшеліктерін сипаттауға бағышталған пікірлер, кейбір мақал-мәтелдердің мәнісін түсіндіруге арналған анықтамалар жинақталынған.

Қазақ халқының қандай халық екенін сол кезеңнің тұрғысынан анықтауға бұл материалдардың септігі тиетіндігі сөзсіз. Одан біз отарланушы халықтың көзқарас, мінезіндегі кейбір ерекшеліктерді байқаймыз.

Характер и нравы казахов

Кочевые степняки, составляющие главную массу населения Степного края, называют себя не киргизами, как мы их называем, а казахами. Названием же “кыргыз” они отличают отдельную отрасль своих горных родовичей, носящих официальное и принятое у нас название “каракиргизов”.

Как казахи, так и кыргызы вообще и до сих пор отличаются приветливостью, добродушием и гостеприимством, которое возведено у них даже в культ. Оставшийся без угощения путник и в настоящее время — ослабления патриархальных нравов, по обычаю, имеет право заявить об этом бию (казахскому народному судье), как о несоблюдении и даже оскорблении священного обычая гостеприимства (конакасы) *(В традиционном обществе казахи каждого гостя принимали радушно, вполне убежденные в том, что гость посылается от Бога. Отказать посланному Богом гостю, значит, навлечь на себя гнев Божий. На этом основании каждый казах, богат ли он или беден, принимает и угощает гостя тем, чем только может. Отказ в оном наказывается штрафом (айып) — ат-тон, т. е. лошадь с халатом, бывает, кроме того, поводом общественного презрения к отказавшему. По казахским историческим преданиям начало традициям гостеприимства положил легендарный родоначальник казахов — Алаш).*

Из существующих для объяснения обязательности для кочевника обычая гостеприимства приведем две казахские пословицы, рельефно обрисовывающие понятие казахов о гостеприимстве.

По первой пословице:

**“Қонғанша — қонағы ұялады,
Қонғаннан соң үй иесі ұялады”,**

т. е. “гость совестится перед тем, что воспользуется гостеприимством для ночлега, а хозяин юрты совестится после того, как гость ночевал у него”. Стыдливость гостя объясняется боязнью обеспокоить хозяина и ввести в расходы по случаю посещения его юрты, так как для угощения приехавшего гостя, по древнему обычаю, должно быть заколото одно из лучших употребляемых в пищу животных (баран или лошадь — смотря по общественному положению, занимаемому гостем), и при отъезде он должен получить соответствующий своему положению подарок — более или менее ценный халат и даже коня

(Автор имеет в виду обычай, существовавший у казахов в прошлом – қалау. Гость по своему выбору имеет право взять любую вещь, понравившуюся ему в юрте. Более того, сам хозяин должен потребовать, чтобы гость высказал свой қалау или бұйымтай, как еще говорят. В традиционном обществе поступок гостя, отказавшегося от қалау оценивался как неуважение к хозяину или даже к целому аулу. В традициях қалау явно просматривается пренебрежительное отношение казахов к материальным ценностям, к крохоборству).

Стыдливость же хозяина объясняется боязнью того, что гость мог чем-нибудь остаться недоволен его гостеприимством и как по пути, так и возвратившись домой, в среду своих родовичей, пустить позорящую доброе имя степняка молву о его скупости и несоблюдении обычной гостеприимства.

Вторая пословица говорит:

**“Қонағыңның алтынын алма,
Батасын ал”,**

т. е. “не бери золото (твоего) гостя, а возьми (прими) его славославие (благодарность в виде молитвы)”.

Автор “бұл дерек 982 жылы парсы тілінде “Худд әл-әләм” (“Әлем шекаралары”) атты Алан мемлекеті мен оның қалалары жайында жазылған кітапта кездеседі” деп көрсетеді.

[Бәдірленов Р. “Қазақ” атауының төркіні туралы
// Ленин туы. 15, 16 наурыз 1990]
(Бұл бұлақты біз түпнұсқадан қарай алмадық).

* * *

2

“Алазон”, “Алшын” және **“Қазақ”** дегеніміз – бір

Тарихшы М. Тынышбаевтың **“қазақ”** этнонимі туралы айтқан “Тарихшы Геродоттың (х. т. дейінгі V ғасыр) *“Алазондары”*, х. т. кейінгі I ғасырдағы Плинийдің *“Азоктары”*, Святослав (968) пен Мстиславтың (1022) *“Косогтары”*, Никон жылнамасындағы (1223) *“Қасахтар”*, Византия императоры Константин Багрянородный (X ғ.) мен парсы ақыны Фирдоусидің *“Қазақиясы”* және *Алшын-казактар* мен XV ғасырдағы *қазақтар* арасындағы генетикалық байланыс пен ұқсастықты анықтай келіп, оларды мұқият іріктеп алып, ...*Алазон*, *Алшын* және *Қазақ* дегеніміз бір, *Алазон (Алшын)* х. т. дейін кеш дегенде I ғасырда *Азов* теңізінің шығысында, Донның арғы бетінде және еуропалық Ресейдің оңтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы далаға, ал содан соң Қара теңіз бен Азов теңізінің және Кавказ тауларының

солтүстігіне қарай қоныстанған болуға тиіс” деген қорытындысын Жақып Ақбаев та мақұлдайды.

[қар. Құл-Мұхаммед М. Алаш ардагері – Жақып Ақбаев. Алматы, 1996. 160–161-бб.]

* * *

3

“Алаштан – Жайылхан – одан Майқы – одан Сабиян – одан Айырқалпақ – одан қазақ тараған”

Қазақтың белгілі ақыны Н. Наушабаевтың жариялаған шежіре кітабында: Түркі әулетінің бастаушысы *Алаштан* екі ұл – *Сейілхан*, *Жайылхан* болған; оның біріншісінен 8 тармақты *түркімендер* тараған, екіншісінен *Майқы* туған. *Майқыдан* – *Өзбек*, *Сабиян*, *Сабияннан* – *Айырқалпақ*, одан *Қазақ* пен *Созақ*, *Созақтан* – *Қарақалпақ*, *Қазақтан* – *Ақарыс*, *Жанарыс*, *Бекарыс* ... тараған деп көрсетіледі.

[Наушабаев Н. Манзумат Қазақия. Қазан, 1903]

** *

4

Алтайды мекендеген қарлұқтар... тоғыз ұлысқа бөлінеді: бұлардың үш тайпасы – *чығыл*, үш ұлысы – “*қазақ*” – деп көрсетіледі...

Бұл дерек араб саяхатшысы және жазушысы Мұхаммед әл-Ауфидің 1228 жылы Үндістанда жарияланған “*Таңдаулы әңгімелер мен аңыздар жинағы*” атты кітабында көрсетіледі. Бұл деректі келтіріп отырған автор оның мән-жайын түсіндірмейді.

[Бәдірленов Р. “Қазақ” атауының төркіні туралы // Ленин туы. 15, 16 наурыз 1990].

5

Алтын Орда қыпшақтары, Шағатай ұлысындағы *Арғындар*, жоңғарлардың көршілері – *Үйсіндер* өздерін *қазақ* деп атаған...

Кезінде Ш. Уәлиханов: “Қазақ хандығының құрамына енген Алтын Орда қыпшақтары, Шағатай ұлысындағы *Арғындар*, ұйғырлар мен жоңғарлардың көршілері – *Үйсіндер* де бар” дей келіп, ол: “Бұл халық өздерін Қазақ деп атайды, көршілес қырғыздар да оларды солай атайды” деп жазды.

[Уәлиханов Ш. Тандамалы. Алматы, 1960. 11-б.]

Бір кездерде қазақтың “*өзбек-қазақ*” деген қосарланған атауы болған

1. Бұл деректің тарихи себептерін тарихшылардың (С. К. Ибрагимов, В. П. Юдин, М. Хайдар Дулати, т. б.) мына анықтамаларынан анық көруге болады:

1. “На рубеже XV–XVI вв. на современной территории Казахстана из государственного объединения кочевых узбекских племен во главе с Абулхаир ханом выделяются новые феодальные владения, впоследствии оформившиеся в отдельное Казахское ханство. В начале же XVI в. некоторые кочевые племена, населявшие бывший узбекский улус (найманы, курлеуты, кунграты, кытай, кушчи, уйгуры, ички, дурмены, кияты, тангуты, чимбаи, шадбаклы, шункарлы и туманы)* во главе с сыновьями и внуками Абулхаир-хана навсегда уходят в Мавераннахр и Хорезм и вместе с собой уносят наименование “*узбек*”. В свою очередь термин “*казах*” прочно закрепляется за родственными “*узбекам*” родами, оставшимся на современной территории Казахстана, как их этническое название. Однако вопрос о происхождении и значении слова “*казах*”, как и в целом вопрос о сложении казахской народности и об образовании Казахского ханства, до сих пор остается неразрешенным...”

[Ибрагимов С. К. Еще раз о термине “казах”// ТИИАЭ АН КазССР. Т. 8. 1960. С. 66]

2. Бұл атаудың пайда болуына байланысты шығыстанушы В. П. Юдин былайша түсіндірме береді:

“Следует отметить также, что в правление Эсен-Буги в Могулистане появились казахи во главе с ханами Кереем и Джанибеком. Эти джучиды возглавляли часть улуса, подчинявшегося хану узбеков Абу-л Хаиру, т. е. они стояли во главе части кочевых узбеков Казахстана. Они заняли места на Чу и около *Козы-Баши* и стали буфером между *Эсен-Бугой* и *Йунусом*, расположившимся в Могулистане, к северу от Зайлийского Ала тау. Откочевка Керее и Джанибека произошла в 870 г. р. х. (1465/66 г. н. э.). Так принято толковать указание на эту дату в “Тарих-и Рашиди”. Однако Мирза Хайдар говорит, что с этого года началось правление казахских ханов, а не произошла откочевка. Эта часть узбеков получила название *узбек-казахов*,

* “Тарихи Абулхаир-хани” Масуда бин Османи Кухистани – РКП ИВ АН СССР. С. 478. Л. 222а; “Шайбани-наме” Бенаи, РКП ИВ АН УзССР. № 844. ЛЛ. 1–2.

т. е. узбеков-беглецов”. Впоследствии это имя сократилось до слова *казақ//казах* и стало самоназванием народа”.

Бұл түсіндірме бойынша: “Қазақстан жерінде құрылған Қазақ хандығына енген өзбектер тарихта “*өзбек-қазақ*” деп аталып, “*қазақ*” сөзі “*қашақ, қашқын*” мағынасында көшпелі өзбектерді білдірген” (Юдин В. П. Центральная Азия в XIV–XVIII веках глазами востоковеда. Алматы, 2001. С. 194) – деп көрсетеді.

Орта Азияда XV ғ. екінші жартысында Әмір Темір әулетінің билігі жүре бастауының бір себебін В. П. Юдин былай деп түсіндіреді:

“Наиболее грозной силой, однако, в конце XV в. стали так называемые кочевые узбеки (т. е. казахи – Ә. К.) Казахстана. Мухаммад Шайбани хан, объединив значительную часть их, благодаря также поддержке, оказанной ему ханами-чагатаидами Могулистана, начинает свой победный марш по Средней Азии. Он добывает здесь последние тимуридские владения, в начале XVI в. подчиняет джучидам – шайбанидам всю Среднюю Азию...”.

[Юдин В. П. Центральная Азия в XIV–XVIII веках глазами востоковеда. Алматы: Дайк-Пресс, 2001. С. 187]

3. Қазақ хандығының жеріне көшіп келіп жайғасқан тайпалар кезінде “*өзбек-қазақ*” аталғандығы жөнінде М. Хайдар Дулати да ескертеді. Ол: “Қазақ тарихында Әбілхайыр хан өлгеннен кейін оның елінде үлкен жік шығып, халқының көпшілігі Қозы басында (Шу бойында) хандық құрған Жәнібек пен Керей тағына бет бұрады. Олардың саны 200 мыңға жетеді. Міне, осы тұста қазақтар “*өзбек-қазақ*” атана бастады” – деп көрсетеді.

Ел аузында сақталған “*өзбек өз ағам, сарт садағам*” деген сөз бір ұлыста ғұмыр кешкен өзбектердің туыстығын және олармен жіті араласқан иран тектес әлеуметтік топтардың (*сарттардың*) өздерінен бөтендігін аңғартып тұрған сияқты.

4. Бұл жағдай ресми түрде “Қазақ ССР тарихында” да көрсетіледі. Тарихи әдебиетте: “*өзбек*” ұғымы әуел баста жергілікті түрік және Дешті Қыпшақтың түріктенген тайпалары одағының этностық-саяси атауы ретінде (әлі этноним бола қоймаған) қолданылды” деген пікір орныққан. Қазақ халқының құрылуымен жинақтаушы этностық-саяси “*өзбек*” ұғымы өзгерді. Қалыптасқан қалыпты деректемелерде “*өзбек-қазақты*” кейін “*қазақ*” деп атай бастады”, – деген мағлұматты оқимыз.

[Қазақ ССР тарихы. Бес томдық. 2-том. Алматы, 1981. 264-б.]

* Тарих-и Рашиди. Ағылшын тіліндегі толық аудармасы. The Translation by E. Denison Poss. London, 1895. – TR. Poss.

В древнюю эпоху из двух этнических компонентов мог возникнуть третий: *кас* + *сак* = *казах*

Белгілі тарихшы ғалым А. Н. Бернштам өзінің осы тұжырымын дәлелдеу үшін көптеген тарихи бұлақтар мен деректерге шолу жасай келіп: “Мы считаем, что этноним **“казах”**, сложившийся в наше время из тюркских слов, происходит от названия древних племен **“каз”** и **“сак”**. Исторических аналогий здесь предостаточно” деп қорытады.

Тарихи-салыстырма деректер көп деуіне байланысты автор *каз* > *қаз* және *сак* > *сақ* атауларының көптеген көне, сонымен қатар кейінгі бұлақтарда кездесетін тұлғалары мен баламаларын келтіреді. Солардың қатарында, мәселен, *Каспий* теңізі атауындағы *кас* > *қас* тайпасы мен скиф тайпасының ортаазиялық бөлшегі – *сақ* тайпасы болғандығын және сол *хазар*, *каспи* атауларының **кас* > **қас*, **каз* > **қаз* болып қысқару себебі (акад. Н. Я. Маррдың пікіріне сүйеніп) сөз соңындағы көптік мағынасындағы ру-тайпа аппелятивті **ни*, **ар* элементтерінің түбірден ажырап, түсіп қалуына байланысты деген пікір аңғартады. Мысалы, “Из первого компонента этнотермина **“казах”** мы видим название племени **“кас”** или его следы, сохраняющиеся в названии *Каспийского* моря, а во втором компоненте этого термина – **“сак”**, мы видим название одного кочевого племени, образовавшего в Средней Азии крупное этнополитическое объединение, племени *саков*. Из двойного названия племени **“касак”** со временем выпала буква **“с”** и произошел современный этноним **“казах”** – деп көрсетеді автор (оқырмандарға осы мақаланың өзін оқып шығуды ұсынамыз).

[*Бернштам А. Н.* Этимология слова **“казах”** и проблемы этногенеза казахского народа // Қазақстан мектебі. 1967. № 6. 81–85-бб.].

Ежелгі қытай жылнамаларында **“үйсін”**, **“усунь”**, яки **“асу”** деген ұлыс аттары **“қазақ”** атауының дыбыстық баламасы саналған...

Бұл пікірін Р. Бөдірленов тиісті қытай тілі деректерімен дәлелдейді.

Дегенмен **“үйсін”** атауының **“қазақ”** атауына ауысуын, не дыбыстық баламасы болуын қабылдау қиын.

[*Бөдірленов Р.* “Қазақ” атауының төркіні туралы // Ленин туы. 15, 16, наурыз 1990].

Ел аузындағы бір аңызда: қазақтар ертеде “Махмут дана” деген әділ қазы – Майқы бидің атымен “қазы ақ” болып аталып кетіпті...

Бұл аңыздағы “қазы ақ” (“әділ қазы” мағынасында) тіркесінен “қазақ” атауы шығыпты” деген жорамалды басқа авторлар да қайталайды. Алайда, мұның шындыққа жанаспайтын басты себебі – тіркестің қазақ (жалпы түркі тілдерінің) грамматикалық жүйесіне жанаспайтыны. Ал, онымен салыстырылып көрсетілетін *Қыз Жібек*, *Баян сұлу* тіркестерінің табиғаты басқа.

[*Оспанұлы Н.* Қазақ шежіресі. Үрімжі, 1996. 80–84-бб.]

Ертедегі (б. з. д. 250–100 жж.) Үйсін ұлыстық одағының адамдары өздерін Қытай императорына “қассакпыз” деп таныстырған

Бұл деректі Қытай Халық Республикасының тарихшылары жариялаған “Солтүстік-батыстағы аз ұлттар тарихының деректері” (Шинь-Ань, 1955) атты жинағынан алып, тарихшы М. Ақынжанов өз еңбегінде жариялаған.

Үйсін ұлысы адамдарының сол кезде өздерін “қас үйсін” демей, “қас сақ” деп таныстыруының себептерін автор өзінше былай деп түсіндіреді: Қытай императорының үйсіндермен өзінің қас жауы ғұндарға қарсы соғыс одағын жасауы, ол одақты нығайта түсу үшін екі рет өз қызын Үйсін патшасына (гунмосына) ұзатып, асыл бұйымдар жіберіп, жақындаса түсуі сол кездегі Үйсін мемлекетінің халықаралық салмағының зор болуына байланысты еді. Осыған орай үйсіндердің өздерін “үйсін” деп емес, “қассак” деп таныстыруының бір себебі: үйсіндер өз жұртының тұқымы болып, өз беделін көтере түсу үшін өздерін жержүзіне даңқы шыққан жауынгер *сақ* (қытайша – *сэ*) деген елдің атымен атағандығы. Екінші себебі ретінде автор *қас* (қассактағы) сөзінің “нағыз” деген ұғымын аңғартуына (“нағыз сақ”) байланысты дейді.

Көне үйсін ұлысының өздерін “қассак” деп таныстыру себептерін автор осылайша түсіндіріп, өз тарапынан:

“Қазақ” деген сөз біздің заманымыздың IX–X ғасырларында халық аты болып, XIV–XV ғасырларында мемлекет аты болып орнықты. Кейбіреулер осы соңғыны қазақтың атының да, өзінің де шыққан кезі деп келді. Ол дұрыс емес” деп қосады.

Автор сондай-ақ “қазақ” атауының қолданыстан шығып қалған кезеңін де, оның 1925 жылы ресми түрде халық, мемлекет атауы болып қайта оралғанын да ескертеді.

[Ақынжанов М. Қазақ халқының аты туралы дерек // Қазақ әдебиеті. 27 қараша 1959]

* * *

11

“Жасаққа – қосақ” дегендегі қосақ –
“қазақ” атауының негізі...

Мұхтар Арын өзінің бұл пікірін былайша дәлелдейді: “Жасақ” деген моңғол сөзі, ол – қазақ тіліндегі *садақ* сөзінің баламасы “*зевцах*” деген атау. Тарихи деректерден бізге белгілі жайт – *садақ* Шыңғыс ханның сарбаздарының ең басты қаруы болған. Содан да болса керек, бірте-бірте “*зевцах*” сөзі жалпылама “*қару*” деген мағынаны білдіре бастады. Біздің қазақ оны “*жасақ*” дейді. Біртіндеп барып “*қару*” деген мағынадан да көлемін ұлғайтып, жалпылама “*армия*” деген мағынаға ұласқан. Қазақ тіліндегі “*жасақ*”, міне, осылайша әскери терминге айналды”, – дей келіп, – “Біз (қазақтар. – Ә. Қ.) Шыңғыс ханның жорығына жол-жөнекей *қосақталып* кете берген сияқтымыз. Сондықтан да ата-бабаларымыз Шыңғыс хан жорықтарына қатысып, “*Жасаққа – қосақ*” болуына байланысты “*қосақтар*” деп аталып, кейін “*қазақ*” болып қалыптасқан. “Ал енді орыстардың “*казак*” деп аталатын бөлшегі де Шыңғыс ханға өз еркімен келіп қосылғандар шығар”, “*Қазақ*” пен “*казак*” сөзінің сәйкестігі тегіннен-тегін емес” дейді. Автор: “*қосақ*”, “*қасоқ*” (Кавказда) – “*хесақ*” (моңғолша әскери термин), “*казак*” және “*қазақ*” – осының бәрі “с”, “з” дыбыстарының өзгеруіне байланысты “*қазақ*” этнонимінің варианттары болып саналады деп қорытады.

[Арын М. Төртінші анық. Тарих // Бес анық (тәрбие туралы толғамдар). Алматы, 1996. 33–46–бб.]

* * *

12

“Захияның арғы жағында – Панагия, Панагиядан өрі – *Қасақия, Қасақияның* сырты – Кавказ тауы, одан арғы жағын аландар мекендейді”

Византия императоры Константин Багрянородныйдың (905–959) бұл пікірі (қазақша аудармасы) “Географический-статический словарь Российской империи” (М., 1899) атты еңбекте бір кездердегі Кавказ

тауының батысын мекендеген Албан елінің құрамындағы *касогтарға* байланысты айтылып отыр.

Осыған орай тарихшы Б. Қожабекұлы былай деп жазады: “*Касогтар* (касоги)” атауының орыстың *казак* атауына да тікелей қатысы бар. Мұны орыс ғалымдары өткен ғасырдан бері ара-тұра айтып келеді. К. Багрянородныйдың айтып отырған “*Қасақиясы*” да — осы *касог* халқы. Соған қарағанда, бір кезде Кавказ тауының батысын мекендеген халықтың X ғасырда Святославпен соғысқанын, олардың ұрпағы 1865 жылға дейін Ереван, Тифлис губернияларын мекендегенін орыс жылнамалары да жазған. Клапрот та: “Шеркештер де, *касогтардың* арасындағы қарақалпақтар да Арал қарақалпақтарының туысы болуы мүмкін”, дей келе: “Сол *касог* атаулы халықтың тұқымы 1829 жылға дейін санатта болған, сол жылы Армян облысындағы *касогтар* 844 түтін екен” — деп көрсетеді”.

[Қожабекұлы Албани Б. Қазақия. Алматы: Ататек, 1998. 19–20-бб.]

* * *

13

Казак восходит к языкам монголов и калмыков, где *ко* — “латы”, “броня”, “панцырь”, соединенное с *Закчи* или *Зах* — “сторож”, дает — *Козак* — “охранитель границы”, “военный страж”

П. Бутковтың [О имени *казак* // Вестник Европы. 1822. № 21. ноябрь] бұл пікірімен келісе қоймаған Дж. Коков [К истолкованию топонима “Черкесы” и слова “*казак*” // “Ученые записки Кабардино-Балкарского государственного университета. Серия филологическая. Вып. 25. Нальчик, 1965. С. 4]: “Нельзя не заметить, что “соединение” (а точнее, соположение) этих двух основ произведено здесь механически, по их созвучию соответствующим слогам этимологизируемого слова, такое соположение семантически не связуемых основ не подтверждается фактами монгольских языков — ни их лексикой и семантикой, ни действующими правилами в области синтаксиса словосочетания. О монгольской этимологии этого слова из зафиксированного в “Сокровенном сказании” (XIII в.) словосочетания *хасаг тэргэн* “название колесного транспорта”, — дей келіп төмендегі еңбекке сілтеме жасайды [Pelliot P. Notes sur l'histoire de la Horde d'OR. Paris, 1949. S. 215–220].

[Семенов А. А. К вопросу о происхождении и составе узбеков Шейбани-хана // Материалы по истории таджиков и узбеков Средней Азии. Вып. 1. Сталинабад, 1954. С. 36]

Этноним **“Казак”** зародился намного раньше эпохи возникновения Казахского ханства Джанибека и Гирея (XV в.)

“Казак” этнонимінің шығу төркіні, таралу мерзімі мен аймағы туралы айтылған көп пікірлерден өзгешелеу тұжырымды журналист Амантай Айзахметовтың еңбегінен кездестіреміз. Ол: “...и, вообще, кто они такие — эти *казахи*? Откуда они пришли в эту Великую Степь? Или они — автохтоны этой земли? А если же нет, то где их прародина, кто их праотцы и какой у них был праязык???” — деп үш сауал белгісін қойып, соған өзі төмендегіше жауап береді:

“Почему-то древнейшая история развития мировых цивилизаций начинается с фараонов Египта, с царей Двуречья, Древней Греции, Древнего Рима. И в этой цепи возникновения и развития мировых цивилизаций, в ее последовательности, на мой взгляд, упущено важное звено. Я тут произнес имя народа — *казахи*. И вот почему. На мой взгляд, с помощью языка этого народа можно определить происхождение чуть ли не всех древних топонимов мира, этногенез племен и народов земли, отличить собственные имена мифических героев от имен нарицательных, указать пути движения народов в те далекие незапамятные времена и представить себе четкую картину возникновения древнейших мировых цивилизаций”.

“Я считаю, что этноним *“казах”* зародился намного раньше эпохи возникновения Казахского ханства Джанибека и Гирея (XV в.), о чем свидетельствуют византийские, мусульманские и древнерусские источники”. “...Именно тогда (т. е. в V веке до Рождества Христова) племена *асов, каи* и *сиров*, покинув Кипр, двинулись в сторону Алтая, а часть их, повернула в сторону Кавказа и южнорусских степей и положила там начало этнониму **“казах”**. После второго нашествия монголов все племена и племенные союзы Казахии южнорусских степей вошли в состав Золотой Орды...”.

[Айзахметов А. Колыбель царей человечества.
Тараз: Сенім. С. 3–4.]

“Казак” появился, очевидно в IX–X вв.

Осылай деп топшылаған В. Шахматов көптеген деректерде **“қазақ”** атауының әр кезде және әртүрлі аймақтарда (шығыс славяндар арасында, Орталық Қазақстандағы Қыпшақ бірлестігінде, Қырым

хандығында, Қасым хандығында, т. б.) кездесетіндігін көрсете келе, оның алғашында саяси-әлеуметтік ұғым ретінде қолданылып барып, кейін этностық мағынаға ие болған деп түсіндіреді.

[Шахматов В. К вопросу об этногенезе казахского народа // Известия АН КазССР. Сер. историч. 1950. Вып. 6. С. 97–98]

* * *

16

Казахи – древние Косоги, племя, обитающее в русской Армении, т. е. в Тифлисской, Ереванской губерниях, тождественны с нынешними (1804) кайсаками...

Алты томдық “Словарь географический Российского государства” (М., 1804–1805) атты еңбекте осылай деп жазылған. Бұдан әрі: “Страна Казах или *Казахская династия*, называемая Страбоном Сахатзене, входит ныне в состав Елисаветпольского уезда Тифлисской губернии” – деп көрсетіледі. Мұндағы “*Казахская династия*” – басқа деректердегі Кавказдағы “*Қазақия*” елі.

* * *

17

“Касог” сөзі алғаш рет VIII ғасырда монах Эпифнидің еңбегінде аталады...

Бұл пікірді Л. И. Лавров “касог” сөзінің балама варианты – “қазақ” сөзі екендігіне және оның кабардин-балқар тілдерінде “үйсіз-күйсіз, жайсыз адамдар” дегенді білдіргендігіне байланысты айтып отыр.

[Багрянородный К. Об управлении государством // Известия Гос. Академии истории материальной культуры. Вып. 91. М.-Л., 1934]

* * *

18

Косог – біріккен рулар атауы

Тарихи әдебиетте кездесетін **косок**//**косог** атауын кейбір авторлар “**қазақ**” этнонимінің славян, т. б. тілдердегі варианты деп қарайды.

“Слово о Полку Игореве” атты көне славян ескерткішіндегі (XII–XIII ғғ.) қолданылатын **косок** сөзі туралы Олжас Сүлейменовтің пікірі төмендегіше:

“Рода *ковуев* пришли в Русь необычным путем. По летописной легенде XI века хан Редедя (Ер-дада), правивший народом *косог*, предложил Мстиславу храброму вместо боя поединок на условиях: победил – все мое переходит к тебе. И войско, и весь народ становится рыцарской добычей.

Мстиславу бог помог, и он “зарезал” Редедю. И увел *косогов* в Чернигов. Потомки их служили верой и правдой Ярославу Черниговскому, отпустил часть своей тюркской дружины с Игорем, и они полегли до единого на берегах Каялы. Половцы их в плен не брали. Потомки мстиславских *косогов* в XII веке выступают уже под именем – *ковуй*”.

“...В орхон-енисейских памятниках (VIII век) и в огузском эпосе распространены этнонимы “он ок” (“десять стрел”), “уч ок” (“три стрелы”), “бес ок” (“пять стрел”).

Слово “ок” – в большинстве тюркских наречий выступает в одном значении – “стрела”. В языках Алтая сохраняется “ок” – “дом, род”. Случайно, участвуя в составе этнонимов “ок” – “стрела” стало обозначать – “дом, род”. К этому семантическому ряду я отношу и отмеченный летописью термин “*косок*” (“*косогы*”) – буквально: “объединенные роды”.

Это уже название союза родов. Редедя руководил, вероятно, одним из родов *косогов*. Переселившись в Чернигов этот род стал называть себя – *Кобуй* (“много домов”) – ослабленная калька “*кссога*”...

[Сулейменов О. Аз и Я: Книга благонамеренного читателя. Алмата: Жазушы, 1975. С. 151–152].

* * *

19

“*Касог*” сөзі Кавказдағы адыгтардың (VIII ғасыр) жиынтық атауы ретінде қолданылған...

Белгілі түркітанушы акад. В. В. Радловтың келтірген дерегі бойынша VIII ғ. Кавказдағы адыг тайпасының жиынтық атауы – *касог* сөзі *қазақ* атауымен байланысты.

[Radloff W. Aus Sibirien. Bd. I. Leipzig, 1893. S. 116]

* * *

20

Кочующий на пределах Грузии с 1480 г. народ турецкого племени доселе (1822 г.) известен под именем “*казахов*”

Қазақ/казак атауына қатысты этностық топтар тек Қазақстан жерінде ғана емес, ертеден-ақ Ресей, Кавказ, Орта Азия, т. б. өлкелердің біраз жерінде жасап, тіпті өзіндік шағын мемлекет құрып келгендігін айта келіп, автор П. Бутков Солтүстік Кавказ аймағында құрылған **Қазақия** елін атап көрсетіп отыр. Бұл туралы “Географический статический словарь Российской Империи” атты еңбекте де айтылады.

[Бутков П. О имени казак // Вестник Европы. 1822. №21. С. 142]

* * *

21

Көне түркі руникалық ескерткішіндегі (VIII ғ.)
*қызғақ > *қазғақ сөзі – “қазақ” атауының бір нұсқасы...

Белгілі шығыстанушы ғалым В. П. Юдиннің “қазақ” этнонимі туралы жоба-жорамал ретінде ұсынып отырған бұл этимологиясы С. Е. Малов жариялаған [Енисейская письменность тюрков. Текст и переводы. М.-Л., 1958. С. 16–20] Уюк-Туран өзенінің бойынан (Минусин ойпатынан) табылған ескерткіштегі жазулардың (5 қатардағы) бірі – *қызғақым оғлым* тіркесіндегі “**қызғақым**” сөзіне байланысты. Осы сөзді жан-жақты зерттей келе, автор оның тіл заңына сәйкес ең дұрыс варианты **қызғақ>қазғақ>қазақ** (этноним) екенін дәлелдейді. Өйткені руникалық жазудың емлесі бойынша бірінші буында ашық дауысты білдіретін **а, ә** таңбалары жазылмайды. Сондықтан *қызғақ* – [қзғқ] сөзін *қазақ* (оғлым) деп те оқуға болады. Бірақ С. Е. Маловтың өзінің де осы сөздің дұрыс жазылуына күмәні бар екенін ескертеді. Осыған орай В. П. Юдин оны “қазақ оғлым” деп оқуды ұсынады. Ол: “По нашему мнению, слово казак в фонетически замаскированном виде сохранилось в древнетюркском руническом памятнике с реки Уюк-Туран... Мы полагаем, что слово *қазғақ* и является первичной формой слова *қазақ*, т. е. казак является в конечном счете производным от корня, общего со словом *қазған-*, *қазан-*. С точки зрения исторической фонетики тюркских языков для такого заключения нет никаких препятствий”. “Что же касается семантики *қазақ* “приемный” (С. Е. Малов аудармасында “приемный сын”. – Ә. Қ.) и *қазақ* “беглец”, то можно сказать, что значение последнего развилось из первого, так как для того, чтобы стать приемным сыном, владельцу рода приходилось признавать ранее, уходить со своими людьми или без них от своего племени, чтобы пристать к другому”.

Такова, по нашему мнению, фонетическая и семантическая история слова “қазақ” деп қорытады автор пікірін. Алайда, В. П. Юдин өзінің бұл пікірін үзілді-кесілді деуден аулақ. Ол бұл этимологияның “*қазғақ*” этнонимін айқындауда қажетті сәттері бола тұрса да дей

келіп: “...предложенная нами этимология также является гипотетической” – деп ескертеді.

[Юдин В. П. К этимологии этнонима казах (қазақ) // Центральная Азия в XIV–XVIII веках глазами востоковеда. Алматы: Дайк-Пресс, 2001. С. 156–166].

22

Көшпелі халықтардың арабша бір атауы –
“хұзағи” > “қазақ”

Абай “Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы” атты қарасөзінде қазақтардың шығуы жайында айтқан үш-төрт түрлі жобажорамалының бірі – “қазақ маңғұлдан шыққан”, екіншісі – “қазақтың асыл түбі – татар”, үшіншісі – “қырғыз бен қазақ – бір тұқымдас халық”, төртіншісі – көшпелі халықтарды арабтар “хибаи”, “хұзағи” деп атады.

Арабтар Орта Азияға жорық жасап келгенде (VIII ғ.) киіз үйде тұратын жергілікті көшпелі халықтарды “хибаи”, “хұзағи” деп атапты. “Хибаи” деген киіз шатырмен жүруші деген екен. “Хұзағи” дегені өз жұртында (яғни Арабияда. – Ә. Қ.) “хұзағи” деген көшпелі халық бар екен, соған ұқсатып айтқаны екен. Сол уақыттың бір ханы көшіп келе жатқанда бұлардың тіркеулі түйесін көріп, “міне, мыналар шынымен қазақ екен” депті, қайтқан қазға ұқсайды екен деп. Сонымен, бұлар өзін-өзі де, өзге жұрттар да қазақ атап кетіпті, бұрын өздерін “ұлыс” дейді екен де жүре береді екен” – деп көрсетеді Абай.

Абайдың жобалауы бойынша, арабтардың “көшпелілер” мағынасындағы “хұзағи” сөзі “қазақ” атауына айналған.

[Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы. 2-том. Алматы, 1977. 226–228-бб.]

23

“Курск губерниясындағы Ахатовка селосының тұрғындары XIII ғасырда өздерін “қазақтармыз” деп атаған черкестер болған...”

Тарихшы М. Тынышбайұлы өзінің бұл пікірін “Қазақ руларының шежіресі” атты еңбегінде келтіреді. Соған қарағанда ол дерек кезінде орыс тарихшысы Карамзиннің еңбегінде көрсетілген болу керек. Бұл арада қазақ – қырық рудан тұрса да қазақ болып саналады, өйткені оған енген, оған негіз болған ру-тайпа өкілдері, Үйсін болсын,

Арғын болсын, Шеркеш болсын, бәрібір өздерін алдымен “қазақпыз” деп алып, содан кейін ғана өзі шыққан руын айтқан. XIII ғасырдағы қазақтардың өздерін шеркешпіз деп атауын айта келе, автор сол кездің өзінде-ақ Қазақстаннан тыс көптеген жерлерде (басқа халықтар мен ұлыстар тұрған аймақта) қазақ ру-тайпаларының топ-топ өкілдері жасап келгендігін ашық айтады...

[Тынышбайұлы М. Қазақ руларының шежіресі // Ана тілі. №19, 20, 22, 23, 1990]

* * *

24

“Қазақ” – “ақсүйек топтардың жауынгер ұландары мен мырзалары” деген ұғымға қарама-қарсы “қарапайым жауынгер” деген мағынада пайда болған атау...

Бұл пікір-жорамалдың мәнісін ғалым Х. Әділгереев: “Қазақ” сөзінің Орта Азиядағы қазақтарға қатысты XV ғасырға дейін де қолданылып келгенін (мәс., Фирдоуси, т. б.) оның одан кейінгі дәуірде, Алтын Орданың ыдырауынан соң және қазақ халқының өз тәуелсіздігі үшін күресі мен үш жүздің бір орталыққа бірігуі тұсында тарихи аренаға оралуын айта келіп, бұл атау ақсүйек топтардың жауынгер ұландары мен мырзаларынан емес, қалың жұрттан шығып, қалыптасқан қарапайым жауынгерлердің атауы ретінде пайда болған деп түсіндіреді.

“Сонымен, “қазақ” сөзінің мағынасына біздің халықтың көшпелі өмір тұрмысы қалай сыйып кетсе, тәуелсіздік пен бірігу үшін күресіндегі әскери құрылысы да солай өз бейнесін тапқан болатын” – деп тұжырады ол өз ойын. “Соған байланысты біздің оңтүстіктегі отырықшы көршілеріміз, ал кейін оларға ілескен басқа да халықтар бізді “қазақ” деп атай бастаған екен, бұл кейін ұлтымыздың өзіндік атауына айналып кеткен болар” – деп жорамалдайды ол.

[Әділгереев Х. Қазақ халқының қалыптасу тарихына орай // ҚазССР Ғылым академиясының Жаршысы. 1951. №1. 92–94-бб.]

* * *

25

Қазақ – алғаш “аламан”, “қарақшылар” атанған топтың біртіндеп халық атауына айналған түрі...

Белгілі тарихшы В. В. Бартольд: “...Возмутившиеся против Абул-хайр хана (1428–1468) и ушедшие на Восток кочевники получили название “казахов” и это слово, первоначально означавшее разбой-

ничью вольницу, постепенно сделалось народным названием” – деп жазады.

В. В. Бартольдтың бұл пікірін А. П. Чулошников (Очерки по истории казах-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. М., 1924. С. 112) пен П. П. Иванов та (Очерки по истории Средней Азии... М., 1958. С. 38) қолдайды.

[История культурной жизни Туркестана. М., 1927. С. 98]

* * *

26

“**Қазақ**” – аңыз кейіпкері – *Қалша Қадырдың*
Ақ қыздан көрген ұлы...

Аңызда: “Ерте заманда *Қалша Қадыр* деген батыр қолбасы болады. Ол талай жорықтар мен соғыс шайқастарын басынан өткізеді. Бір жолы шайқаста ауыр жараланған *Қалша Қадыр* елсіз, сусыз жапан түзде жалғыз қалады. Жарақаттан қиналып, шөлдеп, әбден әлсіреген қолбасы жүруге шамасы келмей жығылады. Өлім халінде жатқан кезде аспаннан бір аққу ұшып келіп, аузына су тамызып, оны шөлден құтқарып алады да, айдын шалқар көл жағасына бастап барады. Бұл аққу болып құбылып келген перизат – *Ақ қыз* екен. Үстіндегі аққу терісін сыпырып тастап, ару қызға айналады да, *Қалша Қадырдың* жарасын емдеп жазады. *Қалша Қадыр* осы *Ақ қызға* үйленеді. Бұдан туған ұл *қазақ* атанады...” – деп баяндалады.

[Бөдірленов Р. “Қазақ” атауының төркіні туралы
// Ленин туы. 15, 16 наурыз 1990]

* * *

27

Қазақ – араб тіліндегі бір рудың атын білдіретін
ғүзз>ғүз>қүс түбірінің өзгере келе, *қаз* түріне айналып,
сақ тайпа атауын қосып айтудан туындаған этноним...

Автор Орынбай Бекжанүбірі “**қазақ** этнонимін **қаз** (әртүрлі вариантта) түбірі мен **сақ** түбірінің тіркесінен пайда болды” деген көп авторға ортақ идеяға сүйене отырып, бұл этнонимнің бірінші компонентінің араб географы Ахмед ибн-Фадлан еңбегіндегі бірде тәштідсіз, бірде соңғы “тамарбұтаның” (араб тіліндегі жалғау) үстіне екі нүкте қойылмай, не оның алдындағы *и*-дің төменгі екі нүктесі қойылмай жазылғандықтан қате оқылып келгендігін ескере отырып, зерттеуші А. П. Ковалевскийдің (оның төмендегі еңбегі қаралсын) **ғүзз** (одан **ғүззиййатун** болып туындайтын **оғұз** этносының атауының

бір варианты деп танығандығын дәріптей түседі. Автор *ғұзз сөзінің сан алуан өзгерістерін (ғұзз>ғұз>құз>*қаз) ескере келіп, қаз+сақ, қас+сақ, қа+сақ этнонимінің пайда болғандығын дәлелдеуге тырысады. Қазақ тіліндегі сақ этнонимінің де: зақ (сал. Ұзақ, Әлзақ, Байзақ, Созақ, т. б.), шақ (сал. Қоншақ, Қыпшақ) түрінде өзгергендігін өзінше дәлелдейді.

Демек, автордың пікірінше: “қазақ этнонимі “қаз” (оғыз сөзінің варианты) тайпалар бірлестігі атауы мен “сақ” тайпалар бірлестігі атауының қос сөз болып, жалпылық ұғымды білдіруі себебінен шыққан”.

[Бекжанүбірі О. Қазақ атауы қалай шыққан? // Ана тілі. 21 сәуір 1994; Ковалевский А. П. Книга Ахмеда ибн-Фадлана о его шествии на Волгу в 921–922 гг. Харьков, 1956]

* * *

28

Қазақ – арабтан, Пайғамбар әулетінен тараған
“**ұғызақ**” деген ел аты

Дін әлемінде, қажылыққа бару салтында да мұсылман дүниесі қазақтарды тым кеш тани бастағанға ұқсайды. Оған бір мысалды Мәшһүр Жүсіп шежіресінен келтіруге болады. Қажылыққа барған қазақтардан жергілікті мұсылмандар сұрапты-мыс:

“Сіздер маскүпсіздер ме, жоқ Бұхар тілдісіздер ме? – деп. Сонда қажы басы Құнанбай (1874 ж.) екен, ол кісі:

– Біз мәскүп-сәскүпті білмейміз, Бұхар тіл – сұңқар тілді де білмейміз. Тіріміздің билігі – “алдияр” ұранды төре де, өліміздің билігі – “Алла” ұранды қожа”, – депті. (Олар) “Қазақ” деген де жұрт болады екен-ау” деп аң-таң қалысыпты. Тарих ақтарып, шежіре таратыпты, таба алмапты...

Содан соң ақылдаса келіп, желмая мінгізіп, Бағдад шәріптегі Имам ағзам кітапханасына кісі жіберіп (оның жанында Кіші жүз Досжан халфе бар), “қазақ” атауын тарихтан тауыпты. Олар:

– Табылды. “Қазақ” деген жұрт Анас сахабадан өсіп-өніп, өрбіген екен, нұсқасын көшіріп алып келдік” – депті.

Міне содан кейін олар қаржы жиып, Меккеде “Қазақ тақиясы” деп аталатын діндар қажыларға арнап үй салдырады. Ол Құнанбайдың атына жазылып, бұдан кейін қажыға келген қазақтар сол үйде тоқтайтын болады”.

Қысқасы, автор: “Қазақ өзін арабтан шығарып, Пайғамбарға туысқан, бауыр болғысы келеді. Мына мен, Мәшһүр Жүсіп Көпей баласы, осы сөзді жазып отырмын! Бақсыдай бал ашып, түлкідей түс көріп, жауырын жағып, құмалақ салып айтып отырғаным жоқ. Нұсқалардан көрумен, көрікұлақтан естумен, өз білгенімді шамам

келгенінше қорытып, шындап, тындап айтып отырмын. Бұл “қазақ” деген кеше мен бүгін қойылған ат емес, заман-заманнан айтылып келе жатқан ат. Араб тілінде “ұғызақ” деп жазылған, шағатай түркісінде “хазак” деп жазылған, өзіміздің жуан тілде “қазақ” деп жазылған. Әуел басы Нұх пайғамбардан тарап, бөлінгенде Жаппас деген баласынан Түрік, одан Түтік, одан Қой, одан Киік, одан Еділше, одан Алтыншы, одан Магол; татардың маголынан – Қара хан, одан – Уыз хан! Осы Уыз ханнан өрбіп, өнген нәсілден тарадық. Киіз үй сол Уыз ханның жасатқан үйі. “Киіз туырлықты қазақ”, “уық үйлі” атанғандығы сондықтан” деп баяндайды шежіреші.

[Көпейұлы М. Ж. Қазақ шежіресі. Алматы: Жалын, 1993]

* * *

29

“Қазақ” – арабтың *ғаз*и (“көпірлерге қарсы мұсылмандардың ғазуат соғысына қатысушы”) деген сөзінен шыққан...

Бұл пікір тарихшы И. Е. Фишер тарапынан айтылған: “Можно бы было произвести его (слово “казах”. – Ә. Қ.) от арабского слова “гази”, что значит военного человека, который сражается за веру и законы, и против неприятелей веры. Первые времена, как магометанская вера вышла, сарацины воевали против христиан и против идолопоклонников, назывались все – “Гази”.

[Фишер И. Е. Сибирская история. СПб., 1774. С. 61]

Қазақ тарихшысы Б. Аспандияров И. Е. Фишердің бұл пікірі Әбілғазыдан алынғанын және оның онша сенім тудыра қоймайтын жорамал екенін ескертеді.

[Аспандияров Б. Критические замечания по вопросу о происхождении наименования казахов // Простор. 2000. № 11. С. 87]

* * *

30

“Қазақ” – арабтың “ғазы ақ” деген сөзінен алынған

Әбубәкір Диваевтың “Тарту” жинағында (27-б.) “қазақ” атауы Молда Көбей Тоқболатовтың (омыртқа қаңлы) түсіндіруі бойынша арабтың “ғазы ақ” сөзінен шыққан, өйткені қазақтар ислам дінін ешбір қарсылықсыз, соғыс-қарусыз қабылдаған деген уәжі келтіріледі.

[Тарту. Алматы, 1992. 29-6.]

* * *

31

“Қазақ” – арабтың “хузағи”, түріктің “қазы” сөздерінен туындаған

Ғалым С. Толыбеков “қазақ” атауының шығу тарихына қатысты біраз еңбектерге шолу жасай келе: “қорыта айтқанда, тарихи жағынан болсын, сөз мағынасы жағынан болсын, күнкөріс-тіршілік жағынан болсын, арабтың “хузағи”, түріктің “қазысы” біріне-бірінің қайшылығы жоқ, мазмұндас сөздер, халқымыздың “қазақ” атауына негіз болғандығы күмәнсіз деп білеміз. Себебі, әрбір елеулі сөздің жаны – оның мағынасы”, – деп түйеді ойын.

[Толыбеков С. “Қазақ” деген халық атауының шығуы // Қазақ шежіресі. Алматы, 1992. 42–53–66.]

* * *

32

“Қазақ” – аталы жұртымыздың, ауылды ұлтымыздың өз аты...

Бұл пікір – Ахмет Байтұрсынұлының 1913–1918 жылдары өзі шығарған “Қазақ” атты газетіне ат қоюға байланысты дәлелдеме ретінде айтқаны. “Қазақ” атауы шеттен енген, біреулерден алынған кірме сөз емес, ұлан-байтақ қазақ жерін кең жайлап, қиыр асып кеткен жергілікті “қазақ” халқының өз табиғатына сай етіп, өзі қойған төл атауы. Бұл атау бұл елдің бөлшек-бөлігін емес, тұтас тұлғасын, аталы жұрты мен ауылды ұлтының баршасын түгел қамтитын атау дегенді аңғартып тұр.

* * *

33

“Қазақ” атауы – ерте пайда болған хазар, Касакия этнонимдерімен тәркіндес

Бұл пікір көптеген авторлар (мәс. А. Левшин, В. Радлов, т. б.) тарапынан әр жерде, әр түрде айтылып келеді. Мәселен, Византия императоры Константин Багрянородный Х ғ. бірінші жартысында Ресейде болып, оның айналасында жасайтын халықтар туралы жинап алған материалдарында (“Халықтар туралы” немесе “Империяны басқару туралы” атты шығармасында): “Выше Зихий лежит земля, называемая Панагией, а выше этой земли находится так называемая Касахия. Выше Касахии расположены Кавказские горы, а за горами – земля Аланская”.

[Багрянородный К. Известия византийских писателей о Северном Причерноморье // Изв. Гос. академии истории материальной культуры (ГАИМК), 1930. Вып. 91. С. 21]

Бұл пікірді келтіре отырып, қазақ тарихшысы Б. Аспандияров “Касахияның” жоғарыда аталған территориясын “Хазар патшалығы” деп көрсетеді. “Отсюда явствует, что Касахией назывались не земли современного Казахстана, а территория, расположенная к северу от Кавказа, Приазовье, т. е. южные области Хазарского царства” – деп нақтылай түседі.

[Аспандияров Б. Некоторые сведения о местах обитания казахов в древности // Простор. 2000. №11. С. 81]

* * *

34

“Қазақ” атауы қызыл мағынасындағы *Қыз//*қыр түбірлерінің *ҚЫЗЫҚ, *ҚЫРЫҒ көптік тұлғасынан дамыған...

Кейбір түркі ру-тайпа атауларының түр-түс символикасына байланысты қалыптасуын және (з-р) дыбыстарының алмасу мүмкіншілігін (қыз-қырқын) ескере отырып, К. И. Петров талас та болса, өзінің осы этимологиясын ұсынып отыр.

[Петров К. И. Очерки происхождения киргизского народа. Фрунзе, 1963. С. 67–68]

Бұл этимологияға байланысты В. П. Юдин өзінің қарсы пікірін былайша білдіреді: “Этимология... не может быть принята, так как историческая фонетика тюркских языков не подтверждает возможности трансформации вокализма типа вышеприведенного. Навеяна увлечением автора в связи с выяснением особой роли прилагательных “красный” и “желтый” в формировании тюркской “цветовой” топо-этнонимии”.

[Юдин В. П. Центральная Азия в XIV–XVIII веках глазами востоковеда. Алматы, 2001. С. 140]

* * *

35

“Қазақ” атауы – моңғолдың “қайсақ” атауының баламасы

“Тауарих-и Хамса Шарқи” [“Шығыстың бес тарихы”] атты еңбекте қазақ атауының моңғолша, қалмақша баламасы қайсақ деп аталатыны көрсетіледі. Бұл пікір – қазақ, қайсақ атауларының төркінін анықтаудағы жаңаша көзқарастардың бірі. Теориялық тұрғыдан алып қарағанда [з~и] дыбыс сәйкестігі түркі, моңғол тілдері арасында да болуы әбден мүмкін, бірақ бұл құбылысты арнайы зерттей түсу керек. Алайда, шығыстанушы ғалым В. П. Юдин бұл болжамды қолдамайтын көрінеді. Ол: “Неприемлемо, так как в монгольских языках отсутствует такое произношение”. Оның пікірі бойынша, орыс

тіліндегі “*қайсақ*” орыс “*казактарын*” *қазақтардан* айыру үшін әдейі бұрмаланып алынған жасанды атау.

[Юдин В. П. Центральная Азия в XIV–XVIII веках глазами востоковеда. Алматы: Дайк-Пресс, 2001. С. 141]

* * *

36

“*Қазақ*” атауы “Тан патшалығы тарихында” (VII–VIII ғғ.) “*қаса*”, “*хаса*” түрінде жазылған...

Бұл дерек келтірілген қытай түпнұсқасын автор көрсетпейді. Ол тек “*қазақ*” атауының қытай, араб, парсы, византия, орыс, моңғол және түркі тілдеріндегі жазбаларда әр тілдің өзіндік өзгешеліктеріне сәйкес өр алуан формада жазылып келгендігін ескертіп, ол варианттарға: *аса*, *қаса*, *хаса*, *хасақ*, *хайсақ*, *қасақ*, *кәсек*, *ғасуғ*, *хасағ*, *хасық*, т. б. варианттарын келтіреді. Бірақ қытай нұсқасының өзін көрсетпейді.

[Бөдірленов Р. “Қазақ” атауының төркіні туралы // Ленин туы. 15, 16 наурыз 1990].

* * *

37

“*Қазақ*” атауы IX ғасырдан бастап бүкіл әлемге әйгілі болды...

Бұл пікірді тарихшы А. И. Левшин белгілі түркітанушы, венгр ғалымы А. Вамберидің “Түркі халықтарының этнографиясы мен этнологиясы” атты еңбегінде келтіргендігін көрсетеді.

[Левшин А. И. Описание киргиз-кайсацких, или киргиз-казачьих, орд и степей]

* * *

38

“*Қазақ*” – әскери атақ емес, қатардағы әлеуметтік топ, қарапайым жұрт

Автор Б. Аспандияров: Қырым ханы Меңлі Герейдің Иван III-ге тапсырған грамотасында келтірілген “*менің княздарым, ұландарым және қазақтарым*” деп жазылған; сондағы “*князь*”, “*ұлан*” соғыс жайындағы ақсүйектер өкілдері де, ал “*қазақтар*” – соғысқа қатысқан қатардағы әлеуметтік топ деген ұғымды білдіреді деп көрсетеді.

[Аспандияров Б. Некоторые сведения о местах обитания казахов в древности // Простор. 2000. № 11. С. 82]

* * *

39

“Қазақ” – “бойдақ” мағынасындағы ноғайдың көне сөзі

Б. Әбілқасымов өзінің бұл пікірін “XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі” (Алматы, 1982. 198-б.) атты еңбегінде осы ғасырда дүниеге келген жазба ескерткіштер тілінде кездесетін деректерге сүйеніп айтып отыр.

* * *

40

“Қазақ” – бірінші сыңары – *қаз (қас)* – “нағыз батыл кісілер, ержүректер”; “еркін, тәуелсіз адамдар” мағынасындағы сөз, екінші сыңары – *ақ* – көптік жалғауын білдіретін этноним...

Автордың бұл ұсынысы (алдыңғы екі жобадан мүлдем бөлек) “қаз” атауының “қазақ” түріндегі толық варианты беретін мағыналарынан туындап, оған көне түркі тілдерінде қолданылған *-ақ//-ек//-ық//-ік* (мысалы: *қыпшақ, созақ, қимақ, құмық*, т. б. тайпалардың атауларында кездесетін) көптік қосымшасының жалғануы нәтижесінде пайда болған этнотермин дегенге барып саяды. Бұл – көптеген жобалардың ішінде өзіне көңіл аударатын ұсыныстардың бірі.

[Жанұзақов Т. “Қазақ” деген сөз қайдан шыққан? // Жұлдыз. 1983. № 3. 198-б.]

* * *

41

“Қазақ” // *казах* восходит к компонентам: *қас* “настоящий, чистокровный, подлинный” и *сақ* “саки, сакские племена” > “объединение сакских племен”

К. А. Ақышев пен Г. А. Каушев өздерінің бұл пікір-тұжырымдарын былай деп дәлелдейді: “Қазақ // *казах* восходит к словам *қас* “настоящий, чистокровный, подлинный” (слово встречается в таких казахских выражениях *қас сұлу* “настоящая красавица, подлинная красота”, *қас батыр* “настоящий батыр”) и *сақ* “саки, сакские племена”, “объединение сакских племен”, которые сочетаясь *-қас+сақ-*, превратились в единое название *қазақ*, что первоначально обозначало одно из трех племенных объединений, в том числе подлинных *саков*, под которыми историки подразумевают этнически родственных с саками *усуней*”.

[Акишев К. А., Каушев Г. А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. Алматы, 1993. С. 4]

“Қазақ” атауын осылайша талдап-таратуға талпыныс бұрын да болған. Солардың біріне М. Ақынжановтың зерттеуін жатқызуға болады.

[Ақынжанов М. Қазақ халқының аты туралы дерек // Қазақ әдебиеті. 27 қараша 1959; Сонікі. Қазақтың шығу тегі туралы // Лениншіл жас. 16 наурыз 1958]

* * *

42

“Қазақ” – грекше *хазак*

Қыпшақ тілдерін зерттеуші ғалым А. Н. Гаркавец өзінің бір еңбегінде келтірген деректе XII–XIII ғасырлардағы Қырымның Судак (Сугдей) қаласына қатысты 1308 ж. 17 мамырда грекше жазылған жазбалардың (хаттардың) бірінен (№116) мынандай сөздер кездескенін келтіреді: “В тот же день скончался раб божий Альмальчу, сын Самака, увы, молодой человек, заколотый *хазакми*...”.

[“Записки Одесского Общества истории и древностей”. Т. V. 1863. С. 595–628]

* * *

43

“Қазақ” – ғұндардың түпкі аталары – *ка, ха* мен ұрпақтары – сақтың қосындысынан туған атау

Автор Ә. Сарай **“қазақ”** этнониміне бағышталған этимологиялық зерттеулерге шолу жасай келе, “сүннулардың (ғұндардың) түпкі аталары *ка, ха* деген кісі болған. Сүннулар өздерінің шығу тегін осы атақты бабаларының атына апарып тіреп отырған. Олай болса, *ка+сақ (қа+зақ) “Қа бабаның ұрпағы”, “Қа бабаның сақ атанған ұрпағы”* деген сөз” деп түйеді ойын.

[Сарай Ә. Қазақ атауының ізімен // Жалын. 1990. № 5. 91–95-бб.]

* * *

44

“Қазақ” деген атау сөзді тұңғыш рет поэзиямызға енгізген Бұқар жырау

Қазақ жазушысы Қ. Исабаев өзінің *“Серт”* (1991). *“Шон би”* (1993) атты роман-трилогиясында Бұқар жыраудың: “Мен қалың қазағымды былай қойып, өз атам Қаржастан тарағандардың ғана қамын ойласам, Бұқар боп туғанымға өкінген болар едім” деп толғана сөйлегенін келтіреді.

“Басында хан тұқымы отырмаған елмен ешкім санаспайды” деген пасық идеологияға қарсы тұрды деп жазады Ш. Елеукуенов (Қолдан Құдай жасау ұлттық идеяға сыя ма? // Қазақстан Заман. 1 маусым 2001).

[Исабаев К. Серт (1991), Шоң би (1993)]

* * *

45

“Қазақ” деп о баста қарапайым халық емес, әскери адамдар аталған...

Қырым ханы *Меңлі Герейдің* 1474 ж. орыс князы Иван III-ге жазған грамотасындағы: “*Мне твоей земли не завоевать, ни моим уланам, ни князьям, ни казахам...*” деген сөздерге қарап, тарихшы Х. Әділгереев: “в XV веке казахами назывались простые воины в отличие от дворянских воинов-уланов и князей” деген тұжырымға келеді.

[*Адильгереев Х. К истории образования казахских жузов // Вестник АН КазССР. 1951. № 1. С. 94.*]

Бұл пікірге Б. Аспандияров қарсы пікірін білдіреді.

[*Аспандияров Б. Некоторые сведения о местах обитания казахов в древности // Простор. 2000. № 11. С. 81*]

* * *

46

“Қазақ” – ежелгі Қаңлы мемлекетіне қарасты Сағай хандығының астанасы

“Жүңго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер” (1-кітап. Үрімжі, 1988) атты еңбекте: “Қаңлыда бес кіші хан болған. Оның бірі – *Сағай* хан (қазақ хан). Ордабасы Сағай қаласында” деп көрсетіледі де, сілтемеде (№ 43): *Сағай* қаласы – ежелгі Қаңлыға қарасты Сағай хандығының (оның тағы бір атының көнеше: *қатзақ, казак* немесе *қазак* деп оқылатын астанасы. Орны қазіргі Өзбекстандағы Самарқанның түстігіндегі *Шәһрисабз* өңірінде (Білік ғибратнамасы сөздігі. I том. 631-б.)” деп көрсетіледі.

* * *

47

“Қазақ” – ертеде Алтайды мекендеген тоғыз оғыздарға бағынышты болған *қарлықтардың “хасағ”* деген бір тайпасы...

Белгілі тарихшы Й. Маркварттың еңбегінде келтірілген жиһангер араб жазушысы Мұхаммед әл-Ауфидін “Жарқын тарих және әңгімелер жинағы” атты еңбегінде: “Алтайды мекендеген қарлықтар тоғыз-оғыздарға бағынышты болды және тоғыз тармақтан тұрды, үшеуі – шігілдір, үшеуі хасағтар” деп көрсетіледі.

[Marguart J. Ubek das volkstum der Komanen. Berlin, 1914. S. 42]

* * *

48

“Қазақ” және “Қазақ хандығы” деген сөздер Х ғасырдағы Фирдоуси шығармасында кездеседі

Белгілі тарихшы Б. Аспандияров басқа ғалымдардың да айтып жүрген дерегін қайталап: “О существовании *“казахского народа”* и *“Казахского ханства”* в свое время (X в.) сообщил Фирдоуси” – деп көрсетеді.

[Аспандияров Б. Некоторые сведения о местах обитания казахов в древности // Простор. 2000. № 11. С. 81]

* * *

49

“Қазақ” – “қазі-ақтан” шыққан атау

Әйгілі тарихшы Құрбанғали Халид “қазақ” атауына қатысты пікір-тұжырымдарға шолу жасай келе, оларды 6 түрлі дерекке бөліп қарайды. **1-дерек:** қазақ – ноғай тілінде “бойдақ, салт” (мыс., мал-мүлкінен айырылып, жеке қалса, “қазақ басы ғана қалған” дейді); **2-дерек:** “қазақ” сөзі “қайсақ” сөзінен өзгерген атау...; **3-дерек:** “қазақ” “қазлахтан” шыққан; **4-дерек:** “қазақ” арабтың “хұзаги” деген тайпасынан шыққан; **5-дерек:** “қазақ” “қыз” бен “ақ” сөздерінің қосындысынан пайда болған; **6-дерек:** “қазақ” – “қазі-ақ-тан” шыққан” деп санама-лап шығып, “осы алтыншы дерек тарихи шындыққа ең жақын келетін дерек” деп есептеп, өзі соны қолдайтынын айтады.

“Жәнібек хан исламға енген көшпенділерді үшке бөліп, үш жүзді қалыптастырады, бастық-билерін сайлап береді. Діндарлардың “Бұларға (үш жүзге) ешқандай муфтидің керегі жоқ, өздері-ақ **“қазі-ақ** екен!” деген сөзінен “қазақ” келіп шыққан екен деп жорамалдайды Х. Құрбанғали.

[Құрбанғали Х. Қазақ атауы қайдан шыққан? // Зерде. 1990. №10. 17–18-бб.]

* * *

50

“Қазақ” – көне қаңлы, үйсін, қыпшақ тайпаларынан құралған түркі тілдес халық...

Бұл пікірін проф. А. Н. Бернштам былайша білдіреді: “Племена *кангюй, уйсюнь (усунь), кыпчак*, вошедшие впоследствии в состав казахского народа, были представителями первых древних тюркоязычных племен... они назывались *казахами*”, ... “казахский народ сохранил в своей племенной среде следы влияния этих древних племен и народов”.

[Бернштам А. Н. Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстана // Известия АН КазССР. 1950. № 67]

* * *

51

“Қазақ” – “қу+сақтың” “қаз+саққа”
ауысуынан туындаған атау

Автор Р. Тоқтаров “қазақ” атауының құрамындағы *сақ компоненті мен *қа компонентінің табиғатын анықтау үшін сан түрлі салыстырма деректер келтіре отырып, тотем күс атауы – “қудың” ұқсас “қазға” айналуын дәлелдеп көрсетеді. “Қыпшақ” – кіші, бір тайпа төңірегінде, “қазақ” – кең, жалпыхалықтық ұғымында дамыған. Соңғы тотем – “қу” тым жаңа болғандықтан, соған ұқсас күс – қаздың есімімен ауыстырылып аталуы да ғажап емес. Сан ғасырлар легі екі тотемнің (қу мен қаз. – Ә. Қ.) екеуін де ұмыттырған да, оның есесіне көп атаулардың ішінен қазақ деген ең ғажайып, ең сұлу, үнді де назды есімді біздің дәуірімізге шейін көздің қарашығындай аялай сақтап, жеткізе білген” – деп тұжырады ойын автор.

[Тоқтаров Р. Тағы да “қазақ” сөзінің қайдан шыққаны туралы // Қазақ әдебиеті. 8 ақпан 1974].

* * *

52

“Қазақ” – “қаз” – “биіктік” және “ақ”
морфемасынан тұратын атау

Бұл пікірдің авторы М. Сеидов қаз деген түбірді түркі тілдеріндегі күз түбірінің өзгерген баламасы деп танып, мекенжай ыңғайына қарай қазақ “биіктікте жасаушы халық” дегенді аңғартатын этноним дегенді ұсынады.

[Сеидов М. “Қазақ” сөзінің түп-тамыры жайында // Білім және еңбек. № 2, 3. 28–31-бб.]

Бұл пікірді О. Бекжанүбірі: “...Қазақ этнонимінің негізгі мұрагері Қазақстан қазақтары негізінен тауда емес, далада ғұмыр кешіп, көшіп жүргендігін автор ескермейді” деп сынайды.

[Бекжанүбірі О. “Қазақ” атауы қалай шыққан? // Ана тілі. 24 сәуір 1994]

* * *

53

“Қазақ” – “қаз” және “оқ” сөздерінен құралып,
“қаз//хас тайпалары” деген мағынада қалыптасқан атау

Ғалым А. Әбдірахманов өзінің бұл ұсынысын: “Қазақ” этнонимінің құрамындағы “қаз” (қас//хас) – “тайпа атауы” және оғ//оқ (кейін “ақ” тұлғасына айналған) – “ру, тайпа” мағынасында қолданылған көне түркі сөзі” деп түсіндіреді. Салыстырма дәлел ретінде: ол екі компоненттен тұратын қазақ этнонимінің екінші сыңары оғ (оқ)-тың о баста өг – “ана” түрінде қолданылғанын, одан соң “ру, тайпаны” білдіретін оғұл (<оқ+ұл) жалпы атауға (аппелятивке), оғыз (“тайпа аты”), “Тоныкөк”, “Күлтегін” ескерткіштеріндегі оноқ, ұшоқ тайпа атауларымен бозоқ, сегізек, т. б. ру аттарын мысалға келтіреді. Дегенмен, бұл атаудың қаз сыңарының мағынасы айқын емес. Сондықтан қазақ этнонимін (<қаз+оқ) – “қас тайпалары” деп түсіндіруі және оның кейінгі дәуірлерде “еркін, батыл”, “елінен бөлінген, кезбе, жалғыз”, т. б. мағынаға ауысты деуі де дәлелденбеген сияқты.

[Әбдірахманов А. “Қазақ” сөзінің шығу төркіні // Қазақ әдебиеті. 3 ақпан 1968]

* * *

54

“Қазақ” – “қаз” түбіріне -ақ//-ек жұрнағын жалғау арқылы жасалған этноним...

Д. Е. Еремеев өзінің бұл пікірін: “Вторая группа тюркских этнонимов имеет окончания *-ак, эк, -ык, -ук, -у́к, -ик*. Во многих тюркских языках эти аффиксы образуют имена существительные и прилагательные (в том числе отглагольные). Эта группа этнонимов – более поздняя во времени образования в сравнении с первой (*-ар/-ер: болгар, балкар, маджар, хазар, сувар, авар, кангар* и др. – Ә. К.). В нее входит название народов и племен: *казак (казах), кумык, кыпчак, баджанак (бедженек, печенег), кайык, кынык, кырык (кызык), чарук, емек...* и др. Сюда же по формальным признакам относится и этноним тюрк (тюрюк)” – деп дәлелдейді.

[Еремеев Д. Е. К семантике тюркской этнонимии // Этнонимы. М., 1970. С. 135]

* * *

55

“Қазақ”, “қазақ-қырғыз”, “қырғыз-қайсақ” –
өзара балама атаулар ма?

Көптеген әдебиеттерде “қазақ” пен “қырғыз-қайсақ”, сондай-ақ “қазақ” пен “қырғыз” атаулары балама ретінде қатар қолданылып келген уақыттар да болған.

“Қазақтардың” “казактармен” этностық-тарихи қатынасы, байланысы бола тұрса да, оларды екі түрлі атаумен: біреуі — “қазақ”, екіншісі — “казак”, не орыстарды “казак” деп, түріктерді “қазақ” не “қайсақ” деп, не “қырғыз-қайсақ” деп атау XVII ғ. басынан басталғаны белгілі. Ғалымдар оған мынандай бір деректі айғақ етіп көрсетеді:

“В 1717 г. в донесении “находившегося в русском подданстве калмыцкого хана Аюка” упоминаются *кайсаки* [қар. Соловьев С. М. История России с древнейших времен. Кн. IX. М., 1963. С. 352]. “1721 г. сентября в 7 день в гос. Коллегии иностранных дел гос. канцлеру Г. И. Головнину присланной от Контайши посланец Борокурман словесной приказ доносил”, в котором речь идет о киргиз-казахах [қар. Благова Г. Ф. Аталған шығ., 151-б.]. Қазақтарды Ресей патшалығында “қайсақ”, не “қырғыз-қайсақ”, “қырғыз қазақтары”, т. б. атаулармен атау дәстүрге айнала бастағанын көреміз. Ол туралы Г. Ф. Благова мынандай деректерді келтіреді:

1) “Рядом с *кайсак* наименование *киргиз-кайсак*, как замечает А. И. Левшин, употребляется с начала XVIII в., постепенно, не сразу вытесняя прежнее казак” (Сонда, 151-б.).

2) Г. Ф. Миллер, посетивший Сибирь в 1735 г., уже писал о *киргиз-касаках* [қар. Описание Сибирского Царства. Кн. I. СПб., 1750. С. 41]. Осылайша: қазақ, қайсақ, қырғыз атауларын жеке түрінде де, қосарлы түрінде де “қазақ” этносына қатысты қолдану ресми дәстүрге айналады.

Бұл саяси әрекеттің себептері туралы:

“Несмотря на возражения многих тюркологов разных поколений и разных специальностей, продукт административно-официозного творчества — искусственно сконструированный этноним *киргиз-кайсак* — продолжал функционировать в царской России, причем порой (видимо, с целью достигнуть полного различия “*инородцев*” и русских казаков) в этом сочетании опускался даже основной смысло-несущий компонент *кайсак*, и фактически *казахи* назывались именем другого народа. Ср., например, в издававшемся на рубеже XVIII—XIX вв. “Словаре географическом Российского государства” (Ч. 3, стлб. 470): *Киргиз-кайсаки*, *киргизцы* или *киргизские орды* и др.” — деп ескертеді Г. Ф. Благова.

[Исторические взаимоотношения слов казак и казах // Этнонимы. М., 1970. С. 153]

Сонымен, қазақтарды “казак” деп атау ресми түрде Қазақстанда 1925 жылға дейін, ал Ресейде 1935 жылға дейін жалғасып келді. Бұл туралы әдебиеттерде былай делінеді:

“Подлинное самоназвание *казахов*, под которым они с давних пор известны всем соседним народам Средней Азии и Сибири, не сразу вошло в обиход и после Октябрьской революции еще несколько лет они продолжают официально именоваться *киргизами*; декретом 26 августа 1920 г. была создана Автономия Киргизская (читайте: Казахская) Социалистическая Советская Республика. Самоназвание *казак* было восстановлено в 1925 г. См. “Резолюцию 5-го Всеказакского (Всекиргизского) Съезда Советов”, где имеется пункт “О восстановлении имени *казаки* за киргизской национальностью” [Резолюция 5-го Всеказакского (Всекиргизского) Съезда Советов”. Организационный отдел ЦИК Казахской ССР. Оренбург, 1925]”.

“Официальное утверждение русского варианта самоназвания *казак-казах* связано с произошедшим в 1936 г. административно-хозяйственным переустройством Казахстана и публикацией одобренного Президиумом ЦИК Союза ССР 11 июня 1936 г. Проекта Конституции Союза ССР, где в числе равноправных Советских Социалистических Республик фигурирует Казахская Советская Социалистическая Республика” – делінеді.

Міне, көріп отырғанымыздай, *қазақ* халқының көнеден келе жатқан байырғы атауы – “*қазақпен*” көп уақыттан бері қабаттасып жүрген “*қырғыз-қайсақ*”, “*қырғыз-қазақ*” атаулары мен оны ығыстырып, жеке қолданып келген “*қырғыз*” және “*қайсақ*” атауларының 1936 ж. дейін ресми қолданылуы, сайып келгенде, қазақтарды орыс казактарынан (қазақша – “*қазақ-орыстардан*”) айыру үшін, ал оның астарында – өз атын ұмыттырып, өзін-өзі танымайтын бұратана елге айналдыру үшін қолданылған шоқындыру саясатына байланысты еді.

Қорыта келгенде айтарымыз: “*қазақ-қырғыз*” да, “*қырғыз-қайсақ*” та, сондай-ақ “*қырғыз*” да, “*қайсақ*” та “*қазақ*” атауының этностық та, тарихи да толық баламасы бола алмайды. Ал, “*қазақ*” пен “*казак*” атауларына ие этностардың (тайпалар, ұлыстар, халықтардың) этностық тұрғыдан қатыстығын жоғарыда келтірілген деректер жоққа шығармайды.

* * *

56

“**Қазақ**” – қазақ тілінің қорынан шығып қалған “**күзей**” деген түркі сөзі. Мағынасы – “**солтүстік**”

Бұл пікірдің авторы Қалибек Данияров былай деп дәлелдеуге тырысады: “Батыс Түрік қағанатында *қазақ* тайпалары (*қыпшақтар*, *арғындар*, *наймандар*, т. б.) қағанаттың солтүстігін мекендеп, түркі тайпаларының солтүстік тобын құрайды. Ол сол кездегі тілде “*күзей*” деп аталса керек. Одан кейін “*күзей*” қазақ тілінде “түстік”, “солтүстік” деп аталып, “*күзей*” осы тайпалардың ортақ атына айналуы мүмкін.

Ал “Күзей Ордасы” деген сөз бірте-бірте фонетикалық өзгерістерге ұшырай келе, “Қазақ Ордасы” аталып кетуі әбден мүмкін...” — деп көрсетеді.

[Данияров Қ. Қазақстанның балама тарихы.
Алматы, 1997. 109-б.]

* * *

57

“Қазақ” — қас және сақ деген жалқы есімдерден тұратын “нағыз сақ” мағынасындағы атау...

Бұл пікірдің авторы: “Біздіңше осы *сақ* атауының өзі жалқы есім болып, өзін “қассақпыз”, ал одан тараған тұқымдар “біз нағыз сақпыз” деуі заңды сияқты. Ертедегі ел аузындағы атадан балаға мұра болып қалып отырған сөздерге қарағанда, атамыз *Қазақтың Даналық* атты зайыбынан *Ақарыс*, *Бекарыс*, *Жанарыс* атты үш ұл туылған. “Бұлардың сол кездегі тұрақты жері Түстіктегі Сейхун мен Жейхун дариясының маңы еді” делінуі әбден орынды, шындыққа жақындайды” — деп дәлелдегісі келеді өз ойын.

[Әл-Бостереки Әмірбек Есенбайтегі. Шежіре.
Алматы, 1992. 13-б.]

* * *

58

“Қазақ” — қас және сақ сөздерінің тіркесінен туындаған атау

Бұл пікір — көп авторлардың қабылдаған ортақ пікірі. Б. Кенжебаевта: “Біз Мүсатай Ақынжановтың осы пікірін қуаттаймыз: нағыз ғылыми, тарихи жорамал деп білеміз” деп, кейбір қосымша деректермен дәлелдей түседі: *Қас* — “нағыз”, “дәл өзі” де, *сақ* — “көне тайпа атауы”.

[Кенжебаев Б. Қазақ // Қазақ әдебиеті. 23 қыркүйек 1996]

* * *

59

“Қазақ қызы” деген тіркес Туваның өлкелік мұражайындағы тасқа руна жазуымен жазылыпты

А. Сейдімбек: “Кстати, о слове *казах*. В краеведческом тувинском музее есть камень-экспонат, на котором руническими буквами написано слово *қазақ қызы* — казахская девушка”, — деген деректі келтіреді де, ол туралы басқа мағлұмат бермейді. Демек, ол тастың тарихын тек Туваға барып қана зерттеуге болады деген сөз.

[Сейдімбек А. Мир казахов. Этнокультурологическое переосмысление. Алматы: Рауан, 2001. С. 15]

* * *

60

“Қазақ” күз-сақ қос сөз тұлғасынан қалыптасқан; ондағы *күз – көне оғыз атауының қысқарған түрі де, сақ – жеке тайпа атауы...

Бұл ұсыныстың авторы О. Бекжанүбірі оғыз этнонимінің *күз, одан *қаз қалпына келу эволюциясын көптеген ұқсас деректермен (аз-сақ, соз+ақ, күз+ақ, қып+шақ, қа+сақ, қаз+сақ) салыстыра отырып дәлелдеуге тырысады.

[Бекжанүбірі О. “Қазақ” атауы қалай шыққан // Ана тілі. 24 сәуір 1994]

* * *

61

“Қазақ” – о баста “аз” (азар, азау) > “қаз//хаз” (қазар, хазар) аталған тайпа мен сақ тайпасының бірігіп, қосарлануынан туындаған этноним

Авторлар қазақ этнонимінің этимологиясын лингвистикалық заңдылыққа сүйене отырып, *h > x* дыбысының тұрақсыздығы (пайда болуы, не түсіп қалуы) негізінде қарастыру арқылы айқындауға тырысады. Яғни көне *аз (мыс., *аздар, азау, азер*) тайпасының *һаз//хаз* (*һазар, хазар, каспи*, т. б.) түрінде де қолданылғанын ескере отырып, олардың сақ тайпаларымен жіті араласып, бірігуінен *аз > һаз > қаз + сақ > қазақ* атауы қалыптасқан деп қарастырады.

[Қайдаров Ә., Қойшыбаев Е. К лингвистическому объяснению этнонима “қазақ” // Вестник АН Каз ССР. 1971. № 2. С. 47–51].

* * *

62

“Қазақ” – өзара туыстас екі тайпалық одақ – “қаз” (ертедегі “ғүз”) және онымен мәндес “сақ” атауының бірігуінен пайда болған этноним...

Автор ерте кездерде “ғүз-құман” (қыпшақ), *ғүз-татар*, “сақ+ғұн”, “сақ-үйсін”, “сақ-түрік” деген этнонимдер қалыптасқан осы үлгі бойынша *ғүз+сақ* атауы дами келе, “қаз-сақ”, одан қазақ болып қалыптасқан деп көрсетеді.

[Байжанов Ә. Халқымыздың аты қалай қалыптасқан // Қазақ әдебиеті. 20 қаңтар 1967].

* * *

63

“Қазақ” – парсы тіліндегі *хоззаг*
 (“білікті, білімді адам”) сөзімен сәйкес атау...

Парсы тілінен (Персидско-русский словарь. М., 1983. С. 495) кездескен осы сөздің төркініне байланысты Ә. Нұрмағамбетов: “Демек, бұл – өте ертеден келе жатқан сөз... оны “қоссақ” сөзімен сәйкестіре қарауға тұрарлық дүние...” дей келіп, бірақ осы “қоссақ-ты” бүгінгі қазаққа телуге, не “тегіміз сол” деп қарауға бола ма?” деген сауалға жауап беру – қиын мәселе... Алайда, көршілердің бізге осы атауды беруі ғажап емес... Жоғарыдағы деректерге сүйене отырып, “қазақ” – “қас+сақ-тың” туындысы деген жорамалға жол береміз...” деп тұжырымдайды ойын.

[Нұрмағамбетов Ә. Қазақ ру тайпалары атауларының төркіні // Ана тілі. 13 мамыр 2005]

* * *

64

“Қазақ” сөзі туралы алғашқы дерек
1245 жылы белгілі болған

Тарихшы С. Ибрагимовтың “қазақ” туралы зерттеуінде: “Қазақ” сөзі туралы алғаш дерек 1245 жылы құрастырылып, кейін 1894 жылы Хаутс есімді кісі Лейденде басып шығарған түрік-араб сөздігінде кездеседі. Бұл жерде “қазақ” сөзі “баспанасыз, қуылған кезбе” деген мағынада аударылған” деп көрсетіледі.

[Ибрагимов С. Тағы бір мәрте “қазақ” термині жайында // ҚазССР ҒА ТАЭИ еңбектері. 1960. 66–71-бб.]

Бұл еңбектің қазақша аудармасы “Қазақтар” атты анықтамалық жинақта (VI том. 1998. 67–73-бб.) жарияланды.

* * *

65

“Қазақ” сөзімен XV ғасырда Орталық Азиядағы
билікке таласушы, үміткер, сол үшін басқа жұртпен
таласып-тартысып өмір кешкен көшпелі тайпалар аталған

Автор Мұхаммед Хайдар Дулати өзінің “Тарих-и Рашиди” еңбегінде (орысша аудармасында) бұл ойын былай деп жазды: “Словом “казак” в Центральной Азии в XV в. называли как мятежных претендентов на престол, которые во главе своих сторонников вели жизнь искателей приключений, так и отряды кочевников, отделившихся от своих государей и находившихся с ними в состоянии войны”.

[М. Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. Ташкент, 1996. С. 678].

“Қазақ” татардан бұрын пайда болған, бірақ бұл “қазақ татардан шықты” деген сөз емес...

Қазақ тарихын зерттеуші А. И. Левшин көптеген орыс жазушыларының алғашқы *қазақтар* татар атауынан шықты, солардан тарады деген сөздеріне сенсе де, “солардың өздерінен бөлініп шықты” деген пікірге, “қазақ” сөзінің “татар” сөзінен туындауына сенбейді. Ол көне қазақтардың болғанын біле тұрса да “қазақ” атауы *татарға* (бұл арада *татарлар* – жалпы түркі тілдес тайпалар. – Ә. Қ.) еліктеуден емес, басқа бір тілден алынуы да мүмкін деп ойлайды. А. И. Левшин: “...первоначально существовали одни *казахи*, и “татарские казахи” явились лишь “подражателями”, перенявшими у первых их название” дей келе, ол “қазақ – қай уақыттан бері қазақ болып танылды” деген пікірін ашып айтпайды.

[Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. Ч. II. СПб., 1832. С. 39–41]

“Қазақ” та, “қайсақ” та өте көне қыпшақ атауының бұзылып айтылуынан шыққан...

Тарихшы Илья Казанцев өзінің еңбегінде *Қайсақ* (орысша – Кайсакъ), әлде *қазақ* (орысша – *казакъ*) атауларының шығу төркінін Әбілғазы Баһадүр хан еңбегіне сүйене отырып, былай деп түсіндіреді:

“Абулғазы... в истории своей о Турках, Татарах и Монголах, пишет, что слово *Кайсакъ* или *Казакъ* произошло от старинного и неправильного произношения имени *Кипчакъ*, означющего пустое дерево. Имя Кипчакъ дано было знаменитым завоевателем, произошедшим по прямой линии от Ноева сына Афета, в девятом колене, огузом своему приемышу и воспитаннику, сыну убитого в сражении начальника, найденному в дупле дерева рожденным во время битвы... Царствовал *Кипчакъ* 30 лет, а потомки его владычествовали под названием Кыпчаков 4 тысячи лет”.

Көріп отырғанымыздай: “қазақ” пен “қайсақ” атауларын бір сөздің варианты деп қарап, оларды өз ретінде “қыпшақ” атауының бұзылып айтылуынан шыққан деп жариялаған Әбілғазы шежіресіндегі пікірді қайталағанымен И. Казанцев оны дұрыс, не бұрыс деп ештеңе айтпайды.

Қазақ пен *қайсақ* атауларының “қыпшақтан” бұзылып шығуын лингвистикалық заңдылық дәлелдей алмайтын сияқты.

[Казанцев И. Описание киргиз-кайсаков. СПб., 1867. С. 3]

* * *

68

“Қазақ” та, “қайсақ” та пері бейнесіндегі
Ақ қаздан (<қаз+ақтан) пайда болған

Тарихшы Илья Казанцев **қазақ** пен **қайсақ** этнонимдері өткен дәуірдегі аңыз-әңгімеде сөз болған *Қалша Қадыр* атты қолбасшыны қиын жағдайдан аман алып қалған “Ақ қаз-дан” (орысша – “белая гусыня”), яғни ғажайып сұлу пері қызынан туған ұрпақтың баршасы бұл құбылыстың, яғни ұлысты аман сақтап қалушы сұлудың игілікті ісі құрметіне, **қайсақ** (орысша – **кайсакъ**) немесе **Қаз-ақ** (орысша – **каз-акъ**) атаныпты деп көрсетеді.

Бұл – “қазақ” этнонимі “ақ қаздан” шыққан деген жоба-жорамалдың тағы бір түрі.

[Казанцев И. Описание киргиз-кайсаков. СПб., 1867. С. 1–3]

* * *

69

“Қазақ” – тегінде XV ғасырда шыққан сөз емес,
ол қазақ халқының ойында көп ғасыр бойы
айтылып келе жатқан сөз...

Академик Әлкей Марғұлан “қазақ” туралы өзінің бұл пікірін: “Қазақ халқы бұл сөзге көп заман этностық мән бермей, көбінесе ұлы тайпалардың атымен жүруге ерекше мән берген (*үйсін, қаңлы, дулат, қоңырат, қыпшақ, алышын, арғын, керей, найман, жалайыр, уақ-меркіт, уңгіт, қарлұқ, жағмауыт (жағма) шекті*). Олар тек қытай әскері басып алуға келгенде бірлесіп, “қазақ” ұранын шығарған...”.

[Марғұлан Ә. “Тамғалы тас” жазуы орта ғасырда тасқа бедерлеген белгілер // Жұлдыз. 1984. № 1. 141–146-бб.]

* * *

70

“Қазақ” термині – Қазақстанның қазіргі
территориясында қалған “өзбекке”
туыс рулардың этностық атауы

Тарихшы С. Ибрагимов өзінің бұл пікірін былайша дәлелдеуге тырысады: “XV–XVI ғасырлар аралығында Қазақстанның қазіргі территориясында Әбілхайыр хан бастаған көшпелі өзбек тайпаларының мемлекеттік одағынан жаңа феодалдық иеліктер бөлініп шығып, уақыт өте келе Қазақ хандығына айналады. XVI ғасырдың басында Әбілхайыр ханның ұлдары мен немерелері бастаған, бұрынғы өзбек ұлысын қоныстанған кейбір көшпелі тайпалар “өзбек” атымен Мауе-

раннахр мен Хорезмге көшеді. Ал “қазақ” термині Қазақстанның қазіргі территориясында қалған “өзбекке” туыс рулардың этностық атауы ретінде бекітіледі (қалыптасады)” – деп көрсетеді.

Автор осы бір тарихи шындықты айта келіп, “қазақ” сөзінің пайда болуы мен мағынасы жөніндегі мәселе, қазақ халқының қалыптасуы мен Қазақ хандығының құрылуы секілді шешілмеген сұрақтар қатарында жатыр деп, “қазақ” атауы туралы айтылып келе жатқан сан алуан пікір, ұсыныстарға тоқталып, оларды санамалап өтеді.

Автор А. И. Левшиннің “Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары жайында” атты еңбегі [*Левшин А. И.* Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. Ч. 2. СПб., 1832] жарыққа шыққаннан кейін көптеген ғалымдар (А. Вамбери, Г. И. Рамстедт, Н. И. Веселовский, В. В. Бартольд, В. В. Вельяминов-Зернов, В. В. Радлов, А. Н. Самойлович, т. б.) “қазақ” этнонимінің табиғатына көңіл аудара бастағанын айтады. Олардың әрқайсысы “қазақ” атауының табиғатын өздерінше түсіндіріп, біреулері оны “қаз” етістігінен таратып, “кезу” ұғымына баласа, екіншілері (И. И. Крафт, Н. И. Веселовский, А. П. Чулошниковтар) “ақ қаздан”, не “гази-хақтан” таратты, үшіншілері (Г. И. Рамстедт) – моңғолдың “хасаг терегенінен” шығарды. Қалай болғанда да, көпшіліктің тоқтаған бір тұжырымы – “қазақ” сөзінің “еркін, бос; қашқын, баспанасыз” деген мағынасы болып саналады дейді.

Автор “қазақ” туралы көптеген ұсыныс-жорамалдарды келтіре отырып, XVI ғ. алғашқы ширегіндегі “қазақ” пен “өзбек” терминін өзара салыстырып: “Этностық ерекшеліксіз, кейде тіпті, “өзбек-қазақ” деп атағанын ұмытпаған жөн... Бұның өзі суреттеліп отырған уақытта “қазақ” сөзі тұрақты этностық мағынаға ие болмағанын көрсетіп отыр” деп түйеді өз ойын.

[*Ибрагимов С.* Тағы бір мәрте “қазақ” термині жайында // Қазақтар. VI том. “Қазақ” сөзінің шығу төркіні туралы // ҚазССР ҒА ТАЭИ еңбектері. 1960. 66–71-66.]

* * *

71

“Қазақ” – “ұғыз-сақ” дегеннен туған атау...

Автор Ә. Қоңыратбаев *қазақ* атауына қатысты жоба-жорамалдардың біразына шолу жасай келе, “Қазақ” деген сөз “ұғыз-сақ” дегеннен туған” деп түйеді. Бұл пікірін дәлелдеу үшін автор мынандай уәж айтады:

“Қырғыз 9 тайпаның бірі, оның аты “*Қыр ұғыздары*” дегеннен туса керек... 1504 жылы өзбек (ұғыз) ұлысы бөлінгенде, Жәнібек ханға ерген тайпалар, әсіресе қыпшақтар, өздерін бергі ұғыздардан айыру үшін: “Біздер кешегі ұғыз ғана емеспіз, Қазақ даласын ертеден мекендеген

баяғы сақ, массагет, үйсіндерміз; сондықтан біз өзімізді “ұғыз-сақ” деп атаймыз” деген. Бұл жаңа саяси бірлік үшін өте қажет болған. Жәнібек “ұғыз” дегенді одақ аты деп біледі. Бірақ сол одақ атынан түгелдей безбейді. “Қазақ” (“ұғыз-сақ”) сөзі осыдан туған” деп қорытады ойын.

[Қоңыратбаев Ә. “Қазақ” деген сөз қайдан шыққан? // Ленин жолы. 7 қыркүйек 1967]

* * *

72

“Қазақ” – “хақас” этнонимінің метатезаға ұшырауынан пайда болған атау...

П. Пеллио қолдаған ескі жобалардың (гипотезалардың) бірінде [Pelliot P. Notes sur l'Histoire de la Horde d'OR... Paris, 1949] кездесетін қазақ атауының көне варианттары – қақас // хакас деген пікірді В. П. Юдин жаңғыртып, былай деп жазады: “Предполагается, что қазақ первоначально появилось в языке типа хакасского. В последнем қазақ имело бы форму хазах. Поскольку в истории тюркских народов казахи были не просто беглецами, а представляли собой определенное явление, особый институт, то при заимствовании в другие тюркские языки возникла база для семантического отрыва хазах от кач. Семантический отрыв, в свою очередь, обуславливал сохранение при заимствовании звучания хазах, во многих тюркских языках закономерно переходящего в “қазақ”. “Высказываются также предположения о тождестве этнонимов қазақ и хакас, разошедшихся в результате метатезы” деп ескертеді.

[Юдин В. П. К этимологии этнонима казах (қазақ) // Центральная Азия в XIV–XVIII веках глазами востоковеда. Алматы: Дайк-Пресс, 2001. С. 140]

* * *

73

“Қазақ” этнонимі *аз – (“жолдан таю, азғындау”) және -ақ етістіктен есім жасау жұрнағынан тұрады...

Бұл – венгр ғалымы А. Вамберидің ұсынған этимологиясы. Ол “түркі сөздерінің алғашқы түбірлері о баста үш дыбысты құрамнан тұрған” деген теорияға сәйкес қазақ этнонимінің құрамындағы *аз-ілікті түбірінің алғашқы тұлғасы *қаз түрінде қолданылған деген принципке сүйенеді.

[Vambery H. Das Gurkenvalk in seinen ethnologischen und ethnographischen Beziehungen. Leipzig, 1885]

Бұл пікірді В. П. Юдин қолдамайды. Ол: “Гипотеза не приемлема, так как реконструкция источниками и исторической фонетикой не

подтверждается, а также потому, что казак выводится из аз-//қаз-, а аз-// қаз- объясняется словом казак” – деп көрсетеді.

[Юдин В. П. К этимологии этнонима казах... (казак) С. 139]

74

“Қазақ” этнонимі – қада етістігі мен
-қ есім жұрнағынан тұратын сөз

Бұл жобаны алғаш ұсынған да, және дәлелсіз екенін мойындаған да академик А. Н. Самойлович. Автордың пікірі бойынша түркі тілдерінде з-й-д-р дыбыстары белгілі позицияда өзара алмасып отырады. Осыған сөйкес, қазақ этнониміндегі етістік “қаза” түбірі (з-д) алмасуына байланысты “қада” түрінде де қолданылып, “бір затты қадау”, “бір нәрсені сұғу, шаншу” мағынасын да білдірген болуы мүмкін деп жорамалдайды автор. Бір тіл логикасына жүгінгенде қазақ-қадақпен қатар қайақ-қарақ деген атау варианттары да болуға тиіс еді ғой, бірақ ол тілде жоқ. Сондықтан бұл этимологияны да дұрыс деп қабылдауға болмайды деп автор өзіне-өзі қарсы шығады.

[Самойлович А. Н. О слове “казак” // Казаки: антропологические очерки. Материалы особого комитета по исследованию союзных и автономных республик. Вып. II. Серия казахстанская. Л., 1927. С. 5–16]

75

“Қазақ” этнонимі “қаз” және “ақ”
сөздерінен құралған...

Бұл болжамның қалыптасу уәжін Олжас Сүлейменов өзінше түсіндіреді: “В народной этимологии он (этот этноним. – Э. К.) и поныне различается на “қаз ақ” – гусь белый, то есть Лебедь.

Благодаря такому пониманию народного имени Лебедь и Гусь стали своеобразными поэтическими тотемами казахов. Народ Белых Гусей обожествлял этих птиц. Убить гуся или лебедя считается великим грехом и поныне. Исследователь эстетических взглядов древних казахов не обойдет вниманием Белого Гуся: люди многое брали от своих тотемов. Эти пернатые стали одушевленными идеалами красоты. Европейского слушателя, привыкшего к другой системе поэтических употреблений, могут шокировать, например, такие строки из эпоса “Ер Таргын”, где дочь Акша-хана находит лучшее для себя сравнение: “У отца с матерью я росла, как ручная гусыня”... “Лучшим ораторам степным присваивалось звание – қаздауысты (гусиноголосый).

Какой казах не знает великого оратора древности Қаздауысты Қазыбека? Нет, не потому, что казахи... воспевали гусей и подражали

им, а потому, наверное, что нашли Белого Гуся в своем имени. Для древнего это значило, что Белый Гусь – его предок... Культ предков лежит в основе степных религий”.

[Сулейменов О. Аз и Я: Книга благонамеренного читателя. Алма-Ата: Жазушы, 1975. С. 115–116].

“Ақ+қаз” жобасына берілген Олжас Сулейменовтің бұл уәждерімен Амантай Айзахметов келіспейтінін айтып, оны төмендегіше дәлелдейді.

“Мои выводы: Да, и на самом деле, культ предков лежит в основе степных религий. Это бесспорно. Это идет еще со времен Заратуштры. Но как согласиться с Олжасом Сулейменовым, что в Степи обожествляли Белого Гуся? В Степи поклонялись Солнцу, Огню, Воде, Богу неба – Тенгри, Богине земли – Умай, Богу-Сыну и Святому Духу, а потом в Степи стали считать, что Бог один и один и имя его – Аллах и Магомет – пророк его. Нет, не обожествляли в Степи Белого Гуся, его только почитали, как и все прекрасное, как и все чистое, светлое, благородное. Ну, а что касается этого своеобразного, как говорит Олжас Сулейменов, поэтического тотема, то не одним только обилием гусей объясняется казахская поэзия. Возьмем тот же самый контекст из эпоса “Ер Тарғын”, строку из которой Олжас Сулейменов брал в качестве примера и приведем его в более полном объеме: “Я – дочь Акша-хана. У отца с матерью я росла, как ручная гусыня. Среди отары овец была нежным ягненком, среди табуна коней была резвым жеребенком”. Так что образ гусыни, с которым сравнивает себя дочь Акша-хана не единственный в этом контексте и не преобладает в поэтике эпоса над другими образами сравнения” деп көрсетеді.

[Айзахметов А. Колыбель царей человечества. Тараз: Сенім. С. 98–99-бб.].

* * *

76

“Қазақ” этнонимі *қас (“өте биік”, ауыс. “өте жоғары”) және *оқ (“садақ оғы”) деген сөздерден құралып, “садағының оғы ұзын тайпа” дегенді білдірген...

Автор бұл жобаны “Есік” қорғанынан табылған “Алтын ұланның” басқиміндегі ұзын оқтарға (оқ жебелерге) қарап дәлелдегісі келеді. “Өйткені көне сақтар мен қазақтардың арасында этногенетикалық байланыс бар” деп түсіндіреді ол.

[Сеидов М. О родо-этнической судьбе “Золотого воина” // Улдуз. 1981. № 8 (әзірбайжан тілінде)]

* * *

77

“Қазақ” этнонимі *қаш* (қашу) етістігі мен *-ақ* есім жұрнағынан тұратын сөз

Бұл – П. Пеллио қолданған гипотезаның, яғни көне этимологиялардың бірі. Бұдан да қазақ атауындағы *қаз түбірінің түп төркінінен *қаш- // *қач (қашу, қашқын дегендегі) етістік түбірін көру, одан туындаған қазақ атауынан “қашақ”, “қашқын”, “кезбе” мағынасын шығару үрдісі айқын байқалып тұр.

[Юдин В. П. Центральная Азия в XIV–XVIII веках глазами востоковеда. Алматы: Дайк-Пресс, 2001. С. 140]

* * *

78

“Қазақ” этнонимін – еркіндік аңсаушы, батыр, батыл, бойдақ, жалғыз, үйсіз кісі, кезбе мағыналарындағы сөз деу тек жоба ғана

Автор А. Әбдірахманов түркі тілдерінің көне нұсқалары мен сөздіктерінде жарияланған және А. Н. Самойлович (1927 ж.), С. Ибрагимов (1960 ж.) т. б. ғалымдар тарапынан айтылған пікірлерді келтіре отырып, бұл ойын былайша таратады: “Біріншіден, *сақ* этнонимі көптеген атаулардың құрамында кездеседі. *Созақ* топонимінде *су+сақ*, иран тілдерінде *анасака* < *ана* (аб-“су”) + *сак* – “су бойындағы сақтар” (олар қарақалпақ халқының этностық ұйытқысы саналған). Осы қатардағы бір атау – *қассақ*, “одан *казак//қазақ* пайда болған деп қарайды ғалымдар” дей келіп, автор бірақ “бұл пікір сақтар иран тілдес халық болғандықтан әзірше тек болжам ғана” деп ескертеді. “Ал В. Радлов нұсқасы бойынша келтірілген Қырым және Қазан татарларының тіліндегі “*қазақ кіші*” (“батыл, атқа мықты” мағынасында), “*Шора батыр*” аңызындағы “*қазақ болып Қазанға шығамын*” деген тіркестегі, қарашай-балқар тіліндегі “жалғыз, үйсіз кісі” мағынасындағы, т. б. бұлақтардағы “*қазақ*” сөзі “*қазақ*” этнонимімен төркіндес деген пікір де – тек жорамал” деп көрсетеді.

“Шын мәнісінде, “*қазақ*” – “*қаз*” және “*оқ*” деген екі компоненттен тұратын этноним” – деген өз пікірін ұсынады автор А. Әбдірахманов.

[Әбдірахманов А. “Қазақ” сөзінің шығу төркіні // Қазақ әдебиеті. 3 ақпан 1968].

* * *

79

“Қазақ” этнонимінің *қаз элементі – *қас // *қас деген яфет тайпасының атауы

Академик Н. Я. Маррдың яфедологиялық теориясы бойынша *кас+ни, *қаз+ак, *хаз+ар, т. б. этнонимдердің құрамындағы *кас (қазақша *қас. – Ә. Қ.) //қаз//хаз түріндегі атаулары болып саналады.

[Марр Н. Я. Чуваши-яфетиды на Волге. Чебоксары, 1926. С. 43 и 61]

Бұл этимология жөнінде академик В. В. Бартольд: “этимология Н. Я. Марра является гипотезой, которая вряд ли может быть принята историками” деген пікір айтады.

[Barthold W. Kazak // The Enzyklopaedie des Islam. Leyden~Leipzig, 1927. Vol. 2. P. 836]

* * *

80

“Қазақ” этнотермині қаз (ол – көне қас (кас) тайпасының аты) және ақ деген компоненттерден құралуы ықтимал...

Автор Т. Жанұзақов “қазақ” этнонимі “қаз” және “ақ” деген екі сыңардан тұрады деп жиі айтылатын пікірге қосыла отырып, бұл атаудың бірінші компоненті – *қаз сөзін Каспи (теңізіне), Кавказ, Хазар этнотопонимдерінің құрамында кездесетін көне тайпа аты – қас>каспи атауының баламасы деп қарайды.

[Жанұзақов Т. “Қазақ” деген сөз қайдан шыққан? // Жұлдыз. 1983. № 3. 194–198-бб.]

81

Қазақ – XI ғасырда Алтайдан келген халық

Қазақтың әйгілі жазушысы Ғ. Мүсірепов өзінің күнделігінде: “Қазақ XI ғасырда “Халықтар қаңқасы” атанған Іле, Алакөл арқылы Алтайдан келген” деп көрсетіп, оны былайша дәлелдейді: “1978 ж. 11 желтоқсан күні өткізілген қазақ тарихының бас коллегиясының мәжілісінде Әлкей Марғұлан екінші рет: “Араб жазушысы әл-Фатық IX ғасырда Каспий, Арал теңіздерінің солтүстік жағында “қазақ” деген көп ел бар!” – дегенін ескерткен еді. Олай болса, біздің “қазақ” атанғанымызға ең берісі – 8–9 ғасыр болғаны”.

[Парасат. 2002. № 3]

* * *

82

“Қазақ” IX–X ғасырларда Шығыс Дешті Қыпшақтың құрамында “қазақ” атауымен, ал XI–XII ғасырларда этностық-әлеуметтік топ ретінде белгілі болған этнос...

“Қазақстанның бес томдық жаңа жазылған тарихының 2-томы авторларының пікірі бойынша, “қазақ” деген ұғымның мәні – “ерік-тілер”. Ал, шын мәнісінде, бұл сөздің түп төркіні бұрыннан белгілі “кезбелік”, “қазақшылық” (казачество) деген ұғымдарға барып саяды” дейді З. Қинаят.

[Қазақ // Егемен Қазақстан. 24 қыркүйек 2000]

83

“Қазақтар” деп ертеректе Орта Азия халықтарында үйсіз-күйсіз жүрген қашақтарды айтқан

Ш. Уәлиханов өзінің бұл пікірін былайша жалғастырып: “Олар (түркі тайпалары. – Ә. Қ.) өздерінің көшпелі тірлігіне сай саяси одаққа немесе ұлысқа біріккен кезде жеке-жеке емес, тұтас руымен, аталас тобымен, ең болмағанда ауылымен, бүкіл мал-мүлкімен қосылып отырған. Орта Азия қазақтарының жеке адамдардан жиналған орыс *казактарынан* басты айырмашылығы осында”, – деп таратады.

[Валиханов Ч. Ч. Собр. соч. в 5-и томах. Т. 4. Алма-Ата, 1965. С. 197–198]

Бұл пікір басқа авторлар тарапынан бұдан бұрын да және кейін де айтылып келеді. Сайып келгенде, бұл да **қазақ** этнонимінің төркінін *қаш-* етістік түбірінен туындаған **қашақ (>*қазақ)* сөзінен шығару идеясын қолдайды. Түркі тілдерінің (соның бірі – қазақ тілінің) табиғатына сүйенсек, екі буынды сөз ортасында **Ш** дыбысының **З** дыбысымен алмасуы мүлдем кездеспейтін құбылыс.

84

“Қазақтар” – ертеден келе жатқан біртұтас халық...

Орта Азия тарихын зерттеуші ғалым А. Вамберидің *қазақ* атауының X–XI ғғ. белгілі болғандығын дәйектейтін О. Ю. Сенковскийдің, А. И. Левшиннің, т. б. ғалымдардың зерттеулеріне сүйеніп айтқан бұл пікірі өзінен кейінгі (А. Н. Бернштам, т. б.) ғалымдардың еңбектерінде де өз жалғасын тапқан.

[Vambéry H. Das Gurkenvalk in seinen ethnologischen und ethnographischen Beziehungen. Leipzig, 1885]

85

“Қазақтар” – Орта Азияда өз тайпалық одақтарынан бөлініп шыққандар

Автор В. В. Вельяминов-Зернов “қазақ” этнонимінің шығу тарихына байланысты пікірлерді саралай келіп, “Гранат” энциклопедиясында: “Бұл қашқындар өзара бірігіп, жаңа одақтар құрған. Мұндай одақтар көшпелілер үшін үлкен жаңалық емес болатын, өйткені Шыңғыс хан империясы тарағаннан кейін мұндай жаңа одақтардың құрылуы жиі болып тұратын құбылыс еді”, — деп көрсетеді.

[Гранат. Т. 24. СПб., 1914. С. 143]

* * *

86

“Қазақтар” XIV ғасырда Дон аймағының шөл далаларында қаңғып жүрген “ордалықтар”, “азаулықтар” немесе “татарлар” деп те аталып келген...

Бұл пікір орыс жылнамаларында кездесетін митрополит Пименнің жазбаларында былай келтірілген:

“Донской край в своих верховьях представлял бесплодную пустыню, где бродили *казахи*, называвшиеся ордынскими, иногда азовскими или татарскими. Казахи эти в течение 150 лет, начиная с 1400 года, славились разбоями и грабежами. Они брали дань с Азова”.

* * *

87

Қазақтар XIV ғасырда Қырымда жасаған халық

Бұл пікірінің дәлелі ретінде автор, тарихшы Б. Аспандияров, біріншіден, қазақ тіліндегі “Қызыңды бер Қырымға, Ұлыңды бер Ұрымға (Румға)” деген фольклор материалын (оның “Қызын Қырымға кеткір, Ұлын Ұрымға кеткір!” деген қарғыс түрі бар) тарихи деректермен салыстырып барып айтуға болады десе, екіншіден, 1397 ж. Литваға қоныс аударып барған Қырым татарлары өздерін “*татар*” демей “*қазақтар*” деп атауын келтіреді. Үшіншіден, автор XVIII ғ. Қырым жерінде қазақ рулары жасаған және олар жергілікті Қырым басшыларына бағынбағандығын ескертеді. Мәс., ол А. А. Новосельскийдің (қар. Борьба Московского государства с татарами в XVII в. С. 21, 146) еңбегіне сүйене отырып: “В Астрахань были вызваны мурзы для расспросов, нет ли среди мурз “шалости”. Мурзы отрицали “шалости” в своей среде, но указывали, что они не властны над своими улусными людьми, особенно над людьми “большого родства” *найманского* и *кипчакского*...”. Из приведенных выше отрывков видно, что казахские роды *арғын*, *кипчак*, *найман* и другие еще в XVII веке часто кочевали в Причерноморье и Крыму”, — деп көрсетеді.

[Аспандияров Б. Некоторые сведения о местах обитания казахов в древности // Простор. 2000. № 11. С. 81–82]

* * *

**“Қазақтар” – Персияның солтүстігінде жасаған
(VI ғ.) коссогтар**

Бұл пікірді автор Орта Азия туралы еңбекте кездесетін Персияның солтүстігіндегі “*коссок*” тайпа атауының “*қазақ*” этнонимімен сыртқы ұқсастығына қарап айтып отыр.

[*Нұрмағанбетов Ә.* Қазақ ру-тайпалары атауларының төркіні // Ана тілі. 13 мамыр 2005]

* * *

**Қазақтарды орыс княздары XIV–XV ғасырларда
әскер қатарына тартқан**

Бұл пікір тарихшы Б. Аспандияров еңбегінде былай келтіріледі:

“В XIV–XV веках русские князья широко привлекали *казахов* на военную службу. Так, великий князь Василий Темный нанимал татарских *казахов* для борьбы с Крымом, как людей, знающих эту землю. В походе московского князя Ивана III на Новгород, состоявшийся в 1471 году, участвовал и касимовский султан вместе со своими подданными – казахами...”

[*Аспандияров Б.* Некоторые сведения о местах обитания казахов в древности // Простор. 2000. № 11. С. 81]

* * *

**Қазақтардың арғы тегі – *Хас сақтар*, яғни
жаужүрек *сақтар*...**

Автор Зейнолла Санық (ҚХР) қытай қолжазба деректеріне сүйене отырып: “Біздің жыл санауымыздан бұрынғы X ғасырдың бас шеніне дейінгі аралықта Алтайдан Атырауға, Сары өзен бойынан Сарыарқаның төсіне дейінгі байтақ жерде осы Сақ одағының ізі сайрап жатыр. Бұл халықтан сол кездің өзіңде-ақ әлемге белгілі киелі аналар, ғұлама ғалымдар, ірі қолбасылар шыққан” деп баяндайды.

[*Санық З.* Ежелгі жазбалардағы еліміздің шежіресі // Қазақ әдебиеті]

* * *

**Қазақтардың ата-бабалары шеркештерден
шығуы мүмкін**

Жақып Ақбаев қазақ халқының шығу тегіне тоқтала келіп: “Тарихи деректер мен Қазақ уезінің географиялық жағдайы мені Қазақ уезінің халқы кезінде ата-бабалары – *казактар* атты әскер ретінде әскери қызмет атқарған черкестерден шығуы мүмкін деген ойға жетелейді. Черкестердің нағыз ұлдары ретінде *Қазақ* тайпасының бұрын өздеріне тән сенімді де ашық мінезді, ерік-жігері темірдей берік, әрі қайтпас қайсар, кіршіксіз таза, асқақ та әсершіл мінезді және шабытты болғанына күмән жоқ” – деп көрсетеді.

[*Құл-Мұхаммед М.* Алаш ардагері – Жақып Ақбаев.
Алматы, 1996. 160–161–66.]

* * *

92

Қазақтың арғы тегі – “ақ қаз”

Белгілі қазақ ақыны, ғалым Олжас Сүлейменов осы пікірді қолдайды және оны дәлелдеу мақсатымен төмендегі деректерді келтіреді:

“Мне кажется, не последнюю роль в рождении этого уподобления сыграл тюркский этноним – “казак”. В народной этимологии он и поныне разлагается на “каз ақ” – гусь белый, т. е. Лебедь”.

Благодаря такому пониманию народного имени Лебедь и Гусь стали своеобразными поэтическими тотемами казахов. Народ Белых Гусей обожествлял этих птиц, убить гуся или лебедя считается великим грехом и поныне.

Исследователь эстетических взглядов древних казахов не обойдет вниманием Белого Гуся; люди многое брали от своих тотемов. Эти пернатые стали одушевленными идеалами красоты... Для древнего это значило, что Белый Гусь – его предок. Культ предков лежит в основе степных религий.

...Каждый народ пытается осмыслить свое наименование. Он осваивает его, подгоняя, если возможно, форму этнонима к знакомой лексике. “Казак” толкуется слишком легко, и это подозрительно. Но нас сейчас интересует даже не праформа этнонима, а то – как давно он стал пониматься – Гусь Белый”.

[*Сүлейменов О.* Аз и Я: Книга благонамеренного читателя”.
Алма-Ата: Жазушы, 1975. С. 115–116]

* * *

93

Қазақтың асыл түбі – маңғұлдан бөлініп шыққан татар...

Абай өзінің “Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы” атты қарасөзінде қазақ халқының шығу тәркінін айта келіп: “есте

жоқ ескі мезгілде, маңғұлдан бір “*татар*” атанған халық бөлінген екен. Қытайлар “*татан*” деп жазады. Асыл түбі қазақтың – сол *татар*. Осы күнде де қазақтың төре нәсілдері өзін “біз татармыз” деп айтысады. Онысы “біз келімсек емес, түпсіз емес, таза тұқымбыз” дегеннің орнына айтылғаны...”, – деп көрсетеді.

[*Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармалары. Алматы, 1977. 2-т., 227-б.*]

* * *

94

“*Қазақия*” – “*қазақ*” және “*қия*” сөздерінен тұратын “*Қазақ елі*” мағынасындағы атау

Солтүстік Кавказда қалыптасқан *Қазақия* елі атты атаудың төркінін тарихшы Б. Қожабеков бұл елдің жайлаған өлкесінің ерекшелігіне қарай былайша түсіндіреді: “*Қия* қағанаты (*Қия* – орыс жылнамаларында *Киев* (854 ж.) және таулы өлке) *Қыпшақ* атауынан айырылып, алғашқы орыс мемлекеті – “*У крайа*” деген тіркестен *Украина* болып аталды... Бұл қыпшақ пен орыстың этностық не тарихи жақындығын аңғартатын дерек”, – дейді.

[*Қожабекұлы Албани Б. Қазақия. Алматы: Ататек, 1998. 314–315-бб.*]

* * *

95

“*Қайсақ*” атауы Еуропада Х ғасырдан белгілі бола бастады...

Автор И. Қабышұлы көптеген бұлақ көздерінен (“*Алтын топшы*”, “*Қүпия шежіре*”, көне орыс шежіре-жылнамаларынан, т. б.) деректер келтіре отырып: “*Қазақ* деген Еуропада Х ғасырдан бастап там-тұмдап белгілі болса, ертедегі моңғол, қытай шежірелерінің нақты деректерінде айқын түрде белгіленген. Сонда бұл елдің есімі “*қазақ*” атымен емес, “*қассағ*” атымен жазылған”, – дейді. “Көптеген тарихи дәлелдерге сүйеніп, көне шежірелерге үңілсек, моңғол мен қазақтардың шыққан тегі тым жақын болғанға ұқсайды. VI–VIII ғасырларға дейін моңғол жерінде түркі тектес халықтар тұтас ел болып тұрды”, – деп көрсетеді автор.

[*Қабышұлы И. “Қазақ” сөзінің төркіні туралы // Қазақтар. VI т. Алматы, 1998. 88-б.*]

* * *

96

“*Қайсақ*” – *қазақтың* балама атауы

“Ресейдің бодауында болған қазақтарды өз атымен атамай, “қайсақтар” деп атауына күні бүгінге дейін өкпеміз қара қазандай”, – дей келіп, автор бұл сөздің төркінін жержүзіне (Византияға, Кавказға, Әзірбайжанға, Ресей жеріне) қаптап кеткен **сақ** тектес түркі тайпаларына (қыпшақ, құман, албан, т. б.) орыс оқымыстыларының бұл “қай сақ?” деп таңғалуына байланысты қалыптасқан атау деп түсіндіреді.

“Қазақ – көне замандардағы қоссақтар екен. Олар – бүгінгі қайсақтардың, яғни қазақтардың балама атауы. “Қазақ елі”, “Қазақия” немесе “қазақ әулеті” Страбонда Сахадзене деп аталыпты...”. “Қазақ – сақ тармағы, оның аймағы – Қазақия, яғни Қазақ жері...”, – деп көрсетеді автор.

[Қожабекұлы Албани Б. Қазақия.
Алматы, 1998. 318–320-бб.]

* * *

97

“Қайсақ” (орысша “кайсак” атауы) – казактардың қазақ халқынан бөлектігін білдіру үшін өзгертіп алынған этноним

Шығыстанушы ғалым В. П. Юдиннің пікірі бойынша: “Хайсақ (т. е. русск. кайсак) в русском языке является искажением қазақ, возможно, вызванным необходимостью отличать русских казаков от казахов”.

[Юдин В. П. Центральная Азия в XIV–XVIII веках глазами востоковеда. Алматы: Дайк-Пресс, 2001. С. 140]

* * *

98

Қара теңіз бойын мекендеген алаңдар елінде “касек” деген облыс аты болған...

Белгілі тілші ғалым А. Н. Самойлович өзінің “О слове “казак” атты еңбегінде “қазақ” этнониміне байланысты В. В. Радловтың: “Фирдоусидің даңқы әлемге әйгілі “Шаһнама” дастанында (X–XII ғғ.) “қазақ” және “қазақ ханы” деген деректің барлығын, В. Ф. Минорскийдің еңбегінде Араб, парсы деректерінде *касаг*, *касог*, яғни қазақ деген атаудың сирек ұшырайтынын, тек Масуди шығармасында ғана (X ғ.) “кашаг” деген халық аты аталатынын ескертеді” [Казаки: антропологические очерки. Л., 1927].

Бұдан аңғаратынымыз – “қазақ” этнониміне қатысты *касог*, *касаг*, қазақ деген атаулардың араб-иран әлемінде де X–XII ғғ. кездескендігі туралы мағлұмат бар.

Қосақ – “таза түрік” мағынасын білдіретін
“қазақ” атауының көне баламасы...

Көптеген деректерді салыстыра келіп, Әбілбек Нұрмағамбетов осы тұжырымға келеді. Ол: “Салыстыра келгенде, парсылар түрк халқын **“сақ”** деп атағанын байқаймыз. Дарий I көрсеткен **“қоссақ”** тұлғасын екі сөздің бірігуінен туған деп санасақ, екінші сөз **“сақ”** болады да, оның берер мағынасы, қазіргі түсінігімізше – **“түрк”**. Бірінші сөз – **“қос”**, біздің болжауымызша, араб, парсы тілдеріне ортақ – **“қоспасыз таза”** деген мағыналарды беретін – **“қас”** сөзі болуы мүмкін. Осы ойымызға сүйене отырып, **“қоссақ”** сөзін бүгінгі түсінігімізге бейімдесек – **“таза түрік”** мағынасын меншіктенбек. Бұл топшылауымызды қазіргі кездегі парсы тілінің сөздік қорында ұшырасатын кейбір тұлғалар мағынасы қуаттайтындай: **Һозат** – “білетін, білімді адам” (Персидско-русский словарь. Т. I. М., 1983. С. 495). Сөздікте бұл сөздің тұсында кітаби деген ескертпе жазылған”, – деп көрсетеді автор.

[Нұрмағамбетов Ә. Қазақ ру-тайпа атауларының төркіні // Ана тілі. 13 мамыр 2005]

“Қырғыз-қайсақ (яғни **қазақ**) атауын
қазаққа шетелдіктер таңған

“Брокгауз-Ефрон” энциклопедиясында берілген бұл пікірде: “...Қырғыз-қайсақтар өздерін қазір де, бұрын да бұлай атамаған: олардың кейбіреулері өздерінің ұлтын **“хасақ”** дегенімен, басым көпшілігі руының атымен атайды” – деп түсіндіріледі.

[Энциклопедический словарь Ф. А. Брокгауза и И. А. Ефрона. Т. XXIX. СПб., 1895. С. 95]

Қырғыз бен қазақ –
бір тұқымдас...

Бұл – Абайдың “Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы” атты қарасөзінде айтқан пікірі. Ол Енисей, Аңғара бойынан Алатаудың бөктеріне ертеде көшіп келген қырғыздарды айта келіп, олардың қазақтармен өте жақындығын ескертеді.

[Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармалары. Алматы, 1977. 2-т. 228-б.]

* * *

102

Қытай жылнамаларындағы “*хассак*” деген сөз қазақтың атауы. Ол *ха* - “нағыз” және *сак* “сақ” > “нағыз сақ” деген сөздерден тұрады

Бұл пікірдің авторы Қалибек Данияров: “Осы арқылы қытайлар қазақтардың этностық түп-тамырын сақтардан шығарып отыр. Мұндай пікірмен неге келіспеске? Біздің ғалымдар мұны көзге ілмей, қарабайыр да ғылымнан ада “*қаз-ақ*” (*ақ қаз*) іспетті ұқсас сөздерден іздейді” дейді.

[Данияров Қ. Қазақстанның балама тарихы. Алматы, 1997. 78-б.]

* * *

103

Литваға 1397 ж. көшіп (ауып) барған Қырым татарлары өздерін “*қазақпыз*” деп атаған...

Бұл көне тарихи қолжазбаларда кездесетін пікірді ғалым Б. Аспандияров былайша түсіндіреді: “Это означает, что казахи жили и в Кыриму. Такой вывод подсказывает также выдержка из легенды “*Чора*”, приводимая Радловым...”, – дей келіп, ол В. В. Радловтың “Опыт...” атты еңбегінен мына деректі келтіреді:

“У Крымских татар я встретил слово *казак* только в легенде “*Чора*”, где говорится, что *Чора* отказался остаться в Кыриму и желает сделаться “*казаком*” и ехать в Казань” (*Қазақ болуы Қазанға чыгаим!*) Здесь *казак* без сомнения обозначает: “вольный искатель приключений, разбойник, бродяга” (*Радлов В. В. Опыт словаря тюркских наречий. Т. II. СПб., 1899. С. 364*). Бірақ Б. Аспандияров В. Радловтың қазақ сөзіне берген бұл анықтамасымен келіспейді. Ол: “Мотивировку Чоры “*Казак болуы Қазанға чыгаим!*” В. Радлов высказывает в извращенном переводе – ее следует понимать как утверждение: “являясь казахом, поеду в Казань”. О том, что Чора являлся казахом говорит и тот факт, что его отец, Нарик, принадлежал к роду Тама, относящемуся к младшему из казахских жузов”, – деп түзетеді.

[Аспандияров Б. Некоторые сведения о местах обитания казахов в древности // Простор. 2000. № 11. С. 81]

* * *

104

Моңғолдар қыпшақтар мен оңтүстіктегі орыс княздарын жаулап алудан бұрын алдымен *қазақтарды* талқандаған

Бұл оқиға орыс жылнамаларының бірі – “Никоновская летопись” деп аталатын жазба ескерткішінде: “...Монголы при нашествии 1223 года, прежде чем разбить кипчаков и южнорусских князей, разгромили казахов”, – деп баяндалады.

Бұл дерекке байланысты тарихшы ғалым Б. Аспандияров былайша анықтама береді: “Нам известно что монголы напали на кипчаков и южнорусских князей с юга, со стороны Кавказа. Следовательно, мы должны предположить, что в период монгольского нашествия *казахи* жили в причерноморских степях”.

[Аспандияров Б. Некоторые сведения о местах обитания казахов в древности // Простор. 2000. № 11. С. 81]

* * *

105

Моңғұлдан шыққан халықтың бірі –
біздің “*қазақ*”...

Абай өзінің “Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы” атты қарасөзінде айтқан “қазақ” туралы тағы бір пікірі: “Қазақ жұртына Үндістан және моңғұл жағынан келген халықтардың бірі – біздің *қазақтар*. Біздің қазақтың моңғұлдан шыққандығы ұят емес, бірақ біздің білімсіз, ғылымсыз қалмақтығымыз ұят”. Одан әрі Абай: “(моңғұл) қалмақтың төрт атасының бірі – Хазар”, – деп көрсетеді.

[Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармалары. 2-т. Алматы, 1977. 226–227-бб.]

* * *

106

Описательный термин “*казак*” и
привел к появлению этнонима “*куман*”

Бұл пікірін қазақ ғалымы, ақын Олжас Сүлейменов төмендегідей деректерге сүйеніп айтып отыр:

“На Алтае в местах кочевий рода Куман есть несколько рек под названием Куманды (т. е. Куманская). Русские старожилы Алтая называют эти реки Лебедиными, а тюркоязычных насельников этих мест – лебединцами. Вероятно, термин “Куман” этимологизировался как “*Ку+ман*”. *Ку* – во многих тюркских языках обозначает лебедя. *Ман* – участвует в сложных лексемах южнотюркских языков в значении “человек” (сравните: *туркман* – “тюркский человек” и др.). Скорее всего, формант заимствован из индоевропейских языков.

Возможно, описательный термин “*казак*” и привел к появлению этнонима “*куман*”, который стал одним из самоназваний племен, входящих в кипчакскую федерацию. Византийцы знали половцев под

этим именем. Да и русские летописцы подчас проводили знак равенства между этими этнонимами – “кумане рекше половцы”.

Таким образом, метафора “половцы – гуси-лебеди”, мне кажется, неслучайной. Русские знали народный перевод самоназваний “казак” и “куман”.

[Сулейменов О. Аз и Я: Книга благонамеренного читателя. Алма-Ата: Жазушы, 1975. С. 116–117]

* * *

107

Орта Азияның Сарыарқа бөлігі *Қазақия* мемлекеті деп аталған

“Қазақ” атауының тарихын зерттеуші М. Ибраев Жер шарының тұңғыш картасын жасаушы грек ғалымы Эратосфеннің еңбегінде Таяу Шығыс пен Орта Азияны мекендейтін тайпалар мен ұлыстарды соншалықты дәл көрсеткен дей келіп, солардың бірі – сол Орта Азияның Сарыарқа бөлігін мекендеген Қазақия мемлекеті (қазіргі Қазақстан) екен деп пайымдайды. Біздің дәуіріміздің бірінші ғасырында жасалған осы картада *Қазақия* атауы тұңғыш рет аталады. Автор өз пікірін дәлелдегісі келіп, одан әрі былай дейді: “б. з. д. V ғасырда өмір сүрген грек тарихшысы Геродоттың еңбегінде жартылай аты аңызға айналған *Аримасты* тайпасын ол “*кілең жалғыз көзді халық*” деп суреттейді. Шындығында ұлы тарихшының айтып отырғаны қазақ халқының негізін салған, байырғы тайпаларының бірі – *арғын* тайпасы екендігін тарихшы Ермұхан Бекмаханов алғаш рет болжап айтқан болатын. Бір қызығы, XVII ғасырға дейін біздің бауырлас ағайынымыз Енисей қырғыздары бір жақ беттерін қара көмірмен бояп, сылап жүрген. Мұның көлденең қараған адамға әлгі халықты сыңар көзді етіп көрсетеді. Қазақта осы уақытқа дейін “*сыңаржасқ*” деген сөз бар. Осы “*сыңаржасқ*” болған халықты, қазақ халқын Еуропа тарихшылары Октябрь революциясына дейін өз атымен атамай, “*қырғыз*” атандырып келді”, – дей келе, автор “*қазақ*” атымен аталатын халықтың түпнегізі *арғын* тайпасы деген ойын дәлелдеуге тырысады. Ол: “Біздің ойымызша, “*қазақ*” сөзі қазақ халқы бірыңғай халық болып қалыптасудан мың жарым – екі мың жыл бұрын пайда болған”, – деп түйеді өз ойын.

[Ибраев М. Қазақтың шығу тегі // Семей туы. 8 қыркүйек 1990]

* * *

108

Орыс князы Святослав Кубань өзенінің оңтүстігіндегі “*косактарды*” жеңді...

Бұл дерек 965 жылы жазылған “Повесть временных лет” жылнамасында беріледі. Онда орыс князы Святославтың Кубань өзенінің оңтүстігіндегі *косактарға* әскери жорық жасағандығы, 1022 жылы Тьму Таракан князы Мстиславтың *косактарға* шабуыл жасағандығы, 1066 жылы князь Ростиславтың *косактардан* салық алып тұрғандығы баяндалады. Бірақ бұл деректерде *косактардың* біздің сөз етіп отырған қазақтарға қаншалықты қатысы бар екендігі айтылмайды. Автор оларға этнос (тайпа, ел) деп жобалауға болатын сияқты деп қарайды.

[Бәдірленов Р. “Қазақ” атауының төркіні туралы // Ленин туы. 15, 16 наурыз 1990]

* * *

109

Орыс тіліндегі “*казак*” пен “*казах*” –
бір түрік атауы (сөзі)

Бұл пікір белгілі түркітанушылар Н. К. Дмитриев [Строй тюркских языков. М., 1962. С. 535] пен Г. Ф. Благова [Исторические взаимоотношения слов *казак* и *казах* // Этнонимы. М., 1970. С. 143–159], т. б. ғалымдар тарапынан айтылып отыр. Сондықтан да “*қазақ*” этнонимінің төркінін анықтауға байланысты “*казак*” (қазақша “*қазақ орыстар*”) атауын да қарастыруды жөн көрдік.

Бұл мәселені арнайы зерттеген ғалым Г. Ф. Благова: “Любопытный пример причудливых хитросплетений в формальных и семантических взаимоотношениях двух таких одновременных заимствований в русском языке являют собой два разных по своему фонетическому обличью и обозначаемым феноменом слова – *казак* и *казах*. Разделяя мнение В. Даля, В. В. Радлова, В. В. Бартольда, А. Преображенского, Ф. Миклошича, М. Фасмера, Н. К. Дмитриева и др. о тюркском происхождении этого заимствования в русском языке, отметим, что “исходная” форма его имела два вулярных *к*, начальный и конечный – *казак*”, – дейді. Одан әрі оның (*қазақ* атауының) таралу шегін (Қазақстан, Дешті Қыпшак, Әзірбайжан, Грузия, Түркия, Сібір, Фирдоусидің “Шаһнамасы” (X–XI ғғ.) қолданыс мезгілінің (мыс., А. Н. Самойлович бойынша – XI ғ., Ш. Уәлиханов бойынша – XIV ғ., Мұхаммед Хайдар бойынша – Өзбек хан тұсында, XV ғ., т. т.) әртүрлі екендігін ескерте келе, *казак* // *қазақ* атауының шығу төркінін былайша түсіндіреді:

“В XVI в. кочевавшие в районах Итиля (Волги) ногаи говаривали о некоторых мурзах, вытесненных по раздорам из своих улусов: “*живут казаком... казакуют... ездят в казаках... скитаются в казахах*” [қар. П. Бутковта, 198-б.]. “Лишившимся имущества и земель изгоям (а в их числе могли быть и “члены династии, потерпевшие неудачу в борьбе за престол, но не отказавшиеся от своих прав”) в условиях

постоянных феодальных распрей не оставалось ничего иного, как либо покориться злой судьбе, либо вступить на путь удалого, разбойного молодечества (“члены династии” при этом “во главе шайки приверженцев пользовались каждым случаем для нападения на своих счастливых соперников”)) [қар. *Бартольд В. В.* История турецко-монгольских народов. Ташкент, 1928. С. 18].

Автор Қазақ атаулары осы аймақтарда және осы дәуірлерде неше түрлі мағыналарда қолданылады деп көрсетеді:

1) ногаи всех военных людей своей орды называли *казаками* [қар. П. Бутков. С. 193];

2) в раннем средневековье это название (*казак*), безусловно не имея этнического наполнения, было поистине международным. Сохранились, например, сведения о том, что “великие и удельные князья Российские, имея войну между собой и порубежными державами, нанимали в помощь своих Российских казаков, известных по летописям под именем *половцев*” [қар. *Георги И.* Описание всех обитающих в Российском государстве народов. Ч. 4. СПб., 1799. С. 198];

3) во время обладания татарского Россиию в 1282 г. баскак, губернатор татарский, в Курском княжении, призвав черкасс из Бештау или Пятигорья, населил ими слободы под именем *казаков* [қар. *Словарь географический Российского государства.* М., Ч. 3. 1804; Ч. 4. 1805. С. 27, 32];

4) в продолжение татарского владычества над Россией баскаки, или татарские губернаторы, или воеводы, держали при себе по несколько сот человек татар, конных и вооруженных для собственного своего охранения, и называли их *козаками*; понеже все они были бездомовые и содержались на жалованьи [қар. *Вельяминов-Зернов В. В.* Исследование о касимовских царях и царевичах. Ч. 1. СПб., 1863];

5) И. И. Срезновскийдің көрсетуі бойынша, XIV ғ. грамотада “*казак*” атауы “еркімен жалданушы жалшы батырақ” деген ұғымды білдірген;

6) XVI ғ. Ресейдің солтүстігінде “упоминание о казаках как о работниках в хозяйстве дворцовых бортников”, ал солтүстік облыстарында — “батрак, захребетник”;

7) казаками стали называть и тех “бездомных степных скитальцев русского происхождения”, которых “в древности русские... именовали бродниками”;

8) как указывал Н. М. Карамзин: “В XVII в. *казаками* в основном называли вольных людей окраины Русского государства, которых часто “прибирали” на царскую службу защищать пределы молодого государства, хотя не единичны были и случаи, когда русские и малороссийские *казаки* нападали на юго-западные пограничные уезды России по наущению и найму, например, польских феодалов (в конце XVI в.).

Осы деректерді қорыта келе Г. Ф. Благова: “Складывавшийся таким образом институт казачества определялся в первую очередь самим принципом найма легковооруженных вольных наемников *безотносительно к их принадлежности к той или иной народности* (ерекшелеген біз. – Ә. Қ.)” – деп түйеді (сонда, 146-б.). Автор бұл пікірін: “Везде появились *казаки* и название сделалось общим всем конным войскам, легко вооруженным, из платы служащих, и в начале XVIII в. появились уральские казаки (*напр*: татарин Уразмет Ахметоев); в XIX в. – тептерские казаки, Башкиро-мещерское казачье войско; Закавказский Конно-мусульманский и Кавказско-Горский конный полки из армян, мусульман, в том числе из черкес, кабардинцев, чеченцев, кубанцев и др. народностей”.

Қазақстан жеріндегі казактар (Жетісу, Сібір, Орал, т. б.) тек казактардың өздерінен құралғандығы белгілі.

“Қазақ” және “казак” этнонимдерінің өзара аражігі айқындала бастап, екі этностық топқа (түріктер мен славяндарға) қатысты қолданыла бастағанын басқа авторлар да мойындайды. Мәселен, Ресей мемлекетінде тұратын халықтардың сөздігін жасаушы И. Георги ол туралы былай деп жазады: “Не только общность наименования *казак* для сходных социальных феноменов, характерных для “многих племен славянских, сарматских и татарских (под татарскими в то время разумелись вообще тюркские)”, живших “в самой отдаленной древности на юге России” [*қар. Георги И.* Описание... С. 197], но и этническую близость, например, современных... донских и уральских казаков и “*татар*”. Чисто антропологически “донские казаки... имеют вид смешанный с русским и татарским, без сомнения от матерей или праматерей татарок”...

Мухаммед Хайдар тоже обратил внимание на массовость явления *казачества (қазақтық)* у степняков-кочевников.

“Ч. Валиханов именно в этом (в массовости казачества) видел отличие казачества в Дешт-и-Кыпчаке от подобного явления на русской почве: “...смутные времена междоусобий орды, выгоняя не отдельные личности, как на Руси, а целые племена, способствовали к образованию отдельной казачьей общины из разнородных племен” [*Валиханов Ч.* Собр. соч. Т. I. Алма-Ата, 1961. С. 206]” – деген деректі келтіреді Г. Ф. Благова.

“Слово *Казак* приобрело, таким образом, политический смысл – это союз племен, объединившихся в ходе феодальных междоусобиц под главенством одного хана” дей келе, ол атаудың ресми қолдануы Ресейде осы кезден (1627 ж.) басталады деп қорытады. Ал, орыс казачествосына байланысты ол Н. М. Карамзиннің: “Русские казачьи вольницы, снискавшие себе славу удалыми разбойными налетами на окрестные племена, все более регулярно стали привлекаться московским государством для сторожевой службы на окраинах, для защиты

городов и сторожевых постов, получая за это или “некоторые особенные гражданские выгоды” – может быть, освобождение от всяких податей”, или “побуждаемые... прелестью добычи воинской” [*Карамзин Н. М. История... С. 395*], – деген пікірін келтіреді.

“Қазақтар мен казактардың этностық, әлеуметтік айырмашылығы XVIII ғ. бастап, яғни Ресей үкіметінің Сыртқы істер Коллегиясының 1755 ж. қабылдаған шешімі бойынша, дау-дамай бола қалған жағдайда казактарға қазақтарды дұшпан ретінде жазалауға рұқсат берілуінен кейін айқындала бастады”, – деп автор Н. Бекмахановаға сілтеме жасайды [*Легенда о невидимке. Алма-Ата, 1968. С. 19*].

[*Благова Г. Ф. Исторические взаимоотношения слов казак и казах // Этнонимы. М., 1970. С. 143–159*]

Қорыта келгенде, “казактар” мен “қазақтардың” этностық негізі бір: “қазақтар” – көне түркі тайпа бірлестігі де, казактар – оңтүстік Ресей өлкесінде жасап, орыстанып кеткен қыпшақтар//кумандар.

* * *

110

Орыстың жазба ескерткіші – “Ипатьев жылнамасындағы” (XII ғ.) “казак” этнонимі “қазақ” этнонимімен төркіндес...

Бұл дерек белгілі ақын, ғалым Олжас Сүлейменовтің еңбегінде төмендегіше баяндалады:

“Ипатьевская летопись (в переводе): “А другие половцы пошли по другой стороне Днепра к Путивлю. Это был **Кзак** с большими силами. Разорили они волость, сожгли села путивильские и внешнюю ограду Путивля и возвратились восвоеяи”.

Осы дерекке байланысты О. Сүлейменов былайша түсіндірме береді:

“Татишев и это скромное сообщение хроники разворачивает в грандиозное полотно, где Гзя, князь половецкий Путивля не взял и “потерял много людей о паче знатных” и отступил поэтому. И послал в Посемье 5000 едва 100 их назад возвратилось, ибо 2000 побиты, а с 500 знатных и подлых пленено, сын же и зять князя Гзи побиты. Гзи о том увидав с великой злобой и горестью возвратился. Тако половцом (Кончаку и Кзаку) обоюдно равная “удача” была и один перед другим не мог нахвалиться разве большим потеряннием своим” (С. 100).

Осындағы қыпшақ (половец) **кзак** (оны **қазақ** этнонимінің орысшаланған варианты деп қарасақ) кім болғаны? “Қыпшақтардың (орысша – половецтердің) қалың қолының ішіндегі бір тайпасы емес пе екен?” деген де ой туады. “Ипатьев жылнамасын” көне славян тілінен орыс тіліне аударған В. Н. Татишев те, “Слово о Полку Игореве” ескерткішінің тілін зерттеуші О. Сүлейменов те басқа мағлұмат бермейді.

[*Сүлейменов О. Аз и Я. Книга благонамеренного читателя. Алма-Ата: Жазушы, 1975. С. 100–103*]

Осетиндер кабардиндерді **касаг** десе, свандар адыгтарды **кашаг** деп атайды...

Бұл пікірдің авторы Т. Жанұзақов өзіне дейін айтылып, жазылып келген деректерді қорыта келіп, “**қазақ**” атауының *касоги* (*касаги*), *касаг* деген этнотерминдерге байланысты екендігін, олардың өзі Солтүстік Кавказда VIII ғасырдан, ал Кавказдағы түркі тайпалары арасында V ғасырдан бастап жоғарыда келтірілген түрінде – “*касаг*, *кашаг*” – қолданылғандығын көрсетеді. Міне, осының нәтижесінде X–XI ғасырларда “**қазақ**” сөзі түркі тайпаларының арасында кеңінен тараған, қыпшақтар мен ноғайлардың ішінде де қазақтар болған, кейін “**қазақ**” сөзі қазақ халқының атауына айналған деп дәлелдеуге тырысады.

[Жанұзақов Т. “Қазақ” деген сөз қайдан шыққан? // Жұлдыз. 1983. № 3. 194–198-бб.]

“**Өзбек-қазақ**” атауы кезінде бір халықтың ортақ атын білдірген

Ортағасырлық тарихшы *Мұхаммед Хайдар Дулати* (1551 ж. қайтыс болған) өзінің “Тарих-и Рашиди” атты еңбегінде XV ғ. орта шенінде Өзбек хандығында қалыптасқан феодалдық қарым-қатынастардың қиындауына байланысты әңгімесінде тек **өзбек** (ол алғаш этностық мағынада қолданылмаған) атауын ғана емес, сонымен қатар **қазақ** атауын да, тіпті олардың қосарланып қолданылған “**өзбек-қазақ**” түлғасын да келтіреді. Бұл – кейін екі халық болып қалыптасқан *қазақтар* мен *өзбектердің* Шайбан хан заманында біртұтас халық болып саналғанын көрсететін дерек. Мұны алғаш В. В. Бартольд байқаған болса, одан кейін А. А. Семенов былай деп түсіндіреді: “...Шейбани-хан (рубеж XV–XVI вв.) не делал “никакого различия между казаками и узбеками”, рассматривая их в этническом отношении еще как единое целое”.

[Семенов А. А. К вопросу о происхождении и составе узбеков Шейбани-хана // Материалы по истории таджиков и узбеков Средней Азии. Вып. I. Сталинабад, 1954. С. 124]

[Barthold W. Kazak // Enzyklopaedie des Islam. Bd. II. Leiden-Leipzig, 1927. S. 896]

Қазақ халқы арасында кең тараған “**Өзбек – өз ағам, сарт – садағам**” деген мақалдың мәнісін кейбір зерттеушілер тарихи-әлеуметтік себептерге байланысты екіге бөлініп, екі хандықтың – Шайбан хан мен

Керей, Жәнібектер құрған Қазақ хандығының құрамына еніп кетуден бұрынғы жағдайын білдіруден туындаған деп түсіндіреді.

* * *

113

Персияның патшасы Дарийдің құлпытасында оның басып алған елдері қатарында **“сақтар”** және **“қас сақтар”** аталады. Оның бірінші сыңары – қас, екіншісі – сақ...

Бұл дерек бізге әртүрлі бұлақтар арқылы жетіп отыр, оның дұрыс-бұрыстығын зерттеуге мүмкіндігіміз болмады. Қалай болғанда да, бұл тарихи шындыққа жобасы келеді.

[Древние авторы о Средней Азии. Ташкент, 1940. С. 35]

* * *

114

Түрік тілінен шыққан **“қазақ”** деген сөз – “өз еркі өзінде, ешкімге бағынғысы келмейтін, дербес, ержүрек батыр адамға немесе елдерге” айтылған теңеу

“Қазақтар шежіресі” деген мақаланың авторы Өмір Білген осы пікірін былай деп жалғастырады: “бұлардың арасында түрік халықтарының түрлі өкілдері болған. Кезінде күшті хандықтар құрып, манайындағы түрік, түрік емес тайпаларды өздеріне бағындырғандар “Түрік хандықтары” деген атпен тарихқа енген. Олар Ғұн империясы кезінде барлық Орта Азияны Балқаштан Каспий теңізіне дейін билеген. Оның құрамында *қырғыздар, ұйғырлар, оғыздар, қыпшақтар, үйсіндер, қарлұқтар, қаңлылар*, тағы басқалар болды. Кейіннен Ғұн империясы ыдырағанда осы жоғарыда аталған ру-тайпалардың ішінен мықты болғандары үлкенді-кішілі мемлекеттер құрды. XV ғасырға дейін Орта Азияда **“қазақ”** атымен не мемлекет, не болмаса хандық құрылған емес. Қазақ бір рудан тараған халық (емес), көне түрік тайпаларының көптеген руларынан құралып, ел болған. Қазақтың құрамына енген тайпалар мыналар: *қаңлы, үйсін, қыпшақ, қарлық, аргын, меркіт, найман, керей, қоңырат, жалайыр, дулат, адай, беріш, әлім* және тағы басқалар”, – дей келіп, автор **“қазақ”** атауының шығу төркініне байланысты мынандай этимологиялық жоба ұсынады: “нәрестенің **“қаз-қаз басуына”** байланысты айтылатын **“қаз”** сөзі мен ұйғыр тіліндегі *қазанақ* (“бір табысқа қол жетпек”) сөзінің құрамындағы ***қаз** сөзінің көне жұрнақ ***ғак** құрамынан [ғ] дыбысы (**“қаз+ғак, тай+ғак, ай+ғак** сөздеріндегі) түсіп қалып, ***ақ** болып қысқарған (*ғак>ақ*) түрінде жалғануы арқылы (**қазақ**) пайда болған.

Бұл сөздің жоғарыдағы мағынасын дәлелдейтін бір дерек, түрік халқының тіліндегі “әйелінен қорықпай, емін-еркін, дербес жүретін еркектерге” қатысты **“қазақ еркек”** дейтін мадақтау жатады.

XV ғ. соңында Әбілхайыр ханнан зорлық-зомбылық көріп, әбден қысылған елдің Әз Жәнібек ханға еріп, моңғол ханы Есенбұқадан пана тапқаннан кейін құрған дербес хандықтарына' **“қазақ”** атынын берілуі де осы себептен болса керек”, – деп тұжырымдайды.

[Білген Ө. Қазақтар шежіресі // Алтын бесік.
2003. № 2. 28–29-бб.]

* * *

115

Фирдоуси өзінің *“Шаһнама”* атты эпопеясында:
“Қазақ”, **“Қазақ хандығы”** деген көп санды
ел бар” деп көрсетеді...

Әбілқасым Фирдоусидің “Шаһнамасында” келтірілген бұл дерек туралы көптеген бұлақтарда сөз болып келеді. Ақынның күшті де көп санды **“қазақ”** тайпасын, **“Қазақ хандығын”** көрсетудегі мақсатын зерттеушілер Тұранның жауы – Иранды қорқыту үшін айтылған деп есептейді. Алайда, зерттеушілер *“Шаһнамада”* ескертілген **“қазақ”** атауының **“қазақ”** халқына қатыстығын тек жобалап қана айтады.

[Бөдірленов Р. “Қазақ” атауының төркіні туралы // Ленин туы. 15, 16 наурыз 1990].

* * *

116

Хорезм билеушісінің аты – **Қасақ**

Бұл деректі түпнұсқа бойынша тексеріп, салыстырып шыға алмадық. Дегенмен, Әбурайхан Бируни заманында екі өзен (Әму мен Сыр) арасы – Мауераннахрда Хорезм мемлекетінің құзырында түркі тайпалары, әсіресе қазақ халқының этностық негізін құраушы қаңлы, үйсін тайпаларының болғандығы тарихтан белгілі.

[*Абурайхан Бируни. Избранное. Т. I. Ташкент, 1957. С. 48*].

* * *

117

X ғасырда Кубаньнан шығысқа қарай **“Қазақия”**
деген ел мекендеген...

Бұл дерек Византияның императоры Константин Багрянородныйдың (905–959) саяхатына байланысты қолжазбаларында бар. Осы кезде Кубань аймағының шығысында қазақ халқының құрамындағы ең зор, саны мол тайпалардың бірі – *қыпшақтар* болғандығы белгілі. “Егер қыпшақтар өздерін **“қазақпыз”** деп атамаса, шетел саяхатшысы қалайша қыпшақтарды **“қазақтар”**, **“Қазақия”** (яғни **“Қазақ елі”**) деп

атай алар еді? деген заңды сауал туады”, – дей келе, автор қыпшақтар өздерін “Қазақ еліміз” деп таныстырған болуы керек деп түйіндейді.

[Бәдірленов Р. “Қазақ” атауының төркіні туралы // Ленин туы. 15,16 наурыз 1990].

* * *

118

XV ғасырдың 60-шы жылдарында Әбілхайыр ханның үстемдігіне қарсы шығып, Шығыс Дешті-Қыпшақтан батыс Жетісуға, Шу өзені бойына қоныс аударған тайпалар өздерін “қазақ” деп атаған...

Қазақ тарихына көптен белгілі бұл пікірді келтіре отырып, автор Р. Бәдірленов: “бұл атаудың мәнісі өз ұлысынан бөлініп шыққан “қашақтар” дегенді аңғартады”, – деп ескертеді.

Автордың басқа да пікірлері келтіріледі (қар).

[Бәдірленов Р. “Қазақ” атауының төркіні туралы // Ленин туы. 15, 16 наурыз 1990].

* * *

119

Шыңғыс ханның алтын табыты (1227 ж.) қазақ күймесіне (арбасына) тиелген екен...

“Моңғолдың күпия шежіресінде” (моңғолшадан қазақшаға аударған М. Сұлтанаяұлы. Өлгий, 1979. 141-б.) Таңғұт елін күйреткеннен соң (1227 ж., доңыз жылы, 7-айдың он екісінде) қайтыс болған (“көкке ғайып болған”) Шыңғыс қағанның “алтын табытын қазақ күймесіне тиеп, жоқтау айтады...” делінген.

Сонда: “Керме дөңгелекті қазақ арба оқпанына дейін батып, бес көлікпен тартса да шықпай, дүйім ел қиналады...” – делінеді.

Өлең мәтініндегі “қазақ арба” тіркесіндегі “қазақ” сөзі “қазақ” этнонимімен байланысты деп қаралады.

* * *

120

Этноним “қазақ” хранит в себе в свернутом виде всю информацию о мировосприятии народа в его культурно-филологических воззрениях, т. е. қазақ состоит из трех частей: “қа”, “з”, “ақ”...

Авторлар Ж. К. Қаракөзова мен М. Ш. Хасанов өздерінің бұл көзқарасын былайша түсіндіріп, дәлелдеуге тырысады: “Свернутом потому, что он представляет собою свиток, своего рода телетайпную

ленту, только не растягивающуюся на многие метры, а концентрирующую в себе конкретно в каждом своем значке целое понятие, а не букву”, — дей келе, — “мы выделяем в этнониме “**қазақ**” три части: “**қа**”, “**з**”, “**ақ**”. Сразу же бросается в глаза зеркальная отраженность первой и последней частей “**қа**” — “**ақ**”. Четкое деление на три пронизывает всю структуру мировой культуры как символ триединства мира и космоса”.

“Мифологическое сознание “три” с различными святыми и со сферами мировоззрения: великая троица — Брахма, Вишну и Шива; святая троица христианства — Бог-отец, бог-сын, бог-святой дух; взаимосвязанные сферы мироздания в тенгрианстве — верхний, низкий и срединный миры. “**Қа**” и “**ақ**” — это “инь” и “янь” китайской философии, высшая и низшая сфера. “**З**” — наполняет и соединяет две части обозначив свернутое время, свернутое пространство, которое в развернутом передается в словах, обозначающих скорость, стремительность, а значит, и пространство: “зыту” — “вскочить”, “зымырау” — “стремительно мчаться”, и т. д.

“Итак, мы видим, что этноним “**қазақ**” прочитывается как космологическое сознание, философское видение мира и себя. Философичность — одна из самых характернейших черт казахского народа. Этноним “**қазақ**” оказался системой символов, отразивших единство человека и космоса. Этноним “**қазақ**” — история народа и заранее заданная модель жизни, форма существования”, — деп тұжырымдайды авторлар “**қазақ**” туралы философиялық толғаньсын.

[*Каракузова Ж. К., Хасанов М. Ш.* Космос казахской культуры. Алматы: Еуразия, 1993. С. 51–53]

* * *

121

Этнонимы “**казахи**” и “**касоги**”, встречающиеся якобы в структуре двух этнопонимов — “**Казахия**” и “**Касахия**” — не одно и то же

Так, например, историки Н. Карамзин и А. Вамбери привлекая сведения византийского императора Константина Багрянородного (в середине X в.), упоминают о стране **Казахии**, в которой многие склонны видеть этноним **Касоги**, встречающийся в этнопониме **Касахия**. Однако дальнейшие поиски показывают, что эти близкие по звучанию этнонимы — **казахи** и **касоги** — не одно и то же. ***Касоги** — это подгруппа абхазо-адыгейской группы, говорящей на одном из автохтонных кавказских языков, и связь этнонима “**қазақ**” с названием “**касог**” и “**касахия**” основана на созвучии слов и носит сугубо декларативный характер.

[*Кан Г.* История Казахстана. Алматы, 2002. С. 61–62]

3-тарау. Қазақ этносының “Алашқа” қатысы қандай?

“Алаш”... Бұл не: халықтың, не тайпаның атауы ма? Жоқ, әлде жеке адамның аты, не лауазымы ма? Ол қалай, қашан және қай жерде пайда болды? Осы бір табиғаты беймәлім сөздің қазақ қауымында жиі қолданылатын себебі неде? Жоқ, әлде ол барша түркі әлеміне ортақ ұғым ба? Немесе тек қазақтардың өздеріне ғана тән, соның этностық болмысымен бірге туып, біте қайнасып кеткен сөз-атау ма?

Міне, бұл сауалдар тек **“Алаш”** атауына ғана емес, түптеп келгенде, жалпы қазақ қауымына, қазақтың қандай халық екендігіне тікелей байланысты сауалдар.

Пайымдап қарасақ, жоғарыдағы сауалдар тек **“Алаш”** атауының өз басына, оның шығу төркінін анықтауға ғана байланысты лингвистикалық сауал емес, сол халықтың этностық болмысын, құрамын, іштей жіктелуін, сондай-ақ басқа туыстас түркі тайпаларына қатыстығын, туыс-жақындығын анықтауға қажет сауалдар.

“Алаш” атауы қазақтың этностық тарихында жұртқа жақын, әрі жиі қолданылатын ұғымдарды білдіреді.

Сондықтан да, қазақ тіліндегі **“Алаш”** атауын қолданысы мен формальды белгілеріне қарай үлкен үш топқа бөліп қарауға болады:

1-топ: **“Алаш”** деген атаудың өзіне ғана қатысты қолданыстар;

2-топ: **“Алаш”** атауының кісі аттары мен лауазымы ретінде қолданылуы;

3-топ: **“Алаш”** атауының сандық сипатына қарай қолданысы.

“Алаш” атауы мен оның мағына-мәнін алғашқы топтастырудың ұстанымдары осылар.

1-топ: “Алаш” атауының өзіне ғана қатысты қолданыстары

Бұлайша “Алашты” бөліп алып қарауымыздың себебі – бұл атаудың қолданысында тұлғалық, құрамдық-құрылымдық өзгерістер көп. Олар сандық және сапалық анықтауыштар арқылы жасалған сан алуан тіркестерден тұруына байланысты. Ол тіркестердің көп мағыналы болып келуі де, міне осы өзгерістерге байланысты. “Алашқа” қатысты қолданыстарды шартты түрде болса да, үш-төрт топқа бөліп қарауды өзінің көрнектілігімен ұтымды деп білеміз.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде:

**Алаш* 1. “Ежелгі қазақ тайпаларының ең алғаш қауым болып біріккен одағы”, “қазақ” деуден бұрынғы елдің жалпы аты; 2. *көне*. “Қазақ руларының ерте замандағы ұраны”; 3. *көне*. “Жау, дұшпан, жат, бөтен (*Мен сенің ағайының емей, Алашың ба едім?*)”; 4. “Ел, халық, жұрт”.

[ҚТТС. I. 203–204-бб.].

Бұл – қазақ қауымының “Алаш” атауын өзінше қабылдап, ол туралы санасында қалыптасқан ұғым-түсінігі.

**Алаш* – Нұх пайғамбардан тараған әулеттің ең кенжесі – *Сыбайдың* жалғыз ұлы. *Алаштан* – Жайылхан мен Сейілхан. *Сейілхан* – қыпшақтардың арғы атасы, *Жайылханнан* – Қазақ, Қырғыз, Қарақалпақ, т. б. тараған деп көрсетеді қазақ шежірелері. Міне, “атамыз – **Алаш*” деген сөздің төркіні осында жатыр.

* * *

*“*Алаш* (обаста – *алашы*) – “қанқұйлы, жан алушы, жауыз”. Мұнда: **ал* – “қулық”, “алдап-арбаушы” деген ұғым бар”, – деп көрсетеді В. В. Бартольд.

[*Бартольд В. В.* Очерки по истории Семиречья. Фрунзе, 1943. С. 76.]

Бұл пікірді мына бір аңыз да қолдайтын сияқты.

Абай былай деп жазады:

“Ахмет хан қалмаққа көп шауыпты, көп қырыпты. Қалмақ рақымсыздығына қарай “мынау бір *алашы* болды ғой!” депті, “жан алушы болды” дегеннің орнына. Сондықтан ол *Алаша хан* атаныпты. “Алаш Алаш болғанда, Алаша хан болғанда, қалмаққа не қылмап едік” деп, “*Алаш ұранды қазақ*” атанған себебі сол екен”.

[*Абай*. Шығармалары. II том. 19–24-бб.].

* * *

*“*Алаш Алаш болғанда, Алаша хан болғанда, ала тай ат болғанда, таңбасыз тай, еңсіз қой болғанда...*” делінетін бұл тіркес қазақ халқының өткен бір тарихи даму кезеңін, яғни Алаша ханның заманын, қазақ болмысына ертеден енген, тайға таңба басатын, қойға ен салатын дәстүрге дейінгі, малға қатысты жекешелену дәуірі басталғанға дейінгі заманды білдірген.

[ҚСЭ. I. 217-6.]

* * *

*“*Алаш Алаш болғанда, Алаша хан болғанда...*” тіркесін ҚСЭ тағы бір тұста “*Алаша* – көшпелі көне түркі тайпаларының басын қосып, *Алаш* хандығын құрған (моңғол дәуірінен бұрын) тарихи тұлға. Ол – “*Алтын Алаш*” аталған ежелгі тайпалардың атасы” деп түсіндірме береді.

[ҚСЭ. I. 248-6.]

* * *

* “*Алаш Алаш болғанда, Алаша хан болғанда, қалмаққа не қылмап едік*” деген тіркестің мәнін Абай былайша түсіндіреді: “...Кезінде қазақты билеген Шағатай нәсілді Юнус ханның кіші баласы – Ахмет хан қалмақтарды шауып, көп қырған екен. Қалмақтар оның рақымсыздығына қарай “Мынау бір *алашы* болды ғой” депті; ол “жан алушы болды ғой” деген мағынаны білдірген. Осыған орай Ахмет хан “*Алаша хан*” атаныпты (“Бабырнамада” солай делінген). *Алаша хан*: “Қалмақтар менен қорыққанынан солай деп атады, енді сендер қалмаққа шапқан уақытта “*Алаш! Алаш!*” деп ұран-сүрен салып, айқайлап шабындар!” деп бұйырыпты. Бұл ұран “*Алаш! Алаш!*” болып естіліп, жауының зөресін алады. Жоғарыдағы сөздер халық жадында содан қалған...” деп көрсетеді Абай.

[Абай Құнанбайұлы. Шығармалары. II том. 224-6.]

*“*Алаш*” “*Шора батыр*” жырында:

“Алаш Алаш болғанда,
Ала тай ат болғанда,
Орманбет хан өлгенде,
Басы саулар күлгенде,
Он сан Ноғай бүлгенде...” – деп жырланады.

*Алаштың ұраны:

“Қазағым, қақтықпа, қамалма,
Ел болар қамыңды амалда!

Кетті түн, атты таң, шықты күн,
Сал малды, сал жанды, аянба!

Мал баққан, жай жатқан ел едің,
Бейнетті көп тартқан ер едің,
Қаны жат, тілі жат, діні жат,
Жат елден таяқты жеп едің.

Жатқа – жем, бай едің, кен едің,
Бағың жоқ, биліктен кем едің,
Партия – сүркия, қым-қиғаш
Басы аман, көп надан сен едің.

Зарыққан, талыққан шағыңа,
Тап болды бостандық бағыңа,
Ұйымдас, ұрандас, жағалас,
Сен де мін атыңның тағына!”

(Жүсіпбек Аймауытов)

* * *

Алаш – Түркістан түркілерінің ұлт-азаттық ұраны (Хасен Оралтай еңбегінің аты. Истанбұл, 1973).

* * *

**Алаш* – туыс-жақындығы алыстау адам, әулет, ру-тайпа.

Арыстан ақынның Кене ханға айтқаны:

“Кене хан! Жақсы көрсен, қарашынмын,
Жек көрсен де өзіңнің *алашыңмын*.
Атаңа* алты қатын алып берген,
Атығай, Қарауылдың баласымын”.

**Кейбір* шежіре бұлақтарында “*Алаш*” атауы (яғни Одағы) Сарыүйсіндердің билік құрған дәуірінде пайда болған. Ол “*Дешті Қыпшақ*”, “*қазақ*” деген атаудан бұрын шыққан деп түсіндіріледі.

“Алаш Алаш болғанда,
Ала тай ат болғанда,
Таңбасыз тай болғанда,
Енсіз қой болғанда”, –

деген сөз сол заманға байланысты айтылған” делінеді шежіреде.

* *Атаңа* – Абылай ханға.

Бұл пікірін автор былайша дәлелдегісі келеді: “Ертеде **Сарыүйсіндер** Іле мен Шу өзендерінің аралығындағы кең-байтақ жерді мекендеген белгілі тайпа болатын. “**Алаш**” солардың бір кездегі билеушісінің аты – ел ұраны. Сарыүйсіндер үстемдік дәрежеге көтерілгенде оған тәуелді болған *Үйсін, Қаңлы, Қыпшақ, Оғыз* (сегіз оғыз, тоғыз оғыз), *Арғын* (Қарлық), *Алшын* (Қарақырғыз) тайпалары *Алаш* туы астында бас қосқан. Алғашқыда олар “*Алты ел Алаш*”, “*Алты Алаш*” деп атанып жүріп, соңында “**Алаш**” деген қауымдық атқа ие болады”, – деп көрсетіледі шежіреде. Және Алаштан *Жайылқан (Қыпшақ)*, одан – “қазақ” деп өрбітудің себебі “*Дешті Қыпшақ*” Алаштан кейін XI–XII ғасырларда өмір сүрген қауым болса, “Қазақ” атауы “*Өзбектен*” бөлінгеннен кейін қалыптасқан емес пе?”, – дейді шежіреші.
[Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. Ташкент, 1994. 34-б.]

* * *

Арғын Жанақ ақынның бір сөзінде:

*“*Алашта* Арғын ата туған зерек,
Өзгеден ол кісінің жөні бөлек.
Арғынның түп атасы – ақын Қотан,
Өлеңге бізден ұста болса керек...” – делінеді.

* * *

Алаш – “көптің бірі”, “Алты Алаш атанған түркі тайпалардың бірі”.

***Жақсы көрсең – қарашыңмын, Жек көрсең – Алашыңмын** <бұл поэтикалық фразеологизм Арыстан ақынның Кенесары ханға айтқан сөзінен қалған. Мұндағы *алаш* “көптің бірімін”, яғни “Алты ел Алаштың бірімін” деген мағынада қолданылып тұр. Демек, тіркес Кенесары ханға: “егер мені өзің жақсы көрсең, менімен санассаң, құзырыңдағы қара халықтың бірі деп есептесең, мен бағынуға дайынмын, ал, мені “көптің бірі” деп қарасаң, онда “мен де жат, алыс болып қала берем” дегенді аңғартады>

* * *

*“**Алаш**” – қазақтың тегі, Үш жүздің арғы түп атасы...

[Әдеби мұра. Алматы, 1970. 248-б.]

*“**Алаш**”: қазақ – “*Алаш*” деген сөзді ұран қылып алған ел, біраздан соң ол өз атын да “*Алаш*” деп атайтын болған.

[Сейфуллин С. Шығармалары. IV том. 22–23-бб.]

“*Алаш*” ұранды, киіз туырлықты – о баста түркі халықтарының негізін қалаушы – қазақ, өзбек, қарақалпақ, түрікмен, қырғыз, башқұрт – көшпелі тайпаларының кезінде ортақ ұраны, көшіп жүріп тіршілік етуге қолайлы орын-жайы, үзік-туырлығы киізден болғанын, жауға қарсы шапқанда ортақ ұраны – “*Алаш*” болғанын аңғартып тұр бұл тіркес.

**Алаш* – бір бүтін ел

“Ұйқы басқан қабағын,
Бастыра киген тымағын,
Жалқаулықты жар көрген.
Жүрген ескі заңменен,
Алдындағы малменен,
Бірге жусап, бірге өрген
“*Алаш*” деген елім бар.
Неге екенін білмеймін,
Сол елімді сүйемін...”

(Мағжан Жұмабаев)

**Алаш мемлекеті* <Ресейде және оның төңірегіндегі халықтар арасында Қазан төңкерісінен кейінгі дүрбелең кезінде (20-шы жылдары) Қазақстанда Алашорда партиясының көсемдері тарапынан құрылған ұлттық буржуазиялық мемлекет. Ол ел басшыларын сайлап, аз уақыт болса да өмір сүрді...>

**Алаш* – қазақтың түп атасы, Үш жүздің ұрпағы – Алаш әулеті болып саналады.

*“*Алаштың арыстаны – Абылай ер*” – деген тіркесті ақын Мағжан Жұмабаев “Түркістан” атты өлеңінде: “Бұл Тұран ежелден-ақ қазақ жері, Тұрансыз тарқамады Алаш шері; Тұранның топырағында тыныштық тапқан – Алаштың арыстаны – Абылай ері...” – дегені бар.

[қар. Жылқайдаров М. Қазақтың жүздері мен рулары // Жас Алаш. 14 қаңтар 1995]

Бұл тіркесте “*Алаш*” жалпы қазақ халқын білдіріп тұрған атау.

*“*Алаш*” Халел Досмұхамедов жан-жақты түсіндіретін *Аламан* атауымен түбірлес, мағынасы жақын, **ала* деген көне түбірден туындаған сөз болуы мүмкін. Оның ауыспалы мағынасы: “өз жерін жаудан қорғаушы”, “өзінің қалауынша еркін өмір сүруді ұнататын” және “қажет болған жағдайда, көрші елінің жеріне баса-көктеп кіріп, мал-мүлкін тартып алып, иелік етуді кәсібіне айналдырған жасақты топ” – дегенді білдірген.

***Ала** сөзінің тура мағынасынан (*ала түс*) басқа ауыс мағынасының да барлығы жайында айта келе Р. Сыздықова оны: 1) “ала дүние”, “ала ұстау”; 2) “ауызбірлігі жоқ”, “ынтымағы жараспаған, алауыз” деген мағыналарда да қолданатындығын көрсетеді: *Алтау ала болса, ауыздағы кетер, Төртеу түгел болса, – төбедегі келер*; 3) “арам пигыл, ниеті бөлек”: *Мал аласы сыртында, Адам аласы ішінде; Алаяқ, алабүлік, ала таулы, ала жіп, алақөңіл, алақұйын, ала тайдай бүлдіру*, т. б.

[Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. Алматы, 1994. 29–30-бб.]

***Алаш** атауы о баста ала сөзіне этноним жасайтын көне **-ас// -ес// -аш// -еш// -с// -ш** жұрнағын (мысалы, *шуаш, шеркеш, түргеш*, т. б. осы сияқты атауларға) жалғау арқылы жасалған деген де пікір бар. Ол қазақ ұғымында “тайпа атауы”, “тайпа қауымдастығы, бірлестігі” және “ру-тайпа ұраны” мағынасында да, немесе “бір-біріне қарама-қарсы, жауласушы топ” ретінде де қолданылғандығын байқауға болады. Мысалы: “*Алаштың азаматы, Мен сенің алашың (алысың, жауың) емесін*” деген қолданыстар осыны аңғартады.

2-топ: “Алаш” атауының кісі аттары мен лауазымы ретінде қолданылуы

Алаш // Алаша // Алашы сөздерінен бір кездерде қазақтың не жалпы түркі-моңғол тайпаларының ханы болған тарихи тұлғалардың атақ-лауазымы туындаған деп санайды.

*“**Алаш**” атауының *Алаш хан, Алаша хан, Шыңғыс хан, Орманбет хан, Ұлығ Мұхаммед*, т. б. хандардың есімдеріне қатыстылығын көрсететін пікірлер:

*Академик **Қ. И. Сәтбаев**: “*Алаш ханды Шыңғыс хан деп жорамалдаушылар бар*”.

[Сәтбаев Қ. И. Ғылым және мәдениет туралы таңдамалы шығармалары. Алматы, 1989. 354-б.]

*Академик **Ө. Марғұлан**: “Ұлытау баурайында тұрған *Алаша ханның* күмбезі VIII–X ғасырлардағы оғыз-қыпшақ мәдениетімен байланысты”.

[Марғұлан Ө. Х. Ежелгі жыр-аңыздар. Алматы, 1985. 354-б.]

***А. Сейдімбек**: “Ұлытаудағы *Алаша хан* кесенесін “әрі қойғанда Түрік-селжүк (VII–VIII ғғ.) мемлекеті кезіндегі Ұлытау маңындағы оғыздар ортасынан, бері қойғанда Қара хан заманының (X–XI ғғ.) сілемінен іздеуіміз керек...”.

[Сейдімбек А. Күнгір-күнгір күмбездер. Алматы, 1985. 345-б.]

***Ш. Ыбыраев:** “*Алаш ханға* теңеліп жүрген Шыңғыс хан, “Ер Едіге” жырындағы *Орманбет хан мен Ұлығ Мұхаммед хан* туралы аңыз-әңгімелерді салыстыра келіп, бұл екеуі бір адам, яғни Шәкерім қажы шежіресіндегі (75-б.) Орманбет хан – Жошы ханның ұрпағы (шын аты – Темір) Ұлығ Мұхаммед ханның өзі (1446 жылы қайтыс болған)”, – деп көрсетеді.

[*Ыбыраев Ш.* Эпос әлемі. Алматы, 1993. 160–161-бб.]

***М. Мағауин:** “XV ғ. 20-жылдары сарайдан қуылып, кейінірек Қазанда хандық құрған Ұлығ Мұхаммед хан Асанқайғының замандасы, сол *Алаш* хан болуы керек”, – деп жорамалдайды. “Алаша хан Шыңғыс хан болуы мүмкін” деген жорамал мен Ұлытаудағы VII–X ғғ. күмбездің “*Алаша хан күмбезі*” дейтін аңыз-әңгіменің шындыққа жатпайтынын мойындауымыз керек. Мүмкін керісінше шығар”, – деп түйеді ойын.

[*Мағауин М.* Ғасырлар бедері. Алматы, 1991. 21-б.]

***Б. Кәмалашұлы:** “Әлемге аты мәлім Алтай өңірі бүгіндері төрт ел (Ресей, Қытай, Моңғол, Қазақстан елдері) мекендейтін өлке деп қаралады”, – дей келе, автор: “бұл өлкелерде *алаш* ұрпақтары өмір сүреді”, – дейді. “Төрт Алтайда қазірдің өзінде *Алаш* ұрпағы өмір сүруде. Әрі Алтай – *Алаштың* ежелгі төл мекені. Онда біздің өткен тарихымыз, мәдениетіміз сақтаулы. Алаш ақыны Мағжан: “Бейіштей Алтын Алтай етегінде, ежелгі Алаш елі мекен еткен” деп бізге аманат жазып кеткен болса керек. “Ежелгі мекенінді ұмытпа, жадынды сонымен жаңғыртып отыр” дегені шығар...”, – деп көрсетеді.

[*Кәмалашұлы Б.* Бейіштей Алтын Алтай // Қазақ әдебиеті. 20 тамыз 2004]

***Алаша хан** – Ахмет сұлтанның лауазымы. Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр (“Бабырнамасында”): “Сұлтан Махмут ханның інісі Сұлтан Ахмет еді (Жүніс ханның баласы екеуі де Бабыр мен Дулатидің нағашысы); ол осы жұртта “*Алаша хан*” деген есіммен мәшһүр болды. Оның “Алаша хан” аталуының себебі: қалмақтар мен моңғолдар кісі өлтірген адамды “*алаш*” деп атайды екен. Сұлтан Ахмет хан болса, қалмақтарды талай рет жеңіп, көп адамды қырғынға ұшыратқан. Сондықтан ол “*Алаш*” аталып, келе-келе Алаш есіміне айналған” – деп көрсетеді (Бабырға жасалған сілтеме, 32-б.).

***Атамыз – Алаш, керегеміз – ағаш** <бұл қазақ мақалы қазақ қауымының шыққан тегі, ата-бабасы *Алаш* екендігін, киіз үйде отырып, күн көретін салт-тұрмысының бірдей екендігін аңғартып тұр>

**Алашты* алалағанға — дойыр бар, алаламағанға — қайыр бар — Алаштан тараған ұрпақ бірін-бірі алалап қараса — айыпты, жазалануға тиіс; ал бір-бірін бірлікке, ынтымаққа шақырса, ол — игілік, арты қайырлы болмақ (Ел аузынан).

**Алаштың азаматы* — өзінің барша қазаққа ортақ, игі іс-тіршілігімен олардың құрметіне ие болған азамат; кейде бұл тіркес алты алаш баласының баршасына жағымды қасиеттерімен белгілі болған қайраткерлерге тіркеледі.

**“Алаш”* — қазақтың Үш жүзінің арғы тегінің баламасы.
[Әдеби мұра. Алматы, 1970. 248-б.]

3-топ: “Алаштың” сандық сипаты

“Алаш” атауының бір ерекшелігі — оның қазақ тілінде бірнеше сандық сипаты бар: *“Үш Алаш”*, *“Үш жүз Алаш”*, *“Үш мың Алаш”*, *“Алты Алаш”*, *“Алты мың Алаш”*, *“Алты сан Алаш”*, *“Мың Алаш”*, *“Алаш мыңы”*, *“Алаштың үш әулеті”*, т. б.

Қадырғали Жалайыридің “Жылнамалар жинағында”: *“Үш Алаш”*, *“Алты Алаш”*, *“Алаш мыңы”*, *“Үш мың Алаш”*, *“Алты мың Алаш”* деген тіркестер кездеседі (18-б.). “Қазақтар осы Алаштардың қай жағында жүрді?” деген сауалға жауап табу қиын. Осы кітаптың өзінде: “Жалпы қазақ халқы *“Мың Алаш”* деп түсіндіреді. Ал, *“Алты Алашқа”* не *“Алты сан Алашқа”* — қазақ, қарақалпақ, ноғай, өзбек, қырғыз, башқұрт, татар жатады делінеді.

Бұл арадағы *“Үш Арыс”* — *“Үш жүз”* мағынасында қолданылып тұр.

**“Алаш”* туралы бұл тәрізді деректер көп-ақ. Көріп отырғанымыздай, *“Алаш”* атауының да, оған жататын нақтылы этностық топтың нақтылы анықтамасы да әлі күнге дейін айқындала қойған жоқ. Қалай болғанда да, біздің пайымдауымыз бойынша, көп тіркестерде (*“Алты алаш”*, *“Алаш азаматы”*, *“Атамыз — Алаш, керегеміз — ағаш”*, т. т.) кездесетін *“алаш”* этнонимі мен *Алаша* ханның есімін шатастыруға болмайтын сияқты. *“Алаш”* атауының о бастағы мағынасы *“Үш жүзден”* кең, оның кейінгі туынды мағыналары жеке-дара этностық топқа қатысты да айтыла береді.

“Алаш” атауы мен оның этностық табиғаты туралы әр алуан пікірлерді сараптай келгенде айтарымыз: *“алаш”* тіл төркіні айқын болмаса да, *біріншіден*, аңыз-әңгімелерде әртүрлі айтылып жүрген *Алаша* ханмен қанша түспалдап жақындастырылса да, ешқандай байланысы жоқ; *екіншіден*, *Алаш* тым ертеректе, мүмкін Түрік қағанатынан

бұрын Орта Азияда және онымен көршілес (мыс. Еділ, Каспий, Кавказ, т. б.) кейбір өлкелерде ұлан-ғайыр түркі тайпаларының басын қосқан зор мемлекеттік құрылымның нышанын білдіреді. “*Алты Алаш ел*” атауының өзі ғана 6 түркі халқының басын қосқан сондай бірлестіктің болғанының бір айғағы. Бұл бірлестіктің ыдырауын білдіретін деректің біріне қазақ тіліндегі “*Мен сенің алашың емеспін*” (“мен сенің алысың емеспін” деген мағынада) деген тіркес жатады.

**Алаштың үш әулеті* – (кейде “*Үш Алшын*” деп те атайды) Кіші жүз құрамына енетін негізгі үлкен үш тайпаның – *Әлімұлы, Байұлы, Жетіру* – жалпы атауы (Шежіреден).

**Алты “Алаш”* – қазақ шежіресінде Алаштан тараған алты тайпа туыс ел – *қазақ, қырғыз, ноғай, өзбек, қарақалпақ, башқұрттар*; “*Алты алаш ел*”, “*алты Алаш баласы//ұрпағы*” дегенде осы халықтардың генеалогиялық түп-тамыры бір екенін, тектес, өзара жақын халықтар екенін мегзейді... (Шежіре).

**Алты Алаш* – “Түбі бір түркі жұрты қайтадан бірігіп, бір одақ құра бастады. Ол “*Алаш*” деп аталды. “*Алты Алаш*” деп *Үйсін, Қаңлы, Оғыз (Найман, Керей, Уақ), Қыпшақ, Арғын (Қарлық), Алшын (Қарақырғыздар)* одағын айтады. Бұлардың ортақ ұраны “*Алаш*” болды. Осы алты тайпа *Өзбек, Қазақ, Қырғыз, Қарақалпақ, Башқұрт, Ноғай*, т. б. түркі елдерінің де қалыптасуына үлкен үлес қосты”, – деп көрсетіледі шежіреде.

[Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. Ташкент, 1994. 34-б.]

**Алты сан Алаш* – “*Алты Алаш*” атауының бір варианты. Ол әдетте түркі халықтары мен тайпаларын анықтауда ертеде қолданылған тіркес. Мысалы, қазақ шежірелерінде кейде:

“*Алты сан Алаш, жеті сан Қазақ, тоқсан екі баулы Қыпшақ, он екі баулы Өзбек, тоғыз таңбалы Арғын, сан таңбалы Абылай...*” деп те қолдану бар.

**Алты Алаш* – түркі халықтарының бір кезеңде өзара жақын қауым болып қалыптасқан одағы. Бұл қауымға енетін тайпалардың тәртібі, аты-жөні барлық бұлақта бірдей бола бермесе де, саны алтау.

Құлымбет ақын:

“*Алты Алаш – түрікмен, қалпақ, қазақ, өзбек, Алтау деп, қырғыз, естек*” айтамын көздеп...” – деп жырлайды.

[Айтыс. 2-том. 1965. 448-б.]

**Естек* – “башқұрт” атауының баламасы.

Алты “Алаш” озған – түркі халықтарының арасында *алты алаштан* тараған ең беделді де белді, атағы шыққан озық ру-тайпалар дегенді аңғартады.

***Атағы алты алашқа тараған** – атақ-даңқы алты алаштың, яғни Алты алаш қауымдастығына жататын (*қазақ, ноғай, өзбек, қырғыз, қарақалпақ, башқұрт*) қалың елдің бәріне бірдей белгілі болған ел билеген хандар мен билерге, жауын жеңген ержүрек батыр-бағландарға қатысты айтылған.

***“Алты Алаш” – алты түркілік тайпа.** “Ғылыми тілмен айтқанда көне қазақтар, яғни протоқазақтар келе-келе *тарих* төлкегіне түсіп, алты алашқа бөлінді (Есіңізде болсын, егер тілге сызат түссе, ол қайта жамалмайды. Бір тілден бірнеше тіл шығуы мүмкін, бірнеше тілден бір тіл шықпайды). Менің ойымша *“алты алаш”* дегеніміз – қазіргі *қазақ, өзбек, Кавказ ноғайлары, Қазан ноғайлары, қарақалпақ және құмықтар...* Шоқан Уәлиханов жазбай ма, қазақтың бар тайпасы, бар руы өзбектің құрамында сол қалпында сақталып қалған деп...”

[Әкім Тарази // Парасат. 2003. № 9. 22–23-бб.]

***Үш Алаш** – қазақтың үш жүзіне баланады. Мысалы, Мұхтар Мағауин:

“...Сол кездегі тарихи құжаттардың айтуынша, 1771 жылы қазақтың үш жүзі – Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүздің хандары мен сұлтандары, билері мен батырлары, барлық игі жақсысы Түркістан қаласында, мұсылман әулиесі Қожа Ахметтің қасиетті күмбезінде ата жұртының ежелгі дәстүрі бойынша, Абылайды ақ киізге көтеріп, ***үш алаштың** ханы деп жариялайды”, – деп жазады.

[Қазақ тарихының әліппесі. Деректі толғам. Алматы: Ер-Дәулет, 1994. 144-б.]

***“Алты Алаш”** – түркі халықтарының бабалары, ағайынды алтаудың жалпы аты; “Алты Алаштың ең үлкені, түп қазығы, ағасы – *Қазақ*” делінеді бір бұлақта.

Тәуке ханның ордабасы Қожаберген жыраудың айтуынша (оның *“Баба тілі”* атты дастанында):

“Алты Алаштың ағасы – *Қазақ* (түп қазығы), *Ұзақ* (ноғай), *Созақ* (қарақалпақ), *башқұрт*. Бұл төртеуі – таза *Алаш* (яғни бұрыннан келе жатқан *Алаш*) та, ал *қырғыз* бен *татар* – кейіннен қосылғандар”.

[Ана тілі. 22 қазан 1998]

***Алаш мыңы** – ежелгі қазақ тайпаларының ең алғаш қауым болып біріккен одағы, *“қазақ”* деуден бұрынғы елдің жалпы аты. Ұлықбектің *“Төрт ұлыс”* (“Ұлыс арбия”) кітабы мен *“Қазақ*

шежіресіне” (“Насабнамаға”) қарағанда қазақ тайпаларының бұл аты моңғол жорығы басталмастан бұрын қолданылғандығы байқалады. Бұл одаққа алғашқыда Арқа мен Сыр бойын қоныстанған *оғыз, қыпшақ, қаңлы* тайпалары біріккен.

Алаш туралы аңыздарда феодализмнен бұрынғы, мал-мүлік меншігі болмаған кездегі қауым тұрмысының сілемі бар. “*Алаш Алаш болғанда, ала тай ат болғанда, таңбасыз тай, еңсіз қой болғанда*” деп келеді.

“Қазақ шежіресі” бойынша жеке-жеке таңба бөліп беру Түрік қағанаты кезінде ерекше орын алғаны мәлім. Алаш қауымының бірігуі XIII ғасырдың бас кезі, тегінде моңғол шабуылына қарсы ұйымдасқан одақ екендігі байқалады. Оған кірген тайпаларды (*Қыпшақ, Найман, Қаракесек, Ашын, Қоңырат, Жалайыр*) моңғол хандары *алты арыс* елге бөліп, әрқайсысына жеке-жеке таңба анықтайды да, “*Алты сан Алаш*” деген атпен Жошы ұлысының қарамағына береді. Бастапқыда Жошы оларды Майқы би арқылы басқарады. Алты сан Алаштың ол кездегі қоныстанған жері – Алтай мен Каспий теңізінің аралығы, бір шеті – Тобыл мен Сыр бойы, Жетісу өлкесі. XIII ғасырдың 2-жартысында бұлар бұрынғы одақ болған ізімен Алтын Ордадан бөлініп, Ақ Орда атты жеке мемлекет болады. Кейін қазақ халқының қайта бірігуіне негіз болған бұл ұлыс әбден нығайып, “*Алаш қауымы*”, “*Алаш мыңы*” деген атпен әйгілі болады. Орыс хан тұсында *Алаш мыңы* – Ақ Орданың сол қанаты, *Қаңлы қауымы* – оң қанаты саналады... Бұл екі қанатқа аға болған тайпалар: *Қаңлы, Қыпшақ, Жалайыр*.

III. Уәлихановтың тұжырымы бойынша: “*Алаш мыңы*” – қырда мекендеген тайпалардың біріккен одағы, Қазақ елінің жалпы аты. XIII ғасырда олар “*Алты сан Алаш*” болып аталса, XIV–XVI ғасырларда “*Алты Алаш*”, “*Алаштың алты мыңы*”, “*Алаш қауымы*”, “*Алаш ұлысы*” деп көбірек айтылады. “*Алаш ұлысы*” атауын кейінірек қазақтың үш жүзіне орайластырып, “*Үш Алаш*”, “*Үш мың Алаш*” дейтін болған.

Жалпы айтқанда, Алаш этнонимі – халықтық сатыға толық көтеріліп жетпеген тайпалардың бірде бірігіп, бірде ыдырап жүрген кезеңін бейнелейтін тарихи ұғым...” – делінеді Қазақ энциклопедиясында.

[ҚСЭ. I. Алматы, 1972. 247–248-66.]

Сонымен, “Алаш” кім?

Көріп отырғанымыздай, “*Алаш*” атауы мен “*алаш*” ұғымына байланысты қазақ санасында сақталып, қалыптасқан дүниелер өте көп екен. Олардың жалпы мағынасы болмаса, нақтылы мәні ұмыт бола бастағанын, яғни көпмағыналылыққа ұшырағанын аңғару қиын емес.

Соның салдарынан да болу керек, “*Алаш*” атауының төңірегінен өрбіген көптеген атаулар мен тіркестердің қалай, қашан пайда болғанын, нақтылы мағына-мәнісін анықтап айту қиын, бір-біріне қарама-қарсы, тіпті бірін-бірі жоққа шығаратын қолданыстар көп-ақ.

Біз жоғарыда “*Алашқа*” байланысты сол қолданыстардың бәрін болмаса да, біразын тізіп беріп отырмыз.

Енді, міне, сол “*Алашқа*” қатысты тілімізде жүрген, әр алуан бұлақтарда ұшырайтын, әрбір қаламгердің өзінше жобалап, өзінше түсіндіріп кеткен ұғымдарын іштей саралап, санамалап көрсетуді жөн көрдік. Ондағы мақсатымыз біреу-ақ, ол – “*Алаш*” атауы мен оған байланысты ұғым-түсініктердің “*қазақ халқына қатысы қандай?*” деген өзіміз дйттеген сауалға жауап іздеу. Бұл сауал “*Қазақ қандай?*” деген жалпы сауалдың бір тармағы ғана. Ол сауалдың түп мақсаты – қазақ халқының этностық негізін айқындай түсуге, оның жалпы түркі ұғымына, көне (*гүн, сақ, хазар, шумер*, т. б.) тайпаларға, *Алашқа*, үш жүзге және соның құрамындағы сан алуан ру-тайпа, тайпа бірлестіктеріне қатыстығын айқындай түсу.

“*Алаш*” атауының бойынан тарап, өрбіген сан алуан мағына-түсініктерді жоғарыда келтірілген деректерге сүйеніп, жүйеге келтіріп жатпай-ақ санамалап, тізіп берудегі мақсатымыз **Қазақ** халқына “*Алаш*” атауы мен одан туындаған ұғым-түсініктердің қатыстығын көрнекілеп көрсету.

1. *Алаш* – ежелгі қазақ тайпаларының ең алғаш қауым болып біріккен одағы, яғни қазақты өз алдына “*Қазақ елі*” деуден бұрынғы атауы (*ҚТТС*).

2. *Алаш* – қазақ руларының ерте замандағы ұраны (*ҚТТС*).

3. *Алаш* – “жау, дұшпан, бөтен, жат” мағынасындағы сөз (*ҚТТС*).

4. *Алаш* – “ел, халық, жұрт” (*ҚТТС*).

5. *Алаш* – Ахмет сұлтаннның “*Алаша*” хан лауазымына қалмақтарды көп қырғандығы үшін негіз боған *алашы* (“жан алушы”) деген моңғол сөзі (*Абай, Бабыр*).

6. *Алаш* – алдымен ұран етіп алынып, кейін өз атауына айналдырған халық атауы (*С. Сейфуллин*).

7. *Алаш* – қазақтың тегі, үш жүздің түп атасы (“*Әдеби мұра*”).

8. *Алаш ханды* – Шыңғыс хан деп жорамалдау (*К. Сәтбаев*).

9. *Алаш хан* – VII–X ғасырлардағы оғыз-қыпшақ мәдениетіне тән ескерткіш атауы (*Ә. Марғұлан*).

10. *Алаша хан* кесенесі – Ұлытау маңындағы (X–XI ғ.) Қара хан заманының ескерткіші (*А. Сейдімбек*).

11. *Алаш хан* – Асанқайғының замандасы, XV ғ. 20-жылдарындағы Ұлығ Мұхаммед хан болуы мүмкін (*М. Мағауин*).

* Жақшада жоғарыда келтірілген деректердің қысқарған аттары, авторлардың есімі беріледі.

12. **Алаш ұрпағы** – Төрт Алтайда қазір де өмір сүретін қазақ әулеті, Алаш елі (*Б. Кәмалашұлы*).

13. **Үш Алаш** – қазақ халқын құрайтын Үш жүз (*Молда Мұса, Қазақ тарихы*).

14. **Үш Алаш** – Кіші жүз құрамындағы негізгі үш тайпа – *Байұлы, Әлімұлы, Жетіру (Шежіре)*.

15. **Үш мың Алаш** – Үш жүзге жататын қазақтың ірі тайпалары (*Шежіре*).

16. **Мың Алаш // Алаш мыңы** – жалпы қазақ халқы (*Қадырғали Жалайыри*).

17. **Алты мың Алаш** – алты Алашқа жататын алты түркі тайпасы (*Қадырғали Жалайыри*).

18. **Алты Алаш** – түркі қауымдастығының негізін құраушы алты тайпа ел – қазақ, өзбек, қарақалпақ, ноғай, қырғыз, башқұрт халықтары (*Шежіре*).

19. **Алаш** – Қазақстанда (20-жылдары) Алашорда партиясы құрған ұлттық буржуазиялық мемлекет (Алаш мемлекеті) атауы (*Құжаттар*).

20. **Алашорда** – Қазақстанда Алаш мемлекетін құрған партияның атауы (*Тарих*).

21. **Алаш** – Іле, Шу өзендері бойында қалыптасқан Сарыүйсіндер қауымдастығын билеушінің аты, әрі ұраны (*З. Сәдібеков*).

22. **Алты ел Алаш** – кезінде Сарыүйсіндер билеген қауымдастыққа тәуелді болған *Үйсін, Қаңлы, Қыпшақ, Оғыз, Арғын, Алшын* тайпаларының тобы (*З. Сәдібеков*).

23. **Алты Алаш** – Қазақ, өзбек, Кавказ ноғайлары, Қазан ноғайлары, қарақалпақ және құмықтар жиынтығы (*Әкім Тарази*).

24. **Алаш** – “аламан”, “ала” сөздеріне қатысты деген де пікір бар. Мәселен, Р. Ф. Сыздық қазақ тіліндегі ала сөзі “ала дүние”, “ала ұстау”, “ауызбірлігі жоқ”, “ынтымағы жараспаған”, “алауыз”, т. б. осы сияқты ауыс мағынасындағы ұғымды білдіретін сөз деп қарайды (*Р. Сыздық*). Сол сияқты аламан сөзі де *алашпен* төркіндес (*Х. Досмұхамедов*).

25. **Алаш, Алашы** сөздері о баста *ала* түбіріне этноним жасайтын *-ас// -аш, -шы// -ші* жұрнақтарын жалғау арқылы (сал. *шуаш, шеркеш, түргеш, хакас*, т. б.) жасалған деген де пікір бар (*Шежірелер*).

Көріп отырғанымыздай, бір ғана “**Алаш**” атауының *алаша, алашы* – содан тараған тұлғаның өзінен 25 түрлі мағына-түсінік, ұғым туындапты.

Міне, қазақ салтында көп қолданылатын “**Алаш**” феноменінің табиғатын танып, “*Алаш кім?*”, “*Алаштың қазақ халқына, оның этностық құрамына қатысы қандай?*” деген сауалға зиялы қауымның нақтылы да байсалды жауап берер тұсы да осы болса керек.

Сонымен, Алаш кім? Ру, тайпа, халық тәрізді этностық атау ма, жоқ әлде ел-жұрт, ұлыс тәрізді өлеуметтік атау ма?

4-тарау. Қазақ халқының құрамында Үш жүз қауымдастығы қалай және қашан қалыптасты?

Қазақ халқының этностық негізі мен құрамын қалыптастырған “Үш жүз” қауымдастығы, яғни ру-тайпа бірлестігі, болмыс, құбылыс бола тұрса да, оның қашан, қалай және нендей тарихи-әлеуметтік себептермен пайда болғаны күні бүгінге дейін толық айқындалмай келеді.

Бұл проблема бойынша айтылып та жазылып келе жатқан ой-тұжырымдар аз емес. Бұл құбылысты қазақтардың өздері де, басқа жұрт та жақсы біледі. Мәселен, қазақ тарихын зерттеуші Абель Яновский: “Қазақтар өздерін үш бөлікке, немесе “Үлкен”, “Орта”, “Кіші” деп үш ордаға бөлетін бір халықтың өкіліміз” деп есептейді”, – деп көрсетеді.

[“Брокгауз-Ефрон” энциклопедиясы. Т. 69. СПб., 1902. С. 60]

Қазақ халқының этностық тарихын зерттеуші ғалым Х. Арғынбаев: “Өзге түркі халықтарымен салыстырғанда қазақ халқына ғана тән басты сипат: олардың рулық-тайпалық құрамының күрделілігі және тарихының тереңдігі”, – деп (Жүз // Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия. 4-том. Алматы, 1984. 156-б.), оған іштей **Үш жүз** ру-тайпа бірлестігіне бөлінуін атап көрсетеді. Бұл – басқа туыстас түркі халықтарының этностық тарихында жоқ құбылыс.

Сондықтан да болу керек, бүкіл түркі әлеміне белгілі болған бұл құбылыстың табиғатын түгел танып-білуге келгенде түркітанушы ғалымдар да өзінің дәрменсіздігін байқатып отыр. Бүгінге дейінгі бұл саладағы ізденістер мен айтылып келе жатқан ой-пікірлердің баршасы бірін-бірі қайталайтын, біріне-бірі қарама-қарсы, тіпті бірін-бірі жоққа шығаратын жоба-жорамал түрінде қалыптасқандығын көреміз.

Сөзіміз дәйекті болу үшін **Жүз, Үш жүз** туралы сан алуан пікірлердің бәрін болмаса да біразын төменде санамалап көрсетіп отырамыз.

“Қазақ” – өзінің ұзақ тарихи даму, этностық қалыптасу барысында, біртекті де әртекті ру-тайпалар мен этностық топтарды ұйыстыру нәтижесінде монолитті біртұтас этносқа айналған халық. Оның іргетасы болып қаланған, этностық негізін қалыптастырған сан алуан ірілі-ұсақты аталықтар мен ру-тайпалардың ізі ел-жұрт тарихы бетінде тайға таңба басқандай айқын сақталса, халқымыздың жадында да солай айқын жатталуда. Халқымыздың ру-тайпа негізінде қалыптасу тарихы шежіре, аңыз-әңгіме түрінде атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа рухани мұра ретінде айтылып келеді және айтыла да бермекші. Өйткені бұл жоқтан бар еткен, ойлап тапқан құбылыс емес, қалай болса да, өз тарихымыз, халық болып қалыптасу жолында басып өткен этностық үрдісіміз. Оны бүркеп, жасыруға, ұмытуға болмайтын сияқты.

Рас, кешегі тоталитарлық саясат кезінде қазақтар, әсіресе қазақ жастары, шыққан тегі мен жеті атасы, ру-тайпасы тұрмақ, қазақ екендігін ашық айтуға намыстанғандығы белгілі. Бұл саясаттың астарында “бұл халықтың бірлігі мен тұтастығына нұқсан келтіреді” деген жалған сылтаудың жатқаны да белгілі.

Ал, шын мәнісінде, әрбір азаматтың өз ататегін, шыққан ру-тайпасын білуі – халқының тарихын танып-білуінің алғашқы қадамы. Бұл – табиғи талап, жас ұрпақты мәңгірттіктен сақтандырудың алғашқы шаралары. Міне, сондықтан да ел-жұртымыздың егемендікке қолы жеткен күннің ертеңіне-ақ лап беріп іздегені – өзінің тарихы, ру-тайпа шежіресі болды, ұмыт бола бастаған рухани дүниесін қалпына келтіру болды.

Соның нәтижесінде аз уақыттың ішінде халқымыздың этностық негізі – ру-тайпалардың жүздеген шежіресі дүниеге келді. Бұрын жасырып-жауып, кібіртктеп, ашық айта алмайтын шындық (артық-кем жері болса да) еркін сөз бола бастады. Қазақ халқының этностық тарихына тікелей қатысы бар шежірелер мен аңыз-әңгімелерде, көркем шығармаларда қазақ ру-тайпаларының тарихына, соның бір негізі – **“Үш жүз”** қауымдастығының бітім-болмысына қатысты деректер келтіріліп, ашық сөз бола бастады. **“Үш жүз”** ғана, солардың құрамына енетін ру-тайпалар ғана емес. **“Үш жүзге”** енбейтін, бірақ қазақ халқының қалыптасуына белсене араласқан басқа этностық топтар жөнінде де ашық айтылып, деректер келтіріліп, арнайы еңбектер жариялана бастады. Мысалы. **“Үш жүз”** феномені және оның құрамы жөнінде көптеген тарихи деректер келтіре отырып, тарихшы Мұхтар Құл-Мұхаммед: “Бұдан басқа тарихи дамудың әр кезеңінде қазақ халқы құрамына енген Үш жүзге қосылмайтын (астын сызған біз. – Ә. Қ.) араб тектес **қожа** мен **сұнақ**, моңғол тектес (Шыңғыс хан

ұрпақтары) – **төре** және жоңғар тектес (тұтқын құлдар) – **төлеңгіт** рулары да бар” – деп ашып көрсетеді.

[Құл-Мұхаммед М. Орыс энциклопедияларындағы қазақ шежіресі. Алматы: Атамұра, 1994. 71-б.]

Сондықтан да, біз еңбегіміздің бұл тарауында (IV) жалпы **“Жүз”** және **“Үш жүз”** туралы пікірлер мен деректерді, кейін оған этностық табиғаты жатпайтын, бірақ ұзақ тарихи-элеуметтік даму барысында қазақ ру-тайпаларымен бірге өсіп, біте қайнасып, **қазақ** халқының біртұтас негізін қалыптастыруға қатынасқан **қожа, сунақ, төре, төлеңгіттер** жайында бар деректерді де (**“Үш жүзге қосылған тайпалар”** деген атпен) келтіруді жөн көрдік.

Ескерте кетейік, бұлардан басқа қазақ халқының құрамына еніп, оның қалыптасуына өз үлесін қосқан, оның ру-тайпаларымен егене араласа келе **“қазақ”** болып кеткен **“кірмелер”, “сіңбелер”, “құрамалар”** деп аталатын басқа көршілес халықтар өкілдерінен тұратын этностық топтар тағы бар. Бұлардың барлығы қазақтардың тілін, дінін, тұрмыстық салт-дәстүрін қабылдап, **“қазақ”** болып кетсе де, бірақ шыққан тегін ұмытпайтын топтарға жатады.

Бұлардан тыс әсіресе кейінгі жылдары шетелдерде (ҚХР, МХР, Ауғанстан, Иран, Түркия, Ресей, Өзбекстан, т. б.) жасайтын қазақтар арасынан атамекені – Қазақстанға қайта оралып келіп жатқан **“оралмандар”** деп аталатын этностық топтар тағы бар. Олардың баршасы қазақ құрамындағы Үш жүздің санатына жататын, оның нақтылы бір ру-тайпасына, атасына тән әулеттен тұрады. Бұларды біз Үш жүзден жеке-дара бөліп қарамадық. Өйткені олардың бәрі әр жерді мекендегенімен өзінің шыққан тегін жақсы біледі.

“Жүз” және “Үш жүз”

(ресми, тарихи, шежірелі, т. б. деректер мен мағлұматтар)

Қазақстан тарихы:

*“Одной из высших категорий этносоциальной организации являлись *жузы* – крупные этнотерриториальные объединения (или союзы) племен, сложившиеся на основе определенного хозяйственно-культурного типа (ХКТ), этнополитических процессов в эпоху формирования, сложения казахской народности и ее этнической территории. Такими объединениями в истории казахов были *Старший, Средний и Младший жузы*”, – дей келіп тарих авторлары қазақ қауымындағы **Үш жүздің** қалыптасу себептері мен мерзімі жайында айтылып жүрген әртүрлі пікір, көзқарастарға (И. Георгий, П. И. Рычков, В. В. Вельяминов-Зернов, Н. А. Аристов, М. С. Мұқанов,

С. А. Аманжолов, Ш. Ш. Уәлиханов, В. В. Бартольд, М. П. Вяткин, т. б.) шолу жасап, тұжырым ретінде тарихшы Т. Сұлтановтың:

“Мы не имеем точных сведений о том, когда и как образовались жузы. Немногочисленные восточные источники о казахах единодушны в своем молчании”, – дей келіп: “во второй половине XVI века произошла последовательная смена одной формы организации казахского общества другой: улусной системы – *жузами*”, – деген пікірін ұсынады (Кочевые племена Приаралья в XV–XVII вв. С. 83–85).

Тарихшылар: “До сих пор нет утвердившегося мнения о происхождении термина “жуз” и согласованности в определении времени появления жузов. Может быть, в этом скрыта часть разгадки и решения сложной, но важной проблемы истории Казахстана. Некоторые исследователи соотносят казахский “жуз” с арабским “джуз” – “главная часть” чего-то, “ветвь” (В. Григорьев). Однако в арабских источниках никаких сведений о *жузах* как части территорий союзов (объединений) племен нет...” – деп түсіндіреді оның себебін.

[История Казахстана с древнейших времен до наших дней, в пяти томах. Т. II. Алматы, 1997. С. 301–306].

Қазақстан тарихының жүз туралы ұсынып отырған тұжырымы, міне, осы.

* “Жүз – XV–XVI ғасырларда Қазақстан жерінде қалыптасқан ру-тайпалық бірлестіктер. “Жүз” атауы араб тілінде “белгілі бір тұтас нәрсенің бөлігі, саласы” деген ұғымды білдіреді. Қазақстанның табиғи ерекшеліктеріне, ондағы ежелгі заманнан бері мекендейтін көшпелі тайпалар мен рулардың шаруашылық және саяси жағдайларына байланысты “үш жүз” деп аталатын бірлестіктер пайда болды. *Ұлы жүз* бірлестігі Жетісу жерінде Шу және Талас, Сыр, Іле өзендерінің кең алқаптарында өте көне заманнан бері қалыптасқан. *Орта жүз* бірлестігі Сарыарқа атырабында Арғын тайпасының, *Кіші жүз* бірлестігі Батыс Қазақстанда Алшын тайпасының төңірегінде топтасқан. Сондықтан да бұл бірлестіктерді халық арасында “*Ұлы жүз – Үйсін*”, “*Орта жүз – Арғын*”, “*Кіші жүз – Алшын*” деп те атай береді. Жүздер бірлестігі көптеген түркі тілдес тайпалардың негізінде біртұтас **қазақ** халқының қалыптасуынан бұрынырақ пайда болған да, кейінірек сол халықтың жеке бөліктері есебінде бізге дейін жеткен. Мұндай ру-тайпалық бірлестіктердің шығуына олардың шаруашылық пен күнделікті күнкөріс жағдайы, сыртқы жаудан қорғану, жаңа жер, ел жаулау аумақтары күшті ықпал етті.

Қазақ қауымындағы ру-тайпалық бірлестіктердің “жүз” атануы, тілі, тарихи тағдыры және шаруашылық кәсібі бірдей тектес тайпалардан тұратын қауымның бір бөлігі, саласы ретінде қалыптасып,

XVI–XVIII ғасырларда жүздердің мекендерінде көптеген феодалдық хандықтар құрылды. XVIII ғасырдың 1-жартысында **Кіші жүз**, одан соң **Орта жүз**, ал XIX ғасырдың 2-жартысында **Ұлы жүз** қазақтары Ресейге қосылды.

Шежіре деректері бойынша, **Ұлы жүзге** *Сарыүйсін, Қаңлы, Дулат, Жалайыр, Албан, Суан, Шапырашты, Сіргелі, Ысты, Ошақты* және *Шанышқылы* тайпалары; **Орта жүзге** *Арғын, Найман, Қыпшақ, Керей, Уақ және Қоңырат* тайпалары, **Кіші жүзге** *Байұлы, Жетіру, Әлімұлы* атты рулар бірлестігі кіреді. Жүздер бірлестігіне кіретін осы айтылған тайпалар мен рулардың әрқайсысының тек қазақ халқының ғана емес, көптеген Орта Азия халықтарының да шығу тегін зерттеуге себін тигізетін өзіндік көне тарихы, даму жолы бар. Әр жүз қалыптасқан уақыттан бергі мерзім ішінде олардың алғашқы мекендері біртіндеп кеңей келіп, қазіргі Қазақстан жерінің белгілі атыраптарына тарады...

Үш жүз қазақтарының қонысына қарай кейбір тілдік ерекшеліктері де (говорлары) болады.

Олардың шаруашылығында да, мәдениетінде де, тұрмыс-салт, әдет-ғұрпында да кейбір өзгешеліктер байқалады. Бұлардың бірсыпырасы олармен ежелден жапсарлас қоныстанған басқа халықтармен араласып, сіңісуі негізінде, дені атамекендерінің табиғи жағдайы мен шаруашылықтың даму дәрежесіне байланысты қалыптасқан” – делінеді.

[ҚСЭ. 4-т. Алматы, 1974. 520–521–66.]

“Қазақ жүздері” – XV–XVI ғасырлар аралығында Қазақстанның әр өңірінде қалыптасқан тайпалар одағы. Жүздердің шығуы мен “Жүз” атауының тарихи мәні туралы ғылыми тұрғыда дәлелденген ортақ пікір әлі жоқ. Кейбір зерттеушілер бұл атауды әлдебір бүтін нәрсенің, құбылыстың “*бөлшегі*”, “*саласы*”, “*бір жағы*” деп қарастырса, енді біреулер оны “*жүз*”, “*жүздік*” сандарымен байланыстырады. Қайткен күнде де, қазақ “*жүздерін*” өзінің саяси, экономикалық, тілдік және мәдени тұтастығымен сипатталатын дербес халықтың жеке бөлшектері ретінде қарастырған жөн болар”, – деп көрсетеді тарихшы Х. Арғынбаев.

[Қазақ шежіресі хақында. Алматы: Атамұра, 2000. 15-б.]

*А. И. Левшин: ертеректе қалыптасқан “*Үш жүзді*” Тәуке ханның өзі Түркістан қаласында отырып, өзіне қарасты иеліктерді басқару үшін үш топқа бөліп, оны үш билеушіге – “*Үлкен Орданы*” – Төле биге, “*Орта Орданы*” – Қазыбек биге, “*Кіші Орданы*” – Әйтеке биге – тапсыруынан тұрақталып қалған билік жүйесі”, – деп санайды.

[Левшин А. И. Описание киргиз-кайсацких, или киргиз-казацких, орд и степей. Ч. I. СПб., 1832. С. 64]

*Академик В. В. Радлов: “Жүз сөзінің пайда болуының “жүз әскер”, “жүз салықшы”, “жүз шенеунік” деген ұғымдарға қатысы жоқ. *Жүз//*юз – *ғүз атауының баламасы”, – деп көрсетеді.

[Радлов В. В. К вопросу об уйгурах. СПб., 1893. С. 117.]

*Абай: “Үш жүз – қалмаққа қарсы аттандырылған үш жүз әскерге байланысты қалыптасқан атау” деп, өзінің “Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы...” атты қарасөзінде: “Әмір Темір нәсілі Бабыр патшаның шешесімен бір туысқан Шағатай нәсілдес Юнус ханның кіші баласы – Ахмет хан қазақты билеп тұрған кезінде қалмақтарға қарсы аттанысқа Үш жүз әскер шығарып, оларды үш жүзбасына билетіпті. Әр жүздің халқы өз ынтымағымен бір туысқанға есеп болыпты. Қазақтың “Үш жүздің баласы” дейтін ұғымы осыдан қалған...”, – деп көрсетеді.

[Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармалары. 2-т. Алматы, 1977. 228-б.]

*Ш. Ш. Уәлиханов қазақтардың Үш жүзге бөлінуін Алтын Орда дәуіріндегі (XV–XVI ғғ.) моңғол ұлыстарының қалыптасу дәуіріне (яғни Шыңғыс хан әулетінің жаулап алған аймақтарын бөлісіп алып, еншілеуіне) байланысты пайда болды деп қарайды.

[Валиханов Ч. Ч. Собр. соч. Т. V. С. 281–292, 296–297]

*П. П. Румянцев: “Бүкіл қазақ халқы үш ордаға бөлінеді: Аға, Орта, Кіші (немесе Үлкен, Орта, Кіші); әрбір орда бірнеше атаға бөлінеді: үлкені – 4, ортаңғысы – 4, кішісі – 3. Әрбір ата бірнеше руға: Үлкен Ордада – 12 ру, Ортада – 37, Кішіде – 35 ру бар. Олар өз ішінде бірнеше бөлшектерге жіктеледі”, – деп көрсетеді.

[Румянцев П. П. Киргизский народ в прошлом и настоящем. СПб., 1910. С. 15–16]

*И. Баллюзек “қазақтың “Бөлінбеген еншісі” туралы: “Алаш қартайған кезінде қолындағы бар малын төртке бөліп, үш бөлікті үш баласына Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүзге бөліп беріпті-міс. Ал өзінде қалған төртінші бөлікті “қонақ сыбағасы болсын” деп, үшеуінің ортақ меншігіне беріпті. Өйткені жолаушы жүрген адамның өзімен бірге барлық азығын алып жүру мүмкіндігі жоқ, сондықтан да әр жолаушыға қандай қазақ болмасын тегін тамақ, жылы орын, т. б. қажетті жағдайын жасап тұруға міндетті болса керек...”, – дейді. Бұл деректі И. Баллюзектен (146–147) аударып берген Х. Арғынбаев.

[Арғынбаев Х. Қазақ отбасы. Алматы: Қайнар, 1996. 86-б.]

*Х. Әділгереев: “Б. з. д. II ғасырдан бастап Жетісуда Үйсін тайпасы басшылық еткен тайпалардың одағынан тұратын мемлекет пайда болады. Үйсіндердің бұл мемлекеті Арал-Каспий даласындағы тайпаларды біріктірген мемлекеттің құрамына осы атаумен кіріп, кейін Ұлы жүздің негізгі ядросын құрған болатын. IX–XII ғғ. аталған территорияда қыпшақтармен біріктірілген мемлекет негізі үш бөліктен тұрған немесе Үш жүзден – Ұлы, Орта және Кіші жүздерден тұрды. Осы Үш жүз кейін XV ғасырда, яғни Моңғол мемлекеті – Алтын Орданың ыдырауынан барып, қазақ атауына ие болды...” – деп көрсетеді.

[*Әділгереев Х. Қазақ халқының қалыптасу тарихына орай // ҚазССР ҒА Жаршысы. 1951. № 1. 92–94-бб.*]

*С. Аманжолов: “Түркі тайпаларының (дұрысы: көне қазақ тайпаларының) өзара топтасып, үш ордаға бөлінуі үш тайпалық диалектіге жіктелуге байланысты Түрік қағанаты дәуірінде (VII–IX ғғ.) жүзеге асқан құбылыс” (“Вообще деление казахских племен на 3 жуза, видно, началось с VII века и с тех пор это деление сохранилось, как особая специфическая черта этих племен до наших дней”), – деп көрсетеді.

[*Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959. С. 112*]

*М. Ибраев Қазақ шежірелерінде қазақтың шығу тегін Нұх пайғамбардан бастау дәстүрі бойынша қазақты: “Нұх пайғамбардың үш ұлынан тараған ұрпақтың бір тармағы – *Түріктен – Табиғи*, одан *Массагет, Сақ, Қассақ*, одан *Сыбан*, одан *Алаш, Алаштан – Жайылхан, Сейілхан; Сейілханнан – Қарақыпшақ, Жайылханнан – Қазақ, Созақ, Разақ (Қарақалпақ), Қырғыз (Ұзан)* туады. Созақтан Әмір Темірдің атасы – Моңғол туады. Қазақтан *Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс* туып, “**Үш жүз**” деген ат алып, дүниеге таралады”, – деп таратады.

[*Ибраев М. Қазақтың шығу тегі // Семей туы. 8 қыркүйек 1990*]

*Бөдірленов Р. (халық аңыздары негізінде): “Есте жоқ ерте заманда Сыр бойында 32 рулы елді билеген Қызыл Арыстан деген хан болады. Бұл ханның төңірегінде бес жүз түтін төленгіті бар екен. Ол өзінің жасақтарын бастап жорыққа шығып, көп олжа, тұтқын түсіріп қайтып отырған. Бір жорықта асқан сұлу қыз қолға түседі. Хан қызды алады. Мезгілі келгенде ханның тұтқын әйелі жүкті болып, тұла бойы түгел ала бір ұл табады. Мұны сұмдық жаман ырымға жорыған хан да, қарашылар да қатты қысылып, қайтерін білмейді. Хан оны бәйбішесінің ақылымен... Сырдарияның суына тастайды...

Балықшы қарт баланы судан алып, бағып-қағып өсіреді. Ол *Алаш* деген атымен жұртқа жайылады. Мұны естіген хан билерінің ақылымен өзінің қарашысы Қотанбайдың үлкен баласы *Үйсінге* жүз

жігіт қосып беріп бірінші рет, екінші ұлы *Болатқа* жүз жігіт қосып беріп екінші жылы, үшінші ұлы *Алшынға* жүз жігіт қосып үшінші жылы жіберіп отырады. Алашқа еріп бұл топ еркін жүріп, ерлік жасайды. Ақырында “қазақ” деген елдің негізін құрайды. “*Үш жүз*” атауы содан қалған”, – деп баяндайды.

[*Бөдірленов Р.* “Қазақ” атауының төркіні туралы
// Ленин туы. 15–16 наурыз 1990]

*3. Сәдібеков (шежірелер негізінде):

*1. Қазақтың *Үш жүзі* Нұх пайғамбардың отыз алтыншы буынынан тараған Өзбек ханның үш баласына – *Байшора, Жанишора, Қарашора (Бекшора)* – байланысты қалыптасқан деп қарайды.

Қазақ шежірелерінің бірінде Адам атаның (оның аты – *Абыл Башир*) тоғызыншы буыны – Нұх пайғамбар. Оның отыз алтыншы буыны Өзбек ханнан туған балалар қазақтың *Үш жүзінің* негізін құрған. “Бұл адам баласының осы дәуірінің 45 буынын немесе бір ғасырда орта есеппен төрт буын өсіп шығады десек, ол небәрі 1120 жылдай уақытты ғана қамтиды” делінеді.

*2. “*Үш жүз* қазақтың үш ұлынан *Ақарыстан – Ұлы жүз, Жанарыстан – Орта жүз, Бекарыстан – Кіші жүз* тарап, оның рулары өрбіген”, – деп түсіндіреді. Сол автор *Үш жүздің* қалыптасуы туралы: “Нұх пайғамбардың кіші баласы Яфстан – *Тұран*, одан *Түрік*, одан *Сақ*, оның шөбересі *Әннес* сахаба (араб), оның оныншы буыны – *Оғызхан*, одан *Сейітхан, Жайытхан. Жайытханның Өзбек хан*, одан *Қазақ, Созақ, Ұзақ*. Ал, *Қазақтан* туған үш ұлдан *Үш жүз* пайда болған”, – деп көрсетеді.

Шежіреде Нұхтан Өзбек ханға дейін он тоғыз буын немесе әр буында орта есеппен 30 жыл десек, 570 жыл ғана. Егер ол Алтын Орда ханы Өзбек хан болса, онда ол Нұх пайғамбардан көп кейін шыққан немесе ол 1312 ж. таққа отырған, сонда *Үш жүз* шамамен XV ғасырда пайда болған деп көрсетіледі.

*3. *Үш жүзді* қожалардан таратудан гөрі оларды ертедегі тайпалардан – *Оғыз, Қыпшақ, Қазақ, Қарақалмақтардан* таратқан жөн.

*4. Қазақтың *Үш жүзінің* негізін Адам атаның тоғызыншы буыны – Нұх пайғамбардың отыз алтыншы буынынан тараған *Байшора, Жанишора, Қарашора (Бекшора)* деген үш ұлы құрайды деп қарайды.

Шежірелі аңыздардың бұл баяны *Үш жүзді* Адам баласының өсу дәуірінің 45-буынына жатқызады. Яғни, бір ғасырда орта есеппен төрт буын өсіп, ауысып тұрады десек, ол небәрі 1120 жылдай уақытты қамтиды екен.

Бұл жорамалға қарағанда қазақтың *Үш жүзі* XIII ғасырдың бірінші жартысында қалыптасқан болады.

*5. **Жүз** – қазақ болып қалыптасудан бұрын, Дешті Қыпшақ дәуірінде құралған аймақтық одақ. Оған біріккен тайпалардың бәрі бірдей бір атадан емес. **Жүз** – көне түркі тіліндегі “Дуз” (дала) деген сөзден шыққан. Қазақта “құла дүз” деген сөз бар. Ол құла дала деген мағынада. Бір деректе “жүз” араб тілінде “бөлік” дегенді аңғартады дейді. Қайткенде де, “жүз” – “жүз-жүзден құралған әскерлерден шыққан” дегенге қарағанда аймақтық ұғым, “Дүз” (дала) деген сөз. “Жүз” – ойрат тілінде “біртұтас нәрсенің бөлігі” деген ұғымды білдіреді.

“Жүзді Жошы заманында Үйсін *Майқы би* бөлген” деген пікір шындыққа жақын...” Жүзге (аймаққа) бөлу ондағы тайпалардың ежелден келе жатқан жер жағдайына, өмір-тіршілігінің, дәстүрінің сыбайластығына қарай жүргізілген. Сонымен қатар *Майқы би* әр жүзге ұран мен таңба және олардың нөқта ағасын белгілеп берген. Ұран мен таңба *жүздер* ішіндегі тайпалар мен руларды біріктіріп, олардың одағын нығайтуға бағытталады” деп көрсетеді.

*6. Қазақтың *Үш жүзі Әбілхайыр* ханнан тараған үш ұл – *Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс* – негізінде қалыптасқан.

“*Рауан шежіресінің*” мағлұматы бойынша Нұх пайғамбардан тарайтындар: *Сам → Тарақ → Азар → Ыбырайым → Ысқақ → Табиғи → Сақ → Әнсары → Халит → Әннас (сақабә) → Сыбай → Алаш → Жайылхан → Қазақ → Жұман → Әбілхайыр*. Одан тараған жоғарыдағы үш ұлдан – *Үш жүз*.

Шежіреде: “Бұл нұсқада Нұхтан Қазаққа дейін 14 буын немесе 420 жыл ғана. “*Түрік*” деген ұғым түбімен жоқ...”, – деп көрсетіледі.

[*Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. Ташкент, 1994. 21–20, 30, 126–127-бб.*]

Қазақ шежіресінде

“Ұлы жүз: албан, суан, жалайыр, қаңлы, шапырашты, шанышқылы, сіргелі, ошақты, қатаған, сарыүйсін; нөқтаустары – **жалайыр**.

Орта жүз: арғын, найман, қыпшақ, керей, уақ, қоңырат; нөқтаустары – **тарақты**.

Кіші жүз: он екі ата *Байұлы (адай, алышын, жаппас, масқар, беріш, таз, есентемір, алаша, байбақты, ысық, ызылқұрт, тана, шеркеш); алты ата – Әлімұлы (шөмекей, шекті, төртқара, қаракесек, кете, қарасақал); жеті ата – Жетіру (жағалбайлы, кердері, табын, тама, керейіт, тілеу, рамадан)* атты рулардан тұрады”, – деп көрсетіледі.

[Шежіре // Ана тілі. 1991]

*М. Бұлұтай З. М. Бабырдың “*Бабырнама*” атты еңбегінің “Үндістан” тарауына сілтеме жасап: “Бұрын біздің ата-бабаларымыз *Шыңғыс ханның* қағидасын мұқият сақтайтын”, – дей келе, – “Қазақ

халқының Ұлы, Орта және Кіші жүз болып үшке бөлінуі де осы монғол әскери салтының нәтижесі”, – деп тұжырады.

[Бұлұтай М. Ж. Ата-баба діні. Алматы, 2001. 449-б.]

*С. Мұқанов: “Ғалым Н. Я. Бичуриннің айтуынша, біздің дәуіріміздің 635 жылында қазіргі Қазақ даласында түркі тілдес көшпелі *сақтар* өздеріне шабуыл жасап, тыныштық бермеген қытайларға қарсы үш орда құрған:

- 1) Үйсін жерінде – *Ұлы орда*;
- 2) Есіл, Ертіс бойында – *Орта орда*;
- 3) Балқаштан Каспийге дейін – *Кіші орда*.

“Қазақ жүздері осы үш ордадан басталған”, – деп көрсетеді белгілі қазақ жазушысы.

[Мұқанов С. Халық мұрасы. Алматы, 1995]

*“*Үш жүз* кейбір шежірелерде үш адам бейнесінде сипатталады да, үш жүз әулеті сол үшеуінен (*Жанарыс, Бекарыс, Ақарыс*) таратылады.

Орта жүздің бабасы – *Бекарыс*. Одан жалғыз ұрпақ – *Құтан*. Құтаннан – *Байқұтан*. Ол көмелет жасына келіп, үш некелі болған. Бірінші әйелі – *Қоян*. Одан Сопы мырза, одан *Найман*. Екінші ұлы – *Арғын*. Екінші әйелі – *Жарылғап*. Одан екі ұл – *Уақ, Керей*. Үшінші әйелі – *Жар* болған. Одан тағы екі ұл – *Қоңырат, Қыпшақ*. *Байқұтанның* осы алты ұлын “*Орта жүздің Алты Арысы*” деп атайды”, – деп көрсетіледі шежіреде.

Шөкерім Құдайбердіұлының белгілі шежіресіне сүйеніп, Пайзолла Мырзаханов: “Қазақ халқының этностық іргетасын қалаған Үш жүздің (жалпы саны 200-ге жуық ірілі-кішілі ру-тайпаның) баршасы ағайынды үш адамнан – *Жанарыс, Бекарыс, Ақарыстан* – тараған болып шығады. Ал, бұл үшеуінің шығу тегі, мерзімі, мекені шежіре тарихында белгісіз. Бірақ шежірелердің көпшілігінде бұл ағайынды үшеуі – бір адамның балалары-мыс!

Сондықтан да, бұл дерек тарихи шындыққа жата ма, үш жүздің шығу мерзімін, себебін айқындай ала ма, жоқ па, оны айту қиын”, – деп көрсетеді.

[Мырзаханов П. Орта жүз Арғын шежіресі // Қазақ батырлары. Желтоқсан 2004]

*А. Сейдімбек: “Тарихи тәжірибені саралап келгенде, қазақ халқының *үш жүздік* құрылымы әсте этностық айырмашылықтың айғағы емес. Күні кешеге дейін көшпелі өмір салтымен жеті аталық үрдісті өмір тірегі етіп келгендіктен *үш жүздік* құрылым этномәдени айырмашылыққа да айғақ бола алмайды. Қазақтың *үш жүздік*

құрылымы байырғы Тәңірлік наным-сенімнен бастау алып, кейін классикалық көшпелі өмір салты бел алған кезде сол көшпелілер қоғамының табиғи-географиялық, әкімшілік-территориялық және шаруашылық-мәдени ерекшеліктеріне орай қалыптасқан құрылым деп білуіміз керек.

Үш жүздік құрылымның тарихи қадір-қасиеті бұл айтқандармен де шектелмейді. Ең бастысы, үш жүздік құрылым саяси-әлеуметтік тұтастықтың, мемлекеттік бірліктің, далалық демократияның үлгісі (моделі) еді. Бұл орайда үш жүздік құрылым көшпелі өмір салт аясында тарих сахнасына шыққан мемлекеттердің төл бітім-болмысын танып-түсінуге, төл ерекшелігін саралауға мүмкіндік береді. Яғни, осы уақытқа дейін еуропалық үлгідегі мемлекеттік құрылымдарға ұқсамағандықтан Еуразия көшпелілерін тек қана тайпалық одақтар бірлестігі деп қарап келген ой-тұжырымдардың, жұмсартып айтқанда, одіснамалық сыңаржақтық екендігін аңғартады”, – деп түйеді өз ойын.

[*Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау.*
Алматы: Санат, 1997. 93–94-бб.]

*М. Қ. Қозыбаев: “Түркі тайпалары үстемдік еткен кезде (VIII ғ.) қалыптаса бастаған жүздер – үш тулы қазақ халқының сұлбасын көз алдымызға әкеледі” деп көрсетеді. Болашақ қазақ халқының негізінің құрылуын сөз ете келіп: “Біздің дәуіріміздің бірінші мыңжылдығында қазақ сахарасының оңтүстігіне Азияның терең қойнауларынан тұңғыс тектес жужандар (аварлар), парсылар, арабтар, т. б. келгені де мәлім. Түркі тектес тайпалардың қалың тобыры оларды бойына сіңіріп, өз болмысын сақтап қалды. Белгілі түркі маманы Ғұбайдүлла Айдаров VIII ғасырлық Орхон ескерткіштерінің тілін зерттей келе, “*Үш тулы түркі халқы*” туралы сөз қозғайды (қар. *Айдаров Ғ.* Орхон ескерткіштерінің тексті. Алматы, 1971. 141, 179-бб.). Ал, сол түркі тайпалары үстемдік еткен кезде табиғи-географиялық, саяси факторларға негізделген үш этнотерриториялық бірлестіктер (Түргеш, Қарлұқ қағанаттары, Қарахан ұлысы, *қимақ-қытшақ, оғыз* бірлестіктері) қалыптаса бастаған *жүздер* – үш тулы қазақ халқының сұлбасын көз алдымызға әкеледі”, – деп көрсетеді.

Бұл топшылауға қарағанда *үш тулы қазақ халқының* (?) үш жүзге (VIII ғ.) бөліне бастауына негіз болған табиғи-географиялық, саяси факторлар мен үш этнотерриториялық бірлестіктің қалыптасуы болып отыр.

[*Қозыбаев М. Қ. Тарих зердесі.* Алматы, 1998. 150-б.]

*Әбіш Кекілбаев жыл сайын Үш ұлыс бас қосатын **Мәртөбеге** байланысты:

“Қазақтың өзіне-өзі риза болған мақалдарының қай-қайсысы болса да сол Мөртөбенің басында туған-ды. Қарға тамырлы қазақ: “*Ұлы жүзді қолына қауға бер де малға қой, Орта жүзді қолына қалам бер де дауға қой; Кіші жүзді қолына найза бер де жауға қой*”, – деп те сонда айтқан-ды. Ел ырысы – малды **Ұлы жүзге** тапсырса, пейіліне сенгені, ел жыртысы – дауды **Орта жүзге** тапсырса, білігіне сенгені; ел шырқын бұзар жауды **Кіші жүзге** тапсырса, ерлігіне сенгені...”

“Сондықтан да мамыр өте Мөртөбедегі жиында тоқайласатын Үш ұлыстың әрқайсысының орны бөлек, әрқайсысы өзінше ыстық-ты.

Алақандай Сайрам **Ұлы жүз** тобы келгенде кәрі-жасы айғынан тік тұрып, әкесін күткендей елпек қағар-ды, **Орта жүз** тобы келгенде ағасының алдынан шыққандай құрақ ұшар-ды; **Кіші жүз** тобы келгенде қиырдан қикар, ерке інісі келгендей мөз-мейрам болар-ды” – деп, Үш жүз халқының қалыптасу уәжін, өзіндік болмысы мен ерекшелігін осылайша баяндайды.

[Кекілбаев Ә. Үркер. Роман. Алматы: Жазушы, 1981. 59-б.]

*Ж. Ақбаев: “Қазақтар үш ордадан немесе үш жүзден тұрады, олар: **Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүз.**

Ұлы ордаға енетіндер: 1) **Үйсіндер** – *Сарыүйсін, Дулат (Албан және Суан), Шапырашты, Ошақты, Ысты және Сіргелі*; 2) **Жалайыр**; 3) **Қаңлы**; 4) **Шанышқылы**.

Орта ордаға енетіндер: 1) *Аргын*; 2) *Тарақты*; 3) *Қыпшақ*; 4) *Найман*; 5) *Қоңырат*; 6) *Керей*; 7) *Уақ*.

Кіші ордаға (жүзге) *Алшындар* кіреді. Олар үш топтан тұрады: 1) **Байұлы** – *Шеркес, Беріш, Алтын, Адай, Жаппас, Есентемір, Таз, Байбақты, Тана, Масқар, Алаша, Қызылқұрт және Ысық*; 2) **Қаракесек** – *Шөмекей (немесе Шөмен), Кете, Қаракесек, Қаратамыр, Шекті, Төртқара, Шобан*; 3) **Жетіру** – *Тама, Табын, Жағалбайлы, Рамадан, Төлеу, Кердері және Керейіт*”, – дей келіп, қазақ тайпаларының ішінде түрік тегінен де, моңғол тегінен де шыққандары бар деп ескертеді.

[Құл-Мұхаммед М. Алаш ардагері – Жақып Ақбаев. Алматы, 1994. 159-б.]

Үш жүз: үш аймақ (триумвират) түрінде бірлескен Үш жүзден пайда болған мемлекет “**Қазақия**” деп те аталған.

Қазақтардың біртұтас елге айналып, дербестікке ие болуы Тәуке ханның көзі тірісінде басталып, ол қайтыс болғаннан кейін Үш жүздің бірлесіп құрған мемлекеті – Қазақия тұсында аяқталды. **Қазақия** – **Үш жүздің** басын қосып, біріктірген триумвират (яғни өкіметті үш тайпаның бірлесіп басқару жүйесі). Олар өзара саяси-экономикалық келісімдер жасап, өзара елшілер жіберіп, сауда-саттық

жасасқан халықаралық субъект құқығына ие болды... Олардың арасында құда-андалық, жапсарлас жатқан жерді тиімді пайдаланып отыратын, көшіп-қону мәселелерін реттеп отыратын, бейне бір мемлекет ішіндегі мемлекет тәрзіді жүйе, өзіндік ұлттық қарым-қатынас қалыптасты.

Өзбек ұлысы (Қазақстанның батыс жартысы) өз алдына бөлініп шығып, дербестік алды.

Жаңа Қазақ хандығы XV ғасырдың 30–50-жылдарында, Өзбек ұлысында орын алған саяси дағдарыстың тұсында қалыптасты. Дағдарысқа наразы халықтың бір бөлігі Моғолстанға қарай жарыла көшті. Өйткені Өзбек ұлысының ханы Әбілхайыр халықты қажытып, діңкелетті. Соғыс ел шаруашылығын күйзелтті. Осыған байланысты Жәнібек пен Керей сұлтандар Әбілхайырға қарсы шығып, Өзбек ұлысын екіге бөліп алып, билей бастады. Алайда олар бұл билікке 1468 (тышқан) жылы Әбілхайыр ханның жорықта жүріп қайтыс болғанынан кейін, оның мұрагерлерін түгел жеңгеннен кейін ғана қолы жеткен болатын. Міне, осы екі жыл (1471–1472 жж.) алғашқы Қазақ мемлекетінің құрылу мерзімі болып саналады...

Қазақ хандығының бір ортаға бағынып, өкімет билігінің, заңның, шекараның анықталуы 1471–1718 жж. аралығына жатады. Хан билігіне, Алтын Орда дәуіріндегідей, мұрагерлік жолмен емес, ұлы хан да, одан төменгі хандар да өзі билік ететін аумақтарға “хан көтеру” дәстүрі бойынша сайланды. Сөйтіп, сайын даланы жайлаған көшпелілердің тыныс-тіршілігі ендігі жерде бір заң талаптарына сәйкес реттеліп отыратын болды. Ол заңдар өз заманының конституциясы сипатына ие болды. “Қасым хан салған қасқа жол”, “Есім хан салған ескі жол”, Тәуке ханның “Жеті жарғысы” міне, осылар алғашқы Қазақ мемлекетін басқарудың, “Жер дауы”, “Жесір дауы”, “Құн дауы” сияқты дауларды шешудің бірден-бір негізі болып саналды...

[Егемен Қазақстан. 19 қыркүйек 1996]

Үш жүз туралы өз тұжырымын Ақселеу Сейдімбек былайша баяндайды:

“Прежде чем говорить о *трех жузах*, ставших структурными компонентами казахской нации, обратимся прежде к хозяйственно-культурному типу и образу жизни, а также к географическому ландшафту, которые способствовали реализации этой уникальной системы. Облик Казахской степи, его природно-географические условия разделялись на три хозяйственно-культурных района (К. Акишев) — это: 1. Западный и Центральный Казахстан, его просторные равнины; 2. Восточный Казахстан и юго-восточный район, Еренкабырга (Тянь-Шань и Алтайский край); 3. Южный Казахстан, реки Сыр-Дарья, Шу, Талас, Арыс и их окрестности. Эти природные зоны Казахстана, обу-

словившие возникновение трех хозяйственных районов, впоследствии оказали прямое влияние на административно-территориальное разделение при строгом соблюдении принципов централизованной власти. Три составные части казахской земли первоначально определялись по движению солнца и назывались “запад, восток и средний народ”. Позднее кочевники стали обозначать свою территорию пятицветным колором: *Восток* – синим, *Запад* – белым, *Север* – черным, *Юг* – красным цветом, а *Центр* получил желтую окраску. Таким образом, единое государство стали образно различать по цветовой гамме. Гуннов, отправившихся на Запад, стали называть **Белыми гунами**, тюрок, оставшихся на Востоке – **Синими тюрками** (Синяя Орда), Западное ханство – *Белая Орда*, Среднее ханство – *Желтая Орда* (Сары Орда). Эти названия были даны в соответствии с прочно установившейся традицией, перешедшей и к казахскому ханству. В связи с различением трех частей бескрайней Степи по культурно-хозяйственному признаку его внутренние структурные части стали называть **Ұлы жүз** – Старший жүз, **Орта жүз** – Средний жүз, **Кіші жүз** – Младший жүз, то есть, сработала триединая структура государства, определенная характером степной цивилизации кочевников... Казахи называли племена, обитающие на Востоке, где начинается путь светила, **Старшим жузом**, племена, живущие по середине солнечного пути, **Средним жузом**, а племена, населяющие Запад, **Младшим жузом**”.

[Сейдімбек А. Мир казахов. Этнокультурологическое переосмысление. Алматы: Рауан, 2001. 125–126, 127-66.]

Үш жүздің саяси бірлік ретінде ресми бас қосуы да – тарихи елеулі оқиға. Бұл оқиға Қасым ханның шақыруымен өткен бүкіл казактын Бірінші құрылтай съезінде жүзеге асады. Белгілі заңгер Жакып Ақбаев өз еңбегінде: “Бірінші Қазак құрылтай съезіне үш аймақтық топтан 300 депутат – *Үш жүз*//*Дүз* (немесе *үшжүздік*) депутаты жиналды. Шағатай ұрпақтары ұлысынан – 100 делегат, Өзбек ұлысынан – 100 және Ноғайлы ұлысынан – 100 делегат жиналды, – дей келіп, автор: – Осы съезде “Қазақ” деген атаумен біртұтас халықтың және “*Үш жүздің балалары*” – үш бірліктің саяси одағының құрамы бекітілді...”.

Үш бірліктен тұратын қазақ халқы мен **Үш жүз** саяси одағының құрылу құрметіне барлық Үш жүздегі жасы үлкені ретінде *бірінші* (Моғолстан) топтың депутаты, Жалайыр руының делегаты қолын алға созып, алақанын жайып тұрып салтанатты түрде “Бата” жасаған; *екінші*, Өзбекстан тобының тарақтылық делегаты мандайында ай сияқты қасқасы бар көк атты қылынан есілген ноктасынан ұстап тұрған, ал *үшінші*, Ноғайлы тобының Әлімұлы делегаты жығылған көк аттың басын көтеріп тұрып, оның мойнын Айға қарай бұрып, бауыздаған да, қанын “Астау” деген бір ыдысқа ағызған.

Қазақтың үш бірліктен тұратын саяси одағы – *Үш жүздің* құрметіне тұңғыш рет бүкіл халық болып салтанатты түрде ант бергеннен кейін Қасым хан мен үш Ноқта ағасы бастаған барлық депутаттар тас-түйін бекінген күйде Астау жанына келіп, үлкен саусақтарын, ... дұрысырақ айтқанда, бас бармақтарының^{*} ұшын қанға малып, “*Бата бұзған қанға батсын (боялсын)!”, “Антты бұзушылар қанға тұншықсын (бөксін)!”* – деп ант беріскен”, – деп көрсетеді автор.

Ол одан әрі үш бірліктің тұтастығы, татулығы үшін берілген ант дәстүрін түсіндіре келіп, Үш жүздің ноқта ағалары мен беделді тайпаларға да арнайы тоқталады.

Ол: “Бұл үш ру – *Жалайыр, Тарақтылар* мен *Әлімұлылар* жалпы ешқандай артықшылықты пайдаланбаған, қайта, керісінше, өз топтарында екінші қатарда болып келген.

Бірінші топтың (Ұлы жүздің. – Ә. Қ.) өмірінде *Дулаттар*, әсіресе *Қаңлылар* көрнекті рөл атқарған, батырлар, қолбасшылар мен саяси жетекшілер солардың арасынан көп шыққан. Айтпақшы, Түркияда – басым көпшілігінің шыққан тегі – *Қанлылар*; жапондардың да *Қанлылар* болуы ықтимал”.

“Орта жүзде *Арғындар* мен *Наймандар* көрнекті рөл атқарған”.

“Кіші ордада – жүзде *Алшындар* арасында *Байұлылықтар* бірінші орында болды, басқаларынан бұрын “*қазақ*” деген атпен атты әскер отрядтары мен әскер шығарған атақты шеркестер солардың құрамына кіреді”, – деп көрсетеді автор.

Бұл деректер Мұхтар Құл-Мұхаммедтің “Алаш ардагері – Жақып Ақбаев” атты еңбегінен (Алматы: Жеті жарғы, 1996. 172–174-бб.) келтірілген Ж. Ақбаевтың “Қазақ халқының шығу тегі туралы тақырыптағы баяндамасы” бойынша беріліп отыр.

*Ә. Қоңыратбаевтың пікірі бойынша: “Сонымен құла-дала қазақ жері шығыстан батысқа қарай үш аймаққа (немесе бөлікке) бөлінеді.

Бірінші бөлік: *Ұлы жүз* (дала) – *Үйсін даласы*. Ол Жетісу жері: Шығысы – Қаратал өзені, батысы – Шу мен Қаратау, Балқаш өңірі. Бұған Қаратаудың Шыршық, Ангрен, Сыр, Арал өңіріне созылған *Қаңлы даласы* қосылды.

Бұл даланы ежелден *Үйсін* мен *Қаңлы* мекендеген. Олар көне *Ғұнның* тұстасы. Кейін бұл өңірге Шығыстан *Жалайыр* тайпасы келіп қоныстанды. Осы үш үлкен тайпаның негізінде *Ұлы жүз* (*Үлкен Орда*) құрылды. Ұлығы *Жалайыр* елі болды. Ұлы жүздің таңбасы – “*Жалау*”

* Қазақ салтында барлық шарт, мәміле жасау, ант беру, уәделесу міндетті түрде бас бармақ (қысу, ұстау, басу, қанға матыру) арқылы жасалған.

[] (ту), ұраны – “*Бақтияр*”. Бұлар бұрыннан келе жатқан Үйсіннің таңбасы мен ұраны болатын”, – деп көрсетеді шежіреші.

Екінші бөлік *Орта жүз* (дала) – *Қыпшақ даласы*. Кейін ол “*Оғыз-Қыпшақ*”, “Дешті Қыпшақ” атанды. Ол Шыңғыс тауынан Торғайға дейін созылды. Немесе Қаратал өзенінің оң жағы, Сырдарияның орта ағысы, Балқаштың солтүстігі, Алтай мен Сарыарқа өңірі. Бұл аймақтар ескі Ғұннан тараған *Оғыз Үйсін* мен *Қаңлыдан* көп кейін пайда болған. Бұл үшеуінің ұрпақтары – *Найман, Керей, Уақ, Қыпшақ, Арғын* тайпалары. Бұларға кейін монғол ішінен шыққан *Қоңырат* елі қосылды. Қоңыраттар монғол жерінде тұрғанда *Найман, Керей, Уақтармен* көршілес болған еді.

Осы алты тайпаның негізінде *Орта жүз* (*Орта Орда*) қалыптасады. Олардың ішінде (жүздің) ұлығы болып *Арғын* белгіленді. Ұраны – “*Ақжол*”, таңбасы – [OO] “*Көзтаңба*” болды. Бұлар бұрыннан-ақ *Арғынға* тән болатын”, – деп көрсетеді.

Үшінші бөлік *Кіші жүз* (шектегі дала) – *Алшын даласы*. Ол Сырдың төменгі ағысы, Арал теңізі мен Еділ, Жайық өзендерінің бойы. Бұл даланы негізінен Шыңғыс хан заманынан бұрын шығыстан батысқа қарай *Қыпшақ-Қаңлыға* қосылып, үдере көшіп келген *Алшын* тайпасы жайлады, олардың түбі – *Қарақырғыз*.

Алшындарға жергілікті жерде өмір сүріп келген *Адай, Кете, Кердері, Шөмекей, Беріш* деген рулар қосылды. Шыңғыс хан шапқыншылығы кезінде Керейдің бір тармағы ауып барып, “*Керейіт*” деген атпен *Алшынға* бірікті.

Бұл бөліктің (Орданың) ұлығы болып *Алшын* белгіленді. Себебі олар сан жағынан өзгелерден көп басым еді. Ұраны – “*Арғымақ*”, таңбасы – [7] “*найза*” болды. “*Арғымақ*” – Алшынның биі – Алау батырдың лақап аты. *Алшын* одағы “*Байұлы*”, “*Әлімұлы*” және “*Жетіру*” деген тармақтардан тұрады”, – деп көрсетеді шежіреші.

[Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. Ташкент, 1994. 128–129-бб.]

* *Жүз* – қазақ болып қалыптасудан бұрын, *Дешті Қыпшақ* дәуірінде құрылған аймақтық одақ. Оған біріккен тайпалардың бәрі бірдей бір атадан емес. *Жүз* – көне түркі тіліндегі “*Дүз*” (дала) деген сөзден шыққан. Қазақта “*құла дүз*” деген сөз бар. Ол “*құла дала*” деген мағынада. Бір деректе “*жүз*” араб тілінде “*бөлік*” дегенді аңғартады дейді. Қайткенде де “*Жүз*” жүз-жүзден құралған әскерлерден шықты дегенге қарағанда аймақтық ұғым – “*Дүз*” (дала) деген сөз қолайлы сияқты. “*Жүз*” – ойрат тілінде “*біртұтас нәрсенің бөлігі*” деген ұғымда.

“*Жүзді Жошы* заманында Үйсін Майқы би бөлген” деген пікір шындыққа жақын. Себебі, сол кездегі тайпалық ұлыстарды басқарған

билердің ішіндегі атақ-абыройы мен лауазымы жоғарысы Майқы би еді...” дей келе шежіреші: “Жүзге (аймаққа) бөлу ондағы тайпалардың ежелден келе жатқан жер жатысының, өмір-тіршілігінің, дәстүрінің сыбайластығына қарай жүргізілген. Сонымен қатар Майқы би әр жүзге ұран мен таңба және олардың Ноқта ағасын белгілеп берген. Ұран мен таңба Жүздер ішіндегі тайпалар мен руларды біріктіріп, олардың одағын нығайтуға бағытталды... *Ұлы жүзге* және бүкіл қазақ тайпасына ұлық (Ноқта аға) етіп *Жалайырды*, *Орта жүзге* – *Арғынды*, *Кіші жүзге* – *Алшынды* белгілейді” деп көрсетеді.

[Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. Ташкент, 1994. 126–127-бб.]

*Көп шежірелерде үш жүзді, бір-біріне тікелей туыстығы жоқ тайпаларды Әбілхайыр немесе *Қазақ* деген адамнан туған *Ақарыс*, *Жанарыс*, *Бекарыс* деген ағайынды кісілерден тарата салған. Мысалы, проф. Ә. Қоңыратбаев: “Қазақ арасындағы үш арыс, үш жүз атаулары нақты зерттелмеген. Үш арыс – *Ақарыс*, *Жанарыс*, *Бекарыс* Х ғасырдан қалған атау, ал Үш жүз Тәуке хан дәуірінен кейін пайда болған”, – деп көрсетеді. Бірақ, – деп ескертеді шежіреші, – “Джужы или орды имеют, по-нашему, более древнее происхождение и относятся к времени Батыея” (қар. *Тынышбаев М.* Великие бедствия. С. 76) деген де пікір бар.

[Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. Ташкент, 1994. 129–130-бб.]

“*Үш жүз*”, “*жүз*” туралы арнайы ғылыми зерттеулердің бірі – М. С. Мұқановтың еңбегінде де біршама сөз болады: “Первое упоминание о казахских жузах мы находим в донесении М. Тевкелева, побывавшего в казахской степи в 1731 г. “Киргиз-кайсацкая орда, – пишет он, – состоит в трех частях, а именно: Улуюз, Ортаюз, Кичиюз (Большая, Средняя и Малая орда)”. В 1834 г. начальник Оренбургской экспедиции И. Кириллов доносил императрице Анне Иоанновне: “Та Орда разделяется на три орды. Первая называется Большая... Вторая – Средняя орда... А третья – Меньшая орда...”.

“Столь позднее упоминание о разделении казахского общества на три жуза в архивных документах объясняется, по-видимому, особенностями экономического и политического его развития на протяжении XVI–XVII веков: феодальная раздробленность, господство патриархально-феодалных отношений, нескончаемые междоусобицы и борьба с внешним врагом характеризуют этот период. Централизованного государства в силу слабого развития производительных сил общества на территории Казахстана не было. Управление в ханствах осуществлялось через патриархально-феодалные институты. Законодательная и управленческая деятельность не фиксировалась документально, а оставалась устным каноном степного обычного права.

Даже “*Жеті Жарғы*” — первая в казахском обществе кодификация существовавших правовых норм (начало XVIII в.), известная в русских источниках как “Законы хана Тауке”, — передавалась устно из поколения в поколение и не дошла до нас в полном объеме. Подобное положение наблюдается и в вопросе о происхождении и времени появления казахских жузов. Из поколения в поколение передавались предания, большей частью легендарного характера, о делении казахов на три сотни при Алаше-хане, Котане и т. д.”.

[*Муканов М. С. Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза. Алма-Ата, 1974. С. 25–26*]

Үш жүзге тән ру-тайпалардың құрамы, тегі, табиғаты қандай?

“**Қазақ**” феноменінің өте күрделі құбылыс екендігін біз оның Үш жүзге бөлінетін және оның сыртында топтасқан екі жүзден астам үлкенді-кішілі ру-тайпалар мен этностық, әлеуметтік топтардың келіп шығу, қалыптасу тарихынан айқын көреміз.

Қазақ халқының этностық негізін құраушы ар жағын Алаштан тартып, Үш жүздік одақпен шектелген көптеген ру-тайпалардың басқа ұлттардай емес, қазақтарда күні бүгінге дейін сақталып, өзіне тән этностық ерекшеліктерімен ғана емес, сонымен қатар әрқайсысының пайда болу жолы, қалыптасу тарихы, тереңде жатқан тамырымен этнолог, тарихшы, жалпы зиялы қауымның назарын көптен бері өзіне аударып келеді. Бірақ қазақ ру-тайпаларының табиғаты түгел айқындалды деп айта алмаймыз. Оның көптеген себептерінің бірі — бұл құбылысты ынталы мамандардың кесенелі де келелі проблема етіп алып, арнайы зерттеуі осы күнге дейін бола қойған жоқ. Өйткені кешегі идеологиямыз қазақтың өзін-өзі білуі, өз тегін танып, ғылыми негізде таратуы — өте қауіпті әрекет, ол оның іштей бөлініп, бөлшектенуіне әкеліп соғады, бірлігін, тұтастығын жояды деп қорытты. Тіпті саналы, сауатты қазақтың өзі өзін “Мен қазақпын, менің руым — *Арғын, Найман, Үйсін, Алышын*” т. т. деп айтудан сескенді ме, намыстанды ма, қорықты ма, әйтеуір, айтпайтын болды. Жас ұрпақ өз ру-тайпасы тұрмақ қазақ екенін де, ол қазақтың қандай халық екенін де ұмыта бастаған, мөңгүрттене бастаған сорақылығымызды несін жасырамыз.

Қазақ жастары (әсіресе олар қалада өсіп, орысша оқып, орыс мәдениетінің дәмін татқан жастардан көбірек шығады) қағынан жеріген құландай, өз халқына теріс көзбен қарағанда ең болмаса сол халықтың болмысы мен бойындағы жақсы-жаман қасиетін біліп барып, құндылықтары мен құнсыздықтарын бағалап, парқын айырып барып қараса бір жөн.

Ол жоқ бізде. Тегін білу — тектілікке емес, тексіздікке баланды, бұл бір білуге болмайтын “құпия сырға”, жүзге, руға, жерлестікке апаратын жаман әдетке айналды. Ал, осылайша тыйым салудан бұл әдет тоқтады ма? Жоқ, тоқтаған жоқ және тоқтамайды да. Өйткені, білмеген нәрсеге әуестік, оны бұрмалаушылық, түсінбеушілік әдетте күшті болады. Ал, бүгінде біртұтас халық болып, ұлттық қасиетіміз қалыптаса бастаған тарихи кезеңде қазақтың этностық негізін құраған сан алуан рулар мен тайпалар, басқа да этностық топтар тек біздің өткен тарихымыз ғана. Оны білу керек әрине, бірақ бүгінгі өмір тұрғысынан қарағанда ол — анахронизм тәрізді құбылыс. 200-ден астам қазақ ру-тайпалары әр кезде, әр тектен келіп қалыптасып, ұзақ тарихи, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, діни, тілдік, географиялық, саяси, т. б. даму факторлары негізінде ұйысып, біртұтас қазақ халқын құрап отыр.

Менің ойым: алдымен кімнің кім екенін біліп алған жөн. Әр саладан сараланып келіп, бір арнада тоғысқан дәйекті де дәйексіз деректер мен сан алуан мағлұматтар **Қазақ** халқының этностық, генетикалық, тарихи негізін құраушы көптеген (бірде-бір басқа түркі халқында бұл жоқ!) ру-тайпалардың табиғатымен таныстырып, әрқилы сыр шертеді.

Бұлардың баршасы “Қазақ қандай халық?” деген кешенді бір сауалдың ауқымынан туындаған әртүрлі сауалдарға берілген жауап іспетті. Қазақ ру-тайпаларына қатысты айтылып, жазылып жатқан ой-пікірлер өте көп. Олардың біразы бір-бірін қайталап жатса, енді біразы — өзара үйлесімді, не өзара кереғар, бір-бірін жоққа шығарып жататындар.

Бірақ қалай болғанда да, қазақ ру-тайпалары туралы зерттеулер мен шежірелерде жалпы түрде болса да, белгілі бір арнаның, бағыт-бағдардың, дәстүрдің қалыптасып қалғанын мойындаған жөн. Сондықтан да, біз әрбір Жүздің құрамына енетін ру-тайпалардың табиғатын анықтау үшін әр бұлақтан жинақталып, салыстырылып берілген деректерді ең алдымен *Үш жүзге* бөліп, әрқайсысының құрамдық бөлшегі саналатын негізгі ру-тайпаларды бұл проблеманы көптен бері зерттеп жүрген белгілі тарихшы-ғалым Халел Арғынбаевтың ұсынған үлгісі бойынша беріп отырмыз.

[*Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В.* Қазақ шежіресі хақында. Алматы: Атамұра, 2000. 17–21-бб.]

Қазақ халқының халық болып қалыптасуына байланысты этногенетикалық тарихының өзекті де күрделі мәселелерінің біріне *Үш жүзге* топтасқан сан алуан ру-тайпаларының келіп шығу тарихы, төркіні, құрамы мен оның қашан, қалай қалыптасқандығы жатады.

Бұл — қазақ халқының бітім-болмысын, табиғатын танып-білу, оның этностық тарихын білумен астарлас, бір-біріне байланысты деген сөз.

Бұл саладағы ең басты мәселенің бірі — *Үш жүз* төңірегінде шоғырланған этностық топтардың толық санын анықтап, “*ру*” және “*тайпа*” деңгейін айқындау. Өйткені қазақ ру-тайпаларының жалпы саны шежірелер мен тарихи бұлақтарда 40 пен 200 арасында келіп, өсіп отырады. Оның бір себебі “*аталық*”, “*ру*”, “*ру бірлестігі*”, “*тайпа*”, “*тайпа бірлестігі*” деген “*этностық статус*” шежірелер мен аңыз-әңгіме, зерттеулерде әрқашан сақтала бермейді. Ал, бұл ылғи дамып, уақыт өткен сайын өсіп-өніп, ата руға, ру тайпаға ауысып, тайпалар тайпа бірлестігіне айналып, өзгеріп отыратын құбылыс. Осы тұлғадан алып қарағанда бүгінгі таңда қазақтың этностық құрамында “*ру*” деген ұғымның өзі жоқ та, тек көне аты сақталған. Бір атаның балалары өсіп-өніп, тайпаға айналады, бірақ ол тайпа ғасырлар бойы сол тайпа күйінде қала бермейді. Ол тайпа бірлестігіне айналып, жеке-дара халық болып қалыптасудың алдыңғы сатысында ұзақ уақытқа қалып қояды. Ал, оның халық болып қалыптасуы тек оған қажетті тарихи, саяси-экономикалық, билік-әкімшілік мүмкіншіліктің, қолайлы жағдайдың, не қажеттіліктің пайда болуына байланысты. Мысалы, Қазақ хандығының қалыптасуына (XV—XVI ғғ.) себеп болған факторлардың бірін Үш жүз тобын құрайтын ру-тайпалардың басым көпшілігінің сол хандықтың аумағында болуы деп қарауға болады.

Сан алуан ру-тайпалардың негізінде қазақ халқының алғаш біртұтас халық болып қалыптасып, дербес мемлекет (хандық) құруының тағы бір себебі — сол “*қырық құрау*” ру-тайпалардың біртұтас табиғи-географиялық кеңістікте, ортақ тіл, дін, салт-дәстүр, күнкөріс тәсілі негізінде дүниеге келсе, ол ортақтық пен ұқсастық тек олардың ұзақ тарихи даму барысында қоян-қолтық бірге өсіп-өнуіне тікелей байланысты болды.

Қазақ ру-тайпалары жөнінде айтылып, жазылып жүрген пікір-тұжырымдар мен дерек-мағлұматтар баршылық. Бірақ шын мәнісіндегі қазақ халқының этностық, генеалогиялық тарихы жазылды деп айтуға болмайтын сияқты. Ал, шежіре, аңыз-әңгіме деректеріне сүйеніп айтылып, жазылып жүрген дүниелеріміздің көптеген көзге көрініп тұрған, логикалық ой-санамызға сыймайтын кемшіліктері де аз емес.

Біз солардың бір-екеуін ғана атап өтейік. Ол — шежіре деректердегі анахронизм. Уақыт жағынан реттелмеген, бас-аяғы араласып, атты шананың алдына емес, артына жегу сияқты өрескел кемшіліктерді жиі кездестіруге болады. Мәселен, біздің жыл санауымыздан бұрынғы дәуірде өз алдына мемлекет құрып, дәурендеген *Үйсін, Қаңлы, Қытшақ, Арғын*, т. б. көне тайпаларды адам бейнесінде қабылдап, оларды та-

рихы белгілі ата-бабаларымыздың кіндігінен тарату үрдісі кең өріс алғандығын айтуға болады.

Бір мысал, Ұлы жүз Бәйдібек әулетінен тараған ұрпақ туралы бір шежіреде: “Шежіре деректемесі бойынша, *Бәйдібек* – Қазақ елінің негізін құраған ұлы бірлестіктің бірі – *Үйсіннің* екінші ұлы Ақсақалдың (*Абақ*) немересі, Қараша бидің үлкен ұлы (Қарашадан Бәйдібек, Байұлы есімді екі ұл болған)... Бәйдібектің алғаш үйленген үлкен әйелі – Сарыбәйбіше... екінші әйелі – Зеріп...” деп баяндалады.

[*Тұрысов Е. Бәйдібек. Шымкент: Әлия, 1992. 3–4-бб.*]

Сонда, *Үйсін* тарихта белгілі тұлға – *Бәйдібектің* үлкен әкесі (атасы) болғаны ғой. Ал, осы еңбектің өзінде: “...*Бәйдібек Қарашаұлы...* XI–XII ғасырлар тұлғасында Шығыс Қаратау өлкесінде өмір сүріп, осында жон жайлауда, қазіргі Алғабас ауданы “Ақтас” жылқы зауытының жерінде дүниеден өткен”, – деген мәлімет тағы бар.

Енді осы мәліметті *Үйсін* туралы сақталған көптеген тарихи деректермен, атап айтқанда, 25 ғасыр бұрын өз алдына мемлекет құрған *Үйсін* тайпасымен салыстырып қарағанда, бұл екі тұлғаның (бірі – *Үйсін* тайпасы да, екіншісі – *Үйсін* тайпасынан шыққан тарихи тұлға – Бәйдібек) арасында жер мен көктей алшақтық жатқанын қалай аңғармауға болады?

Оның үстіне *Үйсін* – тарихта көне тайпа атауы, бірақ бұл атау кісі есімі ме, жоқ әлде басқа бір табиғи құбылысқа, не әлеуметтік, т. б. жағдайға байланысты берілген атау ма, ол жағы бізге беймәлім. Оған төмендегідей деректермен танысып шыққаннан кейін қайтып оралайық.

ҰЛЫ ЖҮЗ

“*Ұлы жүз* – қазақ халқының этностық құрамына енген рулар мен тайпалардың саяси, экономикалық және мәдени бірлестігі. Жері жапсарлас, әдет-ғұрпы, тірлігі ұқсас әрі тұстас Жетісу тайпаларының бір бірлестігінің қалыптасуы ондаған жылдарға созылды...”

Жетісудағы Моғолстан мемлекетінің жойылуы және Жетісудағы Қазақ хандығының құрылуы *Ұлы жүз* бірлестігінің қалыптасуын тездетті. Жетісудағы *Ұлы жүздің* қалыптасуы XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың басында аяқталды. Сол тұстарда Қазақ хандығының негізін құраған *Ұлы жүзге* қазақ жеріндегі қилы-қилы тарихи кезеңдерден өткен *Жалайыр, Қаңлы, Албан, Суан, Дулат, Шапырашты, Сіргелі, Шанышқылы, Ысты, Ошақты, Сарыүйсін, Қатаған* тайпалары енді...

XVII ғасырда *Ұлы жүз* өзге қазақ жүздері (*Орта жүз, Кіші жүз*) сияқты жеке хандық болып саналды... *Үш жүз* бірлестігінің арасында саяси және экономикалық берік байланыс орнамады. Оның жерінде

көптеген тарихи оқиғалар болғандығы, хандықтар құрылып, басқару жүйесінің өзгеріп отырғандығы баяндалды.

[ҚСЭ. 11-т. Алматы, 1977. 373–374-бб.]

* “**Ұлы жүз** — қазақ халқының құрамына енген бір топ ру-тайпанын басын құраушы этностық одақтың үлкені болып саналады. Ұлы жүз құрамына: *Жалайыр, Албан, Суан, Қаңлы және Үйсін* рулары енеді. Олардың әрқайсысы өз алдына бірнеше ру тармақтарына, таптарға, аталарға бөлінеді. Ұлы жүздің өз алдына ұраны мен таңбасы жоқ. Соған қарағанда үш жүздің үшеуі де рулардың басын біріктіріп, қосып тұратын, сол рулардың өздерінен әлдеқайда кейін пайда болған этногеографиялық бірлестік болып саналады. Ұлы жүзге жататын рулар уәкілдерін Орта жүз және Кіші жүз руларының үлкен санау, аға тұтып, сый-күрмет білдіру әдеттері әлі күнге дейін сақталып келеді”, — деп баяндалады шежіренің бірінде.

Ұлы жүзге енетін ру-тайпалар және олардың құрамы

“**Үш жүз**” жалпы қазақ халқының этностық құрамына енетін ру-тайпаларды үш топқа ұйыстырып, басын қосушы үш одақ болғанымен, оларға енген ру-тайпалар саны, сапасы (деңгейі), шығу тегі, хронологиясы жағынан бірдей емес: олардың біреуі бұрын, екіншісі кейін пайда болған; кейбіреуі тек бір жүз құрамында ғана кездессе, енді біреулері екеуінде, не үшеуінде де қайталануы байқалады.

Сондықтан да болу керек, шежірешілер мен зерттеушілер үш жүздің құрамына енген ру-тайпалардың құрамын әртүрлі етіп көрсетеді. Мәселен, Үш жүздің тарихын зерттеген С. Аманжолов **Ұлы жүз** құрамында 23 ру-тайпа бар деп көрсетеді. Ол Ұлы жүз ру-тайпаларына мына 23 этностық топты жатқызыпты:

- | | |
|---------------|-------------------|
| 1. Қаңлы; | 12. Жалайыр; |
| 2. Үйсін; | 13. Бестамғалы; |
| 3. Сарыүйсін; | 14. Чымыр; |
| 4. Дулат; | 15. Чинхожа; |
| 5. Чанышқылы; | 16. Құралас; |
| 6. Ысты; | 17. Суан; |
| 7. Тілік; | 18. Абдан//Албан; |
| 8. Сыйқым; | 19. Ботпай; |
| 9. Жаныс; | 20. Самбет; |
| 10. Ошақты; | 21. Тулатай; |
| 11. Бекболат; | 22. Сіргелі; |
| | 23. Чибиль. |

[Аманжолов С. А. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959. С. 9]

“Ұлы жүз құрамына енген тайпаларды халықтың өзі “Ұлы жүз – Үйсін” деп атап берген, оның құрамына: *жалайыр, албан, суан, дулат, сарыүйсін, сіргелі, ысты, ошақты, шапырашты, шанышқылы және қаңлы* тайпалары енеді”, – деп көрсетеді автор.

[Аргынбаев Х. Ұлы жүздің шежіресі // Қазақ шежіресі хақында. Алматы: Атамұра, 2000. 17–18-бб.]

“XIX ғасырдағы орыс ғалымы Н. Аристовтың (Ұлы жүз Ботбай руынан шыққан шежіреші Диканбайдан жазып алған) шежірелік деректері бойынша: “Ұлы жүз қазақтарының атасы – Майқы би. *Майқыдан: Қаңлы, Бақтияр, Қырық жүз, Мың жүз; Бақтиярдан – Үйсін мен Ойсыл. Үйсіннен – Ақсақал (Абак), Жансақал (Тарақ); Абақтан – Қараша, Қарашадан – Бәйдібек, одан – Албан, Дулат, Суан, Шапырашты, Сарыүйсін, Ошақты, Ысты тайпалары тарайды...*”, – делінеді.

[Қазақтың көне тарихы. Алматы: Жалын, 1993. 62-б.]

Кейбір деректерде: “Ұлы жүзге алдымен ірі-ірі үш тайпа бірігеді. Олар: 1) *Үйсін* (дұрысы – *Үйсіл, Албан, Суан, Дулат, Сарыүйсін*); 2) *Қаңлы*; 3) *Жалайыр*. Кейін *Үйсінге (Үйсілге) Шапырашты, Ошақты, Ысты және Сіргелі, Қаңлы, Шанышқылы* қосылды”, – деп көрсетіледі.

[Тынышбаев М. Түркі-монғол тарихы // Қазақ әдебиеті. 13 наурыз 1991]

Ұлы жүз және Ұлы Йүзілер

“Ұлы жүз” туралы пікірлер де бірыңғай емес. “Ұлы жүз” атауы мен тарихта кездесетін “Ұлы Йүзілер” атауын “бір ұғым” деп те, “өр басқа тайпа атауы” деп те қараушылар бар. Мысалдар:

“Ғұндардың үдете, ұдайы жасаған шабуылынан үріккен *Ұлы Йүзілер* бұрынғы мекенін тастап, Іле өзенінің алқабына қоныс аударады. Бұл *Сақ* тайпаларының мекені еді. “...*Үйсіндер* Ғұндардың көмегімен *Ұлы Йүзілерге* шабуыл жасап, оларды батысқа қарай ығыстырып жіберді де, Іле өзені алқабы мен Ыстықкөл алқабындағы құнарлы қонысқа келіп орнықты. Ұлы Йүзілердің көшіп кете алмағандары осы өңірде қалып, үйсіндерге қосылды”, т. т.

[Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. Ташкент, 1994. 36-б.]

Ұлы жүз құрамына енетін негізгі де белді тайпалар қатарында көбінесе мына тайпалар аталады:

- | | | |
|-----------|-----------|---------------|
| 1. Қаңлы; | 4. Суан; | 7. Сіргелі; |
| 2. Үйсін; | 5. Дулат; | 8. Ошақты; |
| 3. Албан; | 6. Жаныс; | 9. Сарыүйсін; |

10. Шапырашты; 12. Қатаған; 14. Жалайыр, т. б.
11. Шанышқылы; 13. Ысты;

ҚАҢЛЫ

Қаңлы – Ұлы жүз құрамына енетін көне де ірі тайпа бірлестігінің бірі. **“Қаңлыға”** байланысты қазақ шежірелері мен тарихи деректерде көптен бері тұрақтанған ұғым бойынша ол – **қазақ** халқының қалыптасуына этностық негіз болған және өзінің даму үрдісін бүгін де жалғастырып келе жатқан көне түркі тайпаларының (не тайпа бірлестіктерінің) бірі.

Бұл – негізінен барша ресми тарихи бұлақтарда қалыптасқан, шындыққа сәйкес анықтама. Алайда, әдебиеттерде осы анықтаманы қолдай отыра, кейде оған беріліп жүрген өзгеше сипаттамалар және тіпті, кереғар пікір-тұжырымдар да баршылық.

Сондықтан да, біз **қаңлы** туралы жарияланған анықтама-сипаттамалар мен пікір-тұжырымдардың баршасын болмаса да, біразын талдап-таратып жатпай-ақ, санамалап көрсетуді мақұл көрдік. Бірақ одан бұрын **қаңлы** тайпасына байланысты тек **“қаңлы”** деген бір-ақ қана атау емес, сол атаудың тұлғасы өзгеріп, пайда болған 40-тан астам вариантты баламаларының бар екенін, сондай-ақ тек қаңлы атауымен тіркесе келіп жасалған 70-тен астам қаңлыға қатысты этностық топтың да, әртүрлі этимологиялық жоба-жорамалдардың да бар екенін көрсетуді де жөн көрдік. Сонда **“қаңлы”** туралы ой-пікірлер мына 4 топтан тұрады:

- А) Қаңлы тайпасының 40-тан астам атауы бар;
- Ә) Қаңлы тайпасының іштей жіктелуі;
- Б) “Қаңлы” атауының төркіні жайында;
- В) Қаңлы туралы тарихи, шежіре, аңыз-әңгіме деректер.

А) Қаңлы тайпасының 40-тан астам атауы бар

Бір тайпаның соншама атауының болуы сирек құбылыс. Бірақ қаңлы тайпасына байланысты бұл шындық, әр алуан тарихи бұлақтарда кездесетін бұл атаулардың баршасы бір буынды ***қан/*қанг/*қаң** (өзен мағынасындағы апеллатив) түбір сөзден тараған және барлығы да **қаңлы** этносына қатысты ұғымды білдіретін төмендегі туынды тұлғалар:

Қаң/Кан'
Қаңғ/Канг
Қаңға/Канха
Қаңғай/Кангай
Қаңғакіш/Кангакиш
Қаңғалақ/Канғалақ
Қаңғалас/Канғалас
Қаңғүй/Кангюй
Қаңғұлы/Канғұлы
Қаңғы/Канги
Қаңғыоглы/Кангиоглы
Қаңйу/Кан-ю
Қаңқтар/Канқтар
Қаңқы/Канхи
Қаңк/Канх
Қаңқа/Канка
Қаңқай/Канкай
Қаңқала/Канкала

Қаңғалдар/Канғалы
Қаңғалұқ/Канғалұқ
Қаңғар/Канғар
Қаңғароглы/Канғароглы
Қаңғарұлы/Канғарұлы
Қаңғит/Канғит
Қаңқалиян/Канқалиян
Қаңқияқ/Канқияқ
Қаңқлар/Канқлар
Қаңқтар/Канқи
Қаңлы/Канглы/Кан-лы
Қаңлы/Кан-ли
Қаңлы/Кангни
Қаңлығар/Канглиғар
Қаңоглы/Каноглы
Қаңырар/Канғрар
Қыңғыр/Кингир

Тарихи бұлақтар мен дереккөздерден жинақталып берілген бұл атаулардың сырын автор ерекше құбылыс деп қарайды. Әдетте, рутайпа атаулары тарихы жазылған тілдің өз ерекшеліктеріне қарай екі-үш варианттан аспайды. Мысалы: *үйсін//усунь//ушин*, немесе *арғын//аргу//аргун//аргут*, немесе *қыпшақ/қыфшақ/құбышақ/*, т. т.

Ал, **қаңлы** атауының бір түбірден өрбіп, сонша көп болып тарауының сырын автор сол тайпаның ұзақ даму барысында өзінің этностық біртектілігін сақтай отыра, бір ғана емес бірнеше аймақта кең тарауына байланысты деп қарайды.

[Қайдар Ә. Қаңлы (тарихи шежіре). Алматы: Дайк-Пресс, 2004. С. 14–25]

*1. “**Қаңғар**” – **қаңлы** этнонимінің баламасы екендігі туралы Я. И. Шмидтің “*Kanggar*, не *Changar* күні бүгінге дейін бүкіл Орта Азиядағы түркілер мен моңғолдар, “османдықтар” мағынасында қолданылады” деген пікіріне сілтеме жасай отырып, В. В. Бартольд “**қаңғар**” этнонимінің өте кең шеңберде, Орта Азия мен Кіші Азиядағы түркілер мен түріктенген моңғол тайпалары арасында да жалпылама атау ретінде айтылатынын ескертеді.

[Бартольд В. В. Соч. Т V. С. 405]

* Бірінші қатардағылары – қазақша жазылуы, екінші қатардағылары – орысша жазылуы.

Қаңлы тегі **қан/*қаң* түбірінен тараған осы сияқты 40-тан астам атаудың төркіні аталған Ә. Қайдар еңбегінде толық келтіріледі (қар. 14–54-бб.)

*2. **“Қаңғарлар”** – **қаңлылар** екенін дәлелдейтін деректер көп. Солардың бірі Қаңлы проблемасын арнайы зерттеген өзбек тарихшысы К. Шониязов еңбегі: Ол: “Қаң мемлекетінің негізгі халқы да – **қаңғарлар**, сол мемлекетке бағынышты иеліктер мен уәлаяттардың (*Хорезм, Янцай, Ян*, т. б.) өкімдері Жабулар да – **қаңғарлар**, сол иеліктерде жасаушы ру-тайпалар да – **қаңғарлар**”, – деп көрсетеді.

[Шониязов К. Қаңғ дәулати ва қаңғлилар. Тошкент, 1990. 32-б.]

*3. **Қаңлы** > **Қаңғар** – *печенек* тайпасының балама атауы (орысша – *кангары*). К. М. Байпақов: “**Кангары**, как сейчас общепринято, отождествляются с **печенегами**. Они являются ядром печенежской конфедерации племен, которая сложилась на основе местного ираноязычного населения и тюркоязычных племен. Значительна роль **кангаров** в формировании огузского, а затем кипчакского союза племен. С. П. Толстов рассматривает этноним “**Қаңлы**” как переоформление имени “**Кангар**” в результате ассимиляции части печенежских племен”, – деп көрсетеді.

[Байпақов К. М. Взаимодействие оседлого и кочевого населения как фактор развития этнических процессов // Вестник АН КазССР. 1987. № 8. С. 23]

*4. **Қаңлы**>**қаңғар**>*печенек* атауы туралы Ш. Уәлиханов: “*Бекчие (Бекджик)* – тюркоязычное племя, обитало на территории, ограниченной на Западе Дешт-и Кыпчаком и на Востоке Моголистаном, и первоначально носило название *канглы*. Во время завоевания Мавереннахра Туглук Тимуру ханом (1348–1363) во главе племени **қаңлы** стоял *Бекджик*, оказавший Туглук Тимуру значительные услуги и после смерти последнего вместо этнонима **қаңлы** появилось название *бекджик, бекчик*, очевидно, по имени *Бекджика*. Позднее это племя вошло в состав как казахов, так и киргизов, узбеков”, – деп көрсетеді.

[Валиханов Ч. Ч. Соч. Т. I. С. 554–555; Юдин В. П. О родоплеменном составе могулов... С. 53]

*5. С. Г. Кляшторный: “*печенектер* мен *қаңғарлардың* (яғни қаңлылардың) тегі бір” – деп көрсетеді.

[Кляшторный С. Г. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. М., 1964. С. 164]

*6. А. Н. Бернштам: “печенектер қаңлы // кангюй бірлестігінің тікелей жалғасы, мұрагері”, — деп қарайды.

[Бернштам А. Н. Проблемы древней истории и этногенеза Южно-го Казахстана // АН КазССР. Сер. арх. 1949. Вып. 2. С. 83]

*7. С. П. Толстов: “Наименование *кангар* применялось в отношении к благородству и доблести”. “*Кангар-печенек* локализуется Марквартом страной *Канг...*”, — деп көрсетеді.

[Толстов С. П. Древний Хорезм. М., 1948. С. 23]

*8. Л. Н. Гумилев: “**Канглы** — это не половцы, а печенеги. Вполне может быть, что часть печенегов смешалась с курыканами, так как *печенеги* были воистину героическим, доблестным народом, действительно исчезнувшим с рубежей Руси бесследно... *Печенеги* — народ очень древний, кочевавший между Балхашом и Аральским морем. У них было государство *Кангюй*. Потомки *печенегов* существуют и сейчас. Они вошли в состав казахов Большого Жуза, а часть — якутов, что вполне исторично... Впервые *канглов* описали византийцы, назвав “*подзынак*”. От этого слова и происходит русское “*печенег*”, — деп көрсетеді.

[Молодежь Якутии. 30 март 1989]

*9. Д. Е. Еремеев: “Есть еще одна загадочная тюркоязычная этническая общность на Балканах — кочевые племена *Коньяров*. Их происхождение обычно связывают с Коньей, столицей государства Сельджукидов в Малой Азии... Можно предположить, что это остатки *печенегов*, древнее самоназвание которых было “*кангар*”, — деп көрсетеді.

[Еремеев Д. Е. Проникновение тюркских племен в Малую Азию. М., 1964. С. 1]

Тарих беттерінде жиі кездесетін деректердің бірі — осы аталған еңбекте де сөз болып отырған қаңлы мен *печенектердің* этностық байланысына қатысты.

Қаңлы > қаңғалас > қаңғар

С. А. Иванов: “Среди других районов Республики Саха (Якутии) есть Мегино-Кангаласский район, где, видимо, живут большинство представителей древней народности канглы//кангалас с некоторыми языковыми особенностями” — деп жазады.

[Иванов С. А. Центральная группа говоров якутского языка. Новосибирск, 1993. С. 191]

Көне қаңлы тайпасының бір тармағы – қаңғаластардың Саха (Якутия) жеріне қоныс аударып, жергілікті халықтармен араласып, олардың этностық құрамын қалыптастыруы жайында Ә. Қайдар (Қаңлы. Алматы, 2004. 258–262-бб.) еңбегін қараңыз.

В. Я. Бутанаев көне қаңлылардың Хакас жеріне де барып, қоныстанғандығы туралы айта келіп: “Қаңғаровтар – қаңлы ұрпағы топтасқан елді мекендердің басшысы (рубасы сияқты) болуы хакас ұлыстарында қаңлы рухының сақталғанын көрсетеді”, – деп жазады.

[Бутанаев В. Я. Происхождение хакасских родов и фамилий. Абакан, 1994. С. 31, 46]

Ә) Қаңлы тайпасының іштей жіктелуі

Қазақ халқының негізін қалаушы басқа тайпалардан **Қаңлы** тайпасының өзіндік бір ерекшелігі – тайпа ішінде ру, тайпа болып айқын жіктелмеуі. Мәселен, Ұлы жүз – **Үйсін** тайпасын алсақ, тайпа бірлестігі ретінде емес, тек **Үйсіннің** өзінен тараған *Албан*, *Суан*, *Дулат*, т. т. деп аталатын тектес (кіндіктес) бірнеше тайпаның аты аталады. Бұл құбылысты біз *Арғын*, *Найман*, *Қыпшақ*, *Қоңырат*, т. б. тайпалар мен *Кіші жүз* тайпа бірлестіктерінен де көреміз. Пайымдап қарасақ, олар бір түбірден тараманған, генеалогиялық шығу тегі әр алуан ру-тайпалар.

Ал, **қаңлы** тармақтары мен этностық (аталық, рулық, әлеуметтік, т. б.) топтарының баршасы бір нәсіл, бір тектен тарағандар. Біз төменде сол атауларды тарих, шежіре беттерінен теріп алып, іштей жүйелеп, әліпби ретіне салып, тізімін келтіруді жөн көрдік:

| | |
|-----------------|--------------------|
| Ақ қаңлы | Еділ қаңлы |
| Ал қаңлы | Еңке қаңлы |
| Алпыс қаңлы | Ерезен қаңлы |
| Алтыортақ қаңлы | Жайтамғалы (қаңлы) |
| Ашамайлы қаңлы | Жаңабай (қаңлы) |
| Әлпіне (қаңлы) | Жарықбас (қаңлы) |
| Әлсейіт (қаңлы) | Жуансан (қаңлы) |
| Баба қаңлы | Жүректау (қаңлы) |
| Бадырақ қаңлы | Жылқаш (қаңлы) |
| Бажанақ қаңлы | Жылқышы (қаңлы) |
| Бақа қаңлы | Ирхан (қаңлы) |
| Балғалы қаңлы | Йухан (қаңлы) |
| Бобақ қаңлы | Катта қаңлы |
| Бой қаңлы | Кичик қаңлы |
| Бордақ қаңлы | Көк қаңлы |
| Бошмақ қаңлы | Көктүнлі қаңлы |
| Бұзаушы (қаңлы) | Қайы қаңлы |
| Дип қаңлы | Қантекті (қаңлы) |

| | |
|---------------------|------------------------|
| Қаңлы-қатаған | Қыр қаңлы |
| Қаңлы-қыпшақ | Миям қаңлы |
| Қаңлы-найман | Ноғай қаңлы |
| Қараша қаңлы | Оғыз-қаңлы |
| Қаңлы-оғыз | Омыртқа қаңлы |
| Қара қаңлы | Орманшы (қаңлы) |
| Қараманас (қаңлы) | Пышақты қаңлы |
| Қаспан қаңлы | Сайысқан қаңлы |
| Қат қаңлы | Сары қаңлы |
| Қауақай қаңлы | Таза қаңлы |
| Қашулар (қаңлы) | Тайыт (қаңлы) |
| Қаятлы қаңлы | Тапа (қаңлы) |
| Қаясты қаңлы | Тарақты қаңлы |
| Қимақ қаңлы | Тоғанай қаңлы |
| Қос таңбалы (қаңлы) | Төртұлы қаңлы |
| Құйысқанды (қаңлы) | Шанышқылы (қаңлы) |
| Құмырсқа (қаңлы) | Шокпар қаңлы |
| Құрғалы қаңлы | Шөмішті (қаңлы) |
| Құстамғалы (қаңлы) | Шүнек (қаңлы) |
| Қызыл қаңлы | Ырғақты қаңлы |
| Қыпшақ қаңлы | Іргенекті қаңлы, т. б. |

Бұл келтіріліп отырған атауларды автор төрт топқа бөліп қарайды. Бір тобына “Қаңлы шежірелерінде” сақталып келе жатқан Қаңлы тайпасының аталары мен руларының атауларына (мыс.: *ерезен, еңке, миян, қаспақ, әлсейіт, тоғанай, шоқпар*, т. б.); екінші топқа көне түркі дәстүрі бойынша түр-түс арқылы белгіленген географиялық бағдарына (оңтүстік, солтүстік, шығыс, батыс), яғни қаңлы тобының жасап келе жатқан мекені мен аймағына (мыс.: *ақ қаңлы, ал қаңлы, қара қаңлы, қызыл қаңлы, сары қаңлы, көк қаңлы, қауақай қаңлы*, т. б.) байланысты, үшінші топқа рәміздік белгілеріне (таңба, ұрандарына) қарай (*шанышқылы, шөмішті, тарақты, ырғақты, іргенекті, құстамғалы, құйысқанды, қантекті, балғалы, ашамайлы, пышақты* қаңлылар) қалыптасқан және төртінші топқа қаңлылардың басқа түркі тілдес ру-тайпалармен жіті араласып, бірігіп, бір этностық топқа айналып кетуінен пайда болған (*бажанақ қаңлы, қайы қаңлы, қимақ қаңлы, қыпшақ қаңлы, ноғай қаңлы*, т. б.) атаулары жатады.

Бұл – қаңлының этностық тамырының тым тереңде бір түбірден кең тарап басқа түркі тайпаларымен жіті араласқан ең көне этнос екендігін көрсететін деректер. Бұлардан басқа қаңлылардың өз ортасынан бөлініп, басқа аймақтарда, басқа этностық топтардың арасында өмір сүруіне байланысты *Еділ қаңлы, Ақтау қаңлы, Қарақалпақ қаңлы, Хорезм қаңлы, Хақас қаңлы*, т. б. деп аталатын топтары да баршылық.

Қалай болмасын, **қан//*қаң//*қанға* түбірінен тараған қаңлылар, басқа қазақ тайпаларындай гетерогенді емес, барша үрім-бұтағы ежелгі бір түбірден тараған гомогенді этнос екендігін көреміз.

Қаңлы атауы, автордың көрсетуі бойынша, **қан//*қаңх* гидроним түбіріне иелікті, меншіктілікті, тәнділікті білдіретін қосымшаның оғыз, қарлұқ варианты (*-лық// -лік*) емес, қыпшақ тілдеріне тән қысқарып, ықшамдалған *-лы// -лі* вариантының жалғануы арқылы “өзенді ел, өзен-су бойында жасаған ел” мағынасында қалыптасқан атау болып саналады. Бұл бізден бұрын да (Н. Аристов, М. Тынышбаев, С. Аманжолов, т. б. тарапынан) айтылып келе жатқан пікір, тұжырым.

Кейбір зерттеушілердің алғаш (бұдан 23–24 ғасыр бұрын) жазылған қытай жылнамасындағы *Кангюй//Канжуй* атаулары мен **Қаңлы** (оның 40-тан астам түбірлес тұлғалары) атауының арасында байланыс жоқ, екі этностың атауы деп түспалдауын автор жоққа шығарады. “Сондықтан да, тіпті кейбір ғұлама ғалымдардың **“Кангюй”** мен **“Қаңлының”** бір этностың (тайпаның) атауы екенін дәлелдей алсақ, түркі әлеміндегі ғажайып бір құбылыстың сырын ашқан болар едік!” деген арманына көз жеткізер тетік те осы болса керек”, – деп көрсетеді автор.

[*Қайдар Ә. Қаңлы (тарихи шежіре). Алматы, 2004. 63-б.]*

Кангюй//канжуй//Канцюй//Кан ли* – қытай тілінде (жазба ескерткіштері мен жылнамаларында) қалыптасқан көне **Қаңлы атауының баламалары. Бұл атаулардың бәрі де **қан//*қанг* (өзен-су мағынасындағы ортақ ілкі түбірден туындаған **“Қаңлы тайпасы”, “Қаңлы мемлекеті”, “Қаңлы иелігі”, “Қаңлы жері, елі, тілі”** деген мағыналарды беретін атаулар.

Кангюй, Кан мемлекеттеріне қатысты Қаңлы туралы кейбір деректер.

1. Н. Я. Бичурин: “**Кангюй** мемлекетінің жеріне Хорезм, Соғда, Сырдария аймақтары жатады (яғни: Страна Кан (Самарканд – Согд) – это древняя страна Кангюй” (С. 50), – деген пікір айтады.

2. Сол автор: “Владение Кангюй занимало степи от Сыр Дарьи, на которых ныне кочуют Большая и Средняя Казачьи (казахские) орды” (С. 60), – деп жазады.

3. **Қаңлылар** мінез-құлқына қатысты: “Кангюец, напротив, горд, дерзок и никак ни соглашается делать поклонение перед нашими (т. е. китайским) посланниками. Чиновников, посылаемых к нему от наместника, сажает ниже усуньских панов. Князьям и старейшинам его подают кушанье прежде, а потом уже – посланным от наместника...”, – деп Кангюй сарай адамдарының қытайлықтарға деген көзқарасын ренішпен білдіреді.

4. Кангюй мемлекетінің иеліктеріне байланысты Н. Я. Бичуриннің жазба мағлұматтарында: “Кангюй имеет под собою пять мелких владений, которые суть: Сусйеский, Фумский, Юниский, Гиский и Юегянский владетели...”, – деген деректер бар.

5. Б. Фафуров: “Этническая принадлежность кангюйцев вызывает споры ученых. Существует точка зрения, что они турки. Другие доказывают, что **кангюйцы** принадлежат к числу носителей тохарских языков. Вероятнее, однако, что они были ираноязычным народом, потомками и наследниками сырдарьинских саков”, – деп көрсетеді.

[*Фафуров Б. Г.* Таджики: древнейшая, древняя и средневековая история. М.: Наука, 1972. С. 137]

6. Кезінде **кангюй-қаңлылардың** кең-байтақ Қазақ жерін иеленгендігіне байланысты “**Қазақтың арғы атасы – Қаңлы**” деп қазақ тарихын зерттеумен шұғылданушы қытай ғалымы, проф. Су-Бихай айтса, оны қолдаушылар да, оған күдіктене қараушылар да бар (мыс., Қ. Салғараұлы өзінің “Қытай деректері: атаулар мен терминдер” деген еңбегінде, 69–70-бб.).

7. “**Кангюй** мен **Хорезмде** ортақ мемлекеттің негізі бар” деп пайымдайды проф. С. П. Толстов. Бұл жайында Ә. Қайдар: “Қаңлы туралы әңгіме мен тарихи деректердің басым көпшілігі **Кангюй** мемлекетінен басталып, сонымен аяқталатынын байқау қиын емес. Алайда, бұл деректер тарихи шындықты нақ та толық баяндап тұрған жоқ. Біздің Қаңлы туралы әңгімемізде “Кангюй–Қаңха–Хорезм мемлекеті” деген күрделі атауды қолдануымыздың да тарихи себебі бар. Бұл атауды қолданып отырған қос өзен аралығы Мауераннахрдағы көне Хорезм мәдени мұраларына археологиялық зерттеулер жүргізген, 300-ден астам небір ғажайып қалалардың біразын (Топырақ қала, Жанбас қала, Қырыққыз қала, Аяз қала, Қойқырылған қала, Күйінерлі қала, Ақтөбе қала, т. б.) топырақ астынан аршып алып, олардың құпия сырын тануға зор еңбек еткен С. П. Толстовтың өзі”, – деп баяндайды.

[*Қайдар Ә.* Қаңлы... 104-б.]

“...Вхождение Хорезма в состав Кангюйского государства является фактом бесспорным...” или “Хорезм является естественным продолжением кангюйского государства...”, – деп көрсетеді.

[*Толстов С. П.* Древний Хорезм. Опыт историко-археологического исследования. М., 1948. С. 20 и др.]

8. **Қаңлы тілі мен жазуы.** Қазақстан жерінде қалыптасқан ірі-ірі тайпа бірлестіктерінің өзара ұқсас болса да “диалект”, “наречие” деңгейінде болса да, өз тілі (мыс., “үйсін тілі”, “қаңлы тілі”, “қытшақ тілі”, “арғын тілі”, т. т.) болды деген пікір бар (Ғ. Мұсабаев, С. Аманжолов, т. б.)

“Адамзат қауымы бар жерде тіл бар да, тіл бар жерде қауым бар” деген қағида мен “тіл мен адамның бірінсіз-бірінің күні жоқ” деген логикаға сүйене отырып, “Қаңлы қауымы (мемлекеті) болған жерде оның тілі де, жазуы да болды” дей келіп, Ә. Қайдар мынандай деректерді келтіреді:

Қаңлылардың да өз жазуы болған: “Б. з. д. III–II ғасырларда Кангюй мемлекетіне барған қытай елшісі Цыма Цзян: “Патша ордасында оның зандары мен жарлықтары ілулі тұрады екен” – деп жазады. Біздің жобалауымыз бойынша ол Есік қорғанынан табылған ханзада – “Алтын адам” қабірінен шыққан күміс ожау басына сызып жазған, сақ тайпасы қолданған руникалық жазуға ұқсас, не оның “қаңлы варианты” болуы да мүмкін. Бұл тек жорамал ғана, әрине.

Олжас Сүлейменов: “Тюркологам известно сообщение китайской летописи III века до н. э., что народ **кангюй** (канглы) писал “поперек” – горизонтальной строкой, в отличие от китайской традиции вертикального расположения текста” деп көрсетеді (Сүлейменов О. Азия... Алма-Ата: Жалын, 1990. С. 524).

Асан Бахти: “Согласно последним исследованиям, руническая письменность зародилась еще до нашей эры, возможно, в скифосакское время. В III–V вв. н. э. существовали два варианта рунического письма – гуннское и восточное, бытовавшие на территории Жетысу и Монголии. В VI–VII вв. на базе последнего развивается древнетюркская письменность, называемая орхоно-енисейской. Гуннское руническое письмо послужило основой для развития булгарского и хазарского письма, а также письменности **кангаров** (т. е. канглинцев – Ә. Қ.) и кипчаков” деп көрсетеді (Асан Бахти. Шумеры, скифы, казахи. Алматы: Дом кочевников, 2002. С. 27)

Қаңлы тілі сөздігі болды. “Кодекс куманикус” атты қыпшақ тілінің сөздігі тәрізді сөздік сол дәуірде (XIV ғ.) қаңлыларда да болды.

“Қаңлы тілінің сөздігінің араб нұсқасындағы атауы: “Тәббийун әл-луғат ат-түрки әл-лисан әл-қангли”. Түрік ғалымы проф. М. Ф. Көпюрлүннің мағлұматы бойынша: сөздіктің авторы – Хорезмшах кезіндегі Рей оғыздарынан шыққан филолог-ғалым **Мұхаммед ибн Кайс** (толық түрі – **Шемс-ад-дин Мұхаммед ибн Кайс әр Рази**). Бұл автордың “Үлкен кітап” деп аталған тағы бір еңбегі барлығы айтылады (Көпрүлү М. Ф. Horezmşahlar devrinde bir Türk filologu Muhammed bin Kays ve eseri // Türk edebiyati hakkında araştırmalar”. Istanbul, 1934).

“Қаңлы тіліне Талас өзенінің бойынан табылған тас жазулардың қатысы бар ма?” деген сауалға түркітанушылар бар деп жауап береді. Мысалы, А. Н. Бернштам кезінде: “В китайских источниках говорится, что на р. Талас в то время жило племя **канглы**, и что **канглы** пользовались старотюркской письменностью... Следовательно, таласская письменность бесспорно принадлежит **канглийцам**” – деп көрсетеді (Советская энциклопедия. Т. VI–XII. 1947. С. 9).

А. Н. Подушкиннің археологиялық зерттеуі нәтижесінде Арыс мәдениеті аумағынан табылған көне **қаңлы** жазуының бөлшектері (фрагменттері) де жарияланып отыр (*Подушкин А. Н.* Арысская культура Южного Казахстана (IV в. до н. э. – VI в. н. э.). Туркестан, 2000. С. 163).

С. Аманжолов ертедегі **қаңлы**, **қыпшақ**, **үйсін** тайпаларының тілдерін айта келіп: “... как до нашей эры, так и в нашу эру *кыпчаки*, *канглы*, *уйсуны* и другие племена выступали на историческую арену самостоятельно, жили на разных территориях. Следовательно, они наверняка говорили на разных диалектах”, – деп көрсетеді (*Аманжолов С.* Вопросы диалектологии... С. 121).

Қаңлы тілі туралы әдебиеттерде басқа да пікірлер баршылық. Олар туралы Ә. Қайдардың “**Қаңлы** (тарихи шежіре)” атты еңбегін (Алматы, 2004. 112–128-бб.) қараңыз.

Б) “Қаңлы” атауының төркіні жайында

1. “**Қаңлы**” атауы “арба идеясына байланысты пайда болған” деушілердің пікірі түркі әлеміне кең тараған пікірлерге жатады. Ол идеяның кең тарауына себеп болған фактор екеу болса, соның біреуі – көне түркі тілдерінде **қаңға** сөзінің “арба” мағынасында қолданылуы да, екіншісі – сол арбаның жүргенде шығаратын “**қаңқ-қаңқ**” деген дыбысына байланысты. Бұл – Оғыз қағанның атына байланысты VIII ғасырда дүниеге келген “**Оғызнама**” аңыз-әңгіме дастанында баяндалады (*қар. Қайдар Ә.* Қаңлы... 64–74-бб.).

Қаңлы** – ***кан**//қаң**//***қаңғы**//***кең** “өзен, су” мағынасындағы түбірден тарап, “өзен-су бойында жасайтын ел, тайпа” (кейін – “мемлекет, иелік, ұлыс”) мағынасында қалыптасқан тарихи этноним. Түркі қауымында өзен-суға қатысты апеллятивтер мен гидронимдерді ру-тайпа атауы ретінде қолдану – көне дәстүрдің бірі. Мәселен, ғалымдар арасында: *Шумерлердің* шығу тегін Тигр мен Ефрат өзендеріне, *Сундарды* – суға (Б. Қожабеков), *Арғындарды* Алтайдағы Хатун өзенінің бір құйылысы – *Арғутқа* (О. Т. Молчанова), *Наймандарды* да – сол Хатун өзенінің бір құйылысына (А. Н. Аристов), *Дулаттарды* – *Туллати* өзенінің атына, *Қаңлыны* – **қаң**//**қаңғ** атты Сырдария өзенінің атына (С. Аманжолов, т. б.) байланысты деп қарау қалыптасқан.

Қаңлы атауының 40-тан астам варианттарын түгел і шап-тарата келе, акад. Ә. Қайдар өзінің арнайы зерттеуінде олардың баршасы **қан//*қаң//*қанғ//*кең* “өзен-су” деген мағынадан өрбіп, дамығандығын дәлелдеп көрсетеді.

Алайда, **Қаңлы** атауының төркінін басқаша түсіндіретін пікір-тұжырымдар да жоқ емес. Біз объективті болу үшін жұмысымызда оларды да келтірдік.

**Қаң//*қан* түбірінен туындап, әртүрлі тұлғада (*қаңғал, қаңғар, қаңғакіш, қаңұлы*, т. б.) дамыған вариантты атаулардың қалыптасқан морфологиялық тұлғаларына (мыс.: *қаңғал < қаңға + елі; қаңғар < қаңға + ер; қаңғакіш < қаңға + кіші; қаңұлы < қаң + ұлы; қаңлы < қаң + лы // қаң + ұлы* (“өзенді, өзенге тән” немесе “өзен баласы”, “өзен адамы”, т. т.).

[*Қайдар Ә. Т. Қаңлы (тарихи шежіре)*. Алматы: Дайк-Пресс, 2004. 14–54-б.]

2. Е. Пулейбланк **“Қаңлы”** атауы “тас” мағынасын білдіретін *“kank”* деген тохар сөзінен шыққан деп жобалайды.

3. Б. А. Литвинский **“Қаңлы”** атауы иран (*сақ*) тілдеріндегі “теріден киім киген адамдар” (яғни “жабайылар”) деген мағынада қолданылатын *“kanqa”* сөзінен шыққан деп жобалайды.

4. Сол автор **“Қаңлы”** атауы “Авеста” тіліндегі сақ-массагет тайпаларына тән *“кангха”* “Түр көсемдері” (осыдан – Түран ордасының резиденциясының) атауынан шығуы да мүмкін деп жобалайды.

5. Тарихшылардың бір тобы **“Қаңлы-кангюй”** атауы орта ғасырлардағы печенектердің *“қаңғар”* тұлғасында бұзылып айтылған атауынан шыққан деп жобалайды (Советская историческая энциклопедия. №6. С. 954).

6. Томашек, т. б. ғалымдар **“Қаңлы”** ирандықтардың тіліндегі *“Соданың тамаша алқабы”* (“Прекрасная долина Согды”) деген ұғымды білдіретін *канг* (орысшасы) түбірінен шыққан атау деп жобалайды.

Бұлар ғана емес, **қаңлы** этносының атауын басқаша түсіндірушілер де баршылық. Зерттеушілер қалай жобаласа да, **қаңлы** атауының о бастағы шығу мотивтері объективті жағдайларға, атап айтқанда, Қаңлы мемлекетінің қос өзен – Әмудария мен Сырдарияның – аралығында (Мауераннахр деп те аталатын алқапта), өзенді-сулы өлкеде *қаң//қаңх//қаңға* деп аталатын өзеннің бойында қалыптасуына байланысты пайда болғандығы осы еңбектің авторы Ә. Қайдардың **“Қаңлы”** атты арнайы зерттеуінде (14–74-бб.) кең түрде сөз болады.

В) “Қаңлы” этносы мен атауына берілген тарихи, шежірелік сипаттамалар

1. Қаңлы – ерте замандардан бері Қазақстанды мекендеп келе жатқан, қазақ халқының қалыптасуына негіз болған ірі де көне түркі

тайпаларының бірі. Жетісу аймағын мекендеп, Ұлы жүз бірлестігінің құрамына кірген.

Қазақ шежіресі бойынша **Қаңлы** Шыңғыс ханның замандасы Майқы биден таратылады... Тарихи-генеалогиялық зерттеулерде Қаңлылардың шығу тегі, олардың таралу өрісі, даму-өрбу кезеңдері, түркі халықтарының тарихындағы рөлі туралы талас пікірлер көп. Алайда, Қаңлылар, сайып келгенде, біртұтас этностық қауымның негізі екенін мойындайды. Басқаша айтқанда сонау көне замандарда пайда болып, бүгінге дейін тарихта аты сақталып келе жатқан **Кангюй** мен **Қаңлының** шығу тегі (этногенезі) жағынан бір, тарихи дамуы жағынан бірінің-бірі тікелей жалғасы, елдік аттары (этнонимі) түбірлес болып саналады. Бір ортақ (**кан//қаң//кен*, т. б.) түбірден тараған көптеген туынды атаулардың баршасы (*Кангюй, Канжуй, Канга, Қаңғар, Кенгерес, Қаңғакши*, т. б.) **Қаңлы** атауының түбірлес баламасы... **Кангюй – Қаңлылар** өзінің ұзақ тарихи даму барысында көптеген ру-тайпалармен, этностық қауымдармен араласып, тығыз қарым-қатынас жасап келген. Солардың бірі – қазақ жерін өте ерте заманда мекендеген **сақтар**. Олар *Кангюй-Қаңлы, Үйсін, Арғын* тәрізді көне түркі тайпаларының қалыптасуына әсер етті. Осы орайда “**қазақ**” этнонимінде “**сақ**” компонентінің болуы – тарихи тұрғыдан даусыз нәрсе... **Қаңлы** элементі қазір де жеке ру немесе этностық топ ретінде қырғыз, қарақалпақ, өзбек, түрікмен, башқұрт, алтай, якут, ноғай халықтарының генеалогиялық құрамында да кездеседі. Қаңлылардың осылайша кең тарауы әртүрлі тарихи, географиялық, демографиялық, миграциялық жағдайларға байланысты... Шежірелерде көп айтылатын 92 баулы өзбектің белді руының бірі **қаңлы** болған...”, т. б. осы сияқты деректер келтіріледі.

[ҚСЭ. 6-т. Алматы, 1975. 455–457-66.]

2. “**Канглы** являются не менее древним тюркским племенем, чем **дулаты**. Вероятно, именно они упоминались в Авесте и Махабхарате под именем **Канка**. Китайцы за полтора века до р. х. нашли на Сыр-Дарье обширное владение **Кангюй**, которому подчинялись оседлые владения на Заравшане и в нижнем течении Аму-Дарьи... Имена **Канглов** и **дулатов** кажутся алтайского, подобно большинства имен главных тюркских племен и родов, происхождения (от р. Кань, правого притока р. Чарыша, и от реки **Тулати**, левого притока той же реки) и свидетельствуют о первоначальном близком их родстве. Поэтому большеордынские родословные правильно считают оба колена близкородственными...”, – деп көрсетеді.

[*Аристов Н.* Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности // *Живая старина*. Вып. 3–4. СПб., 1896. С. 404–406]

3. “**Канглы** – одно из древнейших племен, известное с III в до н. э. История его хорошо отражена в древних, средневековых письменных памятниках, написанных на восточных языках. Согласно данным этих источников **канглы** занимали обширную территорию от р. Талас, до низовьев Сырдарьи и предгорья Каратау. В XII–XIV вв. части их распространились до гор Улытау и Тургайской степи, к зиме они возвращались на Сырдарью. В древние времена **канглы** входили в конфедерацию племен, позднее составивших Старший жуз казахов”.

[Бұл да көрсетілген еңбекте]

4. “**Канглы** – тюркское родоплеменное объединение, возникшее в XI–XII вв. в Приаральских степях (на Севере от Хорезма до Волги) на базе местного огузского-печенежского населения, смешавшегося с кипчаками, переселившимися из Прииртышья в XI в. Основные занятия – кочевое скотоводство и ремесло. По мнению современных ученых (С. П. Толстов и др.) этноним **канглы**, так же как и более древний этноним **кангар** (в средние века так называлась часть **печенегов**), происходит от древнего названия Хорезма – **Кангха** – **Кангой**. **Канглы** играли значительную роль в средневековых среднеазиатских государствах, особенно в государстве Хорезмшахов”.

[Советская историческая энциклопедия. Т. VI. С. 954]

5. “...**Кангой** был могущественным государственным объединением. В период максимального расцвета, в I в. до н. э., он имел 120 тыс. войск. **Кангой** проводил самостоятельную внешнюю политику и оказывал помощь своим соседям в их борьбе против иноземных захватчиков. В мирное время он ясно демонстрировал представителям ханского двора, сколь мало считается с ними. С отчаянием они доносили: “Кангой... горд, дерзок”...

[Гафуров Б. Г. Таджики... М., 1972. С. 138]

6. “**Канглы** – основное племя, название его стало названием племенного союза. К этому племени нужно отнести: *Ысты, Тілік* и *Ойық*. Хотя они имеют одинаковую тамгу с **канглами**, но поскольку неизвестны в истории как племенные союзы, мы считаем их родами, входящими в канглинский союз” – деп көрсетеді автор [Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алматы: Санат, 1997. С. 17]

7. “Казахский народ сложился в процессе слияния и ассимиляции древних племен и народностей, населявших территорию Казахстана. Основными из них были: *усуни, канглы, кипчаки, дулаты, аргыны* и др.

Процесс сложения казахского народа завершился в средние века”, – деп көрсетеді авторлар.

[Шахматов В. Ф., Покровский С. Н., Савосько В. К. Исторический очерк о казахах // БСЭ. Т. XIX. 2-изд. С. 327]

8. “В ту пору, когда Монголы вторглись в Хорасан, небольшое туркменское племя, назвавшееся *каи-кангли* (*caıi Khanlı*), обосновавшееся в Маханском районе вблизи Мерва-Шахифхана, покинуло свои земли из-за страха, который ему внушали грозные враги..., удалилось (эмигрировалось) в Малую Азию... В 1300 году Осман (сын *Ертуғрыла*. – Ә. Қ.) из своих феодалов превратил свою небольшую территорию в самостоятельную монархию, принял титул султана и стал основателем Оттоманской (османской) империи”.

[К. Д.Оссон. От Чингисхана до Тамерлана. Алматы: Санат, 1996. С. 105, 147]

9. “*Кангали, Кангли* – крупное племя, жившее по соседству с долиной р. Чу и принадлежавшее одному из аборигенных тюркоязычных племен, впоследствии племени было присвоено название *бекджак* (“*бекчик*”) по имени владельца этого племени”, – деп көрсетеді Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати.

[Тарих-и Рашиди. Ташкент: Фан, 1996. С. 612]

10. “Селжуктердің ең соңғы сұлтаны қолынан биліктің кете бастағанын сезіп, тәуелсіздіктің символы (нышаны) ретінде Ғазы Османға (*қаңлы* сұлтанына) барабан мен ту (знамя) сыйлады”, – деп көрсетеді автор.

[Гордлевский В. А. Избр. соч. Т. I. Исторические работы. М., 1960. С. 80]

11. Қимақтардың тегі туралы айта келіп, автор: “олар (*қимақтар*) Орта Азиядағы *хундар* мен *қыпшақ*, *қаңлы* ұрпақтары негізінде қалыптасқан аралас әулет; *қаңлы* – көне кангюй жұртының қалдығы...”, – дейді.

[Гумилев Л. Н. Поиски вымышленного царства. М., 1994. С. 160]

12. Жапон ғалымы Сираторидің: “Ежелгі *қаңлылар* – тұрмыс, ғұрып-әдеті және тілі жағынан қазіргі қазақтар еді” – деген пікірін қытай ғалымы Вэй Юань келтіре отырып, өзі: “Үш ордаға бөлінген қазақтар... – ежелгі *қаңлылар*”, – деп тұжырады.

[Қазақтың қысқаша тарихы. Үрімжі, 1991. 2-басылым. 122-б.]

13. Л. Н. Гумилев: “А сама тюркоязычная среда в то время уже успела распространиться далеко на Запад от Алтая, в страны, где жили гузы, *канглы*, или печенеги, древние болгары и гунны”.

Көне қыпшақтардың Алтай алқабында жасағанын айта келіп, кейін 630 ж. олардың бір бөлігі Алашанға қоныс аударып, *қаңлылармен* араласып, “қоман” аталғанын автор былай баяндайды:

“Несомненно, это был не весь народ, а какая-то его часть, так как остальные, смешавшись с *канглами*, образовали народ, известный под именем *команов*, или *половцев*”.

[Гумилев Л. Н. Древние тюрки. М., 1993. С. 25, 263]

14. “*Қаңлы*” атауының бір варианты – *Қаңғар* туралы да пікір бірлестігі жоқ. Мәселен, И. Маркварт *Қаңғарды* Печенек тайпасының басты руларының бірі деп қарап, оны Сырдарияның төменгі ағысының атауы – *Канг* апеллятивінің *қаң+ер* – “Қаң адамдар” (“люди с Канга”) болып қалыптасқан түрі деп санаса, қарашай-балқар тарихшысы И. М. Мизиев *Қаңғардың* (кенг+эрдің) төркінін: “Этноним *кангар* можно перевести как *кенг-эр* “широкий человек”. Подобными терминами в карачаево-балкарской среде именуется человек с широкими возможностями, широким умом, большой силой и т. п.”, – деп жобалайды, ал В. В. Бартольд болса бұл терминді өзеннің кендігіне байланысты қалыптасқан деп қарайды. Ол: “Вполне возможно, что название *канг* (*кенг*) низовья Сыр-Дарьи получили из-за широкого течения... Название *кангар* происходит от термина *кенг+ер*, т. е. широкое место. В связи с этим вспоминает он китайское название *Янь-цай*, которое мы возводим к алтайско-тюркскому “большая река”. Не исключено, что китайские авторы тюркский термин *кенг* передали на свой манер – как *Янь*, поскольку тюркский носовой звук *нг* трудно передать на другом языке...”, – деп дәлелдегісі келеді.

[Мизиев И. М. Шаги к истокам этнической истории Центрального Кавказа. Нальчик, 1986. С. 100–101]

15. Кангюй – қаңлы атауының баламасы. Бұл туралы Н. Я. Бичурин: “Поскольку нашим ориентиром служит *Кангюй*, то отметим, что “россияне зовут ее Киргиз-кайсаками. При династии хань назывались *Кангюй*”. Многие известные тюркологи и историки единодушны в том, что *кангюйцы* – это масса тюркских племен, тождественная канглам, печенегам и кипчакам”.

[Бичурин Н. Я. Собрание сведений о народах... Т. II. М., 1951. С. 229, 278–280 и др.]

16. “*Қаңлы* – *сир//сыр халқының әулеті*” деген де пікір бар: “По родословной казахов, *Ұлы жүз (Уйсун)* составляет два крыла – соб-

ственно усун и канглы. Оба крыла Старшего жуза известны из китайских источников с III века до нашей эры. По одной из версий родословной *Уйсуней*, *Канглы* и *Катаган* являются сыновьями *Ойсыла* (Мыслящий, Мудрый), он же Сиргели, имя которого в древнетюркском языке составлено из “*Сиріг+ели*” (в переводе – “*Сиров* (тайственный) + *народ*”, где “*сир, сыр*” означает “тайна”... Примечательно то, что в древнетюркском памятнике, посвященном Тоньюкуку имеется упоминание о народе “*сир*”, вернее, “*тюрк-сир*”.

“Мы полагаем, что именно *Канглы* назвали одну из двух рек междуречья *Сыр-река* (Сыр-дарья), давая понять этим, что он принадлежит им, то есть *Канглам*, потомкам *Сира*, ибо древнее название реки *Яксир* (*Яксириг*), то есть “*Сторона сирская*” (в трудах античных историков – Яксарт). В связи с этим изменение названия реки из *Яксир* в *Сир* вполне оправдано”, – деп көрсетеді автор.

[*Досанов Т. С.* Этюды по памятникам письменности древних усуней. Алматы: Жалын, 2002. С. 89]

ҮЙСІН

Ю. А. Зуев: “В большом цикле этногенетических проблем Казахстана и Средней Азии исключительно важное место занимают вопросы, связанные с происхождением и начальными этапами истории древних народов, населявших эти территории” (С. 5), – дей келіп, автор: “Қырғызстанның Талас алқабынан тартып, шығысындағы Алтайға дейін алып жатқан кең аймақты б. з. д. II ғасырдан бастап мекендеп келе жатқан көне Үйсіндердің шығу тегі ғылымда әлі толық айқындала қойған жоқ. Оларды ескі (антикалық) дәуірдегі авторлардың қалай атағаны да бізге белгісіз” – деп көрсетеді. *Үйсіндердің* шығу төркініне байланысты ғылымда ұсынылған болжамдар мен зерттеушілердің жоба-жорамалдары өте көп. Солардың кейбіреулері:

1. “*Үйсіндер* – иран мен готтардың әулетінен тараған ұрпақ” дейтін теорияны ғылымға ұсынған Абель-Ремюзе [Азиатский вестник. Кн. IV. СПб., 1825. С. 287] мен Клапрот [*Klaproth. Tableaux historiques de l'Asie. Paris, 1825*].

2. Абель-Ремюзе мен Клапрот теориясын қолдай отырып, Г. Е. Грумм-Гржимайло: “*Үйсіндер* түрік-үнді-готтардың өзара араласуынан пайда болған әулет” деген тұжырымын ұсынады.

[Белокурая раса в Средней Азии // Записки ИРГО по отд. этнографии. СПб., 1909. С. 186; *Сол автор.* Западная Монголия и Урянхайский край. Т. II. Л., 1926. С. 5–7]

Бұл авторлардың пікіріне тоқтала келіп, Қазақстан тарихшысы, қытайтанушы (синолог) Ю. А. Зуев: “Единственным аргументом этих

исследователей послужило неясное высказывание китайского комментатора VIII в. Янь Ши-гу о европейдности физического типа усуней. На том же основании Ф. Гренер [Le Turkestan et le Tibet. Paris, 1825] выдвинул теорию о фино-угорском происхождении усуней Семиречья. Однако как первая, так и вторая точка зрения не встретила поддержки ученых и отпала” – деп ескертеді.

[Зуев Ю. А. К этнической истории усуней // ТИИАЭ АН КазССР. Т. VIII. 1960. С. 5]

3. Бір топ тарихшы ғалымдар – Дегин [*De Guignes. Recherches sur les Rois Grecs de le Bacteriane. Memoires de l'Acad des Inshcriptions. Paris. Vol. XXV. P. 28*], В. В. Григорьев [О скифском народе – саках. СПб., 1871. С. 139], Т. Кингсмилл [*Th. Kingsmill. The Intercourse of China with Eastern Turkestan // Journal of the Royal Asiatic Society. New Ser., Vol. XIV. P. 79*], Г. Вернадский [*Vernadsky G. Ancient Russia. New Haven, 1946. P. 82*]; А. Н. Бернштам [К вопросу об усунь-куман и тохарах // Советская этнография. 1947. №3], С. П. Толстов [Древний Хорезм. М., 1948. С. 150] – Қытай жылнамаларындағы усуньдерді шығыс Иран асиан-асилармен бір тайпа деп қарайды. Орталық Азия даласында жасаған үйсіндер мен асиандардың бір әулетке жататыны туралы бұл пікір көпке дейін талас тудырмай келеді. Тек, И. И. Умняков қана алғаш рет бұларды жақындатуға негіз жоқ деп ескерткен болатын [қар. Тохарская проблема // ВДИ. 1940. № 3–4. С. 186]. Оны қолдаған француз ғалымы Жарль Шарпантьенің “үйсін *ac//oc* түбірінен тараған осетин қате транскрипциялануынан пайда болған” деген пікірін [қар. *Charpentier I. Die ethnographische Stellung der Tocharer // ZDMG. B. 71 (1917). P. 357*] Г. Халоун “транскрипциядан кеткен қате тайпа атауы бола алмайды” деп жоққа шығарады [*Haloun G. Zur Be-tsi-Frage // ZDMG. B. 91 (1937)*].

Бұл ғалымдардың тұжырымдары негізінде автор бұдан кейін Үйсін тайпасының шығу тегін алан-тохарлармен байланыстыруға тоқталады.

4. **Үйсіндер** – түркі тектес Енисей қырғыздарының батыс тармағына жататын тайпа. Бұл тұжырымды 1896 ж. ұсынған Н. А. Аристов болатын [қар. Заметки об этническом составе тюркских племен // Живая старина. 1896. С. 121].

Н. А. Аристовтың бұл пікірін 6 жылдан кейін жапон ғалымы К. Сиратори қытай жылнамасында сақталған үйсіндердің атақ-лауазымын оқып шыққаннан соң қолдайды [*Shiratori K. Uber die Wu-sun Stamm in Zentral Asien // Keleti Szemle. 2–3. Budapest, 1902. P. 103–140*]. Одан кейін бұл пікір Ф. Хирт, О. Франке, И. Маркварт, П. Пеллио, т. б. ғалымдар тарапынан қолдау тапқан.

5. “*Үйсіндер* – түркі тілді көне тайпа” деген пікірді қолдап, қытай иероглифімен жазылған көне үйсін атак-лауазымдарын оқып, айқындай түскен ғалымдардың бірі Ю. А. Зуев. Бұл автор көне үйсін тайпасының түркі тілдес екендігін, иран тілді асиан-осетиндермен генетикалық қатынасының жоқтығын дәлелдеп, олардың б. з. д. I ғасырдың соңында сюнну-гуннулар тарапынан түркіленгендігі туралы пікірді жоққа шығарады.

{Зуев Ю. А. К вопросу о языке древних усуней // Вестник АН КазССР. 1957. № 5}

6. “*Үйсін*” атауының шығу тарихы әлі анықтала қойған жоқ деп есептейтін ғалымдар көп-ақ. Бір ғалымдар оны рулық тотемі қарғадан шыққан деп жорамалдайды. Мысалы, Ю. А. Зуев: “Древние китайцы при передаче иноземных наименований вкладывали в их транскрипцию определенный смысл. Здесь транскрипция *у-ши* имеет значение “поколение вороны”, аналогичное со значением *у-сунь* – “потомство вороны”. Термин *усунь* (*уйсин*, *уйшун*, *ушин*, *уйсын*, *усын* и т. д.) до сих пор не расшифрован, поэтому его действительный смысл остается загадкой. Но наличие “вороны” как родового тотема у древних усуней несомненно. По усуньским преданиям, родоначальниками усуней были ворона и вол (Н. Я. Бичурин). Этот факт нашел отражение в тамге усуней – *ашина* (*ошин*), на которой также изображена ворона” – дей келіп, автор: “Не имея возможности подробнее остановиться на вопросах единства усуней с племенем гуннского происхождения ашина, скажем лишь, что достоверность известий о первоначальном проживании *ушинов-усуней* в Аньдине-Пинляне (на “Вороньей реке”) подтверждается одной из древних ашинских легенд, по которой “предки туцзюэского” (тюркского) дома *Ашина* произошли от смешанных *хуских* (гуннских) родов, прежде кочевавших в Пинляне” (С. 14), – деп көрсетеді. Бұдан аңғаратынымыз: үйсіннің шығу тегі аңыз бойынша да, жасаған табиғи ортасына байланысты да гундардың ху руымен байланысты.

7. *Үйсіндердің* мекендеген орын-жайы да олардың гун тайпасымен тығыз қарым-қатынасын айқындай түседі. Ю. А. Зуев бұл туралы былай дейді: “Совершенно самостоятельные сведения о древнем местожительстве усуней в системе гуннских племен сообщает Сыма Цянь и Бань Гу со слов Чжан Цяня. Во второй половине II в. д. н. э., когда усуней находились уже в Семиречье, Чжан Цянь, обосновывая необходимость совместной борьбы китайцев и усуней против сюнну-гуннов писал в докладе императору: “Прежде усуней находились рядом с Большими юеи между Цилянью и Дуньхуаном. Ныне они усилились,

но щедрими арами можно склонить их переселиться на восток, для проживания (а прежних землях”.

[Цянь Ханьшу, цз. 96 б. С. 1281]

Алайда бұл шараны император жүзеге асыра алмайды. Оның себебін Ю. А. Зуев үйсіндер мен сюнну-гунн княздарының жақындығына байланысты еді, яғни: “Под близостью сюнну-гуннских и усуньских князей надо, видимо, почитать их генеалогическое родство в системе гуннского союза”, – деп көрсетеді (С. 16).

8. *Үйсіндер* мен Үйсін жері туралы дерек “Тоныкөк” ескерткішінде де кездеседі. Онда: “войска Тоныкука разрушили двадцать три города и остались на жительстве в земле Усын-Бундату”, – деп көрсетіледі.

[Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности. М.-Л., 1951. С. 66]

9. “*Үйсін // усун* – ежелгі түркі тайпасы. Қазақ халқының қалыптасуына негіз болған тайпалардың бірі. Шежіре деректері Үйсінді Шыңғыс хан заманындағы Майқы биден таратады. Ботпай руынан шыққан Диканбай батырдың шежіресінде (Н. Аристов жазбасында) Майқы биден – Қаңлы, Бактияр, Қырықжүз, Мынжүз. Бактиярдан – *Үйсін*, Ойсыл. Үйсіннен – Ақсақал (Абак), Жансақал (Тарақ). Абактан – Қараша, одан – Бөйдібек, Баитулы – Ұлы жүздің негізін құраған тайпалар Бөйдібектің балалары болып саналады. Олар: Албан, Дулат, Суан, Шапырашты, Сарыүйсін, Ошақты, Ысты”.

Ш. Уәлихановтың жазбаларында *Үйсін* – бұл тайпалардың ғана емес, Ұлы жүздің барлық тайпасының түп атасы. Онда Төбейден – Үйсін, одан – Қойылдыр (Қатаған, Шанышқылы), Мекрейіл (Жалайыр), Майқы (Абак), Қоғам (Қаңлы)... Шығыстағы Орхон-Енисей жазба ескерткішіндегі деректер үйсіндердің исседондармен туыс екендігін дәлелдеп, оларды Тянь-Шань және Шығыс Түркістан тармағы деп бөледі. Б. з. VI ғасырында Үйсін этнонимі тарихи әдебиеттерде кездеспейді де, XIII ғасырда Рашид әд-дин шығармасында Шағати қолы астындағы халық болып жазылады. Үйсін қырғыз, қарақалпақ халықтарының құрамында да бар. Үйсіндердің шығу тегі, таралуы, тарихтағы рөлі жөнінде талас пікірлер көп.

[Үйсін // ҚСЭ. 11-т. Алматы, 1977. 401-б.]

10. Н. Я. Бичурин: “...В это время (III в. д. н. э) в Семиречье сложилось большое государство *Усунь*, территории которого простиралась от р. Чу до юго-Западной части Тянь-Шаня и от озера Балмац до южного побережья озера Иссык-куль, а его Западная граница доходила до р. Талас. Главная ставка Усуньского правителя (гуньмо)

находилась в гор. Чигу на юго-восточном берегу озера Иссык-Куль”, – деп көрсетеді.

[Бичурин Н. Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т. I. М.-Л., 1950; Т. III. 1953. С. 171; Ч. 2. С. 258]

11. Н. Я. Бичуриннің анықтамасы бойынша: “*Үйсін* – б. з. д. III ғасырдан б. з. VI ғасырына дейін Темір-Нардан Төңір тауының солтүстік қапталына, шығысында – Суйлай-хань аймағына дейінгі өлкені алып жатқан иелік”. Қытай тарихи жазбасында *Үйсін* көне замандағы Ауғанстанды мекен еткен *Сэ (сақ)* халқының бір тайпасы деп те көрсетіледі. Тағы бір деректе: *Үйсіндер* Қытайға қызмет етіп, моңғолдарға қарсы соғыс жүргізіп, әбден әлсіреп, VI ғасырда өз жерінен Жуалы тауға (қытайша Цунлин – Памир) қоныс аударып, мүлдем жоғалып кеткен тайпа” делінеді.

Осы деректерге байланысты Б. Қожабекұлы: “...Үйсіндер Памирге аумаған, бірақ олардың түп аталарының-дадаларының тармағы сақтар сол аймақта б. з. д. де мекендегенін өлем жұрты біледі”, – деп ескертеді.

[Қожабекұлы Албани Б. Қазақия. Алматы, 1998. 51-б.]

12. *Үйсін* атауы **кун* деген түбірдің алдымен “*үйсін*” сөзіне, одан **усуньге*, одан **үйсінге* өзгеруінен пайда болған деген де болжам бар. Оны ұсынып отырған тарихшы ғалым Нығметжан Мұхаметханұлы: “*Усунь-усунь*” деген қытай сөзі емес, бұл “*үйсін*” атауының қытайша жазылуы ғана. Бұл туралы Қытайдың б. з. д. VIII ғасырдағы мәліметтерінде жазылған. Олай болса үйсіндерді иран тектес деген тұжырым қате”, – деп көрсетеді. “Мемлекеттікке келетін болсақ, нақты қытай деректері бойынша, Қазақстан жерінен *үйсін, қаңлы, алан* (алшын) мемлекеттері бастау алады. Бұл жөнінде қытай деректерінде ресми “мемлекет” деген сөз анық жазылған”, – деп дәйектей түседі өз пікірін автор.

[Мұхаметханұлы Н. Қазақ мемлекеттігіне қанша жыл? // Жалын. 2004. №3. 56–57-66.]

13. “Славяндар үйсіндерден шыққан...” деген де пікір бар. Белгілі қазақ жорналшысы Марат Барманқұлов өзінің “Түркі әлемі” деген еңбегінде орыс (славян) тілінде көптеген түркі сөздерінің бар (мысалы, солардың бірі *книга*) екендігін айта келе, Қытай деректеріне сүйеніп былай деп көрсетеді: “Все это позволяет реанимировать еще одну версию происхождения славян, версию китайскую, почти не разбираемую в русской историографии, так как по китайской версии славяне – это усунни, которые жили на севере Китая, в нынешней Монголии, оттуда были переселен-

ны в Тибет, откуда бежали в Луковые горы, на Памир, из Памира далее на запад, где стали их называть *русскими*". Автор бұл келтірілген Қытай мағлұматын айқындай түсу үшін орыс ғалымы Н. В. Кюннердің пікірін де қоса келтіреді: "Даже книга Н. В. Кюннера, увидевшая свет в количестве всего 1200 экземпляров, названа так, что там нет слов "Русь", "славяне" – "Китайские известия о народах Южной Сибири, Центральной Азии и Дальнего Востока" (М., 1961). Между тем, Н. В. Кюннер цитирует не менее четырех древних китайских источников, где русские именуются *олосы*, Уральский хребет – *Ула-лин*, столица *Олосы* – *Мосухэва*, Алтай – *Цзяньшань*, Волга – *Форгэхэ*, Кавказ – *Гао-цзясу*. В труде Хэ-Цю-тао "Шофань-бэйгэн" черным по белому написано: "Старое государство *Усунь* первоначально также находилось между Циняном и Дуньхуаном. В старину жители *олосы* называли себя *лаоцян* (старые цяны, т. е. тибетцы. Отсюда переселились к Цунлину (Луковые горы или Памир). Но *олосы* впервые появились на западе от хребта Ула (Уланлин, или Уральский хребет). Так как Улалин есть северо-западный отросток Цунлина, то русские именно переселенцы племени *усунь*. Это точно может быть доказано" (С. 109), – деп көрсетеді.

Н. В. Кюннердің келтіріп отырған бұл деректерін М. Барманқұлов ең көне кезде (б. з. д. 71 жыл) қытайлар орыстарды *олосы* – "*орыс-үйсіндер*" деп атайтын еді деп нақтылай түседі (С. 65–66). *Үйсін*, орыс этностық тарихын зерттеушілер үшін бұл да бір қызықты болжам [Барманқұлов М. Тюркская вселенная. Алматы: Білім, 1996. С. 65].

14. *Үйсін*. "...Күллі Адамзат тарихы Шығыс бәйтерегінің алтын бұтақтарының бірі – көне *ғұн* (б. з. д. VII – б.д. III ғғ.), *Үйсін* империясынан (б. з. д. V – б. д. VI ғғ.) тікелей тарап, өрбіген (арасын ғасырлар үзіп тұрса да). *Үйсін* (б. з. д. V–IV ғғ.) – *Дәу би* (б. з. д. 178 жылы қайтыс болған) – *Елсау би* (б. з. д. 178–104 жж.) – *Нулы би*, *Дулуы* (Дулу, Дуло) би – *Майқы биге* (б. з. д. I – б.д. I ғғ.) келіп тірелетін, содан "*Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би*" деген өсиет санаға сіңіп қалған, *түп атасы – Үйсін*, *өз атасы – Қараш*; *дәулетін жайған өлкесі – әрісі Сырдария алабынан Алтай, Ертіске, Сарыарқа жазирасына, Еренқабырға тауларына дейін жетіп-қайтып отырған; берісі Қаратау, жеті Алатау мен Ұлытаудың арасынан кеңінен кетіп жатқан; өз кіндігінен тараған ұрпақтары бұл күндері Жеті Арыс ел (Сарыүйсін, Шапырашты, Ысты, Ошақты, Албан, Суан, Дулат) болып өсіп-өркендеп отырған Қарашұлы Бөйдібек VI–VII ғасырларда Үйсін мемлекетінің ішінде ірі тайпалық одақ құрып топтастырған, кейінірек өз ұлысының әр тармағына жерін, дәулетін, рухани, мәдени қазыналарын жеке-жеке үлес қып беріп, қазірге жеткен тайпаларды қалыптастырып кеткен тарихи тұлға – *Ел басшысы, Көреген Көсем*,*

білгір Дана, ұлы Баба деп айта аламыз”, – деп көрсетеді “Бәйдібек Баба – Алып Бәйтерек. Ұрпақтар шежіресі” (Алматы: Өнер, 2000. 15-б.) атты шежіреде.

15. **Үйсін** – қазақтың халық болып қалыптасуына негіз болған үлкен ұлыс. Ежелгі *үйсіндер* өздерінің ел басшыларын би деп атаған... *Үйсін* туралы Қытай жылнамаларында осыдан екі мың жыл бұрын мәлім болған... Тарихшы-шежіреші Мұхамеджан Қаратаев: “VIII ғасырдан бастап XII ғасырға дейін 500 жылдай *үйсін* атауы тарих бетінде кездеспей қалады”, – деп көрсетеді шежіреде.

[Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. Ташкент, 1994. 35-б.]

16. **“Үйсін”**: “Ұлы жүздің ұранына айналған *Бақтияр* (шын аты – *Мостянхан*, *Бақтияр* – лақап аты) – *Майқы* бидің үлкен ұлы. Одан *Ойсыл*, *Үйсін* деген екі ұл туады. *Майқы* би немерелері ер жеткенде еншісін беріп, *Ойсылды* Ыстықкөл өңіріне, *Үйсінді* Іле бойына қоныстандырады. Кейін *Үйсін* ұрпақтары (*Албан*, *Суан*, *Дулат*) өртүрлі себептермен Бәйдібек байдың ішіне келіп паналайды”, – дей келіп шежіреші: “Ескі **Үйсіннің** аты бұрын *Ойсыл*, *Үйсін* деп қатар айтылып жүрсе, енді *Ойсыл* атауы жойылып, тек *Үйсін* атауы ғана қалады. Ел ішінде *Үйсін* атауы, кейін **Үйсін** деп атанып кетеді. Сондықтан шежіре деректерінде **Үйсін** екі мағынада айтылады; бірінші **Үйсін** – көне **Үйсін** тайпасының тарихи аты болса, екінші **Үйсін** – *Майқы* бидің немересі – *Үйсінді*ң билік құрған ұлысының аты, немесе бұл ұлыс *Үйсін* (*Үйсін*) атымен аталатын болады”, – деп көрсетеді.

[Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. Ташкент, 1994. 37–38-бб.]

17. **“Үйсін елінің сүйегі – моңғол-татар”** деп көрсетеді Әбілғазы шежіресінде. “Адам атадан Нұх пайғамбарға дейін 9 буын: Нұхтан Яфас, одан – *Тұран*, одан – *Түрік*, оның сегізінші буыны – Оғыз хан, оның алтыншы буыны – *Қиян* (*Қият*). Бұл моңғолдың түп атасы. Бұл шежіреде Оғыз хан ат қойған *Қаңлы*, *Қыпшақ*, *Қарлықты* түрікке жатқызып, **“Үйсін елінің сүйегі – моңғол-татар”**, – деп көрсетіледі.

[Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. Ташкент, 1994. 22-б.]

18. “Негізінде **Үйсін** жұрты I ғасырдың басынан бастап-ақ екі тармақта болғандығы айтылады. Үлкен күнбиіне қараған жер – оңтүстік өңір, Ыстықкөл аймағы, Кіші күнбиіне қараған жер – солтүстік өңір, Жетісу жазығы болды. Оны шежіре жазушылар *Ойсыл*, *Үйсін* деп атаған болу керек” деп көрсетеді шежіреші.

[Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. Ташкент, 1994. 38-б.]

19. **Үйсіндердің:** “Үйсіндерді (вусун, уу-сүн) батыста Серлер деуші еді. Олар исседондармен (юечилер) бірге қытайдың Ганьсу аймағындағы мекендерін тастап, м. б. (миладиден бұрынғы) 176 жж. шамасында Орталық Азияға ауады. Олкотт **үйсіндерді** түркі тілді, бірақ моңғолтекті халық дейді [Olcoett Martha B. The Kazakhs. Hoover Institution Press. Stanford, USA, 1987. P. 5]. Кейбір ғалымдар оларды (үйсіндерді. – Ә. Қ.) Шығыс Иран халықтарына жатқызады [Қазақтар. Қазақ даму институты. I том. Алматы, 1998. 26-б]. Антропологиялық зерттеулерде үйсіндердің сак тіліне жақын, яғни еуропалық бейнелі халық болғаны анықталған”, – деп көрсетеді автор.

[*Бұлұтай М. Ж.* Ата-баба діні. Түріктер неге мұсылман болды. Алматы: Білім, 2000. 32-б.]

20. **Үйсін:** “В III в. д. н. э. образовались племенные объединения, где ведущее положение заняли племена **Усуней** и **канглы**. Они были потомками обитавших здесь (в Казахстане. – Ә. Қ.) сакских племен. Их курганы во многом сходны с более древними памятниками Семиречья и Тянь-Шаня, принадлежавшими сакам. Усуны занимали Семиречье, Канглы – Юг Казахстана, долину среднего течения Сырдарьи, предгорья Каратау”, – деп көрсетеді.

[*Бекмаханов Е., Бекмаханова Н.* История Казахской ССР. Учебное пособие для VII–VIII классов. Алма-Ата, 1978. С. 11]

ОЙСЫЛ

“**Ойсыл** – **Үйсіннің** бір тармағы” – делінеді шежіреде. Ойсыл тармағынан осы күнгі *Ошақты, Шапырашты, Ысты, Сіргелі* тайпалары өсіп шығады.

Осы шежіреде: “Ойсылдың отыз ұлы болды”, – дей келіп, – “Ойсыл ұрпақтары өз шежіресін хан Жәнібектің билігі жүрген жылдардан бастайды”, – делінеді.

[*Сәдібеков З.* Қазақ шежіресі. Ташкент, 1994. 38-б.]

ЖАЛАЙЫР

1. “**Жалайыр** – Ұлы жүздегі тоғыз арыс елдің бірі. Қоныстары – Балқаш көлінен Жоңғар Алатауына дейін, Іле мен Қаратал өзенінің аралығы. Әкімшілік жағынан Қапал, Жаркент уезіне (ертеректе. – Ә. Қ.) қарады. Ақмешіт, Әулиеата, Шымкент, Ташкент уездерінде де болды... 1899 жылғы санақ бойынша Жалайыр тайпасы 17 мың түтін екен.

Диканбай батырдың айтуымен жазылған (Н. Аристов жазып алған) *Ұлы жүз шежіресі* бойынша, Үйсіннен – *Ақсақал* (Абақ таңбалы), *Жансақал* (Тарақ таңбалы). Соңғысынан – *Жалайыр*, одан Сырманақ, Шуманақ; Шуманақтан – Андас, Мырза, Қарашапан, Орақты, Ақбұйым (Арықбұйым), Қалпе, Сыпатай; *Сырманақтан* Арықтыным, Байшегір, Сыршы, Балғалы, Қойшылы, Күшік – барлығы 13 ата *Жалайыр* болып таралады.

Көне жазбалар бойынша, *Жалайырдың* арғы атасы – Мерке, одан *Шуманақ* пен *Сырманақ*. Бұл ағайынды рудың бірі Сырдың бойын, екіншісі Шу мен Таластың бойын мекендеген... Рашид әд-диннің жазбасында Жалайырдың 10 руы аталады. Бірақ бұлардың бірі де қазақ шежіресі тарататын *Жалайыр* аталарына ұқсас емес. Олар *джаит*, *күнқаут*, *оймауыт*, *тоқраут*, *санқұт*, т. б... *Жалайырдың* таңбасы – “тарақ таңба”, ұраны – “*Бақтияр*”.

[*Қожабекұлы Албани Б.* Тарихи таным.
Алматы: Ататек, 1994. 189–190-бб.]

2. *Жалайыр*: “Моңғол тарихшысы Санан-Сесеннің мәлімдеуінше, *жалайырлар* моңғолдың көп те күшті Еке-моңғол (ұлы моңғолдар) деген тобынан тарайды. *Жалайырлар* Шыңғыс ханның билік құруының бастапқы кезеңінен-ақ соның жағында болып, оның Қытайға, Тибетке, Түркістанға және Персияға жасаған жорықтарына қатысады. Шыңғыс ханның Қытайды бағындырған даңқты қолбасшысы Мұғұлы-Говон осы *жалайыр* руынан шыққан. Жалайырлар Шыңғыс ханның кезінде де, кейін де 4 топқа бөлінеді: *бірінші тобы* Моңғолия, Қытайда, *екінші тобы* Жошы балаларына беріліп, аңыздар бойынша Шу өзені орта ағысының шығысына орналасып, “*Шу манақтары*” деп аталады; *үшінші топ* Шыршық және Ангрен өлкелеріне қоныстанып (ол тарихта “Жалайыр ордасы”, кейде “*Сыр манақ*” деп аталады) деген атпен белгілі; *төртінші топ* Құлағу ханмен Персияға кетеді.

Әдепкіде Ә. Темірді жақтаған *жалайырлар* 1370 ж. оның қарсыласы Дулаттар жағына шығады. Сол Темір *Жалайырлар* елін тас-талқан етіп, талан-таражға салады. Жалайырлардың Персиядағы тобы Иранда жетекшілік рөл атқарған, тіпті *Жалайырлар* династиясы бір кезде Солтүстік Персияда, Бағдатта патшалық құрған. Біздің *жалайырларды* Шу манақтар құрайды; оларға 1370 жылы Сыр манақ босқындары келіп қосылады. *Жалайырлар* тарихымыздың барлық кезеңдерінде Ақ орда (Ежен Ордасы) деген атпен белгілі, Жошы ұлысының шығыс бөлігін мекендеген; Темір заманында Шу манақтар Орыс хан мен оның ұлдарының әскерінің негізін құрған. Онан сұлтанның ұлы Ораз Мұхаммед және оның серігі *жалайыр* Қадыр қарашы (қарашы – министр дегенмен парапар) 1588 ж. Сібірде орыстарға тұтқынға түсіп, Мәскеуге жіберіледі. Қадыр Ораз Мұхаммедтің шежіресін жасай-

ды. Бұл кезде жалайырлар Ұлытау, Көкшетау маңайын мекен еткен болу керек. *Жалайырлар* 1723 жылғы қырғынның алдында аңыздар бойынша Шу бойына қайта оралғанға ұқсайды. *Жалайырлар* қалмақ шапқыншылығынан Бетпақдалаға қашып, басқаларға қарағанда аз шығынданған болу керек. Олар жоңғарларды жерімізден қууға белсене атсалысады. 1757–1758 жж. Аягөз өзенінің төменгі сағасында тұрған *жалайырлар* қазіргі мекеніне, Қапал уезіне көшіп келеді”, – деп көрсетеді тарихшы.

[*Тынышбаев М.* Қазақ халқы тарихынан мәліметтер. Қарағанды, 1990. 4-6.]

АЛБАН

Албан – Ұлы жүз құрамына жататын тайпа. V–VII ғасырларда Жетісу өңіріндегі ежелгі Дулу (Дулат) тайпасы билеген “*Юебань*” одағына кірген. Бұрынғы орыс ғалымдарының жазба еңбектерінде *Атбан*, *Адбан*, *Адман* деп кездеседі. Қазақстанның кей жерлерінде *Абдан* түрінде кездеседі. Ұлы жүздің өзге тайпаларымен бірге XIV–XV ғасырларда **қазақ** халқының құрамына енді. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында *Албан* тайпасының рулары Жаркент, Верный уездерін мекендеді. 1889 жылғы дерек бойынша Албандар – 15426 түтін. Қазір де сол жерлерде: негізінен Алматы облысының Еңбекшіқазақ, Кеген, Нарынқол, Ұйғыр, Шелек аудандарын мекендейді.

Қазақ шежіресі бойынша, Бөйдібектің тоқалы – Домалақ ененден (Нүрила) жалғыз ұл – Жарықшақ. Одан үш ұл – *Албан*, *Дулат*, *Суан*. *Албан Сары* және *Шыбыл* деген екі тармаққа бөлінеді. *Сарыдан* – *Сүйерқұл*, *Сүйменді*. Сүйерқұлдан – Сегізсары, Сүймендіден – Айт, Бозым, Қыстық. Шыбылдан – Қызылбөрік, Қоңырбөрік, Құртқа, Мамай...

Албанның ұраны – *Райымбек*, таңбасы – ♀ (“*дөңгелек таңба*”). Басқа түркі халықтарының (өзбек, қырғыз, қарақалпақ, т. б.) құрамында да “Албан” деп аталатын рулар бар...

[*Қожабекұлы Албани Б.* Тарихи таным. Алматы: Ататек, 1994. 181-б.]

Албан>*Албания*: Егер Албания елін Албан тайпасына қатысты этнос деп қарайтын болсақ, онда Франция королі ІХ Людовиктің тапсырмасымен Моңғолияға, т. б. Шығыс елдеріне жасаған Гильом де Рубруктың (XIII ғ.) саяхатына арнаған шығармаларында төмендегідей қызық деректер де кездеседі. Мысалы, XI тараудың “Бату хан ордасына бағышталған” әңгімесінде:

“Вся эта страна от Западной стороны того моря, где находятся железные ворота Александра и горы Аланов, до северного океана и Болот Меотдин, где начинается Танаид, обычно называлась *Албанией*”, – дей келе автор сілтемеде оған былайша түсіндірме береді:

“Это определение *Албании* взято Рубруком из Исидора Севильского, который в своих знаменитых “Этимологиях” (Кн. XIV. С. 501) пишет: “*Албания* называется так от цвета народа, который имеет светлые (*alba*) волосы; она начинается на Востоке у Каспийского моря и простирается через степи и леса вдоль берега Северного Океана до Меотидских болот. В этой стране имеются огромные собаки, столь свирепые, что хватают быков и повергают львов”. О свирепых собаках Албании рассказывают многие средневековые авторы. Основой этих рассказов, так же как и сообщения Рубрука, являются сведения об использовании палеоазиатскими племенами собак для транспорта”, – делінеді.

[Путешествие в восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрука. Алматы: Ғылым, 1993. С. 103, 209]

Албан: “...Кавказ тауы, кәдімгі Тигр мен Ефрат, Аракс өзендері бас алатын Арарат тау сілемін мекен еткен Албан есімді халық ғұмыр кешкен”.

Автор Б. Қожабекұлы Албани өзінің бұл пікірін былайша дәлелдеуге тырысады: “Бұл халық Кавказда тек атауы ғана қалып, өзі жойылып кеткен, бірақ ол қазақ халқының құрамында (жарты миллиондай) сақталған (263-б.), тілі – қазақ тілі”, – деп *Албандар* мен *Албания* тарихына байланысты мынандай деректер келтіреді:

“Кавказ Албаниясының халқы біздің заманымыздан бұрынғы бірінші ғасырда Армения, Грузия халықтарымен үзеңгілесе отырып, римдіктердің Закавказьеге жасаған басқыншылықтарына (Лукулл, б. з. д. 69–67 жж.; Помпей, 66–65 жж.) қарсы күрес жүргізді. Б. з. III–V ғасырлары арасында феодалдық қатынас орнатып, христиандықтың мемлекеттік дін ретінде қалыптасуын жеделдетті”.

“V ғасырда Кавказ Албаниясы Сасани әулетіне қарсы күреске белсене қатысты. VI ғасырда Сасани әулеті Албан патшаларының ұрпағын жойды, бірақ ұзаққа созылған күрес нәтижесінде Кавказ Албаниясы VII ғасырда тәуелсіздігін қалпына келтіреді. Сол кезде оның көрнекті билеушісі Джеваншир Гридиманский (630–670) болды...” деген деректерді келтіріп, оларды былайша талдайды:

“*Албания* – Кавказдың шығыс бөліктерінде бүгінгі Әзірбайжан, Дағыстан жерінде құрылған мемлекет. Бүгінгі Дербент – *Албан* аталса, оның маңындағы *Чоло* мен *Чога* қалаларын заманында екі құрлық арасындағы “*Кавказ қақпасы*” атаған”.

Автор Страбон еңбектерінің он бірінші кітабының төртінші тармағынан:

– Мұхит жағалауларынан Кавказ таулы қыратына қоныс аударған киіз үйде тұратын көшпенді скифтердің (сақтардың) қатарында албандардың да болғандығын ескертеді... Кир өзені Албанияны басып өтеді;

– Албания адамдары сұлулығымен, ұзын бойлығымен ерекшеленеді, қарапайым, қайырымды;

– Албандар ибериліктерге қарағанда әскерді мол ұстайды, алпыс мың жаяу әскерді, жиырма екі мың атты жасақты қаруландырып, Помпейге қарсы шыққан да солар:

– Албандықтар мал ұстауға бейім, әрі көшпенділермен көрші, қошына, бірақ тағы халық емес;

– Албанияда бұрын әр тілде сөйлейтін тайпаларды жеке патшалар билеген, енді 26 тілде сөйлейтін бүкіл тайпалар бір патшаға бағынады:

– Аугенбург ғалымы Конрид Пейтингер (1547 ж. өлген) б. д. II–IV ғасырында жасалған картадан Албанияның тарихи географиясынан баға жетпес мөлімет тапқан; Кавказ тауы албанымен Қазақия көрші елдер, т. б. осы сияқты деректерді санамалап көрсетеді”.

[Қожабекұлы Албани Б. “Қазақ албандары” деген әңгімесінде].

СУАН

“*Суан* – Ұлы жүз құрамындағы ежелгі тайпа, он бір арыс елдің бірі. Шежіре деректері бойынша Бәйдібектің екінші әйелі Домалақ енеден – *Албан*, *Суан*, *Дулат*. Суандар Дулу (Дулат) тайпасының одағына кіреді... 1867–1868 жылғы санақта Суандар 1025 түтін болған. Таңбасы – “дөңгелек”, ұраны – “*Райымбек*” деп көрсетеді энциклопедия.

[ҚСЭ. 10-т. Алматы, 1977. 431-б.]

ДУЛАТ

Дулат//*Дулу*//*Дулуг*//*далу*//*Далуг*//*Доглат* – қазақ халқының этностық құрамына енген көне тайпалардың бірі. Н. Я. Бичуриннің, т. б. айтуы бойынша б. з. II ғасыр бұрын өз алдына хандық құрған *Үйсін* (Усунь) тайпалар одағында *Дулу* тайпасы да болған... *Дулу* (бертін келе *Далуг*, *Доглат*) алғашқы Түрік қағандығын құрғанда зор рөл атқарған. С. Е. Маловтың баяндауынша Күлтегін құлпытасындағы көне түркі жазуында ағайынды Бумын қаған мен Естеми қаған *Дулу* болған.

Кейбір ғалымдардың зерттеуінше *Дулулар* ғұндардың құрамындағы елеулі тайпалардың бірі болған.

Дулулар Түрік қағандығы кезінде (VI–VIII ғғ.) бес арыс елге бөлініп, Жетісу өлкесіне ықпалын жүргізген. Олар моңғол дәуіріндегі ірі тайпалардың бірі... XV–XVI ғасырларда Дулаттардан Мұхаммед Хайдар Дулати (“Тарих-и Рашидидің” авторы), Махмұд Жорас, Әмір Уәли сияқты оқымысты-ғалымдар шыққан.

1. Қазақ шежіресінде: *Дулу//Дулаттар* – Ұлы жүз құрамына жататын ірі тайпалардың бірі. 2. Н. А. Аристов жариялаған шежіреде Үйсін Бәйдібектің үшінші әйелі Домалақ енеден (Нұриладан) туған Жарықшақтың үш баласы – *Албан, Суан, Дулат*. Дулат тайпасының таңбасы – ♀ “*Дөңгелек*”.

[ҚСЭ. 4-т. Алматы, 1974. 41–42-бб.]

Дулат – қазақ халқының этностық негізін құрушы көне түркі тайпаларының бірі. “*Дулат*” атауы ғылыми әдебиеттер мен басқа да бұлақтарда түрліше жазылып келгендігі белгілі. Олар төмендегілер:

Дулат – қазақ тіліндегі әдебиеттерде *Доглат* // *доглат* деп берілген. Оған мысал: “автор “Тарих-и Рашиди” Мирза Мухаммад Хайдар доглат” (*Юдин В. П.* Центральная Азия в XIV–XVIII веках глазами востоковеда. Алматы, 2001. С. 179–221).

Дулат>*Дулы*: “III–IV ғасырларда *Үйсін* мемлекетінің әйгілі ханбиі Елсаудың (б. з. д. 178–104 жж.) екінші ұлы *Дулы* бидің ұрпақтары бастап барған, құрамында Ғұн тайпасының ержүрек жауынгерлері бар қалың әскер Батыс Даласынан асып, Батыс Еуропа елдерін бағындырғаны белгілі. Осы өлкеде құрылған жаңа мемлекеттер халқы өздерін Дулының ұрпағымыз, дулылармыз дейді”, – деп көрсетелі шежіре.

[Бәйдібек Баба – Алып Бәйтерек. Ұрпақтар шежіресі. Алматы: Өнер, 2000. 11-б.]

Дулат: Үйсіннің Бәйдібек бабасының үшінші әйелі Домалақ (Нұрила) анадан Жарықшақ, одан *Албан, Суан, Дулат* аталып үш тайпа ел тарайды.

Дулаттан – *Ботпай, Шымыр, Сиқым, Жаныс*. Бұл атаның ұрпағы Қазақстанның Шымкент, Жамбыл, Алматы облыстарына тараған.

Дулаттан қазаққа әйгілі Төле би, Балұан Шолақ, Кенен Әзірбаев, Тұрар Рысқұлов, Бауыржан Момышұлы, т. б. кемеңгер ұрпақ тараған (Қазақия, 160-б.).

**Дулат* сөзінің төркіні “Дулатып от жақ, осы-ақ дулатып жүреді екен” деген жалынды, отты мағынаны меңзейді...

Бұл пікірдің авторы Б. Қожабекұлы Албани: “Үйсін мемлекетінің Күнбиінің үлкен ұлының ортаншы баласы – ерекше бітімді жаралған, аса алғыр, зерек, ерен келбетті немересі *Дулуга* көңілі ауады, бірақ оған билік қалдырса, бауырлары мерт қылар деген күдікпен екі үлкен немересіне еншіге он мыңнан үйірлі жылқы беріп, нөкер қосып, Хан ордасынан бөліп, Дулуғаны Іле бойындағы *Шыгу* (Чигу-Чень) қаласына қондырады. Көне жазбаларда бұл ел – *Далу*, *Дулу*, *Далуг* делініп, бергін келе, *Дұлгат*, *Доглат*, *Дулат* аталады”, – деп көрсетіп, Дулаттың атын оның “дулатып, дуылдатып жүретін” мінез-құлқына байланысты қалыптасқан деп қарайды.

[*Қожабекұлы Албани Б.* Қазақия. Алматы: Ататек, 1998. 151-б.]

САРЫҮЙСІН

Сарыүйсін – б. з. б. III ғасырдағы Сақ тайпасының құрамындағы ірі ел. Ол – Дулаттың “ағасы”, *Албан*, *Суан*, *Дулаттың* “атасы”.

[*Сәдібеков З.* Қазақ шежіресі. Ташкент, 1994. 23-б.]

***Сарыүйсіндер* үстемдік құрған дәуірде оған тәуелді болған *Үйсін*, *Қаңлы*, *Қыпшақ*, *Оғыз* (сегіз оғыз, тоғыз оғыз), *Арғын* (Қарлық), *Алшын* (Қарақырғыз) тайпалары *Алаш* туы астында бас қосқан...”, – деп көрсетеді шежіреші.

[*Сәдібеков З.* Қазақ шежіресі. Ташкент, 1994. 34–35-бб.]

ШАПЫРАШТЫ

“*Ойсылдың Жарымбет* деген баласының *Мапыраш* (Майраш) деген бір әйелінен шапыраш көз бала туады. Сондықтан оны *Шапырашты* деп атаған”, – делінеді шежіреде.

[*Сәдібеков З.* Қазақ шежіресі. Ташкент, 1994. 23-б.]

ЖАНЫС

***Жаныс* – Ұлы жүз Дулат тайпасынан тарайтын ірі төрт рудың (*Ботпай*, *Жаныс*, *Шымыр*, *Сиқым*) бірі. 1867 жылғы санақ бойынша, Әулиеата, Верный уездерінде 700 үй, Шымкент, Ташкент, Перов уездерінде 337 үй болған. Жаныстардың рулық төл таңбасы – “*Ілмек*” (➤), ұраны – “*Төле*” – делінеді энциклопедияда.

[*ҚСЭ.* 4-т. Алматы, 1977. 278-б.]

СІРГЕЛІ

*“*Сіргелі* – тайпа, Ұлы жүз құрамындағы 11 арыс елдің бірі, Қазақ шежірелеріне қарағанда *Үйсінмен* бірге туған. Ақарыс – Кейкі – Төле би – Майқы – Бақтияр, одан – Ойсыл, Үйсін. Сіргелінің таңбасы – мұрындық, сірге – **Н**. Бұдан өзге де таңбалары бар **З**, **+**, **Ψ**. Бұлар “қурай таңба” деп аталады...”, – деп көрсетіледі энциклопедияда.
[ҚСЭ. 10-т. Алматы, 1977. 501-б.]

*“Бестанбалы *Сіргелі* (сүргілі) деп Ойсылдың бес баласынан тараған елді айтады. Олар:

1. Жалмамбеттен – *Ошақты*,
2. Жарымбеттен – *Шапырашты*,
3. Жанастан – *Ысты*,
4. Бораштан – *Байұлы* (Бақтияр, Жайдақ, Қарабатыр, Байжігіт, Елібай, Жанабай, Айтбозым, Шалдар),
5. Тұрымбеттен – “*Үштаңбалы*” (Қайшылы, Тутаңбалы, Көңірдек)”, – деп көрсетіледі шежіреде.
[Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. Ташкент, 1994. 46-б.]

ОШАҚТЫ

*“*Ошақты* – Көне Үйсіннің Ойсыл деген тармағына жататын тайпа. Ойсылдың отыз ұлының бірі – Жалмамбеттің әйелі Қарашаш хан Жәнібек жасаған қырғында *Ошақты* деген баласын аман алып қашып, Үйсін Бәйдібек байға барып паналайды. Сол қырғында ол бала бір ошақтың ішіне барып тығылып қалған жерінен табылған екен, сондықтан ол *Ошақты* атанып кетеді”, – делінеді шежіреде.
[Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. Ташкент, 1994. 47-б.]

Ошақты туралы: “Қоңырат Қызыл сопының қызы, Нағанайдың қарындасы *Қарашаш* – Дулаттардың бабасы атанып жүрген Бәйдібек пен Домалақ анадан туған Жалмамбеттің келіншегі. Қолы ашық, дастарқаны кең, қазаны қашан да қайнап тұратын болған соң “*Ошақты келін*” атанған. *Ошақтылар* содан тараған. Ошақтылардың көнекөз қариялары өздерін *Қоңыраттың* жиеніміз дейді...”, – дейді шежіре мәліметі.

[Ысқақов С. Қоңыр атты Нағанай (Қоңырат шежіресі). Алматы: Рауан, 1995. 6–7-бб.]

ЫСТЫ

*“*Ысты* – Ұлы жүз құрамындағы 12 тайпаның бірі. Шежіре деректері бойынша, Бәйдібектің баласы Жалмамбеттен тарайды.

Сыланды анадан *Ысты, Ошақты. Ыстыдан – Жауатар*, одан *Ойық, Тілік, Көкшекөз, Ауызүсіген, Сәтек...* Ысты тайпасы орта ғасырларда қалыптасқан... 1868 жылғы санақ бойынша *Ыстылар* 7314 түгін болған... Ыстының таңбасы | “*Көсеу*”. Бұл таңба Қаңлы мен Қызылбөрікте бар. Ұраны “Жауатар”..., – делінеді ҚСЭ-де.
[ҚСЭ. 12-т. Алматы, 1978. 355-б.]

“*Ысты Жанас* деген Ойсылдың баласынан туған. Оның шешесі – Қоңырат Менде бидің қызы Жүпар бәйбіше. Ол Бәйдібек байдың қол астына барып, соған тиюге мәжбүр болады. Бәйдібек пен Сарыбәйбіше Сыландыны (Жүпарды) күн қатарында ұстайды, оның баласы ұдайы ыс-ыс болып жүргендіктен *Ысты* атанып кетеді”, – делінеді шежіреде.

[Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. Ташкент, 1994. 48–49-бб.]

ҚАТАҒАН

1. *Қатаған* – *шанышқылы* тайпасының ішіндегі ірі руларының бірі. Шанышқылының орнын Қатаған иемденуі Хан Тұрсынның ел басқарған кезінен басталса керек.

[Қазақ елі. 31 наурыз 2004]

2. *Қатаған* қырғыздарда да бар. ХІХ ғасырдың 30–40-жылдарында Қатағаннан Мұратбек деген акын шыққан. Ол Құндызда (Ауғанстанда) тұрып, ел басқарған.

[Карасаев Х. Қамуснаме. Бішкек, 1996. 401-б.]

3. *Қатаған* атауы атақты “Манас” жырында да кездеседі.

Күн батыш жағы четінде

Катаған деген бироо бар.

Дағы турар асылып,

Кундыз, Талкан жери бар.

[Қатаған // Қазақ елі. 31 наурыз 2004]

4. *Қатаған* тайпасы Рашид әд-диннің “*Жамиғ-ат тауарих*” шығармасында Алан Гоаның Букун – *Катаки* деп аталған үлкен ұлынан тараған деп көрсетіледі.

[Қатаған // Қазақ елі. 31 наурыз 2004]

5. *Қатаған* “Моңғолдың құпия шежіресінде” “*хатагин*” деген ру аты ретінде кездеседі. Шежіренің қазақша аудармасында: “Жүрхи жағынан Бүри бөх бұл тойды басқарысады. Ал, *Хатагин* руының бір

кісісі біздің керемізден шылбыр шешіп, ат ұрлап бара жатқанда ұсталып қалады”, – деген дерек кездеседі.

[Моңғолдың құпия шежіресі. Өлгий, 1979. 56-б.]

Бұл дерек Қатаған руының моңғолдардың арасында да болғандығын көрсетіп тұр.

6. **Қатаған** – XIII–XV ғасырларда Жошы ұлысымен бірігіп, кейін Өзбек ханның атымен “*Өзбек елі*” атанып кеткен түркі тайпалары (*Қырғыз, Қаңлы, Үйсін, Қытшақ, Қарлық, Аргын, Меркіт, Үйғыр, Найман, Керей*, т. б.) мен моңғол тайпаларының (*Қият, Қытай Маңғыт, Жалайыр, Қоңырат, Татар, Катаған, Көнегес, Борғы, Дүрмен, Барлас*, т. б.) бірі.

[Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. Ташкент: Узбекистон, 1994. 130-б.]

7. “**Қатағандар** қазіргі таңда (2004 ж.) Өзбекстанның Бұхара облысының Науайы ауданында, Наманган облысының Наманган ауданында, Самарқан облысының Иштихон, Пайрақ, Үргіт, Хатирчи аудандарында, Қашқадария облысының Шахрисабз, Яккабоғ аудандарында, Хорезм облысының Шоват ауданында тұрып жатыр. Қатағандар сондай-ақ Ташкент облысының Шыназ ауданына қарасты Жалдама ауылында, көршілес Оңтүстік Қазақстанның Келес өңірінде де кездеседі. Әбілғазының шежіресінде [Абдулғөзий. Шажарайі түрк. Тошкент, 1992. 174-б.]: “Ташкентте Тұрсын ханның қарамағында 2 жыл болдым. Сол кезде Есім хан Тұрсын ханды өлтірді. *Қатағанды* қырды” делінеді. Қатаған руы Ташкенттегі 12 қақпаның біреуін иелеген”.

[Қатаған // Қазақ елі. 31 наурыз 2004]

8. “**Қатаған**” сөзі өзбек тілінде қазіргі таңда “репрессия” – “қанды нәубет” деген мағынада қолданылады.

[Қатаған // Қазақ елі. 31 наурыз 2004]

9. “**Қатаған**” атауы (этнонимі) – ежелгі түркілердің тілінде “*қата*” және “*хан*” деген екі сөздің қосындысынан құралған сөз. *Қата* [qata] – 1) “раз, крат”, 2) “присоединять”, “передать” мағынасындағы [ДТС, 432] және *хан* мағынасындағы сөздер. Олар – **Қатаған** – бір-ақ рет кесіп айтатын хан дегенді білдіреді” дейді автор.

[Қатаған // Қазақ елі. 31 наурыз 2004]

10. “**Қатағандардың** біразы шетелдерде жасайды. Солардың көпшілігі Ауғанстанның Қатаған облысын (бұл кейін Құндыз және Тақор деп екіге бөлініп кетті) мекендейді”.

[Қатаған // Қазақ елі. 31 наурыз 2004]

11. “**Қатаған** – Шанышқылы тайпасының ішіндегі ірі рулардың бірі”.

Бұл жорамалдың авторы Мекембай Омарұлы: “Шанышқылы тайпасын **Қатаған** атымен атау және басқа руларды Қатағаннан өкеп тарату, меніңше, дұрыс емес сияқты. Кейбір шежірелерде жазылып жүргеніндей, **Шанышқылы** атының орнын **Қатаған** атының иемденуі Хан Тұрсынның ел басқарған кезінде басталса керек”, – дейді.

[Омарұлы М. Қатаған // Қазақ елі. 31 наурыз 2004]

12. “**Қатаған** – қырғыз халқының құрамында бар түркі руы. Мәселен, XIX ғасырдың 30–40-жылдарында **Қатаған** руынан шыққан Мұратбек деген ақын Құндызда (Ауғанстанда) тұрып, ел басқарған”.

Бұл дерек Х. Қарасаев еңбегінде (Қамуснаме. Бішкек: Шам, 1996. 401-б.) келтіріледі. **Қатаған** руы “**Манас**” жырында да аталады:

Күн батыш жағы шетінде

Қатаған деген бирөө бар.

Дағы турар асылып,

Кундыз, Талкан жери бар.

[Омарұлы М. Қатаған // Қазақ елі. 31 наурыз 2004]

13. **Қатаған** Алан-Гоаның Букун **Катаки** деп аталатын үлкен ұлынан тараған **нерундар** тайпасына жатады.

Бұл дерек Рашид әд-диннің “Жамиғ-ат тауарих” атты шығармасында келтіріледі.

[Омарұлы М. Қатаған // Қазақ елі. 31 наурыз 2004]

14. Түркі руларының бірі – **қатаған**. **Қатаған** руынан шыққан шайхтардың біріне Яған шайх жатады.

Бұл дерек Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Шығыстану институтының қорында сақтаулы (инв. № 11838, 140-б.) “**Хадикат ал арифи**” атты қолжазбасында келтірілген.

[Омарұлы М. Қатаған // Қазақ елі. 31 наурыз 2004]

15. “**Қоғамнан** – **Бөйтерек**, одан **Қаңлы**, **Шанышқылы** (**Қатаған**) тарағаны айтылады... **Қатаған** мен **Қаңлы** Үйсіннің жетінші ұрпақтары. **Қатаған** Үйсін мемлекетіне Дәу би билік жүргізген кезде әскерді Грек-Бактрия елдеріне бастап барып, үлкен жеңістерге жеткен. Өзі осы елге билік жүргізген. Бұл өлке Ауғанстанның **Қатаған** аймағы аталады. Памир, Ауған тауларында **Қатаған** атты асулар, қамалдар сақталған. **Қатағанның** ұрпақтары (**Шанышқылылар**) – қазақ халқының бір тайпасы...”, – делінеді.

[Бөйдібек Баба – Алтып Бөйтерек. Ұрпақтар шежіресі.

Алматы: Өнер, 2000. 12-б.]

ШАНЫШҚЫЛЫ

1. Шежіреші М. Әбдікөрім: “*Шанышқылы* – қатаған жұртының жұрнағы”, – деп көрсетеді.

[*Әбдікөрім М. Шанышқылы // Уақыт. Тамыз 1992*]

2. М. Омарұлы: “*Шанышқылылар* – қазақтың, өзбектің, қарақалпақтың халық, ел болып қалыптасуына ұйытқы, себепші болған көне тайпалардың бірі”, – деп көрсетеді.

[*Омаров М. Шанышқылы шежіресі. Тошкент: Езувчи, 2000. 5-б.*]

3. М. Тынышбаев: “1629 жылы Ер Есім хан Тұрсынды өлтіріп, оның қарауындағы қаңлылар мен *қатағандарды* тас-талқан етеді. Қатағандардың көпшілігі батысқа, Сырдарияның арғы жағына қаша көшіп, ал қалғаны “*шанышқылы*” деген атпен қаңлыларға қосылады”, – деп көрсетеді.

[*Тынышбаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. Ташкент, 1925*]

4. “*Шанышқылы*” атауы – қазақ салты бойынша ру-тайпа таңбасы атауымен аталып кеткен этноним.

Осыған орай біз (Ә. Қайдар): “...Таңбаның ру-тайпа атына айналуы және ондай атаулардың қазақ дәстүрінде көбіне-көп қарапайым үй-тұрмыс жабдықтары мен өмірге қажетті құрал-сайман атаулары болып келетіні жұртқа мәлім. Оларға, міне, осындай ру-тайпа аттарына айналып кеткен рәміздік атауларға: *ошақты, ашамайлы, тарақты, сіргелі, бағаналы, балталы, шекті, бестамгалы, шапырашты, терістамгалы, онтаңбалы, іргенекті*, т. б. таңба атауларын жатқызуға болады...” – деп көрсетеміз.

[*Қайдар Ә. Қаңлы. Алматы, 2004. 228-б.*]

5. *Қаңлы* мен *шанышқылы* – бір-біріне жақын ру-тайпаларға жатады. Бұл туралы Ә. Қайдар: “Бұл туыс-жақындықтың мәні зор, тамыры тереңде жатыр. Шежіре тілімен әсірелеп айтсақ, ол “*қаңлы*” мен “*шанышқылы*” деп аталған ата-бабаларымыздың аласапыран замандардың бірінде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, қас жауына қарсы түру кезеңінде ақ боз биені құрбандыққа шалып, қос қолын қанға малып отырып, қолына Құран ұстап баталасқаннан кейін, мәңгі бақи бауырласып, бірге болуға анттасқаннан кейін, “*Айырылмас!*” деп ұран көтеріп, уағдаласқаннан кейін (шамамен XVII ғ. бірінші жартысында) дүниеге келген туыстық-жақындық еді”, – деп баяндайды. “*Қаңлы-шанышқылы – бір туған*” деген сөз содан қалған.

[*Қайдар Ә. Қаңлы. Алматы: Дайк-Пресс, 2004. 227-б.*]

6. “Әбілғазы Баһадүр ханның монғолдардың ру шежіресінде қазақтың *Шанышқылы* тайпасының құрамында *Қият* руы да бар”, – дей келе, шежіреші: “Тұман ханның ұлы Қабыл хан, оның 6 ұлының бірі – *Бұдан* қият. “*Қият*” – бұл арада *қиян* сөзі “таудан аққан сел”, демек “күшті, жылдам, екпіні зор” деген мағынада, көптік тұлғасында тұр. Қабылдың баласы – Бартан, одан – *Есүгей*, оның баласы – *Темуджин* (Шыңғыс хан). Бұлардың бәрі *Боржигін қият* нәсілі болып саналады. Бартан өлгеннен соң оның баласы *Есүгейді* хан көтереді...”, – делінеді шежіреде.

Осы деректі келтіре отырып, автор (М. Омарұлы): “*Қият* нәсілінің Қоралас руынан *Аланқуа* атты әйел үш ер баланы атасыз туады, олар “*Нұрдан жаратылғандар*” деп аталады. Бұлар асыл тұқым, яғни таза, пәк тұқым деп аталады. Міне, осы адамдардың бірі – **Шыңғыс хан**”, – деген пікірді тағы келтіреді.

“Сонда Шыңғыс хан боржигін қият Есүгейдің өз кіндігінен туған ұл ма, жоқ әлде атасыз туған, яғни “нұрдан жаратылған ұл ма?” – осы жағы анық емес”.

Қият тайпасының шығу тегі туралы осы болжамында автор Рашид әд-динге (Сборник летописей. Т. I. Кн. I. С. 153–165) сілтеме жасай отырып, “Қияттан қоңырат тарайды” деп көрсетеді. Шыңғыс хан шыққан *Боржигін қият* тайпасының адамдарының көздері көк болғандығын айта келе, автор Жарылқап Бейсенбайұлының “Қазақ шежіресіне” (Алматы, 1994. 45-б.) сілтеме жасай отыра, бұл атау қазақ тіліндегі “*баржиган*” деген мағынаға да үйлесіп жатқан жоқ па? деп жобалайды.

[Қазақ елі. 24 наурыз 2004]

ОРТА ЖҮЗ

*“*Орта жүз* – қазақ халқының этностық құрамына енген рулар мен тайпалардың саяси, экономикалық және мәдени бірлестігі. XV ғасырда дербес Қазақ хандығы құрылғанымен, оның ішінде феодалдық талас-тартыс толастамады. Соның салдарынан Қазақстан жерінің табиғи жағдайына, оны мекендейтін тайпалардың этностық, шаруашылық ерекшеліктеріне және саяси-экономикалық жағдайына байланысты XVI ғасырдың басында *Орта жүз* қалыптасты. *Орта жүз* құрамына *Ареын, Қыпшақ, Найман, Қоңырат, Керей, Уақ* тайпалары кірді...”.

XVIII ғасырдың 40-жылдарында *Орта жүз* өз еркімен Ресей қарамағына өтті... “Қырғыз өлкесі” атты кітап мәліметіне қарағанда бүкіл *Орта жүз* халқының жалпы саны 1 млн шамасында болған... Қазан төңкерісіне дейін Орта жүз жұртшылығы Торғай, Ақмола, Семей облыстарын түгелдей, Сырдария облыстарының кейбір аудандарын қоныстанған...” – делінеді ҚСЭ-де.

[ҚСЭ. 8-т. Алматы, 1976. 568–569-бб.]

*Мәшһүр Жүсіп өз шежіресінде барша *Орта жүз – жеті арыс ел* әулетін қожалар есімінен, солардың шарапатынан таратады. Шежіреде ол дерек былай баяндалады:

“Жанарыстың екі қатыны болыпты. Бірде-бірінің пұшпағы қанамай, “бізге күн көру қайда, жас иісті баланы-ай” деп зарығып, қамығып жүрген күндерінде ойламаған жерден алты қожа кез келіп, қона қалыпты:

Ой, Құдай-ай!
Берді ғой бала беретұғын,
Әулиелер келді ғой
Сиынбасам маған серт,
Қолдамасаң саған серт,
Сарт болсаң садағам кет, –

деп, алтауына алты қой сойыпты. Кір-қондарынды жудыр, аттарынды тынықтыр. Осы қойлардың етін жеп тауыспай жібермеймін деп. Сонда қожалар мұның шын құлап, ықылас қылған пейіліне риза болып, осы алтауымыз да атымызды бердік, алты ұлға ат болсын деп баталарын беріпті. Аттары: *Қарақожа, Аққожа, Ақтамбердіқожа, Дарақожа, Есімқұлқожа, Қасымқожа!*

Сонан соң қатындары буаз бола бастап, бәйбішеден төртеу, тоқалдан екеу туыпты. Алтауына алты қожаның атын қойыпты. Бәйбішеден туған төрт бала: *Қарақожа, Аққожа, Ақтамбердіқожа, Дарақожа*. Қарақожадан – *Арғын*. Аққожадан – *Найман*, Ақтамбердіқожадан – *Қыпшақ*, Дарақожадан – *Қоңырат*, тоқалдан туған *Есімқұлқожа, Қасымқожаның* біреуінен – *Керей*, біреуінен – *Уақ*.

Естіген құлақтың жазығы жоқ. *Арғын* апасы қыз күнінде оң жақта отырып, бір төремен айкасып қалып, еркек бала туып, “бұл қалай?” деушіге дәнеме дей алмай, шашын тарай берген екен. Сонан баланың аты *Тарақты* қойылып, төре жоқта *Тарақты* төре болуға жарайды деген де сөз бар. “*Ит жаманы – барақты, ел жаманы – Тарақты*” деген де сөз бар. “*Қыздан туганның қиығы жоқ*” деп, ол Арғын балаларына Тарақты нөкта ағасы болған деседі. Орта жүз Тарақтымен қосылып, “*Жеті арыс ел*” атанған”, – деп баяндалады.

[*Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы*. Қазақ шежіресі.
Алматы, 1993. 13–14–бб.]

Орта жүз тайпалары

(шығу тегі, қалыптасуы, таралу шегі,
саны, атауларының төркіні)

- | | |
|------------|-------------|
| 1. Арғын; | 4. Керей; |
| 2. Найман; | 5. Қоңырат; |
| 3. Қыпшақ; | 6. Уақ. |

Орта жүзді оның құрамына енетін ру-тайпалардың басын біріктіріп, жалпылама түрде “*Орта жүз – Арғын*” деп айту дәстүрі де бар. Мұнда да көп ру-тайпаның ішінде біреуінің ерекше аталуы тарихи даму ба-рысында оның өзін ұйытқы, көсем, арыс ретінде көрсете білуіне және көптігіне байланысты болса керек.

С. Аманжоловтың пікірі бойынша *Орта жүз* 24 ру-тайпадан тұрады:

- | | | |
|--------------|----------------|----------------------|
| 1. Арғын; | 9. Балталы; | 17. Бура; |
| 2. Найман; | 10. Мансыр; | 18. Ергенекті; |
| 3. Қыпшақ; | 11. Тарақты; | 19. Терістанбалы; |
| 4. Керей; | 12. Саржомарт; | 20. Абақ керей; |
| 5. Қоңград; | 13. Садыр; | 21. Қытай-қыпшақ; |
| 6. Саңғыл; | 14. Матай; | 22. Сыбан керей; |
| 7. Маңғытай; | 15. Уақ; | 23. Қаба керей; |
| 8. Бағаналы; | 16. Қаракерей; | 24. Бурылсары керей; |

[Аманжолов С. А. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959. С. 9]

“...Халық Орта жүз қазақтарын “*Орта жүз – арғын*” атандырған. Оның құрамына – *арғын, найман, уақ, керей, қыпшақ және қоңырат* тайпалары енеді”.

[Арғынбаев Х. Қазақ шежіресі хақында. Алматы: Атамұра, 2000. 19-б.]

“*Орта жүз – алты арыс*”, “*Орта жүз – жеті арыс*” деген де қолданыс бар. Оның біріншісі *Орта жүздің арғын, найман, керей, қыпшақ, қоңырат, уақ* тайпаларынан тұратынын білдірсе, екіншісі бұл құрамға “*ноқта аға*” саналатын *тарақты* тайпасының қосылатындығын білдіреді.

АРҒЫН

1. *Арғын* – “Орта жүз құрамына кіретін алты арыс елдің ең көбінің бірі. Қоныстары шығыстан батысқа қарай Ертіс, Торғай өзендерінің аралығы, оңтүстікте Балқаш көлінен бастап, шөлейтке қарай. Тарихи мәліметтер бойынша, *Арғындар* бұл жерлерді тіпті ерте заманнан қоныс етіп, негізінен мал өсіруге пайдаланған.

Қазақ шежіресі бойынша *Арғынның* өсіп-өнуі былайша сипатталады: Арғынның бірінші бөйбішесі Ергүлден – Мейрам, оның балалары *Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шеендік, Қаракесек*. Қыздан туған жиені – *Тарақты* – Арғынның ноқта ағасы. Екінші бөйбішесі (?) – *Момыннан* – төртеу.

- 1) *Ақсопы*, одан Қанжығалы, Тобықты;
- 2) *Қарасопы*, одан Бәсентіін, Қарауыл;
- 3) *Сарысопы*, одан Атығай;
- 4) *Тәнбіссопы*, одан *Сарыжетім*, *Шақшақ*. Момыннан тараған бұл ұрпақ “*Жеті Момын*” деп аталады.

“*Арғын*” тайпасының елдік аты (этнонимі) ежелгі заманда жасаған *ғұн* тайпасының атын еске түсіреді... Бұған қарағанда *Арғын* ежелгі ғұндардан таралып, атын этноним түрінде сақтаған.

Тарихи мәліметтерде *Арғын* аты бірнеше түрде кездеседі: *Ғын*, *Ғұн*, *Ақ ғұн*, *Қара ғұн*, *Аруғ ғұн*, *Тағ-ғұн*. Мұндағы *Ақ ғұн*, *Аруғ ғұн* – екеуі бір мәнді сөз: “таза”, “ару” деген ұғымды көрсетеді. Ерте кезде тайпаларды біріктіріп, оған басшы болған оқтарды (рубасыларын) осылай атайтын болған. Марко Поло Қашқария өлкесін, Жетісу, Алакөл төңірегін аралап жүріп: “Бұл жерде *Арғон* дейтін ел бар. Олар екі атаның араласуынан құралған. Ислам дінін ұстанады. Түрі сымбатты, өздері ақылды, сауда істейді. Керей Уаң ханның жерін қоныстанады”, – деп көрсетеді. “Бұл – Жошының үлкен баласы Орда-Еженге қараған жерлер... Негізгі арғындар (халық бұқарасы) қашан да Дешті Қыпшақта болды. Моңғол дәуірінен бұрынғы көрші отырған алты арыс ел – *Арғын*, *Найман*, *Қыпшақ*, *Керей*, *Уақ*, *Қоңырат* – күллі Жошы ұлысының шығыс бөлігі – Ақ Ордаға кіріп, XIII–XIV ғасырларда Орта жүз қазақтарының іргесіне айналды. Кейініректе Жетісу, Арал, Каспий төңірегін қоныстанған тайпалармен бірігіп, қазақ қауымын құрады”, – деп көрсетіледі.

[ҚСЭ. I-т. Алматы, 1972. 450–451-66.]

2. “Племя *арғын* составляет значительное число жителей Среднего жуза. Имя их – синоним *Среднего жуза*, – к удивлению, мало упоминается в летописях и сказаниях ранних авторов”.

“Если Рашид ад-дин, Абуль-гази, “Шейбани ада”, монгольская хроника “Сокровенное сказание”, арабские авторы и т. д. в какой-то мере говорят почти о всех тюркских, монгольских и других племенах, то *аргынам* посвящено лишь несколько строк, в которых название их связано с какой-то личностью или областью вселенной”.

“Нам думается, что отсутствие этнонима “*арғын*” в ранних сведениях связано с сравнительно поздним его появлением. Аргыны, конечно, существовали в далеком прошлом, но, по всей вероятности имели другое самоназвание.

Большой знаток казахской родословной Ч. Ч. Валиханов пишет: “Племя *арғын* встречается очень поздно в числе народов монгольских Джагатайской орды. У Гулагу была жена из племени аргын”.

Н. Аристов, ссылаясь на китайские источники, пишет, что в “Джагатайском улусе *аркенуты* (аргыны) занимали пространство от реки Имиль на юго-запад до реки Каратал и на Запад до реки Нуры” и т. д.

“Таким образом, – заключает он, – многие авторы говорят о Семиречье как о месте обитания *аргынов...*”.

“Племя *аргын* подразделяется на шесть основных поколений: *мейрам, ак-софы, кара-софы, темир-софы, сары-софы* и *надыр-софы*, в связи с чем в народе говорят “*Аргын болсаң, алтау бол*” (Аргыны только из шести поколений)”.

“Одни исследователи причисляют род *таракты* к аргынам, другие – к уакам, а третьи говорят о них как о самостоятельном роде” (С. Аманжолов), – дей келіп, автордың өзі соңғы пікірді қолдайтын сияқты.

[*Муканов М. С. Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза. Алма-Ата, 1974. С. 47–53*]

“*Аргын//Аргун*” этнонимінің тарихи түп тұлғасын **Арғу (Arǵu)* деп танысақ, онда бұл атаудың қолданыс аясы әлдеқайда кеңейе түседі және оған сәйкес мағынасы да әр алуан. Солардың кейбіреулері мыналар:

3. **Махмұт Қашқаридің** “*Диуани лұғат-ат түрік*” атты сөздігінде: “*Arǵu* – осы тайпаның тұратын жер атауы, ол “тау арасы” деген мағынаны білдіреді”, – деп көрсетіледі.

[МҚ. I. 127-6.]

4. В. В. Бартольд: “*Арғу*, өзінің орналасу жағдайына қарай, Александровский шоқысы мен Шу-Іле тауының арасындағы өлке және бұл өлкені мекендеген *Арғу* тайпасы – түркіленген *соғдылар*”, – деп түсіндіреді.

Демек, М. Қашқаридің мәліметіне қарағанда *Арғу* – “тау арасындағы түркіленген соғды (яғни иран тектес) елі”, – деген сөз.

[*Бартольд В. В. Собр. соч. Т. V. С. 76*]

5. “*Арғу*” мен “*Аргун//Аргын*” этнонимдері “бір сөз бе, жоқ екі бөлек сөз бе?” деген екіұдай пікірлер де бар. Оларды екі бөлек сөз деушілерден гөрі бір түбірдің екі варианты деушілер көбірек. Мысалы, кейінгісіне Н. Аристов [Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей... СПб., 1897. С. 53–87] пен оның пікірін қайталаушы қазақ ғалымы А. Әбдірахманов [Топонимика және этимология. Алматы, 1975] жатады.

Мәселен, “*Арғу*” атауын “*Аргун*” деуде тұрған не бар” деп, немқұрайды қарауға болмайтын сияқты. Өйткені қазақ халқының негізін құраушы тайпалардың бірі, халық санасында қалыптасқан *Аргын* атауының бірде “*Арғу*”, бірде “*Аруқғун*”, бірде “*Араұт*”, “*Аргұн*” болып өзгеруі бекер болмаса керек.

6. “Арғу” мен “Арғұн//Арғын” варианттарын “Арқағұннан” (Арғынның жиынтық, көптік мағынасында) қысқартып алынған атау деп қараушылар да бар. Мысалы, қазақ ғалымы Т. Жанұзақов *Арғұн* атауын “арқа” сөзіне **-ғұн** көптік жалғауын жалғау арқылы жасалған (“тайпалар бірлестігі” мағынасындағы) этнонимнің қысқарған түрі деп қарайды.

[Основныѣе проблемы ономастики казахского языка. Автореф. ... д.ф.н. Алматы, 1976. С. 101–102.]

7. “Арғу>Арғын атауы екі компоненттен тұрады” деуші авторлардың бірі – А. Әбдірахманов оны “сырт, арғы, арт жақтағы” деген мағынаны білдіретін ***ар** түбір сөзге “ру, тайпа” атауы **-ғұн** сөзін қосу арқылы жасалып, “*Батыс ғұндар*”, “*Батыс ғұн тайпасы*” деген ұғымды аңғартатын этноним деп санайды.

[Топонимика және этимология. Алматы, 1975]

8. Шыңғыс ханның төртінші баласы – Толудың Абақадан туған шөбересінің аты – *Арғын*.

Құдайбердіұлы Шәкерім: “кезінде Румды (Византияны) жаулап алып, оны бірнеше кішігірім маңдықтарға бөліп жіберген – осы Арғынның баласы *Газан* хан”. – деп көрсетеді.

Сонда, бұл “*Арғынның* қазақтың *Арғын* тайпасына қатысы бар ма, жоқ әлде жай сөйкестік пе?” деген сұрақ туады. Жауап жоқ.

[Құдайбердіұлы Ш. Түрік-қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі. Алматы: Сана, 1991. 56–57-бб.]

9. “Арғынның толық аты – “*Арғу+ғұн*”, яғни “таза ғұн” немесе “ақ ғұн” деген мағынаны білдіреді. Ағақты ғалым Махмұт Қашқари “Днуани дұғат ат-түрік” деп аталатын кітабында (XI ғасыр): “*Бай ана – Арғу*” (яғни (Арғын) тайпасының бас Құдайы”, – дейді. Ислам дінін қабылдағанға дейінгі сенім бойынша Тәңірдің ризығын өсіріп, өндіретін ана бейнелі Құдай... дегенді білдірген.

“Жазба деректерге сүйенсек, ерте уақыттардан бері арғындардың қыстауы – малға жайлы *Сырдың* бойы. *Әнгірен*, *Шыршық* өзенінің маңы. Мәшһүр Жүсіп жазбаларындағы Арғынның бел баласы Мейрам сопының бейіті Шыршық өзенінің бойында деген мағлұмат жайдан-жай емес...

Арғындар тек *Орта жүз* ғана емес, бүкіл үш жүздің ең ірі тайпасы екені белгілі. Бірақ таңырқарлық жағдай, “*арғын*” атауы XII ғасырға дейін қытай, моңғол, парсы тарихшыларының еңбектерінде кездеспейді. Ағалықтардың болжауы бойынша, *Арғын* тайпасы ерте заманда басқаша аталған немесе XII ғасырда бірнеше рулардан *Арғын* бірлестігі құрылуы нәтижесінде аты шыққан...” – деп көрсетеді шежіреші.

[*Тілеке Жеңіс*. Шежіре Ертіс-Баянаула өңірі. 1-кітап. Павлодар, 1995. 83-б.]

10. “**Арғын**//**арғын** – название сеока (племени, рода. – *Ә. Қ.*) кызылцев; *улуғ арғын* – “большой арғын”; *кішіг арғын* – “малый арғын” (подразделения арғынов).

[*Бутанаев В. Я.* Хакасско-русский историко-этнографический словарь. Абакан, 1999. С. 26]

“**Арғын**” тайпасы мен атауы жөнінде айтылып жүрген бір-бірімен сәйкес те, қарама-қарсы да пікірлер өте көп. Біз солардың кейбіреулерін ғана келтіріп отырмыз.

11. **Арғындар**: “Бурят облысының Амур теңізіне құятын бір өзені *Арғын* немесе *Арғун* деп аталады. Алтайдағы *Қатуни* өзенінің оң ағысы – *Арғут* өзені. Монғол тілінде “**т**” қосымшасы көптік, “**н**” қосымшасы жекелік мағына береді.

“Арғут” сөзіндегі соңғы “**т**” дыбысын “**н**” дыбысымен алмастырсақ, “*арғун*” немесе “*Арғын*” деген сөз шығады. Н. Аристов V ғасырдағы қытай тарихшылары “*алунь*” немесе “*бай-егу*” деген халықтар туралы жазғанын айтады. Қытайлардың “**Р**” дыбысын айта алмайтындығы белгілі (сондықтан түріктерді “*тукйу*” – деп атаған; көптеген еуропалықтар осы күнге дейін *тукиуды* түркі тайпаларының бірі деп есептейді). “*Бай*” қытайша “ұлы”, ал түрікше “ұлығ” деген мағына береді. Ендеше “*алуньды*”, “*арунь*” немесе “*арғун*”, ал “*бай-егуді*” – “*ұлуғ арғын*” деп оқуға болады.

Бұл сөздерді бұлайша жорамалдаудың тағы бір негізі – Орхон ескерткіштерінде “*ұлуғ еркин*” деген халық атының кездесетіндігі...”. Автор Том округінде, Енисей губерниясында “үлкен арғын”, “кіші арғын” руларының барлығын айта келіп, “Аристов арғындардың батысқа Шыңғыс хан кезінде наймандар мен керейлерден бұрын қоныс аударғанын жазады. Аристовтың “қарлұқтар мен арғындарды бір” деп санауы шындыққа жақын келеді:

1. Оның деректерінше, арғынның (немесе Аристовша – *басмынның*) құрамында қарлұқтың 3 руы бар;

2. “*Арғын*” сөзі қарақырғыздар тілінде “*аралас*” деген мағына береді (соның ішінде қодас (як) пен көдімгі мүйізді малдың буданы осылай айтылады);

3. X ғасырда тоғыз оғыздардың қысымынан қарлұқтар 2 бөлікке бөлінеді. Батыс бөлігі XII ғасырда Бұхара жағында көшпелі күй кешсе, шығыс бұтағы тек бір-ақ рет, Шыңғыс хан жорығы кезінде еске алынады. Меніңше, шығыс қарлұқтар басқа тайпа жұртымен, оның ішінде *арғындармен* араласып кеткен болуы керек...”, – делінеді.

“Арғындар Шағатай ұлысының құрамында жүргенде Темірдің 1376, 1389, 1390 жылдары жасаған шапқыншылығына ұшырады...”

Кавказда *Аргун* тау шатқалымен ағып келіп, Сунджу өзеніне құятын *Аргун* деген тау өзенінің бойына орналасқан *Аргун* деген ауыл бар. Бұл Жәнібек ұрпақтарының бірімен әкелінген арғындардың тұяғы болуы ықтимал...

“1629 жылы *Есім ханның Ташкент ханы Тұрсынға жасаған жорығына арғындар да қатысады...*”.

“Қарқаралы, Семей уездері арғындарының арасында *Есім ханның* тұсында қатағандарға жасаған жорықтан арғынның батырлары әкелген 40 қыздың ішіндегі Қоңырбикені қазақтың атақты ақыны Абай Құнанбаев пен тарихшы Шөкерім Құдайбердіұлының арғы атасы тобықты *Сары* әйелдікке алады...”.

1723 жылғы жоңғар шапқыншылығы кезінде *арғындар* (керейлер мен жалайырлар да) шығынға аз ұшыраған. Себебі олар Бетпақдаланың шөл даласына жасырынған еді. Қазақтардың 1725–1726 жылдардағы жеңісті шабуылдары кезінде арғындар алдыңғы қатарда болды...” – делінеді.

[*Тынышбаев М.* Қазақ халқы тарихынан мәліметтер. Қарағанды, 1990. 5–7-бб.]

НАЙМАН

1. “*Найман* – қазақ халқының құрамындағы ірі тайпалардың бірі. *Найман* ежелгі заманда-ақ Ертіс өзенінің бас жағындағы таулы өлкені мекендеген. Тарихи деректерге қарағанда (Рашид әд-дин, Плано Карпини, Вильгельм Рубрук) *Найман* ұлысы батыста Шыңғыс тауынан (бұрынғы аты – *Найман Кух*) шығыста Моңғол империясының астанасы – Қарақорымға (Орхон өзенінің алқабында) дейінгі аралықты алып жатқан.

Наймандар XII ғасырда Ертіс пен Орхон өзендерінің аралығында қоныс тепкен түркі тайпаларынан саяси мемлекеттік бірлестік құрды. Найман ұлысы Шығыс Қазақстан мен Батыс Моғолстанды алып жатқан Алтай мен Хинган таулы өлкесіне орналасты. Көрші Хань империясының жазба ескерткіштерінде “*Найман*” атауы XII ғасырдың I-ширегінен бастап кездеседі (“*Лио-ши*”, “*Цзянь-ши*”). “...Көп ұзамай керейттердің ханы Уаң хан Тоғрыл және Шыңғыс хан бастаған әскери қол 1199 жылы Бұйрық ханның (Наймандар ханының) ұлысына басып кірді. Қарсы тұруға шамасы келмеген Бұйрық хан Енисей қырғыздарына қашып құтылады.

Шыңғыс ханның қатерінен қауіптенген көптеген тайпалар 1201 жылы Құрылтайға жиналды. Құрылтайды басқаруға келген адамдардың ішінде Бұйрық хан да болды. Құрылтай Шыңғыс ханға қарсы жорыққа шығу жөнінде шешім қабылдады. Шыңғыс хан көмекке Уаң ханды шақырады да, дереу жорыққа аттанады. Түрлі тайпалардың

одақтас қолы Шыңғыс хан мен Уаң ханның сарбаздарымен *Қойтан* сайында шайқасты. Бұйрық хан мен Жамұха шешен бастаған одақтас күш ойсырай жеңіліске ұшырайды. Одақ ыдырап, Бұйрық хан өз нөкерлерімен Алтайдың оңтүстік өңірін паналайды. Жеңіс Шыңғыс ханға оңайға түспеді. Оның қалың қолы сиреп қалды. Сондықтан ол одаққа біріккен әр тайпаны жеке-жеке қаратуды көздеді. 1202 жылы Шыңғыс хан мен Уаң хан Бұйрық ханға қарсы жорық ашты. Қыспаққа төтеп бере алмаған Бұйрық хан әскери қолбасшысы Жеті Тоғлұқ (жеті тулы) екеуі Оңтүстік Алтайда қолға түсті.

Осындай жеңілістерден кейін 1204 жылы Найман мемлекет бірлестігі құлады. Алтай мен Ертіс бойын мекендеген Найман тайпалары моңғолдардың жаңа империясына кірді.

Шежіре деректеріне қарағанда, қазақ халқының құрамындағы найманнан *Терістаңбалы* (кейде *Елата*), *Сарыжомарт* (*Ергенекті найман*), *Төлегетай* деген үш үлкен ру бірлестігі тарайды... Найманның ортақ таңбасы – Ү “Бақан”, соңғы ұраны – *Қантағай...*”, – делінеді ҚСЭ-де.

[ҚСЭ. 8-т. Алматы, 1976. 261–261-бб.]

2. *Найман тайпасы туралы келесі деректе*: “VIII ғасырдағы Қытай тарихында *найман* Байқал көлінің оңтүстігіне қарай орналасқан тайпа ретінде еске алынады. Олар 850-жылдары Орхонның жоғарғы ағысынан Тарим бассейні мен Қара Ертістің бір алабын ала жайлаған. Наймандар мекендеген географиялық жағдайға қарап, олардың барлық дәуірлерде моңғолдар арасында тұрғанын көруге болады. Наймандардан батысырақ орналасқан арғындар да моңғолға жатқызылғанын ескерген жөн. Дұрысында “*Найман*” сөзін ғана моңғол атауы деп есептеген дұрыс”.

“1190 жылы *Найман* ханы өлгенде, оның Бөйрек, Байбөке деген балалары әкесінің жас тоқалына бола ұрсысып қалады. Көп ұзамай Шыңғыс пен Керей Уаң хан қысымымен Бөйрек елін ертіп, Алтай тауларына қарай көшеді. Қытайларға “*Тай-Ванга*” деген атпен белгілі болған *Байбөке* Шыңғыс ханға қарсы көп күрескенімен, Шыңғыс хан оның қолын Ханхай тауларының етегінде талқандап, өзін өлтіріп тынады. (1204 ж.) Байбөкенің баласы Құшлық *наймандарын* ертіп, ағасы Бөйрекке барады. 1206 жылы Тарбағатай тауларының шығысында Бөйрек те күйрей жеңіледі. Құшлық бастаған *наймандар* Ертіске қашады. 1208 жылы Шыңғыс хан Ертіс бойында найман мен меркіттердің біріккен күшін талқандайды. Содан бұл рулар қазіргі Жетісуға, Жаркент уезіне кетуге мәжбүр болады”.

“...Құшлық осылайша Гүр хан империясының шығыс жартысының билеушісіне айналады. Ол 1211 жылы қазіргі Құлжа өлкесіне шабуыл жасап, Бұзар елінің билеушісін тұтқынға түсіріп, оны өлтіреді.

Бірақ Алмалықты алудың сәті түспейді. Өйткені оның резиденциясы Қашқарда болатын”.

“Наймандар абыройының бұлайша аспандап бара жатқанын кешіре алмайтын Шыңғыс Құшлыққа қарсы атақты Жебе ноян бастаған күшті әскер жібереді. Құшлық талқандалып, Алтай тауларына қашқанмен, Сарыкөл деген жерде қолға түсіп, өлтіріледі. Жебе наймандарды кейін Қара Ертістің жоғарғы ағысына қайтарғанға ұқсайды. Өйткені, осыдан 30 жылдан кейін Карпини мен Рубрук көп шоғырланған *наймандарды* Тарбағатай тауларының шығысынан кездестіреді”, – деп көрсетеді тарихшы.

“Мұхаммед Салихтің “Шайбани-намесінен” байқағанымыздай, *наймандар* Мұхаммед Шайбанимен бірге Түркістанды да жауласқан. Мұхаммед Шайбани 1508 жылы жаулап алған жерлерін үлестіргенде Шыңғыс тұқымы еместердің ішінде тек қана Қобыз найман еншісіне Мерв аймағын иелікке берген. Наймандар Ғұбайдолла ханның барлық жорықтарына, оның ішінде Иран жорығына да қатысқан. 1530–1550 жылдары Мервті найман Жолым би басқарған, т. т...”.

“...*Наймандар* Сәмеке өлгеннен соң Абылай хан қарамағына көшіп, жоңғарларды талқандауға, Алатаудан асыра қууға белсене араласқан. Наймандар 1758–1760 жылдары Қарқаралы уезіндегі Тоқырауын өзенінен бастап, Алтайға, Жоңғар тауына дейін жайлаған. *Наймандардың* соңғы жылжуы 1810 жылдар шамасы. Олар Қарқаралы уезі, Шыңғыс тауларын тастап, оңтүстікке көшеді...”, – деп баяндайды Найман жайын.

[*Тынышбаев М.* Қазақ халқы тарихынан мәліметтер. Қарағанды, 1990. 10–13–бб.]

3. *Найман*: “В вопросе о происхождении племени *найман* также нет единого мнения. В исторической науке существуют две точки зрения по вопросу о происхождении найманов”.

“Сторонники точки зрения о монгольском происхождении *найманов* основываются на высказывании о том, что само название племени монгольское и означает “восемь”, т. е. союз восьми племен”.

“Н. Аристов считает *найманов* тюрками и говорит, что невозможно было бы оторочить союз восьми племен. Исследователь расшифровывает наименование племен по названиям местностей и отмечает, что *найманы* скорее всего получили свое имя по названию реки *Найман*, притока Хатуни, где, возможно, они первоначально кочевали”.

Наймандарды түрік тектес тайпа дейтін ғалымдарға, мәселен, С. Мудраяма, Рашид әд-дин, Л. Л. Викторова, Л. П. Потопов, т. б. жатады деп көрсетеді ғалым.

“С образованием империи Чингис-хана *найманы* Восточного Казахстана вошли в улус Угэдея. О значительной роли *найманов* в импе-

рии Чингис-хана говорит следующий факт. Во время похорон Чингис-хана, рассказывают предания, к востоку от белого коня Чингис-хана стоял “найман-шаргы-мори”, т. е. “саврасый конь найманов” с уздечкой, принадлежащей коню Чингис-хана. Уздечка – знак покорения *найманов*, а присутствие коня *найманов* подчеркивало роль найманов в государстве Чингис-хана”, – делінеді зерттеуде.

Найман тайпасының құрамы туралы айта келіп, автор:

“Племя найман делилось на три крупных родовых объединения: *теристамгалы, сарыжомарт* (ергенекты-найман), *толеғетай*, каждый из которых делился на роды”, – деп көрсетеді.

[*Муканов М. С.* Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза. Алма-Ата, 1974. С. 38–46]

ҚЫПШАҚ

1. Қазақ энциклопедиясында: “*Қыпшақ* (Еуропада – *кумандар*, Ресейде – *половцы*) – қазақ халқының құрамына енген ежелгі ірі тайпалардың бірі. Тарихшылар, әдетте, ертедегі Қыпшақтарды *таза Қыпшақ* тайпаларының одағы және *Қыпшақ тайпалары* мен басқа түркі тайпаларының одағы деп екі топқа бөліп қарайды...”. М. Қашқари сөздігінде: “IX ғасырдағы Қыпшақтардың рулық-тайпалық одағына *Йемек, Сувар, Қаңлы* (кейінірек бөлініп кеткен), *Қарабөрікті, Тоқсоба Жете, Бөрілі*, т. б. рулар енген. Араб, парсы зерттеушілері сол кезде *Қыпшақтарға* бағынған түрік тайпаларының бәрін *Қыпшақ* деп есептеген. Қыпшақ рулары бірсыпыра түрік халықтарының (*қарақалпақ, қырғыз, өзбек, түрік, әзірбайжан, татар, башқұрт, түрікмен, ноғай, қарашай, қарайым, балқар*, т. б.) өз алдына ұлт болып қалыптасу тарихында елеулі рөл атқарған”, – деп көрсетіледі.

Н. Аристов қазақ халқының құрылу кезеңінде мынандай *қыпшақ* рулары болған деп көрсетеді: *Көлденең, Ұзын, Танабұға, Қарабалық*. Ал, В. В. Радловтың айтуынша, *Торайғыр, Түйшіке, Қытайқыпшақ, Бұлтың, Қарабалық, Көлденең, Танабұға, Ұзын, Көкмұрын* рулары болған.

Қазақ шежірелері, әдетте, *Қыпшақтарды* 92 баулы деп атап, оларды: *Сүлімалыт*, одан *Көбекалыт*, одан *Сарыабыз*, одан *Бес таңбалы* қыпшақтар өсіп-өніпті деп қарайды.

Баспақов Бектің (1891–1972) шежіресінде: “Бес таңбалы қыпшақтың шешесі: “*Бұлтың* бітті бойыма, билік кірді ойыма; *Торы* бітті бойыма, зорлық кірді ойыма, *Ұзын* бітті бойыма, ерлік кірді ойыма, *Көлденең* бітті бойыма, саудагерлік кірді ойыма” депті-міс”, – деген сөз бар.

Шежірелер *Қытшақтың* өсіп-өнуін былай да сипаттайды: *Қытшақтан Ақтамсопы*, одан *Құланқытай*, одан *Бөгенбай*, одан *Қанишмай*, одан *Қарамерген (Қарадөң)*, одан *Бес таңбалы қытшақ...*

М. Мұқановтың айтуынша: *Сарыабыздан – Қарақытшақ, Қытай-қытшақ, Құланқытшақ, Торықытшақ* рулары тараған.

Қазақ халқының құрамына енген **Қытшақтар** Орта жүзге жатады.

“Қытшақ” атауының шығуы жайында әр алуан аңыздар бар”, – дей келіп, энциклопедия қытшақтар туралы мынадай деректерді келтіреді:

1) **“Қытшақ”** сөзін Рашид әд-динде “қабук” (қабық, іші бос, қуыс ағаш) деген ұғымнан пайда болған делінеді. Оғыз қаған бір жорықтан қайтып келе жатқанда ағаш қуысында жаңа ғана босанып, ұл туған өйелді кездестіреді де, ұлды асырап алып, атын *Қытшақ* қояды. Ол өсіп, ержеткенде қолбасшы, батыр болады, ел билейді. Одан тараған ұрпақтар *Қытшақ* атанып кетеді;

2) **“Қытшақ”** сөзін “құба” (құба жүзді) немесе көне түркі тіліндегі “қытшақ” – “көзді жыпылықтатып, кірпік қағу” деген түбірден шыққан деп те жорамалдау бар;

3) **Қытшақ** туралы алғашқы мәлімет ежелгі (б. з. д. 201 ж.) Қытай деректемелерінде (“*Кюеше*”, “*Кинч*”, “*Куча*”, “*Хибиса*” түрінде) ұшырайды;

4) Селенгі өзенінің жағасындағы құлпытаста (759) “*Түрік Қытшақ*” деген ру туралы белгі сақталған;

5) **Қытшақтар** тарих сахнасына Ертіс бойында өмір сүрген Қимақ мемлекетінің (IX–XI ғғ.) ыдырауына байланысты шықты... Қимақ мемлекеті ыдыраған соң (XI ғ. басында) Қыпшақ тайпаларының ағымен аталып, үстемдік ете келе, көптеген түркі тайпаларын біріктірді, ол тарих беттерінде 1120 ж. кейін көріне бастайды (В. В. Бартольд);

6) **Қытшақтар** Сырдария бойындағы оғыздармен араласа отырып, Орта Азияға тарады. Хорезм мемлекетінің құрамына кірді. Олар бұрынғы “*Мафазат әл-Ғұз*” (“Оғыздар даласы”) аймағын басып алып, “*Дешті Қытшаққа*” (“Қыпшақ даласына”) айналдырды да, оғыз тайпаларын Маңғыстау мен қазіргі түрікмен жеріне қарай ығыстырды. Одан кейін “*Дешті Хазар*” өлкесін бағындырып, өрісін кеңейте түсті. Оңтүстік орыс даласын, Кавказ бен Қырым тауларын жайлады, олармен шектес далаларды көктей өтіп, Дон өзеніне дейін жетті. Жерін Оралдан Қара теңізге дейін кеңейтсе де, бірақ бір орталыққа бағынған мемлекет құра алмай, әртүрлі хандықтарға бөлініп, әр өңірде өмір сүрді;

7) Моңғол шапқыншылығынан бұрын **Қытшақтар** Орталық Азияда *Тоғыз оғыз* (үйғыр) мемлекетінің саяси-әлеуметтік өміріне араласты. Селенгі тасында “*Түрік қытшақ* елу жыл үстемдік етті” деген жазу сақталған;

8) **Қыпшақтар** Қарахан мемлекетінің құрамында, оның ішінде Қашғар аймағында болған. Ол тұста Орта Азияны, әсіресе Сырдария бойын, Еділ мен Дон арасын, Кавказ бен Қырым тауларын, Солтүстік Каспий даласын, Қазіргі Қазақстанның Орталық аудандары мен солтүстік-батыс аймағын жайлады;

9) **Қыпшақтар** ертедегі көптеген түркі тайпаларымен, әсіресе *Қаңлы, Албан (Албан қыпшақ), Қимақ, Тоқсоба, Оғыз, Йемек, Суар*, т. б. тайпалармен етене араласып, тектес болып кетті. Ол кезде қыпшақтардың аты кең тарап, “**қыпшақ**” сөзі кейде “**түрік**” деген сөздің баламасына айналған еді. Сондықтан да, XIII ғасырда жоғарыда аталған аймақтарда тұратын түрік тектес халықтар арасында *қыпшақ тілі* Батыс Еуропа жиһанкездері мен Шығыс зерттеушілері үшін халықаралық тіл болып есептелген.

[*Мошков В. А.* Турецкие племена на Балканском полуострове // Изв. РГО. Т. X. СПб., 1904]

10) 1209 жылы Отырарға шабуыл басталған кезде Сыр бойын мекендеген **қыпшақтар**, басқа да түркі халықтары сияқты, түгелге жуық қырылып кетті. Тарихи деректерде *қыпшақтар* моңғол шапқыншылығы кезінде әр жерде бір көрінеді де, белгілі бір халық есебінде аталмайды... Моңғолдардың Батый бастаған екінші жойқын шабуылы кезінде қыпшақтардың бір қанаты Дунайдан өтіп, Батыс Еуропа елдеріне, екінші қанаты Византияға қоныс аударады. Бұрынғы Дешті Қыпшақ өлкесінің тұрғындары, соның ішінде *Қыпшақтар* да бар, Шам мен Мысырға (күл ретінде – мәмлүктер) жөнелтілігі, сатылады;

11) **Қыпшақтардың** алғашқы бір тобы (*кумандар*) XI ғасырда-ақ Дунай өңіріне жетіп, одан Балқан тауын көктей өтіп, Грекияға дейін жеткен. Қыпшақтар Еуропада мадияр халқының қалыптасуына үлес қосқан. Венгрияда куман тілі Сигизмунд патшаның тұсына дейін қолданылып, бұл жерде түріктердің үстемдігі орнаған кездерде ғана (1540–1699) қолданудан қалады;

12) Болгарияда тұратын гагауздардың о бастағы ұйымдасқан этностық тобының негізгі ұйытқысы – *кумандар* (печенегтер, оғыздар) болды. Дешті Қыпшақты жайлаған *қыпшақтар* тілінде әйгілі “*Кодекс Куманикус*” ескерткіші жазылды;

13) XI ғасырдың 2-жартысында (1064 ж.) армяндардың *баграт* әулеті салжұқтардан ығысып, Қырымға келгенде ондағы *Қыпшақтармен* қоян-қолтық араласып, тілін үйреніп, сол тілде өз жазуымен (армян) жазатын болған. Ол тілді XVII ғасырға дейін қолданған;

14) **Қыпшақтардың** құлдар тобы әскери жасақтарға алынып, күшейе келе өкімет билігін басып алады. Оның негізін әскери қолбасшылар – *Айбек, Бейбарыс* қалады. Мәмлүк қыпшақтары крест тағушыларға (Людовик IX, 1265 ж. бастап) қарсы күресті;

15) Наполеон Каирды басып алғанда *қыпшақ* қолы оларға қарсыласа күш көрсетеді, француздарды астананы тастап кетуге (1800 ж.) мәжбүр етеді.

16) Мәмлүктер Алтын Ордамен қарым-қатынас орнатты, олармен елшілер алмасып, Орта Азия түркілерімен байланыс жасап тұрды. Олар өздерінің ана тілінде сөйлеп, мұсылман дінін ұстады. *Қыпшақ* тілінде еңбектер жазылды;

17) Тарихшылар таза Қыпшақ тайпаларының одағына қазіргі Қазақстан (оның ішінде бұрынғы Жошы ұлысының) территориясын жайлаған, екінші топқа Еділ бойларын, Қырым далаларын және Мысыр, Шам аймағын жайлаған қыпшақтар жатады деп қарайды.

[ҚСЭ. 7-т. 1975. 102–104-бб.]

2. *Қыпшақтар* кейбір тарихи жағдаяттарға байланысты “*татарлар*” атауымен де аталып кеткені белгілі. Осыған орай Ж. Ақбаев: “Татарлар Батыйдың түріктер мен моңғолдардың әртүрлі тайпаларынан, әсіресе Дешті Қыпшақтардан (дала қыпшақтарынан) тұратын армиясының болмашы бөлігі болып табылады. Ресей мен Еуропадағы көптеген қан бөктірген және аяусыз соғыстардан кейін Батыйдың татарлардан (маңғыттардан – 4 немесе 11 мың адамнан) тұратын осы топтың болмашы құрамын қоспағанда, бірі қалмай қырылып, Ресей мен Еуропаның кең даласында сүйегі қурап қалған болуы әбден мүмкін, солай бола тұрса да жеңімпаз-жауынгерлік “*Татар*” деген ұранмен жаулап алушылар Ресей мен Еуропада моңғолдар және қыпшақтар деп емес, “*Татарлар*” деп атала бастады; моңғолдардың да, моңғол-қыпшақтардың да, *қыпшақтардың* да емес, татарлардың езгісі деп аталды”, – деп көрсетеді.

[*Құл-Мұхаммед М.* Алаш ардагері – Жақып Ақбаев. Алматы, 1996. 161-б.]

3. *Қыпшақтар туралы*: “Батыс Сібірмен көршілес, әрі қазақ тайпаларының ұйытқысы болған, оған едәуір ықпал еткен – *Қыпшақтар*. Торғай мен Еділ, Ертіс жағалауларын *Құлан қыпшақ*, *Қытай қыпшақ*, *Сағал қыпшақ*, *Торыайғыр қыпшақ*, *Мажар қыпшақтар* (мадиярлар) мекендеген, – деп жазады Г. Ф. Миллер.

Бұл пікірді Г. Ф. Миллердің “Сібір тарихы” атты еңбегінің бірінші томында айтылған деп келтіреді Б. Қожабекұлы Албани.

[*Қожабекұлы Албани Б.* Қазақия. Алматы: Ататек, 1998. 16–17-бб.]

4. Шәкерім Құдайбердіұлының пікірі бойынша: *қыпшақ* – қаңлыдан бөлініп шығып, елсіз, бос жерге кеткендіктен “*қыпшақ*” атанған. Мағынасы – “бос шөл, елсіз” деген сөз. Шыңғыс ханнан көп

бұрын Еділ-Жайық маңына барып, бір патшалы жұрт болып тұрғанда Жошы хан алып, (өзіне) қаратқан. Солардың атымен ол жақ “*Дешті Қыпшақ*” атанған”.

[*Құдайбердіұлы Ш.* Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. Алматы, 1991. 35-6.]

5. **Қыпшақтар туралы:** “Моңғол шабуылына 1223 жылы орыстармен бірігіп қарсы тұрған қыпшақтар болатын” деген де дерек бар.

Бұл туралы Б. Қожабекұлы: “Сонымен Дешті Қыпшақ ханы – Қотан ханның шақыруына үн қатып, Мстислав Галицкийдің бастауымен орыстың бес князы жасақпен (Қотанға) жәрдемге келді... 1223 жылы мамырдың 31 жұлдызында Қалқа өзенінде Жебе мен Сүбедей батырлардың қолына қарсы алдыңғы қатарда Қыпшақ, екінші қатарда орыс жасақтары сап түзеді... Сүбедей мен Жебе ноян әскерінің құрамындағы ұландар өзіміздің арғы тегіміз – түркі тайпалары емес пе? Киевті жаулап алған Батыйдың бес жүз мың қолының он мың басшысы ғана моңғолдар болды да, қалғандары түрік тілдес тайпалардың ұландары ғой. Сондықтан мұны бауырластардың қырғыны деуге болады”, – деп көрсетеді.

Қыпшақтар мен орыстардың өзара “қол біріктірейік” деген пәтуасы “Лаврентий жылнамасында” сақталған. Оны Карамзиннің 12 томдық “История государства Российского” (М., 1989) атты еңбегінен де оқуға болады.

[*Қожабекұлы Албани Б.* Қазақия. Алматы: Ататек, 1998. 17–18-бб.]

6. “...**Қыпшақтар** тарихи тұрғыдан Азия, Кавказ және Еуропа құрлықтарында кеңінен тараған, түркі халықтарының (өзбек, татар, қарақалпақ, қырғыз, башқұрт, қазақ, т. б.) этностық қалыптасуына негіз болған және кейбір басқа халықтардың (*авар, хазар, алан*, т. б.) құрамына енген көне тайпалардың бірі саналады... Қыпшақтардың әр аймақта, әрқандай тарихи кезеңде, әр халық тарапынан әртүрлі аталып келгені де белгілі: арабтар оларды “*дешт-и кифчак*” (“далалық қыпшақтар”), орыстар – “половцы”, “половчане” (“*поле*” сөзіне байланысты – “жазықтағылар”, “далалықтар”), “*язычники*” (“пұтқа табынушылар”), еуропалықтар – “*куманы*”// “*команы*” (бұл да “далалық адамдар” деген сөз) деп атап келген”.

[*Қайдар Ә.* Қаңлы. Алматы, 2004. 215-б.]

7. Ақжан Машани: “Өгіз хан бір соғыста Итбарақ деген елден жеңіліп, екі өзеннің ортасын мекендейді. Сол арада ол бір ағаштың қуысында босанып отырған әйелді көреді. Оның күйеуі соғыста қаза тапқан ерлердің бірі екен. “Бұл әйелдің күйеуі жоқ болса, туған бала

менін ұлым болсын” дейді Өгіз хан. Оған “Қыпшақ” деп ат қояды. Түркі тілінде өзегі шіріген, іші қуыс ағашты “қабық” (күпшек. – Ә. Қ.) дейді. “Қыпшақ” сол “қабық” деген сөзден шыққан деседі”, – деп түсіндіреді аңызды.

[Машани А. Әл-Фараби. Алматы, 1970. 112-б.]

Бұл әңгіме “Оғызнама” дастанындағы аңызда осылай баяндалады.

8. В. В. Бартольд: “...тождество команов с кыпчаками и близкое родство последних с канглами не подлежит сомнению; мусульманские писатели XII в. – начала XIII в. употребляют слова *канглы* и *кыпчак* как синонимы”.

“Итак, чисто тюркскими элементами, вошедшими в состав киргиз-казахского народа и, как видно из нынешнего тюркского языка, составляющими главную часть его, можно признать только *канглов* и *кыпчаков*...”, – деп көрсетеді.

[Бартольд В. В. Рецензия на книгу Н. Аристов... // Соч. Т. V. М., 1968. С. 272, 276, 350–353]

9. А. Ш. Қадырбаев: “В состав *кыпчаков* вошли тюркские племена *баяндурь*, *уран* и *канглы*. Близкое родство *кыпчаков* и *канглов* не подлежит сомнению”, – деп көрсетеді.

[Қадырбаев А. Ш. Тюрки и иранцы в Китае и Центральной Азии XIII–XIV вв. Алма-Ата, 1990. С. 12, 17–45, 99, 102–103]

10. С. А. Аманжолов: “Махмұт Қашқаридің “Сөздігінде” *қаңлыларды* өз атымен атамай, “*канглы* – есть один из великих людей из *кыпчаков*” деуі қаңлы-кыпшақтардың біртұтас ел болғандығын көрсететін дәйек, немесе: “Аристов предпологает, что это (кыпчаки. – Ә. Қ.) племя происходило от племени *канглов*, т. к. в изображении (у тамги кыпчаков. – Ә. Қ.) двух черточек (палочек) он видит производность этой тамги от одной фигуры – палки (т. е. от тамги *Канглы*)”, – деп ескертеді.

[Аманжолов С. А. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959. С. 14]

11. А. Тәжуітов: “Он бірінші ғасырдың аяғында *қыпшақтар* оңтүстік-шығыста Таразға (қазіргі Жамбыл) жетті; Қанжак, Санғыр бекінісін салып, қарлұқтармен қоңсы қонады. Қыпшақтардың XI ғасырдағы шығыс шекарасы Ертіс өзені, Алтай таулары арқылы өтетін. Олардың бұл өңірдегі көршісі кейін қыпшақтардың тайпалық одағына сіңіп кеткен *қаңқлар* (*қаңлы*) болса керек”, – деп көрсетеді.

[Тәжуітов А. Қыпшақтар // Арай. 9 қыркүйек 1990]

12. Н. А. Аристов: “Имя кипчаков впервые начинает фигурировать уже в V в. до н. э. в Западной Монголии, а в конце III в. до н. э. они покоряются хуннам”, – деп көрсетеді.

[Аристов Н. А. Заметки об этническом составе тюркских племен народностей и сведения об их численности // Живая старина. Вып. III–IV. Год шестой. СПб., 1896. С. 309, 213, 268]

13. Б. Аспендияровтің пікірі бойынша: “Если принять во внимание, что *кипчаки* те же половцы, то ясно, что древние казахи еще в XI–XII веках жили в Причерноморских и Приазовских степях – на территории *Касахии*, указанной Константином Багрянородным. Многочисленные сведения о половецкой Земле даются в русских летописных материалах” (в Ипатьевской и других летописях, а также в “Слове о полку Игореве”), – деп көрсетеді.

[Аспендияров Б. Некоторые сведения... С. 82]

“*Қыпшақ* – түркі тайпасы. Олар IX ғасырға дейін Жайықтың шығыс жағын мекендеген. *Ахмед Зәки Валидовтің* айтуынша, олар Ертістің батыс жағалауын жайлаған. 890 жылы *Қыпшақтар* Жайыққа көшіп келіп, печенектерді шауып, оларды екіге: шығыс (қазіргі қарақалпақтардың ата-бабасы) және батысқа (бұлар да қарақалпақтар) бөлген. *Қыпшақтар* 900–1200 жылдары Еділ мен Днепрдің аралығын жайлап, Оңтүстік Ресейге шабуыл жасап тұрған. 1222 жылы Кавказ тауларының солтүстігінде оларды моңғол қолбасшылары Сүбетей (дұрысы – Сыпатай) мен Жебе талқандайды. 1223 жылы моңғолдар Қалки өзенінің жағасында қыпшақтар мен оңтүстік орыс княздарын жеңеді. Алғашында осыларды ғана жеңген моңғолдар шығысқа кетеді. 1237 жылы Батый Ресейдің шығыс және оңтүстік бөлігін бағындырып, *қыпшақтарды* тағы да талқандайды. Араб тарихшысы Рукнадиннің мәліметіне қарағанда, *қыпшақтардың* екіге бөлініп, алтыбақан, алауыз болуы моңғолдардың жеңіске жетуін жеделдетеді. Қыпшақтардың бір бөлігі моңғолдарға бағынады да, екінші бөлігі батысқа кетіп, Венгрияда тұрақтап қалады. Тұтқын қыпшақтарды Венеция саудагерлері сатып алып, Мысырға жібереді...”.

“Мысырда қыпшақтар уақыт өте келе көбейіп, Мысыр сұлтаны қыпшақтардан ерекше полк құрады. Бұл жасақ “мәмлүктер” (яғни күлдар) деген атпен белгілі болады. 1259 жылы мәмлүктер көтеріліс жасап, сұлтанды өлтіреді де, оның орнына өз қыпшағы – Ибақты қояды...”.

“Моңғолдарға дейін оңтүстік-шығыс Ресейдегі ең үлкен тайпа *қыпшақ* болатын; сондықтан да орыстар *Алтын Орданы* “*Қыпшақ ордасы*”, түркістандықтар “*Дешті Қыпшақ*” (яғни *Қыпшақ даласы*) деп атаған”.

“Қыпшақтар XVI ғасырда Еділдің орта ағысы мен Сырдарияның төменгі ағысы аралығында көшіп жүрген. Қыпшақтар XV ғасырда Әбілхайыр хандығының негізін құрған. Қыпшақтар бір кезде Қаратау бойында көшіп жүргендіктен “Қарааспандықтар” деп те аталған. Қыпшақта “қарааспан” деген тармақ та бар. Олардың бұл өлкені жайлағанын “Қобыланды батыр” жыры да дәлелдей түседі”.

“Әбілхайыр өлген соң, оның ұлысына қырғыздар мен ноғайлар шабуыл жасайды. Қыпшақтардың тоз-тоз болуы дәл осы кезеңнен басталған тәрізді. Бір бөлігі Әбілхайырдың балаларымен қалып, кейін келе Мұхаммед Шайбанидің Түркістанды жаулап алуына қатысқан. Екінші бөлігі қырғыздарға, үшінші бөлігі ноғайларға қосылады... Еділ татарларын негізінен осы ертерек бөлінген қыпшақтардың ұрпағы деуге әбден болады. Қыпшақтар Қырымға ноғай қыпшақтарынан, Башқұртстанға қырғыз қыпшақтарынан барған болуы ғажап емес. Ең қызығы, біздің қыпшақтар мен башқұрт ішіндегі қыпшақтардың таңбаларының негіздері бірдей болып келеді.

Осы дәуірден кейін қыпшақтар қазақ халқының тарихында сонша бір елеулі рөл атқармаған болуы керек. Ал, қыпшақтар Қазан, Қырымда ылғи да үстем тап болған. Қыпшақтардың қарашы (министр) болу мұрагерлігі дәстүрлі сипат алған.

Ал, өзбек ішіндегі қыпшақтарға келсек, олар да, мәселенки, Қокан хандығында үстемдік еткен. Құдияр ханды, оның шаһарының тұрғындарын үнемі үрейде ұстаған атақты *регент* Мұсылманқұл, оның баласы Әбдірахман *антабасы*, Ташкенттің қорғаны болған Әлімқұл молда – бәрі де *қыпшақтар*”, – деп баяндайды қыпшақ тарихын автор.

[Тынышбаев М. Қазақ халқы тарихынан мәліметтер.
Қарағанды, 1990. 14–15-бб.]

ҚОҢЫРАТ

1. “Қоңырат – Орта жүз құрамындағы тайпа. Қазақ шежіресі бойынша, *Қоңырат Көтенші*, *Көктіңұлы* деген екі бірлестікке бөлінеді. *Көтеншіден* – Саңғыл, Сүйімбай, Сүттібай, Аққошқар, Амантай, Жамантай; *Көктіңұлынан* – Байлар, Жандар, Оразкелді, Қарасирақ, Тоқболат, Құлшығаш, Алғи рулары тарайды”.

“Рашид әд-дин, орыс ғалымы Н. Аристов, кеңес ғалымы Т. Жданко *Қоңыратты* ежелгі *қият* тайпасының ұрпағы немесе қияттармен тектес *Олхонут*, *Хонхират* руынан шыққан және ежелден монғол халқының құрамында болды деп есептейді. Олардың ертедегі қоныстары Қытай мен Моңғолия арасындағы Утаджие аймағы болған. Ежелден көрші тұрып, монғолдармен жан-жақты тығыз байланыста болған. Қоңыраттар келе-келе Шыңғыс ханға бағынып,

XIII ғасырда моңғолдардың батысқа жасаған жойқын жорығына қатысты. Осы тарихи оқиғаға байланысты *Қоңыраттардың* едәуір тобы Қазақстан мен Орта Азияға тұрақтап, қоныс тепті. Олар бұдан былай *Дешті Қыпшақтың* сол қанаты есебінде Темір әулетіне қарсы күресте Әбілхайыр ханды қолдады. Осындай тартыстар салдарынан Шайбани ханмен бірге Мауераннахр төңірегіне ауған *Қоңыраттар* Хиуа хандығының негізін салып, кейінірек Қарақалпақ халқының құрамына енді. Жәнібек пен Керей бастаған топ Дешті Қыпшақтан ауа көшкен кезде Қоңыраттардың бір бөлігі солармен бірге Батыс Моғолстанға келіп орнықты.

Ш. Уәлихановтың жазуынша, Қоңырат елі XIX ғасырдың басында Қаратау, Талас, Ташкент, Бұхар, Қоқан маңына ауысты. Сөйтіп, Қоңыраттар Қазақстан мен Орта Азия жеріндегі түркі тілдес жергілікті тайпалармен араласып, қазақ, өзбек, қарақалпақ, қырғыз халықтарының құрамына еніп, сіңісіп кетті.

Қоңырат тайпасының ортақ таңбасы – П “Босаға таңба”, ұраны – “Алатау”, “Мүкамал”, – деп көрсетіледі Қазақ энциклопедиясында.

[ҚСЭ. 6-т. Алматы, 1975. 601-б.]

2. “Моңғол тарихшысы Санан-Сесеннің мәлімдеуінше, *Қоңыраттар* Ұлы моңғолдар тобының *Көк моңғол* ұрпағынан тараған. “Көк” деген сөздің өзін тура мағынасында түсінген жөн. Өйткені Шыңғыс хан Керей Уаң ханға жолдаған хаттарында *Қоңырат*, *Қатаған*, *Дүрмендерді* “*Көк аяқты тырналар*” деп атаған. Дегенмен “көк” сөзі сонымен бірге “аспан” деген де мағына береді. Біздің *Қоңыраттардың* ішінде “*көктің ұлы*”, яғни “*аспан ұлы*” деген тармақ бар. Бұл Шыңғыс ханның арғы атасының Алаңғой жесірге түнде түндіктен түскен сәуледен пайда болғаны сияқты, *Қоңырат* та көдімгі Адамнан емес, “аспаннан піне болды” дегенге саяды. Бұл, бір жағынан, патшалары мен батырлары Құдайдан туатын грек мифологиясын еске түсіреді. Қытайлар да патшаларын аспан перзенті деп санаған. Қоңыраттардың шығу тегінің ерекшелігі Шыңғыс ханның шешесінің *Қоңырат* болғандығынан да байқалады. Оның бәйбішесі, атақты Жошы, Шағатай, Үгедей, Төлелердің шешесі – Бөрте *Қоңырат* руынан. 13 жасар жетім Темужиннің басынан аяғаш сипап, оның шешесіне үйленген де *Қоңыраттың* рубасы Мендеке болатын. Шыңғыс ханның киіз үйінде Мендекенің бәрінен жоғары отыруын осымен түсіндіруге болатын сияқты. Мендекенің баласы, атақты Шаман Көкшенің лақап аты “*Бұт тәңірі*” еді”, – деп баяндайды тарихшы.

“*Қоңыраттар* Шыңғыс хан қолына билік тигеннен-ақ соның жағында болып, оның барлық жорықтарына қатысқан. 1220 жылы Нишапурды басып алу кезінде Шыңғыс ханның қызына үйленген

қонырат Тоғышар қаза табады. Күйеуі қаза болған соң қаланы басып алуды басқарған Шыңғыс ханның қызы қала алынысымен бүкіл тұрғындарын қырып салуды бұйырады...”.

“Жошы балаларының қарамағына берілген таза монғолдардың ішіндегі біздің қоңыраттардың саны 4000 болған. Қоңыраттар Шайбак (Шайбани. – Ә. К.) қол астында (Көк Орда) болып, Сырдарияның төменгі ағысын тұрақ еткен... 1360-жылдары Хорезмді билеген Қоңырат Құсайын сопы Алтын Орда боданында болса да өзін ешкімге бағынбайтын тәуелсіз ел билеуші ретінде ұстаған. 1371 жылы Хиуаны Темір басып алады. Құсайын қаланы қоршау кезінде дүние салады. Оның орнын інісі Жүсіп сопы басып, Темірмен бейбіт мәмілеге келеді. Темір кеткен соң Жүсіп сопы оған наразылық білдіреді. Содан 1379 жылы Темір Хорезмді қайта талқандайды. Жүсіп болса алғашқы шайқаста-ақ қаза табады...”.

“1420 жылы Қоңыраттар Еділдің төменгі ағысын мекендейді... Қоңыраттың билеушісі Қайдар мырзаның бұл кезде Қоңыраттан құралған 3 түмен (30 мың) қолы болған... Қайдар мырза өлген соң *Қоңыраттың* көп бөлігі Еділ бойына кетіп, одан өзбек Әбілхайырға көшеді. Қазіргі Қырым Қоңыраттары – содан қалған (1449 ж. кейінгі) ұрпақтары...”.

“Шайбани-наменің” авторы Мұхаммед Салихтің мәлімдеуінше, Мұхаммед Шайбани әскерінің құрамында Түркістанды жаулап алу кезінде қоңыраттар көп болған. Осыдан кейін қоңыраттар Бұхарадан солтүстік-батысқа қарайғы кеңістікті жайлай бастайды...”.

“Марайымнен жеңілген қоңыраттар Шығыс Бұхара, Үргеніш, Сырдария бойындағы қазақтарға қарай жылжиды. 1800 ж. басында, династиясы 1919 жылы ғана құлатылған қоңырат *Елтүзер Инақ* өзін Үргеніш ханы етіп жариялайды...” – деп баяндайды *Қоңырат* тарихын М. Тынышбаев.

[*Тынышбаев М.* Қазақ халқы тарихынан мәліметтер. Қарағанды, 1990. 13–14-бб.]

3. *Қоңырат туралы келесі бір шежіреде:* “Жанарыстың бірінші әйелінен *Арғын, Қыпшақ, Найман, Қоңырат* туған; кіші әйелінен *Керей, Уақ* туыпты.

Шешеміз бейшара *Арғынды* көтергенде балға жерік болдым, *Қыпшақты* көтергенде қасқырдың жүрегіне жерік болдым, ал *Найман* мен *Қоңыратты* көтергенде есіл-дертім шаруа, үй-ішінің күйбеңі болды да тұрды дейді екен. Мұның мәнісі – *Арғыннан* ақындар мен шешендердің, *Қыпшақтан* батырлардың көп шығуы болса керек. Ал, *Найман* мен *Қоңырат* ұрпағы шаруашылықты құйттеп, егін еккен, мал бағуды кәсіп қылған, керуеншілікпен күн көрген.

Арғын мен Қыпшақ, Найман мен Қоңырат, Керей мен Уақ еншілес болған. Сондықтан да олар көпке дейін жұптары жазылмай, көрші тұрып, көшіп-қонып жүрген. Кейін тұқымдары көбейіп, өсіп-өнген соң жайылым бөліскен, өздеріне қолайлы кәсіппен шұғылданған. **Қоңырат** тайпасының негізгі кәсібі – өзге тайпалар сияқты мал мен егін шаруашылығы болған...”, – делінеді.

Сол шежіренің өзінде: “Дүниенің жартысын моңғол тұлпарының тұяғына тапталқан Шыңғыс ханның *Қоңыратқа* жиен екендігі, ал оның өзі Қоңырат қызы Бөртеге үйленгендігі, даңқты *Жошы, Шағатай, Өгедей, Төленің* осы Бөртеден туғандығы”, – сөз болады.

“Шыңғыс хан қиыншылыққа тап болып, қашқыншылыққа ұшырағанда пана болған да осы *Қоңыраттар*, хандығын қайта алып, таққа отырғанда септік болғандар да осы *Қоңыраттар*. Сондықтан да Шыңғыс ұлы жорыққа аттанғанда *Қоңырат* маған қосылар, қолдар деп бейбіт елші жіберген. Солай болған да.

Қоңыраттар Отырарға Шыңғыс ханның әскерлерімен бірге келген деп те айтылады. *Қоңырат* Нағанай Отырар күйрегеннен кейін моңғол әскерлерінен қашып, Жиделі Байсыңға ауған”, – деп те айтылады.

Орта жүздің құрамындағы Қоңыраттар Нағанайдың арғы түбі қайдан шықса да өздерін сол Нағанайдың ұрпағымыз деп есептейді. Ұзын саны бүгінгі күні 400 мыңнан асқан бұл тайпа қазақ халқының туын биік көтеріп, оның елдігін, бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосып келе жатқан ондаған рулардың басын біріктіреді.

Қоңыратты “*Босаға*” таңбалы *Қоңырат* дейді... Ұраны – “*Алатау*”... Көп шежіреші “*Алатау*” бүкіл Қоңыратқа ұран болған батыр бабамыздың есімі дегенді айтады”.

[*Ысқақов С. Қоңыр атты Нағанай. Алматы: Рауан, 1995. 4–5-бб.*]

4. Шежіре дерегінен: *Қоңыраттан* – Дарақожа, одан – *Ұзынсопы*, одан – *Нағанай*...

“Нағанайдың отыз ұлы болыпты. Ол өзі өте бай кісі екен. Үргеніш ханына тарту апарғанда оған Емен, Семен деген екі ұл беріпті. Нағанай ол екеуін құлдықтан азат етіп, өзіне бала қылып алыпты. Соларды қосқанда Нағанайдың отыз екі баласы болыпты... Нағанайдың 29 баласы басқа жаққа кетіп, қалған үш баласының ұрпағы осы өңірдің көп ғасырлық тарихында өзінің ізін қалдырды. Олар: *Мелдеби, Орынби, Жығалмырза. Қоңырат* әулеті осылардан тарайды...”.

[Қоңырат шежіресі. Ұраны – “Алатау”, таңбасы – “Босаға”. Алматы, 1992. 3, 6-бб.]

5. М. Омарұлы өзінің “*Қият*” атты мақаласында Рашид әд-дин (Сборник летописей. Т. I. Кн. 1. С. 153–165) мен Әбілғазы ханның шежіресіне сілтеме жасай отырып, “*Қоңыраттар қияттардың ұрпағы*”,

ежелден моңғол тайпасы құрамында десе, онда да тарихи заңдылық бар”, – деп көрсетеді.

Бұл болжамды Қ. Салғара да (Қазақтың қилы тарихы. Алматы, 1992. 246-б.) қолдап, “Кият тайпасындағы “Хонхират” деп отырғанымыз – кәдімгі қоңыраттар” деп көрсетеді.

[Қазақ елі. 24 наурыз 2004]

6. Қоңырат туралы М. Мұқанов: “Одно из ранних упоминаний о *кнратах* представляет собой сведения Рашид ад-дина, приводимые впоследствии в “Шейбаниаде” и особенно в “Родословном древе тюрок” Абуль-гази. Последний наряду с этим дополнительно использовал 17 источников по истории кнратов”, – дей келіп, автор: “Каково же происхождение кнратов по легендам, записанным авторами раннего периода истории?” деген сауалға жауап беруге тырысады.

“В “Сокровенном сказании” описан эпизод, в котором говорится о желании Есугей бахадура отправиться с сыном к своей родне “олхонутского рода” для сватовства. По дороге он повстречал “хонхиратского” Дэй-Сечена, который спросил Есугей бахадура: “Куда держит путь сват Есугей?”. “Я еду, – ответил тот, – сватать невесту вот этому моему сыну у его дядей по матери, у олхонутского племени”. И далее, рассказывая вещей сон, Дэй-Сечен говорит: “Не иначе, что это вы – духом своего киятского племени – являлись во сне моем и предрекали”. Из текста видно, что “*олхонуты*” и “*хонхираты*” состоят в тесном родстве с *киятами*, что они принадлежат к монгольской группе народов”, – дей келіп, автор: “Приведенные факты, несомненно, указывают на историческую и кровнородственную близость между *киятами* и *кнратами*... Многие страницы сочинений арабских, персидских и китайских авторов посвящены исторической и этнической общности *кыятов* и *кнратов*...”.

Осы тәрізді тарихи деректерді келтіре отырып, автор: “Таким образом, родственные отношения между *кнратами* и монголами говорят о том, что в ранний период, т. е. до эпохи монгольских завоеваний, *кнраты* принадлежали к монгольской ветви народов”, – деп тұжырады.

“Общей тамгой кнратов был знак П, называемый “*Босага таңба*”. При наличии единой тамги у *кнратов* существовало два урана: “*Алатау*” и “*Мукамал*”...”

[Муканов М. С. Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза. Алма-Ата, 1974. С. 58–65]

КЕРЕЙ

1. Керей//керейт – казак халқын құраған ежелгі түркі тайпаларының бірі. IX–XII ғасырларда *Керей* тайпасы Керейт хандығы

аталған мемлекет құрып, сайын даланы қоныс етіп, батысы *Найман* хандығы, солтүстігі *меркіттер*, оңтүстігінде *татарлар*, шығысында *Ся* мемлекетімен іргелес жатты. Ол кезде *Керейт хандығы керейт, жиркин, қонхойт, сақайт, тумаут, албат, тунқайт-киркун* деп аталатын тайпалардан құралатын... Керейлердің саны (XI–XII ғасырлар) 200 мың шамасында болған. Олар ежелгі Үйсіндердің бір ұрпағы (Н. Аристов, Г. Потанин, Ш. Құдайбердіұлы, Н. Мыңжан). *Керей* хандары мұрагерлік жолмен сайланды. Керей ұлысының орда тігер орны, қыс қыстауы, жаз жайлауы белгілі болған. Олар әйгілі Қарақорымды бас қала етті. Көшпелі малшаруашылығымен айналысты. Киіз үйде өмір сүрді, олар несториан дінін ұстанды, одет заңына жүгінді. Керейлерді дәуірлеу кезінде Уаң хан басқарған. Керейлер мен моңғолдар өзара ант-су (“анда”) ішісіп, түбегейлі достық қатынасын қалыптастырған. Бұл қатынас Тоғрыл және Темужин (Шыңғыс хан) тұсында одан әрі жалғасты.

Керейлер, яғни Уаң хан Темужиннің “бейбіт түрде ел болып бірлесуге” шақыруына көнбей, екі жақ 1203 ж. ақтық шайқасқа шығып, керейлер жеңіліп, тарих тұғырынан таяды. Керейлердің бір тобы атажұртында қалып, Шыңғыс хан империясына қызмет етеді де, енді бір тобы батысқа – Орта Азияға бет бұрды. Мұнда келгендері Жошы, Шағатай ұлысы, Моғолстан билігінде болып, кейін көпшілігі Қазақ хандығына бағынып, қазақ ұлтын құрады. Керейлер өзбек, қырғыз халықтары арасында да кездеседі. Ертіс, Жетісу, Арқаға келген *Керейлер* қазақ ұлғының құрамына қосылды. Қазақ шежіресі бойынша, Орта жүз құрамындағы Керей тайпасы *Абақ Керей, Ашамайлы Керей* деген екі бөлімге бөлінеді. Абақ Керейлердің көбі Алтайда: ҚХР, Моңғолияда, ал Ашамайлы Керейден Аббас, Хансадақ, Балта, Сибан, Көшебе, Тарышы рулары тарайды.

XIII ғасырдың басында меркіттермен бірге Жем, Торғай өзендері бойына жетіп, сонда қалған *Керейлер* қазірге дейін өзінің ежелгі “*керейт*” атауын сақтап, *Жетіру* (қар.) бірлестігі құрамына қосылған...”.

[Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 4-т. Алматы, 2002. 536–537-бб.]

2. “*Керей*” атауына қатысты (*керей, керейт, корей*, т. б.) тайпалар мен халықтар туралы да әдеби бұлақтарда әртүрлі пікір-көзқарастар қалыптасқан. Солардың кейбіреулері мыналар:

1. Заңгер-ғалым Ж. Ақбаев қазақ халқының этностық құрамына енген тайпалар мен руларды сөз ете келіп, олардың біразының шығу тегі таза түріктер екендігін, ал тағы біразының моңғол тектес екендігін ескертеді және: “*Керейлер*, Корей түбегіндегі *Корейлер* және *Орта жүз*

бен *Кіші жүздің* құрамына кіретін *корейліктер, керейлер және керейттер* солардан тараған”, – деп көрсетеді.

[*Құл-Мұхаммед М.* Алаш ардагері – Жақып Ақбаев. Алматы, 1994. 159-б.]

3. **Керейлер** ұлысының көшпенділер өмірінде ерекше көрініп, көбік бетіне шығуы XII–XIII ғасырлар екендігінде дау жоқ. “1009 жылы несториан уағызшыларының алдында керейттер шоқынып, дінге кірді. Бұл бір кездегі ғұндар, түріктер мен ұйғырлар өз мемлекетін құрып, нығайтқан Орхон, Толы және Онон өзендерінің бойын мекендеген Орта Азияның моңғол тілді халықтарының ішіндегі ең ірісі және мәдениеттісі болатын”, – деп көрсетеді Г. Е. Грумм-Гржимайло.

[Батыс Моңғолия және Уранқай өлкесі. 380–382-бб.]

Бұл деректен аңғаратынымыз, XII–XIII ғғ. ерекше өркендеген **керейлер>керейттер** 1009 ж. несториан дінін қабылдап, Орта Азияның моңғол тілді халықтарының ішіндегі ірі де мәдениетті ұлыстардың біріне айналады.

4. **Керей** тайпасын кейбір этнографтар *сары керей, қара керей және уақ керей* деп қарап, сары керейден *Абақ және Ашамайлы* керейді тарады.

Жалпы Керей ұлысының ортақ таңбасы – **+** (*қосу-крест*). Абақ керей таңбасы – **□**, Ашамайлы керей таңбасы – **X**.

5. **Керейлер**: “Моңғол тарихшысы Санан-Сесеннің деректері бойынша, моңғолдар Шыңғыс хан заманында: 1) *Еке моңғол* (ұлы моңғолдар); 2) *су моңғолдар* немесе татарлар (*маңғыт, ұңғыт, шүршіт*); 3) *керейлер* деген 3 топқа бөлінген. Н. Аристов **Керей** халық ретінде қытай тарихында IX ғасырда еске алынатынын дәлелдейді. Саян тауларының солтүстік шатқалындағы Уде өзеніне құятын жер “*Керей*” деген атпен белгілі. Харузиннің деректері бойынша, Керейлер саны X ғасырда 900 000 жанға жеткен. Рашид әд-диннің деректері бойынша, **Керейлер** *сахият, дубоут, тонгаут, албат, қарқыз* деген тармақтардан тұрады. Егер көпше түрдің “т” қосымшасын жекешенің “н” қосымшасымен ауыстырсақ, *сахы* немесе *саха, дубо* және т. б. болып шығады. Қазіргі кезде *Телецкий* (дұрысы Долес-асы жерлерінде тұратын қарақырғыздың *долес* руының атымен қойылған) көлінің солтүстік және батыс жағына қарай, Алтай тауларын *дубо* тайпасы мекендейді. Орыстар оларды “*Қара татарлар*” деп атаған...”.

Фишер 1639 жылы орыс елшісі Неверовты түбалық қырғыздардың ерекше руы – *керейлер* тұтқынға алғанын жазады. Бұл салыстырулар қазіргі *қара татар, сагай татар, урянхайлар, қарақастар* және біздің *керейлердің* барлығы да бір кезде өмір сүрген көп те күшті **Ке-**

рей тайпасының ұрпағы екендігін дәлелдейді. Олардың тегі ғұндардан, түркілерден тарап, ғасырлар өте моңғолға айналған..., – деп көрсетіледі.

“Моңғолдар Шыңғыс ханға дейін қытайларға алым-салық төлеп тұрғаны және моңғол батырларының ең күштісі *Керей* Тоғрыл хан болғаны белгілі. Моңғолдар салық төлемей қойғанда, Қытай императоры Тоғрылдан руластарын бағындырып беруді сұрайды. Тоғрыл бұл міндетті ойдағыдай орындағаны үшін императордан алғыспен қоса “*Уаң хан*” деген дәреже де алады. Керейлер бұл кезде Онон, Керулен және Орхон өзендерінің жоғарғы ағысын жайлаған. Дәл осы кезден бастап оларға христиан діні (Несторианство) тарай бастайды”.

“Бұл жайындағы қаңқу сөз сонау Батыс Еуропаға дейін жетіп, Керейдің “*Иоан поп*” деген королі туралы аңызға айналады. Тек 1253 жылы Рубрук қана Иоан поп деген керей Уаң ханнан басқа ешкім емес екенін анықтайды. Тоғрыл мен Шыңғыс ханның әкесі Есугей батыр анда – ең жақын дос болған. Уаң хан Есугей өлсе, оның баласына, анда ретіндегі міндеті – әке орнына әке болу еді. Шыңғыс Уаң ханның қыруар көмегінің арқасында ғана әке жұртының басын қайта құрай алды”.

“Н. Аристов Хайду хан (Үгедейдің немересі) қолының көпшілігі *Керей* мен *Найманнан* құралғанын (1270–1301 жж.) айтады. *Керейлер* бұл кезде Қара Ертістің бойынан Алакөл мен Жирен-қабырға тауларына дейін жайылғанын Темір жорықтарынан білеміз. Жоңғарлардың дәуірлеуі 1399–1400 жылдардан басталатыны белгілі. Моғолстан ханы Уайыс хан (1408–1428 жылдар аралығында) жоңғарлармен 61 рет шайқасып, соның біреуінде ғана жеңіске жеткен. Жоңғарлар, шамамен 1420–1430 жылдары, Лепсі уезін басып алып, нәтижесінде ол жерден *Керейлерді* қуып шыққан... Қарқынды шабуылға төтеннен тап болған керейлер бет-бетімен қашуға мәжбүр болған сияқты”, – деп көрсетеді тарихшы.

[*Тынышбаев М.* Қазақ халқы тарихынан мәліметтер. Қарағанды, 1990. 7–10-бб.]

6. “*Керей*” тайпасына байланысты автор: “Одним из крупнейших в Среднем жузе является племя *керей* (кераиты). В сведениях ранних авторов это племя именуется *Керайтами*. При рассмотрении политической истории мы будем употреблять этноним “*керей*”, придерживаясь в то же время исторической формы “*кераит*” в сведениях ранних авторов.

Мнения исследователей по вопросу происхождения *кереев* расходятся. Одни исследователи (Г. Санжеев, В. В. Бартольд, Б. Я. Владимирцов, Н. Н. Поппе, С. В. Киселев) утверждают, что *керей* монголь-

ского происхождения, другие (Рашид әд-дин, С. А. Козин, Абуль-гази, С. А. Аманжолов, А. Х. Маргулан) считают их тюрками, а некоторые, говоря о тюркском происхождении *кереев*, в ходе дальнейшего рассуждения отрицают ранее сказанное (Г. Е. Грумм-Гржимайло)”, – деп көрсетеді.

Автор Керейлердің түркі текті тайпа екендігін монғол мен қазақ халықтарының мәдени, тұрмыс-салт дәстүрлерін салыстыру арқылы дәлелдеуге тырысады. Ол үшін автор:

“*Кераиты* еще в домонгольскую эпоху имели свое государство. Они рассеялись на территории современной Монголии, а именно, по реке Кэрулен, текущей по равнинной Монголии и впадающей в оз. Далай-нор; по Долону – гористой местности к юго-западу от Урги; около оз. Кукана-нор – к югу от оз. Далай-нор; по реке Селенга, впадающей в оз. Байкал; по реке Аргунь, вытекающей из оз. Далай-нор, в местностях Эргунэ-кун, Калаир, Уткух и т. д. Эту местность Рашид ад-дин считал родиной кераитов”, – деген деректерді келтіреді.

“*Кераит*, по словам Рашид ад-дина, – имя царя. Со временем это племя разрослось и собственно *кераитами* стали называть “одну племенную ветвь, в которой был один (действительно государь)”.

“Возвышение Чингис хана еще не означало подчинения ему всех монгольских племен, так как многие вожди не признавали его власти. Чингис хану нужны были союзники, и они были найдены в лице *кераитов* и, в первую очередь, в лице Он-хана, бывшего тогда могущественным государем. Одно время Он-хан громил полчища Чингис хана и последний был в некоторой зависимости от *кераитов*. Постепенно между ними устанавливаются внешне дружественные отношения посредством заключения брачных союзов между двумя царствующими дамами. В обращении к Чингис хану Он-хан называл его своим сыном и сажал его по левую руку”, – делінеді.

Бірақ керейт ханы мен Шыңғыс хан арасында алауыздық туып, Шыңғыс хан 1202 ж. күзде Керейттердің мемлекетін тас-талқанын шығарып жеңеді, барлық жерін иеленеді. Алтай, Тарбағатай және Зайсан алқабындағы керейттер Үгедей ұлысының құрамына енеді. Шыңғыс ханның қатал қысымына шыдамаған керейттер біразы ғана орнында қалып, қалғандары жан-жаққа бытырап, басқа түркі тайпаларымен (арғын, қыпшақ, қарақалпақ, хакас, т. б.) мидай араласып кетеді.

Керей тайпасының құрамы жөнінде автор: “Согласно полевым материалам этнографических экспедиций (1956–1973 гг.) *керей* подразделялись на два крупных родовых объединения: *ашамайлы* и *абак*. *Ашамайлы* состояли из родов: *Сибан*, *Балта*, *Кошебе*, *Тарашы*. Родовое

объединение *Абак* состояло из родов: *Жантеке, Жадык, Каракас, Шереушы, Жастабан, Ители (Айғыр), Молкы, Консадак, Меркит, Итемген, Сарыбас*”, – деп көрсетеді.

[*Муканов М. С. Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза. Алма-Ата, 1974. С. 28–38*]

УАҚ

1. “*Уақ* – Орта жүз құрамына кіретін тайпа. Шежіре бойынша *Шоға, Сарман, Байназар, Сарыбағыш, Сіргелі, Еренші, Әлімбет, Бидалы, Жансары, Баржақсы, Шәйкөз* руларына бөлінеді. Мұның соңғы төртеуін *Ергенекті Уақ* деп те атайды... Уақтың шығу тегі туралы пікірлер әртүрлі. Қазақ арасында кең тараған аңыз бойынша *Уақ* – *Керей* тайпасымен туыстас. *Уақтың* арғы атасының анасы, ері *Жаубасар* өлген соң, бір жылдан кейін әменгерлік әдет бойынша оның ағасы *Ойшыбайға (Керейдің әкесі)* тиеді. Сондықтан да *Уақ* *Керейдің* інісі болып есептеледі. Тарихи деректер негізінде де *Уақ* *Керейлермен* іргелес болып қана қоймай, өзара соғыс одағын құрып, соғыс кезінде әрқашан әскери қолдың оң қанатында болған. *Керей* мен *Уақтың* аталастығының тағы бір айғағы – олардың рулық таңбасының ұқсастығы, яғни “*Ашамай таңба*” – *X* екеуіне ортақ.

Уақтың алғашқы атамекені Қазақстанның солтүстік-шығысы мен *Моңғолияның* батысы болса керек. XVIII ғасырдың 70-жылдары *Уақтардың* саны 5 мың адамға жеткен. Басқа өлкелерде де *Уақтар* тобы жасайды. *Уақтардың* ұраны – “*Жаубасар*”, “*Бармақ*”, таңбасы – “*босаға*”, “*ашамай*” – П, X ...”, – делінеді.

[ҚСЭ. 2-т. 271–272-бб.]

2. *Уақ*. Қазақ шежірелерінде *уақты* Орта жүз қазақтарының құрамындағы кішігірім (тайпаға айналған) дербес рулардың қатарына жатқызады.

Тарихи бұлақтар мен шежірелерде *уақ* тайпасының келіп шыққан төркіні туралы пікірлер әр алуан. Солардың кейбіреулерін қарастырып көрейік.

Әбілғазы шежіресінде *уақтардың* арғы тегін ақ татарлар, бергі аталарын *оңғұттар* деп санайды.

Мысалы, осы бұлақта күллі көшпелілерді *татар* деп атайтын қытайлар оларды *ақ татар, қара татар* және *тағы татар* деп үшке бөліп, Қытай қамалын бойлай қоныстанғандарын түркі тілдес *оңғұттарға* жатқызған. Оларды Әбілғазы әл-Хорезми: “*Оңғұттар* Қытай қорғанының қақпашысы болды. Қытайлар оларға: “Сіздер қорғанның қақпаларын сақтаңыздар, біз сіздерге жыл сайын керек-жарақтарыңызды беріп

тұрайық”, – деп ұсыныс жасайды. Бұл ұсынысты олар қабыл алады. Қақпаны қорғаған сақшылар “оңғұт” деп аталады.

[Әбілғазы. Түрік шежіресі. Алматы, 1992. 87-б.]


Бұл пікірді Ә. Марғұлан да қолдайды және оңғұттар несториан дініндегі түркі тілдес ірі тайпа (ұлыс) болған дейді.

3. “**Уақ**” атауы тарихта болсын, өзбек, ноғай, башқұрт, Қырым, Қазан татарлары арасында болсын кездеспейді. “**Уақты**” еске түсіретін тек бір ғана географиялық атау бар. Ол Саратов қаласынан 9 шақырым, Волга өзенінің жағалауындағы *Увек* таулары. Егер орыстардың, әдетте түркі сөздерін бұзып айтатынын ескерсек (*Өзбек* деудің орнына *Авзак* хан, *Ерусіленді-Янарслан*, *Нарын* құмдарын *Рын* құмдары деу, т. б.), онда ол таулар шындығында **Уақ** аталатын. Жоғарыда 1420 жылы Тоқтамыстың ұлы Қадырберді мен Едігенің шайқасында (екеуі де қаза тапқан) өлген, “Құрлықта тұлғасы да, күші де асқан татар батыры” атанған Ер Көкшенің руының **Уақ** екенін, оны Қызылжар қазақтары арғы атасы санайтынын айтқан болатынбыз. Мен “**Уақ**” сөзін “майда” немесе “аралас” деген мәнде түсінемін, тіпті уаққа екеуі де тән. Яғни, “аралас” дегеніміз – саны жағынан аз, құрамы әр алуан деген сөз. Шындығында да, **уақ** – Орта жүздегі ең аз ру. Оған: 1) *бағыстар* (бұлардың қарақырғыздардан бөлініп қалған топ екеніне күмән жоқ); 2) *ергелілер* (Орта жүздің ергелісінен шыққан); 3) *ергенектілер* (ергенекті наймандардың немесе саржомарт ұрпағы) жатады”, – деп баяндайды автор **Уақ** тарихын.

[Тынышбаев М. Қазақ халқы тарихынан мәліметтер. Қарағанды, 1990. 10-б.]

4. “Племя **уак** не упоминается в ранних источниках, что говорит о его позднем образовании. Существуют различные мнения о происхождении *уаков*”, – дей келіп, автор ол туралы әртүрлі пікірлерге шолу жасайды.

“Н. Аристов, согласно сообщению М. Чорманова, доказывает древность *уаков* и ведет их происхождение от незаконной жены Акжола, основателя Среднего жуза”, – десе, А. Левшин “**Уақ** Тәуке хан қалыптастырған үш рудың (*керей*, *тарақты*, *уақ*) бірі” дейді. Ал, Ш. Уәлихановтың пікірі бойынша: “көне түркі-моңғол рутайпаларының ішінде **уақ** жоқ, бірақ қырғыздың “Едіге” дастанында уақтар Тоқтамыштың бектерінің ішінде аталады”, – деп көрсетіледі. Ә. Марғұланның пікірі бойынша, **уақ** – XII ғасырдағы көне *керейлердің* бір әулеті.

Сондықтан да болар, автор: “Итак, родство *уаков* и *кереев* не вызывает сомнения”, – деп тұжырады. Уақ тайпасының таңбасы –  ,
X – “*ашамай таңба*”, ұраны – “*Жаубасар*”.

[*Муканов М. С. Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза. Алма-Ата, 1974. С. 65–67*]

КІШІ ЖҮЗ

“Ноғай Ордасынан бөлінген қазақ тайпаларының, яғни *Алшын* одағының негізінде Кіші жүз бірлестігі қалыптасты. Сондықтан да Кіші жүз қазақтарын ел арасында “*Кіші жүз – Алшын*” атандырған. Оның құрамына **12 ата Байұлы** (*Адай, Алшын, Жаппас, Алаша, Байбақты, Беріш, Масқар, Таз, Есентемір, Ысық, Қызылқұрт, Шеркеш*); **Жетіру** (*Табын, Тама, Кердері, Керейт, Жағалбайлы, Төлеу, Рамадан*); **6 ата Әлімұлы** (*Қаракесек, Қарасақал, Төртқара, Кете, Шөмекей, Шекті*) енеді”, – деп көрсетеді авторлар (Барлығы 25 ру-тайпа).

[*Аргынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. Алматы, 2000. 370-б.*]

Кіші жүз ру-тайпалары: **I. Әлімұлы:** 1) *Шекті*; 2) *Төртқара*; 3) *Қаракесек*; 4) *Қарасақал*. **II. Байұлы:** 5) *Шеркеш*; 6) *Есентемір*; 7) *Таз*; 8) *Ысық*; 9) *Беріш*; 10) *Адай*; 11) *Байбақты*; 12) *Масқар*; 13) *Тана*; 14) *Алаша*; 15) *Қызылқұрт*; 16) *Жаппас*; 17) *Алтын*. **III. Жетіру:** 18) *Тама*; 19) *Табын*; 20) *Тарақты Табын*; 21) *Шөмішті табын*; 22) *Төртуыл* (яғни *көсекті табын*); 23) *Кердері*; 24) *Керейт*; 25) *Жағалбайлы*; 26) *Рамадан*; 27) *Телеу//Тілеу*.

Бұл дерек Батыс Қазақстан энциклопедиясында келтірілген. Оны алдындағы деректермен салыстырғанда 2–3 ру-тайпаның айырмашылығы байқалады.

[*Батыс Қазақстан. Энциклопедия. Алматы, 2002. 540–541-бб.*]

Кіші жүз – Алшын

1. “*Алшын* – Кіші жүз құрамындағы *Байұлы, Жетіру, Әлімұлы* сияқты үлкен рулардың негізі болған тайпа. Алшындардың ежелгі мекені – *Алтай*. X ғасырда Алшындардың бір бөлігі қыпшақтармен бірге (*Қаңлы* құрамында) батысқа қарай аттанып, Мысырға дейін сарған. Онда Мысыр билеушілерінің қызметінде болып, мәмлүктер әулетінің үстемдігін орнатуда айтарлықтай рөл атқарған. X–XII ғасырларда Қырымдағы *қыпшақ, коман, печенек* арасында *Алшындар* көп болған. XII–XIV ғасырларда Алшынның кейбір рулары Ноғай ордасының негізін қаласқан. Кейініректе олар *қазақ* халқының негізгі

құрамы есебінде белгілі болған. Алшын ұрпақтары татар, башқұрт және Орта Азия халықтарының құрамында да бар”, – делінеді.

[ҚСЭ. 1-т. Алматы, 1972. 311-б.]

“Ұлы жүз – Үйсін”, “Орта жүз – Арғын” сияқты “Кіші жүз – Алшын” да басқа ру-тайпалардың бірігіп, бір одақ болуына ұйытқы болған, көсемдік жасаушы, “арыс” деп аталынған басты тайпаның қатарында қалыптасқан тайпа – **Алшын**.

2. Қазақ шежіресінде: “**Алшынның** түбі қарақырғыздан. Ол тым ескі ел емес. Ежелгі мекені Алтай өңірі еді. X ғасырда **Алшын** жұрты **Қаңлы** құрамында **Қыпшаққа** қосылып, батысқа қарай ауды. Бір бөлігі Мысырға өтіп кетіп, Мәмлүк әулетінің үстемдігін орнатуға қатысады. Бірқатары Өзбек, Қарақалпақ, Башқұрт, Татар, Ноғай ішіне сіңіп кетеді”, – деген дерек келтіріледі.

“**Алшынның** Қарақырғызға жақын екенін Шәкерім қажы да, Мұхамеджан Тынышбаев та жақтағандай. “Бұрынғы кезде “**Алақшын**” деген ел болған, қытайша оны “*Пома*” дейді, ол қырғызбен нәсілдес. **Алшын** сонан шыққан болар”, – дейді Шәкерім атамыз.

Тарихшы Мұхамеджан Тынышбаев: “Шұлым өзенінің бойында және Том өзенінің батыс жағындағы Беріш өзені, Берішкөл, Алшедат өзенінің өңірінде қызыл деген түрік тайпасы тұрады. Оның құрамында “Үлкен және Кіші **Алшын**” деген ел бар. Бұл біздің **Алшынды** еске түсіреді”, – деп жазады.

Осы тәрізді деректерге сүйеніп, шежіреші: “Сонымен, **Алшын** елінің түбі қарақырғыз екеніне дау туар ма екен? Шежіре қазақ ішіндегі **Алшын** ұрпағын *Алау* атты кісіден таратады. Оның лақап аты – “*Арғымақ*”. Бұл бүкіл Алшынның ұраны болады” және “**Алшын** үш тармақтан тұрады”, – деп қорытады.

[Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. Ташкент, 1994. 109–110-бб.]

3. **Алшын**: Оныншы ғасырда Қарақырғыздан бөлініп шыққан **Алшын** атты тайпа Қаңлының құрамында қыпшақтармен бірге батысқа ауып, бірқатары Мысыр жеріне дейін барып, қоныстанып, онда мөмлүктер мемлекетін құрысады.

Қазақ жерінде (Еділ, Жайық, Арал өңірі) қалған Алшын тайпасы кейін “*Байұлы*”, “*Әлімұлы*”, “*Жетіру*” деген атпен белгілі болды (үшке бөлінеді). Сонымен, бір кезде көп, әрі күшті болған түрік тектес Ғұн (Күн) жұртының ыдырауынан қазіргі Қазақ жерінде *Оғыз*, *Қыпшақ*, *Қарлұқ* деген үлкен-үлкен бірлестіктер пайда болса, Қарақырғыздан бөлініп шыққан **Алшын** тайпасы өз алдына отау тікті. Олар Ғұнның тұтасы, Жетісу, Сырдария аралығын алып жатқан көне *Үйсін*, *Қаңлы* тайпаларымен тығыз байланыста болды. Төсі жайлауда, басы қыстауда

тоғысып жатты. Түбі бір түрік жұрты қайтадан бір одаққа біріге бастады, оны “Алаш” деп атады.

Сөйтіп, “Алты алаш” деп *Үйсін, Қаңлы, Оғыз (Найман, Керей, Уақ), Қыпшақ, Арғын (Қарлұқ), Алшын (Қарақырғыз)* одағын атайды”, – деп көрсетіледі шежіреде.

[Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. Ташкент, 1994. 33–34-бб.]

4. “*Алшыннан (Алчин)* туралығымен, адалдығымен, ержүректігімен, жауынгерлігімен, батылдығымен ерекше Кавказ Черкестері тарайды, басқа да Алшындар сияқты, олар да орыстармен және арийліктермен араласып кеткен”, – деген пікір айтады.

[қар. Құл-Мұхаммед М. Алаш ардагері – Жақып Ақбаев. Алматы, 1996. 162-б.]

5. *Алшындар*: “Согласно ряду родословных, записанных из уст представителя Младшей Орды, слово “Алшын” приводится не как название племени, а как общее имя трех крупных ветвей Младшей Орды; точнее, *алшынами* зовут роды и племена *Алим-улы, Бай-улы и Жетыру* (семиродцев). Иногда их называют *трехалшынцами*. По другой родословной, записанной представителем Средней Орды Каримом Батишевым, Алшын приходится сыном *Бек-Арғыса* (мл. сын *Казах* – см. журн. Айкап. 1911. № 3. С. 13–15). Но в истории народа такого имени рода, племени и человека, как *Бек-Арғыс, Жан-арғыс* и др. не встречается”.

“По легендам казахов и киргиз, слово “Алшын”, (иногда “*алачын*”, “*алачен*”) часто связывается с племенным названием *алача//алаша* или с именем *Алаш* (Алач), которые выступают как синоним слова “*казах*”, являясь то одним из потомков древних тюрков, то выступая в роли мифологического старца – советника (Ч. Валиханов) трех казахских жузов или орд. По словам Абул-гази Бахадурхана слово “*алшын*” является прозвищем старшего сына Жошы – хана Орды, в удел которого были отданы территории от Уральских гор до устья Сары-су, от Сыр-Дарьи до Ара-Кума и Кара-Кума”, – деп көрсетеді автор.

“Алшынды” *Алаш//Алач* атауымен байланыстырып, автор: “Отсюда я заключаю, что казахское мифологическое название или боевой клич “*алаш*” (“*алач*”) восходит именно к этому тюркскому народу или племени, всегда жившему в соседстве, в союзе с огузами, кыпчаками, канглами и карлуками. Вероятно, племя или род *алаш* в Малой Орде является одним из остатков древних *халаджей*, живших в Средней Азии. Это относится к вопросу происхождения не только казахского народа, но и других народов, а потому мы вернемся к племенному названию “*алшын*”.

“Так как название “*Алшын*” относится ко всем трем племенным союзам Малой орды, то оно древнее, чем название племени или рода

“алача” (или “алаша”), которое относится к бай-улинским поколениям...”. “Мне кажется, что в основе слова “**алшын**” нет семантики *ала* (“пестрый”)... Следовательно, “*алшын*” и “*алтын*” происходят путем расщепления от одного корня. Недаром одна из ветвей алшынского союза называется “*алтыном*”. Названия рода и племени “*алшын*” в этом союзе нет”, – деп түсіндіреді автор.

“**Алшын** делятся на три главных племени (ветви):

- 1) *Алим* (или *Алим-улы*);
- 2) *Кадыр-кожа* (прозванный *Бай-улы*);
- 3) *Карт-казак*, прозванный потом *Жетыру*”.

“В другой работе Харузина есть сведения, говорящие о том, что среди Кыпчаков Евпаторийского уезда кроме *кара-кыпчак*, *курлу-кыпчак* и *бельдауз-кыпчак*, значится *байгулу-кыпчак*. А это дает нам право утверждать, что племя *Бай-улы* в древности было тесно связано с команами, которые жили в Крыму”, – дей келіп, автор *Алшынды* былайша таратады:

“**Ветви Алим-улы:** *кара-сакал, кара-кесек, кете, төрт-кара, чомокей и чеклы (чекты)*;

Ветви Бай-улы: *адай, жаппас, алача (алаша), байбақты, маскар, берч (берш), тазлар (таздар), есентемир, черкеш (черкес), тана, кызыл-курт, ших-лар (ысык) и алтын*;

Ветви Жетыру: *кердеры, телеу, жагалбайлы, рамадан, табын, тама и керейт*”.

[Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алматы: Санат, 1959. С. 50–54]

“**Кіші жүз – Алшын**” аталуды туралы: “XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың басында, мүмкін сәл кейінірек шығар, Ноғай Ордасынан бөлінген Қазақ тайпаларының, яғни Алшын Одағының негізінде **Кіші жүз** бірлестігі қалыптасты. Сондықтан да *Кіші жүз* қазақтарын ел арасында “**Кіші жүз – Алшын**” атандырған. Оның құрамында – 12 ата *Байұлы* (*адай, алшын, жаппас, алаша, байбақты, беріш, масқар, таз, есентемир, ысық, қызылқұрт, шеркеш*); *Жетіру* (*табын, тама, кердері, керейт, жагалбайлы, телеу, рамадан*), 6 ата *Әлімұлы* (*қаракесек, қарасақал, төртқара, кете, шөмекей, шекті*)”, – деген дерек бар.

[Арғынбаев Х. Қазақ шежіресі хақында. Алматы: Атамұра, 2000. 20–21-бб.]

“**Кіші жүз** – қазақ халқының этностық құрамына енген рулар мен тайпалар одағы. *Кіші жүз* құрамына негізгі үш рулық бірлестік кіреді. Олар: *Әлімұлы, Байұлы* және *Жетіру*. **Әлімұлына:** *Қарасақал, Қаракесек, Кете, Төртқара, Шөмекей, Шекті* рулары жатады. **Байұлы** он екі атадан: *Адай, Алшын-Жаппас* (Алтын, Жаппас), *Алаша, Байбақты,*

Беріш, Есентемір, Қызылқұрт, Шеркеш, Ысық, Таз, Масқар руларынап құралады. **Жетіруға:** *Табын, Тама, Кердері, Жағалбайлы, Керейт, Тілеу, Рамадан* рулары кіреді.

Кіші жүз тайпалары мен рулары... шаруашылық және географиялық жағынан... Қазақстанның батыс бөлігін мекендейді. Батыс Қазақстан ежелден-ақ қазақ халқы этногенезінің негізгі орталықтарының бірі болды. Мұнда көне заманда **Сармат** тайпаларының одағы, ал монғол шапқыншылығынан кейін **Ноғай ордасы** орын тепті...

Кіші жүз Ұлы жүз бен Орта жүзден кейінірек құрылды. Кіші жүз халқының көпшілігі бұрын Ноғай ордасының құрамына кірді. Олардың ішінде, мәселен, *Алшын* сияқты үлкен тайпа да болды. Сондықтан да **Кіші жүзді** кейде “**Кіші жүз – Алшын**” деп те атайды”, – делінеді ҚСЭ-де.

[ҚСЭ. 6-т. Алматы, 1975. 192-б.]

С. Аманжолов **Кіші жүз** құрамында

33 ру-тайпа бар деп қарайды:

- | | | |
|----------------|-------------------|-----------------------|
| 1. Алшын; | 12. Кердері; | 23. Сунақ; |
| 2. Алтын; | 13. Масқар; | 24. Қарасақал; |
| 3. Алаша; | 14. Керейіт; | 25. Шөмекей; |
| 4. Арғын; | 15. Тама; | 26. Шекті; |
| 5. Әлім; | 16. Табын; | 27. Серкеш // Шеркеш; |
| 6. Беріш; | 17. Терістаңбалы; | 28. Тана; |
| 7. Адай; | 18. Оңтаңбалы; | 29. Қызылқұрт; |
| 8. Жүй; | 19. Таздар; | 30. Шихлар; |
| 9. Есентемір; | 20. Рамадан; | 31. Кете; |
| 10. Жаппас; | 21. Телеу; | 32. Байбақты; |
| 11. Қаракесек; | 22. Төртқара; | 33. Қарауылкесек. |

[Аманжолов С. Вопросы диалектологии... Алматы, 1959. С. 10]

Кіші жүз ру-тайпаларын келтіре отыра, С. Аманжолов олардың сан жағынан да, тарихи мәні жағынан да бірдей емес екендігін ескертеді. А. Левшиннің, Н. Аристовтың пікірлеріне сүйене отырып, бұлардың көпшілігі-ақ тайпа бірлестігіне жатпайды, жатса да олар ру, не рудың тармағы болуы мүмкін деп көрсетеді.

Бұларды өзара салыстыра келіп, автор қазақ халқының қалыптасуында негізгі рөл ойнаған Үш жүз тайпаларының ішінен (26) Кіші жүздің *Алшын, Шеркеш, Шөмекей, Адай* тайпаларын көрсетеді.

[Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алматы, 1959. С. 17–19]

I Он екі ата БАЙҰЛЫ

“Байұлы – Кіші жүз құрамындағы рулық бірлестік. Оны халық арасында “12 ата Байұлы” деп атайды. Шежіре деректері бойынша, **Байұлы: Шеркеш, Есентемір, Таз, Ысық, Адай, Беріш, Алтын, Жаппас, Байбақты, Тама, Масқар, Алаша** және **Қызылқұрт** руларынан тұрады. Әрқайсының өзіндік ұран, таңбасы бар”, – делінеді энциклопедияда. [ҚСЭ. 1-т. Алматы, 1973. 97-б.]

Он екі ата Байұлы. Бұл тайпа бірлестігін халық шежіресі былайша таратады:

1. **Адай:** ұраны – “*Бекет*”, таңбасы – “*жебе*”, “*садақ*” – 7.

2. **Таз:** ұраны – “*Төремұрат*”, таңбасы – “*қамшы*” – S

Адай мен *Таз* халық жадында ағайындас болып саналады. “*Аққу менен қаз егіз, Адай менен Таз егіз*” деген сөз содан қалған делінеді. Ғылыми деректерде: *Адай* – ежелгі *Сақ* тайпасының бір тармағы, *Дай (Дахи)*-лардың мұрагері делінеді. Негізгі атамекені – Маңғыстау – делінеді.

3. **Есентемір:** ұраны – “*Алдаоңғар*”, таңбасы – У “бақан”.

4. **Ысық:** ұраны – “*Бөйтерек*”, таңбасы – У “бақан”, > “бұрыш”.

○ “дөңгелек”.

5. **Байбақты:** ұраны – “*Доуқара*”, таңбасы – У “бақан”, ○ – “дөңгелек”, † – “балға”.

6. **Масқар:** ұраны – “*Қаратай*”, таңбасы – > “бұрыш”, У “бақан”. Тағы бір шежіре дерегінде: “Байұлы құрамындағы *Масқар* туралы: “*Батыс Моңғолияда мекендеген түркі тектес Хотон жұртына енетін жеті атаның бірі Масқар. Оның бір атасы – Қырықсодақ. Бұл атау Шанышқылының Балық атасында да бар*” деп ескертеді.

7. **Алаша:** ұраны – “*Байбарақ*”; таңбасы – S “түйемойын”, C – “айшық”, ○ – “дөңгелек”. S – “шылбыр”. **Алаша** туралы: бұл рудың Алтай төңірегін мекендеген угро-фин тектес ежелгі *Дин-лин* жұртына да, түрікмендер мен қырым татарларының құрамындағы Алашаларға да қатысы бар деп (Н. Аристов) есептеледі.

8. **Тана:** ұраны – “*Малайсары*”, таңбасы – / “көсеу”, “әліп”. Ауызекі деректерде **Тана** Қаңлы тайпасының **Танта (Еңке, Танта** аталас) атасынан бөлініп, Алшын ішіне сініп кеткен бір тармағы деген сөз бар. Бұл пікірді осы рулардың ортақ таңбасы да (“көсеу таңба”) дәлелдеп тұрғандығын көреміз.

9. **Серкеш (Шеркеш):** ұраны – “*Шағырай*”, таңбасы – “*ілек*” Z , У “бақан”.

10. **Алтын:** ұраны – “*Баймұрат*”, таңбасы – > “бұрыш”.

11. **Жаптас:** ұраны – “Баймұрат”, таңбасы – \int “шылбыр”, S – “түйемойын”, Y – “бақан”, C – “айшық”.

12. **Беріш:** ұраны – “Ағатай”, таңбасы – S “түйемойын”, Δ – “тұмар”, O – “тостаған”.

Беріштің шығу тегі тым көне, ол хазар жұртымен төркіндес деген де пікір айтылады.

Міне, 12 ата Байұлы ру-тайпа бірлестігін қазақ шежірелері осылай таратады. Біз олар туралы басқа деректерді осы тәртібімен қарастырдық.

[Содибеков З. Қазақ шежіресі. Ташкент: Узбекистон, 1994. 111–115-бб.]

1. “**Адай** – Кіші жүздің Байұлы құрамына кіретін ең үлкен ру. Арғы тегі Каспий теңізінің оңтүстік-шығыс жағалауын мекендеген ежелгі *Дай* (*Дах*) тайпалары болса керек. Атамекені – Маңғыстау түбегі. *Адай* – *Ақбан*, *Құнанорыс*, *Жеменей*, *Балықшы*, *Тобыш*, *Мұңал*, *Тәзіке*, *Қосай* сияқты ірі-ірі аталарға бөлінеді. Рудың төл таңбасы – “*Адай таңба*” деп аталатын жебе тәрізді белгі – (†), Ұраны – *Бекет* (Мұңал ұрпағынан шыққан атақты Бекет “*әулиенің*” атымен алынған)”, – делінеді.

[ҚСЭ. 1-т. Алматы, 1972. 111-б.]

2. “**Адай** руы – Кіші жүздегі саны көп рулардың бірі. Маңғыстау *адайларының* шыққан тегі туралы нақтылы деректер мардымсыз... Геродот пен Страбон б. з. д. II ғасырда Каспий теңізінің жағалауын мекендеген ежелгі *дайлардың* ұрпақтары болуы мүмкін деп жорамалдайды. Олар *адай* оғыздарының “*ада*” (арал) – “*адайлықтар*” (аралдықтар) деген сөзінен шыққан деп санайды. Авторлар өз тарапынан: “Бізге *дайлар* (дахтар) *Адай* руының алыстағы бабалары” деген нұсқа әбден ықтимал болып көрінеді”, – деп қосады.

Еңбекте бұл пікірді айқындай түсетін тағы біраз мағлұматтар келтіріледі: 1) б. з. д. V–I ғасырларда Сырдарияның (Яксарттың) жағалауын жайлаған парадарая *сақтарының* одағында *дахтар* да болған; 2) осы кезде Каспий теңізінің оңтүстік-шығыс жағында, яғни қазіргі Иран мен Түркіменстан шекарасындағы аймақта да *дахтар* мекендеген; 3) б. з. д. 486–480 жылдарда Персияға бағынған халықтар арасында *даһа* атауымен аталған дайлар болған; 4) хорезмдіктердің оңтүстік-батыс және солтүстік-шығысындағы тайпалар “*дах*” деп аталған; 5) б. з. д. II–I ғасырларда *дахтар* Сырдарияның төменгі ағысында, ішінара Теджен өзені аңғарында өмір сүрген; 6) *Кангюй* (қаңлы) тайпалық одағының мейлінше гүлденген мезгілінде (б. з. д. III ғ. – б. з. I ғасыры), яғни өзінің ықпалын Хорезм, Ферғана, Соғда

аймақтарына таратқан кезде, оның орнына келген Түрік қағанатының құрамында *дайлар* күшті де саны көп этностық топ болып, оғыздар одағына кірген; 7) дайлардың Маңғыстауға орын тебуі осы кез (IX–X ғғ.) болуы мүмкін; 8) Гуздерден бөлініп кеткен “түркілер тайпасы” – *дайлар* (дахтар) болуы мүмкін. Өйткені гуздер арал халқын “*адайлар*” деп атауы ықтимал, себебі гуздер (оғыздар) тілінде “*арал*” – “*ада*” деген сөз. Одан кейін *адайлар* қыпшақ тайпалары одағында болған. Жайылым мен құдық үшін түркімендермен қақтығысу нәтижесінде олар солтүстікке, *Жем*, *Ойыл*, *Сағыз* өңіріне көшіп баруға мәжбүр болған. Қазақстан жерін моңғолдар басып алғанда адай тайпасы Алтын Орданың билігіне түседі. Алтын Орда және Ақ Орда ыдырағанда адайлар Өзбек хандығының, кейін Ноғай Ордасының құрамына кірді, т. т., – деп баяндалады Адайдың тарихы.

Авторлар: “Жалпы тарихи сипаты жағынан... ата-бабалары Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы *дайлар* (дахтар) болған Адай руының пайда болу тарихы осындай”, – деп түйеді.

Адай руының ұрандары – “*Бекет*”, “*Төлеген*”, таңба белгілері –

↑, ↓, ∩, +, ↓, √, ○, ⚡.

[*Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В.* Қазақ шежіресі хақында. Алматы, 2000. 374–378-бб.]

3. “*Адай*” – “аралдықтар тайпасы”, “арал адамдары” деген мағына беретін атау (этноним). Бұл жер-су, географиялық, табиғи ортаға байланысты берілетін атаулар тобына (Мыс.: *қаңлы* – “өзен бойындағы адамдар”, “өзендіктер”, *аргун* – “*аргу* өзені бойында жасайтын тайпа”, т. б. дегенді аңғартатын атау) жатады.

Бұл этнонимнің түбірі – **ада*, ол орта ғасырлар түркі тілдерінде жиі қолданылған “*арал*”, “құрлықтан бөлініп, теңізге, көлге еніп тұрған жер бөлшегі” мағынасындағы туынды тұлға. Оның ілкі түбірі – **ад//*ат* (бұдан *адыр*, *адырна*, *адарғы*, *атырау*, т. б. сөздер туындаған), оның варианттары: **аж* (*ажыра-*, *ажырық*), **ай* (*айыр* – құрал, *айыркүйырық*), **ар* (*ара*, *арасы*, *арала-*), **ақ* (үшақа, төртақа – құрал), т. б.

Түркі тілдерін зерттеуге бағышталып, араб тілінде жазылған (XIV ғасырда жарияланған) құнды еңбектердің бірі – “*Китаб ат-тухфа аз-закыйа фй-л-луға ат-туркийа*” атты еңбекте **ада* сөзі жеке-дара “*арал*” (“остров”) мағынасында қолданылғандығы дәйектелген [қар. Изысканный дар тюркскому языку. Ташкент, 1978. 10-б.].

Осыған байланысты біз *адай* тайпасының атауын **ада* сөзінен туындаған “арал адамдары, тұрғындары” (“островной народ, племя”) деген мағынада қалыптасқан этноним деп жобалаймыз.

Бұл тәрізді этнонимдердің түркі тілдерінде жиі кездесетіндігін жоғарыда көрсеттік. Ал, бұл атаудың негізіндегі **ад-//*ат-* ілкі

түбіріне келсек, ол түркі тілдерінің бәрінде өте жиі қолданылатын бірнеше этимологиялық варианттары бар көне этимон (*ад- ~ *ат- ~ *аж- ~ *ай- ~ *аш- ~ *ар-) болып саналады. *Ада (“арал”) болса, ол *д ілкі түбірінен туындаған есімдік атау. Ал, *адай*, міне, осы *ада есіміне түркі тілдерінде этноним, антропоним жасайтын көне де байырғы моделі бойынша -ай//ей//й (мыс.: *Ногай, Керей, Матай, Шөкей, Сагай*, т. б.) жұрнағын жалғау арқылы жасалған деп білеміз.

4. *Адай*: ұраны – “Бекет”. Таңбасы 7 – “жебе”, “садақ”. *Адай-дан* – Құдайке, Келінберді. *Құдайкеден* – Тезіке, Қосай; *Тезікеден* – Қонақбай, Серке, Өтен. *Қосайдан* – Бегей, Өтей, Байбас, Тіней, Бәли, Сүйіндік. *Келінбердіден* – Құнанорыс, Ақпан, Бұзау, Балықшы, Мұқыл, Тобыш. *Құнанорыстан* – Жантуған, Жанбай, одан – Айдабол, Сүйіндік, Қошқар. *Ақпаннан* – Қаракүшік, одан – Құдайкүл, Қүти. *Бұзаудан* – Айтұмыс, Жеменей; *Балықшыдан* – Өртеліс, Қоржы (111-б.)

“Ғылыми деректерде: *Адай* ежелгі *Сақтың* бір тармағы болған, *Дай* (*Дахи*) тайпасының мұрагері делінеді. *Дайлар* ежелден Арал аймағы, Сырдарияның төменгі ағысы, Каспий өңірі, Әмударияның құйылысында көшіп-қонып жүрген. Негізгі атамекені – Маңғыстау түбегі”, – делінеді (111-б.).

Осыған орай, *Адай* этнонимінің этимологиясына байланысты айта кететін өз жорамалымыз: түрікше *am//*ad ілкі түбірінен туындаған *ада*, *атыр//адыр*, *атырау*, *адырна*, т. б. (“жеке тұрған”, “құрлықтан су арқылы бөлініп, арал болып кеткен” мағынасындағы) сөздер сияқты, *Адай* этнонимі де *am//*ad түбіріне ру-тайпа мағынасын беретін (сал. *керей, ногай, сагай, тіней*, т. б.) -ай жұрнағы жалғанып, “аралдық адамдар”, “Аралда жасайтын ру-тайпа” деген мағынада қалыптасқан атау. Бұл тәрізді этноним моделдерін, мысалы, Л. В. Дмитриеваның еңбегінен көруге болады.

[“Этимологии географических апеллятивов в тюркских и других алтайских языках // Алтайские этимологии. Сб. научных трудов. Л.: Наука, 1984. С. 132]

Адай: □ “Танысаң – Адайыңмын, танымасаң – Құдайыңмын” < бұл мақал халықтың Адай тайпасына берген психологиялық сипаттамасы; Адай тайпасы атынан айтылып тұрған мақалдың мәні: “егер менімен ақ көңіл, оң пиғылмен жақын да адал дос болам десен, мен де Адайға тән адал ниетіммен, ашық-жарқын көңіліммен оны қабылдауға сертесемін, Адайлығымды танытамын; егер сен бұл қасиетімді дұрыс түсінбей, кулық-сұмдыққа барып, арамдық істесен, жаныңды жаһаннамға жіберуге, Адайлығымды танытуға бармын” дегенді аңғартады>

ТАЗ

1. *Таз* руы да тарихта алғаш рет (XVIII ғ.) М. Тевкелевтің жасаған ру-тайпа тізімінде кездеседі. *Таздар* руының құрамы *Абдал*, *Шарғы*, *Жастабан* деген үш тармақтан тұрады. Бұлардың біразы башқұрттардың құрамында да кездеседі.

Таздардың түп-тамыры (атауы) IV–V ғасырлардағы *афталар* (эвталиттер) дәуірінде жатыр деп жобалайды авторлар. Олардың атауларынан А. Ю. Якубовский түрікмен абдалдарының бабаларын көреді. Демек: “эвталиттер – Кіші жүз Таздар құрамындағы *Абдалдар*, олар – көне *Эвталит* тайпаларының қалдықтары”, – деп жобалайды авторлар. Түркімен абдалдары XIX ғасырда Маңғыстауды мекендеген және олар қазақ руларымен (таздармен) жанасып жатқан. “Абдал руы дегеніміз – өзбек-ноғайлар”, – деп көрсетеді авторлар. Таз руының жаугершілік ұраны – “*Бақай*”.

[*Аргынбаев Х., Мұқанов М., Востров В.* Қазақ шежіресі хақында. Алматы, 2000. 387–388-бб.]

2. *Таз*: ұраны – “*Төремұрат*”, таңбасы – § “*қамшы*”. Таздан – *Абай*, *Қабай*, Абайдан – екі ұл, *Қабайдан* – бір ұл.

“Адай дүниеге келгенде анасы өліп қалады да, Таздың шешесі оны бауырына басып, өзінің сүтімен асырайды. Сондықтан Адай мен Таз туыс есебінде. Халық ауызындағы “*Аққу менен қаз егіз, Адай менен Таз егіз*” деген сөз содан қалған.

[“Ана тілі” газетінде]

ЕСЕНТЕМІР

Есентемір Шеркеш және *Ысық* руларымен бірге Байұлы ұрпағына жатады, бірақ олардың таңбасы – У, У бірдей бола тұрса да, туыстық деңгейі бірдей деп айту қиын. Ол таңбалардың сырттан қарағанда наймандардың мына V таңбасымен ұқсастығы байқалады. Демек, бұл *Есентемір*, сондай-ақ *Шеркеш*, *Ысық* руларының түпнегізі, о бастағы ұйытқысы наймандар болуы мүмкін деп жорамалдайды авторлар.

[*Аргынбаев Х., Мұқанов М., Востров В.* Қазақ шежіресі хақында. Алматы, 2000. 394–396-бб.]

ЫСЫҚ

Ысық – Байұлы ұрпағына кіретін үш рудың (*Есентемір*, *Шеркеш*) бірі. Бұлардың таңбалары – “*бақан*”, “*бұрыш*” – бірдей бола тұрса да туыстық-жақындығын дәлелдеу қиын. *Есентемір*, *Шеркеш* рула-

рының түп-төркінін Найман тайпасымен байланысты деп қарауға болса да, *Ысық* туралы оны айтуға болмайтынын ескертеді авторлар. Көне түркі тілдерінде жиі қолданылған сөздердің бірі – *Ысық*. Ол “Қасиетті, киелі” деген мағынаны білдірген. Мүмкін бұл рудың да осы сөзге қатыстығы болуы ықтимал.

[*Аргынбаев Х., Мұқанов М., Востров В.* Қазақ шежіресі хақында. Алматы, 2000. 394–395-бб.]


БАЙБАҚТЫ

“*Байбақты* руының тарихы өте қызықты. Кіші жүздің *Байбақты* руының шежіресінде *Тоқсоба* оның төртінші ұрпағы болып саналады. Бұл деректен *Байбақтының* бәрі болмаса да, біразы ертедегі қыпшақтардан шыққан болып саналады. Кейінгі кездегі қыпшақ бірлестігінде *Тоқсоба* деген ру жоқ деген де пікір бар. Бірақ көптеген қыпшақ тайпалары секілді, *Тоқсоба* да кейінгі кезде Кіші жүз құрамына енуі мүмкін. Қарақалпақ құрамына енген Тоқсобалардың ұраны да – “*Тоқсоба*”.

Тоқсобаның жаңа атауы – *Байбақты*. Ұраны – “*Дәуқара*”, – деп көрсетіледі.








[*Аргынбаев Х., Мұқанов М., Востров В.* Қазақ шежіресі хақында. Алматы, 2000. 384-б.]

МАСҚАР

“*Масқар*: “Тарихи әдебиеттерде *Масқар* руының да шыққан тегі беймәлім. Кейбір жорамалдар бойынша, өздерін түркі санайтын *хотондардың* жеті руының біреуі – *масқарлар*. Осы рудың бір бөлігі батысқа кетіп, өз атымен қазақ халқының құрамына қосылуы мүмкін. *Масқар* руының *Қырықсадақ* бөлімшесі қарақалпақ тайпасының кендекті руы, өзбек – лоқайлардың бір бөлімшесі, шанышқылы тайпасының бір руы ретінде кездеседі. *Масқар* руының таңбасы –  , ұраны – “*Каратай*”, “*Майлыбай*”.

[*Аргынбаев Х., Мұқанов М., Востров В.* Қазақ шежіресі хақында. Алматы, 2000. 384–385-бб.]

АЛАША

Алаш//Алаша руы – Кіші жүз құрамындағы, бірақ таңбасының ұқсастығына қарағанда Найман тайпасының *Бағаналы* руынан шыққан тармақтың бірі. Мысалы, тарихи материалдардың бірінде *Алаштың* үш –  ,  ,  , екіншісінде төрт таңбасы –  ,  ,  ,  –

көрсетіледі. Ал, бұл таңбалардың кейбіреулері *Албан* (Қоңырбөрік), *Дулат*, *Найман* таңбаларымен ұқсас болып келеді, — деп көрсетеді.

[*Аргынбаев Х., Мұқанов М., Востров В.* Қазақ шежіресі хақында. Алматы, 2000. 394-б.]

ШЕРКЕШ

Шеркеш. Қазақ (немесе Акстафы) уездік қаласының солтүстігінде 50–60 шақырым жердегі *Алазан* өзені (демек, *Алазаон* тайпасы) туралы айта келіп, М. Тынышбаев сол *Алазан* өзенін қазақтың *Алшын* руына балап: “оған қатысты байырғы руларды — *Черкеш* пен *Берішті* — көршілері “*қазақтар*” деп атаған”, — деп көрсетеді.

[*Құл-Мұхаммед М.* Алаш ардагері — Жақып Ақбасв. Алматы, 1996. 166-б.]

АЛТЫН

Алтын руының шығу тегі *Найман* болуы да мүмкін деп көрсетеді авторлар. Олай деудің бір себебі — таңбаларының жақындығы. Мысалы, мына екі таңбаның негізінде — **А** **М** найман таңбасы жатыр деп көрсетеді олар. *Алтын* руы туралы алғашқы дерек (XVIII ғ.) А. Тевкелевтің мәлімдемесінде келтіріледі.

[*Аргынбаев Х., Мұқанов М., Востров В.* Қазақ шежіресі хақында. Алматы, 2000. 394-б.]

ЖАППАС

Жаппас — Кіші жүз құрамындағы ірі рулардың бірі. Ол туралы алғашқы деректер А. И. Тевкелев, П. И. Рычков, М. Ф. Ларионов (1829) пен А. И. Левшиндердің еңбектерінде келтіріледі. Кейінгі жазба деректерде *Жаппас* Бөкей ордасының құрамдас бөлігі ретінде кездеседі. Жаппас руы 9 бөлімшеден тұрады: *Шолтақ*, *Сумұрын*, *Бесбалуан*, *Баймұрат*, *Оңғұт*, *Қаракөз*, *Киеке*, *Ыстық* және *Өтеп*. Олар Қазақстанның өртүрлі аймақтарында мекендейді.

Жаппас руының таңба белгілері — **З**, **Ғ**, **Љ**.

Ұрандары — “*Баймұрат*”, “*Бақтыбай*”.

[*Аргынбаев Х., Мұқанов М., Востров В.* Қазақ шежіресі хақында. Алматы, 2000. 390-б.]

БЕРІШ

Беріш – Кіші жүздің саны көп руларының бірі. П. Кеппеннің мәліметі бойынша (1851) тек Бөкей ордасында ғана олардың 3600 шаңырағы (яғни 18 мың жан) жасаған екен. *Беріш* руы 9 бөлімшеден тұрады: *Жайық, Есенеұл, Қаратоқай, Құлкеш, Бегіс, Есен, Жаңбыршы, Себек, Басқасқа*. Бұл рудың негізін қалаушы, тегі Қыпшақ тайпасынан басталатын Байбақты руы деп тұжырады авторлар. *Байбақты* мен *Беріштің* жақындығын ескере отырып, авторлар олардың екеуін де Қыпшақ тайпасынан шыққан деп пайымдайды.

Беріш руының таңба белгісі – **𐰇**

[*Аргынбаев Х., Мұқанов М., Востров В.* Қазақ шежіресі хақында. Алматы, 2000. 391–392-бб.]

ҚЫЗЫЛҚҰРТ

Кіші жүз құрамындағы *Қызылқұрт* руы *Емірей, Олжашы, Ерші* деген үш (кейде *субе*, не *саба* деген төрт) тармақтан тұрады.

Шыққан тегі туралы әдебиеттерде мағлұмат жоқ. Қызылқұрт руының екі түрлі таңба белгісі бар: біреуі – **𐰇**, енді біреуі – **𐰇**, ұраны – “*Жиенбай*”.

Зерттеушілер *Қызылқұрт* бір кездерде *Ысты* тайпасынан бөлініп шығып, Тама руына барып қосылған ру деген де жорамал айтады. Оның бір дәлелі – екеуіне де ортақ “*көсеу таңба*” – **𐰇**. Бұл руда басқа рулардың да (*Байбақты, Масқар*, т. б.) таңбасы кездеседі”, – деп көрсетеді авторлар.

[*Аргынбаев Х., Мұқанов М., Востров В.* Қазақ шежіресі хақында. Алматы, 2000. 388–389-бб.]

II. ӘЛІМҰЛЫ

“*Кіші жүз құрамындағы рулар одағы*. Кейде оны “*Алты Әлім*” деп те атайды. Оған: *Қарасақал, Қаракесек, Кете, Төртқара, Шөмекей, Шекті* рулары кіреді. Әлімұлының таңбасы – Алшын таңбасының қосарланып өзгерген түрі – **𐰇**

[ҚСЭ. 1-т. Алматы. 1972. 38-б.]

Әлімұлы: “Садырбамдақ – *Әлім*, оның ұлысы “*Әлімұлы*” атанады. Әлімұлы да бір атадан емес. Оған қосылған *Кете* мен *Шөмін* жанама ата есебінде айтылады. Әлімнен тікелей өрбитін *Қарамашақ (Төртқара), Жаманақ (Шекті), Тегенполат – Айнақ (Қарасақал) және Ұланақ (Көлтұлы)* деген төрт ата. Жоғарыдағы екі атаны (*Кете, Шөмін*) қосқанда, “*Алты Әлім*”, не “*Әлімұлы*” болып саналады.

1. **Кете:** ұраны – “*Майлыбай*”; таңбасы – ☞ “*Ілгек*”. Кетенің шығу тегі жөнінде бірізді пікір жоқ. Оны біреулер Масагет мұрагері десе, (“Қазақ әдебиетінде”) енді біреулер алдымен Найман Әкімбектің, одан соң (XII ғ. аяғында) Моңғол мемлекетінің құрамына еніп, бергін келе Кіші жүз тайпалары одағына кірген деп жобалайды. Енді бір деректе Кетелерді Масагет тараған екі рудың бірі (екіншісі – *Бесене* > *Пеишене*) деп қарастырады. Бесенелердің (дұрысы – *печенек*) кейінірек *Ғұн*, *Оғыз*, *Қыпшақ*, *Қаңлы*, *Қоңырат*, т. б. тайпалармен араласуы нәтижесінде *Қарақалмақ* халқы пайда болса, **Кетелер** қазақ арасында қалып, Кіші жүз құрамына қосылады”, – дейді шежіреші (115–116-бб.).

2. **Шөмекей:** ұраны – “Дойыт”, таңбасы – ○ “тостаған”. *Шөмекей*, *Дойыт* (Доуит) Шөміннен тарайды. *Дойыт* тілсіз (мылқау) болыпты. Ағалары атаусыз-атсыз қалмасын деп, оның атын ұранға айналдырып жіберіпті.

3. **Төртқара – Қарамашақ:** ұраны – “*Айыртау*”, таңбасы – > “бұрыш”, – Т “балға”. Басқа шежірелерде *Қарамашақ* емес, бұл ру “*Төртқара*” деген жалпылама (қара түсті ағайынды төрт ұлға ортақ) атпен аталады.

4. **Шекті – Жаманақ:** ұраны – “Бақтыбай”, “Жанқожа”, таңбасы – > “бұрыш”, – С “айшық” (“айқыш” деп те аталады). Рулық дәрежедегі аталары: *Жақайым*, *Орыс*, *Орманбай*, *Ожырбай*, *Байкөбек*, *Айт*, *Бұжыр*.

5. **Қарасақал:** ұраны – “*Алдажар*”, таңбасы – > “бұрыш”, – Т “балға”. Шежіреде *Қарасақал* руының баламасы ретінде *Тегенполат* пен *Айнақ* та келтіріледі.

6. **Қаракесек:** ұраны – “*Ақпан*”, таңбасы – П “босаға”, – ☞ “*Ілгек*”. Шежіреде *Қаракесек* руының баламасы ретінде *Ұланақ* пен *Көлтұлы* (*Күлтелі*) да қатар аталады.

Сонда *Байсары* (*Кете*), *Шөмін* (*Шөмекей*), *Әлім* үшеуінен тараған алты ата ел “*Әлімұлы*” атанады.

[*Сәдібеков* З. Қазақ шежіресі. Ташкент: Узбекистон, 1994. 115–119-бб.]

КЕТЕ

Кете – Кіші жүз Әлімұлы ұрпағының бір руы. “Бұл ру туралы алғашқы мәліметтер XII ғасырға қатысты, – дей келе авторлар, – онда кидандарға бағынышты, 1120 жылы бекзадалары *Елюй-Даши* қол астына жиналып, содан соң қараханидтерге қарсы жорыққа қатысқан 18 тайпа арасында *кити* (*hi-ti*) тайпасы айтылады.

Кете руының атауы әртүрлі тұлғада *кете, кити*, т. б. кездескенімен оның этностық тегі айқын емес. Мәселен, Г. Грумм-Гржимайло “олардың тегі аралас, *динлиндер* мен түріктердің, угро-финдердің (остяктердің) және алтайлықтардың буданы деп санаған. Мүбәрак шах та, авторлар да *кетелерді* түріктер деп есептейді.

Зерттеулерде *кетенің* – **+**, қаракетенің – **X** таңбасы бар деп көрсетілген. Бұларды түрліше орналасқан бір таңба деп санауға болады”, – деп көрсетеді авторлар.

[*Аргынбаев Х., Мұқанов М., Востров В.* Қазақ шежіресі хақында. Алматы, 2000. 383–384-бб.]

ШӨМЕКЕЙ

1. “**Шөмекей** руының да тарихы едәуір ертеден келеді деп санау керек. Н. Аристов пен Г. Грумм-Гржимайло шығыс деректері негізінде оларды VI ғасырда Барлық пен Тянь-Шань арасында мекендеген, Шу тайпаларына жатқан *Чу-му-гунь* тайпасының ұрпақтары деп санайды...

“*Чу-му-гунь* тайпасының VI–VII ғасырларда Дулаттардың (Ұлы жүз) ата-бабасы болған *дулу* тайпалар одағына кіргені мәлім, алайда **Шөмекей** руының таңбасы да, ұраны да мұны дәлелдемейді. Таңба ұқсастығы **Шөмекейлердің** ертеден-ақ *Алшындар* құрамына енгендігін дәлелдейді. Осыған орай авторлар А. Левшиннің мына бір “*аңғал пікірін*” (“*жаңсақ*” деген дұрыс болар! – Ә. Қ.) келтіреді: “Кіші Орданың **Шөмекей** руы бұрын қырғыз-қазақтарға (яғни “қазақтарға”. – Ә. Қ.) жатпаған... өз атауын олар Шыңғыс ханмен жауласқан кезде одан бөлініп шығып, өзін жақтаушылармен бірге қазір Орта орда алып жатқан жерге келген өз ханы **Шөмекейден** алған деп санайды. Оның ұрпағы Аю-Сарым Сарысу өзенінің төңірегіне ие болып алып, өзінің жалғыз мұрагер қызын Әлімнің (Әлімұлы ұрпағының бабасы) ұлына күйеуге берген, содан барып оның бодандары қырғыз-қазақтармен біріккен”, – деп көрсетеді авторлар.

Шөмекей руының тағы бір таңбасы – **Σ**, ұраны – “*Дөйт*”. Бұл таңба Кіші жүз қаракесектерінің таңбасына – **√** – ұқсас.

[*Аргынбаев Х., Мұқанов М., Востров В.* Қазақ шежіресі хақында. Алматы, 2000. 382–383-бб.]

2. **Шөмекей**: “*Чомекей* – основное племя. Это племя мы выделяем из состава *Алшына*, потому что вторую его тамгу считаем основной и соответствующей названию рода “*чумек*” или “*чомеке*” (означает: “лейка” или “носик подойника или чайника”)), – деп көрсетеді авторлар.

[*Аманжолов С.* Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алматы, 1959. С. 19]

ТӨРТҚАРА

Төртқара руы – көбінесе Кіші жүз *Әлімұлы* ру бірлестігі құрамынан үнемі кездесіп отыратын ру. Оның таңбалары – — , + , └ ұрандары – “*Алдияр*”, “*Айыртау*”. Авторлардың жобалауы бойынша, *Төртқара* XVI–XVII ғғ. пайда болған және оның негізгі көпшілігі *Найман* тайпасы *Матай* руынан бөлініп шыққан. Төртқараның енді бір бөлігі *Керей* тайпасынан бөлініп шыққандығы байқалады.

[*Аргынбаев Х., Мұқанов М., Востров В.* Қазақ шежіресі хақында. Алматы, 2000. 391-б.]

ШЕКТІ

Шекті – Кіші жүз құрамындағы өте ірі, саны көп рулардың бірі. Бұл ру алғаш рет (XVIII ғ.) орыс деректемелерінде *Әлімұлы* ру бірлестігінің құрамында аталады. Шекті руы *Айт*, *Бұжыр*, *Орманбай*, *Жақайым*, *Ожырай*, *Байбөбек*, *Жанқылыш* және *Орыс* деген сегіз бөлімшеден тұрады.

Шектілердің ру таңбасы бір бұлақта біреу – Ч , екінші бұлақта – 12: Ч , Ч , Ф , К , ≤ , V , т. б.

Бұл таңбалардың біразы Кіші жүз *Алаш* руының, енді біразы *Найман* тайпасының таңбаларымен бірдей, – деп көрсетеді авторлар.

[*Аргынбаев Х., Мұқанов М., Востров В.* Қазақ шежіресі хақында. Алматы, 2000. 392–393-бб.]

ЖЕТІРУ

*“*Жетіру* – Кіші жүз құрамындағы тайпа. Оған: *Кердері*, *Тілеу*, *Жағалбайлы*, *Рамадан*, *Табын*, *Тама* және *Керейт* рулары кіреді. Бұлардың әрқайсысының тек өзіне ғана тән рулық таңбалары мен ұрандары бар. Мұның өзі олардың өзіндік көне тарихының барлығын көрсетеді.

Шежіре деректері бойынша, *Жетірудың* барлық рулары *Алшынның* төртінші ұрпағы *Нәдір* қожадан тарайды. Қазіргі жазба деректерге қарағанда, ертеде құрылған *Алшын* ру бірлестігінің ыдырауы нәтижесінде Кіші жүз руларының үш бірлестігі қалыптасқан. Олар он екі ата *Байұлы*, алты ата *Әлімұлы* және *Жетіру...*”, – делінеді энциклопедияда.

[ҚСЭ. 4-т. Алматы, 1974. 430-б.]

Жетіру туралы шежіре деректерінде: “*Жетіруга* енетін ру-тайпалар біртектес емес. Қазақтың ханы Әз Тәуке Қобда, Елек өзендері мен Маңғыстау, Арал арасындағы Башқұрт халқын жоғарғы Орал, То-

был жақтарына қуғанда бұрынғы Ноғайлыға қараған *Тама*, *Табын*, *Жағалбайлы*, *Кердері*, *Керейт*, *Тілеу*, *Рамадан* дейтін руларды Алшынға қосып, оларға “*Жетіру*” деп ат қойды. Олар Орманбет би өліп, Ноғайлы елі үркіп, ыдырағанда әр тұсқа бөлініп кеткен елдер еді. Негізі – аралас ел”, – деп көрсетіледі. Олар:

1. **Тама:** ұраны – “*Қарабура*”, таңбасы – П “*тарақ*”, І “*көсеу*” (“*әліп*”). **Тама** негізінен – “*Алты ата Алып, әсеті ата Жөгі*” деген екі тармақтан тұрады.

Тарақ таңбалы *Тама* Кіші жүз тайпаларының *ноқта ағасы* болып саналады.

2. **Табын:** ұраны – “*Тостаған*”, “*Серке*”, таңбасы І – “*көсеу*”, П “*тарақ*”, Q “*шөміш*”, O “*тостаған*”. **Табын** “бір-біріне жақын” деген мағынаны білдіреді. Ол бір кезде *Жалайыр*, *Албан*, *Қаңлы* тайпаларынан бөлініп барып, Кіші жүз құрамында біріккен рулар. Сондықтан да, әр тармақ өздерінің таңбасын сақтап қалып, ұран астында одақ құрған. Олар таңбасына қарай *Тарақты*, *Шөмішті*, *Көсеулі* деп бөлінеді.

3. **Кердері:** ұраны – “*Қожахмет*”, “*Мәмбет*”; таңбасы – “*тостаған*”... Кердерінің түп-тегі – ескі татардың *Жүз* (*юз*) – “*шүршіт*” деген тайпасынан. Батысқа ауып, Хорезм жеріне аяқ тіреген *Жүздер* “*Қидарит*” деген атқа ие болады. Оның ханы Кердерінің заманында ел соның атымен “*Кердері*” атанып кетеді.

4. **Керейт:** ұраны – “*Ақсақал*”, таңбасы – X “*крест*” (“ашамай” не “шақпақ” болуы да мүмкін. – Ә. Қ.), – Z “*шылбыр*”. Шежіреші: “*Керейт Шыңғыс хан шапқыншылығы кезінде бөлініп кетіп, батысқа қарай ауып барып, Алынды паналаған Керейдің Тілік тармағынан пайда болады*”, – деп көрсетеді.

5. **Тілеу (Телеу):** ұраны – “*Арғымақ*”, таңбасы – T “*балға*”, Z “*шылбыр*”. Шежіре деректерінде Тілеу Арғымақтың (Алау батырдың) тікелей өзінен тарайды. Сондықтан ұраны “*Арғымақ*”, оның туысы *Құдияр* – *Байұлы* мен *Әлімұлының* түп атасы, – деп көрсетіледі.

6. **Рамадан:** ұраны – “*Дулат*”, “*Қайғұлым*”, таңбасы – Q “*шөміш*”, П “*босаға*”, І “*көсеу*”. Деректердің бірінде *Рамадан* “*Балғалы*”, “*Шөмішті*” болып екіге бөлінеді.

7. **Жағалбайлы:** ұраны – “*Манатау*”, таңбасы – T “*балға*”.
[*Сәдібеков* З. Қазақ шежіресі. Ташкент: Узбекистон, 1994. 119–126-бб.]

ТАМА

“*Тама* руының шыққан тегі тарихи әдебиетте ешқандай көрініс таппаған”, – деп көрсетеді авторлар. Ол туралы дерек алғаш рет (1748,

1762 жж.) А. И. Тевкелев, П. И. Рычков, М. Ф. Ларионовтардың мағлұматтарында кездеседі. Алайда оларды Енисей қырғыздарының арасында болған *тума//тама* руының ата-бабалары деп жорамалдауға болады. Қырғыздардың *Сару* тайпасының арасында *ахынай (ақынай)* деген ру бар. Оны қазақтан шыққан ру деп санайды. Осы ру Алшындар құрамына енуі әбден мүмкін.

Тама руы *Есенгелді, Жабыл, Жоғы* деген үш тармақтан тұрады. Рудың таңбасы – || “қос әліп”. Қыпшақ таңбасы да – “қос әліп”. Тама ұраны – “*Қарабура*”. Ертедегі *тамалар* Қыпшақ жерінде (Оңтүстік Орал, Жайық, Тобыл өз.) жасағаны белгілі”. Тамалар Қазақ хандығының саяси өмірінде зор рөл атқарды”, – деп көрсетеді авторлар.

[*Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В.* Қазақ шежіресі хақында. Алматы, 2000. 389-б.]

ТАБЫН

Табын руы туралы алғашқы дерек (1748 ж.) А. Тевкелевтің жасаған ру-тайпалар тізімінде кездеседі. М. Тынышбаев бұл рудың *Бозым, Жаманкерей, Бегіс және Қайырқожа* деген төрт тармағы бар деп көрсетеді.

Табындардың “*тостаған*” атты ру таңбасы – ○, бұдан басқа ◐ – (“*шөмішті табын*”), | (“*әліп таңба*”) атты таңбалары бар. “*Шөміш таңба*” табындардың *Дулат, Албан* тайпаларымен, “*әліп таңба*”, не “*көсеу таңба*” – *Қаңлы* тайпасымен, **Ш** “*тарақ таңба*” – *Жалайыр* тайпасымен жақындығын, төркіндістігін, не араластығын көрсетеді. Табындардың ұрандары да әртүрлі – “*Серке*”, “*Тостаған*”, “*Алаш*”.

Табындардың жеке тармақтары Ұлы жүз бен Орта жүз тайпаларының құрамына да, сондай-ақ өзбектердің (локайлардың) құрамына да енген деп көрсетеді авторлар.

[*Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В.* Қазақ шежіресі хақында. Алматы, 2000. 385–387-бб.]

КЕРДЕРІ

Кердері – Кіші жүз құрамына кірген ежелгі рулардың бірі. Кезінде Якуп: “*Кердер* – Хорезм аймағындағы немесе оның түріктер аймағымен шекарадағы жер” деп жазған. Осы көрсетуді негізге ала отырып, П. И. Лерх пен Н. И. Веселовский, ал содан соң С. П. Толстов та *Кердер* деген жерді Ғұн – кидариттердің мекендеуімен байланыстырады және қазақтың *Кердері* руы атауында кидариттер этнонимі сақталып қалған деп біледі.

Кердері туралы тағы бір пікірде: “*Кердеріні* ғұздар мен қарлұқтардың арасындағы *наукерде* деген түрік тайпасымен байланысты десе, енді

біреуінде X ғасырда Арал теңізі Кердері теңізі аталған, оның Хорезм жағы да *Кердері* деп аталған. Қарақалпақтардың *Мүйтен* тайпасының құрамында да Кердері деген ру бар”, – делінеді.

Кердері руының таңбасы ☉ белгісімен беріледі, ұраны – “Қо-жахмет”.

[*Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В.* Қазақ шежіресі хақында. Алматы, 2000. 373–374–6б.]

КЕРЕЙІТ

1. “*Керейіттер* туралы алғашқы деректер XII ғасырдың басына жатады. Рашид әд-дин *Керейіт* тайпасы Моңғолия аумағында мекендеген деп көрсетеді. Алайда авторлар “бұл тайпа аталған уақыттан едәуір ертеректе өмір сүрген деп санау керек” деп ескертеді. Өйткені *Керейіттер* Шыңғыс ханға қарсы тұрған аса қуатты күш болған. Олар Шыңғыс ханның батысқа жорықтарына қатысқан, ал XV ғасырда олардың біраз бөлігі Моғолстанның, енді біразы қазақ және өзбек халықтарының құрамына енеді. Олардың біразы Ұлы жүздің құрамына, ал қалған шағын бөлігі *Жетіру* ұрпақтарына барып қосылады.

“*Керейіттердің* этностық тегі туралы мәселе өте маңызды. Бұл туралы зерттеушілерде бір пікір жоқ”, – дей келе авторлар мынандай деректерді санамалап шығады: 1) *Керейіттер* түркі тілдес емес, моңғол тілдес тайпа (Рашид әд-дин); 2) *Керейіттер* – айқын моңғолдар (Ш. Ш. Уәлиханов, В. В. Бартольд); 3) *Керейіттер* – нағыз түркілер деген пікір күмәнді (Г. Е. Грумм-Гржимайло); 4) *Керейіттер* – өздерін Шыңғыс хан кезінде “атақ алу үшін” ғана моңғолдармыз деп атаған түркілер (Г. Н. Потанин, Н. А. Аристов, Х. Ховорс, т. б.); 5) *Керейіттер* мен *Керейлер* – өртүрлі тайпалар (Юань әулетінің тарихы); 6) *Керейіттер* Керейлердің батысқа кеткен бөлігінен шыққан (бұл авторлар пікірі), т. т.

Қорыта келе авторлар: “Біз X–XIII ғасырларда *керейлер* болған жоқ, *керейіттер* болған, олар өздерін Шыңғыс хан талқандағанға дейін ертедегі феодалдық күшті мемлекет еді, ал “олардың көсемдері күдіретті патшалар болған” деп санаймыз”, – деп жазады. Олар одан әрі: “*Керейіттерді* Шыңғыс хан талқандағаннан кейін олардың бір бөлігі Ертістің төменгі бойына, енді бір бөлігі Ертістің бағыс жағына, одан әрі Алтай жағына көшіп, басқа халықтармен араласып кетсе, ал Ертіс бойына, Солтүстік Қазақстан даласына келгендері атауындағы “-іт” жалғауын жоғалтып, дербес “*Керей*” деп атала бастайды және қазақ халқының құрамына кіреді. Керейіттердің *долос* тайпасы кырғызға қосылады. *Керейіт* руы XIX ғ. аяғы – XX ғ. басында Кіші жүз құрамына кіреді”, – деп көрсетеді.

[*Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В.* Қазақ шежіресі хақында. Алматы, 2000. 378–382–6б.]

2. *Керейіт* – Кіші жүз құрамындағы *Керейіттер* туралы деректердің бірі ретінде М. Тынышбаев: “Өзін ұлы адамдардың біріне санаған, абыройы асып бара жатқан Шыңғысты көре алмаған (*Керей*. – Ә. Қ.) Уаң ханның баласы *Сенгүн* өкесі мен Шыңғысты бір-біріне қарсы қоюға тырысып бағады. Ақырында екеуін керістіріп те тынады. Бұл керіс екеуінің қырғиқабақ болысып, ашық айқасуына ұласады. 1203 жылы жеңіліп, батысқа қашқан Керей Уаң хан тағы бір қас дұшпаны Найман ханы Байбаққатұтқынға түсіп, соның серіктерінің қолынан қаза табады. Бұдан соң (1203 ж.) керейлер Шыңғыс ханға бағынады. Керейлердің бір бөлігі жеңілген меркіттермен қосылып батысқа қашады. Шыңғыс ханның сарбаздары меркіттерді Торғай даласына қуып келіп, оларды соңғы рет 1216 жылы талқандайды”. Біздің пайымдауымызша, – дейді М. Тынышбаев, – Кіші жүздің Жетіруының құрамындағы *Керейіт* руы осы қашқын керейлердің ұрпағы болуы керек.

Ғасырлар өте келе, олар шығыстағы *керейлермен* туысқан екенін ұмытқан. Меніңше, біреуінің тек *Керей*, екіншісінің *Керейіт* (“*т*” көптік мағынаны білдіреді) аталуын осылайша түсіндіруге болады”, – деп тұжырады автор.

[*Тынышбаев М.* Қазақ халқы тарихынан мәліметтер. Қарағанды, 1990. 9-б.]

Керейіт – Кіші жүз құрамындағы Жетіру бірлестігіне кіретін тайпа. Одан Ақсақал, Бозаншар рулары тарайды.

Керейіт тайпасының тарихы көне жазба ескерткіштерде VII ғасырда Онон, Керулен, Аргун өзендерінің аумағын жайлаған қабырғалы *Керейіт хандығымен* сабақтастырыла қаралады. Шыңғыс ханнан ығыса отырып, *Ертіс*, *Обь* бойын теріскейге қарай жайлаған, кейін Орта жүз құрамына енген *Керейіттер* уақыт өте келе байырғы атауының соңындағы “*т*” қосымшасын айтпайтын болған. Ал өзбектердің, қырғыздардың құрамына кірген Керейіттер, Кіші жүздегі өз руластары сияқты бастапқы көне атауларын сақтап қалды. Соған қарағанда Кіші жүз құрамындағы *Керейіттер* Шыңғыс хан жорығымен бірге Орта Азияға жетіп, сол елдерді Шыңғыс хан империясының құрамына қаратуға атсалыса жүріп, осы аймақта тұрақтап қалған. Кейін олардың бір бөлігі *өзбектің*, екінші бөлігі *қырғыздың*, үшінші бір тобы Кіші жүздің құрамына енді. Ұраны – “*Ақсақал*”, таңбасы – “*шылбыр*” делінеді.

[Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 4-т. Алматы, 2002. 537-б.]

*Бұл атау керейт және керейіт болып екі түрлі жазылып жүр.

ТЕЛЕУ

“*Телеу* руы – VI ғасырдың өзінде Түрік қағанатының құрамына кірген ертедегі *Теле* тайпасы болуы мүмкін”, – деп көрсетеді авторлар. Т. А. Жданконың пікірінше, осы ежелгі тайпаның (*теле*) бөлшектері кейіннен қарақалпақтың *Мүйтен* руының құрамына кірген, олардың ішінде *Телі* және *Самат* рулары бар. Қазақтың *Телеу* руы – *Саматтың* бөлімшесі. Нақ осылайша *Самат* руы да *Мүйтендердің* құрамында кездеседі.

[*Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В.* Қазақ шежіресі хақында. Алматы, 2000. 395-б.]

РАМАДАН

“*Рамадан* руы туралы тарихи дерек жоқ. Ол туралы мәлімет алғаш рет А. И. Тевкелев түзген Кіші жүз руларының тізімінде (1748) кездеседі. Рамадан руының таңбасы – ☉, ұраны – “*Дулат*”. Бұл таңба және ұран бойынша *Рамаданды* Ұлы жүз *Дулат*, *Албан* тайпаларының бір бөлігі болып саналған деуге де болады. Демек, “Рамаданнар *Дулат*, *Албан* ата-бабаларының атын, ұранын сақтап, дербес ру ретінде Кіші жүздің құрамына кірген деп жорамалдауға болады”, – дейді авторлар.

[*Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В.* Қазақ шежіресі хақында. Алматы, 2000. 385-б.]

Қорыта келе айтарымыз: Тарихи бұлақтар мен шежіре баяндарында “*Үш жүз*” туралы айтылып, жазылып жүрген деректер бұл келтірілгендерден әлдеқайда көп. Біз олардың баршасын түгел қамтуды алдымызға мақсат етіп қойған жоқпыз.

Алайда, осы келтірілген мағлұматтар мен деректердің өзінен-ақ “*Үш жүз*” феномені туралы көптеген жағдайды аңғаруға болатын сияқты. Атап айтқанда, олар төмендегілер:

1. “*Үш жүз*” қауымдастығы түркі әлемін құраушы үлкенді-кішілі 30-дан астам халықтың ішінде тек қазақ халқының құрылымында ғана кездесетіндіктен, оны *этностық феномен* деп қарауға болады.

2. “*Үш жүздің*” қалыптасуында да белгілі бір принцип, символдық (рәміздік) мән болғандығы байқалады. Бұл құрылымның кең-байтақ қазақ жерінде соншама көп (200-ге жуық ірілі-ұсақты ру-тайпалардың болуына қарамай, екі жүз, төрт жүз, бес жүз емес, тек “*үш жүз*” болып қалыптасуында *триумвираттық принциптің* негізі сақталған сияқты. Бұл “*үштік одақ*” ежелгі Римде үш адамның (мемлекет қайраткерінің) өзара одақтасып мемлекет басқаруынан туындаған екен. Ол “*үштік*” бір адамның екеуіне қарсы өзінше

бұзып-жарып әрекет жасауына немесе екі адамның бір адамды жалғыз қалдырып, өзінше шешім қабылдауына мүмкіндік бермеуімен, яғни демократиялық принципті сақтауымен ерекшеленген.

3. Қазақ **“үш жүзінің”** тағы бір өзіндік ерекшелігі, әр жүздің құрамына енген ру-тайпалардың арасында да, жүздердің өз арасында да біртектілік, этностық ортақтық байқалмайды. Олар өз алдына әр кезде әртүрлі ортада қалыптасқан ру-тайпалардың кейінгі кездегі табиғи-географиялық, мәдени-шаруашылық, саяси-экономикалық, т. б. жағдаяттарына байланысты басын біріктіріп, өзара қауымдасып, қоғамдасқан одақ, бірлестік қана.

Жоғарыда келтірілген және алда сөз болатын қазақ ру-тайпаларының бітім-болмысы мен қалыптасу үрдісі осының айғағы.

4. Айтылған пікірдің тағы бір дәлелі – **“үш жүз”** жүйесінің қалыптасу мерзімінің тарихта сақталмауы, яғни келтірілген мағлұматтардың әртүрлі уақытқа (VII, IX, XI, XVI ғғ.) меңзеуі, яғни қазақ ру-тайпаларының бәрі бір кезде әрі бір жерде пайда болмай, әрқайсысының өзіне ғана тән шығу себептері мен аталықтан руға, рудан тайпаға өту, сөйтіп біртіндеп іріленіп, дамуына байланысты болса керек.

5. Халықтың этностық даму процесінде қалыптасқан **“үш жүз”** қауымдастығының бір-бірімен өзара жақындығы мен айырмашылығы үшеуіне бірдей және бұлар кейінгі дәуірлердің ғана жемісі. Ал, мыңдаған, миллиондаған жылдарға созылатын олардың о бастағы шығу тарихына баратын болсақ, ол туралы нақтылы бір мағлұмат беру мүмкін емес. Сондықтан сан алуан қазақ ру-тайпаларын да және олардың басын қосып, үш топқа, жүзге, одаққа бөліп, біріктіріп тұрған **“үш жүз”** қауымдастығын да тегіне, нәсіліне қарап ажыратудан гөрі түркі тайпаларының этностық дамуының тарихи нәтижесі деп қараған жөн.

6. Осыған орай ескеретін бір жағдай, **“үш жүз”** қауымдастығына байланысты кейінгі кездерде жүз беріп қалатын **“рушылдық”**, **“жерлестік”** деген жаман әдетке, тарихи даму барысында біртұтас халық болып қалыптасқан қазақтарға өзара бөлектенуге, жіктелуге, оңашалануға, бір-бірімен бәсекелесуіне ешқандай тарихи, этностық себеп те, негіз де жоқ. Ру-тайпалардың атаулары жадымызда сақталғанымен, олардың биологиялық негізі әлдеқашан жойылған. Оның ең басты себебіне қазақ салт-дәстүрінде қалыптасқан жеті атадан асырып барып үйлену әдетін жатқызуға болады.

Демек, қазақ жүзінде де, ру-тайпаларында да нәсілдік, тектік, т. б. өзгешелік жоқ деп айта аламыз.

7. **“Жүзге бөліну”** деген әдет – ескіден қалған жаман әдет. Бүгінде сол әдеттің қалдығын **“трайбализм”** деп ат қойып, айдар тағып алдық. Ал, оның басты себептерінің бірі – **“Үш жүздің”** де, сан алуан ру-

тайпалардың да шығу, қалыптасу тарихын, табиғатын білмеуден. Оны білмеудің өзі **“Қазақ қандай халық?”** деген ең басты сауалға дұрыс жауап беруге кедергі болуы сөзсіз. Тіпті, “қазақ – үш жүзге бөлініп, тұтастығын сақтай алмай келе жатқан халық” деген жаманатқа қалмауымызға кім кепіл?

Бұл әдетті **“өткен дәуірдің қалдығы”** деп қол қусырып, қарап отыруға да болмайтын сияқты. Сол қам-қарекетті бүгіннен бастап ойланбасақ, нақтылы ғылыми деректер негізінде қалың жұртқа, әсіресе жас буынға түсіндірмесек, ұлт болып қалыптасуымызға, егемен елдігімізді танытуға, ілгері дамуымызға нұқсан келтіруі де мүмкін.

8. **“Үш жүз”** деп бөліну де, ру-тайпаларға бөлшектену де, саяйып келгенде, өтпелі тарихи құбылыс, өзгеріп отыратын этностық процестің соңғы даму деңгейі болса керек. Оны біз кейбір көрші түркі халықтардың өмірінен айқын көреміз. Мысалы, әзірбайжан, ұйғыр, түрік, өзбек, татар, т. б. туыс халықтарда жүзге бөлінудің мүлдем болмағанын айтпағанның өзінде, қазақтардай ру-тайпаға бөліну мүлдем ұмыт болған, не ұмыт бола бастаған құбылыс. Оның, әрине, өз себептері де жоқ емес.

Осыған қарағанда бұл құбылысты да қазақ болмысына мәңгі бақи жабысып қалған “дерт” деуге де болмайтын сияқты. Бұл құбылыстан тез арада және біржолата құтылу мүмкін болмаса да, бірақ оны ұлттың ішкі қасіретіне айналдырмау үшін әрбір саналы азамат қазақ халқының, әсіресе сол **“Үш жүздің”** және олардың құрамдарының қалай, қашан және қай жерде қалыптасу тарихынан хабардар болғанымыз қажет. Әрбіріміз о баста біз қырық рудан құралған ел екенімізді, солай бола тұрса да өзара шоғырланып, әр текті ру-тайпалардан Үш жүзге айналып, біртұтас халық болғанымызды білгеніміз жөн. Ол мәселенің шындығына оқырман қауым төмендегі деректермен (IV тарауда) танысқаннан кейін, яғни 40-тан астам қазақ ру-тайпаларының шығу тарихы мен төркінін баяндайтын мағлұматтармен жүздескеннен соң, көзі жетер деген сенімдеміз.

Демек, қазақ халқының ұлттық менталитетінің қалыптасуында маңызды рөл атқарған саяси, тарихи-әлеуметтік, рухани-мәдени, әкімшілік-өміршілік, демографиялық, т. б. факторлардың қатарында **“Үш жүз” – “Ұлы жүз”, “Орта жүз”, “Кіші жүз”** – феномені де аталғаны жөн.

Бұл құбылысты тарихшылар, жалпы зиялы қауым қалай анықтап, қалай бағалап келді? – енді соған тоқталайық.

5-тарау. Қазақ рәміздерінің табиғатында не сыр бар? (Ен-таңбалар да қазақтанудың бір бұлағы)

“Қазақ қандай халық?” деген кітаптың сауалына берілер дұрыс жауаптың бірі – “Қазақ рәмізді халық” деген жауап. Олай дейтін себебіміз: қазақ өзінің рухани өмірі мен тіршілік-болмысында небір асыл ойлары мен құндылықтарын бірден есігін айқара ашып, ақтарылып айтып салудан гөрі астарлап, тұспалдап, бейнелеп, айшықты сөз өрнегімен нышандап жеткізуге жаны құмар.

Міне, осыған орай, небір асыл рухани құндылықты сөзбен ғана емес, нышанды үлгі-өрнектермен, символдық, шартты бейнелер арқылы жеткізуге болатын ұлттық феноменнің біріне *рәміздер* жатады.

Бұл құбылысты арнайы зерттеген Ербол Шаймерден мырза: “*Рәміздер* – белгілі бір елдің өзіндік өмір салтын, бүкіл болмыс ерекшелігін, айрықша арман-аңсарын, басқалармен байланыс мұратын білдіретін белгі”, – деп түсіндіреді.

[Шаймерден Е. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері. Алматы: Өлке, 2002. 2-б.]

Басқаша айтқанда, “символ” сөзінің баламасы ретінде алынып отырған *рәміз* атауы – қоғамдық өмірде әрбір этностың (халықтың) өзі үшін мәнді де тұрақты, міндетті түрде қолданысқа ие, баршаға ортақ идеяны, қағиданы, ережені, заңдылықты білдіретін шартты, нышанды белгі.

Рәміздер – жержүзіндегі ірілі-ұсақты халықтар мен елдердің (мемлекеттердің) баршасының салтында бар дәстүр. Бірақ рәміздердің негізгі идеялары ортақ болғанымен, әрбір этностың рәміздерінде олардың болмысына, менталитетіне тән ерекшеліктері мен өзіндік принциптері сақталуы міндетті.

Халықтардың рухани, мәдени, өмір-тіршілік, географиялық, этностық алыстық-жақындығының әсері олардың рәміздерінен де

байқалады. Сондықтан да болар, аралас-құралас өсіп, дамыған көшпелі қауымға жататын түркі-моңғол халықтарының (солардың бірі қазақтардың) рәміз идеялары мен принцип, мотивтерінде айырмашылықтарынан гөрі ұқсастықтары көбірек болатыны белгілі.

Рәміздердің мән-мағынасын талдап, түсіндіретін, олардың түрлерін, шығу тегін, қалыптасу мотивтерін (уәждерін) анықтаумен шұғылданатын *геральдика* (танбатаным), *вексилология* (тутаным), *символика* (рәмізтаным, нышантану), т. б. салалардағы ізденістердің баршасы тарих ғылымының зерттеу нысандарына жататын, этностық процестерге тікелей қатысы бар, танымдық мәні зор құбылыстар.

Алтай тобына жататын түркі, моңғол және т. б. көшпелі қауымдардың (солардың бірі – қазақтардың) тұрмыс-салтында тым ерте замандардан бастап қалыптасқан көне рәміздердің бәрі болмаса да кейбіреулері күні бүгінге дейін көненің көзіндей сақталып келе жатқан құндылықтарға жатады.

Қазақы рәміздерді көне рәміздер және жана мемлекеттік рәміздер деп бөлуге болады. Көне қазақы рәміздерге, мысалы, халықтың бұрынғы салтында малға салынатын **ен-таңбаларды** және солардан туындаған ру-тайпалардың таңбаларын, кастерлеп пір тұтатын аң-құстарын, киелі саналатын ағаш атауларын, сондай-ақ құдіретті күшіне сенетін ұранын, ту-байрағын, мөрін, т. б. символдық белгілерін жатқызуға болса, мемлекеттік рәміздерге оның елтаңбасын, слұранын, туы мен мөрін, т. б. нышандарын жатқызуға болады.

Рәміздердің бұл екі тобы арасында толық сәйкестік болмаса да, дәстүрлі жалғастық жоқ емес. Олардың ең басты өзгешеліктеріне, мәселен, ру-тайпа рәміздеріне тән табиғи қарапайымдылық жатса, мемлекеттік рәміздерге тән замана, өркениет талабына сай әмбебаптық, көпқырлылық, күрделілік жатады.

Мұның себептері көне рәміздердің қалыптасуы көшпелі қауымдардың мал-мүлікке деген меншігін, жанды-жансыз табиғатқа деген иелік қатысын айқындау қажеттілігінен, яғни таптық-феодалдық қарым-қатынастардың дамуынан, наным-сенімнен туындады десек, мемлекеттік рәміздер өркениеттің өскелең талабына сай елдің *егеменділігіне, тәуелсіздігіне* байланысты қалыптасып отыр.

Мемлекеттік рәміздердің пайда болған уақыты, идеясы мен мотивтері тарихта белгілі болса, көне рәміз-символдардың шыққан себебін, қажеттілігін, қалыптасу мерзімін дәл айту қиын. Дегенмен, олар туралы кейбір тілдік, фольклорлық деректер де жоқ емес. Мәселен, **таңба** туралы ел аузында сақталған: “*Алаш Алаш болғанда, ала тай ат болғанда, таңбасыз тай болғанда, еңсіз қой болғанда...*” деп келетін аңыздың сарынына қарағанда жылқыға таңба басылмайтын, қойға ең салынбайтын тарихи дәуір де болған, ол дәуір Алаша ханның заманынан бұрын болғанын аңғаруға болады. Демек, бұл – малға ең-таңба

салып, иелену дәстүрінің де басталған, дамыған, қалыптасқан және біртіндеп ұмыт болған кезеңдері де болды деген сөз.

Рәміздердің осы күнге дейін сақталып келе жатқан салаларының бірі – **ен-таңба** десек, ол дами келе, мал-мүлік иелігін, оған деген меншіктілікті анықтауға байланысты қалыптасса, бара-бара ол меншік иелерінің өздеріне, яғни белгілі этностық топқа қатысты қолданыла бастайды.

Міне, бұл көне дәуірлерден бері қалыптаса бастаған рәміздік дәстүрдің этностық процеске қатысты дамығанын аңғартады. Бұл туралы қазақ (жалпы түрік) танбаларының тарихын алғаш зерттеген орыс ғалымы Н. И. Гродековтың мына пікірі көңіл аудартады: “Древность тамг подтверждается тем, что многие названия родов, а еще коллен, происходят от названия начертаний тамги. Изучение тамги важно для истории киргизских родов. Нахождение в известном месте родовой тамги на могиле или другом памятнике может доказать, что там некогда кочевал такой род”, – деп көрсетеді.

[Гродеков Н. И. Киргизы и кара-киргизы Сыр-Дарьинской области. Т. I. Ташкент, 1889. С. 2–3]

Сонымен, қазақ халқының өткен өміріне тән, оның тұрмыс-салтына, көшпелі қауым мәдениетінің талабы мен қажеттілігіне, халықтың наным-сеніміне және ұлттық менталитетіне сәйкес қалыптасқан төмендегі төрт түрлі көне рәмізді ерекше атауға болады:

- 1) **ен-таңба;**
- 2) **аң-құс, ағаш;**
- 3) **ту-байрақ;**
- 4) **ұран.**

Бұл нышандардың барлығы бір-біріне байланысты, ерте замандарда қалыптасқан, о баста тайпа-тайпа, ру-ру болып өмір кешкен болашақ қазақ қауымының біртұтас этнос болып қалыптасу процесіне тікелей қатысты, оның іштей жіктеліп, жіктелу арқылы шеңберін кеңейтіп, іргесін бекітіп, қайта қауымдасуына ұйытқы болған, халық даналығының ерекше бір зерделі де зеректікпен ойлап тапқан феноменді құбылысына жатады.

Сондықтан да болар, біз еңбегіміздің аты мен мақсатына байланысты “**Қазақ қандай халық?**” деген риторикалық сауалға жауап боларлық деректің бірі – “**Қазақ – рәмізді, нышанды, кәделі халық**” деген тұжырымды дәлелдеу үшін осы мәселеге арнайы тоқталып отырмыз.

Қазақы көне рәміздер бұрын-соңды арнайы сөз болмағандықтан, қолда бар деректерге сүйеніп, бұл құбылыстың табиғатына кеңірек тоқтауды жөн көрдік. Әңгіменің мақсаты:

1) қазақы көне рәміз-нышандардың біз көрсеткен төрт саласының шығу тарихына (яғни: әрқайсысының дүниеге келу себептері

мен мотивтеріне, уақыт-мерзіміне, қалыптасу және даму үрдісіне) назар аудару;

2) әр саланың өзіндік ерекшеліктеріне тоқталып, табиғатын ашып, қазақ қауымының этностық процесіне қатысты даму заңдылығын ашу;

3) таңбаның этностық тарихымыздағы даму үрдісін толығырақ түсіндіру;

4) қазақы көне рәміздер мен (*таңба, ту, ұран*) бүгінгі мемлекеттік рәміздерді (*елтаңба, республика туы, елұран*) өзара салыстырып, ұқсастығы мен айырмашылықтарын көрсету.

Қазақы көне рәміздер жөнінде

Егемен ел, тәуелсіз мемлекет болып отырған Қазақстан Республикасының *Елтаңбасы, Әнұраны мен Мемлекеттік туы* басқа да көптеген нышандарымен қатар, ұлттық зердемізге, ой-санамызға бойтұмар болар құндылықтардың бірі.

Алайда, бұл үш рәміздің болмыс-бітімі мен идея, дәстүрі бүгін ғана қалыптасты деп үзіп айтсақ қателесеміз. Қазақ қауымында рәміз-нышан, шартты белгі, ырым-кәде, т. б. осы сияқты ұғымдар көне замандардан бері-ақ келе жатқан дәстүрлерге жатады.

Міне, сол көне де қазақы дәстүрлердің бірегейлеріне, әдетте көп сөз бола бермейтін, бірақ барша рухани-мәдени өмірімізге етене сіңіп, ендеп кеткен кәделі нышандарымызға қазақы көне *ен-таңбаны, ту-байрақты, ұранды* жатқызуға болады дедік.

Бұл аталған нышан-рәміздерге байланысты жалпы түрде айтуға болатын бір нәрсе, ол – өткен бір дәуірлерде барша түркі-монғол тайпаларында, соның ішінде қазақ тайпалары да бар, малға деген иелігін білдіруге байланысты оған ен-таңба салу, этностық топтың тұтастығын сақтап, ортақ әрекетін құптап, рухын көтеру үшін ұранын сайлап, туын көтеру, өмір сүрген табиғи ортадағы өнген киелі ағаштар мен аң-құстарға иелігін анықтау сияқты салт-дәстүрі болған.

Әрине, бұл ырым-кәделердің қалай және қай уақытта пайда болып, қалыптасқанын дәл қазір айту қиын. Дегенмен, ел жадында сақталған аңыз-әңгімелерге қарағанда олар бірде *Шыңғыс хан* есіміне байланысты қаралса, енді бірде *Тәуке хан* заманына, немесе *Ашина* түркі тайпасына қатысты деп саналады.

Сол аңыз-әңгімелердің екі-үшеуін қарастырып өтейік. Мысалы, кезінде “*Шыңғыс хан мен Ақсақ Темір өмірі*” (Қазан, 1882) атты еңбегінде белгілі тарихшы Н. Халфин баяндаған, одан соң Шәкерім қажы қайталаған әңгімені жазушы С. Бәкбергенов былайша таратады:

“Қазақстан жеріндегі қазіргі Шыңғыс тауының осылай аталуы сол өңірдегі елдердің (қазақ тайпаларының) игі жақсыларының Қарауыл

өзенінің күншығыс жағындағы “Хан биігі” деп аталатын төбенің басына Шыңғысты ақ киізге отырғызып, хан көтеруіне байланысты...”.

“Хан көтеру салтанатына Ұлы жүз қазақтары атынан (“Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би” делінетін) тарихта белгілі **Майқы би**, Орта жүзден Қоңырат **Сенгеле би** қатысады. Өзі хан болған елдердің бектеріне дәстүр бойынша Шыңғыс хан **ұран, құс, ағаш, таңба** тарады. Ұлы жүз Майқы биге: “Сенің таңбаң – **сүргі**, яғни **малатемір** болсын, құсың **бүркіт** болсын, ағашың – **қарағаш** болсын, ұраның – “**Салауат**” болсын депті. Орта жүз **Сенгеле биге**: ұраның – **Қоңырат**, құсың – **сұңқар**, ағашың – **Алма**, таңбаң – **Ай** болсын”, – депті.

Сонда бәрін қабылдаған Сенгеле би апасын берген жездесі Шыңғыс ханға еркін сөйлеп:

– Бәрі дұрыс, бірақ **Қоңырат “ай”** таңбасын алмайды. Ол біздің “**түрік**” деген жұрттың жалпы таңбасы. Бізде – “**Босаға таңба**”, – деген екен.

[*Бақбергенов С. Бөрте – Шыңғыс ханның жұбайы. Алматы, 1993. 15-б.*]

Б. Қожабеков келесі бір деректі келтіреді: “...Қазақ арасында таңбаны Тәуке хан (1668–1718) үлестірген. Ол бас билермен келісе отырып, **Жеті жарғы** әдет заңдарын шығарған. Тәуке осы заңдары арқылы барлық тайпа мен ру ұранын атап, таңбасын белгілеген”.

[*Қожабеков Б. Таңба // Ана тілі. 6 қыркүйек 1990*]

Дәл осы аңыз-әңгіменің ел аузында сақталған тағы бір сәл басқалау варианты да бар. Оны Қанапия Омарханов өзінің “Майқы биден қалған “Жеті жарғы” деген еңбегінде Шыңғыстың өзін хан көтеруге байланысты қазақтың 10 биіне және одан қалып қойған 4 биге (барлығы 14 би болған) ескі салт бойынша көделі белгі етіп “**ағаш**”, “**құс**”, “**ұран**”, “**таңба**” үлестіргені туралы былай деп баяндайды:

“**Ахуал Шыңғыс хан да Ақсақ Темір**” (Қазан, 1882) деген кітапта “Шыңғысты хан деп тануға Жетісудан он би барады. ...Міне, осы он би Шыңғыс ханмен одақ жасаған он тайпаның өкілдері еді. Ал өзге төрт би “өзіміздің ханымыз бар” деп, ол жиынға бармай қалады. Олар: Қоңырат би, Қытай би, Селжүк би, Қият би еді”, – деген тұжырымына сүйенсек, хан сайлаудың ең басында тұрған Майқы бидің билігі, оның мемлекет алдындағы қайраткерлігі одан сайын айшықтана түсті.

Жоғарыдағы аты аталған кітапта Шыңғыс хан кейін сол хан сайлауына қатысып, өзіне құрмет көрсеткен он биге және қалып қойған төрт биге атақ-белгі етіп, ескі салтпен “**ағаш**”, “**құс**”, “**ұран**”, “**тамға**” үлестіреді. Олар төмендегідей:

1. Үйсін **Майқы би** – ұраны “**Салауат**”, тамғасы – “**Сірге**”;
2. **Қалдар би** – ұраны “**Арнау**”, тамғасы – “**Шөміш**”;

3. Мыңсадақты *Ордачби* – ұраны “*Алач*”, тамғасы – “*Қосқабырға*”;
4. *Қыбчақ* би – ұраны “*Тоқсоба*”, тамғасы – “*Тарақ*”;
5. *Тамбан* би – ұраны “*Тотия*”, тамғасы – “*Ырғақ*”;
6. *Керейт* би – ұраны “*Ар бөрі*”, тамғасы – “*Көзтамға*”;
7. *Борғақ* би – ұраны “*Боруч*”, тамғасы – “*Һамза*”;
8. *Темір Құтлу* би – ұраны “*Табан*”, тамғасы – “*Жарым тарақ*”;
9. *Мұтбан* би – ұраны “*Бай Қоңырат*”, тамғасы – “*Құйысқан*”;
10. *Борчи* би – ұраны “*Ақтоған*”, тамғасы – “*Жағалбай*”;
11. *Қоңырат* би Арғалы Саңлы – ұраны “*Қоңырат*”, тамғасы – “*Ай*”;
12. *Қағанжар* Арғалы Қият – ұраны “*Тайлақ*”, тамғасы – “*Сүру*”;
13. *Хурмалы* би – ұраны “*Ақтайлақ*”, тамғасы – “*Сыналы сенек*”;
14. *Селжүт* би – ұраны “*Барлас*”, тамғасы – “*Үй*” деп көрсетеді.

Қ. Омарханов келтіріп отырған бұл дәстүр, шынында да Қазақ даласында болған және ол – қазақ, моңғол халықтарына ортақ дәстүр. Ел басқарған билерге бұл үлестірілген құрметті белгі, кәделі рәміз, дәреже мен ұрандар, таңбалар, әрине, сол билер басқарған ел-жұртқа, ру-тайпаларға қатысты болған.

Бізге жеткен үзік-үзік, кейде бірін-бірі қайталайтын, кейде өзара қайшы келетін мағлұматтар, қалай болғанда да, осы бір этностық құбылыстың айғағы. Өкініштісі, осылардың барлығы бір жерге жинақталып, жүйеленіп, бір тұжырымға келтірілмеген.

*“Майқы би өз заманында Шыңғыс ханның бас уәзірі болған (Ш. Уәлиханов). Жошы әскерінің оң қанатын басқарған. Ұлытауда үш жүздің ханы етіп (Жошыны) көтерген де Майқы би деген мағлұмат бар.

Майқы би көп жасаған, жеті ханды қолымен өткеріп, бар ғұмырын халық келешегін ойлаумен өткізген. 120 жасқа жеткенде *Үш жүздің* таңбасын таратқан. Ұлы жүзге ту ұстатып, Орта жүзге қауырсын, Кіші жүзге найза берген. Осы бөлістен соң Майқы би туралы “*Хан біткеннің қазығы – бұқара жұрттың азығы*” деген мәтел кең тарап кеткен” деп жазады тағы бір автор.

[*Бектаев Қ., Қалдыбаев М.* Ұлы бабаларды ұрпағы ұмытпайды. Шымкент, 1993. 10–33-бб.]

“*Бөрі*”, “*Көк бөрі*” тотемі – тым ерте кезден-ақ барша түркі әулеті (соның бірі – қазақ қауымы) табынатын, сиынатын, пір тұтатын киелі де қасиетті аң санатына жатқызылады. Әлемге кең тараған түркі тайпалары өзінің шығу тегін, түп-тамырын, міне, осы *Көк бөріден* таратып, жабайы, жыртқыш хайуан болса да, өзінің тірі қалып, өсіп-өрбуін соның мейір-шапағатынан көргені үшін олардың *Көк бөріні* пір тұтып, сиынып келуі де, бас бейнесін кәделі нысан етіп, ту етіп, ұранға балауы да, міне содан.

Ертеден келе жатқан бұл аңыз былайша да баяндалады:

“V ғасырда бес жүз үйлі түркі *Ашина* тайпасы Ордостан Алтайға қарай үдере көшеді. Бірақ жолын тосып жатқан қарақшылар бұларды қырып салады. Жаулары тайпаның соңғы тұяғы — он жасар ұлдың екі қолы мен екі аяғын кесіп тастап кетеді. Сол кезде бөлтіріктерінен айырылған бір Көк бөрі қансырап жатқан балаға кездесіп қалып, сыздаған емшегін беріп емізеді, жарасын жалап, қанын тоқтатады. Сорлы бала қасқырға бауыр басып, тағылық тіршілікке бейімделіп ер жетеді. Сөйтіп, *Көк бөрі* баланың анасына, кейін исі түркі халқының сиынар піріне (тотеміне), қастерлейтін қасиетті бейнесіне айналады. Тұқымы құрып кетуге сәл қалған түркі әулеті *Көк бөриден* қайта түлейді. *Көк бөриден* өсіп-өнген түркілер Алтай аңғарынан шығып, айбынды Түрік мемлекетін құрады. Барша әулеті аңыз бойынша осылай тарап, өсіп-өнеді”.

Көк бөріні киелі деп тану қазақ жұртының тарихында да болғаны белгілі. “Екінші Түрік қағанаты заманында қазақ жасақтары бөрінің бас бейнесі салынған байрақты ту қылып ұстаған” деген де дерек бар. *Көк бөрінің* тағы бір символдық мәні — ол “түркі перзентін қауіп-қатерден сақтайды”, “сұсы мен киесі бар” деген сенім-нанымға байланысты.

Көк бөріні кие тұтып, оның суретін байраққа салып, бас бейнесін найза, ту басына бекітіп, ұран етіп көтеріп, ұлттық рәміз ретінде қолдану қазақ қауымында көптен бері бар салт-дәстүр екендігі туралы деректер бар. Мысалы, оны Сүйінбай ақынның (1815–1898) қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысын дәріптеп айтқан мына өлең жолдарынан көруге болады:

“Бөрі басы” — *ұраным,*
Бөрілі менің *байрағым.*
Бөрілі байрақ көтерсе,
Қозып кетер қайдағым.
Бөрілі байрақ астында
Бөгеліп көрген жан емен,
Бөрідей жортып кеткенде
Бөлініп қалған жан емен!” —

деп жырлайды ақын көне сарынды жаңғыртып.

Дәл осы аңыз-әңгіменің тағы бір тарихи вариантын да келтіре кетейік.

“Алтай тауларында VI ғасырда халық ретінде қалыптасқан түркілердің адамзат тарихында алатын орны зор. “*Түрік*” деген сөздің өзі “күшті”, “мығым” деген ұғымды білдіреді. Түркілердің шежіресіне сайсақ, олар Ғұн патшасы мен қасқырдың қаншығынан өсіп өрбіген. Алтайда пайда болған түркілердің тегі туралы аңыздың хунну (ғұндар) үй іші туралы әңгімесімен астарлас болуы қызықтырады.

Елдің шетін көршілер қынаша жайпап өткенде, аяқ-қолын бұтарлап, батпаққа лақтырып тастаған тоғыз жасар бір ғана ұл тірі қалады. Әлгі ұлды тауып алған қасқырдың қаншығы ақыры мұны аман алып қалады. Кейіннен бұған ол ұл тауып береді. *Ашина* — түркілердің руы солайша жалғасқан. Бұған қарағанда Алтай түркілері Батыс Ғұндарынан тараған ба дейміз. Арада жүз жылдан соң 546 жылы олар тұтас көне түркі халқына айналады. Ал, түркі тілдестер бұл шақта Алтайдан асып, алыс батысқа дейін тарады...”, — деп баяндайды бұл аңызды Гафура Байназарова.

[*Байназарова Г. Қасиетті түркі елі.*
Алматы: Өнер, 1994. 14–15-бб.]

Әрине, аңыздың астарында да шындық болатыны белгілі. Бірақ, қалай болғанда да бұлар халықтың (реалды) шынайы тарихы емес сияқты.

Көне түркі тайпаларының, соның ішінде ең көнелерінен саналатын қазақ ру-тайпаларының болмысында рәміздік дәстүрдің қалыптасуына себеп болған уәждердің (мотивтердің) аңыз-әңгіме, шежіре түрінде бізге жеткен сілемдері, міне, осы тәрізді.

Алайда, нақтылы деректердің болу-болмауы, бізге жету-жетпеуі өз алдына, түркі-моңғол көшпелі қауымында рәміздік дәстүрдің болғанын көріп отырмыз. Және бұл тарихи құбылыс әр халықтың болмысында әртүрлі себептерге байланысты пайда болып, әртүрлі жолмен қалыптасқанын көрсетеді. Бұл құбылыстың түркі халықтардың біреуінде өте дамып, екіншісінде дамымай қалуы, біреуінде тек ізі ғана сақталып, екіншісінде мүлдем болмай шығуы да, сайып келгенде, дамудың әртүрлі салдарынан болса керек. Алысқа бармай-ақ, көршілес отырған туыстас түркі тайпалары мен халықтарын алып қарайтын болсақ, бұл салада да бір-біріне ұқсамайтын, тіпті бірінде бар құбылыстың екіншісінде кездесе бермейтінін де көруге болады. Мәселен, қазақ халқы мен ұйғыр, өзбек, әзірбайжан, түрік сияқты терезесі тең халықтардың көне рәміздерін салыстыра қарағанда біз осыны аңғарамыз (әрине, бұл — өз алдына жеке әңгіменің тақырыбы).

Біз жоғарыда қазақ ру-тайпа таңбаларының қалыптасуына байланысты олардың заттық (материалдық) негізін сөз еттік. Неге олардың үй-тұрмыс заттарымен қатар малшаруашылық құрал-жабдықтарын, жаугершілік қару-жарақтарын, аспан денелерін қамтығанын айттық.

Алайда, бабаларымыз 18 мың ғаламның басқа саласынан емес, аталған өмір-тіршілік салаларынан ғана таңдап алған заттардың таңба ретінде қандай құндылықтары мен ғажайып қасиеттері болды деген мәселені сөз ете қойғанымыз жоқ. Ал, бұл мәселенің де “**Қазақ қандай халық?**” деген сауалға қатысы бар.

Біз сол таңбалардың тарихына қатысты бірер деректерге назар аударамыз.

“Қос жебе” не “қос көсеу” – қыпшақ тайпасының таңбасы болып саналады. Сол туралы бір дерек.

Атыл (Еділ, Аттила) – Еуропаны жаулап алып, патшалық құрған Ғұн тайпасының батыры, ал **Батыл** – соның туған ағасы. Осы екеуіне байланысты Б. Қожабекұлы келтірген бір деректе: “тентек болып өскен Атыл ағасы Батылдың айттырып қойған қалыңдығына ғашық болып, алып қашып кетеді. Хан (әкесі) қанша қатыгез болса да, сабасына түсіп, ұлына кеңшілік береді. Сонда *Атыл* қара қасқа атқа қарғып мініп, қырдың басына шығып, орда есігіне садақты екі тартып:

– Батыл, біз туа жауыққан жауыз болдық. Төңірім екеуімізді қан майданда кездестірмесін! – деп, ат басын Батысқа бұрады. Батылдың есігіне қос жебе қадалыпты. “Қыпшақтың таңбасының “қос жебе” болуы да содан” деген аңыз бар!..” – делінеді.

Аңыздың аты – аңыз. Бірақ қанша қиыстырып-қиюластырып айтылса да, таңба таңдауда мұндай мотивтер бола бермейді.

Аттииланы “Атыл” деп атауға байланысты автор: “Он сегізінші ғасырда Ресей топырағында Аттила жайында жазылған повесть туралы Брокгауз бен Ефрон энциклопедиясында “*Атыль – король угорский*” деп айтылады. Славян халықтары мадиярлардың елін *Угрия* деп атайды. Олай болса, әу бастан *Қаңлы* мен *Куман*, Ғұндармен көршілес славян халықтары *Атылды* білген ғой. Сондықтан да *Аттила* демеі, *Атыль* деп жазып отырған”, – деп дәлелдейді өз ойын.

Тік сызық (көсеу) таңба – *қаңлы* тайпасының көне таңбасы, тік екі сызық таңба – *қыпшақ* тайпасына тән таңба екендігі көп деректерде көрсетіледі. Бір автор оларды бірінен-бірі тарап, дамыды деген тұжырымын білдіреді, алайда одан басқа пікірлер де жоқ емес. Мысалы, осы екі таңбаның қатар тұруын кейбір авторлар Отырар қаласында жасалған бұйымдарда кездесетін қаңлы-қыпшақ тайпалары туралы екі түрлі дерекке байланыстырады.

Қазақ жазушысы, ғалым Хасен Әдібаевтың Отырар туралы тарихи романында Шыңғыс хан шапқыншылығына байланысты жаудан қашып-пысып, Ертіс бойынан Отырарға келіп, сонда бала-шағасымен Отырар ұстасы – Хұсайынның үйіне келіп паналаған Садық деген ақсақал сол үйден көрген ыдыс-аяқтағы тайпа таңбаларына байланысты мынандай әңгіме айтады:

“Саке, такую посуду уже не делают, это изделия древних мастеров Отрара, они достались моей матери от прабабки.

Старик разглядывал чашу, даже в полумраке светящуюся изнутри.

– А это, – он указал на тавро, – похоже на тамгу. Видишь, на дне и сбоку выбиты знаки?

– Да, на чаше и кувшине прямая черточка, на блюде две прямые черточки, а здесь знак изображает соединенные углы, заключенные в круг.

– Боже праведный, – старец с удивлением качал головой, – эти знаки похожи на родовые тамги степняков. Одна черта – печать *канлы*, две вертикальные – наших родичей, *кыпчаков*; эти углы с пересекающимися в кругу прямыми – знаки *кереев* и *сыргалы* (дұрысы – *сіргелі*. – Д. Қ.), а вот эти углы принадлежат кочующим с *найманами баганалы*.

– Эти имена мне знакомы! Здесь живут люди разных племен, поэтому ставили и ставят знаки своего рода. Но отрарец сначала говорит об Отыраре, а потом о своем роде.

– Ну и слава Аллаху! Отырар – великий город, и пусть Аллах сохранит и спасет его. Пусть пребудет он в своих потомках, – Садык-баба погладил ручку казана в виде головы *архара*. Величина тайказана говорила о легендарном гостеприимстве *кыпчаков*, *огузов* и *канлы*, вскинутая же голова животного с мощными рогами и раскрытой пастью защищала благополучие дома...”, – деп жалғастырады автор әңгімесін.

[Адибаев Х. Гибель Отрара (Последние годы Чингисхана). Исторический роман / Авторизованный перевод М. Адибаева. Алматы: Білім, 1997. С. 65–66]

Міне, *қаңлы* (таңбасы – бір тік сызық) мен *қыпшақтың* (таңбасы – екі тік сызық) таңбалары арасындағы жалғастықты түсіндіретін деректің бірі осы.

Қаңлы, *қыпшақ* таңбалары туралы тағы бір деректі ғалым Қ. Өмірәлиев былайша баяндайды.

“Ғұн державасының” дәурендеген кезенін айта келе автор: “Қаған әулеті *оғұздар*, оларға қосылып *удеур* (үйғыр) атанған жұрт, *үйсін*, *қанғалы* (*қаңлы*), *қыпшақ*, өзге көп тайпалар одағы ендігі жерде бөлініп-бөлініп кетті. Туыстас, тілдес бұл ежелгі тайпалар Ордос пен Еділ аралығында бытырап жатты. Олар V ғасырға дейін тарихи белсенділік көрсете алмай, бірде табғачтарға, бірде сянбилер мен тұжандарға тәуелді болып, тіршілік етті”* (сілтеме: *Бичурин Н. Я.* Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т. I. М., 1950).

Түркі тайпаларының тым ерте замандардың өзінде-ақ бір-бірімен аралас-құралас өмір сүргені, бір тайпа бірлестігінен екінші бір тайпа еншісін алып, бөлініп шығып жатса, енді бір тарихи жағдайда, керісінше, екі не одан да көп тайпаның қайтадан бірігіп, біртұтас тайпа одағын құрып, таңбасын біріктіріп, не таңбасын өзгертіп, реттегені тарихи деректерден белгілі”.

Міне, дәл осындай бір жағдайды айта келіп, автор: “Біздің заманымызға дейінгі сонау III ғасырда Алатау мен Қаратау арасын *үйсін* жұрты мен *қаңлы-қыпшақтар* жайлапты. Бір болған, бірінен-бірі енші алған күндерінің белгісі ретінде ортақ “тамғасын” жасапты (Қыпшақ – I, Қаңлы – I, Үйсін – II)” деп көрсетеді.

[Өмірәлиев К. “Бөрілі байрақ” астында // Наурыз. Жанғырған салт-дәстүрлер. Алматы: Қазақстан, 1991. 163-б.]

Енді таңба атымен аталған ру-тайпалардың атауларына талдау жасап көрейік. Бұл туралы да айтылған пікір-тұжырым, жоба-жорамалдар шежірелер мен тарих беттерінде көптеп кездеседі және олар әр алуан. Олардың бәрі бірдей *Cirgelini* “*cirge*” таңбасынан шықты деп қарамайды.

Осындай шежірелі деректердің бірі “Ана тілі” газеті бетінде жарияланған еді. Енді сол “*Cirgeli*” атауының шығу төркінін “*Түрік-Cip*” жұртынан тарататын пікірге назар аударайық.

“*Cirgeli* – қазақ, өзбек, қарақалпақ, ноғайлы халықтарының құрамына енген тайпа. Мен оның арғы тегін тарихи деректерде бар *Cip* тайпасынан көргендей боламын”, – деп жазады тағы бір зерттеуші. Ол: “Бұл туралы нақтылы дәйектердің бір ұшығы Орхон-Енисей” жазбаларында шектелген. “Тоныкөк” жырындағы *Түрк-Cip* жұртына қатысты жолдарға көз салалық:

“*Түрк йоқ болту,*

Түрк Cip будун йеринте бод қалмаду (Түрк халқы қырылды, әлсіреді, жойылды. *Түрк Cip* халқы жерінде тірлік қалмады...)”.

[Тоныкөк жыры. 3, 11, 60 шумақ. Мырзатай Жолдасбеков аудармасы].

Автор осындағы *Cip* будун этнонимін С. Г. Кляшторныйдың мәліметіндегі қытайша *Ce>Ce-Янто* атауына, Н. Я. Бичуриннің *Ce (Cip)* деген атауына, С. М. Ақынжановтың *Ce<Cip<Сеянто* атауына баламалап, оны Ғұндардың *Теле* тармағынан өрбіген күшті түрік тайпасынан таратады.

“Ғалым С. Г. Кляшторный “қайта-қайта жеңіліп, жолы болмаған *Cip* тайпасы моңғолдардың (ауырып тұрған адамның әзірейілді адастыру үшін атын өзгерту) салты бойынша атын өзгертіп, қыпшаққа айналып кетуі ықтимал” деген”, – деп жазады Елжас Бейсенбек [Ана тілі. 14 шілде 1994].

Немесе “*Cip* тайпасы өзінен күшті қандас қыпшақ, оғұз бірлестігінің ішіне еніп кеткен тайпа” деп те қаралады.

“*Cirge*” атауы туралы сол автор: “...Тайпаға таңба аты қойылмайды, өйткені тайпа аты таңбадан бұрын пайда болған. Таңба кейін шыққан. Мысалы, бұл бабасы баласының немесе немересінің атын өзіне есім ете алмайтыны сияқты”, – деп дәлелдегісі келеді.

“Ал, “*cirge*” деген сөздің өзі қайдан шықты, соны болжамдап көрейік”, – деп автор сіргенің не екенін және сол сіргені *Cip* тайпасы өзіне қалай атау етіп алғанын былай баяндайды: “Сірге нокта секілді құлыңның басына кигізіледі. Құлын жайылғанда сірге (ноктаның кеңсірігіне бекітілген кішкене қалақ таяқша) төмен салбырап тұрады да, жерден шөп жұлып жеуіне инедей кедергі келтірмейді. Ал, құлын енесін ембек болып тұмсығын жоғары көтергенде таяқша тікелейін қалады да, биенің емшегіне қадалады. Ондайда бие шошып, құлынды бауырына алмайды. Сірге салынған құлынды биені өрісте жүрген-

де-ақ тәулік бойы сауа беруге болады. Құлыны да енесімен бірге жайылып, қауіп-қатерден аман болады. Кішкене болғанымен көшпелі халық үшін тұрмыстық маңызы күшті, шаруаға қажет мұндай жаңалықты ең алғаш жылқылы ел, *Сір* тайпасы ойлап тауып, соған орай *Сірге* аталып кетуі мүмкін деп ойлаймын”, – деп тұжырады автор өз пікірін [Ана тілі. 14 шілде 1994].

“Тағы бір ескертетін жай, – деп жалғастырады автор өз пікірін, – *сіргелілердің* таңбасы жалғыз “*сірге*” емес, *сіргелі* тайпасында сіргеден бөлек “*Ашамай*”, “*Қурай*”, “*Үш тармақ*” (қарға тұяқ тәрізді), т. б. таңбалар да бар. Сірге таңбасының өзі түрлі нұсқада кездеседі. Сіргеліге жататын “Туаңбалы” руларының да өз таңбасы болғаны күдік туғызбайды. Сіргелінің жауынгерлік ұраны – “*Бақтияр*”. Сонымен қоса *Сіргелі* тайпасына жататын рулардың “*Елібай*”, “*Байтемір*”, “*Ақ шабдар*”, “*Тайпақ*”, “*Есболат*”, “*Дауылбай*”, “*Тоганас*”, “*Жаңабай*” деген де ұрандары бар.

Сіргелілердің “Ашамай” таңбасы Орта жүздің *Керей*, Кіші жүздің *Телеу* руларында да кездеседі. Ал, “*үштармақ*” таңба ноғай, өзбек, қарақалпақтардың құрамындағы сіргелілерде сақталады” (сонда).

“*Сіргелі* тайпасының таңбасы мен ұрандарының мұншалық көп болуы тайпа тамырының тереңдігін, әр руы жеке-жеке таңба мен ұран иеленген кезінде етегін кең жайған ұлыстық ел болғанын белгілейді. Осындай етек-жеңі кең тайпаның бір руға ғана берілген “*сірге*” таңбасымен атала салуы қисынсыздау. Оның үстіне тайпа мен руларға таңба беру жоралғысы тайпалардың өзінің пайда болуынан көп кейін шыққанын жоғарыда ескерттік” (сонда, 5-6).

“*Сіргелінің* көне тайпалардан екенін айғақтайтын басқа да дәлелдер толып жатыр. “Қазақ тарихының Геродоты” атанған А. Левшин Ұлы жүз *Үйсін*, *Дулат* және *Сіргеліден* тұрады деп бекер айтпаған. Сіргелі тайпасының ежелгі тайпалардан екеніне көз жеткізу үшін оның қоныстану жағрапиясына бір сәт көз жүгіртіп өтсек те көп нәрсе айқындала түседі.

Сіргелі қазақтан басқа өзбектің “*Лоқай*”, қарақалпақтың “*Қият*” руларының, Қап тауының терістігіндегі ноғай халқының құрамына да кіреді. Ал *сіргелілердің* “Айтбозым” руының бір бөлігі Алтай жағында тұратын Албандарға сіңісіп кеткен. Моңғолияда тұратын *сіргелілердің* айтуынша, Қытайдың өзінде үш мыңдай *сіргелі* тұрады екен. Өзбекстандағы Ташкент облысының көп жерінде, әсіресе Сіргелі станциясының маңында, Қазақстанның Сарыағаш, Келес аудандарымен шектесетін елді мекендерде де *сіргелілер* көп.

Қазақстанның өзінде Сіргелі тайпасының ең қалың шоғырланған жері – Оңтүстік Қазақстан облысының Шаян, Сасық, Бөген, Бөржар, Бадам, Келес өзендерінің бойы, Шыршық пен Сыр бойының төменгі оң жақ беті, Қазығұрт өңірі, ілгеріде Жәнібек пен Керей ханға ілесіп

келіп, қалып қойған деп жүрген сіргелі Қаратаудың теріскейіндегі *Қумкент*, *Бабаата* маңы, Шу мен Талас бойында да бар. *Сіргелі* тайпасының осынша кең өлкеде тарыдай шашырап жатуы да оның бір кездері үлкен тайпа болғанын бейнелейтіндей. Екінші жағынан, замана қыспағында болып, тайпааралық ұрыс-соғыстарда жолы болмай, түрлі індет, ашаршылық, тағы басқа тағдыр тауқыметінен жапа шегіп, сан жағынан әлі де бір кездегі толықсыған деңгейіне көтеріле алмай келе жатқаны да ақиқат. Ғасырлар бойы тарих назарынан қағаберіс қалуы, зерттелсе – үстірт зерттелу себептері де осында деп ойлаймыз” (сонда, 5-б.).

“*Сіргелі* тайпасының негізгі рулары: *Батыр*, *Жайдақ*, *Қара Батыр*, *Елібай*, *Жаңабай*, *Қаракеңірдек*, *Ақкеңірдек*, *Байжігіт*, *Үштанбалы*, *Төрттанбалы*, *Тутамғалы* сияқты руларының аталарынан ғасырлар бойы жаңа рулардың пайда болуы да бұл тайпаның кемелденіп, өсіп-өне алмай келе жатқанын көрсетеді” (сонда, 5-б.).

“Қайтсе де, *сіргелілер* XI–XIII ғасырларда аяқ астынан пайда бола қалған жоқ. Бұл ғасырлар олардың тарих назарына ілінген ғана мезгілі. *Сіргелі* тайпасының тарихын да, халқымыздың басқа тайпалары сияқты, әріден іздеу керек. Сондықтан да *сіргеліге* байланысты көптеген деректермен таныса келе, Түрк қағанатындағы *сір* – қазіргі *сіргелімен* бір тайпа ма деген тұжырымға келіп отырмыз”, – дейді автор.

[Ана тілі. 14 шілде 1994]

Сіргелі елінің атауын “*сірге*” таңбасынан емес, көне түркі жазба ескерткіштерінде кездесетін *Сір*// **сир* этнонимінен тарату үрдісі де байқалады. Мысалы, Т. С. Досанов көне үйсіндердің Таластан табылған руникалық жазба ескерткішін зерттеуге байланысты мынандай пікір айтады:

“По одной версии родословной *Уйсуней Канглы* и *Катаган* являются сыновьями *Ойсыла* (“мыслящий, мудрый”), он же *Сиргели*, имя которого в древнетюркском языке составлено из “*Сиріг+елі*” (в переводе “Сиров (таинственный) + народ”, где “*сір*, *сыр*” означает “тайпа”). Сравните огузский род “*Бек+ді+елі*”, то есть Крепкий (окрепший) народ”. Примечательно то, что в древнетюркском памятнике, посвященном Тоньюкуку имеется упоминание о народе “*сир*”, вернее, “*тюрк-сир*”, – делінеді.

[Досанов Т. С. Этюды по памятникам письменности древних усуней. Алматы: Жалын, 2002. С. 89]

Ерболат Баятұлы Керей руының шығуын сөз ете келе: “Ру-тайпа атауларына олардың таңбасының да елеулі қатыстығы бар. *Таңба* – әр тайпаның этностық дербестігін танытқан белгілер. Таңбаға қарап тану күні бүгінге дейін жалғасып келмеді ме. Таңбалардың көне түркі жазуларына негіз болғаны айқындалады”, – деп көрсетеді.

[Керей руы қайдан шыққан? // Зерде. 1996. №1–2. 21-б.]

Міне, бұл тәрізді пікірмен келісе салуға болар ма екен? Бұл тәрізді пікірді бір адам айтса, қателескен шығар деп қоя салуға болар еді. Мәселе, ондай пікірді айтып жүрген бір адам ғана емес. Оның арасында қателескен ғалымдар да бар. Осы автордың таңба туралы: “Керейлердің “*крест*” таңбалы болуын несториан дінін қабылдаумен байланыстырудың негізі жоқ емес. *Абақ* және *ашамайлы* керейдің ру таңбасының шығу негізі жөнінде Қ. Салғарин тосын ой айтып, *абақ* руының таңбасын байырғы “*абақ*” деп аталатын аңшылық құралдың пішінімен байланыстырады. Көңілге қонымды-ақ. Бірақ формалық, атаулық ұқсастығы көзге ұрып тұрғанымен, әлдебір затқа (күралға) қатысты ру таңбасы белгіленді деу сәл жеңілдеу болар еді. Себебі, таңбаның белгілі бір руға тиесілі болып белгіленуі күнделікті тұрмыстық деңгейден әлдеқайда жоғары саяси-әлеуметтік, этно-мәдени айырым белгі ғана емес, терең мағыналы ұғымды меңзейтін ерекше айырық” деп Қ. Салғариннің дұрыс пікірін сынап өтеді (жоғарыдағы еңбек, 21-б.). Бұл арада, біздің ойымызша, Қ. Салғариннің пікірі дұрыс. “*Абақ*” сөзі – түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде де, сиректеу болса да, аңшылардың *аран* тәрізді жабайы аңдарды қамап ұстауға ыңғайланған құралының бірінің аты. Демек, ру-тайпа таңбаларының баршасының заттық негізі үй-тұрмыс, шаруашылыққа қажет бұйымдар болғанын мойындасақ, “*абақтың*” да таңба ретінде алынуы күмән туғызбаса керек.

Қорыта келгенде айтарымыз, қазақ ру-тайпаларының таңба рәмізіне байланысты шежірелер мен зерттеулерде айтылып, жазылып келе жатқан пікір-тұжырымдар әр алуан, бір жүйеге түскен тиянақты емес. Олар арнайы зерттеуді талап етеді. Біздің ұсынып отырған деректеріміз – осы құбылыстың дұрыс-бұрыстығын анықтауға бағышталған алғашқы қадам.

5. 1. Ен-таңба рәміздері

Қазақ қауымында қалыптасқан аталастарға, ру-тайпаларға, ру және тайпа бірлестіктеріне тән көне *рәміздік белгілерге ен, таңба, ағаш, аң, құс, ұран* сияқты қасиетті заттардың атаулары мен үлгілері жатады дедік.

Солардың ішінде *ен* мен *таңба* дәстүрі о баста малшаруашылығының дамуына байланысты малға (ең алдымен жылқы мен қой-ешкіге) деген иегерлік құқықты, бір орында тұрмай, қысы-жазы бірдей жайылып, ылғи қозғалыста болатын малдың өріс-жайылымын анықтау қажеттігінен туындаған рәмізге жатады екен.

Бұл екі дәстүрдің екеуі де малға байланысты бір мезгілде дүниеге келсе де, рәміздік мәні бірдей емес. Оның басты себебі, еннің қазақ салтында тек уақ малға – қой-ешкіге салынуына, ал таңбаның ірі

қара малға – жылқыға басылуына байланысты. Төрт түлік малдың ішінде бұл екеуі – қазақ ұғымында екі түрлі бағаланатын құндылыққа жататын малдар.

Бейбіт жатқан елді жау шаба қалғанда, басқыншылардың ең алдымен тұтқындап әкететіндері ауылдың жас жігіттері мен қыз-келіншектері болса, малдан олжалап айдап әкететіні тек жылқы ғана болған. Мыңғырып жататын қой-ешкіге, сиыр, түйе малына (аламан, ұрылар мен барымташылар болмаса) шапқыншылар көп тиісе қоймаған.

Сондықтан да болар, жылқы малын ерекше бағалап, қадір тұтатын қазақтар өз меншігіндегі қымбат дүние ретінде жылқыларын түгендеп ұстау үшін тай күнінен таңба басып (*сал. Тайға таңба басқандай...*), өз иелігін айғақтап қоятын болған.

Міне, сол қажеттілік бара-бара ұлттық салт-дәстүрге айналып, атадан балаға мұра болып ауысып отырған.

Ен-таңба рәмізі өз малына меншіктік белгі салуға байланысты бір процестің екі түрлі көрінісі болып саналады. Олардың рәміздік мәні де бірдей емес. *Ен салу* дәстүріне қарағанда *таңба басу* әрекеті әлдеқайда күрделі. Ол ғана емес, малға таңба болып басылған белгі, өрнек дами келе этностық иегерлік символына, таңбасына айналып, этностық процесс атрибутына айналып отырады.

Сондықтан да *ен салу* мен *таңба басу* дәстүрлерін жеке-жеке қарастырамыз.

Ен салу дәстүрі

Малға ен салу дәстүрі де ұлттық рәміздің бір түріне жатады. Қазақ болмысында уақ малға ен салу ірі малға (жылқы, сиырға) таңба басумен бір кезде пайда болған дәстүр. Демек, *ен салу да таңба басу* сияқты феодалдық, таптық қарым-қатынас дамыған дәуірде мал басының көбейіп, малшаруашылығының етек жайып әбден өркендеген кезінде мал-мүлікке деген меншіктілік пен жайылым жерге деген иелікті анықтаудың қажеттілігінен туындаған әлеуметтік процесс. Таңба басу сияқты уақ (қой, ешкі) малға ен салу да о баста тек малға байланысты болғанымен, кейбір ендердің атаулары мал иесі – аталықтар мен ру-тайпалардың атауы болып қалыптасқандары да бар. Мысалы, Ұлы жүз құрамындағы “*ойық*”, “*тілік*” руларын айтуға болады.

Бірақ *ен* таңбаларының атауы ру-тайпаларды этностық жіктеу процесіне таңба атауларындай кең түрде қатыса алмады. Оның басты себептерінің бірі – уақ малдардың құлағына, кейде мұрнына салынатын *ендердің* өрнек-үлгі жағынан шектеулі болуына байланысты. Бүкіл қазақ қауымында тек он шақты ғана ен қабылданғаны белгілі, ал ру-тайпалардың жалпы саны бұдан 15–20 есе көп.

**Уақ мал құлағы мен мұрнына салынатын
ендер мен олардың атаулары:**



[Өмірәлиев Қ. Қосымша V. Қар. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977. 628-б.]

Еннің бұл түрлеріне автор төмендегіше сипаттама береді:

Ойық ен. (Құлақтың) Шетінен оя кесіп алатын ен.

Ойма ен. Ортасын тесе ойып, кесіп алатын ен.

Кез ен. Тіктеу түрде айыр етіп кесіп алатын ен.

Кесік ен. Құлақтың үш жағын шорт кесіп алатын ен.

Тілік ен. Құлақтың ұшын сұғынта тіліп қоятын ен.

Сырға ен. Тілік ен мен ойма еннің қосылған түрі (бұл да сонда, 629-б.).

Қиық ен. Құлақтың бір жағынан қиғаштау етіп тілінген ен.

Бұларға қосымша мына ендерді де көрсетуге болады: “*Сота тілік ен*”, “*Кезең ен*”, “*Көзек ен*”, “*Жүрекше ен*”, “*Қиықша ен*”, “*Байпақ ен*”, “*Тесік ен*”, “*Сыдырғыш ен*”, т. б.

[Сейдімбеков А. Күнгір-күнгір күмбездер. Алматы, 1981. 128-б.]

Осы аталған ен атауларының ішінен тек екеуі ғана – “*Тілік*”, “*Ойық*” – этностық мәнге ие болып тұр.

Сонымен, малға ен салу дәстүрі қазақ салтында таңба басу дәстүрімен бірге шығып, қатар дамыса да, мал иесі – этностық топтардың этностық процесіне дәл таңбалардай жіті араласа қоймаған. Оның басты себебі, жоғарыда көрсетілгендей, қазақ қауымында жылқы малы мен қой-ешкі малының барабар құндылыққа жатпауында болса, екіншіден, ен мен таңбаның табиғи өзгешелігіне (атауына, өрнегіне), яғни оңай өзгертіп алуға болатындығына байланысты. Дегенмен, бірлі-жарымды ен атауларының (мыс., *Тілік*, *Ойық*) этностық топ атауына ауысуы да жоқ емес.

Таңба рәмізі

“Қазақ қандай халық?” деген сауалдың “Қазақ – рәмізді, нышанды халық” деген жауабы бар десек, сол жауаптың бір түйіні таңбаға байланысты. Сондықтан да біз түркі халықтарының ішінде, әсіресе қазақ қауымында кең тараған таңба қолдану дәстүріне толығырақ тоқталмақшымыз.

Бұл құбылыстың қыр-сырын (шығу төркінін, қолданыс аясын, даму үрдісін, т. т.) түсіндіру үшін оның ішкі табиғаты мен қалыптасу жолдарын, этностық, танымдық, менталдық ерекшеліктерін толығырақ ашу қажет деп білеміз. Ол үшін біз ең алдымен мына тәрізді сауалдарға жауап беріп алуымыз керек:

1) “Таңба” деген атау және ол аңғартатын ұғым-түсінік қалай шықты?

2) Малға (негізінен жылқы малына) басылатын таңбалардың материалдық негізі қалай таңдалды?

3) Малға басылатын таңбалардың негізіне сәйкес өрнек-үлгілері, нышанды белгі-бейнелері қалай жасалды?

4) Малға басылған таңбалардың атауы сол таңбаланған мал иесіне – этностық топқа (ру-тайпа өкілдеріне) этностық атау болып қалай қалыптасты?

5) Үш жүз құрамындағы ірілі-уақты ру-тайпа топтары мен тармақтарын іштей жіктеп көрсететін таңбалар жүйесіндегі тұлғалық, мағыналық өзгерістер қалай жүзеге асты?

6) Қазақты таңбалардың саны, сапасы (тұлғалық варианттары) этностық топтарды өзара жіктеумен қатар оларды ұйыстыру, т. т.;

7) “Ақ найзасы болмаса, ерді қайдан танырсың,

Ен-таңбасы болмаса, малды қайдан танырсың” деген сөз де таңбаның алғаш малға байланысты шыққандығының бір айғағы.

Осы сауалдарға азды-көпті жауап бергенде ғана біз қазақты **таңба** табиғатын, астарындағы сырын айқындай аламыз.

“Таңба” атауының төркіні

“Таңба” деген атау шеттен қабылданған кірме сөз емес, түркі халықтарының көбіне ортақ өзінің төл сөзі. Оның түбірі (қазақ тіліндегідей) **таң** емес, **там** (этимологиясы айқын емес). ***Там** (орыс тілінде

*Қырғыз ғалымы К. Сейдахметовтің пікірі бойынша, *тамға* сөзі түбіріндегі *там*- етістігі (*тамызық, тамыз – тамыздыр//тандыр* сөздерінде кездесетін) “күйдіру” мағынасын берген. Демек, *тамға басу* “күйдіріп басудан” шыққан дегенді аңғартады // Кыргыз тилинин кыскача этимологиялык сөздугү. Фрунзе, 1988. 213-б.

тамға түрінде, ұйғыр, т. б. тілдерде де – тамға) түбірінің қазақ тілінде **таңба* болып айтылуын екі түрлі заңдылыққа – біреуі *м*~ң дыбыс алмасуы, екіншісі *б*~м дыбыстарының орын алмасуы, метатезаға – байланысты деп қарау керек.

“*Таңба*” атауының мағынасы ҚТТС: 1. дақ, ен, белгі, мөр; 2. *ауыс*. қаяу, шер, кек (8, 588), – деп көрсетіледі.

Әрине, бұл екі топ мағынаның екеуі де кейін қалыптасқан ауыс мағыналары. “*Там*” түбірінен туындаған *тамға*, одан өзгерген *таңба* сөзі о баста жылқының санына қыздырған темір белгіні қарып басып, (жүнін) түгін күйдіру (үйіту) арқылы өшпейтін белгі түсіру дегенді аңғартқан.

Бұл – *таңба* < *тамға* сөзінің өз басының шығуы жөніндегі этимологиялық болжам. Бірақ *таңба* атауынан бұрын оның болмыстағы қажеттігі мен заттық (материалдық) негізі және қолданыс мотивтері айқындалуы тиіс сияқты.

Таңбаның заттық негізін анықтау

Таңба қолдану дәстүрінің барлыққа келіп, этнос салтында орнығуының басты себебін, жоғарыда ескерткеніміздей, қазақ қауымында мал басының көбейіп, феодалдық-таптық қарым-қатынастың дамуына, этностық топтардың іштей жіктеліп, малға деген меншіктің, иегерлік үрдісінің етек жая бастауына байланысты деп қараған жөн.

Міне, енді осы малға деген меншікті, иегерлікті заңдастыру үшін халық даналығы *таңба жүйесін* барлыққа келтіреді. Ол салт, әрине, жалғыз атты, бес ешкі айдаған кедей-келшікке емес, мындаған жылқы, мындаған қой айдаған бай-манап, билеуші тап өкілдеріне тікелей қатысты болды.

Таңбаны барлыққа келтірудің алғашқы қадамы оның заттық негіздерін анықтаудан басталған болатын. Міне, осы орайда, қазақтар өркениет үлгілерінен гөрі малшы қауымның менталитетіне сәйкес салт-тәсілдердің бірі – ұлт санасында қалыптасқан көне кәделер мен діни наным-сенімдерге, фетишизм*, магия сияқты қасиетті де киелі ұғымдарға ие тұрмыс пен табиғаттағы кейбір заттарға табынуды, соларды уағыздауды жөн көрді.

Соның нәтижесінде тіліміздегі көптеген үй-тұрмыс заттары, кейде жабайы аң-құс атаулары киелі, қасиетті деп танылып (фетиштік, ма-

* *фетишизм* [фр. *fetich* < португал. *feitigo* амулет; волшебство) – 1) неодушевленный предмет, который по представлениям верующих, наделен сверхъестественной магической силой и служит объектом религиозного поклонения; 2) предмет слепого поклонения [Словарь иностранных слов. М., 1987. С. 525]

гиялық қасиетке ие болып), малға басатын таңба ретінде сұрыпталып алына бастайды. Таңба табиғатын арнайы қарастырған зерттеулер мен шежірелерді (олардың тізімі төменде келтіріледі) сүзіп шыққанымызда, таңбаға талғанып алынған заттардың жалпы саны жүз елуге жуық болды. Бірақ, өкінішке орай ол заттардың халық жадында тек өрнегі мен белгісі ғана сақталып, атауларының көпшілігі ұмыт болған. Басқаша айтқанда, ру-тайпа таңбаларының қызметін таңдап алған заттардың атаулары емес, өрнек-белгілері атқара бастағанын көреміз.

Біз төменде атауы да, өрнегі де сақталған 50 шақты ру-тайпа таңбаларының тізімін келтіріп отырмыз.

Қазақ ру-тайпа таңбаларына негіз болған заттардың сақталған атаулары:

- | | | |
|--------------|----------------|------------------|
| 1. Абақ | 16. Жай | 31. Ожау |
| 2. Ай | 17. Жебе | 32. Сенек |
| 3. Айшық | 18. Ергенек | 33. Садақ |
| 4. Айыр | 19. Кезең | 34. Сүргі |
| 5. Арқар | 20. Көз | 35. Сірге |
| 6. Ашамай | 21. Көсек | 36. Тарақ |
| 7. Әліп | 22. Көсеу | 37. Тостаған |
| 8. Бағана | 23. *Күрей | 38. Тұмар |
| 9. Балға | 24. Күн | 39. Түйемойын |
| 10. Балта | 25. Қазанқұлақ | 40. Тілік |
| 11. Бақан | 26. Қол | 41. Шанышқы |
| 12. Бесік | 27. Қос әліп | 42. Шеккіш |
| 13. Босаға | 28. Қос көсеу | 43. Шөміш |
| 14. Бөрі | 29. Найза | 44. Шылбыр |
| 15. Дөнгелек | 30. Оқ | 45. Үй |
| | | 46. Ілмек, т. б. |

Енді қазақ ру-тайпа таңбаларына негіз болған заттардың атауларын мағыналық-тақырыптық топтарға жіктеп көрейік. Жоғарыда көрсеткеніміздей, бұлар (яғни атауы сақталған таңба негіздері) жалпы саны 150-ге жуық таңбалардың тек үштен бірі ғана, қалғандары ұмыт болып, тарих шаңының астында қалды деп жобалауға болады. Өйткені логика заңы бойынша, ру-тайпа таңбасы абстракциялық жолмен емес, нақтылы зат негізінде ғана пайда болуға тиіс.

Қазақ ру-тайпалары атауларының заттық негізі саналатын дүние-бұйымдарды іштей жіктеп, тақырыптық-мағыналық топтарға бөліп қарайтын болсақ, олардың көпшілігі көне наным-сенім бойынша үй-тұрмысқа қажетті, киелі, қасиетті, кәделі саналатын заттардан тұратынын көреміз. Олар мынандай топтардан құралады екен:

- 1) қазан-ошақ, аяқ-табақ (мыс.: *тостаған, шөміш, ожау, қазанқұлақ*, т. б.);
- 2) үй іші, тұрмыстық заттар (мыс.: *бақан, балға, бағана, босаға, балта, абақ, ергенек, көсеу, *күрей, сенек, сүргі, үй, шеккіш, шанышқы, бесік, ілмек*, т. б.);
- 3) ер-тұрман, т. б. малға қатысты жабдықтар (мыс.: *ашамай, түйе-мойын, шылбыр, сірге, құйысқан*, т. б.);
- 4) аспан денелері (*Күн, Ай*);
- 5) жан-жануар, өсімдік дүниесіне қатысты заттар (мыс.: *арқар, бөрі, көк бөрі, көсек, бәйтерек*, т. б.);
- 6) әскери қару-жарақ (мыс.: *оқ, садақ, жай, жебе, найза*);
- 7) адамға қатысты заттар (мыс.: *көз, қол*, т. б.);
- 8) руханиятқа, мәдениетке қатысты заттар (мыс.: *әліп, қос әліп, тұмар*, т. б.)

Міне, бұлар халық жадында сақталып келе жатқан ру-тайпа таңбаларының негізіндегі заттардың атаулары. Ал, таңба өрнегі ғана сақталып, атаулары ұмыт болған заттардың не екенін, нені білдіргенін олардың таңбасына қарап айқындау өте қиын және оның өзіндік себептері де жоқ емес. Оның ең бастысы – о баста қабылданған таңбаның шартты белгісі, өрнегі тұлғалық жағынан ылғи өзгеріп, қосымша элементтермен толықтырылып отырған.

Таңба үлгі-өрнектерінің өзгеріп дамуы

Қазақы көне дүниеге жатса да, рөміз жүйесі – ылғи эволюциялық (тұлғалық, мағыналық, идеялық, мотивтік) өзгерістерге ұшырап отыратын жанды құбылыс. Қазақ ру-тайпаларына қатысты қалыптасқан 150-дей таңбалардың табиғаты мен даму үрдісіне пайымдап қараған адам дамудың екі түрін еркін аңғара алады. Оның біреуі – бір этностық топқа (ол аталастар, бір ру не ру бірлестігі, тайпа, ұлыс, одақ т. б. болуы мүмкін) өзінің этностық даму барысында бір ғана таңбамен шектеліп қалмай, әртүрлі объективті (тарихи, этностық, географиялық, әлеуметтік, орын-жай ауыстыру, т. б.) себептерге байланысты бірнеше (кейде 5–6-ға дейін) әртекті және біртекті таңбаға ие болуы мүмкін. Сондықтан да болар, ру-тайпа таңбаларының жалпы саны мен таңба атауларының саны сәйкес емес, таңба үлгі-өрнегінің саны таңба атауларының санынан әлдеқайда көп. Оның басты себепін біз таңба үлгі-өрнектерінің даму үрдісінің екі бағытта – тік (*вертикаль*) бағытта және **жазық** (*горизонталь*) бағытта жүзеге асуына байланысты деп қараған жөн.

Ру-тайпа таңба үлгі-өрнектерінің тік (*вертикаль*) бағытта дамуы. Малшаруашылығымен шұғылданған көшпелі тайпалардың көне дәуірін, яғни “*тайына таңба басылып, қойына ен салына*” бастаған ке-

зеңін көз алдымызға елестетсек, ең алдымен, таңбаға негіз болатын заттың аты, оның өрнек-үлгісі анықталып, ол жылқы малының санына қарып басылып, жайылым-өрісі анықталып, мал иесінің жекеменшіктік құқығы заңдастырылады.

Бір ру, не бірнеше рудан тұратын бір тайпа елге бір таңба атауы және соның үлгі-өрнегі тапсырылады да, кейін біртіндеп сол атауға ортақ оның туыс-жақын тармақтары айқындалып қосыла бастауы мүмкін. Әрбір жаңа қосылған этностық топ (тармақ) ортақ таңбаға өз белгілерін қосып, оның тұлғасын күрделілендіре түсуі мүмкін. Сөйтіп, әрбір таңбаның жазықтық (горизонталь) бағытта дамыған таңба санын көбейте беретіні даусыз. Біз бұл құбылысты бұрыннан айтылып жүрген таңба үрдісінен де, нақтылы шежіре деректерінен де айқын көреміз. Мысалы, таңба туралы зерттеулерде Ұлы жүз *Дулат* тайпасының о бастағы таңбасы “*дөңгелек*” деп аталып, ол былайша

○ дөңгелек бейнесінде белгіленіпті. Ал, енді осы *Дулат* көне тайпасымен туыстас, бір кездегі мал өрісі мен жайылымы ортақ болған *Албан*, *Суан*, *Ботпай*, *Сиқым*, *Жаныс* сияқты жақын ру-тайпалар сол “дөңгелек” атты таңбаға өз “сызықшаларын” қосу арқылы бір негізді (дөңгелек фигураға) “тектес” таңбаларды жасап алғандығын көреміз. Олардың бәрі “*дөңгелек*” атты таңба бола тұрса да, тұлғалары әртүрлі болып өзгерген. Мысалы:

Дулат – ○ “дөңгелек таңба”

Албан – ☉, ☊ “дөңгелек таңба”

Суан – ☋ “дөңгелек таңба”

Ботпай – ☌, ☍ “дөңгелек таңба”

Сиқым – ☎ “дөңгелек таңба”

Жаныс – ☏ “дөңгелек таңба”

[КСЭ. 10-том. 549-б.]

Көріп отырғанымыздай, зерделілікпен (жасалған) салынған бұл таңба өрнектер “*дөңгелек таңба*” аталса да, көп нәрсені аңғартады: *біріншіден*, “*Дулат*” тайпасы – барлық басқа тайпа тармақтарына ортақ, қосымша сызықтары жоқ, ең алғаш ○ “*дөңгелек*” түрінде салынған негізгі таңбаның иегері өзі екендігін аңғартып тұр; *екіншіден*, ол тайпа объективті себептерге байланысты кезінде өзіне жақын бірнеше басқа ру-тайпаларды төңірегіне шоғырландырып, мал өрісі мен жайылымға қолайлы жер жағдайын қауымдасып, бірге пайдалануға ұйытқы болғандығын аңғартады; *үшіншіден*, бір таңба өрнегінен бірнеше өрнектің туындап көбеюі өте қарапайым жолмен, яғни дөңгелектің сыртынан (жоғарғы, төменгі тұсынан) тура сызықшаларды

қосу арқылы жүзеге асырылып отыр. Сызықшалардың қосылу ретіне қарап, алдымен дөңгелектің төменгі жағынан бір түзу сызықша қосу арқылы – және түзу сызықшаға көлденең сызықша тарту арқылы –

♀ – екінші белгіні Дулаттан кейін қалыптасқан *Албан* тайпасының таңбасы, одан кейін дөңгелектің оң жақ шеті мен астына бір-бір түзу сызықша қосу арқылы – ♀ – *Суан* тайпасы таңбасының қалыптасқандығын, одан кейін дөңгелектің үстіңгі екі жақ шетіне бір-бір түзу сызық және төменгі жағына шақпақ (крест) сызықты қосу арқылы және дөңгелектің үстіңгі жағына екі түзу, астыңғы жағына бір түзу

сызықты қосу арқылы – ♂, ♀ – *Ботпай* тайпасының екі таңбасының дүниеге келгендігін, содан кейінгі кезекте дөңгелектің жоғарғы екі шетіне мүйіз сияқты етіп екі түзу сызықша және астыңғы жағына

шақпақ (крес) түріндегі түзу сызықты қосу арқылы – ♀, ♀ – *Сикым* тайпасының таңбасының, ең соңында сол таңбаның төменгі түзу сызығына тағы бір көлденең сызықты қосу арқылы – ♂ – *Жаһныс* тайпасының өзіндік күрделі таңбасы барлыққа келгенін байқауға болады.

Бұл арада біз таңбалардың тұлғалық өзгеріс жүйесіне қарап, олардың барлықта пайда болу мерзімін емес, бірінен кейінгі бірінің сызықша қосу арқылы өзгеріп, күрделілене түсу ретін, кезегін білуге болатындығын ескертіп отырмыз.


















Шынында да, жоғарыда көрсетілген Ұлы жүздің осы алты руы тарихи, этностық тұрғыдан да өзара жақын ру-тайпалар. Оның бір дәлелі – “дөңгелек” атты ортақ таңба атауы мен дөңгелек төңірегінен туындаған тектес сегіз таңба үлгі-өрнегі болса керек.

Төртіншіден, ру-тайпалар таңбасының тұлға-өрнегіндегі бұл тәрізді өзгерістер, сайып келгенде, қазақ қауымына тән этностық процестердің (мыс., аталастардан руластардың, одан ру және ру бірлестіктерінің, тайпа және тайпа бірлестіктерінің пайда болып, дамуы) толассыз жүзеге асып отыратын жанды процесс екендігін көрсетеді.

Бұл процестің ру-тайпа таңбаларына байланысты тағы бір ерекшелігі деп тектес, түбірлес, тұлғалас таңбалардың тек бір Жүз, тайпа құрамында ғана кездеспей, әртүрлі Жүзде, бір-бірінен алыс жатқан ру-тайпа құрамында кездесуін айтуға болады. Бұл процесс ру-тайпа таңбаларының өртекес түрін, қатар санын, яғни тік бағыттағы (вертикаль) даму деңгейін көрсетеді.

Бұл үрдіс, біздің пайымдауымыз бойынша, екі түрлі жағдайға байланысты қалыптасады: *біріншісі* – таңба тұлғалары өзара ұқсас болып келгенімен, заттық негізі мен атаулары басқа-басқа таңбалар да, *екіншісі* – атаулары да, үлгі-өрнегі де бір, бірақ соған сәйкес бір ғана

этностық топқа емес, бірнеше (екі, үш) этностық топқа тән таңбалар. Мәселен, біз жоғарыда көрсеткен (Ұлы жүз ру-тайпаларына тән) шеңбер тұлғасында дөңгеленіп келетін “дөңгелек” атты таңбалардың өзіне ұқсас нұсқаларын қазақтың көптеген басқа ру-тайпаларынан да (арғын, найман, сауыр, адай, беріш, шеркеш, есентемір, шекті, табын, рамадан, кердері, ысық, байбақты, т. б.) көреміз.

Пайымдап қарасақ, бұл таңбалардың біразы тұлға-өрнегі (дөңгелек) ұқсас болғанымен, заттық негізі басқа-басқа. Мәселен*, **Қаңлының** бес таңбасының біреуі “**Күн таңба**”  болса, екіншісі – “**Ай таңба**”  (ол  түрінде де), **Арғынның** “көз таңбасы” да –  ,  , **Найманның** “шөміш таңбасы” да –  , **Уақ** > **Садырдың** атауы сақталмаған екі таңбасы да –  ,  , **Адайдың** аты сақталмаған таңбаларының біреуі де –  , **Беріштің** “Күн” деп жобалап айтылып жүрген –  , **Шеркештің** төрт таңбасының бірі –  , **Есентемірдің** үш таңбасының бірі –  , **Кердері** мен **Табынның** “тостаған” деп аталатын үш вариантты таңбасы –  ,  ,  , **Рамаданның** “шөміш” таңбасы –  ,  т. б. осы сияқты дөңгелек, шеңбер түрінде келетін, бір-біріне ұқсас, айырмашылығы тек қосымша сызықтарында ғана таңбалар тобы нені көрсетеді? деген сауалға дұрыс жауап іздеген жөн. Өйткені бұл тәрізді құбылыс тек дөңгелек тұлғасындағы таңбалар тобына ғана тән емес, оны тура сызық, сынық сызық, қисық сызық және айшық сызықтардан түзіліп, өрнектелген сан алуан (150-ден астам) ру-тайпа таңбаларының бәрінен де кездестіруге болады (олар төменде қазақ ру-тайпа таңбаларының жинақталған көрсеткішінде берілді).

Ру-тайпа таңбаларына тән тағы бір (бұл – *бесінші*) ерекшелік – олардың заттық негізі болып саналатын үй-тұрмыс, т. б. бұйым, құрал-саймандардың шартты бейнесі (өрнегі) ретінде сызылған таңбаның үлгілері жылқы малының санына (кейде алдыңғы қолына да, омырауына, қарнына, басына) қарып (күйдіріп) басатын темір бетіне (қарғыға) түсіріледі (оны орысша тавро, клеймо дейді).

Таңбаға негіз болатын заттар мен ат жамбасына қарып басатын оның өрнектерінің арасында белгілі бір ұқсастық, көрнекілік, бірыңғайлылық (үлкен-кішісінің көлемі бірдей етіліп), реттелген (стили-

* Ескертпе: бұл келтірілген деректердің баршасы әртүрлі және әр кезде жарияланған бұлақтардан алынып отыр.

зованное изображение) сәйкестік болуы тиіс. Бұл арада таңба салушылардың шеберлігі мен олақтығына байланысты түпнұсқада байқалатын ауытқулар (өрнектің қисық-қыңыр, жоғары-төмен, ұзын-қысқа, т. б.) ескерілуі тиісті. Таңба варианттарының көбі содан туындайды.

Міне, осы негіз бен өрнек, белгі арасындағы сәйкестік таңба зерттеушілері тарапынан бұрын-соңды сөз болған емес. Сөз болса да, бұл екі нысанның (таңба негізі мен оның өрнегі, бейнесі) арасындағы логикалық, бейнелік ұқсастық жайында емес, ру-тайпа таңба белгілері мен көне түркі жазуы арасындағы көңілге қона бермейтін “туыстық, төркіндік” туралы сөз болып жүр*.

Біз еңбегімізде ол туралы толығырақ тоқталғымыз келеді. Өйткені қазақ рәмізтану тарихында халық жадында сақталып, шежіре, тарих беттерінде хатталып, ғасырлар аттап, бүгінгі ұрпаққа жеткен 150-ден астам ру-тайпа таңбасы өткен бабаларымыздың еріккенде ермек етіп, қалай болса солай сыза салған “шмай-шатпағы” емес, зерделі де зейінді еңбегінің жемісі, олардың келесі ұрпаққа өз болмысы туралы қалдырған көп те бай көрнекі мұраларының бірі – рәміз саласындағы нағыз қазақы да көне ескерткіштерінің бірегейі.

Бұл мұра жөнінде кезінде пікір айтушылар да, бірен-саран табиғатын түсіндіруге талпынушылар да аз болған жоқ. Бірақ, өкінішке орай, кейбір идеологиялық шектеулер кезінде оларға бұл мәселені кең түрде сөз етуге мүмкіндік бермеді. Дегенмен, қазақ халқының этностық тарихын, шежіресін зерттеуші ғалымдар (*Н. Гродеков, Х. Аргынбаев, М. Мұқанов, В. Востров, М. Тынышбаев, Х. Әділгереев, Б. Спандияров, Ш. Уәлиханов, Ә. Марғұлан, И. Казанцев, В. Юдин, Ю. Зуев, С. Ибрагимов, С. Аманжолов, Н. Аристов, А. Левшин, Н. Семенов, А. Харузин*, т. б.) бұл мәселені әр ыңғайда сөз етіп, өздерінше тарлап, таратып келеді.

Таңбаға қатысты қарастырылған мәселелердің ішінен атап өтуді қажет ететіндеріне мыналарды: а) таңба ұқсастығына байланысты кейбір ру-тайпалардың туыстық-жақындығын; ә) мекенжайын ауыстыру себептерін; б) мал өрісі мен жайылымының ортақ болуын; в) кірме, сіңбе, құрама т. б. этностық топтардың дамуын және осы сияқты басқа да этностық құбылыстарды жатқызуға болады.

Мәселен, қазақ халқының этностық тарихының күрделі бір мәселесіне “неге қазақ халқының құрамында ру-тайпалар көп (150-ден астам) және бұлардың бәрі түптегі бөлек (құранды) гетерогенді эт-

* Бұл мәселе Орхон-Енисей, Талас көне руникалық жазба ескерткіштерінің әріп таңбаларының шығу төркінін зерттеп жүрген кейбір ғалымдар тарапынан көтеріліп жүргені белгілі. Ол туралы біз басқа бір ретте толығырақ пікір айтпасақ, бұл жұмысымызда арнайы тоқталмаймыз.

ностық топтар ма, жоқ әлде шығу тегі бір, біртекті, біртұтас этностық массивтен бөлініп шыққан бір ағаштың бұтақтарындай жақын ру-тайпалар ма? деген заңды сауал жатады.

Осы мәселеге байланысты қазақ ру-тайпаларының генеалогиялық, этностық, тарихи алыс-жақындығын анықтаудың бір жолын зерттеушілердің біразы (А. Левшин, Н. Аристов, С. Аманжолов, т. б.) ру-тайпа таңба жүйесінен іздейді. Мысалы, олар жоғарыда келтірілген Ұлы жүз *Дулат* тайпа бірлестігіне ортақ “*дөңгелек*” таңбаға тура сызықтарды қосу арқылы туындаған таңба варианттары Дулатпен туыстас *Албан*, *Суан*, *Сиқым*, т. б. руларды білдірсе, “*әліп*” таңбалы *Қаңлылардан* “қос әліп” таңбалы *Қыпшақтар* тараған деген пікірді ашық айтып келеді.

Қазақ ру-тайпалары таңбаларына тән тағы бір (бұл *алтынышы*) ерекшелік – олардың негізінен жылқы малының (кейде түйе, сиыр малының да) денесіне басылу тәртібіне және таңбаны қолдану саласына да байланыстылығында. Осы жағдайды қазақ ру-тайпа таңбаларын алғаш зерттеген ғалымдардың бірі Н. И. Гродеков былай деп түсіндіреді:

“Древность тамг подтверждается тем, что многие названия родов, а еще колен, происходят от названий начертания тамги. Изучение тамги важно для истории киргизских родов. Нахождение в известном месте родовой тамги на могиле или другом памятнике может доказать, что там некогда кочевал такой род. Тамги служат вместо начертания имени на лошадях и на всякого рода документах. Тамга накладывается преимущественно на лошадях, верблюдах, при том с левой стороны (с которой садятся на лошадь). Часть тела, где выжигается тамга, различается у различных родов. Так, например, колено *Торайгыр* выжигает тамгу на голове. *Коккоз* – на боку, *Каз* и *Кедел* – на плече. *Карақыпчак* – на животе. Одно колено кыпчаков, живущее около Троицка, – на ляжке...”

[Гродеков Н. И. Киргизы и кара-киргизы Сыр-Дарьинской области. Т. I. Ташкент, 1889. С. 2–3]

Малға (кейін – құжатқа, тасқа, т. б. заттарға) таңба басу дәстүрі тек қазақ тайпаларына ғана емес, барша түркі әулетіне тән құбылыс. Бірақ бұл құбылыстың үрдісіне пайымдап қараған адам, оның бір кезде барша түркі әулетіне ортақ құбылыс бола тұра, әрбір түркі халқының өз дәстүріне сәйкес дамығанын, біреуінде ерте ұмыт болса да, енді біреуінде күні бүгінге дейін сақталып келе жатқан, даму жолын тапқан, не түрі мен мазмұны өзгерген құбылыс екенін көруге болады.

Мысалы, бүгінгі түркі әлеміндегі кейбір (үйғыр, өзбек, әзірбайжан, түрік, т. б.) халықтар басқа туыстас халықтармен (мәселен, қазақтармен) салыстырғанда таңба дәстүрі бұрын болса да, кейінгі кездері ұмыт бола бастаған, не мүлдем ұмытқандардың қатарына жа-

тады. Оның тарихи себептеріне сол халықтардың феодалдық-патриархаттық даму сатысынан кезінде басқалардан бұрынырақ өтіп, капиталистік қоғамның алғашқы даму сатысына (сауда, өндіріс саласы бойынша) қадам жасауына байланысты болса керек.

Ал, керісінше бұл даму үрдісінен белгілі себептермен кешеуілдеп қалған басқа халықтар мен тайпалар (бұған әсіресе Сібір аймағындағы ұсақ түркі халықтары жатады: *хакас, тува, шор, алтай, саха*, т. б.) болса, олар таңба ұстану дәстүрінің басқа бір өзіндік жолына түскенін көреміз.

Бұл туралы хакас ғалымы, этнограф В. Я. Бутанаевтың келтірген деректері көңіл аударарлық. Автор хакас халқының рулары мен руларынан гуындаған фамилияларының шығу төркінін (соның бір түрі – таңбадан тараған фамилияларды, т. б.) былайша түсіндіреді:

“Изучая собранный нами материал, мы не смогли обнаружить для XIX в. – общенародных знаков на скот. Более углубленный анализ позволяет, однако, проследить существование таковых в далеком прошлом. Например, большинство представителей сеока (*сүйек* – қазақша “ру”. – Ә. Қ.) ара имело тамгу – развилку, у сеока *сайын* – дуга, у родичей сеока *том* – тамга, изображающая ножницы, у сеока *пилтір* – ухват, у сеока *хырғыс* – тамги, комбинирующие в себе различные фигуры с дуги. В результате развития общественных отношений часть древних родовых знаков превратилась в аальные (ауылдық. – Ә. Қ.) тамги (270 знаков) и стала выражать знак собственности аальной общины. Другая часть (900 знаков) превратилась в фамильные тамги и выражала интересы индивидуальных хозяйств. Тамги в виде лука и стрелы употреблялись хакасскими башлыками вместо печати и подписи на официальных документах XVIII–XIX вв. Например, в 1836 г. князец Изшерского рода К. Куконяков за неимением печати “приложил по нашему уложению лук и стрелу”. Подобные “знамена” применялись широко среди народов Сибири”.

“Тамги хакасов в своей основе представляли собой простые фигуры – *крест, круг, дуга, квадрат, развилка, прямые линии, точки*. В связи с дроблением семей происходило усложнение фамильных знаков. Например, у части Конгаровых была тамга, состоящая из двойной линии **||**. После раздела скота один из наследников Чочых Конгаров добавил сверху вертикальную черту – **П**..., – деп көрсетеді автор.

[*Бутанаев В. Я.* Происхождение хакасских родов и фамилий. Абакан, 1994. С. 31]

Көріп отырғанымыздай, Сібір халықтарының бірі – хакас қауымында да таңба пайдалану үрдісінде қазақтарға ұқсас, бірақ кейінірек өз жолымен өзгерген құбылыстың болғанын байқауға болады. *Біріншіден*, хакас қауымында да, автор ашып көрсете алмаса да жекемен-

шік иелігін анықтауға байланысты таңба негізінде киелі саналатын тұрмыстық зат-бұйымдар болған; мыңнан астам (900+270) таңба белгісі – сол заттардың шартты өрнегі (оларды қазақшаласақ – шақпақ, ашамай, дөңгелек, айшық, аша, қайшы, жебе, садақ, т. б.). *Екіншіден*, о бастағы ру-тайпа таңбалары дами келе, нақтыланып ірі этностық топтан рубасылардың, одан соң жеке адамдардың фамилиялық таңбасына айналған. *Үшіншіден*, таңбалар одан соң бір әулет ішіндегі адамдардың жеке басына тән мөр ретінде қолданыла бастайды. Сонымен, бұл үрдіс XVIII–XIX ғасырларда өзінің даму үрдісін тоқтатады, бірақ халықтың этностық тарихында осы күнге дейін ұмытылмай келе жатқан елеулі із қалдырады.

Бұл тәрізді құбылысты басқа халықтардың болмысынан да байқауға болады.

Ру-тайпа таңбаларының көне түркі жазуына қатысы бар ма?

Бұл мәселе түркітану саласында көптен бері сөз болып келеді. Көне Орхон, Енисей және Талас ескерткіштерін зерттеушілердің біразы сыртқы ұқсастығына қарап, бұл ескерткіштердің әріптері қазақ (түркі) ру-тайпа таңбаларынан шыққан деген пікір айтумен келеді. Оны өзінше дәлелдегісі келетіндер де табылады. Ал, “руникалық жазу қазақ ру-тайпа таңбаларынан шықты” деген идеяны дәлелдей алсақ, бұл ғылымда үлкен жаңалық болған болар еді.

Өкінішке орай, бұл екеуінің арасында кейбір ұқсастықтардың болуы мүмкін, бірақ олай деп қорытынды шығаруға ешқандай ғылыми негіз жоқ. Біз осы пікірімізді дәлелдеу үшін таңбалардың шығу, қалыптасу тарихына кенірек тоқталуды жөн көрдік.

Ру-тайпа таңбалары мен көне түркі жазуының төркіндігін, яғни таңбалардың жазу жүйесінің қалыптасуына негіз болғандығы туралы сөз қозғап жүргендер арасында халық шежіресімен шұғылданушылар ғана емес, көне жазуды арнайы зерттеушілер де бар. Бірер нақтылы мысалдар келтірейік.

Мысалы, шежіреші Ерболат Баятұлы *Керей* руының шығуын сөз ете келе: “Ру-тайпа атауларына олардың таңбасының да елеулі қатыстығы бар. Таңба – әр тайпаның этностық дербестігін танытатын белгілер. Таңбаға қарап тану күні бүгінге дейін жалғасып келмеді ме. Таңбалардың көне түркі жазуларына негіз болғаны айқындалуда”, – деп, сөзіне тиек болар өзінен бұрынғы зерттеушілерге сілтейді.

[Керей руы қайдан шыққан? // Зерде. 1996. №1–2. 21-б.]

Шынында да, бұл мәселені ғылыми деңгейге көтеріп, сөз етіп келе жатқандардың көбісі Орхон-Енисей руникалық (сына жазу) ескерткіштерін зерттеп жүрген жергілікті ғалымдар (аты-жөнін атамай-ақ қояйық).

Сондағы бұлардың аяқ тірер дәйегі, алға тартар уәжі (мотиви) – қазақ ру-тайпаларының шартты түрде қабылдаған таңба өрнек-үлгілері мен көне Орхон-Енисей жазуындағы кейбір әріп таңбаларының арасындағы сыртқы ұқсастық пен мағыналық сәйкестік.

Екі жүзге жуық қазақ ру-тайпаларының таңбасын бір жерге жинақтап, жүйелеп, өзара салыстыра қарап, шығу төркінін түп-тамырынан таратып, талдап көргенімізде, жоғарыда айтылып жүрген жоба-жорамалдардың баршасы негізсіз екеніне көзіміз жеткен сияқты.

Бұл пікіріміздің дәлелі ретінде айтылар уәждерімізге (мотивтерімізге) мыналар жатады:

Біріншіден, адамзат өркениеті көптеген жазу үлгілерін барлыққа келтіргені белгілі. Солардың бірі – әрбір әріп таңбасы жеке сөз, не сөйлем мағынасын беретін *идеографиялық жазу* дейін десек, негізінен тасқа қашалып жазылған көне түркі (Орхон, Енисей, Талас өзендерінің бойында сақталған) бұл жазу болса, *дыбыстық жазу*. Тіпті әрбір дыбыстың жуан-жіңішкесін белгілейтін әріптері бар сингармониялық заңдылыққа бейімделген жазу;

Екіншіден, қазақ және басқа түркі тайпаларының таңбалары – белгілі бір заттың бейнесін сипаттайтын сурет, өрнек, стильденген белгі, бірақ жазу емес. Сондықтан оларды бір жазу жүйесіне келтірілген *пиктограмма* деуге де болмайды;

Үшіншіден, пиктограмма, әдетте белгілі бір этностық қауымның өмір-тіршілігін сипаттауға қажетті ұғым-түсініктердің баршасын түгел қамтитын көптеген сурет-таңбалардан тұратын болса, ру-тайпа таңбалары бар болғаны жүз шақты ұғымды білдіретін негізінен үй-тұрмысына қажетті заттардың суреттерінен тұрады. Мысалы, *дөңгелек, тостаған, шөміш, ошақ, балта, балға, бағана, бақан, ергенек* сияқты атаулар білдіретін заттардың суреттері болғандықтан, олар дыбыстық (фонетикалық), алфавиттік (әліпбилік) мәнге ие емес. Сондықтан да, мысалы, “*ашамай*” деген (1. екі қасының жоғарғы ұштары айқастырылып жасалған жас балаларға арналып жасалған ер; 2. түйеге, кейде сиырға жүк арту үшін арнайы жасалған ер тәрізді сайман – ҚТТС, 1) заттың аты “А” әрпімен жазылса, суреті шақпақ сызық – **X**, оны көне түркі жазу дәстүрі бойынша “А”, не “Ш” әріптері деп қабылдауға да болмайды.

Міне, сондықтан да, көне қазақы ру-тайпа таңбаларының өзіндік өрнектерін көне түркі руналық тас жазуының қалыптасуына негіз болды деу – жаңсақ пікір.

Осы пікіріміздің тағы бір көрнекті дәлелі ретінде біз қазақ ру-тайпа таңбаларының халық жадында атауы сақталғандарының (олардың көбісі ұмыт болғандығы туралы жоғарыда айтылды) он-он бесін әдейі бөліп алып, сол атауларды білдіретін заттардың суретін салып, оларды елестететін таңбалардың өрнегімен салыстырып, өзара ұқсастығын көрсетуді жөн көрдік.

Олар – төменде келтірілген сурет-таңбалар.

Қазақ ру-тайпа таңбаларының заттық негізіне сәйкес дамыған үлгі-өрнектері

“Қазақы көне ру-тайпа таңбалары қайдан, қалай шықты?” деген сауалға осы күнге дейін нақтылы жауап жоқ, бірақ жоба-жорамалдар көп. Біздің көзіміз жеткен дерегіміз бойынша таңба – өз кезінде, яғни фетишизмнің, діни наным-сенімнің доуірлеген кезінде, киелі, қасиетті, көделі саналған кейбір тұрмыстық зат-мүліктердің меншіктегі малға басу үшін жасалған бейнесінің шартты белгісі, өрнегі.

Әрине, ол бейнелердің баршасын бірдей шебер ұста, суретшілер жасаған жоқ. Оларды көбіне-көп қажетіне қарай қарапайым жұрттың өздері жасап ала берген, тастарға қашап жаза берген. Бір таңбаның бірнеше бір-біріне жақын варианттарының тууы, олардың бір үлгіден ауытқып қолданылуы, міне, осыған байланысты.

Бірақ, қалай болғанда да малшы, дала шеберлері таңбаларда материалдық негізін құрайтын заттар мен оның бейнесі, суреті арасындағы ұқсастық пен тұлғалық, графикалық сәйкестікті сақтауға тырысқанын көреміз. Ол ұқсастықты, мүмкін, бүгінгі ұрпақ байқап, пайымдай бермесе де, өткен дәуірдегі зерек те зерделі бабаларымыз дәл тауып, таңба өрнегіне қарап-ақ оның заттық негізін атап және оның кімге (қай атаға, ру-тайпаға) тән екендігін бірден көрсете алған.


Төменде келтірілген салыстырма бейне-өрнектер кейбір қазақ ру-тайпаларының таңбасы ретінде қалыптасқан шартты белгілерінің материалдық негізі саналатын үй-тұрмыстық бұйымдары мен табиғатқа (аспан әлеміне, жан-жануарларға) тән заттардың суреттері арасындағы ұқсастық пен сәйкестікті көрсетеді.

1. Қаңлы тайпасының шежіре, аңыздарда төрт-бес түрлі таңбасы белгіленген (“Күн”, “Ай”, “Көсеу”, “Әліп”, “Шылыбыр”). Соның “Күн” таңбасы мен **Күн** негізі арасындағы сәйкестікті былайша көрсетуге болады.



“Күн таңба” нұсқасындағы дөнгелек шеңберіне жан-жағынан қосылған сызықшалардың тәркінін екі түрлі түсіндіруге болады: ол – арайлап шыққан күннің жан-жағына шашырап тұрған нұр-сәулесінің бейнесі немесе **Қаңлы** тайпа бірлестігіне келіп қосылған көптеген басқа тайпалардың өз белгілері болуы да мүмкін. Күн шеңберіндегі ұзын сызықша “Күннің жердегі тірегі” деген символдық мәні бар қосымша белгі.

2. **Шапырашты, Қаңлы, Қоңырат, Адай, Беріш**, т. б. тайпаларға ортақ таңбалардың бірі – “**Ай таңба**”. Бұл таңбаның **Аймен** сыртқы сәйкестігін мына салыстырма бейнелерден айқын көруге болады.



“**Ай таңбасынан**” біз жаңа туған айдың бейнесін және айшық арқылы белгіленген ұқсас бейнесін көріп отырмыз. Екі айшықтың біреуіндегі тура сызықша “Айдың жердегі тірегі” деген символдық мәнді аңғартып тұр.

3. **Уақ, Матай, Садыр** ру-тайпаларының нышаны саналған “**Бөрі таңбасы**” жабайы хайуандар арасында адам баласына, соның ішінде, әсіресе, көне түркі әулетіне жақын, қасиеттеп, пір тұтарлық кәделі мәні зор **Көк бөрінің** бейнесіне байланысты. Бөрінің аспанға (**айға**) қарап ұлып тұрған бейнесі, мәселен, Түрік елінің байрағында да бар.

“**Бөрі таңба**” мен бөрінің арасындағы сәйкестік төмендегі салыстырма суреттен де айқын көрінеді.



Әрине, бөрінің суретін тасқа қашап салу, әсіресе жылқы малына таңба етіп қарып басу үшін өрнегін темір қарғыға түсіру оңай болмаған. Сондықтан да болар, оның қарапайым тәсілмен стильденген өрнегінде басы жоғары көтеріңкі, алдыңғы аяғымен жер тіреп, артқы аяқтарын бөлек, кейде сөлендеген құйрығымен бірге кейін қарай созылып тұр.

4. *Абақ Керей* руының “*Арқар таңбасы*” да жабайы аңдар циклінен алынған, оны да өткен замандағы бабаларымыз қасиетті, көделі жануарға балап, бейнесін таңба етіп ұстаған. Оның бір дәлелі – қазақ жеріндегі, әсіресе оңтүстік-батыс өлкелеріндегі көне мазарларда иір мүйізді арқар мен қошқардың бас суреті салынған тас ескерткіштер көптеп кездесетіндігі.

“*Арқар таңбада*” арқардың тұтас денесі емес, тек иір мүйізі ғана суреттелген. Олардың өзара сәйкестігі де талас тудырмаса керек.



Арқар мүйізін символ түрінде бұдан артық етіп көрсету мүмкін емес. Басқа көп вариантты таңбалар (мыс. “*сірге*”, “*дөңгелек*”, “*бақан*”, “*тостаған*”, “*тарақ*” т. б.) сияқты, бұл таңбаның да үш-төрт варианты болуы арқар мүйізін қайткен күнде де “түпнұсқаға” жақындатып (ұқсатып) беруге ұмтылыстан туған әрекет деп қараған жөн.

5. *Арғын* тайпасының символдық нышаны – “*Көз*”. Адам мен жан-жануарларға ортақ мүшелердің бірі – *Көз* екені белгілі. Көз – көру үшін, барша дүниені танып-білу үшін жаралған мүше. Адам баласының сырттан қабылдайтын мағлұматтарының 80%-ы осы көз арқылы жүзеге асады екен. Сондықтан да болар, таңба жүйесінде *көзден* басқа (“*қол таңбаны*” есептемегенде) дене мүшесі кездеспейді.

Енді осы адамның маңдайындағы қос жанарды бабаларымыз тайпа таңбасы етіп қалай бейнеледі екен? Пайымдап қарасақ, көз адам өміріне қажетті де қасиетті мүшелердің бірі ретінде таңбаға баланып отыр және бұл символ-нышан да өте қарапайым жолмен – “*қос дөңгелек*” түрінде таңбаланыпты.



Таңба өрнегінің қарапайым болуы, басы артық сызықшалардың болмауы барша символдық белгілерге тән талап. Сондықтан да, **“Көз таңба”** десе болды, адам көзінің неше түрлі болып келуіне қарамастан, қарапайым халық қатарласа салынған қос дөңгелекті Арғын таңбасын бірден түсінетін болған.

6. **Қаракесек** руының таңбасы – **“Қазанқұлақ таңба”**. Атынан-ақ көрініп тұрғандай, көне қазақ дәстүрінде қара қазанның өзі де, оның қос құлағы да қасиетті де кәделі үй бұйымдарының бірінен саналған. Сондықтан да қазанның құлағын таңбаға балағанға таңғалмау керек. Бабаларымыз оның бейнесін таңба түрінде төмендегіше бейнелепті.




Көріп отырғанымыздай, таңбалар мен қос құлақты қазанның арасындағы визуальды (көрнекі) сәйкестікті ешкім де жоққа шығара алмаса керек. Бұл әдетте дөңгелек, кейде шелекке ұқсап, дүңгіршек тәрізді болып келетін қазақтың қара қазандарының маман салған суреті емес, бұл олардың баршасына ортақ символдық нұсқа. Зерделі қауым бұл ұқсастықты өздері де пайымдай алады.

7. **Найман, Рамадан, Табын**, т. б. қазақ ру-тайпаларының символдық нышаны – **“Шөміш таңба”**. Бұл да – үй-тұрмыс саласына жататын киелі, қасиетті заттардың бірі. Өйткені *шөміш* барша қауымның

өмір-тіршілігінің қайнар бұлағы қара қазанда піскен асты аяқ-табаққа құйып таратып беру қызметін атқаратын береке-молшылықтың (мыс., “Қазанда бар шөмішке шығады”) символы болып саналған.

Сол *шөміш* пен “Шөміш таңбасының” өрнегін салыстырып көрейік.



Қазан-ошақ жабдықтарының бірі – *Шөміштің* реалды көрінісі мен символдық таңбасының арасында да ұқсастық бары даусыз. Таңба схема түрінде өрнектелген шарттылығы болмаса, сабы бар шөміштің өзіне өте ұқсас.

8. Кіші жүз *Табын*, *Кердері* руларының таңбасы саналатын “*Тостаған*” қазақ шежірелерінде төрт түрлі таңба арқылы берілген.



Тостағанның төрт түрлі символдық таңбасы ұсынылғанымен бәрі бір тостаған негізінде қалыптасқан. Тостағанды басқаша етіп көрсету мүмкін емес.


9. *Үй* (әрине “*киіз үй*”) жабдықтары циклінен қазақ шежірелерінде жиі аталатын таңбалар негіздеріне, мысалы, *босаға*, *бақан*, *бағана*, *ергенек*, т. б. осы сияқты заттардың атаулары жатады.

“*Босаға таңба*” *Қоңырат*, *Найман*, *Маңғытай*, *Қаракете* ру-тайпаларының символдық нышаны болып саналады. Оның қалыптасу мо-

тивтерін сөз қылмағанның өзінде, кара шаңырақты қазақ үйінің әрбір құрамдық бөлшегі (оған үйдің сүйегі мен киіз, бау-шуларының бәрі жатады) кәделі, ырым, наным-сенімдердің объектісі (нысаны) болып келгендігі жұртқа белгілі. “Босаға аттау”, “босағаны керме”, “табалдырықтан биік тау жоқ, туыстан жаман жау жоқ”, т. б. осы сияқты сенім, кәделердің бәрі босағаның да таңбаға негіз боларлық қасиетінің барлығын көрсетеді.




10. Киіз үйге қатысты жабдықтардың біріне **бақан** жатады. Сол бақан *Найман, Уақ, Шеркеш, Есентемір*, т. б. қазақ ру-тайпаларының ортақ таңбасы болып саналады. Осыған қарағанда, *бақан* да ертедегі қазақ ұғымында қасиетті, кәделі таңбаға баланған үй жабдықтарының бірі болған.



Қарапайым (бір-ақ таяқ) “*бақан таңбасының*” соншама көп белгілермен өрнектелуі оны таңба ретінде бейнелеудің қиындығында емес, сол таңбаның төңірегіне шоғырланған ірілі-уақты ру-тайпалардың көп болуына байланысты. Қазақ дәстүрі бойынша, осы таңбаны таңдап, оны пайдаланушы ең алғашқы тайпаның төңірегіне (жер жағдайына, этностық жақындығына, т. б. себептерге байланысты) кейінірек шоғырланған басқа ру-тайпалар сол “*Бақан таңбасын*”

қабылдау үшін өз белгісін (әдетте бір, не екі сызықты) қосуға міндетті болған. Сырыққа ұқсас, ұшы айыр бақанның тұзу сабына тартылған сызықтар, міне соның белгісі. Олар “**Бақан таңбасының**” варианттарын жасап тұрғанымен таңбаның аты – бәрібір “**Бақан**”.

11. “**Ергенек таңба**” қазақ шежірелерінде “**Ергенекті, Сарыжомарт**” деген рулардың символдық белгісі болып саналған. Анықтай кетейік, бұл ұмыт болып бара жатқан сөз – киіз үйдің “**сықырлауық**” деп аталатын ағаш есігі, не киіз есігі ашық қалғанда ит, т. б. үй хайуандары кіріп кетпесін деп, есікке ішінен көлденең тартып (тіктеп) тосап қоятын кішігірім ағаш қаша, шарбақ. Оны кей жерлерде “**иткірмес**” деп те атайды.



12. Таңба жүйесіне енген тұрмыстық құрал-жабдықтарынан біразын көрсетейік: *балта, балға, шеккіш* т. б.

“**Балта таңба**” – Найман тайпа бірлестігіне жататын *Балталы* руының нышанды белгісі. “**Балталы**” – өз таңбасының атымен аталып кеткен ру. Балта да қасиетті құрал-жабдықтардың біріне жатқан. Халық салтында “**Балтаға**” байланысты ырым-кәделер көп.



Балтаның таңба ретінде алынған өрнегі оның дәл өз нұсқасын болмаса да, шартты түрдегі нобайын (сабы мен басын) дәл келтіріп тұрғанын көреміз.

“**Балта таңбасы**” тек Орта жүз Найман құрамына енетін *Балталы* руында ғана емес, сонымен қатар Кіші жүз *Жағалбайлы, Телеу* руларында да кездеседі. Үлгісі де бірдей. Бұл шежіре логикасы бойынша, *Балталы* руының бір тармағы кезінде белгілі бір себептермен *Жағалбайлы, Телеу* руларының құрамына барып қосылуына байланысты

болуы мүмкін. Өйткені Жағалбайлы руының екінші бір таңбасы – “Балға”. Бұл да Найманға тән таңбаның бірі.

13. “Балға таңба” – бұл да “Балғалы” деп таңба атымен аталып кеткен Найман тайпасының тағы бір руының нышандық белгісі. “Балта”, “Шеккіш” т. б. сияқты Балға да көне қазақ дәстүрінде таңба жүйесіне енген ерекше құрмет көрсетілген киелі де коделі тұрмыстық құрал-жабдықтардың қатарына жатқызылған.



Балға да балтаға ұқсас басы темір, сабы ағаш құрал ғой. Суреттегі нұсқасы мен таңба өрнегін салыстыра қарағанда бұлардың арасындағы символдық ұқсастық анық байқалады.

14. “Шеккіш таңба” – балта мен балға таңбаларына ұқсас тұрмыстық құрал-жабдықтардың біріне жататын Шеккіш аспабы негізінде қалыптасқан бұл таңба Кіші жүз Жағалбайлы, Жүй руларына тән екен. Шеккіш (ертеректе жартастың бетіне жазу жазып, сурет салып, таңба өрнегін бөдіздеуге, диірмен, қол диірмен тасының бетін бұжырлауға пайдаланған құралдардың бірі болған. Бұл да балғаға ұқсас басы асыл темірден жасалып, ұстауға ұзын сабы бар құрал. Олардан айырмашылығы – темір басының бір жағы үшкір, тасты бөдіздеуге қолайлы етіп жасалған. Сондықтан да шартты өрнегі көп жағдайда балға өрнегіне ұқсап кетеді. Бұл – рәміз дәстүріндегі заңды құбылыс.



15. “Садақ таңба” // “Жай таңба” – екеуінің де негізі бір таңбалар. Бұлар – қазақ ру-тайпаларының рәміз жүйесіне енген қару-жарақ түрлерінің (жебе, найза, қылыш, т. б.) бірі.

“Садақ таңба” // “Жай таңба” – Адай тайпасына жататын рәміздік нышан. Бұлар да (екеуі мағыналас) тайпаның жауынгерлік рухын бейнелейтін қасиетті де қәделі құралдардың атауы.




Көріп отырғанымыздай, реалды садақ көрінісі мен шартты түрде салынған садақ, жай таңбасының өрнек-белгісінің арасындағы сәйкестік пен ұқсастыққа ешкім де дау айта алмаса керек.

Кейде бір таңба екінші бір таңбаға бейнеленуі жағынан ұқсас болып келуі мүмкін. Мысалы, шежірелерде берілетін *“Күн таңба”*, *“Ай таңба”*, *“Тостаған таңба”*, *“Көз таңба”*, *“Дөңгелек таңба”*, т. б. *“Арқар таңба”* мен *“Садақ // Жай таңба”* арасында да осындай ұқсастық байқалады. Мұндай жағдайларда оларды анықтаудың бірден-бір жолы – қабаттаса айтылуға тиісті таңбаның атауы.

16. “Жебе таңба” да (оны кейде *“Оқ таңба”* деп те атайды) – Адай тайпасының рәміздік белгісі. Бұл белгінің шартты үлгісі садақ оғының ұшына кигізетін темірден, болаттан (кейде сүйектен де) жасалатын сырт көрінісі әртүрлі *“қанатты”* үшкір зат. Рәміз бейнесі ретінде ол (нұсқар түрінде) төмендегіше көрсетіледі.



17. “Найза таңба” қазақ шежірелерінде *Төлегіт* руының рәміздік белгісі деп көрсетіледі. Байқап тұрсақ, бұл рәміз қазақ тарихында төлегіттердің төре әулетін соғыс, шапқыншылық кезінде жаудан қорғаушы әскери күші, бейбіт өмірде олардың қызметін атқарушы әлеуметтік топ болғанын көрсететін сияқты.



Әрине, найза мен жебенің рәміздік өрнегінде ұқсастық байқалады. Ол найза ұшы мен садақ оғының арасындағы ұқсастыққа байланысты. Найзаның ұзын сабы мен садақ оғының бұлы бірдей болмаса да, рәміз белгісінде бір-біріне ұқсас салынуы байқалады.

18. **“Қылыш таңба”** – шежірелерде *Найман*, *Керейіт*, *Сунақ* тайпаларының рәміздік белгісі деп көрсетіледі.



19. **“Қамшы таңба”** қазақ шежірелерінде Кіші жүз Таздардың рәміздік белгісі ретінде көрсетіледі. Рәміздік жүйеге енуінің мотиві қамшының көшпелілер өмірінде атқаратын қызметіне және оған орайлас (мысалы, билік жүргізуге, дау-дамай шешуге, үкім шығаруға, т. б.) орындалатын әдет-ғұрып, кәделерге байланысты екені белгілі. Ат әбзелдерінен *шылбыр*, *ашамай*, *қамшы*, *құйысқан*, т. б. құрал-жабдықтың (ұмыт болғандарын есептемегенде) рәміз ретінде аталуы да арнайы зерттеуді қажет ететін сияқты.

Қазақ болмысында қамшының түрі көп. Рәміз ретінде олардың бәріне ортақ нұсқасы алынып тұр. Онда шартты түрде қамшының сабы мен иіріліп тұрған өрімі ғана бейнеленген.



20. “*Ашамай таңба*” – қазақ ру-тайпаларының арасында кең тараған рәміздік белгі. Ол *Орта жүз Керей, Уақ, Сарман, Ашамайлы Керей, Кіші жүз Кете*, т. б. ру-тайпалардың рәміздік нышаны болып саналады. *Ашамай* көшпелі қауымда ерекше бағаланатын құндылықтардың біріне жатады. Жас баланың атқа мінген алғашқы қадамы да осы ашамайдан басталады.



Сондықтан да болар, қазақ салт-дәстүрінде ашамайға мінгізіп, жасөспірімді сүндет тойынан кейін ел аралату, жайлауға жеке тай мініп бару, т. б. рәсім-кәделер де баршылық.

Ашамайдың түпнұсқасы мен рәміздік белгі арасында да белгілі ұқсастық сақталған.

21. “*Шылбыр таңба*” – қазақ шежірелерінде *Қаңлы, Ысты, Кіші жүз Керейт, Телеу* ру-тайпаларының ортақ рәміздік белгісі. Оның қалайша кең тарағанын бірден айтып беру қиын. Дегенмен, оның қасиеті ат-тұрманның ішінде билікті қолда ұстау, ел басқару, “*Екі тізгін, бір шылбыр*” деген рәміздік мәніне байланысты болса керек.




Әрине, 2–2,5 метрдей шылбырды кішкентай ғана таңба ретінде көрсету оңай емес. Бірақ “шылбыр” деген атауымен қоса айтқанда бұл иір, қисық таңба шылбыр ұғымын беретіні сөзсіз.

22. “*Тарақ таңба*” – Ұлы жүз *Жалайыр, Тарақты*, Кіші жүз *Керейт, Тама, Телеу*, т. б. ру-тайпалардың рәміздік нышаны. Бұл таңбаны алғаш тұтынып, қалыптастырған *Жалайыр, Тарақты* тайпалары болса керек. Кіші жүз руларына бұл таңбаның тарауы кейінгі кездердегі этностық араласудың нәтижесі сияқты.




Бұл таңба адамның шашын, жылқының түгін тарайтын тарақтың бейнесін елестетіп тұр. Қай қырынан қарасаң да, сол тарақтың жүзін, сабын көресің. Әрине бұлардың арасында да белгілі шарттылық бар.

23. “*Көсеу таңба*” шежірелерде *Қаңлы, Қыпшақ, Сиқым, Ысты, Ойық, Тілік, Керейіт, Тана, Тама* ру-тайпаларының рәміздік белгісі ретінде көрсетіледі. Тұрмыстық бұйым *көсеудің* таңба жүйесіне енуі де оның көшпелілер өміріндегі *отқа, шоққа, күлге* қатысты қызметі мен қасиетіне байланысты болса керек. Өйткені ертедегі қазақ қауымы да отты өмір-тіршіліктің көзі деп санаған. Хорезм жерінде көне Қаңлылардың табынатын “*От үйі*” (“Дом огня”) деген ордасы да болған.




24. “*Тұмар таңба*” – *Шапырашты, Ошақты* ру-тайпаларының рәміздік таңбасы. “*Тұмар*” да қазақ ұғымында, әсіресе ислам дінінің ел арасында кең тарауына байланысты кәделі ырымдардың нышанына айналғаны белгілі. Ол діни сенімге байланысты бәле-жаладан, ауру-сырқау, індеттен аулақ болудың бір шарты болып саналған. Сондықтан да, Құранның бір сүресін жазып, үшбұрыштап шүберекке тігіп, жас нәрестенің киіміне, бесігіне қадап қою ырымы болған. Қазақта “*Тұмарға сенбесең де, тұмарсыз жүрме*” деген сөз бар.



25. “Әліп таңба” – Қаңлы, Қыпшақ, Тілік, Керейіт, Тана, Жанпас, Табын, Төртқара, Қожжа, т. б. ру-тайпалардың рәміздік нышаны. Араб жазуының әліпбиіндегі бірінші әрпі (тура тік сызық) – “Әліптің” таңба жүйесіне енуі, әрине, ислам дінінің жазу сауатының қазақ қауымына енуіне байланысты (VIII ғ. кейін) болса керек. Өйткені оның “Әліпті таяқ деп танымаған” кездері де болған.

“Әліп таңбаның” “Көсеу таңбадан” айырмашылығы: біріншісі – тура тік сызық та, екіншісі – тура жантақ сызық.



Көріп отырғанымыздай, қазақ қауымының ғасырлар бойы қалыптастырған таңба жүйесі ойдан шығарған, ғайыптан тапқан дүниесі емес, реалды өмірден алынған, өмір-тіршілік, үй-тұрмыстың қажеттігіне қарай қалыптасқан материалдық (заттық) негізде барлыққа келген құндылық.

Жалпы саны 200-ге жуық ру-тайпалық таңбаның көпшілігінің атауы кезінде қағазға хатталмағандықтан ел жадында сақталмай, ұмыт болғандығы белгілі. Өрнегі (шартты белгісі) сақталған рәміздердің атауын қалпына келтіру қазір қиын және ондай мақсатты көздеп те отырғанымыз жоқ. Таңбасы және сол таңбаның атауы жадымызда сақталған емес. Олар – елу шақты. Олардың тізімі төменде беріліп отыр.

Міне, біз жоғарыда сол елу шақты рәміз нышандарының тең жартысын (25-ін) бөліп алып, олардың үлгі-өрнегін өздеріне материалдық негіз болған бұйымдардың реалды нұсқасымен (суреттерімен) салыстырып шықтық.

Соның нәтижесінде біз мынадай қорытындыға келдік:

1. Қазақ ру-тайпаларының рәміздік таңба жүйесі – ертедегі феодалдық-патриархаттық дәуірде малшаруашылығының өркендеп дамуына, малға қатысты меншіктілікті айқындау үрдісінің кең етек жаюына байланысты қалыптасқан көне дәстүр.

2. Малға басылатын таңбалар ойлап табылған, не ғайыптан пайда болған қиялдық дүние емес, халықтың болмысында қасиетті де кәделі саналатын үй-тұрмыс бұйымдары мен табиғаттағы заттардың негізінде қалыптасқан шартты белгілер мен үлгі-өрнектер.

3. Заттық негізде қалыптасқан таңбалардың белгілері сол заттар мен мүліктердің дәл өзіне ұқсамаса да, солардың бейнесіне сәйкес үлгіде, шартты түрдегі рәміздік бейнесінде жасалады. Оны біз жоғарыда келтірілген 25 салыстырма сурет арқылы дәлелдедік қой деп білеміз.

4. Рәміздік таңбалар өзінің ұзақ уақытқа созылған даму барысында өздері қатысты ру-тайпалардың атауына айналып, этностық топтың өз атауының ұмыт болуына соқтыруы ықтимал (мұндай этностық топтардың төменде тізімі беріледі).

5. Ру-тайпа таңбалары о баста солардың мал-мүліктерін белгілеуге байланысты қалыптасса да, рәміздік белгі ретінде дами келе, сол ру-тайпалардың этностық процесіне тікелей қатысты болмайды. Оны біз, мысалы, бір таңбаның бір ғана этностық топқа емес, Үш жүз құрамындағы ру-тайпалардың үшеуінде де кездесуінен айқын көреміз.

6. Қазақ қауымында қалыптасқан ру-тайпа рәміздік таңбаларын көне түркі (Орхон, Енисей, Талас) руникалық жазуының қалыптасуына негіз болған деген пікірді қолдай алмаймыз.

Таңба атауымен аталатын ру-тайпалар

- | | |
|-----------------------|--------------------------|
| 1. Абақ (Керей) | 16. Ошақты |
| 2. Ашамайлы (Керей) | 17. Сіргелі |
| 3. Бағаналы | 18. Тарақты |
| 4. Балталы | 19. Тобықты |
| 5. Балғалы | 20. Төрттаңбалы |
| 6. Байбақты | 21. Тарақты (Табын) |
| 7. Бестаңбалы | 22. Терістаңбалы (Табын) |
| 8. Жағалбайлы | 23. Тутаңбалы |
| 9. Ергенекті (Уақ) | 24. Үштаңбалы |
| 10. Қайшылы | 25. Шанышқылы |
| 11. Қанжығалы | 26. Шапырашты |
| 12. Құйысқанды | 27. Шеңгелді |
| 13. Құйысқансыз | 28. Шекті |
| 14. Көсекті (Табын) | 29. Шөмішті (Табын) |
| 15. Онтаңбалы (Табын) | 30. Ысты, т. б. |

Бұл келтірілген тізімдегі атаулар кісі аты емес, яғни о баста қалыптасқан ру-тайпаның, не рубасының аты емес, сол ру-тайпаға берілген рәміздік белгінің атауы. Олардың бұрынғы аттары не ұмыт болған, не мүлдем айтылмайтын болған.

Бұл процесің қалай жүзеге асқандығы туралы жоғарыда тиіп-қашып айттық. Енді бірер нақтылы мысал келтірейік. Мысалы, қазақ қауымында кең тараған таңбалардың бірі – “*Сірге таңба*”. Бұл – малшы қауымында қолданылған *Сірге* негізінде қалыптасқан таңба. “*Сір-*

ге” деп қазақтар енесін өскенге дейін жайылымда бірге жүріп-ақ емуге дағдыланған құлын-тайлардың, бұзау-таналардың (еміп қоймауы үшін) басына байлап, не тұмсығына іліп қою үшін арнайы жасалған тұмылдырық тәрізді жабдықты атаған.

Міне, таңбасы “*сірге*” аталған аталастар өсіп-өрби келе жеті атасынан жетпіс пұстына дейін “*сірге таңбасын*” пайдалана беруі мүмкін. Бір таңбаға ортақтасқан енді бір ата емес, көп атаға, ру, ру бірлестігіне айналуы да ықтимал. Енді бір, не бір-екі руға емес, тұтас бір ру бірлестігіне айналған этностық топқа катысты жалқы есім түріндегі емес, жалпы есім түріндегі атау қажет болады. “*Сіргелі таңбасына*” ортақ бірнеше этностық топтың басып қосып, “*Сіргелі*” > “*Сіргелілер*” деп, бір-ақ ортақ атаумен атауға тура келеді. Сөйтіп, бір таңбаға тән топтың бәрі “*Сіргелі*” аталып кетеді. Бұл таңба атауларының бәрі (-лы// -лі, -ты// -ті) тәуелдік жалғауын қабылдап барып, өзінің бір ру-тайпаға тәндігін білдіреді.

Жоғарыдағы тізімде келтірілген таңба атауларының баршасы, міне, осындай даму процесін басынан кешірген атаулар. Бірақ, өкініштісі, *Балталы, Балгалы, Ашамайлы, Тарақты*, т. б. деп мың рет қайталап айтып жүрген шежірешілер де, зерттеушілер де “бұлар кісі аты емес, ру-тайпа атына айналған таңбалардың атауы” деп ескертуге батылы бара бермейді. Қайта оларды (таңбаларды) “жандандырып” ұрпақ тарататын, өздері ұрпақ болып тарайтын адам баласының кейпіне, жұмыр басты пендеге айналдырып жіберуге бейім тұрады. Мәселен, шежірелердің бірінде “*Сіргелі* – Ұлы жүздің құрамындағы ежелгі тайпалардың бірі”. Жарайды, біз бұған (“тайпа” дегеніне) көнейік. Бірақ одан өрі: “*Сіргелі* – Бақтиярдың немересі, Үйсінге бауыр басып кеткен Ойсылдың ұлы” деп қазақтың шежіресі Сіргелінің шығу тарихын Үйсін дәуіріне дейін апарарды. Ал, бұл дәуір – б.з.д. III–II ғасырлар. Енді бір зерттеуші осы дәуірге байланысты “көне деректерден *Сіргеліге* қатысты мәлімет табылған жоқ” – деп, Сіргелінің шыққан тегін білмейтінін мойындайды.

Енді бір ғалым (Н. Аристов) “*Сіргеліні* сегіз атадан тұрады” десе, М. Тынышбаев *Сіргелі* руын алты атадан тараған деп көрсетеді. Тағы бір шежіреші *Сіргеліні* Байұлынан таратса, енді біреуі – Ойсылдың ұлы – Өтептің Манат деген ұлынан өрбітеді.

Айта берсе, тарих, шежіре беттерінде мұндай жоба-жорамалдардан аяқ алып жүруге болмайды. Тек осы кейінгі пікірді айтушы шежіреші ғалым ғана: “...Манат есімі ел ішінде ұмытылып, “*Сіргелі*” атымен этноним болып тұрақталып, бүкіл кейінгі әулетке көшіпті” деп ескертеді.

[*Аргынбаев Х., Мұқанов М., Востров В.* Қазақ шежіресі хақында. Алматы: Атамұра, 2000. 91–93-бб.]

Мұндай ескертулерді таңба атауымен аталып кеткен кез келген ру-тайпаға байланысты айтуға болады. Бірақ сол жобаның артында тұрған ру-тайпа атауының шынайы атын, шығу төркінін айқындау ғерең зерттеуді талап етеді. Ал, қазіргідей таңба атымен (“*Балғалы*”, “*Бағталы*”, “*Тарақты*”, “*Ашамайлы*”, “*Қайшылы*”, т. б. болып) аталып жүрген ру-тайпалар “этнонимдері” этностық тарихымызды дұрыс айқындауға толық мүмкіндік бермейді. Себебі, шежіре жүйесінде кейде бір таңба атауының өзі (мысалы: “*Сіргелі*”, “*Ашамайлы*”, “*Тарақты*”, т. б.) Үш жүз құрамында бір емес, бірнеше ру-тайпаның құрамында қайталанатын. Ал, көп таңбалы “*Үшатаңбалы*”, “*Төрттаңбалы*”, “*Бес-таңбалы*” деген ру-тайпа атауларын алатын болсақ, олар сол ру-тайпаның әртүрлі этностық топтың арасында өсіп-өрбігенін білдіреді.

Міне, мұның бәрі, сайып келгенде “қазақ ру-тайпаларының шығу тегін білдіретін этностық критерий” емес, о баста тек этностық топтардың мал-мүлкіне деген меншігін анықтау барысында қалыптасқан рәміздік белгі ғана” деген пікірді дәлелдей түседі.

5. 2. Ту рәмізі

Ту рәміздері де қазақтың көне дәстүріне ие, ұлттық, менталдық нышанды белгілерге жатады. Адамзат баласы өз өркениетінің ең алғашқы сатыларында-ақ ту ұстау, сол арқылы өзінің ұйымдасқан, қауымдасқан этностық топ екенін, өз мүдде-мақсатын бірігіп қорғауға дайын біртектес, біртұтас этнос екенін білдіретін символдық белгі болып саналған. Бұл дәстүрдің көнелігінің бір айғағын жартастарға салынған петроглифтерден-ақ (суреттерден-ақ) айқын көруге болады.

Ең алдымен осы рәмізге байланысты анықтай кетуді талап ететін бір жағдай – қазақ салтында қалыптасып, қолданылып келе жатқан үш атаудың – *ту*, *жалау*, *байрақ* – мән-мағынасы.

Бір рәміздің осы үш түрі бір ұғымды білдіре ме, жоқ әлде, өзара жақын үш ұғымның жеке-дара атауы ма? Бұл мәселені айқындау өте қиын. Орыс тілінде де бір рәміз ретінде қатар жүретін үш атау бар: *знамя*, *флаг*, *стяг*. Енді олардың анықтамаларына назар аударайық. *Знамя* – общеславянское производное от глагола “отличать, замечать”. Первоначальное значение – “отличительный знак”. *Флаг* – заимствовано в Петровскую эпоху из голландского языка (*flag* – “флаг-знамя”). *Стяг* – исконно др.-рус. производное от *стягати* (“стягивать”); буквально – “то, что стягивает” (ср. диал. *стяг* – жердь, которой стягивается сено на возу”; *посл.* “язык – *стяг*, дружину водит”).

[Школьный этимологический словарь русского языка. М., 2001]

“*Флаг*” атауының екінші бір анықтамасы: сөздікте оның голланд тілінен ауысқанын ескерте келіп: “Прикрепленное к древку (или

шнуру) полотнище, одноцветное или разноцветное, часто с эмблемами государства или какой-либо организации” [Словарь иностранных слов. М., 1987. С. 531], – деп көрсетеді.

Көріп отырғанымыздай, орыс тіліндегі бір рәмізге қатысты үш атаудың үшеуі де үш түрлі жолмен жасалып, үш түрлі мағына негізінде қалыптасқан: *біреуі – зная* – “бір нәрсені ажырату, анықтау белгісі”, *екіншісі – стяг* – “бір нәрсенің бетіне тартып, керіп қою”, “бір нәрсені бастырып қою” (қазақтың “шөп бастырғанына” сөйкес), *үшіншісі – флаг* – “шеттен қабылданған ту” мағынасындағы сөз.

Енді қазақ тіліндегі үш атаудың – *ту, жалау, байрақ* – тілдік табиғатына тоқталатын болсақ, оларды Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде былайша сипаттайды:

Ту – түрлі түсті маталардан істелген, ұзын сапты жалау, байрақ (ҚТТС. 9-т., 253-б.).

Жалау – қалыпты түсті матадан істеліп, сап бекітілген ту; *ақ жалау* – соғысушы екі жақтың бірінің дұшпанмен келіссөзге шыққанының белгісі; *жалау етті* – үлгі-өнеге тұтты; *қара жалау* – қайғылы, қаралы ту; *қызыл жалау* – қан түсті ту (ҚТТС. 3-т., 564-б.).

Байрақ – 1. мата, кездеме; 2. ту, жалау. *Ала байрақ ту, қызыл байрақ, Махамбеттің байрағы* (ҚТТС. 2-т., 40-б.).

Көріп отырмыз, бұл үш атаудың үшеуі де өзара мағыналас, бір-бірінің баламасы ретінде қолданылып тұр. Бірақ тарихи тұрғыдан о бастағы жасалу мотивтері мен құрамдық, тұлғалық, мағыналық қалыптасуы жағынан алып қарағанда бұлар өзара бірдей емес, басқаша айтқанда, бұл рәміз түрлерінің әрқайсысының шығу төркіні, яғни идеялық, материалдық негізі, символикалық мән-мағынасы, қолданыс тәртібі, жасалу тәсілі (технологиясы) әртүрлі болған. Мысалы, *байрақ* – “мата, кездеме” мағынасында парсы тілінен ауысқан сөз. Біздің жобалауымыз бойынша, *байрақ* о баста *рәхт* сөзіне **ба* сөзалды жұрнағы ұласып, *ба(й)рәхт* (“бағалы, қымбат мата” мағынасында) болып, қазақ тілінің заңдылығына үйлесе сіңген сөз. Этнограф Жәрдем Кейкін де *байрақ* – “ала мата, кездеме” деп көрсетеді [Кейкін Ж. Қазақы атаулар мен байламдар. Алматы: Өлке, 2000. 55-б.].

Бұдан шығатын тұжырым: байрақ о баста сапсыз жалау түрінде қолданылған мата, бір үзік кездеме. Оны батырлар қажетіне қарай найзасының сабына байлап (тағып), ту ретінде көтерген. Содан оның өңіріне нышанды, рәмізді сурет салған белгі орнатып туға, жалауға айналдырған. “Манас” жырындағы: “Дауылпазы қағылып, Туға байрақ тағылып...”, – деген жолдар да осы пікірді айғақтай түсетіні даусыз.

Бұдан шығатын тағы бір тұжырым: о баста *мата, тері* және соған ұқсас *тоқыма, асаба* сияқты материалдар ту ретінде көп қолданылмаған көне дәуірде басына көк бөрінің, не арыстан, бүркіт, т. б. тотемдік аң-құстардың бейнесін кестелеп жазып, суретін салып, жылқының

ту құйрығын байлап найзаны, не сырықты ту қылып ұстағандығы байқалады (мыс., *жсалаулы найза*).

Басқаша айтқанда, “найзаның *ту* басына жылқының *ту* құйрығын байлап, символды (нышанды) белгілерді қадап, қолданған рәміздің о бастағы атауы ***ту** болған” десек, тудың одан басқа атрибуттары – ту басының өрнекті, айшықты бейнесі, жылқы және басқа аң-құстардың бас бейнесі мен құйрығынан жасалған шашағы мен тасбаулары (лентасы), тудың желегі (асабасы) мен оның жиектері, салбырап тұратын құйрықтары, т. б. элементтері – бұл рәміздің ұзақ даму барысында пайда болғанын көрсетеді.

Қазақ ауыз әдебиетінде кездесетін ту рәмізінің сан алуан түрлері: *айшықты ту, айшықты ала ту, ақ, кара бас ту, байсасы ту, шұбар ту, алтынды ту, тұрымтай ту, Қабанбайдың ақ туы, қызыл байрақ, бөрілі байрақ, сары ала ту, жсалаулы найза, құйрықты ту, шашақты ту*, т. т. – бәрі осының айғағы.

Біз **ту рәмізінің** (*ту, жсалау, байрақ*) біраз көне үлгілерін Қ. С. Ахметжановтың еңбегінен (бейнелеп салған суреттерінен) айқын көреміз. Онда көне дәуірдегі жалпы түркі әлемінде қолданылған тулардың үлгілері өте шебер көрсетілген. Ту мен жалау, байрақ пен жалау, жалаулы найза, ту мен байрақ ұстап тұрған адамдардың Орта Азия миниатюраларындағы, жарғас бетіндегі, т. б. суреттері (петроглифтері) кітапта көптеп келтіріледі.

[*Саматұлы А. Қ.* Жараған темір кигендер (Батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері). Алматы: Томал, 1996]

Сонымен, түркі әлемінде, соның бірі – қазақ болмысында **ту, байрақ, жалау** рәміздерінің түрі мен құрылымына сәйкес атқарған қызметі мен рәміздік мәнінің әр алуан болғанын көреміз. Бірақ, қалай болғанда да, ту рәміздері, басқа қызметтерімен қатар, әрбір этностың (халықтың, тайпаның, ел-жұрттың) этностық тарихына, олардың менталдық қасиеттері мен әлеуметтік ерекшеліктеріне сәйкес өзара жіктелу принциптеріне негіз болып саналуымен ерекшеленеді.

Ту рәміздері – замана, дәуір талабына сай бұрын да кең тараған, бүгін де, бұдан кейін де дами беретін өміршең белгі.

Ақ ту, қызыл ту, көк ту туралы бір дерек. “Абылай өмір бойы *ақ ту* көтеріп өткен”, – деп жазылып жүр кейбір еңбектерде. Ал, 1910 жылы Қазанда “Өрнек” баспасынан шыққан Құрбанғали Халидтің “*Тауарих хамса*” (Алматы: Қазақстан, 1992) кітабында: “...Абылай көк ту көтеріп шыққанда Сұлтанбек пен Жолбарыс әулеті бұған қосылып, бәрі көк тулы болды...” (172-б.).

“*Ақ тулы* төрелер қайда жүрсе де *Одан* (содан) тұқымы тараған деп есептеледі. Әз Тәуке ұлы... Әлмәмбет “хан... *қызыл тулы* төрелердің бабасы” (103-б.). *Шұбар тулылар* азғана, бұлар Ұлы жүз ішінде... *Оннан* (олардан) ханға туысқандығынан *ақ тулы*, Абылайға жақын-

дығынан *көк тулы*, бәріне бірдей болғандығынан – *қызыл, көк, ақ түсті қосып ту көтерген*” (173-б.) деп нақтылап көрсетіп, шындықты ашып тұр”, – деп көрсетеді автор.

[*Татухан Аблайханов. Тарихсыз халық түл // Жетісу. 31 наурыз 2001*].

Бұл арада біз тудың түр-түсіне (*ақ, көк, қызыл, жасыл*) байланысты да оның рәміздік мән-мағынасының бар екенін, оның да өзгеріп отыратынын көреміз.

5. 3. Ру-тайпа ұрандары

“Қазақ қандай халық?” деген сауалға жауап болар көне дәстүрлердің бірі – *ұрандар*. Ру-тайпа, аталас қауымнан тұратын қазақ халқының өткендегі болмысында әулие-әнбиелердің, ата-бабалардың өлі-тірі аруағына, ақылман-даналардың парасатына, батыр-бағландардың күдіретіне, ерлік өнегесіне сиыну, табыну, пір тұту – кең өріс алып келген көне дәстүр. Ұранға табыну, оның қасиетіне сену ұлттық рәміздердің біріне жатады.

Ұрандар да ен-таңбамен қатар қолданылған, өзіндік ерекшелігі бар символдардың санатына жататын әлеуметтік, этностық, психикалық мәнге ие ұлттық құбылыстың бірі болған. Бүгінгі таңда мемлекеттік “*Әнұран*” (гимн) деп ресми түрде қабылданған рәміз бен “*Ұранның*”, сондай-ақ “*Елтаңба*” мен ен-таңбаның, “*мемлекеттік ту*” мен *ру-тайпа туының* түп-тамырындағы ортақ үрдісті, белгілі бір қауымды біртұтас етіп, ортақ іс-мақсатқа жұмылдырып, күш-жігерін арттырып, патриоттық сезімін қоздырып, рух беретін ерекшеліктерін жоққа шығаруға болмайды. Сүйінбай акынның:

“Бөрі басы” – ұраным,
Бөрілі менің байрағым.
Бөрілі байрақ көтерсе,
Қозып кетер қайдағым! –

дегені осы пікірдің бір айғағы. Байрақ та, ұран да рәміз ретінде бір мақсатта жұмсалып тұр.

Енді *ұрандар* қалай қалыптасады деген мәселеге келсек, оның да өзіндік ерекшеліктері мен тарихы бар. Ең алдымен ескертеріміз – қазақ қауымында “*ұран сайлау*”, “*ұран талғау*”, “*ұран үлестіру*” үрдісі, шежіре деректеріне қарағанда, ен-таңба атауын тарату мен киелі құс, аңдар мен қасиетті ағаштарды иелену ұлттық дәстүр мен бірлікте жүзеге асқан рәміздік құбылыс.

Ертеректе аталастардың, ру-тайпалардың және белгілі бір әлеуметтік, этностық топтың өзі сайлап алған, не бөлістен үлесіне

тиген немесе ғайыптан (стихиялы түрде), әртүрлі жағдаяттарға байланысты пайда болған ұрандары болған.

Ұрандардың негізгі мақсатын біз жоғарыда айттық. Олар әртүрлі, бірақ түптеп келгенде, әр алуан әлеуметтік топты өзінің менталдық, ішкі арман-ансарына қарай топтастырып, біріктіруге, бір ортақ мақсатты орындауға шақыратын ұранды сөз. *Ұран тастау, ұран шақыру, ұрандату* деген сөздер қазақ салтында негізінен үш түрлі жағдаятта (ситуацияда): 1) қалың қолдың жаумен ашық шайқасында; 2) жекпе-жекке шыққан батырлардың өз рухын көтеру үшін ата-баба ұранын айтып, сиынуында; 3) ат бөйгесінде, палуандар күресінде, көкпар тартысында, т. б. осы сияқты спорттық жарыс, текетіретерде байқалады.

“Қол бастаған батырдың, ел бастаған көсемнің, топ бастаған шешеннің ұрандатып (өз ұранын шақырып), елдің арқасын қоздырып, жігерін тасытатын ұран сөзінің табиғаты не?” дейтін болсақ, ол ұрандатушы қауымның пір тұтып, кие санайтын, есімінен рухтанатын, бойына ерекше күш-жігер беретін: 1) Алла, Күдайдың өзі мен әулие-әнбиелердің есімі; 2) атақты хан (патша) мен лауазымды би, бек-сұлтандардың есімі; 3) елін жаудан қорғауда ерекше ерлігімен жұртқа есімі әйгілі қолбасылар мен жеке батырлардың есімі; 4) ру-тайпалардың жалпы аты мен жалқы аты; 5) келісім-бітіммен алынған атаулар; 6) жер-су атаулары; 7) киелі саналатын ағаш атауы; 9) пір саналатын аң-құс атаулары т. т.

Қазақ қауымында ұран сайлап алу, ұранды (жоғарыда көрсетілген жағдаяттарда) қолдану дәстүрі советтік дәуірге дейін сақталып келгені мәлім. Дәл қазір ол ұмыт болған дәстүр, бірақ әр ұрпақтың ата-тегін, шығу тарихын уағыздайтын шежірелер мен этностық аңыз-өңгімелерде ең-таңбалармен қатар әрбір қауымның көне ұрандары да қоса айтылады. Бірақ оларды іс жүзінде қолдану байқалмайды.

Ұран рәмізін тәптіштеп зерттеуді шежірешілер де, әсіресе тарихшы-мамандар да қажет деп таппайтын сияқты. Алайда, біз мұны қазақ халқының өте күрделі этностық тарихына тікелей қатысы бар құбылыс деп білеміз. Мәселен, неге көпшілік ру-тайпаларда тек бірден ғана ұран болса, ал кейбіреулерінде екі, үш, тіпті одан да көп ұрандар қатар сақталған? Бұл сауалға этностық тарихымыздан жауап іздеуіміз керек сияқты. Мысалы, *Қаңлы* мен *Шанышқылы* ру-тайпалары о баста екі басқа этнос болып келіп, белгілі бір тарихи жағдайларда өзара бірігіп, бір тайпаның (Қаңлының) құрамына енуіне (шамамен XVI ғ.) байланысты екі бірдей ұранға табынады: біреуі – “*Бойтерек*”, ол – Қаңлы қауымына тән көне ұран, екіншісі – “*Айырылмас*”, ол – бұл екі қауымның ақ боз биені құрбандыққа шалып, қолына Құран ұстап отырып, “бұдан кейін бірге боламыз!” деп анттасып қабылдаған ортақ ұраны.

Қазақ ру-тайпаларының ішінде үш ұрандылары да баршылық дедік. Мәселен, **Керей** тайпасы, ұрандары – “Қарақожа”, “Ошбай”, “Ақжал”, Кіші жүз руы **Телеу**, ұрандары – “Тұлпар”, “Арғымақ”, “Ханзада”, т. б.

Ұран рәмізінде кейде екі тайпаға тең-ортақ ұрандар да кездеседі. Мысалы, Ұлы жүз **Албан**, **Суан** тайпаларының шежірелерінде өз ұрандары бір кездесе, ортақ ұраны тағы бар. Мысалы, **Албан** тайпасының ұраны – “Райымбек” болса, **Суан** тайпасынікі – “Бай Суан”.

[*Ешмұхамбетов С.* Суан. Шежіре. Ұраны – “Бай Суан”.

Алматы: Жалын, 1993].

Солай бола тұрса да, бұл өзара жақын, көршілес екі тайпаның “**Албан-Суан!**” деген ортақ ұраны тағы бар.

Мыс.:

“Алматы осы күнде біздің дуан,
Бозбала, мені көр де күнде қуан.
Үш жүзде өлеңіммен атым шыққан,
Сұрасаң ұранымды – *Албан-Суан!*”

Бұл Мәлике ақынның Әсет ақынмен айтысынан келтіріліп отыр.

[*Найманбаев Ә.* Шығармалар. Алматы: Жазушы, 1988. 157-б.]

Ел аузында “*Алаш!*” ұранды қазақ, “*Алла!*” ұранды қожа, “*Арқар!*” ұранды төре деген де сөз бар. Бұл – Үш жүзге кірмейтін қожалар мен төрелер әулетінің де өз ұрандары бар деген сөз. Ал, қазақ халқының жалпы ұраны “*Алаш!*” екені баршаға белгілі. Бірақ осы *Алаштың* табиғаты, болмысы, шығу тегі, таралу шегі туралы осы күнге дейін дәйекті пікір, нақтылы тұжырым айтыла қойған жоқ (ол туралы еңбектің “*Алаш*” тармағы қаралсын).

Жалпы басқа рәміздер сияқты, *ұранға* қатысты айтылып келе жатқан пікірлер де жүйесіз, әр алуан, тіпті бір-біріне қарама-қарсы. Мәселен, сол төрелер әулетінің ұранын біз “*Арқар*” деп көрсетсек, енді бір бұлақта ол – “*Алдияр!*”; ал дәл осы “*Алдияр*” ұраны – Кіші жүз *Төртқара* мен *Қарасақал* руларының да ұраны.

Ұран рәміздері ішінде жер атаулары да кездеседі. Мысалы, *Қоңырат* ұраны – “*Алатау*”, Кіші жүз *Алаша*, *Төртқара* ұраны – “*Айыртау*”, Жағалбайлы ұраны – “*Манатау*”.

Шежіре деректерінен келтіріліп отырған бұл ұрандардың мағына-мәні бізге түсінікті болса да, бірақ біртұтас ру-тайпаның ұраны ретінде аталып, қалыптасу уәждері (мотивтері), оны таратып айтып беру оңай емес. Өйткені олардың астарында сол өлке, сол қауым тарихының тұңғыық терең сыры жатуы да ықтимал.

Біз төменде қазақ қауымына жататын аталас әулеттер мен ру-тайпалардың ұрандарын тізіп беріп отырмыз. Олардың кейбіреулері бірнешеуден болса, енді біреулерінікі біз қараған шежірелерде көрсетілмеген.

**Қазақтың аталас ру-тайпа,
ұлыстары ұрандарының тізімі**

1. Абақ Керей - (?)
2. Ағытай – Ошыбай
3. Адай – Төлеген, Бекет
4. Алаша – Айыртау, Бөйтерек, Байбарак
5. Албан – Райымбек
6. Алтын – Баймұрат
7. Алшын – Арғымақ
8. Арғын – Ақжол, Аманжол
9. Ашамайлы Керей – (?)
10. Әлім – (?)
11. Бағаналы – (?)
12. Балталы – (?)
13. Байбақты – Дәуқара
14. Бәсентиін – Барлыбай
15. Бестаңбалы – (?)
16. Беріш – Ағатай
17. Ботпай – Сәмен
18. Дулат – Бақтияр
19. Ергенекті – (?)
20. Есентемір – Алдаоңғар
21. Жағалбайлы – Бағанам, Манатау
22. Жалайыр – Бөрібай
23. Жаныс – Жаныс, Төле
24. Жаппас – Баймұрат, Бақтыбай
25. Жүй – (?)
26. Кердері – Қожахмет
27. Керей – Қарақожа
28. Керейіт – Ақсақал, Ұйтым
29. Кете – Майлыбай
30. Қазақ – Алаш
31. Қанжығалы – Толыбай
32. Қаңлы – Бөйтерек, Айырылмас
33. Қаракерей – Қабанбай
34. Қаракесек – Ақпан
35. Қаракете –
36. Қарасақал – Алдияр
37. Қарауыл – Қарақай
38. Қожа – Алла
39. Қоңырат – Алатау, Мүкамал
40. Қоралас –

41. Қызылқұрт – Жиенбай
42. Қыпшақ – Айбас, Ойырбас (Уайыс)
43. Маңғытай – Мүкәмал
44. Мансыр – Алтыбас
45. Масқар – Қарағай, Майлыбай
46. Матай – (?)
47. Найман – Қаптағай
48. Ошақты – (?)
49. Рамадан – Дулат
50. Садыр – (?)
51. Саңғыл – (?)
52. Сарман – (?)
53. Сарыүйсін – (?)
54. Сарыжомарт – (?)
55. Сәмбет – (?)
56. Серкеш *қар.* Шеркеш – Шағырай
57. Сиқым – Сиқым
58. Суан – Байсуан
59. Сунақ – Қожахмет
60. Сіргелі – Тоғанас
61. Табын – Серке, Алаш, Тостаған
62. Таз – Тұлпар, Арғымақ, Төремұрат
63. Тама – Қарабура
64. Тана – Малайсары
65. Тарақты – Жаубасар (Жауқашар)
66. Телеу – Тұлпар, Арғымақ, Ханзада
67. Тобықты – Маябоз
68. Төлеңгіт – (?)
69. Төре – Арқар, Алдияр
70. Төртқара – Айыртау, Алдияр
71. Тілік – Жауатар
72. Тіней – (?)
73. Уақ – Жаубасар, Бармақ
74. Үйсін – Салауат
75. Шанышқылы – Айырылмас, Бәйтерек
76. Шапырашты – Қарасай
77. Шекті – Баймұрын, Бақтыбай, Жанқожа
78. Шеркеш – (?)
79. Шөмекей – Дөйт
80. Шымыр – Шымыр
81. Шынқожа – (?)
82. Ысты – Жауатар
83. Ысық – Бәйтерек

Ұранға байланысты ел аузында “Тіріміздің билігі “*Алдияр!*” ұранды төреде, өліміздің билігі “*Алла!*” ұранды қожала” деген сөз де бар.

Бұл тізімде қазақ қауымының 80-нен астам ұраны болған аталас, ру-тайпа, ұлыстары беріліп отыр. Өткен дәуірде міндетті түрде ұраны бір емес, тіпті бірнеше (жаугершілікке, ата-баба, ру-тайпа намысына байланысты ортақ та жеке) ұран болғандығы да белгілі.

Бұл мәселені тарихшылар тарапынан арнайы зерттеу қажет сияқты. Өйткені ұран дәстүрі қазақ шежірелерінде, этностық зерттеулерде міндетті түрде ен-таңба айтылған тұста көрсетіліп келгені болмаса, ұрандардың шығу тарихы, таңдалып алыну уәждері (мотивтері), қалыптасу дәстүрі және қолдану мақсаты мен кәделі қасиеттері бұрын-соңды сөз болған емес. Бұл тыйым салынған нысандардың бірі болып келді. Ал, шын мәнісінде, ұрандар да ру-тайпа рәміздерінің, қажетті сәтінде қолданылатын моральдық-этикалық, психикалық мәні зор шартты нышандарының бірі болған.

5. 4. Мемлекеттік рәміздер

Біз жоғарыда қазақы көне рәміздердің кейбіреулеріне (ен-таңба, аң-құс, ағаш таңдау, ту-байрақ сайлау, ұран) тоқталып, олардың халық жадында сақталған кейбір ерекшеліктерін көрсетуге тырыстық.

Ендігі жерде оларды егемен еліміздің Мемлекеттік рәміздерімен (мемлекеттік ту, елтаңба, әнұран) салыстыра отырып, арасындағы ұқсастық, жалғастық, айырмашылықтарды көрсетуді, сөйтіп жалпыұлттық (қазақтық) рәміз үрдісінің даму жолын, табиғи болмысын, сырын ашуға тырысуды жөн көрдік.

“Қазақ қандай халық?” деген сауалға берілер жауаптың бірін біз қазақы рәміздердің тұлға-өрнек, идея жағынан күрделілене келе өз жалғасын тапқан бүгінгі жаңа Мемлекетіміздің рәміздерінен көре аламыз. Бұрынғы *ен-таңбаның* кейбір элементін біз бүгінгі **“Елтаңбадан”**, бұрынғы ру-тайпа *ұрандарының* кейбір элементін **“Әнұранынан”**, бұрынғы ту-байрақтардың кейбір элементін **мемлекеттік тудан** көре аламыз. Бірақ бұдан “бұрынғы рәміздерді қайталау” деген ұғым тумаса керек. Бұл екі топ рәміздердің ең басты айырмашылығы – *біріншісі* ру-тайпа деңгейінде қалыптасса, *екіншісі* дербес мемлекет деңгейінде қалыптасып отыруында.

Мемлекеттік елтаңба

Бұл – халқымыздың ғасырлар бойы аңсар-арманы болып келген егемендікке қолы жетіп, тәуелсіз мемлекет болып отырған Қазақ Республикасының рәмізі. Алайда, бұл рәміз өзінен-өзі пайда бола қалған жоқ. Ол ертеден келе жатқан, халық салтында бар ен-

таңба дәстүрінің бір жалғасы болып саналады. Егер ертеде ен-таңба әлеуметтік-этностық процеске байланысты қажеттіліктен туып, қалыптасқан дәстүр болса, Елтаңба бүгінгі жаңа заманның талабына сай, өркениетті елдердің дәстүріне сөйкес, егеменділік пен тәуелсіздіктің нышанын белгілейтін символдық белгіге айналып отыр.

“Ен-таңба” мен “елтаңбаны” жалғастырып, арасында “көпір” болып тұрған ұстын – “таңба” сөзі. Бұл сөз екі ұғым арасындағы төркіндікті білдіреді. Бірақ бұлардың рәміздік мәні екі бөлек, екі деңгейдегі құбылыс. О бастағы “таңба” феодализм дәуіріндегі меншіктілікті саралауға байланысты туындап, әлеуметтік-этностық шартты белгіге айналса, “елтаңба” деп аталатын бүгінгі мемлекеттік рәміз – жоғары деңгейдегі символдық белгі.

Демек, көнеден келе жатқан ен-таңбадан туындаған ру-тайпа таңбасы мен мемлекет Елтаңбасы шығуы, идеясы жағынан астарлас болса да, арасында көп айырмашылық бар деген сөз. Енді соларды салыстырып көрейік.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін арнайы зерттеген Ербол Шаймерден мырза *рәміздер* (Мемлекеттік *Елтаңба*, *Ту* және *Әнұран*): “...Белгілі бір елдің өзіндік өмір салтын, бүкіл болмыс ерекшелігін, айрықша арман-аңсарын, басқалармен байланыс мұратын білдіретін белгі”, – дей келіп, Мемлекеттік Елтаңбаға мынандай анықтама беріпті:

“Қазақстан Республикасының Мемлекеттік *Елтаңбасы* көгілдір түс аясында шанырақ (киіз үйдің жоғарғы күмбез тәрізді бөлігі) бейнеленген, шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап, уықтар шанышылған, оны аңыздардағы пырақтар қанаты көмкеріп тұр. Елтаңбаның төменгі жағында “Қазақстан” деген жазу бар”.

[Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері.
Алматы, 2002. 21-б.]

Әрине, әр елдің өзіндік *елтаңбалары* бар және олар сол елдің менталдық болмысын, өзіндік таным-түсінігін астарлап та, көрнекі символикалар арқылы да білдіруге тырысады. Мұнда да символдық, нышандық мәні бар атрибуттар көп-ақ. Енді солардың кейбіреулерін автордың түсіндіруі бойынша алып, қысқаша көрсетуге тырысайық.

Елтаңбаның басты белгі-нышаны – күн сәулелі уықтар көтерген *шаңырақ*. Ол – дүние космосының кішкене көшірмесі. Қазақстандықтар үшін ол – ортақ үй, біртұтас тірлік. *Шаңырақ* – отбасының, бүкіл адамзат ұясының ізгі нышаны, ол қазақ халқы үшін айрықша қастерлі ұғым. Оның әлеуметтік те мәні зор... (22–23-бб.).

Ай мүйізді, алтын қанатты *қос пырақ* бейнесі. Жылқы образы бауырлықты, көрегендік пен айрықша ерік-жігер нышанын білдіреді.

Ат – көшпелілердің өмірлік серігі, қазақтың ұлттық әлемінің ажырамас бір бөлігі. Қыран қанат – асқақ арман нышаны.

Қос түлпар *мүйізінің* де нышандық мәні бар. Мүйіз сөзі күш-қуат, ерлік, батырлық ұғымдарын білдіреді.

Елтаңбадағы *бес бұрышты жұлдыз* – тәуелсіз мемлекетіміздің құшағы бес құрлыққа бірдей айқара ашық, әлемдік өркениетке өз болмыс-бітімімізді сақтай отырып ілесуге ниетіміз бар деген идеяны білдіреді. Символизм канондары бойынша бес бұрышты жұлдыз ғарыштық бейнеге, адам формуласына жатады (27–28-бб.).

Ел аты – мемлекеттің лингвистикалық және этномәдени рәмізі болып саналады.

Міне, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің бірі – *Елтаңба* – осылай сипатталады. Қазақтың көненің көзіндей ел жадында сақталып келе жатқан, жоғарыда сипатталған ру-тайпа *ен-таңбалары* мен Мемлекеттік *елтаңбаның* кейбір ұқсас жақтары мен өзгешелігінің де бар екенін осы салыстырудан айқын көруге болады. Қалай сипаттасақ та, Мемлекеттік елтаңбаның тұлға бойынан қазақ халқына тән менталдық қасиет, рухани дүниетаным айқын көрініп тұр.

Мемлекеттік ту

Бұл рәміздің өзіндік ерекшеліктерін Е. Шаймерден былайша сипаттапты: “Қазақстан Республикасының *Мемлекеттік туы* – ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты, көгілдір түсті мата. Туды сабының тұсында ұлттық өрнек нақышталған тік жолақ көктеп өтеді. Күн, шұғыла, қыран және өрнек бейнелері алтын түстес. Тудың ені мен ұзындығының арақатынасы – 1:2” (соңда, 13-б.).

Мемлекеттік туымыздың құрамына енген заттар мен бейнелі белгілердің әрқайсысының өзіндік символдық мәні бар. Оларды автор өз еңбегінде төмендегіше (қысқаша) сипаттайды.

Тудың аспан бейнелі зеңгір көк түсі (автор ойынша) – қазақтың ұлттық бояуының реңін, ұлттық менталитетін, осы түске деген ерекше ілтипатын танытады. Бұл түс қазақ ұғымында адамдар арасындағы ізгі қарым-қатынасты, жан жылулығын, ұлттық тұтастығын, жаңғырып-жасарып өмір сүруін сипаттайтын, ал түркі әлемінде Көк аспан Тәңірінің мекені саналатын, тотемдік мәні бар түс. Өткендегі бабаларымыздың көк шатырда тұруы, көк түсті киім киюі (*көйлегі көк, көңілі тоқ...*), көк асабалы байрақ ұстап, Көк бөріні пір тұтуы, Түрік қағанатының “көктүріктер” деп атануы – бәрі-бәрі осы бір көк түстің символдық мәніне байланысты болса керек.

“Күн образы” – байлық пен берекенің белгісі, ал оның графикалық дөңгелек бейнесі өміршеңдік нышанын білдіреді”, – деп көрсете-

ді. “**Күн** – далалықтар дүниетанымында бағдар ұғымын орнықтырған өзгеше мағыналы образдардың бірі...”.

Қыран бүркіт бейнесі. Бұл, әдетте, билік, көрегендік пен кеңдік, күш-қайрат ұғымдарын нышандайтын рәміздік белгі. Бұрынғы дәстүрде бүркіт бейнесін бедерлеу арқылы халықтың, мемлекеттің сұсы мен айбынын, жыртықшытық белгілерін танытуға ұмтылғандығы белгілі.

Қазақстан туындағы бұл образ автордың түсіндірмесінде *біріншіден*, бейбіт, салмақты мінез сипаты; *екіншіден*, ол күн астында тұр. Қанатында Прометей алауын, бақыт нұрын алып келе жатқандай әдемі әсер қалдырады. *Үшіншіден*, қозғалыс үстінде бейнеленген. Асқақ арман, алыс мақсатқа құлаш ұрып келе жатқандай. Рәміздік тұрғыдан алғанда бақыт пен берекеге, өркениет биіктеріне ұмтылған ел мұратын, халық аңсарын аңғартады. Қазақы дүниетанымында қыран құсқа байланысты еркіндік, асқақтық, төкаппарлық, қайрат-жігер, биік мұрат, кеңпейілділік пен жан тазалығы тәрізді ғажайып ұғымдар ойға оралады”, – деп ескертеді автор.

Тудағы ұлттық өрнек (“қошқармүйіз”) жолақ. “Бұл өрнек сонау сақ дәуірінен белгілі. Сәулет өнері туындыларында қазір де қолданылады”, – дей келе, автор: “Қазақтың ұлттық ою-өрнектері – халықтың эстетикалық іңкәрлігіне сөйкес өзгеше көркемдік танымының бір көрінісі, көшпелілер әлемінің, дарқан дала рухының тынысы” екендігін аңғартады.

Ту бетіндегі алтынмен айшықталып, әдемі зерленген рәміздік жеке белгілердің бояуы, тудың шашағы, таяқшасы, оның ұшар басындағы үш аша айшық – бәрі-бәрі тудың жалпы көрінісіне ерекше көрік беріп тұр.

[*Шаймерден Е.* Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері. Алматы, 2002. 13–19-бб.]

Ту рәмізіне қатысты бұл тәрізді ерекшеліктерді бүгінгі таңдағы барша үлкенді-кішілі мемлекеттердің туынан кездестіруге болады. Олардың бәрі – ұлттық менталитеттен туындаған, біріне-бірі ұқсай бермейтін, өзіндік сыры мол ерекшеліктер.

Ал, бүгінгі Қазақ Республикасының **Мемлекеттік туымен** салыстырғанда қазақ халқының негізін кұрушы ру-тайпалары мен ұлыстарының ертедегі сан алуан туларының арасында, кейбір жалпы ұқсастықтар бола тұрса да, айырмашылығы одан әлдеқайда мол.

Көне дәуірден бізге жеткен тулар мен жалау, байрақтардың бүгінгі күнге атауы болмаса, нақтылы көрінісі, әрине, сақталмаған. Сондықтан да ол тулар туралы біздің сөз етеріміз кейбір тарихи деректер мен ел жадында, шежіре, аңыз-өңгімелерде сақталып, “жырымдалып” жеткен кейбір мағлұматтар ғана.

Қазіргі мемлекеттік туымыздың өткендегі ата-бабаларымыз ұстаған тулардан өзгеше белгілері: біріншіден, ол – егеменді тәуелсіз мемлекеттің бірден-бір жеке-дара саналатын рәмізі; екіншіден, ол – бұрынғы болған тулардан өзінің құрамдық бөлшектерімен (атрибуитарымен) әлдеқайда күрделілене түскен рәміз; үшіншіден, ол – әрбір құрамдық бөлшегі астарлы да символдық мағына-мәнге ие, идеяға бай, ұлттың менталдық қасиеттерін сипаттайтын, халықтың өткен болмысы мен болашақ асыл арманын ұластыратын феномен.

Бүгінгі мемлекеттік тудың рәміздік сипаты осылай.

Мемлекеттік әнұран

“Әнұран” деген термин – қазақ болмысында ертеде болмаған сөз. Бұл – қазақ тіліне кейін енген “гимн” сөзінің баламасы. Айта кету керек, тоқсаныншы жылдардың басында жаңадан ұсынылған Мемлекеттік рәміздерді ресми бекіту үшін құрылған арнайы Мемлекеттік комиссияда бұрынғы гимннің орнына “Әнұран” деген жаңа терминді қабылдауға қарсы шыққандар да болған.

Дегенмен, ресми қабылданған Әнұран термині тілімізге тез сіңіп кетті. Осының бір себебін, өз басым, “ұран” деген атауға көне замандардан бері-ақ қалың жұрт құлағы үйренген, рәміздік мәні бар, түп-тамырында да қазақ қауымының ортақ тегіне қатысты *үр деген (мыс.: ұрпақ, ру <ұру, ұрғашы, *үр>үрім-бұтақ, ұрық т. б.) ілкі түбірден тарауына да байланысты ма деп ойлаймын. Гимн термині көне грек тілінен ауысқан, Батыс Еуропа елдерінде о баста “Құдайды мадақтап айтатын өлең” мағынасында қолданылған екен.

[Словарь иностранных слов. М., 1987. С. 128].

Демек, Әнұран – тілімізге Қазақстан егемендігімен бірге келген алғашқы жаңа терминдердің бірі. Оның негізгі тірек мағынасы “ұран” компонентіне байланысты. Бұрынғы ұрандардай емес, Әнұран – Қазақ Республикасында жасайтын халықтың өткені мен бүгінгісін, тарихи болмысы мен асыл арманын әнге қосып айту, ұрандатып, баршаға паш ету. Өйткені бұл терминде де қазақы көне түсінік – ұран элементі бар.

Көріп отырғанымыздай, қазақы көне рәміз – ру-тайпа ұрандары мен жаңа Мемлекеттік әнұран арасында идеялық, этностық дәстүр жалғастығы сақталғанымен, кейінгісі өзінің күрделі де биік мемлекеттік деңгейімен, қолданыс шеңберімен, орындалу тәсілімен көне қазақы ұрандардан елеулі айырмашылығы бар.

6-тарау. Елдің атын ер шығарар

Ұлттың ұлылығы оның әрбір азаматынан көрінуге тиіс
С. Ежи Лец

Әрбір халық аз-көптігіне, басқа да жағдайларына қарамастан ұлы да күрделі құбылыс болып саналады. Оның бұл қасиеті жарық дүниеге бір-ақ рет келуіне және мыңдаған басқа халықтармен салыстырғанда оларға ұқсамайтын өзіндік қасиеттері мен ерекшеліктерінің болуына байланысты. Солардың қатарына ең алдымен әрбір халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, ұлттық мінез-құлқы мен табиғи болмысын жатқызуға болады.

Міне осылардың барлығы сол халықты құраушы ер-азаматтардың жеке бастарына тән қайталанбас қасиеттерінің жиынтығынан тұрады. Сондықтан да болар, қазақ қауымы “*Елдің атын ер шығарар*” деп мақалдап, халықтың жалпы қасиеті, өзіндік ерекшелігінің танылуы елді ел етіп отырған ер-азаматтарының бойына біткен игілікті (не кері) қасиеттеріне тығыз байланысты деп қарайды.

“**Қазақ қандай халық**” деген жалпы сауалға жауап беру үшін сол ер-азаматтардың аузынан шыққан лебізін, жеке басының пікірін жинақтап, бір жерге тоғытып отырғанымыздың себебі де, міне, содан. Халықты танудың тәсілі ол ғана емес. Елдің елдігін танытатын объективті факторлар, “**Қазақ қандай халық?**” деген сауалға жауап болатын нәрсенің бірі – сол халықтың мәртебесін өсіріп, тарихтағы орнын танытқан ер-азамат, қыз-ұлдарының табиғи болмысы, рухани-мәдени өмірдегі өнеге-үлгісі болып саналса, екіншіден, мадақтап, мақтан етуге тұрарлық тарихи тұлғалары мен ерекшелігімен елден озған ер азаматтарының өздері болмақ.

Біз еңбегімізде сол ерен ер-азаматтардың баршасын болмаса да, есімдері мен еліне істеген игілікті істерін атап, қысқаша болса да еске салуды қажет деп білеміз.

Бүгінде қазақтану мәселесінің бір үлкен саласы – ұлтымыздың бұрын-соңғы игі ер-азаматтарының еңбегін айтып, елді өмірбаянымен таныстыру – дәстүрге айнала бастады. Осы мәселе көптеген басылымдардың арнайы қарастырып отырған ортақ ісі болып отыр. Біз келтірген деректерді осы аталған еңбектерден алып отырмыз.

Аталған зиялы қауымның барша тіршілігіне пайымдап қарасақ, олар халқымыздың елдік мұратын тірілтуге, ұлттық бейнесін қалыптастыруға, үміт-ойы мен асыл арманын жүзеге асыруға, біртұтастығын сақтауға, сапалық деңгейін арттыруға, өркениетін көркейтуге бағышталған.

Тарихи тұлғалар санатына жататын қауым – мемлекет қайраткерлері, атақ-даңқы әлемге әйгілі ғұлама ғалымдар, ел санасы мен білімін көтеруге атсалысқан ойшыл-ақылмандар, ұлағатты ұстаздар, ұлттық өнерді дамытқан өрендер, діни мәдениетті өркендеткен қайраткерлер (қожа, молда, сопы, көріпкел-әулиелер, диуана, бақсылар), ел басқарған хан-сұлтандар, билер мен бектер, ел қорғаған батыр-бағландар, қолбасылар, т. б. оза шауып, елден озған, өнеге-үлгі көрсеткен зиялы қауым азаматтары. Бұлар ең алдымен өзі шыққан халықтың атақ-даңқын арттырады, оның мақтанышына айналды, адамзат өркениетінен алатын орнын анықтайды, ұлттық рухани әлеуетін көтереді.

Біз көрсетіп отырған “тарихи тұлғалар” әр халықтың-ақ құрамында бар. Бұлар – қоғамды ілгері қозғайтын, дамытатын күдіретті рухани күш. Сондықтан да “Қазақ қандай халық?” деген сауалға тікелей жауап болып саналатын фактордың біріне жатады.

Қазақ халқына тән тарихи тұлғалар өмірдің сан алуан саласының бәрінен де табылады және олар бүгінгі дәуірдің ғана жемісі емес. Олар – қазақ “қазақ” болып қалыптасқан есте жоқ ескі замандардан бері келе жатқан қауым. Олардың ішінде көшпелі тайпалар қалыптастырған алғашқы мемлекеттердің мәртебелі биік басшылары – хандар мен қағандар, сұлтандар мен билер, төрелер мен бектер, ғұлама ғалымдар мен ұлағатты ұстаздар, ишан, молдалар, әулие-әнбиелер, диуана-қожалар, қазақтың елі мен жерін қорғаған батыр-бағландар, қазақ рухани мәдениетін дамытушы шешен-ділмарлар мен ақын-жыраулар (күйші, биші, өлеңші), өнерпаз шеберлер, т. б. өнегелі өкілдері аз болған жоқ.

Бұлардың бәрі жинақталып келіп, қазақ халқының рухани-мәдени күшін құрады. Бұл салалардағы даму үрдісі бұрыннан басталса да, бүгінде өз жалғасын тауып отыр. Ол, әсіресе өнер мен ғылым саласынан айқын байқалады. Ұлттық дамудың барлық саласынан кепіл-

дік бере алатын тұлғаларды біз әлеуметтік өмірдің барлық саласынан көре аламыз. Осылардың ішінде қазақ халқының елден ерекше көзге түсетін, шын мәнісінде озық салаларының біріне тіл өнері, шешендік өнері, яғни тілдің құдіретті күшін пайдалану өнері жатады.

Тарихи тұлғалар туралы тарау бірнеше топтан тұрады да, әрбір топқа жататын (негізгі мамандығы бойынша) адамдардың біразын ғана санама-лап көрсетіп, қалғандарының тізімін келтірумен ғана шектелеміз.

Хан, қаған, сұлтан, т. б. мемлекет басшылары

Халқымыздың өткен тарихына назар аударсақ, ол есте жоқ ескі замандарда-ақ әртүрлі деңгейде мемлекет құрып, қауымдаса өмір кешкені тарихтан белгілі. Қазақ қауымының ең көне мемлекеттерінің қатарына Үйсін, Қаңлы мемлекеттері (б. з. д. II ғасыр) жатады. Хандық дәуірі Қазақ даласында бертінге дейін жалғасты.

Мемлекет басындағы хандар мен қағандар, аға сұлтандар билеуші таптың ең жоғарғы атақ-лауазымы болып саналды.

Олар адами қасиеттері жағынан әртүрлі болғаны мәлім. Олардың ішінде ел-жұртын ерекше басқарған ақыл-парасаттылары да, әпербақан, ұрда-жықтары да болғаны белгілі. Хан-патшалардың атына айтылып келген “Аға хан”, “Әділетті хан”, “Бас хан”, “дүниеқор хан”, “Қанқұмар хан”, “хан сыртынан жудырық”, “хан талапай”, “хан көтеру”, “ханнан әділет кетсе, халықтан ұят кетер”, т. б. осы сияқты сөздер соның бір белгісі.

Қалай болғанда да, хан болған адам атақ-лауазымның неше алуанына ие болатыны, қара халық қолы жетпеген мәртебелерге жететіні анық. Хан-сұлтандардың ішінде әділеттілікті сақтағандары да, жеке басының өнегесін арттырғандары да кездескені белгілі.

Бір мысал, Ішкі Орда ханы – Жаһангер Бөкеевке берілген бір сипаттамада былай деп жазылған екен:

ПОДЪ ВЫСОЧАЙШИМЪ ПОКРОВИТЕЛЬСТВОМЪ
ВСЕПРЕСВЕТЛЕЙШЕГО ДЕРЖАВНЕЙШАГО
ВЕЛИКАГО ГОСУДАРЯ
НИКОЛАЯ ПАВЛОВИЧА
ИМПЕРАТОРА И САМОДЕРЖЦА ВСЕРОССИЙСКОГО
и прочая и прочая и прочая

Совѣтъ Императорскаго Казанскаго Университета по представлению члена своего Г. Заслуженнаго Профессора, Статскаго Совѣтника, Доктора Философіи Эрдмана, уважая ревностное содѣйствіе, оказываемое ХАНОМЪ ВНУТРЕННЕЙ КИРГИЗСКОЙ ОРДЫ, ГЕНЕРАЛЪ –

МАІОРОМЪ ЧЕГАНГИРЬ БУКЪЕВЫМЪ къ распространенію прос-
пыщепіл въ нашемъ Отецествѣ, цѣня отличныя заслуги, пріобрѣтен-
ныя имъ по части Восточныхъ языковъ и принималъ съ истиннаго при-
зательностиго высокое вниманіе Его Высочайшаго Казанскаго
Университету, въ засѣданіи своемъ 29 Мая 1844 года единогласно
избралъ его своимъ ПОЧЕТНЫМЪ ЧЛЕНОМЪ; на, каковое избра-
ніе, по ходатайству Его Превосходительства Господина Попечителя
Казанскаго учебнаго округа, Тайнаго Совѣтника и разныхъ орденовъ
Кавалера Михаила Николаевича-Мусина-Пушкина и послѣдовало
СЕДЬМАГО ІЮЛЯ того же года умверженіе отъ Его Высочайшаго
Превосходительства Господина Министра Народнаго Просвѣщенія, Действи-
тельнаго Тайнаго Совѣтника и разныхъ орденовъ Кавалера Сергія
Семеновича Уварова. Советъ Университета, въ совершенной уверен-
ности, что Высочайшій Ханъ, принимая возложенное на него
звание, не откажется своими обширными средствами способствовать
къ пользамъ наукъ, далъ ему сей дипломъ за надлежащимъ подпи-
саніемъ и съ приложеніемъ большой печати Университета. Казань,
Сентябрь, 1844 год.

Ректор ИМПЕРАТОРСКОГО
Казанскаго
Университета Заслуженный
Профессор
Чистой Математики,
Действительный
Статскій Советникъ и разныхъ
орденовъ Кавалеръ

Проректор ИМПЕРАТОРСКОГО
Казанскаго
Университета Заслуженный
Профессор
Арабскаго и Персидскаго языковъ,
Статскій Советникъ и Кавалеръ

Секретарь Совета, Коллежскій Ассессоръ

Осы мінездеменің озінен-ақ көрініп тұрғандай, Кіші жүз ха-
ны **Жаһангер Бөкеев** ғылымды дамытуға қосқан үлесі үшін жоғары
бағаланып, диплом тапсырылған.

Қазақ хандарының ішінде өркениеттілікке атсалысқан, патшалық
Ресейдің генералы, профессор болғандары да бар. Сондықтан да біз
қазақ хандарын елге еңбегі сінген мемлекет қайраткері, тарихи тұлға
деп қараймыз.

6. 1. Мемлекет, қоғам қайраткерлері

Мемлекет, қоғам қайраткері саналатын азаматтар да тарихи
тұлғаларға жатады. Өйткені кез келген азамат бұл дәрежеге көтерілуі,
ел-жұрт болып оның мемлекет деңгейіндегі қарекеттерін мойында-
мауы мүмкін.

Ел басқарудың ең жоғарғы сатысы ондай адамдар алдында өте жоғары талаптар қояды. Ерте кездерде хан, қаған, патша, сұлтан болып сайланған адамдар ең алдымен басқарып отырған халықтың мүддесін қорғай алатын, елдің елдігін сақтай алатын, оның барша асыл арман-тілегін орындай алатын және оны терең түсіне білетін ақылгөй, парасатты, білікті де білгір адам болуы қажет.

Бұл талап ертедегі нәсілдік жолмен сайланған билеуші тап өкілдері үшін де, халық көтеріп, қарадан хан сайланғандар үшін де, елін жаудан қорғауда ортадан озып, ерлік көрсеткен батыр-бағландар үшін де ортақ талап.

Мемлекет қайраткерлерінің қандайы болмасын өзінің ақылгөйлігін, еліне жақсылық істейтін парасаттылығын, әділдігін, қамқорлығын, патриоттығын, жаңашылдығын (реформаторлығын), ержүрек, батырлығын таныта білу керек.

Қазақ даласында мемлекет қайраткерлері (хандар мен сұлтандар) аз болған жоқ. Оның ұзақ тарихына зерделеп қарайтын болсақ, жүздеген ханның атын атауға болады. *“Ет бұзылса тұз бар, тұз бұзылса не бар? Ел бұзылса хан бар, хан бұзылса не бар?”* – деп, ханды халықты тәртіпке салатын парасатты жан ретінде көргісі келетін халық ханның өзін де тезге салып, тәрбиелеп отыруды, қарамағындағы қалың елдің мүддесін қорғауын, талап-тілегін орындап отыруын қалайды (*сал*. “хан талапай” деген әдетті).

Міне, осы міндеттерді орындауға міндетті мемлекет басшылары (қаған, хан, патша, сұлтан, президент, император, т. б.) бұл міндеттерді қалай (дұрыс, бұрыс) орындаса да тарихта мемлекет қайраткерлері, яғни тарихта өз атын қалдырған тұлға, “ұлы адам” болып саналады. Халықтың тарихы олардың тындырған іс-шараларын баяндап, оған өз бағасын беріп отырады. Осыған байланысты әрбір ханның есіміне оның танытып кеткен игілікті қасиеттері мен жағымсыз әдеттері телініп, естелігіндей болып қалады. Қазақ хандарының есімдеріне тән *“Есім ханның ескі жолы”, “Қасым ханның қасқа жолы”, “Әз Жәнібек хан”*, т. б. сипаттамалар содан қалған.

Біз қазақ халқының елдік қасиетін айқындай түсу үшін оның билік басында болған азаматтарын тарихи тұлға ретінде қауымға істеген игілікті істерін атап өткенді мақұл көрдік. Бұл да – **“Қазақ қандай халық?”** деген сауалға берілетін жауаптың бірі.

Тарихи мағлұматтарға назар аударсақ, қазақ халқының қауымдық өмірі өзінің ұзақ тарихи дамуында қанқұйлы соғыс, шапқыншылықпен өткендігін көреміз. Сондықтан да хан болып таққа отырған тұлғалардың баршасы игілікті істерінің басты мәселесін Қазақтың елі мен жерін қорғау деп түсінді. Осы бір ерекшелік қазақ хандарының ойшылдығымен, білгірлігімен, елдің ішкі мәселелерін шешумен қатар ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен елін, жерін қорғау

үшін анталаған жауларына қарсы тұрар жауынгерлік, батырлық қабілеті де болуын қажет етті.

Қазақ хандарының көбісі-ақ ел алдында көрсеткен батырлығы мен қолбасшылық қабілеті бар адамдар болғаны белгілі. Ел басқарған тұлға қазақ салт-дәстүрі бойынша топ бастаған көсем, сөз бастаған шешен болуға да міндетті болған. Бұл қасиет те тарихи тұлғаның табиғи бір қасиетіне жатады. Бұл қасиеттерді атап өту ертедегідей “*хандарды мадақтау*” деп айыптауға жатпаса керек.

Абулджа – Оғыз мемлекетінің патшасы. Абулджа хан болған кезеңде (X ғ.) оғыздар көп жерді қамтыған. Олардың қыстауы Талас және Қара Сайрам қалаларынан Сырдарияның бойымен Аралдың солтүстік өңіріне дейінгі, жаз жайлауы Ертістен Каспийге дейінгі аралықты алып жатты.

“В Верховьях Иртыша у горы Манкур есть родник, величиной с большой щит. Из него может напиться целое войско, и вода все равно остается вровень с краями. Рядом на камнях остались следы мужчины, мальчика и дикой лошади тарпан. Огузы молились у этого родника. Эти следы там дважды оставил хан огузов. Первый раз, когда еще ребенком на диком коне возглавил движение огузского народа на запад. И второй раз, когда уже в пожилом возрасте вернулся один умирать на родину” (*Шахимарден*. Биография исторических личностей Казахстана XIV–XIX веков. Алматы, 2001. С. 5–6.)

Абылай хан (Әбілмансұр) (1711–1781) – қазақ халқының ханы. Абылайдың әкесі – Уәли Түркістан қаласының сұлтаны болған. Жастайынан жетім қалған бала, кісі есінде жүріп жоқшылықтың тауқыметін көп көрді. Кейбір деректе Абылай сұлтанның атасы да, өзі де Ташкент шаһарының ханы болғандығы баяндалады.

Әбілмансұр хан тағы үшін күресте Қайып ханды өлтіріп “Қанішер Абылай” атанған арғы атасы – Абылай атына кейін ие болады.

Ақын Көкбай (Олжабай) өзінің “Абылай хан” дастанында Төле биді іздеп келген Әбілмансұр туралы:

Атым да, жөнім де жоқ бір баламын,
Көп айдан тентіреген бейшарамын.
Әке-шеше, ел-жұртым, туғаным жоқ,
Атымды сіз койсаңыз күп боламын! – деген жолдар бар.

Төле би 13 жасар баланың өн бойын бір шолып өтіп, шашы өскен, жаман тымақ, жалбыр шапан киген балаға “Сабалақ” деп ат қояды. Ал, атакты ғалым Шоқан Уәлиханов өз зерттеулерінде Абылай Ресей жылнамаларында “Сібір принці” деп те аталғанын айтады.

1731 жылы Ұлытауда Үш жүздің жасақшылары мен ойрат шапқыншылары арасындағы шайқаста Әбілмансұр қалмақ ханы Қалдан Сереннің емшектес туысы – Шаршыны жекпе-жекте мерт етеді. Осы

шайқаста атасы Абылайдың атын атап, “иә, Абылайдың аруағы!” деп ұрандатып жауға шапқанда ойрат қалмақтары ойсырай қашады. Содан соң-ақ Әбілмансұрды серіктестері “Абылай!” деп атап кетеді.

Әбілмәмбет хан өлген соң Абылай таққа отырып қазақтың ханы атанады.

Абылай хан халықтың басын қосып, өзінің колбасшылық, батырлығымен, көреген даналығымен көзге түседі. Абылай өмір сүрген XVIII ғасырдың бірінші жартысы қазақ халқының басына ауыр күн туған қиын да қатты кезең еді. Қытай империясының күйтырқылығымен шығыстан жонғарлар, батыстан Еділ қалмақтары, башқұрттар болып жан-жақтан жау болып анталады. Бәрінің де бас салып, талап алуға аңдып отырғаны – қазақтың кең даласы болды.

Осындай өмір мен өлім жаналқымнан алған кезде халық ішінен суырылып шығып, елдің басын біріктіріп, қол бастап, халқына қамал болу, мемлекетінің іргесін шайқалтпай сақтап қалу кез келген қас батырдың қолынан келмейтін күдірет еді.

Міне, осындай мемлекеттің ел тізгінін ұстап, аузын ашқан басқыншыларға төтеп беру үшін елден ерекше басты керек болды. Сондай ең биік мәртебеге ие болған тек Абылай хан еді.

Абылай хан жонғарларды жеңген соң Қытай мен Ресей секілді ірі мемлекеттерден іргесін алыс салмай, бейбіт қарым-қатынас жасап, екі императордың да көңілін тауып, қазақ халқының ұлттық қауіпсіздігін сақтап қалатын бейбітшілік саясат ұстанды. Ол осы саясатымен екі алпауыт империямен бейбіт келісімшартқа қолын жеткізді.

Қазақ халқының тарихында дәл Абылай хан секілді халықтың ыстық ықыласына ие болған, мәртебесі биік басқа хан болды ма екен? Өйткені ол бір шаңырақ астына біріккен біртұтас мемлекет құруға бар пәрменін салды. Ол хандардың ішіндегі ең айбындысы болды. “Абылай дәуірі – қазақтың қаһармандық дәуірі” деген сөз бар.

Абылай хан – қазақ халқының өткендегі тарихында өшпес елеулі із қалдырған аса ірі тарихи тұлға. Былайша айтқанда, Орта Азиядағы хандардың бәрі – Шыңғыстың әулет көшеті, үрім-бұтағы. Абылай хан да Шыңғыстың он алтыншы ұрпағы. Абылай ханның қадір-қасиеті мол болды. Аруақты атамекені мен қасиетті Отаны үшін кеудесін отқа да, оққа да тосып, халқының ары мен намысын өр кеудесімен қорғап қалды (*Асқаров А. Ұлы Тұран ұлдары. Алматы, 1998. 109–112-бб.*).

Алаша хан – алғашқы қазақ хандарының бірі.

Алаша хан туралы айтылып жүрген аңыз-әңгімелер ел арасында көп-ақ. Оның “Алаша хан” аталуы бір аңызда ала киім киюге әуестігіне, енді бір аңызда туғаннан денесінің алапес болуына байланысты деп жобаланады.

Қалай болғанда да Алаша хан қазақ халқының тарихында тарихи тұлға ретінде сипатталады. Бұл есімнің шығу тарихын “*алаш*” атауымен байланыстыру да бар (*қар. “Алаш”*).

Асанқайғы (XV ғ.) – мемлекет қайраткері, ақын, жырау, би, фило-соф. Ол Керей мен Жәнібек хандардың ақылшысы болған. Қызылорда облысы Шиелі ауданындағы “Жеті Әулие” қорымындағы Асан ата кесенесі Асанқайғы Сәбитұлының мазары делінеді.

Асанқайғы заманында Алтын Орда ыдырап, оның орнына Қырым, Қазан, Өзбек хандықтары пайда болды. Ноғай Ордасы тарап, Қазақ хандығының тарих сахнасына шығуы хандықтар арасындағы қым-қиғаш талас-тартысты аласапыран кезеңмен түспа-түс келді. Кейінгі ұрпақ Әулие танып, аты аңызға айналған “көшпенділер философы” (Ш. Уәлиханов) атанған Асанқайғы “өзінен қалған қысқа сын бол-жаулары, өсиеті арқылы өзінің жайынан да, заман аңғарынан да бір-талай көрініс, білік-дерек берелі” (М. Әуезов).

Асанқайғы қазақ халқының ұсақ хандарының басын біріктіріп, іргелі ел етпек болған Керей, Жәнібек сұлтандарды жақтайды. Шу мен Арал аралығында Қазақ Ордасы құрылған кезде Асанқайғы жаңа мемлекеттің ұраншысына айналды.

Ішкі саясатта жер-су, жайылым, қоныс үшін қақтығыстар мен қай-шылықтарды реттеу, ел-жұртының хал-ахуалын жақсарту мақсатында Асанқайғы хан алдына өзінің “ымыраға келу теориясын” ұсынған. Хан мен қара бұқара арасындағы қарым-қатынасты ушықтырмай, әділет тұрғысынан шеше білген. Қазақ қоғамының үлгісін жасаған. Ол іздеген “Жерұйық” шұрайлы қоныс қана емес, елін, жұртын сыртқы жаулардан қорғайтын жол, жаңа қоғамның үлгісі, қазақ халқын тарих сахнасында сақтап қалу бағдарламасы. Асанқайғы осы тарихи ой-ларын хандармен, сұлтандармен, билермен, әсіресе Жәнібек ханмен арпалысып жүріп іске асырмақ болған. Елі мен жұртының болашағы туралы қатты қайғырып, толғанған абызды халық “Асанқайғы” деп атап кеткен. Осы мақсатты көздеп, ол сол халықтың құрамына қазақ руларының түгелдей енуіне күш-жігерін жұмсаған. Асанқайғы елінің сулы-нулы, шөбі шүйгін, “адамы жүзге келмей өлмейтін, қойы екі төлдейтін” құтты қоныс тауып, мамыражай, еркін өмір сүруін аңсады. Бұл мұратын жырау “Жерұйық”, “Жиделібайсын” деп атады. Осы мақсатпен ол қазақ жерін түгел шолып шығып, әр қоныс, мекенге байыпты сын, баға беріп кеткен. Асанқайғының “Жерұйықты” іздеуіне байланысты әр жерге берген бағалары атақты Томас Мор “Утопиясы” (1516 ж.) мен Томмазо Кампанелланың “Күн қаласы” шығармасындағы князь-армандармен ұштасып жатыр.

Жыраудың бір алуан толғаулары Әз Жәнібек ханға арналған. Оған “Қилы-қилы заман болмай ма, Қарағай басын шортан шалмай ма?” деп патша отаршылдығын ескертеді.

Асанқайғы – халықтың ойшыл данасы, ұлы тарихи тұлға (Қазақ-стан. Ұлттық энциклопедия. 1-т. 471–472-бб.)

Асқаров Асанбай (1922–2001) – мемлекет қайраткері, Социалистік Еңбек Ері, Ұлы Отан соғысының ардагері, ақын. СОКП ОК жанындағы Жоғары партия мектебін бітірген (1954). Аудан, облыс, республика деңгейінде әртүрлі жауапты қызметтер атқарған. Ол 1986 ж. Желтоқсан көтерілісін ұйымдастырушы және ұлтшыл деген кінәлармен айыпталып түрмеде отырды.

Шығармашылықпен шұғылданды. Мұхаммед Хайдар Дулати атындағы қордың президенті болды (Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 1-т. Алматы, 1998. 478-б.).

Аттила (Еділ) (шамамен 400–453) – мемлекет басқарған, ойшыл, батыр. “Қаһарлы Аттила” аталған түс – 438–443 жылдар – ғұн патшаларының одағы жойқын күшке айналып, көркейе түскен дәуірі болды. Міне, сол дәуірде Ғұндар Рим империясының шығыс бөлігіне бірнеше дүркін (443, 447, 448 жж.) ірі шабуылдар, жорықтар жасады. Олар Шығыс Рим империясын жыл сайын салық төлеп тұруға мәжбүрлейді.

Осындай жеңістерге масаттанған Аттила әскерлерін енді Батысқа бұрады. Жорық үздік-үздік табысқа ие болып тұрады. Аты шулы Аттиланың жорықтары туралы Еуропа тарихшылары дегенмен бұл жеңістерге дұрыс бағасын берген емес. IV ғасырда Еуропа елдерінің жерінде тұлпар тұяқтарының дүбірі естіле бастайды. Бұл дүбірдің иесі дала көшпелілері еді. Осыдан Еуропада дала көшпелілерінің ат тұяғының дүбірінен ұлы көші-қон басталады. Өйткені дала батырлары Батысқа батыл кіріп, жергілікті тұрғындарды бас июге мәжбүр етіп отырды. Бұл қозғалыстарға Аттила бастаған қыпшақтардың да өз үлесін қосқандығы белгілі.

Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры, тарих ғылымының докторы М. Аджидің “Қыпшақ даласының жусаны” атты кітабында осы кезге байланысты былай деп жазылыпты:

“...Ешбір халықта, ешбір елде Аттила туралы, Дешті Қыпшақтың негізін қалаушы оның тайпаластары жайлы сасық сандырақ пен шылғи өтірік ашықтан-ашық жазылған емес. Бар жаһанға белгілі “жабайы тағылар, көшпенділер, ойран салушы, басқыншылар” деп күллі күнә мен кінәні соларға (қыпшақтарға) жапқан”.

Осындай былапытты сөздерді еуропалық пасықтар көшпенділер атына кір келтіріп, оларды өзгелер алдында жиіркенішті етіп көрсету ойымен әдейі айтқан. Еуропалық тарихшылар бұрын да, қазіргі кезде де көшпенділер туралы масқаралық пиғылдарын айтуға келгенде шіркіндердің беттері шіміркіпейді. Олардың ойынша ғұндар мен түркілер – жоқ халықтар. Мейлі, олар не десе, о десін, түркілер мен далалықтар жер бетіндегі өз орнын өзгелер мойындайтынын бүкіл әлемге әлдеқашан-ақ танытқан.

Қыпшақтар империясының іргесі 545 ж. Алтайда құрылған Түрік қағанатынан бұрын қаланған. Бұл империя Байкалдан Дунайға дейінгі алып аймақты алып жатты. Шығыстан батысқа қарай жүретін жолсапар сегіз аймақтан асты. Бұл аты әйгілі көшпенділер елі – Дешті Қыпшақ жері еді. Дешті Қыпшақтар оңтүстік шекарасы Босфор, Болгария жерлерін орап, Солтүстік Кавказдың аймақтары да империяның иелігіне кірді.

Бұл империяны айдарынан жел ескен, айбынды Аттила басқарып тұрды. Бұл ұлан-ғайыр жер Рим, Византия және Қытай мемлекеттерінің қызғаныштарын туғызды. Дегенмен олар V ғ. ортасына дейін қыпшақтарға бас иіп, тізе бүгіп тұрды. Аттила Еуропа мемлекеттерін орнықтырды. Бұл әрекетін құптаған Рим сановнигі Ромул былай деп жазған еді: “Скифтер мен басқа елдерді билеп, патшалық еткендердің ішінде азғана уақыт ішінде ұлан-ғайыр мол ұлы істер жасаған Аттиладан басқа ешкім болған жоқ. Ол тек скифтерді ғана емес, сонымен бірге римдіктерді де салық төлеп тұруға тәуелді етті. Әскерінің күш-қуаты сондай, олардың қаһарына қарсы бірде-бір халық төтеп бере алмады”, – деп көрсетті. Еуропаға өркениетті Аттила әкелді деген пікірді тарихшылар мойындағысы келмейді.

Аттилаға түркі-қыпшақтардан тараған қазақ тайпалардың қатысы бар. Соның бір ұрпағы болып саналады. (*Асқаров А. Ұлы Тұранның ұлдары. Алматы: Нұрлы әлем, 1998. 186–189-бб.*)

Әбілқайыр хан (1693–1748) – қазақ халқының, яғни Кіші жүздің ханы. Ол қазақ сұлтандарының тұқымынан жаралған. Осы кезде ол өз ісін жетік білетін, шебер ұйымдастырушылық қабілеті бар, білімдар адам екендігін танытқан, мұрагерлік жолмен хандыққа қолы жеткен.

Ол 1723 жылға дейін Түркістанда тұрды. Одан кейін Бұхара мен Хиуа шекарасындағы көшпенділердің арасында жүреді.

1726 жылы қазақ халқының жоңғарларға қарсы күресі басталғанда Әбілқайыр Түркістанға қайта оралады. Ол ержүрек, айлалы батыр болып өседі. Сондықтан да болар, Ордабасы бөктеріндегі кеңесте оны қазақ жасақтарының бас қолбасшысы етіп тағайындайды.

Әбілқайыр ішкі, сыртқы саясатта бұрынғы хандардың қателіктерін қайталамауға тырысты. Жоңғарлармен күрестің ұзаққа созылмайтынын сезіп, ол бұл күресте көрші елдердің көмегі қажет екендігін алдын ала білді. Сондай қуатты күшті көрші Ресейден үміт етті. Осы ниетін орындау мақсатымен Әбілқайыр Ресейге өз елшілерін жіберіп, оларға қазақ ұлысын қарамағына алу туралы келіссөз жүргізуді тапсырды.

Қазақстан өзінің Ресейдің қарамағына кіруге ұсынысын 1730 жылы патшайым Анна Иоановнаның кезінде жасаған еді. Ол І Петр қайтыс болған кез.

1731 жылы Ресейдің Сыртқы істер министрлігінің алқасы Әбілқайырға М. Тевкелев бастаған елшілерін жібереді. Келісімге 1731 жылы Қазанда қол қойылады. Бірақ соған кейбір сұлтандар мен билер наразылық білдіреді. Бұл жағдай мемлекет әлі де бір ортадан басқарылмаған, саясаты тұрақты бола қоймаған кез еді. Сондықтан да болар, Әбілқайыр солтүстік-батыстан осындай ел іздеді. Ол Ресей болатын. Еңкейсең, бауырына қысып қайырымды болатындай, шалқайсаң, жонның күжірейтетін, жолбарыстай айбат шегіп, бас саларға дайын ел еді ол. Әбілқайыр осы екі мінездің алғашқысын тандады. Арқа сүйері бар болған соң қазақтар Хиуаға қарай жортуылын бастады. Ол жерден ирандықтарды қуып шығып, бірнеше жыл бойы Хиуаны билеп тұрды.

Әбілқайыр бұл тәуекелге алыстан болжап барды. Ол Ресей мен Қытай сияқты аждаһадай алып мемлекеттердің ортасында жем болғысы келмеді.

1730–1740 жылдар Қазақ мемлекеті үшін тағдыры қиын түс еді. Біртұтас билік керек болды. Оған бет-бетімен кеткен ұсақ хандар көнбей, әрқайсысы әр жаққа тартып, бытыраңқылық етек алды. Осындай жағдайда қарсы келген жауларға төтеп беру оңай емес еді. Жасыратыны жоқ, Ресей жоңғарларға қару-жарағын беріп көмектесті. Ресейге басы қосылмай, сайда саны, құмда ізі жоқ жүргені ұнайтын. Әбілқайыр Ресейдің іште бүгіп жатқан сырын да сезіп, құйтырқы сыртқы саясатын да біліп отырды. Қандай жолмен болса да, уақытты ұтып, шаңырағы көтерілген Қазақ хандығының уық, керегесін мықтап алғысы келді. Ол халыққа тарихи тұлға ретінде танылды. (Асқаров А. Ұлы Тұранның ұлдары. Алматы, 1998. 107–109-бб.).

Әбілхайыр хан (1412–1468) – өзбек, қазақ ұлысының ханы, сұлтан Дулат шайхтың баласы. Әбілхайыр хан Жошы хан негізін салған Шайбанилер әулетіне жатады.

Әбілхайыр Ақ Орданың тағы үшін 16 жасынан бастап күресіп, 17 жасында соның басына келеді (1428 ж.). Оның ел басына келуімен Орталық Азияда жағдай өзгере бастады. Әбілхайыр нәсілі – Шайбанилер ендігі жерде Алтын Орда тағы үшін күресуді қойып, Мауераннахрдағы қалалар үшін (Хорезм, Самарқанд, Түркістан) күрес бастайды. Ол өзінің астанасын Кеңгірдегі Ордабазардан Сығанақ қаласына ауыстырады.

Әбілхайыр мұсылман дәстүрін берік сақтады. Оның әскерін сондықтан да “Ислам әскері” деп атады. Олар шарифат заңын қатал сақтады. Сондықтан да оның тұсында Ақ Орданың көшпелі түркі жұртын “өзбек-қазақтар” деп атайтын болды. Олар өздерін бұрынғыша “қыпшақтар” деп санады (*Шахимарден*. Биографии исторических личностей Казахстана XIV–XIX веков. Хроника, факты, легенды. Алматы, 2001. С. 9).

Әмір Темір Құтбүддин Темір Гүркан, Саһиб Қыран Ағзам Жанат Мақан (9.4.1336, Түркістан – 18.2.1405, Самарқан) – қолбасшы, мемлекет қайраткері, күрделі тарихи тұлға. Барлас тайпасының биі Тарағай бектің баласы.

Әмір Темір алғаш Қашқадария уәлаятының билеушісі, одан соң (1370 ж.) Мауераннахрды басқарады. Түркістан маңындағы бір шайқаста аяғынан жарақаттанып, “*Ақсақ Темір*” атанады. Оның қолбасшылық дарыны толық ашылып, атақ-данқы жержүзіне тарайды. Ол әр елде “*Ақсақ Темір*”, “*Темүрлең*”, “*Темирлан*” есімімен белгілі болады. Әскерінің тегеурінді шабуылы арқасында ол Хорезм мемлекетін (1372–1388), Шығыс Түркістанды (1376), Гератты (1381), Хорасанды (1381), Қандағарды (1383), Сұлтанияны (1384), Тебризді (1384), Иран мен Ауғанстанды толық бағындырады, Алтын Орданы күйретеді. Тоқтамыс пен Едіге әмірдің арасындағы алауыздықты шебер пайдаланып, Дешті Қыпшақ, Ақ Орда мен Моғолстанға 10-нан астам жойқын соғыс жорығын жасайды. Алтын Орданы талқандау Ресейдің тәуелсіздікке қолын жеткізді. 1390-жылдары Әзірбайжан, Гүржістан (Грузия), Ирак Әмір Темір мемлекетінің құрамына енеді. 1398 ж. Үндістанды басып алады. Азияның басқа мемлекеттері де оған бойсұнады. 1402 ж. Осман империясының әскери күші талқандалады. Міне, осындай үздіксіз соғыстардың нәтижесінде алып империя – Темір мемлекеті құрылады (жалпы аумағы – 14 млн км²). Темірлан 1405 ж. Қытайға жорыққа шыққанда жолай Отырар қаласында қайтыс болады (Түркістан. Халықаралық энциклопедия. Алматы, 2000. 147–148-бб.).

Әмір Темір әулетіне *Жуһангер* (1356–1376), *Әмір Шейх* (1356–1394), *Миранишах* (1366–1408), *Шаһрух* (1377–1447), ұлы ғалым *Ұлықбек* (1394–1449), Моғол империясын құрған *Бабыр* (1483–1530) сынды атақты адамдар жатады. Темір мемлекеті кейін мирасқорлардың таласуына байланысты тарап кетті.

Әмір Темір – әлемдік тарихта талантты қолбасшы, тегеурінді саясаткер ретінде танылған тарихи тұлға. Орталық Азиядағы бірқатар сәулетті ғимараттар, қалалардың өсуі, жер суландыру құрылыстарының салынуы, ғылымның дамуы, қолөнер, сауда ісінің жандануы, т. б. Әмір Темір заманына қатысты. Әмір Темір қазақ жерінде мәңгілік өшпес ескерткіш – қасиетті Қожа Ахмет Иасауи кесенесін салдырады (Түркістан. Халықаралық энциклопедия. Алматы, 2000. 147–148-бб.).

Барақ (XIV ғасырдың екінші жартысы – 1428) – Алтын Орда ханы. Құйыршақ сұлтанның баласы, Орыс ханның немересі. Жошы әулетінен тараған сұлтандардың бірі ретінде ол Алтын Орда тағына таласып, соған қолы жетеді. Бірақ хан болып көп тұрмай, Сығанаққа ауысады. Барақ хан Түркістан жерін ешкімге бағынбайтын (тәуелсіз) хан жері деп жариялап, сонда 1425 жылдан 1428 жылға дейін хандық құра-

ды. 1427 жылы Самарқан әмірі, Ақсақ Темірдің немересі Ұлықбектің әскерін талқандап, Түркістанның бірнеше қалаларын өзіне қаратып алады. Бір жылдан кейін ноғай бектерінің қолынан қаза табады (*Шахмарден*. Биографияи... Алматы, 2001. С. 8).

“В первой половине XV в. территория совр. Казахстана принадлежала двум государствам. Земли восточнее и южнее Балхаша до Ташкента отходили Моголистану. Степи севернее Балхаша от Иртыша до Волги и от сибирской тайги до реки Сырдарья относились к Узбекскому улусу, отколовшемся от Золотой Орды” (С. 9).

Бөкейханов Әлихан Нұрмұхамедұлы (1866–1937) – қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым аудармашы. Ортажүзханы Бөкейдің ұрпағы. “Халық бостандығы” партиясының мүшесі, 1912–1917 жж. кадеттер партиясы ОК-нің мүшесі болды. І Мемлекеттік Думаға Семей облысы қазақтары атынан депутат болып сайланды. XX ғасырдың басында “Қазақ” газетін ұйымдастырды. 1917 ж. 20 наурызда Уақытша үкіметтің Торғай облысы комиссары және Түркістан комитетінің мүшесі қызметіне тағайындалды. Оның жетекшілігімен 1917 ж. шілдеде Бірінші Жалпықазақ съезі өткізілді, “Алаш” партиясы құрылды. 1917 ж. “Алашорда” үкіметінің төрағасы болып сайланды. Азамат соғысы кезінде кеңес билігіне қарсы күресті. 1937 ж. 27 қыркүйекте КСРО Жоғарғы Соты әскери коллегиясының үкімімен ату жазасына кесілді.

Бұйдаш – қазақ ханы, Әдік сұлтанның баласы, Тайыр ханның інісі. XVI ғ. қазақ ханы ретінде 1532–1559 жж. билік құрады. Ол Тайыр хан тұсында екіге бөлініп кеткен Қазақ мемлекетін қалпына келтіріп біріктіре алмайды. Бұйдаш хан Ұйғырстандағы моғол ханымен оқтатекте соғысында бірде жеңіп, бірде жеңіліп отырған. 1559 ж. өзінің 30 мың әскерімен Түркістан қалаларын қайтарып алуға әрекеттенеді. Осы соғыста Бұйдаштың өзі қаза болады (*Шахмарден*. Биографияи... Алматы, 2001. С. 26–27).

Білге Күл Қадыр – (840 ж.) Қарахан мемлекетінің бас ханы. Ол қарлұқтардың Қарахан әулетінің ен басы. Қарлұқ түркі халқы 751 ж. Талас өзені бойында қытай және араб әскерінің арасындағы шайқаста қытай әскеріне тұтқиылдан тап беріп, талқандалған қытай армиясы Қазақстан аумағынан біржолата кетеді. Білге Күл Қадыр хан 840 жылдан хандық құрады. Оның тұсында қарлұқтар Жетісудан Сыр бойына келіп, Сайрам және Тараз қалаларын қаратып алады. Қарахан ханының Қадыр деген есімі оның мұсылман екенін білдіреді (*Шахмарден*. Биографияи... Алматы, 2001. С. 5).

Есім хан (т.ж.б. – 1645) – қазақ ханы (1598–1645 жж.). Шығай ханның баласы. Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауидің кесенесінде жер-

ленген. Есім хан хан бола салысымен өзбектердің сұлтан, әмірлерімен “шайбанилер” арқылы уағдаласа бастайды. Бұл келіссөздердің Орта Азия өңіріндегі саяси жағдайларға тигізген әсері зор болды. Өзбек қауымының қазақтарға қойып жүрген “Аллаға деген сенімі жоқ” деген айыбының негізсіздігі (1508 ж.) айқындалады. Сырдарияның екі жағындағы елдің (қалалардың) Ташкентті қоса баршасы Қазақ хандығына тән болып мойындалды. Қазақтар өз тарапынан Самарқан мен Бұхарадан бас тартады. Бейбіт шарт жасалады. Сондықтан да болар, Есім хан қазақ халқы үшін ең бір құрметті, парасатты хандардың бірі болып саналады. Ол өз мемлекеті шекарасының қолсұғылмастығын сақтап қалды, жаңа қалалар салдырды, Қасым ханнан қалған заңды қалыптастырып, “Ескі жолды” дамыта түсті (Сот істері сайланған соттар (билер) арқылы жүзеге асырылды).

Есім ханның өз елінде ұзақ болмаған жылдарында Тұрсын сұлтан өзін Ташкент ханы деп жариялап, өз ақшасын соғып шығара бастайды. Оның қазақтың қатаған тайпасынан ұйымдастырған ұланы Бұхар ханының 20 мың адамдық қалың қолын Әмудариядан асырмай талқандайды.

Елге қайта оралған Есім хан Ташкентте қалудан қауіптеніп, Түркістанды астана етіп тұрады. Ол шақырған сұлтан, әмірлердің жиналысына келуден Тұрсын ашық бас тартпаса да, Есім ханның көзін құртуға дайындалады. Осыған байланысты Есім хан мен Тұрсын сұлтанның арасында Сайрам қаласы маңында соғыс басталып, 1627 ж. Тұрсын өттіріледі. Оның әскері, бала-шағасы, қатаған елі қудаланып, жан-жаққа тарап кетеді.

Есім хан Ташкент қаласында көк күмбезді мешіт салғызады. Ол өзі Түркістандағы мешіттің төңірегіне қойылған (*Шахмарден*. Биография... Алматы, 2001. С. 34–37).

Жандосов Ораз Қыйқымұлы (1889–1938) – мемлекет және қоғам қайраткері. 1918 ж. Верный жұмысшылары бірлескен одағының “Садақ” сатиралық газетін шығаруға атсалысқан. Жетісуда кеңестік билік орнағаннан кейін оның ұлт істері жөніндегі облыстық бөлімін басқарды. 1919–1921 жж. Түркістан КП ОК-нің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі және БК(б) П Қазақ өлкелік комитетінің екінші хатшысы болды. 1924 ж. Мәскеудегі Тимирязев атындағы ауылшаруашылық академиясында оқыды. 1924–1928 жж. БК(б) П Қазақстан өлкелік комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. Кейін Алматы обл. атқару комитетінің төрағасы болды.

О. Жандосовтың есімін елімізде құрметтейді, оған Алматыда көше аты беріліп, ескерткіш орнатылған, Кеген ауданында өлкетану музейі жұмыс істейді (Жетісу. Энциклопедия. 288–289-бб.).

Жәнібек Әбу Сайд (XV ғасырдың басы – 1470) – қазақтың бірінші ханы. Барақ ханның баласы, Орыс хан әулетінен. Шөбере ағасы Керей сұлтанмен бірге қазақтардың Әбілхайыр ханға қарсы қозғалысын басқарып, Шу өзенінің соңына өз мемлекетін (Қазақ хандығын) құрады. 1450–1470 жж. хан болып тұрады. Қазақ халқы тарихының ең бір қиын кезеңдерінде өз араларындағы барлық мәселені ынтымақпен шешуге екеуінің ақыл-парасаты толық жетеді. Тарихта бұл хандардың арасында бірде-бір бақталастық, тақталастық болған емес. Елді екі хан өзара келісіп отырып басқарады. Жәнібек қартайғанда хандық билікті Керейге тапсырады. Алтын Орда хандары жерленетін Сарайшық қаласында жерленеді. Жайық өзенінің аяғындағы Сарайшық қаласы Жәнібек хан кезінде Қазақ хандығының астанасы болып тұрады.

Жәнібек хан Орыс әулетінен шыққан сұлтан ғана емес, Алтын Орданың, одан бөлінген Түркістанның да ханы болған Барақ ханның мұрагері. Күшті көрші – Моғолстан мемлекетінің Қазақ мемлекетін және Жәнібектің хан болуын бірден тануының себебі де осы еді (*Шахмарден. Биография... Алматы, 2001. С. 10–13*).

Жәңгір хан – XIX ғасырдың басында (1801) дүниеге келген. Кіші жүз қазақтарының бір бөлігі – Еділ-Жайық екі өзен аралығындағы шұрайлы өлкені қоныс тепкен Бөкей ханның мұрагері; сол өлкені (Ішкі Бөкей ордасын) 22 жыл бойы билеген, кезінде өте атақты, есімі алты алаштан асып, әлемнің жартысына жеткен тарихи тұлғалардың бірі. Оның өз аты – *Жиһангер*. Кейін *Жәңгір* атанып кеткен.

Жәңгір хан өз заманының аса көрнекті мемлекет қайраткері болған. Ол туралы кезінде жазылған зерттеулерде оның атақ-лауазымы, істеген игілікті істері мен жеке басының қасиеттері жөнінде көптеген мағлұматтар бар.

Мәселен, 1) Петербургте I Николай патшаның тәж киіп, таққа отыру рәсіміне қатысқан; 2) Қазан университетінде болып, қазақ халқының арғы-бергі тарихынан лекция оқығандығы үшін сол университеттің құрметті мүшесі атанған; 3) кезінде хан сарайын, т. б. салтанатты ғимараттар салдыру арқылы да белгілі болған; 4) көптеген тілдерді меңгерген білімдар адам ретінде танылған; 5) әлемге әйгілі орыс әдебиетінің дүниеге келген көркем шығармаларының бірінде Жәңгір өмірінің сәулеті, байлығы, Еділ-Жайық арасы Нарын құмы толған үйірлі сансыз жылқылардың иегері екендігі туралы сөз болады; 6) Жәңгір хан “даланың патшасы”, тағдыры шым-шытырық, шырғалан соқпақ болғандықтан, жер-жиһанның талай жерін аралағандықтан “Керемет кезбе” (“Очарованный странник”) деп атанған (*Бабажанов М. Қазақтың қазақтар туралы жазбалары. 1861 ж.; Лесков Н. С. Повестер. Алматы: Жазушы, 1983 (Нұрғазы Шәкеев аударған). Сонда “Керемет кезбе” – “Очарованный странник” повесі берілген*).

Жәңгір хан, Салқам Жәңгір (1608–1680) – Есім ханның баласы, 1635–1652 жж. хандық құрған. Бойы биік, батыр тұлғалы адам болған, соған байланысты “Салқам Жәңгір” атанып кеткен.

Жәңгір әкесі Есім ханның өлімі туралы хабарды Қазақстанның солтүстік-шығысында батыс моңғол-қалмақтардың шабуылына қарсы күресіп жүрген кезінде естиді. Дәл осы кезде Қазақ жеріне қалың моңғол-қалмақ қолы жоңғардың қонтайшысы Батұрдың басқаруымен лап береді. Жәңгір сұлтанның алты жүздей ғана адам бар әскері жеңіліп, өзі қолға түседі. Қалмақша жақсы сөйлейтін, моңғол Құдайларына сиына білгендіктен сеніміне тез кірген Жәңгірдің қолын шешіп, бос жіберген күні-ақ одан көз жазып қалады. Содан Жәңгір айтқан “*барлық батаға сенуге болмайды*” деген сөз қалыпты.

Жәңгір хан дәуірінде қалмақтар жасаған екінші шабуыл 1643 ж. болыпты. Жәңгір хан жоңғарлардың қалың қолы алдынан ор қазып, соған арандаған жаудың қалың қолына аз санды әскерімен Самарқаннан келген Жалантөс батырдың жәрдемімен 1643 ж. ойсырата соққы береді.

Қалмақтардың шапқыншылығына қарсы Жәңгір хан тек әскери күшін ғана емес, сонымен қатар дипломатиялық айла-әдістерін де қолдана бастайды. Ол енді Бұхара өмірі мен Ұйғырстан ханымен одақтасады, қырғыз атты әскерлерін өз жағына тартады. Елшілері Жоңғарияда талай рет болып, тіпті Батұр қонтайшының қызын әйелдікке алады. Осының бәрі Қазақстанда бейбіт өмірді ұзарта түсуге мүмкіндік берді. Дегенмен, қалмақтар сан жағынан көбейіп, қазақтың шүйгін жерлерін тартып алуға күш салады.

Қалмақтардың келесі, үшінші шабуылы 1652 ж. басталады. Жәңгір хан бұл жолы да өз әскерінің алдыңғы шебінде болады, сол жылы қыста болашақ қонтайшы жас Галданмен жекпе-жекте қаза болады (*Шахмарден. Биография... Алматы, 2001. С. 38–39*).

Керей (т. ж. б. – XV ғасырдың 70-жылдарының бас кезі) – Қазақ хандығының екінші ханы, 1470–1480 жылдары хандық құрды. Ол – өзі басқарған жылдарында хандықты құру, ұйымдастыру, қалыптастыру жолында көп қиындықтарды басынан кешірген хан. Моғолстан басшысы өзгеруге байланысты кешегі одақтас ұйғырлар казактарды Ташкент жағынан, қалмақтар солтүстік-шығыстан қыспаққа ала бастайды. Бірақ бәрінен де Қазақ хандығына қауіпті болған Шайбанидің баласы Мұхаммед сұлтан еді. Ол жас, еті тірі әрі алғыр еді, мақсаты атасы Әбілхайыр ханның бұрынғы ұлы мемлекетін біріктіріп, қалпына келтіру еді, сондықтан да ол Қазақ мемлекетінің дербестігін мойындағысы келмеді (*Шахмарден. Биография... Алматы, 2001. С. 12–13*).

Күшті/Күшлік (шамамен 1180–1218) – Найман хандығының ханы, Таян ханның баласы. 1204–1218 жылдары наймандар мен керейлерді

басқарады. Ол әкесін Шыңғыс хан әскерлері басын шауып өлтіргеннен кейін наймандар мен керейлерді Шығыс Қазақстан және Жетісу жеріне көшіреді. Күшлік 1211 ж. қарақытай ханының Хорезмнен жеңілгенін пайдаланып, мемлекетін басып алып, бүкіл оңтүстік өлке-ні (Қазақстан, Ташкент, Ферғана) өзіне қаратады. Бірақ Шыңғыс хан қолы наймандарды қайта талқандап, Күшліктің өзін Бадахшанда қоршап алып өлтіреді (*Шахмарден. Биографияи... Алматы, 2001. С. 6*).

Қаңлы Тото Яһяұлы (1272–1327) – Юань патшалығы кезіндегі қаңлылардан шыққан саяси қайраткер, қолбасшы. Құбылай ханның кеңесшілерінің бірі. Кезінде бүкіл елдегі әскери істерді басқарады, одан соң ең жоғарғы саяси органды және мемлекеттің күнделікті құжаттарын, ел тарихын жазуды басқарады. 1311 ж. ең жоғарғы әкімшілік жетекшісінің оң қол уәзірі болып тағайындалды. Сонда-ақ ол әкімшілік аймағының басшылық міндетін де атқарады. Қытай қолжазбаларының бірі – Юаньшыда (Юань патшалығының тарихында). (Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 5-т. Алматы, 2003. 535-б.).

Қасым хан (1445–1518/1523) – Қазақ хандығының ханы, Жәнібек Әбу Сайд ханның баласы, 1445 ж. дүниеге келген, 1511 жылдан өмірінің соңына дейін (1518/1523) хандық құрған. Ол Сарайшықтағы хандардың бейітінде жерленген. Қасым хан Қазақ мемлекетінің “*Қасқа жол*” атты заңын шығарған. Ол заңның жартысы көне қазақ салт-дәстүрлеріне, жартысы мұсылман қағидаларына негізделіп жазылған.

Қасым хан тым ерте жасынан-ақ ұлы қолбасшы ретінде даңқы шығады. Ол қазақ әскерінде әрқашан пәрменді атты әскерді басқарған.

1508 жылы өзбек ханы Шайбани Хорасанда Иранға қарсы шабуылға дайындалады. Бірақ артындағы көрші елде күшті қарсыласы – Қазақ хандығынан да қауіптеніп, оны талқандауға сылтау іздейді. Ол да табыла қалады. Қазақтың бір сұлтаны Самарқан мен Бұхара маңын ойрандап, бірнеше мың адамды айдап өкетеді. Молдалар мұсылманды мұсылман құл етуге болмайды, бұл қазақтар құдайсыз деген пәтуа шығарып бергеннен кейін, Шайбани хан әскерлері қазақтарға қарсы қазауат жариялайды. Осылай 1509–1510 жж. Қазақ хандығы мен Шайбанидің өзбек хандығы арасында ең қантөгіс соғыс – Сырдария соғысы – басталады.

Шайбани хан көп санды (50 мың) (Мауераннахр тұрғындары мен Күшім ханның 30 мың, Сүйінші қожа сұлтанның көшпелі өзбектерінен тұратын) әскерімен Сырдарияның оң жағында 1509 ж. 19 ақпанда қазақтарға шабуыл жасап, жеңіліске ұшыратады.

Қазақ үшін осы бір қиын-қыстау шақта Қасым сұлтан қалған қазақ қолдарының басын қосып, жауға қарсы тұруға қарекет жасайды. Мұхаммед Шайбанидің басшылығымен келген 30 мың өзбек қолы

(оны баласы Темір сұлтан басқарып келген) қатерден бейқам жатқан қазақ әскерлерін көріп, Қасымның әскері ордасына еркін басып кіреді. Міне, осы кезде айласын асырған Қасым ханның қолы өзбектерді сыртынан қоршап алып, қырып тастайды. Мұхаммед Шайбани хан Түркістан қаласынан кетіп, Сырдариядан өтіп, 1510 ж. Мерв қаласында өледі. Бірақ Қасым хан сақтық жасап, бірден Сырдариядан әскерін сол бетіне өткізбей, әлсіреп қалған мемлекетін күшейтуге күш салады және оның ханы болады. Осыдан кейін ол Қазақ хандығының жерін кеңейтуге кіріседі. Хандық көпұлтты мемлекетке айналады.

Қасым ханның бір даналығы оның заңында. Сол туралы бір-екі мысал (орысша):

“Хан Касым говорил также нашему венценосному хану Саиду:

– Мы – жители степи. У нас нет ни редких, ни дорогих вещей, ни товаров. Главное наше богатство в лошадях. На нашей земле нет ни садов, ни дворцов. Место наших развлечений – пастбища скота и табуны лошадей, и мы ходим к табунам любоваться зрелищем коней. Поедем же в табун, поглядим на коней и, кстати, проведем несколько времени вместе, в приятном сообществе одни” (С. 19).

Қасым хан моғол ханы Саидқа өзінің “Қасқа жол” атанып кеткен заңын былайша түсіндіреді:

“... Народ мой страдал. И я своей волей ввел в моей стране новые законы. В них каждое преступление теперь имеет свою твердую цену, отмерено неизменной цифрой. Сто баранов – это цена одного большого пальца, мизинца же – двадцать. За убитого мужчину убийца платит своей жизнью или по согласию с семьей убитого ровно 1000 голов овец, за женщину – пятьсот. И так во всем.

Наш государь возразил:

– Разве все люди равны?

– Нет, конечно, – ответил Касым хан. – За султана плата как за семь человек, за смерть охотничьей собаки или беркута можно требовать раба...” (*Шихмарден. Биографии...* Алматы, 2001. С. 22).

Қонаев Дінмұхамед Ахметұлы (1912–1993) – көп жылдар бойы Қазақстанды басқарған мемлекет қайраткері, ғұлама ғалым, ҚазҒА академигі, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, жарқын өмірдің салтанатын құруға шын берілген табанды қайраткер, ұлы тарихи тұлға.

Д. А. Қонаев мектепті бітірген соң, Мәскеудегі металл және алтын институтына түсіп, соны бітіреді. Тау-кен инженері мамандығын алып, Балқаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат кенінде бұрғылау станогінің машинисі, цех бастығы, кеніштің бас инженері және соның директоры болып істейді.

Одан соң Қонаев “Алтай полиметалл” комбинатында бас инженердің орынбасары, техникалық бөлімінің бастығы, Риддер кенішінің

және КСРО ірі қорғасын-мырыш кәсіпорындарының бірі Лениногор Кен басқармасының директоры қызметін атқарды.

1942 жылы республика Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары болып тағайындалады. Қонаев Д. 1952 жылы Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің төрағалығына сайланды. 1960 ж. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, ал 1962 ж. қайтадан Республика Министрлер Кеңесінің төрағасы болып тағайындалады. 1964 ж. Орталықта жағдайлар өзгерді де, Қонаев қайтадан Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы болып сайланды.

Д. А. Қонаев 1966 жылы КПСС ОК Саяси Бюросының мүшелігіне кандидат, XXIV–XXVII партия съездері аралығында ОК Саяси Бюросының мүшесі болып сайланады.

Қазақстан Д. Қонаев басшы болған жылдары дамудың жоғарғы сатысына көтерілді. Өйткені ол өте сауатты басшы болды. Кез келген нәрсені шешуде батылдық пен көрегендік танытты. Оның басшылығының арқасында Қазақстан өндірістің барлық саласы бойынша жаңа табыстарға қолы жетті. Астық өнімі 29–30 миллион тоннаға, қой саны 35 миллионға, жылқы 1 миллион 100 мыңға, ірі қара 7 миллионға жеткізілді, т. б. Жаңа қалалар бой көтерді, салтанатты мәдениет сарайлары салынды. Оқу орындары, ғылым, денсаулық сақтау мекемелері жаңа техникалық жабдықтармен жарақталды.

Д. А. Қонаев жарқын өмірдің салтанат құру ісіне шын берілген өте ірі мемлекет қайраткері, тарихи тұлға (*Асқаров А. Ұлы Тұранның ұлдары. Алматы: Нұрлы әлем, 1998. 179–182-бб.*).

Қыран (XI–XII ғғ.) – Қыпшақ мемлекетінің патшасы. Ол мемлекет қыпшақ пен қимақтардың конфедерациясынан (XI–XII ғғ.) құрылған еді. Оның қызы – Теркен-хатун Мұхаммед Хорезм шахтың анасы (*Шахмарден. Биография... Алматы, 2001. С. 6.*).

Мамаш (т.ж.б. – 1523) – қазақ ханы (1518–1522 жж.), Қасым ханның баласы. Ол – хандық мәртебесін кештеу (50-ден асқанда) алған хан. Жәнібек пен Керей хандар әулетінен хандыққа таласушылар өте көп (30-дай) болды. Бұл талас әсіресе данышпан Қасым хан өлгеннен кейін күшейе түседі. Содан қорыққан Мамаш хан тек темір сауыт киіп жүретін болған. Ол оны талай қанжардан сақтап қалса да, еркін дем алуға мүмкіндік бермеген еді. Сәуегейлердің айтқанындай, “ең жақын нәрседен өлесің” деген жорамалы дұрыс келіп, ол шайқастардың бірінде демі қысылып, сауытына тұншығып өледі (*Шахмарден. Биография... Алматы, 2001. С. 23.*).

Мұрындық (шамамен 1430–1511) – Қазақ хандығының ханы, Керей ханның баласы. Әкесі өлгеннен кейін хан тағына отырып, 1511 жылға дейін ел басқарады. Қартайғанда Самарқандағы қызының қолында қайтыс болады.

Мұрындық хан кезінде қазақтардың әскері 50 мыңға жетеді. Шығыста болған екі шайқаста моғол ханы Махмұдтың әскерін екі рет талқандайды. Бұл уақытта Мұхаммед Шайбани ханның әскеріне Ноғай ордасының әскерлері келіп қосылып, олар Соғұндық асуында (Созақ пен Сығанақ арасында) қазақтармен тағы шайқасады, бірақ бұл жолы да қатты соққы жеп, Мұхаммед Шайбани Мұрындықпен бейбіт шарт жасасады (1485 ж.). Сөйтіп өзбек ханы Қазақ мемлекетінің дербестігін мойындап, қазақ жерінен біржолата кетуге мәжбүр болады (*Шахмарден*. Биография... Алматы, 2001. С. 13).

Мұхаммед Урус//Орыс (т.ж.б. – 1377) – Алтын Орда ханы. Қазақ хандарының арғы атасы, Хорезмде дүниеге келген. Шашының түсіне қарай орыс атанып кеткен. Осы есімімен ол тарихта қалды. Он жеті жыл хан болған. Сығанақ қаласында өз ақшасын шығарған. Көп ұзамай ол батысқа шабуыл жасап, біраз уақыт Алтын Орданың ханы болды, алайда Еділ бойын авантюрист Мамайға қалдырып, Өзбек ұлысына қайтып келеді. Осында Ақ Ордаға Көк Орданың жерлерін қосады, Жайықтың сағасындағы Сарайшық қаласын астана етеді. Ол Отырарда, Сауранда, Сығанақта көптеген мешіт-медреселер салдырады (*Шахмарден*. Биография... Алматы, 2001. С. 7–8).

Смағұл Сәдуақасов (1900–1933) – Қазақстан елінің қайсар тұлғалы қайраткерлерінің, ел қамын ойлаған мемлекет қайраткерлерінің бірегейі.

1924–1927 жылдары ол аса маңызды мемлекеттік қызметтерді атқарды. Оқу-ағарту халық комиссары, өлкелік партия комитетінің бюро мүшесі, республикалық “Еңбекші қазақ” газетінің бас редакторы болды. Дәл осы кезде ол орталықтың отарлау саясаты мен тоталитарлық басқару әдісіне қарсы табанды күрескерлігін танытты.

Бастауыш мектепті үздік бітірген Смағұл Омбы қаласындағы ауылшаруашылық мектебіне түседі.

С. Сәдуақасов 1915 ж. Омбыдағы “Бірлік” жастар қоғамына кіреді. Ол қоғам “Алаш” партиясының ойын түпкілікті қабылдайды. Коммунистік партияның қатарына өткен Смағұл барлық өмірінің соңына дейін демократиялық көзқараста қалды. Ол ұлттық асыл мұрат пен “Азаматтық келісім” ізгілігіне бар ғұмырын арнады. Смағұл Сәдуақасовтың көрегендігі сол, ол Қазақстанның шикізаттарын өзіне жақын жерде өндіріп, дайындауды ұсынды.

Смағұл Сәдуақасов – қазақ халқының тарихында аса көрнекті саяси және мемлекет қайраткері, әдебиет және театр сыншысы ретінде артында өшпес із қалдырған тарихи тұлға (*Асқаров А. Ұлы Тұранның ұлдары*. Алматы: Нұрлы өлем, 1998. 161–162-бб.).

Сулуқ – Түргеш қағанатының үстем қағаны. Түргеш мемлекетін 715–737 жылдары басқарған. Оның бірінші әйелі Ашина хан әулетінен, екінші әйелі Шығыс Түрік қағанының қызы, үшінші әйелі

Тибет патшасының қызы болған. Сулуқ 728 ж. Орта Азияда Бұхара, Самарқан қалалары үшін араб әскерлерімен соғысқан. Оны өзінің әскери қолбасшылары өлтірген. Арабтар мұсылман дінін қабылдауды ұсынғанда алғашында бас тартады, бірақ кейін қабылдайды (*Шахмарден*. Биографияи... Алматы, 2001. С. 4–5).

Тайыр хан (т.ж.б. – 1531/32) – қазақ ханы. Жәдік сұлтанның баласы, Жәнібек ханның немересі. Тайыр Қазақ хандығын 1523–1532 жж. басқарған. Хан тағы көптеген талас-тартыстардан кейін ғана Тайырға тиеді. Осы талас-тартыстар салдарынан Қазақ хандығы әлсірей бастайды. Бұған Тайыр ханның өте қатал, қатыгездігі де себепші болды. Ол одақтастарымен де тату бола алмай, олардың мүддесін ескермеді. Солай бола тұрса да, Тайыр хан кезінде Қазақ хандығына Жетісу өлкесі қосылады (*Шахмарден*. Биографияи... Алматы, 2001. С. 24–26.).

Тәуекел (т.ж.б. – 1598) – қазақ ханы, Шығай ханның баласы. 1583–1598 жж. хандық құрған. Қазақ хандығымен достығы және әскери одақтастығы туралы Мәскеу грамоталарында Тәуекел хан 1594 жылдары “екі орданың – Қазақ және Қалмақ ордаларының патшасы” деп аталады. Тәуекел хан мылтықты шебер меңгерген жауынгер аристократ (ақсүйек) ретінде көптеген ерліктерімен әйгілі болған. Ноғай ордасындағы маңғыт тайпасын Қазақ жерінен біржолата қуып шығады. Өзбек ханы Абдаллахтан Сырдариядағы Түркістан қалаларын да кейін қайтаруды талап еткен. 1585–1598 жылдардағы Екінші Сырдария соғысы осылай басталған. Осы соғыстардың бірінде ауыр жараланып Ташкентте қайтыс болады... (*Шахмарден*. Биографияи... Алматы, 2001. С. 31–34).

Тәуке хан (т.ж.б. – 1718) – қазақ ханы, Салқам Жәңгірдің баласы. Оның хандық құрған кезеңі 1652–1718 жж. Ол өзінің парасаттылығымен халық арасында “*Әз Тәуке*” деген атаққа ие болған. Тәукені жас кезінде әкесі Жәңгір хан Ұйғырстанға елшілікке жібереді. Бұл жұмысты ол табысты орындайды.

Тәуке ханның шешесі Жоңғар ханшайымы – қонтайшы Батұрдың қызы болатын. Алайда қалмақтармен туыстық қарым-қатынасы болса да, ол қалмақтарға рақымсыз болды. Сондықтан да өзара соғыс еш тоқтаған емес. Қалмақ шапқыншылары 1681 ж. Шу өзенінен өтіп, Сайрам қаласына шабуыл жасайды, бірақ қорғанды ала алмай кейін қайтады. Келесі жылы бұл шабуыл қайталанып, Сайрам қаласы талан-таражға ұшырайды.

Тоқтамыс хан (шамамен 1350–1406 жж.) – Алтын Орда ханы (1380–97/98), Маңғыстауда билеуші болған Тұтқожа оғланның баласы. Жошы ұлысының бірлігін қалпына келтіріп, орыс княздықтарын Ордаға қайта бағындырды. 1406 ж. Түмен түбінде Едіге мен Шәдібек әскерлерімен шайқаста қаза тапты.

Тұрар Рысқұлұлы (1894–1938) – көрнекті партия, мемлекет қайраткері.

Келей шаруаның баласы. Тұрардың әкесі орыс патшасының жемқор жендеттері мен жергілікті жандайшаптарының қорлығына қарсы тұрғаны үшін Сібірге 10 жылға айдалып кетеді. Он жасар Тұрар туысқандарының қолында қалып, Меркедегі қазақ мектебінде хат таниды. Одан соң Бішкектегі бағбаншылық мектепте оқиды. Оны бітіріп Ташкенттегі мұғалімдер семинариясына түседі.

1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін Әулиеатада өзі секілді көзі ашық қазақ жастарының жолын бастауға қатысады.

1917–1918 жылдары Әулиеата уездік Советі аткомының төрағасы, Түркістан республикасының денсаулық сақтау халық комиссары болды.

1922–1924 жылдары Түркістан республикасының төрағасы қызметін атқарады. 1937 ж. ортасына дейін ол әртүрлі қызметтерді атқарды.

Оның әсіресе Түркістан темір жолын салу комиссиясына төрағалық еткен еңбегі ерекше. Оның тікелей ұсыныс-тілегімен Ташкентте Орта Азия университеті ұйымдастырылса, Алматыда Қазақ мемлекеттік (қазіргі Әл-Фараби атындағы) ұлттық университеті шаңырақ көтерді.

Т. Рысқұлұлы халық арасында өте беделді болды. Тұрар Рысқұлұлы Түркістан КП ОК Мұсылман бюросын және Түркістан Республикасы компартиясын басқарып тұрған кезінде Түркістан өлкесінің біртұтастығын сақтау туралы әлденеше рет мәселе қойды. Ол түркі тілдес Түркістан халықтары – біртұтас халық, тек тарихи жағдайлар ғана жан-жаққа таратып жіберді деген тұжырымын талай рет дәлелдеді. Республикадағы компартияны “Түркі халықтарының коммунистік партиясы” деп атауды және де бұл партияны республика секілді Мәскеуге тәуелсіз, дербес етіп құруды ұсынды.

1920 жылы Т. Рысқұлұлының “Түркі республикасын құру” туралы ұсынысы Лениннің нұсқауымен қабылданбады. Тұрарға “пантүркіст” деген кінә тағылды. Оның бұл ойы партия қайраткерлеріне ұнаған жоқ. Одан Түркістанды Ресейден бөліп әкетеді деп қауіптенді. Т. Рысқұлұлы қудалауға түсті. 1933 жылы Тұрар Сталинге халықтың аштықтан шыбындай қырылып жатқан ауыр халін айтып хат жазды. 1932–1933 жылдары ел ішін аштық жайлады. Қазақ халқы жойылып кетудің аз-ақ алдында тұр еді. Осы қайғылы қасіреттің шындығын айтуға Тұрардан басқа ешбір қайраткердің батылы жетпеді.

Осы озық ойлы пікірлері мен адалдығы, табандылығы үшін Тұрарға “халық жауы” деген жала жабылып, жазасыз атылды.

Тұрар сол аз ғұмырының өзінде туған халқына қыруар ізгілікті істер жасады. “*Түркі тілдес, түгел бол!*” олардың ұраны, ұстанған бағыты болды (Асқаров А. Ұлы Тұранның ұлдары. Алматы: Нұрлы өлем, 1998. 156–159-бб.).

Шоқай Мұстафа (1890–1941) – атақты қоғам қайраткері, тарихшы, журналист, публицист. Ол Ташкент гимназиясын, одан кейін Петербург университетінің заң факультетін үздік бітірген.

Оның алғашқы шығармалары Алаш партиясының көсемі – Әлихан Бөкейхановпен “Қазақ” газетінде бірге жарияланған. Оның негізгі еңбегі қазақ халқының бостандығы, еркін дамуын, ұлттық дәстүрін сақтап қалуын, отаршылдықтан азат болуын армандаған мақсатына бағышталады.

Ол шетелде жүрсе де осы идеясын жүзеге асыру үшін жатпай-тұрмай күресумен болды. Оның бұл әрекеттері Мұстафа Шоқайды тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл мұсылман қауымының, Орта Азия халықтарының асыл арманын іске асыруы үшін күрескен көсемі, мемлекет қайраткері ретінде танытты. Оның артында бай тарихи, әдеби мұра қалды (Алаштың ардагер азаматтары. Алматы, 1998).

Шығай (т.ж.б. – 1582) – қазақ ханы, Жәдік сұлтанның баласы, Жәнібек ханның немересі. Ол хан тағында 1580–1582 жж. отырды. Шығай ханның замандастары оны өз өмірінде көпті көрген тәжірибелі кісі деп жазған. Ол өзін ішкі саясаттан жырақ ұстаған, көбіне-көп қырда көшіп-қонып жүрген. Алайда ол әскери жорықтардан тыс қалмаған, әкесі Хакназарды қапыда өлтірген Баба сұлтаннан өш алуды ұмытпаған.

Хакназар хан (1510/20–1580) – қазақ ханы. Қасым ханның баласы. Башқұрт халқын және Ноғай ордасының бір бөлігін Қазақ хандығына қосты. Мемлекет шекарасын Еділ мен Жайыққа жеткізді. Орта жүздің шетте жүрген руларын оңтүстікке топтастырды. Ойраттарға күйрете соққы берді (1554). Моғолстан ханы Абд әр-Рашидтің ұлы Абд әл-Латифті жеңіп (1555), Ұлы жүз руларының көпшілігін қосып алды. Моғолдар шебін Тәңіртаудан әрі асырып, Түркістан, Сығанақ, Сауран, Сайрам, Тараз қалаларын қайтарып алды. Жорықта қаза болды.

6. 2. Қазақтың шешен билері

Қазақ халқының болмысына бітіп, өз ой-санасына өнер болып қалыптасқан құндылықтардың бірі – шешен-ділмарлық. Ойын орнықты да бейнелі етіп айту, алыстан шолып, астарлап сөйлеу, аяқ астынан сөз тауып, нақтылы сөйлеу кез келген қазақтың табиғатына тән ерекшелік десек те болады. Көрікті сөйлейтін көсемсөздің майталман шеберлері халық сыйлайтын азамат болып саналады. “*Аузынан – сөзі, қойнынан – бөзі түсіп тұратын*”, сөзінің пәтуасы жоқ жігіттердің бағасы төмен. Сондықтан да ел билігіне араласқан азаматтардың баршасына сөз өнерін жетік меңгеру міндетті деп саналды. Хан да, болыс та, ел қорғаған батыр-бағлан да сөзді тауып айтатын, жер дауында, жесір дауында, құн дауында билік айтатын би, ақсақал-

дар тілдің күдіретті күшін толық жұмсай білгенде ғана дауды дұрыс шешкен. Сондықтан да болар, нысанаға дәл тиетіндей етіп сөзді тауып айтуға, мөнерлеп сөйлеуге елдің бәрі тырысатын болған. Бұл жалпыға бірдей азаматтық міндет болып саналды.

Шешен сөйлеу табиғаттың өзі сыйлаған қасиеттің бірі. Сондықтан да болар, ол кейде адамның бала жасынан байқалады. Қазақ тарихында дау-дамайларда билік айтып, дұрыс шешімін тапқан 10–13 жастағы бала билер мен бала шешендерді жиі кездестіруге болады. Бұл бала шешендердің ғана емес, барша халықтың бойындағы менталдық қасиет.

Жаратылысы шешендердің бәрі, қарадан шықса да, хан әулеті болса да билік айтуға қалыптасқан. Сондықтан да болар, қазақ даласындағы қалың шешендердің баршасы жас кезінен, не өсе келе билеу лауазымына ие болған. Мыңдаған шешен билердің болуы содан.

Әрбір шешеннің айтқан билігінде, өсиет сөзінде ел есінде сақталып қалатын, атадан балаға мұра болып қалатын небір ғибратты ой-пікірлер, аталы сөздер қалып отырады. Сол өсиеттермен бірге шешеннің аты, өзіндік дәстүрі көпке дейін сақталады. Халық ауыз әдебиетінің інжу-маржандары көбінесе сол шешендердің айтып кеткен өнегелі сөздері болып саналады. Ол ғылыми тұрғыдан зерттеліп, мақал-мәтел, фразеологизм жанрлары ретінде, қазақ халқының менталдық бір қасиеті – сөз сайысы – ақындар айтысымен байланысы бар құбылыс ретінде танылып отыр.

Шешендік өнері жалпы қазақ халқының өзіндік бір ұлттық ерекшелігі екендігін мойындаған жөн. Мыңдаған шешен билердің қоғам өмірінде шешуші рухани күштердің бірі болғандығы, ресми сот жоқ жерде, барша дау-дамайдың барлығы шешен билер мен шешен ауыл ақсақалдарының әділ де тапқыр шешімдері арқылы реттеліп келуі оларды тарихи тұлға деңгейінде қарау әбден орынды екенін көрсетсе керек.

Шешен билер мұрасы түгел жинақталып, зерттеліп болған жоқ. *“Жігіттің кім екенін бір ауыз сөзінен-ақ білуге болады”* дейтін қазақ халқы үшін бұл да бір абзал қасиет.

Біз жұмысымызда осы шешен билер әулетінен кейбір белгілілерін ғана атап өтіп, қалған көпшілігінің тізімін ғана көрсетпекшіміз.

Қанай би (1695–98–1780) – би, қоғам қайраткері. Орта жүз Арғын тайпасының Қарауыл руынан шыққан. Атығай-қарауылдың бас бийі. Абылай ханның ең жақын кеңесшілерінің бірі болған.

Құттымбетұлы Қанай би Абылай хан мен Бұқар жыраудың ұсынысымен көп жыл Орта жүзде төбе би болған. Абылайды хан сайлағанда ақсақалдар Қанайды да ақ киізге отырғызып, қараша би ретінде қатар көтерген деген аңыз бар. Ол Ташкенттің бегі болып билеп тұрған кезінде қаза болған. Сүйегі Түркістанда жерленген.

Қанай би әділ де көреген би ретінде сипатталады. Оның Бақы, Итқара атты батыр балалары болған (Екінші Қанай би – Қоқан хандығына барған елші бұл Қанайдан басқа) (Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 5-том. Алматы, 2003. 517-б.).

Қаздауысты Қазыбек би (1665–1765) – қазақ халқының ең атақты, әділ билерінің бірі, шешен, мемлекет қайраткері, ойшыл тұлғасы. Оның “Қаздауысты Қазыбек би” атануы дауысы шынымен-ақ қаздың дауысындай саңқылдап шығуына, дауысының, қынаптан шыққан қылыштай өткір сөзінің сұлулығы мен жүрекке жылы тиетін жылылық әуезіне байланысты болса керек.

Тәуке хан өз тұсында өзіне үш бәйтерек биді тірек етеді. Солардың бірі – Қаздауысты Қазыбек би. Даланың осы үш сұңғыла данышпандары – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би әр тұста әр жүздің сұңғыла саясаткерлері болды.

Ұлан-ғайыр даланы бір өзі уысында ұстап тұру қиын екендігін Тәуке хан жақсы білді. Оның алдында ғана Алтын Орда күйреп, Ақ Орда ыдырап, берекесі кетіп, ұсақ хандықтар бір-бірін түтіп жеуге дайын тұрған осындай тақ пен төж тайталасы қозып, азып-тозуға шақ қалған кезеңде, яғни Ұлы Түрік қағанаты бірнеше хандыққа бөлініп, оның төрінде қайсымыз отырамыз деген кезеңде Хорезм ірі мемлекетке айналды. Таяу Шығыстағы Осман империясы да іштей бүліне бастайды.

Осы жағдайдың салдарынан көшпелі халықтар басына ауыр қасірет туған еді. Осындай қилы заманда Абылай ханның ақылманы болып, “Ел – ебелек емес, ер – кебенек емес” деп, елінің болашақ тағдырын ойлап, ханның қасынан табылған Қаздауысты Қазыбек болды.

Қазыбек би – тек үш бидің біреуі ғана, ханның кеңесшісі ғана емес, ол ел-жұртты елдестіретін елшілік қызметін де атқарып, біраз шетелдерге барып, өз елін жақсы жағынан танытқан мәмілегер.

Қазыбек би – теңдесі жоқ шешен, ақылман, қайраткер (*Асқаров А.* Ұлы Тұранның ұлдары. Алматы: Нұрлы әлем, 1998. 105–106-бб.).

Төле би (1663–1756) – қазақ халқының атақты шешен биі, мемлекет қайраткері, Ұлы жүздің төбе биі, “Жеті жарғы” әдет заңын шығарушылардың бірі. Төле би Әлібекұлы дулат тайпасының Жаныс руынан. Төле би оқыған, сауатты, жастайынан халқының ақындық, шешендік өнерінен тағылым алып өскен. 15–20 жасында билікке араласып, әділдігімен, шешендігімен елге танылған. Тәуке ханнан кейін қазақ халқы ыдырай бастаған кезде Төле би Ұлы жүзді өзі басқарып, елінің басын құраған. Жоңғарлардың шабуылы күшейген кезде ол қарсы шаралар қолданып, жауға алым-салық төлеп, ел бірлігін сақтап қалған. Сонымен қатар Орта жүздің аға биі, Кіші жүздің де аға биі болып, Әйтеке Байбек ұлымен бірге Әз Тәукенің ақылшысы болып

істейді. Төуке Түркістан қаласын орталық қылып, Үш жүз халқын бір орталыққа бағындыруға, сойтіп Қазақ хандығын нығайтуға, жоңғар басқыншыларына қарсы қоюға, қарақалпақ, өзбек, қырғыз одағын құруға тырысты.

Төле би – қазақ халқының өміріндегі ең ірі тарихи тұлға (Тарих ілім сөздігі. Үрімжі, 1994. 781–782-бб.).

Қазақ билері

- Алшын би (Ана тілі. 13 шілде 1996).
Ақтайлақ би (Ана тілі. 5 желтоқсан 1991).
Асаубай би (Ана тілі. 5 желтоқсан 1991).
Аргынбай би (Ана тілі. 5 желтоқсан 1991).
Айжігіт қалпе би (Ана тілі. 2 шілде 1992).
Айтуар би (Беріш) (Ана тілі. 5 сәуір 1990).
Әйтеке би (Алшын)
Әлдебек би (Керей) (Ана тілі. 22 тамыз 1991).
Әнет баба (Ана тілі. 5 желтоқсан 1991).
Әлжан би (Ана тілі. 11 қараша 1994).
Бажақ би (Ана тілі. 5 желтоқсан 1991).
Байдалы би (Ана тілі. 24 қаңтар 1991).
Бала би (Ана тілі. 13 ақпан 1992).
Балпық би (Жалайыр) (Ана тілі. 22 қыркүйек 1994).
Бәйбібек би (Ана тілі. 5 наурыз 1992).
Бәймамбет би (Қаракемпір) (Ана тілі. 5 сәуір 1990).
Бекше би (Ана тілі. 5 желтоқсан 1991).
Бегеш би (Ана тілі. 5 желтоқсан 1991).
Бекболат би (Ана тілі. 9 шілде 1992).
Бекбосын би (Найман) (Ана тілі. 6 қаңтар 1994).
Бекетай би (Қатпа баласы) (Ана тілі. 12 қараша 1992).
Бекпембет би (Ана тілі. 4 тамыз 1994).
Бимырза би (Қосым) (Ана тілі. 31 қазан 1996).
Бөлтірік би (Ыстылан) (Ана тілі. 6 қаңтар 1994).
Бөкеш би (Ана тілі. 5 желтоқсан 1991).
Дәден би (Ана тілі. 31 қазан 1996).
Дәуталы би (Шымырдан) (Ана тілі. 6 қаңтар 1994).
Дәуім би (Ана тілі. 6 қаңтар 1994).
Досай би (Ана тілі. 5 желтоқсан 1991).
Досбол би (Ана тілі. 17 қаңтар 1991).
Диканбай би (Сықымнан) (Ана тілі. 6 қаңтар 1994).
Ернияз би (Ана тілі. 31 қазан 1996).
Есей би (Ана тілі. 5 желтоқсан 1991).

Еже би (Ана тілі, 2 шілде 1992).
Ескелді би (Ана тілі. 12 қараша 1992).
Есет би (Ана тілі. 5 сәуір 1990).
Жарқын би (Ана тілі. 3 тамыз 1996).
Жанғұтты би (Ана тілі. 5 желтоқсан 1991).
Жаңабай би (Кәдірқұл) (Ана тілі. 5 сәуір 1990).
Жетес би (Ана тілі. 5 желтоқсан 1991).
Кебекбай би (Ана тілі. 5 желтоқсан 1991).
Кейкі би (Ана тілі. 27 ақпан 1992).
Кенже би (Ана тілі. 5 желтоқсан 1991).
Кеңгірбай би (Ана тілі. 3 тамыз 1996).
Киікбай би (Ана тілі. 13 шілде 1996).
Көбек би (Ана тілі. 13 шілде 1996).
Көкшолақ би (Ана тілі. 5 желтоқсан 1991).
Қабылиса би (Ана тілі. 22 қыркүйек 1994).
Қазыбек би (Қаздауысты Қазыбек)
Қазыбек би (Жауғаштыда) (Ана тілі. 5 сәуір 1990).
Қанай би (Ана тілі. 5 желтоқсан 1991).
Қара би (Ана тілі. 20 ақпан 1992).
Қара Шырын би (Ана тілі. 5 желтоқсан 1991).
Қаражігіт би (Ана тілі. 31 қазан 1996).
Қараменде би (Тобықты) (Ана тілі. 3 тамыз 1996).
Қараша би (Ана тілі. 5 наурыз 1992).
Қашқынбай би (Ана тілі. 23 сәуір 1992).
Қозыбай би Есенқұлұлы (Ана тілі. 18 маусым 1992).
Қозыбай би (Ана тілі. 5 желтоқсан 1991).
Қозыкеке би (Кіші жүз) (Ана тілі. 14 мамыр 1992).
Қоқым би (Ана тілі. 5 желтоқсан 1991).
Құлбарақ би (Ана тілі. 12 қараша 1992).
Қорек би (Олжашы) (Ана тілі. 31 қазан 1996).
Құлжабай би (Ана тілі. 5 желтоқсан 1991).
Қызыл би (Ана тілі. 5 наурыз 1992).
Өмірбай би (Ана тілі. 5 желтоқсан 1991).
Өскенбай би (Ана тілі. 3 тамыз 1996).
Өтетілеу би (Ана тілі. 13 шілде 1996).
Майбалақ би (Ана тілі. 31 қазан 1996).
Майқы би
Майлықожа би (Ана тілі. 24 қаңтар 1991).
Малайсары би (Кіші жүз) (Ана тілі. 14 мамыр 1992).
Малтақан би (Ана тілі, 10 қаңтар 1991).
Мамақ би (Белгілі ақын Тайырдың атасы) (Ана тілі. 9 шілде 1992).
Матай би (Ана тілі. 12 қараша 1992).

Мәмбетшиев би (Ана тілі. 30 қаңтар 1992).
Мотжан би (Адай) (Ана тілі. 31 қазан 1996).
Моңге би (Ана тілі. 13 шілде 1996).
Моңке би (Моңке Тілеуұлы) (Ана тілі. 10 қаңтар 1991).
Мұрат би (Ана тілі. 13 шілде 1996).
Мүшеке би (Арғын) (Ана тілі. 30 сәуір 1992).
Ноғай би (Ана тілі. 5 желтоқсан 1991).
Нұрқожа би (Ана тілі. 16 шілде 1992).
Сабырбай би (Ана тілі. 5 желтоқсан 1991).
Саққұлақ (Собден би) (Ана тілі. 11 шілде 1991).
Сапақ би (Ана тілі. 5 желтоқсан 1991).
Сарыуаш би (Ана тілі. 21 қараша 1991).
Сары би (Сарыүйеін) (Ана тілі. 6 қаңтар 1994).
Сарытай би (Ана тілі. 13 шілде 1996).
Сасық би (Ана тілі. 5 желтоқсан 1991).
Сәмеке би (Ана тілі. 5 желтоқсан 1991).
Сәрет би (Ана тілі. 4 тамыз 1994).
Серкеш би (Ана тілі. 10 қыркүйек 1992).
Сиқым би (Ана тілі. 5 наурыз 1992).
Солтабай би (Ана тілі. 5 желтоқсан 1991).
Сұраншы би (Жаныстан) (Ана тілі. 6 қаңтар 1994).
Сырым би (Ана тілі. 17 ақпан 1994).
Тайкелтір би (Ана тілі. 5 желтоқсан 1991).
Тампыш би (Ана тілі. 13 шілде 1996).
Тәбекен би (Ана тілі. 3 желтоқсан 1992).
Тәжімбет би (Төртқара) (Ана тілі. 16 шілде 1992).
Тоғабай би (Қараораз) (Ана тілі. 5 сәуір 1990).
Толыбай би (Ана тілі. 5 желтоқсан 1991).
Торайғыр би (Ана тілі. 21 қараша 1991).
Төбет би (Ана тілі. 31 желтоқсан 1992).
Төле би (Үйсін) (Ана тілі. 13 маусым 1991).
Тілен би (Ана тілі. 31 қазан 1996).
Тіленші би (Қаракесек) (Ана тілі. 3 тамыз 1996).
Үкі би (Кіші жүз. Әлме руы) (Ана тілі. 12 қыркүйек 1996).
Үмбет би (Ана тілі. 13 қазан 1994).
Хана би Серкеұлы (Ана тілі. 2 шілде 1992).
Шәнкi би (Ана тілі. 5 желтоқсан 1991).
Шеген би (Ана тілі. 5 желтоқсан 1991).
Шойынбет би (Ана тілі. 9 сәуір 1992).
Шон би (Ана тілі. 20 маусым 1991).
Шорман би (Қаржас Шорман) (Ана тілі. 17 қаңтар 1991).
Шортанбай би (Табын, Есен аталығы) (Ана тілі. 11 маусым 1992).
Шыбын би (Ана тілі. 28 желтоқсан 1996).

Қазақ шешендері

Аймырза шешен (Бағаналы найман Жырақ аталығы) (Ана тілі. 31 желтоқсан 1992).

Ақтан шешен (Найман) (Ана тілі. 18 қазан 1990).

Әтей шешен (Ана тілі. 28 қараша 1991).

Бадығұл шешен (Ана тілі. 10 қаңтар 1994).

Байдалы шешен (Ана тілі. 17 қыркүйек 1992).

Бөлтірік шешен (Ана тілі. 5 желтоқсан 1991).

Бұзаубақ шешен (Ана тілі. 13 маусым 1991).

Жиренше шешен

Киікбай шешен (Ана тілі. 5 желтоқсан 1991).

Қараман Досай шешен (Ана тілі. 20 маусым 1991).

Қожағұл шешен (Ана тілі. 5 желтоқсан 1991).

Қозыбай шешен (Ана тілі. 18 маусым 1992).

Қылышбай шешен (Ана тілі. 28 қараша 1991).

Нарынбай шешен (Ана тілі. 23 қаңтар 1992).

Наубай шешен (Ана тілі. 21 мамыр 1992).

Рақымжан шешен (Ана тілі. 18 қазан 1990).

Саржан батыр (Ана тілі. 7 мамыр 1992).

Сәберлі Қантай би (Қарауыл) (Ана тілі. 11 шілде 1991).

Сүйіндік батыр (Ана тілі. 30 сәуір 1992).

Төнтібай шешен (Ана тілі. 25 шілде 1991).

Тоқсан шешен (Ана тілі. 16 қаңтар 1992).

Тойымбай шешен (Қызай руының Оразай аталығынан) (Ана тілі. 22 қыркүйек 1994).

Шындәулет шешен (Ана тілі. 27 ақпан 1992).

6. 3. Қазақтың батыр-бағландары

Кең байтақ қазақ жері мен Қазақ елін ғасырлар бойы әр алуан шапқыншылардан қорғап, елдігін сақтап, ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап қалған ержүрек азаматтарын халқы “*батыр*” деп атап, олардың қан майдандағы ерен ерлігін аңыз етіп айтып, жадында сақтап келеді.

Қазақ “*қазақ*” болып қалуының бір себебі жүздеп саналатын батырларының арқасы екенін жақсы біледі. “Батыр” аталған ер-азаматтар әр елде бар. Бірақ “қазақ даласындай батыры көп (жарты мыңнан астам) басқа да ел бар” дегенге сенуге болмайды. “Сонын себебі неде?” деген сауалға бұрын-соңды жауап бергеніміз жоқ. Пайымдап қарасақ, оның жауабы айқын: қазақ қазақ болып, өз бетінше хандық құрғаннан бастап “бейбіт өмір!” деген қасиетті ұғым көзі-

нен бұл-бұл ұшқаны белгілі. Қазақ жеріне ғасырлар бойы көз тігіп, шапқыншылық жасап қасарысқан жоңғар, қалмақ деген қас жауы тұрғанда, екі бүйірінен қысып, қалт еткен сөтіп күтіп аңдып отырған екі ұлы көрші ел тұрғанда, қазақтар малын бағып қана жайбарақат отыра алмады. Қазақтың тарихи тағдыры оны осы тауқыметке көлдіріп отырғанда оның әлеуметтік өмірі ылып аттың жалы, түйенің қомында, жаугершілік жағдайда өтті. Бұл мал баққан қазақтың кереге басында екі түрлі *кебетесі* – біреуі жауын-шашыннан қорғану үшін ұяң жүннен басып жасалған сулық киімі (буркасы), екіншісі – арасына жылқының күйрық қылын өріп салып, найза ұшы мен садақ жебесі тесіп отпейтіндей етіп күм араластырып, тығыздан басқан киіз сауықты “жау шапты!” дегенде кие шығуға дайын тұратын кезеңі болатын.

Жүздеген қазақ батырларының тарихи тұлға ретінде танылып, әлеуметтік мәртебесінің осуі де, міне, осы жағдайға байланысты еді. Елін, жерін қорғау әрбір үйдің азаматының азаматтық борышы болды, батырлық қасиет қазақтың қанына сіңген ұлттық, мінез-құлқына айналды.

“Қазақ қандай халық?” деген сауалға “батыр халық!” деген жауаптын бір себебін осы жағдайдан іздеген жөн.

Әрине, қазақ батырларын ешкім анықтан зерттеп, хатқа түсіріп, ерлігін айтқан емес. Олардың бәрі емес, біразы ғана халық жадында, ауыз әдебиетінде, шежірелерде сақталып, біздің үрпаққа шала-шарпы жетіп отыр. Ерлігі талас тудырмайтындары да (олар кезінде ауыз әдебиет үлгілерінде жырланған), тудыратындары да (хатталмағандары да) баршылық. Соның өзінде де ел жадында жақсы сақталған, ескерткіштер орнатылған, шығармалар жазылған қазақ батырларының өздері-ақ біздің шамалауымыз бойынша 500-ден асады.

Біз солардың баспа бетінде жарияланып, елге белгілі болған 20 шақтысын ғана сөз етіп, қалғандарының біразын тізім күшінде ғана атап өтпекшіміз.

Қазақ халқы басынан кешірген бұл құбылыс, сол бір ерлік (рыцарлық) заманы – бүгінде ғана егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болып отырған қазақ халқының қандай халық болғанына айқын куә болатын тарихи дерек. Батырлар қауымын сондықтан да тарихи тұлғалар деп бағалаған абзал. Батырлардың кейбіреулері сөз бастаған шешен де, топ бастаған көсем де, ел басқарған би де, сұлтан да болуы мүмкін. Олардың батырлығын біз ұлы қасиет деп бағаладық.

Атағозы Айтқұлұлы (1704–1794) – Адай руынан шыққан 40 мыңдай қазақ, қарақалпақ жасақтарының 1723 ж. қалмақтармен соғысында ерлігімен аты шыққан батыр. 1726 ж. қалмақ ханы Сәрен Дондукке қарсы жорықтарда ерекше көзге түскен. Еділ, Жем, Үстірт, Маңғыстау жерлерінде басқыншылармен болған шайқастарға қатысқан. Халық аузында Атағозы батыр туралы және батыр айтты деген көптеген

қанағатты сөздер сақталған. Х. Досмұхамедов өзінің “Аламан” жинағында Атагозы есімін қазақтың атақты билері қатарында атайды. Мұрат Мөңкеұлы, Аралбай, Нұрым сынды ақын-жыраулар жырға қосқан Атагозының зираты Бейнеудегі Бекет Ата мешітінің солтүстігінде 2 км жерде (Маңғыстау. Энциклопедия. Алматы, 1997).

Бауыржан Момышұлы (1910–1982) – Ұлы Отан соғысының аты аңызға айналған батыры, даңқты қолбасшы, жазушы.

Әскери іске аса қабілеттілігімен 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталысымен-ақ ерекше көзге түсіп, атақты қолбасшы И. В. Панфиловтың басшылығымен дивизия ұйымдастыруға атсалысады. Бұл дивизия Мәскеу түбінде асқан ерлік үлгісін көрсетіп, 8-гвардиялық Панфилов дивизиясы атымен аталады.

Бауыржан Момышұлы алғашқы ұрыстарда рота, батальон, полк басқарып, кейін дивизия командирі дәрежесіне дейін өседі.

Соғыстан соң Б. Момышұлы Фрунзе атындағы Бас штабтың Академиясын бітіреді, кейіннен сонда сабақ береді. 1956 ж. ол әскерден отставкаға шығады. “Мен отставкадағы полковникпін, бірақ отставкадағы жазушы емеспін” деп, қаруын қаламға айырбастап, жазушылықпен шұғылданады.

Б. Момышұлына Кеңес Одағының Батыры атағы өзі дүниеден өткеннен кейін берілді. Сұрапыл соғыстың алғашқы жылдары-ақ оның қаһармандығы, Отанына адалдығы бүкіл елге мәлім болған еді. Белгілі жазушы Александр Бек өзінің “Арпалыс” атты повесінде панфиловшылардың ерлігін паш етіп, Момышұлының ұрыстағы қаһармандығына өділ баға берді.

Бауыржанның ерлік даңқы бүкіл республикаға аңыз болып таралды. Майданда ерлік көрсеткен қазақтардың бірде-біреуі дәл Б. Момышұлындай дүркіреген жоқ.

Бауыржан Мәскеуден Берлинге дейінгі сұрапыл соғыстың жолдарын түгел өтті. Кескілескен талай шайқастарды басынан өткізді. Намысын кекке қайраған Бауыржан соның өзінде адамгершілік асыл қасиетіне дақ түсірген жоқ. Ол қазақ, орыс тілдерінде төгіліп тамаша жазады. Атақты жазушының “*Үшқан ұя*”, “*Бір күннің оқиғасы*”, “*Артымызда Мәскеу*”, т. б. шығармалары талай ұрпақтың үлгі-өнегесіне айналды.

Ұлағатқа толы “*Үшқан ұя*” романы республиканың Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

“Қырсығым қырық есекке жүк” деп өзі айтқандай, кейбір көктемдей құбылмалы мінездері өте қиын еді”, – деп көрсетеді Асқаров Асанбай.

Бауыржан – өте терең білімді, ерекше туған жан, қолбасшы, философ, ақын, әдебиетші, әскери психолог. Тарихи тұлға... (Асқаров А. Ұлы Тұранның ұлдары. Алматы: Нұрлы әлем, 1998. 177–179-бб.)

Қабанбай батыр (1692–1770) – қазақ халқының атақты батыры, мемлекет қайраткері. Шын аттары – Ерасыл//Дарабоз//Қаракерей Қабанбай. Ол – қазақ халқының жоңғар шапқыншыларына қарсы күресінде ерекше ерлік көрсетіп, талантты қолбасшы ретінде аты шыққан батыр. Найман ішіндегі Қаракерей руының Байжігіт тармағынан. 16 жасында ағасы Есенбайды өлтірген жоңғарды жау арасына жасырынып барып өлтіріп, кек алған. Ол жылқыға шапқан қабандарды өлтіріп, “Қабан батыр” атанған. 1717 ж. Аягөз шайқасында ерекше көзге түсіп, Қабанбай батыр атанады. 1723 ж. Түркістан қорғанысына, 1726 ж. Бұланты шайқасына, 1730 ж. Аңырақай-Алақол шайқасына, кейін Шыңғыстау, Ертіс бойындағы шайқастарға қатысып, Абылай ханның бас батырларының біріне айналады. Ол Шыңғыстаудағы Шаған шайқасында ақбозатпен топ жарып, жауға шапқаны үшін Дарабоз атанады.

Қаракерей Қабанбай 1751 ж. Сыр бойы, Шымкент, Сайрам, Ташкент қалаларын жоңғарлардан тазартып, Ташкентте Төле бидің билікке келуіне көмектесті. Шыршық өңірінде Жоңғарияға айдалып бара жатқан бірнеше мың қарақалпақты құтқарып қалады. 1752–1754 жж. Жетісу, Тарбағатай, Алтай өлкелерін жоңғарлардан азат ету жорықтарында Қабанбай басқарған қазақ әскерлері алдымен Іле, Балқаш, Қаратал өңірін жаудан тазартуға қатысады.

Қабанбай Баспан-Базар, Шорға, Маңырақ шайқастарына қатысып, Зайсан, Марқакөл, Күршім өңірлерін азат етеді.

Қазақ жері басқыншылардан азат болғаннан кейін Қабанбай 1758 ж. Барлықтан Үрімжіге 300 жылқы айдап барып, қазақ-қытай саудасын бастап береді.

Халыққа істеген осы батырлық еңбектерін бағалап, Қабанбай батырға Алақөл ауданының орталығы Үшарал қаласында ескерткіш орнатылған. Сондай ескерткіш-монумент Астана қаласының іргесінде де бар. Жазушы Қ. Жұмаділовтің “Дарабоз” романы батырдың ерлігі мен өмірбаянына бағышталған.

Қаракерей Қабанбай батыр – қазақ халқының Жоңғар шапқыншылығынан жеңіспен шығуына ғажайып ерлік көрсеткен тарихи тұлға. Оны халық мақтан етеді, мәңгі есінде сақтайды (Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 5-т. Алматы, 2003. 173-б.).

Сатай батыр (XVIII ғасыр) – Аққабақұлы Сатай, тегі Суан руынан шыққан, Жетісу өлкесін жоңғар басқыншыларынан азат етуге қатысқан және сол шайқастарда ерлік көрсеткен, батырлығын танытқан азамат. Ел жадында сақталған жыр-толғауларда, халықтық шежіре баянында оның ерлік істері туралы аңыз-өңгімелер бар. Әсіресе оның Хангелді, Аралбай, Бақай, Райымбек батырлар сияқты

жоңғарларға қарсы соғыста Ойрантөбе шайқасына қатысқаны туралы нақтылы деректер сақталған. Мысалы, Кенен Әзірбаев:

“Суаннан Сатай, Бөлек, Аралбайлар,
Қабандай күркіреген талайлар бар.
Түс-түстан хас сандықтар атой салса,
Жау жаны кеудесінде қалай қалар...” – деп жырлайды.

6. 4. Ақын-жазушы, жыраулар

Абай Құнанбайұлы (1845–1904) – қазақ халқының жазба әдебиетінің негізін қалаушы, ұлы ағартушы, ойшыл, философ, композитор, өз халқының келешегін ойлап, мың толғанып, жан-жүрегімен езіле жырлаған дарынды ақын.

Абай 1845 ж. Қарқаралы округінде, Шыңғыстау бөктерінің Қасқабұлақ қойнауында дүниеге келген. Оның әкесі – Құнанбай өз заманының өмірі күшті ірі байларының бірі болған.

Абайдың балалық шағы XIX ғасырдың орта тұсы, Қазақстанды патшалық отарлау саясаты өршіп, ескі заман мен жаңа өмір арпалыса бастаған кез еді. Осындай ортада тәрбиеленген Абай өмірге жас шағынан-ақ ақындық жүрегімен терең зер сала жүріп, әлеумет қайраткері болып шықты. Өзге балаларынан озып шығып, артық туған Абайды әкесі Құнанбай өз ырқына салып көндіргісі келді. Өр мінезді Құнанбай ел билеуші аға сұлтан да болып сайланды. Мұны М. Әуезов те ашық жазады. Абай жаңа өмір жолына ұмтылып, шырғалаңға түседі. Әке мен бала арасындағы күрес өршиді. Абай ел ішіндегі феодалдық-рулық арпалыс пен айқасты көріп өсті. Қоғамдық, тарихи қайшылықтарды терең аңғарып, тани бастады.

Абай ел арасындағы озбыр күштер мен оған иек артқан жуандардың зорлық, пәлеқорлығын ғана емес, өз әкесі мен оның жақындарын да қатты сынады.

Абайдың ағартушы, философ, демократ, кемел ойлы қайраткер болып қалыптасуына айдауда жүрген орыс демократтарымен достасуы үлкен әсерін тигізеді. Олардың шығармалары Абайды тәнті етті. Даналарды тани білуі Абайдың да ұлылығын танытты.

Абай қытымыр замандағы халық өмірін жан-жүрегіменен ұғып, надандық пен тағылыққа қарсы, қоғамның дамуына кедергі әрекеттерге қарсы күресті.

Абайдың ойы, тұжырымы тек өлеңдерінде ғана емес, “Ғақлия” атанған қарасөзіндегі жүрек толғауында айқын көрінеді. Міне, осылайша Абай қазақтың бос мақтан, күр әуре әдет-салты мен жат

қылықтарының орнына пайдалы еңбекті, озық өнер-білімді үлгі етеді. Көрші елдердің жақсы істерінен үйренуге шақырып, қоғамдық дамудың үрдісінен артта қалып қоймауға үндейді.

1995 жылы ұлы ойшыл, философ, гуманист, демократ Абайдың 150 жылдық мерейтойын бүкіл әлем тойлады. Абай тек қазақтың ғана емес, бүкіл адамзаттың перзенті. Абайдың рухани мұрасын меңгеру – қазақ халқының ең абзал міндеттерінің бірі (*Асқаров А. Ұлы Тұранның ұлдары. Алматы: Нұрлы әлем, 1998. 132–136-бб.*).

Мұхтар Әуезов (1897–1961) – қазақ халқының ұлы жазушысы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз, ҚазҰА академигі, доктор, профессор. Ол 1908 ж. Семейдегі Камалиддин хазірет медресесінде, кейін Семейдегі 5 кластық орыс қазына училищесінде оқыған. Оны аяқтап, 1915 ж. Семей қалалық мұғалімдер семинариясына түседі. Осы кезден бастап ол шығармашылықпен айналысады. “*Еңлік-Кебек*” пьесасын жазады. Семейде “Алаш жастары” одағын құрып, түрлі үйірмелердің ашылуына ұйытқы болады. М. Әуезов сол кезде қазақ халқының бар мүдде-мақсатын айтып (С. Сәдуақасов екеуі) РК (б)П Орталық Комитетінің арнаулы өкілі В. Г. Юдовскийге 8 түрлі мәселе бойынша ашық хат жазады. Осы хаттың негізінде М. Әуезов “ұлтшыл-алашордашыл” деген айып тағылып, саяси сахнадан шеттетіле бастайды. Сол жылдары М. Әуезов Орта Азия мемлекеттік университетіне тыңдаушы болып, ал 1923 ж. Ленинград мемлекеттік университетінің қоғамдық ғылымдар факультетінің тіл-әдебиет бөліміне оқуға түседі. Оны бітірген соң Семей мұғалімдер техникумында оқытушылық қызмет атқарады.

Осы жылдары М. Әуезов бірнеше журнал шығарып (“*Шолпан*”, “*Сана*”, “*Таң*” т. б.), көркем шығармаларын жариялайды, ғылыми экспедиция ұйымдастырып ел арасынан халық фольклорын жинастырады, зерттейді. “Әдебиет тарихы” атты монографиясын жариялайды (1927 ж.), болашақ шығармаларына (“*Қараш-қараш*”, “*Қилы заман*”, “*Хан Кене*”, т. б.) қажетті материалдарды сұрыптайды.

М. Әуезов 1928 ж. Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің аспирантурасына қабылданады, жаз айларында Қырғызстанды аралап, “Манас” жырын зерттейді, Абай шығармаларының қолжазбаларын (2 том) баспаға өзірлейді. Осы кезде алаш қозғалысының көсемдерін қудалау басталып, М. Әуезов те түрмеге қамалады (1930 ж.). Екі жылға созылған тергеу 1932 ж. М. Әуезовті үш жылға шартты түрде бас бостандығынан айырады. Ол Абай туралы зерттеулерінен, “*Каракөз*”, “*Еңлік-Кебек*”, “*Қилы заман*”, “*Хан Кене*” сияқты еңбектерінен бас тартып, ашық хат жазып айыптаудан құтылады (1932 ж.). Жоғары оқу орнында оқытушы, Қазақ драма театрының әдебиет бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарады.

Сол 1932 жылдың қыркүйек айынан бастап, ҚазПИ-дің оқытушысы болып істейді.

“Абай” романының жарық көруі қазақ мәдени өміріндегі ерекше оқиға болды (1942). Оны талқылау үлкен науқанға айналды. Сын пікірлерден кейін роман жөнделіп, қайтадан жарық көрді (1946). Роман үшін авторға Сталиндік (мемлекеттік) сыйлық беріледі. Ол көп жылдар жоғары оқу орындары мен ҚазҒА-да қызмет істейді. Ұстаздықпен, ғылыммен, шығармашылықпен шұғылданады. Атағы жержүзіне кең жайылады. “Абай жолы” роман-эпопеясы үшін Лениндік сыйлық беріледі. 1961 ж. 27 маусымда Мәскеуде қайтыс болады (Ахметов З. Әуезов М. // Түркістан халықаралық энциклопедиясы. Алматы, 2000. 150–153-бб.).

Бұқар жырау (1693–1787) – қазақ халқының аты әйгілі ұлы жырауы, мемлекет қайраткері.

“Ел бастау қиын емес,
Қонатын жерден көл табылады.
Қол бастау қиын емес,
Шабатын жерден ел табылады.
Шаршы топта сөз бастаудан қиынды көргем жоқ!” –

деп сөз өнерінің өте құдіретті екенін жыр еткен Бұқар жырау ақындығымен қатар мемлекет қайраткері әрі саяси қайраткер.

Әкесі билеуші де, шонжар да емес, жорықтарда ерлік көрсеткен батырлардың бірі болса керек. Ол Тәуке хан тұсындағы билердің бірі болғандығы белгілі. Ал, Абылай ханның тұсында оның көмекшісі әрі идеологы болды, ақ бағаналы бас ордасындағы ақылманы атанды. Айбыны асқан Абылайдың кейде ел билеген хан болса да, пендешілік жасаған іс-әрекетін, асып-тасқан жат мінезін бетіне баса айтып, сынап отырған. Мысалы, Қоқан хандығын жеңгеннен соң Абылайдың “Енді ұрыс жоқ, ер егесі қоныс тапты!” деп тасып, сарбаздарын таратып жіберуін естіп қатты кейиді. Немесе, Ресеймен соғыспауын қалап, сойқан соғысты тоқтатады.

Бұқар жырау Үш жүздің басы бірігіп, бір ой-мақсатпен бірігіп, бір орталыққа бағынуын, мықты мемлекет құрылуын қалайды, ақындық, жыраулық қасиетін танытып отырды. Оның мемлекеттік қайраткер ретіндегі парасаты, биік тарихи тұлғасы уақыт өткен сайын биіктеп, даралана түсуде (Асқаров А. Ұлы Тұранның ұлдары. Алматы: Нұрлы әлем, 1998. 113–114-бб.).

Жамал әл-Қарши (1230–ө.ж.б.). Шын есімі Әбу-л-Фадл ибн Мұхаммед әл-Қарши. Ол Алмалықтың билеушісі Сунақ тегіннің сарайында Атабек (хан балаларын тәрбиелеуші) қызметін атқарған, моңғол ханы Жошының қызы – Бұлған бикенің тәрбиешісі болған. Ол кейін Сарай кеңсесін басқарған, XIII ғ. 30-жылдарында Сыр-

дарияның төменгі ағысындағы Орта Азия жерлеріне саяхат жасап, Оңтүстік Қазақстанның Баршынкент, Жент қалаларында болады. Сол кезде ол XIII ғасырдағы әйгілі сопылық шайхы Нажм әд-дин Құбраның құлпытасына ескерткіш жыр жазған. Араб тіліндегі бірден-бір тарихи шығарма “Мулхакат-әс-Сурахтың” авторы. Онда ол моңғол шапқыншылығынан, Түркістан тарихынан сыр шертеді, көптеген тарихи тұлғалар туралы құнды деректер келтіреді (*Асқаров А. Ұлы Тұранның ұлдары*. Алматы: Нұрлы әлем, 1998. 50–51-бб.).

Жамбыл Жабаев (1846–1945) – жүз жасаған қазақтың атақты ақыны, жыршы-жырауы. Жамбыл жасынан өлең-жырға қанып өскен ортада тәрбиеленеді, ол өз анасы Ұлданның ақындық талантынан, Сүйінбай Аронұлы сияқты жыр даңғылынан тәлім-тәрбие алған. Жамбылдың сөз сүлейі ретінде қалыптасуы тек Жетісу ақындық мектебінің ауқымында қалған жоқ. Ол өзіне дейінгі өмір сүрген атақты жыраулардың, өзімен қатарлас ақын мен жыраулардың бай мұрасын, күллі халық поэзиясын толық меңгерген, өз шығармаларына тұғыр еткен ақын. Сонымен бірге ол туысқан қырғыз елінің де сөз өнерін жетік меңгерген, қырғыз ақындарымен де өнер сайысына түсіп отырған. Жамбыл екі миллионнан астам өлең жолын жадында сақтаған.

Өмірден көргені, білгені, көңілге түйгені мол, халық тарихын шежіредей шертіп жырлаған ақын артында аса бай мұра қалдырды. Ол жалпыұлттық мәдени мұрамыздың қомақты бір бөлігі болып саналады.

Жамбыл – қазақ халқының рухани өмірінің жыршы куәгері, ерекше тарихи тұлға.

Ілияс Жансүгіров (1894–1938) – қазақ халқының аса талантты ақыны. Болашақ ақынның біраз уақыты ауылда өтеді. Ол 1920 жылы Ташкенттегі 2 жылдық мұғалімдер курсына түсіп, соны бітіріп, ауылда мұғалім болып, кейін “Тілші” газетінде қызмет атқарады. 1925–1928 жж. Мәскеудегі Журналистика институтында оқып, оны бітірген соң, “Еңбекші қазақ” газетінде қызмет атқарады. Ол шығармашылықпен қатар Қазақстан Жазушылар одағын ұйымдастыру ісіне де (комиссия төрағасы ретінде) белсене араласады және алғашқы төрағасы болып сайланады... 1937 жылы жалған саяси айыппен тұтқындалып, 1938 жылы ату жазасына кесіледі, 1958 жылы ақталады.

I. Жансүгіровтің өлеңдері 1917 жылы Семей, т. б. жерлерде шығатын газет-журналдарда (“*Сарыарқа*”, “*Сана*”, “*Тілші*”, “*Ақ жол*”, “*Кедей еркі*”, т. б.) жариялана бастайды. Ол А. С. Пушкиннің “Евгений Онегин” романын, М. Лермонтовтың, Н. Некрасовтың, Гейне мен Гюгоның, Ф. Тоқайдың, К. Лахутидің т. б. ақын-жазушылардың шығармаларын қазақшаға аударады. 1994 жылы Талдықорған қаласында Жетісу мемлекеттік университетіне ақынның есімі беріліп, оның қоладан құйылған ескерткіші орнатылды (СЖЭ, 290–291-бб.).

Мағжан Жұмабаев (1893–1938) — аса дарынды қазақ ақыны, халық қамын жеген ойшыл азамат, мемлекет қайраткері.

Мағжан ел ішіндегі атақты, дәулетті кісілердің бірі — Бекеннің отбасында дүниеге келген. Ол ерте хат танып, араб, парсы, орыс тілдерінде білім алуға құлшынады. Қызылжардағы медреседен, содан соң Уфа қаласындағы атақты татар жазушысы Ғалымжан Ибрагимовтан тәлім алады. 1913–1916 жж. Мағжан Омбы қаласындағы семинарияны оқып бітіреді. 1919 ж. Совет құрылысына араласып, Қызылжарда “Бостандық туы” газетінің редакторы болады. 1928 ж. Брюсов атындағы әдебиет институтында оқиды.

Жиырмасыншы жылдары Мағжан тарихи тақырыптарға қалам тартты. Соған орай ол “*Қорқыт*”, “*Қойлыбайдың қобызы*”, “*Батыр Баян*”, “*Тоқсанның тобы*” дастан, өлеңдерін дүниеге келтіреді. Олар үшін Мағжанды “ұлтшыл-буржуазияшыл” деп айыптай бастайды. Саяси айыптың ақыры оны абақтыдан бір-ақ шығарады. Ол 1924–1929 жж. алыс Карелияға жер аударылды. Ал түркі қауымы оны “шығыс поэзиясының жұлдызы” деп таныды. М. Горькийдің шапағатымен ол айдаудан ерте босанып, елге қайта оралады. Бірақ көп ұзамай “Алашорда дерті сіңген” жазушы деген жаламен ату жазасына кесіледі. Оның өлең-жырлары ел арасында жасырын оқылып жүрді.

1929 ж. заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов: “Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін, бұдан соң Мағжанды сүйемін, — дей келіп, — Мағжан — мәдениеті зор ақын. Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілігіне қарағанда бұл бір заманның шегінен асқандай...” деген еді. Шындығында да, табиғат сырын Мағжандай таныған ақындар аз.

Бір ғажабы, нәзік сырлы жыр иесі Мағжанның ұлттық тәлім-тәрбие туралы қосқан үлесі де аз емес. Ол “Педагогика” атты оқулық жазды, ұстаздық психологияны жетік біліп, бір міндетім деп санады.

Ақын: “*Дүниеде теңіз терең емес, адам жаны терең*” деп түйіндейді. Ақынның қазақ мектептеріне бағыштап жазған оқулықтары мен ғылыми-педагогикалық мақалалары да өте құнды. “Тіл — адам жанының тілмашы. Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт — тілі болуы. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сайран даласы, біресе желсіз түңдей тынық, біресе күйіндай екпінді тарихы, сары далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі — бәрі көрініп тұр. Қазақтың сары даласы кең. Тілі де бай. Осы күнгі түркі тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, оралымды, терең тіл жоқ. Түрік тілімен сөйлесеміз деген түрік балалары күндерде бір күн айналып қазақ тіліне келмекші, қазақ тілін қолданбақшы, күндерде бір күн түрік балаларының басы біріксе, сол

біріккен тілдің негізі қазақ тілі болса, сөз жоқ, түрік тілінің келешек тарихында қазақ ұлты қадірлі орын алмақшы. Келешектің осылай болуына иманымыз берік!”.

Ия, ұлы ақын – ұстаздың ұлағатты бұл сөзі заманынан озып туған оның дара тұлғасын танытып отыр. Осы бір патриоттық сезіміне тұнған мына бір шумақ өлені түгел түркі елдерінің әнұранына айналды:

Түркістан – екі дүние есігі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған,
Түріктің тәңірі берген несібі ғой.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып өскен.
Тұранның тағдыры бар толқымалы,
Басынан көп тамаша күндер кешкен...

“Қазақ елі – түркі әлемінің қара шаңырағы” деген сөз осы идеяның жалғасы. Осы идеяны айтушы – Мағжан ақын! (*Асқаров А. Ұлы Тұранның ұлдары. Алматы: Нұрлы әлем, 1998. 148–150-бб.*).

Сүйінбай Арон (1815–1898) – қазақ ауыз әдебиетінің ірі өкілі, айтыс өнерінің дүлдүлі. Жыр алыбы Жамбыл:

Менің кірім Сүйінбай,

Сөз сөйлемен сиынбай..., – деп ақындық батаны осы алып айтыскер ақын Сүйінбайдан алады. Сүйінбай бұл дүниемен бақұлдасар алдында сүйікті домбырасын өлең-сөздің даңғылы Жамбылға аманат етіп тапсырады. Бұл да бір өнер жалғастығының шынайы көрінісі іспетті.

Сүйінбай жастайынан-ақ сырлы сөзбен айтыс өнерінің сайысында сыналады. Оның Тезек төремен жеке айтысын ел жатқа айтып жүреді. Сүйінбай шешендігі мен көсемдігі мол, дау мен жаңжал, тартыста кара қылды қақ жарған әділқазы әрі нәзікжанды мәмілегер болған. Сыншыл да сыршыл өлең, шешендік нақылдармен ел арасына кең тараған Сүйінбай ақынды Мұхтар Әуезов: “*Сүйінбай – Жетісу ақындарының алтын діңгегі*” деп бағалаған. Оның шығармаларында шындық пен әділет, азаттық пен теңдік үшін шырылдаған күрескер қалың бұқараның үні бар. Оның шығармалары елді, жерді жаудан қорғауға, туған топырағын сүюге үн тастағандай болып естіледі.

Егер қазақ өнерлерінің ішінде ақындық өнері ең биік, парасатты өнерге жатса, соның бір шарықтау шегіне жеткен ойшыл да дарындыларының бірі – Сүйінбай. Айтыс өнерінің ұлы тұлғасы (*Асқаров А. Ұлы Тұранның ұлдары. Алматы: Нұрлы әлем, 1998. 131–132-бб.*).

6. 5. Ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз, ойшыл даналар

Қазақ халқының кең-байтақ даласы ғұлама ғалымдар мен ұлағатты ұстаздарға, атағы әлемге әйгілі ойшыл даналарға бай. Қазақ халқын “оқымаған надан” деп кұстаналау – ақты қара қылып көрсетуге тырысқан идеологияның әрекеті екенін тарихымыз, сол тарихтың тұлғалары дәлелдеді. Әбу Насыр әл-Фарабидей Аристотельден кейінгі әлемдегі екінші ұстазды Алла тағала дүниеге жалғыз келтірмесе керек. Тек Отырар қаласының бір өзінен атағынан бас айналатын ондаған ұлы ғұлама ғалымдар мен ұлағатты ұстаздардың қатарласа өрбіп шығуының өзі қазақ топырағының кұнарлы екендігін көрсетіп тұрған жоқ па? Олардың бәрі Әбсаттар қажының “Шығыс жұлдыздары” атты еңбегінде сипатталып отыр.

Ал, енді шолуымызда ортағасырларменен ғана шектелмей, арғы-бергі тарихымызды барлап, бүгінгі өркениетті заманымызды қоса қарастырсақ, бұл топқа жататын зиялы азаматтардың есімдері үшан-теңіз болған болар еді.

Біз жұмысымызда олардың кейбіреулерін ғана атап, көбінің тізімін көрсетумен ғана шектелуді жөн көрдік. Өйткені олар, әсіресе бүгінгі өркениетті заманда, өте көп. Олардың бөріне сипаттама беру біздің негізгі жұмысымыздың бағытын өзгертіп жіберуі де мүмкін.

Қалай болғанда да, қазақ қауымында бұл әлеуметтік топқа жататын зиялы азаматтардың салмағы зор, олар жалпы халқымыздың өркениетті өмір өрісінің көш соңында емес екендігін көрсетеді. Халықтың жалпы мөлшеріне сөйкес ойшыл даналар, ғылымда жаңалық ашқан, оған зор үлес қосқан ғұламалар аз болған жоқ.

“Қазақ қандай халық?” деген сауалға “ұлағатты халықтардың бірі” деп жауап беруге негіз бар.

Аспандияров С. Ж. (1889–1938) – мемлекет қайраткері, ғалым, педагог. Әкесі Жафар сұлтан, Ресей армиясының генерал-майоры. Сан-жар Жафарұлы Ташкенттегі реалдық училищені, Петербург әскери-медициналық академиясын бітіргеннен кейін Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысады. Одан Орта Азия мен Қазақстанда жауапты қызметтер атқарады: Түркістан АКСР-інің денсаулық сақтау, жер, халық комиссары, Компартия ОК-нің хатшысы қызметі. Ұлттық-территориялық межелеу тұсында (1924–1925) Ортаазиялық Федерация құру идеясын ұстанды. Ол ММУ-дың профессоры, Н. Нариманов атындағы Шығыстану институтының директоры. Қазақстанда Абай атындағы пединституттың алғашқы ректоры (1928–1931), денсаулық сақтау халық комиссары, Алматы мединститутын ұйымдастырушы және оның алғашқы ректоры. Сонымен қатар ол – медицина пәнде-

рін дамытумен бірге Қазақстанның тарихы мәселелерін де зерттеген ғалым. КСРО ҒА-сының базасы//филиалы төрағасының орынбасары (1933–1937) қызметін атқарды. Аспандияров С. – жалған жаламен ату жазасына кесілген саяси қуғын-сүргін құрбандарының бірі.

Аспандияров С. – халқына еңбегімен танылған оқымысты, мемлекет қайраткері, тарихи тұлға (Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 1-т. 1998. 481–482-бб.).

Ахмет Байтұрсынұлы (1873–1938) – қазақ тіл білімінің атасы, әдебиеттанушы, ақын, тәржімші, мемлекет қайраткері. Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің көрнекті қайраткері.

Ахмет он үшке жаңа толған шағында әкесі Байтұрсын патша өкіметіне қарсы ашық қыр көрсеткені үшін 15 жылға жер айдалып кетеді. Оның әсерін Ахмет:

“Оқ тиіп, он үшімде ой түсіріп,

Бітпеген жүрегімде бар бір жарам...” – деген жыр жолдары арқылы аңғартады.

Ахмет 1886 жылы Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесін, одан соң 1891–1895 жж. Орынбордағы мұғалімдік қазақ мектебінде білім алады. Мектептен алған білімі осымен тамамдалады.

Алайда, Ахмет Байтұрсынұлының есімі қазақ тарихында халықтың рухани өркендеуімен тығыз байланысты. Оның шығармалары мен жалпыхалықтың “Қазақ” газеті қыр қазағының елдік сезімін оятады.

Патшалық тәртіптің құрсауына түсіп, туған ел мен жерінен жырақтаған ақын Орынборға жер аударылды. Одан соң ол большевиктердің де бұғауына түседі. Бірақ ол Қазақ даласына адам айтқысыз зобалаң тәжірибе жасауға тырысқан олардың “қызыл гвардияшылық” жобасымен келіспейді.

Қашанда ұлттық сана-сезімінің өрлеу дәуіріндегі зиялы қауымның саясаттан тыс қалуы мүмкін емес екендігі белгілі. Сондықтан да, ол өзінің тергеушілерге берген жауабында:

“Менің бар ой-мақсатым – қазақ халқының тұрмыс жағдайын, рухани мәдениетін көтеру. Ал, мұның өзі оның игілікті дамуының алғышарты болғандықтан, мен осы мұратты қандай билік қамтамасыз ете алса, соған риза болмақпын!” – дейді.

Әсіресе, Ахмет Байтұрсынұлының тіл ғылымындағы теориялық, психологиялық қисындары, әдістемелік ой-пікірлері аса құнды. “Әліппе-таңбалар жұмбағы” атты еңбегінде Ахмет араб әрпінің латын таңбасынан әлдеқайда ұғымды да жеңіл екенін дәлелдейді. Ол араб әрпін Орта Азия халықтары қолданып жүрген тәжірибеді қазақ тіліне ыңғайлап, жетілдірудің әдістемелігін де жасады.

Ахмет Байтұрсынұлы “Алаш” партиясының саяси ісіне де белсене араласты. Тәуелсіз демократиялық мемлекет құруды жақтады.

“Алаш” партиясының мүшелері негізінен жаңа оянған буржуазиялық интеллигенцияның өкілдері болатын. Сондықтан да өздерін қоғамның алдыңғы қатардағы көшбастаушысымыз деп есептеді.

Ахмет Байтұрсынұлының елу жасқа толғанына арнап 1923 жылы жазған мақаласында Мұхтар Әуезов оны “оқыған азаматтың тұнғышы, алғашқы рухани көсемі” дей келіп:

“...Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны – “Қырық мысал”, “Маса”, “Қазақ” газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер” деп жоғары баға берген еді. Шынында да солай! (Асқаров А. Ұлы Тұранның ұлдары. Алматы: Нұрлы әлем, 1998. 142–144-бб.).

Әбу Ибраһим Исхақ әл-Фараби (т. ж. б. – 961) – аса ірі тіл маманы. Оның негізгі туындысы – “*Диуан әл-адаб*” (“Әдеби жинақ”) деп аталады. Атақты неміс шығыстанушысы Карл Броккельман (1868–1959) 1897 ж. Веймар қаласында шыққан “Араб әдебиетінің тарихы” атты еңбегінде бұл ғалым туралы былай деп жазады: “Әбу Ибраһим Исхақ бин Ибраһим әл-Фараби Түркістан өлкесіндегі Фараб (Отырар. – Ә. Д.) қаласында туылған. Біраз уақыт Забидте тұрды. Сонда жүріп ол ...біздің заманымызға жеткен өзінің негізгі еңбегін жазды. Кейінірек туған (Отырар) қаласында ұстаздық етті де, соңыра 350/961 жылы осында дүниеден өтті”.

К. Броккельман өз кітабында Отырар ғалымының еңбегін талдап көрсетеді. Бұл еңбектердің Париж, Лондон, Фес, Каир шаһарларында сақталатындығын ескертеді. Отырар ғалымының толық аты-жөні – Әбу Ибраһим Исмаил бин Ибраһим. Оның өз есімі – **Исхақ**, Әкесінің аты – **Ибраһим**.

Ғалымдардың пікірі бойынша: “Отырар перзентінің шығармасы – араб филологиясы үшін теңдесі жоқ дүние”. Оны ғалымдар Каир қаласында жетпісінші жылдары 4 том етіп басып шығарады. “Диуанды” баспаға дайындаған профессор, доктор Ахмад Мұхтар Омар. Жинақтың “адаб” деп (“ізгілікті”) аталуы ол сөздің араб тіліндегі көне мағынасына байланысты. *Адаб* – “адам бойындағы ізгі қасиеттерді тәрбиелеу, салауатты білім беру, поэзияның озық үлгілерімен таныстыру” деп ұғылған.

Отырардың тілші ғалымындай еңбек жазған басқа ғалым о кезде бола қоймаған. Ол – теңдесі жоқ ғұлама ғалым, тарихи тұлға (*Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. Алматы: Рауан, 1995. 33–38-бб.*).

Әбу-л-Қасым әл-Фараби (1130–1210) – ол кейде толық аты-жөнімен *Имад әд-дин Әбу-л-Қасым Махмуд бин Ахмад бин Әбул-Хасан*

әл-Фараби деп те аталады. Ә. Дербісәлиевтің анықтамасы бойынша, Имад ад-дин – қаңлы тайпасынан шыққан ғалым. Оның себебін ол былайша түсіндіреді: “Ортағасырлық әл-Қойлақи деген ғалым өзінің “Насап наме” (“Шежіре жайлы әңгіме”) деген еңбегінде моңғолдар Отырарға шапқыншылық жасар алдында Хорезм шаһының Отырарды мекен еткен қаңлы тайпасын риза ету үшін қаңлы текті Қайырханды Отырарға әкім етіп тағайындағанын айтқан. Ал бұл Шиад әд-дин (өз аты) өмір сүрген тұсқа дәл келеді”.

Имад ад-диннің негізгі еңбегі – “Халисату-л-хакаиқ лима фиһи мин әл-әсалиб (фи ануа әл-улуи) ад-Дакаиқ” (“Ғылым түрлері бойынша нәзік тәсілмен (стильмен) жазылған таза шындық” (1200–1201 жж.). Бұл қолжазба қазір Үндістан, Голландия, Түркия, Египет, Ватикан кітапханаларында, Санкт-Петербург қаласында сақтаулы.

Автордың өзі ол кітабын “Хуласатул-л-халиса” деп атапты. Кітап 50 тараудан тұрады. Мысалы, бірінші тарауы – “*Ақыл жайлы*”, екінші тарауы – “*Ғылым туралы*”, үшінші тарауы – “*Таза шындық*”, т. б. осы сияқты ғибратты ұғымдардан тұрады. Олар адамдарды тек игі жақсы істерге шақырады.

Имад ад-дин әл-Фарабидің тарихи пәлсапалық шығармасы Қожа Ахмед Иасауидің “Даналық сөздерімен” таныстығын аңғартады. Мәселен, ол адамды Алланы сүйге, оған бас иіп, құлшылық етуге, қайырымды іс істеуге уағыздайды. Бұл уағыздардан суфизм бағытын аңғаруға болады. Оны терең түсіну үшін Қожа Ахмет Иасауи дәуірін, сопылық тағылымды жақсы білу керек.

Имад ад-диннің тағы бір еңбегі – “Пайғамбарлардың қасиеттері туралы әулиелер сөзі” һәм “уағыз үлгілері” – Ташкент қолжазба институтында сақтаулы (*Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары*. Алматы: Рауан, 1995. 54–63-бб.).

Әбу Наср Мұхаммед ибн Тархан әл-Фараби (870–950) – ұлы ғалым, ойшыл философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логик, музыка зерттеушісі. Отырар қаласында дүниеге келген. Ол 20 жасына дейін сонда оқып, тәрбиеленіп, кейін мұсылман Шығысының көптеген елдерін аралаған. Ұзақ уақыт бойы Араб халифатының орталығы – Бағдатта тұрған. Арабтың мәдениеті мен білімі дәуірлеген шағында сонда оқып, білім алып, ғылыми жұмыстармен айналысқан. Өмірінің соңғы жылдарын Каирде, Алепода, Дамаскіде (Шамда) өткізген.

Әл-Фараби есімі дүниежүзі мәдениеті мен ғылымының тарихынан берік орын алады. Оны Шығыстың Аристотелі, екінші оқытушы деп атаған. Артында қалған ғылыми мұрасы мол; біздің заманымызға 160-қа жуық трактаты жеткен. Олар ғылымның алуан түрлі саласын қамтиды. Оның қоғамдық, этикалық, эстетикалық, философиялық көзқарастары мен концепцияларының қалыптасуына себеп болған

жағдайлар: 1) ежелгі заманның ойшылдарының ықпалы болды; 2) оның туған жері – Қазақстан мен Орта Азияның бай ауыз әдебиеті, төлтума мәдениеті, азаттық күресі, бостандық сүйгіш ой-пиғылы болды; 3) Таяу Шығыс пен Орта Шығыс халықтарының ілімдеріндегі прогресшіл сарындар мен гуманистік идеялар болды; 4) Фарабидің ғылыми мұралары – өз заманының жемістері. Сол дәуірдің дәстүр, тәліміне үндес болып келеді.

Ғылымның сан саласы бойынша әл-Фарабидің жазған еңбектері арабшадан аударылып, көбісі жарияланып, мұрасы зерттеле бастады. Ол қазақ халқы үшін ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз, қайталанбас тарихи тұлға болып қалмақшы (Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия. 3-т. Алматы, 1988. 111–112-бб.).

Әлам ад-дин әл-Жауһари (X–XI ғғ.) – қазақшалағанда Әбу-л Хасан Әли Исмайылұлы әл-Жауһари болып шығады. Ұлы математик әрі астрономиялық аспаптар жасайтын шебер ретінде белгілі ғалым. Неміс ғалымы Генрих Зутер оның “Араб математиктері мен астрономдары” деген кітабы бар деп көрсетеді. Оның басқа да шығармалары кең таралған делінеді. Ол Әбу Наср Исмайыл бин Хаммад әл-Жауһаридің ұлы ма екен деген де жорамал бар. Әлам ад-динді кейде маңғыт деп те атайды. Өйткені Маңғыт – Батый әскері құрамында Дешті Қыпшаққа келіп, жергілікті түркі тайпаларымен араласып, соларға сіңісіп кеткендер. Олар XV ғ. Қоңыраттармен бірге Әбілхайыр хан мемлекетіндегі ең ірі тайпалардың бірі болған. Әламды кей бұлақтарда белгілі әскербасы, ғалым, Бағдаттың тамаша дана математиктері мен ойшылдары арасында өскен алғыр ақылгөй адам деп те көрсетеді.

Әлам ад-диннің ғалым болуына атажұртынан әкесінің, жергілікті Аббас әл-Жауһаридің, Әбу Наср әл-Фараби мен Исхак әл-Фарабидің тамаша шығармалары әсер еткен деуге болады.

Әлам ад-диннің негізгі еңбектерінен басқа шешендік өнерімен де шұғылданғандығы айтылады. Әлам ад-диннің ғалым ақындарға да жақын болғандығы сөз болады. Ол араб тілінде жазып, қазақ даласында елден ерекше болып шыққан ойшылдар санатына жатады (*Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. Алматы: Рауан, 1995. 47–52-бб.*).

Әубәкіров Тоқтар Оңғарбайұлы (27.07.1943 ж.) – қазақтың тұңғыш ғарышкері, техника ғылымдарының докторы (1998), профессор (1997), Кеңес Одағының еңбегі сінген ұшқыш-сынақшысы (1990), авиаг. генерал-майоры (1992), Кеңес Одағының Батыры (1988), Қазақстан Республикасының Халық қаһарманы (1995), Қазақстан Республикасының ұшқыш-ғарышкері (1995). РФ Армавир жоғары әскери ұшқыштар училищесін (1969), Мәскеу ұшқыш-сынақшылар мектебін, Мәскеу авиация институтын бітірген (1979). Мәскеудегі Тәжірибелік-конструкторлық бюросының ұшқыш-сынақшысы міндетте-

рін атқарды. Кеңес Одағында тұңғыш рет қонбай әуеде ұшаққа 2 рет жанармай құйдыру арқылы Солтүстік полюске ұшу сапарын ерлікпен орындаған. 1989 ж. авиатасушы крейсердің алаңшасына “МИГ-29К” реактивті ұшағын алғаш рет үлкен шеберлікпен қондырған. Ол сондай-ақ реактивті ұшақтың 50-ден аса жаңа түрін сынақтан өткізді. 1990 ж. ғарышкерлер құрамына алынды. 1991 ж. 2 сәуірде Кеңес Одағы ғарышкерлер даярлау орталығында ғарышқа ұшу дайындығына кірісіп, сол жылы 2 қазанда Байқоңырдан “Союз ТМ-13” кемесімен ғарышқа ұшты. Ол кеме жер төңірегіндегі “Мир” орбиталық кешенімен түйісті. Ол өзге ғарышкерлермен бірге биотехнология, металлургия, медицина салалары және Арал теңізі аймағы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Қазақстан аумағындағы атмосфераны және жер бетін зерттеу, жұлдызды аспанды астрофизикалық тұрғыдан бақылау жұмыстарын да ойдағыдай өткізеді. 1991 ж. 10 қазанда Жерге оралды. Одан кейін Қазақстандағы ғарыштық зерттеулердің негізін қалауға, Отандық Қарулы Күштердің әскери дайындығын жетілдіруге белсене араласты.

Әубәкіров Т. О. 1992–1993 жж. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары, 1993–1994 жж. ҚР Ұлттық аэроғарыштық агенттігінің бас директоры, Ғылым және жана технология министрінің орынбасары, 1994–1995 жж. ҚР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, 1996 жылдан ҚР Президентінің Кеңесшісі, 2005 ж. бастап ҚР Парламенті мүшесі (Түркістан. Халықаралық энциклопедия. Алматы, 2000. 149–150-бб.).

Бұрхан әд-дин Ахмад әл-Фараби (т.ж.б. –1174) – “*Заллат әл-Кари*” атты еңбегін Самарқан қаласының тарихына бағыштап жазған ұлы тарихшы.

Дәуір дауылпаздары мен даналарынан кенде болмаған қасиетті қазақ жері XI–XII ғасырларда да Қожа Ахмет Иасауи (1093–1167), Жүсіп Баласағұни (XI ғ.) секілді ақын, сындарлы сөз иелерін дүниеге келтірген. Бұлардан басқа да даламызда дуалы ауыз даналар мен көреген көсемдер аз болған жоқ. Міне, солардың бірі – *Бұрхан әд-дин Ахмад бин Әби Хафс бин Йусуф әл-Фараби*.

Бұрхан әд-дин алғашқы білімді Отырарда алған. Ол Отырар төңірегіндегі қалаларға келген араб, парсылардан олардың тілдерін үйренген. Бірақ ол Бағдад пен Шам қалаларында да болады.

К. Броккельман оның “Заллат әл-Кари” атты еңбегін ғана атайды. Басқа мағлұмат жоқтың қасы. Бұрхан әд-диннің “Оқу үстіндегі қате” атты осы еңбегі Құранды дұрыс оқуға бағышталған. Соған карағанда ол араб тілі мен әдебиетін, дін тарихын жақсы білген.

Жерлесіміздің бұл еңбегі қазір Санкт-Петербургте сақтаулы. Бұрхан әд-дин – әйгілі тұлғалардың бірі (*Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары*. Алматы: Рауан, 1995. 52–54-бб.).

Зиманов Салық Зиманұлы (1921) – академик, заң ғылымының белгілі маманы, профессор, ғылым докторы. 1948 жылы Бүкілодақтық заң институтын бітіргеннен кейін ол құқық теориясы мен ұлттық мемлекет проблемасымен шұғылдануда.

Зиманов С. З. аспирантураны бітіргеннен кейін (1948–1950 жж.) ғылыми қызметкер, сектор бастығы, Алматы мемлекеттік заң институтының директоры (1952–1954 жж.), ҚазМУ-дың заң факультетінің деканы (1955–1956 жж.), Ғылым академиясында Философия және құқық институтында директор, Қазақстан ҒА Төралқасының бас ғалым-хатшысы, т. б. қызметтерді атқарады.

Зиманов С. З. – Қазақстандағы заң ғылымының көшбастаушысы, ой-өрісі кең, парасатты, білгір де білікті ойшыл ғұлама ғалымдардың бірі.

Исмаил әл-Жауһари әл-Фараби (940–1008) – араб тілінің сөз байлығын зерттеген атақты ғалым әрі белгілі ақын. Ғалымның толық аты-жөні – Әбу Наср Исмаил бин Хаммад әл-Жауһари. Шынында да Отырар маңында ертеде *Жауһар* (Шауғар), *Оксус*, *Кедер*, *Қарақоңсы* (Каракөпшек) деген кішігірім қалашықтар болған. Белгілі ортағасырлық ғұлама Ас-Сағалиби әл-Жауһари туралы: “Ғаріптікті ол, әл-Жауһари, мiскiннен де жақсы бiлген... Алла оған күш-қуат, мейiрiмдi жүрек, әдемі мінез берген-дi” деп жазған.

Әл-Жауһари Иракқа (Бағдадқа) келгеннен кейін басралық филологтар Әбу Сайд ас-Сирафи (? –979) мен Әбу Әли әл-Фарисиден (900–987) араб тілі мен әдебиетінен дәріс алады. Ол Басрада Ислам дінінің Шығыс елдеріне кең тарап, Құран тілінің тазалығын зерттеу күн тәртібіне қойылуына байланысты тіл мамандығын тандайды. Ғалымдар араб тіліндегі сөздерді түрлендіріп оқу үшін оларға өң беретін қаракаттарды (қысқа дауыстыларды) жазу тәсілдерін ойлап табуға тырысты. Бұл ғылымға қосқан үлкен үлес еді. Ғалымдардың тұжырымдамасы ел ішіне тез тарады, олар беделге ие болды.

Міне, осындай тіл білімі ордасының туы тігілген жерде әл-Жауһари тағылым алады. Әл-Жауһари бұған өз үлесін қосты. Одан соң ол Сирияға келіп, білімін дамытады, зерделі зерттеуші, атақты ғалым дәрежесіне көтеріледі. Оны ас-Сағалиби араб дүниесінің дүлдүлдерімен салыстырады.

Одан соң әл-Жауһари еліне қайта оралып, білім қуатын өз еліне таратады. Оның “үйқас” тәсілі негізінде жасаған араб тілі сөздігі араб әлеміндегі ең белгілі сөздіктерге жатады.

Қалай болғанда да, Әл-Жауһари – осы еңбектері арқасында жержүзілік атаққа ие болған ғалым, тарихи тұлға (*Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. Алматы: Рауан, 1995. 39–47-бб.*).

Қадырғали Жалайыри (1555 ж. ш. т. –1607) – ханның кеңесшісі, хан балаларының тәрбиешісі – ағабегі. Отырар-Түркістан маңын-

да, оның аталары Қарахандар әулеті тұсындағы хандар мен ақсүйектердің атақты әміршілері мен уәзірлері атанған. Ол қалмақтардың биікқыншылығы кезінде Оңдан ханның артында қалған 13 жасар ұлы Ораз-Мұхаммедтің төрбиешісі болады.

1558 жылы Қадырғали мен Ораз-Мұхаммед бүркіт салып, саятшылықта жүргенде екеуі бірдей Сібір әскер бастығы Чулковтың қолына түсіп қалады. Ол бұларды Мәскеуге алып барып, кепілдікке ұстайды.

1598 жылы Қадырғали Жалайыри патша сарайында болады. 1600 ж. Борис Годунов Ораз-Мұхаммедті Қасым хандығына хан етіп тағайындайды. Бұл хандық Иван Грозный патшалық еткен кезде Москеудің түбінде құрылған еді. Шындығына келгенде, ол Ресей мен Қазан, Қырым және Астрахан хандықтарының арасын жалғастырушы хандық еді. Ораз-Мұхаммедке патшаның төрт сенімді уәзірлерінің біріндей сенім білдірілді. Екі патшаның екеуіне де осындай тақта отырған сенімді кісі керек болды.

Осылай Ораз-Мұхаммед хан болып тағайындалған соң амалсыз Қадырғали да оның қасынан табылды. Сонда көшіп барып, қалған нұмырын сонда, Қасым хандығында өткізуге мәжбүр болды. Ол жерде ол өзінің зерттеу жұмысымен шұғылданды. 1602 жылы ол өзінің “Жамият ат-тауарих” атты тарихи зерттеу еңбегін сәтті аяқтап шығады. Бұл “Жылнамалар жинағын” автор Борис Годуновқа арнайды. Алайда ол патшаның Ресей мемлекетінің айналасындағы елдерге деген көзқарасын да сипаттап отырады. Бұл кітапта автор Шыңғыс хан әулеті және оның өзі туралы да мол мәліметтер келтіреді. Еңбекте Тоқтамыс хан, Темір Құтлық хан, Керей хан, Едіге би, Қожа Мұхаммед хан, т. б. туралы да мәліметтер баршылық. Шығыс елдеріне шолу жасап, оның ішінде қазақтың ұлы сахарасын мекендеген Жалайыр, Арғын, Қыпшақ, Қаңлы, Найман, Қоңырат, Керей, Алшын, т. б. ру-тайпаларына тарихи-анықтамалық баға береді.

Қадырғали Жалайыри өзінің осы еңбегімен қазақ халқының тарихына үлкен үлес қосқан ғұлама ғалым, тарихи тұлға болып саналады (Асқаров А. Ұлы Тұранның ұлдары. Алматы: Нұрлы әлем, 1998. 95–96-бб.).

Сәтбаев Қаныш Имантайұлы (1899–1964) – атақты ғылым қайраткері, геология-минералогия ғылымдарының докторы (1942), профессор (1950), Қазақ ССР Ғылым академиясын тұңғыш ұйымдастырушы алғашқы президенті, СССР ҒА академигі, ҚазССР ҒА академигі (1946), Тәжік ССР ҒА құрметті академигі.

Сәтбаев Қаныш Имантайұлы Томск технологиялық институтын бітіргеннен кейін көп жерлерде жауапты қызметтер атқарған. Ол “Атбасар түсті металл” тресінің жетекшісі (1929–41), Қарсақбай комби-

натының геол. барлау бөлімінің бастығы, бас геологы (1941–1964), ҚазССР ҒА-ның Геология ғылымдары институтының директоры (1946 ж. дейін), ҚазССР ҒА-ның президенті (1946–1952 және 1955–1964).

Қ. И. Сәтбаев – кен-геология саласындағы көрнекті маман, Кенес Одағындағы металлургия ғылымын дамытуға көп еңбек сіңірген, Қазақстанда осы ғылымның негізін салушы ғалым.

Оның еңбектері минерал қорларын зерттеуге арналған. Ол Жезқазған кені қорының мөлшерін қайтадан анықтап, Жезқазған-Ұлытау өңірінде геологиялық барлау нәтижесінде оның кең бағдарламасын жасады. Оның келешегінің мол екені жөнінде жаңа теория жасады. Қ. И. Сәтбаев 1930 ж. Жезқазған мыс кендері қалыптасуының айқын 4 жолын (тектоникалық, стратиграфиялық, литология-петрографиялық, құрылымдық) ұсынады. Оның дұрыстығы да дәлелденілді. Қ. И. Сәтбаев тарапынан палеографиялық, металлогениялық т. б. карталар жасалды, басқа да құбылыстар зерттелді. Орасан зор еңбектің нәтижесі ретінде палеогеографиялық карта, металлогендік формацияларды анықтау қорытындысы Орталық Қазақстанның болжам картасын жасауға негіз болды.

Осы картаны қолдану барысында өндіріс орасан зор табыстарға қол жеткізді, көптеген жаңа кендер ашылды. Қ. И. Сәтбаев Лениндік сыйлықтың (1958), СССР мемлекеттік сыйлығының (1942) лауреаты. Оның есімі ҚазССР ҒА-ның Геология ғылымдары институтына, Жезқазған кен-металлургия комбинатына, Жоңғар Алатауындағы мұздық және шынға, т. б. көптеген мекемелерге берілген.

Сәтбаев Қаныш Имантайұлы – шын мәнісінде ғұлама ғалым, зор мемлекеттік қайраткер, тарихи тұлға (Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия. 3-т. Алматы, 1988. 465–466-бб.).

Мұхаммед Хайдар Дулат (1499–1561) – ұлы тарихшы, қолбасшы, ақын, ойшыл, қайраткер. Ол түркі әлеміндегі әйгілі Болатшы Мұхаммед Хұсайын Дулатиден тараған. Хұсайынның өзі – белгілі әміршілердің бірі. Хайдар Дулатидің анасы – Хуб Нигар – Жүніс ханның қызы. Шыңғыс ханның Шағатайынан тараған ұрпақтардың бірі. Яғни Мұхаммед Хайдардың бабалары – Шағатайдың тұқымдарына тиесілі жеңілдіктер мен игі жағдайларға ие болған тархандар. Мұхаммед Хайдардың кейбір аталары Қашқарияны дербес билеп тұрған. Соның бірі Болатшының бауыры Қамар әд-дин болатын.

Мұхаммед Хайдар Дулати – бүкіл әлемге атағы шыққан көрнекті философ, тарихшы, әдебиетші, әрі мемлекеттік қайраткер. Оның жазып қалдырған Шығыс Түркістан, Жетісу, жалпы Қазақ мемлекетінің тарихы туралы “Тарих-и Рашиди” атты классикалық еңбегі қазақ, т. б. халықтардың баға жетпес рухани қазынасы болып саналады. Ол еңбекте Дешті Қыпшақ оқиғаларынан нақты деректер келтіріледі.

Мұхаммед Хайдардың әкесі – Мұхаммед Хұсайын XV ғ. аяғы мен XVI ғасырдың басында Моғолстанның батыс бөлігін билеп тұрған. Бұл кезде әлі жас Мұхаммед Хайдарды Бабырдың қолына жібереді. Мұхаммед Хайдар мен Бабыр – Жүніс ханның апалы-сіңлілі қыздарынан туған бөлелер. Мұхаммед Хайдардың әкесі Мұхаммед Хұсайынды өзбектер өлтіргеннен кейін ол Қабұлға, Қашқарияға ауысады. Саид хан оны өз баласынан кем көрмей тәрбиелеп өсіреді. Ол өзінің пайымдылығымен уәзір (министр) дәрежесіне дейін өседі. 1536 ж. Мұхаммед Хайдар Дулати Лахор, Пешавар, Қандағар қалаларында әртүрлі жұмыстар атқарады; 1551 жылға дейін Кашмирді билеп тұрады. Сол жылы жазып бітірген “Тарих-и Рашиди” еңбегі, “Жаһаннаме” дастаны автордың ерлікке парапар шығармалары еді. Бұларда қазақ халқының тарихына қатысты көптеген аса құнды деректер келтірілген.

Мұхаммед Хайдар Дулати – өзінің барша болмысымен қазақ халқының мақтан етер тарихи тұлғасы. 1999 жылы бабамыздың 500 жылдық мерейтойы Республикада атап өтілді. Оның атына байланысты қор құрылып, Тараз мемлекеттік университетіне есімі берілді (*Асқаров А. Ұлы Тұранның ұлдары. Алматы: Нұрлы әлем, 1998. 90–94-бб.*).

Сартаев С. С. (1927 ж.) – қазақ халқының әйгілі заңгер ғалымдарының бірі. ҚР ҰҒА академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор.

Ол 1949 ж. Алматы мемлекеттік заң институтын бітіргеннен кейін Мәскеу мемлекеттік заң институтының аспирантурасында диссертация қорғайды (1952 ж.). Ол – заң ғылымының жетістіктерін кең түрде уағыздаушы, жержүзілік, халықаралық конгрестердің көбіне қатысып, баяндама жасаушы, елімізде негізгі заңдарды жасап, қалыптастыруға белсене атсалысушы ғалымдардың бірегейі. Жоғары оқу орындарында шәкірт дайындаушы ұлағатты ұстаз.

Осылардың бәрі оны елеулі ел азаматы, ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз, тарихи тұлға ретінде танытып отыр (Алаштың ардагер азаматы. Алматы, 1998. 119–120-бб.).

Сұлтанғазин Өмірзақ Махмұтұлы (1936–2005) – академик, физика-математика ғылымдарының республикадағы бірегей маманы. 1991 жылдан бастап Ғарыштық зерттеулер институтының директоры. 1994 жылы жер серіктерінен түсетін ақпаратты қабылдау мен өңдеу орталығын ұйымдастырды, қазақтың тұңғыш ғарышкері Т. Әубәкіровтің ғылыми бағдарламасын дайындағаны үшін 1992 ж. Ленин орденімен марапатталды. 1988–1994 жылдары Қазақстан Ғылым академиясының президенті болды. Ол бірнеше ғылыми жаңалықтар ашқан. Мысалы, Қазақстан территориясының экологиясы мен табиғи ресурстар мониторингінің аван-жоба жүйесін жасаған, т. б. ашқан жаңалықтары бар.

Ө. М. Сұлтанғазин – ғылымға еңбегі сіңген әйгілі ғалым, мемлекет қайраткері (Алаштың ардагер азаматы. Алматы, 1998. 125-б.).

Тайманов Асан Дабысұлы (1917–1990) – Батыс Қазақстан облысы, Бөкей ордасы ауданы, Бисен ауылында туған. Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор. Ресей, Новосибирск, Қазақстан ҒА-ның академигі. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан. Қазіргі Батыс Қазақстан педагогика университетін бітірген. 1936–1938 жж. осы университетте ассистент, 1947–1954 ж. Қызылорда педагогика институтында оқытушы, 1954–1960 ж. Шуя Иваново пединституттарында доцент, 1960–1967 ж. және 1971 ж. КСРО ҒА Сібір бөлімшесінің Математика институтында Новосибирск қаласында аға ғылыми қызметкері болып жұмыс істеді. 1961–1965 ж. Новосибирск университетінің геометрия кафедрасының меңгерушісі, 1968–1970 ж. Қазақ КСР-і ҒА-ның физика-математика бөлімінің академия хатшысы, 1970–1971 ж. Қазақ КСР-і ҒА-ның Математика және механика институтының директоры қызметтерін атқарды. Таймановтың негізгі ғылыми еңбектері теория жиын топологиясына, үздіксіз бейнелеудің таралуына, борель жиынын зерттеуге, модельдер теориясына, евклид кеңістігіндегі элементар теорияға, математика логикаға т. б. арналған. Тайманов Қазақстанда математика логика ғылымының дамуына үлес қосты. Еңбек Қызыл Ту орденімен және медальдармен марапатталған.

Уәлиханов Шоқан (1835–1865) – қазақ халқының атақты ғалымы, тарихшы, этнограф, географ, ағартушы, ойшыл азаматы, саяхатшы. Шоқан – Абылай ханның шөбересі. Әкесі Шыңғыс сұлтан өз ұлын ата-баба дәстүрімен тәрбиелеп, ел-жұрт салтын біліп өсуге баулиды. Сондықтан да болар, Шоқан Шыңғыс ханнан тарайтын әулетті мақтан етіп өтті.

Абылай хан қайтыс болған соң оның тағына Шоқанның атасы – Уәли отырады. Шоқанның әжесі – Айғаным ақылды адам еді. Уәли өлгеннен кейін саясат, билікке белсене араласып отырады. Ол Ресеймен барынша жақындасуды қалады. Император Александр I Айғанымға мұралық жер бөліп береді. Ресей патшасы Айғанымды қолпаштап, 1834 ж. Шыңғысты ақ киізге көтеріп аға сұлтан сайлайды.

Шоқан Уәлиханов туралы сөз еткенде ең әуелі оны өсіріп, тәлім-тәрбие берген Айғаным әжесінің өнегесін айрықша атап өткен абзал. Өйткені Айғаным ханша көзі жұмылғанға дейін Уәли тұқымының ар-намысын қорғап, оларды көзінің қарашығындай сақтап қалуға тырысты. Ресейдің шенеуніктерімен жақсы қарым-қатынаста болды. Ол орыс декабристерімен дос еді. Батыс Сібірдің Бас басқармасының сібірлік комитетке берген анықтамасында: “Қырғыз-қайсақтың Орта ордасының иелік етушісі, Уәли Абылайхановтың жесірі Айғаным 1822 жылдың өткен қараша айында өзінің тұрған мекенін біздің шекарамызға жақын етпек ниетімен, Есіл өзенінің жоғарғы жағынан үнемі

көшіп-қонуға қажетті қонысты Қайсақтың Құдайберді – Атығай мен Уақ–Керей болыстығынан өз қарамағына бөліп беруді өтінеді”, – деп көрсетеді (12 тамыз 1823 ж. Түмен қаласы).

Бұл құжаттың өзінен-ақ Уәлихановтар әулетіне деген Ресей императорының көзқарасын байқауға болады.

Демек, Шоқан мәдениетті отбасында тәрбиеленіп өсті. Бала кезінен-ақ оның айналасында зиялы қауым болды. Шыңғыс жас әйелі Зейнеппен өзінің орыс қорғаны етіп Құсмұрында қоныс тепті. Зейнеппен текті жердің қызы еді. Шоқан ілімін әуелі қазақ мектебінде алады. 1847 жылы 12 жасар Шоқан Омбы қаласындағы Батыс-Сібір кадет корпусына қабылданады. Онда хан ұрпақтарының дәстүріне байланысты ол бірнеше тіл білуге міндетті еді. Шоқан араб, шағатай т. б. түркі тілдерін меңгереді.

1853 жылы Шоқан кадет корпусын үздік бітіріп, әскер полкінде корнет атанып, Батыс Сібір генерал-губернаторы Г. Х. Гасфорттың адъютанты қызметін атқарады. Ол осы кезден бастап Қазақстанның оңтүстік-шығысын зерттеумен шұғылданады. Сонда (21 жасында) қырғыздардың “Манас” дастанын жазып алады.

1856 жылы орыс ғалымы Семенов Тянь-Шанскиймен танысып, әлденеше рет Жетісу бойына саяхат жасайды. Ол ұстазы Г. В. Госневскийден неміс, француз тілдерін үйренеді. Шоқанның бойындағы зерделі ақыл, тапқыр ойына ұстаздары таңғалатын. Ресейдің патшалық өкіметі қырдағы қазақтарға сенімсіздікпен қарайтын болды. Өйткені олар бөтен діндегілер, оқып білім алып, сол өзі берген қарумен Ресейге қарсы шығуы да мүмкін деп ойлады.

Шоқанның айналасында достары көбейді. Бірақ 1853 жылы жетпіс жасында сүйікті әжесі Айғаным дүние салды. Бұл тарихта сирек кездесетін аналардың бірі еді. Демократ, петрашевшіл С. Ф. Дуров т. б. орыс азаматтарымен жіті араласуы нәтижесінде Шоқан патшалық Ресейдің орыс емес халықтарға деген көзқарасына қарсы болды. Бірақ Шоқан Ресейдің бұл сорақы саясатын кеш түсінді, оларды екінші сортағы халықтар деп санайтынын сезді. Ол Сібір халықтары тарихын зерттеу барысында Шығыс халықтарының тарихы жөніндегі деректердің Еуропаның ірі ғалымдарының назарынан тыс қалып келе жатқандығын аңғарды. Шоқанды түркі халықтарының әдебиеті, дастан-жырлары қатты қызықтырды. Көп еңбектер жазып, ғұлама ғалым деңгейіне көтерілді. Ол Орта Азияны зерттеген көптеген экспедицияларға қатысты. Орталық Азия, Шығыс Түркістанда жасаушы ұйғырлардың тарихы мен әдебиетін, тілін зерттеуге қатысты. Көптеген еңбектері арқылы шығыстану саласына үлкен үлес қосты. Ол жалпы азаматтық қоғам туралы өзінің ой-пікірін өрістетуден таңбады.

Шоқан – қазақтың ғылыми әлемінің аспанында жарқ етіп жанған құйрықты жұлдыздай аз ғұмырында (29 жасында 5 том еңбек жазған)

өз халқына қалтқысыз қызмет еткен ғұлама ғалым, тарихи тұлға (Асқаров А. Ұлы Тұранның ұлдары. Алматы: Нұрлы әлем, 1998. 125–130-бб.)

6. 6. Әулие-әнбиелер, діни қайраткерлер

Дін – халықтың рухани өміріне тән құндылықтардың бірі. Сондықтан да болар, атам заманнан бері әртүрлі дінге, ал VIII ғасырдан бері ислам дініне сиынып келе жатқан халықтардың бірі – қазақтар. Дінге байланысты ел арасында белгілі дәстүр, әдет-ғұрып, салт-сана ғана қалыптасып қойған жоқ, сонымен қатар әр алуан діни атақ-лауазымдар да қалыптасқаны белгілі: *қажы, мүфти, әулие, әнбие, қожжа, молда, диуана, бақсы, балгер, көріпкел, имам, шейх, қари*, т. б.

Өз алдына бір қауым болып қалыптасқан бұл әлеуметтік топ әртүрлі дінге сиынып келіп, ислам дінін қабылдағаннан кейінгі дәуірде жалпы түркі мұсылмандарының, олардың бірі – қазақтар өмірінде елеулі рөл атқарғаны белгілі. “Қазақ қандай халық?” деген сауалдың біреуіне, міне, осы біздің мұсылмандығымызға байланысты ерекшелігіміз жатса керек.

Біз дінге байланысты қайраткерлердің тарихта белгілілеріне ғана тоқталып, солардың кейбіреулерін ғана атап өтсек жеткілікті болады деп есептейміз. Қалғандарының тізімін ғана көрсетеміз.

Діни қайраткерлер қатарына қожаларды жатқызуға болады. Өйткені олар өздерін пайғамбардан таратып, Орта Азия, Қазақстан, т. б. мұсылман елдеріне Ислам дінін таратушы, оны уағыздаушылардың қатарына жатқызады. Және бұл салада олардың көпшілігі белгілі қызмет (молда, ишан, шейх, мүфти, қари, имам, т. б.) атқарып келгендігі белгілі.

Шежіре деректеріне қарағанда, VIII ғасырдан бері ислам дінін ұстанып, “Алланы бір”, “Құранды шын” деп қабылдай бастаған қазақ қауымы ислам дінінің бұл өлкеге келуіне байланысты осы дінді халыққа түсіндіруге келген араб тілді діндар қауымды “*қожалар*” деп атап кеткені белгілі. Кейбір деректерге қарағанда Қазақстан жеріне арабтар алғаш 684 жылы Зия ибн Абдуллах деген діндардың қол бастауымен Бұхараның тұсынан үзенгілеріне мес байлап, Әмудариядан өтіп, сол Бұхараны қоршап алады. Көп ұзамай (710–800 жж.) көшпелі арабтардың 6 мыңға тарта отбасы Бұхара, Самарқан, Хиуа шаһарларына қоныс аударып, ислам дінін тарата бастайды.

“Мұхаммед (с. ғ. с.) пайғамбардың төрт халифасының бірі, немере інісі, күйеу баласы Әзіреті Әли Қарамуллахтың шейіт болуынан соң таққа отырған Үмия әулеті Арабстан түбегін Сейіттер әулетімен бірге Хашимия әулетін, төрт Халифа әулетін де айдап шығады. Бүгінгі күні

“қожа” болып аталып, он ғасырдан артық атақты берік ұстанып келген қожалар Қазақстанның барлық түкпірлерінен табылады” деп көрсетеді Ж. Мұзапбар, С. Саттарұлы (Қазақ батырлары. 2003. № 5. 12-б.).

Қожалар қазақтың тірісіне пір, өлгеніне ту болып, қазақ ұлты болып қалыптасуына, “шаңырақты ұстап тұратын уық “іспетті”, зор рөл атқарғаны, қазақ қауымына сіңіп, оның “қожалар” деп аталатын құрамдас бөлігіне айналғаны баршаға мәлім.

Қожалар өздерін: *Қорасан қожалар, Нияз қожалар, Дуана қожалар, Бақшайш қожалар* деп таратады (қар. Қожалар // Қазақ батырлары. 2003. № 5. 12–13-бб.).

Әлмерек ата. Жетісудағы жеті әуліненің бірі саналатын Әлмерек атаның мазары Алматы қаласының іргесіндегі Покровка ауылына кіре берістегі “*Әулие Әлмерек мазары*” деп аталатын жерде жатыр.

Ел аузындағы аңызға қарағанда, ертеректе жаңбыр жауып, оның суынан найда болған су тасқынында оның моласына да, еңістеу жерге орналасқан басқа молаларға да су бармай, кейін қайтып кетіпті. Мұны жұрт әулие қасиетінен болған құбылыс деп бағалапты.

Әлмерек атаның тірісінде көзін жұмып отырып, көріпкелдік сөз айтатын қасиеті де болған екен.

Сондықтан да болар, қарапайым тұрғын халық ішінде оның басына барып тәу етіп, ақтық (шүберек) байлап, құрбандық шалушылар қазір де баршылық.

Әлмерек ата аруағына ерекше табынатындардың түсінде оның кеудесінен “киелі құсты” не “көк түсті жылап ормелеп жүретінін” көргендер де бар. Зиратқа арнайы келгенде қазір де “*Әулие ата, өзін қолда!*” деп шын жүрегімен тілеп, оған сүйіспеншілігін білдіріп, медет сұрайтындар әлі де көптеп кездеседі.

Әлмерек ата – халық сенімінде әулілік, көріпкелдік қасиетке ие, сирек кездесетін тарихи тұлға. Мұндай тұлғалардың да халықтың рухани сипатына тікелей қатысы бар (*Ораз Қауғабай // Атамекен. 27 сәуір 2001*).

Әнет баба Кішікүлы (1626–1723) – “Жеті жарғы” заңының бір авторы, ғұлама ғалым, теолог, қазақ халқының атақты үш биінің (Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би) ұстазы. Ол Бұхара қаласындағы “*Көгілташ*” медресесінде білім алған. Өз кезінде өз Тәуке ханның кеңесшісі болған. Қазақ халқын бірлікке, татулыққа үндеген қайраткер (С. Қалиев).

Ел жадында:

“Арғынның Әнет баба ел ағасы,

Әрі би, әрі молда, ғұламасы.

Үлгі айтқан Орта жүзге ғаділ екен,

Сол кезде 95-ке келген жасы...

Өткен іс көзге күңгірт, ойға танық

Білгенге көрмесе де, бәрі анық.

1623 жыл қазақтың Сыр бойында

Жүргені анық...”, – деген сөздер сақталған (Ә. Нұршайықов).

Қарабура (XI–XII ғғ.) – оғыз-қыпшақ заманындағы діни қайраткер, әулие. Ол Кіші жүз тама руынан шыққан. Шу, Талас, Сырдария, Еділ, Жайық өзендерінің бойында өмір сүрген.

Қарабура сахара тұрғындарының арасында қалыптасқан өмір салтының шырқын бұзбай ислам дінін, оның наным-сенімдерін орнықтыруға атсалысқан. Сопылық ілімнің ірі өкілі Қожа Ахмет Иасауимен мүдделес болған. Қарабура аруағын бүкіл ісі түркі жұрты құрмет тұтады. Оның Созақтағы кесенесі Орта Азия мұсылмандары үшін киелі орынға айналған (Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 5-т. Алматы, 2003. 547-б.).

Қорқыт ата (VIII ғ. соңы – IX ғ. басы) – түркі әлеміне атақты қобызшы, философ, ойшыл, мемлекет қайраткері, тарихи сом тұлға.

Қорқыт ата – түркі қоғамы ыдырап, жеке-дара болып бөлініп жатқан ауыр кезеңде өмір сүрген (VIII–IX ғғ.). Бұл кезеңде ұлы даланы жеке-дара билеп-төстеген түріктер тағдыр талқысына түсіп, өздерінің әуелгі тамырынан ажырап, әртүрлі ұлыстарға бөлініп жатқан дәуір еді.

Бұл кезеңнің ерекшелігі – тұрандықтардың басым көпшілігі әлі мұсылман емес еді. Ислам діні ел ішіне енді ғана тарай бастаған еді. Бұл діннің енуімен қатар түркі әлемінде бір түрлі жаңа заман басталған еді. Тәңір дінінің өкілі Қорқыт жаңа дінді бірден қабылдай алмады. Бұл туралы Ш. Уәлиханов: “Қобызда ойнауды тұңғыш үйренген – Қорқыт. Әрі ол – ең алғашқы бақсы. Былайша айтқанда “Тәңірі” идеологиясын ұстанған жан”.

Ислам дінінің енуі көшпелілердің өміріне, әдет-ғұрпына, мінез-кұлқы мен психологиясына жат еді. Болашақты болжай білген ұлы ойшыл Қорқыттың қобызбен тартқан күйлері осы күнге дейін рухынды асқақтатып, өз халқына деген перзенттік махаббатты оятады. Оны ғалымдар (В. В. Бартольд) халықтың рухын жақтаушысы, патриархы, көпшіліктің пір тұтары, данағөй деп бағалайды. Халық ішінде Қорқыт айтты деген даналық сөздер көп: “Есекке жабу жапсаң да тұлпар болмас”, “Күнді жібекке орасаң да ханша болмас”, т. б.

Қорқыт өмірде болып жатқан оқиғаларды алдын ала болжайтын халықтың ақылшысы болған. Ол өз заманының көптеген хандарының ақылшысы, кеңесшісі болған. Ол өліммен де күрескен адам, “Қайда барсаң Қорқыттың көрі” деген сөз содан қалған.

Қорқыттың артында бай музыкалық мұра қалған. Ғасырларға кететін қобыз сарыны бар. Сыр бойында Қорқыт атаға бағышталған ескерткіш бар (*Асқаров А. Ұлы Тұранның ұлдары. Алматы: Нұрлы өлем, 1998. 23–24-бб.*)

Райымбек (1730–1814) – әулие, Жоңғар басқыншылығына қарсы күрескен батыр. Ол Ұлы жүздегі Албан руы Алжан тармағының Сырымбет атасынан тарайды. Оның атасы Хангелді батыр (1733) Ұлы жүздің атақты адамдарымен (Қодар би, Төле би, Сатай мен Бөлек батырлармен) бірге орыс патшасы Анна Иоановнаға (1730–1740) елші жіберіп, Ресейдің қол астына алуын өтінген. Жоңғарлармен соғысқан жері – Ойрантөбе.

Ел аузындағы аңыздың бірінде Райымбек әулие көз жұмар сәтінде ұрпақтарына: “Денемді ақ түйеге өңгеріп, бос жіберіңдер. Түйе қай жерге шөксе, сол жерге жерлендер” деп өсиет айтыпты. Қазір Алматы қаласының Райымбек атындағы даңғылында оның зираты бар. Қасиетті орын саналатын осы жердегі кесенеге Райымбек әулиенің басына еліміздің әр аймағынан келген адамдар тәу етеді. Алматы-Нарынкол тас жолы бойындағы Сарыжаз ауылының оңтүстік-шығысындағы Мұратәлі төбесінде Райымбектің асқақ ескерткіші орнатылған (*қар. “Жетісу” энциклопедиясы. Алматы, 2004. 508-б.*).

Сары Салтық – Дешті Қыпшақтан шыққан бақсылардың ең күдіреттісі, халық ішіндегі сәуегейдің аса бір қадірлісі. Ол Өзбек ханға бағынбай, оның мұсылмандығына қарсы шығады. “Ел ортасында қадірлі бақсы болып жүрді, дауылпаз тартты, не түрлі кереметтер көрсетті”, – деп жазды Ә. Марғұлан (Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы, 1985. 223-б.). “Ең ғажабы, Сары Салтықтың ұлы сүре сарындары қазақ арасында бертін келгенше сақталған. Қазақ қобызшылары оның күйлерін “Сары бақсының сарындары”, “Сары абыздың күйлері” деп тартқан” (*Сейдімбеков А. Қазақтың күй өнері. Астана, 2002. 752-б.*).

Қожа Ахмет Иасауи (XII ғ. – 1166) – ел аузындағы аңыз бойынша 125–133 жыл шамасында өмір сүрген сопы дін тармағының ең ірі қайраткері. Ахмет Иасауи Оңтүстік Қазақстан обл. Сайрам ауданында (Исфиджап) туған. Әкесі – Ибрагим, шешесі – Қарашаш (олардың кесенесі сол Сайрамда). Қожа Ахмет жастай жетім қалып, Арыстан бабтың тәрбиесінде ер жетеді. Арыстан Баб қайтыс болғаннан соң ол оқуын Бұхарада жалғастырады. Ол оқуды бітірген соң Исламның сопылық бағытын уағыздайды, өзінің маңына шәкірттерді топтастырып, бұл бағытты дамытуға күш салады. Сопылар мұсылман әлемінде өздерін шындықтың жақтаушысы деп санады. Жұрт қасиетті деп санаған Ахмет ғұмырының соңына дейін Түркістан қаласында өмір сүрді. Оны халық: “*Меккеде – Мұхаммед, Түркістанда – Ахмет*” деп

пайғамбарға балап, қатты сыйлады. Сопылар дәстүрі бойынша Ахмет 62 жасқа келгенде жер астындағы қылуатке түсіп, қалған өмірін Құдайға құлшылықпен өткізеді.

Иасауи жазған туындылардағы автордың философиялық ойы бүкіл адамзаттың дамуына қызмет етті. Ол өзінің атакты “*Диуани Хикмет*” даналық кітабымен адамдарды адалдыққа, әділдікке, төзімділік пен достыққа, адамгершілік қарым-қатынасқа шақырды. Ахмет Иасауидің ой-пікірі бойынша, сопылық ілімі – шындыққа тура бастар жол, халыққа тек шын сөзді ғана айту, сөздің мазмұнын терең түсіну. Ахмет Иасауи – мұсылман әлемінде, әсіресе, түркі тілдес халықтардың ішінде асқан ойшыл, адал уағызшы, қасиетті адам болып саналады.

Ахмет Иасауи Орта Азияда империя құрған Әмір Темір дүниеге келгеннен көп бұрын көз жұмды. Исламның Азияға қанат жайып, өркендеуіне зор еңбек сіңірген Ахметке деген құрмет сезімін арада екі ғасыр уақыт өткен соң еңселі ескерткіш – күмбез орнату арқылы білдірген Әмір Темір сол арқылы да мұсылман жұртының құрметіне бөленді. Бұл кесене көрген адамды таңғалдырып келеді.

Қожа Ахмет Иасауи біздің ұлы даламызда мұсылмандықтың жарық сәулесін шашқан, дініне өте берік, ойшыл қайраткер ретінде саналады. Ол көптеген шәкірттерін, мүриттерін тәрбиелеп, күллі түрік-мұсылман жұртына таратты. Иасауи – ислам идеологиясының өте көрнекті, ірі өкілдерінің бірі. Иасауи есіміне байланысты Түркістан қаласы Республикамыздың “рухани астанасы” деп атала бастады (*Асқаров А. Ұлы тұранның ұлдары. Алматы: Нұрлы әлем, 1998. 59–60–бб.*).

Халифа Алтай (1917–2002) – Қытайдағы Алтай өлкесінің Шіңгіл ауданында туып, одан Шыңжаңда, Түркияда және Қазақстанда өмір кешкен, өз халқының құрметіне бөленген, абыройы өсіп, жақсы атаққа ие болған, халқымыздың санасына исламның асыл қазынасын жеткізу үшін қажымай-талмай қызмет еткен, “Құран Кәрімді” қазақ тіліне аударып, өзге де баға жетпес діни байлықтарды қалың қауымға таратып, дінге деген халықтың ынта-ықыласын қайта жаңғыртқан, тақуа, абыз, үлкен діни қайраткер.

Халифа Алтайдың өмірі қызық. Ол 1940 жылы Тибет арқылы Үндістанға жол шегеді, Кашмир өлкесінде тұрады, оның 12 жыл өмірі Пәкістанда өтеді, ол жерде арабша және ұрдуша білім алады. 1951 ж. Пәкістанға Қытайдан көшіп келген қазақтардың қоғамын құруға белсене атсалысып, оның жауапты хатшысы болады.

Халифа Алтай 1953–1954 жж. Пәкістандағы қазақтардың Түркияға көшуін ұйымдастырушылардың бірі болады.

Түркияда Халифа Алтай негізінен шығармашылық жұмыстарымен шұғылданады. Ол өзінің “*Естеліктерін*”, “*Атажұрттан Анадолу*”

лыға дейін”, “Сияри Нәби” (Хазірет пайғамбар Ғаләйһиссаламның өмір-баяны), т. б. кітаптарды жазып, жаңғыртып, жариялайды. Мұсылман дініне қатысты көптеген кітаптардың идеясы туысқан халықтардың арасына кең тарауына белсене араласты. “Құран Кәрімнің” төте жазумен жазылған қазақша аудармасын Сауд Арабиясындағы баспаға тапсырды, оны 1992 ж. Түркияда да шығарды. Ол соңғы жылдары “Бір жылдың 48 жұмасы екі мейрам құтпасы” атты кітапты қазақшаға аударып, баспаға тапсырды. Ол сонымен қатар қысқаша ислам тарихын түрік тілінен қазақшаға аударуға атсалысты.

Халифа Алтай 1991 жылы атажұртқа оралғаннан кейін де елімізде ислам дінін уағыздауға белсене араласып келді, радиодан исламға арнап хабар жүргізді. Ол Халықаралық Ислам қайырымдылық қорын құрады, 1977 ж. Истанбұлда “Қазақ түріктерінің шеифесін” жариялайды. 1988 ж. “Құран Кәрімнің” қазақша мағынасы мен түсініктемесі төте жазумен Қытайдың Шыңжаң өлкесіндегі қазақтар үшін басылып шықты. Бұл еңбек кирилл әрпімен басқа түркі елдері үшін де басылып шықты.

Халифа Алтайдың кейінгі кездері жариялаған еңбектерін бес парызды түгел камтыған “*Ғибадатул ислам*” және “*Құран әліппесі және иманның шарттары*” атты кітаптары көп рет (Қазақстанда, Катарда, Истанбұлда), сондай-ақ Моңғолияда – “*Шариғат*”, Алматыда – “*Иманшарт*”, т. б. діни кітаптарда жарияланды. Халифа Алтайдың ислам дініне байланысты “*Ғылымхал*” (діни қағидалар), “*Таңдаулы хадистер*” атты кітаптары қазақша шығып, жұртқа таратылды.

Кезінде “Қазақстанда қоғамдық өмір өзгере қалса, Түркиядан Алматыға қазақ жұртшылығын бастап, өзім бірінші көшіп келемін!” деген Халифа Алтай Кеңес Одағы тарап, Қазақстанда егемендік орнағаннан кейін Алматыға тұтас әулетімен алғаш көшіп келгендердің бірі болды.

Сексеннің сенгірінен өтіп, тоқсанға аяқ басқан шағында Алматыда дүние салған Халифа Алтай діни еңбектерімен, оны белсенді түрде уағыздаумен туған халқының қадір-қасиетіне бөленген асқақал әрқашан халықтың жүрегінде ірі діни қайраткер, ұлағатты ұстаз ретінде мәңгі сақталады (*Балғабәев С. Халық құрметтеген Халифа Алтай // Алтын бесік. 2003. № 2. 12–14-бб.*).

6. 7. Өнер қайраткерлері

Өнер – ұлттық мәдениеттің өзекті мәселесі. Әрбір халықтың атам заманнан бері қалыптасып, дамыған өзінің ұлттық өнері бар. Сол өнердің дамыған түрі, өзіндік ерекшелігі, адамзат мәдениетіне, өрке-

ниетіне қосқан үлесі болады. Ұлттық өнер дегенде ол осы қасиеттерімен белгіленеді.

Өнердің түрі көп және олар асқан шеберлікке, талантқа, ел ішінен озып шыққан шебердің өзіндік өнегесіне байланысты. Қазақ қауымындағы табиғаты тереңде жатқан, ертеден келе жатқан өнеріне ең алдымен сөз өнерін жатқызуға болады. Қазақ халқына ғана тән ақындық, ерекше бағаланатын шешендік өнерлері оның осы бір табиғи жаратылысына біткен төл өнеріне жатады.

Өнердің басқа түрлерінен де қазақтар кенде емес. Салт-тұрмысының қажеттілігін өтейтін қолөнердің барлық саласынан (ұста-дарқандық, зергерлік, үйші, ағашшы, күйші-домбырашы, әнші, жазушы, ақын, әулие, көріпкел, жұлдызшы, бақсы-балгер, сәулетші, аңшы, саятшы, тігінші, етікші, палуан, т. б.).

Өнердің жаңа заман талабына сай түрлері де қазақ арасынан түгел көрінеді. Мысалы, скрипкашы, пианиношы, спортшы, ғарышкер, артист, суретші, сәулеткер, мүсінші т. б. Бұл өнерлерді еркектер ғана емес, әйелдердің де жетік меңгергендері баршылық.

Біз жұмысымызда әр алуан өнер қайраткерлерінен бірер адамдарды ғана сипаттап, қалғандарының тізімін ғана көрсетумен шектелеміз. Өйткені өнерпаз азаматтардың баршасын түгел қамтып, сипаттап шығу мүмкін емес.

Өнер адамдары да қоғамдағы рухани, мәдени күштің қайнар көзі, тарихи тұлға, өмірдің ұйытқысы. Айта берсек, халықтың халықтығын, елдің елдігін танытатын да, міне, осы өнер адамдары.

Ахмедиярулы Қаршыға//Қаршымбай (1946) – аса шебер күйші-домбырашы, ҚР халық артисі (1991). Ол Алматы мемлекеттік консерваториясының халық аспаптар факультетін (К. Д. Мұхитовтің класы бойынша) бітірген. 1986–88 жж. Мәскеу қаласындағы Жоғары дирижерлік курста оқыды. Ол Қазақстанда домбырашы, концертмейстер, дирижерлік қызметтерін атқарып келеді. Қаршығаның репертуарында халық және кәсіби композиторларының күйлері, шетел композиторларының шығармалары бар. Ол мұғалімдік және ғылыми-зерттеу жұмыстарымен де шұғылданады, композиторлық кәсібімен де айналысады.

Көптеген шетелдерді аралап, қазақ музыкасын кең түрде уағыздап келеді. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. Өнер саласындағы өте көрнекті тұлға (Қазақ өнері. Энциклопедия. Алматы, 2002. 73-б.).

Әміре Қашаубаев (1888–1934) – қазақтың атақты әншісі (драмалық тенор), актер әрі музыкант. Әміре ата-анасына сүйеу болу үшін Исабек деген байдың ат айдаушысы болып, еңбекке ерте араласады.

Әміренің бойындағы жарқ етіп ашылған жауқазын талантына танданған бай туысы Исабек жас әншіні жанына ерте жүріп, той-жиындарда ән салуға машықтандырады.

Әншінің атақ-даңқы ел арасына кеңінен тарай бастайды. Асқақ әнші ғана емес, қазақтың ұлттық театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі Әміре өнер жолын 1917 ж. бастайды. Ол ән сайыстарында жүлдегер болып жүрді. 1925 ж. Мәскеуде Кеңестердің IV съезінің құрметіне ұйымдастырылған концерттен кейін Әміре “Халық артисі” деген атаққа ие болды. 1925 ж. Париж қаласында өткен Бүкіл дүниежүзілік сән өнері көрмесінде Әміре “Ағаш аяқ”, “Қанапия”, “Үш дос”, “Жалғыз арша”, “Қос балапан”, т. б. әндерді орындап 2-бәйгімен қоса күміс медальды иеленді. “Париж апталығы” газеті мен “Ле мюзикаль” журналы Әміренің орындауында бірнеше ән жазып алған. Сорбонна университетінің профессоры Перно фонографқа Әміренің орындауында бірнеше ән жазып алған.

Сөйтіп, Әміре шетелде өнер көрсеткен тұңғыш қазақ әншісі болды. Арнайы шақырумен келген Әміре 1927 ж. Мәскеу консерваториясында қазақ әндерін астана көрермендерінің алдында тамылжыта шырқайды. Сол жылы ол Германияның Майндағы Франкфурт қаласында өткен халықаралық музыкалық көрмеде концертке қатысып, тағы да қазақтың халық әндерін әлемге паш етті. Әміре әндері дүниежүзі мәдениетінің ірі өкілдері Р. Роллан, А. Барбюс, А. В. Луначарский, т. б. тарапынан өте жоғары бағаланады.

Әміре Қызылордада алғаш ашылған Қазақ мемлекеттік драма театрының актері болды, әнші-актер болып қызмет істейді, көптеген рөлдерді ойнайды, ал 1934 ж. Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрына ауысады. Дала бұлбұлы Әміре туралы көркем шығармалар жазылды.

Табиғатынан дарынды туған Әміре ән өнерінің шарықтау шегіне жеткен шебер әнші болып саналатын өнер иесі (Қазақ өнері. Энциклопедия. Алматы, 2002. 87–88-бб.).

Әубәкірова Жания Жақияқызы (1957) – пианист, концертмейстер, педагог, ҚР-ның халық артисі (1991). Мәскеу мемлекеттік консерваториясын (1979) және аспирантурасын (1981) бітірген. Одан кейін ол – ҚР мемлекеттік опера және балет театрының концертмейстері (1981–1993), Алматы мемлекеттік консерваториясының аға оқытушысы, доцент, кафедра меңгерушісі. 1993 ж. осы консерваторияның профессоры, 1996 ж. ректоры, 1983 ж. бастап Қазақ мемлекеттік филармониясының солисі.

Оның репертуарында дүниежүзілік композиторлардың (И. С. Бах, Л. В. Бетховен, И. Брамс, Ф. Лист, В. А. Моцарт, М. Ж. Равель, С. В. Рахманинов, т. б.), қазақ композиторларының (Ғ. А. Жұбанова, Т. Ш. Кажғалиев, т. б.) шығармалары бар.

Жәния Әубәкірова концерттік сапармен көптеген шетелдерде (ҚХДР, Болгария, Франция, Финляндия, т. б.) болды.

Ол пианистер мен скрипкашылардың М. Лонг және Ж. Тибо атындағы халықаралық конкурсының (1983, Париж) және камералық ансамбльдер конкурсының (1985, Париж) лауреаты. Қазақстан Ленин комсомолының (1982) және “Тарлан” (2001) сыйлықтарының лауреаты.

Жәния Жақияқызы Әубәкірова – қазақ музыка өнерінің көрнекті тұлғасы (Қазақ өнері. Энциклопедия. Алматы, 2002. 92-б.).

Байжігіт (XII–XIII) – әйгілі күйші-домбырашы. Орта жүз Керей тайпасынан шыққан. Бұл кезде Керей ұлысы Сібірдің оңтүстік-шығысындағы кең-байтақ жерін алып жатқан өз патшалығы бар еді. Бұл тайпаның көшбасшысы Тұғырыл, қытай тілінде – Уаң хан Шыңғыс ханның әкесі – Есугеймен достас, анда болып келеді.

Ол кезде керейлер зороастризмді дін етіп, крест тағып, шіркеулерде мінажат еткен. Есугей өлгеннен соң жетімсіреп қалған Шыңғысқа Уаң хан Тұғырыл қамқорлық жасап, бауырына тартады. Ақырында тасжүрек Шыңғыс оның елін, жерін тас-талқан етті. Міне, осы бір аласапыран кезде дүниеге келген Байжігіт 10 жасынан бастап домбыра тарту өнерімен шұғылданады. Керейдің батыры Құдайберген Жауқашардың ойраттың сұлу қызы – Еңкені алған тойында 300 күй орындайды. Оның “Қайың сауған”, “Қосбасқан”, “Көкбұлақ”, “Қоңыр қаз”, “Жетім торы”, т. б. көптеген күйлері күні бүгін де асқан сезіммен орындалып жүр.

Байжігіт қазақ күйінің көшбастаушысы болып саналады. Ол – музыка өнерінің дамуына ықпал жасаған алғашқы күйшілердің бірі. Тарихи тұлға (*Асқаров А.* Ұлы Тұранның ұлдары. Алматы: Нұрлы әлем, 1998. 100–101-бб.).

Байсейітова Күләш (Гүлбаһрам) (1912–1957) – қазақтың ұлы әншісі (лирика-колоратуралық сопрано), қазақ опера өнерінің негізін салушылардың бірі, ҚСРО Халық артисі (1936).

К. Байсейітованың табиғи музыкалық таланты тым ерте танылды. Ол 1930 ж. Қазақ мемлекеттік драма театрына қабылданды. Онда классик драматургтердің шығармаларында бірнеше негізгі бейнелерді ойнады. М. Әуезов пен И. Коцыктың “Айман-Шолпан” музыкалық комедиясында Күләш Айман образын аса шеберлікпен мүсіндейді. Одан кейін Б. Майлин мен И. Коцыктың “Шұғасындағы” Шұға бейнесін, Е. Брусиловскийдің “Қыз Жібек” операсындағы Жібек рөлін ойнады. Бұлар оның әншілік, артистік өнерінің күдіретті күшін оятып, табиғи талантын шырқау биігіне көтерді.

К. Байсейітова қазақ композиторларының төл шығармалары мен шетел (орыс, т. б.) композиторларының операларындағы басты партияларды шеберлікпен орындап, қазақ сахнасында олардың галереясын жасады. Классикалық опералардан Дж. Пуччинидің “Чио-Чио-са-

нындағы” Баттерфляйді, П. И. Чайковскийдің “Евгений Онегиніндегі” Татьянаның, А. Г. Рубинштейннің “Демоньындағы” Тамараның, З. П. Палиашвилидің “Даисиндегі” Мароның, Н. Г. Жигановтың “Алтыншашындағы” Алтыншаш рөлдерін шеберлікпен орындап шықты.

К. Байсейітова концерттік-орындаушылық шеберлігі үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды (1948). Ленин және Еңбек Қызыл ту ордендерімен марапатталды, республикалық сыйлықтар берілді. К. Байсейітова атымен Алматыда көше аталған, халық әндерін орындаушылардың К. Байсейітова атындағы республикалық конкурсы 4 жылда бір өтіп тұрады.

Күләш Байсейітова қазақ ән өнерінің тарихындағы сирек кездесетін тұлға (Қазақ өнері. Энциклопедия. Алматы, 2002. 109-б.).

Қастеев Әбілхан (1904–1973) – қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі. ҚР Халық суретшісі (кескіндеуші-график). Ол Қазақстанда Н. Г. Хлудовтан, Мәскеуде И. И. Бродскийден оқыған.

Ол – ҚазССР Суретшілер одағы басқармасының төрағасы (1954–1956). Ә. Қастеев – табиғатты бейнелеу жанрында да, портреттік туындыларды таратуда да көркем шеберліктің үлгісін танытқан суретші. Ол ауыл адамдарының төңкеріске дейінгі және одан кейінгі өмірі мен тұрмысын шынайы бейнеледі. Ол – монументті полотнолардың да авторы. Оның еңбектері ғалымдар мен мәдениет қайраткерлерінің портреттерін дүниеге келтірген. Шымкент қаласында өнер училищесі (1971 ж.), Алматыдағы өнер музейі (1983) Қастеев Әбілханның атымен аталады (Қазақ өнері. Энциклопедия. Алматы, 2002. 433–434-бб.).

Қодан (XIV ғ. соңы – XV ғ. басы) – атақты күйші. Қазақтың 62 тармақты “Ақжелен” атты күйі соңікі (*Мерғалиев Т. Жаңа дәуір жыршысы. Алматы, 1980. 37–38-бб.*). Ол – Дешті Қыпшақтың өміршісі Әбілхайыр ханның замандасы. Ақын да болған адам. Жанақ ақынның: “Арғынның түп атасы – ақын Қодан. Өлеңге бізден ұста болса керек” дегені осының бір дәлелі (Алдаспан. Құрастырған М. Мағауин. Алматы, 1970. 6–7-бб.).

Құрманғазы Сағырбайұлы (1818–1889/1897) – қазақ халқының күйші-композиторы, аса шебер домбырашы, аспаптық музыканың (күйдін) классигі. Жасынан күйге әуестігімен көзге түскен. Оның алғашқы ұстазы – орда күйшісі (хан Базар) Ұзақ. Кейіннен ол Ұзақпен ел аралап, домбыра сайысына түсіп, жұртшылық назарына ілігеді. Ол Бөкей ордасындағы атақты халық күйшілері Байбақты, Байжұма, Баламайсан, Соқыр Есжан, Шеркештің күйлерін үйреніп, орындаушылық шеберлігін дамытады. Есейе келе ол домбырашылық-күйшілікті кәсіби өнерге айналдырады.

Ол азатшылық ойдан, күрес-таргыстан бір сәт басын тартпай, домбырасын қару етіп, өнер күшімен қиындықтарға қарсы күреседі.

Оның алғашқы күйі – “Кішкентай” XIX ғ. 30-жылдары шаруалар көтерілісін бастаған Исатайға арналған. Ол өзінің “Ақбай”, “Ақсақ киік”, “Көбік шашқан”, “Түрмеден қашқан”, “Адай” сияқты күйлерінде нұрлы болашақ, азат өмірді аңсаған халықтың үмітін, асыл арманын, үстем тапқа деген ыза-кегін, өмір тартысын суреттейді. Мысалы, “Көбік шашқан” күйінде автор дауылды күнгі тасқын атқан теңіздің жойқын күйін суреттеп, оны халық көтерілісінің аллегориялық көрінісіне айналдырады. Бұл күй сарынынан азалы үнді, әділетсіз өмірден өгейлік көрген қарапайым халықтың қасірет зары, күңіренген үні естіледі. Ол – сан қилы ой толқынын аңғартатын терең мазмұнды шығарма. Құрманғазы күйлерінің ішіндегі би күйлеріне, мысалы, “Қызыл қайың”, “Балбырауын”, т. б. жатқызуға болады.

Күйлердің музыкалық тілі адам тіліне ұқсас түрлері де бар. Оған: “Аман бол, шешем, аман бол!”, “Ертең кетем”, “Бұқтым-бұқтым”, т. б. күйлері жатады. Құрманғазының көптеген шәкірттері болды. Оның “Сарыарқа” күйі дүниежүзіне насихаттауға жолдама алды. Күйшінің атымен аталатын Қазақтың мемлекеттік академиялық халық аспаптары оркестрінің орындауында қазақ музыкасы, композитор шығармалары жержүзіне кеңінен насихатталуда.

Қазақтың күй өнерінде ең басты тұлға Құрманғазы болып саналады (Қазақ өнері. Энциклопедия. Алматы, 2002. 451–453-бб.).

Мұсақожаева Айман (1958) – атақты скрипкашы. Қазақстанның Халық артисі, Өзбекстан Республикасының еңбек сіңірген артисі, Халықаралық шығармашылық академиясының академигі (1997), “Әлем артисі” (1998) деген атаққа ие. Алматы мемлекеттік консерваториясы (1983) мен Мәскеу мемлекеттік консерваториясын (1986) бітірген. Ал қазір (1994–2006) Астана қаласындағы Қазақ ұлттық музыка академиясының ректоры әрі профессоры.

Репертуарында жеке скрипкаға арналған И. С. Бах пен Э. Исаидің сонаталары, В. А. Моцарт, И. Брамс, Г. Венявский, П. И. Чайковский, т. б. концерттік шығармалары, сондай-ақ Қазақстан композиторларының (Е. Г. Брусиловский, Ф. А. Жұбанова, С. Мұхамеджанов, Е. Рахмадиев, М. Төлебаев, т. б.) скрипкаға жазылған туындылары бар. А. Мұсақожаеваның өнері үздік орындаушылық техникасымен және жоғары музыкалық талғамымен ерекшеленеді. Ол дүниежүзі елдерінде (Австрия, АҚШ, Англия, Германия, Израиль, Италия, Корея, Ресей, Франция, т. б.) өнер көрсетті. П. И. Чайковский атындағы Халықаралық конкурс лауреаттары ассоциациясының мүшесі. Скрипкашылардың Халықаралық жастар конкурсы (Белград, 1976) мен Н. Паганини атындағы Халықаралық конкурсының (Генуя, 1981) дипломанты және скрипкашылардың Халықаралық конкурсы (Токио, 1983) мен Я. Сибелиус атындағы Халықаралық конкурстың (Хельсинки, 1985) лауреаты. Жастар мен студенттердің Дүниежүзі-

лік фестивалдарының (Гавана, 1978. Мәскеу, 1985) дипломанты. ҚР Мемлекеттік (2000), Бүкілодақтық Ленин комсомолы (1988) және Қазақстан Ленин комсомолы (1984) сыйлықтарының лауреаты.

А. Мұсақожаева бүгінгі заманның маңдайалды скрипкашыларының бірі, музыка өнерінің ең көрнекті тұлғасы (Қазақ өнері. Энциклопедия. Алматы, 2002. 512-б.).

Тәтімбет Қазанғапұлы (1815–1862) — қазақ халқының дүлдүл күйшілерінің бірі, қазақ күйінің асыл қазынасын байытқан, шертпе күйдің атасы. Ол “Саржайлау”, “Былқылдақ”, “Көкейкесті”, “Қосбасар”, т. б. күйлерін дүниеге келтірген күйші-композитор. Тәтімбет — өнер саласында біртуар тұлға.

6. 8. Әртүрлі өлеуметтік атақ-лауазымға ие азаматтар (спортшы, емші, өнерпаз, т. б.)

Не көп халық арасында, неше түрлі өлеуметтік өмірдің салаларына жағатын мамандық, кәсіптерге байланысты атақ-лауазымға ие азаматтар көп. Олар адамға табиғаттың сыйы, не өте зор талпыныстың арқасында келеді. Бұл топқа әсіресе спорт саласында елден оза шауып, өз өнерімен көзге түскен спортшылар, әртүрлі өнер, кәсіп мамандары жатады.

Бұлар да халықтың мерейін өсіріп, мәртебесін көтеретін факторлардың біріне, “Қазақ қандай халық?” деген сауалға жауап болатындай қасиеттердің біріне жатады. Олардың аса шеберлері тарихи тұлға да болып саналады. Біз жұмысымызда бұларды ескеруді жөн көрдік.

Мұңайтпасов Қажымұқан (1883–1948) — классикалық күрестің шебері, қазақтың атақты палуаны. Петербургтегі палуандар даярлайтын мектепте (1905–1907) оқып, күрес өнерінің қыр-сырына машықтанады. Оны бітіргеннен кейін жержүзіне есімі белгілі палуан Георг Лурих ұйымдастырған цирк труппасына қосылып, көптеген қалаларды аралап, күш өнерін көрсетеді, жарыстарға қатысады. 1908–1916 жж. Саратов, Қазан, Омбы, Троицк, Уфа, Мәскеу, Киев, Рига, Минск, Париж, Варшава, Харбин, т. б. қалаларда өткізілген жарыстар мен турнирлерде ол жеңімпаз, жүлдегер атанады. 1909 ж. Швецияның Гетеборг қаласында французша күрестен өткен дүниежүзілік біріншілікте алтын медалын жеңіп алады. Сол кездері жержүзіне белгілі әр елдің көптеген палуандарымен күш сынасты.

Революциядан кейін Қазақстанның мәдени өміріне белсене араласып, көшпелі цирк ұйымдастырады. Қазақ АССР ОАК Президиумының арнайы шешімімен оған “Қазақ даласының батыры” деген

құрметті атақ беріледі. Ұлы Отан соғысы жылдарында Қажымұқан өз қаржысына ұшақ жасатып, майданға ұсынады. Бұл туралы екі фильм түсіріледі. Астана қаласындағы стадион, Бөген ауданындағы бір совхоз Қажымұқан атымен аталады. Жыл сайын Қажымұқан атымен жарыс өткізіледі. Қажымұқан палуан – өзінің барша болмысымен халық жадында мәңгі сақталуға тиіс күш иесі палуан, тарихи тұлға (Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия. 3-т. Алматы, 1988. 384–385-бб.).

Асанов Болат (1961 ж.) – шахматшы, қазақ жастары арасынан шыққан тұңғыш халықаралық гроссмейстер (1994); Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы (1995). Ол әлем чемпионы М. Ботвинниктің шахмат мектебінде жаттығудан өткен. Көптеген халықаралық жарыстарға қатысқан. 1994 жылдан ФИДЕ Орталық комитетінің мүшесі, 1995 жылдан ФИДЕ президентінің кеңесшісі. 1996 жылдан шахматтан Қазақстан құрама командасының бас жаттықтырушысы.

7-тарау. “Жаңа қазақ” кім?

Қазақ қауымында кейінгі жылдары (2000 ж. кейін) пайда болған жаңа ұғымдарға “Жаңа қазақ” деген ұғым жатады. “Жаңа қазақ” деген ұғымды жалпы түрде түсінуге болса да, оның ішкі сыр-сипаты елдің бәріне айқын емес. Өйткені егемендіктен кейін дүниеге келген, жаңа заманның сан алуан өзіндік өнеге-үлгісін санасына өзінше сіңіріп, оның талабына сай барша құйтырқысын, қулық-сұмдығын қабылдап үйренген, ата-баба дәстүріне сәйкеспейтін қылықтарды таныта бастаған қауымның жан дүниесі мен іс-әрекеті біреуге сыры мол құпия болып көрінсе, енді біреуге құбыжық болып көрінуде.

Дегенмен, қоғамда сезімтал да саналы зиялы қауымдар арасында “жаңа қазақ” деген ұғымды өзінше пайымдап, өз бағасын беріп жүргендер де баршылық.

“Айтты-айтпады, бүтінгі бірсыпыра “Жаңа қазақ” айдарын таққандарға қарап отырып, кешегі жаманқараларды (айлакер, алаяқ Жаманғара бейнесіне балап тұр) кезіктіргендей боласың”, – дейді жазушы Елеукенов Шерияздан (Парасат. 2003. № 6. 5-6.).

“Жаңа қазақтың” пайда болуын кейбір авторлар кешегі Кеңес өкіметінің кезеңіндегі жүйелі тәртіптен көреді. Мысалы, жазушы, этнограф Сейіт Кенжахметұлы оны былайша түсіндіреді:

“Кешегі Кеңес кезінде жүйелі тәртіп, пәрменді заң жүйелері, әлеуметтік жетістіктер болғанымен, тоталитарлық әміршілік қазақ рухын түсіріп, оның төл мәдениеті мен тәрбие үлгілерін жоққа шығарды. Оны жоғалтудың, елді бездірудің түрлі әдіс-тәсілдерін ойлап тапты. Ислам дінін мансұқ етті, араққа үйретті. Өз ұлтын, оның тарихы мен ұлы тұлғаларын құбыжық, күлкі етті. Мәдени мұраларын жойды. Содан барып дінін, тілін білмейтін, туған-туысын танымай-

тын, ұлтын сыйламайтын, ата-анаға бағынбайтын “Жаңа қазақтар”
өсіп шықты”.

[“Қазақпыз” деп айтуға ауыз бармайды //
Егемен Қазақстан. 16 шілде 2003]

Мұхтар Шаханов

**Жаңа қазақтар
немесе
рухани байлықсыз да мемлекет құруға
болады деп ойлайтын жас бизнесменге хат**

Жаңа қазақ, шала қазақ жас інім,
Алшысынан тұрды бүгін асығың.
Саған қарап ойландым да жасыдым.
Айырмаған азғыны мен асылын
Мына ғасыр, бөлкім, сенің ғасырың.

Мына ғасыр безбүйректеу өр ғасыр,
Жүрегінде сезім емес, қорғасын,
Шетке қақты тұлпары мен жорғасын.
Қақпай қайтсін, бәрін сатып алуға,
һәм сатуға мүмкіндігі болғасын.

Сенде қазір думан дәурен, масат күн,
Өзінді-өзің бар жауаптан босаттың,
Рухани байлыққа да тас аттың.
Аудандағы жалғыз кітап дүкенін
Сатып алып, сырахана жасаттың.

Тез ашылып саудагерлік дарының,
Таудан, тастан қайтпастай өр арының,
Саудаладың Алматының жарымын.
Ұлағатты ұлы Қазақ елінде
Сатылмайтын нәрселер де бар, інім.

Жалғыз саған борыштыдай бар халық,
Топ ішінде ісіп-кеуіп, нарланып,
Кейкиесің қол беруге арланып.
Дегенмен біз сені туған ұлттың
Сатылмайтын қасиеттерін қорғадық.

Көз көп қазір сыртымыздан сын айтар
Бәйтеректі мазақтаса құмай тал,
Ерден бұрын ел сенімін мұнайтар.
Бірақ бізге өз ұлтынды өзгеден
Кем сүйесің деп, қанекей, кім айтар?
Асау даусы әр қиырдан естілген
Ағаң бізбіз ерте есейіп, кеш күлген.
Аман қалған талай қарлы көшкіннен.
Уақыт артқан абырой мен беделі
Сұрап, сатып алынбаған ешкімнен.

Желтоқсанда құрық түсіп арманға,
Жас буынның өзегін өрт шалғанда,
Үнсіздігі айналып зор қорғанға.
Дәл бүгінгі батырлардың көбісі
Столына жасырынып қалғанда.

Найзағайлар жарқ-жүрқ ойнап аспанда,
Ұлтымызға ызғарлы үрей шашқанда.
Қыздарымыз қайсар мінез ашқанда,
Кей еркектер құдай қара басқанда.
Ұқсағанда піштірілген қошқарға,
Қонаевтың жақсылығын көргендер
Қонаевты жалғыз тастап қашқанда.

Сахаровқа іні болып табысып,
Горбачевпен, Крючковпен қағысып,
Талай залым алпауытпен алысып,
Біз тіккенбіз басымызды бәйгеге
Бар қазақтың ар-намысын ап ұшып.

Ұлтымыздың әр мұнының басында,
Салт пен сана, тіл мен дәстүр қасында,
Арал зары шапқан кезде насырға,
Қорғаушы боп тағы да біз жүргенбіз
Мейірім қосып мейірімсіздеу ғасырға.

Тамырсыз жан жұрт мұңына саңырау
Деген пікір рас па еді, тәңір-ау?
Неге болдық рухсызға қоңырау?
Қандай қорлық, ағыл-тегіл дәулеттен
Дәулеттінің жан байлығын танымау.

Дәстүріміз тұрса екен деп күшінде,
Егемен ел болуды аңсап түсінде,
Ұлы арманы запыран боп шінде,
Сан ғасырлық ұлтымыздың шайқасы
Сендейлерді тайрандату үшін бе?
Мұндай бақты көрдің бе екен түсінде,
Бүгін жұртты менсінбеген пішінде,
Шыға келдің айналып тас мүсінге.
Біздің қилы күресіміз кешегі
Сені атқа отырғызу үшін бе?

Біздің дәуір нарықтан кеп табылды
Бірақ, нарық жүрмей жатып жаңылды.
Нақ сол тұста сынап қалдың бағынды.
Қоғам мүлкін заңдастыра жымқырып
Іс бастап ең, байлық сел боп ағылды.

Рухынан артық қойған қарынды
Шын безбүйрек болып шықтың алымды.
Нәтижеде жұрт қалтасы қағылды.
Ал әйтпесе мына үйлер, зауыттар
Қайдан тапқан дәулетіңе алынды?

“Бөлінсе де сана төртке, ми үшке,
Нарық заңы солай, жөнсіз тиіспе!” –
Дейді біреу шығып алып мүйіске.
Сонда қалай, кедейленіп бар халық,
Жүз-ақ адам бай болуға тиіс пе?

Жүз бай шырқап, миллион кедей аһ ұрған,
Пайда тым аз жүз бай екен дақылдан.
Кім бар жұртты тең баюға шақырған?
Фарабиден “мықты ел кім?” – деп сұраса,
“Қайыршысы жоқ ел”, – депті ақылман.

Сорласа жұрт рухсыздан сорлайды,
Қырандардан биік қойсақ торғайды.
Отанды кім торғайлардан қорғайды?
Рухсыздың, қайырсыздың баюы,
Бәлкім, ертең ұлтымызға зор қайғы.

Жинасаң да әлемнің бар алтынын,
Адамдығың көрсетпесе жарқылын,
Қоршар сені салқын шаттық, салқын үн.
Ешкім рух байлығынан бөлініп
Шын бақытқа жеткен емес, жарқыным!

Қорытынды

Сөйтіп, зерттеуімізді қорыта келгенде, мына мәселеге көңіл аударылады: көптен бері түбегейлі шешілмей келе жатқан, бүгінгі таңда шешілуі қажет “Қазақ қандай халық?” деген заңды, қойылуға міндетті сұраққа жауап беру. Өйткені бұл сауалдың жауабын, қазақ халқы егемендік алып, тәуелсіз мемлекет ретінде жержүзіне белгілі болып отырғанда қазақты, Қазақстанды білгісі келіп отырған жұрт тек ілгері қатардағы 50 ел ғана емес, одан әлдеқайда мол.

“Қазақ қандай халық?” деген сұрақ – бұрын да қойылып келе жатқан сұрақ. Бұған жауап беріп келген жұртшылық та аз емес. Бірақ жырымдап айтылған пікірлерді қазақтың этностық тарихын түгел жинап, толық қамтымай, бір жүйеге салу мүмкін емес. “Бұрын Қазақстанның даңқы, қазақтың атағы прогресті бағытта шықпаушы еді, ондай халық белгісіз еді, сондықтан бұл әңгіме жалған саясаттың, үгіт-насихаттың нәтижесі емес пе екен?” деген күмөндарды естіп жүрміз. “Қазақстанның бүгінгі даму түрі осылай” деп, кино арқылы елестетуге тырысатындар да табылып жатыр. Адам сенбейтін көріністер.

Қазақтың этностық тарихы жазылмаса да, қазақтың қандай халық екендігі туралы бұрыннан-ақ айтылып, жазылып келе жатқан мәліметтер ғылым беттерінде де, қарапайым халық арасында да аз емес. Қарап отырсаң, бұл материалдарда, ешкімнің нұсқауымен емес, тосын, әркімнің өз еркімен айтылып қалған бұл деректерде қазақтың жақсы, жаман жағы түгел қамтылған. Өйткені олар әркімнің өз еркімен айтылған. Олар қазақты жек көргендіктен емес, жақсы көріп, шынымен жаны ашып тұрып, өкініп айтылған пікірлер, астарлы сөздер. Біз әртүрлі авторлар айтып кеткен, газет-журналдарға жазып кеткен 500-ден астам пікірді бір жерге жинақтап беріп отырмыз. Ол пікірлерге өзімізше түсіндірме бердік.

“Қазақ қандай халық?” деген сұраққа жауап бергендер қазақтың зиялы қауымы, әр алуан мамандар, кәсіпкерлер, қарапайым халық (“ел аузынан” деп алынды), студент жастар да, басқа ұлт өкілдері де бар.

“Қазақ қандай халық?” деген сауалға толығырақ жауап беру үшін қазақтардың шежіресінен де кейбір мәліметтерді (ру-тайпалардың шығуы, ұран, белгі, таңба, ру-тайпа атаулары, т. б.) келтірілді. Ру-тайпалардың таңбалары түріктің көне жазуының негізі болды деген пікірді қолдамайтынымызды да жасырмадық.

Енді тақырыптың жалпы мақсаты жөнінде. Бұл – ұлттық идеологияға байланысты тақырып. Ғылымды, білімді ұйымдастырушы мекеме тарапынан ұсынылып отырған бұл тақырып – күн тәртібіндегі өте маңызды тақырып. Оның мақсаты – қазақ халқы мен Қазақстанның егеменді ел ретінде үздіксіз дамып, жер жүзіндегі ілгері қатардағы 50 елмен бәсекелесуге жарайтындай қандай мүмкіншілігі бар, ол шараларды орындауда ұлттық идея қандай қызмет атқаруы керек? Бұл сауалға әртүрлі жауап түскенге ұқсайды. Біреу – мұнай шығымын күшейткенде, екінші біреу – мемлекеттік тілімізді дамытқанда, үшінші біреу – мәдени мұрамызды толық меңгергенде, төртінші біреу – экономикамызды өркендеткенде т. т. дейтін көрінеді. Біздің талғауымыз – осы бағыттардың бәрін дамыта берумен қатар, қазақ халқының бойында сақталған ең жақсы қасиеттерін кеңейте беруге күш салу керек. Қазақтың этностық болмысы сау болса барлық мақсатты орындауға болады. Ол үшін қазақтың тілі мен мәдени байлығын, жер байлығы мен рухани байлығымызды таныту үшін тақырып бойынша үш томдық (әрқайсысы 40 б. т.) этнолингвистикалық сөздік, 3 томдық “Адам”, “Қоғам”, “Табиғат” және бір томдық “Қазақ қандай халық?” атты монография ұсынып отырмыз.

МАЗМҰНЫ

| | |
|---|-----|
| Әлқисса | 3 |
| 1-тарау. Бір сауалға – мың жауап (қазақ қауымының өз пікірі)..... | 7 |
| 1. 1. “Қазақ қандай халық?” деген сауалға студент-жастардың да берер жауабы бар | 168 |
| 1. 2. Сырткөз – сыншы | 180 |
| 1. 3. Сырткөз – сыншы ғана емес, мінші де | 320 |
| 1. 4. Қазақтар мен казактардың шығу тегі, алыс-жақындығы жайында | 326 |
| 1. 5. Орыс тіліндегі ой-пікірлер..... | 335 |
| 2-тарау. “Қазак” этнонимі қалай, қашан шыққан? (150 шақты этимологиялық, этнолингвистикалық жорамал-жоба) | 345 |
| 3-тарау. Қазақ этносының “Алашқа” қатысы қандай? | 403 |
| 4-тарау. Қазақ халқының құрамында Үш жүз қауымдастығы қалай және қашан қалыптасты? | 417 |
| 5-тарау. Қазақ рәміздерінің табиғатында не сыр бар? Ен-таңбалар да қазақтанудың бір бұлағы | 525 |
| 5. 1. Ен-таңба рәміздері | 538 |
| 5. 2. Ту рәмізі..... | 568 |
| 5. 3. Ру-тайпа ұрандары..... | 571 |
| 5. 4. Мемлекеттік рәміздер..... | 576 |
| 6-тарау. Елдің атын ер шығарар..... | 581 |
| 6. 1. Мемлекет, қоғам қайраткерлері..... | 584 |
| 6. 2. Қазақтың шешен билері | 603 |
| 6. 3. Қазақтың батыр-бағландары | 609 |

| | |
|--|-----|
| 6. 4. Ақын-жазушы, жыраулар | 613 |
| 6. 5. Ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз, ойшыл даналар..... | 619 |
| 6. 6. Әулие-әнбиелер, діни қайраткерлер..... | 631 |
| 6. 7. Өнер қайраткерлері..... | 636 |
| 6. 8. Әртүрлі әлеуметтік атақ-лауазымға ие азаматтар (спортшы, емші, өнерпаз, т. б.)..... | 642 |
| 7-тарау. “Жаңа қазақ” кім?..... | 644 |
| Қорытынды | 648 |

Ғылыми басылым

Қайдар Әбдуәли

Қазақ қандай халық?

Редакторы *Р. Қ. Шәймерденов*
Мұқаба дизайны *К. К. Карпун*
Компьютерде беттеген *Г. К. Шақкәзова*
Корректоры *Қ. Қ. Сайдалина*

*Мұқабада суретші Н. Г. Хлудовтың “Көш” картинасының
фрагменті берілген*

Басуға 03.06.08 ж. қол қойылды. Пішімі 60x90¹/₁₆.
Шартты б. т. 40,75. Есептік б. т. 46,9. Таралымы 1000 дана.

“Дайк-Пресс” баспасы,
050010, Алматы қаласы, Құрманғазы көшесі, 29.

Тел./факс: 261-28-35.
e-mail: daikpress@mail.ru, daiksof@mail.ru

Отпечатано в типографии ТОО *PrintS*

Баспа директоры **Қазығұлов Б. А.**

ISBN 9965-798-81-8



9 789965 798818



ҚАЙДАР ӘБДУӘЛИ ТУҒАНБАЙҰЛЫ

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Башқұртстан Ғылым академиясының құрметті академигі. Түрік лингвистикалық қоғамының құрметті (академик) мүшесі. Халықаралық “Қазақ тілі” қоғамының құрметті президенті, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Ғалымның келесі жарияланатын еңбегі – “Қазақтар ана тілі әлемінде”: “Адам”, “Қоғам”, “Табиғат” атты үш томдық этнолингвистикалық сөздік.

ISBN 9965-798-81-8

